Р 2017
925к

әдебиет әлемі



ШЕРХАН

МҰРТАЗА



Н.Ә. НАЗАРБАЕВ:

Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұшан-теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар. Ел екенімізді мақтан етейік.

Шерхан МҰРТАЗА

ТАҢДАМАЛЫ

“АЙҒАНЫМ” баспа үйі
Алматы
2017

ӘОЖ 812.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
М84

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

М84 МҰРТАЗА Ш.
Таңдамалы. Әңгімелері, хикаяттары, мақалалары, роман, пьесалары: Ш. Мұртаза. – Алматы: "Айғаным" баспа үйі, 2017. – 1116 бет.

Қазақ әдебиетіне Сәбит, Ғабит, Ғабиден бастаған алыптар шоғырының ізін ала келген үркердей топтың көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі көркемсөз шебері, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның бұл жинағына әңгімелері, хикаяттары, драмалық туындылары, бірді-екілі романдары еніп отыр "Әдебиет – ардың ісі" дегендей, бүкіл шығармашылық ғұмырында жазу өнеріне соншалықты жауапкершілікпен, ыждағаттылықпен қарап көркемдіктің биік шыңын бағындыра білген айтулы қаламгердің туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды десек, артық айтқандық емес. Көркем шығармашылықты жемісті қоғамдық қызметімен ұштастыра білген автордың азаматтық болмысы, парасат-пайымы еліміз тәуелсіздік алған кезеңде жарқырай көрінді.

ӘОЖ 812.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-03-0519-9

© Мұртаза Ш., 2017
© «Айғаным» баспа үйі, 2017

41-ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕК

– Сен мені танымай қалдың ба, неге үндемейсің, Мақсұт?

Ол тіл қатпады. Босағада тұрды да қойды.

– Бір-бірімізді көрмегелі отыз жылға жуық болды, Мақсұт. Сен соғысқа кеткенде, мен жиырма сегізде едім ғой.

Ол үндемеді.

– Қартайдым, Мақсұт. Ал сен дәл осыдан отыз жыл бұрынғы қалпында қалыпсың.

Ол үндемеді.

– Танымадың ба, Мақсұт? Мен Хадишамын ғой! Сені әне келеді, міне келеді деп отыр едім. Жұрт көрсе, сені менің балам дер. Сен, сірә, сол сөзден қорқып тұрсың ғой.

Ол үндемеді.

– Босағада тұрғаның қалай, Мақсұт! Төрге шық, өз үйің ғой.

Хадиша Мақсұтты қолынан ұстап төрге алып шықпақ болып, ілгері аттайын деп еді – орнынан қозғала алмады. Арада екі адым жер, бірақ алынбас асу сияқты. Жілік-жілігіне қорғасын құйып, жерге қағып қойғандай тырп етуге дәрмен жоқ.

Ал Мақсұт табалдырықта әлі тұр.

– Сенің келгенің жақсы болды Мақсұт, – дейді Хадиша, – туысың Шалабайдың қорлығына шыдай алмай, сені айқайлап тұрып шақырып ем, естіген екенсің... Шалабайдың былтыр күйеуге тиген қызы төркініне түсе келіпті. Ол қызды сен көрген жоқсың, мұнда туған бала ғой. Қағынып, былтыр байға қашып кеткен. Шалабай қызына: «Енді сенің өлігіңді ғана көрейін», – деп еді, бәлені ме, құдасы бақуат неме екен. Шалабайдың көмейіне тас тығылған қасқырдай болды да қалды. Тас қауып, тапқаныңды ит жегір. Мейлі ғой, қыз – жат жұрттық. Күләй тұрмақ, сенің жалғыз қызың Жанат та әлдеқашан тұрмыс құрып, балалы-шағалы боп кеткен. «Қолыма көшіп кел, жалғыздан-жалғыз қайтіп отырасың» деп мың айтып



жалынды – бармадым. – «Мақсұттың үйінің түтіні өшпесін – отырамын осында», – дедім.

– Ой, алжыған басым, бірді айтып, біріне кеткенім... Бәрі анау Шалабайдың қызы Күләйдан шықты ғой. Күләй күйеуімен келіп түсті. Ауыл болып жиылдық. Күйеу мен Күләй алып келген қоржынның аузын өзім ашамын ғой деп отырғанмын. Ата жағынан алғанда, менен жақын кімі бар Шалабайдың? Аталастан осы Мақсұттың үйінен жақын ешкімі жоқ қой, біле-білсе. Білмеді. Айдаладағы Ақшай кемпір ұстады қоржынның аузын. Ақшай кемпірдің бүгінде мұрнынан есекқұрт түседі. Шалы қасында, үш бірдей келіні қызметін істеп тұр. Шифрлап сегіз бөлмелі үй салдырған, балаларының бас-басына мотоциклі бар. Шалабай шіркін, сенің інің, менің қайным ғой, қайын болмай қата қалғыр, қоржынды маған ұстатуға жарамады.

Бұрын бір құдайдың басқа салғанына көніп, жоқшылықты да, тоқшылықты да көріп, көндіккен бас қой мына бас. Бірақ анау қорлыққа шыдамадым:

– Әй, шырақ, – дедім Шалабайға, – аруақ атып кетпесін, – дедім. – Егер Мақсұт болса, мен кіммін? Хадиша болар едім, алдымнан көлденең жүрмес едің сен шірік, – дедім. – Мақсұт жоқ болған соң, мен сияқты жетім кемпірді елемейсің, – дедім. – Аруақ атқыр болмасаң, анау Ақшай кім, мен кім? – дедім. – Жөн білмейтін қандай көргенсіз едің, – дедім. – Тұқшиып, төмен қарап, жер шұқылайды, жерге кіргір.

Ал, әлгі Ақшай құтырсын.

– Алды-артының бәрін жалмаған қақбас, – деді мені. – Өліп қалмай жападан-жалғыз неғып отырсың. Қоржынның аузын ұстаған сенің не теңің, қақбас, – деді.

– Әй, Ақшай, – дедім мен де. Қаным қарайып кетті: – Алды-артымды жалмап, жалмауыз болайын деп құдайдан тілеген жоқпын, – дедім. – Мақсұт көппен бірге әскер кетті. Сенің байың Құрақбас құсап әскерден қашып, үш жыл бойы тауда тағы боп жүрген жоқ дедім. Қызым Жанат болса, тұрмысқа шықты, құдайға шүкір, қазір балалы-шағалы, – дедім. – Өзім болсам, Мақсұттың отын өшірмей, түтінін түтетіп отырмын. «Қырық жыл қырғын болса да – ажалды өледі». Кебенек киген, әйтеуір, бір келеді. Мақсұт үйден кебін киіп аттанған жоқ қой, – дедім. – Оны мен семіз деп сойған жоқпын, етті деп сатқан жоқпын, мен қайдан қақбас боламын, – дедім.

Сөйтіп ем:

– Сорлысың, сорлы, – деп Ақшай ернін шығарды, ерніне күйдіргі шыққыр. – Тағы отыз жыл күт, келеді Мақсұт, – деп кекетті.



– Күтемін, – дедім. – Жүз жыл күтемін, – дедім.

Сөйттім де, ызаға шыдай алмай, айқай салып далаға атып шықтым.

– Қайдасың, Мақсұт! – деп айқайладым. Үйге енді кіріп отырғаным да осы еді, сен келіп қалдың, Мақсұт. Ақшай енді не бетін айтар екен, бәлем. Кісімсіп, қыздан келген қоржынның аузын ұстап, дәрежеге жетіп, жетісіп еді, енді қарабет болды, қараң қалғыр...

Ол үндемеді. Бәрін үнсіз тыңдап босағада әлі тұр:

– Неге үндемейсің, Мақсұт?! – деп Хадиша сонда шыңғырып жіберді.

* * *

Хадиша өз даусынан өзі шошып оянды. Кәдімгі үйі. Үйде жалғыз өзі. Таң атып қалыпты. Сиырды сауып, табынға қосатын уақыт болыпты.

– Шыннан тағы да түс пе? – деді өзіне-өзі. – Шыннан Мақсұт бір тіл қатпады ма? – деді өзіне-өзі.

Ал, шындығында, Хадиша Ақшайдан көрген қорлығын арыз етіп айтқанда, сол түсте Мақсұт сай-сүйегі сырқырап егіліп еді. Қаншама жұбату сөздер айтып еді Хадишаға.

Бірақ өлгендердің көзінен еш уақытта жас шықпайды. Өлгендердің сөзін тірілер еш уақытта есіте алмайды.

Ал Хадиша болса:


– Мақсұт тым болмаса түсімде көргенде неге бір тіл қатпады? – деп әлі аң-таң.

БІР НӘЗІК СӘУЛЕ

Келтесай разъезіне жолаушы пойызы бір-ақ минут аялдайды. Ал, экспресс тоқтамақ тұрмақ, екпінін бәсеңдетпей, жұлдызша ағып өтеді.

Хадиша ұзатылған қызының үйінде қыстай жатып, енді ауылына қайтпақшы болған. Қызы Жанат пен күйеу баласы Жекен:

– Әлі бола тұрсаңызшы, ауылыңызға барғанда не бітіресіз жападан-жалғыз, – деген.



– Е, шырақтарым, тірі адамның тіршілігі таусыла ма. Көктем болса шығып қалды. Көк сиырды Шалабай көршіге: «Әуелі құдай, одан соң өзіңе тапсырдым» деп кетіп ем, бұзаулайтын кезі еді, ол не болды екен? Шалабайы түскірдің қарасаны сүзеген еді, көк сиырды сүзіп бұзау тастатып қойды ма, қайдан білейін.

– Апам-ай, әйтеуір. Сол сиырды сатып жіберіп, біржолата келсеңізші, не бар қартайғанда жалғыздан-жалғыз. Бас ауырып, балтыр сыздамай ма екен, – дейді қызы.

– О, сорлы қар, мені аруақ атсын деп жүрсің ғой. Аруақтарды қайда қоясың? Сенің әкең бар емес пе еді, бабаларың бар емес пе еді? Олардың аруағы түтін шықпаған үйден безбей ме екен? Күйзелмей ме екен? О дүниеге барғанда мен оларға не бетімді айтам? О несі-ей! – деген шешесі.

Содан Хадишаны қызы мен күйеу баласы Келтесай разъезінен пойызға шығарып салып тұрған. Шоқталдың тасасынан көк пойыз қырықаяқ жұлдыз құрттай иреленделп шыға келді. Келтесайда билет тек жалпы вагонға сатылады. Сол жалпы вагонды іздеп Жанат пен күйеу бала әрі-бері алақ-жұлақ жүгірді. Жазғытұрымда жау алатындай барқыт шапан киіп, күндікті шалқайтып, шаңырақтай етіп ораған Хадиша қызының соңынан бір, күйеу баласының соңынан бір жүгіріп есі кетті. Ақыры жалпы вагон табылып, оның тұтқасына жармаса бергенде, пойыз жылжи бастады.

Күйеу бала қоржынды тамбурға лақтырып жіберіп, енесінің қолтығынан демеді.

– Ойбу, мына жаның шыққыр қайтеді-ей, – деді Хадиша пойызға ұрсып. – Тоқтай тұр-әй... Пастой!

Тәңірі жарылқап, тамбурда тұрған тәмпіш мұрын бір қара қыз кемпірдің қолынан тартып, ішке ендіріп алды. Хадиша пойызға ілінгеніне шүкіршілік айтудың орнына, бұрқылдап ұрсып жүр:

– Ойбу, мына жаның шыққыр қайтеді, сонша әкесі өлгендей асыққаны несі... Әй, Жанат, Жекен-ай, аман бол, айналайын, айналайын, қарақтарым әшейін, садағаң болайын, шырақтарым әшейін...

Келтесайдың қызыл кірпіштен соққан разъезі тағы бір топ талдың тасасында қалды. Өзінің дауысын енді Жанат пен Жекен ести қоймайтынын Хадиша сонда барып түсінді.

Қызын қимай, тумаса да туғандай болған күйеу баласын қимай, көмейіне бір түйін тығылып, көзіне мөлтілдеп жас іркілді.

«Қал, қал» деп жалынғанда, неге қала қоймадым, деп өкінгенін байқады.



«Жоқ, – деді тағы да өзіне-өзі. – Қайтқаным дұрыс. Бір күн өтер. Ел бар, жұрт бар – жалғызсырамаспын».

– Апа, қайда барасыз?

Хадишаның тарс есінен шығып кетіпті. Әлгі өзін тамбурға қолынан тартып шығарып алған қызды мүлде ұмытып кетіпті.

– Құдай тілеуіңді берсін, сен болмағанда іліне алмайтын екенмін, – деді Хадиша бейтаныс қызға жалбаңдап, ризалығын білдіріп. – Борантауға барамын, шырағым. Өзің қайда барасың?

– Мен бе? – деп қыз өзінің қайда бара жатқанын жаңа ойлағандай дағдарыңқырап қалды. – Дана-Атаға барамын, апа.

– Онда Борантаудан ары кетеді екенсің ғой. Мына пойызы түскір Борантауға тоқтар-тоқтамастан жүріп кете ме деп қорқамын.

– Қорықпаңыз, көмектесеміз ғой, – деп күлді бейтаныс қыз.

Сөйтіп, Хадиша кемпірдің қоржынын көтерісіп, өз купесіне ертіп барды. Бір-біріне қарама-қарсы жайғасып отырысты. Вагонның терезесінен иір-иір ақбас тау пойызбен жарысып жөңкіліп жатты. Осы бір басына бұйра бұлт қонып, атлас көк аспанмен аймаласып жатқан тау мына қызға көрген бір түстей ыстық, бірақ бұлыңғыр.

Неге ыстық – өзі де білмейді. Осынау таусылмас таудың бір түкпірінде өзінің шешесі жүргендей көрінеді де тұрады. Ал, тауы түскір сөйлемейді, тасы түскір сөйлемейді. Ұлы жұмбақ. Осы ма, осы жер емес пе? Осындай көлбеңдеген тау ма еді, сағым ба еді? Темір жолдың бойы сияқты еді. Өйткені анасының арқасында ұйықтап келе жатқанда паровоздың қышқырған даусынан шошып, жылағаны есінде. Шешесінің өзін көтеріп келе жатқаны анық. Оны біледі. Онан кейін сол шешесінің арқасында келе жатып тағы ұйықтап кеткен болуы керек, арғысын білмейді. Содан соң апатайын көрген емес. Содан бері талай жыл өтті.

– Әке-шешең бар ма, қарағым? – деді Хадиша.

– Білмеймін. – Қыз иығын қиқаң еткізіп күлер-күлмес езу тартты.


«Білмегені несі? Дені сау ма өзінің?» – деді ішінен Хадиша. Бірақ дауыстап:

– Білмеймінің не? – деді. – Өзің қайдан келесің? Үйің бар ма?

Қыз төмен қарап, терезенің жақтауын саусағымен сүрткілей берді. Хадиша сонда байқады, қыздың әдемі мойыл көзіне жас толып, шүпілдеп тұр екен.

«Қу басым, қарап отырмай, байғұстың жарасын қасып алдым ба?»

– Мен детдомда өстім, апа, – деді қыз енді езу тартпақ болып.



– Е, байғұс-ай, – деді Хадиша көңіліне келеді-ау деп ойлап жатпай. Сонан соң есіне бірдеңе түскендей, лезде қатқыл үнмен, жұлып алғандай:

– Қай жердің жетімханасы? – деді.

– О, апа, көп. Дана-Атада да болдым, Жасылкентте де болдым, Мәуеліде де болдым. Көп...

Хадиша енді мына қызды жаңа көргендей, ежірейе қарап:

– Атың кім? – деді.

Қыз бұл сұраққа жауап бергісі келмегендей, қасын көтеріп, сызданыңқырап қалды да, үлкен кісінің сауалын жауапсыз қалдырмастан:

– Валя, – деді.

– Тек, «Бәлесі» несі?!

– «Бәле» емес, Валя, – деп күлді қыз.

– Жетімханада орысша боп кеткенсің ғой, әйтпесе әке-шешең қойған қазақша атың бар шығар?

Ши барқытты үстіне қабаттап кие берген мына кемпір енді Валяға ұнамай қалды. «Әлгінде мен болмасам, пойызға ілінбей де қалар еді, енді өктем-өктем сөйлеуін», – деді ішінен.

Ал, Хадиша қызға сұқтана қарағанын қоймады. Валя мұнысын ұнатпай терезеге бұрылды. Басына шарадай ақ шаңқан күндік ораған мына кемпір қадалып қарай берген соң: «есі дұрыс па өзінің?» деген күдік те келді.

Валя шыдай алмай орнынан тұрып кетті. Вагонның қарсы жақ терезесіне барып, әйнекке бетін басып Шақпақтау жотасынан ары аспанға найзадай шаншылған Алатауға қарады. Жүрегі дір етті.

Пойыз Шақпақтаудың биігінен еңіске қарай еңірей жөнелді. Хадиша ши барқыт бешпентінің қалтасынан папирос алып, коридорға шықты. Шылымды тұтатып, сөнген шырпыны шишақпақтың қорабына қайта салып қойды.

«Кемпір басымен темекі шегуін», – деді қыз теріс айналып.

Хадиша қызды иығынан тартып, өзіне қаратып алды.

– Әй, Бәле.

– Бәле емес, Валя.

– Уәлия болсаң бола ғой. Кемпір басымен шылымы несі деп тұрсың ба? Герман соғысынан бері тапқан өнер ғой. Қазір Борантауға келеміз. Біздің Өжетте Зуайда деген кемпірдің баяғыда жетімханаға өткізген қызы жоғалып кетіп еді. Сен сол емес пе екенсің деп келемін. Бірақ, оның аты басқа сияқты еді.



– Менің шын атым белгісіз, – деді қыз жұлып алғандай. – Валя деп детдомда қойған. Зуайда, Зуайда... Естімеген сияқтымын.

– Зуайда байғұс анау бір жылы қызын Дана-Атадағы жетімханаға апарып өткізген екен, қайтып барса – басқа қалаға ауыстырып жіберіпті. Содан көз жазып қалды ғой. Тірі болса, сен сияқты бойжеткен шығар.

– А, сіздің ауыл қайда?

– Біздің, «Өжет» пе? Мына таудың етегі ғой. Борантаудан ровнай он шақырым. Осы сен біздің Зуайда бәлеге ұқсайтын сияқтысың-ей?

«Құдай-ау, – деді қыз, – шынымен осының сандырағы келсеші».

– Әй, Уәлия, – деді кемпір папиростан соң даусы ашылғандай саңқылдап. – Осы сен шайтан біздің Зуайдаға ұқсап бара жатқан сияқтысың. О да жас кезінде сендей қара домалақ еді. Қазір ұрыс-қақ қара кемпір болды ғой. Сен әдірісіңді жазып берсеңші, Зуайда сені өзі іздеп барсын. Можит бить, соның жоғалып кеткен қызы шығарсың. Бірақ оның аты басқа сияқты еді...

Қыз тағы да тау жаққа қарады. Таныс сияқты. «Қашан көріп едім? – деді. Әлде жай елес шығар. Еш уақытта мұндай тау көрмеген шығар. Қиялда не көрмейсің, қиялда бұдан да биік таулар болады. Ал анасы маска киген адам сияқты. Бет-аузы ақ жаулықпен шандулы ма еді – еш белгі есінде жоқ..

– Апа, мен сізбен бірге барамын «Өжетке», – деді Валя.

Хадиша сенерін де, сенбесін де білмей, қыздың бетіне бағжия қарап сәл тұрды. Сонан соң:

– Алда, айналайын-ай, сағынған екенсің ғой, – деді.


* * *

Олар Борантау разъезіне түсіп, «Өжетке» баратын көлік қарастырып еді, ештеңе табылмады.

– Апа, он километр деген не, жаяу кете берейік, қоржынды маған беріңіз, – деді Валя.

– Алда, айналайын-ай! Түңілмеген екенсің ғой. Соғыс басылғалы қанша жыл – мен де түңілген жоқпын. Біздің үйдің қожайыны кеткелі қашан! Әлдеқашан сүйегі қурап қалды ма дейін десең – көз көрген жоқ, көңіл суыған жоқ. Можит бить, тірі шығар...

Разъездің қызыл үйі – айдарлы әтеш сияқты.



Айналасын қоршап шоғырлана қалған аласа ақ үйлер – ақ мекиендер артта қалды. «Өжетке» қарай бұралаңдап, сайға түсіп, сайдан шығып қара жол жатты.

Сайлардың бетегелі бұлымдары бір жері тақыр, бір жері ашаң жасыл – тозған доқабадай. Бәйшешек жұмыртқа жарып шыққан балапандай қайдан, қайда келгенін біле алмай, аң-таң қалып тұрған сияқты. Қартаңқұлақтың жапырағы тырбиып-тырбиып, өлерменше тырысып, өзге шөптің өрісін тарылтып, жайылып барады екен.

Аспанда бозторғайлар, төскейде тракторлар бір-бірімен айтысып тұрған кез екен.

Көктемнің саумал ауасы тынысын кернеп кеткендей, Валя түшкіріп-түшкіріп жіберді.

– Аққұш жәрекім-алла! – деді Хадиша. – Қоржын дауай, сен шаршаған, қызымкә.

Лимон түстес сары көбелек бұлардан озып та кетпей, қалып та қоймай, қапталдасып, қалт-құлт етіп ұшты да отырды. Анасын іздеген адамға жол көрсетіп, серік болғысы келгендей.

Сайдың қабағында қарындары шеңбірек атып, желіндері жер сызып, сиырлар жайылып жүр екен. Жүні әлі түспеген жүдеу көк есекке мінген бақташы разъезден жаяу келе жатқан екі әйелге көзін қолымен көлегейлеп көп қарады.

«Осының бәрін мен бір кезде көріп ем, – деді қыз өзіне-өзі. – Мына шарбы бұлтты, көгілдір аспанды, мұнарлы биік тауды, қылтиған бәйшешекті, маңқиған сиырларды, терең сайларды бұрын бір көрген сияқты. Сірә, түсінде шығар?»

Қыздың кеудесі дүрсілдеп, әлгі «Өжетке» тезірек жеткісі келді.

Қодас жүнді көк есек мінген бақташы тымағын баса киіп алып:

– Оу, Хадишамысың? Ат-көлік аман ба? – деді. – Көк сиырың бүгін-ертең бошалайды-ау, сірә. Қасыңдағы қай бала?

– Бұл – баяғы Зуайданың жоғалып кеткен қызы көрінеді.

Бақташы енді тымағын жоғары көтеріп қойып қарады.

– О, айналайын, – деді, – тірі, бар екенсің ғой. Қайран, Мәмбет жәкемнен қалған жәдігер екенсің ғой.

«Мен бір кезде бұл шалды да көргенмін», – деді Валя.

– Зуайданың баяғыда жоғалып кеткен қызы табылыпты, Хадиша алып келе жатыр екен, – деген хабар «Өжетке» лезде жетіп, тарап кетті.

Зуайданың үйіне кемпірлер мен балалар толып қалды. Зуайда қызын көрмей жатып аңырады-ай дейсің.



– Өлгенім тіріліп, өшкенім жанды ма, жұртым-ау! Айналайын, Шәмшия-ау, адасып қалған анаңды ақыры таптың ба, құлыным?!.

– Е, байғұс, қайтсін, – деді кемпірлер.

– Ойбай-ау, қызының аты Шәмшия ма еді?

– Апыр-ай, ұмытып та қалған екенбіз ғой.

Валя өзіне құшақ жая, көзін тарс жұмып алып, аңырап келе жатқан ақ кимешекті кішкентай қара кемпірге қарап состиыңқырап қалды.

Кемпір келіп, бас салып, қос иығынан айқара құшақтап, бетіне бетін тақап, теңселіп бір тұрды дерсің. Оның көзінен домалаған жас мойнына тамғанда, Валяның да көңілі босап, өксіп-өксіп жіберді.

Хадиша мақтанып, папирос алып тұтатты.

– Жанаттың апасы-ау, қайдан таптың бұл қызды? – деп абысындары жабыла сұрап жатыр.

Хадиша қалай тапқанын қайталап шыққан. Бұл кезде көзінің жасын сүртіп, жылауын қойған Зуайда бір сәт Валяға үнсіз түйіле қарап тұрды да, жүгіріп барып қыздың басындағы жасыл ала үшкіл орамалды жұлып алды. Адамдар аң-таң. Валя да сасып қалған. Зуайда оның қырқылған толқын қара шашын саусағымен ары-бері ашып көріп, басынан күдікті бірдеңе іздегендей тінткіледі.

Зуайда сәлден соң қолын кимешегінің астына жасырып, төмен қарап, күбіжіктеп қалды.

– Бәсе, қайдан болсын, – деді кемсеңдеп.

– Әй, байғұс-ау, мұның не? – деді Хадиша.

– Менің Шәмшиямның төбесінің оймақтай жері екі жасында отқа күйіп қалып еді-ау...

– О, тұқымың құрымасын, тұқымың құрымағыр. Жұрт балшықтан бала жасап ала алмай жүрсе, бауырыңа келіп тығылған қызды кеудесінен итергенің не, сорлы! Әй, Уәлия, жүр бері, шеше болмай қалсын, бұл шешек алғыр Зуайда!

Хадиша Валяны қолынан жетектеп, қыстай құлыптаулы тұрған өз үйіне қарай асыға адымдады. Асықпаса, адасып барып тапқанынан айырылып қалатындай.



СОЛ БІР КҮЗ

Биікте-биікте шу-шу етіп құрқылтай ұшып жүр. Мыңбұлақтың бір бұлағы – Шоқыбас сайы. Жарқабағы шұрқ тесік: жыбырлаған құрқылтайдың ұясы. Құстар ұяларын тастап қыс болмайтын жаққа кетпекші.

Соны көріп, қыстың келе жатқаны Ноянның есіне түсті. Торы тайдың үстінде күн шуақтап отырса да, аяз қарып өткендей тұла бойы түршікті. Былтырғыдан да ауыр қыс болатынын бала жүрегі күн ілгері сезгендей. Қырық үшінші жылғы қыс естен, сірә, шыға қоймас.

Ноян былтыр желтоқсанда тобан аяқ болып мектепке бара алмай қалған. Тәңірі жарылқағыр, Тимофей шал көтерем өлген өгіздің терісінен шикі шоқай тігіп беріп әбүйір болған. Шоқай су тисе езіліп жүре беретін. Бірақ шұлғауын қалың орап, ілекерлеп мектепке барып қайтуға жараушы еді.

«Биыл қыста өгіздің терісі табыла ма, табылса оны Тимофей тағы тігіп беруге келісе қоя ма?..»

Ноян торы тайдың күзеген жалын сипап осыны ойлады. Тай бұл күнде жуасып қалған. Оттамастан мүлгіп тұр. Ол да бір ойдың шырмауында сияқты. Торы тайдың енесін былтыр әскерге алған. Әскерше киінген екі адам колхоздың бастығы үшеуі келіп жылқы аралап, ішінен бірнешеуін таңдаған. Біреуі осы торы тайдың енесі. Өте еңселі, тұлғалы бие еді, жануар. Әскери адамдар оның тісін ашып көрді. Кеудесін, тұрқын, тірсегін, тіпті құйрығына дейін сантиметрлеп өлшеді...

Торы тай енді енесін сағынатын болу керек, анда-санда адамша күрсінеді.

Қазір жылқы сайдың табанында жайылып жатыр. Бұрынғыдай сусыма емес. Көлік малы көп ойқастауға жоқ. Қамыттан мойны босаса болды, төрттағандап, басын оттан алмайды. Жылқы жылжып өткен сазда пырдай боп жас тезек қалады. Сайдың қабағынан қарағанда, ойпаңда қаптаған қасқалдақ қонып отырғандай.

Шөп қатайған, гүл семген. Көбелек қалтаңдап көп ұшады. Бірен-саран қалған теңге жапырақтың қызғылтым гүліне тұрақтамайды, шырын шықпаған соң, тез-тез ұшып кетеді.



Сәмбі талдың жапырағы үн-түнсіз үзіліп, бастауға қалқып түседі. Енді бір сәт сарғайған жапырақтан қайнардың мөлдіреген қара суы көрінбей қалады.

Ноян тау жаққа қарады. Тауға таяуда белуарына дейін қар түскен. Соны көріп, өзінің жалаң аяқ екенін тағы да есіне алды. Ноян әскердегі ағасына хат жазып қойған, бірақ қалтасында жүріп тозды. Хаттың соңында ағасынан бір бәтеңке ала келуін өтінген. Ал хатты қайда жіберерін білмейді. Ағасы соңғы хабарында әзір хат жазбай қоя тұрыңдар, белгі өзімнен болады, жаңа адресімді айтып жазамын деп еді, жарты жыл өтті, содан бері дерек жоқ.

...Кенет, керемет! Ноянның көктен іздегені жерден табыла жаздады.

Сай басындағы қара жолдан бозаңдатқан шаң көрінді. Үсті жабық үш арба қаз-қатар тізіліп, адамдары азан-қазан әндетіп, көшпелілер келіп, сазға аттарын доғарды.

Алдыңғы арбадан кеспелтек келген дударбас кісі секіріп түсті де:


– Oho, – деді. Қызыл етікті аяғымен көгалды жерді теуіп-теуіп шірене қалды. Жылқының пысқырығынан басқа дыбыс естілмеген сайдың іші лезде хан базардай гуледі.

Тек он үш-он төрт жастағы бота көз қыз ғана басқаларға қосылмай оқшау тұрып, қолындағы қобдишаны ашты. Ішінен қалақтай қобыз шығарып алды. Ноян оның скрипка екенін білмеуші еді. Бағанадан бері көшпелілерден бойын аулақ ұстап, шет тұрған. Шашы өрілмей иығына сусып төгілген, алабажақ көнетоз көйлек киген кішкентай қыз скрипканы иығына иегімен қысып алып, нәзік саусақтары майысқанда, Ноянның тұла бойынан ыссы бір толқын жүгіріп өтті. Еріксіз тебініп еді, торы тай бір-бір басып таборға жақындай түсті.

Басқа күйбің қу тіршілікте қыздың ісі болмады. Кең дүниеде өзі және скрипкасы ғана тұрғандай, өз ойынына өзі елітіп, баяу ғана көзін жұмды.

Ноян мұндай музыканы бұрын естіген емес. Таудың басындағы күміс тәжді алтын нұрға малып күн шығып келе жатқанда, соның шапағынан оянған дүние-әлемнің ән салғанындай, айлы тыныш түнде жалғыз бұлбұлдың таңдай тақылдатқанындай.

Бала бәрін ұмытты. Өткен қысты да, келер қысты да, жалаң аяғын да, апасының іңір қараңғысында қызылшадан титықтап әрең жетіп, үні бітіп, таңдайы кеуіп, бір жұтым шалап сұрайтынын да, бригадирдің:



«Айналайын Ноян, бүгін мектебіңе бармай-ақ, жылқы бақ» деп жалынатынын да – бәрін-бәрін ұмытқан.

«Ақырзаман осы шығар, – деді бір кез Ноян өзіне-өзі. – Апам айтушы еді: ақырзаман боларда жердің жүзінен сиқырлы ән жүріп өтеді. Оған ілескендер қайтып жер бетіне оралмақ емес. Ол сиқырдан ешкім де аман қалмайды екен деп. Сол осы болар».

Бір мезгіл бала осы көшпен ілесіп, алысқа кеткісі келді. Тек ұдайы мына музыка ойнап тұрса ғана. Бірақ кешке үйге қызылшадан ерні кезеріп келетін апасын, оған шалаптық айран қалдырмай ішіп қоятын інілерін ойлады.

Көшке ілесе алмайды. Мына музыка көрген түстей. Түсте де осындай бір ғажайып шақтар болады.

Оның ойын дударбас кісі бөліп жіберді.

– Иә, жігіт, – деді судай қазақша. – Кімнің баласысың?

– Шахаманның.

– Әкең жоқ қой?

– Жоқ. («Оны қайдан біледі?»)

– Ағаң әскерде ғой?

– Әскерде. («Оны қайдан біледі?»)

– Мен білемін сенің ағаңды. Ол – нағыз батыр. Көрсем сенен сәлем айтамын. Астыңдағы тайыңды сатасың ба?

– Сатпаймын: Бұл колхоздікі.

– Әй, ақымақ-ақымақ. Мен білмейді дейсің бе. Әрине, сенің әкеңнен қалған тай емес. Мұндай тайы бар адам жалаң аяқ жүрмейді ғой.

Ноян аяғын қоярға жер таппай, торы тайдың қолтығына қыса түсті.

«Қыз естіп қойды ма?» – деп қысылды.

Дударбас жабық арбаның ішінен бір пар бәтеңке алып келіп, тайдың шоқтығына іле салды.

– Мә. Білемін, қиналып жүрсің. Ағаң келеді соғыстан. Бұдан да жақсы бәтеңке ала келеді. Мынау да жаман емес. «Рабочий». Талай қыста тепкілеп киіп шығасың.

– Сенбей тұрсың, ә? Тегіннен-тегін қайтіп аламын деп тұрсың ғой. Азаматсың. Сенде ондай күдік қалмасын. Бір қамыт әкеп бере ғой. Иә, кәдімгі аттың мойнына кигізетін қамыт. Білесің ғой қайда жатқанын. Кәзір арбакештер аттарын шығарып, түстікке кетті. Барып, аласың да қайтасың. Жан баласы көрмейді де, білмейді де. Бар шап! Сенбесең, бәтеңкені ала кет!

Ноян қызылша жаққа қалай шоқытып бара жатқанын білмей де



қалды. Қызыл изен, тас миының арасынан бір топ бұлдырық пыр-р етіп ұша жөнелді. Сары ала күзде қызылша даласы тым жасыл боп жайқалып жатыр. Аршылған тәтті тамырлар семіз қойдың құйрығындай теңкиген. Аттары шығарылған арбалар қаңтарулы. Жан баласы жоқ. Тек жапырақтан құрт терген зымыран шымшықтар ғана шиқ-шиқ етіп ұшып жүр.

Арбакештер жапырақ астына жасырып кеткен қамыттардың бір ілінгенін Ноян тай үстінен көкпарша жұлып алып, постромкесін саландатқан күйі салпылдап кері шапты. Тұяқ астында қызылшаның жапырағы қаршылдады.

Соғыс жылдарының соры қалың аттарының тері сіңіп, қолқаны атқан қамытты жылқышы бала дударбас кісінің алдына шиырып ұрды.

– Кет, енді бұл жерден! – деді Дударбас.

Мұнысы қиын болды. Баланың осында қала тұрғысы келіп еді. Шашы өрілмей иығына төгілген скрипкашы қызға қарай бергісі келіп еді. Бірақ қызыл етікті:

– Кет! – деді. Бұрынғыдай емес, жауыға қарайды.

Қолында бәтеңке келе жатқанын Ноян былай шыққанда аңдады. Ескі, ескі де болса қайысы қалың «рабочий» бәтеңке. Қыстың уайымынан құтылғандай еді, бірақ еш қуанышы сезілмеді. Біреуді өлтіріп, аяғынан сыпырып алғандай суық көрінді.

Көшпелілер апыл-ғұпыл жинала бастады. Сайдың тасынан қалаған ошақтың оты бықсып, жұрты қалды. Қара жолдан боз ала шаң шұбатылып шағын табор батысқа қарай тартып отырды.


«Кешке үйге келгенде, апам бұл бәтеңкені қайдан алдың десе, не демекпін?»

«Қамытты арбакештер қазір-ақ іздеп жатқан шығар?»

Апасы айтушы еді: «Біреудің сабақты инесін алушы болма! Ағаң алыста от пен судың арасында жүр. Біреудің бір нәрсесіне тиіп, ағаңның ақ жолына жаман ырым жасама!» – деп.

Соны қалай ұмытқан! Мына сасық бәтеңкеге бола ағасына мысық тілеу тілемек пе!

Ноян тайдың басын бұрып, көштің соңынан шоқырақтатты. Жырым балақ, жалаң аяқ қалпында қара жолдың шаңын аспанға бұрқ-бұрқ көтеріп, көсілте шапты. Тайдың құлағының түбі жіпсіп, танауы делдиіп, демі парылдап, қос аяқты сілтей салды. Жол жағалай шоқ-шоқ өскен ақ ши теріс аққан өзендей сағымданып ол қалды. Тау жаққа көзі түсіп кетіп еді: қадау-қадау мұзарт шоқылар шоқаң-шоқаң етіп өзімен қатарласа жарысып бара жатқандай екен.



Дударбас отырған алдыңғы арбаға теңесе бере, ауылдағы көкпаршы шалдарша әлгі бәтеңкені шатырдың ішіне атып ұрды. Дударбастың көзі бағжаң етті.

– Ағатай, қамытты қайтып бер, – деді оған Ноян арбамен жағаласа шауып келе жатып. – Көлік тұрып қалатын болды, ағатай. Қызылша тасылмай қалатын болды, ағатай. Қамытты қайтып бер!

– Ақымақ! – деді дударбас жарау аттардың божысын қағып-қағып қалып. – Несіне қорқасың, қорқақ!

– Арба тоқтап қалады, ағатай!

– Ақымақ! Қорқақ!

Жабулы арбаның ішінен скрипкашы қыздың өрілмеген сусыма қара шашы көрінді. Қыз әлсіз жіңішке қолдарымен арбадағы дәу қамытты тырмыса тартып, лақтырып жіберуге әрекет қылды. Дударбас артына бұрылып, божыны бір қолына жиып алып, бір қолымен кішкентай қызды бүріп ұстап, арбаның түкпіріне итеріп кеп жіберді. Жанында жатқан ұзын қамшыны ала салып, үйіріп-үйіріп, Ноянға қарай сілтеп кеп қалғанда, мылтық атқандай сарт ете түсті. Торы тай оқыстан осқырынып қап, жалт берді. Ноян жалп етіп қара жолдың қалың топырағын құшақтай құлады. Аузы-басы топыраққа толып, ұзынынан түскен күйі аяқ-қолын жинай алмай ұзақ жатты. Ызамен булығып шыққан жастан топырақ шыланды.

Тозаң тұтқан кірпігінің арасынан керуен көрініс тізбек-тізбек өтіп барады. Жалаң аяқ қар кешкені... Апасының шалап жоқта есіктің көзіне отыра қалып, қара сулы тостағанды қызылшаның топырағы тоздырған күс-күс қолымен безгек қысқан адамша ұстағаны... Қызылша артқан арбалардың станцияға қарай сықыр-сықыр жылжығаны... Арбакеш келіншектердің ұйқысыраған жуас күзді әлдилеп, әлдеқандай сағынышты ән салғаны... Жалғыз арбаның жасыл жапырақтар арасында қамытсыз, жүре алмай жетімсіреп қалғаны... Күрдек-күрдек қызыл изен арасынан пыр-пырлап бұлдырықтар ұшқаны... Соғысқа кеткен енесін есіне алып, торы тайдың көз жұмып тұрып ішін тартатыны... Бәрі-бәрі көшпелі көрініс.

Бір ғана скрипка тартқан қыз иығына сүмбіл қара шашы төгіліп, жанары жәудіреп, Ноянның көз алдында тұрды да қойды.



АҚСАЙ МЕН КӨКСАЙ

Біздің ауыл Ақсайдың қақ басында,
Күміс жүген судырар ат басында...
(Қазақ ауылының өлеңі)

Көксайдың бойуун этектеп
Мен коноюн, Бекбекей.
Қара мақмал тонуңа
Жен болоюн, Бекбекей...
(Қырғыз айылының ыры)

1

Біздің ауылды Ақсай дейді. Ал ел аузында Ақсаймен қатар Көксай да көп аталады. «Ау, мұның Ақсайы біздің ауыл болғанда, Көксайы қай жақта!» – деуші едім өзіме өзім.

Көп ұзамай Көксайды да көрдік.

Айша мені ерте оятты. Соғыстың үшінші жылына аяқ басып бара жатқан кез. Құдайға шүкір, бала болсақ та ерте оянуға үйренгенбіз. Қанша айтқанмен, таңғы тәтті ұйқыны қиып түрегелу ауыр-ақ.


– Тұр, Барсхан, Қорғанбайдың апасы келді, – деді Айша.

«Қорғанбайдың апасы» деп тұрғаны – Арзы. Ал Айша – менің шешем. Тек әкей жастайымнан оның атын ататып үйреткен.

Бүгінде Арзының үлкен екі ұлы – Орха мен Ноха әскерде. Айша Орха мен Ноханың атын атамайды: «мырза аға», «шырақ» дейді. Ал олардың інісі – Қорғанбай да қайнысы ғой, бірақ оның атын атай береді де, Арзыны «Қорғанбайдың апасы» дейді. Қорғанбайдың менен екі жас үлкендігі бар.

– Үлкен үйдің көк есегін әкеп байлап қойдым, тұра ғой, Барсхан.

«Үлкен үйдің көк есегі» – Оңғарбай атамның тайқары. Аты есек



демесең, аттай шабады. Оны біреулер жабайы құланның тұқымынан екен десіп те жүрді. Көк тайқар біз сияқты бала-шағаның тақымына түсе бермейді. Оңғарбай атам оны көрінгенге мінгізбейді.

Даладан көк есектің ішін тарта ышқынып ақырғаны естілді. Айша асықтырды:

– Әне, Қорғанбайдың апасы да келіп күтіп тұр, бол, жылдам.

– Барсхан қайда барады, а, апа? – деп қарындасым мен інім қыңқылдады.

– Қырғыз атаның ауылына барады.

Жайшылықта оларға кәдірім жоқ, жағаласып, таласып ұрсыса беретін. Енді қазір екеуі де менің беделімді үнсіз мойындап, мені бір мына соғыс кезінде майданға аттанып, жауды жайратып оралатын қас батырға балап тұрған сияқты. Екеуі де езу тартып, ербиісіп, менен қысылғандай жалаң аяқтарын қайда қоярын білмей тұр.

– Әй-у, Айша, болдың ба? Қайда әлгі Барсхан? – деп сырттан Арзы апам дауыстады.

Далаға атып шықсам, Арзы апам жүні жалбыраған, қарны салбыраған қара мәшіге мініп тұр екен. Ақ полотнай кимешек, ақ дәке күндік салып, көк доқаба қамзолын киіпті. Айша:

– Қорғанбайдың апасы-ау, тойға баратындай киініпсің ғой, тегі, – деп күлді.

– Күнде барып-кеп жүрген жер емес, көптен көрмеген қырғыз құдаларға жүдегенімізді білдірмей, сыртқы жүнімді қампайтқаным ғой, түге.

– Қайран Қорғанбайдың апасы, сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді деген осы-ау, – деп Айша мені көк есекке қолтығымнан көтеріп мінгізбек болып еді, көнбей өзім-ақ қарғып міндім. Көк тайқар шыдамсызданып шыр айналды. Колхоз бастық Тасхожа үстінен түспейтін ақ боз айғыр тақымыма тигендей едәуір көтеріліп қалдым. Інім мен қарындасым ауыздары аңқайып дәлізге шығып қарап тұр. Таңғы ызғардан жақ жүндері үрпиіп, ауыздарынан бу шығады.

– Әйда, үйге барыңдар! – дедім мен кісімсіп.

– Ал жолдарың болсын! Домалақ әулиенің аруағы қолдасын! – деді Айша.

– Айтқаның келсін, – деді Арзы апам.

Содан ауыл сыртындағы қара жолға түспек болып, Манас шоқысын бетке алып жүріп бердік.



Ақсайдан салқын самал сезіледі. Ақбас арыстан аузын ашқан күйінде қатып қалған тәрізді. Енді оның сол аузынан шыққан дем де сап-салқын. Тау аңғары осындай. Ал, аспан жүзі жас нәресте көзіндей жәудір, көкжиегін ғана кілегей шарбы бұлттар тұтып тұр. Шымшықтар шықылықтап, құмыр құрқылдап қалыпты. Үні тарғыл-тарғыл шығып, қарға да қарқылдап қояды, шұбар көкек сұңқылдайды.

Енді бірде Ақсай аңғарынан самал емес, салқын дария күллі аспан астын толқындата үн-түнсіз шалқып ағып, біз бүкіл үй-жайымызбен, ауыл-аймағымызбен, қара жол, ой-қырымызбен қоса сол көзге көрінбес қасиетті мұхитта әлдеқайда жүзіп бара жатқан сияқтымыз. Ауаны алақанмен уыстап мөлдір бұлақ суындай сіміруге болатын тәрізді-ау.

Артымыздан айқай шыққанға шошып қалып, бұрылып қарасақ, Айша екен.

– Әй-бу, Қорғанбайдың апасы-ау, ұмытып кетіппін ғой. Қырғыз атаға айта бар: Барсханға Медетханды көрсетсін. Өткенде не болмады. Балалардың жазығы не. Бірін-бірі біліп жүрсін, – деп Айша көзіне жас алды.

– Қой әрі, балаң жол жүріп бара жатқанда, жылап жаман ырым қылма. Қой, Айша!

– Қойдым, қойдым, Қорғанбайдың апасы, қойдым.

Айша артына қарай-қарай үйге қайтты. Сұр шинелі оның жотасын бүкірейтіңкіреп жібереді-ақ. Станцияда бір солдат пойыз жүрейін деп тұрғанда асығып арзанға сата салған екен. Қазір Айшаның бір киері де сол. Әттең, Айшаның үстінен сұр шинелі түсер күн бар ма екен, деп армандаймын.

Сай қабағындағы аз ауыл аулақтан үркердей үрпиіп көрінеді. Қара жолдың бойындағы қызыл изен мен бұйра бүргеннің басынан бозторғай пыр-пырлап ұшып, бізбен біраз жерге дейін ілесіп отырды.

Жол жағалай селеу-селеу, түп-түп ақ ши. Қара жол Шоқыбас сайының басын айналып өткен жерде жермен-жексен болып зират жатыр. Ішіне сиырлар да кіріп жайылып жүр. Айналасы қоршалмаған. Жер жетпегендей тура түбінен тақап тұрып егістік жыртыпты.

Арзы апам зираттың тұсынан өтіп бара жатып, аузы күбірлеп қос алақанымен бетін сипады. Онан соң маған бұрылып:

– Зираттың тұсынан өткенде, «Қиямет-қайым жақын» деп өт! – деді.

– О не деген? – деп сұраймын аңқайып.

– Аруақтар қиямет-қайымды күтіп зарығып жатады дейді.



Жолаушылар: «Қиямет-қайым жақын» деп өтсе, жарықтық аруақтар қуанып қалады дейді. Ал тірі адамдар зират тұсынан үндемей өтсе, аруақтар қапаланып қалады дейді.

– Қиямет-қайым деген не ол?

– Ақырзаман. Ақырзаман болғанда о дүниеде адамдар бір-бірімен табысады. Ана баласымен, бала әкесімен...

Бұ сағыныш дегенде дауа болсашы. Өлген аруақтар да жақындарын сағынып жатады екен ғой.

Жол қатқақ. Шынының сынығындай боп қабыршақ мұз кездеседі. Марттың іші, наурыз болса да әлі ызғар бар. Осы таяуда ғана алтынкүрек желі соғып, қалған-құтқан үрінді қарды сыпырып-сиырып әкетіп, сай-сайда гүрілдеп қызыл су жүрген. Енді су тартылып, көк қылтиды. Бәйшешек жұмыртқа жарып шыққан балапан құсап, жердің қабыршақтанған топырағын тесіп шығып, шоқ-шоқ болып тұнып тұр.

Өткенде апта бойы азынай соққан ақ борандардың азабын көрген шоңайна, сиырқұйрық, шырыш сияқты бойшаң өскен қурай бір жамбастап жатып қалған. Түбінен балақтап жаңа тіршілік басталып, жасыл барқыт балауса бас көтерген.

Тәңірітау әлі қары түрілмей, тек бір ожар тік бет тастары ғана жалаң төстеніп, тағы бір қысты қасқая шығарып салып тұр. Жағрапия мұғалімінің айтуынша, біздің бұл тауымыз жүз миллион жылдан астам жасапты. Мұның жасына қарағанда бір адамның ғұмыры тозаң сияқты. Міне, мен, мысалы, он үшке шықтым. Айша:

– Бір мүшелге шықтың, Барсхан. Мүшел жыл ауыр болады деуші еді, аман болшы, әйтеуір, – деген.

Азанғы қатқақпен едәуір жер өндіріп тастадық. Оң қол жағымызда – Керегетастың қар жұқпас қара құздары қалып барады. Сол жағымызда Қаратау жарысып келеді. Алдымыз – Манас шоқысы.

Ыбырай сайынан да өттік. Мыңбұлақтың ең тереңі осы. Қыстыгүні боран тықпалаған үрінді қар сіресіп көпке дейін жатып, жақында ғана еріп біткені әлі көгі көпсімеген қаратақыр қабақтан білініп тұр. Өткен ақпанның аяғында кенет күн жылынып, қар кетіп, мал далаға жайылып жадырап қалып еді. Сонда осы Ыбырай сайдың үрінді қарына Пияш кемпірдің ала сиыры түсіп кетіп, арам өлді. Қардың беті қатты болғанмен, астынан еріп, кеуек пайда болады екен де, үстінен жүрген мал кеуекке түсіп кетіп, үйелеп қалады екен. Тіпті бір көктемде Бейсалы шалдың жоғалған тушасы әбден қар кеткен соң сай табанында жаңа туған лағымен жайылып жүрген жерінен табылған. Бірақ сиыр



ешкі емес қой, үйелеп өліп қалыпты. Жалғыз баласы соғыста жүрген Пияшты шалдар аяп, «суда өлген мал адал» – деп ала сиырды сойып, елге «қырық жілік» қылып таратып, ақша жиып, орнынан тұяқ тұрғызған.

Арзы апам ұйықтап қалған ба, үндемейді. Есектердің пысқырғаны, қабыршақ мұздың шытынағаны ғана естіледі.

Балаларын ойлайтын шығар. Орха мен Ноха қандай еді. Сайдың тасындай, екеуі де еңсегей, нұрлы жүзді, ай маңдай азаматтар еді. Арзының өзі ажары асқан көркем кісі, сол соғыс басталғалы бері, әсіресе соңғы кезде тым қартайып кетті.

«Бірдеңе десе қайтеді?» – деп үн-түнсіз келе жатқан Арзы апамның бетіне қарап-қарап қоямын. Ақыры шыдамай:

– Апа, әлі алыс па? – дедім.

Арзы қалғып кетіп, көзін ашып алған адамдай басын көтеріп:

– А! – деп жан-жағына қарады. – Е, мынау Шоңқара ғой. Енді біраз бар. Анау Манастың тұсына таянсақ жетеміз. Әлі Көксайдан өтеміз.

Ары-бері қатынаған жолаушы көрінбейді. Аспанда бірлі-жарым тау бүркіттері асықпай қалықтап жүр. Олардан басқа қыбыр еткен жан, жүгірген аң, ұшқан құс жоқ. Жол тастақ, есектер бұрын-ғыдай қаздаңдамай тасырқап келеді.

– Баяғыда осы жолмен сенің ұлы апаң ұзатылған, – деді бір кезде Арзы үндемеуден жалыққан адамдай, сөз бастап.


– Ол қай ұлы апа?

– Сенің әкеңнің әпкесі қазір біз бара жатқан Нұралы қырғызға ұзатылған. Жарықтық, жатқан жерің жаннат болғыр, әлгі әпкеміз әуеліде жат жұртқа үйрене алмай қиналса керек. Қырғыздар жаз жайлауға шығып, тау асып кетеді. Сонда асуда жал-ғыз аяқ жолмен өтеді екен көштері. Жоғары қарасаң – төбеден төніп тұрған құз, төмен қарасаң – басың айналатын шыңырау. Аттың аяғы сәл тайса бітті, алаукиакпар дей бер. Сонда қырғыздар:

– О, қоқи, ана қазақ келіннің көзін таңып тастаңдар, – дер екен. Әйтпесе басы айналып, құздан құлап кетер екен. Сөйткен жарықтық, о да өтті дүниеден, шалы болса әлі тірі. Сенің жездең ғой, барған соң құлағынан тарт, – деп Арзы апам сылқ-сылқ күліп қойды.

– Арзы апа, Медетхан неге бұ жаққа кетіп қалған? – деп көптен көңілімде көмулі жатқан жұмбақтың шешуін сұрадым. Өйткені шешем ылғи:

– Медетхан деген бауырың бар. Қырғыз жақта, – дейді. – Сенімен түйдей жасты, – деп қояды. – Неге о жақта, неге бізбен бірге емес? – десем, үндемей күрсіне береді, кейде жылайды.



Қазір мына Арзы апам да күрсініп қойып:

– Байғұс бала, қай-қайдағыны еске салып... – деп түйіліп біраз отырды.

– Әлгіде айттым ғой, ұлы апаң осы қырғыздар жаққа ұзатылған баяғыда деп. Оның інісі – сенің әкең Мұрат, о, атыңнан айналайын, пейіште нұрың шалқығыр... Одан кейін Әміреқұл... Әміреқұл көкеңді білесің бе? Әй-бұ, сен қайдан білесің, о кезде бір жаста екенсіңдер ғой, Медетхан да бір-ақ жаста болатын. Сол Әміреқұл көкең әлгі қырғызға кеткен әпкесінің соңынан барғыш еді. Сонау қырғыздың жайлауына жаз бойы кетіп те қалушы еді. Сөйтіп жүргенде Осмоналы деген бір қырғыздың Шәрбан деген қызын алып қашып келсін. Ол өзі бір жерге айттырып қойған адам екен, құдайым өзі пана болсын, қырғыз-қазақ қырғын бола жаздап барып әрең басылған. Қыз:

– «Өз ықтиярыммен келдім. Мен үшін қырқыспаңдар», – деген соң саябырсыды. Әйтпесе Осмоналылар райға келед деген не? Сөйтіп алған қыздың ақыры не болды? Ай, өзі де маңдайға сыя қоймас хас сұлу еді ғой. Сұлулығын күндеп, ішімізге сексеуіл шоғы түсіп кеткендей болушы ек. «Ағайын бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды». Әдіреқалғыр дүния сол екен ғой. Әміреқұл мен Шәрбанның бақытын күндемеген адам кемде-кем. Әйтеуір, сол елдің тіл-көзі тиді ме, кім білсін, бейшара. Әміреқұл көкең сендер туған соң бір жылдан соң қайтыс болды. Сол, сірә, отыз үшінші жылдың күзі болар...

Шәрбан күйеуінің өлгеніне сенбей, есінен адасқандай боп қалды. Сәрсенбай қайнағасына күнде барып жылайды екен.

– Әміреқұлды бір көрсет, – деп. Ел-жұрт, ата-бабаның салтында жоқ болса да, әлгі періштедей әйелдің жалынғанына шыдай алмай Сәрсенбай жарықтық мүрдені ашып, Әміреқұлдың денесін алып шығып көрсетіпті. Әдемі сұлу мұртының бір шеті жидіп түсіп қалған екен дейді. Әйел түңіліп, теріс айналып кетіпті. Көңілі суып сала берсе керек. Сол-ақ екен, жылына жетпей төркініне кетемді шығарды. Қайран қазақ, әмеңгер жолымен сенің әкең Мұратқа қосамыз деп көріп еді, осы жаман шешең шаң-шұң шығарып көнбеді. Енді осы күні өзі өкініп жүр. Шәрбаннан қызғанған күйеуі ақыры өзіне де бұйырмай кетті. Алда айналайын мырзаға-ай, жатқан жерің жаннатта болғыр-ай!.. Аһ-h!

Дәл жолдың жиегінен пыр-пыр етіп бір топ құс жер бауырлап ұша жөнелді де, көп ұзамай қона кетті. Менің таң қалғанымды байқап, Арзы апам:

– Кекілік қой. Құда қаласа, Көксайға да келдік, – деді.



Мен көк тайқарды тебініп, әлгі кекілік қонған жерге шоқырақтата жөнеліп ем, Арзы апам:

– Қой, ақымақ болма, кекілік саған ұстатар ма еді, – деп тоқтатты. Айтса айтқандай топ кекілік тағы да жер бауырлап пыр-пырлай ұшып, ойпаңға түсіп кетті. Сонда байқадым, еңістен үлкен аңғарға құлап келеді екенбіз. Арғы бет құж-құж, қатпар-қатпар, жырым-жырым жар екен. Толып жатқан үңгірлер көрінеді. Шаңқ-шаңқ етіп әлдеқандай дәу-дәу құстар айналып жүр. Табанда үні булыға шығып өзен ағып жатыр екен. Есектеріміз еңкеңдеп суға тұра ұмтылып, әбден қанып болғанша аяғын бір баспай қойды. Әккілігі ұстайын деді ме, қара мәші қарны қампайып кетсе де әлі ішкенсіп, тұмсығын судан көтермей, көзін жұмып тұрып алды.


– Барсхан-ай, мына арамды ұрып жіберші, ө, өле қалғыр, ых! – деп Арзы апам қара есектің қос өкпесінен тепкіледі. Қолымдағы жуан көк таяқпен құйымшағынан салып қалып ем, қираң етті де суды жалдай кешіп, арғы бетке өтті.

Сол жерде біз де түсіп, сусындап, ұйып қалған аяғымызды жазып, жан шақырдық. Су осыншама аңғардың табанында ғана жалтырап жатыр. Жан-жағалай үйдей-үйдей дөңкиген тастар екен. Бәрін тасқын домалатқаны көрініп тұр. Малта тастан аяқ алып жүргісіз. Малта тасты мүк басқан. Сағыз шөп, текесақал, итмұрын, құбатал көрінеді әр жерден. Құбаталдың шыбықтары осы қазір бүршік жарайын деп, буаз сиырдың желініндей сыздап тұр. Егер мына сарқырап жатқан судың сарыны болмаса, құбаталдың ашылайын деп тұрған бүршіктерінен әдемі бір сыбызғы саз естілердей көрінеді.

«Бәрі өзіміздің Ақсай аңғарында өсетін шөптер ғой» деймін өзіме-өзім.

Тек есектер ғана өмірі мұндай шөп көрмегендей жер тістеп, бас көтермейді. Суының сарқырап аққанына дейін біздің Ақсайға ұқсас. Ал аңғары аңғал-саңғал, адам қорқатындай екен. Жалғыз-жарым жүру үрейлі-ақ. Біз судың жағасына түскеннен-ақ бір бозторғай төбемізде салбырап, шыр-шыр етіп тұрды да алды. Әлде осының бір жерінде ұясы бар ма? Әлде бізді бір қауіптен сақтандырғысы келді ме – белгісіз.

Арзы апам кимешегін күндіктен асыра түріп тастап, қос білегін сыбанып, беті-қолын жуды. Содан соң күнге бір қарап қойды да, әлі бесін болмаса да, белбеуін жайып, намаз оқыды. Беталысы – құбыла, өзіміздің ауыл. Ешкім жоқ жерде тілеген тілегім құдайдың құлағына мүлтіксіз естіледі деді ме – әйтеуір, мінәжат айтып отыр. Құдайдан



құлдық ұрып тілегені сонда, сірә, Орха мен Ноханың амандығы еді ғой. Бірақ оны құдай тыңдаған жоқ. Жалбарынушылардың бәрін тыңдай берсе – ол құдай бола ма? Әрі-беріден соң со жолы құдайдан мүйіз сұраймын деп құлақтан айырыла жаздадық.

Шақыр-шұқыр еткен дыбысқа намаз оқып отырған Арзы апам да амалсыз бұрылып қарады. Жоғарыда жолсызбен малта тасты кібіртіктей басқан ақ есектің үстінде еңгезердей біреу отыр. Біздің көк тайқар әңкілдеп ала жөнелді. Ішін тартып бір ақырғанда аңғардың ішін азынатып-ақ жіберді. Мен шылбырынан қатып ұстап тұрмасам, ақ есекке тұра шабатын. Ұрғашы есек көрсе жыны бар. Өй әңкілдейді, құйрығын бұлғаңдатып, құлағын тікірейтіп алып, тұла бойы шиыршық атып, есінен тана жаздайды, қара басқыр.

Ақ есек мінген қара дәу жақындап келді. Әдетте ақ есекке ел қыдырған дуана мініп жүруші еді, дуана ма дейік десек, оған келіңкіремейді. Басында даңғарадай дәу бөрік. Сеңсең қозының терісі ескіріп қалыпты. Үстінде түгі түскен қара сукно шекпен. Стволын төмен қаратып, тақымының астына жалғыз ауыз мылтық басып алыпты. Алақандай алакөз. Шалғы мұрты салбырап тұр. Түсі суық екен. Біздің көк әңгінің онымен ісі жоқ. Мені сүйрелеп отырып, ақ есектің тұмсығына тұмсығын тигізіп иіскеп-иіскеп көрді, пысқырып алып, тағы еңкілдеді. Ақ мәші шыжбаңдап, артқы аяғын көтеріп тоңқымақ болып еді, Бадырақ көз оны қамшымен бастан періп кеп жіберді, біздің көк тайқарды да құлақтан тартып-тартып жіберді. Сонда барып байғұстың арыны басылайын деді.

– Иә, қайда бара жатырсыңдар? – деді Бадырақ көз.

– Аршағұлға, – деді Арзы апам.

– Онда кімдерің бар еді?

– Нұралы деген кісінің үйіне.

– Неғып ауыл қыдырып жүрсіңдер? Колхоздың жұмысын кім істейді? Колхоз бар ма өзі сендерде? – деп Бадырақ көз кенет үнін өзгертіп салды. – Әй, сен неге әскерге бармай жүрсің? Әскерден қашып жүрген дезертер емессің бе? – деп маған шүйілікті.

– Қой, ойбай, онысы несі, қаршадай баланы әскерден қашты деп, – Арзы апам шыр-шыр ете қалды. Бадырақ көздің мылтығына қайта-қайта қарай береді. – Әлі бесіктен белі шықпаған бала ғой. Тыныштық замана болса – көжесін жыламай ішпейтін нәресте емес пе. Заман мынадай болғасын ересек көрінеді де көзге. Ала жаздай қабырғасы қайысып колхоздың жұмысын істеп жүрген де осылар. Бұғанасы



қатпай жатып еңбектің ащысын татты ғой. Өзіңіз неге бармай жүрсіз әскерге? – деп Арзы апам кенет Бадырақ көздің өзіне тап берді.

– Иә, мен бе? – деп әлгі сасып қалды. Жалма-жан тақымын көтеріп, мылтығын жөндеп қойды. Сонан сон езуі жайындай жайылып тұрып күлді. – Соғыстың алдында ғана бірінші май мейрамында күреске түсіп, қабырғаларым, оң қолым сынған. Сонда инвалид боп қалдым, құдағи!

– Кәне, құдағи, қоржыныңда не бар! – Өңкиіп есектен түсті. Мылтығы өзінен бұрын сарт етіп жерге құлап қалды.

– Ойбай, түк жоқ, не болад біз сияқты мүсәпір жолаушыда. Мына Аршағұлда жегжатымыз бар еді, соларға жолығып, сау-саламат айтыспақпыз. Не болад бізде, – деп Арзы апам азарда-безер бебеулеп қалды.

Сәл үнсіздік кезінде бағанағы бозторғайдың төбеден шырылдаған даусы тағы да ап-анық естілді-ау. Айнала аңғал-саңғал аңғар, тіпті Тәңірітаудың шыңдары қылтиып әрең көрінеді. Төбеңнен төнген аспаннан басқа кеңістік жоқ. Айқайласаң – ешкім естімейді. Қашып құтылмассың. Кәрі кемпір, жас бала. Анау болса – зіңгіттей, балуандыққа түскені рас та болар.

Бадырақ көз ақ есекті бос қоя беріп, Арзы апамның қоржынына қорбаңдап барып қол салды.

– Әй-бұ, мына қараң қалғыр кәйтеді, әй, денің сау ма? Жоқ, айдалада жол торыған қарақшымысың? Ұялмайсың ба? Қарусыз қатын мен қаршадай баланы тонағанша! – Арзы апам тырмысып қоржынға жармасты.

Мен шыдай алмай көк есекті қоя бере салып:

– Ағай, тимеңіз! – деп әлгінің жеңінен тартып едім, бұрылып бетіме қарағанда зәрем кетті. Көзі тостағандай, ақсиып күледі екен. Мені итеріп кеп жібергенде, жығыла жаздап, тәлтіректеп барып қалдым.

– Ойбай, құдай көрсетпеген қорлығың осы ма еді! – деп Арзы апам отыра қалып жер тырналады. Қоржынның басында ши бар-қыт кездеме жатқан. Мамыт жәкемнің ептеген саудагерлігі бар еді, анда-санда колхоздың жұмысынан қолы қалт еткенде, Тәшкенге барып, мата-пұл алып келіп, соны Борандының базарында азыққа айырбастар еді. Қазір Борандыда дән баласы ұшпайды. Мата тұрмақ, алтынға да азық айырбастап ала алмайсың. Содан қырғыз ағайындар тоғырақ болушы еді-ау, деп Арзы апам ши барқытты осы жаққа алып келе жатыр еді ғой. Оған қоса Арзы апамның қойнында Айша берген



азын-аулақ ақша да бар. Жалғыз сиырдың майын жиып, базарға апарып қадақтап сатып, тісін тісіне қойып тиынын шығармай, астық сатып алуға сақтаған ақшасы ғой ол Айшаның. Арзы апам жарықтық жаңа бір қолымен қоржынды жасқаса, бір қолымен омырауын басып, Айшаның аманатын қызғыштай қорғап жүргенін байқадым.

Сөйтіп бүкіл бір қауым ел бетіне қарап отырған ши барқытқа шын қауіп туды. Жаңа астыққа жеткенше әлі көктем бар, жаз бар... Бадырақ көз Арзы апамның қоржынын ақ есектің үстіне сала беріп, қайтып алды. Көк есекке көзі түсіп, күлімсіреді. Шалғы мұрты шалқайып, тістері ақсиды.

– Әй, балақай, есек айырбастайсың ба? – деді.

– Айырбастамаймын, – дедім қасарысып.

– Қой, айырбасталық. Менің есегім буаз. Қодығы саған пайда.

– Болмайды, – дедім қасарыса түсіп.

Көк әңгі кетсе – онда менің ауылдың бетін қайтып көрмей-ақ қойғаным жақсы. Оңғарбай атам онсыз да осы көк есекке бола өзінің туған інісі, мына Арзы апамның шалы Мамыт жәкеммен араздасып қалған.

Мамыт жәкем астық науқаны кезінде элеваторға астық тасушы қызыл керуенді басқарады. Жеке меншіктің бүкіл күш-көлігі осы науқанға жегіледі. Әрине, Оңғарбай атамның көк есегі алдымен алынады. Сонымен апта бойы, ай бойы өз есегі өз тақымына тимей, қарға адым жер баса алмай, Оңғарбай атам мүсәпір болады. Інісіне:

– Ау, Мамыт-ау, менің есегімде ақың қалса да қайтарсаңшы енді, – деп күнде барады. Мамыт айтады:

– Соғыстың не екенін білесің бе? Жұрт көлігі тұрмақ, туған балаларын да аяған жоқ соғыстан. Сенің арам есегің кімнің шікәресі, – деп жанды жеріне тиеді. Ағасының ол кезде ұл баласы жоқ, сондықтан от басынан соғысқа аттанған ешкім жоқ. Сол бар, әрі десе көк есектің ашуы бар, інісінің жағасынан ала түсіп, қолындағы таяқпен жон арқадан тартып-тартып жібергенін қырман басында көзімізбен көрдік.

Сондай жанжалдың себебі болған көк тайқарға енді мына шалғы мұрттың көзі түсті, құдайым өзі сақтасын. Есектен айырылсам, шешемнің күні не болады? Бетіне өмірі тіктеп қарамаған қайнағасының тілі тисе – қорлыққа ол қайтіп шыдайды?

Ал Бадырақ көз болса, көк тайқардың тізгінінен ұстап алып, үстіне Арзы апамның қоржынын салып, есектің сауырынан алақанымен ұрып-ұрып көрді. Көк есекке бәрібір, құйрығын шыжбаңдатып пысқырынып-



пысқырынып қояды. Үстіне Бадырақ көз мінсе, атырылып ала жөнелейін деп тұр. Арзы апам жалынып, әлгінің етегіне жармасты.

– Құдай тілеуіңді бергір, әшейін қалжыңдадым деші. Әшейін ойнап бізді қорқытқаның болсын. Өміріңде жаманшылық көрмей өт. Босат бізді. Қайтесің, кембағал мүсәпір жандармыз.

– Қарай гөр мүләйімсуін, баяғының бәйбішесі құсап сәнденіп киінесің. Тағы да кембағалмын дейсің. Мынауың контрабанда. Соғыста жұрт қан төгіп жатыр. Ал сен кемпір болсаң, сәнденіп той тойлауға барасың. Болмайды, мұның бәрін мен өкіметке өткіземін.

Бадырақ көз шынымен көк тайқарға мінуге ыңғайланды. Көк есек пысқырынып, бір орында тыныш тұрмай, шыр айналады. Ақ есекті тастайтын түрі бар. Тіпті түсіп қалған мылтығына да қарар емес. Айтпақшы... Лезде басыма бір қыршаңқы ой сап ете қалды. Жүгіріп барып жерде жатқан мылтықты көтеріп алдым да, Бадырақ көзге аулақта тұрып кезеніп:

– Кәне, тайып тұр! – деп айқайлап жіберіппін.

Арзы апам:


– Ойбай, жүгермек, таста, ойбай, бәлесіне қаламыз? – деп екі қолын ербеңдетті. Бірақ жақындамайды.

Ал Бадырақ көз сасар емес, қайта сақ-сақ күлді. Онысынан абыржиын дедім.

– Ол атпайды. Пыстаны су боп қалса керек. Түнде далада шық тиіп, су болған. Жаңа ана бұлымның ар жағында тобылғының түбінде бір ұрғашы елік күнге маужырап ұйықтап жатыр екен. Көздеп тұрып басып қалсам, шырт етіп оталмайды. Затворды қайта қайырып, қайта салып, тағы басып қалсам, тағы от алмайды. Патронды ауыстырып, тағы атам – тағы болмайды. Ыза болғаным сонша, елікке жақындап келіп мылтықтың өзімен жіберіп кеп ұрып едім – ата кеп жөнелді, дүмі тимеді. Сөйтіп ауызға түсіп тұрған бір еліктен қағылып, қапа боп келе жатқанда, сендер кез болдыңдар. Бұ да болса, құдайдың несібесі. Әй балақай, мылтықпен ойнама. Ол бәрібір атпайды. Әйтсе де мылтықпен ойнамас болар.

Сонда да кезеніп біраз тұрдым. Қарауыл бадырақ көздердің арасында қозғалақтайды. Қолымның қалтырағанын содан сезем. Адамға қарай мылтық кезенудің қиыны-ай. Оның үстіне Арзы апам шындап ойбай салып жылады.

– Тумай жатып әкесін жалмаған жүгермек, енді өз басыңды жалмайын демесең таста қолыңдағыңды! – деп екі қолын ербеңдетіп шыр-шыр етеді.



– Жарайды, – деп мылтықтың стволын төмен түсіре бергенімде, анадай жерде сайдың қабағында тарғыл таста қалбиып отырған қарақұсты көріп қалдым. Тым болмаса ашуымды содан алайын деп көздер-көздемес шүріппені басып кеп қалып ем – гүрс ете түсті. Бұрқ еткен түтіннен ештеңе көрінбейді. Жартастар жаңғырығып, сатыр-сұтыр тау құлап жатқандай болды.

Зәрем зәр түбіне кеткенде, көзімді ашып алсам, Бадырақ көз құлап жатыр. Оқ соған тиген екен десем, тарғыл тастың үстін тұтас жауып, қанаты сала құлаш жайыла түсіп қарақұс жатыр. Бадырақ көз басын көтерді. Әлпет деген не, өңі боп-боз, көзі жыпылық-жыпылық етеді. Абайлап орнынан тұрды. Бір-бір басып өзінің ақ есегіне барды. Ала жіптен арта салған үзеңгіге аяғын әрең іліп, желқом ерге асыла мінді. Есегін кібіртіктетіп бір-бір бастырып, қасыма келді. Үндеместен қол созып мылтықты алды, үндеместен стволын төмен қаратып тақымының астына басты. Ақ есектің басын бұрып, су жағалата ылдиға түсіп, бұрылып та қарамастан кете барды.

– Иә, аруақ, иә, тәңірі, жеті теңге, жеті нан құдайы, иә, аруақ, – деп Арзы апам келіп менің аузыма саусағын салып, таңдайымды көтерді. Сірә, менің мелшиіп тұрып қалған түрім кісі шошырлық кейіпте болса керек.

– Бісміллә, бісміллә! – деді Арзы апам таңдайымды көтеріп. Ақ есектің қарасы бұлдырап ұзай берді, ұзай берді.

2

Ымырт үйіріле, Аршағұлға келіп жеттік. Сұрай-сұрай қырғыз атаның үйін де таптық. Қырғыз ата таяғына сүйеніп, есігінің алдындағы төбешікте тұр екен. Бізді көріп төмен түсті. Әуелі танымай қалды. Үйден жүгіріп шыққан бір қартаңдау әйел танып, асты-үстімізге түсіп, бәйек болып, тіпті жылап та жіберді.

– О, қағылайын, Мұраттан қалған жарығым, тұлпардан қалған тұяғым, – деп менің кім екенімді білген соң бетімнен олай да сүйді, былай да сүйді. Арзы апамды құшақтап тұрып, арқасынан қаққылады.

Көзі жөнді көрмей, құлағы жөнді естімей, аң-таң қалып тұрған аппақ құдай бүкір шалға әлгі қартаң әйел:

– О, атекем, танымай қалдың ба, тайекем келді, тайекем, Мұраттың баласы мен Мамыттың үйіндегі тайеке келін келді, – деп айқайлады.


Шал қос қолын маған созып, ағаштай аяқтарымен бір-бір басып,



жаныма келді. Менің ыңғайсызданғаныма қарамай басымды арық кеудесіне басып, тұла бойы дір-дір етіп, үнсіз өксіді. Арқамнан сидиған арық қолымен сипалай берді, сипалай берді.

Әкей кеткелі, еркек атаулыдан мұндай мейірім көрмеген басым, көңілім босап, оның үстіне жол-жөнекей көрген қорлығымыз есіме түсіп, оқыстан даусым шығып кетті де, булығып-булығып шалдың ақ жейделі арық кеудесіне басымды тыға түстім. Өзім ес білгелі тұңғыш рет дидарласып тұрған қарттың маған әкемдей жақын көрінгені сонша, оның бауырынан ажырағым келмеді. Әлі булығып, өксігімді тоқтата алмай, қайта солығым үдей түсті. Бұл үнсіз, тұншыққан жылауда толып жатқан шағым бар еді: әкейдің жоқтығы, Қайрақбай қарауылдың сиырың колхоздың жоңышқасына түсіп кетті деп, шешемді былапыт сөзбен балағаттағаны, қыстың ұзақ боранды түндерінде үрпек бас үш бала Айшаның бауырына тығылып, бір көрпенің астында боранның ұлыма даусын тыңдап қорқып жататынымыз; Жуанқұл бастықтың жұмыртқаны ұрлап жейді деп Ақжол дейтін күшігімізді атып өлтіргені; Салман дейтін шалдың мені көрсе дереу: о жетімек, о жетімек! – деп бас шайқай беретіні; тамыздың айсыз түнінде Борандының элеваторынан қайтып келе жатқанда, есегі жүйріктер озып кетіп, мен елдің ең соңында жалғыз қалып, жол-жөнекей терең-терең сайлардан өткенде үрейден тынысым тарылған кезде, Евгеньевканың бұзық балалары жалғыз өзімді ортаға алып сабағаны; сонда менің жүзін көрмей, сыртынан медеу тұтып жүретін Медет деген бауырымды іздегенім, – бәрі-бәрі мына шалдың алдында ақтарылған арыз еді. Үнсіз, тілсіз арыз. Кәрі көкірек соның бәрін айтпай-ақ түсініп қойды. Мені бауырына қысып, көпке дейін егіліп тұрып алғаны да сондықтан.

Әлде кім біледі, ол да маған сонда арызын айтып шағынды ма! «Сенің табаныңа кірген тікен менің маңдайыма батады, балам. Сен бесіктен белің шықпай жатып көрген қиыншылықтың бәрін мен кәрің білемін. Түнде түсіме кіресің, күндіз ойымнан шықпайсың. Итті құдай иесімен қинасын. Әкең жоқ болған соң, менің алыста жүріп уайымдағанымнан не пайда. Қол ұшын бере алмадым, балам. Қапа болма. Бала да балсаң әкеңнің орнын басқан азаматсың. Жақсы әкенің аруағы жаман балаға қырық жыл азық. Әкең жақсы еді. Сенің әкең менің балдызым болатын. Өзім – қырғыз, қазақтан қыз алып, содан бала сүйдім. Нұралы деген атым қырғыз-қазаққа ортақ еді. Бүгінде қартайдым, балам. «Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ». Тірі аруақ боп қалқайып отырмын. Әбдібек жиенің әскерде. Көптен бері сендерге ат ізін салмай кеттім. Кәріліктің зауалы, соғыстың зардабы балам...»



– Оу, атекем, мына Мамыттың үйіндегі келініңізбен амандаспайсыз ба? – деп қартаң әйел шалдың құшағын менен ажыратты.

– Е, қағылайын, Мамыттың үйіндегі келін бе? – деп, шал қалт-құлт етіп, жығыла жаздап, Арзы апама бұрылды. Арзы апам қос қолын беріп амандасты.

Осы ұзақ көрісудің басынан-аяғына дейін мен қатарлы бір бала біресе құлағына дейін жайыла күліп, біресе қабағын түйіп қасымызда тұрды:

Қартаң әйел бір кез оған қарап:

– Оу, Мамытбек, бұ тайекеңдердің есектерін байла, – деді. Мамытбек ылдым-жылдым жүгіріп, біздің көліктерімізді жайғады. Содан үйге кірдік. Үй дегенде біздің ауылдағы сияқты тоқал там. Сығырайған жетілік шам. Төрге шығып, жүгері паяның үстіне төселген сырмаққа отырдық.

Қартаң әйел бетіме қайта-қайта қарап:

– Қағылайын, тайекем! Танисың ба мені? Ауылыңа барғанда талай көтеріп едім ғой. Мен Сусар апаңмын ғой. Танымайсың, ә? Қайдан танисың. Онда кішкентай едің ғой. Мен Зинат дейтін қызымыз екеуміз барғанбыз... Е, Зинат есіңе түсті ме? Зинатты күйеуге бергенбіз...

Иә, енді еміс-еміс білетін сияқтымын. Басына шошақ бөрік киген, шашын майда-майда толып жатқан бұрым етіп өрген бойжеткен қыз енді есіме түсті.

– Мынау – Мамытбек жиеншарың. Әбдібек жиеніңнің жалғыз баласы осы. Сенімен түйдей жасты.

Мамытбек екі езуі құлағына жеткенше ыржия күліп маған қарап отыр. «Медетхан қайда?» – деп қойдым ішімнен.

Нұралы атам қос қолымен жер тіреп барып, баяу шөгіп, әрең орналасып отырғаннан кейін, Арзы апамнан жасаураған, еті қызарған көзін айырмай:

– Қалай, келін, балалар есен бе? Мамыт ақсақал аман ба! Әскерге кеткендерің бар ма? – деп сұрады. Арзы апам орнынан бір ұмтылып, атайға жақын отырды да, дауыстап:

– Балалар, құдайға шүкір, аман. Екеуін әскерге бергенбіз. Алла-құдай сақтасын деп мойнымызға ала бұршақ салып отырмыз. Үлкенінен біраздан бері хат тоқтап қалды. Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, қу тамақ арсыз, әйтеуір, шығарға жан бөлек болған соң сүлде сүйретіп жүрміз ғой. Шал байғұс бір уыс боп қартайды. Бұрынғыдай қайрат жоқ. Сонда да колхоздың жұмысын көк өгіздей сүйреп келеді.



– Әп, бәрекелді, – деді Нұралы атай. Екі тізесіне шынтақтап бүк түсіп жатып алып, ақселеу сақалын салалап төмен қарап отыр. – Көппен көрген ұлы той, келін. Бетіне қараған Әбдібекті әскерге аттандырып мына біз де отырмыз.

Мамытбек қаусаған атасының иығына асылып алып, маған қарап жымиғанын қоймайды. Езуін жияр емес.

Әдеттегі амандық-саулық сұрастырылып болды. Нұралы атам Әбдібек әскерге кеткен соң, көрші айылдағы қызы Сусар апамды қолына алыпты. Қазір шалдың кір-қоңын жуып, асын пісіріп, үсті-басына қарап отырған осы Сусар апам екен. Келіні Сәнәмбүбі қайтыс боп кетіпті. «Сәнәмбүбі, Сәнәмбүбі» дегенді біздің Айшаның аузынан көп естуші едім. Сөйтсем ол марқұм мына Мамытбектің шешесі екен. Енді тоқсандағы Нұралы ата қаршадай жалғыз немересі мен қартайған қызы Сусардың қолына қарап қалған.

Арзы апамның:

«Жездеңнің құлағынан тарт» дегені есіме түсіп күлкім келді. Бір жағынан аяп та отырмын. Бір уақытта Нұралы атам еңсесін көтеріп алып:

– Уа, Сусар, әңгімеге айналып отырып қалдық. Шайыңды қой, қазан көтер. Тай сойса да, қой сойса да жарасатын меймансыңдар. Көктемнің көк өзегі, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Екі-үш ешкісі түскір лақтап қалып еді, сендер келгенде тышқан мұрнын қаната алмағанымыз жанымызға қатты батады. Нариза болмаңдар. Амандық болса, әлі-ақ жарылқап күн туып, ақ түйенің қарны жарылар. Жасаған жақсылығын берсін, – деді.

Сусар апам жалма-жан абыржып:


– Қағылайын, тайекем, қағылайын, тайекем, – деп орнынан атып тұрып шай қамына кірісті. Лезде есік алдындағы аласа пеште қураған жүгері сотасы шатырлап жана бастады.

– Айтпақшы, – деді Арзы апам. – Айша келініңіз сәлем айтты: мына Барсханды Медетханға жолықтырсын дейді. Жатбауыр боп кететін болды дейді.

Нұралы атам:

– О-о-о! – дегенде көкірегі сырылдап, жасаураған қызыл жиек кілегей көзі үйдің есік жақ төбесіне қадалды да қалды. «Онда не бар?» – деп мен де қарасам, жақында жауып өткен қалың жаңбырдан түсіп қалған сылақтың орны екен. Жүрегім су етіп, ішім мұздап қоя берді.

– Медетхан! – деді даусы дірілдеп. Сөйлеуге шамасы келмегендей ентігіп қалды.



– Оған не болды? – дедім шырылдап шыдай алмай.

– Ештеңе де болған жоқ, – деді шал.

– Ә, қағылайын тайекем-ай! – деді Сусар апам. – Медетханды бұ жолы көре алмайтын болдың да. Шарбан бар болғыр басқа күйеуге тиіп, баланы алып, Қарабалта дейтін жерге көшіп кетті де, Әміреқұл тайекемнен қалған жалғыз тұяқ... – Сусар апам көсеуге маңдайын тіреп отырып, жан-жағына теңселіп, астыңғы ернін тістеледі. Онан соң! ah! – деп бір күрсінді де:

Жөнелдім Қарабалтаға
Бір тиын жоқ қалтада, –

деп сыңсытып барып, етегін қағып орнынан көтерілді де, құм қыздырған қазанға жүгері қуыруға кірісті.

Теппе шайды біз құмға қуырылған аппақ жүгері шайнап іштік. Тәтті-пәтті деген көрінбейді. Ішімнен «қырғыздар жақта тоқшылық дегені қайда?» деп қойдым.

Арзы апам Көксайдан өтерде бізді бір бейсеубет адам қорқытқанын айтты.

– Құдай өзі жар болсын! – деді атам тұнжырап. Ол қайтып үндеген жоқ. Қат-қат қалың ойдың орманына сүңгіп кетіп, мұнда адам барын ұмытқандай ақселеу сақалын тарамдап отырды да қалды.

Оның есесіне Сусар апамның жағы семген жоқ. Күйеуге кеткен Зинат қызын сағынып жүргенін, әскердегі Әбдібекті түсінде көретінін, Шарбанның басқа күйеуге тиіп, Медетханды алып кеткенін айтты. Енді екі кемпір менің Әміреқұл көкем мен Шарбан хикаясын қиссадай қып тағы айтысты. Ақырында екеуі де жылап тынды. Есіл Әміреқұлдан қалған жалғыз тұяқ өгей әкенің қолында қалай күн көреді десті.

Мамытбек тері шанашқа салған түрлі-түсті асықтарын көрсетіп, менің көңілімді ауламақ. Көзім асықта, көңілім кемпірлердің әңгімесінде. Сусар апам алаша тоқырда жүнді түрлі-түрлі бояуға салады екен, сонда асықтарды да қызыл, жасыл, сары, қара, көк бояуға бөлек-бөлек тоғытатын көрінеді. Мамытбек маған ауылға қайтарда бір шанаш асық сыйламақшы болды. Ішінде құлжасы да бар екен.

Ақырында май шам өлегзи бастаған соң, екі кемпір әңгімені лажсыз тоқтатты-ау. Жүгері паяның үстіне киіз салып, Мамытбек екеумізді қатар жатқызды.



Ертеңгі шайдан кейін Нұралы атам есегін ерттеп, Арзы апамды ертіп, Шекер дейтін айылға кетті. Сол жақтан астық қарастырмақшы. Біз Мамытбек екеуміз Күркіреу сайдың бойын араладық. Көктем жаңа шығып келе жатса да, өзен жағасына киіз үй тігіліпті. Үйдің төбесінде бақанға байлаулы аттың қара құйрығы тұр екен. Менің аңтаң болғанымды көріп Мамытбек:

– Қара қағаз, – деді. Үйге жақындап барып, есігінен баспалап қарап едік, қара жамылған екі әйел іргеге қарап, жоқтау айтып отыр. Бізді көріп босағаға он үш-он төрт жастағы қыз бала жақындады. Бізге кет деп айта ма деп едім, кет деген жоқ. Қайта келгенімізді құптағандай. Үстінде түгі түскен қызыл ши барқыт қамзол, омырауына жағалай күміс теңге тағып тастапты. Шашын майда өріп, жағалата бұрым салған. Басында үкілі дөңгелек бөркі бар. Мамытбекті таниды екен. Мені көрсетіп:

– Бұл кім? – деп сұрады.

– Бұл қазақ туысқанымыз. Аты Барсхан, – деді Мамытбек.

– Менің атым Чолпон, – деді қыз.

Іргедегі екі әйел жоқтау айтып әлі отыр. Олар осылай қозғалмай тас мүсін боп қатып қалатын шығар...

Киіз үйдің сыртын айнала берсең-ақ гүрілдеп аққан асау өзеннен әлгі әйелдердің даусы естілмей қалады екен. Жоқтау әуенін жоққа шығарғысы келгендей ақ көбігін аспанға атқылап, тастан-тасқа соқтығып, арқырап жатқан айбарлы су. Жағасында дөңкиіп-дөңкиіп түйе тастар жатыр. Түйе тастың күн жақ беті жып-жылы екен: үстіне шығып отырдық. Төбеден Манас шаншылып тұр. Манастан батысқа қарай созылған сеңгір-сеңгір таулар. Осының бәрі Тәңірітау.

– Сенің ауылың қай жақта? – деп сұрады Чолпон.

– Сонау жақта, – деп таулар тізбегінің ең шетін нұсқадым.

– «Сонау» деген не? – деп күлді қыз.

– «Тігіне» дегені ғой, – деп түсіндірді Мамытбек.

– Анау үйдегі екі әйел не айтып отыр? – деп сұрадым да ыңғайсызданып қалдым. Бірақ онымды Чолпон ерсі көрген жоқ.

– Әжем мен апам жоқтау айтады. Әкем соғыста қайтыпты деп хабар келді. Содан бері әжем мен апам «Қарағұл ботамды» айта береді. Ертеде бір мерген кісінің жалғыз ұлы болған екен. Қарағұлға еліктің терісінен тон тігіп кигізіп қойған екен. Бір күні жаңа қонысқа келіп қонғанда, мерген киік аулап кетеді. Бірақ ол күні жолы болмай, құр



қол қайтып келе жатып, үйіне жақындай бергенде атқұлақ қурайдың түбінде жатқан елікті көреді де, атып салады. Әлгі елік дегені «апа!» деп жатып қалады. Барса, елік емес, елік терісінен тон киген жалғыз баласы Қарағұл қансырап жатыр. Сөйтсе ол әкесін іздеп шығып, атқұлақтың түбінде жатып ұйықтап қалған екен. Абайсызда баласын атып алған мерген сонда ұлын жоқтап айтады екен:

Кең қолдың басы кең шеңбер, ботам,
Қансырап жатқан, Қарағұл ботам.
Тарқолдың басы тар шеңбер ботам,
Талықсып жатқан, Қарағұл ботам.
Алтыннан сақа құйылды, ботам,
Айыңа жетпей қиылдың, ботам.
Күмістен сақа құйылды, ботам,
Күніңе жетпей қиылдың, ботам.
Мен елік атып тигіздім, ботам,
Мен елік тон қайдан кигіздім, ботам.
Ертең бір аулың көшеді, ботам,
Көк Қайқы барып қонады, ботам.
Мен абайсызда қарамай, ботам,
Балдырған түбі былқ етті, ботам.
Балалы елік деп қалдым, ботам,
Мен ботамды жеп қойдым, ботам.
Тобыршағың тер болар, ботам,
Сенің тозағың тартып қор болар, ботам.
Тоқсандағы атекең, ботам,
Арғымағың ат болар, ботам.
Алпыстағы анаң сенің
Азабыңды тартып қор болар, ботам.
Құлыны өлген биедей, ботам,
Қуартып кеттің, Қарағұл ботам.
Ботасы өлген түйедей, ботам,
Боздатып кеттің, Қарағұл ботам.
О, Қарағұл ботам!
О, Қарағұл ботам!

Тасқа су арылдай соғып, тозаңы бетке шашырайды. Бізге айбарлана:
– Тек! – дегісі келгендей.



Кейде судың сарыны әлгі әуенмен үндесе шығады.

Әлдекім айқайлағандай болды. Күркіреу судың шуылынан әрең естіледі. Қарасақ, Сусар апам қол бұлғап бізді шақырып тұр екен. Түйе тастан түсіп, үйге қайттық. Чолпон соңымыздан қарап тұрды. Мен қазір тамақ ішіп қайтып келетін шығармыз деп ойладым.

– Қайтып келеміз, – дедім бұрылып.

Үйге келсек, Арзы апам буынып-түйініп, ала қаптың үстінде отыр. Нұралы атам есіктің алдына бөстек салдырып жантайып жатыр. Шекерден келіп қалыпты.

– Барсхан қарағым-ау, қайда жүрсің? – деді Арзы апам ренжіп.

– Бұ Арзы апаң қайтамыз деп асығып отыр. Бүгін жатып, ертең жүріп кетсеңдер де болар еді, – деді Сусар апам.

– Ойбу, жиен қыз-ау, осындай заманда адам меймандықта жүріп алар ма? Мына Барсханның ертең оқуы бар. Менің шалым жұмыста, өзімді бригадир бір күнге босатып еді. Қайтпасақ тегі болмайды.


– Күн түс боп қалды-ау, – деп Нұралы атам да қимады.

– Ештеңе етпейді, кешке дейін, құдай қаласа, барып қаламыз, – деп Арзы апам көнбеді.

Мен мұнша тез аттанамыз деп ойламап ем, мына Нұралы атамды, Сусар апамды, Мамытбек бауырымды қимай, тамағыма жас тығылды. Тұңғыш рет Мамытбектің күлмей, байсалдана қалғанын көрдім. Күлмесе түрі суықтау екен. Есектердің жүгі ауырлады. Бір-бір десте қап дән алып қайттық. Бұл – баға жетпес байлық еді.

3

Күн кешегіден гөрі ыси түскенін жолға шыққан соң сездік. Арзы апам тіпті шапанын шешіп астына басып алды. Екі есек ауылға бет алғанын біліп, жүрісі жөнделді. Үстіндегі жүкті бұйым көрер емес. Есектің күші адал деген осы да. Арзы апамның қабағы ашылып, бұрынғыдай ой тереңіне кете бермей, жарқын-жарқын сөйлеп, кейде тіпті ыңылдап ескі әуендерге де салып келе жатты. Бәйшешектің қуыс құлағы бадырайған жүгерідей ашылып, шоқ-шоғымен кемел кезіне келген екен. Күннің қызуына шыдай алмай алқа-салқа шешініп тастаған сияқты. Қартаңқұлақтың да жапырағы жайылып, сап-сары қоңыраүгүл жайнаң қағып қалыпты. Аспан астын бозторғайдың құйқылжыған әуені кернеп кеткен. Тәңірітаудың көк тіреген шоқылары бүгін аса айбынды. Тұман тұтпай, мұнар баспай ап-айқын көрінеді. Жаңа шыққан көктің



арасындағы арагідік былтырғы боз жусан кілем үстіне аяғының батпағымен шығып кеткен әдепсіздің ізіндей боп ескілігін жасыра алмай тұр. Жол жағалай отар-отар қой жайылып жатыр. Қоздағаны көп. Жүні тықыр, қызыл шақа мәліш қозылар, аяқтары дірілдеп әреңәрең жүреді. Жаңа туған қойдың уызын сауып отырған қойшының екі беті шиқандай екен.

– Қойдың сүті қорғасын деген рас-ау, шіркін, – деді Арзы апам. Анадай жерде бықсып от жанып жатыр.

– Ана сауып отырған сүтін қазір пісіреді, – деді Арзы апам. – Жалғанда тәтті тамақ сол ғой, шіркін. Анау отта тас қызып жатыр. Отқа әбден қызған тасты сүттің ішіне тастап-тастап жіберсе, сүт сақыр-сұқыр қайнап шыға келеді. Әне, оны ішіп алсаң – мұртыңды балта шаппайды.

«Осыдан ауылға барған соң бұл амалды Күзембай қойшыға айтпасам ба?» – деп ойладым. Бірақ біздің колхоздың қойы – қырық құрау: қазақы қойы да, мәліші де бар, аралас, ешкісі көп. Ал мынау болса кілең жібек жүнді меринос. Бұл аты шулы «Көксай» совхозының қойлары еді.

Әне-міне дегенше әңгімемен Көксай аңғарының ернеуіне де келіп іліндік. Бірақ әлгі көтеріңкі көңіл бір сәтте су сепкендей басылды. Аңғардың табанындағы кеше ғана мөлдіреп жатқан кәусар су бүгін ісіп-кеуіп, арнасынан шығып, лайсаңданып, ботана боп алас ұрып жатыр. Қояншығы ұстаған адамдай, түріне қарап болар емес. Қалшқалш етіп, жағаны қауып, жартастардың етегіне жармасып, төске шауып арсылдайды.

Ентелеп келе жатқан есектердің де жүрісі кібіртіктеді. Дәл алдында аждаһа жатқандай шегіншектей береді.

– Ойбу, құдай сыйлады! – деп Арзы апам санын бір-ақ салды. – Мынадан қайтіп өттік енді?!

Суға ұзақ қарасаң басың айналып, жүрек айниды. Тілсіз дүлей. Заңғар таудан құлап, аласұрып асыққанда қайда барады? Қарқынына қарасаң – мұхитқа жығылмай тынбайтын-ақ сияқты. Бірақ бұл өзендердің арыны қатты да, адымы қысқа. Осыдан осы Көксай Күркіреуге барып қосылмақ. Ал Күркіреу болса Маймақтың Қапшағайында Теріс өзенімен табысып, сол жерден бастап екеуінің де есімі жойылып, Аса аталады. Әулиеата жақтағы колхоздың арықатыздарына түсіп, жетекке ілеседі де, қызылша алқабына жетіп ада болады. Осындай ерте көктемде, не қыста ғана төменгі Билікөлге барып құяды. Бұлардың мұхиты – Билікөл.



– Әй, әттесі-ай, сәл ертерек шықпаған екенбіз, – деді Арзы апам күйініп. – Күн қызбай тұрғанда, бұл судан тауық та аттап өтуші еді...

Не істерімізді білмей дағдарып, мең-зең боп тұрдық та қалдық. Кейін қайтайық десек оның лажын таппаймыз. Екі ара талай жер. Әрі десе қайтып барып жүру ұят-ақ. Жақын жерде ел жоқ. Айнала аңғал-саңғал алпауыт аңғар. Сарқырама су. Басқа дыбыс жоқ. Кешегі Бадырақ көзден қорқып қалғанымыз және бар. Күн болса қиялап бесіннен ауып бара жатыр. Бұл су, сірә, түнге қарай тартылар. Түней салуға түн салқын, әрі десе айдала, иесіз аңғар. Кешегі бозторғай да жоқ. Кеше ол не қорыды екен? Егер сайдың табанына ұя салып жүрсе, онысы әлдеқашан судың қақпақылында кетті.

Екеуміз де есектен түстік. Ұйып қалған аяқтарымызды жазып, жан-жаққа қарап біраз тұрдық. Есекпісің деген, ана екі арам:

– «Ал енді амалын өздерің табыңдар, біздің шаруамыз шамалы» дегендей қайта-қайта пысқырынып тастақ беткейдің тырбық көгін іскектеп, бырт-бырт үзе бастады. Үстеріндегі қаптарды әзір түсірген жоқпыз.

– Қабаққа шығып қарашы, өткен-кеткен ешкім көрінбей ме екен, – деді Арзы апам.

Жүгіріп, ентелей басып қабаққа шықтым. Тырс еткен тірі жан жоқ. Баяғы сол судың сарыны. Күн болса салбырап: «Сендердің ауылдарың мына тұста» дегендей Ақсайдың аузына таман барып қалыпты. Тәңірітаудың қары аппақ, кір шалмаған қалпы. Бейкүнә періште тұрған бойы. «Суды тасытқан біз емес» дегендей мүләйім. Ылдида Қапшағай мұнарланып тұр. Арт жақта бұралаң боз жол: «Қайтсаңдар, мен, міне» дегендей ащы ішекше шұбатылып жатыр.


– Ешкім көрінбейді, – деп сайдың табанына түстім.

Аңғардың іші елсіз ескі қыстау сияқты қара барқын тартып, қаңырап барады.

– Е, жаратқан ием, – деді Арзы апам, – жар бола гөр!

Белбеуін шешіп, шапшып жатқан лайсаң суға қолын малып, кимешегін түріп, бетін сипады. Содан белбеуді жайып, кебісін шешіп тастап, намазға бас қойды.

Тағы да құдайға жалбарынды. Әуелі Орха мен Ноханың амандығын тілеген шығар. Одан соң үйдегілердің тіршілігін сұраған болар. Жол кесірінен, тосын қырсықтан сақта, құдай, деген шығар.



Судың сойылсоқ сарыны оның сөзін естірткен жоқ. Бірақ байқағаным, егер құдай бар болса, мұншама құлдық ұрған шын тілектен соң мына су қақ айырылып, біз құрғақ қара жолмен өте шығуымыз керек-ақ еді. Бірақ ондай ғажап болған жоқ. Жер бетінде қыбырлаған пенденің бәрінің толып жатқан тойымсыз арызы бар. Оның бәрін орындай берсе, құдекең де принципсіз боп шыға келмей ме.

– Тағы шығып қарашы, – деді Арзы апам орнынан едәуір уақыттан соң түрегеліп.

Етпеттеп-ентелеп отырып, қабаққа тағы шықтым. Құлаққа ұрған танадай тыныштық. Не Қазақстан жағынан, не Қырғызстан жағынан тырс еткен кісі жоқ. «Осы жұрт бәрі бірі қалмай майданға аттанып кеткен жоқ па екен?» деген үрей билер бойынды. Жоғарыда тұрып Арзы апама:

– Ешкім көрінбейді! – деп айқайладым. Арзы апам су жағалап ары жүрді, бері жүрді. Сірә, өткел іздейді-ау. Бірде қолындағы таяғын суға бойлатып көріп еді, оны толқын лезде жұлып әкетті. Ақтаяқ әр жерден бір-екі рет қайқаң етіп көрінді де, жоқ болды.

Бір есептен осы кері қайтқан да жөн-ау, деймін. Мамытбекпен, күндіз көрген Чолпон қызбен тағы да Күркіреудің жағасына барып, түйе тастың үстіне шығып отырар едік... Кім біледі, Медетханның хабарын білетін біреу-міреу келіп қалар ма еді...

Бір есептен, бүгін түнделетіп болса да үйге жеткеніміз де дұрыс болар-ау. Інім мен қарындасым, Айша үшеуі үрпиісіп есіктің алдына шығып, жолыма қарап тұрғандай көрінді.

Тыраулаған нәзік үн тас төбемнен естілгенде, есім кетіп аспанға шалқая қарап қалыппын. Арзы апамның тілегі жасағанның ілтипатына ілініп, мына тізбек тырналар бізге көмекке келгендей бір сезім биледі. Бірақ тырналар өздері қонаға асыққандай қайырылмастан солтүстік-шығысты бетке алып, лезде көрінбей кетті.

Бәрінен күдер үзіп, енді сайға қарай түсе берейін дегенімде, тау жақтан бір атты аулақта Аршагүл жаққа қиғаштай тартып бара жатқанын байқап қалып, айдаладағы адамға айқай салдым. Сірә, менің даусым жетпеді-ау деймін, атты ешқайда бұрылмастан борт-борт аяңмен кете барды. Басымнан күнқағары мыжырайған кепкамды жұлып алып жалбаңдаттым-ау келіп. Жоқ, әлгі адам жан-жағына қарау деген не, бұрылмайды. Әлдебір жансыз затты аттың үстіне таңып тастап бет алды қоя берген сияқты.



Менің шырылдаған даусымды естіп, екі өкпесін қолына алып Арзы апам келді қасыма.

– Әне, кетіп бара жатыр! – дедім.

– Әй-у! – деп айқайлады Арзы апам. Даусы әлсіз-ақ. Ә дегенде шықпай да қалды. Қолын бұлғап:

– Әй-у-у! – деді. Болмаған соң басындағы ақ шаңқан күндігін жұлып алып бұлғады.

– Жүгір! – деді маған.

Құрысын, алыс-ақ, бірақ амал жоқ, безектеп жолдан қиғаш тура жүгірдім. Былтырғы қызыл тікен шұлықсыз тобығымды аямай-ақ тырналап қалып жатыр. Жердің астынан сансыз жезтырнақ саусағын шығарып тұрғандай қасақана. Екі өкпем өшіп, енді құлайтын шығармын-ау дегенмін. Бір сәт атты адам атының басын кегжең еткізіп, шұғыл тоқтатып, біз жаққа қалт қарап қалғанда, арғысына шыдамым жетпей, құлай кетсем керек. Көзімнің алды бұлдырап, тау теңселіп, аспан аунақшып тұр. Дүрсілдеген тұяқ даусы таяп қалды. Мен әл-қуат алып, орнымнан тұрдым. Әуелі күрең айғырдың астаудай апай төсі, алдына көсілте тастаған қос аяғы, пыр-пыр етіп түндіктей желпілдеген танауы көрінді. Жал-құйрығы төгілген есік пен төрдей зор айғыр екен. Үстіндегісі атқа қарағанда қораштау, менен көп болса үш-төрт жас үлкендігі бар балаң жігіт.

– Иә, не болды? – деді ол бұрыннан танитын адамдай аты-жөнімді сұрамай.


– Анда, – деп мен сөйлеуге шамам келмей Арзы апам жақты көрсеттім. Атты онан әрі ештеңе сұрамастан мінерлік жақтың үзеңгісінен аяғын шығарып босата берді. Онысы маған мінгес дегені еді.

Арзы апам жағдайды айтты. Шылбырынан ұстап тұрып:

– Айналайын, екі дүниеде жақсылығыңды ұмытпайын, өткізіп жібер, – деді.

– Ойбай, мынау жаман ғой, – деді салт атты суға қарап. – Тауда қар бұзылды. Мынау соның лаңы ғой. Сәл ерте келгеніңізде бұл су жоқ еді. – Онан соң өзінің атын жаңа көріп тұрғандай алды-артына көз жүгіртіп алды.

Күрең айғыр бәйгенің емес, көкпардың, көкпар болғанда да доданың аты екені көрініп тұр. Омырауы жартастай екен, жарықтықтың. Мынау, сірә, жылқышы, яки завферма болар. Табыннан, таудан түсіп, айылға бара жатқан беті, сірә...



Атына көңілі толғандай сауырын шапаттап қойды да, бізге қарады, от оттауын қойып мүлгіп тұрған есектерімізге қарады. Сонан соң тағы да суға көз жүгіртіп алып:

– Тәуекел! – деді.

Арзы апам екеуміз қолдасып, қара есектің үстіндегі қапты күрең айғырдың бауырына қарай көтердік. Көкпаршы ма, құдай білсін, анау еңкейе беріп қапты қос қолдап жұлып алып алдына өңгерді. Қамшысын аузына тістеп алды.

Жайлап тебініп көріп еді, күрең қасқа тайсалған жоқ, суға қойды да кетті. Су тілерсегінен асып, бауырын сызды. Толқын құйрығын желбіретіп, сүйреп барады. Жануардың бөксесі арынды ағыстан бұраңдайды. Күрең пырылдайды, омырауына соқтыққан су қақырап, ақ көбікке айналып, жапырыла құлайды. Бала үзеңгілі аяғын көтеріңкіреп алды. Арғы жағаға жеткен күрең бір ұмтылып құрғаққа шығып дүр сілкінді. Бала қапты сылқ еткізіп жерге тастады.

Осылайша екінші қап та арғы бетке өткізілді. Онан соң бала өзі ердің артына отырды да, ерге Арзы апамды мінгізіп өткізді. Маған өйткен жоқ, мені артына мінгестірді. Үзеңгіге аяғым жетіңкіремей тырбыңдап тұрғанымда, еңкейіп бір қолтығымнан алып, демеп жіберді. Арғы жағаға мен де өттім. Онан соң бала Оңғарбай атамның көк есегін шылбырынан сүйреп суға салды. Әуелі көк есек басқысы келмеп еді, қамшымен құйымшақтан тартып-тартып жібергенде, артқы екі аяғы бүгіліп барып, суға күмп берді. Көк есекті су тәуір-ақ, тәлтіректетті. Егер бала болмағанда кім біледі...

Арзы апамның қара есегі сорлы көзін жұмып, түртінектеп, суға түсуге батпай, қамшыға шыдап көп тұрды. Бір-екі рет алдыңғы аяқтарын суға салып тұрып, қайтадан шегіншектеп кетті. Бір мәрте тіпті кіржің етіп, күреңге тісін ақситып, құлағын жымитып тістемекші де болды. Тұра қалып артқы аяғын арбаңдатып тоңқып та көрді. Ақыры болмаған соң балаң жігіт қара есектің қыл шылбырын оң жақ тақымының астынан өткізіп, қырғыз ердің қасына екі-үш орап қойды да, күрең қасқаны тебініп қалды. Талай додаларды жарып шыққан жануар тайсалмай суға тағы салды. Қара есек сорлы басы кегжиіп, көзі аларып, тұмсығы аспанға қарап, төрт аяғымен жер тіреп, сүйретіліп барып суға түсті. Суға түскен соң шегіншектегенін қойып, қайта күреңмен қатарласуға тырысты. Судың ортасына жете бергенде, сірә, аяғына тас соққан болар, қираң етіп, арт жағымен құлады. Күрең айғыр да тұңғыш рет теңселіп кетті. Қара есек тұрмақшы боп



итінген кезде, басы суға көміліп шықты. Қайтадан көміліп кетті. Ер аударылып кетпес үшін бала салмақты сол жаққа басты. Бір уақытта қара есектің басы тағы бір кегжең етті де, брезент жүген шыдамай, сағалдырығынан үзіліп борт кетті. Қара есектің басы тағы бір қылтың ете қалып еді, енді бірде аяқтары сереңдеп көрінді де жоқ болды.

Біраз үнсіз қарап тұрдық. Аңғардың іші ала көлеңке тартты, күн ұясына қонған екен.

– Алда, қараң қалғыр, – деді Арзы апам есі енді кіргендей.

– Бәйбіше, қапа болмаңыз, мүмкіндік болмай қалды, жүген шыдамады, – деді бала өзін кінәлі сезініп.

– Жоқ, айналайын, – деді Арзы апам. – Әшейін суға мысығың кетіп қалса да өкінесің ғой. Буаз еді, тұқымың құрғыр. Мейлі, бала-шағамның садағасы! Құдай-ау, алыста жүрген шырақтарымның садағасы! Дүние атаулының қағындысы қара есекпен кетсін. Соғыстың сойқаны да сонымен кетсін! Ел-жұрт аман болсын, бір нәрсе ғып күн көрерміз.

Бала атынан түсіп, қап көтерісті. Енді екі қапты да көк есек көтерді. Арзы апам екеуміз қаптардың екі жағынан ұстап жаяу тарттық.

Арзы апам күрең айғырлы азамат балаға алғысын жаудырды-ақ:

– Тірлікте жамандық көрме, өркенің өссін, өз теңіңнің алды бол, айналайын! Бізді жарылқасаң, сені құдай жарылқасын!

Сонан соң Арзы апам есіне бір нәрсе түскендей, кері жүгірді. Бұл кезде күрең айғыр арғы жағаға шыққан.

– Атың кім, айналайын? Кімнің баласысың? – деп айқайлайды Арзы апам. Анау естімей құлағын қалқалады.

– Атың кім? Кімнің баласысың?


Бала бірдеңе деп айқайлады. Бірақ судың гүрілі естіртпеді.

–Кім? Кім!

Бала екі қолымен аузын тосып тұрып, үзеңгіге аяғын тіреп, айғырдың үстінде көтеріліңкіреп дауыстады. Бірақ не айтқанын ажырата алмадық. Ол бізге қолын бұлғап, аттың басын бұрып, қабақты қиялап ары қарай, күншығысқа өз жөнімен кете барды.

Жалғыз есекті екі жақтан қаумалап, күннің батысына қарай біз де қозғалдық. Ымырт үйіріле бастаған. Елегізіп, бойды қорқыныш билегендей. Бірақ маңдай алдымыздан жарқырап бір жұлдыз шығып тұр екен. Сол медеу болып, көңіл орныға түскендей. Көңіл шіркінде бір ғана кірбің қалды: әлгі күрең айғыр мінген батыр тұлғалы балаң жігіттің кім екенін, құдай сыйлап, біле алмай қалдық. Маған бір сәт:

«Осы Медетхан емес пе екен?» деген де ой келді.



БОЙТҰМАР

Таңғы ұйқының тәттісі-ай. «Енді бір сәт, енді біраз...» деп жатасың. Бірақ қалың ұйқының қат-қабатын тесіп өтіп сана түрткілейді: «тұр, жұмыстан қаласың, тұр» деп сұңқылдайды. «Енді бір сәт, енді біраз...»

Тағы да қызыл бұзау шашымды жалап тұр. «Атаңа нәлет, – деймін ұйқыдан ояна алмай, – тіліңді кесіп тастар ма еді...» Ақыры шыдай алмай көз жұмулы жатып-ақ қолымды көрпеден шығарып сермеп кеп қаламын...

– Әй, батыр, мынау қайтеді-ей! – дейді таныс дауыс. Сонда барып көзімді ашып алсам, жанымда бір тізерлеп Шолақ Сияқұл отыр. Жасаурап тұратын әдемі мойыл көзі күлімдейді. Шоқша сақалы дірілдейді, сірә, күлгені шығар, жалғыз қолымен менің басымнан сипап отыр екен. Бұ жолы қызыл бұзау болмай шықты.

Таң енді бозарып, шығыстағы Манас шоқысы енді ғана қызғылтым тартқан шақ. Күн шықпай жатып, ең алдымен Манас шоқысын нұр шалады. Бұл өлкеде құдіретті Аспантаудың одан биік шоқысы жоқ. Күн сәулесін бәрінен бұрын қарсы алып, бәрінен соң ұзатып салатын осы Манас.

Шілденің соңы, сүмбіленің басы болса да әлі күн ыстық. Есіктің алдына төсек салып далада ұйықтайтынбыз. Мен әбден оянып, жан-жағыма қарасам, Айша сиырды сауып болып, қызыл бұзауды қазыққа қаздитып байлап қойған екен. Қызыл сиыр өріске бет алыпты.

– Біригат-ау, қаршадай баланы алыс жолға жіберіп қайтесің, бар ғой осы елде бұдан басқа да, – деді Айша сиырды үйдің сыртына айдап салып келе жатып. Енді ол бір шыны аяқ шайын ұрттар-ұрттамастан қызылшаға кетеді.

Айшаның: «алыс жол» дегеніне елең ете қалдым да, орнымнан қарғып тұрдым. «Алыс жолды» аңсаймын. Қырманда шыжыған күннің астында шығыр айналдырған есектей азаннан кешке дейін тас бастырып, бидай түсіруден асқан азап бар ма екен. «Алыс жолға» жіберсе – ұшпақшымын.

Шолақ Сияқұл менің ылдым-жылдым тұрғанымды көріп, мойыл көзі күлімдеп, қуанып кетті.

– Ой, батырым, ой, жолбарысым! Міне, нағыз жігіт осы ғой? Аталық атасымен бірге Тобышақтыға осы жолбарыс бармағанда – кім барады?

– Барсын өз баласы! – деп қасарысты Айша кенеп орамалға бір



шиша шалап, бір пәтір нан түйіп жатып. – Баласы осымен түйдей жасты.

– Ой, жеңеше-ай, біліп тұрып, несін айтасың? – Бригадир қинала қылқа мойын басын шайқап қойды. – Аталықтың Сүлеймені кесел ғой.

Айша үндемей қалды. Сөзден жеңілгені осы шығар. Соғыс келіншектерінің әдеті: әуелі бригадирмен айтысып, арындап алады да артынан айтқанына көніп, жұмсаған жұмысына жүре береді.

Аталық атамның үйінің жанында қорабы алынған жалаңаш арбаға колхоздың ең күшті деген қос ала бас өгізі жегулі тұр. Шолақ Сияқұлдың қасындағы мені көріп, Аталық атам бүкір белін жазғысы келгендей кеудесін көтере беріп, қайтадан бүк түсті де, өзінің үнсіз күлкісімен сылқ-сылқ күліп, сықсиған көзін жеңімен сүртті.

Аталық атам тік түрегелсе, бойы екі метрге жетеді. Бірақ біздің Мыңбұлақтың жатаған үйлерінің аласа есіктерінен кіре алмай, шыға алмай жүрер деді ме, тағдыр оны сұрақ белгісіндей бүкшитіп қойған. Бәлкім, тағдыр оны, шынында да, өмір бойы жауабы табылмайтын сұрақ етіп жаратқан шығар. Оны мен қайдан білейін...


– Келдің бе, ей, қызталақ? – деді Аталық атам.

– Міне, осы Барсханнан артық серік жоқ саған, көке, – деді Шолақ Сияқұл үлкен ерлік жасағандай ағасының алдында мақтанып.

Жолға да шықтық. Үйдің сыртынан Сүлеймен құрдасым дуалға құшық иығын сүйеп, тық-тық жөтеліп, соңымыздан мұңая қарап қалды. Бізді бір майданға шығарып тұрғандай қол бұлғады.

Ала бас қос өгіздің мимырт жүрісі өнбейді. Аталық ерте салқынмен едәуір жерге барып қаламыз дегенмен, ауылдан ұзап шыққанша күн сәскеге таянып, төбені қыздыра бастады. Шілде шығарын сезгендей күн ащы. Ирелең қара жол төске өрмелеп барады. Арбаның сол жақтағы артқы дөңгелегі ауырған тістей зарлап, шиқ-шиқ етеді. Мен артыма бұрылып қарап едім: тарам-тарам болып, қатар-қатар жатқан Мыңбұлақтың әр сайының бойына бес-алты үйден үркердей тығылған біздің ауыл тым төменде қалыпты. Біз биіктеп кетіппіз. Бір топ көк кептер бізбен қатарласа ұшып, арбаның шабан жүрісінен мезі болғандай озып кетіп барып, бозаңға қонады да, біз жақындағанда, қара жолды бойлап тағы да қапталдаса жөнеледі. Жүрісі мардымсыз өгіздерге «бол, бол» деп қуат беретін сияқты.

Бір кезде алдымыздан жағасы жайқуат, түйетайлы сай шыға келді. Ылдиға қарай арба өзінен-өзі дөңгелеп, мойынтұрық өгіздердің мүйізіне дейін лықси тіреліп, бейқам немелерді таптап кетердей дедектеді. Сай



табаны далиып жатқан кең екен, арнасында түйедей-түйедей тастар көп. Бір кезде таудан құлаған тасқын домалатып әкелген шығар. Табанда бір бұлақ суы күмістей жарқырап жатыр екен. Ала бас өгіздер тырп етпей, суға бастарын салып көпке дейін сораптады. Атам екеуміз арбадан түсіп, су жағасындағы теңге жапырақты, жалбызды көгалға отырып, оразамызды аштық. Сайдың тобышақты қалың өскен қабағына жай қарап отырып, қызыл суырлардың алысып ойнап жатқанын көзім шалып қалып, орнымнан атып тұрдым.

– О не? – деді атам оқыс қимылымнан секем алып.

– Суыр, ата, қызыл суыр!

– Кәне? – деп жасаураған көзін қолымен көлегейлеп қабаққа қарады.

– Әне, әне біреуі қаздиып тастың үстінде түрегеп тұр. Басқалары екі-екеуден күресіп жатыр. Көрдің бе, ата?!

– Қызталақ бірдеңе бұлдырайды, әйтеуір, – деп Аталық атам күлімсіреп қойды. Содан соң ойланып қалғандай болды да:

– Суыр қазір семірді ғой. Әттең, ұстап алса, оның еті менің Сүлейменіме дәрі ғой, – деді.

Бағана ауылдан аттанарда, үй сыртына дейін соңымыздан ілмиіп ілесе жүріп, қол бұлғап қоштасып қалған құрдасым Сүлейменнің жүдеу жүзі көз алдыма келді. Екі иығынан дем алып, қатты жөтеліп, қараптан-қарап тұрып қара терге малынып еді. Әкесімен бірге алыс сапарға өзі емес, менің кетіп бара жатқаныма қызыға қарап, мұңайып қалғандай еді сыңайы.

– Екеуің бір аптаның ішінде туып едіңдер ғой, – деді Аталық атам бұдан он үш жыл бұрынғы оқиғаны еске алып, – Сүлейменнің бір-екі күн үлкендігі бар шығар, әлде сен бұрын туып па едің? Әйтеуір, тары орып жатқан қыркүйек еді. Қызталақтар, сендер де бір мүшелге толдыңдар ғой. Азамат болдыңдар, құдай аман қойса... Әй, осы сенің әкең он үшінде отау иесі болып еді, – деді кенет кәрі жүзіне қан жүгіре нұрланып, қуақылана қалып. – Сені де аяқтандырсақ қайтеді, а? Мына бара жатқан Тобышақтыдан саған ұнаса, бір қыз ала қайтсақ қайтеді?

– Керегі жоқ, – дедім суырлар жаққа қарап.

– Керегі жоғы несі-ей, – деп шал үнсіз кеңк-кеңк күліп, көзінен жас ағып кетті. – О, ақымақ, керегі жоғы несі-ей...

Оның риясыз қалжыңын ұмыттырғым келіп:

– Ата, суыр атсақ қайтеді? Сүлейменге апарып беретін...

Шал әлгі қалжыңын, шынында да, лезде ұмытты.



– Менің көзім көрмейді. Осы жазатайым біреуімізді атып аларсың тағы бәле болып. Бәлесінен аулақ.

– Ой, ата, мектепте Тарбақбай ағай бізге мылтық атып үйретті ғой.

– Апыр-ай, мылтық үйреткені несі? Бала да мылтық ата ма екен?

– Е, атпағанда ше? Соғыс созыла берсе, әскерге бізді де алады. Сол үшін үйретеді де.

– Не дейді тағы. Енді әскерге сендерді алса, неміз қалады сонда?! Тұқым-тұқиянымыз тып-типыл болмақ па? Тіл-аузың тасқа, айтпа қайдағыны!

Аталық атам едәуір ашуланып қалды. Десе де, бағана Шолақ Сияқұл берген ескі қара мылтықты, мен тимесін деп, арбадағы шөптің арасына тығып тастаған жерінен бүкшеңдеп барып суырып алды.

– Абайла, оқыс атылып кетіп жүрмесін.

Мылтық қолыма тиген соң, едәуір есейіп, дәу дәрежеге жеткендей қоқиланып қалдым. Тарбақбай ағайдың үйреткенін дәлелдегім келіп затворын сақыр-сұқыр кері тартып, ұңғысына қарасам, оқтаулы екен. Патрон ортасындағы жасымықтай сарының мен пистон екенін де білемін. Затворды қайта салып, суырлар жаққа қарадым. Баяғы қарауыл суыр сұр тас үстінде әлі қаздиып тұр. Бізге көзі үйренген тәрізді. Енді басқа жақтан қауіп жоқ па дегендей бізге бір қырындау қалшиып қалған.

Жақындап барсам, секем алып, індеріне кіріп кетеді. Бұл ара қашық сияқты. Тәуекел деп, арбаның тасасында тұрып, қарауыл суырды кіндіктен төмен нысанаға алдым. Өйткені Тарбақбай ағай мишень атқызғанда, ұдайы шеңбердің төмен жағын ала көздететін.


Гүрс еткен аламат дауыстан Аспантау шайқалғандай болды. Әуелі көк түтіннен ештеңе көрінген жоқ. Аталық атам шала еститін тосаң құлағының өзін қолымен басып алып: «бісміллә, бісміллә» деп тұр екен. Сұр тас жаққа қарап едім, үсті қарауытып қалыпты. Басқа суырлар жым-жылас, лезде індеріне кіріп, ғайып болыпты.

Үлкендігі кіші-гірім иттей қызыл суырды артқы аяғынан ұстап, сүйретіп алып келіп, Аталық атамның алдына былқ еткізіп тастай салдым.

– Қайтарда тағы біреуін атып әперемін, – деп қойдым мақтанышымды жасыра алмай.

Қартым қуанудың орнына, сәл-пәл абыржыған сыңайлы. Оны көріп менің көңілім пәс тартты.

– Әй, әттесі-ай, бекер болды-ау, – деді Аталық сұлап жатқан суырды



ары-бері аударып, алтындай жылтыраған көкшіл-қызғылт жүнін алақанымен мүсіркей сипап. – Анасы екен ғой.

– Е, балалары өсіп қалыпты ғой.

– Ай, шырағым-ай, бұл жануардың арғы заты адам дейді ғой. Құдайдың қарғысы тиіп, хайуан болып кеткен. Әлгінде байқадың ба, күшіктері құдды адамның балалары құсап құнжыңдап күресті ғой. Менің көзім бұлдыраса да көрдім оны. Обалы тимесе неғылсын. Бекер-ақ атқыздым ба, қайдам.

– Ой, ата, сіз де... – деп аптығып қалдым. – Кітапта жазыпты ғой: сонау итжеккен солтүстік жақта яқұт-сахалар бұғыны өздері атып алады екен де, содан соң бауыздап жатып: – Кешір, бұғы, сені атқан біз емес, тұңғыстар, біз әшейін сені атып тастап кеткен жерінен тауып алдық, – дейді екен. Біз де сөйте салайық: «кешір, қызыл суыр, сені атқан біз емес, Жолдасхан ғой, біз әшейін сені жолдан тауып алдық» дейік.

Аталық атам үнсіз күлкісімен кеңкілдей берді.

– Ә, қызталақ, Жолдасханға жаба саласың, ә? Сүлеймен үшеуің құрдассыңдар ғой. Қарашы, бұлар да құрдастығын білдіреді. Бірақ сенің әлгі оқыған кітабың кәпірше ғой. Құранда ондай сөз жоқ.

– Иә, қойыңызшы, ата. Өзіңіз былтыр жалғыз тоқтыңызды Сүлейменге қалжаға сойғанда айттыңыз ғой: – «Сенің жазығың жоқ, балалардың азығы жоқ» деп.

– Әй, ақылдым әшейін, тіл-көзден аман бол, әйтеуір. Тірі жүрсең – болайын деп тұрсың-ау. Құдай бәле-жаладан, соғыстың сұрапылынан сақтасын. Ендеше, менің Сүлейменіме сәтін салып, шипа болсын, – деп Аталық атам суырды арбадағы шөптің астына мылтықпен қатар қымтап қойды.

Судан өтіп, сайдың арғы қабағынан астық. Енді жол тау бөктерлеп, батысқа қарай қиялады. Алыстан қарауытып, шоқ-шоқ орман көрінеді.

– Ата, әлі алыс па Тобышақты?

– Қарайған талдар көріне ме?

– Көрінеді, алыста.

– Е, құдай қаласа, алыс емес. Бесін әлетінде жетеміз.

Шал өзінен-өзі ыңылдап ән салғандай, екі көзін жұмып алған сияқты. Қолындағы қамшыны құр ұстағаны болмаса, өгіздерге әлі бір басқан жоқ. Өгізді ұр не, ұрма не, бәрібір осы жүрістен танбайды. Мимырт. Жол жағалай, түп-түп болып, қызыл торы тобылғы қалып жатыр. Шоқ-шоқ болып қызыл изен кездеседі. Сиырқұйрық пен шырыш гүлін



әлдеқашан төгіп, сояу-сояу сойдиып қалыпты. Көктемде құлпырып, жұпар атып тұратын киікоты мен текесақал да реңі тайып, көріксіз көдедей күйге ұшырапты. Оның есесіне шашыратқы көк аспан түстес көкпеңбек гүлдері жағалай жәудірейді. Анда-санда алақандай аппақ гүлдері жамбы күмістей жылтырап гүлқайыр кездеседі. Гүлқайырдың басында сары торғай құйқылжиды.


Аталық оянып, әлденені есіне алғандай.

– Сендерді де әскерге жіберсе жібергендей екен, ә, – деді. – Жаңағы мылтық атысың сұмдық қой. Апыр-ай, шынымен сендерді де ала ма? Алады, алады. Мына соғыс тоқтамаса – алады да. Мұның өзіне де үш жылдан асып, төртінші жылға аяқ басты ма? Мұндай да ұзақ қырғын болар екен де. Баяғы менің сендей бала кезімде Қоқан соғысы деген болды. Біздің елдің Байзақ датқасы сол Қоқанмен соғысты-ау деймін. Бір апта болды ма, болмады ма – тыйылды, әйтеуір. Ақыры, Байзақ датқаны Қоқан өлтіріп тынды... А, мынау сұмды-ы-ық. Біздің Қайыптан көптен бері хат жо-о-ок. Соңғы хаты, міне. Айтпақшы, қарап отырғанша, жол қысқарсын, сен осыны тағы бір оқып берші.

Аталық атам көнетоз қара барқыт бешпенттің омырауын ағытып, тер сіңген бозғылт тік көйлектің өңіріне қолын салып жіберіп, сол қолтығының астындағы жапсар қалтадан тәспісін суырып алды, тәспіні Аталық атамның соншама «қылует» жайға жасырғанына таң қалдым. Қара ала моншақтар тізбегін үшбұрышты қайыс тұмар түйіндепті. Аталық атам тәспіні әлгі тұмармен қоса уыстап тұрып әуелі маңдайына басып көзін сүртті де, қайыс тұмардың бір жақтауын сөгіп жіберіп, қос саусағымен бүктеулі қағаз суырып алды. Үшбұрышты хаттың бүктеуін жазып, әуелі емірене ерніне тигізді. Қолы қалтыраңқырап маған ұсынды.

– Мә, тағы бір оқышы.

Аталық атамның әлгі қағазды мен жыртып алатындай немесе абайсызда жел ұшырып әкететіндей сезіктене ұсынғаны сонша, менің де қолым дірілдеп кеткендей болды. Шынында да, бүктеуі ыдырай бастаған екен. Аса абайламаса, Аталық атамның сескенгеніндей-ақ. Бүктеуін ықтияттап жазып болып, арбаның алқымынан құлап кететіндей шегініңкіреп отырып, оқи бастайын деп едім, құрығыр доңғалақтың шоқаңдауынан хаттың әріптері секеңдеп, әуелі көзім үйрене алмай-ақ қойды. Аталық атам мені сауатсыз деп ойлады-ау деп тағы қысылып, тәмпек мұрнымның ұшы тершіп кетті.



«Амандық хат» – деп айқайладым. Әйтпесе есітпейді. – Алтыннан ардақты, күмістен салмақты атамыз бен анамыз, жан бауырым Сүлеймен, қарындасым Ханзада! Аман-есен туған жерде өкімет пен партияның тапсырмасын абыроймен атқарып жүріп жатқан боларсыздар... Менен амандық сұрасаңыздар, Отан алдындағы борышты абыроймен атқарып, автоматты қолға алып, жалмауыз жаудың жазасын беріп, Курск деген жердің қырғынынан аман шығып, фашистерді шегіндіріп бара жатырмыз. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас екен. Курскіде көп боздақтар қыршынынан қиылды. Сол сойқаннан оққа ұшпай қалған мен енді өлмейтін сияқтымын. Көп жазуға уақыт аз. Кезекті шабуыл алдындағы сәл тыныста жазған сәлем хатым осы. Бір құдай өзі жар болып аман жүрсем, Сталин жолдастың бұйрығын орындап, жауды күйретіп, содан соң қол босаса, бұдан гөрі ұзағырақ етіп жазармын. Бір тәңірі бізді өлмей-жітпей көрісуге жазсын. Аман болыңдар, бауырларым! Окоптан жазған – гвардияшы Қайып Аталықов. 1943 жыл, 17-тамыз».

«Неге үндемейді?» деп Аталық атама қарасам, аппақ сақалынан тарам-тарам жас ағып, жылап отыр екен. Хатты қайтадан бүктеп қолына ұстаттым. Үнсіз отырып, қағазды сипап-сипап, қайыс қалтаға қайта салды. Содан бір уақытта:

– Бүгін шісләнің қаншасы? – деді.

– Он бесінші август ғой.

– Оббоу-әкпар-ай, бір жыл болып қалған екен ғой! А!

Мен ештеңе дей алмай тұқшидым. Бір жылдан бері хабар-ошар болмаса, әрине... тегін емес.

Аталық атам көзін сығырайта тау жаққа қарады:

– Адам баласы әсте астам сөйлемеу керек қой. «Енді өлмейтін сияқтымын» дегені несі-ей байғұстың? Аузына әзәзіл салып тұр ғой сол сөзді. Құдайдың құдіретіне қарсы шыққан қандай хайуансың! Қай-ы-еп!» – деп дауыстап жіберді.

Аталықтың айдалаға айқай салғанынан сескеніп, тұла бойым дір ете қалды. Алыстағы Қайып есітіп тұрғандай айқайлағаны несі?

Мезгіл түс әлетіне таянды. Күн шақырайып, ыси түсті. Тіпті әлдеқашан иесіз қалған тасқораның дуалында көк қарға да аузын ашып, алқынып отыр.

– А?! – Аталықтың аузынан жалын атып шыққандай болды. Тіпті жолдан едәуір қашықта отырған көк қарға да қалбаң етіп сасып қалып, есін жиып, ұша жөнелді.



Жай «а» емес, «А?!» Күрсіну де емес, әлдебір қаһарлы сұрақ, әлдебір айбынды бұйрық.

Енді «А?!» демесе екен деп тілеп келемін. Қорқынышты.

Итқонақ, мысыққұйрық аралас өскен бетегелі, беделі, жабайы жоңышқалы өзектің үстінде құладын құс қалықтап жүр. Бөденеден басқаға шамасы келмейтін құладынның да күнкөрісі қиын. Қанат қағып қалықтауында бір қайғының, мүсәпірліктің табы бар.

Айналаның бәрі мұңға душар болғандай, дүниенің қабағы кіртиюлі. Құлазыған дала, тамақ іздеп қаңғырған құладын құс. Жас бала, бүкір шал. Тек Аспантау ғана айбынды. Соған қарасаң ғана еңсең көтеріледі. Аспантау сені үнсіз асқақтатады. Еңседей бойын өмірі жаза алмайтын Аталықтың өзі тауға қарап: «А?!» дегенде бүкіші жазылып кететіндей көрінеді.


Содан соң Аталық атам ыңылдап ән салады. Қазақша ма, қырғызша ма – айыра алмаймын.

«Кім білер кімнің арманын,
Таразы білер салмағын.
Өтіп кетсе жас өмір,
Арманда болып қалмағын.

Өкінерсің, қаларсың,
Өткенді қайдан табарсың.
Өтіп бір кетсе жас өмір,
Қарызға кімнен аларсың?»

– Түсіндің бе-ей, қызталақ? – дейді менің бағанадан состиып отырғанымды байқап, көңілімді ауламақ болып.

Аталық атамның маған қарап мейірлене жымиғанын көріп, көңіліме сәуле түскендей болады. Сөйтсе айнала төңірек соншалықты жабырқау, жылауық емес екен. Құладын құс қуанғаннан бір-екі рет әуеде аунап түсіп, ойнап жүрген сияқты. Жол жиегіндегі бұзылған үйлердің орнына қау болып тұнып тұрған алабота мен қарасораның арасында отырған шекшектің шырылы да сонша мұңды сияқты емес. Бірақ бір әуенді қайталай береді. Бұзылған дуал басында қарлығаштар ошарылып отырып-отырып, бір кезде кенет ду көтеріліп, қиқы-жиқы, алқын-жұлқын айналып ұшатынды шығарды. Сірә, қайтатын болар.



Қарлығаш жарықтық атамекен үшін құрбандыққа дайын құстың бірі ғой. Биыл осы жақта туған балапандар келер жылы қалайда өз туған жеріне қайтып оралуға жанын бағыштар. Талайы Отанына жете алмай, шексіз мұхит үстінде қанаты талып шейіт болар. Ал жеткені жетісіп, ішегін тарта ән салып, көмейінен күй құйқылжытар.

Қанатынан қайырылып жығылмаса, қайтып та келер-ау. Бірақ анда-санда оқыстан Аталық атамның «А?!» дегенінен қорқамын.

* * *

Түс ауа Тобышақтының ну орманына да келіп жеттік-ау. Сірә, осы орманды ауылдың бастығы болар, оң көзі қыбыр етпей тасырайып қалған, қызыл шырайлы, бурыл сақал, галифе қара барқыт шалбарлы кісінің Аталық атама ықыласы қатты түсті. Амандық-есендік айтып, жатып жастық, жайылып төсек болып елпек қақты. Аталық атамның өте сыйлы екенін сонда байқадым. Кейде ауылда тілін алмай, «Әй, керең, бүкір шал» деп күңкілдейтініміз есіме түсіп, өзімнен-өзім бетім дуылдап кетті.

Шай ішіп, жан шақырған соң, Аталық атам тосаң құлақ кісінің әдетімен айқайлап:

– Уа, Сағымбек, біз енді жүрелік, әлгі ағашы бар болғырды тиеп бер, – деді.

– Оу, Атаке, күн еңкейіп қалды. Өгізбен тасбақаша қыбырлап сен жеткенше түн болады. Бүгін қон да, таң азанда аттан, – деді Аталық атамның құлағының сырын білетін Сағымбек қария да сампылдап сөйлеп.

Аталық атам баяғы үнсіз күлетін әдетіне басты. Өзінше үнім шығып тұр деп ойлайтын болар, бәлкім, даусын шаңқылдамасын деп өзін-өзі тежегеннен де үнсіз күлкі туатын шығар, кім біледі...

– Әй, жазған бауырым-ау, қона жату қайда қазір? Қалқоздың бар тауқыметін көтеріп тұрған мына екі өгіз. Бүгін жетпесек, ертең жұмыс тоқтап қалады ғой, батыр-ау. А, мына ағашыңды ертелеп апармасақ, әлгі құлаған мектеп уақтылы бітпейтін көрінеді. А, балалардың оқуы таяп қалған көрінеді. Оқу басталып, мектеп айра-жайра болып жатса – ұят та. Өлім ғой. Әкелері, ағалары соғыста екен деп, балаларды оқытпай қоямыз ба? А?! Боздақтар

соғып беріп кеткен мектептің опырылып жатқаны ырымға жаман ғой.


Осы үлкендер де қызық. Шолақ Сияқұлды айтамын-ау: әуелі түсіндірмей ме, қайда, не үшін барасың. Енді байқасам, мына менің жұмысым – өзіміздің мектептің ісі екен. Биыл көктемде қар аралас қалың жаңбыр қатарынан екі-үш күн төпеп, содан бір күні мектептің бір жағының төбесі опырылып ортасына түсіп кетіпті. Құдай оңдағанда, түнде құлапты, күндіз болса ғой бәрімізді басып қалар еді. Онда мен қазір Аталық атама еріп, Тобышақтыға келмес те едім. Ой, Айша сорлы жылар еді-ау сонда. Жайшылықта ғой ұрсып, бір сәтке асық ойнап кетсең де көсеуді ала салып: «Жетпей желкең қиылғыр!», «Жер жастанғыр!», «Жуадай солғыр, жүгермек!», «Асықта басың қалғыр, асық сенің не теңің?!» деп қарғап-сілеп, қуалайды ғой. Ал құлаған мектептің астында қалғанымда... өзі айтқандай: «Он үшке келмей, он үш кесектің астында» – қалғанымда... Көрер едім сонда Айшаның қалай аңырағанын. Мен де қызықпын-ау, өліп қалсам – қайдан көремін? Өлгендер тірілердің аңырап жылағанын сезе ме екен? Сезсе – аяныштан қайта тірілмес пе еді. Сезсе – Қайып мына Аталық әкесінің: «А?!» дегенін естіп, қияннан ұшып жетпес пе еді... Қой, ойбай, қай-қайдағыны, «Қайып өлді» деп кім айтты саған?!

Менің бұл жаман ойымды Аталық атам сезіп қалды ма деп қатты қысылдым. Сезбесе керек, бүкіш беліне таяғын қос қолдап ұстап, Сағымбектің шыны көзіне әнтек қарап қалған екен. Жауап күтіп тұр.

– Жарар, Атаке, айтқаның болсын. Әшейін, күн кеш, жаман шал, жас бала, түнде қиналып қала ма дегенім ғой. Қазір шал-шауқан, бала-шағаны жинап, арбаңа ағашты тиетіп беремін, – деді Сағымбек.

* * *

Арбамыздың ауру тіс сияқты сол жақ артқы дөңгелегі енді шиқылдағаны былай тұрсын ыңыранатынды шығарды. Жүк ауыр. Шамасы, отыз-қырық терек артылды-ау деймін. Жуандығы қарағайдай болмағанмен, соған жедеғабыл бөренелердің сирақтары сидиып, арбаның арт жағында саланданып, жер сызып жатыр. Екеуінде пілдің күші бар ала бас өгіздердің көнтері болған шоқтықтарын ағаш мойынтұрық



мейлінше жаншып келеді. Біздің колхоздың мақтанышы сияқты қос жануар ұятқа қалмайық дегендей Тобышақтыдан ұзап шыққанша сыр берген жоқ.

Қайран соғыс жылдарының өлермен өгіздері... Осы күнгінің балалары өгіз дегеннің не екенін тіпті колхозда да біле бермес. Ал біздің балалық шағымызда өгіз деген – қазіргінің «К-700»-ы еді ғой!

Ақсу-Жабағылының бір пұшпағы – Тобышақты тоғайы қарауытып артта қалғанда, күн де ұясына қонып, оның қан қызыл сәулесі батыс әлемін перделеп, Аспантаудың ақ бас шыңдарын да қанжылым бояуға малды. Тобышақты басында туырлықтай тұтылған қара бұлт реңкі де қызғылтым тартты. Бірақ бұл қызғылт арай әлем лезде лайланып, батыстан түксиген қара бұлт қоюланып, аспанның шығыс шебіне шабуылдап келе жатқан. Әне-міне дегенше айнала-төңірек қараңғы тартып, біз пір тұтатын Аспантау да көрінбей қалды-ау.

Ала жаздай бір тырс етпей зарықтырған жаңбырдың алғашқы тамшылары желкеме келіп тигенде, тұла бойым шіміркеніп, басымды иығыма тығып, бұға қалдым.

Шығысқа қарай шұбатылып, бозалаң сүлбесі көрініп жатқан қасқа жол әй деп, бүй деп болғанша, қара шұбарланып шыға келді. Алабас өгіздер шыбын шаққандай құлақтарын қағып қойып, тырмысып келеді. Енді бір сәтте қара шұбар қасқа жолдың май топырағы сабындай жылпылдап лайсаңға айналды. Ыңыранғанның көкесі енді болды.

Аталық атамды ашқарақ деп айта алмаймын. Бірақ жарықтық әлгінде Сағымбекке:

– Сала түс, сала түс. Мектептің төбесін жабуға жетпей қалып жүрмесін. Артылса – артылсын, кем болса, саған тағы келіп жүреміз бе, – деп, шамамша, он шақты теректі артық тиетті-ау деймін. Ала бас өгіздер қанша піл болса да, ентігіп, өкпелері өше бастады. Жарымжан арбаның тұла бойы сықырлап, дімкәс дөңгелек енді сытырлайтынды шығарды.

Аталық атам үндемейді. Сірә, бөренелерді артық тиеткеніне енді өкінді ме, кім біледі, арбаның арт жағына бұрылып қарап-қарап қояды. Артта ұзын теректің сиректары жер сызып, қара батпақ жолды айғыздап, ақ жолақ салып келеді. Сөйтіп, не керек, күндіз өзіміз аялдап, суыр атқан сайға да келіп жеттік-ау.

– А, қызталақ, – деді Аталық атам мені бүйірімнен түртіп қойып. – Аруақ, құдай қолдап, осы сайдан өтіп кетсек, жол ылдиға қарай бұрылады. Жүріс жеңілдейді, қиналмай жетеміз. Құдайға сиын,



Барсхан! Ата-бабаңның аруағына сиын. Арбадан түс те, өгіздердің бас жібін ал, арғы қабаққа көтерілерде – алға тарт, о да болса демеу. Мен қамшылап отырайын, сәтін салса, шығып кетеміз. Ә, айтпақшы, Барсхан-ай, мә, мынаны сен мойныңа тағып қойшы, алқын-жұлқында мен жоғалтып алам ба, – деп, жерге түскен маған тәспісімен қоса үшкіл қара тұмарды қойнынан алып берді.

– Жоғалтып жүрме-ай! Айтпақшы, әлгі өзің атқан суырды Сүлейменге беруді ұмытпа!

– Е, өзіңіз бересіз ғой.


– Ай, құлыным-ай, менде қайбір ес бар дейсің. Ақыл жоқ қой атаңда. Ұмытпа! Егеркім, Сүлеймен сендей сау жүрсе, қазір өліп кетсем – армансыз болар едім мен бейбақ. Қайтейін...

Бергі қабақтан түсерде өгіздердің алдына шығып «так-так» деп «тормоз» берген боламын, бірақ төбеден ауыр арба ылдиға құлдилағанда, өгіздер қанша тежесе де мойынтұрық лықсып келіп, шаңырақтай мүйіздеріне тіреліп, жануарлардың басын жұлып түсе жаздайды. Дедектеп, өгіздердің аяғының астына қала жаздап, табан судан қалай кешіп өткенімді де білмеймін. Енді сол екпінмен арғы бетке шапшып шығу керек. Жаңа ғана өгіздерді тежеп қан-сорпа болсам, енді олардың бас жібін тартып, қабаққа қарай тырмысу керек. Қос өгізді, төбедей арбаны қияға жалғыз өзім жұлқып шығатындай, ышқына тартамын. Лайсаң жолда жалаң аяғым сабын үстінде тайғанақтағандай, табан тірерге бір бүр жоқ.

– А! А?! Е, құдай, уа, аруақ! – деп Аталық атам да өгіздерге қамшыны басты-ақ. Қабақтың бел ортасына көтерілгенде, садақтың адырнасындай керіле тырмысқан қалпы өгіздер тоқтады да қалды. Бас жіпті тарта-тарта табаным тайғанақтап барып, өгіздердің аяғының астына сұлап түстім. Сол-сол екен, о сұмдық, арба көтеншектеп кете барды. Кәрі кісі арбадан қалай қарғып түскенін білмеймін. Аталық атам көліктің сол жағына иығын тосып тоқтатпақшы болып жанталасты. Бір кезде әлдене күтір-күтір сарт ете қалды да, арба бір жағына қисайып, таңғыш кендір арқаны үзілген бөренелер сауылдап жерге түсе бастады.

– Самиянды шығар! – деген даусын естіп қалдым Аталық атамның. Алас-құлас мойынтұрықтың самияндарын шығарып үлгірдім. Әйтпесе ауған арба өгіздердің мойындарын қайырып жіберер еді. Өгіздерді аман алып қалдым-ау. Аталық атам қайда?!

– Ата! Ата!



Дыбыс жоқ. Құлаған ағаш жайыла шашырап, арбаның дөңгелектері аспанға қарап қалыпты. Артқы дөңгелектің құрсауы да, шабақтары да жоқ, тек күпшегі көрінеді. Әлгіде қираған сол сойқан екен.

– Ата! Ата!

Үйме ағашты айнала сүріне-қабына шырылдап жүгіріп жүрмін. Түн тастай қараңғы, жауын толастамай төпеп тұр. Үстімде киім бары-жоғы сезілмейді. Үсті-басым малмандай батпақ. Ағаштарды бір-бірлеп ығыстыра бастадым. Екі кісі бас-аяғынан ұстап әрең көтеретін бөренелер тым ауыр. Етпетінен жаншылған атамның басы мен жауырынын сипалап таптым.

– Ататай, шыда! Мен қазір бәрін аударып тастаймын, – деп бөренелерді жуан жағынан тырмыса-тырмыса көтеріп, бір шетке лықсытып жатырмын.

– Ататай! Ата!

Ыңырсиды. Бөксе жағы әлі ағаштың астында жатыр. Беті балшыққа батып кеткен, әйтеуір, басын түзеп, су-су көйлегімнің етегімен бет-аузын сүрткен боламын.

– Ататай! Ата!

Құлындай шырқырағаң даусым, бар болса, құдайдың құлағының жарғағын жарып жіберердей шырылдап шығады. Құдай естімесе де, адам естіді ме екен, арт жақтан шапқан аттың дүбірі келгендей болды. Рас екен, балшық жолдың батпағын шалпылдатып, сайдың арғы бетінен бір атты кісі бері қарай құлай берді.

– Ә, сорлылар, қирап қалыпсыңдар ғой. Осындай пәленің боларын іші түскір сезді ме, үйде отыра алмай, арттарыңнан шығып едім, – деп Сағымбек ақсақал атынан аунап түсті.

Екеулеп жатып, Аталық атамды ағаштардан аршып алдық. Етпеттеп жатқан жерінен аударып, шалқасынан салғанда: «А?!» – деп даусы ышқына шықты. Маған оның бойы ұзарып кеткен сияқты көрінді. Бүкірі, сен көр, мен көр, мүлде ғайып болғандай.

* * *

Сағымбек ақсақал екеуміз төңкерілген арбаны итеріп жатып, дөңгелектеріне қайта тұрғызып, өгіздерді қайта жегіп, қабаққа шығарып қойдық. Қираған дөңгелектің күпшегін көтеріп, астына ең кіші деген бөрененің біреуін тертеледік. Бір-бірлеп бөренелерді тасыдық.

Бөрене сүйреткеннен Аталық атамды көтеру жалғанның қиыны



болды-ау. Қимылдап кетсең – ыңырсиды, бебеу қағады. Өлдім-талдым деп жатып, бөренелердің үстіне шалқасынан сұлатып салдық.

Ылди жолда өгіздер қиналмай тартып келеді. Ат үстінде – Сағымбек ақсақал, бөренелер үстінде шоқиып мен отырмын. Дүлей жауын басылған. Аспан ашылып, ай нұрланып, жұлдыздар жымыңдап жарқырайды. Қара жолдың сүлдесі адастырмай анық көрінеді.

Мойнымда қара тұмарлы тәспі моншақ. Алдымда атылған суыр. Сүлейменге бермекшімін. Ау, осыдан Аталық атам оңалмаса, қара тұмарды кімге беремін? Білмеймін. Сұрасам ба екен деп Аталық атама қараймын. Көп бөренелердің біріндей болып, ұзыннан-ұзақ сұлап жатыр. Осыдан ол да бөренелермен бірге біздің мектептің төбесіне төселіп, бір шетін тіреп тұратын сияқты көрінеді.

Үш дөңгелекті ақсақ арба енді мектебі бүтінделетін ауылға қарай ілбіп келеді. Көңілім өксиді, көмейім лықсиды, бірақ көзімде жас жоқ. Қан майданнан контузия болып қайтқандай безеріп қалсам керек...

АЙЫРБАС


– Жұрттың сендей баласы әуедегіні арбап, жердегіні жалмап жұлынып тұрады. Мынаның жатысын қара, ей! Манаптың баласы ма едің, ей, түске дейін ұйқысын аша алмай манаурайтын?

Айша әлгінде-ақ, сиыр сауарға шыққанда-ақ:

– Тұр, киін, базаршылар кетіп қалатын болды, – деп ескертіп кеткен. Қорадағы қызыл сиырдың сүтін қақтап сауып қайтып кіргенде, мен әлі ұйқымды аша алмай мең-зең болып отыр едім, енді шайдай ашылды. Айшаның ашуы өзі даладан бірге ала кірген аяз буынан да ызғарлы.

Күн жексенбі еді. Жексенбі келсе Мыңбұлақтың тірі жаны Борандының базарына қарай ағылады. Айша мені сол базарға жұмсайды ғой.

– Міне, мынау үш қадақ май, – деді ол дорбаға салған көк кастрөлді қолыма ұстатып. – Осы үйде тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз барсың. Үшеуіңнің аузыңнан жырып алып жинаған үш қадақ май. Үсті-басымыз кірден шіріп кетті. Үш кесек кір сабынға айырбастайсың. Түсіндің бе-ей, Барсхан?



Ақшаға сат демейді. Сабынға айырбаста дейді. Соғыстың ақшасының құны жоқ. Ақшаға сабын тұрмақ, сабақты ине сатып алу да қиын.

Мен шықсам да, күн әлі шыға қоймапты. Бірақ, басқа базаршылар әлдеқашан кетіп қалса керек, түнде жауған қыламық қардың беті ізден шұбарланып, Борандыға қарай жол сайрап жатыр. Қар бетіндегі іздерге қарағанда, жолаушылардың ат мінгені аз, есек мінгені көп, жаяулары одан да көп. Бір сиыр ізі, он шақты қой-ешкі іздері байқалады. Жолдың шетін ала бір иттің ізі де жосылып жатыр. Сірә, Хадиша жеңешемнің Майлыаяғы болар. Майлыаяқ Хадиша қайда бармасын, соңынан қалмайды ғой. Мақсұттың көзі ғой, жүрсе – жүре берсінші деп, Хадиша да оны еркіне жіберген. Басқалар сияқты шынжырлап байлап тастамайды. Хадиша бір жолы жегжаттарына бармақ болып, Борандыдан пойызға отырады ғой. Майлыаяқты есігінің алдына байлап, Айшаға аманаттап:

– Айша-ау, мен келгенше Майлыаяққа жуынды беріп тұр. Ит те болса, обал ғой. Көзін әлі ашпаған күшік күнінде мұны үйге Мақсұт әкеліп еді. Содан ба білмеймін, осы байғұс маған тілсіз адам сияқты көрінеді, – деді.

Майлыаяққа Айша ие бола алмады. Хадиша кеткен соң, қынсылап-қынсылап, ақыр аяғы ұлып бәле болды. Иесіз үйде ит ұлыған қандай жаман. Ақыры қарғы бауын үзіп, қашып кетіпті. Бет алды кетіс емес, Хадишаның ізімен жортып отырып, вокзал басына барған да, аңырып тұрған да қалған. Хадиша Түлкібастан қайтқанша үш күн бойы сол вокзал басынан шықпай қойған ғой. Хадиша пойыздан түсіп келе жатса, мойнына біреу асыла кетеді. Қараса – Майлыаяқ!

Содан бері Хадиша Майлыаяққа бола алысқа ұзап шықпайды.

– Ит те болса, кейбір адамнан артық. Менсіз күні жоқ. Жалғыз жар деген Мақсұттың өзі соғыста хабар-ошарсыз кетті. Мына байғұстың менен шығарда жаны басқа. Кейде маған мұңайып қарағаны сонша, осы өзі Мақсұттың аруағы емес пе деп қаламын, – дейді Хадиша.

Соны айтқанда кәдімгідей қорқамыз. Бір үйде жападан-жалғыз адамның ойына не кіріп-шықпайды.

* * *



Борандының базары ығы-жығы. Биік дуалмен қоршалған базарға кірер есік біреу-ақ. Онда жеңіне қызыл мата байлаған жуан әйел тұрады. Сатуға зат алып келгендерден бір сомнан ақы алып, қағаз жыртып береді. Мен өзімше қулық жасап, білдірмей өтіп кетейін деп едім:

– Постой! Постой, киргизенок! Ишь ты! – деп қолымдағы кастрөлді ашып көріп, масқарамды шығарды. Амал жоқ, бір сом төледім.

Енді кастрөлдің қақпағын ашып қойып:

– Маслә, маслә! Надо милә, милә! – деймін. Оным: майды сабынға айырбастаймын дегенім ғой.

Әуелі «миләсі» бар адам кездесе қоймады. Ал будақ-будақ ақша ұсынғандар көп-ақ. Оларға көнбей қойдым. Үсті-басы шырыштай болып, көк түлкі жағалы, қара пальто киіп, мойнына ақ жібек орамал салған әйел қасымнан әрі-бері айналшықтап шықпай қойды. Киімінен бір түрлі бейтаныс иіс мүңкиді. Сөйтсем, нафталин екен ғой. Әлгі шырыштай әйел бір кезде таяп келіп:

– Бала, кітапқа айырбастайсың ба? – деді сыбырлап.

Кітап дегеніне елең ете қалдым. Оны әйел де сезді.

– Қандай кітап?

– Мә, көр, – деп қойнынан жұқалығы дәптердей кітапша шығарды. Оқып қарасам:

«Кітаптан соң кітап. И. С. Тургенев. «Муму» деп жазылыпты. Қазақша. Әлгі жазулардың астында еңгезердей бір адам күшіктің желкесінен ұстап көтеріп тұрған суреті бар. Алғым келеді, бірақ Айшаның ашуы есіме түсіп, лезде бас шайқаймын.

– Надо милә, милә, – деймін.


– Сабын бір күндік, мынау саған өмір бақи азық, – дейді шырыштай әйел, орысшасын шала-пұла ұғынықты етіп сөйлеуге тырысып.

– Мама маклаш даст, – деймін. Оным Айша ұрады дегенім.

Сөйтіп тұрғанда бет-аузы күлдіреңкіреген, сақал-мұрты қырылмаған, күйелештеу бір дәу кісі гүр-гүр етіп:

– Балақай! Екі қадақ май – екі сабын! – деп қағазға ораулы екі кесек бірдеңені сырма фуфайканың қойнына тығып-тығып жіберді де, кастрөлден екі бөлек тоңазыған сап-сары майды күйелештеу қолымен іліп-іліп алып, газетке орап, басымды умаждап-умаждап, ақ қозының елтірісінен Айша тігіп берген малақайымды көзіме сырғыта түсірді де, кете барды.

– Ау, тағы біреуі қалды ғой, – дегенімше болмай, көзден тасаланды.



Қойнымдағы кесектерді алып, қағазын ашып қарасам, кәдімгі кір сабын. Тіпті мөрлеп тастаған жазуы да бар. Жап-жаңа. «Е, осы екеуі де жетер, құр қол қайтқаннан гөрі бұ да дұрыс» дедім.

Енді бір қадақ май қалды. «Қадақ» дегенді біреу түсініп, біреу түсінбес. Менің түсінігімде: «фунт» дегенге келеді, яғни төрт жүз грамдай болар. Оны таразыға тартып жатқан Айша жоқ, бір пиала майды – бір қадақ деп өзі өлшем қойып алған. Бүкіл ауылда жалғыз сепаратор бар. Омар бастықтың үйінде. Таңертең Айша қызыл сиырды сауып бола салысымен, мектепке барардың алдында мен бетін үлдірекпен байлаған шелекті алып Омардың үйіне жүгіремін. Омар бастықтың етжеңді сары қарын қатыны сепаратордың ақысы деп аптасына бір рет қаймақты өзі алып қалады. Қалған алты күннің қаймағынан Айша май түсіріп, түскен майды пиалаға сылама етіп салып, одан соң алақанымен шапаттап-шапаттап, сары шелек сияқтандырады да, суыққа тоңазытып қояды. «Тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыздың» алақандарына анда-санда қарғаның саңғырығындай бір-бір түйір май салады. Ол кез біз үшін мереке. Алақандағы сары май емес, сары алтын сияқты болып көрінеді. Саусақпен болар-болмас жалап, осы бір ләззат сәтін соза түскіміз келеді. Сөйтіп Айша аптасына үш қадақ май жинайды. Борандының базары үш қадақ майға кейде сабын, кейде бөз көйлек, кейде тұз, ши шақпақ, кейде жермай (керосин) айырбастап тұрады. Көбінесе бұл байлық болмай да қалады. Шақалақ қызыл сары финагент келіп, май салық қағазын тапсырып кеткен соң – бәрі бітті. Базарға апаратын май да болмайды; алақанға салатын тобықтай «сары алтын» да жоқ. Ондайда Айша отыра қалып, бетін басып солқылдап жылайды. «Тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз» состиып, үн-түнсіз қаламыз...

Сонымен көк кастрөлде бір қадақ май қалды. Ары-бері:

– Милә, милә, – деп көріп едім, сабын табылмады.

Бір кезде мойнына көк түлкі салған шырыштай әйел ілбіп тағы келді. Өңі бит сорғандай боп-боз. Бұрын Боранды базардан бұлай киінген әйел кездесе бермейтін. Сірә, соғыс болып жатқан аудандардан болар.

– Балақай, берсеңші майыңды. Мә, кітап, менің тура сендей қызым ауырып жатыр. Соған бола. Бере ғой. Бұл жақсы кітап. Өкінбейсің. Кейін түсінесің.

– Айша ұрсады.

– Ақылы болса, ұрыспайды. Бұл өте жақсы кітап. Оқып болған соң, риза болып әлі мені еске аласың.



Базар тарқап барады. Борандыдан ауылға жаяу жеткенше талай жер. Қарным да ашты. «Е, мейлі, не де болса – көрейін» деп кітапты ала салып, ауылға қайттым.

Жолда Евгеньевканың бұзық балалары ұстап алып ұрар деп, ентіге жүгіріп келемін. Жанында серік болмағаны жаман-ақ. Құдай оңдап, Евгеньевкаға кіре берісте Хадиша жеңешемді қуып жеттім. Жанындағы Майлыаяқ мені танып, құйрығын бұлғаңдатып, сырмақ сары фуфайкамның етегін иіскеп-иіскеп қойды.

– Е, шырақ, Боранды базарды көшіріп келе жатқандай ентігесің ғой, тегі, – деп күлді Хадиша жеңешем қалжыңдап. Ауылдың салты бойынша, ол менің атымды атамайды. Кішкентай да болсам, қайнысымын. Шырақ дейді. Қандай жақсы. Шырақ дегені шырағдан деп естілгендей болады. Шырағдан – не жетілік, не ондық шишасы бар шам ғой. Мені жарық сәулеге теңегеніне іші-бауырым елжіреп-ақ тұрады.

– Не алдың?

– Е, сабын ғой...

– Қанша сабын алдың?

– Екеу.

– Шешең үш қадақ май деп еді ғой. Алданып қалған жоқсың ба?

– Сол екеуі-ақ табылды.

– Екеуіне екі қадақ бердің бе? Біреуін не қылдың?

– Кітап... – деп күмілжідім.

– Қандай кітап?

– Міне, – деп қойнымнан суырып алып, қолына бердім. Хадиша көлемін көріп тыржиыңқырап қалды.

– Мына біреу күшік пе?

– Күшік қой.

– О, не қылған күшік?

– Білмеймін, әлі оқыған жоқпын ғой.

– Өзі пышақтың қырындай жіңішке ғой. Немене, сөзі жетпей қалған ба? Оқышы өзін. Шаршап та кеттім, қараң қалғыр-ай? Отыр-ей, шырақ. Кішкене жан шақырайық!

Евгеньевканың арғы шетіне шыққан соң, алыстан, тау бөктерінен бұлдырап біздің Мыңбұлақтың тал-дарағы қарайып көрінеді. Сайдың қабағындағы тасқа Хадиша бос қапшықты төсеп, соған екеуміз қатар отырдық.

Қабақтағы қасат қар сәл-пәл жіпсіп, еріп жатыр. Күн жылы.



– Оқы, – деді Хадиша.

Мен оқи бастадым. Бұл өзі Герасим дейтін тіл-аузы жоқ, құлағы керең дәу кісі мен оның титтей күшігі Муму туралы екен. Бір-екі бет оқыған соң, Хадишаға қарап едім:

– Оқы! – деді.

Қарсы алдымызға етпеттеп Майлыаяқ жатыр. О да ұйып тыңдайтын сияқты. Көзін ашып-жұмып, ашып-жұмып қояды.

Жіңішке кітапшаның соңғы бетін жауып болып, Хадиша неге үндемей қалды деп, бетіне қарасам: бетінен тарам-тарам болып жас ағып, жыла-а-ап отыр.

– Бір қадақ майға бір қадақ алтын айырбастап алғаныңды білдің бе, шырақ? – деді Хадиша ақ жаулықтың ұшымен бетін сүртіп. Сөйтіп ақ қозының терісінен Айша тігіп берген малақайымды алып, басымнан сипап көпке дейін үндемеді, тек оқта-текте өксігін баса, әдемі мұрнын тартып-тартып қояды. Майлыаяқ көзі мөлиіп, құйрығын бұлғаңдатады. Муму туысқанының қайғылы тағдырын о да түсінді ме – білмеймін.

Енді ойлаймын ғой: шіркін «Мумуды» дүние жүзінің барлық тілдеріне аударып, жер бетінде қанша бала бар, тіпті ересегіне де, бәріне-бәріне оқытса... Сонда жер үстінде озбырлық, оспадар қодарлық, қатыгез қаражүректілік, жауыздық атаулы жойылып, адамдар ақылдырақ, мейірімдірек, қайырымдырақ болар ма еді...

Ал сонау мың да тоғыз жүз қырық үшінші жылдың қысында «Мумуды» оқып болған соң, Хадиша жеңешем, Майлыаяқ үшеуміз кеш бата ауылға жеттік.

Біздің үйдің алдында Айша, оның жанында кішкентай қарындасым мен інім үшеуі ербиіп жол жаққа қарап тұр екен.

– Немене, тегі, Қоқанның базарына барғандай жүріп алдыңдар. Басқалар баяғыда қайтты. Әбден зәреміз кетті, – деді Айша айқайлап сөйлейтін әдетіне басып.

– Айқайлама, ей, Айша! Балаң олжалы, – деп Хадиша жайбарақат жауап қатып. Бәріміз топырлап үйге кірдік.

Хадиша бізбен көрші ғой. Үйіне асыққан жоқ. Неменесіне асығады. Айша айтқандай, «шымылдығы желбіреп тұрған жоқ», бала жылап жатқан жоқ, бірер тұяқ малын Хадиша жолаушы кеткенде Айша-ақ жайғастыра салады. Енді Хадиша жалғыз үйге барып, жападан-жалғыз отырғанынан қашып, біздің үйге бұрылды ғой. Онысы қандай оңды болған десеңші.



Біздің үйдің іші жып-жылы. Пеш қызып, пештің үстіндегі плитада шайнек сақыр-сұқыр қайнап тұр екен. Айша дереу дастарқан жайып жіберді.

– Сендер қаталап жолдан келдіңдер ғой, шай іше беріңдер. Мен Барсханның көйлегін шайып тастайын. Таңертең мектепке барады ғой. Көйлегіңді шеш, ей, Барсхан.

Үстімдегі жалғыз жейдені шешіп беріп, жалаңаш етіме фуфайка жамылып отырдым.

– Сабының екеу-ақ қой-ей, Барсхан?

Осы сұрақты көптен күтіп, қорқып отырғанмын. Қорыққаннан үндей алмай қалдым, терши бастадым.

Менің орнына Хадиша саспастан, шайын сораптай отырып жауап берді. – Біреуін кітапқа айырбастадық, – деді.

– О, кітапта басың қалғыр! – деп Айша маған көзін оқтай қадады.

– Жә, жә! Оқышы, ол кітапқа бір қадақ май емес, бір сиыр берсе де татиды. Жайыңа отыр, жұмысыңды істей бер, – деп Хадиша жеңешем Айшаның бетін тойтарып тастады.

Хадиша болмағанда менің күнім не боларын бір құдайдың өзі біледі.


Айша босаға жақта ыстық суға суық су араластырып, томыртқылап жылытып, қаңылтыр кірленге менің көйлегімді атып ұрып, үстіне томыртқылаған суды құйып, мен базардан әкелген сабынның біреуін «бісміллә» деп жібіген көйлекке сүйкеп кеп қалды. Бізге арқасын беріп ары қарап отыр еді, адырайып бері қарады. Дорбадағы сабынның қалған біреуін алып, тағы сүйкеп қалды. Сөйтті де білектерінен су тамшылап, екі қолына сабынды алып, орнынан зілдене түрегелді.

– Мынау не?! – деді әлгі екеуін менің мұрнына тақап.

– Не болды, байғұс-ау? – деп терлеп отырған Хадиша да үнілді.

Хадиша шайын қоя салып орнынан тұрды. Мен де түрегелдім, Хадишаның арқасына тығыла бердім. Айшаның екі қолында жуан-жуан шегелер қағылған кәдімгі екі кеспек ағаш. Салмақтырақ болсын деп шеге қағып, сыртына болар-болмас сабын жағып, лекерлеп, мөрлеп қойған екен.

Хадишаның арқасына тығыла түстім...



СҮДІГЕРДЕ ИЗЕН ЫЗЫҢДАЙДЫ

Сүдігерде изен мен мия ызыңдайды.

Егер мия у болмай, жеуге жараса, біз ашықпас едік. Күрдек бас мия жасымықтан үлкен топ-толық дәнін көтере алмай, жерге жеткенше еңкейіп қалыпты. Ал Шақпақтың желі тұрғанда, күрдек бас мия мен қызыл изен ызыңдайды. Бір-бірімен жарысып ебелек домалайды.

Суық тиіп ауырғалы бері басымды көтеріп терезеге қарап отырғаным бүгін. Кеше Айша қызыл жантақ қайнатып, соның суын ішкізгелі бері тәуір болғандағым. Бірақ төсектен тұрып кетер дәрмен жоқ. Тұрсам да бәрібір далаға шыға алмас едім.

Айша таңертең:

– Жалаң аяқ қалып ауырдың ғой, Барсхан. Сенен аяғанды ит жесін. Өтсе – жалғыз тоқтыны сатып, саған бәтеңке қарастырайын, – деп базарға кеткен.

Күн бесіннен ауып, терезе алдындағы сүдігер қарауыта түскендей болды. Айша әлі жоқ.

Кешегі күн шуақты қоңыр күзде сүдігерді Жақаш екеуміз жыртқанбыз. Жақаш маған қарағанда ересектеу, бойы да ұзын. Бригадир әдейі қосқа бір кішкентайдың қасына бір ересектеу бала қойған ғой. Онысы ақыл болған. Әйтпесе мен өліп қалар едім...

Менің соқам алдында, Жақаштікі артта болатын. Менің соқама жегілген екі тарғыл өгіз соқамен жер жыртудың чемпиондары. Жақаштікі – екі қызыл өгіз. Біреуінің мүйізі сынық.

Мен соқаның жалтыраған екі тісінің арасына аяғымды тіреп, шоқиып отырғанды ұнатушы едім. Жап-жалтыр өткір тістер қопарған қыртыс топырақ қара бұйраланып, шексіз қара су ағып жатқандай. Ұзақ қарап отыра берсең басың айналады.

Әлдене тырылдағандай, әлде тыраулағандай болды. «О не»? – деп жан-жағыма қарап едім – бөтен нәрсе көрінбеді. «Айырплан ба?» – деп аспанға шалқайып едім: екі қатар нүкте сызық көрінді де, екеуінің алдыңғы ұшы бірігіп кетіп, сәлден кейін жалғыз нүкте жеке-дара сақа шықты. Содан үшкіл пайда болды. Тырналар.

Жақаш екеуіміз жыртып жатқан сүдігердің үстінде біраз аялдағандай болды да, Аспантаудың Шоқыбас шыңына бет түзеді. «Енді көрінбей кететін болды-ау» дегенімше, сақа-нүкте Манас шоқысына қарай



бұрылды. Бірте-бірте ылдилай Маймақ, Күркіреусу тауын сауырлап, Күйік асуының тұсынан аунап түсіп, Қаратауды жебелеп көп ұшты. Батыстағы Боралдай, Құлан, Шақпақ тауларын айналып өтіп, қайтадан біздің сүдігердің үстін күннен көлегейлеп сәл тұрды да, тура батысты бетке алып, тыраулап ұшып кете барды.

Сонда барып «А-а-ай!» деп айқайлап жібергенім есімде...

Сөйтсем, тырналар дегенім адамдар сияқты елестеп кеткен екен. Сақа-нүкте – Орха көкем. Ол фин соғысында болып оралған. Соғыс көрген деп алдына қойған шығар. Үшкіл сызықты суретке салса мынадай болады.

*ОРХА!
*Ноха! *Жиренбай!
*Сұлтан! Төрекұл!
*Нәметқұл! *Өскен!
*Сейсенбай! *Сәмбет!
*Байбосын! *Қайып!
*Махан! *Рәсілхан!
*Нұралы! Бейшенбек!
*Найын! Тұрарбек!
*Кәмет! *Сайлау!
*Өскенбай! *Қожагелді!
*Поштақұл! *Сайлаубек!
*Тәшкен! Жарқынбек!
*Токқұлы! *Сыпабек!
Егемберді! Күзембай!
*Алдаберген! *Әнуарбек!
*Құдайберген! *Сәрсенқазы!
Ержан! *Орынбек!
*Таутана! *Кәрібай!
*Тарбақбай! *Керімбай
*Сиякұл!

«А-а-ай!» – деп айқайлап жібергенім есімде... Одан әрі, сірә: «Мені де ала кетіндер!» – деп айқайласам керек, бірақ үнім шықты ма, шықпады ма – білмеймін. «Мені де...» деп қол созып тұра бергенімде, қос өгіз қолымдағы жыландай ысқырған қамшыдан қорықты ма,



білмеймін, әйтеуір, оқыс бұрылып, бораздадан шығып кетіп, мен соқаның екі тісінің арасына құлап түсіппін...

Әбүйір болғанда, Жақаш көріп қалып, айқай салып, екі тарғыл өгізді әрең тоқтатып, мені екі тістің арасына кептеліп қалған жерімнен шығарып алды. Аузы-мұрныма қара топырақ тығылып, енді болмаса тұншығып өлетін екенмін.

Жақаш әуелі:

– Ей, болбыраған боқмұрын, қараптан-қарап отырып өліп қала жаздағаның не-ей?! – деп әбден жерден алып, жерге салды.

Ақыры отыра қалып, қара топырақты қобырата шашып жіберіп, солқылдап жылады.

– Саған соқа айдатып қойған соғыс оңбас, сені маған серік қылған шолақ бригадир оңбас. Ей, болбырақ боқмұрын.

Егер сол жолы Жақаш болмаса, яки көрмей қалса, мен бүйтіп қалқайып, терезеден сүдігерге қарап отырмас едім. Мені сол жолы топырақ көміп қалғанда, ешкім таба алмас та ма еді?..

Осылай ойлауым мұң екен, өзімді өзім аяп, жападан-жалғыз отырып жылағым келді. Қоңыр күзде өзім жыртқан сүдігер, сұлық түсіп жатыр, тек соқа жыртпай кеткен мия мен изен ызыңдайды. Теп-тегіс қылпықсыз сүдігерде аядай жер арал болып, миясы мен изені қырқылмай аман қалған.

Мылтық даусы гүрс етті. Жалт қарап, терезеге үңілдім. Сүдігерден басқа ештеңе көрінбеп еді, кенет сүдігердің жал-жал топырағын малти кешіп, артына қарай-қарай Ақжол қашып барады.

Жүрегім зу ете қалды. Ақжол қылмысты сияқты. Ол ұзай түскенде құтылып та кететін еді. Бірақ ол сүдігерге малтыққандай тоқтай қалып, артына бұрылып қарады. Оны қудалаушы адам ұратынын, әрине, біледі. Білмесе, қашпас еді ғой. Ал сол адам өлтіретінін Ақжол қайдан білсін. Өлім бар деп ойына да кірмеген шығар. Сондықтан ол енді қудалаушы адамның таяғы жетпес-ау деген жерге барып, артына бұрылып қарады. Көзқарасы кінәлі еді. Содан да бір сұмдық істегенін сезе қойдым.

Енді сүдігердің шетіне шыққан адам сұлбасы да көрінді. Жуанқұл көрші галифе шалбарлы аяғын алшайтып қойып, мылтықтың дүміне басын қисайтып, әбден көздеді.

– Қаш, – деп айқай салғанымша, мылтық гүрс етті...



* * *

Ақжолды жазда Евгеньевкадан алып келіп едім. Шынын айтсам, өзі ілесіп келді. Борандының элеваторына бидай тапсырып, шаңқай түсте бір топ бала ауылға қайтқанбыз. Арасындағы ең кішісі мен едім. Астымдағы көк тайқар да қашыр сияқты шабан неме, арам қатқыр. Басқалардың көлігі әсіресе ауылға қайтарда есіре жөнеледі. Бірінен-бірі қалғысы келмей қосаяқ қағып андыздайды.

Менен басқалары ызы-қызу, қиқу салып топтана қарауытып, қара жолдың шаңын бұрқылдатып, ұзап кетті. Көптің аты – көп. Көпке ешкім тиіспейді. Евгеньевканың әккі балалары жалғыз-жарымдыториды. Серіктерім мені жалғыз тастап кетейін демеген де шығар, бірақ қалың шаңның арасынан кім бар, кім жоғын байқамай қалған да болар. Не десе де мен жалғыз қалдым. Қашыр тектес тайқарды қанша қамшыласам да, жүрісі өнбей, дүние өртеніп бара жатса да мимырт жүрістен танбайды.


Төбесіндегі қамысы қарауытып, тозып кеткен маяжон үйдің бұрышынан айнала беріп, ауылдың жолына енді түсейін дегенде, көк тайқардың әдеттегі салпаң құлағы тікшие қалып, жалт бергені. Басына жаман тонды айналдыра жамылып, үйдің тасасынан бір бала шыға келгенде, тайқар үрейлене үркіп, оқыс бұрылғанда, үстінен ұшып түстім. Аузы-басымның шаңын сүртіп, орнымнан тұрып болғанша, Евгеньевканың қағынды келгірлері көк тайқарға ит қосып қуалап, мәз бола қалыпты.

Егделеу бір әйел қамысы тозған маяжон үйден шығып, әлгі мені жәбірлеушілерге бажылдап, қарғыс жаудырған сияқты. Не айтып айқайлағанын онша түсінбесем де, әйтеуір, маған пана болып тұрғанын сезіп, ішім жылып қалды. Өзге тұрмақ, өз шешеңнен айналайын деген сөзді сирек еститін заманда бейтаныс адамның мені аяп, араша түскеніне көңілім босаңсып, көкіректе қатып жатқан көп қоя мына бір жылудан еріп ала жөнелгендей, еңіреп жылағым келді.

– Болды. Сеники үлкен бала. Қорықпа. Олар енди саған урмайды, – деп жұбатты әлгі егде әйел үсті-басымның шаңын қағып, жерде жатқан кенеп дорбаны қолыма ұстатып. Шұбар ала алжапқышының астына күс-күс қолын жасырып:

– Бедные, – деді.

Онысын мен түсінбедім. Рақмет айтуды да білмей, ауылға қарай кете бардым. Арам қатқыр көк тайқар алды-артына қарамай ауылға қашып кетті. Үстімде бала бар еді-ау деп қарамады.



Евгеньевканың тағы бір қамыс шатырлы шеткі үйінің тұсынан өте бергенімде, ажырық тұтқан арықтың ішінен бір бітік көз күшік тырмысып, тырбаңдап жатып, жолға шығып, жанары жылт-жылт мөлиіп, құйрығын бұлғаңдатты.

– Күшкә, күшкә, – дедім кетіп бара жатып. Неге айттым, өзім де білмеймін. Сол-сол екен, әлгі жәрбиген жаман күшік құлдыраңдап маған ілесе берді...

Евгеньевкадан былай ұзап шыққан соң, бір терең сай кездеседі. Әдетте бір топ бала сол сайға түсіп, бұлақ суына жуынып-шайынып, таңертең үйден ала шыққан там-тұм тамағымызды бидайдан босаған қапшықтың үстіне жайып, әлденіп алатынбыз.

Бұл жолы мен жалғызбын. Ербиіп, жападан-жалғыз отырып тамақ жегім келмейді. Үйге тезірек жетсем деймін. Дегенмен, жалбыз бүркенген бұлаққа етпеттеп еңкейіп, мұздай судан сіміріп болып, енді түрегеле берсем, артымда шоқиып әлгі көк қасқа күшік отыр. Менің таңдана қарап қалғаныма жауап бергендей тез тұрып, құйрығын бұлғаңдатты. Қызғылтым нәзік тілін шығарып, жаланып қойды.

– Е, байғұс, бір нәрсенің иісін сезген екенсің ғой, – деп дорбадағы жарты таба нан мен қос жұмыртқаны шығарып, алдымен өзім наннан бір тістеп, содан соң барып көк қасқа күшікке бір үзімін тастадым. Лезде қақшып алып, шайнар-шайнамас бір-ақ қылғытып, басын қисайта қалып, тағы мөлиді. Енді оған жұмыртқаның бір түйірін тастап ем, шайнамай жұта салды. Бірақ қызғылт тілімен сүп-сүйрік дымқыл қара тұмсығын жалай-жалай берді. Мұнысы маған ұнаған болуы керек, жұмыртқаның қалғанын түгел тастай салдым. Ол өзбектердің аңшы иттерінің жоңышқа арасынан бөденені бас салғанындай, қақшып түсті.

Кейіннен ойлаймын: менің қателескен жерім – күшікке жұмыртқа тастау болды.

Не керек, сайдың арғы қабағына шығып, ауылдың борпылдақ қара жолына түскенде де, күшік соңымнан қалмады.

– Қайт! – деп бір-екі рет жекіп едім, әлгі неме қаймығып, сәл шегінді де, шоқиып отыра қалып, мұңая қарағанда, шыдамадым.

– Мейлі, жүрсе жүре берсін, – дедім.

Әйтсе де, Евгеньевка жаққа бұрылып көз салсам, күшік жоқтаған ешкім көрінбеді.



* * *

Үйге таяп қалғанда, бөрте лағын жетектеп, аузынан түспейтін махорка шылымын бұрқыратып, Хадиша кездесті.

– Барсхан-ау, мынауың не сұмдық? – деді ол көк қасқаға ернін шығара, менсінбей қарап.

– Евгеньевкадан өзі ілесіп қалмай қойды, – дедім, ұрлады демесін деп ақтала сөйлеп.

– Сенің үйіңнің жуындысы біздің Майлыаяққа енді бұйырмайды десеңші, – деп Хадиша аузынан түтінді шеңберек атқыза шығарып, қасын керіп қойды. – Мейлі, ит жарықтық – жеті қазынаның бірі дейді ғой, атын Ақжол қой, соғыстағы боздақтар аман келіп, жолдары ақ болсын.

Хадиша шылымын кебісімен таптап өшіріп, көк қасқаға енді сынай қарап:

– Тұмсығы біздей екен кәпірдің: не түлкі алатын тазы болады, не кәззап ұры болады, – деді. Тіпті күшіктің артқы бір аяғын тарбитып көтеріп те көрді. Күшік байғұс әуелі жағымпазданып, құйрығын бұлғаңдатып, көзі жылтың-жылтың етіп еркелеген болып еді, аяғын көтеріп абыройын ашқанда, қыңсылап тартыншақтап, менен көмек күткендей, маған қарап жаутаңдай берді.

Хадиша қолына бірдеңе жұғып қалғандай, алақанын бір-біріне үйкелеп тұрып:

– Қарай гөр өзін – төбет екен, – деді. – Дүбәра ма, қалай? Жоқ, тазы-тазы...

Хадиша жеңешем сөйтіп мені дал қылып, ойға қалдырып кетті. Біресе тазы, біресе ұры, біресе дүбәра дейді. Көңіліме күдік алсам да, тазы дегеніне сенгім келіп, өзімше бір үміттеніп те қалдым.

* * *

Үмітімнің түрі – осы таяуда Керегетаста көрген түлкінің баласы. Керегетастағы тракторшыларға жалғыз өгіз жеккен арбамен су тасып, түс ауа ауылға қайтар жолда қызыл изен қалың өскен ойпаңнан бір түлкінің баласы жалт ете қалған. Есім кетіп, арбадан аунап түсіп, ұзын қамшымды серт ұстап, тұра кеп қуайын. Дәл иегімнің астынан ат басындай алтын қашқандай, ышқына жүгіргенім сонша, ә дегенде түлкі кәдімгідей қорқып,

қос құлағын жымқыра зытты. Едәуір ұзап кетіп, құлағын біресе тікшитіп, біресе жымқырып, шоқиып отыра қалып, қиқ-қиқ күлгендей болды. Дәме шіркін қиын екен, енді ұрып алатындай барымды салып бағайын. Түлкі орнынан ыршып түсіп, дөңгеленіп ала жөнелді де, бұрылып тағы қарады.

Аузы-басын қисаңдатып мазақтап тұрғандай көрінеді. Енді оны ұстап алудан күдер үзе бастасам да мына ыржаңдап күлгендей күйігіне шыдай алмай, ентіге ентелей тағы бір ышқындым. Даусым да ащы шығып кетті.

Түлкі бұлаң етіп, изеннің қалыңына қарай бұралаң тартқанда, алдымыздан пырдай болып бозғылт балапандар жан-жаққа шашырап жорғалай жөнелді.

Әлі қанаттанбаған бұлдырықтың балапандары болды. Қанаты қатайған күннің өзінде бұлдырық аспандап алысқа ұша алмайды. Мына қу түлкінің қызыл изен алабын жағалап жүргені де осы әдемі құстың әлегі шығар. Дүниеде бұлдырық етінен тәтті дәм бар дейсің бе?

Мен түлкіні ұстай алмадым, бірақ оның аранынан бұлдырықтарды сақтап қалдым-ау деймін. Түлкі аңдып жүргенін олар көрді ғой, ендігі амалын өздері табар.

Айдалада, көз ұшында қалған арбама салбырап әрең жеттім.

* * *

Әлгі Хадишаның сөзінен кейін кәдімгідей үміттеніп, Ақжолды өзімше баптауға кіріскен болдым. Арманым: Ақжол қысқа дейін өссе, оны алғашқы қарда қансонарға, Керегетасқа, қызыл изенді ойпаңға алып бармақшымын баяғы. Сөйтіп, қызыл түлкіден өшімді алмақшымын. Тек Ақжол дүбәра болмай, тазы болып шықса ғой...

* * *

Мылтық тарс етті. Таңертең Айшаның:

– Орныңнан қозғалма. Бүркеніп жат, буын-буыныңды буып алған суық термен шығады. Тер қатып қалмасын, шошаңдамай тыныш жат, – деп қатаң ескерткені енді далада қалды. Жалаңаяқ, жалаңбас, жейде-дамбалшаң алба-далба болып үйден атып шығып, сүдігерге қарай сүрінекабына жүгірдім-ау... Барсам, Ақжол күзде өзім салған бораздаға құлап, артқы сол аяғы сүйретіліп жатыр. Алға жылжиын деп біраз тырмысқан-ақ



екен. Жаралы аяғын жия алмай, жыламсырап ыңырсиды. Мені көргенде көзі жаутаңдап, қыңсылағаны үдеді. Әлдене дейді, бірақ түсінбеймін. Түсінетін не бар, мұңын шаққаны шығар. Дереу көтеріп алып, қанын сорғалатып үйге алып келе жатқанда, алдымнан кәдімгі Хадиша:

– О, қуратқан қу құдай! Енді көрсетпегені осы ма еді, – деп гөй-гөйлеп қарсы алды. – Өзің төсек тартып жатқанда бұл не сұмдығың? Итте нең бар, ойбай. Ит тұрмақ әкеңнің қайда қалғанын білмейсің... – Ол кенет оқшия қалып:

– Ойбу, қараң қалғыр-ау, мына байғұстың аяғы сіңіріне ілініп қалыпты ғой, обал-ай, – деп күшікті өзі көтеріп, мені желкелеп үйге кіргізді. – Жат, ойбай, көрпеге оран!

– Жеңеше, – деп алқымыма өксік тығылып әрең сөйледім.

– Не?

– Енді Ақжол түлкі ала алмайтын болды ғой...

– Алда тәңірі-ай, арманын-ай мынаның. Алады, неге алмайды. Кәзір мен Кенжегүл кемпірді шақырып келейін. Емдейді ғой... Жазылып кетер. Көп болса, Ахмет ұста сияқты бір аяғы жоқ болар...

Кіршеңдеу жаулығының астынан бурыл шашы будаланып, үйге Кенжегүл кіріп келді. Ақжолды көріп:

– Ахмет сорлы аяғының қайда қалғанын білмейді, мынанікі жоғалмапты, әйтеуір, – деп дереу іске кірісті.

– Басын тізеңмен басып тұр! – деп бұйырды соңынан кірген Хадишаға. Хадиша: «Қауып алмасын» – деп Ақжолдың басына бұрышта жатқан бос қапты жапты да, тізесімен емес, қолымен басты.

Тәуіп кемпір еркектерше белдігіне тағып жүретін қайыс қыннан кездігін суырып алды. Кездіксіз жүрмейді: дәрі шөптің тамырын қырқады, қызыл жантақ отайды, адыраспан кеседі...

– Байғұс-ау, аяғын шынымен кесіп тастайсың ба? – деді Хадиша Кенжегүлдің ойын біле қойып.

– Кеспегенде ше?


– Таңып қойса бітіп кетпес пе екен?

– Сүйегі талқандалған. Мен сынықшы емеспін, шөппен емдеуді ғана білемін.

Кенжегүл кездікпен жалғыз сіңірді қия бергенде, Хадиша көзін тарс жұмып, теріс айналып:

– Ахмет ұстаның ағаш аяғындай аяқ жалғауға болмас па екен? – деді. Кенжегүл оған алара қарап:

– Оны қайтейін деп едің? – деді.



– Әшейін, Барсхан мұны түлкіге салмақшы еді ғой, енді үш аяқтап түлкі алушы ма еді, – деді Хадиша менің кеудеме арман ұялатқанына енді өзі кінәлі адамдай басыла сөйлеп. Кенет даусын өрекпітіп, арқаланып кеткендей:

– Қараң қалғыр түге, керман сұм біздің ер-азаматтарымызды атып, аяқ-қолынан айырады. Мұнда болса Жуанқұл жұмыртқамды жеп қойды деп итті атып, аяқсыз қалдырады. Атқыш болса, соғысқа барып, фашисті неге атпайды? – деп Ақжолды атқан колхоз бастыққа кіжінді.

Кенжегүл Ақжолдың шолтиып қалған тұқыл аяғына киіз күйдіріп басқанда, күшік байғұс баж-баж етіп, бұлқынды. Бірақ Хадиша оны тырп еткізбей басып тұрған, Ақжол әлі әлсіз ғой, босана алмады. Кенжегүл оның тұқыл аяғын таңып тастады.

Жуанқұлдың Ақжолды неге атқанын енді түсініп жатырмын. Ақжол оның тауық қорасына кіріп кетіп, жұмыртқасын жейді екен ғой. Оны Хадиша да біледі екен ғой. О баста жұмыртқамен ауыздандырған өзім кінәлі екенмін да...

* * *

...Көп ұзамай қар да жауар. Қызыл изенді ойпаңда қызыл түлкі алғашқы қарға аунап құлпыра түсер. Енді үш аяқты Ақжолмен оны қалай аулаймын? Ақжол пештің түбінде алдыңғы екі аяғына басын салып, көзін бір ашып, бір жұмып, сораң жасы іп-істік қара тұмсығына дейін сорғалай ағып жатыр. Түлкі қуа алмайтынына ол да өкінетін сияқты.

Терезе сыртында сүдігер қараяды.

Сүдігерде күрдек бас мия мен қызыл изен ызыңдайды.

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ ЖАРА

Кесепаттан аман болса, адамдар көп жасар еді. Бірақ күнді түн аңдып тұрғаны сияқты адамды да анадан туар-тумастан қырсық аңдиды да тұрады. Бұл ретте адам теңіз тасбақасымен тағдырлас. Теңіз тасбақасы суда өмір сүрсе де, жұмыртқасын құмға салады. Обалы не керек, теңіз



тасбақасы көп жұмыртқалайды. Бірі болмаса бірі аман қалар деген үміт пе, әйтеуір, бір маусымда отыз-қырық тұқым табатыны рас. Ал сол отыз-қырықтың бәрі балаласа, теңіз тұрмақ, жер бетіне тасбақа сыймай кетер еді. Қайдан болсын...

Тасбақа жұмыртқасының жөргегі ып-ыстық құм ғой. Обалы нешік, құм-жөргек жетім жұмыртқаларға ана орнына ана болады-ақ. Жетім дейтініміз – теңіз тасбақасы жұмыртқаларын құмға салып болысымен-ақ көз жасын көл қылып, суға қарай сүйретіледі. Оған сусыз өмір сүру жұмыртқалап болғанша ғана берілген. Жұмыртқалап болдың екен, тезірек теңізге жет, әйтпесе өлесің.

Қатал заң солай. Ендігі жерде ол тұқымдарына пана бола алмас. Жетімдері құм-жөргекке аманат.

Құм-жөргек тасбақаның жұмыртқаларын қымтап-қымтап бауырына басар-ау, ай-күні жеткенде бармақтай-бармақтай балақайлар құм-жөргекті тесіп шығып, ата-бабадан хатсыз қалып келе жатқан ақыл бойынша, яғни өмір заңы бойынша тырбаңдап, тіке теңізге қарай асығар. Әне, бәленің басы осы құм мен теңіз арасында. Әлі сауыты қатпаған балғын тасбақаның етіне жерік жалмауыздар жан-жақтан андыздап берер. Қарақұс қаптап, жыландар сумаңдайды. Құм-жөргектен жаңа шыққан қызылшақа тасбақаларды қырып береді. Теңізге талықсып жетіп, суға сүңгитіндері бірен-саран. Ал енді сол суға аман-есен жеткендері жыртқыш балықтардан сау қалса, теңіз тасбақасы екі жүз, үш жүз жыл жайбарақат жасай береді.

Адам да көп жасар еді. Кедергі көп. Кеше ғана Асаннан қара қағаз келді. Қағазға қап-қара қайғы орап жіберіпті. Ал сол Асан оқ тимесе, ең кемі жүз жасайтын қара нардың өзі еді. Жарасы тырнақтай-ақ болса да, оқтан өткір ажал жоқ.

Ағаш та адам тақылеттес. Тамырына балта, өзегіне өрт тимесе, жұлынын құрт кемірмесе, жасын түсіп жайрамаса – ағаш көп жасайды. Алатаудың Ташкентке жетер-жетпес құйрығында жатқан жаннаты Бостандық жерінде бір шынар тұр. Өзбектер тақта қағып, жазу жазып қойыпты. Сөйтсе сол шынарды Ақсақ Темір көрген екен. Ақсақ Темірден бері қай заман! Ақсақтың сүйегі баяғыда-ақ құрап қалды. Ал шынар әлі тұр. Кесір-кесепаттан аман болса әлі талай жасамақ.

Әлдеқалай жолың түсіп Молдавия бара қалсаң, Кишинев деген астанасының дәл ортасындағы бауда Пушкин көрді деген бір ағаш тұр. Оның да паспорты бар...



* * *

Дәл сондай Байшынар біздің Мыңбұлақтың Шоқыбас сайының өңірінде де бар. Мыңбұлақ Бостандық емес, әрине. Табиғаты да қаталдау. Шынар жарықтық сонда да өскен.

Ал бұл ағаштың паспорты өзгеше. Қаңылтыр тақта қағылмаған, жазу жазылмаған. Бұл шынардың ен-таңбасын адамдар тарих қамын ойлап салған жоқ. Тарих қамын ойлау қайда...

Ақпан айының «ақ мылтығы» фашистердің оғындай қаңғыбас, қағынды болатын. «Ақ мылтық» әсіресе қырық үшінші жылдың қысында құтырып кетті. Батыстағы қара мылтықтан қалыспаймын дегендей, апталап алты күн қатарынан соғатын сойқанды шығарды. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен». Мыңбұлақтың бөрісі боран болды.

Мыңбұлақтың отқа жағары таусылды. Ақ боран азынап тұрса, отын таусылып, пештің қуысы уілдеп ұлып тұрса, адам байғұс өз сирағын шауып жаққысы келеді екен. Ал бірақ өз сирағын өзі шаба алмайды. Енді не істейді?

Сұрапылдан бетер азынаған азын-аулақ малға адамдар тоқал тамдарынан бұғатындағы ескі қамыс пен сабанды суырып бере бастады. Бұғат ағаштың өзін отқа жақты. Ал бұғат ағаш пен бұғат қамыс таусылғанда не істейді жұрт?

Соғысқа дейін бұл ауылда түтін басы сайын бір-бір киіз үй бар еді. Бәрі бірдей алты қанат ақ боз үй болмаса да, әркімнің басына шошайтары бар болатын. Сәуір туа сол үйлер Аспантау алқымындағы қызғалдақ жамылған жайлауға көшетін. Көшпенді өмірдің соңы сол болған шығар, өйткені қырық үштің қысында жұрт киіз үйлерінің сүйегін – керегесін, уығын отқа жаға бастады. Бұл жақсылық емес екенін біле тұра, бүгіннің өлмес қамын ойлады. Ертеңнен де үміткер: ертең соғыс бітер, ақ жарылқап күн туар, сонда киіз үй де табылар деген. Бірақ соғыстан кейін ешкім қайтып киіз үй тікпеді.

Бұл елде бір кезде киіз үйлер болғанының еміс-еміс елесі ретінде әлі күнге дейін кейбіреулердің мал қорасының төбесінде көне шаңырақ ілулі тұрады. Соғыс пен боран қанша қасарысса да мыңбұлақтықтар киіз үйдің шаңырағын отқа жағуға дәті шыдамаған. Шаңырақ жағылғанша, сирақтың шабылғаны артық.



Отқа шаңырақты қимаған жұрт Мыңбұлақтың қарқарадай қасиеттісі, бөркіндегі үкідей аяулысы – Бахтияр-баба бағына ауыз салып, балта шаба бастады. Әуелі бір-біріне: «Әй, аруақ-құдайдан қорықсаңдаршы», деп еді, артынан бұл сөз отын болмайтынына көздері жеткен соң тілдерін тістеп, Бахтияр бағына жаппай тиіскен. Әуелі майда шілік қиылды. Содан сүмбіл тал, мәжнүн тал, сөгеті тал сөгілді. (Енді киіз үйге уық-кереге қайдан болсын!). Артынан ақ терек, көк терек қырқылды. Ал айналасы тып-типыл жалаңаштанып, жалғыз өзі аспандап қалған Байшынарға балта шабуға ешкімнің батылы бармады.

Сүмбіл талды балтамен отаған түні әлдекімдер боран арасынан ыңырсып, кейде шыңғырып жылағандай болды деседі. Талда жан жоқ болушы ма еді, бар ғой. Бірақ оны біліп-түсіну үшін адам сезімі әлі жетіліп болмаса керек. Адам баласы әлі балаң шақта шығар. Әлі ақыл-есі толыспаған болар. Ал тал-дарақ дүниеге адамдардан әлдеқайда ерте келген. Өзінен көп кейін туған адамға сая болғаннан басқа, қару-жарағы, тіпті туасы қара бесігі болғаннан басқа жазығы жоқ. Жасыл жапырақ жайып, ауаны жұпарымен байытып, адам тынысын ашқаннан басқа, бауыры иіп, тамырынан бұлақ ағызғаннан басқа не кінәсі бар? Ағаш баласы өзінен-өзі адамға барып тиісіпті, басын жарып, көзін шығарыпты дегенді ешкім естіген емес.

Бахтияр бағында жазда бүлдірген елжіреп пісіп, пісігі өтіп кеткенде езіліп, қызғылтым жылға болып ағар еді. Тал-талдың арасында баланың бөркіндей қозықұйрық тұнып тұратын. Қозықұйрықтың қадірін орыстар мен немістер біледі екен, Боранды бекеттен келіп, қап-қабымен алып кететін.

Бахтияр бағының шипалы шөптерінің шапағатын Мыңбұлақ халқы Кенжегүл кемпірден көрер еді. Кенжегүл кемпір орманнан шәйшөп, дермене, күшала, шашыратқы, адыраспан, киікоты, текесақал, қылша, көкемарал теріп, ылғи да:

Әккәй, гәккәй-ай,
Кәгда солдат, дамой-ай, –

деп ыңылдап жүргенде, ешкім елемейді де, бала-шағасына тұмау, көкжөтел тиіп, дімкәстанса-ақ болды, Кенжегүл естеріне түсіп, тәуіп кемпірдің жартыкеш үйіне қарай жүгіретін.



Бау іші тола түйежапырақ өсер еді. Түйежапырақ – Мыңбұлақтың соғыс кезінде жанып кеткен киіз үйлерінің туырлықтарындай қалың бозғылт болып келеді. Сансыз құстардың саңғырығынан түйежапырақ ақтаңдақтанып жатар еді. Жапырақ саңғырықпен қоса шіріп, топыраққа сіңіп, жерді тыңайта беретін. Кейін-кейін колхоз сол жерді жыртып, картоп еккенде, бұрын-соңды еш елде, еш жерде болмаған өнім алып, звено бастығы, Герой атанды ғой.

Қайран Бахтияр бауы... Қысы-жазы құс базар сонда. Әсіресе жаз баласы құстың салған ұясы көп пе, әлде ағаштардың жапырағы көп пе – айырып болмас, ну еді. Ертеректе қаршыға, ителгі, тұрымтай ұялайды екен. Әсіресе үкі көп болады екен. Ал үкі жүрген жер киелі деседі. Үкіні қыз-келіншек, сал-серілер тек сәндікке ғана тақпас. Сәндік үшін үкіден гөрі қырғауылдың яки көккарғаның қауырсыны әлдеқайда әдемі емес пе. Бірақ қырғауыл тағып жүрген кім бар? Үкі бойтұмар сияқты ертеден қалған бір наным ғой. Біз білмейтін қасиеті бар шығар. Ол киелі деседі.

Сол соғыс Мыңбұлақ бөркінің төбесіндегі бір шоқ үкіні де үйітіп жіберді. Жалғыз шынар – әскері түгел тып-типыл қырылған генералдай состиып, есеңгіреп тұрған. Ойрандалған орманның орны ойқы-шойқы, аш қасқыр жеп кеткен есектің қабырғасындай ырсиып-ырсиып жайрап жатты.

Бауырларынан айырылған Байшынар енді боранды, желді күндері күңіренеді. Бұрын жан-жағында жағалай жамағайыны барда Байшынардың шуылы көпшілікпен араласып, жеке-дара білінбейтін. Енді оның үні керең құлаққа да шалынатын болыпты. Бүкіл орман шуласа – тұтас ғасырлар әуеніндей, бір қимас қисса жырланып жатқандай құлаққа жағымды естілетін.

Байшынардың ендігі үні – нағыз жоқтау: ежелгі ересен жоқтауды ұмытқан соғыстың жесір әйелдерінің кемістігін осы Байшынар толтырмақ болғандай ыңырана теңселіп тұрып боздайды, жарықтық.

Бахтияр бауы – Мыңбұлақтың омырауындағы зүмірет алқатанасы. Орман ортасында қой қораның аумағындай көлшік бар болатын. Жазда көккасқа бақалар қойдай шулап, тіпті көк ала үйрек те ғайыптан келіп қонған. Шынашақтай-шынашақтай шабақ балықтары да бар еді. Көлшік жағалай үкілі қамыс, мәжнүн тал тұнық суға төніп, өз суретіне өзі сұқтанып, өмір бойы мұңайып тұратын. Мәжнүн талдың суға тиер-тимес солқылдақ шыбығына



зымыран құс пен зарғалдақ ұя салар еді. Сөйтсе ол жерге жылан жете алмайды екен ғой.

Жылан жете алмайтын жерге желөкпе, сылқым инелік барып қонады. Судағы суретіне сұқтану – оның да осал жері. Жұдырықтай ғана ұясында жұмыртқа басып жатқан зымыран құс дәл тұмсығының астында отырған инелікті көріп шыдай алмай, жылтың етіп ұясынан зымырап шығып, әлгі аңқау, сәнқой инелікті қақшып алады. Біреудің аңғырттығынан біреу пайда табу қиянатақ. «Біреу өлмей, біреу күн көрмес» деген сөзде көп сұмдық бар. Жыланнан қорқып, ұясын мәжнүн талдың суға төнген солқылдақ шыбығының ұшына салып, шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген бас бармақтай зымыранның өзі маса-шіркей қақшып тамақ асырайды. Ал сойталдай инелік ұстау зымыранға соғым сойғанмен бірдей ғой.

Ылдида сиыр мөңіресе, таудағы арқардың мүйізі сырқырайды. Дәл сол қыста фашистер Смоленскіні тастап қашқанда, айнала ну орман танкілердің таптауынан, зеңбіректердің снарядынан, аспаннан жауған бомбалардан жапа шекті.


Бахтияр бауына бомба түскен жоқ, снаряд жарылған жоқ, танк таптаған жоқ. Бірақ бұл тып-типыл болды да, жар басындағы жалғыз таутекедей қасқайып Байшынар ғана қалды. Бәлкім, Бостандықтағы Ақсақ Темір көрген шынардың құрдасы шығар. Алыстан адамдар келіп, Байшынардың түбіне түнеп, бұтақтарына қызыл-жасыл шүберек байлап кететіні содан шығар. Қызыл-жасыл, сары-көк, ала-құла түрлі-түсті шүберектер жер шарындағы сан алуан мемлекеттердің жалауларындай құлпыра желбіреп тұрар еді.

* * *

Жуанқұл бадырақ көз, қалқан құлақ, еңсегей бойлы дәу қара кісі-тін. Ауылда ер-азаматсыз қалған көдедей көп әйел колхоз бастыққа әлдекалай ызалы кезде:

– Германмен соғысқа осыны неге жібермейді? Дәу десе дәу, күшті. Жауды жеңуге де күшті адам керек емес пе? – дер еді.

Орталарындағы кекселеу келген қуақы Баян бүлк етіп бір күліп алып:



– Кәмәсия көзі үлкен деп алмапты ғой, – дейді.

– Е, көзі үлкен болса – мерген болмай ма екен? – деп Сәрсенкүл деген адуын қатын екілене түседі.

– Байғұс-ау, көзі үлкен адам қорқақ болатын көрінеді ғой.

– Қорқақ болса, бізге неге қоқаңдайды, қараң қалғыр! – Сәрсенкүл кіші-гірім самауырындай қызылшаны арбаға ашулана лақтырып тастап, шапши түседі.

– Ойбай-ау, аудандағы военком осы дәудің тамыры, әлгі тері жиғыш Дадабайдың баласы көрінеді.

– Е, бәсе, әйтпесе мұның жаны біздің азаматтарымыздан артық па, сондай бір бәлесі бар ғой...

Соғыс жылдарында колхоз бастық болған еркектер бақытсыздау. Әрине, ажалдың аузында, оқтың өтінде жүрмегені рас. Сөйтсе де олар әлденеден секемшіл, он екі мүшесі түгел бола тұра әлдеқалай мүгедектеу...

Бастықта іштей бір азап бар, жегідей жеген тозақы азап. Содан да болар, кейде Жуанқұл ауданға барғанда, Дадабай досының үйінен араққа сылқия тойып алып, боз айғырды қансорпа қылып, ауылға ақиланып қайтатын. Ондайда оның жолында ербиіп тұрмаған артық. Адам емес, албасты көргендей бозайғырға омыраулата таптап кетеді.

Бір күні Жуанқұл Дадабай досы екеуі ауданнан қос ат жеккен шанамен келді. Қастарында Қабасақал бар. Боз айғыр арбаның артына байлаулы, Шана әдеттегідей бастықтың үйіне тоқтамай, Шоқыбас сайының өрінде Мыңбұлақтың кемтар ауылының сақшысындай болып тұрған Байшынарға қарай беттеді.

Бұл жүрісті жұрттан бұрын көріп қойған Кенжегүл кемпір жар басындағы жартыкеш үйінің үстіне ыршып шығып:

– Аттан, Бахтияр, аттан! Бахтияр, Бахтияр! – деп айқай салды.

Оның бұл алас-қалас ұранын Бахтияр-баба естіді ме, естімеді ме, ол тірі жанға белгісіз, ал тірілерден әлгі Кенжегүл кемпірдің әзірейіл даусын темір дүкендегі ақсақ Ахмет анық есітті.

Әзірге Мыңбұлақтан майданға кеткен алпыс азаматтан елге қайтқан екі-үш ақсақ-тоқсақтың бірі – осы Ахмет. Балдағына сүйеніп үш аяқтап, есіктің көзіне шығып еді, қызыл шұнақ аяз жалап тұр екен, қызуы бетін қарып-қарып алды. Алаулаған көмір шоқтан қып-қызыл темірді кеспектегі суық суға салғандай қарыды.

Ащы айқайына бүкіл ауылдан ербиіп ұста Ахмет шыққанын көріп Кенжегүл:



– Аттан, Ахмет, аттан! Германмен соғысып, аяғыңды аямағанда, енді саудагер Дадабай мен имансыз Жуанқұлдан қорқасың ба! Аттан! – деп жанталасты. – Ахмет! Бір аяғың немісте, бір аяғың кебісте. Аттан!

«Аттан!» дегенде міне салып шабатын аты жоқ. Жаяу талай жер. Әрі десе күртік қар. Балдақпен үш аяқтап жету қайда...

«Аттан!» дегенге ата жөнелмей, Ахмет «әліптің» артын бақты. Бақсы кемпірдің байбаламы рас екен: Жуанқұл, Дадабай, жандарында Қабасақал, ебіл-дебіл дереу іске кірісіп те кетті. Кісі бойы келетін өткір ара қыстың қызусыз күніне жарқ етіп бір шағылысты да, Байшынардың бауыздау алқымына барып тірелді.

Айбалта мен өткір ара жаландатқан үшеуді қосақтай буғанда, үшеуінің жуандығы Байшынардың жуандығына жетпес еді. Үшеуі де масаңдау, әйтпесе жай арамен мұндай Байшынарды құлату оңай шаруа емес екенін білер еді ғой.

Мас болса да Қабасақал естілеу екен:

– О, алып қой мынау! Мұны қайтіп құлатамыз? – деп күмәнданды. – Құлатқанның өзінде қалай кеспектейсіз? Бір колхоз жиналмаса, біз тындыратын шаруа емес. Біз кім? Пілдің жанындағы тышқан сияқтымыз.

– Ай, Қабасақал, сол пілдің тышқаннан қорқатынын білмейсің. Әйда! – деп Дадабай араның бір басын өзі ұстады.


Байшынар көп заманды көрген. Көпті көрген көсем болады. Ал көсемдік қайғы-қасіретсіз, тағдыры тауқыметсіз болмас. Сондықтан да піл сауырлы қабығы қатпар-қатпар әжімге толы еді. Тауқымет тартқан, тіршілікте көп хикмет көрген адамның маңдайындағы әжімнен де Байшынар қабығының әжімі қалың болатын. Сол қатпар қабықтың өзіне алмастай ара әрең-пәрең із салды.

Мына үшеудің аузынан мұңкіген арақтың иісінен басқа бір түйір қоспасы жоқ саф ауа алғаш тартылғанда дір ете қалды. Ташкенттің базарындағы саудагер сарт матаны кездемеге салып-салып, дар-р-р еткізіп жыртып кеп жібергендей бір дыбыс тынық ауаны тіліп түсті.

Байшынардың тұла бойы дір-дір етті. Жауыр жарасына шыбын қонған аттың арқасы осылай дірілдер еді.

Жаландаған ара қасірет әжімді қалың қабықтан өтіп, жалаңаш етке тигенде, ара үнімен қосылып сыңсыған бір дыбыс бүкіл Мыңбұлақтың аспанында сусыды.

Әне сонда барып, ақсақ Ахмет темір дүкеннің алдындағы қисық арбаға шығып:



– Әй! – деп саңқ етті. Аязды ауада шымшықтың шиқ еткені тана мен сонаға естіледі. Ал ақсақ Ахметте біраз дауыс бар болатын, әрі десе жай айқай емес, іштен дүмпіп, атқи шыққан ашулы дауыс еді.

Байшынарды бауыздап жатқан үшеу темір ұста жаққа жалт қарады. Ақсақ Ахмет бір балдағын жоғары көтеріп, сілкіледі:

– Тоқтат, найсаптар!

Жуанқұл жолдастарына ыржия қарап:

– Ә-ә, – деді де қолын бір сілтеді. – Түк те жоқ, алаң болмаңдар.

Жар басындағы жартыкеш үйдің төбесінде Кенжегүл кемпір:

– Аттан! – деп даусы қырылдап барып үзіліп кетті.

Үні шықпай қалған шығар. Жартыкеш үйі өртеніп бара жатқандай, сатымен түсуге де дегбірі жетпей, күресін күртік қарға кемпір басымен секіріп түсті. Қолтығына дейін батып кеткен қардан әрең малтығып шығып:

– Алас! Алас! – деп қырылдап алға ұмтылды.

Жуанқұл, Қабасақал, Дадабай үшеуі кезектесіп, болат араны Бәйтеректің тәніне батыра түсті. Бірақ бірнеше жүз жыл жасаған шынар ағаш тым қатты екен: темірмен темірді кескендей бір сұмдық шиқыл шықты. Мына араның бұл сұрапыл ағашқа әл-дәрмені жетпейтіні белгілі болды.

– Мен Сібірде талай қарағайды құлатып едім, мынандай нәлетті көрген емеспін, – деді Қабасақал.

Сөйтіп ол басын көтеріп, маңдайының терін күректей алақанымен сүрте бергенде, жарқ етіп Аспантау көзіне шалынды. Талай жылдан бері осы таудың бауырында өмір сүріп келе жатса да, оны Қабасақал тұңғыш рет байқағандай ішегін тарта таң қалды:

– О, құдайым-ай, міне, нағыз ара! Мына нәлет ағашты қырқуға әне анандай ара керек, – деп достарына Аспантауды нұсқады. Көбінесе бұлт бүркеп, мұнар тұтып тұратын Аспантау бүгін аппақ күмістей жарқырап, ап-анық асқақтап кетіпті. Шоқылы шыңдары араның қатар-қатар өткір тісіндей тізіліп тұр екен.

– Амал жоқ, ондай ара табылмапты, – деді Қабасақал Аспантаудың сұсынан сескенгендей, көзі тез тайқып, шалымы кетпендей дәу балтаны қолына алды. – Араның әлі келмейді. Балталаймыз.

– Кәне, кәне, шап. Сені текке жалдадық па, – деп Дадабай ұмсына түсті.

Араның ауа сусылдатқан ызыңы тыйылып, енді шаңқ-шаңқ еткен тажал дауыс шықты. Өткір балта ағаш тәніне кейде бірер сантиметр



батып, кейде шаңқ етіп тайып кетеді. Тасқа тигендей тайып кеткен балта бірде Қабасақалдың тобығына қадала жаздады. Тағы да болса қалың пима жанын сақтап қалды. Енді Қабасақал аяғын алыс алшайтып тұрып, сақтана соғатын болды.

Балта тиген сайын, шынардың тоғыз тармақ бұтақтары мен одан өрбіген сансыз бұтақшалар болар-болмас сілкініп, дір-дір етеді. Бұтақшаларға байланған қызыл-жасыл, көк-сары шүберектер пейіштегі тотықұстың қауырсындарындай кемпірқосақ атып, желбірей түседі.

«Ұра берсе құдай да өледі» демекші, бір жерге қайырымсыз қара күш төпей берген соң, Байшынардың бүйірінен кәдімгідей үңгір пайда болды. Қабасақал ақыры әл-дәрмені бітіп, балтаны лақтыра тастап, тапталған жентек қарға отыра кетті. Отыра кетті де қара майдан жылтыраған фуфайкасының қалтасынан махорка алып, газет қиындысынан жуан орап, шишақпақ шағып, шылымын тұтатты. Ащы көк түтін аузынан будақ-будақ шыға беріп, қалың қаба сақалдың арасына біразы сіңіп кетіп, қалғаны ауада қалқып жүріп, ғайып болып жатты.

Қабасақал басына бір керемет ой келгендей емпеңдей түрегелді де:

–Мен қазір... – деді.


Пимасы қарға малтығып, шанаға барды. Бағанадан бері мүлгіп тұрған аттар пысқырынып, құлақтарын қайшылады. Шанадағы шөптің астында жатқан дорбадан бір шиша жермай алып шықты. Жуанқұл мен Дадабай арақ екен деп қалып еді, Қабасақал ай-шайға қарамастан жермайды балта шапқан қуысқа түгел төкті де, отты қойып жіберіп, өзі тұра қашты.

Қуыстан қып-қызыл арыстан шапшып шыққандай отты шарлар лап ете қалды, артынша қара түтін бұрқ етті. Алғашқы қарқыннан соң от әлгі қуысты кеулеп, біразға дейін маздады.

– Ойбай, сорлы-ау, бүкіл ағаш өртеніп кетсе қайтесің? – деп Жуанқұл сасып қалды.

– Қайдан, – деп Қабасақал шылымды қарға түкіріп тастады.

Бұлар оттың әлегімен байқамаған екен, ойылған қардың сықыры жер сілкіндіргендей болғанға жалт қарасып еді, айнала толы адамдар анталап келіп қалған екен. Алдында екі балдағы қарға бойлай кіріп кетіп, арасынан жалғыз аяғы серең-серең етіп, Ахмет ұста келеді. Селеу шашты жайып жіберіп, екі қолын үкінің қанатындай қақырата сермеп, Кенжегүл кемпір зікірін салып, аттандап, азынап, омбы қарды теңіз кешкендей еседі.



Көбінесе түсініксіз зікірдің арасынан ара-тұра зәрлі қарғыс естіледі.

– Аяғыңа аш ішегің шырмалып, тобығыңа тоқ ішегің оралсын! Жұлыныңды қарабас аққұрт кемірсін!

Бастарын орамалмен шандып алған қатындар айыр, күрек, көсеуге дейін қаруланып, қаһарланып алыпты.

Жуанқұл, Қабасақал, Дадабай танкілер таптап кетердей жаман қорыққаны сонша, ара мен балтаны алуға да шамалары келмей, шанаға таласа-тармаса мініп, жайбарақат жалығып тұрған аттарды аямай сабалап, көздерін ақилатып, зытып берді... Тек былай шыға бере Жуанқұл:

– Сендерді ме, сендерді трудармияға айдатам! – деп жұдырығын сілтеді.

* * *

Содан бері де қырық жылдан асып кетті. Енді бұл дүниеде Ахмет те, Кенжегүл кемпір де жоқ. Жатқан жерлері жаннат болсын!

Ал Жуанқұл әлі тірі. Баяғы Байшынар тірі, қасқайып тұр. Бірақ екеуі де жарадар. Байшынардың бір бүйірі әлі үңірейіп, қап-қара шор болып тұрады. Тоғыз тарау төбесі түгел жапырақ жайғанда, көлеңкесіне бір колхоздың адамы түгел сыйып кетердей әлі жайқалады, жарықтық. Тек қыста Шақпақтаудың атақты «ақ мылтық» дауылы соққандай, Байшынардың сансыз бұтақтары баяғыдай маңырап, шулап жатады. Сол қалың шудың арасынан құлаққа ыңырсыған сарын естіледі. Баяғы балта шапқан жара сықырлайды.

Сол кезде төсегінде Жуанқұл да бебеулеп жатады. Сонау қырық үшінші жылдың қысында ауданнан боз айғырды сабылтып, кештетіп келе жатып, Байшынардың тұсынан өте бергенде, шынардың бүйіріндегі үңгірден бір үкі қалбаң етіп ұшып шыққанда, боз айғыр кісінеп жіберіп шалқалай жалт бұрылғанда, Жуанқұл аттан тұңғыш рет қалпақтай түсіп, белі мертіккен. Омыртқасы опырылып, жұлынын қысып қалған деседі. Содан бері төсектен тұрмайды. Бірақ құдайдан күндіз-түні өлім тілесе де, құдай құлақ аспайды. Оны мүлде ұмытып кеткен сияқты. Өлім келмейді. Әсіресе дауылды түндері Жуанқұл сарнап шығатын көрінеді. Байшынардың ыңырсыған үніне үн қосып сарнайтын көрінеді. Жуанқұл айтқан көрінеді:

– Бәрі де өзімнен болды. Ешкімге налам жоқ. Тек тілегім – менің төсегімді Байшынар көрінетін тереземнің тұсына салып беріңдер, – депті дейді.

Сол терезеден далаға көз салып Байшынарды көреді, одан әрі көк аспан көрінеді. Жуанқұл күні-түні Байшынарға:

– Кеш, кеше гөр, – деп жалбарынады.

– Жайрағыр, жай түсіп, жайрасаңшы! Сен жайрасаң, менің де демім таусылып, жаным жай табар еді, – деп зарлайды дейді.

Бірақ екеуі де ұзақ жасап келеді. Алдарында әлі қанша жарық сәуле бар, ешкім болжай алмайды.


ШЕКШЕК ШЫРЫЛДАЙДЫ

Хадиша қалжалаған адамдай, қара суға түсіп, көп терледі. «Енді осы бір ыстық судан өлсем де қояйыншы» деп бір ойлады. Ақ шәйнектің қақпағын ашып қарап еді, буы бұрқ етті де, түбінен қып-қызыл қою шай жайнап көрінді. «Шай шекеге тимейді ғой, сарқып іше салайын», – деді тағы да.

Сыны кетпеген қызыл шырайлы жүзінен тер шүмектейді. Көзіне құйылып кете береді. Хадиша дастарқандай ақ бет орамалмен көзінің терін сүртіп, дәліздеп тысқа қарады. Арық бойындағы орылмаған шырмауық пен сора тот басқан қаңылтырдай қошқылданып кетіпті. Алма ағаштардың жапырағын тозаң тұтып қалған. Барып тұрып әрқайсысын дымқыл шүберекпен сүрткің келеді. Алмасының күн жақ беті қызара бастапты. Жүгерінің желегі түсіп, шашақ шығарыпты. Күнбағыстың бастары салбырап қалған екен. Тікесінен ұйықтап тұрған тұтқындар сияқты. Қызанақ помидорды тауықтар шоқып жатыр. Хадиша ішінен: «Ә, арам қатып, қырылғыр», – деді. Помидор биыл ырғын. Жалғыз өзі қанша жейді. Әлгі Шалабай қайнысының балаларына:

– Жинап алыңдар, – деп еді.

– Өзіміздікі де бар ғой, – деп олар да қарамай қойды. – Ой-хой, тоқшылық-ай, – деді Хадиша. «Құдай кесірінен, пәле-жаласынан сақтасын, әйтеуір. Ақ түйенің қарыны жарылды ғой».



Хадиша даланы жаңа көргендей, аңырып ұзақ қарады. Көшеде жан жоқ. Мал қораның көлеңкесінде жатқан сары төбеттің тілі салақтап, екі бүйірі солқ-солқ етеді. Жайшылықта құрқылдап, тыным таппай зікір салатын құмыр құстар да қазір ағаш бұтағында көк теректің безіндей боп бедірейіп қатып қалған. Тек шекшек қана алабота арасынан жағы тынбай шырылдайды. Шілде шықпаған кез. Дала ыстыққа мойынұсынып, мүлгіп тұр.

Бұл көріністен кейін Хадишаның маужырап ұйқысы келді. Шай ішіп отырған жеріне бешпентін жастанып жантая бергені сол еді, далада біреу дауыстағандай болды. Хадиша басын жерден болар-болмас көтеріп, сыртқа құлақ түрді.

– Фото! Фото! Сурет!

Әлгінде ғана мүлгіп тұрған көшеге үй-үйден адамдар жүгіріп шықты. Ауыл – ауданнан шалғай, мұнда сырттан біреу келсе, бәрі көргісі келеді. Әрі десе суретші келсе, кім шыдап тұрсын.

Хадиша:

– О, суретіңмен құрып кет! – деп бешпент-жастыққа қайтадан басы сылқ ете қалған. Бірақ осы кезбе суретші ана жолы келгенде, Ақшай ауылдасы жас күнінде түскен суретін үлкейттіріп алғаны есіне түсті.

«Соры құрғыр! – деді Хадиша жалғыздан-жалғыз жатып, әлдекімге ернін шығарып. – Осы күнгінің жастары құсатып суретін Құрақбас шалының суретімен қатар іліп қойыпты. Ұят-ай. Екеуінің де жиегіне кестелі орамал тұтып қойыпты. Сәніңмен қараң қалғыр!»

Хадиша жатып алып Ақшай кемпірді қанша мұқатса да, әлгі сұңқылдаған суретшіге өзі де бармақшы болып орнынан түрегелді. Хабарсыз кеткен Мақсұттың әскер киіммен түскен жалғыз бейнесін үлкейттіріп алсам деп бұрыннан оқталып жүретін. Алыстағы аудан орталығына апарып үлкейттіруге қолды-аяқты бала емес, жүгіріп барып келе қоятын. Тізесі түскір сырқырайтынды шығарды. Белі де шойырыла береді. Осының бәрі соғыс кезінде жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп, таудың мұздай суымен қызылша суғарғаннан дейді. Бәрі енді шығып жатыр.

«Іздегенге – сұраған. Іздегенімнің өзі келіп тұрғанда, бұл қай жатысым», – деді. Ескі әбдіренің түбінде ораулы жатқан қатырма қағазды жарыққа таман ұстап қарап еді, Мақсұт үйге кіріп келгендей, көз алдына маңдайы жарқырап, дөң қабақ, ер келбетті бозым жігіт тұра қалды.

Бұл соғыстың алдында ғана түсірілген бейне болатын. Мақсұт Халкинкөл шайқасына қатысып, атты әскер қызметін атқарып қайтқан.



Елге келгенде оның ат құлағында ойнайтын өнерін көріп жұрттың таңдайы тақылдаған. Мақсұт шауып бара жатқан аттың бауырына сылқ түсіп кетіп, қайтадан үстіне мініп алады... Сөйтіп айтулы жігіт атанып жүріп, осы Хадишаға жолығып еді...

– Ah, жалған дүние-ай! – деп күрсінді Хадиша суретті орамалмен сүртіп тұрып.

Мал қораның қасында тілі салақтап, ішін соққылап жатқан Майлыаяқ Хадишаны көріп, шынжырын сылдырлатып орнынан атып тұрды. Құйрығын бұлғаңдатып, жуынды тілеп біраз қылымсыды. Хадишаның қолындағы тамақ емес, қағаз екенін көрген соң, жалмажан өз құйрығын өзі қуалап бір орнында шыр көбелек айналды. Мазасыз шыбын тісіне тимей, жынына тиіп, ақсиған аузы сақ-сақ етеді.

Фотограф Хадиша әкелген суретке қарап тұрды да:

– Сеники бала? – деп сұрады.

– Әй, денің сау ма, қараң қалғыр? Ол менің күйеуім! – деді Хадиша сақпандай сарт ете қалып.

– А, мен ойлаған сеники бала, – деді фотограф ыңғайсызданып.

– Сен, ойлама, ойыңмен қатып, жер жастанып жата қалғыр, ойлағышын мұның. Үлкейтіп бер! Жақсылап! Бір жерін бүлдіруші болма.

Хадиша бір көрген адамына мұндай тік келетін көкайыл емес еді. Мақсұттың жап-жас боп, өзінің кемпір көрінгені жанына қатты батты. Сірә, қазақ: «Қосағыңмен қоса ағар» деп бекер тілемесе керек. Қоса ағармаған Мақсұттың жастығы – жанға күйік.

Фотограф ә дегенде әлгі сөзге ашуланайын деп еді, бірақ әйел байғұстың жанды жарасын тырнап алдым-ау, деген ой тежеді. Сонан соң Хадишаға күле қарап:

– Сеники бай екеу түскен сурет бар? – деп сұрады.

Хадишаға бұл сұрақ та шаншудай қадалды.

– Ой жазған-ай, сен де қай-қайдағыны сұрайды екенсің. Жоқ ондай сурет. Екеуміз әне барып түсеміз, міне барып түсеміз деп жүргенде, әлгі соғыс басталып кеткен жоқ па. Ол кезде үйленгендер бұл күндегінің қыздары мен жігіттері құсап құшақтасып суретке түсіп, елге белет таратпаушы еді. Бүгінде жақсы ғой. Бастары әуелі суретте түйіседі.

Фотограф Хадишаны бір түрлі аяп кетті. Мақсұттың әскерде түскен суретін ұстап тұрып қалды:

– А сеники қыз күндегі сюрет бар? – деп сұрады.

Айнала бала көтерген келіндер, қызыққа келген кемпірлер

фотографқа таңдана қарап қалған. «Хадишаның қыз күніндегі суреті неге керек?»

Хадиша Мақсұттың бейнесіне қолын созып тұрып:

– Е, менің қыз күнімдегі суретімді қайтесің. Жеке түскенім жоқ. Бір құрбы қызыммен түскен біреуі жатушы еді әбдіреде, білмеймін, жатқан шығар, жау алар деймісің, – деді. Неге екенін өзі де байқамай Мақсұттың суретіне оң қолын созды да тұрды.

– А сен подружка екеу түскен сюрет әкел, а? – деді фотограф.

– Оны қайтесің, байғұс-ау? – деді Хадиша созған қолын тартпаған күйі.

– А сен әкел, а. Кейін көресин.

– Мені қайтесің, жазған-ау. Онан да ананы жақсылап үлкейтіп бер, – деді Хадиша суретке қолын созып.

– Сен өзиндики сюрет әкел, – фотограф қасарысып қалды.

– Орыспысың деген. Айтқанынан қайтпауын қарашы, – деп Хадиша үйіне барып, бір заманда жолдас қызымен бірге түскен суретті алып келді.

Фотограф екі қыз құшақтасып күліп түскен суретке бір, Мақсұттың жеке түскен суретіне бір қарады. Содан соң Хадишаға қарады. Басын шайқап қойды.

– Немене, ұқсамаймын ба? – деді Хадиша секем алып. – Сенбей тұрсың ба? Мынау менмін, мынау – Ұлбосын. Бірге өсіп ек. Бір партада отырушы ек, комсомолға да бір күнде өтіп ек. Бір ауылдың қыздары едік қой... Ол күйеуге менен бұрын кетті. Ұлбосын ұзатылардың алдында ғана түсіп едік. Екеуміз мәз болып күліп қаппыз. Не күтіп тұрғанын қайдан білейік... Ұлбосынның да шекесі қызып жүргені шамалы. Күйеуі соғысқа кетіп мерт болды деген хабар келді. Жалғыз ұл баласы бар еді, енді сол ер-азамат болып, Ұлбосын соның қолында отыр. О да тәуір. Орнында бар оңалар...

Фотограф алдындағы алқа-салқа, әжім-әжім кемпір мен мына суреттегі күлімдеген қыздан ұқсастық іздеп біраз отырды. Көзі ғана сол баяғыдай ұшқынды екен.

* * *

Араға апта салып, фотограф «Запорожец» машинасын томпаңдатып қайтып келді. Жұрттың заказдарын тап-тұйнақтай орындап, қол-қолына үлестіріп берді.



Бәрі мәз.

– Ойбай-ау, бұрынғыңнан да әдемі боп кетіпсің ғой, – десіп жатты бір-біріне.

Бұл фотографтың бір ерекшелігі баяғыда түскен суреттің бәрін де кім болса ол болсын, қазіргі модамен киіндіріп қояды. Баяғыда шекпен, бешпент киіп түссең, енді сол суретің үлкейгенде, әдемі костюм, ақ көйлек киіп, әсем галстук тағып жылмиып шыға келесің.

Желі бар қақсауық аяғын сылти басып Хадиша да жетті әлден соң. Фотограф қатырма қағазға жапсырылған табақтай үлкен суретті оның қолына үндемей ұстата салды. Хадиша әуелі танымай қалды. Тершіп тұрған бет-аузын, көзін орамалмен асықпай сүртіп болып, әлгі суретті алыс ұстаңқырап тұрып тағы қарады. Маңдайы жиырылып, қасы керілді. Көзін жұмып-жұмып алып, қайта қарады.

«Мұнысы несі екен? – дегендей қасында тұрғандар суретке қосыла үңілісті.

– Пәлі, Хадиша-ау, ана байың саған теріс қарап қалыпты ғой. Екеуің ұрысып отырып түскенсіңдер ме? – деді Ақшай.

Дәл осы сөзді суретшіге Хадиша өзі айтқалы оқталып тұр еді, мына Ақшайдың қағытуынан кейін күрт өзгеріп, фотографқа қарап:


– Қарашо, қарашо! – деді.

«Шатақ шығара ма?» деп қыпылдап тұрған суретшінің тынысы кеңіп сала берді. Ол Мақсұттың бұрынғы суретінен көшірме жасап, әскер киімінің орнына жаңа костюм, ақ көйлек, қара галстук кигізді. Бірақ фуражкаға тиген жоқ. Фуражканы алып тастау қиын болды, адамның түр-түсі бүлінетін тәрізді. Сөйтіп Мақсұт қырқыншы жылдың әскери фуражкасын, жетпісінші жылдың модалы костюмін киген қабағы қатулы, сұсты жігіт болып шыға келді.

Суретші содан соң Хадиша мен Ұлбосын құшақтасып түскен фотодан Ұлбосынды қиып тастап, оның орнына Мақсұтты қондырды да, үлкейтіп қайта түсірді. Бұрын Ұлбосынмен басы түйісіп, күлімсіреп тұрған Хадиша енді оқшау қалған, Мақсұтқа қабыспайды-ақ. Әлденеге ашулы күйеуінің өкпесін жазып, жадыратқысы келгендей кейіп бар Хадишада.

– Байғұс-ау, мұны қашан түсіп жүрсіңдер? – деді Ақшай анадайда алшысынан түскен асықтай болып.

– Беу, Ақшай-ай, – деді Хадиша сылдырап су аққан арықтың жағасындағы терекке сүйеніп отыра кетіп: Баяғыда жаңадан қосылғанда түспеп пе едік. Талай көріп едің ғой. Неғып білмей қалдың?



Құрақбас екеуің құсап, Мақсұт екеуміз екі жерде ілулі тұрған жоқпыз. Құдайға шүкір, қашаннан біргеміз.

Хадишаның даусы жарқын-жарқын өктем шықты. Ақшайдың кәдімгідей жүні жығылып қалды. Түр-әлпеті алшы асықтың сақа тиіп құлағанындай.

– Міне, үлкейтіп алдым, – деді Хадиша суреттің бетін орамалмен сүртіп, мәпелеп. – Төрге іліп қоямын. Құдайға шүкір, біргеміз, әйтеуір. Әй, суретші, – деді кенет даусын өктем көтеріп. – Мынаның тағы біреуін жасап бер. Түлкібастағы қызыма жіберемін, қарашо да?

Ақшай үндей алмады. Бірақ теріс айнала беріп ернін шығарып қойды.

Жұрт үйді-үйіне тарай бастады.

Шекшек шырылдайды.

ИНТЕРНАТ НАНЫ

Әлтай нанға тоймаушы еді. Басы дәу, үрпек шаш, мойны қылдырықтай, шүңірек көз, томпақ ауыз қара бала болатын. Болбырақ, оқуға олақ, есі-дерті ауқатқа ауып кеткен сияқты еді. Сабақтан қала береді. Ебі келсе асханаға кезекші болуға тырысады. Кезекшінің міндеті – екі шелекпен өзеннен еңірете су тасиды. Жүз баланы асырайтын тайқазан толғанша тасиды. Одан ыдыс-аяқ жууға қосымша тағы тасиды. Кезекшіліктің ең ауыры осы. Интернаттың іргесін жалап ағатын өзеннен асханаға құбыр тартуға ол кезде шама келмеді ме, әлде құнт болмады ма, біз қайдан білейік, әйтеуір, ауыр-ауыр екі шелек буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жеткіншектердің екі иінінен зілдей басып, онсыз да тапал бойды төмен тартар еді.

Кезекші су мәселесін шешкен соң, картоп аршуға кіріседі. Одан кейін ұзыннан-ұзақ созылған үстелге екі қатар қалайы тәрелкелерді, қисық-қыңыр қалайы қасықтарды қойып шығады. Содан соң барып әрбір тәрелкенің тұсына тілдей-тілдей кесілген қара нан қояды. Бұл кезде Әлтайдың қасына тәрбиеші немесе аспаздың өзі ілесіп жүреді. Соның өзінде де Әлтай олардың қырағы көзін ала беріп, бірер кесегін томпақ ауызға бұралақтап ұрып жібереді. Тәрбиеші оның



аузына күдіктене қарар еді. Бірақ Әлтай сыр бермейтін. Сірә, нанды шайнамай жұтып жіберетін шығар.

Түс кезінде мектептен балалар апыр-топыр жарыса оралады. Кітаптарын бөлмеге қояр-қоймас, асханаға қарай анталар. Сонда Әлтай оларға кәдімгідей одыраңдап:

– Өй, өңшең жалмауыз, топырламай бір-бірлеп кіріңдер, – деп есіктің аузында тұрады.

Кезекшілік күні өткен соң Әлтайдың көңілі той тарқағандай құлазып қалады. Интернаттың әшмүшкедей нормалы нанын місе тұтпай, қоңқылдап, сабақ біткенше әрең шыдайды. Кейде соңғы сабақтан қашып кетеді. Жол-жөнекей драмтеатрға соғып, қандай спектакль жүретінін, қандай контрамарка болатынын біліп алады. Интернатқа келе сала ас үйден бір түйір картоп сұрап алып, оны ойып мөр жасайды. Кітаптың қатырма мұқабасын кесіп-кесіп картопқа сия жағып, мөрді картонға мұқият басады. Сөйтіп әрбір контрамарканы нанға айырбастайды. Театрға барушы талапкерлер табылады. Аш қалуға бейіл, бірақ «Қобыландыны», «Қыз Жібекті» көруге құштарлар, құдайға шүкір, бар. Театрдың қызметкерлері ойын соңында контрамарканың соншалықты көбейіп кеткеніне таң қалысады.

Нанды қиып, театрға барғандар спектакльден қайтып келгенде қарындары ашады.

– Ұйықтаған соң қарынның ашқаны білінбейді, – дейді әр нәрседен хабары бар қарашай Хасболат.

– Онда шуылдамай тезірек жатайық, – дейді балалар.

Балалар ұйқыға кетеді. Бір бөлмеде он адам жатады. Бәрі әскер балалары. Бәрі де ауылдан келген. Облыс орталығында соғыстан соң жаңадан ашылған интернат-пансионда жатып оқиды. Майданнан әкесі қайтпағандар, соғыстан ағасы келмегендер, аш қарын ұйқыда түстерінде ауылдың нарт қызыл таба нанын көріп, тамсанып жатады.

Осы кезде Әлтай басын көрпемен жауып алып, нан жейді. Біреу естіп қоймасын деп, дымын шығармауға тырысады. Контрамаркаға айырбастап алған нанды тауысқанша ұйқы жоқ.

Бір күні Әлтай әшкереленіп қалды. Сәттіғұл дейтін бала оның түнде нан жеп жатқанын біліп қойыпты.

– Полундра! – деп Сәттіғұл айқай салсын. Балалардың бәрі үй өртеніп бара жатқандай орындарынан сасқалақтап атып-атып тұрсын.

– Не боп қалды?

– Әлтай нан жеп жатыр!



–Нан?!

«Нан» деген сөзді естігенде, ұйқы шайдай ашылады. Жеті түн ішінде таң атып, күн шығып, он жетімнің тар бөлмесіне нұр шашырағандай болады. «Нан» деген сөз – алыстағы ауылдан апаң келіп тұр дегенмен бірдей. Айында-жылында ауылдан апаң бір келгенде кіші қалта талқан, бірер таба нан әкелер еді. Іні-қарындасыңның аузынан жырып әкеп тұрғаны есіңе түскенде, талқан тамағыңнан өтпейді-ау.

Сәттіғұл барып Әлтайдың үстінен көрпені жұлып алады. Әлтай қақпанға түскен қасқырдай ақсиып айбат шегеді.

– Бер бізге де! – дейді Сәттіғұл. Басқалар бұл кезде Сәттіғұлды үнсіз қуаттап анталап тұрады.

– Неге берем, өзімдікі! – деп шаңқ етеді Әлтай.

– Жоқ, біздікі! – дейді Сәттіғұл.

– Контрамарканы қайтар, сонда берем, – дейді Әлтай енді қайтер екенсің дегендей.

– Контрамаркаң жалған. Сені ол үшін соттату керек. Жалған документ жасағаны үшін соттайтын заң бар екенін білмейсің бе, – дейді Сәттіғұл.

– Онда сол контрамаркамен ұдайы неге өзің театрға кіріп жүрсің? Сені де соттау керек, өлсем – жастығымды ала кетермін, – деп Әлтай қасарысады. Бірақ өзінің кінәсы басым екенін сезіп жаси бастайды.

– Нан қалған жоқ, әйтпесе не көріпті, беремін ғой, өле жегенше бөле же деген ғой.

– Өй, сен мақалдамай шығар бері, қалған жоқ деуін қарашы. Балалар, шамаданын ашыңдар! – деп бұйырады Сәттіғұл.

Әлтайдың пәнер тақтайдан шағын чемоданы бар, аузында жұдырықтай құлып тұрады. Әлтай өз меншігін қорғамақ боп, кереуеттің астына ұмтылады. Бірақ еңгезердей Сәттіғұл оны төсектің үстіне атып ұрып, тырп еткізбей қол-аяғын басып жатады.

– Атаңа нәлет, Қодар! – дейді Әлтай ышқынып, – босат былай!

Балалар театрдан қайтқан сайын ондағы ойынды өздері қайталап, біреу Төлеген, біреу Бекежан болып шыға келетін. Сәттіғұл Қодар ролін ойнаушы еді. Содан да Қодар атанып кеткен.

– Дымыңды шығармай жат, паразит Қарабай, – деп масаттанады Сәттіғұл Әлтайдың дүниеқоңыздығын бетіне басып.

Құлыптың кілті табылмайды. Оған балалар онша өкіне де қоймайды. Епті біреуі шегемен-ақ аша салады.

Перғауынның мыңжылдық алтын табыты кенеттен табылғандай-ақ,



балалар аң-таң болып, ауыздарын ашып аңырып біраз тұрып қалады. Чемодан ашылғанда, ішінде тілім-тілім нан, бір қалта бидай талқан, бір қалта қуырған жүгері, бір қалта құрт жайнап жатады. Балалар енді есін жиып мол тағамға қол сала бергенде, Сәттіғұл айқай салады:

– Тәртіп сақта! Біз мародер емеспіз, саналы азаматтармыз. Бәрін заңды түрде жасауымыз керек. Біз феодализмнің кәрі қақбасы Қарабайдың малын кәмпескелейміз. Бәріміз теңдей бөліп аламыз, – деп тамақты бөліске сала бергенде... есік сарт ашылып, табалдырықта алпамсадай алып адам иығына шинелін желбегей жамылып, міз бақпай тұрып қалады. Қалың қастары бірігіп кеткен. Көзі оқтаулы мылтықтай. Тұла бойы қаһарлы.

– Бұл не шу?! – деп ақырады әлден соң. – Неге ұйықтамайсыңдар?

Әлтай арыз айта алмас. Өйткені өз кінәсі ашылып қалады. Басқаларда да үн жоқ. Өйткені біреудің чемоданын тонауға болмайды. Интернат меңгерушісі қос қолын галифе шалбардың қалтасынан шығармай «қазыналы» қара чемоданға шалқақтай қарап қалады. Қалың қара қасын бір жоғары, бір төмен ойнақтатады.

Әлден соң:

– Так-так... Бәрің далаға шық! – деп бұйырады. Аулаға шыққан соң, асхананың алдына балаларды қатарға тұрғызады.

– Смирно! – деп бұйырады. Сөйтеді де асықпастан шалқақтай басып өз үйіне қарай беттейді...

Кетіп қала алмайсың. Түн ортасында тікеңнен тік тұрған да оңай емес. Балалар күңкілдеп Сәттіғұлды кінәлай бастайды.

– Сен болмағанда тып-тыныш ұйықтап жататын едік.


– Мен сендерге жақсылық жасамақ болсам, қарай гөр бұларды. Мен емес, анау Қарабай кінәлі, – деп Сәттіғұл жабайы қодастың назарын Әлтайға бұрып салады. Әлтай енді бір табын сиырдың ортасына түскен қасқырдай болады. Оның бақытына қарай интернаттың бастығы қақырынып-жөткірініп үйінен шығады. Балалар қыбыр етпей «смирно» тұрып қалған. Ай сәулесіне қасқа басы шағылысып, дәу ағай асықпай бір-бір басып таяп келіп:

– Қарындарың ашты ма? – дейді.

Дәл қазір «жаурадыңдар ма?» деген сұрақ орынды сияқты. Бірақ интернат меңгеруші: «Қарындарың ашты ма?» – деп сұрайды.

– «Қарным ашты десем, әлдене деп жүреді», – деп ешкім үн қатпайды.

– Айтпайсыңдар ғой, ә? Онда тұра тұрыңдар тағы да, – деп дәу ағай қайтадан өз үйіне асықпай аяңдай бастайды.



– Ағай! Ағай! Тоқтаңыз, – дейді шыдай алмаған Хасболат күркіреуік даусымен. Онан соң жолдастарына қарап:

– Неге үндемейміз? Айтпаймыз ба, тұра бергенше! Қарнымыз ашты, ағай, – дейді.

– Ашты.

– Ашты, – деп әр жерден бір дауыс дірілдеп шығады. Сонда дәу ағай:

– Ашынған қарын тойынар. Барыңдар, ұйықтаңдар! – деп бұйырады.

Жақсы сөз – жарым ырыс, балалар жәбір-жаманшылықтың бәрін ұмытып, жылы көрпелердің астына қойып-қойып кетеді. Сол көңіл тоқтықпен рақаттанып ұйқыға кірісе бергенде, әрбір төсектің басына Әлтай келіп, балаларды басынан түрткілейді.

– Мә, – дейді аң-таң болған жолдасына Әлтай бір тілім нан ұсынып. Нан жетпегендерге бір уыс талқан немесе бір түйір құрт тиеді. Бөлме іші мейірімге толғандай. Сол сезімнің әлдилеуімен он бала тәтті ұйқыға кетеді. Түстерінде бір қанар нан арқалап, балаларға үлестіріп жүрген дәу ағайды көреді. Жаңа жыл екен дейді. Интернат асханасының қақ ортасына үлкен шырша орнатылған екен. Шыршаның әрбір бұтағынан қызыл-күрең бөлке-бөлке нан салбырап тұр екен. Дәу ағай Аяз-Ата болған екен, Жаңа жылда конфет орнына бір-бір бөлке нан сыйлап жүр екен. Сол бөлкелердің қақ ортасына Әлтайды салбыратып іліп қойған екен...

Қыстың қысқа күні асханадағы тілдей қара наннан басталады. Ештеңе өзгермеген. Әлтай бүгін кезекші емес, содан да қабағы салыңқы. Кезекші болмаған күні мектепке барар жолдағы нан магазинін қалайда бір сүзіп өтер. Магазинші сары әйел ұдайы ашулы болады. Әлтайдың карточкасы жоқ екенін біледі де:

– Бар, айда! – деп қуып жіберетін.

Бүгін де мектептен қайтқанда шыдамай, кабактың тұсына тоқтамай өтпейтін маскүнем құсап, Әлтай нан магазиніне қалай кіріп кеткенін өзі де білмей қалған. Кіруін кірсе де, сатушы қатын ұрсар ма екен деп қипақтаған. Бірақ сары әйелдің жүзі жарқын, қабағы жазылған. Сақ-сақ күледі. Күледі де пештен жаңа шыққан жып-жылы нанды күндегідей тілдей етіп тілмей, бөлке-бөлкесімен беріп жатыр. Карточкаға емес, ақшаға беріп жатыр. Магазиннің іші нанға тіреліп тұр. Жарықтықтың иісі жұпардан жүз есе артық.

Әлтай интернатқа алып-ұшып жетіп, асханаға кірсе – күндегі тілдей тіліктердің орнына жарты бөлкеге жақын дәм қойылған екен.



– Ал, қарындарың тояды енді! Карточка системасы жойылды! Нан молайды. Сендерді нан күнімен құттықтаймын! – деді интернат меңгерушісі. Бұл – 1947 жылдың 16-желтоқсаны еді.

Әлтай сонда әлгі нанды жеп тауыса алсашы! Әшейінде бұралақтап ауызға бір-ақ асайтын асты тауыса алмай, тойды да қалды.

* * *

Мен бұл кезде қызметке баратын жолда астанадағы ең үлкен нан магазині бар. Ешқандай жұмысым жоқ, тамағым тоқ болса да әлгі магазинге анда-санда бір кіріп шығамын. Нанның сондағы түр-түрі-ай. Қазақтың таба наны дейсің бе, украинаның қара наны дейсің бе, қалалық ақ бөлкелер дейсің бе, кірпіш нан, дөңгелек нан... Магазиннің іші жып-жылы. Нан иісі – ана сүтінің иісіндей. Осы магазиннің тұсынан өткен сайын, интернат есіме түседі. Әлтай қазір аудандық оқу бөлімінің бастығы, ғылым кандидаты. Сәттіғұл ірі совхоздың директоры. Мен болсам...

Жиі-жиі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда, интернаттың бір тілім қара наны болмағанда, біз осы дәрежеге жетер ме едік? Кім біледі...

Нұр жаусын саған, интернаттың қара наны!

ҚАСҚЫРДЫҢ ТАРАМЫСЫ

Ауылы жақындар сенбі күні түс ауа үйлеріне барып, содан дорбаларын арқалап, жексенбінің кешіне қарай интернатқа қайта оралып жатқан кез.

Менің ауылым қаладан қашық. Қала мен алыстағы ауылымның арасын Қара маржан тауы бөліп жатады. Басқалар сияқты үйіме барып келе алмаймын. Демалыс күндері көбінесе интернатта жалғыз қаламын. Дәлірек айтқанда, жалғыз емеспін, Нарбота деген бала да бар. Менің серігім – сол. Дардай атының алғашқы буынын, яғни «нарын»



алып тастаса, оған со да жетер еді. Нар қайда-а-а! Тұрған бойы жаңа туған ботаның сықпытындай нәп-нәзік. Аяқ-қолы шидей. Бірақ басы ботаның басындай үрпек, үлкен екені рас. Жанары да ботаның көзіндей жәудіреп, сәл-сәл жасаурап тұрады.

Нарбота – тақыр жетім. Әкесі соғыста опат болған. Шешесі қырық үшінші жылы өкпесіне суық тиіп, кешікпей күйеуінің соңынан жөнеп берген. Оннан жаңа-жаңа асқан баланы ағайындары жетімдер үйіне өткізсе керек. Содан биыл оқу басталарда, біздің интернатқа ауыстырылды.

Интернаттың балалары демалысқа ауылдарына кеткенде, Нарбота күн ұзаққа ауладағы ас үйдің күншуағында кітаптан бас алмай отырады да, кешке өз төсегінен қашып менің қасыма келеді. Жалғыз жатуға қорқамын дейді. Сөйтіп ол менің көршім Хасболаттың койкасына келіп қисаяды.

Демалыста екеумізге бола қазан көтерілмейді. Аспаз апай мен тәрбиеші апай екеумізге нан, колбаса беріп кетеді. Соны қара сумен ішіп-жеп жүрек жалғаймыз.

Нарбота ауылының қайда екенін білмейтін де сияқты, сағынбайтын да сияқты. Ал мен ауылымды аңсаймын. Нарбота күншуақта кітапқа шұқшиса, мен интернат үйінің қызыл қаңылтырлы төбесіне шығып алып, алыстағы Аспантауды іздер едім. Үйдің төбесіне шықпасаң, жан-жағы биік дуалмен қоршалған ауладан Аспантау көрінбейді. Тіпті шатырға шыққанның өзінде Аспантау ұдайы көзге түсе бермейді. Көбінесе бұлт болып тұрады, не тұман түседі, кейде мұнар перделеп қалады. Ал қыстыгүні кешке жақын кей күндері Аспантау ап-анық, әсіресе шыңдарын батар күннің қызылы шалғанда лағыл тас алаулағандай болып, көзге оттай басылатын.

Ауылым сол Аспантаудың бауырында ғой. Ақсайдың аңғарына терезелері тесіле қарап тұратын ең шеткі қоржын үй – менің үйім. Мыңбұлақ ауылының тау жақ шетіндегі сол аңсаулы мекенді көзімді жұмып тұрып-ақ көре беремін. Қазір сол үйдің алдындағы күресін қардың үстінде үш адам солтүстік-шығысқа, Күйіктің асуына қарап қалт тұрып қалған сияқты. Біреуі – ескі солдат шинелін киген Айша. Солдат шинелін Борандының базарында бір себет жұмыртқаға айырбастап алған. Айшаның екі жағында екі бала: қарындасым, біреуі – інім. Үшеуі де демалысқа үйге қайтар ма екен деп менің жолыма қарап тұрғандай болады. Үшеуі мына күн батар сәтте менің жолыма қарап тұр-ау деген ойдың осып өтуі мұң екен, көңілім уылжып,



алқымыма өксік тығылып, мына қытымыр аязда көзімнен күйдіргі жас ыршып-ыршып кетті.

Ауылдарынан оралып, дорбаларын артынып, қарындары да, көңілдері де тоқ, аулаға абыр-дұбыр кіріп жатқандарға жауыға қарап, үйдің төбесінде мұржаға сүйеніп тұра бердім. Жалпаңдап алдарынан шыққым келмейді. Бірдеңе дәметіп тұр-ау деп қала ма, кім біледі. Тек иесіз ала қанден Тузик те шала құрсақ, жуындысыз қалып еді. Енді намыссыз неме, иттігін істеп, жағымпазданып, жаутаң-жаутаң етеді. Сонда Әлтай дейтін таңқы танау:

– Тузик, Тузик! Мә-мә, – деді. Тузик байғұс құйрығын шыжбаңдата, шыр-пыр болып, құлдыраңдай жүгіріп, Әлтайдың алдына жете бере жер бауырлап жата қалып еді, Әлтай оны қара тұмсықтан теуіп кеп жіберді. Тузиктің қаңсылаған даусы сонда жарты Әулие-Ата әлеміне естілді-ау деймін. Жыла, сорлы, нең бар тілемсектеніп.

Қыстың қысқа күнінің қызылы да лезде суалды. Аспантаудың алмас шыңдарын лағыл тасқа айналдырған сәуле де сөнді. Қаптай түскен қараңғылық көз алдымда жаңа ғана жайнап тұрған сұлу суреттің бәрін жалмап қойды да, Аспантау шыңдары мұңайып тұрып-тұрып, теңізге батқан кеменің желкеніндей жоқ болды. Білтесін басқан шырағдандай көңілім менің пәс тартып, төбеден төмен қарай түспекші едім... шаң-шұң дауыстарды естіп, сатыға аяқ артқан күйі тұрып қалдым.

Байқаймын, шаңқылдаған Әлтайдың даусы. Сол-ақ, әйтеуір, әлденеге ұрынады да жүреді. Аспантаумен жүздесемін деп отырып, көп қызықтан құр қалып қойсам керек, сатыдан тез-тез түсіп, жүгіріп бөлмеге кірсем... Әлтай Нарботаның жағасынан алқымдап тұр. Айнала біраз бала Әлтайдың қылығын қызықтап, шатақ қыза түссе екен деп құлқын қағып тұрғандай.


– Бол! – дейді Әлтай онсыз да әлжуаз, әрі аш құрсақ Нарботаны қылқындыра түсіп. – Тап табанда!

Нарбота қолтығында әлгінде оқып отырған кітабы, шарасыздан жыламсырап, жан-жағына қарайды.

– Жаның шықсын, детдомнан шыққан жанкешті. Детдомның бәрі шпана! – Әлтай шаңқ-шаңқ етті.

– Тиіспе, детдомға. Ол – менің анам! – деді Нарбота, кенеттен қайрат біткендей жағасындағы Әлтайдың қолын жұлқып кеп қалғанда, көк матроска көйлектің жалпақ жағасы дар етіп, зорақының шеңгелінде кетті.

Енді мен шыдап тұра алмадым.



– Не болды? Не жанжал?

– Мынау, – деді Әлтай уысындағы көк көйлектің жағасын не істерге білмей абыржып, көйлекті жыртқаны үшін тәрбиешінің әлі қандай жаза берерін құдай білсін.

– Не істеді ол саған?

– Бір шанаш талқанымды лезде ұрлап алды, – деп Әлтай жыртылған жағаны ұмытып кетіп, қайтадан қайратына мінді.

– Көзіңмен көрдің бе?

– Көрсем де, көрмесем де – осы алды. Мен аулаға кірген бойда, қолымдағы шанашты ас үйдің іргесіне қоя салып, дәретханаға жүгіріп кеткенмін. Сонда Нарбота сол жерде қоқиып кітап оқып отырған. Оқымыстысын қайтерсің! Қызыліңірде кітапшылын. Сөйтіп... қайтып шықсам, шанаш та жоқ, Нарбота да жоқ. Ойнағаны шығар дедім. Жүгіріп, ізінше бөлмеге кірсем, түк көрмеген, білмеген болып, төсегіне шоқиып отыра қалыпты, монтаны болып.

– Е, онда талқаның қайда кетуші еді, шамаданын қарайық. Матрасының, жастығының астын тінтейік. Егер шанашың Нарботадан табылса, сазайын сонда берейік. Ал әзір көйлегін жыртқаның не масқара? Енді тәрбиешіге не дейді?

– Дұрыс! Дұрыс! – деп жамырады жан-жақтан жиналып қалған жұрт. – Шамаданын қарайық. Кілтіңді бер, ей, Нарбота!

Түрпілеу қара одеал, мақтасы жентек-жентек ала матрац, құс мамық орнына мақта тығылған ақ жастық – бәрі де төсектен лезде ұшып түсті.

Ештеңе жоқ.

Шамадан дегенде, Нарботада ескі пәнер шамадан болушы еді, құлыбы да жоқ, ілгегіне ширатып қағаз қыстыра салыпты. Пысықайлар, ішінен ат басындай алтын шыға келетіндей, апыл-ғұпыл ашып еді, іші толған кітап: Толстойдың «Қажымұраты», Лермонтовтың «Мцыриі», Чеховтың «Ақ кәндені», Тургеневтің «Мумуы», «Әуезовтің «Абайы» да бар екен. Тағы бір десте дәптер. Әлтайдың шанашы сол дәптерлердің ішіне кіріп кетті деді ме, балалар парақтап көріп еді, біреуіне тек өлеңдер жазылған екен.

– Ойбай, мынау ақын ғой. Жасырып өлең жазады екен ғой! – деп тақырбас Аманжол шаян шағып алғандай шар етті.

– Қайдағы ақын. Өзгелердің өлеңін көшіріп алады да, – деп Әлтай тыржыңдады. Шамадан ішінен шанаш шыға келіп, көзіне оттай басылмағаны өзегін өртеп, домбық қабақ көзі сөнік тартқан.



Анам менің интернат,
Тағдырым саған аманат.
Асыраған анама,
Келтірмеспін жаманат.

– Жоқ, мынау өзінің өлеңі. Маладес, Нарбота!

– Әй, қабырға газетіне неге өлең жазбай жүрсің-ей? – деп балалар Әлтайдың шанашын ұмытып бара жатыр еді.

– Бұл мүттайым басқа жерге тықты! – деп Әлтайдың жан даусы шықты.

– Есің дұрыс па, енді қайда тығады? – деп қалды бағанадан бері шүбәланып тұрған Тәліп.

– Бұл детдомның шпаналарының білмейтін бәлесі жоқ. – Әлтай: «Ә, таптым» дегендей ұмтылып барып, жуан қарын қара пештің қақпағын ашып кеп қалып еді, кешеден бері от жағылмай уілдеп тұрған неменің суық күлін қуырдан соққан жел бұрқ еткізді де, Әлтайдың аузы-мұрнын қапты да қалды.

Балалар цирктен масқарапаз көргендей мәз-мейрам болып, ал кеп күле, ал кеп күле, тіпті біреулері ішін басып, төсектеріне құлай-құлай кетті. Шыдамаған болуы керек, бағанадан бері жәбір көріп, зорақыдан қорланып, қабағы түсіп, қаяулы тұрған Нарбота да құлыншақша сыңғырлап күліп жіберді.

Кірпік, танауын күл тұтып, тісі ғана ағара ақсиып, зұлыс баласындай болған Әлтай, бұрынғы-бұрынғы ма, енді долдана шапшып, Нарботаның алқымына қол салды.

Шыдамның да шегі бар, Әлтайдың қолына енді мен жармастым:

– Әб-бәлем! – деді Әлтай жоғы кенет табылғандай.

– Сен! Сен! Сен тығып келдің. Бәсе, сен бөлмеге бәрімізден кейін кірдің ғой. Рас па? Қайда жүрдің? Екеуіңнің ұрлығың бір. Мынау саған берді, сен жасырып келдің!

– Тапқан екенсің ұрыны!

Балалар екеумізді ажыратып жіберді. Бірақ Әлтай қояр емес:

– Басқалардың бәрі үйлеріне барып келгендер, осында ошарылып қалған осы екеуің-ақ. Үйсіз-жайсыз қаңғыбас ұрылар!

Сонда Тәліп ортаға шықты.

– Тұра тұрыңдар, – деді ақ құбаша реңі лып ете қалып, қызғылтым тартып, ұп-ұзын кірпіктерін жиі қағып, бадырақ көзін жыпылықтатып қойып:



– Құр дауласқаннан түк шықпайды. Менде арлан қасқырдың тарамысы бар. – Сөйтіп, ол өз шамаданынан, шынында да, ораулы тарамыс алып шықты. – Міне, қазір осының бір талын күйдіреміз. Барсхан мен Нарбота шыннан ұры болса, аяқтары тырысып қалады. Ал ұрламаса – түк те болмайды. Келісесіңдер ғой?

– Дұрыс, дұрыс! Кәне-кәне, көрейік-ей, – деп тақырбас Аманжол тор төсегін шиқылдата аунап түсті.

– Өзің комсомолсың. Қайдағы жоқты шығарасың, – деп, төсегінде теріс қарап жүгері нан жеп отырған Хасболат шот шүйделі мойнын әрең бұрып, алара бір қарап қойды.

– Көрсет, көрсет! Кәне, қызық болсын-ей, – деп Аманжол ентеледі.

– Тұтат, тұтат! Міне, шишақпақ! – деп бір шеттен таңыраңдап, Қодар компаңдады.

– Ал, онда күйді-ре-е-мін, – деп Тәліп сөзінің аяғын күбір-күбір, сыбыр-сыбырға айналдырып жіберді де, шишақпақты быж еткізіп тарамыстың ұшына тигізді. Кәдімгідей күйген еттің иісі мұңк ете түсті. Ызың еткен дыбыс жоқ: бәрі ішін тартып тынып қалған. Қанша адалмын десең де қиын екен: әуелі шыннан үрей билеп, маңдайым жіпсіп қоя берді. Аяғым тырысып қалса өлім ғой. Нарботаға көзім түсіп кетіп еді, ол күзгі қара суықта қалтыраған жапырақтай құты қашып барады екен. Бір сәт: «Осы шыннан ұры болмасын?» деген жаман ой келді басыма.

Қасқырдың тарамысы тырысып-бырысып, шырт-шырт етіп, жанып та болды. Еденге түскен қара күйесі мен қоңырсық иісі ғана қалды.

Енді балалардың бәрі Нарбота екеуміздің бетімізге үңіле қарап, әлдебір ғажайып күткендей қадалады. Біз оларды үздіге күткен қызығынан құр қалдырғандай, кейіптерінде өкініш бардай:

– О-о-ой, – десті.

– Далбаса, – деді біреу.

Тықырбас Аманжол қу:

– Несі далбаса? Әуелі жүргізіп көрейік те. Әй, жүріңдер-ей, – деп итермеледі.

Мен міз бақпай қалдым. Аманжолдың өзін итеріп жібердім. Содан ол:

– Мына дүлей қайтеді-ей, – деп бұрылды да:

– Кәне, Нарбота сен жүріп көрші, – деп майыса қалды.

Нарбота өзінің адал екенін дәлелдегісі келген болуы керек, әуелі тәй-тәй басқан баладай кібіртіктеп бір-екі аттады да, аяғының аман



екеніне қуанып кетті ме, байғұс, кенет жүгіре жөнелді. Қыран-топан бөлменің іші жаңғырықты. Нарботаның екі езуі екі құлағында.

Енді бәрінің назары маған ауды. Менің міз бақпай қалғанымнан күдіктенді, сірә.

– Барсхан, енді сен жүре ғой, – деп сыңсыды Аманжол жақындап келуге жасқанып.

– Жүрмеймін.

– Неге жүрмейсің?

– Ә, құдай біледі, осының аяғы тырысып қалды, – деп енді мені зорлап жүргізбекші болып, екі-үшеуі бірден ұмтылды.

Сонда менің «тырысқан» аяқтарым шошаң-шошаң ете қалғанда, әлгілер жан-жаққа шашырап кетті. Олар ес жиып, қайта ұмтылмақшы еді, бәлені өзі бастаған Тәліп:

– Араша, араша! – деп арамызға тұра қалды. – Бұлар адал екен. Өздерің көрдіңдер ғой аяқтары тырысқан жоқ.

Енді Әлтай туласын:

– Өтірікші! Ол қасқырдың тарамысы емес. Әшейін жұртты ақымақ қылып тұрсың! – деп Тәліпке шіңк-шіңк ете жармасты.

– Олда-білдә, қасқырдікі, – деп Тәліп қарғанды.

– Өзің комсомолсың, тағы да «оллаһи-биллаһи» дейсің, – деп Хасболат жуан мойнын бұрып, төсегінен тұрмастан алара бір қарады.

Сонда таңқы танау Қодар кісілік танытты.


– Бұл дауды соза беріп қайтеміз? Қазір тәрбиеші апай келіп қалса, бәріміз әуреге түсеміз. Шетімізден тексеріп, берекемізді алады. Одан да былай істейік: бәріміз ауылдан бүгін келдік қой, құдайға шүкір, әрқайсымыздың үйден ала келген бір-бір түйіншегіміз бар. Мына жапа шеккен Әлтайға әрқайсымыз қос уыстан талқан жинап берейік. Сонымен дау бітсін, – деді.

– Тапқан екенсің ақымақты! Біреу ұрлайды. Біреу оның айыбын төлейді, – деп гүж етті Хасболат. Бұл жолы жуан мойнын бұрған да жоқ. – Өз басым ешкімге ештеңе қарыз емеспін. Жалпы, Қодар, сенің мәселеңді қарау керек, өзің комсомолсың, – өзің құдай-мұдай дейсің.

– Өй, ол сөздің мысалы ғой, немене, не болса, соған жармаса бересің! – деп Қодар да қоқиланды, – Бермесең бермей-ақ қой, сенсіз де өлмеспіз. Кәне, балалар, Әлтайға жылу жинайық.

Сөйтті де Қодар Әлтайдың портфелі орнына жүретін кітапқап шүберек дорбасын қолына алып, қатар-қатар төсектің шетінен бастады.

Шеткі төсекте үрпек сары Әзімбай жатушы еді:



– Өзі азғантай ауқатты бөліп... – деп бұртиса да қызыл дорбаға қос уыс талқан салды.

– Ой, маладес, – деп Қодар келесі төсекке келді. Жылпос Аманжол қутың-қутың етіп:

– Мен бір-ақ уыс саламын, ей, – деді.

– Неге?

– Менің талқанымның ішінде шекері бар.

– Е, онда шекеріңді бөліп ал да, қос уыс сал.

Қыран күлкі. Құмшекерді талқаннан қайтіп бөліп алады?

– О, арам, уысын қысып қалды, – деп шырылдады әркімнің әр қимылын қалт жібермей аңдып тұрған Әлтай.

– Тәйт, сен сөйлеме, сөзіңді біреу сөйлесе аузың қышып бара ма! – деп Қодар тыйып тастады.

Қодар «осыны қойшы» дегендей қолын бір сілтеп, Хасболаттың төсегінің тұсынан өтіп бара жатқанда, Хасболат сүзетін бұқаша сіресе бұрылып:

– Менде талқан жоқ. Мынаны ал, – деп жарты таба жүгері нан ұсынды. Жарықтық, жүгері нан тәтті болғанымен, басы әрең бірігіп, үгітіліп тұрады ғой. Қодардың қолы тиген жері морт кетіп, қызыл дорбаға түсті де, уысында қалған бөлігін Қодар өзі аузына бұралақтап тыға салды.

– Өй, арам, қарашы, әдейі сындырды, – деп Әлтай шіңк етті.

Не керек, қызыл дорбаның бүйірі томпайып, буаз қаншықтың қарнындай салбырай берген кезде, кенет есік шыңғыра шиқылдай ашылып, әуелі ақ бу бұрқ ете қалды. Бұл даланың суығынан гөрі төбедей төңкерілген тәрбиеші әйелдің қаһарының хабаршысындай белгі еді.

– Неғылған базар?!

– Әшейін, апай...

– Әшейінің құрысын! Кітап ұстаған біреуің жоқ. Үйге берілген тапсырманы оқымай, ертең бәрің екі алып келмекшісіңдер ғой. Кәне, топырламай, сабаққа дайындал!

Ініне кірген суырдай әркім өз төсегіне барып, жым болды. Тәрбиеші апай шыға берейін деп, төңкеріле қайта бұрылды да:

– Айтпақшы, мынау қайсыңдікі? Далада Тузик тістелеп жатыр, – деп, тері шанашты босағаға қоя салды да, есікті бажылдата ашып шығып жүре берді.

Әлтайдың талқаны табылды. Нарбота екеуміз енді шын ақталдық. Бірақ мәселе қайта өршіді.



– Жылуға жиналған талқанды қайтеміз? – деді Қодар.

– Қайтадан қос уыстап бөліп алайық, – деп шап ете түсті Аманжол.

Хасболат енді шаршы денесімен бері қарай тұтас бұрылып:

– Мына екеуін ғой, – деп Нарбота екеумізді нұсқады, – жазықсыздан-жазықсыз жәбірлеңдер. Бүкіл интернатта үйлеріне бармаған осы екеуі. Бір түйір дәні, бір үзім наны жоқ. Бөліп беріңдер осы екеуіне.

– Дұрыс.

– Дұрыс, – десті бәрі кенет мейірленіп.

– Мен алмаймын, рақмет, – деп Нарбота бұрылып кетті.

– Мен де, – дедім мен кенет Аспантау көз алдыма елестеп.


– Онда сен-ақ қабырғаңды жап, – деп Қодар қызыл дорбаны Әлтайдың койкасына сүйей салды.

Дау осымен бітіп, балалардың бәрі тұқшиып кітаптарына үңілген тып-тыныш бір сәтте біреудің солқ-солқ жылағаны естілді. Балалардың бәрі бастарын көтеріп, состия қалысты. Жалғыз бас көтерілмей салбырап қалды. Ол – Әлтай еді. Шанашын Тузик тістелеп, әр-әр жерін бүлдіріп тастапты. Соған жылап отыр ма, әлде... кім білсін.

СОҢҒЫ НӘСІП

Кейде үрейлі, кейде аяныштысол бір ызың. Түсі ме, өңі ме? Әйтеуір, әлгі ызың шаршаған миын шаққаны рас. Ұйқылы-ояу, яки, өлі мен тірінің арасында жатып ол Әзірейілінің әніндей ызыңның иесі кәдімгі Жабайы ара екенін сезді. Сыртта, терезенің үстіндегі бұғат ағаштың жапсарында күлдіреген күйіктей боп-боз ара ұясы тұрар еді. Сапагерей сол ұяға кіріп-шығып, әлдекалай қарбалас, қыбыр-жыбыр тіршіліктің қамында сапырылысып жататын алтын бауыр араларға аса зер сала қоймайтын. Адамның мекеніне жақын жүргісі келетін жәндіктер бар. Ара ұясын үйдің сыртына салса, қарлығаш тіпті үйдің ішіне салып алады. Қарлығаш тіпті сол үйдің жиен баласындай еркелеп жүреді.

Ал, Жабайы ара... Кім біліпті. Қорқыныштылау ма, қалай. Мына сарнап қалған сары бауыр сол сырттағы ұядан әлдекалай үйге кіріп кеткен саяғы болды.



Сапагерей орнынан тұрып барып, терезені ашып, қаңғыбас заржақ Жабайы араны сыртқа шығарып жібермекке бір талпынды. Ояуында оқып жатып қолынан түсіп кеткен газетті шиыршықтап, сонымен ұрып алмақ та болды. Басын көтере берейін деп еді, басы бас емес, шойын екен. Сылқ етіп жастыққа қайта құлады.

Көзін жұмып жатып, жымиып қойды. Сәске түсте Мырзагерей екеуі тоқсандағы Досан қарттың көңілін сұрай барғаны есіне түсті. Ағаш төсегінде аппақ құдай әдемі жатқан Досекең Сапагерейді көріп, оның қызулау екенін байқаса да, еміреніп, бір кездегі жұлындай жүгермектің соңғы кезде есіріп жүргенін ұнатпаса да, бұл жолы кәдімгідей көңілі босады. Сапагерей оған әлі бала сияқты ғой, қолынан ұстап, сипалап, көпке дейін босатпады.

– Жасың ұзақ болсын, мені ұмытпасаң, – деп сыбырлады. – Атаңның аты ерттеулі тұр. Тағдыр тартылып, талқан таусылған шығар. Мен сенің марқұм әкеңмен түйдей жастымын ғой. «Жорға мінген досынан айырылады, көп жасаған құрдасынан айырылады» деген. Рас екен: көп арпаның ішінде жалғыз бидай мен қалдым. Енді етек-жеңді жинап жатырмын. Мен олай-бұлай болып кетсем, абиырмен аттандыруға көмектес, соңғы тілегім...

Досекең одан әрі сөйлей алмай ентігіп, үні бітіп қалғандай еді.

– О, оны уайымдама! – деп Сапагерей құрдасынша қойып қалды. – Өлсең – терең қазып, тепкілеп көмеміз. Балаларың сараң болмай, жыртысты дұрыстап берсе, өзіңе арнап тұрып арақ ішем...

Досан қарт кенет қайратына мінгендей даусы қатқыл шығып:

– Атауыңды іш, дуайпат! Кет! – деді.

«Барып кешірім сұрасам ба? – деді өзіне-өзі қазір Сапагерей. – Шал кәдімгідей көңіліне алып қалды, ә».

Ол ойы лып етіп сөне салды. Тілі аузына сыймай таңдайына жабысып жатыр екен. «Осы мен бармын ба өзі» дегендей бет-аузын сипалап көрді. Бір кездегі нарттай дидарлы өңі долы ұрғандай, күлгін тартыпты. Өз қолы өз денесін сезіңкіремей, саусағы үсіген картопқа тигендей әсер етті. Жүрегі сәл үріккендей болды. Бірақ қорқыныш одан арыға ұзаған жоқ. Тек бір аңсар барын біледі: бір саптыаяқ сыра. Яки бір жұтым қызыл шарап болса, шіркін... Баяғыда өзі сияқты бір бейбақтың осылай бір қиналып жатқанда айтқаны есіне түсіп, мырс еткен болды:



– Ел қайда, Есіл қайда, Нұра қайда?
Ақ қайда, қызыл қайда, сыра қайда?
Таңертең бас ауырып жатқаныңда,
Қатының хал қалай деп сұрамайды, ә! –

деп міңгірледі. Жаңылмай айтқанына өзіне-өзі сүйсініп, өзіне-өзі сұқтанып жатты. «Тура біздің қатын!» – Жаңалық ашқандай таңданып, таңдай қағайын деп еді, тілі желімденіп қалған екен.

Түндегі жанжал еміс-еміс елес берді. Жаңылдың түнде айтқанының бәрі түгел есінде жоқ. Тек: «Атауыңды іш!» – дегені мына жабайы араның ызыңымен аралас естіліп тұрған сияқты. Оның үстіне бүгін сәскеде әл үстінде жатқан Досан қарт та: «Атауыңды іш», – деді.

Сапагерей терезені сабалап, ызалана ызыңдап жүрген алтын сары жабайы араны жастықпен ұрып өлтірмекші болып ұмтылып еді, жастық алысқа ұшпай, кереуеттің жанына құлады.

«Атауыңды іш!» – дегені, әйтеуір, «айналайын» дегені емес. Оны Сапагерей тұспалдайды. Бірақ «Атау» дәл не екенін Сапагерей ғана емес, Сапагерей тұстастардың көбі пайымдай бермейді. «Әй, көк соққыр!» – деген бірдене сияқты. Көктің не екенін де олар бағамдай алмас. Көктің – аспан екенін, аспанның – космос екенін, космостың – құдірет екенін, Көк тәңірі содан барып өрбитінін олар қайдан білсін. Оның бәрі ескі наным ғой. Исламнан да ескі. Ол Сапагерейдің өзінен санағанда жүзінші атасының тұсында туған наным. Жүзінші атасы заңғар аспанға көзін көп тігер еді. Күндіз көкпеңбек сол заңғар күмбез түнде мақпал қара тартып, жұлдыздардан сансыз алқа тағынар еді. Сапагерейдің жүзінші атасы мақпал қара аспандағы жұлдыздарға қарап, сол жұлдыздардың әр жағында не бар екен деп қиналар еді. Не бар екенін біле алмай, өзінше: аспан қаптаулы, алтын шегелермен шегенделген күмбез деп иланатын. Ал күмбездің ар жағында не бар екеніне ақылы жетпей титықтайтын.

Алтын бауыр ара терезені сабалайды. Мына тымырсық ауалы үйден шығып кетіп, дала кезгенді, қызғылтым гүлді жоңышқа алқабына жетуді аңсайды. Бұл үйге қара басып қалай кіріп кеткені белгісіз, даланың жұпар иісті гүлдерін, сылқ-сылқ күліп, күміс қоңыраудай сылдырап аққан бұлақ жағасындағы күлгін бас жалбызды, ақ гүлі алқадай жарқыраған гүлқайырға қонып алып құйқылжыта сайрайтұғын сары торғайды сағынды. Сағынды да, мына жауыннан айғыздалған терезе шынысын быт-шыт етпек болып, тарс-тарс сабалады, даусы ызалана шығып, ызыңы күшейді.



«Ара екеш, араға дейін маған жау» – деп қорланды Сапагерей. Колхоз бастық бір ай бұрын жұмыстан шығарды. Кеңсе қызметкері еді, маскүнем деп шығарды. Басқарма құрамында бұған ара түсіп жаны ашыған ешкім болмады. «Неге?» – деді Сапагерей қамығып. Сөйтті де, Жабайы араның ызыңына қосылып, ыңылдап:

– Бір тентек ел ішінде жүрмей ме екен,
Соңыма неге түстің бәрің бірдей? –

деп әуенге салып көріп еді, үні шықпады, ішінен айтты. «Ара екеш, араға дейін жау. Адамдар арадан өткен», – деп күллі әлемге өкпелеп, іргеге қарай аунап түсті. Содан өзегі өртеніп бара жатқандай болды да:

– Су – деді. Тілін таңдайынан айыра алмады. Үнін ешкім естімеді. Жаңыл сабағына кеткен болар. Бөлменің есігін біреу тырмалағандай болды. «Мысық па?» деді. «Жоқ, Ербол ғой».

– Ербол! Су, су! – деп қырылдады.

Тілі әлі жөнді шыға қоймаған Ербол әкесінің түрінен, қырылдаған үнінен қорқып, апыл-тапыл қаша жөнелді.

«Соңыма неге түстің бәрің бірдей... Ербол да жек көреді».

Жабайы араның ызалы ызыңы күшейе түсті. Терезенің ар жағында жарық күн бар, қызылбас жабайы жоңышқа бар. Үйдің іргесіндегі берекесіздеу селдір-селеу күнбағыс та гүлдеп тұр еді. Жабайы ара соларды зарыға сағынды.

Жабайы ара терезе шынысын кеудесімен ұрып сындырардай тарс-тарс соғылды, ақыры тұмсығы тасқа тиген көксерке балықтай есеңгіреп біраз тыншыды да, енді саңылауды басқа тұстан іздеуге әрекеттенгендей, үйдің ішін айнала ұшты. Төсекте жатқан адамның тұсынан бір иіс сезілгендей болды да, әлгінің бет-аузын тұспалдап ары-бері зу-зу ұшып өтті. Сапагерей сескеніп қалып, халсіз болса да қолын ербеңдетті.

– Атаңа нәлет, не іздеп жүр? – деп ызасы келді. Осыдан аяғын басып, орнынан тұрар күн туса, терезе сыртындағы жабайы ара ұясын тас-талқан қылуға ант етті.

– Ошағыңды ойрандамасам! – деді. «Шаңырағыңды ортаңа түсірмесем» деп айта жаздап, арада қандай шаңырақ бар дейсің деді ме, айтпады. Сапагерей сауатты болса да, дәл сонда Жабайы арадан артық сәулеткер-архитектор жоқ екенін зерделеп жатпады. «Тіп-титтей болып дап-дардай кісіні қорқытады, ә?» – деп таңдайын қақпақшы еді, тілі ажырамады.



Бір мезгіл ол Жабайы араны аяп та кетті. «Оның орнында өзім болсам қайтер едім?» – деді. Өзінің «масханада» жатқаны есіне түсті. Әсіресе темір төсекке белдікпен таңып тастағаны қорлық. Баяғыда баланы бесікке солай таңып тастаушы еді. Сонда Сапагерей темір төсекті арқалап тұрып кете жаздап жұлқынған. «Бұл не деген қорлау!» деп айқайлаған.

Ал мына Жабайы ара абайсызда мұның бөлмесіне қамалып қалыпты. Айырмашылық бар, әрине. Араны Сапагерейдің үйіне ешкім зорлап кіргізген жоқ. Ал сауықтыру бөлмесіне Сапагерейді сол жолы зорлап кіргізген...

Жабайы ара ашулы. Далаға, қызыл жоңышқаның гүліне жеткісі келеді. Қызыл жоңышқаның гүліндей шырын жиһанда жоқ. Сапагерей арзан қызыл шарапты қандай жақсы көреді, жабайы ара да қызыл жоңышқаның шырынын сондай аңсайды. Екеуі де сағынышты, екеуі де ынтызар.

Жабайы ара Сапагерейдің бетіне төніп, ызаланып, ызыңдап тұрып алды. Сірә, қонбақшы. Сапагерей қорқып кетіп, әлсіз қолын ербеңдетті.

Есік сықырлады. Саңылаудан Ербол сығалады.

– Ербол, су, – деді Сапагерей.

Саңылау табылғанын сезген жабайы ара есікке қарай ызыңдап кетіп бара жатыр еді, бала қорыққаннан есікті жаба қойды. Ара есіктің жақтауына сарт соғылып есеңгіреп қалды ма, жым-жырт болды.

Сәл уақыт өткен соң, жабайы ара қайтадан гөй-гөйіне басты. Гөй-гөйлеп жанталасып жүрген жабайы ара емес, дәл өзі сияқты көрінді Сапагерейге.

Түнде қай уақытта келгені есінде жоқ. Бірге болған Мырзагерей еді. Ол қайда? Мынадай жан қысылғанда неге келмейді? Неге бір жұтым сыра бермейді? Терезені ашып, жабайы араны шығарып жіберсе қайтеді?


– Ербол, жабайы араны шығарып жіберші...

Есітпейді. Нәресте ғой. Терезені аша да алмайды.

Жаңыл сабағынан қайтатын уақыт болса екен. «Атауыңды іш» десе, дей берсін, әйтеуір, сусын берер еді. Кешікті. Мені ойламаса да, Ерболды ойласа қайтеді?»

Сапагерей судан, сырадан басқа тағы бірдеңе іздегендей біраз сіресіп жатты. Не? Нені іздеді? Әлдене жетпей тұр? Не?

Ойлап-ойлап әрең тапты. Жабайы ара ғой! Ол неге тынши қалды? Неге ызыңдамайды! Әлде саңылау тауып далаға шығып кетті ме?



Жабайы араның үнсіз қалғаны Сапагерейді қатты алаңдатты. Бұл бір жұтым сыраның аңсарынан да қатты батты. Қиналып жатып, күшеніп жатып, оң жамбасына аударылды да, аяқтарын жерге салбыратып, еденге тіреп көрді. Кәдімгідей тіреледі. Содан бірте-бірте бойын билеп, орнынан тұрмаққа әрекет жасады. «Жабайы ара неге үндемей қалды?»

Тікесінен тұра бергенде басы айналып, көзі бұлдырады. Бұлыңғыр бұлдыр арасынан пештің үстінде ақ кесе сылаңдап көрінді. Әне, сусын! Бір-бір басып ақ кесеге қол созды. Е, түннен қалған қызыл шарап қой! Бағанадан бері бұл қалай ойға келмеген? Басы бас емес, әйтпесе осыны да ұмыта ма екен? Көп қиналғанның бір рақаты бар. Ақ кеседегі қызыл шарап. Оған қолы бір тисе, патшалықтың керегі жоқ! Патша да одан бақытты бола алмас.

Сапагерей көзін тарс жұмып, ақ кесені қос қолдап тұрып тартып жіберді. Тұла бойы балбырап, іші-бауыры елжіреп, ішіне рисалат нұры енгендей еміреніп, жаны жай тапқандай еді, кенет өңеші тыз ете қалды. Әлдене тырнап өткендей болды. «Жарықтық шарап та шағатын болған ба?» деді де қойды.

Енді лезде өңеш өртене бастады.

«Спирт пе?» деп күдіктенді. Тынысы тарылды. Ауа жетпей, алқымын ұстаған қалпы терезені ашпақ болды. Тұтқасын таба алмай, шынысын жұдырықпен ұрып сындырды. Ішке леп кірді. Бірақ тыныс ашылар емес. Енді мүлде буындыра бастады.

Терезе салдыр етіп сынғанда, Жаңыл мектептен қайтып келе жатыр еді. «Мас болып, Мырзагерей досымен төбелесті ме, немене?» – деп тұра жүгірді.

Жүгіріп кірсе, Сапагерей терезе түбіне құлаған екен. Әлдене деп қырылдады, естілмеді.

– Ойбай, кім бар? – Жаңыл жүгіріп көшеге шықты. Асығыс Ерболды қағып кетті. Бала шырылдап қалды.

* * *

Жаңыл дәрігерді ертіп келгенде, Сапагерей баяғы бір сымбатты сері шағына қайта оралып, беті бал-бұл жайнап жатыр екен.



* * *

Кейінірек экспертиза ажалдың сырын ашты: хирург жігіт Сапагерейдің өңешінен жабайы араның, әуелі бір қанатын, содан екінші қанатын, мыжылған денесін алып шықты.

Бұл хабарды естіген Досан қарт:

– Ой, әттеген-ай, «кеше көрген – бүгін жоқ, опасыз – дүние боқ». «Атауыңды іш» деп бекер қарғадым ба, ә? – деді.

КӘРІ СОЛДАТ

Сексен жаста қатарың сирей бастайды. Қапалы болса да, қатал шындық сондай.

Ал, «Құланоты» ауылында соңғы кезеңде сексеннің табалдырығынан аттаған жалғыз Сырым болды. Қалың бидайдың ішіндегі жалғыз арпа.


Бұл жасқа жеткенше Сырым өзінің саяқтығын сезе бермеуші еді. Өйткені алдында ағалары бар еді, ал алпыс пен жетпістің арасында өзіңнен бес-он жас кішілерден үлкендігің аса шодырайып тұрмайтын.

Енді Сырым алдындағы ағалардан жұрдай болды да, артына бұрылып қарап еді, әлдекім ат басындай алтын беретіндей алға тым асығыс кетіп қалыпты. Өзгелерден оқшау озып кеткеніне ынғайсызданатындай хал кешетін болды.

Анау-мынау десе де, сексеннің аты – сексен. Қырыққа жетпей қыржиып қартаятындарды да көріп жүрміз. Төрт жыл қиян-кескі соғыстың ішінде жүрсең, соғыс біте бергенде, құмалақтай оқ та емес, қол тоқпақтай снаряд оқ қолыңды шолтитып жұлып кетсе, ол аз болғандай сол жамбасыңда осколка қалса, оның үстіне өмір бойы колхоздың бригадирі, қарауылы болсаң, сексен деген, әрине, аз жас емес.

Әйтеуір, әбүйір екен, бұл уақытқа дейін Сырым ешкімге масыл болған жоқ. Рас, қолтоқпақтай снаряд оң қолын жұлқа тартып өткенде, есінен танып қалып, санитарлар зембілге салып көтергені бар. Басқа кезде жан баласына салмағы түсіп көрмеген.

Енді келіп әлгі шоңмұрын бригадир мұны:



– Масыл қақбас! – деп кетті.

Бұл сөз оң қолын жұлған қолтоқпақтай снарядтан да ауыр болды. Снаряд қолын жұлса, әлгі сөз жүрегін жұлып жібергендей еді. Үйдің іргесіне тізерлеп қисая кеткен қалпы тырп етпестен көп отырды.

– Өзім асыраған текешік көзін ежірейтіп өзімді сүзіп кетті, – деді ол күйзеле бір күрсініп. – Қой, мұны бүйтіп едіреңдетіп қоймай, бастыққа барып айтайын, – деп сыңар қолымен жер таянып тұра бермекші еді, жалғыз қол оның шүйкедей кәрі сүйегін көтеруге жарамай қалғандай бүгіліп кетті.

Қанаты қайырылған кәрі қырандай жамбастап жатып, сәбіздікке ұрлана кірген қара қоян мен ақ қоянды көрді. Көрші үйдегі Нәметтің баласы қоян асырайды. Кенет есіне Нәмет түсті. «Сен тірі болсаң, мен бүйтіп жатпас едім-ау» деді.

Жоңышқаның екінші орымы гүлдеген кез. Қаңылтыр төбелі тарбиған үлкен үйдің іргесінен басталған жасыл желең зүміреттей жайнап, әрідегі зифа теректерге жеткенше толқынданып жатыр. Жүгері собық тартып, шашағы сылаңдап қалған кез. Ұзатылатын қыздай сызылып тұр. Үкілері біркелкі. Сахнадағы артистердің үкісіндей. Жүгерінің етегін ала Сырекең бір жүйек асқабақ егіп еді, ол да жапырақ жайып, желі тартып, түйін тастап қалыпты. Алтын тәж киген күнбағыстар менменсіп кегжиіңкіреп тұр. Немерелері отырғызған намазгүл қазір күн көзінен ұялып, қауашағын ашпайды. Намазгүл күн еңкейе жайнаңдап шыға келеді.

Алау бет алма құр қызарғаны болмаса, әлі пісуі жете қоймаған. Сұғанақ ала торғайларды Сырекең сол алмаға жолатпай-ақ жүруші еді, қазір қарттың дәл жүректен жараланғанын пайдаланып қалғысы келгендей, жеміске жаудай тиіп, істік сары тұмсықтарын сала бастады.

Ала торғайлар сау етіп жетіп келгенде, ақ қоян мен қара қоян өз үйіне қаша жөнелді. Қояндардың жымы шынжырлы көк төбеттің жанынан өтер еді, аузы кебістей көк төбет зытып бара жатқан қояндарды бас салайын деп құлақтарын тікірейтті де, жалқаулығы ұстап, көзін марғау жұмып, жата кетті.

Сырымның осколкалы жамбасы сыздады. Күн бұзылатын шығар деп аспанға қарап еді, теңбіл көк екен. Шарбы бұлт аспан көгіне бастырған гүлқайыр жапырағындай өрнек салыпты.

Жамбасы сыздаған сайын, әлгі музей есіне түседі. Алматыда қызмет істейтін жиені ана бір жылы астананы аралатқан. «Алтын адамды» көрсетейін деп музейге алып барған. Сырекеңді «алтын адам» аса таңғалдырмады, оны таңдандырған жай ғана жамбас сүйек еді.



Жамбас сүйекке садақтың сұқ саусақтай оғы бойлап кіріп кеткен екен. Ағаш жебе әлдеқашан шіріген шығар, ал темір ұшы қалып қойған. Жамбас сүйек сары тап болып сарғайған. Темір оқ туасы бірге жаралғандай, сүйекке нық қадалған.

– Бұдан бірнеше мың жыл бұрынғы жауынгердің жамбасы, – деп түсіндірді жиені.

– Әб бәрекелде-е-е, – деді Сырекең таңдайын тақылдатып, – мен өлген соң менің жамбасым да мың жыл бойы ескі жауым, осколкамен бір жатар екен да.

Сырым сыздаған жамбасына салмақ салмайын деп басқа жамбасына қарай жантайды. Музейдегі сүйек көз алдынан көлбеңдеп кетпей қойды.

– Мен ақирет сапарына бет алған соң, мың жылдан кейінгілер осколкалы жамбасымды тауып алып музейге қояр. Демек, мен адамзатқа енді мың жылдан кейін де керекпін. Ал, әлгі шоңмұрын шірік не деп кетті сонда?

Ұмытпаса, осыдан бес жыл бұрын «Қызыл арай» колхозының «Құланоты» бөлімшесінің жалпы жиналысын председателі Нақыпханның өзі келіп ашты. «Құланотыға» бригадир құтаймағалы қашан. Бір жылда екеуі ауысып отырған кездер де болды. Жігіттер ел басқаруға, шаруашылықты ұйымдастыруға олақ соға берді. Пысық дегендері араққа құмарлау шықты. Ал, арақ жүрген жерде әзәзіл қоса жүреді.

Колхоздың председателі Нақыпхан айтты:

– Ал ағайын, «Құланоты» құлдырап кетті. Сендерге бола бүкіл «Қызыл арай» зардап шегіп, аудан бойынша алға шыға алмай отыр. «Құланоты» болмаса, біз ауданның алдын бермес едік, – деді.

Бұл сөз «Құланотылықтарға» мірдің оғындай қатты тиді.

– Амал жоқ, енді басқа бөлімшеден, айталық «Жабағылыдан» яки «Арқалыдан» шақыртуға тура келеді. Өз жігіттерің жарамады, оған көздерің жетті. Енді өкпе жүрмейді, – деді председатель.

Сонда осы Сырым ақсақал шыдай алмай, артқы қатардан жалғыз қолын көтеріп:

– Нақыпхан шырағым, мұрсат болса, бірауыз сөзім бар, – деп еді.

Тарлан колхозшының өтінішін елемеуге шара жоқ, председатель:

– Айтыңыз, Сыреке, – деген.

Сырым қарт қолсыз иығын бір қозғап алып, артқы қатардан алға шығып, әуелі өзіне қадалған көздерді түгендеп біраз үнсіз қалған.



– Қиналып тұрмын, – деген. – Енді халық алдына шығып, сөз сөйлеу менің шаруам емес еді. Мен пенсиядағы адаммын. Өте пысық болмай-ақ, үйде жантайып жатқан жарасады маған. Кезінде белсенді де болдық. Жиырма тоғызыншы жылы осы «Құланотын» өз қолыммен құрысып едім. Онда қолым екеу еді. – Сырекең қоңылтақ жеңіне бір қарап қойды. Отырған жұрттың назары да, председатель Нақыпханның көзі де көнетоздау боз костюмнің кеуек жеңіне түсті.

– «Құланоты» онда өз алдына колхоз еді, енді ғой «Қызыл арайдың» бір бөлімшесі болып қалды. Мен – бригадир болдым. Құдайға шүкір, шаруамыз жаман емес еді. Құрал-сайманымыз: өгіз жеккен соқа, белорақ, ағаш тырма, кетпен-күрек болса да, сол заманның мөлшерінде ударник «Құланоты» атандық. Ал енді, – Сырым жерге қарап бір күрсініп алды. – Енді бәрі түс көргендей. Осы ауылда өгіз бар ма қазір? Көзі іріңдеген көк өгіз әлдеқашан құрыған. Трактордың жұрт қазір ат орнына мініп жүр. Үй басы сайын «легковой», мотоцикл. Не жетпейді? Түсінбеймін. Қалайша артта қалуға болады? Түсінбеймін. Әлде мен қартайдым. Әлде «Құланоты» тоқтықтан құтырып, керенау тартты. Ал шырағым Нақыпхан, бригадирді қалыстан әкелемін дедің. Жақсы адамның бізге жаттығы жоқ. Бірақ, намыс қайда? «Құланоты» өзін-өзі басқара алмай, бригадирді сырттан алдырыпты деген өлім емес пе?

– Ақсақал, жігіттеріңе билікті армансыз-ақ бердік. Әлжаның басқара алмады, Наржаның басқара алмады, Қалжаның... Енді не қыл дейсіз? – деп председатель екі қолын екі жаққа жайып жіберді.

– Жөн, жөн, Нақыпхан. Ал, бірақ ел емеспіз бе, жібі түзу біреуі табылар. Менің көкейімде жүрген бір бала бар. Бір опалы сол болар. Осы бөлімшенің маңдайалды механизаторы Төкенді ұсынамын бригадирлікке. Ал Төкен іске аспай қалса, қалыстан әкелетін адамыңды әкеле бер, қарағым. Біз риза. – Сырым қарт сау қолымен кеуек жеңді умаждап тұрып тершіген маңдайын сүртіп, өз орнына барып отырды.

Әне, сөйткен Төкен жап-жаңа мотоцикліне зікір салдырып, Сырым қарттың үйін үш айналып шықты. Басып кетеді екен деп Сырымның немерелері тым-тырақай қашып, тал-талдың арасына кіріп кетті. Тауықтар қақылықтап, шынжырдағы ит жанталаса абалап, жау шапқандай у-шу үдеді.

Есіктің көзінде былқ етпей отырып қалған жалғыз Сырым еді.



«Төрт жыл қырғын соғыста немістің танкісі таптай алмаған тәнімді, енді, сол Төкеннің мотоциклі таптаса, таптап-ақ кетсін», – деп міз бақпады.

Бәленің басы – Алпысбай болатын. Колхоздың магазинін жиырма жылдан бері ұстайтын сол Алпысбай жақында ескі «Жигулиін» сатып жіберіп, «Волга» алып еді. Енді сол «Волганы» қайқаңдатып, қаладағы құдаларына барып қайтпақ. Машинаны ауыл арасында өзі жүргізгенмен, қалаға түсуге қорқады. Содан көрші Сырым қарттың механизатор баласы Нұркенге қолқа салады.

– Оу, Әлеке, мен жұмыстағы адам. Колхоздың шөбін қайда қоям? – дейді Нұркен.

– Бір күнге шөпті жау алмас. Бүгін шығып кетсек, кешке құданың тойына қатысып, түнделетіп қайтып ораламыз, – деп базыналық айтады Алпысбай көрші.

– Мен жұмыстағы адам, – дейді көп сөйлеуді ұнатпайтын Нұркен «Беларусін» от алдырмақ болып.

– Сәл тұра тұр. Әне, бригадирдің өзі де келе жатыр, содан рұқсат алып берейін, – деп Алпысбай алас-құлас далбаңдай жүгіріп, мотоцикл мінген Төкеннің алдын кес-кестей қол көтереді. Сәл әңгімеден соң екеуі магазинге кіріп кетеді. Әлден уақыттан соң Төкен магазиннен теңселіңкіреп шығады. Трактарын от алдырып, шабындыққа енді жүрейін деп тұрған Нұркенге пәрмен айтады.

– Обшым, былай. Сен бүгін Алпысбайдың қарамағында боласың. Сенің орныңа шөпке балаң Нұрлан шығады.

– Нұрланды военкомат шақыртқан. Әскер жасына толды ғой. Бүгін сонда кетеді, – дейді Нұркен.

– Обшым, военкомат тұра тұрады, ертең барады. Көп сөздің керегі жоқ! – Төкен бұлжытпас бұйрық айтады.

Бір жағынан Алпысбай қыңқылдап, бір жағынан бригадир бұйырып тұрған соң, Нұркен баласы Нұрланды шақырып алып, мән-жайды түсіндіреді де, өзі жасыл «Волгаға» Алпысбайды бәйбішесімен қоса салып алып, қалаға тартып отырады.

Жаңа ғана военкоматқа бармақшы боп кеткен немересінің үйге қайта кіріп, киім ауыстырып жатқанын көрген Сырым:

– Бұл қалай? – дейді.

Осылай да осылай деп түсіндіреді немересі.

– Жоқ, балам, сен военкоматтан қалма, әскердің аты – әскер, – дейді атасы.

Нұрлан ары ойланып, бері ойланып, бұ да жөн екен дейді де, ауданға жөнейді.

«Беларусь» Сырым үйінің алдында қаңтарулы қала береді. Мұны ту көшенің басынан көзі шалған Төкен мотоциклін зіркілдетіп, жолдың шаңын бұрқылдатып жетіп келеді.

Жалғыз қолдап қайыс жүгеннің үзік жерін таспамен тігіп отырған Сырекеңе мотоциклдің үстінде тұрып айқай салады:

– Нұрлан немерең қайда?

«Мына неменің аузына сәлем сөз түспей қалды-ау» деп қиналған қарт жай ғана:

– Нұрлан военкомат кетті, – дейді.

– Ол мына трактормен шөпке баруға тиіс еді ғой!

– Трактордың өз иесі бар. Ал военкомат шақырғанда бармау – қылмыс. Балаға сен шөпке бар дейсің, мен – военкоматқа бар дедім.

– Обшым, сен шал қаскөйсің. Төкеннің атына сөз келсін дейсің. – «Әй, ақымақ, сені бригадирлікке ұсынған мен едім ғой» деп айтайын деп еді, айтпады.

Дегенмен, арада бес жыл өтіп кеткен екен. Бес жыл ішінде, «Құланоты» колхоз бойынша шығандап алға шықты. Төкеннің суреті аудандық газетке қайта-қайта басылып, жиналыстарда жиі мақталатын болды. Төкеннің басынан бу бұрқырады. Үш аяқ көк қасқа мотоцикл Алпысбай магазинінің алдында жиірек қаңтарылатынды шығарды.

– Обшым, сен қақбасты да құдай алмайды екен. Баяғыда бригадир болып едім, енді менің балам болмай, Төкен болды деп істеген қысастығың ғой бұл?!

– Әй, Төкен! – деді қарт иегі дірілдеп. – Менің жасым сексеннен асты. Қатарымнан ешкім қалған жоқ. Қақбас екенім рас. Көрімнің аузы ашық. – Ал бірақ ажал жетпесе, өзім барып тірідей жатпаймын ғой. Не істейін құдай мені алмаса! – деп айқайлап жіберді.

Төкен Сырымның сұрапыл сауалына сөзбен жауап бере алмай:

– Обшым, уһ! – деп шаңды бұрқыратып, тауықтарды шырқыратып, үйді үш айналып шықты да, көшеге түсіп құйындатып кете барды.

«Әлгі итке айтатын сөзім айтылмай қалды-ау, – деп қарт қапа болды. – Қатарымнан ешкім қалмады дегенді айттым. Олардың кім екенін, неге қалмағанын айта алмадым. Қайран менің қатарларым! Олар да енді сексенге келер еді. Қырқында қыршынынан қиылған есіл ерлер! Егер Сайлау мен Найым, Сұлтан мен Нұралы, Оразгелді мен Өскен, Орха мен Ноха, Жиренбай мен Поштақұл тірі болса, соғыста мерт кетпесе, мен өстіп адасқан



кәрі қаздай қаңқылдап жалғыз қалар ма едім?! Өзіммен бірге соғыстан тірі қайтқан Нәмет пен Сәмбетке топырақ туған жерден бұйырды. Тым құрыса, солар тірі тұрғанда, мына менің сөзімді сөйлер еді ғой. Мына Төкенге мені талаттырмас еді ғой. Әлгі Төкеннің орнына мені Сәмбет яки Нәмет зәбірлеп кетсе мен мұнша қорланбас едім-ау. Қайран менің қанаттарым! Есіл менің мияттарым! Қанатынан қайрылған, қатарынан айырылған мен кәрінің жыртық көңілін жамайтын жан қалған жоқ...»

Сырым таспаны сулап, жүгеннің жыртық жеріне біз сұға бергенде:

– Сәламатсыз ба, ата! – деген бала даусы саңқ ете қалды.

Басын көтеріп еді, алау галстук байлаған екі бүлдіршін қолдарын көтеріп, пионерлік салют беріп тұр екен.

– Ата, бізді сізге «Ақсай» пионер лагерінің дружинасы жіберді. Сізді лагерьдегі пионерлермен кездесуге шақыра келдік.

Сырым қарт кенет жамбас сүйегінің сырқырамасы сап тыйыла қалғанына таң болды. «Е, бұл ескі жауым , осколка мен жалғызсырағанда есіреді екен-ау, – деп жаңалық ашты. Музейден көрген жамбас сүйек есіне түсті: – Ол мың жылдан бері жалғыз-ау, бірақ...»

Сыңар қолымен жер тіреп, орнынан тұра берді. Қоңылтақ жеңі қанатқа айналғандай желп етті де, Сырым жерден жеңіл көтерілді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Салқын самалды Сарыарқаның бел омыртқасы десе де Теміртаудың шілдесі миыңды шыжғырып жібере жаздайды. Күн бір ысыса, алып темір шоқылар екі ысып, жұрттың бәрі қала түбіндегі Самарқант көліне көшіп қонғандай болады. Самарқант көлі жанға сая дегенмен, қолынан келгендер, әрине, Қара теңізге, тіпті болмаса Ыстықкөлге қарай жосылады.

Қара теңіздің жәннаты жағалауына жолдама Жоламанға да тиген. Темірболат комбинаты тарландарының бірі, Еңбек Ері деген құрметті атағы бар Жоламан айрықша тізімнен ұдайы орын алып, басшылары жылы-жұмсағын алдымен осы Жоламандардың аузына тосады-ақ. Бірақ биыл Жоламан Қара теңіздің жәннаты жағалауына барғысы



келмеді. Туған ауылы күндіз ойынан, түнде түсінен кетпей, тартты да тұрды. Бұл елге бармағалы да қашан... Әйелмен ақылдаспаса тағы болмайды. Содан Айнұрға айтты:

– Ауылға біз бармағалы да он жыл болыпты. Биыл демалысты сонда өткізсек қайтеді?

Айнұрдың әдемі ақ сары жүзі сұрланып, жайшылықта күлімдеп тұратын мойыл көздері ақшиыңқырап кетті:

– Тағы бастадың ба гөй-гөйіңді. Бір құдай жетектеп, бір құдай айдаса да бармаспын сенің ауылыңа. Жетер! Бір рет барамын деп рақатқа мелдектеп тойғанмын. Әлі күнге дейін кекірігі кетпейді сол тоқтықтың. Әлгі Аязбай қортықтың көрсеткен қорлығы есіме түссе, иманым қаза болады. О несі-ей, жыл бойы осы жалғыз демалысқа жетемін-жетемін деп мойнымызды соза-соза үзіліп кете жаздайды. Енді жеттік дегенде бұл бүйректен сирақ шығарады. Ялтаға биыл өлігімді сүйретсем де барамын. Ауыл деп иегің қышымасын.

Содан ас үйдегі аяқ-табақтың сатыр-сұтыры, салдыр-гүлдірі көпке дейін тыйылмады. Қасық пен пышақ, тарелка мен ожау, кесе мен шәйнек ғайыптан жан бітіп, бір-бірімен шақ-шұқ болды да жатты.

Әйелі Аязбайдың атын атағаны есіне түсіп Жоламан мырс етті. Ауылдағы жақын ағайын-туысты былай қойып, сол жұқсыз Аязбайдың өзін де сағынғанын сезіп, жүрегі сыздады. Ауылға Айнұрдың сол жолы баруы тұңғыш рет еді, ақырғы баруы болып тынды. Аязбай Жоламанмен құрдас қой. Алғаш көріскенде әбден қызу екен; құрдас құрдастығын істеп, ә дегеннен-ақ Айнұрды бас салып құшақтап қолын сумаңдатқанда, қаланың тікбақай қызы Айнұр келіншек нағыз тағылардың табынына тап болғандай шошып кеткен.

– Өй, соны да көңіліне аласың ба, құрдас болған соң ойнағаны ғой, – деп күлген Жоламан. Айнұр одан бетер шатқаяқтап:

– Ужас! Сен де сол жындыны жақтап тұрсың ба? Ой, ужас, что за дикость! – деп келген күннің ертеңіне-ақ: «Кетейік, кетейіктің» астына алған.

Енді, міне, талай заман өтсе де, сол бір сапарды Айнұр аза бойы қаза болып, шоқ басқандай шоршып түсіп еске алды. Тағы да:

– Сол Аязбай қортықтың өзіңді де қорлағанын қалай ғана ұмыттың?! – деп шапшыды.

Осымен қарсыласының екі жауырынын да жерге тигізген палуандай масаттанып:



– Сөзді қой, байекесі, басқа біреу қағып кетпей тұрғанда, аузыңа түскен ақ майдан құр қалмай, бар дағы жолдаманы ал. Мен чемодандарды реттейін, – деген.

Жоламан да айтқанынан қайтпады. Жолдаманы әкелуін әкелді. Тек оны Айнұр мен бойжеткен қызы Гүлмираның атына жаздырды да, өзі Ақбура – Боранды қайдасың деп, туған ауылына тартып отырды.

Ауылға келгенде ат басын тірейтін жері, туған інісі Еламанның үйі. Бабадан-балаға атамекен болып келе жатқан құт діңгек – қарашаңырақ осы. Ауыл тұрмақ, бүкіл аудан бұл шаңырақты Еламанның үйі демейді, жарықтық, Жанғазының үйі дейді. Ал Теміртаудағы Жоламанның төрт бөлмелі пәтерін жарықтық, Жанғазының үйі деп айту ешкімнің ойына келмес еді. Жанғазы – Жоламан мен Еламанның кешегі ұлы соғыстан қайтпай қалған әкесі ғой. Жанғазы майданға аттанғанда, Жоламан екі жаста, ал Еламаны іште қалған бала еді. Онжылдықты бітіре салысымен елу сегізінші жылы жазда Жоламан комсомолдық жолдамамен Теміртауға аттанды да, қара шаңыраққа Еламан ие болып қалып еді...

Еламан екі танауы делдие қуанып, елпектеп жүріп, өрістен бір құнан қара қойды алдырып та үлгерді. Енді мейман ағасымен ақылдасып, кешке өзімен бірге дастарқан басында отыратын адамдарды атады. Қолы тиіп келсе, колхоздың председателін, ауылсоветтің әйел бастығын, мектептің директорын, бөлімше бригадирін, магазинші Жорақұлды, тағы да сорпа бетіне шығар бірер азаматтарды шақырмақшы.

– Маған бәрібір, өзің біл, – деді Жоламан, – қалаған адамыңды шақыра бер. Ау, айтпақшы, Аязбай қайда? Көрінбейді ғой. Магазинші сол емес пе еді?

Інісі тыржың ете қалды.

– Қойшы соны... Магазиннен кеткелі қашан... Кісілердің мазасын алып, дастарқанның берекесін кетіреді. Өткен жолы келгендеріңде істеген қылығын ұмытып қалдың ба? – деді.

Еламан Теміртаудағы Айнұр жеңгесімен батуаласып қойғандай, сөздері бір жерден шыққанына Жоламан таңғалды да, өткен жолғы оқиғаны есіне түсірді.

Сол жолы Аязбай ауылбайшалаймын деп әуелі Айнұрды бұртитып алды. Құрдастың әйелімен қалжыңдаса беретін қу әдетіне басып, тіпті құлаққа түрпі бір сорақы сөздерді соғып-соғып қалып еді, мұндай сұмдықты бұрын көріп-білмеген Айнұр талып түсе жаздады. Ол – онымен тынды-ау дегенде, шай үстінде тағы да сілтеңкіреген Аязекең



енді Жоламанның өзіне тиісті. Жоламанның омырауындағы «Алтын жұлдызды» саусағымен шұқып:

– Мынауың таза алтын ба, әлде құр жылтыратып қойған бояма ма? – деп килікті.

– Өкіметтің бергені ғой, мен тексерген жоқпын, – деді күле жауап беріп құтылмақшы болған Жоламан. Аязбай аялдамады:

– Сен «Алтын жұлдыз» тақтым деп танауыңды көтерме, білдің бе? Теміртауда ақшаны күреп тауып жүрмін деп шіренбе, білдің бе? Қатының анау, асау байталдай жанына кісі жолатпайды. Сенің отырысың мынау, құрдасыңмен жөндеп сөйлескің де келмейді. Біз де сорлы емеспіз, сен сияқты герой болмасақ та, алтын бізде де бар, құдайға шүкір. Міне!

Аязбай ұрты салбыраңқыраған аузын жайындай ашып кеп қалып еді, ту көмейіне дейін алтынмен қаптап тастаған екен, адамның аузы емес, оркестрдегі жез кернейдің ұңғысындай жалт-жұлт етіп үңірейді.

– Байғұс-ау, өз тісің де әп-әдемі емес пе еді? Мынауың не сұмдық? Айдың-күннің аманында қырғұлақ тиді ме, не болды? – деп Жоламан шыннан шошыды.

Мұны кекеттіге санаған Аязбай:

– Теміртауда жеміс жоқ дейді ғой, қырғұлақ болсаң өзің бол! – деп көздері шынындай шытынады. – Менің қатынымның да тістері түп-түгел алтын. Ал, неғыласың? Мына сенің шыбық тимес шыңқ етер накүйерің құлағына тарыдай шыны тағып алыпты. Менің қатынымның үш алтын сырғасы бар. Ал, неғыласың? Так што, бізбен манаурап сөйлескеніңді қой, білдің бе?

Басқа ес білер ағайын сол жолы Аязбайды әке-шеше деп жатып, үйіне әрең алып кетіп еді. Содан қайтып Жоламан оны көрген емес. Өткендегі иттігіне қарамай, көргісі келеді. Қанша дегенмен сон-оу соғыс жылдарынан кейінгі қиын-қыстау кездерден мектепке бірге барып, бір үзім нанды бөліп жеп, ауданның интернатында бірге жатып, демалыс күндері ауылға бірге қайтатын қимас досы, бір жылы туған құрдасы еді. Қимады. Інісі Еламанға:

– Лажы болса, шақыра сал, – деді.

– Әй, келін, садағаң болайын, қораларыңа бөтен қозы кірген жоқ па? – деп бір кемпір таяғын кезеніп, жоғары қарай өтті. Ұяға қонар шақтың әлегімен зипа терек басында құс баласы азан-қазан шулады. Ақыры мал жайғасып, ымырт үйіріле ел ас-суға отырар кезде, Аязбай шақыртпай-ақ өзі келді. Кең-мол пішілген мейман бөлменің төріне бағана Еламан



атаған игі жақсылар отырған. Ауыл әдетінше қоңыраусыз кіріп келген Аязбай отыра кететін бос орындық та жоқ еді, амалсыз босағада тұрып қалды. Қатты өзгерген екен. Әуелі оны Жоламан танымады. Тек баяғы бала кезінен ыржиып күлетін әдетінен ғана шамалады.

Аязбайға өзі бармақ болып, Жоламан төрдегі орнынан тұрып есікке беттеп бара жатты. Сіресіп отырған басқалар да қозғалақтады. Еламан іштей жақтырмаса да:

– Кел, кел, – деп жан-жағына қарап бос орын іздеген болды.

Жоламанның әдейілеп жанына келгені – спирттеліп қалған жұлын-жүйкесін босатып жіберген шығар, Аязбай көлкілдеп іскен көзін кіршеңдеу костюмінің жеңімен сүртті.

– Кешір, – деді домбығып, іркілдек тартқан топырақ түстес бетінің еті дір-дір етіп. – Айналайын Жоламан, титтейден бірге өскен бауырымсың ғой. Кешір, мыналар мені түсінбейді... – Ол дастарқан басындағыларды қолымен мегзеп, жайпап өтті.

Жоламан іштей тіксініп, бойы түршіккендей болды. Аязбайдың аузы түпсіз терең оппадай омырайып, тереңнен қарауытады. Бір тіс жоқ, «Баяғы аузы тола алтыны қайда?»

Аязбай Жоламанның омырауындағы «Алтын жұлдызды» абайлап ұстап, көгерген жентек ернін тигізді.

– Кешір өткен жолғы иттігімді. Нағыз алтын осы екен. Менікі баяғыда саудырап түсіп қалған... Сен енді қайтып келгенше мен, сірә... Сондықтан келесі жолы Айнұрды ала кел. Қорықпасын. Әй, Еламан, құй анауыңнан! Жоламан енді айналып келгенше мен, мен... кім бар, кім жоқ...

ТІЛСІЗ ҚОҢЫРАУ

Қойшының үйі жыңғыл ортасындағы алаңқайға түсіп қалған қоңырау сияқты.

Айнала ән салған шеңгел. Тікені зәрлі, өзі тұрпатсыз болса да, осы шеңгелден әуенді, мұңы мол өсімдік жоқ. Әсіресе, мына күзде шаршаған желге қосылып, таусылмас сағынышты сазға басады.

Шеңгел шуы бала қолды-аяққа тұрмай жылағанда, соның алыстан талып естілген дыбысындай.



Батыстан бұлдырап Түйетау көлбеңдейді. Шөккен күйі шайқалып, сәби даусына тебіреніп жатқандай. Шұбар көкек жалбаңдап ары-бері ұшып жүр. Ала сауысқан шықылықтап, бұл не сұмдық дегендей жыңғылдан жыңғылға сусиды.

Ұлы құмның босағасындағы жүгірген аң, ұшқан құска бұл отардың тіршілік тынысы: қозының маңырағаны, қойдың мекіренгені, иттің үргені, қойшының айқайы, радионың сарыны – бәрі таныс.

Ал жылаған баланың даусы...

– Кет-әй! Мына сорлы кәйтеді, баланы қорқытып үйге кіріп кеткені несі? – Екі жасар нәрестені көтерген қартаң әйел тазыға көсеу сермей тап беріп еді, іші шермиген қаншық қарнын сүйрете-мүйрете, жетімектей жыламсырап, көзі мөлиіп үйден шықты. Табалдырықтан аттай бере кірелең етіп есіктің көзіне көсіле салды.

Шынаркүлдің қолындағы бала бақырғанда бетінен қауынның түйнегіндей түгі шығып, көгеріп қалды.

– Жоғалт! Әрірек қуып жібер, албастыдай ғып есіктің көзіне жатқызып қоймай! – Медеу шал біруыс боп құрысып, құты кетіп отыр еді. Іргеде жатқан кебісті созылып ала сала қадап ұрды. Тазы қаңқ етті де, бөксесі сүйретіліп барып үйді айналып кетті.

Бала бәрібір бақырғанын қоймады.

– Мә, ұсташы біраз, менің сілем қатты, – деді кемпір.

Шал епелектеп барып баланы алды. Тұла бойы солықтан дір-дір еткен нәрестенің болбыр мойнына мұрны тақалып кетіп еді, әдемі иісі шықты. Медеу мас болды.

«Иә, – деді шал. – Дүниеде бұған тең келер жұпар жоқ».

– Бәу-бәу-бәу! – деді ол кәрі кеңсірігіне жас иіс келген сайын жасара түскендей. Жасара түскенде күші тасығандай, баланы «бәу-бәулеп» қатты-қатты тербетті.

– Әй, байғұс-ау, қолыңдағыны қозы деп тұрсың ба! Сонша жұлқыладың. Адамның баласы ғой, қолын қосақтап қыспа, о несі қозының аяғынан ұстағандай қысып алғаны! – деді Шынаркүл.

– Қайдан білейін, жаман, қоймады ғой жылағанын.

Шал қайтадан бүрісіп біруыс бола қалды.

Баланың мұнда келгеніне де, безек қағып жылағанына да екі күн болды. Екі күннен бері шал мен кемпір аяғынан тік тұрып көтереді – жұбанбайды. Барын аузына тосады: сүт береді, айран береді, қаймақ береді, құйрық береді – жұбанбайды. Тек бір дорба мәмпәсиден уыстап



алып ұсынғанда ғана алданғандай болады да, қайтадан көгереді де қалады. Азап.

Ақыры жылай-жылай, мәмпәсиді жей-жей баланың ыстығы көтерілді. Үні бітіп, қырылдауық болды.

Медеу шал жыңғыл мен шеңгелді аралап қойға кетті. Қойдың басында жәрдемші бала жүрсе де, шыдамады.

– Байғұс шалды қуанта ма десе, қайта одан бетер қартайттың ғой, Серік, – деді Шынаркүл қолындағы балаға.

Серік түсінбесе де солығын баса алмай үлкен адамша күрсініп қойды.

– Қайнаға сені асырап ала қойыңдар деп батасын берген соң, біздің шал бетіне шырай кіріп, кәдімгідей құнжыңдап қалып еді, келгелі бері жатырқап жылай-жылай атаңды азапқа салдың ғой, Серік. Ақымақ болмасаң, бұл атаң кім, ол атаң кім – бәрібір емес пе? Ол атаңның сенен басқа тағы алты немересі бар, ал Медеу атаңда біреу де жоқ – осы дұрыс па, өзің ойлашы, Серік.

– Жетпей желкең қиылғыр, Жексенбі, – деді кемпір кенет кемсеңдеп, – жастайынан жер жастанып, жуадай солған қу жалғыз! Тым құрыса, сендей бір алданыш та қалдырып кетпеді біз сияқты шал-кемпірге.

Жексенбінің сүйегі Сталинград түбінде баяғыда-ақ құрап қалған. Егер бір ғайыптан қайта тіріліп келсе, айтар еді: «Апа-ау, мені неге қарғайсың, мен саған немере сүйдірмейін деді дейсің бе! Дуайпат оқ менімен ақылдасқан жоқ» дер еді.


Бірақ өмірде ондай қызық болмайды.

Шынаркүлдің әлгі арманын мына Серік түсінбейді.

Серіктің өз арманы бар: ол үбірлі-шүбірлі, дүбірлі өз үйін сағынады. Адам, шіркін, туа салысымен арманшыл-ақ.

Серік анда-санда солқ-солқ еткенде, басы қоса қозғалып, ісінген көзін жұмып, Шынаркүлдің бауырына сүйеніп ұйықтап бара жатты. Сонда баланың жас иісі кемпірдің мұрнына да келді. Кеудесі әлденеге шымыр-шымыр етіп, шандырлау емшегі иігендей болды. Саумал шараптан әлі жүзімнің дәмі шығып тұратынындай, сәбидің тамағынан адамның бір асыл шағының иісі аңқып тұрады. Оның қасиеті сөзбен айтылмайды. Оны тек музыка ғана жеткізер. Ертедегілер қобызбен ботасы өлген інгенді идірген. Ал інген ботасын иіскегенде ииді ғой.

Шынаркүлдің әжім торлаған көзінен бұрқ етіп ыстық жас шықты, бір тамшысы талықсып ұйықтап бара жатқан баланың тамағына домалап түсті. Серік селк етті де, ішін тартып ұйықтап қалды.



Кешке торы атқа мініп қайнағасы келді.

Теріскей жақ буалдыр құпия құшағына енді. Ит үріп еді, Медеу жекіп тастады.

– Апыр-ау, Сарыбайсың ба, кештетіп жүргенің жай ма? Ауыл аман ба?

– Шүкір, аман. Өздерің қалай?

Үйдегі бала жылағанын қоя қойды.

– Жылқы қарай шығып едім, әшейін амандықтарыңды білейін деп бұрыла салғаным.

– Келгенің жақсы болды, келгенің жақсы болды. Өзіміз жете алмай отыр едік, жете алмай отыр едік.

– Не боп қалды?

Серік сыртқа қолын шошайтып «әне-әне», «ата-ата» деді.

Шынаркүл:

– Ә, бөтекең түскір, – деді.

– Немерең жатырқап, жаман неме жатырқап... – деді Медеу теріс қарап.

– Немене, «немерең» деп қалыпсың. Балаң ғой сенің, – деді Сарыбай.

Медеу әлденеге абдырап, күйбеңдеп, тілінің ұшымен күбірлеп бірдеңе деген болды. Торы аттың тізгінін ұстап, ағасын қолтығынан сүйеді.

Үйдің ішінде Серік:

– Әне, ата. Әне, ата! – деді.

Баланың көк тамыры көрінген шекесіне қызғылтым қан жүгірді. Жылауық көзінде иненің жасуындай жылтыл пайда болды. Босағадан аттаған атасына кішкентай қолын созды...

Сарыбай аттанарда, Медеу киіз үйдің сыртына сүйеніп отырған. Бірауық тақиясын алып, ақбурыл шашын сипады. Ақ шаштың аясында күн қақап қарайған жүз тотығып, әрбір әжіміне дейін айқын көрінеді.

– Әй, Медеу! – деді ағасы. – Қойсаңшы осы қойды.

Медеу басын көтерді.

– Көзіңді жыртитып ашқаннан бағып келе жатсың. Жатсаң түсіңе кіретін, тұрсаң көз алдыңа елестейтін ғаламат болды саған бұ қой. Пенсияңды алып, қасымызға көшіп кел, мына балалардың қызығына ортақтасып отырайық. Бұрын күш-қайраттың барында біліне бермеуші еді. Енді қартайғанда, бас ауырып, балтыр сыздағыш болды. Әй, кеңкелес, тыңдап отырсың ба?



– Иә, иә, айта берсеңші!

– Айтсам сол.

Ала қарға талтаң-талтаң басып, жақынырақ келіп тың тыңдады. Сауысқан шыж-быж болып шықылықтап отыр.

– Мейлі-мейлі, кәйтеміз-кәйтеміз, – деп Медеу орнынан тізесін сүйеніп тұрды. Алақанымен шалбарын қаққан болды.

– Болсын-болсын. Бәрекелді, бәрекелді, – деді.

– Ауылға апарып, баланды доқтырға қаратып, тәуір болғаннан кейін қайтып әкеп тастаймын өзім.

– Бәрекелді, бәрекелді. Мақұл, мақұл, – деді Медеу.

Ағасын қолтықтан демеп атқа мінгізді. Бала қалмаймын деп қолын созды. Медеу жерден көтеріп алып, баланың мойнынан иіскеді.

– Айхай-айхай! – деді.

– Не болды, ей? – деді ағасы.

– Әшейін-әшейін.

Баланы көтерген бойы ағасының алдына қондырды.

– Әй, Медеу, мына медәлің қалай? Мұны балаға тағып қойғаны несі? Алып қал!

– Жо-жо. Тақсын-тақсын! Мен бала дейсің бе, бала дейсің бе?

– Құдая тоба! Бұл сонау Мәскеудің көрмесінің берген Алтын медәлі ғой, жындымысың өзің?! Көрінген дуайпатқа үлестіріп жатыр деп пе ең мұны өкімет! Мә, алып қал.

– Жә-жә. Тиме-тиме. Мырза тағатын нәрсе ғой, мырза тағатын.

– Мейлі, мен алып сандыққа салып қоярмын, – деді ағасы.

Торы ат асықпай аяғын санап басып жүріп кетті.

– Анау фермең келгенде, қойын қолына тапсыр. Өзім телешке жібергізем, – деді артына бұрылып ағасы.

– Болсын-болсын, – деді Медеу.

– Қап, мына ақымақ, есер неме, жатырқағаны несі-ей сендерді, ұдайы бізден жырақта жүресіңдер де, балалар да жатырқап қалады. Е, есер неме, ол көке ғой, көке.

– Е-е, ештеңе етпейді, ештеңе етпейді. Есер болмай ер болмайды.

– Ал, кемпір, оны-мұныны, ұсақ-түйекті буып-түйіп дайындала берейік, дайындала берейік, – деді Медеу, ағасы ұзап кеткенде.

– Қайда, байғұс-ау, әлгі қайнағалардың қасына көшіп баратын болдық па?

– Жоға. Құмға көшпеуші ме едік жылда. Құмға... Әлгі ферме мәшинесін алып келіп қалар, кешікпей келіп қалар... Қап, әлгі жаман

немеге үйреніп қалып едік, – деді Медеу жыңғыл арасына сіңіп кеткен салт аттының соңынан қарап.

– Әне, бұл сөйтеді енді, – деп шап ете түсті Шынаркүл. – Әлгінде ғана жылағанынан безер болып еді, енді сағынып шыға келді. Дауа жоқ саған. Онан да мына теңді буыс. Қайнаға аман болса, артымыздан Серікті алып, торы атқа мініп әлі-ақ кеп қалады.

– Иә, иә, кеп қалар, кеп қалар. Серікжан да жатырқамас, – деп Медеу қарт ала арқанмен теңді тарта буғанда, Шынаркүл:

– Ақырын, ей, байғұс-ау, арқанды үзесің бе, – деді.

– Осы сен, кемпір, байқадың ба, Серікжан біздің Жексенбіге тартқан ба деймін.

– Бауыры да, тартса несі бар. О да жылауық еді ғой.

– Жылауық еді, ә! Тартқан екен ғой. Сарыбай енді қашан алып келер екен?

Үміт болмыстан да өміршең.

АМАНАТ

Ауыл сыртында автобус тосып, жападан-жалғыз ербиіп тұр едім, бір кез тық-тық дыбыс шықты. Таңғы алагеуім арасынан осылай қарай келе жатқан адам көрінді.

Жұлдыздар әлі шақшиып тұр. Таң атып келеді-ау деп именетін емес. Тау жақтан бойды қарыған леп бар. Үйқысын қимай тұрған адам лезде ширыққандай шымыр, салқын.

Жаңа келе жатып бір арыққа сүрініп кетіп жығылып қала жаздап едім, мынау қайтер екен деп тұрмын. Таяқ әлгінің алдын орағытып жерді тінткілеп келіп, арыққа тік төмен шаншылғандай болды. Адам қалт тұра қалды. Оң аяғын аспандата көтеріп барып, атыздан абайлап өтіп алды.

Сонда білдім – Мүсілімхан екен. Арыққа мен сүрініп, Мүсілімхан аман-сау өткеніне таңғалып тұрмын.

Қайран Мүсілімхан! Екеуміз кездеспегелі қай заман. Мені таныр ма екен, танымас па екен? Демімді ішімнен алып, тына қалғам. Арықтан өтіп алған соң жерді тінткілеп біраз тұрды да, тура маған қарай қаздаңдады.



«Қараңғыда қалай жол тауып келеді?» деп ойладым. Бірақ оған күн, түн дегеніңнің айырмашылығы жоқ екені есіме түсті.

– Кім де болсаң, бір сәлем!

Барқыраңқыраған баяғы даусы. Өзгермепті!

– Тілің жоқ па? Неге үндемей тұрсың-ей! Ә, арам! Молдабектен саумысың!

Оның кірпік қақпайтын көздері аспандай қарап, аузы аңқайып, жақындап кеп қалды. Иіс тартқандай, делдиген танауы жыбырлайды. Таяғын салмақтап, оңтайланып келеді. Баяғы бала күнімізде, осы Мүсілімхан келе жатқанда үндемей алдап тұрып, құйрығынан түртіп қалып тұра қашушы едік.

– Ә, арам! – деуші еді Мүсілімхан таяғын шыр айнала жасқап. Бұл дөрекі ойынға әсіресе Молдабек деген құрдасымыз құмар болатын.

Аяғында керзі етік, үстінде қара пальто, басында жөндем құлақшын. Көктем шығып келе жатса да, қысқа лайық киім.

Мен тағы біраз «жасырынбақ» ойнамақ боп тұрып, Мүсілімханның әкесі қайтыс болғаны кенет есіме түсті де, ойынды тез доғардым.

– Амансың ба, Мүсілімхан!

Беті маған, көзі аспанға қарап тұрып:

– Ой, Барсхан бауырым! – деп мені іздеп, қолын алдына созды. Амандасып тұрып арқамнан қақты!

– Ой, Барсхан бауырым! – деді тағы да, езуі жиылмай.

– Әкейдің қазасы қайырлы болсын!

Ол езуін тез жиып алды. Әкесінің қайтқанын жаңа естігендей аңырып, меңіреу халде біраз тұрды.


– Терең қазып, тепкілеп көмдік жәкемді, – деді кенет сампылдап. – Жәкем енді апатайым екеуі қосылып, ана жайда құдайдың қойын бағып жүр. Апатайымды соңғы кезде қайта-қайта айта беруші еді, түсіме көп кіретін боп жүр деуші еді, жәкем жарықтық. Сөйтсем, соған аттанайын деп жүр екен ғой.

Автобус аялдамасына ақ жаулық салған әйелдер, түлкі тымақ киген шалдар жақындай бастады. Бағанағы арыққа бір-бір сүрініп:

– Құдай-ай, осы колхоздың жолы-ай! – деп келе жатқандарға сәлем бердік.

– Е, Мүсілімхансың ба? Айналайын, жәкеңнің жасамаған жасын саған берсін.

– Мынау қай бала? Е, Барсхансың ба? Айналайын. Қашан кеп



қалдың? Жаман шешеңді бір көріп кетейін дегенсің ғой. Жаман шешең көзайым боп қалған екен ғой.

– Енді қайтып бара жатыр екенсің ғой. Әйтеуір, қайда жүрсеңдер де аман болыңдар.

– Аман ердің аты шығар.

– Қайда жүрсеңдер де жолдастарың қыдыр болсын!

Кішкентай сары автобус келді. Жабылып мініп алдық. Тау бөктерлеп шыққан жолмен әне-міне дегенше Борандыға да кеп қалдық. Жолаушылар қаптарын, қоржындарын көтеріп базарға асықты. Бізді ұмытып кеткендей, қоштасқан жоқ. Әлде өзіміздің ауылдың балалары ғой, қайтып оралады ғой деді ме...

* * *

Мүсілімхан екеуміз Күншуаққа жүретін автобусқа ауысып міндік. Күншуаққа дейін жолымыз бір. Одан ары Мүсілімхан Шуылдаққа, мен – Алматыға тартамын.

Мына автобус әлгі ауылдан мініп келгендегіден үлкен. Орындықтары шалқайма, жұмсақ. Мүсілімхан екеуміз қатар отырдық. Таяғын ірге жаққа тығып, жау алып кететіндей бөксесімен басып отырды. Кәдімгі қызыл күрең алша таяқ. Несіне сонша алтын, күміс орнатқан балдақтай ардақтады деп онысын ерсі көріп қалдым.

Автобус Борандының көшелерімен бұралаңдап біршама жүрді де, «Ташкент – Алматы» трассасына шықты. Енді жүрісі ширап, солтүстік-шығысқа бет түзеп, айт жануар, шүу деді. Әне-міне дегенше, көзді ашып-жұмғанша, Терісаққан өзенінің көпірін дүбірлетіп өте шығып, Қаратау бөктерін қиялай тартты. Алатау қапталдасып оң қол жақтан жарысып барады.

– Біздің Айнабұлақ көріне ме? – деді Мүсілімхан. Сөйтіп автобустың терезесін жеңімен сүртіп қойды. Кім үшін сүрткенін түсінбедім.

– Көрінеді. Ақсайдың аузынан шығып жатқан екі айыр жол сияқты. Екі көше көрінді.

– Алыста қалған шығар, жарықтық.

– Алыста қалды. Үйлері көрінбейді. Тек, тал-дарағы қараяды.

Үйлердің көрінбегені қапа қылғандай тұнжырай түсті. Екі ұрты салбырап, кірпік қақпайтын көздері қимылсыз. Оң қолымен алша таяқты сипап қойып, беті маған көзі айдалаға адасып тағы да:



– Алатауды бұлт бүркеп тұрған жоқ па? – деді.

– Бұлт жоқ. Күн шыжып келе жатыр. Алатаудың басы жарқырап барады.

Мүсілімханның екі езуі қайтадан екі құлағына жетті.

– Маған Ұлтай айтып еді, бұдан биік тау жоқ деп. Жарықтық, жатыр десеңші жарқырап.

– Ұлтайың кім?

Мүсілімханның жүзін бұлт басқандай лезде тұнжыр тартты. Екі ұрты қайтадан салбырап кетті.

– Ұлтай менің әйелім еді ғой, – деді.

– «Еді ғойың» қалай? Кәзір қайда?

Әлдекімді ұрып жібергісі келгендей алша таяқты құшырланып қысып-қысып қойды.

– Ауылға айында-жылында бір-ақ келесің, оның өзінде өз үйіңе ғана бір түнеп қайтадан қайқайып отырасың. Әрине, онан соң ауылдың жаңалығын біле бермейсің. Мен Шуылдақта жұмыс істеп жүргенде үйлендім. Не жұмыс дейсің бе? Біздің қолдан не келуші еді, артельдің жұмысы. Ботинканың бауын жасаймыз, шампанның тығынын жонамыз, сондай ұсақ-түйек, бірақ, әйтеуір, жұртқа керек. Арамтамақ емеспіз, бір жақсы жері. Тапқан нанымызды ұялмай жейміз. Ұлтай да сонда істеген. Екеуміз қосылған соң қол ұстасып елге бардық. Жәкем қуанып кәдімгідей той жасады. Бірақ бізді қайтадан Шуылдаққа жібермей қойды.

– Сен сыртта жүргенде, тыныш ұйықтай алмаймын. Көз алдымда бол. Өле-өлгенше, көзім жұмылғанша, саған көз болуға тырысайын. Түнде жатсам түрлі-түрлі түс көріп, сен суы ліпілдеген терең әуітке түсіп бара жатыр екен деп, айқайлап шошып оянам. Қал осында, – деді.

– Құдай қос көрсе, немере сүйермін...

Жәкем жарықтық, Ұлтайды туған қызынан артық санады. Ұлтай бес-алты ай өткенде аяғы ауырлады. Бәлекетім көжеге тойып қалыпты сөйтсем. Жәкем жарықтық, қуанып келінін алақанына салып аялап, үйдің бар тірлігін өзі істеді-ау.

Содан бір күні... Е, несін айтасың, Барсхан бауырым, түлен түртті ғой бұ адам баласын. Кәдімгі Молдабекті өзің білесің ғой. Аузына ата сақал біткенше сол баяғы қу жындылығын қоймады ғой. Кейінгі кезде көрдің бе өзін? Ұқсамасаң тумағыр, ел айтады, өзін: құдды тарттырған текедей деп. Әйтпесе мен қайдан білейін.

Содан бір күні... Үйдің жанындағы сайдан тірнектеп жүріп биеге

деп жоңышқа орып үйге келе жатсам, Ұлтайдың ышқынған даусын естимін:

– Жіберіңізші енді, не болған сізге! – дейді. «Япыр-ау, шыннан Ұлтай ма?» – деп қалт тұра қалғам.

– Сұп-сұлу боп, өзі шотыр, өзі соқыр соны қайтып сүйесің, – деді біреу.

«Ә, бәлем, Молдабексің-ау», – дедім.

– Әй, Молдабек, ә арам! – деп тұра кеп ұмтылыппын. Екеуі екі жаққа қашса керек, әлгі дауыс естілген жерде орнын ғана сипалап қалыппын. Сөйтіп ем, анадайдан Молдабек мені мұқатып былай деді:

– Хат жаздым, қолыма алып, ой, дәуіт-қалам,
Ұлтай-жан, ішіңдегі-ау менің балам.
Сүт беріп, қаймақ беріп, ой, асырап бер,
Болғанда қара табан өзім алам, әкку-ай...

Қара жер теңселгендей болды. Дауыс шыққан жаққа қарай темір таяғымды қадап кеп ұрдым. Тимеді, өйткені Молдабек жынды енді арт жағымнан келіп:

– Ішің күйсе, тұз жала,
Сыртың күйсе, домала, –

деді...

* * *

Ол оқыстан басын кегжең еткізді де, әлдекайдан тың тыңдағандай, дыбыс шығармай қалды. Бетіне енді туралап қарап едім, самайын ақ шала бастапты. Шешектен қалған дақтар тереңдей түскен. Жаңбыр жауса қақ тұрғандай. Ақ басқан көздер қалайда сірескен шелді тесіп шығардай бір тынбай аунақшиды.

– Немене тесіле қалдың? Танымай отырсың ба? – деді жұлып алғандай.

Мен сасқанымнан:

– Оны қайдан білдің, көріп отырсың ба? – деппін.

– Деміңнен біліп отырмын.



– Жә, одан ары не болды?

– Не болушы ед? Жәкем жарықтық, мені кішкентай күнімде арыққа, шұқырға түсіп кетпесін деп жетектеп жүруші еді ғой. Содан мен әлгі ашумен әйелді қуып жібергеннен кейін жәкем:

– Мүсілімхан-ау, мен өлмейді дейсің бе? Мен өлгенде сені кім жетектеп жүреді? Сені сонда жетектеп жүретін адам анау келінмен бірге кетті ғой. Тауып кел, алып кел! – деді.

– Бармаймын. Керек болса, өзі келсін, – деппін.

– Жәкем мені ұрады деген үш ұйықтасам ойымда жоқ. Оң жамбасымды ала бірдеңе сарт ете қалды. Жылан шаққандай атып тұрдым.

– Бармаймын. Өлтірсең де бармаймын, – дедім қасарысып.

Тағы ұрар деп бұға бердім, бірақ ұрмады. Е, Барсхан бауырым, енді сол жәкемді мына дүниені алты айналып айқайласам да таппаймын. Сондағы мені ұрған таяқ мынау. Әкемнің көзі... Шуылдақ жақтан Ұлтайды іздемекпін. Одан табылмаса, Күркіреудегі төркініне барамын. Мүмкін, мүлде басқа жаққа кеткен шығар. Әйтеуір, тапқанымша іздей беремін...

Күншуаққа жеттік. Мүсілімханмен қоштастым.

– Аман бол, есендікпен кездесейік, Барсхан бауырым, – деп шақырайған күнге қарап таяғын қолтығына қысып тұрып, қолымды сипалады.


Енді бір сәт ол алша таяқпен алдын тық-тық түртkілеп, су кешкен адамша аяғын көтере басып бара жатыр екен.

Сол қолын да алға соза береді. Сол қолынан бұрын жәкесі жетектеп жүретін. Соған дағды алып қалғандықтан шығар, құр бос ауаны қармап барады. Әлде сол қолы жоқ іздеп жүр ме екен?..

ШАҒАЛАЛАР ҚАЙДА ҰЙЫҚТАЙДЫ?

Қайдан келетіні белгісіз, таңертең теңіз үстіне шағалалар пайда болады. Мүмкін, олар толқындардың ақ көбігінен аршылып шығатын шығар.

Ал толқындар сылқ-сылқ күледі. Толқындардың өзі суда жүзген жануарлар сияқты. Бір батып, бір көтеріліп, мың қаралы боп жатыр.



«Толқындар біз келгенше де осылай ойнап жатқан. Біз кеткенде де осылай ойнап жатады. Басқа біреулер келеді. Анау шағалаларды солар көреді» деп ойлады Әрлен.

Олар үшеу боп келді. Үлкен корпусқа сестра-хозяйка апарып салып, бөлмелерін көрсетті. Ұзын бойлы, қапсағай жауырынды, отыз бес шамасындағы Әрлен қос чемодан көтеріп кірді. Оның бір чемоданы үстіндегі көйлегі түстес шатыраш екен. Әйел үш-төрт жасар ер баланы қолынан жетектеп жүр.

Үшеуі де чемодандарды бөлмелеріне қояр-қоймастан теңізге асығып еді. Әйел пляжға келіп, сары ала атлас халатын сілкіп тастап, суға жүзер лыпасымен ғана қалғанда, жағадағылардың бәрі жалт қарады. Күн шалмаған тәні негрлерше қарайған халықтың ортасында оқшау тартты.

Жігіттің көк сәтен лыпасында желкенді қайық суреті бар екен. Ал оң жақ қақпақ жауырынынан гитара тартқан қыздың ұсқыны көрінді. Қыздың бас жағында бір, аяқ жағында бір періште тұр. Жігіттің қақпақ жауырынында гитара тартып отырған қызды періштелер неден қорғамақ екені белгісіз.

Келіншек теңіз жағасында неке төсегіне жатуға алғаш оқталған қалыңдықтай қысылып көп тұрды. Жасыл көк судың түбінде алтын түстес айқыш-ұйқыш сәулелер ойнады.

Женттей құмның ара-арасынан ұлудың түймедей қабыршақтары ағараңдайды.

Пляжға дейін сұғына өскен жабайы жоңышқа мен теңге жапырақтың иісіне мас болып, көбелектер қалбалақтап ұшады. Күні ертең суық түсіп, теңге жапырақ солатыны ойында жоқ.

«Осынікі жөн», – деді Әрлен.

Сөйтті де суға сүңгіп кетіп, қалқып шығып құлаштап жүзе жөнелді. Төсіне дейін теңізге бойлап, толқын ырғағымен секіріп ойнаған келіншектің жанына жетіп:

– Ұнай ма саған, Жауқаз? – деді.

Жауқаз жымиып күлді.

Жағадағылар да, суда жүргендер де бұл екеуінің қатар жүзгеніне қызыға қарап қалды. Тіпті біреу суға батып барады десе де, селт етпей ертеден қара кешке дейін бастырма астында карта ойнайтын егделер де:

– Па, шіркін! – десіп еді.

Бірақ бұл жүзіс көпке ұзамады. Жағада құмнан үй салып ойнап отырған бұйра шаш, шүңірек көз бала кенет:



– Мама, мама! – деп шар-шар етті.

Жауқаз жалт қарады.

– Жылама, айналайын. Қуан, жылама!

Ол әлгі бір әсем жүзудің орнына суды шалп-шалп еткізіп, жағаға аптыға жүгірді. Бала толқынға түсіп кете ме деп қатты сескенді.

Келіншек кеткеннен кейін де, Әрлен толқындарға төсін тосып біраз жүрді.

«Толқындардыкі рақат. Еркіндік осыларда. Дөңбекшіп ойнауын қарашы. Бір толқын бір толқынды қуалап ойнап бара жатқанын қарашы. Бұларға ешкім қой демейді. Ал, Жауқаз екеуміз ғой, еркін жүзе алмадық. Қуан...»

Осыны ойлап, о да жағаға шықты. Ыстық құмға құлай кетті. Теңіздің жылы суы табанын жалап жатты. Табанын толқын қытықтай берген соң, тізесін құшақтап отырды.

«Теңіз тасбақа сияқты екен ғой», – деді ол.

Оның қаладағы көршісі Николай Петрович бір командировкадан оралғанда, баласы Сашаға тасбақа әкеп берген еді. Саша оны Жаңа жылда желінген үлкен торттың қорабына қоныстандырып, балконға шығарып қойды. Алдына нан, печенье тастады. Жансыз зат сияқты қыбыр етпей жатқан әлгі тасбақа әлден уақыттан соң, сауыттан жылан басын шығарып жан-жағына ұзақ қарады. Құм мен сексеуілдің орнына зәулім үйлер көрді. Даланы қатты сағынып, құмға қайта қайтпақшы болды. Құмға көміп кеткен жұмыртқалары бар еді, соларды аңсады. Үлкен торттың қорабынан өрмелеп шықпақшы. Барбиған аяқтарын асып қойып тырмысады. Жиегіне жете бере қайта құлайды. Қайта асылады, тағы құлайды. Балконды бойлай екпе шырмауық өсіп тұр еді, тым құрыса соған жетпек болды. Бірақ мың рет тырмысып, мың рет құлады... Тасбақаның да махаббаты бар болар. Тас сауыттың ішінде сағыныш сезімінің өмір сүруі қандай ғажап. Тасбақа азат болса, сол ажарсыз түрімен-ақ даланың қызыл гүлін суық төсіне басып жатар еді. Жусанның ащы иісін жұтып жүз жыл жасар еді.

Қазір Әрленнің көз алдына сол Сашаның тасбақасы келе қалды. Теңіз толқындары тасбақаның қабыршықты сауыты сияқты. Құм жағаға асылып құлап, асылып құлап жатқан көбікті су тасбақаның барбиған аяқтарына ұқсайды.

«Е, толқындарда да еркіншілік жоқ екен ғой», – деді Әрлен.



* * *

– Жауқаз, кел, қайыққа мінейік, – деді жігіт. Ол қарауылдан табаны жалпақ көк қайық сұрап алды. Орталарына Қуанды отырғызды. Пляж біртіндеп алыстай берді. Тереңдіктің шекарасы боп тұрған кеспек-бұйлар да артта қалды. Теңіз дөңестеніп қара көк түрге енді, түбі көрінбеді.

Жігіттің ескек тартқан қолдарында бұлшық ет шиыршық атты. Танауы тершіп, көзі лапылдай түсті. Қарсы алдындағы Жауқазға қадалды. Келіншек басына сары ала шатыр ұстап, түпсіз тұңғиыққа үңіліп қалған. Әу дегенде, үнсіз қара көк толқын суларын сәби де қызықтады. Қайықтан асылып қолын салып көрді. Сонда анасы сескеніп, етегіне жармасты. Баланы етегінен ұстай отырып, сыңсыма үнмен жайлап қана ән салды.

Жылжы, қайық, осы көлде,
Жыр толтыршы жаныма.
Махаббаттың бесігінде
Тербелейік тағы да.

Бір топ шағала бұларға ілесіп келеді. Қара моншақ көздері жылтылдап, толқын төсіне төстерін тигізіп-тигізіп келеді. Әрлен оларға қызыға қарады. Адам да аңсағанын осылай аймаласа ғой.

Махаббатың бесігінде
Тербелейік тағы да...

Талай жиын-тойларда сан рет айтылған ән. Ал, шынында, бұл мына дөңес теңіз төсінде ғана айтылуға тиіс сияқты боп көрінді. Екі адам біріне-бірі қолсозым жерде қарама-қарсы отырса да, біріне-бірі айшылық алыс жердегідей арманда. Бұл әнді Қуан түсінбеді ме, әлде шексіз теңіз үрей туғызды ма, әйтеуір:

– Мама, мама! Қайтамыз, анда қайтамыз! – деп алыста мұнартып қалған пляжды көрсетіп қыңқыл салды.



* * *

Демалушыларды оқтын-оқтын саяхатқа алып шығу үшін осында пристаньға теплоходтар келіп тоқтайды. Пристань – теңізге сұғына кіріп тұр. Қалың тақтайларды тіреген жуан діңгектердің суреті су бетіне түседі.

Күн қиядан аунап, батып бара жатты. Теңіз беті қызғылтым тартты. Алыстан арғы беттегі тау да көрінді. Ол алтын арқалы айдаһар сияқты еді. Сол тауға, батқан күнге, қызғылтым теңізге пристаньнан қарап тұрған үшеудің суретін майда толқын тербеді. Әлдеқайда көз ұшында күннің батқан жеріне асыққандай жалғыз қайық кетіп барады. Жайшылықта назар түспейтін әлгі қайық қазір мүлде аянышты. Теңіз шетіне шыға ма, шықпай ма, жағаға жете ме, жетпей ме, – деп мүсіркеу сезім тудырады.

«Жолың болсын, жалғыз қайық», – деді ішінен Әрлен. Қайық теңіз бен аспан қиюласып жатқан қара сызықтан ары аунап түсіп жоқ болатындай көрінсе де, әлі үзілмеген үміттей көз ұшында бұлдырады да тұрды.

Жағада жан азая берді. Кешкі тамақтың кезі де келіп еді. Бірақ осы бір кештің суретіне тоймаған үшеу ғана пристаньда оқшау қалған. Олар әлгі қайықты көзбен әлі шығарып салып тұрғандай. Түн жамыла бастаған теңізде кеспек-бұйлар ғана жалғызсырап, қылтың-қылтың қараңдайды.

«Ей, адамдар, күндіз сендерге жол көрсетіп, жақсылық жасап едік, енді бізді тастап кетпеңдер», – деп қол бұлғап жалынғандай болады. Олардың тілін шағалалар ғана түсінсе керек, айналшақтап-төңіректей ұшып, төсімен жанай өтіп жүргені.

– Мама, мама! Бұл құстар қайда ұйықтайды, а? – Жауқаз селк ете қалды. Әрленнің қолынан қолын жұлып алды. Қуан сұрағы оны әлдеқайда алыс беймәлім дүниеден лезде қайырып, пристаньға қайта түсірді.

– Шағалалар ма? Қайда ұйықтайды дейсің бе? Қайда ұйықтаушы еді? Әрлен, сен білесің бе?

Әрлен де қысылған сияқты. Әйтсе де:

– Суда ұйықтайды, – деп салды.

– Иә, олар қорқады, – деді Қуан. – Су жаман. Олар қорқады. Жүр, мама, үйге, үйге! – деп Қуан кенет өксіп-өксіп жылап-ақ жіберді.



* * *

Олар келгенде, асханаға адам толып қалған екен. Бәрі асқа бас қойған. Қасық пен тарелкалардың сықыр-сықырына сөз беріліпті. Даяшылар да аяғының ұшынан басады. Үшеуі келіп өз орындарына орналасты. Лезде тамақ келді. Баланың асқа тәбеті аса шаппады. Күн өтті ме, әлде қалжырап ұйқысы келді ме, шүңірек көзі кіртие берді. Ал екі ересек тамақ ішкізудің амалын таба алмай жатыр.

Ақыры болмағансын Әрлен:

– Мына котлетті жеп қойсаң, міне, мен сияқты күшті боласың, – деп қолының бұлшық етін ұстап көрсетті.

Бала оның бұлшық етін менсіне қоймады.

Әрлен тағы көрсетті.

– Иә, менің папам сенен де күшті. Менің папам сені жығып қояды, – деді бала ашулана айқайлап.

Қасықтар мен тарелкалар сықыр-сықыры тына қалғандай болды. Бірауық ауыр тыныштықтан соң ғана сыбыр-сыбыр сөздер, тұншыққан күлкілер, жөткірінген жөтеліс көбейді.

– Папама айтам! – деді бала.

* * *

Таңертеңгі тамақта олар өз орындарынан көрінбеді. Кеше кешкі жағдайдан соң ол отырған орындарынан тұра алмай жерге сіңіп кеткендей еді. Бала да байқалмады. Бірақ періште де ғайып болады ғой.

ҰЗАҚ КОМАНДИРОВКА

Тауға қараған балконға жаңбырдан бұрын жел жетті. Көшедегі жасыл ағаштар тыпырлап-ақ қалды. Әлгінде ғана жайнап тұрған шашыратқы гүлдер лезде көкшіл көздерін жұмды.

Сонда құлағы қалқиған сары бала:

– Арыстан аға, мен папаммен бірге тауға барғанмын, білемін, – деді.



Соны растағандай дәу басын изеген кезде, жіңішке мойны әлгі басты әрең көтеріп тұрғандай еді.

Сары баланың үлкен қой көздері жасына жетпей ойлы сияқты. Күлсе ықыластана күледі де, екі езуі қалқан құлақтарына дейін жетеді. Ақсиып ірі-ірі аппақ тістері көрінеді.

– Білемін, білемін, білемін, – деп арық қолдарымен балконның жақтауын шапаттап айқайлап жіберді.

– Нұрлан, не болған саған? – деп шешесі балконға бас сұғып қарады.

Жел үдей түсті. Иілген ағаштың бұтақтары электрдің жалаңаш сымына тиіп кеткен сайын, шатыр-шұтыр, жарқ-жұрқ ете қалып, уыс-уыс ақшыл шоқ шашырайды.

– Енді балконда отырмай-ақ қойыңдар, үйге кірсеңдерші, – деді менің әйелім.

– Рас, – деді Нұрлан маған, – папам мені тауға алып барған. – Сонан соң сәл ойланып тұрып: – Бірақ ол қаша-ан, бұдан жүз жыл бұрын еді, – деді.

– Соқ өтірікті, – дедім мен шыдай алмай. – Өзің бес-ақ жастасың. Қайдан жүз жыл бұрын болсын?

Бала мені мүсіркегендей дәу басын қисайтып біраз тұрды да:

– Ой, Арыстан аға, жүз жыл дегенде, жүз жылдың өзі емес қой, – деді. Бет әлпетінде: «соны да түсінбейсің бе» деген нышан бар.

– Әй, Нұрлан! Ағаның мазасын алма, – деді анадай жерде диван үстінде отырған Жанна.

– Менің мазамды алған жоқ, сен назар салмай отыра бер, – деймін баланың мамасына.


– Жанна, саған не болған, өз бетінше отырған баладан айналып кетпейсің бе, – деп әйелім түсті араға.

* * *

Үйдің ішін үнсіздік жайлады.

Балалармен тіл табысуға орашолақ адам едім, кішкентай мейманды немен алдандырарымды білмей дағдарып отырғанымда, қобдишадағы түрлі темір-терсек, значоктар есіме түсе кетті. Жерден жеті қоян тапқандай, жүгіріп барып қобдишаны қолтықтап қайттым.

– Мінекей, біздерде мынадай бар, мынадай бар, – деп Нұрланның алдына нешебір жалтырауықтарды жайып салдым.



Далада бұрқ-сарқ күн күркіреп жатты. Онда ісіміз жоқ. Бала мәз, соған мен де мәз.

Ойдан-қырдан жиналған әлгі значоктардың біруысын Нұрланға сыйладым.

– Рақмет, – деді ол ересек адамша. – Мен значок жинап жүрмін. Тіпті менде әлі папам әкеп берген значоктар мен шетелдік шақалар да бар.

Мен көңілденіп, мырзалығым ұстап кетті де, ВДНХ-ның қола медалін қоса бердім. Кішкентай мейманым медальді ары қарап, бері қарап, тіпті титтей алақанына салып, салмақтап көрді де, өзіме қайтып берді.

– Мұны алмаймын, Арыстан аға, – деді. – Мұны сіздің өзіңізге сыйлаған. Маған алуға болмайды.

– Сыйлаған емес, Арыстан ағаны наградтаған, – деп баланың қасқабағын аңдап отырған мамасы сөзге араласты. Соны айтып, қара көйлегінің тар етегін тартқылап, сирағын жасырмақ боп қысылып отыр.

– Наградтаса тегі жақсы, – деді Нұрлан сөзін салмақтап. Шәушиген бетіндегі үлкен аузы томпайып шыға келді. – Менің папамды да наградтар еді, оның да осындай медалі болар еді...

– Нұрлан! – деп мамасы айқайлап жіберді. – Қарыса ма жағың сенің, қарыспай ма! Сөйлеме дедім ғой мен саған. Жүр, киін, қайтамыз.

– Жанна, саған не болған, – деп әйеліміз екеуміз өре түрегелдік. – Далада жаңбыр құйып тұр!

– Oho, – деді бала үлкендерше, – жаңбыр деп осыны айт. Мама, мама, қазір папам командировкадан кеп қалса қайтеміз? Ол үйге қайтіп кіреді? Су-су боп қалады ғой.

Мамасы бұл жолы ынты-шынтысымен жауап беріп жатыр:

– Нұрлан, сен білмеуші ме едің, папаңның өзінің кілті бар ғой, командировкадан біз жоқта кеп қалса, өз кілтімен ашып алады үйді. Әй, бірақ келе қоймас. Келетін уақыты бола қойған жоқ...

Бала күрсінді. Әлгінде ғана өзі қызығып, құныға қараған значоктар жайына қалды.

Кенет алақандай көздерінен от ойнап, ақ сары жүзі бал-бұл жайнап:

– Арыстан аға, менің есіме енді түсті. Сіз білесіз бе, папам мені стадионға алып барғанда тура осындай жаңбыр жауған. Стадионда футбол болды-ау деймін. Ұмытып қалыппын. Жүз жыл өтті ғой... – деді.



Мені тағы да сенбес дегендей бетіме қарады:

– Жүз жыл дегенде, шыннан жүз жыл екен деп қалмаңыз. Баяғыда дегенім ғой. Сонда папам менің үстіме газет жапты. Бәрібір үсті-басымыз су-су болды. Со жолы мен ауырдым-ау деймін. Есімде жоқ, жүз жыл өтті ғой.

– Нұрлан, не айттым мен саған, Арыстан ағаның мазасын алма дедім ғой, – мамасы тағы да ашулы көзбен баланы атып өтті.

Әйеліміз екеуіміз оны тағы да тарпа бас салдық:

– Жанна, нең бар, тыныш, адам құсап әңгіме айтып отырған балада. Мұндай ақылды баладан айналып кету керек қой. Кел, Нұрлан!

Үлкен аузы томпая қалған Нұрланды өзіме тартып, бауырыма қыстым. Бір жақсы жері, бала кекшіл де, шолжаң да емес. Лезде жадырай салып, қойныма қойып кетті.

Баланы бауырыма басарымды бассам да, біртүрлі себепсіз сезімнен қысылып барам. Бала ұп-ұзын арық саусақтарымен иығымды сипалады. Күрсініп қойды. Бір бәленің боларын сезгендей менің де тынысым тарылды. Ап-арық ұзын саусақтар жағымды жағалап, бір күннің ішінде өсіп қалған сақалымды сипалай бастады. Тостағандай тұп-тұнық көздер бетіме кірпік қақпай тесіле қарап қалған. Сидаң саусақтар жылжып жүр. Соқырлар әлденені іздегенде, әлдекімді танығысы келгенде осылай сипалайды. Менің бетім алаулап, тұла бойым бір қызып, бір суып, қалшылдатып барады. Егеудей сақалды ары-бері ақырын ысқылап көрді де, бала:

– Қытығың келмей ме, Арыстан аға? – деді.

Жанна бүк түсіп, булығып отыр. Менің әйелім де шыдамады.


– Сіздің шашыңыз қара екен, папамдікі, ұмытпасам, сарғыш еді... Солай ма, мама?

Жауап орнына мамасы енді дауыстап жіберді.

Әйеліміз екеумізде үн жоқ.

Жападан-жалғыз қалған бала ақыры шыдай алмай:

– Мама, кешір, мен сенен сұрайын деген жоқ едім, бірақ папамның шашы қандай еді – ұмытып қалыппын. Жүз жыл өтіп кетті ғой, – деді.



АЛТЫН ТІКЕН

Күн үлкен сәскеде бақташы табынды тақырға иіріп тастады да, тарбиған қара шеңгелдің түбіне барып отырды.

Бурыл таудың жалаңаш жартасынан шаңқ еткен ала бүркіттің үні естілді. Бақташы балапан іздемекке ойы бір кетті. Сонан соң:

– Мен қайбір құсбегі едім, – деді.

Шеңгелдің тікені көп, жапырағы сирек еді. Қауашағы пісіп, жел сәл ызың етсе, қоңырауша сыңғырлап тұр. Бақташы шақшиған күннен басын қорғалап, пиджагын шешіп алып шеңгелге жапты. Шашы сиреген төбесіне ғана жетерлік көлеңке түсті.

Шеңгелдің түбінен қашып барып, ебелектің астын паналаған кесірткенің алқымы бүлкілдеді. Ерте-ерте, ертедегі алып айдаһарлардың шаялаған ұрпағы бақташының әрекетін бағып, кірпіксіз көзі тесірейе қалды.

Бақташы кенеп дорбадан жарты бөлке нан, екі шиша шығарды. Дорбаны төсеп, тамақты үстіне қойды. Кесіртке бөтелкелердің күнге шағылысып жалтырағанынан жасқанып бұғыңқырай түсті. Бөтелкелердің бірі – айран, бірі – ақырған ақ арақ еді.

Кеше бақташы жұрттан жалақысын жинаған. Сиыр бас сайын айына бір сом. Қолына түгел тисе әжептәуір ақша. Бірақ қолына түгел тие бермейді. Қауымды даттап обалы не керек. Көбі-ақ адал ақысын тап-тұйнақтай таза береді. Тек, Қатша сияқты құдайдан безгендері болмаса. Қатша қалтасында ақшасы бола тұра:

– Әй, Қалтырауық, келесі базарға дейін шыдай тұр-әй, жазған. Келесі базарда көнімді сатсам да сенен құтылармын, – дейді ғой күйдіргенде.

Бақташы сонда барып:

– Осы қыстан бастап жекешені тастап, колхоздың малына кірмесем бе! – дейді.

Бақташы арақтың ақ қаңылтыр аузын ашып, қырлы стаканға орталау құйып, ойланып біраз отырды.

«Бұрын осының аузын сүргіштеп қояр еді».

Қолы от алған трактордың рулін ұстап отырғандай дір-дір етеді. Сонда қырлы стакандағы арақ күздің қара суығы тербеген қақ суындай қалтырайды. Бақташы соны байқап қалып, көзін тарс жұмып, басын шалқайта тастап жібереді...



Ебелек түбіндегі кесіртке алдыңғы екі аяғымен жер тіреп, зерлі мойнын созып-созып қарады.

Сәлден соң Қатшалардың қорлығы ұмытыла бастайды. Таңғы салқынмен аңыздағы ажырыққа тойып алған табын тақырда тапжылмай жатыр.

Бақташының бойы балбырап, ойы бозбала шағына сапар шегеді. Өмірінің тәтті бір кезі. Тәттінің көп тұрмайтыны сияқты лезде өте шыққан бір заман. Көкірегінде көмулі жатқан бір арман. Көмулі жатқан шоқтың үрлегенде қызарғанындай осындайда, оқта-текте сол бозбала шағы бір елес беріп кетеді.

Содан бері де қырық жыл өтіп кетті. Дүниеден көп адам аттанды, дүниеге көп адам келді. Бір кезде конфискеленген байдың бойжетіп отырған қызының тұсына барып өлең айтқан жас жігіт енді қалтырауық шал болды.

Бірақ ол қылшылдаған жігіт кезінде де қалтырауық еді. Өмір бойы осы кемістіктен азап шегіп келеді. Бозаның бір жорасында әлгі конфискеленген байдың бойжетіп отырған қызының тұсына барып:

Біздің ауыл Бурылдың төрінде отыр
Өзің көрген баяғы жерінде отыр.
Шынымменен көңілің бізде болса,
Беу, құдаша, сағат сайын көрін де отыр.
Қарағым-ай!
Қабағың-ай,
Ақ қағаздан аппақ-ай
Тамағың-ай! –


деп шалқыған еді.

Құдаша да құр ауыз емес екен: жеңгесіне қосылып өлеңмен жауап айтты. Сол шумақтың бәрі түгел бақташының есінде қалмапты. Есінде қалғаны соңғы сөзі еді.

...Құдажан, қалтырамай жайыңа жүр...

Жұрт сонда қыран күлкі, мәз-мейрам болып еді-ау. Бақташы кірерге жердің тесігін таппай, боза сүзген тай қара қазанға түсіп кете жаздап еді. Жұбанышты жұрттан таппай, сол бір уыттан іздеп, ісіп-кепкенше іше берді. Жалғыз кемпір шешесі ғана:

– Жұмәлі-ау, Жұмәлі! Құдайдан тілеп алған жалғызым, сенің қолыңды қалтыратып қойған әлгі Сәдіркүл жиен ғой. Кішкентай



күнінде асыққа таласып талай ұрып ең. Қолың содан қалтырауық. Оның несіне қапа боласың, – деуші еді марқұм.

Пиджактың қос алақандай көлеңкесі ауытқып, бақташының басына күн түсті. Селдір шашының арасынан шықтай мөлтілдеп шып-шып тер шықты.

– Келіңіз, құдаша, – деді бақташы арақ құйылған қырлы стаканды алға ұсынып, орнынан тізерлеп көтерілген болып. Ебелек түбіндегі кесіртке жалт беруге ыңғайланды. Бақташының көзінің алды кілегейленіп жұмыла беретін болды. Енді бүкіл денесімен ары-бері теңселіп, аят оқыған қариядай боп отырған соң, қолының майда дірілі білінбей де кетті.

– Апыр-ой, құдаша, алмадыңыз ғой!

Құдашада үн жоқ. Құдаша қазір, бұдан қырық жыл бұрынғыдай, құданың бетінен алмайды. «Қалтырауық» деп кемітпейді. Тамағы «ақ қағаздан аппақ» боп, қырын қарап күлімсірейді. Қыпша белі майысып, бұрымының ұшын тарқатып, қайтадан өріп, арқасынан асыра лақтырып тастап, көзінің қиығымен тағы да күлім қағады.

Бақташы қырлы стаканды төңкеріп тастап, бөтелкені сарқып құяды.

– Келіңіз, құдаша!

Сый аяқты бұ жолы кәдімгідей орнынан тұрып барып ұсынбақ болады. Кесірткенің алқымы бүлкілдегенін қоя қояды. Құйрығы жылтың етіп, ебелектің ар жағына өтіп барып, артына бұрылып қарайды.

Кесірткеге бақташы жақтан қауіп төне қойған жоқ. Ол шөкелеп тұрып барып:

– Апыр-ой, құдаша, – деп қайтадан былқ етіп отыра кеткен.

Қауіп басқа жақтан келе жатқан сияқты. Ту сырттан ат тұяғының дүбірін есітіп, кесіртке таяу тұрған бір түп текесақалдың арасына сүңгі жөнелді. Колхоздың қарауылы:

– Бұл адам ба, жын ба? – деп біраз тұрды. Одан соң барып, атын шеңгелге байлап, бұқпалап басып бақташының алдына шөкелеп отыра қалды.

– Алыңыз, құдаша, – деді бақташы.

– Келіңіз, құда!

Бақташы көзін бағжаң еткізіп ашып алды. Алдында шыннан адам отырған сияқты. «Қалпақ па, орамал ма? Құдашаға мұрт шығып кеткен бе?»

– Апыр-ой, құдашаның түрі бұл сияқты емес еді ғой, – деді бақташы дауыстап.

– Құдашашылын мұның! Әй, құда! Сиыр қайда?



– Е, бәсе, Әбді охранник екенсің ғой. Сиыр... сиыр жусап...

– Бар бол, бар болғыр! Табын тұтас жабылып жүгеріні жайратып жатыр. Жын-шайтаныңмен сөйлесіп сен отырсың. Не жын айналдырды!

Табынның жусап жатқан орнында пырдай болып жас жапалар ғана қалыпты.

Бақташы мастықтан лезде айықты.

* * *

– Қарасан келгір! – Бақташы жуан таяқты шиіріп лақтырғанда, ешкібас көк сиыр көзін жұмып тұра қалды. Таяқ тұқыл мүйізге сақ етті. Көк сиыр басын шайқап алып, жүгеріні салдырлата тағы аралап кетті. Аштан өліп бара жатқандай жүгерінің жапырағын жалмап, апандай аузына ілінгенін құлаштай тілімен шалып, ілінбегенін мүйізімен қайырып, жапырып барады. Аттандап Қатша жүр.

– Жайрағыр, Қалтырауық, жайрат менің жаялықтай жүгерімді!

Қыпша бел құдашаның демде бақырауық қисық кемпірге айналып кеткенін бақташы мойындағысы келмейді.

«Әй, Қатша, тілің о баста-ақ ащы еді-ау. Бәрі өзгерді, бірақ тілің сол баяғы удай күйі».

– Қарасан, иттің малы!

Бақташының кемпірі Жұпар колхоздың қарауылы Әбдінің айтқан сөзіне сенер-сенбесін білмей, ернін сылп еткізіп, жер қозғалса қозғалмай, есіктің алдында тұр.

– О, шойлы, айақ ішетін қу әдетті қайдан шығайған?! Айақ шенің не теңің?! Құдашашылын, шойлының! Құдашаңмен қатып қалғый!

Жұмәлі бақташы сиырларды жүгеріден әрең айдап шығып, колхоздың көшесін шаңдата қуып келе жатқанда, оған шаңның арасынан «тамағы ақ қағаздан аппақ» құдашасы тағы елес берді.

ТҰЙЫҚ ШАРБАҚ

Тауық күлге аунағанды тәуір көреді. Ал қазір бұрынғыдай есіктің көзіне шығарып тастай салатын күл жоқ. Қазір жұрт баллонмен тасып газ жағады, үй жылытуға көмір түсіріп алады. Көмірдікі қайран баяғы тас мияның, яки қызыл жантақтың күліндей болмайды екен.

Тауық енді топырағы бусап жатқан огородқа үйір.

Мейрамбүбі тауық ұстайды. Асырамас еді, күнде таңертең тракторшы баласы Жұмажанның сеткесіне пісіріп салып жіберетін үш-төрт жұмыртқасын олжа көреді. Әйтпесе «тауық асырағанды қой» деп көрші қайнысы Жаппас оу баста-ақ ескерткен. «Құс асырағыш екенсің, – тор шарбаққа қамап ұста» деген. Ал өзі тауық тұрмақ, қаз бен түйеқұсты да асырайды. Бірақ олар қысы-жазы ауладағы тор шарбақта қамаулы. Зоопарктегі сияқты.

Мейрамбүбі қайнысына:

– Сөзің құрысын, – деді. – О заманда, бұ заман тауықты қамап баққанды кім көрген, – дейді. – Сен бір күні тауықты аяғынан арқандап қой дерсің.

Жаппас Мейрамбүбімен салғыласып жатпайды. Огородына түскен құсты кесекпен қадап-қадап ұрып, шекарадан асыра қуып тастайды.

Мейрамбүбінің тауықтары қатты жәбірленіп, иесіне мұңын шаға байбалам сала қақылықтап қашып келе жатады. Әсіресе қызыл қораз өңеші жыртылғанша қақсайды.

– Қап, қараң қалғыр-ай! – деп үйден Мейрамбүбі шығады. Сонда барып жәбір көрген асыранды құстар зарлауын бәсеңдетіп, ішектерін тартып барып, жай бейбіт құрқылға көшеді.

Екі үйдің жерінің арасы бір құлақ суы бар арықпен бөлінген. Арықтың арғы беті, бергі беті қаз-қатар нау теректер. Балақ жағын атыз бөліп тұрса да, аспандап алған бас жағы бұтақтары айқасып, жапырақтары жамырасып, тұтасып кеткен. Сол дүлей нуда жаушымшық пен жабайы кептердің, тоқылдақ пен көк қарғаның сансыз ұясы бар.

Алты ай жазға көк терек пен қара ағаштың тәкаппар басы азан-қазан құс базары.

Арықты бойлай, ағаштардың етегін ала арасына бұзау кіріп кетсе көрінбес түйежапырақ пен шырмауық, шытыр, меңдуана өседі. Мейрамбүбінің тракторшы баласына жұмыртқа туып беретін тауықтар



бастығы қызыл қораз болып, күн ысығанда, сол түйежапырақтың арасына кіріп, көздері ақшелденіп, рақат түс көріп ұйқыға кетеді.

Өздерінің бір тұтам өміріне шақталып берілген құсұйқыдан кейін, тауықтар тағы да тамақ пен борпылдақ топырақ жорығына шығады. Неге екені белгісіз, арықтың арғы жағына өш. Мейрамбүбінің механизатор баласына колхоз кесіп берген жиырма бес сотық жер жетпегендей, Жаппас жағына жаудай тиеді.

Жаппастың жиырма бес сотық жерінде нелер жоқ! Мәуелеп тұрған алма мен алша, алмұрт пен өрік. Тіпті екі түп жаңғақ та әкеп отырғызып еді, түйе сияқты неме екен, әлі жеміс бере қойған жоқ. Ал шие мен құлпынай әлдеқашан пісіп, сабағынан үзіліп түсіп, тауық шоқығанға уылжып шіри бастаған.


Картоп күлгін гүл ашып, түбіндегі ақ сары бас құрт төңкеріле семірген кез болатын. Тауық шіркін осыған өлердей өш.

Қызыл қораз темірдей тұяқтарын картоптың түбіндегі топыраққа салып-салып жібергенде, жер соқа жыртқандай болады да, ар жағынан ерінген, манаураған ақ сары бас құрт асықпай аударылып түседі. Қызыл қораздың сондағы дүрдигенін көрсеңіз: бөтегесі Алатаудың бөктеріндей шеңберленіп, қыт-қыттап мекиендерін шақырып алады. Тойып болған соң ақ мекиендер топыраққа жата қалып шомылады-ай келіп.

Әне, бәле содан шығады.

Бір күні Жаппас арықтың өз жақ бетіндегі ағаштарды аралатып тікенекті сым темір жүргізіп тастады. Арасынан тауық тұрмақ торғай өте алмастай жиі тартты. Мұндай темірмен Жаппас өз жерінің бұрын көше жақ бетін, түстік бетін және сайға барып тірелетін батыс жағын тұтас қоршаған болатын. Рас, Мейрамбүбі жеңгесінің үйімен шектесетін терістік жағы ғана тікен сымсыз еді, енді о да тарс бекітілді. Тек екі үйдің арасын жалғастыратын жалғызаяқ жолдың арықты кесіп өтетін жері ғана ашық қалдырылды. Жаппас жерінің төрт бұрышындағы жалғыз ашық жер осы ғана. Әйтпесе көше жақтағы биік дарбаза үнемі сырықпен тіреулі тұрады. Ертеңді-кеш өріске мал шығып, өрістен мал қайтқанда ғана сықырлап ашылады.

Жаппас көршінің үйіне қарай шығатын әлгі бір жалғызаяқ жолды да бітеп тастамақшы еді, ойланып біраз тұрды да оған қолы батпады. Кішкентай үш баласы үйректің балапанындай тізіліп сол жолмен Мейрамбүбі апасының үйіне баратыны есіне түсті. Кемпір кішкентай балақайларды жаны қалмай жақсы көрер еді. Өзіне әлі немере біте қоймағаннан ба, әйтеуір, әлгі Жаппастың мұрынбоқ балаларының



асты-үстіне түсіп бәйек болар еді, шығарға жаны басқа, әйтпесе өзі туғаннан кем көрмес.

Трактортшы баласы әлі үйленбей жүр. Жұмысқа ерте кетіп, кеш келеді, оған:

– Әй, айналайын, біреудің қызын тұлымшағынан сүйреп әкелер күнің бола ма, жоқ па? – деп қояды.

– Пәлі, апамды-ай, – деп күледі трактортшы баласы. – Қазіргінің қыздарында тұлымшақ жоқ та. Қазір – прическа.

– Е, пришешіңмен қатып қал, – дейді кемпір теріс айналып, Жаппастың балаларына қазанжаппа пісіріп беріп отырып. Бүкіл қырық үйлі көшеде қазанжаппаны жалғыз Мейрамбүбі ғана пісіреді. Мейрамбүбінің тауықтары Жаппастың огородындағы сарыбас құрт пен шұбалшынға қандай өш болса, Жаппастың балалары Мейрамбүбінің қазанжаппасына сондай құмар.

Балалар қазанжаппаға тыңқия тойған кезде, Мейрамбүбі оларға арша күбіні күрпілдетіп пісіп-пісіп көже құйып береді. Арша күбі осы үйде Мейрамбүбі көрші қырғыз ауылынан осы қазақ ауылына келін боп түскенде бар еді. Ал Мейрамбүбінің енесі Ақтолқын жарықтық, нұрын пейіште шалқығыр, айтар еді. Бұл арша күбі осы үйге мен келін боп түскенде бар еді деп. Бұл күбіден мына отырған балақайлардың бабалары ас ішкен, Мейрамбүбінің ертерек қайтқан шалы мен мына көрші Жаппастың әкесі бір туған. Бұларды кексе кісілер Таубас әулеті дейді. Бұдан жүз жыл бұрын өткен Таубастар, жаның жәннатта болғырлар, осы арша күбіден ашымал ішкен.

Сол бабаның асына, құданың құдіреті, осы заманның ұрпағы болса да, мына Жаппастың жамандары әбден құмар. Мейрамбүбі айтады:

– Менің жамбасым бір күні жерге тигенде, мұны сендерге кім істеп береді, – деп қояды. Оны балалар уайымдамайды. Қазір қарны тойса болды.

Қарны тойса болды, үйректің балапанындай балпаң басып тізіліп, жалғызаяқ жолмен қызыл шатырлы үлкен үйге қайтады. Енді осыдан кешке дейін, қызылшадан шешелері келгенше қарындары ашпайды. Ал Жаппастың бұларға қарауға мұршасы жоқ. Түнде қамбаға қарауыл, күндіз «Запорожецін» қоңызша тоңқаңдатып, алма, алқоры тиеп базарға жөнеледі. Одан кейде ерте, кейде кеш келеді. Малының өтуіне қарай.

Соны көріп Мейрамбүбі өзінің трактортшы баласына:

– Әй, айналайын, тым құрымаса, ана Жаппас ағаңнан үйренсеңші.



Астында тракторың бар, құдайға шүкір. Анау алма деген шіріп жатыр. Тіпті тауықтар да шоқығысы келмейді. Мұрнын шүйіріп, қасқа сиыр да жемейді. Не қыламын мен оны? Артып апарып, тым болмаса шайқантқа айырбастап әкелсеңші, – дейді.

Оған баласы көнбейді.

– Шай-қантқа менің тапқан еңбекақым да жетеді, – дейді.

– Апыр-ай, кежегең кейін тартып тұратыны-ай, сенің. Мынау ағаңның әрекетін неге көрмейсің? Оның да жері сенің жеріңдей-ақ қой, ала-құласы жоқ. Жылда қып-қызыл ақша жинап алады. Ал біздікі итрәсуа боп далада қалады. Онан да осы мәуені сатып, Жаппас құсап бір легковой алсаң, сені мөңкіп-мөңкіп тастап кететін бе еді? Әй, түкке икемі жоқ, болбырым-ай.

– Легковой не керек, трактор тұрғанда, – деп баласы кемпірді өршелендіре түседі.

– Е, тракторың бар болсын, жүрісі жаман. Адамды селкілдеткенде ішек-қарның түсіп қала жаздайды. Майдай жұп-жұмсақ легковойға не жетсін!

Кемпір қайтсін, о да армандайды. Балам бір машина сатып алса дейді, келін түсірсе дейді. Содан жаңа құдаларды шақырмақшы. Сонда құдаларды әлдекім құсап салдыр-күлдір жүк машинаға мінгізіп әкелмей, Жұмажан легковойымен тасыса, қандай мәртебелі болар еді дейді.


Өстіп бір өзінше тәтті қиялдың құндағында арша күбіні ысқылап жуып отырғанда, бір жаман дауыс шар-шар ете қалды.

«Тауықтың балапанын қарақұс ілді ме», – деп далаға ытқып шыққан.

Сөйтсе, өзінің қызыл қоразы. Шарбақтың ар жағында Жаппас тұр. Ұрысын ұстап алып, екі борбайын екі жаққа дар еткізіп айырып-ақ жібергені. Өлген қоразды сөйтіп Мейрамбүбінің үйіне қарай лақтырды-ай кеп. Сонда ол қызыл қанаты жалпылдап, бейнебір аспаннан от түскендей алаулады. Әтештен айырылып жесір қалған ақ мекіштер ойбайды салып, жоқтау айтып жатыр.

– Ә, сорлы дүлей, жазаңды Жұмажан берсін, – деді Мейрамбүбі, жалғыз ұлын асқар тауға балап. – Кешке, тірі болса, келер. Торғай тоқ еткеннен күннің көзі байланғанша колхоздың тірлігін істеп, тырнағымен жер тырмалап жүрген жұмыскердің жалғыз шешесін көрінген саудагер жәбірлесін деген заң жоқ, қараң қалғыр. Тілсіз мақұлықтың шатын айырып. Шатың айырылып, тапқаның талапай болғыр.

Жаппас ләм деп жақ ашқан жоқ. Үйінен өткір балта алып шықты да, жалғызаяқ жолды жуан-жуан тақтаймен биіктетіп, тарс бекітіп тастады. Енді тышқан жорғалап өтетін жер қалмады.



«Менен кінә жоқ», – деді Жаппас. Сөйтіп қайтадан «Запорожецті» айнадай ғып сүрткілей бастады. Көкшіл сырын жалтырата бензинмен ысқылады. Станцияға түсте келетін жолаушы пойызына алма, жұмыртқа алып шықпақшы боп жолға дайындалған.

Бірақ әлгібір жағдай жайбарақат көңілін лайлап, ойын бөле берді. Өзінен-өзі дегбірі кетіп, әлденесін ұмытқан адамша үйге бір кіріп, бір шықты. Ойсыз, мағынасыз жан қалтасын сипалай берді. Шалбарының артқы қалтасына салып қойған сигаретке қолы тигенде барып, темекі тартқысы келетінін ұқты.

Фильтрсіз, мыжылған арзан сигареттің біреуін алып тұтатқанда, тұңғыш рет қолы қалтырады. Соған ыза болғаны, қою түтінді ішіне аямай қарпи тартып, жанып тұрған шырпыны сұқ саусағымен беталды шертіп жіберді.

«Шығасыға иесі басшы» деген... Шылым тұтатып болған соң, отын үрлеп өшіріп, өлі шырпымен тісін шұқып қойып, көк түтіннің иісіне, дәміне елтіп отырар еді. Бұл жолы шертіп жіберем деп, шерменде болды. Әлгі шырпы шертпектен шыр етіп барып, Жаппастың оң қол жағында тұрған машинаның үстіне түсті. Бәрі қас қағым сәт, «Запорожец» лап етіп, сиқыр ойнағандай, лезде отқа оранды. Машинаның жанында тұрған қара шелектегі бензинге бір жапырақ от жаны бар мақұлық құсап өзі қарғып түсті. Бұрқ еткен жалын ұмар-жұмар дөңгеленіп аспаннан бір-ақ шыққан.

Жаппас бір сұмдықтың болғанын іші сезді, бірақ не екенін ұға алмайды. Әуелі жалпылдап қанатын қаққан қызыл қораз сияқты да көрінді. Әлдебір сары ала топырақты үйірген құйын сияқты да көрінді. Мұндайда діндар болса:

«Бісміллә, бісміллә», – дер еді, бірақ ол аузына түспеді. Ұйықтап жатып бастырылыққандай демі бітіп, көзі шатынап біраз тұрды да:

– Ойбай! – деп келте қайырды. Үні шықпай қалды. Оны өзі де сезді. Содан соң барып:

– Ойбай! – деп бар даусымен барқырап қоя берді.

Осындай жаман дауыстан жаны шошынғыш қазақ үйде бар тірі жаны далаға толайым топырлап шыққан.

– Өрт! Өрт! – десті.

– Жаппастың үйі өртеніп жатыр.

Күрегін, кетпенін, сырығын ала, тұра-тұра жүгіріскен. Кәне, ішке кіре алсашы. Биік қызыл қақпа ішкі жағынан сырықпен тіреулі, ағаш-ағаштың арасы тікенек сым темір, шеңгелмен бекітулі.



– Әй, сорлы, аш дарбазаңды!

– Қақпаны аш!

Жаппастан жауап жоқ. Арсылдап, шынжырын салдыратқан ит үреді. Бұ кезде от маяға шапшыған. Тор шарбақтың ішіндегі тауықтар шарылдап, үйрек-қаз үрейлене қаңқылдады. Алауына адам жолап болмас орасан оттың түтіні биік тал-дарақтың басын орады. Ондағы сыңсыған ұя, сансыз шымшық қызылшақа балапаны қақалып, құс дүниесі күйзелді.

Жұрт қақпаны аша алмай, не тікен шарбақтан аса алмай «ал-ал» деп жүргенде, Мейрамбүбінің есіне ең алдымен қазанжаппа жегіш балалар түсті. Жаны қысылғанда атам заманда ұмытып кеткен қырғызшасы аузына түсіп:

– О, қоқи, қантем!? – деді.

Тікенек темірлі арықтың бойын жағалай жүгіріп жүргенде, тәңірі жарылқап, таңертең өзі жоңышқаның үстіне жайып тастаған қызыл ала текеметке аяғы шалынып сүрініп қалды.

Ала салып текеметті тікен шарбақтың үстіне лақтырып, кемпір басымен әлгі биікке жас балаша қарғып шықты.


Ашыған бидай көже ішкіш батырларың қашып шығарға тесік таппай, олар да шарбақтың ішінен айнала шырылдап жүр екен. Есі кеткенде үшеуі үш жаққа қашып, Мейрамбүбі оларды әрең ұстап алып, қолына іліккенін шарбақтан асыра лақтыра берді.

Мейрамбүбінің текемет көпірін көрген адамдар бұ кезде ішке қарғып-қарғып түсіп, жан далбаса әрекетпен әуре. Балағы күйіп, сирағы сидиған Жаппастың бет-аузы үйтілген. Көзі алақ-жұлақ, айдалаға қарайды. Енді бір кез оттан опырылып түсіп, гүрс құлаған қызыл қақпаға қолын шошайтып, ыржың-ыржың етіп күлді.

Көз алдында қызыл қораз қанатын жалпылдатып тұрғандай, көзге көрінбес әлденені қолымен жасқай берді.

НӨСЕР

Самолет таңғы бесте ұшады. Аэропортқа самолет ұшардан бір сағат бұрын жету керек. Ереже солай. Бұл үшін түнгі үште



ұйқыдан тұрып, жолға шықпаса болмайды. Түнгі үште аэропортқа экспрестен басқа көлік жүрмейді. Экспрестен қалып қоймау керек.

Ақиқат түнде төсекке жатар алдында осыны қайта-қайта ойлап еді. Сондықтан шығар, оның ұйқысы мазасыз болды. Түрлі-түрлі түстер көрді. Ол – Күншуақ қаласы мен Боранды станциясының арасында жүретін жолаушылар пойызының ревизорынан жас күнінде жаман қорқушы еді. Каникулға шығып, жүрегі алып-ұшып, көптен сағынған үйіне асығып бара жатқанда, билетсіз Ақиқатты тікірейген жез мұртты, дөп-дөңгелек сары көзді, қалың қабақ ревизор бұра бастырмай, тамбурда тұрған жерінен ұстап алып, қатты қысушы еді-ау.

Міне, мына түнде сол жез мұртты, дөңгелек сары көзді ревизор түсіне кірді. Бір мезгіл ревизор үп-үлкен мысыққа айналып, Ақиқатты бір аяғымен басып ұстап тұрып, папкасынан айып қағазын суырып жатты.

Ақиқат осы түстен оянып кетіп, жол жүретіні есіне сап ете қалып, сағатқа қарады. Ала көлеңке үйдің ішінде кішкентай қоңыраулы сағаттың фосфорлы жасыл тілі жарқырап түнгі бірді көрсетті. Кішкентай сағаттың жарқыраған жасыл тілі томпаңдап жүгіріп бара жатты.

– Ақантай, неге ұйықтамай жатырсың? Әлі ерте ғой, – деді Ақлимаш ұйқылы-ояу еріне қарай аунап түсіп. Терезеден түскен ай сәулесінен ақ маңдайы көрінді. – Сені мен ешқайда да жібермеймін, – деді жас келіншек буынсыз ақ білегімен жігіттің мойнынан қапсыра қатты құшақтап алып.

Жұбайының жүрегінің астынан бірдеңе бүлк-бүлк етіп бұлқынып-бұлқынып қалғанын Ақиқат анық сезді.

– Есіттің бе, Ақантай, есіттің бе? – деді келіншегі сыбырлап, бейне бір әлгі бұлқынған нәрсе қатты сөйлесе әлдеқандай қашып кететіндей-ақ. – Әне, әне. О да саған кетпе деп жатыр. Сені о да мен құсап құшақтап алмақшы боп кішкентай қолын созып жатыр.

Ақиқат жауап орнына Ақлимаштың албыртқан ернінен ұзақ сүйіп, көзін тарс жұмып, үндемей жатты.

Бұлар осыдан бір жыл бұрын үйленіп еді. Редакцияның ақ бас, бірақ жаны жас суретшісі бұлардың тойға шақыру билетін өзі жасап, астына: «Ақлимаш, Ақиқат» деп жазып еді. Содан бері бір-ақ жыл өтті.

Бұл жылдың бір күнінен бір күні жақсы еді. Ал енді осылардың бәрінен ерекше бір күннің жақындап қалғанын сезді қазір Ақиқат. Ол мұны бұрын да сезген. Сондықтан таяу уақыт ішінде үйден ұзап кетпеуге бекіген.



Бірақ кейде тілші уақытты емес, уақыт тілшіні билеп кететін кездер болады. Осыдан бір апта бұрын Қарағандының «Жарық жұлдыз» шахтасында жасалған дүниежүзілік рекорд екі-үш күн өтпей ескіреді. «Жарық жұлдыздықтарды» «Жанартас» шахтасының кеншілері басып озады. Күні кеше Теміртаудың мартенінен Еламан Байғазиев болатты небәрі алты сағатта балқытып алса, бүгін Рудныйдың Сарбай руднигінде экскаваторшы Сұңқар Мұзбалақов бір күнде үш күннің нормасын орындайды.

Ақиқат осының бәрінде болып, оларды газет оқушыларына таныстырар еді.

Ал кеше Ақиқатты редактор шақырып алып:

– Командировкаға дайындал. Қазір барып билет ал. Түнделетіп жүріп кет. Тың өлкесіндегі «Сарбаздар» совхозында бір комбайнер «ЖВН-10» жаткасымен бір күнде 145 гектар бидай орыпты. Елден бұрын жет. Очерк алып кел! – деді. – Бүгін бейсенбі, жексенбі күнгі номерде шығатын болсын!

Ақиқат:

– Мен қуана-қуана барар едім, бірақ Ақлимаш... – дей беріп еді.

– Ештеңе етпейді. Ақлимаш ақылсыз емес. Сенің жұмысыңа кесір болады деп ойламаймын. Менен сәлем айт оған, – деді редактор.

Ақиқат тағы ұйықтап кеткен екен. Ақша бұлттардың үстінде зымырап ағып жүрген «ЖВН-10» жаткасын көрді. Селк етіп оянып орнынан тұрды. Ол тұрып бара жатқанда, келіншегінің бүйірі бұлк-бұлк ете қалғанын тағы сезді. «Кетпе-кетпе, жібермеймін!» деп бұлқынғандай еді болашақ адам.

Ақлимаш та оянып кетті. Оның сүмбіл шашы сусылдап тоқ беліне төгілді.

– Тезірек орал, Ақантай, – деді ол күйеуінің қалтасына газетке орап піскен ет салып тұрып.

– Ұшып барамын, ұшып қайтамын, Ақлимаш. Сен уайымдама.

Ол сұр плащтың қалтасынан газетке ораулы етті білдірмей былай алып қойды да, оның орнына блокноттарды тықпалады.

– Сен еш нәрсені уайымдама, Ақлимаш. Мен ұшып барып, ұшып қайтамын.

Ақлимаш есіктің алдына орамал жамылып шығып, баспалдақпен төмен түсіп бара жатқан Ақиқаттың соңынан қарап тұрды.

Ақиқат төменнен жоғары қарап, қол бұлғады.

– Мен тез ораламын. Үйге кір, тоңып қаласың...



Ол көршілерді оятып алмайын деп, аяғын абайлап басты. Тып-тыныш түнде гранит баспалдақ сонда да тық-тық етіп дыбыс білдіріп тұрды. Әне, астыңғы этаждағы жетінші пәтердің есігі ақырын ашылып, ар жағынан Полина әжей бурыл шашты басын сұғып қарады.

– А-а, Ақиқат-жан, сен екенсің ғой. Тағы да командировка ма? Ақлимаш жалғыз қалды ма? Менің ұйқым келмейді, Ақиқатжан. Баспалдақпен біреу келе жатқанын естіп, бұл кім болды екен деп едім. Oh, қу кәрілік-ай десеңші. Ал сендерге не жоқ. Ұйықтап, рақаттанып жатпайсыңдар ма, жассыңдар! Жылы төсектен шығып... Жә, жолың болсын! Кәрі басым мылжыңдап барады екенмін ғой.

– Қайырлы түн, әжей!..

Подъездің серіппелі есігі Ақиқат шығар-шықпастан сарт жабылып, қайтадан тым-тырыс бола қалды. Жетпіс алты пәтерлік үлкен үйдің ең жоғарыдағы бір терезесі ғана жарқырап тұрды. Шам сәулесін көлеңкелеп, шашы омырауына төгілген әйел қол бұлғады. Жоғарыға шалқая қарап Ақиқат да қол бұлғады.

– Ұшып барып, ұшып келемін, – деді ол ішінен. Түн ішінде дауыс шығарып айқайлауға болмайды ғой. Оның сыбырын естіп қойғандай, Ақлимаш бас изеді.

Қала ұйқыда болса да, көшелер жап-жарық. Асфальттар жалтырап жатыр. Көшенің ұзына бойына тізілген светофорлар түнгі иллюминациядай ойнайды. Көше бойы біресе жап-жасыл моншақ тағынады, біресе ол сарғайып барып, қып-қызыл боп құлпырады.

Бұл уақытта бір машина көрінбесе де светофорлар қалғып кетпей, қалтқысыз жұмыс істеп тұр. Ал тас арықты қуалай аққан салқын су светофорға бағынбайды. Біреу қытықтағандай сылқ-сылқ күліп, сылдырап барады.

Тротуар жағасындағы бұғы мүйіз үлкен еменнің түбінен біреулер қарандағандай болды. «Түн жамылған бұзықтар болып жүрмесін» деп Ақиқат ә дегенде сескеніп қалды. Сол сәтте басына басқа бір ой жарыса келіп, өзінен-өзі ұялды. Емен түбіндегі екеу сүйісіп тұр екен. Ойда жоқта түн ішінде тротуарда сақ-сақ басып, көше тыныштығын алып келе жатқан адамнан қайта солар қымсынғандай болды.

Аэропорттың алдында үлкен плакат ілулі тұр; шляпасын қолына ұстаған сұлу жігіт жұртты Қырымның оңтүстік жағалауларына шақырады. Оның өзінде самолетпен ұшуға кеңес береді. Әрі арзан, әрі жылдам, әрі ыңғайлы дейді.



«Жоқ досым, біз Қырым жағалауларына бара алмаспыз. Алыстағы Арқалық даласынан егін орып жүрген «ЖВН-10» машинасын көргенше асықпыз. «ЖВН-10-ның» кереметін газеттің жүз мыңнан астам оқушысына айтып жеткізгенше асығулымыз» деді Ақиқат плакатқа ішінен жауап қатып.

Көк мұхиттың байлаулы тұрған китіне ұқсас самолет моторын от алдырып гүр-гүр етті. Тып-тыныш түнді селт еткізіп азынаған дауысқа асқар тау бұрылып қарағандай болды. «Ақлимаш естіді ме екен» деп ойлады Ақиқат.

* * *


Обком комсомол секретары Нариман Мауқаев жолдас пианистке лайық салалы саусағымен ұзын шашын қайта-қайта қайырып тастап, үн қатпастан біраз отырып қалды. Оның аузынан шыққан сөз бір жаққа ұшып кетпесін деп қауіптенгендей Ақиқат Көрегенұлы секретарьдың жүзіне қадала қарап отыр. Секретарьдың аузынан шыққан бір ғана сөз арқылы өзінің тағдыры шешілетіндей болып отыр.

– Апырай-а, – деді Нариман жолдас енді сүйіктей саусақтарын сындырардай сыртылдатып, астыңғы жұқалаң ернін аппақ күрек тісімен сәл тістеңкіреп. – Машина құрғыры болмай тұр-ау. Менің машинам осыдан бір сағат қана бұрын «Рақат» совхозынан оралып еді. Шоферге бүгін сен боссың деп жіберіп едім.

Секретарь оң жағында тұрған телефонға бұрылмастан қол созып, трубкасын ұстап тұрып, қайта қойды. Тағы көтеріп, тағы қойды. Секретарь телефонның трубкасын көтереді. Сонда Ақиқат Көрегенұлы «Сарбаздар» совхозына міне-міне жетіп қалғандай болады. Секретарь трубканы орнына қоя салады. Сонда Көрегенұлына «Сарбаздар» совхозы алыстап бара жатқандай көрінеді. «Ұшып барып, ұшып келемін» деп еді ол Ақлимашқа.

– «ЖВН-10» рекордының біздің газет үшін қасқалдақтың қанындай қажет екенін түсінсеңіз, маған шын көмектескен болар едіңіз, – деді Көрегенұлы.

–Түсініп отырмын, Ақиқат, түсініп отырмын, бірақ шофері түскір түні бойы жол жүріп, ұйықтамап еді. Жастыққа басы тисе, енді тиген шығар, егер көнсе, шақырып көрейік, – деп секретарь тізесінің тұсындағы кнопканы басып-басып қалды.



– Катя, тез жүгіріп барып, Сазанбайды шақырып келе ғой, – деді Нариман көмекші қызға.

– Қырсықтау еді, келе ме, келмей ме, – деп кінәлі адамдай күлімсіреді Нариман көмекші қыз шығып кеткен соң.

* * *

– «Сарбаздар» совхозына дейін жүз сексен километр, – деді Сазанбай қалың қабағын түкситіп. Оның шала ұйқылы көзі қанталап, қызарып тұрды. – Машинаны заправить етіп алмаса болмайды. Жолдың жартысына дейін ғана асфальт, онан әрі грейдер кетеді...

Қанбай қалған ұйқының ашуы мен тынымсыз тілшілерге деген ызасын машинаның дөңгелектерінен алғысы келгендей шофер үлкен аяғымен баллондарды жағалата теуіп-теуіп шықты. Ақиқат ішінен желі шығып кетпесе екен деп тілейді. Ол Ақлимашқа «ұшып барып, ұшып келемін» деп еді. Егер дөңгелектің желі босап кеткен болса, онсыз да сіркесі су көтере алмай тұрған шофер жүрісті кешеуілдете берер деп қорықты.

Сазанбай дәл ұшында қара меңі бар етжеңді кесек мұрнын дәу жұдырығымен езгілеп уқалады.

– Алдама мені, алдама! – деді ол ақырып, өз мұрнын өзі ұрып қанатардай. – Бүгінгі тойдан қалдық қой.

– Сәке, ол қандай той еді? – деді Ақиқат шоферден, «ГАЗ-69» қала сыртына ойнақтап шыға бергенде.

Шофер Ақиқаттың бетіне алара бір қарап алды да, қос қолымен рульді қыса түсті. Машина ышқынып-ышқынып, орғи жөнелді. Спидометрдің тілі дірілдеп 90 мен 100-дің арасында тұрып қалды. Ақиқат астанадан ала келген «Аромат» сигаретінің біреуін Сазанбайға ұсынды. Шофер асфальттан көз жазбай отырып, сигаретті оң қолымен алып аузына салды.

– Бүгін туған бөлемнің үйлену тойы еді, – деді ол сигаретті қызған пробкадан тұтандырып. – Кешке дейін жетсем жеттім, жетпесем, тойдан қалдым.

– Кешке дейін қайтып оралайық, тойдан қалмайсыз, – деді Ақиқат. – Ұшып барып, ұшып қайтайық.

– Әй, білмеймін, тілшілердің тіршілігі бітпеуші еді, оны-мұны деп жүріп аласыз ғой.



– Жоқ, Сәке, барамыз да қайтамыз.

Айдалада таспадай асфальт жолдың үстінде асығып келе жатқан осы екі адамның әлгі сөздерін естіп қойғандай, солтүстік-батыс жақтан шудаланып бұлт шықты. Асығыс адамдармен қалжыңдасқысы келгендей, «сендерді біраз әуре етейін» дегендей, аспанды торлап жайыла берді.

Шофердің енді-енді жадырайын деп келе жатқан қабағы мына бұлтпен бірге қайта түйілді. «Асфальтта ештеңе етпес-ау, бірақ грейдерге шыққанда әкемізді танытпаса!» деп Сазанбай аспанға сабырсыздана қарады.

Спидометрдің тілі «100» деген цифрдың үстінде қалшиып тұрды.

Машинаның әйнегіне алғашқы тамшылар тамған кезде, алдыдан грейдер шоқтығы да көрінді. Жаңбыр әйнекті сабалап-сабалап үдей түскен кезде, зауза қоңыздың кірпігіндей екі сыпыртқы жылаған шынының парлаған жасын ысқылап сүрте бастады.

Жолдың үстін лайсаң су мен шөпілдеген сансыз ақ көбікшелер басты.

От лақтырып ойнаған бұлт арасынан түскенін, жоқ әлде шелектеп жауған нөсерден пайда болғанын кім білсін, әйтеуір, жол үстінен біреу шыға келіп, машинаның қарсы алдынан қолын керіп тұра қалды. Адамдар асау атты қамалап ұстағанда осылай қолын керіп, «так-тактап» тұра қалушы еді. Мына ғайыптан пайда болған жанда сондай инстинкт бары байқалды. Әйтпесе адам ағып келе жатқан машинаны қолын керіп тоқтата ала ма!

«Бассаң басып кет, әйтпесе тоқта!» – дегендей еді жанынан безген адамның үрейлі ұсқыны.

– Әй, қырсық-ай, осы жұрт үйінде отырса қайтеді мына жауында, – деп бетін ара шағып алғандай тыржитып шофер тормозға жармасты.

Машина тірі шлагбаумға тіптен таяп қалды.

Аспаннан жаңбыр емес, шелектеп ақ арақ жауғандай, «ГАЗ-69» сол арақтан құтырына мас болғандай, рульге әрең көніп арқырап келе жатқан. Спидометрдің сүйрік тілі 90 мен 100-дің арасынан қыбыжықтап шықпай қойған.

Енді кенет берілген тормоздан дөңгелектердің білезік темірлері шыңғыра шиқылдап, машина екпінін баса алмай, алда міз бақпай тұрған адамның тұмсығының астына барып бір-ақ тірелді.

– Есің дұрыс па, жоқ па? – деп ақырды шофер сұқ саусағымен өзінің шекесін аяусыз тоқылдатып.



– Ес қалмады, қарағым, – деді машинаның есігінен қармана ұстап, қолы дір-дір еткен егде қазақ. Есіктің жақтауынан бүріп ұстағаны сонша, қасқыр тарамысты қайратты қоңырқай қолының саусақтары қайың ағаштың қатты бұтағындай ағарып кетті.

Машина жүріп кете ме деген қаупі зор көрінеді. Күреңіткен бетін жаңбыр сабалайды. Сом иекке шыққан бурыл сақалы Микеланджело мрамордан қашап салған Моисейдің сақалындай салаланып белуарына түседі. Тарам-тарам сақалды қуалай аққан аспан суы жаңбыр емес, мына бурыл самайлы адамның алақандай қаршыға көзінен парлап аққан ыстық жас сияқты.

– Мына кіші Жыланшықтың бойында жалғыз үй отырған «Қуаныш» совхозының шопаны едік, қарағым, – деді қара ши барқыт қамзолы сығып алғандай су болған адам шоферге емес, Ақиқатқа қарап. – Атым Далабай деген болады. Әйелім әл үстінде жатыр. Босана алмай қиналып өліп кететін болды. Бұдан бұрын үш баланы өлі туып еді. Оны зорманнан көріп едім. Құдайдың құдіреті де деп едім. Енді екі жыл болды, зорман аулап, Қарынбайдың қалыңмалын қырғанды қойдым, аңшылық кәсіпті тастап, қойға кірдім. Ендігі еңбегім адал, жазығым жоқ, құдай берсе баланы енді берер деп едім. Тағы да масқара болып қалам ба, әкетай. Қалаға жеткізіп сал әйелімді!

«Ақлимаш қандай халде?» деген ой Ақиқатқа үрей ала келді.

«О да қиналып жатпаса игі еді!»

– Түсің аппақ шүберектей болып кетті ғой, әкетай. Шын жаның ашығаны рас болса, бұр машинаңды. Бұдан бұрын бес машина тоқтамай кетті. Енді кешіксе, анау бейшара әйелдің үзіліп кететін түрі бар, – деді Далабай Ақиқатқа.

– Ақсақал, біз асығыспыз, әуре болмаңыз! – Сазанбай рульдің ортасындағы сигналды басып-басып қалды. Нөсер шуылына араласып сигнал даусы құлаққа қанжардай қадалды. – Мына кісі өкіметтің тапсырмасымен «Сарбаздар» совхозына асығып барады, бас бұруға мұрша жоқ!

– Әкетай-ау, біз де өкіметтің адамымыз ғой! – деп Далабай машинаның есігін қос қолымен қыса түсті. Темір тұлға сол қысуға шыдамағандай тұла бойы тітіркеніп, дір-дір етіп тұрды.

– Ақсақал, ішке кіріңізші не де болса. Жауынға малынып болдыңыз ғой, – Ақиқат есікті кері ашты.

– «Түсі жылыдан түңілме» деген еді, әкетай. Иманжүзді бала



екенсің. Бөбектерің бар ма? – деп кірді машинаға малмандай болған Далабай.

«Бөбектерің бар ма?» дейді. Оған Ақиқат не десін. Бар ма, жоқ па? Ақиқаттың бөбегі өзі жоқта дүниеге келіп те қалған шығар. Әлде Ақлимаш та мына шопанның жұбайы құсап азап шегіп жатыр ма? Ұшып барып, ұшып келем деп еді-ау Ақиқат. Ақлимаш қазір өзінің Ақантайын бір көруге зар болып жатқан шығар. Дәл қазір мына Далабайдың әйелін машинаға отырғызып, қалаға кері қайтып, бүгіннен қалмай самолетке мініп, астанаға жүріп кетсе қайтеді? Редакция мұның очеркін күтіп отырған жоқ па! Жексенбі күннің макетінен үш жүз жол орын бөліп отырған жоқ па! Оларға не бетін айтып барады?

Ақиқат әрі-сәрі болып отырғанда, шофер Далабайға қарап:

– Кәне, ақсақал, түсіңіз, бізді ұстамаңыз, асығыспыз! – деді. Мұрнын тағы да умаждап-умаждап уқалап қойды.

– Қой, әкетай, жылатпа мені, – деді Далабай Сазанбай мен Ақиқатқа кезек-кезек жаутаңдап қарап.

– Сәке, бұр машинаны... – деді Далабайдың көзіне көзі түсіп кеткен Ақиқат.

– Есіңізде болсын, мен енді Нариман Мауқаев тұрмақ, оның ар жағында тағы бір дәу бұйырса да, мұнда қайтып оралмаймын! – деді шофер.

– Сенің қайтып келмейтініңді өзім де білемін.

– Көсегең көгерсін, әкетай шырақ... – Далабай сөзін айтып болмай өксіп жіберді.

«ГАЗ-69» «Сарбаздар» совхозына жетпей грейдерден шығып, лайсаң қара жолға түсіп, кіші Жыланшықтың бойына қарай кетіп бара жатты.

* * *

– И-а-а, Бабатүкті Шашты Әзіз, – деді көрпе жамылып, бір қолымен керегеден ұстап, бір қолымен ала шұбар сандыққа жармасып, көгерген ернін тістелеп тұрған әйел шаңырақтан аспанға алара қарап.

Оған жауап ретінде Бабатүкті Шашты Әзіз аспаннан от қамшысын шарт-шарт еткізіп:

«Қарыстыр жағыңды!» – дегендей болды.

– Иа-а-а, аруақ! – деді толғақ қысқан әйел даусы жарықшақтанып.

Оның сонда көрген азабынан аруақтардың да жаны шошып, бұлттың

ара-арасымен тым-тырақай қашып, гүрілдеп-сарылдап алыстап бара жатқандай болды.

– Ей, жазған, Күлше-ай, аруақтың басын ауыртып қайтесің. Тұр! Өлмегенге өлі балық жолығып, машина келіп қалды. Бол жылдам, әнеміне дегенше роддомға апарып салады. Жарық дүниеден әлі татар дәмтұзың бар екен Күлше! – Далабай жұбайына қыжым пальтосын кигізіп, қолтығынан көтерді.

– Осы жұрт космос корабльдері заманында да дінге сенгенін қоймайды, – деп күңк етіп, Сазанбай да әйелдің бір қолтығынан демеді.

Машинаға төңкеріліп әрең кірген Күлше бейне бір ән салардай даусын созып:

– Байғұс-ау, малды кімге тастайсың? Мына алай-түлей боз боранға тапсырасың ба, ит-құсқа тапсырасың ба? – деді.

– Апыр-ай, естің шыққаны сонша, мал ойда болмапты ғой, қайттім! – Далабай жыңғылдан соққан қорада жауыннан ығып тұрған қойға қайта-қайта қарады.

– Мен қалсам қайтеді, Күлше? Бір құдайға тапсырдым, онан соң мына балаларға тапсырдым. Апарып салар роддомға.

Әрине, Ақиқат пен Сазанбай апарып салады. Ақиқат кешкі самолетке билет алады. Ол Ақлимашқа: «Ұшып барып, ұшып қайтамын» деп еді ғой. Ақлимаштың да ай-күні жетіп қалып еді. Қиналып қалмаса қайтсін...

– Ойбай, жолда бірдеңе боп қалса, танымайтын бала-шағаның алдында айра-жайра... – Күлше көзін тарс жұмып, ернін қымқырып басын шайқады.

– Енді қайттім! Әшейінде тыным таппайтын завферма мен зоотехник те мұндайда келе қоймайды. Малды кімге тастадым! – Далабай жауынға жон арқасын тосып тұрған қойға қарады. Қысы-жазы бір тұяқ шығындатпай, шырылдап жүріп өсіріп еді, шынымен есіл еңбек ит-рәсуа болғаны ма. Далабай совхоз орталығынан келетін қара жолға қарайды. Жауын буалдырынан Жыланшықтың жер қабағы қарауытып көрінеді. Келе жатқан жан жоқ. Далабай жалтақтайды. Біресе әйеліне қарайды, біресе мың қаралы қойға қарайды. Оның бурыл басы бұрылған сайын, Микельанджело Моисейдің сақалындай көк шуда сақалы желкілдейді.

– Ой, қу маңдай, болсаңшы, қиналды ғой жане-е-ем, – деген жарықшақ даусы шығады Күлшенің.

Қазір бұл ерлі-зайыпты екеуінен де гөрі Ақиқат қатты қиналған



сияқты. Ол өзі машинадан қалай түскенін білмей қалды.

– Отырыңыз, ақсақал, – деді Далабайға. – Малыңызға мен қарай тұрайын.

– Күнім, күнім! Күнді бұлт жасырды ма десем, қасымда екенсің ғой! – Далабай даусы дірілдеп буын-буыны босағандай машинаға әрең мінді.

– Есіңізде болсын, мен қайтып оралмаймын, – дейді Сазанбай мұрнын тағы да уқалап.

– Келмейтініңді білемін, Сәке. Сені мұрның алдамаған екен. Тойдан қалмайтын болдың! – деді Ақиқат.

Машина жауын буалдырынан көрінбей кетті.

Адамдардың достығын көре алмағандай қара бұлттар күңіреніп, долданғаннан бірін-бірі сарт-сарт сабалады.

ҚЫЗ БЕН БОТА

– Самолет! Самолет! – деп қыз теңіз жағалай жүгірді. Қанаты жоқ, қанаты болса ұша жөнелгендей.

«Самолетке қарай шыннан ұшып кетіп жүрмесін» дегендей еспе қызыл құм қыздың аяғынан тартты.

– Самолет! Самолет! Мені ала кетпейсің бе, а? – деді қыз тоқтай қалып. Жалаң аяқ тобығынан құм сусыды.


Жарған дарбыздың жартысындай шырайлы күн теңіздің о шетіне жайлап барып қонған кез еді. Теңіз бойлап бұдан бұрын да талай самолет ұшқан. Қыз бәріне де әлгі сөзді айтатын. Бірақ оның арызын самолеттердің ешқайсысы ілтипатқа алған емес.

– Мені алысқа ала кетпейсің бе, а? – деді тағы да. Бұ жолы тек сыбырлап айтты.

Самолетке айқайла не, сыбырла не – бәрібір.

Жоқ, бәрібір емес екен! Ол айқайдан гөрі сыбырды жақсы естіді-ау, сірә. Самолет шұғыл аударылып, бір қанаты жалт етіп жоғары көтеріліп қыз жаққа бұрылды.

Қыз аң-таң қалып біраз тұрды. Тұра қашты. «Өзің шақырып, өзің қашқаның қалай?» дегендей қызыл құм оның кішкентай аяқтарына



жармасты. Құм оның көкорай шалғын көк шөбіндей еді. Баланың аяғын аймалағандай, жып-жылы жұмсақ тиетін. Құм түнде ғана салқын тартатын. Қара түннен қорыққандай бойынан жылуы қашатын.

Қызылқұмның теңізге барып сұлаған шебінде теңбіл көк теңге жапырақ өспейді, жабайы жоңышқаның гүлі жайқалып, иісі сені елітпейді. Онда қызыл алма ұрықтамайды. Осы бір себепті де, жайқалған көгал дүниенің қызметін өзі атқарғысы келетін сияқты-ақ. Құм да жел жапырған шалғындай желбірейді. Құм тіпті кей-кейде сыңсып ән салғандай да болады.

Қыз малтығып, етпетінен құлады. Қызыл ленталы тұлымшағы селтең етті. Иір мойнына қыздыкіндей қызыл лента байлаған бота жалт беріп, тапырақтап тұра қашты. Ботаның аяғы ұзын еді. Құм кедергі бола алмады.

– Мені тастап кеткенің бе? – деді қыз ботасына өкпелеп.

Анадай жерге самолет келіп дөңгелек аяғын тіреді. Қап-қара дауыл бұрқ етті. Самолет секеңдеп біраз жүріп, бері бұрылды. – Е, шыннан менің шақырғанымды естіген екен ғой, – деді қыз құмға бір аяғымен тізерлеп тұра беріп.

Самолет гүр-гүр етіп бір нәрсе айтпақшы болған сияқты еді, қона бергенде тамағына құм кіріп кетті ме, қақалып қалды да – тоқтады.

Ұзын бойлы ұшқыш жерге түсіп:

– Амансың ба, айналайын! Атың кім? – деді.

– Менің атым – Раушан, – деді қыз.

– А-а-а. Сен, шынында да, Раушансың, – деді ұшқыш.

– Сіз мені біледі екенсіз ғой, – деді Раушан.

– Білмегенде ше, – деді ұшқыш.

– Менің самолетті шақырғанымды сіз қайтіп естіп қойдыңыз? – деді Раушан.

– Самолетте бәрі естіліп тұрады, – деді ұшқыш.

– А-а-а, – деді Раушан. – Білдім-білдім.

– Нені?

– Басқа самолеттегі ағайлар естісе де тоқтамайды екен ғой.

– Жоқ, Раушан. Олар тоқтар еді, асығады ғой, – деді ұшқыш.

– Сіз ше?

– Мен бүгін асықпаймын. Оның үстіне, сен шақырдың, – деді ұшқыш қалтасынан үлкен қып-қызыл алма алып беріп.

– Сіз мұндай алманы қайдан алдыңыз? – деді Раушан қып-қызыл жемісті жеуге қимай сипалап.



– Ол алыста өседі. Алатау деген жерде өседі, – деді ұшқыш. – Барасың ба, алып барайын.

– Ол жақта мұндай алма көп пе? – деді Раушан, егер көп болса, мынау алманы жеп қояйын деп.

– О, көп болғанда қандай! Ағаштың басында сыңсып тұрады. Онда парк те бар. Өзің сияқты балалар әткеншек тебеді, кәдімгідей пойызға мінеді. Балмұздақ қандай десеңші!

– Онда барайын, аға, – деді Раушан.

Бұлардың қасына Раушанның әкесі келді. Амандасып жөн сұрады.

– Мына Раушан шақырған соң келдім, – деді ұшқыш.

– Рас, көке, рас. Мен шақырдым, – деді Раушан.

– Онда үйге жүгір. Мамаң шай дайындасын, – деді көкесі.

Раушан жүгіре жөнелді. Құм аяғына оралған жоқ.

– Нөкіс қабылдамай қойды. Онда қалың тұман, – деді ұшқыш.

– Аралға қайтуға бензин аз.

– Қонғаның жақсы. Қонақ боласың. Біз мына Қызылдың құмына жаңадан орнап жатқан қой совхозымыз. Мен осындағы пошта бастығымын, – деді Раушанның көкесі.

Үлкендер шай ішіп, Қызылдың шекер қауынын жеп жатқанда, Раушан өзінің ботасымен қоштасты.

– Сен жаңа мені тастап қаша жөнелдің ә, ботақан, – деді Раушан.

Бота кінәсін мойындағандай, үп-үлкен көзін тайдырып әкетті.

– Көрерсің, ертең ерте мен де сені қалдырып, самолетке мініп кетемін, – деді Раушан. – Алмасы көп, гүлдері көп, тауы биік, балмұздағы көп қалаға барамын. Сен бармайсың.

Енді бота мөлдір бұлақтай тұнық көзін кең ашып таңырқай қарады.

– Сені алып жүруге болмайды. Сен самолеттен қорқасың ғой, – деді Раушан. – Әлгінде тапырақтап қаша жөнелмей, ұшқыш ағаймен мен құсап амандасқаныңда, ол сені де самолетке мінгізетін еді.

Бота иір мойнын төмен салбыратып, күрсінгендей болды.

– Жарайды. Бұртимай-ақ қой. Мүмкін, ол сені де мінгізіп алар. Онда бірге ұшамыз, ал енді ұйықтайық. Таң азанда тұрайық – деді Раушан.

Ол үйге кіргенде, үлкендер дастарқан жинап, төсек салып жатыр екен.

– Ал, Раушан, таңертең жүреміз ғой, – деді ұшқыш.

– Иә, мен ұйықтап жатқанда кетіп қалмайсыз ба, – деді Раушан.

– Мен сені оятамын, – деді ұшқыш.

– Шын көріп, таңертең жылап бәле болады ғой, – деді мамасы.

– Баламысың деген, қызық көріп тұр ғой, – деді папасы.

* * *

Ұшқыш алдаған жоқ. Ұрланып ұша жөнелмеді. Асықпай шай ішіп аттанды.

– Ал, Раушан, дайынсың ба? – деді ол.

– Ботаны да ала кетуге болмай ма? – деді Раушан.

– Ботаны дейсің бе? Ой, әттеген-ай, ботаға орын жоқ. Және ботаның барғысы келмейтін шығар о жаққа. Тағы бір оралғанда ботаны да ала кетейік, – деді ұшқыш.

– Онда мен келесі жолы ботамен бірге ұшайын. Сіз алдамайтын ағайсыз. Сіз қайтып келесіз, – деді Раушан.

Сөйтіп ол ботасына Қызылдың тәтті қауынының қабығын берді. Бота қабыққа тимей, Раушанның қолын иіскеледі. Аспаннан қараған ұшқышқа бота Раушанның қолын сүйіп тұрғандай көрінді.

КӨКЕМАРАЛ ГҮЛДЕГЕНДЕ

Жабыны жауға мінбе жалды екен деп,
Жаманмен жолдас болма малды екен деп.
Баласын қазанаттың бақпай қойма,
Жем түсіп аяғынан қалды екен деп.

(Халық өлеңі)

Күні кеше бұл екі колхоздың арасына жаяу жүгіріп кете беруші едік. Енді жұрт машинасыз бір адым аттамайды. Бұл күнде екі арадағы жалғызаяқ суыртпақ жол да жоғалған.

Былай шыға бере шофер жігіт саусағын шошайтып:

– Бензин таусылды. Қайтар жолыма бензин тауып бермесеңіз, мен жолда қаламын, – деп зарлады.



Ықылық ата ішіп алғанын көріп отырмын. Онымен айтысып оңбайсың, көрерміз, – дей салдым.

Машина оқалақтаған сиыр құсап ойқы-шойқы жортып келеді. Бензин орнына багына арақ құйылғандай.

– Директордың бұйрығы бар, – деді шофер рульден қолын ала беріп саусағын шошайтып, – көлік «налево» жүрілмесін деген. Білсе, мені жұмыстан қуады.

Елге келгенде осы Шоңқарадағы Әдия әпкеме жолықпасам, бірдеңе жоғалтып алғандай боламын да тұрамын. Келуін келемін-ақ, енді көрші колхозға қайтарда көлік қинайды.

Жаңа жиеніме айттым:

– Әй, айналайын, маған бір ат ерттеп берсең жетеді, машина іздеп әуре болма, – дедім.

Көнбеді:

– Өзің астанадан келіп, атқа мініп жүргенің не болғаның әлдекім құсап, – деп сөгіп тастады. Жат та кеп машина іздеді. Бөлімше бастығына «әке-көке» деп жатып «газигін» сұрап алыпты.

– Менің де бала-шағам бар, – деді шофер. – Бүгін ғой демалыс. Жұрт демалады, мен жұмыс істеймін. Анда бар, мұнда бар... Ел жатса да, енекем жатпайды. Ол кім? Ол – мен. «Талаптыға» жеткен соң бензин ұйымдастырыңыз. Вот...

Жолдың үстінде, қызыл жоңышқаның жағасындағы көк өзекте жылқы жатыр екен. Есіме Қуан түсіп, шоферге:

–Тоқта! – дедім.

Ол аңырып, алғашында түсінбей қалды.

– Ал, енді қайта бер.

– Сіз ше?..

– Сау бол!

Жолдан бұрылып, жылқы жусап жатқан өзекке қарай жүре бердім.

Жылқы дегенде жиырма шақты мініс аттары екен. Мен жақындағаннан бәрі де одырая бас көтеріп, оқшия қарасып қалды. Арасында біреуі ерттеулі. Демек, Қуан аға да осында. Айтса айтқандай, ат бағушы өзектің қабағында шоқ тобылғының түбінде жамбастап жатыр екен. Көктің иісіне елтіп қалғандай, ішпей-жемей шала мас. Менің машинадан түсіп қалғанымды көріп жатыпты.

– Кел, інішек, – деді көкшіл көздері күлімсіреп. – Мына жаман ағаңды іздеп келмеген шығарсың, таңсық іздеп келдің ғой. Атқа құмарлығың әлі қалмаған, ә, қызталақ.



Аттар енді әлгідей одыраймай отқа бас қойыпты. Қызыл жоңышқа гүлінің иісінен көбелектің басы айналғандай қалбаң қағады. Жабайы араның құдайы жарылқап, қай гүлге қонарын білмей шалқақтайды. Мастықпен бұлғақтап келіп, тұмсығыңнан соғып кете жаздап жанай ұшып өтеді. Ырғын тоқшылық. Аттар да көлік малына ұқсамайды, бүйірлері тоқ, жүнінің жылтылы көп, жауыр-жәутігі жоқ.

– Қуан аға, жұмыс айырбастасақ қайтеді? Сіздің орныңызға жылқы баққым келеді.

Көзі сығырайып, көнтек ерні қыбырлап біраз жатты. Сірә, айтайын деген сөзін қайтып алды. Мені бір боқтай жаздап барып қалды. Сонан соң шынтақтаған жерінен көтеріле берді.

– Сенің ғой бала күніңде жылқы баққаныңды білемін. Бақсаң, қазір қолыңнан, бәлкім, келер. Әй, қайдам, бірақ... Ал мен сенің қызметіңді істей алар ма екем? Жылқы баққан оңай емес, інішек. Құйрығын ұстап жүрмесең қиын. Біреуі жоғалса ең кемі үш жүз сом мойныңа сарт ете қалады. Ал мен мына сұңғыттардың әрқайсысына айына жазда 2 сом 05 тиыннан, қыста 3 сом 09 тиыннан ақы аламын.

Мен Қуан ағаның еңбекақысын ішімнен есептеп шығып:

– Аз ғой, – дедім.

– Аз. Қайтесің? Колхоз бастық таудағы жылқыдан күш-көлікке деп тағы жиырма ат бермекші болған. Ақы аттың санына қарай. Мұнда қып-қызыл ақша қой мен қошқар баққанда ғой. Әне, анау жатқан Сәмбеттің қошқары. Меринос. Жақсы жүн берсе, айына үш жүз сомға дейін айналады.

Енді байқадым, аулағырақ жасыл дүние арасына қонақтаған ақша бұлттай болып, Сәмбеттің меринос қошқарлары жатыр екен. Кекірелеп тойғаннан болар, арқар мүйіз қошқарлардың сақ-сақ сүзісіп жатқаны, оларды ажыратып, Сәмбеттің айқайлағаны естіледі.

Аттар оттай-оттай жалықты ма, кім білген, бір жерге шоғырланып, екі-екеуден қасыныса бастады. Біреуі ғана аулағырақ барып ыңқ деп жата кетті де, аяқтары серейіп өлген мал құсап қалды.

– Оу, Қуан аға, анауыңыз жоңышқадан іші кеуіп жатқан жоқ па?

– Жоға, – деп күлді ол. – Жоңышқаға жылқы баласының іші кеппейді. Аяғы жарым ғой байғұстың. Танымай қалдың ба? Ана жылы келгеніңде ерттеп бергенім кәне, кәдімгі Қамбаркасқа ғой. Жақсы ат аяғынан қалады деген тұп-тура екен де.

– Апыр-ай, шын ба? Шымқай қара еді, қарагер тартып кетіпті ғой. Оған не болған?



Қуан аға аузына салып тістелеп отырған раң шөпті ызалана түкіріп тастады.

– Не болған?! Не болушы еді? Жұрттың бәрі өзің сияқты. Ана жылы өзің де тақымыңа бір тиген атты қан-сорпа қылып қайтармап па едің? Сені қойшы, аттың жайын біле бермейсің... Аудан бойынша бәйгенің алдын бермеп еді, жануар. Көрінген мініп, ақыры аяғына су түсіп, мүсәпір болып жатысы анау. Осы қой қырқымда қырқыншыларға сойылмақшы.

Қуан аға күрсінді. Әкесі Сұлтан соғыстан келмей қалғанда да бұлай күрсінгенін көрген емен.

Қызыл жоңышқаның арасынан бөдене безілдеп қоя берді. Әріректен тағы бір бөдене бытпылдықтады. Екеуі кезек-кезек сайрайды.

Мен бұл концертке құлақ түріп қалғанымды байқап:

– Әшіркүл мен Тамабайдың айтысы ғой, – деді Қуан аға.

– А-а! – деп мәнісін біраздан кейін барып түсініп, күліп жіберіппін. Ертеректе Тамабай мен Әшіркүл деген ерлі-зайыпты кісілер өткен екен. Той-жиында, шілдехана, бәдік, бастаңғыда екеуі екі жақ боп, жаңа танысқан қыз бен жігітше өлеңмен айтысады екен. Әшіркүлге Зейнеп деген келіншек серік болатын көрінеді. Тамабайдың сонда айтатыны:

Әшіркүл, Зейнеп,
Отырмын сөйлеп.
Бұл қызық өтер-кетер,
Өй деп, бүй деп...


Мына бөденелер де бірі – еркегі, бірі – ұрғашысы, екеуі біріне-бірі жете алмай зарыққан ғашықтарша үзіліп-үзіліп тамылжиды.

– Бірін-бірі таба алмай жүр ме? – деймін таңданып.

– Бірін-бірі іздемесе, бәлсінбесе, – сән болмайды да, – деп күлді Қуан аға.

Өзек бойындағы дүлей теректерден құсжастықты біреу сілкілегендей мамық бұрқырайды. Баяу желден бәйтерек басы шайқалып, жапырақтары жамырап, жер бетіне жайылып ұшып кеткен мамығын жоқтап тұрғандай күйзеліңкі күйде.

Ақжарылқап күн туғандай майдың айы. Бірақ сонда да көңілі бүтін ешкім жоқ сияқты. Тіпті көкшіл аспан төсіндегі ақ желкен бұйра бұлттар да баяу қалқып, мұңды пішін танытқандай.



Ал енді жиырма аттың ішіндегі жалғыз байталдың күні күн емес пе деп қалдым. Колхоздың аттарына жекеменшік малды қосып бағуға басқарма қатаң тыйым салса да, Қуан аға өзінің жалғыз байталын үйдің жанына арқандап қоюға обалсынып, аттарға қосып бағады. Ақта болған аттар дүниеде от оттап, су ішуден басқа қызықтан мақрұм. Олардың сол топастығын түсіне алмаған сары байтал іші пысып, аласұрып, ұрынарға қара таппай тарпаң. Өзі де жұнттай, жүні қызғылтым алтындай жылтылдаған таза семіз.

Байтал ойнақтап барып, ұрынып өткен кезде, аттар жақтырмай, құлақтарын жымитып, тістерін ақситып, кіржің ете қалады. Тек бүріккұлақ дәу қарагер ат қана кәдімгідей қоқиланып, оқыранған болады. Бүріккұлақ қыста қар қалың болып машина, трактор жүре алмай қалған кезде председательдің шанасына жегіледі. Сондықтан ала жаздай оның арқасына шыбыннан басқа қонбайды, желден басқа мінбейді. Сол бұлаң бостандықтың арқасында ат та болса, алыста-алыста қалған тай-құнандық тәтті дәурен көзіне елес беріп өткендей болады да, бұлғақтаған сары байталды жанынан қумайды.

Сары байтал аттың кәрісі лақса жиренге де барып ұрынғанда, Қамбаркасқаға жуымайды. Сұңғылалықпен оның жақында жат дүниелік болатынын сезгендей аулақ жүреді.

Іш құса болған сары байтал кейде аулақтан иіс аулағандай ауыл жаққа зарыға қарап, құлағын тігіп көпке дейін тұрады. Ақыры шыдай алмай салып ұрып, көшенің бас жағындағы огородтың аяғын ала арқандаулы тұрған Сапардың күрең айғырының жанына жетіп келеді. Сорлы күрең де қамауда тұрғандай, кісінеп-кісінеп алып мойнын қаздай иіп, тоқпақ жалы күдірейіп, құйрығы желбірей көтеріліп, тұла бойы атылатын садақтай шиыршықтала бастайды. Байтал айғырды алқындыра түспек болып, бәлсініп, шыңғырып-шыңғырып, мөңкіп-мөңкіп артқы аяғымен күреңді тұмсықтан сарт-сарт тебеді.

Сол кезде шатырлы үйге бөксесін тығып тұрған киіз үйден Сапар атып шығады.

– А, сайқал, иттің малы! – деп жерде жатқан балтаны ала сала тұра ұмтылады.

– Әй, дүлей, абайла. Біреудің малын жазатайым жарып тастама, – деп іргеден үйдегі бәйбішесі айқайлайды.

Балта, шынында да, лайықты қару емес екенін енді сезіп, Сапар сәмбіден жаңа иген уықтың бірін іле көтеріп жүгіреді...



Сәмбі уықтың ізі санына айқыш-ұйқыш түскен байтал ойқастап отырып, өріске қайта оралады. Ол бір сәтке әлгі бір бойын билеген баянсыз құмарлықтың сиқырынан сытылып шығып, мына өрістің бал ауасы мен жұпарсаң иісіне мас болып, басы айнала бастайды.

Қызыл алтын түстес күреңсе мен раң гүлі толқын-толқын. Ақ селеу әр жерде бір сылаң қағып, сусып бара жатқан күміс құйрық түлкідей. Итқызғалдақтан дүниежүзі қызыл киінгендей. Былтырғы сүдігердің үстін биыл сары гүл қаптап кетіпті. Изен әлі гүлдемеген, балғын. Бірақ мия бас тартып, ақ гүл аша бастапты. Шырыш бойлап, әр жерде алқымы кепкен кобра жыландай шапши шаншылып тұр. Иманжапырақтың тамырлары адырайып-адырайып сөлге буаз болған кез екен.

Осыншама қызыл-жасыл дүниенің арасында түп-түп өскен қылша ғана өңсіз, сұрқай, иісі де жоқ. Бірақ ине жұтып, күшәла жеген ит сүйретіліп жүріп өрістен қылша тауып жесе, жазылады деседі. Ал насыбайшы шалдар қылшаның күлін темекінің кепкен жапырағына араластырып түйеді.


Әне, анау қызыл – жантақ. Оның да көркімен мақтанар түрі жоқ. Бірақ тілін білгендер гүлдегенде орып алып, көлеңкеде кептіріп, жапырағын шай орнына қайнатып ішсе, қан тасыған ауруға дауа көрінеді. Бұл жантақтың қасиеті туралы бір түрікпен әйелі докторлық диссертация да қорғаса керек. Дүниенің осынша тоқтығына қарамастан өмірі бөтегесі томпаймайтын қаншыр құс шырғанақ басындағы былтырдан қалған қатқан дәнді шоқып отыр. Күзге қарай пісетін шырғанақтың янтарь сары жемісін Алматының көк базарында орыс кемпірдің дәрілікке стакандап сатып отырғанын көрген ем. Тегінде қаншыр ақымақ құс емес.

Көкемаралдың сарғыш гүліне жасыл ара қайта-қайта қонады. Тұмсығымен шаншыла қонып, өн бойы бір жиырылып, бір жазылып, би билеп жатқандай болады. Бармақ басындай жасыл араға осыншама қомағай құштарлық қайдан пайда болған? Жасыл мен сары үйлесімді. Ешкім оқытпаса да тіршілік өзі данышпан. Жасыл ара – тілсіз музыкант. Бірақ, оның ызың көкемарал ғана ұғатын шығар, біз қайдан білейік?

Кешегі соғыс кезінде шешеміз жұмыстан қайтқанда, әлдекандай сары гүлдің түйір-түйір басын үгіп әкеліп, шай жоқта шай орнына қайнатушы еді. Сол осы – көкемарал болар ма?..

Көкше шөптің түйме басы үркердей шоғырланып, әр-әр жерден көрінеді. Бұл – жуа. Бала күнімізде жуаны қою айранға турап жеуші едік. Қазіргі балалар өйтпейді. Қуан ағадан: неге? – деп сұрасам:

– Тоқшылық, – дейді.



«Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпестің» кері емес, сол айранға турап жеген жабайы жуа дәрі-ау деп ойлаймын.

Осыдан осы сары байтал бір кезде аман-есен құлындаса, оның қымызы шырын болар-ау. Өйткені сары байтал әлгі бір желік қысқан кезін ұмытып, енді киікотының күлгін гүлін іскектеп сүйсіне жеп момақан тұр. Ал киікоты – дермене шөптің ағайыны ғой.

Тобылғының түбіндегі іннен көртышқан жылтың-жылтың етеді.

– Әб, бәле! – деп Қуан аға қамшымен етігінің қонышын сарт еткізіп салып қалған соң, көртышқан көпке дейін көрінбей жатады.

Теңге гүлдің арасында шегірткенің екі көк қасқасы бірін-бірі шайнап жатыр. Мен Қуан ағаға көрсетіп ем:

– Тұқымың құрымағыр, айғырлары ғой, – деді. Шегірткеде қызғаныш, бақталастық болғаны ма? Анда-санда тентек құйын шалықтап өтеді. Қызыл жоңышқаның басы ұйпаланып, аспанда оқ тиген қырғауылдың қанатындай тыпыр-тыпыр ете қалады. Енді біраз күннен кейін машина шығып, жоңышқаны шабады. Мен ойлаймын: «бөденелер қайтер екен? Ұя басып жатқаны да бар шығар. Ақымақ құс болмаса жоңышқаның арасына ұя салып несі бар!»

Сөйткенше болмай қызыл жоңышқаның арасынан тағы да бөденелер кезек-кезек безілдеп сайрап қоя берді. Сары байтал басын жерден көтеріп алып, киікотының бір талы ерніне ілінген күйі қызыл жоңышқа жаққа қарап, құлағын тігіп қалт тұрып қалды. Сонан соң сыңғырлай кісінеп, билей басып барып аттарға қосылды. Әлгібір қызтеке мінезін тағы бастады.

Аттар тоқ. Ауыздарынан көк иісі аңқиды. Жаңа түскен жас тезекті қара қоңыздар апыл-ғұпыл асығыс домалатып, індеріне әкетіп жатыр. Енді ылдиға түсіп Ақсайдың салқын суынан ішсе де болады. Аттардың лақса кәрісі – сиыр пішіндес жирен ауылға қарай аяңдады. Бұл шөліркегеннің белгісі. Кеш те бір-бір басып, білдірмей келіп қалған екен. Өйткені өрмекші әуелетіп күміс жіппен десант тастапты.

Сәмбет меринос қошқарларын «кіш-кіштеп» ауылға беттеткен. Қамбарқасқа үш ұмтылып орнынан тұрды.

Масыл аяғын жерге тигізбеуге тырысып, үш тағандап аттардың соңынан ілесті. Жануардың есіл басын біреу жоғары-төмен тартқылап бара жатқандай, кегжеңдеп, сұйық кекілі желп-желп етеді. Теректен ұшқан мамық кең танауына тығыла беріп, қайта-қайта пысқырынады. Бір кезде қос қанатпен пара-пар болған шелек танау енді азап апанындай.

Қайран Қамбар қасқаның қой қырқымда сойылатынын естігенім қиын соқты.

Ауылдың, ауданның атағын шығарған жүйрікті талқаны таусылған күні арулап көмсе де болар еді. Оның сорпа-суына бір тойғаннан не пайда?!

Кеше ғана Жаңатастан Қаратау қаласына қайтып келе жатқан жолдың үстінде сонадайдан бір сап-сары тулаққа көзім түсіп еді. Шофердің айтуынша, Жаңатасқа көшпелі цирк келген екен. Цирктің бір «артисі» – кәрі арыстан жол үстінде ауырып өлген. Сонда цирктің адамдары оны фургоннан лақтырып тастап кете берген. Енді ары-бері заулап жатқан машиналардың дөңгелегінің астында тулақ қалған. Егер деймін-ау, бес-он минут тоқтап, жол шетінде не көп, тас көп, сол таспен кәрі арыстанның денесін жасыра кетсе, ол төбешік «Арыстан қалған» атанар ма еді, кім білсін. Қанша айтқанмен аты айуан демесең, неше жыл қызмет қылған жолдасы ғой ол артистердің.

Қамбарқасқаның да сүйегі шашылып қалатын шығар. Қойқырқым науқаны өтер. Ел пункттен көшер. Сонда келер бір жылдары Қамбарқасқаның сүйегі қалған жұртқа бұрын-соңды ешкім көріп-білмеген ғажайып қарақасқа гүлдер өсіп шығар...

ШАҚАЛАҚ

Үлкен сәскеде Борандының саудасынан сән кете бастайды. Тарқаған базардың жұрты көңілсіз. Шақалақ шалдың көңілі қазір селкеу жәрмеңкенің құлазыған жұртындай.


Шұбар тушаның саудасы жүрмеді. Қияндағы қыстаққа бұл қырсық кебенекті қайтадан жетектеп азапқа түскенше, өткеніне сата салайын деп Шақалақ шыжыған ыстықта мал базар ақыр-тақыр қазан болғанша, қаздиып-ақ тұрды. Кебенек келгір өтпеді екен деп тағы тастап кете алмады. Ақыры, қайтқан малда қайыр бар, шұбар тушаны жетектеп Шақалақ жаяулатып ауылға тартты ғой.

Қайтып келе жатып, жолаушы таситын автобустың шопырын сыбады.

– Сенің қотыр ешкіңді тасысын деп жүргізіп қойған бұл автобусты, – деп кесір шопыр мінгізбей қойған.

Керауыз кемпірін боқтады.

– Қызыңның қылығы шығып қалды. Жұрт құсап «кремпілін»



кигізбесең, өз басыңа өлім, қара басқыр, – деп шұбар тушаны базарға жетектетіп жіберген сол болатын.

– «Кесапат асқан» – деп қойды ішінен кіжініп Шақалақ.

Шын аты Шақабай еді. Бірақ табиғатынан түйме бас, қалқанқұлақ, қызылшақа, қылпықсыз көсе болған соң жеңгелерінің қойған аты – Шақалақ. Өрмекшінің жібіндей қан тамырлары қызғылтым, екі беті ұдайы темірқанат балапанның терісіндей болып тұрады.

– «Бұл жұрт құтырды, – деді енді базарды балағаттап. – Баяғы Некәлайдың заманы болса, қоңыз теріп жер еді, енді ешкінің етін жемейді, сүтін ішпейді. Өлгеніне – мың адам жиналса, мың адам – жеті сомнан, кісі басы сайын жыртыс. Той болса кілем жауып, «Волга» тіккен жарыс. Кенет қауымды былай қойып, кемпіріне қайта шүйілді:

– Аузыңа қара қан толғыр! – деп тісін қышырлатты.

Сол-сол екен, тісінің ескі құрты қозды ма, мүжік асықтай азудың айналасы қақсап қоя берді. Енді жол азабына ауру қосылды.

– Атасына нәлет, құртта да ес жоқ, – деді ол бір қолымен қатпа қайрақтай жағын басып келе жатып. – Менен не тауып жеймін деп түседі екен?!»

Аспантаудың аңғарында жатқан ауылға баратын соқпаққа әлі асфальт тұрмақ, малта тас та төселмеген. Жабайы соқпақ едәуір жерге дейін шойын жолдың бойын қуалап барады да, оңға бұрылып теміржолды кесіп өтіп, тіке төскейге қарай қасқайып жатады.

Қара жолдың піскен топырағына шомылып жатқан жабайы кептерлер ешкі жетектеп, ерні кезерген Шақалақтың қарасы жақындағанда пыр-пырлап ұша жөнеледі. Қапталдағы шаң тұтқан қарасораның, көкбас кекіренің кермек иісі тынысыңды қабады. Жуыла-жуыла оңып кеткен көк көйлектей аспан астында лүп еткен леп сезілмейді.

«Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы», Шақалақ тісінің ауруымен әлек болып келе жатып, шлагбаумға маңдайы тірелгенін бір-ақ білді. Теміржолды кесіп өтетін сәтте дәл мұрнының астына шлагбаумның ала-құла бақаны сөлең етіп жабылды да қалды.

Алыста, мұнар сағымның арасынан бұлдырап пойыз көрінеді. Енді сол өтіп кеткенше күтіп тұру керек.

Ар жақтан салдырлап арба келіп тоқтағанын сезіп, Шақалақ қуанып қалды. Қараса, өзінің жамағайыны Тауасар екен. Жардай торы биені жалғыз аттық арбаға жегіп алыпты.



– Оу, Тәке, олжалы қайтыпсың ғой, сатып алдың ба? – деді Шақалақ жағын қолымен басып тұрып.

– Алған соң біржолата арбасымен қосып алдым, бала-шаға шөп тасығанға жақсы, – деді қауға сақал Тауасар. Дауысында масаттанған мақам бар.

– Ылдидың малы көрінеді, жуас екен.

– Құтты болсын, – деп күбірледі Шақалақ.

Ішінен қызғанып та тұр. «Базардан қайтқаннан кейін, атасына нәлет, осылай қайту керек қой, қу шұнақтың құйрығынан ұстап қайтпай».

Ешкі жетектетіп қойған бәйбішесін іштей тағы бір сыбап алды. Тісі одан бетер қақсап қоя берді.

Сөйтіп тұрғанда арбаның арт жағына қара көк «Волга» екпіндей келіп кілт тоқтады. Рульдегі Жайлаубайдың шабандоз, көкпаршы баласы Ораз екен, дөң неме, кіші болып мына тұрған екі қарияға сәлем беруге жарамады. Қара көзілдірік киіп, рульде шіреніп отыр. Машинаның әйнек біткенін жаңа түскен келіннің шымылдығындай шашақтап тастапты. «Волганың» арт жағында екі қуыршақ ит бір-біріне бас шұлғысып қалысыпты.

Осы Ораз өткендегі Құрбан айттың көкпарында тартыла-тартыла тақымда піскен талыстай бір серкені Шақалақтың есігінің алдына шиырып лақтырып тастап кеткені бар.

Шақалақ сонда:

– Мұнысы несі, тасыраңдап! – деп шақшия бастап еді, бес биенің сабасындай бәйбішесі:

– Тек, тұштаңдама. Қызыңның бойжетіп қалғанын білмеуші ме едің. Соған да миың жетпеді ме? Бозбаланың ізеті бұл, – деп тыйып тастаған. – Құдай бұйыртса, Жайлаубаймен құда боласың.


Қазір шлагбаумға тұмсығы тіреліп тұрып, Шақалақ:

– Атасына нәлет! – деді.

Сөйткенше, пойыз келіп қалған екен, тепловоз боздап қоя берді. Қарағай артқан ауыр состав жер-дүниені дүрілдетіп, биесі үрке шегіншектеп, баданадай көздері ақшаңдап, ауыздықпен алысып шапшып тұр екен. Шегінген арбаның артқы тұқыл оқтығы қара көк «Волганың» фарына барып сақ ете қалды да, әйнек быт-шыт болды.

– «Мынаның жуас дегені, жуан болып шықты-ау, – деді Шақалақ, – Ылдидың малы болса, пойыз көрмеген неме ғой».

Не боп қалғанын пайымдап үлгіргенше, «Волгадан» Ораз дүрдие атып шықты да, арбаның үстінде биенің басымен алысып отырған Тауасардың жағасынан ала түсті.



– Бабасындай адамның жағасынан алғаны несі, атасына нәлет, – деп Шақалақ шұбар тушаны шлагбаумға апыл-ғұпыл шалып байлай салды да, Оразға тұра жүгірді.

Ту сыртынан барып күжірдей желкесіне шеңгелді сілеусінше салып қатып қалғанда, талай тастай тақымдардан көкпарды ырғағанда тартып алып жүре беретін аты шулы палуан Ораздың қолы Тауасардың алқымынан ажырап сала берді.

Алқымы әлуетті қолдан босаған Тауасар ұзын қамшымен Оразды осып-осып жіберген. Екі шалдың екпінінен сескенді ме, әлде өз қылығынан ұялды ма, әйтеуір, Ораз «Волгасына» ыршып мініп, жолдың шаңын бұрқ еткізіп, теміржолдың арғы бетіне атып шыққан.

Пойыз өтіп, шлагбаум көтерілген екен.

Шақалақ шұбар тушаның орнын сипалап қалғандай болды. Ұшты-күйлі жоқ. Жібін үзіп қашып кетті ме, әлде пойыз басып кетті ме, деп әуелі көзімен рельстің бойын тінтіп шықты.

Алақ-жұлақ арлы-берлі қарағаннан көзге ештеңе түспеді. Сөйтсе шұбар туша терек бойындай биікте, шлагбаумның алабақанының басында салбырап тұр.

Ұшып-қонып стрелочниктің үйшігіне жетті.

– Ау, тамыр, анауың қалай? – деді қызыл фуражкелі еңгезердей сарыға.

Стрелочник әуелі байқаусызда қарқылдап күліп жіберді. Артынша онысы ерсі екенін сезіп, тез автомат кнопканы басып, шлагбаумды түсірді. Шұбар туша жерге жансыз қап сияқты сылқ етіп құлады.

– Тамыр, кешір, мен көрмеген, – деді қызыл фуражка.

Тауасардың жағасынан енді Шақалақ алсын.

– Саған болысамын деп, тайдай тушадан айырылдым. Құнын төле!

– Денің сау ма өзіңнің? Мен не деп төлеймін? Тушаңды мен ұрып өлтірген жоқпын. Шлагбаумға байлап қойған өзің, – деп Тауасар да жалын күжірейтті.

– Әй, Тауасар, құдайдан үмітің жоқ екен, ылдидың киік құсап тағы боп кеткен малын жеті жүз сомға сатып алып, біреудің су жаңа «Волгасын» қиратқан мен емес қой! Мен болмасам, әлгі Ораз алқымыңды мытып өлтіретін еді, тірі қалғаныңа тәубе деп неге бермейсің менің тайдай тушамның құнын?! Әркімнің малы өзіне қымбат.

Екі шал келісе алмай керілдесіп тұрғанда, қызыл фуражка ала тушаны ары-бері аударып көріп, таңдайын тарсылдатып, басын шайқады. Онан соң:



– Әй, әтештер! Ұрысты қойыңдар. Кәне, ешкіңе қанша сұрайсың? Мен алады, – деп Шақалаққа қарады.

– Бауыздамай арам өлген кебенекті сатып не көріпті, не деп тұрсың өзің?! – деп көзін ежірейтті.

– Семіз екен, мен алады, қанша сұрайсың? – деді қызыл фуражка Шақалақтың «арам-қарамына» мән бермей.

– Денің сау ма! Аламын деп тұрғанда, сұрағанына бере сал! – деп Тауасар килікті.

– О, найсап! – деп Шақалақ қолын бір сілтеп, шойын жолдан шегірткедей ыршып өтіп бара жатып, кілт қайта оралды. Шұбар тушаның былқ-сылқ еткен мойнынан ала жіпті шешіп алды. Екі-үш бүктеп қолға ұстаған күйі артына бұрылып та қарамастан тура тауға тартты.

– Атасына нәлет! – деді әлден уақыттан соң.

Қапелім тісінің ауруы сап тыйылғанын сезді. Біртүрлі қуанып қалды.

ЖАҢБЫРЛЫ ТОЙ

Күні бойы көзі жұмулы тұрған намазшам гүлдің қауашағы ашылып, бақшаның айналасы жұлдызды аспандай жайнап сала берген кезде, думанды жерге Әбдібек те жеткен еді. Әбекең тойға дәу қара ешкіні мүйізінен сүйреп әкелді. Бір қолында той-анаға деген тартуы, бір қолында көне балдақ. Маңдайындағы жыра-жыра әжімнен шып-шып тер шығып тұр. Басындағы киіз қалпағы бір шекелеп қисайып кеткен. Тырысқақ кебенектің азабы аз болмағанға ұқсайды.

Әбдібек бұл тойға қара ешкіні емес, тайдай қызыл қойды әкелмекші еді, Гүлайым көнбеді.

– Байғұс-ау, ертең оқу бітіріп балаң келеді, сонда соймаймыз ба, – деп жолатпады.

Жегжаты қара ешкіге көңілі тоя қоймасын Әбдібек білетін. Бірақ, мұны елеп, шақыру қағазын жіберген соң, қыз ұзату тойына құр алақан баруды ұят көрді де, осы, бір сиырдың сүтін бір өзі беретін дәу қара ешкіге көзі түсті.

Ұзатылған қыздың әкесі сыр бермеген болды.



– О, Әбеке, қош келдіңіз! Әп-бәрекелде-е! – десе де, шәушиген көсе беті тыржиыңқырап, шегір көзі өтірік күлімдеп, Әбдібектің құттықтауын жүре тыңдап, алдына екпіндей келіп тоқтаған «Жигули» жаққа елпеңдей басып кете барды.

Әбдібек қара ешкіні мал қора түбіндегі қазыққа өзі апарып байлады.

Мейман көп келді. Дені «Москвич», «Жигули» мініп, осы заманның тұлпарларынан түсіп жатты. Олардың ішінде ешкі жетектеп келген бөтен ешкім болған жоқ. Әкелген сыйлары: телевизор, тоңазытқыш, кілем, ең жоқ дегені электр самаурын. Тіпті қыздың бір жездесі мың сомдық импорт гарнитур сыйлапты деп те сөз тарап кетті.

Намазшам байып бара жатқан мамыр айының аяқ шені. Нау теректер басында құс атаулы той боларын сезгендей уда шу. Гүлдеген жиде тоғай жақтан самал желмен жұпар иісі аңқиды. Қаладан «Волга» мініп келген қалыңдық қыздың жездесі костюмінің омырауын ашып тастап, самалға төсін тосып:

– О, шіркін, мынау керемет қой! – деді.

– Осы біз Кавказ, Қырым дейміз. Нағыз курорт, шынында, міне ғой, – деп жездекейді екінші біреу қостады.

Олар осылайша табиғатты тамашалап тұрып, батыс жақтан ұрлана шыққан тоқымдай қара бұлтты байқаған да жоқ. Тек қаратұмсық, қайқы құйрық сары күшік қана аспанға мұңая бір қарап, аузын ақсита ашып керілді де, күбіжіктеп барып, шынжырын сылдырлатып үйшігіне кіріп кетті. Біреу сояйын деп жатқандай-ақ қара ешкі зарлады. Әлгі шуылдақ шымшықтардың үні пышақ кескендей тыйыла қалды. Оның есесіне ауыл сыртындағы қара су бойынан көк қасқа бақалардың барылдағы күшейе берді.

Құбыла тұс лезде түнеріп, аспан кемерінде жарқыл ойнады. Тойлы ауылдың үстіне қара бұлтты жолатқысы келмегендей шығыстан жел қатайды.

Бұлт та айласын асырып, аспанның терістік қапталын көбелей орағытып, тау бөктеріндегі ауылды қоршай төніп кеп қалды.

Той ағасы қолына микрофон алып, меймандарды бау ішіндегі ұзыннан-ұзақ созылған қатар-қатар үстелдерге жайылған ағыл-тегіл мол дастарқанға шақырды-ау.

Құрметті қонақтар төр жаққа баяулатып, мамырлап келе жатқанда, дәл осы сәтті күтіп тұрғандай, тұңғыш тамшы да тырс ете түсті. Артынша-ақ, әй-шәйге қарамай, долы жаңбыр ышқына төгіп-төгіп жүре берді.



– Ойбай дастарқанды жабыңдар! – деп шырылдады той иесі.

Қонақ күтушілер тай шаптырым дастарқан бетіне газеттерді, клеенкаларды жауып үлгергенше, ботана сел жүрді де кетті.

– Есіл ас рәсуа болды-ау, – деп жыламсырады үй иесі босағадан баспалап қарап.

– Ештеңе етпейді, Сейтқұл құрдас, жақсы нышан бұл. Жер тойса – ел тояр, – деді Әбдібек балдағын сүйеніп жауынға сүйсіне көз тастап.

– Өткінші жауын ғой әшейін, – деп, біреу немкетті айта салды.

Айтса – айтқандай, жаңбырдың тасыр-тұсыры тыйыла қалды. Ықтап тұрған меймандар дастарқанға қарай қайта жамырады.

Қолдан шапқан ақ жоңық орындықтар шылқа су болып, жұрт отырар-отырмасын білмей аңтарылып, сәл состиысып қалған.

– Ештеңе етпейді, жаздың жаңбыры ғой, – Әбдібек скамейканы шекпенінің жеңімен сипай сүртіп тастап, балдағын үстелге сүйеп, талыстай шалғы мұртын тарамдап қойып жайғаса берді.

Қарақұрым меймандар сырыққа кешке қонақтайтын тауықтайын құрқылдасып барып отырысқан соң, той ағасы микрофон арқылы дауыстап, жас жұбайлар келе жатқанын хабарлады.


«Жар-жар» магнитофонмен айтылған шақта ақ желеңді қалыңдық пен қара костюмді күйеу жігіт қолтықтасып, қызыл шатырлы үйдің баспалдағынан түсе берген. Қалыңдық құрбылары мен күйеужолдас жігіттер салтанатпен соңына ерген. Жұрт үдере түрегеліп, қол шапалақтап, қошемет көрсеткен. Төрге орнатылған президиум сияқты дастарқан басына жас жұбайлар тобы барып отырысты. Ол топтың тұсына сымға керіліп, қырмызы кілем жайнаған, сол кілемді әлсін-әлі шалық жел шайқап қояды.

Салт жолымен қыз әкесі сөйлегенде, жұрт орнынан түрегеліп, шыны біткен сыңғырлап, алғашқы тост та алынды. Ендігі сөз кезегі күйеу жігіт жағына тигенде, аспанның бір қабырғасы қақырап түскендей шатыр-шұтыр ете қалды да, суыт жаңбыр командамен атылған оқтай тағы да төпеп берсін. Әркім-әркім бастарын газетпен жауып, қорғаланып көріп еді, ол ілдәға жарамады. Аузына ас жаңа тигенде, маңдайға жаңбыр болып тас тигендей, қонақтар қоғадай жапырылып, үйдің іргесіне, талдың тасасына қарай ығыса берді. Тіпті қырмызы кілемнің тұсы да жалаңаштанды.

Тек бірінші үстелдің ұшар басында тырп етпей біреу отыр екен. Жаңбырдан қашқандар:

– Той басталмай жатып мас болған мынау кім?

– Сырдың суы сирағынан келмейді-ау өзінің? – деп күлісті.



Ақ орданың орнындай алып дастарқан басында жападан-жалғыз қалған Әбдібек еді. Мас болған түгі де жоқ. Алғашқы тоста аққайнар – шампаннан бір ұрттаған да қойған. Ә дегенде ол да балдағына қол соза беріп еді, «тәйірі, жаздың жаңбырынан да кісі ешкі құсап қаша жөнеле ме екен!» – деп қайтадан басылып қалған.

Сөйтіп отырғанда, жұлдызды алқа сияқты электр шамдарының біреуі жауын тамшысынан снаряд жарылғандай шарт ете қалды.

Ықтап тұрған қариялардың біреуі күбірлеп: «бісміллә, бісміллә!» деп те қойды. Ал Әбдібекке бұл жарылыс соғыс даласын елестетіп әкелді. Ленинград қорғанысында белуардан шалшық су кешіп, лайсаң окопта, күздің суық жаңбыры мен немістің ыстық оғының астында тапжылмастан бір ай тұрған.

«Сол сұрапылдан аман қалған жанды тап қазір құдай алмас», – деді Әбдібек баудағы жаңбыр сабалаған қойжелкектің жапырағынан көз алмай тесіле қарап.

Бірауық қара бұлт тесіліп, бірер жұлдыз сығалағандай болды. Жауын саябырлады.

Меймандар босқыннан қайтқан ауылдай қауқылдасып, әркім өз жұртын іздей бастады.

Ақ жоңық жабайы скамейкалардың аяқтары ауыр-ауыр салмаққа шыдас бермей былқылдақ сазға батыңқырап бара жатты...

Микрофонға қайтадан тіл бітіп, тойдың шырайы кіре берген.

– Әбеке-ау, жауынның астында отырып қалғаныңыз қалай? – деді қаладан «Волга» мініп келген жездекей басынан әлі де қолшатырын түсірмеген қалпы.

– Әй, шырағым, анауыңнан құйшы тұқымың құрғырды, – деді Әбдібек жауап орнына «экстра» арағын нұсқап. Шынында да, шылқылдаған киімнен қос жауырынның ортасы құрысып, тұла бойы зіл тартып бара жатқан. Жездекейдің арақ құюға шатырдан қолы жуық арада босай қоймаған соң, Әбдібек шишаның аузын өзі ашты.

«Беті майға қуырған бидайдай екен. Соғысқа қатысқан ба? Не жас екені, не кексе екені белгісіз осы қасқа мехнат көрмеген шығар», – деп Әбдібек әлгінің әжімсіз балпық кейпіне көзінің астымен қарап қойып, бір дәсері стакан арақты тартып кеп жіберді.

Көптен бері татпай кеткен дәмі еді, өзегін таспадай тіліп түсті. Осы арақты тұңғыш рет сонау күзгі сылбыраңқыда окопта отырып ішкен.

Тойға жан кіріп, айнала төңірек гуілдесе бастады. Әбдібек мырс етіп күліп қойды. Окопта алғаш арақ ішкенде, ішінде от ойнап, батпақ

ордан қарғып шығып, қақ маңдайдағы төбенің ар жағында жатқан немістерге автоматын кезеніп тұра ұмтылғысы келіп кеткен.

Әбдібектің шалғы мұрты селк етіп, бір ұрты тағы бүлкілдеді. Ол да осындай мамыр айында Гүлайымға үйленіп еді. Жиырмаға толар-толмас буыршын жігіт болатын. Маусым айында соғыс басталды. Шілдеде бұл майданға аттанды.

Содан соң белуардан су кешкен окоп... Сонда қалай аман қалған? Қалай ауырмаған? Енді ғой мына қуанышқа жиналған ағайын өткінші жауынға шыдай алмай, дүркін-дүркін қасқыр тиген қой құсап тұра-тұра қашады.

«Қазіргі адамдар нәзік қой, – деді Әбдібек. – Бұларға не дауа. Сол соғысты көрген мен де бойкүйезденіп барамын ба, қалай? Жаңағы өткен жауыннан жауырыным құрысыңқырап қалғандай».

Ол ешкімге «ал»да демей, «кел» де демей, «экстрадан» дәсері бокал тағы тастап жіберді. Ешкі маңырағандай болды. Ду-думан, ызы-қызы дауыстың арасынан қара ешкінің үні құлағына анық шалынды.

«Тұқымың құрымағыр, лағын жоқтап құдай сыйлап тұр-ау, – деп қойды Әбдібек. – Айтпақшы, Сейтқұл құрдас соны мал ғұрлы көрмеді-ау осы. Сойқан салсам ба екен, тұқымың құрымағырды. Ешкі мал емес пе екен? Ойбай-ау, құдайлардың құдайы Зевстің өзін ана сүтінің орнына ешкінің сүтін беріп асырапты. Сенбесең, біздің Серіктен сұра» деп оқудағы баласын еске алды.

...Окоптың боз-ботана суы сіңген оң аяғын снаряд жұлып кетті. Әлгіде бір тамшы тиіп жарылған шамдай көзінің алды жарқ ете қалды да, сол шамның үңірейген ұңғысындай меңіреу қараңғылық құшағында құлап жатты. Сонан соң мына балдақ пайда болды.

Әбдібек үстелге сүйеулі тұрған балдағын сипалап қойды. Балдақ та бұған сүйенгісі келгендей, шолақ аяғының тұқылына құлай беріп еді, Әбдібек үстелге қайта сүйей салды.

Сөз сөйлеп, тост айтушылар таусылар емес. Толассыз сөз. «Ау, бұл колхоздың есеп беру-сайлау жиналысы ма, әлде той ма? – деді Әбдібек. – Тойдан құр қайтқанша өлеңіңді айт, жаудан құр қайтқанша жаралы қайт. Неге өлең айтпайды мына жұрт?»

– Келесі сөз күйеубала Әзімбайдың нағашысы Шынайдарға беріледі, – деді микрофон.

Әбдібек селк ете қалды.

– Шнайдер дей ме? Неміс пе? – деп орнынан атып тұра жаздап, балдақсыз екені есіне түсіп, қайта басылды.

– Шынайдар дейді, ақсақал, Шынайдар. Күйеубаланың нағашысы, –

деп түсіндірді қарсысындағы жездекей. Сонан соң көршісіне бұрылып сыбырлады: – Ақсақал мас болып қалды. Қайдағы неміс есіне түскені несі?

«Менің аяғымды алып қалған Шнайдердің оғы, – деді Әбдібек сигарет сорып отырып. – Екі елі жоғарырақ кесілгенде екінші группа беретін екен. Отыз жылдан асты, үшінші группадағы мүгедекпін. Екі сантиметрдің арысы не, берісі не? Ал пенсиядағы айырмашылық алшақ... Жарайды, аштан өліп, көштен қалып жатқан жоқпын. Әгәркім, оқ жұлған аяқпен бірге өзім толайым қалсам қайтер едім. Адамға шүкіршілік керек. Мына тұқымың құрымағыр, Сейтқұл ғой, мен соғысып жүргенде, бір көзінің ағы арқасында колхозға бастық болды. Енді осы ауылдың молдасы. Үш жүз адам шақырып, қызын ұзатып отыр. Менің қара ешкімді қомсынды-ау осы. Сойқан салсам ба екен?»

– Келесі сөз – ауылымыздың қадірлі ақсақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әбекеңе, Әбдібекке беріледі...

Әбдібек орнынан көтеріле қоймады. Оны біреу аңғарды, біреу аңғармады. Меймандар қызған кез болатын. Әбдібек екі жұдырығына маңдайын тіреген күйі ұйықтап кеткен.

– Әбекең сәл шаршаса керек, – деп айқайлады көршісі жездекей той ағасына.

– Бәсе, бағана жаңбырдан қорықпай жалғыз өзі сілтеп отырысы қиын еді, – деп қалды біреу барқырай күліп.

– Келесі сөз...

* * *

Ол қараторғайдың әнінен оянды. Қолының екі қары ұйып қалыпты. Мойны да сірескендей. Басын көтеріп жан-жаққа қараса – жым-жырт. Болар-болмас шырай шалған бозала, уыз таң. Аспан қылаусыз. Аулақта түсі қуарған ай қалтырап тұр. Тал-дарақ басындағы құстар оянып, құйқылжыта әнге басты. Күйеу жігіт пен қалыңдық тұсына тұтылған қызыл кілем орнында екен. Әбекеңнің іші жылып қалды. Майдан даласында құламаған ту сияқты көрінді қырмызы мүлік.

Әбдібек сипалап, балдағын тауып алды. Жерге құлап қалған екен. Балдақ оны тастап кетпес. Өле-өлгенше, ақырғы дем таусылғанша бұл балдақ адал серік.

Бір-бір басып, қызыл кілемнің тұсына барды.

– Ту жығылған жоқ, мен жеңілген жоқпын! – деп айқайлағысы келді.

Шарбақ жақтан кешегі өзі байлап кеткен қара ешкі қақсап қоя берді.



СУСАМЫР

Су таситын сары машинаның әлі қарасы көрінбей, тек даусы естілуі мұң екен, қой біткен қосаяқтап, ұлардай шулап, әлгі көліктің алдынан жамырай шықты. Дөңгелектің астына түсіп кете жаздап, кес-кестеп машинаға жол берер емес.

Осындай сұмдықты Бұзаубақ сонау бір «ақмылтықтың» қысында көрген. Ақ тажалдың ортасында азықсыз қалған малға самолетпен шөп тасып, аспаннан дестелерді құмалақтатып тастаған кез болған. Сонда қой баласы самолеттің даусын адамнан бұрын естіп, аспаннан түсетін азыққа ауыздарын тосып, аңырап тұратын.

Қазір қыс емес, көктемнің соңы, жаздың басы. Соның өзі «ақмылтықтан» кем соғып тұрған жоқ...

Су таситын машинадан зоотехник Жалау қамалаған қойдың үстінен секіріп әрең түсті. Бұзаубақ бұрын ұдайы алдынан шығып, жарқылдап амандасып, зоотехник жігіттің келгеніне қуанып қалушы еді. Бұл жолы бұлттай аунақшып бөтен мінез танытты. Киіз үйдің ту сыртына шығып алып кетпеннің сабына сүйеніп, түстікке қарап қатыпты да қалыпты.

Әдеттегі ізетті жоқтағандай зоотехник аңырып біраз тұрды да, ақыры Бұзекеңе қарай беттеген. Таяққа сүйенгеннен секем алып: «үй-іші аман ба екен?» деп те шошыды.

– Бұзеке, тыныштық па?

– Қайдағы тыныштық? – деп Бұзаубақ Жалаудың бетін қайтарып тастады.

Қозы қарны шығып, жасына жетпей әукесі салбырай бастаған Жалау не дерін білмей тұғжыңдап қалды.


Шалдың көзі құтырына қызарып, қайыстай беті түтігіп, кезерген ерні қақ-қақ айырылып, қаны шығып тұр.

Айтса айтқандай, іші қабысып солықтаған қаракөл қой машинаны айнала қоршап алып, ып-ыссы темірдің өзін жалап, тілі қарылып жатыр екен.

Шопыр бала цистернадағы жылып кеткен суды шлангімен науаға құйған кезде, ындыны кепкен мал бірін-бірі таптап, ылғалға лап қойды.

Ит-құстың ашқарақтығы мына қойдың қомағайлығының ширегінен де келмейді екен. Бірінің қанын бірі ішетін түрі бар.

Киіз үйдің іргесіндегі бидонды қаңғырлата сүйретіп Биғайша келеді.



– Әй-оу, шырағым, таусылып қалмай тұрып мынаған да құй. Әдірәм қалғыр, мал-мал деп өзіміз өлеміз бе.

Шофер бала шлангіні бидонға бұра бергені сол еді, астауға басы жетпей жатқан шетқақпа қой атаулы енді бұған тап берді. Бидонды құлатып, аяқбасты етіп, Биғайшаны таптап кете жаздады.

– Құдай сыйлады ғой, мына топалаң келгірді! – деп шопанның әйелі қоршаудан әрең шықты.

– Ана құдық қурап қалды, – деді Бұзаубақ зоотехникке көк цемент құбырдың үстінде үнсіз қалған моторды нұсқап. – Бұл жерден қоныс аудармасақ болмас.

– Басқа жер мәз боп тұрған жоқ, – деді Жалау жүдеу жауап қайырып. Өзге отарларға да су тасып жеткізе алмай машақат болдық қой.

– Апыр-ау, Асау тартылғалы бері жердің пейілі де тарылды. Бір тамбай қойған құдайдың күні мынау. Бұлты түскір төніп-төніп келеді де, жаумай безеріп тұрып алады. Піскен сыздауық сияқты пәлені жуалдыз сұғып, жарып жібергің келеді.

– Тіліңді тигізбе-ей, байғұс, құдайдың құдіретінде нең бар, – деді Биғайша бидонды сүйреп келе жатып.

– Шілде түспей жатып шөлге тап болдық. Алты ай жаз осылай арысақ, қыстың қаһарына қайтып шыдаймыз? Мұны ойладыңдар ма? – деп, Бұзаубақ зоотехникке ажырая қарады. – Су құрдым болды. Асау қайда бұл? Қай жалмауыз жұтып қойды? Адам-ата, Хауа-ана жаралғалы бері ағып жатқан өзен өртеніп кетті ме, не зауал келді? Айтсаңшы, оқыған күшіксің ғой.

– Ой, Бұзеке-ай! Соноу Сарқыраудың тұсынан тоған салып буып тастаған жоқ па? Соны да білмейсіз бе?

– Е, буып тастағаны несі? Құдая құдауанда құдіретіңе құлдық! Жотаның елі ол тоғанға қой тоғыта ма сонда?

– Жоқ, қызылша суарады, ойбай, темекі! – деді Жалау да күйініп.

– Қызылша бұрын да өскен. Асаудың суы жотаға да, ылдиға да жеткен. Ендігінің қызылшасы обыр боп кетпесе, осыдан он-жиырма жыл бұрын жотаның елі қызылшадан алдына жан салмаған. Бірақ ылдиды судан жұтатпаған.

– Қайдам, – деп күңк етті зоотехник көзі кіртиіп.

– Сонда қойдан қызылша қымбат болғаны ма? – деп Бұзаубақ тыйылмады. – Айтшы, сен оқыған күшіксің ғой? Ана директордан сұрайын десем, көре алмай жүрмін. Біздің жаққа ат ізін салғанды қойды. Мүмкін,сол білер!.. Айта бар оған: не тауға, не құмға көшпесек,



мұнда отырып көніміз қурап қалар. Адамың да, малың да тулақ болар.

Бұрынғыдай желтоқсанда туған қозыны сойғызып, көлеңкеде шәниіп жатар жағдай жоқ. «Отыр, қазан көтерейік» деп үй иесі ниет білдірмеді.

– Мекебайдың отарына да су жеткізбесек, олар да қаңсып отыр, біз қайтайық, – деді Жалау.

– Мына бала бізге кешке дейін тағы бір қатынамаса, әлгі әкелгендерің ана жұт келгірлердің жұмырына жұқ та болған жоқ, – деп қалды Биғайша.

Машина бұралаңдап, өлген арыстанның терісіндей сардаланың жолына түсті. Киіз үйдің іргесінде тілі салақтап, бүйірі солқылдап жатқан Сырттан бұрынғыдай арсылдап, машинаны әудем жерге шығарып салуға жараған жоқ.

Киіз үйдің туырлығынан қаңсық иісі шығады. Бұзаубақ іргеде отырып, бидоннан құйып алған бір шәугім суды шүмегінен ұзақ сімірді. Көзінің алдынан өзен тасып келе жатқандай көңілі алаң.

* * *

Бұзаубақтың түсіне түнімен су кіріп шықты.

Бірде телегей-теңізге батып бара жатады. Батып бара жатса да қорықпай әлгі судан іше береді. Не су таусылмайды, не мұның шөлі қанбайды.

Бірде айдын көлдің жағасына жығылып, суға мойнын қанша созса да, жете алмай ындыны құрыды.


Бірде топырақ тоғанның бір шеті жырылып кетіп, содан қашқан суды бекіте алмай қара сорпа болады.

Ол, шынында да, бастығырылып барып, алқынып оянды. Жүрегі дүрс-дүрс етіп, тулап тұр екен. Тілі таңдайына жабысып қалған, әрең қимылдайды. Іргедегі флягті басына төңкере, түбіндегі бір қасық сумен таңдайын жібітті.

Маусымның қысқа таңы сібірлеп атып келе жатқан. Мең-зең меңіреу күйде едәуір отырып қалған. Кенет ұйқыдағы миға бір ұйтқыған ой түртпек салып, сілкініп түрегелді. Іргеде ішін тартып тұрған атын ерттеді. Әлдекалай керек болар деп тақымына кетпен қыса салды.

Мұның қыбыр-қыбыр тіршілігіне оянып кеткен Биғайша ат үстіндегі күйеуін көріп:

– Байғұс-ау, қайда? – деп шошып қалды.



– Малға әзір бол, мен көп ұзамаспын, судың хабарын білем де қайтам, – деп Бұзаубақ шабдар атын тебініп қалды. Биғайша: «е, бастықтарға барып, машинамен таситын суды көбейт демекші екен ғой» деді де қойды.

* * *

Бұзаубақ тартылып қалған өзеннің табанына түсіп, сапарға шықты. Өзен емес, өзінің қаны тартылып қалғандай, соның емін іздеп, тәуіптің ауылына бара жатқан сияқты.

Бұрын түйе бойламайтын биік кемерге лықси соғып, маңғаздана ағатын қара көк дарияның аңғарымен келе жатқанына сенбегендей жан-жағына қарай береді.

Сондай бір жайсаң судың болғаны түсте емес, өңде еді. Бұзаубақ есіне алды. Ол әлі қырықтағы қылшылдаған шақ еді. Бұл – ферма бастығы, Ермолай – зоотехник, арадан қыл өтпес дос болатын. Екеуі де аңшылыққа құмар, екеуі де сері мінез, даланың ақбөкеніндей, аңғал да адал, мәрт жандар еді.

Асаудың осы бір өңірлері нар қамыс, ну жыңғыл, қорыс тоғай болатын. Қырғауыл шіркін парылдап ұшқанда, қамыстан өрт лаулағандай жыртылып-айрылушы еді-ау. Қасқалдақ пен шүрегейден судың айдындары қалың сиыр табыны жусап кеткен тепсеңнің тезегіндей, пырдай боп жатар еді. Кейбір жылдары оңтүстіктен оралған аққулар солтүстікке бет алып, сонау Қорғалжын көлдеріне бара жатқан сапарда осы Асаудың иірімдеріне бір дамылдап өтетін.

Бұзаубақ пен Ермолай аңға шыққанда, бір жолы қорыстың арасынан есектей қабан кездесіп, бұларға тұра ұмтылғанда, Бұзаубақ әдейі қаша жөнеліп, Ермолай аттың үстінен қабанға қарғып мініп, құлағынан тұқырта басып тұрып:

– Бұзаубақ, сал пышақты қолтықтың астынан! – дегені бар.

Бұзаубақ қабанға қанжар салуға сескенсе де, досының халін ойлап, қос өкпеден көк болатты салғаны рас.

Шым-шым, шымырлап аққан ағыл-тегіл судан су перісі шыға келетіндей, балықтар шоршып ойнап, ана жерден, мына жерден шеңбірек атқылап жатар еді-ау. Қайда сол қайран балық? Су кеткен соң, қызғыш та кетеді, қызғышпен бірге қыдыр да кеткен сияқты.

Енді қазір қабан тұрмақ даланың ең сұмырайы соқыр тышқан да көзге түспейді. Өрт жалап өткендей, нар қамыс та жоқ, жыңғыл, шеңгел



де жоқ, ну тоғай қорыс та жоқ. Өмірі су көрмегендей өзеннің табаны тақырайып, тасмаңдай боп жатыр.

Ермолай досы да кәрі бураның басындай қауқайып, қартайды. Өзен суалған соң, бұрынғы кең бидайық шабындық та қотыр қойдың жабағы жүніндей жүдеп тозды. Шабындықты шайтан алды екен деп, совхоз қой баққанын қойған жоқ. Енді сол қыруар малға алыстағы таулы өлкеден барып азық дайындайды.

* * *

Асаудың арнасын қуалап отырып, шаңқай түстің әлетінде Мақпал дейтін ауылдың қарасын көрген. Шеткі бір үйге жақындап:

– Кім бар-оу? – деп еді.

Бірақ өз даусын өзі естімеді. Үні шықпай қалған екен. Аттың дүбірін естіп, үйден бір кекселеу әйел шығып, шошыңқырап қалды. Шабдар аттың үстінде түсі өрт шалған ағаштың қабығындай түтігіп, ернінен ақ сор шығып кезерген қартаң кісі отыр екен.

– Бір жұтым су, бәйбіше, – деп сыбырлады Бұзаубақ.

Әйел үйге жүгіріп кіріп, бір кесе ағарған алып шықты.

– Су, – деді Бұзаубақ қырылдап.

– Су дейсіз бе? О құрғыр, жылып кеткен. Мақпалкөл тартылғалы бері, ауыз суға ұяттымыз, отағасы.

Бұзаубақ кеседен талмап бірер жұтты, содан соң ыдысты басына бір-ақ көтерді.

– Уһ! – деп демін алды. Үні шығайын деді.


– Аттан түсіңіз, қария.

– Жоқ, жарқыным, мен жүрейін. Мен бір жоқ іздеп жүрген жолаушы едім. Әлгі Асауды матап тастаған тоған алыс па?

– Сарқыраудың аузында ғой. Әлі көп жер, – деді бәйбіше. Аттының тақымына қыстырған кетпенге көзі түсіп: «мұрап болар» деп қойды.

«Е, Мақпалкөл де таусылған екен ғой» деді былай шыға бере Бұзаубақ. Алдынан шалқып жатқан айдын дария елес берді. Бұзаубақтың жүрегі тарсылдап, болдырған шабдарды тебіне түсті. Егер су болса, шабдар жануар ентелей түсер еді, құлықсыз. Адамнан ат сергек болғаны ғой, әлгі құрғыр сағым боп шықты. Сортаң тартқан, бетіне тұз болып зәрі шыққан Мақпалкөлдің табаны екен.

Бұзаубақ сортаңды кесіп өтті.



Кеуіп қалған ұйық табанның бетіне біреу құмшекер сеуіп тастағандай, тұяқ асты қышырлайды.

* * *

Ақшам туып, ымырт үйірілгенде, Бұзаубақ алқа-салқа тас ауыз аңғарға келіп кірді. Күндізгі дозақтан кейін, жаннаты жайлауға, пейіштің төріне шыққандай тымырық тынысы ашылды. Мөлдіреп аққан бір құлақ су да көрінді. Балқыған күмістей сылдырап аққан асылды көргенде, шабдар әуелі осқырынып, онан соң кісінеп-кісінеп жіберді. Ауыздығы алынбай, алдыңғы аяқтары цирктің су тәңірісіне тәжім еткендей дір-дір етіп бүгіліп барып, салқын суға көріктей желпілдеген тұмсықты тығып жіберді.

Бұзаубақ жылқы айуанның ауыздығын алмақшы еді, шабдардың басы қатып қалған екен, илікпеді. Өзі шабдарды ұялтқысы келгендей әдеп сақтап әуелі қолын жуды, аузын шайды. Содан кейін барып суды алақанымен сүзіп алып жұта бастады. Оған мейірі қанбаған соң, екі қолымен мақпал мүк басқан жерді тіреп, етпеттеп жата қалып, зәмзәмді сіміре берді, сіміре берді.

Әлден уақыттан соң шабдар басын сілке көтеріп алып ауыздығын шылдырлатты, езуінен сарылдап су ақты. Жағадағы сәмбі талға, қоңыр бас қара қоғаға бірауық қарап тұрды да, бәрін талақ еткендей суға қайтадан төнді.

Бұзаубақ жалбыздың иісін енді сезді, кеңсірігі ашылайын деген екен, көзінен бырт-бырт жас шығып кеткенін байқады. Жерде жатқан кетпенді көтеріп алды. «Енді сенің кезегің келді» дегендей әлгінің жүзін бармағымен байқап көрді.

* * *

Тоған дегені оның ұғымындағы тоған болмай шықты. Үстінен екі-үш машина қатарынан өте беретін, етегі анау-мынау қырқаның бөксесіне бергісіз, кішігірім тау сияқты сұп-сұр бетон. Әлдеқашан батып кеткен күннің әлі де байымаған сәулесі салтанаттырған айдын теңіз жарқ етіп қарсы алдынан шыға келді. Көз жеткісіз, ұшан – ұлы мұхиттай.



«Бәсе, – деді Бұзаубақ плотинаның үстінде тұрып. – Асау сорлы топырақ тоғанға қалай бұғалықталады деп ем-ау».

Тақымындағы кетпеннің сабын сипады. Мына тас қамалдың алдында дәрменсіз екеніне көзі жетіп, ұзақ күнге көрген жол азабы есіне түсіп, біртүрлі күйреп қалды. Діттеп келген шаруасы шарасыз болып шықты. «Кетпенмен жырып әкете беретін әуіттің суы ғұрлы көргенім қалай бұл мұхитты», – деп өзіне-өзі налыс айтып, қатты қапаланды.

Плотинаның дәл ортасындағы мұнара үйдің ішінде қарауыл бар еді. Мына іңір қараңғысында тас тоған шетінде ербиіп тұрған салт аттыны көріп, мылтығын асынып тысқа шықты. Керзі етігінің тақалы өкшесі тас жолға сақ-сақ тиіп, бір-бір басып, аяңдап Бұзаубақтың жанына жеткен. Телегейден көз алмай жанары жасаурап тұрған қарт кісіге сәлем берді.

– Ассалаумағалейкүм, ақсақал!

– Әлейкүмассалам, шырағым! Қай баласың?

– Біз осы судың қарауылы боламыз. Өзіңізге жол болсын?

– Мен бір жоқ қарап жүрген жолаушы. «Жоқ қарап жүрсе, тақымындағы кетпені несі?» – деп қойды жарқабақ, қошқартұмсық кексе жігіт.

– Қайдам, бөгде мал көзіме түскен жоқ, – деді қарауыл. – Сарқыраудың елінен бұрынғы заманда ылдидан жылқы айдап қашатын бірлі-жарым жырынды шыққаны рас. Бұл күнде қалды ғой бәрі. Ел тойынды, неғылсын бөтен малды.


Қарауылдың аты – Әліпбек екен, жаман жігіт көрінбейді. Бұзаубақты аттан түсіріп, үйшігіне алып келіп, шай берді.

Шай ішіп, жан кірген соң, шекесінің қырыс-тырысы жазылып, Бұзаубақ та шешілейін деді. Әліпбек әңгімешіл екен, одан-бұдан жөн сұрап, өзі де өткен-кеткен жайлардан астын-үстін айтып отырды да бір уақытта:

– Ақсақал, мынамен қалайсыз? – деп төсегінің астынан бір шөлмектің мойнын қылтитты.

– Ой-бой! Ондайдан біз қалғалы қашан! Заманында кәрлен кесемен ішіп едік бұл итінді. Ермолай дейтін орысым болды. Екеуміз бір отырғанда бір шырт-пыртын сіміріп алып, түк көрмегендей тұрып кете беруші едік. Шырт-пырттың не екенін білесің бе? Осының үш литрлігін «шырт-пырт» дейді. Енді қалды бұл көк соққан, – деп Бұзаубақ мырс етіп күліп қойды.

Әліпбек шынидағыны екі стаканға бөліп құйып:



– Ішпесеңіз де алдыңызда тұрсын, – деп біреуін Бұзаубақтың алдына сырғытты.

– Жолыңыз болып, жоғыңыз табылып, алдыңызға жылқыңызды салып, ауылға әндетіп қайтуыңыз үшін, – деді Әліпбек стаканды көтеріп, екпіндете түсіп.

– Қайдам, қарағым, әйтеуір, айтқаның келсін, – деді Бұзаубақ тебіреніп кеткендей елжіреп.

– Е, мен бір ақыл айтайын, – деді Әліпбек айғыр стаканды төңкеріп салған соң. – Бүгін осында түнеңіз, ақыры қайда барасыз мына түнде. Таң ата атқа қоныңыз да, Борандының базарына тартыңыз. Осыдан екі-үш сағаттық жер. Ертең – күн жексенбі. Құда қаласа, жылқыңыз мал базардан табылады. Осы айтқаным келсін десеңіз, мынаны алып тастаңыз.

Әліпбек стаканды Бұзаубақтың аузына тосып тұрып алды.

Судың күйігі бар, жолдың азабы бар, әлдекім тақыр жерге отырғызып алдап кеткендей өкініш бар – бәрі қосылып Бұзаубақты қамалағандай болды да: «Құдай өзі кешірсін, ақ сапар үстіндегі адам едім, діңкелегенім басылар», – деп Бұзаубақ ыдысты қолына алды...

Пешіне көсіп-көсіп көмір тастаған ескі паровоздай, Бұзаубақ екпін ала бастады. Мына бір мың болғыр меймандос жігіттің ықыласына ықылас білдіргісі келіп, қойнынан жыртық әмиянын шығарып, бір қызыл қағаз суырып Әліпбекке ұсынды:

– Жақын жерде магазин бар шығар, мына сұмның бір-екеуін әкел. Ақыр ауыз былғаған соң, баяғыдай шырт-пырт болмаса да, біраз ермек қылайық.

– Е, разъездің буфеті түні бойы істей береді бізде, – деп Әліпбек те орнынан ылдым-жылдым қозғалды. – Бұған енді балықтың сорпасы керек. Бізде не көп, балық көп. Әй, бір балдай қылып пісірмесем... Атыңызды отқа тұсай келейін.

Әліпбек көп кешіккен жоқ. Темір пешке оттық салып, қазан асты. Төменге түсіп, бұрыннан құрулы тұрған ауды сүзіп, бір шелек ірімшіктей алтын сазан алып келіп, тазалап қазанға салды. Бірер түйір картоп қосты, пияз бен қара бұрышты да ұмытқан жоқ. Кеуіп қалған лавр жапырағы бар екен, қазанға оны да тоғытты. Қара май сіңген шпалдың жаңқасы шатырлап, маздап жанып жатты.

– Ал, ақсақал, енді бұл сорпадан ішкен де арманда, ішпеген де арманда. Әбден былбырап піссін. Маңызы шықсын. Мен барып суды ағытып келейін, – деді Әліпбек қолын орамалға сүртіп тұрып.



– Суды ағытқаны қалай? Ағытқанда ол қайда барады?

– Қайда барушы еді? Темекіге барады. Айтпақшы, сіздің жақта темекі өспейді ғой.

– Е, шырағым, біздің жақта ештеңе өспей тұр ғой, – деп Бұзаубақ Әліпбекпен ілесе шықты. Әліпбек сала құлаш кілтпенен жардай темір қақпаны бұрап көтергенін көрді. Жардай қақпа бірер қарыстай ғана көтерілгенде, қарауыл кілтті суырып алып: – Бір ауданның қызылшасына бүгін түн осы су да жетеді, – деді.

Плотинаның екінші жағынан аққөбік шашып, бұғалықтан босанған су буырқанып, бұрқ-сарқ қайнап жатыр екен. Күркіреген үні адамның даусын басып кетті.

Енді үйшікке кіріп, балықтың сорпасын сораптай соғып, екі шөлмек арақты да тауысып қойды.


Әжік-күжік әңгімемен отырғанда, Әліпбек тілі күрмеліңкіреп, көзі қылиланып барып, төсегіне құлап, зіл ұйқыға батты да кетті.

Бұзаубақ та мас болды. Қисайып ұйықтағысы келді. Бірақ көкейінен тікен кетпей, миына қадалып тұрғандай түрткілеп маза бермейді. Көрінген машинаның алдынан шапқылап шығатын сусамыр қойлары көз алдына келді. Арам өлген малдың қатқан терісіндей қаудырап жатқан Асаудың арнасын көрді.

– Неге, не үшін қызылша қымбат, мал арзан? Тәттіге бола, ылдидағы ұшан-теңіз дала неге қу тақырға айналмақ? Дала тақырланса, ар жақта бұғып жатқан дуайпат құмның араны ашылып, сусыз жерді жаулап алмай ма? Су сақтап тұрған даланы құм көшіп, жаулап алса, оны қайтып мың жылда да аршып ала алмайсың. Соны неге ойламайды бұл ел? Құдайдың суы тартылып қалса бір сәрі, қолдан суалдырыппыз ғой. Мына теңіз бәріне де жетпей ме? Ойға да, қырға да, қойға да, қызылшаға да?

Қорылдап ұйықтап жатқан Әліпбекке қарады. Тас бұзылып, тау құласа да оянар емес. Жастығының астынан шеті шығып жатқан кілтті көрді. Қол созып еді, орнынан қозғала алмады. Буын жоқ, бүкіл дене дел-сал, тек қана миында бір тікен тұр. Сол ұйықтатпай отыр. Кілтке тағы да ұмтылды. Қозғала алмады. Бастығырылғанда осындай хал болар. Тұншыққан, ышқынған сияқты. Бұзаубақ үш ұмтылып орнынан әрең тұрды.

Жиылмай қалған аяқ-табақ, стакан-шөлмек қаңғыр-күңгір, салдыр-гүлдір сапырылысып жатты. Аяғын қанша абайлап басайын десе, сонша шалынып, әр нәрсені құлатып, өзі де құлап қала жаздап, Бұзаубақ



Әліпбектің жастығының астындағы кілтке әрең жетті. Сауысқанның құйрығынан қауырсын суырғандай-ақ, білдірмей алмақшы еді, онысы болмай, кілтке қолы тие шалқалап барып құйрығымен шоңқиып отыра кетті. Бір қараса тоқпақтай кілт қолында тұр. Әліпбек оянбақ тұрмақ, кірпігін де қимылдатқан жоқ.

Бұзаубақтың миындағы тікен бұрынғыдан бетер тереңірек қадала түскендей, шыдай алмай, қолымен жер тіреп жатып орнынан тұрды.

Ол қолымен қабырғаны сипалап, тәлтіректей басып, темір қақпаның қасына келді. Аспанның қайда екенін білмей адасты. Аққұла асқабақтай ай менен шүпірлеген сары балапан сияқты жұлдыздар самсап аяғының астында жатыр. Жоғары қарап еді: онда да сондай сурет елестеп кетті.

Бір уақыттан соң барып, Бұзаубақ өзінің шалқар дариядан бір сынық сүйем ғана жерде тұрғанын пайымдады. Сескеніп, сәл шегінді.

Алагеуім ай сәулесімен құлпырып ойнаған мың-миллион майда толқын Бұзаубаққа жер әлемді қаптап келе жатқан қаракөл қой құсап көрінді. Маңыраған қой даусынан аспан асты, жердің үсті күңіреніп, ахиреті ақыр заман табалдырығында тұрғандай. Бұзаубақтың аза бойы қаза болып, бурыл шашы тікірейіп бара жатты.

– О, сусамырмен ауырған дуайпаттар! – деп Бұзаубақ қақпаның бұрандалы құлпына зілдей кілтті қалай салғанын да байқамай қалды. Миына қадалған тікенді суырып алатын қысқыштай көрінді. Темір кілтті құлаштай айналдырып бұрған сайын, әлгі тікен миынан суырылып шығып бара жатқандай жаны жай таба бастады.

Енді бір есін жиып қарағанда, бүкіл теңіз төңкеріліп келіп, жердің астындағы түпсіз оппаға өкіре құлап бара жатқанын аңғарды.

«Мұным қалай болды?» – деп қорқып қалғанда, қолындағы ауыр кілті, әлгі оппаға күмп беріп құлады да кетті. Суға түсірмей қағып алайын деген ниетпен оқыс еңкейе бергенде, белдеу темірден қолы шығып кетіп, алқам-салқам бойын билей алмай, кесілген теректей теңселе баяу аударылып, құлап бара жатты...

Бір сәтке санасы сәулеленген қас қағым ішінде ол Асау бойындағы жайқалған нуды, Қорғалжынға барар жолда қонып өтетін аққуды, су перінің қыздарындай шоршып ойнайтын алтын сауыр ақ сазандарды, жағада жусап жатқан үйір-үйір жылқыны, қора-қора қойды, қоңыр бас раң аралас кең бидайықты, жабайы қабанға қарғып мініп бара жатқан Ермолайды көргендей сезінді.

Тікені суырылған миы сұққылап ауырғанын қойыпты. Таудай толқындарды жұтып жатқан түпсіз оппаның ортасында тіс шұқитын

аршаның жаңқасы ғұрлы салмағы жоқ Бұзаубақ, санасы тағы бір жарқ еткен сәтте, жағадан шабдар аттың кісінегенін естігендей болды да, қол қармар, тұяқ ілінер бір қарайған іздемек еді, долы күш ырық бермеді.

Шабдар аттың орнына оны ақжал аждаһа толқындар қақпақылдап, тереңіне бір батырып, бір шығарып, ылдидағы қойлы ауылға Асаудың кеуіп қалған арнасымен арқырап алып ұшып бара жатты.

Үкілі қамыс, балауса құрақ, бұйра жыңғыл. Арасында парылдап ұшқан қырғауыл. Шымырлап, толықсып аққан қара көк өзен. Шоршып ойнаған сары сазан. Жағалай қонған қойлы ауыл. Соңғы рет Бұзаубақтың көз алдында осы бір сұлу сурет тұрып қалды.

ДӘРІГЕРДІҢ ҮШІНШІ ҚАРУЫ

– Көктоғайға самолет қашан ұшады? – деген дауыс естілді. Отырғандардың барлығы касса жаққа бұрылды.


– Ауа райы жоқ, – деді касса ішінен әйел дауысы.

Осы сұрақ пен осы жауап үш күннен бері сан рет қайталанды. Жұрттың бұған құлағы үйренгені сонша, сұрақтың орынсыз екенін де елемей, бұрынғыдай сыбыр-сыбыр сөз етуді де қойды.

Кассаға қайта-қайта барып, Көктоғай самолетінің жайын тынбай сұрап жүрген жігіттің жеңіл қол чемоданы менің жанымда тұр. Ол касса алдынан қайтып келіп, терезеге көз тікті. Дала күңгірт еді. Боз боран адам еңсесін басады. Жігіт сол боз перденің ар жағынан әлденені зарыға іздегендей, қар суырған далаға қиыла қарайды. Көзілдіріктің ар жағындағы қос жанардан жас шығып кетер ме екен деп те қаласың. Оның Көктоғайға ұшып кетуге ынтызарлығын айтып жеткізгісіз.

Ал аэродром алаңында фюзеляждарын көк брезентпен тұмшалап тастаған самолеттер аузына ат дорба ілген тұлпарлардай үнсіз тізіліп тұр. Боранға жон арқасын тосып ықтап тұрған сияқты.

Әлгі жігіттің көзілдірікті көзі алыстағыны көре алмайды. Дөңес шыныдан жанары жансызданып, ерекше аларып көрінеді. Мұрны таңқылау, өңі қара бұжыр, сырт көрінісі күйкілеу, көзге қораш еді.



Бірақ қазіргі терезе алдында тұрған қалпын көріп: «Осының өзі ақын емес пе екен» деген ой басыма келе қалды.

Кейіннен сөйлесе келсек, ол – дәрігер екен, Көктоғай аудандық ауруханасынан осында командировкаға келіп, енді қайта ауданға ұша алмай отырғанына бүгін үшінші күн екен.

Күн ашық-жарық болса, Көктоғай самолетке қырық бес-ақ минуттік жол көрінеді. Ал Арқаның ақ бораны ұшы-қиырсыз аспан аясымен жер үстінде ойнақ салғанда, Көктоғайға самолет ұшпайды, машина тіптен баспайды. Ол жаққа қарай теміржол жоқ.

Жол жүргенде күткен жаман. Үйден бір шыққан соң тезірек жүріп кеткің келеді. Ал қыстың зікір салған долы дауылында аэропортта қамалып отырғаннан азапты нәрсе жоқ сияқты. Бұл сезім маған белгілі. Әйтсе де, көрші отырған жігітке самолет күту азаптардың азабымен барабар болды.

– Несіне сабырсызданасыз, – дедім мен оның көңілін бір сәтке болса да бөлгім келіп. – Боран да басылар, күн де ашылар, мына тұрған Көктоғайға көзді ашып-жұмғанша жетіп барасыз.

– Мен асығатын себеп бар, туысқан, – деді жігіт скамейкаға отыра беріп. «Ол себепті айтсам түсіне аласың ба?» дегендей бетіме біраз қарап қалды.

Аэропорт залының іші жолаушыларға лық толы. Біздің дәл қасымызда Қарағайлыға баратын бір топ геолог чемоданды төсей салып, домино тастарын тақылдатып отыр. Әріректе әлдекімдер карта үлестіріп жатыр. Біреулер кітапқа үңілсе, біреулер жұмыссыздықтан қалғып-мүлгіп қалыпты.

Ал далада боран түтеп, айнала төңіректің түнеріп кеткені сонша, аэропорттың ішінде күндіз барлық шамдарды жағып қоюға тура келді.

– Мен асығатын себеп бар, – деді жігіт. – Жол тосып отырғанымызды ұмыта алар ма екенбіз, бізге уақыт оздыру керек қой. Қаласаңыз, айтайын...

* * *

– Мен медицина институтын Алматыда бітірдім, – деді Әшім (жігіттің аты Әшім еді) – студенттік қимас қызықты жылдар көзді ашып-жұмғанша дегендей жылдам өте шықты. Қазір ойласам, ақ асау



толқындай сапырылысқан, көз ұшынан мұнартып борт-борт желген сағымдай елес жүректі жылытып, толқытып, балқытып жүре береді.

Ол күндердің қызығы мол еді ғой. Күнбе-күн семинардың, жыл он екі айдағы қос сессияның уайымы зор болса да, студенттік өмір жаздай жадыраған тамаша өмір ғой.

Институт бітірген соң мені алыстағы ауданға қызметке жіберді. Алғашқы күн ауруханамен танысудан басталды. Ауруханаңың есігін алғаш рет дәрігер ретінде аттап басуым. Менен жақсылық, жәрдем күткен жаутаң көздерді алғаш рет көруім. О, ол көздердің саған сұқтана қадалуы тым ауыр. Сонда сен өзіңді дәрменсіз сезінесің. Сен ауру жандар үшін қазір ең құдіретті адамсың. Бірақ сол құдірет бар ма бойыңда... Әсіресе сыр алыспаған жас дәрігердің ауру адамдармен алғаш кездесуі «қыл көпірдің» үстімен өткенмен бірдей.

Кеше ғана институтта жүргенімде: «Әттең, осы сессиядан, осы емтиханнан аман-есен өтсем, онан кейінгісінің бәрі жеңіл болар еді-ау» деп армандаушы едім. Шіркін, балалық десеңші. Нағыз сын, нағыз емтихан енді келді-ау.

– Төртінші палатамен танысыңыз, мұнда бес адам жатады, – деді бас дәрігер Жанна Жапаровна, кіршіксіз ақ халат киген орта жастардағы сылқымдау әйел.

Біз кіріп барғанда, бес аурудың бесеуі де бас бұрып қарады. Бір байқап қалғаным: ортадағы койкада жатқан әйелге бас бұрудың өзі күшке түседі екен. Оның тұла бойында өмірдің әлі өлмей тірі жатқанын білдіретін мүше тек үлкен қоңыр көзі ғана еді. Оның көзі жалт етіп жәудіреп қарағанда, апыр-ай, адамда да осындай жанар болады екен-ау дегендейсің. Әйтпесе өңі үсік ұрған күзгі жапырақтай қатып-семіп сартап тартқан.

– Полиартриттің асқынған түрі, деформирующий полиартрит, барлық буын-буынды тұтып қалған, – деді Жанна Жапаровна латыншалап.

Палатадағы қалған төрт әйелдің сырқаттары аса қауіпті емес көрінеді.

– Жатқанына бір жылдан асып қалды, үміт аз, – деді былай шыға келе бас дәрігер.

«Үміт аз» дегені атылған оқтай тосын естілді. Бұл не? Ажалмен ымырашылдық па? Әлде дәрменсіздік пе, – деймін өзіме-өзім.

– Қолдан келгеннің бәрін істедік, – деді Жанна Жапаровна қызыл қыналы тырнағын қырнай тұрып: – күкірт ерітіндісі бар ванна да



жасалды, массаж да істелді, әсіре күлгін сәулеге де түсірілді, витаминді тамақтар да берілді. Беті бері қарар емес. Еш тер шықпайды, екі тізесі жап-жалтыр...

Деформирующий полиартрит... Семен Сомойлович, ah, Семен Сомойлович, сен бізге оқыған полиартрит қой, қайран профессор, қасымда қазір болар ма едің! Сенің жәрдемің қандай керек десеңізші қазір! Өйткенмен мына Жанна Жапаровнаның айтуынша сен бізге лекцияда оқыған амалдың бәрі ауруға қолданылған тәрізді. Енді не керек, құдай-ау, енді не керек...

... Аурухана бойынша кезекші мен едім. Терезе алдындағы жалаңаш ағаштардың бірен-саран сарғыш жапырақтары жүдеген көбелектей дір-дір етеді. Терезеден күн сәулесі түсті.

– Е-е, оның койкасы терезе алдынан алыс екен-ау, – деген ой сап ете қалды.

Дереу сестраны ертіп алып, төртінші палатаға келдім. Есік ашыла бере, кешегі көзбен көзім кездесті. Ол әуелі жалт етіп, онан соң тағы да алданғанын білгендей мұңая қалды. Бұл мергеннің оғы жазатайым тиіп, шала-жансар жатқан маралдың көзіндей әдемі әрі аянышты еді. Онда көктей солған өмірдің өкініші мен қапа-қасіреті де, жаңа күннен, жаңа айдан, жаңа жылдан күткен үлкен үміті мен тіршілік дәметкен тілегі де бар еді.

– Сізге күн сәулесі өте-мөте пайдалы, сондықтан койка ауыстырып, мына терезе алдына жатыңыз, – дедім мен Сырғаға.

Кезерген жұқа ерні болар-болмас қимылдап:

– Рақмет, – деді.

Сестралар оны көтеріп алып, жаңа орынға жатқызды. Мен оның жатқан жерінен терезеге қарап едім: бұлтсыз көгілдір аспан көрінді. Ағаш басындағы торғайлар көрінді.

– Мен дала көрмегелі көп болды, – деп сыбырлады Сырға. – Сағынып қалыппын.

Сөйтіп ол аспанға қарай берді. Күзгі жапырақтай сарғайған өңінің ар жағынан бір кездегі ақ құбаша сұлудың келбеті толған айдай толықсып елестеді. Бұл елес қана еді.

– Сіз жақсы істедіңіз, – деді мен палатадан шыға бергенде сестра Маша. – Сырғаның көңілі жарым еді. Койкасын ауыстырып ықылас білдіргеннің өзіне риза болып қалды.

– Ауру адамның көңілі әрқашанда жарым ғой, – дедім мен.

– Жоқ, Сырғаның, меніңше, ауруының үстіне қосылған ауруы бар, – деді секпіл бетті сестра Маша.



– Ол қандай ауру?

– Бұл өзі біз қатарлы жас адам: сірә, сол жиырма бір-жиырма екі шамасында. Ауырмай тұрғанда тұрмысқа шыққан екен. Ал сүйіп алған күйеуі бұл қатты жығылып ауырған соң, осы емханаға әкеліп салды да, жоқ болды. Қайтып көрінбей кетті. Бір кездегі сұлудың енді аяқ-қолы жоқ мүгедек болғанынан мүлде шошынса керек, ізі суып кетті. Әй, осы еркектерді қойшы! – деп сестра сепкілді бетін тыржитып қолын бір-ақ сілтеді. – Бұл байғұс өлейін деп жатса да сол бәлесін күтеді, палатаның есігі ашылған сайын, жалтақ-жалтақ қарайды. Қарайды да қапалана түседі. Оның күткен адамы келмейді.

Адам жанының терезесі жоқ, бөтен жан – түнек дейді. Сол түнектің пердесі ашылайын деді. Сырға неге есікке қарай беретінін енді білейін дедім.

Бір мезгіл аспанды ауыр бұлттар торлап, дала да, кабинет іші де күңгірт тартты. Шымшықтар шықылықтап, шошаңдағанын қойды. Таса тауып алып олар да әлденендей ойға кетіп, үнсіз отырды.

Мұндай күндер көңілді қамықтырғыш, әлденелерді, албырт күндердің орындалмай қалған тәтті қиялдарын, алғашқы тәуір көрген қызды, алғашқы бозбалалық әурешілікті еске түсіріп, көзге жас келтіреді.

Аспанды бұлттар торлап, оның әлжуаз көгілдір төсін таптап, шығысқа қарап жөңкіліп жатады. Терезе алдындағы алма ағаш пен сирень бұталарын дауыл сілкілеп, жазықсыз жазалап, азаптай бастайды. Бұталар майысып иіледі, зордың күшімен сәл уақытқа ғана иіледі, тәкаппарланып қайтадан бой түзейді. Олар бағынбайды, қасарыса түседі.

Мұны көріп менің ішім жылиды. Мен ырымшыл емеспін, бірақ бұтақтың берілмей қасарысқанына жаным сүйсінеді. Терезеге осылай қарап отыра берсем, көзім жел жұлмалаған сирень шыбығының орнында ұзын қара шашын жел желбіретіп, дауылға қарама-қарсы қасарысып алға талпынған Сырғаны көрем. Бұл бір түс сияқты көрініс.

Түстен айығып, палаталарды аралау керек екені есіме түседі.

Төртінші палатаға кіре бергенімде, Сырғаның көз жанары енді терезе алдынан жалт етті. Лезде сөніп, бұрынғыша мұңайып қалды. Ол есік ашылған сайын «сол ма екен!» деп өз ерін күтеді. Ал күйеуі қазір мұның бір жапырақ көңілін көтермейді. Сырға халіне өзі түсіп қалса қайтер еді? Сырға сонда оның соңынан бір рет те із салмай: «Халің қалай, Сейсен?» деп бірауыз көңіл сұрағанға жарамаса, Сейсен не дер еді? Не күйде болар еді? Адам атаулыға есендік-саулық тілеп, оларды



аурудан аман сақтау менің борышым бола тұра, мен қазір өз еркімнен тысқары Сейсенге ауру тіледім.

Сырға қазір де бұлт басқан аспанға қарап жатыр. Терезеден оған аспанның бір қиығы мен жел жұлмалаған сирень бұталарының бір түбі көрінеді.

– Сіз білесіз бе, түнде мен жұлдыздарды көрдім, жартыкеш айды көрдім, – деді ол әдеттегіше сыбырлап, қаттырақ сөйлесе демігіп қалады. – Көптен бері көргенім сол, сағыныппын.

Сырға күрсінгендей болды. «Сау адам көп нәрсені аңғармайды екен-ау, жұлдызды да сағынады екен-ау» дедім ішімнен.

Сөйтсем өмірге құштар жан жатып алып, қарама-қарсы үйдің мұржасынан будақтап ұшқан түтінге де қызығады екен, балапандарымен топталып телеграф сымына тізіле қонып, жылы жаққа ұшып кетуге жиналып, туған жерді қия алмай отырған қарлығаштарға да қызығады екен. Ол тек күзгі жапырақтардың бұтақтан үзіліп түскеніне, енді сол жапырақтардың бір-бірімен еш уақытта сыбырласа алмайтынына қиналады.

– Сіз білесіз бе, мына қара шыбындарды мен жақсы көремін, – деді Сырға сәл-пәл ғана қан жүгірген жұқа ерні күбірлеп. – Қара шыбын маған ғашық болғандай бет-аузымды аймалай береді. Оны ұшырмақ болып менің жансыз қолым қимылдайды. Шыбын қонбаса, оның қимылдамауы мүмкін, шыбын қонғанда, денем шіміріккенде, мен өзімнің әлі өмір сүріп жатқанымды сезініп, қуанамын...

Осы кезде көшенің ар жағындағы үйдің терезесінен музыка үні естілді.

– Мынау Чайковский ғой, «Кішкентай аққулардың биі», – деді Сырға басын көтермек боп, – Мен сестраға ым қақтым. Маша екеуіміз Сырғаның арқасына жастық қойып, басын биіктедік. Өн бойы шалқасынан жатқан адамның сәл де болса еңсесі көтерілгені көрер көзге жақсы екен.

– Шіркін, балериналар қандай бақытты! – деді Сырға билеп жүрген кішкентай аққуларды сахнадан көріп жатқандай-ақ. Оның түсі өзгеріп, қазір койкадан өзі түсіп, өз аяғынан жүріп кететіндей көрінеді. Ал музыка оны шақырғандай, адамның жан-дүниесін шарпып өтіп, шарықтап кетті. Сирень бұтасына қонған алмас шықтай бір тамшы Сырғаның алақандай көзінен домалап түсті.

Палатаға радионүкте орнатып, құлаққа киіп тыңдайтын наушник алдыру керек екен дедім өзіме-өзім.



– Төртінші палатаға кіріп шықпайсыз ба? – деді біраз күн өткен соң коридорда жолыққан сестра Маша.

– Онда не боп қалды? – деппін.

– Бөтендей ештеңе болған жоқ. Бірақ жай кіріп, аурулармен әңгімелесіп, хал-ахуалын сұрамайсыз ба дегенім ғой...

– Мен тағы да музыка тыңдадым, ол мені сергіткендей болды, – деді аурулармен амандасып енді Сырғаның қасына барғанымда. Ол басынан наушникті сәл-сәл қимылдатып, оң қолымен алуға әрекеттеніп: – Мен көптен сағына күткен адамымды көргендей болдым. Ауру екенімді де ұмыта жаздап, әлі де әсем үнге жүйе-жүйем босайтынына қуандым. Жан дүниемнің саңылаулары бітелді ме деп қауіптенуші едім. Көңілім мүлде күңгірттенді ме деп қалушы едім. Мен әлі армандай алады екенмін, доктор, – деп Сырға қимылдайтын оң қолының шидей саусақтарын терезе торынан түскен күн сәулесіне тосты. Күн сәулесі алақанын қытықтап ойнағысы келгендей болды.

– Таң алдында сәл ұйықтап кетіп, сараң ұйқыдан соң көзімді ашып алсам, күн сәулесін көріп қуанып қаламын. Мен ұйқыға кеткенде, аяқ-қолым тіріліп қалған жоқ па екен деп қараймын.

– Аяқ-қолыңыз осыдан екі-үш жыл бұрынғы сау-саламат кезіңіздегідей болады әлі, – деймін мен аурудың аяқ жағын жылы одеялмен қымтап.


– Мен түнде-түнде түсімде, қырда жүгіріп гүл теріп жүремін, тіпті кейде өзіміздің совхоздың клубында би де билеп жүремін, – деді Сырға.

– Әлі қарап тұр, өңіңде де талай-талай билерсің, – деймін ауруға массаж жасауды сестраға тапсырып.

– Бұл өзі, жазылатын ауру ма еді? – дейді Сырға.

– Әрине, – дедім мен ә дегенде не дерімді білмей қалсам да. – Әрине, біздің ғылым үшін жеңілмейтін дерт жоқ. Байқап қарасаң, бір кезде жұртқа соқырішектің өзі жазылмас дерт еді. Сүзек, шешек дегенің тажал еді, қазір олар жойылды. Туберкулез күні кешеге дейін ем қонбайтын ауру болса, қазір ғылым оны емдеудің пәрменді жолдарын тапты... Тіпті жуырда ғана еліміздің ең көрнекті медиктерінің жиналысында атақты профессор Ефимов полиартритті сәтті емдеудің тәжірибелерін ортаға салып, жаңа антибиотик жасап шығарғанын да айтты ғой.

Сырғаның жансыз аяқтарының жүрмей қалғанынан қан жиналып бетіне шыққандай, боп-боз өңі қызыл шырайланды. Жұқалаң ерні дір-дір еткендей болды. Өзіне ғана жарасымды тәмпек мұрнының танауы делдиіңкіреп, тынысы жиіледі.



– Жаңа антибиотик пе? Жаңа дәрі ме? – деді Сырға, бұл жолы ол сыбырлағанын қойып, дауысын шығарып жіберді. Оның шын дауысын тұңғыш естігенім еді.

– Иә, жаңа дәрі, – дедім мен, әлсіз арық қолын қалай сипағанымды өзім де сезбей қалып.

– Ол дәрі бар болса қайда? Маған неге бермейді екен? – Ауыр дерттен нұры қайтпаған үлкен қоңыр көзінен үміт ұшқыны бір жылт етіп, бір сөнді.

«Мен гүл ашпай жатып суық шалған адаммын ғой, мені алдамағайсың, әлі көрер жақсылығым бар ма?» дегендей еді ол көз.

– Ол дәрі әлі аптекаларға түскен жоқ көрінеді, тек лабораториялық тәжірибелерде қолданылады екен.

– А, лаборатория... лаборатория, әлі жоқ деңіз... жоқ деңіз...

Қоңыр көз мен ең алғаш рет көргендегідей әуелі жалт етіп, «жоқ деңіз» деген кезде мұңайып, тайып кетті. Мен ағат айтқанымды кешігіңкіреп түсіндім де:

– Сабыр ет, Сырға. Әлі-ақ аламыз ол дәріні, – дедім.

– «Сабыр, сабыр», – деді ол менің сөзімді ұнатпағандай, – Сабырдан келер пайда болса, мен сабыр еткелі жүздеген таң атып, жүздеген күн батты. Менің шыдамым сынға түскелі қашан! О, сіз түсінбейсіз оны...

– Мен түсінемін, Сырға, түсінгендіктен де, қайтсем де сол дәріні саған тауып әкеліп беруді ойлап отырмын. Командировка сұрап, облыс орталығына, тіпті Алматыға, онда болмаса, профессор Ефимовтың өзіне барамын, – деп Сырғаның нәзік саусағын алақаныма қалай салғанымды өзім де сезбей отырыппын.

– Сүйген жардан көрмеген жақсылықты сізден көрдім-ау. Алғаным мені ауырған соң қара шақа құрлы көрмей тастап кеткеннен кейін, енді мүлде құрыған адам екенмін деп үрейім ұшушы еді. Сіз неткен қайырымды жан едіңіз... Шынымен, жасыған көңіл жадырай ма? Шынымен, солған өмір қайта көгере ме екен? Адам аяғынан айырылады екен, қолынан айырылады екен, адам ажардан, сүйікті жардан айырылады екен, адам отбасынан, ошақ қасынан, басқа түссе бақытынан айырылады екен. Бірақ арманнан айырыла алмайды екен. Мен осы уақытқа дейін ауа жұтып, жарық дүниені терезенің бір қиығынан болса да көріп жатсам, оным осы арманның арқасы. Шіркін, жантақ жамылған кең далаға тағы бір шығып, кәрі әкемнің отарындағы қойға жамыраған қозылардың соңынан тағы бір жүгірсем-ау!

– «Сау адам көп нәрсенің қадірін біле бермейді ғой, әйтпесе қызыл



тікен кешіп, қозы артынан жүгірген де арман болады екен, ә», – дедім ішімнен тағы да.

– Осыдан қара да тұр, бұл арманың да орындалар!

– Жоқ, бұл арман бұған дейін қанатсыз еді, енді сіз қанат бітірдіңіз, – деді Сырға.

Енді менің жатсам-тұрсам Сырғаға берген уәдем есімнен бір шықпайтын болды. Менікі де бір үміт еді. Әйтпесе жаңа антибиотиктің жарық дүниеге келгенін «Медицинский работник» газетінің он жолдық хабарынан оқып едім. Ал ол қашан пайдалануға беріледі, одан беймағлұм едім. Үміт қой. Адамға адам жақсылық тілеген үміттер көбейе берсе ғой, шіркін. Үміт пен арман алдыңнан шығып, ұдайы қол бұлғап тұрады. Ол періштедей көзге көрінбей, мен мұндалап алға жетелей береді. Аспандағы ай мен күндей арман да мәңгілік, ол еш заман өлмейді. Сырғанікі де сондай өлмес, өміршең арман ғой. Мейлі, ол қозы қайыруды-ақ аңсасын, бірақ соның өзі қандай десеңізші, кеселі қатерлі адам үшін о да аспандағы айдай ғой.

Адамның жолы – күннің жолына ұқсайды деседі. Адамның да арайлап атқан таңы бар, еңкейіп еңіске түскен кезі де бар. Жолдар ұқсас. Бірақ әркімде күннің нұры, күннің дарқандығы, күннің жомарттығы бар ма? Мен адамның ажалына ара түспекпін, оны қасірет-қайғыдан айырмақпын. Осы мақсатыма жетсем, мен де кішкентай күнге ұқсар едім.

Міне, Сырғамен соңғы әңгімеден кейін мен осылай ойладым. Ал енді менің неге сонша асығып отырғаным сізге түсінікті бола бастаған шығар? – деп Әшім тершіген көзілдірігін алып, бет орамалымен мұқият сүртіп, үндемей қалды.


– Жаңа дәріні таптыңыз ба, сонымен? – дедім мен шыдамсызданып.

– Таптым, – деді жас дәрігер күлімсіреп. – Үйден шыққалы, міне, бүгін он бес күн болды. Оның үш күні, өзіңіз білесіз, самолет күтумен өтті. Мені сағат сайын, минут сайын тосып жатқан адам бар, ал мен болсам, отырысым мынау.

Аэропорт ішіндегі домино ойнап отырғандар да, карта соғып жатқандар да, газеттің хабарландыруына дейін қалдырмай оқып отырғандар да, жалыға-жалыға жантайып жатқандар да, бәрі де кенет тына қалды. Маңдайшадағы репродуктордан диктордың микрофонды шертіп тықылдатқаны естілді. Бұл көптің зарыға күткен дыбысы еді.

– Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! – деді диктор да қуанып. – Қарағайлыға қарай ұшатын самолетке отыру басталды. Қайталаймын...

Әшім көзілдірігін асығыс киіп, орнынан атып тұрып, кассаға қарай



жүгірді. Геологтар артынып-тартынып тысқа шығатын есікке қарай анталады. Қону алаңында «АН-12» самолетінің моторлары бірінен соң бірі от алып, қалақшалары әуелі жайлап айналып, бірте-бірте боран таптаған ақ қарды құйындай ұшырып, көзге көрінбей, бұлдыр ауаға сіңіп кеткендей болды.

– Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! – деді диктор дәл бір Әшімге ғана арнап айтқандай біртүрлі салтанатты дауыспен. – Көктоғайға ұшатын самолетке отырғызу басталды.

– Ал, сау-саламат болыңыз! Сіздің самолетіңіздің тезірек келуіне тілектеспін, – деді Әшім кішкентай қол чемоданын келіп алып тұрып.

– Сау бол, Сырғаға сәлем айт! – дедім мен шын пейіліммен. – Оның сауығып кетуіне, арманына жетуіне тілектес тағы бір бейтаныс адам бар екенін айт.

– Рақмет! – деді Әшім. Сөйтіп студент күннен мұраға қалған мақталы шолақ пальтоның жағасын көтеріп, көзілдірігін түзеп қойып, самолетке беттеді.

Сонда ортағасырдың ұлы ғалымы Ибн-Синаның бір сөзі есіме түсті: «Дәрігердің үш қаруы бар: бірі – пышақ, екіншісі – шөп, үшіншісі – сөз» деп еді ол. Пышағы – хирургтің қандауыры, дәрі-дәрмек атаулының бәрі шөптен шығады. Ал шын жүректен шыққан жылы сөз, ауру адамға деген сүйіспеншілік сөзі – өте құдіретті сөз. Әне, анау самолеттің баспалдағына аяғын аттап салған жігіттің кішкене чемоданындағы әрең іздеп тапқан жаңа дәріге жас доктордың ауру адамға деген сүйіспеншілігі, жалынды сөзі қосылмаса, жалаң дәрінің өзі дәрменсіз болар ма еді...

– Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Алматыға ұшатын самолетке отырғызу басталды, – деп хабарлады диктор. Мен де алаңға қарай аяңдадым. Үш күннен бері үнсіз тұрған аэродром дәл қазір самолеттер ұшырып, салют атқандай, көк қырандарын жан-жаққа аттандырып жатты. Олар тек жолаушы ғана емес, шартарапқа сағыныш пен армандарды да алып ұшты.



ТАСТАЙ БЕРІК, ГҮЛДЕЙ НӘЗІК

Жұрт тына қалды. Митинг ашылды.

– Қарақтарым, – деген дауыс репродуктордан қарлыға, тіпті дірілдей шықты.

Сөз батырдың анасына беріліп еді. Қарт ана «қарақтарым» дегеннен басқа не айтарын білмегендей үнсіз қалды. Айнала қарады, қаптап тұрған адам толқынын тым баяу шолып өтті. Сол қалың топты кішкентай тар құшағына сыйдырып жібергісі келгендей, қолын жайды. Бұрын мұндай көпшілік алдында сөйлеп көрмеген ана қол созған күйі едәуір тұрып қалды. Енді бір кезде иегі кемсеңдеп барып:

– Менің Нұркешім өлмеген екен, – деді.

1943 жылы Сталинград түбінде жау үстіне жай оғындай құлап түсіп, мерт болған Нұркенді «Менің Нұркешім өлмеген екен» деп тұрған кемпірді жақынырақ көргім келіп, жұртты кимелеп, алға ұмтылдым. Бірақ мына қарт адамның аузынан анда-санда бір шыққан сөзді әлдебір тәбәріктей шашау шығармай құлақ түріп қалғандарға менің бұл әрекетім мүлде ұнамады. Маған жұрт ала көзімен қарады. Әйтсе де мен өлермендік пен екі шынтақтың арқасында трибунаға таяп бардым.


Қарсыдан соққан күзгі жел қара шәлінің астынан қарт ананың бір селеу самай шашын шығарып алып желбіретіп тұр. Сол сәтте ол маған сұрапыл сойқан дауылға бетпе-бет қарап, қайтпай қасарысып, ұзақ жол жүріп келе жатқан орасан алыптай болып көрінді. «Мынандай анадан туған баланың батыр болмауы, шынында, мүмкін емес-ау» деп ойладым ішімнен.

– Менің Нұркешім өлді деп кім айтты! Мені тұлдырсыз қалды деген кім? Осынау тұрған барлығың менің балам емессің бе?! – Қарт ананың үні қатқыл шықты. Әдепкідей емес, күмілжімей, жүнжімей, жарқын-жарқын естілді. Сол кезде жон-арқамнан нендей құдіреттің жосып өткенін білмеймін, тұла бойым дүр-р сілкінді. Екінің бірі айтып жүретін көне сөздердің өзі дәл осы бір шақта Бородиннің «Қаһарман» симфониясының заңғар нотасындай қаһарлы, айбарлы шықты.

Ана одан әрі сөйлемеді, әлденеге булыққандай:

– Рақмет, шырақтарым... – деп әрең айтып үлгерді де бұрылып кетті.

Ескерткіш үстіндегі ақ жамылғы алынды. Алғашқы секундтарда оған жүздеген көз, қалың топ қадала қарады. Енді бір сәтте жұрт



бір-бірімен жабырласып, сөйлесіп ала жөнелді. Ескерткіштің қалай шыққаны жайлы әркім өз ойын айтып, өз бағасын беріп жатты. Біреу тұрып: – Сәтті шыққан екен, – десе, енді біреу: – Онша емес, – деді.

– Скульптураны салған кім екен?

– Кім де болса азамат екен! – десіп те жатты.

Ал скульптураны айнала пионерлер гүл шоқтарын қойды. Ескерткіштің еңселі тұғырынан алтын жазу айқын көрініп тұрды:

«Даңқты жерлесіміз,
Совет Одағының Батыры
Нұркен Әбдіровке
Қарағанды комсомолецтерінен»

Осы жазу жаңағы Бағила апаның: «Осынау тұрған барлығың менің балам емессің бе?» – деген сауалына жауап сыпатты еді.

Бағила қарттың балалары өте көп екені кәміл шындық. Сол балалары былтыр ардақты ағасын еске алып, ескерткіш орнатпақшы болды. Олар жас шахтерлер, жас құрылысшылар, студенттер, оқушылар еді. Аға сыйлай білер жақсы інілер жұмыстан, сабақтан тыс уақытты пайдаланып еңбек етті. Жерастында бірер сағат артық қалып көмір шапты, көше-көшеге ағаш отырғызды, сынық металл жинады, өнерпаздары ойын көрсетті. Жүз мың сом ақша осы еңбекпен келді. Сол қаржыға, міне, ескерткіш орнатылды.

Жұрт тарамай ескерткішті айнала қарап жүр. Құлақ салсаң, әңгіме сыңайы жаңағыдай, біреу ескертіш мықты салыныпты десе, енді біреу орташа екен дейді.

Сол сәтте мен елдің сөзіне құлақ сала жүрсем де, батырдың анасынан көз жазбадым. Ол өзінің батыр ұлымен дидарласып тұр еді. Сай-сай әжімді қуалай тарам-тарам жас аққан жүзінде жатыр-қау жоқ, бірақ таңдану ма екен, әлде масаттану ма екен, әйтеуір көз жанарында бір ұшқын жатқандай көрінеді маған.

Мен ойладым. Мен мына кішкентай адамның үлкен жан дүниесіне үңілгім келді, оның жан тебіренісін көз алдыма елестеткім келді. Мен былай ойладым.

Сонау соғыс жылдары осы анаға: «балаң асқан ерлікпен қаза болды» деп естіртті. «Жаудың ондаған самолеттері мен танктерін, жүздеген әскерін жайратып жүргенде, ақиық сұңқарға аспандағы айқаста топшысынан оқ тиіп мерт болды» деді.



Баласының бұл ерлігін абзал ана көз алдына сан рет елестетер еді. Ұзақ түндерде қараңғы үйде көз жұмбай жатып, жаумен арпалысқан Нұркешінің бейнесін көрмек болып, сол бейнені, сом бейнені, өлімнен де зор бейнені зарыға іздеп, шарқ ұрар еді.

Міне, искусство сол бейнені жасапты. Ана ұлын таныды. Аспандағы айқаста Нұркешінің самолетіне снаряд тиіп өртеніпті. Өрт жалыны батырдың алдын да, артын да орап алыпты. Сусымалы сұм жалын Нұркешінің етек жағын ала лапылдап лаулап барады. Ақиқат ажал алқымынан алған кез ғой бұл! Ал ажалмен бетпе-бет кездескен жан, мына бір жапырақ кемпірдің ұлы самолеттің рычагін күрт басып, сол қолын көкжалға шүйілген қырандай сермеп, төмен құлдилап келеді. Келбеті қандай, келбеті! Сол келбеттен мен зұлымдық пен ізгіліктің айқасын, адам баласына деген сүйіспеншілік пен адам затына деген қастандықтың арпалысын көремін.

Анасы да көрді мұны.

– Иә, менің Нұркешім осындай, – деп күбірледі.


– Иә, менің Нұркешім өлген жоқ екен, – деп қайталағандай болды ананың ерін емеуріні. Сонда ардагер ақын Мұса Жәлилдің:

Тәнді көмер топырақ,
көмбес бірақ
Жалынды жырға толы көңілімді.
«Өлді» – деуге сыя ма,
айтыңдаршы,
Жеңіп өлсек сұрапыл бұл өлімді! –

деген бірауыз өлеңі есіме түсті.

Сұрапыл сұм өлімді жеңіп өлген бала тұр, тас мүсін боп. «Өлді» деуге қия алмай ана тұр кәрі төсі бүлк-бүлк етіп еміреніп. Тас бала мен ақ шаш ананың үнсіз-тілсіз көріскенін көріп ел тұрды тебіреніп... Айнала тұрғандардың көбі жас өспірімдер, Нұркеннің інілері. Ана айтты оларға: «бәрің менің баламсың» деді. Батыр ағаны қастерлегені үшін балаларына: – «Рақмет, шырақтарым», – деді.

...Бас-аяғы бір сағаттан асар-аспас уақыт қой. Осы мезгіл ішінде мен қарт ананың қас-қабағынан көз алмадым. Оның қуанғанын да, жыламасқа дәті қайсы, жылағанын да көрдім. Көрдім де, ана жаны тастай берік, гүлдей нәзік екен деген ойға келдім.



ЖҮРЕККЕ ӘЖІМ ТҮСПЕЙДІ

Жазушы Ғалым Ахмедовке арналды.
Автор

Сағын аға екеуіміз сәскеліктен соң серуенге шығамыз. Сағын аға сәмбі талдан жонған ақ таяғын қолына алады:

– Е, бар болғыр, жүр енді, күн ысып кетеді, аяғыңа жеңіл бірдеңе ки, тауда туфлимен жүре алмайсың, – деп мені мектепке жетектеп апаратын баладай баптайды.

Сағын аға, құдай бұйыртса, енді бір жылдан кейін сексенге келеді. Ал соған қарап, бүкірейген шал екен деп ойлап қаларсыздар. Қайдағы шал? Жігіт ағасымыз деп жүрген біздерден көп ширақ. Өзі бойшаң, сол сұңғақ бойын тіп-тік ұстайды. Екі беті нарттай, мейірімді көздері көзілдірік дегенді білмейді, әлі шоқтай жайнап, күлімсірейді де тұрады, жарықтық. Өмірі ызғар шашып, суық тартып көрген көз емес, көп жасауы, көп жасай тұрып, жігіт қалпында қалуы сондықтан да шығар. Жап-жазық маңдай дөңестеніп барып басының қасқасына жалғасады. Қарын дегеннен белгі жоқ, жіптіктей.

Бау-бақшаның ішінде, шипа теректердің тасасында тұрған демалыс үйінен ұзай бере жолымыз жалғыз аяқтанып, өрге қиялай бастайды. Сағын аға ұзын таяғын шаңғы тепкендей алға сермей тастап, жауырындары бұлтыңдайды. Анда-санда артына бұрылып қарап, пысылдап келе жатқан маған:

– Таяғыңды алшақ таста, қолыңа салмақ сал, жауырыныңды бүкшитпей жазып жүр, – деп қояды.

Менің шолақ жеңді ақ жейдем терге бөгіп қарая бастағанда, Сағын ағаның маңдайы ғана жіпсиді.

Сөйтіп біз қатар-қатар дачалардың тұсынан, қалың-қалың баулардан қаздай тізіліп өтіп, бөгде көзді таң қалдырып (өйткені біріміз Дон Кихот, біріміз Санчо Пансо сияқтымыз) Шыбынсай беткейіне өтеміз. Шыбынсай беткейі жабайы өрікке, жабайы алмаға тұнып тұрады. Пісігі жеткен жеміс жерге төгіліп, алды шіри де бастаған екен. Айнала алма аңқиды.

Біреулер беткейдің қалың шөбін шауып маялап қойған екен, соның көлеңкесіне барып тыныстаймыз. Пішен иісі жұпар аңқиды. Сай табанында таспадай су ирелеңдеп ағып жатады. Құс біткен құйқылжыта сайрайды.



– І-і-і, – дейді Сағын аға көзі күлімдеп.

Онысы: «қалайсың» дегені.

– Шаршап қалдым.

– Безобразие, – деп қояды ол жазық маңдайлы қасқа басын салмақтай шайқап. – Мен сенің жасыңда болсам ғой...

– Не істер едіңіз?

– О, онда, – әдемі көзін Шыбынсайдың арғы қабағына қадайды. Шыбынсайдың арғы бетінен іздегенін тапқандай, орнынан көтеріле бір қозғалып қояды.

– Баяғыда, сендей кезім... Жоқ, сенен жасырақ кезім, Уфада оқып жүрген шағым... Жә, қашанғы әңгіме, қай-қайдағы еске түседі, керек емес, саған түк те қызығы жоқ, – деп қолын сілтей салды.

– Ойбай, аға, айтыңыз. Айдалада екеуден-екеу үндемей отырайық, әйтпесе. Маған неге қызық болмасын.

Өмірі тұнжырамайтын аялы көздерді сәл-пәл мұң шалғандай болады.

– Сен Уфада болғаның бар ма? – деп маған сол күлімсіреген қалпын өзгертпей бұрылды.

– Екі рет барып едім.

– Е, онда біледі екенсің ғой. Сол Уфаңызға жиырма екінші жылы оқуға бардым. Екі-үш жыл бұрын ғана неше дүркін сұрапыл соққан жер. Колчактың қылышынан қан сорғалап, оны Фрунзе тас-талқан етіп, Орал таудан айдап шыққалы да көп болған жоқ. Ақ Еділдің бойында, Орал таудың бауырында бозбала шағым, өмірімнің ең бір аяулы жылдары өтті. Иә... Оның бәрі көп әңгіме. Өзің білесің, Уфада революцияға дейін Би-ағаң, Бейімбетті айтам, Биағаң оқыған. Тағы біраз қазақтың зиялылары шәкірт болған жер.


Не керек, менімен бір татар-башқұрт қызы оқыды. Аты Энже еді.

– Кенже?

– Кенже емес, Энже. Қазақша «Інжу» дегені. Інжу-маржан ше.

– «Татар-башқұрты» қалай?

– Е, әкесі татар, шешесі башқұрт та. Ондайларды «диптәрләр» дейді. Сен әлі жассың, сұлулықтың қадірін білмейсің ғой. Сұлуды, сұлулықты әлдерің жеткенше жазып та жүрсіңдер. Мен де жазғым келеді. Бірақ Энженің сұлулығын жазуға шамам келмейді. Көркі – көз алдымда, жай сөйлегенінің өзі әсем бір ән салып тұрғандай: әйел біткеннің нәзігі сол шығар. Әлде маған солай көріне ме? Бірақ содан бері талай жыл жасап келемін, ондай әйел затын кездестірген емеспін. Ол әнші еді. Мүмкін,



сол жүрек балқытып, өзегіңді өртердей ән сиқыры шығар, маған одан басқа әйел жұрты тек жұпыны, Энженің жұқанасы ғана сияқты көрінетін. Сұлулық дегеннің өзі адамның көзге көрінбес қос қанаты ғой деп ойлаймын. Егер дүние тек сұлулықтан тұрар болса, адам баласы мүгедектіктен, ғаріптіктен, рухани жадаулықтан құтылған болар еді...

Қарсы алдымыздан тырс-тырс етіп жабайы алма үзіліп түсіп, қалың шөптің арасынан домалай алмай, түскен жерінде тырп етпей жата қалады. Дәу кәрі алма ағашының түбінде отырған бейсеубет екі адамды көріп, ала қанат сауысқан әлдеқашан бебеулеп, айнала төңіректің бәріне хабарлап болған. Енді ол Сағын аға әңгімесін сауысқан тіліне сөзбе-сөз аударып отырған сияқты. Сауысқан қауымында сұлулық, махаббат деген ұғым болар-болмас, кім білген, бірақ сауысқандар әр тұстан үн қатысып, қарқылдап тұрып күлгендей де болады.

– «Кәрі неме, махаббатта несі бар?» – дей ме екен. Сағын аға сауысқандардың дарақы у-шуына біраз құлақ түріп болып, әңгімесін жалғай түседі.

– Біз оқып жүргенде жатақханада:

Уфа диләр, Уфа диләр,
Уфаны күрәсәм килә.
Цинтральный урамында
Подружка жүрәсәм килә, –

деп, башқұрт-татардың қыз-жігіттері өленДетер еді. Жігіттер айтып бола бере, қыздары:

– Ай юғары, ай юғары,
Айға минәсем килә.
Айға минән, жирға қарап,
Сизнә күрәсәм килә, –

деп шырқайды.

Тальян гармошка құйқылжиды. Көп дауыстың ішінен Энже үні ерекше құлпыра естілер еді. Энже алыстағы қазақ даласынан келген жігіт жалғызсырамасын дей ме екен, мені өзіне жақын тартып жүреді. Менен гөрі орысшаға жүйрік, сабаққа бірге дайындаламыз. Энже екеуміз бас түйісіп, бір кітапқа бірге үңілісіп отырғанымызды көріп, татар жігіттері кәдімгідей қызғаныш білдіретін. Әсіресе скамейкада



қатар шүйіркелесіп отырсақ, әлгі Энженің ар жағынан келіп жанаса кетеді.

– Бар инде, – деп Энже жақтырмайды. – Мешайт итме.

– Сен қазақ жігітін ұнатасың ақыры, мен де қазақ, – дейді Ибрагим кенедей жабысып.

– Қайдағы қазақ? – дейді Энже шикіл сары, жирен шаш, көк көз жігітке таңырқай қарап.

– Қазақ, – дейді анау саспастан. – Абай – қазақ па, қазақ. Ал оның шын аты – Ибрагим. Мен – қазақ, әм Абай, – деп әлгі шірене түседі.

Қыз сыңғырлап күледі:

– Ой, Ибрагим, син Абай түгел, – дейді жігіттің әзілін көтеріп.


Әзіл де болса, мен іштей қызғанатынды, іштей булығып, шиыршық атып отыратынды шығардым. Қыз мені шын ұнататынына әлі көзім жетпейді. Оның мені іш тартып, сабақты бірге дайындасқаны тек жанашырлықтан ғана болуы да мүмкін ғой. Адамға жаны ашып, көмектесіп жіберуі әлі шынайы махаббат емес те шығар. Ал мен байғұс қызды құлай сүйгенімді сезбей қалдым. Ендігі жерде маған онсыз өмір – құр қуыс дүние сияқты. Өзімше қиял теңізіне малтитынды шығардым. Өзімше Энже – Ғалия-бану да, мен – Халел боламын. Ал Ибрагим – Исмагил жауыз. Рөлдерді осылай бөліп, ойша Исмагилмен жекпе-жекке шығып жеңіп жүремін. Оқуымды жақсы бітіріп, Энжемен қол ұстасып елге, қазақ сахарасына қайтамын. Мұндай сұлуды көрмеген елдегі туыстар қуанып, құттықтап, ұлан-асыр той жасайды. Тойда Энже «Ғалия-бану» әнін шырқайды. Тойға жиналған жұрт жамырай риза болып:

– Ұзағынан сүйіндірсін!

– Бақытты болыңдар! – деп батасын беріп, тілек тілейді.

Әне, «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген сол екен.

Сөйтіп жүргенде Еділ бойында оба ауруы тарапты деген сөз шыққан. «Жұт – жеті ағайынды» деген рас шығар. Алдымен қатарынан екі жыл бұл жақта астық шықпай қалды. Енді ауру тарады. Тағдыр өзі сақтасын, бізге келе қоймас деп қойғанбыз. Кенет Энже ауырып, емханаға түсті. Тағы бір-екі студент обаға шалдықты. Оқуымыз уақытша тыйылып қалды. Сол екі арада елден хат келсін. «Әкең хал үстінде, тез жет!» – депті. Қоштасайын деп Энжені іздеп емханаға барсам, маңайына жолатпайды, не хат та қабылдамайды. «Е, ештеңе етпес, елге барып, қайта оралғанымша, Энже аман-сау айығып кетер, жолығармыз», – деп өзімді өзім алдандырып кете бардым.



Ол кезде көлік қазіргідей ме, жарты ай шамасы жол жүріп жетсем, әкейді жерлеп те қойыпты. Жылау-сықтау. Қашанғы жылай бересің. Тірі адамның тіршілігі бар. Енді Уфаға қайтайын десем, қарт шешей, шиеттей бала-шаға. Үп етіп ұшып кеткелі отыр. Елдегі ағайын, ақсақал-қарасақал жиналып:

– Шырағым, енді әке орнына сен әке боласың. Мына иесіз үйді кімге тастайсың. Қой, оқу дегенді айтпа. Жүр ғой сендей елдің баласы, әліпті таяқ деп білмей-ақ күн көріп жүр. Құдайға шүкір, олардың қасында сен ағып тұрған молда емеспісің...

Ол кезде мендей оқуы бар адам некен-саяқ. Лезде жұмыс та табылды. Ауылда мұғалім болып қала бердім. Ол бір мұғалімнің қадірлі кезі еді. Ауыл болып мені алақанына салып, басына көтереді. Шешемнің бақытында шек жоқ: баласы ең құрметті адам болғанына қуанғаннан шалының қасында жоқ екенін де ұмытып кетті. Інілерім, қарындастарым үсті-басы бүтінделіп, аузы аққа жарыды. Қарасам, төрт құбылам түгел сияқты.

Бірақ мен жан-жағым жалаңаш, ызғырық желдің өтінде тұрған сияқтымын. Өзім мұнда, есіл-дертім алыста, Орал тауда. Мен жоқта Энже ауруынан жазылып, оқуына қайта оралған сияқты. Енді оның жанында шикіл сары Ибрагим отырған сияқты. Адам сағыныштан сандалғанда не болса соған жалбарынғыш: Энжеге күннен де, айдан да, жұлдыздан да, жерден де, құстан да сәлем айтамын. Ал өзім жете алмаймын, кете алмаймын. Ауруханаға хат жазып едім, жауап болмады. Сірә, хат арқылы да жұқпалы ауру тарап кететін болуы керек. Ибрагимге хат жіберіп едім, о да үндемеді. Оқудың бастығынан да жұбаныш хабар болмады.

Менің сүйретіліп сүлдем ғана жүргенін байқаған ағайын әлденені сезіп, ақсақал-қарасақалды ақылдасып, мені үйлендірмек болды. Ары-бері шатқаяқтап көріп едім, айналайын ағайын, тізеге салып басып жіберді. Содан сол жеңгеңмен, өзің білесің, елу жылдай бірге өмір кештік. Оның дүниеден қайтқанына да он шақты жыл болып қалды. Энже алғашқы бір-екі жыл есімнен кетпей елеңдетіп, күндіз ойдан, түнде түстен шықпай жүрді де, ақыры ұмытыла берді. Тек оқта-текте жүректі бір шаншулатып, бір күрсіндіріп кететіні болмаса, бұрынғыдай жан қинағанды қойып, әдемі бір көрген түстей елеске айналған...



* * *

Күн сәскеден өтіп, түске таяп, қызуы асқына бастаған екен. Дермене, жалбыз аңқыған шөмеледен шекшектің, шегірткенің әні жиілей берді. Жабайы алмаға үймелеген аралар ызыңдайды. Қызыл-жасыл көбелектер көлбеңдейді. Осындайда Ғабдол Слановтың:

Қызыл-жасыл, теңбіл көк,
Дүние деген көбелек.
Соны қуып келемін
Маңдайдан терім себелеп, –

деген өлеңі еске түседі.

– Содан осы бір жыл бұрын ба екен, «Қазақ әдебиетінде» әңгімем шықты. Ол елден жырақта туып-өскен бір дәрігер қазақ қызының есейгенде атажұртын іздеп келгені туралы болатын. Оқыдың ба, жоқ па, білмеймін...

– Оқыдым, оқыдым, – деп асыға бас изедім. Әңгіме арқауы үзіліп қалмаса екен деймін.

– І-і-і, – деп Сағын аға менің ықыласыма риза болғандай маған бір қарап алды да, маңайды шолып:

– Безобразие, түс болып қалыпты ғой. Қой, қайтайық. Әңгімені қысқартып тоқетерін айтқанда былай: Әлгі «Қазақ әдебиетінде» әңгімем жарияланғаннан кейін, шамада, бір айдан соң бір хат алайын.

Конвертіне қарасам: «Қазан» дейді. «От Ихсановой Э.» дегені тағы бар. Хат редакцияның адресіне келіпті де, ондағы жігіттер маған табыстады. Түк түсінсем бұйырмасын. Қазанда қандай танысым бар? Не де болса, деп конвертті ашайын...

Саған өтірік, маған шын, сексенге келген адамның елжіреп, ағыл-тегіл сезім билеп, сол сезімнің селіне шыдай алмай еңкілдеп жылағаны қиын екен. Баяғы Энже! Фамилиясы Ихсанова екені есімде жоқ. Сөйтсе, бұл «Қазақ әдебиетін» Қазандағы туғандар да жаздырып алады екен. Менің әңгімем басылған нөмір әлдеқалай Энженің қолына тиген.

«Сіз сол Сағын Рахметовсіз бе, әлде аттас-фамилиялас басқа біреусіз бе, білмеймін. Әйтеуір, үміт дүниесімен жазып отырмын. Құдайдан, сол Сағын Рахметов болғай деп тілеймін. Өйткені сіздің жер бетінде тірі жүргеніңіздің өзі маған үлкен медет болар еді. Арада жүз жыл өтсе де, неге екенін білмеймін, осындай тілек тілегім келеді. Сіз



болсаңыз да, болмасаңыз да, Сағын Рахметов деген есімнің өзі маған сонау-сонау алыста қалған, қаһар соғып, қиындықпен өткен, бірақ аса қымбатты жастық шақты еске түсірді. Мен сияқты жалғызілік қарт кісіге жаннаттай жастық шақты еске алудың өзі кәдімгідей нәсіп. Есіңізде ме, Сағын (егер сол Сағын болсаңыз), сіз бек ұнататын «Ғалия-Бануда»:

«Ақ атласым жетпеді,
Күміс қайшым өтпеді.
Он бес жастан ғашық болған,
Ғалия-Бану сұлуым, еркем,
Құдайым нәсіп етпеді, –

деуші еді ғой, сол айтқандай, тағдыр-жазмыш бізді бір-бірімізге нәсіп етпесе де, сол бір сүйікті балғын шақты еске алудың өзі маған зор байлық. Сонан соң алыста бұлдырап қалған жиырма екінші жылдан бері менің басымнан нелер хал өтті, не көрдім, не білдім – оның бәрі ұзақ-ұзақ хикая. Егер шын Сағын Рахметов сіз болсаңыз, осы хатты алысымен өзіңізден бір хабар берерсіз. (Әрине, «Ғалия-Бануды» ұмытпасаңыз, әрине, керек деп тапсаңыз). Әне, сонда мен сіздің нағыз Сағын Рахметов екеніңізге көзім жетіп, тәңірге көп-көп тәубе айтып, сізді тірі сақтаған тағдырға табынып, тағы бір хат жазармын. Сонда бәрін тізермін. Ал әзірге тек «Сизлар яқтан искән жилләр белән бер хабар киләрсің ми» деп үміт етуші, ұмытпасаңыз, Энже Ихсанова».

– Безобразие. Міне, хаттың сипаты осындай. Ауру адамдай меңзең халге душар болдым. Бозым бозбала шаққа қайта оралғандай, жүрегі түскір тәтті бір сезімнен уылжып қоя берді. Адам қартайса бала болады, деуші еді бұрынғылар. Сол рас, бала болдым ба, деймін өзіме өзім. Бірақ есіл-дертім Энжеде. Қартайғанда қара басты ма, мұнша толқып, топалаң тигендей, аласұрған не деймін. Сөйте тұра енді қазір шамаданды көтеріп, Қазанға жиналғандай боламын. Қой, сандалма, деп тағы өзімді қайраймын.

Содан бір мезгіл қу сезімді тежеп, ақылға салып көріп едім, ақылым айтты: хат жаз деді. Оп-оңай нәрсе, осы ойыма келмей, қаншама уақыт апиын ішкен адамдай дал болдым десеңші. Тіпті айтуға да ұят. Отыра қалып, хат жаздым. Не жазғанымды тізіп қайтейін, ақыр соңында: «Энже, суретіңді салып жібер», – деппін.



Содан күнде таңертең елеңдеп тұратын болдым. Тұра салып пошта жәшікке жүгіремін. Төртінші қабаттан бірінші қабатқа қайта-қайта түсіп-шығу менің жасымдағы адамға едәуір күш болса да, емпеңдеп тыным таппаймын. Бір түсіп, бір шығып, еліріп жүргенімді көрші де байқап:

– Сәке, тыныштық па? – деді.

– Е, әшейін, газет келді ме деп...

– Біздің поштаны қойсаңызшы, газетті өмірі уақытылы әкелмейді ғой, – деп көршім мені әурелеген поштаға айдаладан кіжінеді-ай кеп.

Біреуден өмірі бүйтіп хат күткен емеспін ғой. Сөйтсем, хат күту деген қасірет болады екен. Конверттің ішінде баяғы тірі Энженің өзі құндақталып келетіндей тағатым таусылды. Сол баяғы он жеті-он сегіз жастағы кезіміз болса, жөн басқа, сексендегі селдір шақта не азап. Сексенге келгендер некен-саяқ, олар енді ақырғы сапарға бет түзеп, тіршіліктің анау-мынау күйбеңіне араласа бермейтін, қызық-шыжықтың базарынан әлдеқашан қайтқан адамдар. Сексендегілер өткен өмірдің қатпар-қатпар естеліктерінің сеңі бұзылса, соны қызықтап қана өмір сүреді. Қағазға жазылмаған қалың естелікті бір-бір парақтап жыртып алып отқа жағып, соның қызуына жылынып отыруы керек қой сексендегілер. Біздің жаста адамдар төсегінде жалғыз жатады. Қалың көрпе жылыта алмайтын жаурауық жанды естеліктің демімен жылытады. Ол үшін еске алатын өткен шақтың тәтті-тәтті кезеңдері бола қойса ғой. Алдан не күтеді? Ал мен болсам әлденені алдан күтетін болдым. Әлдене болғанда – әлгі хат. Хат келсе, маған жастық шақты жібек бұйдамен жетектей келетін тәрізді.

Баяғыда біз Уфада оқып жүргенде, башқұрттар театрына баратынбыз. Сонда қай спектакль екені есімде жоқ, әйтеуір, біреуінде қалыңдығын сағынған бір жігіт:

– Жырақлардан язған,
Сәлем хатларыңны
Күте-күте түземлегем биткас, –

деп жырлайтыны есімде қалыпты. Яғни, «алыстан жазған сәлем хатыңды күте-күте төзімім бітті» дегені ғой. Енді, құданың құдіреті, мен сол болдым. Әдейі пошта бөліміне барып, сондағы бір қыздан:

– Қызым, Қазаннан хат қанша күнде келеді? – деп те сұрадым. Оның айтуынша, көп кешікпейтін сияқты. Салбырап, еңсем түсіп үйге



қайтып келсем, жәшікте газет жатыр екен: ала салып сілкілеп едім, көк конверт сусып барып еденге түсті. Жарылып қалатын жаны бар заттай лезде қақшып алдым. Суреті бар ма екен деп саусағыммен сипалаймын. Жұқалау көрінді. Әдетте суреті бар хаттың конвертінде: «Осторожно – фото!» деген ескертуі болар еді, мынада ондай жазу жоқ...

Сексенге келген адамда сабыр-шыдам мол болса керек еді, енді қайда асығады? Жоқ, мен мұны ұмытып, конвертті ашып жіберіп, баспалдақ бойлап оқып келе жатыппын. Қарсы алдымнан шелек көтеріп төмен түсіп келе жатқан көршімді де көрмеппін. Соқтығысып қала жаздадық.

– Сәке, немене, қалыңдығыңыздан хат алдыңыз ба? – деп қалжыңдайды әлгі.

Сасқанымнан:

– Иә, иә, жо-жоқ, бір жолдастан, – деппін.

Осы жұрттың сұңғыласы бар ма, қайдағы-жайдағы сырынды біліп қоятын сияқты. Мынау білмеген де шығар, бірақ қалжыңының өзі шын шыққаны таңғаларлық.

Майда әріппен маржандай тізіліп жазылған қол сол баяғы Энже қолы. Адамның жасына қарай өңі, бәлкім мінез-құлқы өзгерсе де, жазуы өзгермейді екен. Дүниеде қанша адам бар, бірақ саусақ ізі өмірі бір-біріне ұқсамайтын көрінеді. Сол сияқты жазулары да бір-біріне ұқсамайтын болуы керек. Қалай десе де, мен Энже қолтаңбасын өзге мыңдаған қолдың ішінен таныр едім.

Арада алпыс жылға жуық уақыт өтсе де, мен мына маржан жазудан оның жұп-жұмсақ мақпал үнін естігендей болдым. Жазу сөйлеп тұрған сияқты. Шын сезімнен шыққан жазудың бәрі сөйлейді. Энже хаты тек құрғақ хабар-ошар ғана емес, көкірегі қарс айырылған күрсініс, қысқы күннің батар шағында қызғылтым сәуле шалған ұлпа бұлттардың мұнары сияқты бір нәзік сезім бар бұл хатта. Орман-тоғай, айна көл, жазық даланы қимай қайтқан қыр қаздарының арман аралас қиқуы бар. «Сіз тірі екенсіз ғой, Сағын. Тағдырға мың рақмет. Айналып келгенде өміріміз ұқсас өтіпті. Мен ерімнен, сіз жұбайыңыздан айрылыпсыз. Адамдар осылай адасып жүреді. Әйтпесе мен сізге, сіз маған жар емес пе едік. Ертеде қосыла қалсақ, бақытты болар ма едік, әлде бір-бірімізді жек көріп кетер ме едік білмеймін. Бірақ өмірдің басында кездесіп, әлдеқалай айрылысып, соңында хат арқылы табысқанымызға да шүкір. Өлгенің тіріліп, өшкенің жанғандай бір заман. Біз бірақ екі жарты – бір бүтін бола алмаспыз. Тым кешіктік. Күн төбеден төмен құлап, ұясына батуға шақ қалды. Ол баста-ақ:



Жолымыз айырылған,
Қанатымыз қайырылған.
Біз бірге болармға жоқ шара.

Бізде осындай бір ән де бар. Бізге арналып шығарылған сияқты. Бағбандар әртүрлі сортты жас алма шыбықтарын бір-біріне қиыстырып байлап, будандастыра береді. Екі шыбық бір дене болып бірігіп кетеді. Ал, қу ағаштар біріге ме? Тамырлары жалғасып, тәндері біртұтас бірікпесе, желімдеп жапсырғанмен бола ма? Бізден жасыл жапырақ төгілгелі қашан. Мен сіздің бір сөзіңізге қайран қалдым, Сағын. Сізде әлі бала мінез бар болар. Бозбалалық сезімі сақталған сіз, сірә, бақытты боларсыз. Әйтпесе менен сурет сұрар ма едіңіз. «Энже, суретіңді салып жібер» дегеніңіз қалай?


Жоқ, Сағын бағырем, мен сізге суретімді сала алмаспын. Мен сіздің көз алдыңызда, көкірек көзіңізде, сол баяғы жиырма екінші жылғы қалпымда қалғым келеді. Сіз мені шын жақсы көрсеңіз, сол балғын бойжеткен қыз кезімді жақсы көріңіз. Сол бейнені басқа ештеңемен былғамай, таза сақтаңыз. Он сегіздегі қыз бенен жетпіс сегіздегі қаусаған кемпірдің суретін салыстырып не береке табасыз, не мұратқа жетесіз? Обал емес пе? «Қазанға барғым келеді» депсіз. Маған бола әуре болмаңыз. Біздің жаста ұзақ жол жүру өте қауіпті. Біз енді, алда қанша жарық күн бар, бұйырған уақыт ішінде тек хатпен табысып тұрайық. Маған сол да қанағат. Соған да тәубе. Жер бетінде тірі жүргеніміздің өзі менің жаураған кәрі жүрегімді жылытқандай болды. Соған да шүкір, Мен үшін сол да жеткілікті».

Жалпы хат сарыны осындай...

Сағын аға: «Осының, бәрін несіне айтып отырмын?» дегендей маған біртүрлі кінәлі адамдай күле қарап тыйылып қалды. «Осының бәрін айтқызған сен қу ғой» дегендей ме, қалай. Әр адамның сыртқа шаша бермейтін сыры болады. Тіпті еш жан білмей, өзімен бірге дүниеден өтетін сыр да болады. «Алжыған шал» деп ойлады-ау деп, менен қымсынған сыңайы бар. Менде ондай жымысқы ой жоқ екенін оған қалай сездіріп, қалай сендірем?

– Мынау бір сәулелі мұң екен, – дедім басқа лайық сөз таппай.

«Қазанға барсам» деуіңіз бекер дегім келді де, айтпадым. Шынында да, кемсиген кемпірді бір көру үшін тау асып, тас басып не керек... Артынша өз ойымнан өзім ұялдым. Ол менің ойым, менің көзқарасым.



Ал Сағын ағаның ойымен, соның көзімен қарағанда, қандай боларын мен қайдан білейін.

– Кеше хат жазып жібердім, – деді Сағын аға менің күдігімді сезіп қалғандай. – Сурет салғаннан неге шошыдың, Энже? – дедім. – Уақыт, көп болса, сенің бетіңді әжімдеген шығар, ал жүрекке әжім түспейді, – дедім.

Міне, мәселе қайда жатыр. Сағын ағаның соңғы сөзі мені ұрып жыққандай болды. Әне, Сағын аға көзімен қарағанда көрінетін сұлу дүние.

– Безобразие, уақыт болып қалыпты ғой, қайтайық, – деп Сағын аға сүйретіліңкіреп барып орнынан тұрды. Таудан төмен қарай еңкеңдеп келеміз. Ылди жолы жылдам. Жол ылдиға жетектеп барады.

АЛАПАР МЕН ДИНГО

Төбеттерде бажа көп деуші еді. Алапар басқалармен бажа болғысы келмеді. Оның ерлігі де, қорлығы да содан басталды.

* * *

Бір-ақ айлық күшік басымен арыстанның өлекшініне ұқсас, аяқтары балғадай, тырнақтары орақтай, қодас сынды жүндес, желкесінде жалы бар ерекше тұқым екен.

Оны соноу Бурылтаудан алып келген Мұсатай мақтауын жеткізіп-ақ жатыр:

– Бұл австралиялық жабайы иттердің тұқымы. «Дикая собака Динго» дегенді естігендерің бар ма? Соның зәузаты.

Отағасы Қаһарман «Дикая собака Динго» тұрмақ, Австралия әлемнің қай тұсында екенін де ұмытыңқырап қалған. Қайдан білсін.

– Кім біледі, – дей салды. Мұсатай інісіне: – Бір тәуір иттің күшігі болса, қарастыра жүрші, – деп о басында тілек айтқан өзі еді. Енді шүбәлі.



Өзгеше пошымдағы күшікті көріп, немерелері Жако мен Илико қуанып, алыстан келген «қонақтың» ар жағынан бір, бер жағынан бір шығып, шыр айналса да, Отағасы бұл сыйлықты құлықсыз қабылдады.

Жако мен Илико жас күшікке сүт беріп, түннен қалған еттің сорпасуын, сүйек-саяғын беріп, шешелері ұл тапқандай қуанып жүр.

– Төбет пе, қаншық па? – деді Отағасы.

– Төбет өзіңізде де бар ғой, бұл қаншық, – деді Мұсатай маңдай шашы селдірей бастаған басын сипап қойып. Отағасының бұл базарлыққа аса қуана қоймағанына іштей ренжіп қалған тәрізді.

– Қақа, ит – жеті қазынаның бірі деген емес пе. Бұдан әлі пайда көресіз.

– Қандай пайда? – деді Отағасы кекесіндеу жымиып.

– О, мұның пайдасы көп. Кейін күшіктегенде көресіз. Әр күшігі бір құнан қойдың бағасынан артық болмаса, кем болмайды.

– Е-е, – деді Отағасы, – енді мына Пайғамбар жасына келгенде базарға барып, сарттарға ұқсап, күшік сатып отырғаным қалып еді.

– Несі бар, нарық заманы, Қақа. Абай айтқан: «Есек көтін жусаң да мал тауып кел» деп. Атын не қоясыз?

– Майлыаяқ па, Малсақ па – бірдеңе болар...

– Жоқ, Қақа, бұл – асыл тұқым. Аты затына сай ерекше болу керек. Майлыаяқ, Малсақ, Бөрібасарлар толып жатыр. Мұның атын Динго қояйық.

– О не дегені?

– Ол, қалай десе болады, жабайыдан жаратылған дегені ғой.

– Қасқыр десеші. Бір мәстек қасқыр өзімізде де бар. Байлап, әрең ұстап отырмыз. Көршілердің тауығын қырып салады. Мына көрші Қылжақбастың қозысына ауыз салып, шатақ бола жаздаған жоқ па! «Итіңді тый, әйтпесе өлтіреміз» деген ағайындармен араздасып болдық. Алапар десе Алапар, атаңа нәлет.


Мал қораның түбінде жатқан Алапар өз атын естіп, шынжырын салдырлата түрегеліп, шұнақ құлағын тікшитті. Бөтен күшікті айналып-толғанып жатқан балаларды, Отағасын, оның қасындағы Мұсатайды көріп, шолақ құйрығын шошаңдатты.

Өзіне ешкім назар салмай, бәрінің ықыласы дүрдиген дудар күшікке ауғанын қызғанғандай, қыңсылап-қыңсылап жіберді.

– Жүр, Алапарға таныстырайық, – деді Илико.

– Талап тастамай ма, – деп күдіктенді Жако.

Алапар талаған жоқ. Дудар күшікті басынан құйрығына дейін



иіскелеп еді, Динго әуелі қорқыңқыраса да, Алапардың жаулық мінез танытпағанын байқап, қылық шығарып, оған еркелей бастады.

Алапар – иттердің ергежейлісі еді.

Оның үстіне құйрығы шолақ тұтамға толмайды. Құлағы шұнақ. Сөйте тұра ызақор, намысшыл. Тапал денесі тығыншықтай, тып-тығыз. Құдай бой берсе, көк бөрінің дәл өзі болар еді.

Сірә шешесі мәстек, әкесі есектей төбет болса керек.

Тышқан бір мая шөпті көтере алады деуші еді. Иттің ұрғашысы мәстек жаратылса да, есектей төбеттің өзімен көңілдес бола беретін көрінеді.

Ал, иттің еркегі мәстек болып, ұрғашысы есектей болғаны ебедейсіз. Бұл – сор.

Адамдар болса амалын табар еді... Мұндайда итті құдай икемсіз жаратқан.

Көз алдында Динго сұлу өсіп келеді. Бір-ақ айлық болса да қазірдің өзінде Алапардан еңселі. Ал, енді кемеліне келіп, бойжеткенде не болмақ...

Қаншықтардан жолы болмаған Алапар Динго сұлуды асты-үстіне түсіп, аймалап-ақ бақты. Үстіне шыбын қондырмай қориды. Тіпті Жако мен Иликодан да қызғанатынды шығарды. Қалыңдығы екеніне күмәнсіз.

Бірақ ит те болса озбырлығы жоқ. Қалыңдығының балиғатқа толмағанын біледі. Әзірше ол баласындай бағып-ақ жатыр. Тіпті сүйек-саяқ, сорпа-суға да таласпай, алдымен Дингоның тойғанын тосады.

* * *

Енді келе-келе Алапардың өзі Дингоның баласындай болып қалды. Алыстағы Австралиядан тараған тұқымдардың не кереметі бар екенін кім білсін, Динго ертегілердегі дәулердей күн санап өсе берді. Шоқтық жалы күдірейіп, екі саны жүндес қодастай желкілдеп, түгі қалыңдап кетті.

– Мына бәле қырғыздардың қодас сиырындай болатын болды ғой, – деп Отағасы таңдай қағып, басын шайқап-шайқап қоятын болды.

– Е, бұйырса сүтті болады, – деп иықтайды көрші құрдасы Қылжақбас Керімсейіт, – Жүнін де қырқып аласың. Ақыры аяғым

ауырып, тізем сырқырайды деуші едің. Мұның жүнінен тоқыған шұлық таптырмайтын ем дейді ғой.

– Сөзің құрысын, – деп жақтырмайды Отағасы.

– Базарға апарып сатса, күшіктері де қымбат көрінеді, – деп шымшылай түсті титтейінен бірге өскен құрдасы. – Осы бастан айтып қояйын: бұл қаншығың әне-міне дегенше бойжеткелі тұр. Құда түсіп, сырға таққаным болсын, менің төбетіме ұзатасың.

– Құрып кет, төбет өзімізде де бар, – деп қойды Отағасы қабағы ашылмай.

Құрдасы Қылжақпас Керімсейіт санын шабаттап, шалқалай күліп, гүлқайыр көмкерген сәкіден құлап қала жаздады.

– Ей, Сайқымазақ, немене сонша қатының ұл тапқандай... – деп түйіліп қалды Отағасы.

– Жоға, мына керім қаншық сенің ергежейлі төбетіңді менсінбейді ғой. Бұған менің Таймас арланым лайық.

– Алапар да ақысын жібермейді. Қаһарланып қадалса Таймасының талқанын шығарады. – Отағасы намысын жібермеді. Біреу: «мысығың жаман» десе де қаны басына шапшитын қазақпыз ғой.

Қараптан-қарап отырып, айдың-күннің аманында көрші құрдастар кіржіңдесті де қалды.

– Осыдан көр де тұр, – деп шаптан түрткіледі Қылжақбас Керімсейіт көрші, – бұл қаншығың Таймастың қатыны болады. Ал, Алапарың Таймастың қанжардай азуында кетеді.

Осыны айтып, шілденің күнінде де бұтына мақталы шалбар, басына тозған құлақшын киіп жүретін Қылжақбас Керімсейіт көлеңкелі сәкіден түсіп, үйіне қарай талтаң-талтаң басып, ыржия күліп кете барды.

– Сөзің құрысын, – деп Отағасы қабағын түйіп, көршісі өз қақпасына кіріп кеткенше соңынан қарап тұрды.

«Шынында да осы дуайпаттың айтқаны келіп жүрмесін» деп кәдімгідей ойланып қалды.

* * *

Сөйтіп ұрғашыға зар болған, өзінен әлділерден қағажу көрген, ұрғашыға бола бір көзінен айырылып қор болған Алапарға бұл жалғаншы дүние бір қалыңдықты күшігінен дайындаған сияқты еді.



Динго кішкентайынан сол Алапардың бауырында өсті. Әрине, Алапарды байым болады деп сезген жоқ. Алапар оны қатыным болады деп білген жоқ. Динго әлі нәресте еді. Ит затында да иман бар шығар, Алапар оны ұяласындай сезінді.

Бірақ ит ғұмыры қысқа. Сондықтан болар, тез жетіледі, тез піседі. Келте ғұмыр, иттерге: «Оралыңның барында ойна да күл» деп сыбырлайтын шығар. Содан да болар, жаңа малқораның бұғатындағы мұз сүңгіден тұмсығына бір тамшы тырс ете қалғанда, Динго өзінің бүлдіршін дәуірге еніп, бойжетейін деп қалғанын түйсінді.

Бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын жібін үзбейді. Динго өзін аяғымен түртіп, тұмсығымен сүйкенгенде, жалғыз көзді Алапар неге екенін өзі де түсіне алмай, тұла бойы бұланайлап, ерекше бір қуаттан ширыға түрегелді. Біліп істесе де, білмей істесе де, бірден Дингоның туа сала шорт кесіп тастаған шолақ құйрығын ары-бері иіскелеп, жаланып қоя берді.

Келтек құйрығы тыным таппай шыжбыңдап, Дингоны шыр айналып, асты-үстіне түсіп, мәжнүн болды да қалды.

Динго қылымсып, онымен қақтығысып, қақпақтай омырауымен оны қағып кетіп, ойқастап ойнағысы келді. Сөйте-сөйте, бірін-бірі қақпайлап, огородтың аяқ жағындағы сәмбі талдың жықпылына кіріп кетті.

Тығыншықтай доп-домалақ Алапар резеңке допша домалайды. Аяқтары арбиған ақалтекедей Динго арсаландап, Алапарды керіскедей кеудесімен қағып кеткенде, байғұс мәстек құлап қалып, құлдыраңдап қайта тұрады.

Алапар Дингоның үстіне қарғымаққа әлденеше рет талпынып көрді. Жалғыз көзі оттай жанып, езуінен сілекейі шұбатылып асылады, сырғанап кете береді, кете береді... Енді жеттім дегенде тағы сырғанап түседі. Динго болса, оның бұл өнімсіз әуресіне күлгендей болып, азу тістері көрініп, итше ыржияды. Кекеткені екені, яки өкінгені екені белгісіз. Менен кінә жоқ дегендей көздері кілмиеді.

Тең теңімен, тезек қабымен деуші еді. Бақа мен бақа пар, құмырсқа мен құмырсқа. Бұлдырық пен бұлдырық пар.

Адамдар әп-әдемі, тап-таза дүниені былғағаны үшін Алла тағала оны топан суымен тазалап тастамақ болып; адамзат, жан-жануар, өсімдік зат, мақұлықат тұқымы үзіліп кетпесін деп, ең тазасын, адалын таңдап-таңдап, кемеге мінгізіп, аман алып қалуды Нұх пайғамбарға табыстаған ғой.



Нұх пайғамбар Алланың бұл жарлығын абыроймен ақтап шығып, топан су қайтқанда Нұхтың кемесі Қазығұрт тауының басына қайырлады.

Әуелде әп-әдемі болып тазарған дүние бара-бара қайтадан кірлене бастады. Зіл сияқты алыптар мүлде жойылып, піл сияқты ірі-лер азайды. Адамдар, аңдар ұсақталды. Соның бір көрінісі – Алапар.

Алапардан ес кетті. Аңсар азабына түскені сонша, Жако мен Иликоның итаяққа құйып кеткен сүйек-саяқ, жуындысына да қарамай, есі-дерті Динго болып, соның жолында құрбандыққа шалынып кетердей, шыр көбелек айналды.

Итаяқтағы жуындыны Динго жалғыз өзі шалпылдатып іше бастағанда да, Алапар оның мазасын алды. Дингоға тағы бір асылуға ұмтылып, әрекет жасамақшы болғанда, итаяқ төңкеріліп кетіп, жуынды төгіліп қалды.

Енді Динго кербезденіп, сылаңдап көше жаққа шыққан. Артынан тымпыңдап, тілі салақтап, Алапар қалмаған.

Көршінің көк қақпасының алдында дөңдей болып дүрдиіп, Таймас шоқиып отыр екен. Қағынғыр, иісшіл залым екен. Бірдеңені сезе қойды. Көшенің арғы бетінен Солдатбайдың дүбәра тазысы да созалаңдай тұрып, тұмсығын көтеріп, жел жақты құмыға, құмарлана иіскеп-иіскеп, дүр сілкінді.

Сол-сол екен, орыстар айтатын «собачья свадьба» басталды да кетті. Таймас пен Желаяққа тағы екі-үш төбет қосылды.

Әйда! Көшенің қақ ортасында иттер тойы қызсын да кетсін.


Алдыда – Динго, сонан соң Таймас, желаяқ, қалғандары соңында. Бәрі үміткер.

Алапар тыпыр-тыпыр барын салып Таймаспен қапталдаса береді. Бойынан тілі ұзын, салақтап кетіпті. Таймас оған: «Саған не жоқ?» дегендей екі-үш рет зілдене қарап, сес көрсетіп еді, одан Алапар ықпады.

Қалыңдық біреу, күйеу көп. Көшені шиырлай, шиырлай, иттер тойы кешке жақын балалар доп ойнайтын таз-тақыр алаңқайға барып дамылдады.

Бәрі де жау жайратқандай, сұлай түсіп, бүйірлері солықтап қалған. Жайшылықта ошақ басын аңдитын төбеттер өз итаяқтарын да ұмытқан.

Алапар мына бақталастардың жайрап жатқанын, әрі Дингоның жер бауырлап аласарғанын пайдаланып қалғысы келді ме, байғұс қаншыққа тұра ұмтылып, бөксесіне артыла кетті.



Бұл сәт оның арманы еді. Динго жақтырмай, «бұл қайсысы?» дегендей мойнын бұрып, Алапар екенін көріп, оны аяп кеткендей елжірей қарап, долданбай-ақ, туламай-ақ, бәлденбей-ақ, көзін жұмып жата берді.

Сол-ақ екен, әлдебір қыбыр-жыбырды сезген Таймас екі көзі қанталап, орнынан атып тұрып, Алапарды көк желкеден жұлқып-жұлқып, тулақ құрлы көрмей, лақтырып жіберді. Соншалықты дүлей күштен, қанжардай өткір тістен тайсалған, жүрегі шайлыққан Алапар ма?! Ай, сабазым-ай, лақтырған тарғыл тастай зымырап, Таймастың алқымынан ала түскенде, тайыншадай арланның өзі омақаса құлап, жер қауып қалды. Бұл Таймас Алапардың ата жауындай ғой. Сол сәтте оның есіне өзінің оң көзін ағызып жібергені түсті ме екен... Дингоға өлердей құмартып, «өзімдікі» деп иемденіп жүргенде, Таймастың көлденеңнен қосылған зорлығы өтіп кетті ме екен, әйтеуір Алапар бұл соғысқа соңғы әл-дәрменін сарқа салды.

Кім біледі, Алапардың жағы қарысқан қалпы, азу тістері Таймастың алқымынан ажырамаған қалпы қала бергенде, Алапар Таймастан өлердей өшін алар да ма еді... Таймас қырылдай бастаған.

Бірақ иттің аты – ит. Әділет пен әділетсіздікті ажырата бермейді. Алапарға әуелі дүбәра тазы Желаяқ жармасты. Тауықтың жұмыртқасын ұрлап жегіш сүмелек Ақтөс жармасты. Әрідегі ұры қақпадан шыққан сабалақ жүндес Бөрібасар тиісті бір жақтан.

Біреуі бір аяғына, біреуі екінші аяғына, үшіншісі желкесіне жабысып, ырылдасып, қырылдасып, Алапарды көкпарша тартқылағанда, жердің шаңы көкке көтерілді.

Ақыры Таймас та Алапардың азуынан алқымын ажыратып алды. Ол енді сол Алапардың әлгі әдісін өзіне қолданып, астаудай аузын аласа иттің тамағына аямай салды.

Төртеуі жабылып, төрт жаққа тартқылағанда, Алапарда амал бітіп, соқыр көзінен сорасы ағып, тынысы тарылып, екі езуінен бұрқырап қанды көбік атқылай бастады.

«Итжанды» деген рас шығар, Алапар әлі де тыпырлап, әлі де бұлқынып, әлі де өлгісі келмей, жанталасты.

Бір сәтке, сол сұрапыл сойқан соғыста, бір сәтке оқшау тұрған Дингоға жалғыз көзі түсіп кетіп, қырылдай қыңсылап-қыңсылап жіберді. Көз қарасында, қырылдаған қыңсылында: «Осының бәрі сен үшін ғой» деген нала бар еді.

Сонда барып Динго есіне әлдене түскендей дір ете қалды да, қодас жүндері дүрліге тікшиіп, азуларын ақситып, ақыра атырылып, әуелі



Таймасты, содан кейін Желаяқты, содан соң Бөрібасар мен Ақтөсті жан-жаққа лақтырып-лақтырып жібергенде, мықтымсыған күйеулер әр жерде шашылып, шаңға бір-бір аунап түрегеліп, аң-таң болып, аңтарылды да қалды.

Динго керіліп жатқан Алапардың аузындағы қызғылтым көбікті, соқыр көзден аққан қанды жасты жалап, «тұр-тұр» дегендей тұмсығымен түртіледі.

Алапар жалғыз көзін әрең ашып, Дингоны көрді. Биіктен-биіктен көгілдір аспанды көрді. Жалғыз көзі Дингоға әлде өкініш, әлде риза пейілмен жәудірей қарады да, қайтадан жұмылып кетті.

Тұрқы тұтамдай ғана денесі кенет ұзарып кеткендей керіліп барып, дір-дір етті де, тым-тырыс тына қалды.

* * *

– Әй, құрдас, қашанғы теріс қарай бересің. Кешір енді, мен әшейін қалжыңдап едім ғой. Қу тілім болмаса, зілім жоқ қой, өзің білесің, – деді Керімсейіт кінәлі кейіппен. Отағасының арқасынан сипалап, жүзін төмен салды.

Жаздың шіліңгір шілдесінде Динго бес күшік туды. Отағасы бастары қауқиған төртеуін сұраған жанға беріп жіберді де ішіндегі ең шынжау, шүйкедей ғана кішкентайын өзі алып қалып, атын Алапар қойды.

ШЫРШАНЫҢ ЖЫРЫ

(Мультфильм үшін)

Мен өліп тірілген шыршамын. Кішкентаймын.

Тауда туыппын. Қалай туғанымды, қалай жаратылғанымды мен білмеймін. Мүмкін, мені бір игі жан шыбықтан шаншыған шығар. Мүмкін, Алып Атаның жаңғағынан жаратылған шығармын.

Алып Ата дегенім – дәу шырша. Оның үлкендігі сонша, бұтақтары мен қылқандарынан аспан көрінбейді. Мен соның іргесінде өстім ғой.



Алып Атаның түр-түсі көгілдір, тіпті ұшар басы бурыл тартып кетеді. Көп жасағанынан болар.

Оның айналасында өскен жалғыз мен емес. Мен сияқты балапан шыршақайлар көп болатын. Есімде қалғаны: біз өскен алаңқайлардың астында өзен гүрілдеп жатады. Оның өзен екенін мен қайдан білейін. Алып Атадан сұрадым:

– Алып Ата, анау бір тынбай сарқырап жатқан не? – деп.

Өйткені Алып Ата бәрін көріп тұрады ғой. Өйткені ол Аспанның өзін тіреп тұрады ғой.

Алып Ата:

– Ол – өзен деген болады, Шыршақай, – деді.

– Алып Ата, өзен деген не? Ол бізді жұтып жіберетін сияқты. Қорқамын. Гүрілдейді.

– Қорықпа, Шыршақай. Өзен деген су болады. Аспаннан жаңбыр жауғанда сенің инедей қылқандарыңа моншақтай жылтыраған тамшылар ілініп қалады. Әне, анау төменде жатқан қаланы көрдің бе? Рас, түтіннен анық көрінбейді. Сол қалада адамдар тұрады. Олар су болмаса өліп қалады. Мына өзен соларды асырайды.

– А-а, – дедім ойланып.

Жаңбыр жауғанда қылқандарыма ілініп қалатын інжу-маржан тамшылар есіме түсті. Менен басқа шыршақайлардың үстіне де інжу-маржан ілініп қалады.

Күн шыңдардан асып шыға келгенде, сол тамшылар жақұттай жарқырайды.

Шіркін, сонда Тәңіртау тұтас ән салады. Ол ән інжу-маржан тамшылардың қоңыраулатқан жыры сияқты. Жаңбыр тез басылады. Күн тез ашылады. Әлгінде жаңбыр нөсерлетіп, төгіп-төгіп өткенде тына қалған кішкентай әнші құстар қайтадан құйқылжытып, мың құбылтып Тәңіртау ішін әуенге бөлейді.

Қызыл сары, жасыл көк көбелектер бірін-бірі қуалап асыр салады. Бал араларының бағы жанады. Еңлік гүліне қонып алып, шырынын сорып, құнжыңдағанын көрсең...

Ал, еңлік гүлінің шырынынан шыққан бал өлгенді тірілтеді, ауруды жазады, кәріні жасартады, – дейді Алып Ата. Алып Ата айтса, рас болғаны. Өйткені бұл Тәңіртауда одан көп жасаған шырша жоқ.

Тауда не жиі, жаңбыр жиі. Күн жадырап тұрып, кенет қара бұлт үйіріле қалады. Лезде найзағай жарқ-жұрқ етіп, күн күркірегенде Тәңіртаудың өзі дір-дір етіп, теңселіп кеткендей болады. Біз,



кішкентай шыршақайлар тау құлап, бізді басып қалады екен деп қорқамыз.

Алып Ата:

– Қорықпаңдар, шыршақайлар. Кәзір бәрі басылады, – деп қояды.

Нөсер кезінде лағын ерткен Елік бике елең-елең етіп, Алып Атаның түбіне келіп тығылады. Өйткені Алып Атаның түбі жып-жылы ғой. Киіздей қалың қылқандарынан тамшы өтпейді. Айналасы текемет төсеп тастағандай жұп-жұмсақ. Жүз жыл бойы түлеген қылқандардан жаралған мұндай төсек патшаларда да жоқ қой!

Аққу мамықты төсекте жатқан патшалардан мына балалы Елік бике мың есе бақыттырақ. Жаңбыр толастағанда Елік бикенің лағы маған жақындап келіп, қылқандарымды иіскелейді. Қылқандарымның инедей ұшы тұмсығын қытықтайтын болуы керек, кегжең етіп басын тартып алып, мөп-мөлдір жәудір көздерін маған төңкеріп:

– Неге қытықтайсың, мен сенімен ойнағым келеді, – дейді. Сөйтіп, алдыңғы аяқтарын аспанға көтеріп, би билей бастайды. Маған:

– Кел, бірге билейік, – деп қиыла сыбырлайды. Мен билегім-ақ келеді, бірақ орнымнан қозғала алмаймын.

Сонда Алып Ата аспандап тұрып:


– Әй, балақай, әурелеме Шыршақайды. Шыршалар билеуге жаралмаған. Шыршалар жүре алмайды. Құдай солай жаратқан. Біз бір орында туамыз, сол жерде өле-өлгенше тұрамыз. Шыршалар қаңғыбас емес, – дейді. – Шыршалар жүре алса, бәрі жан-жаққа қаңғып кетіп, мына тау жалаңаш қалар еді.

Сонда лақтың енесі:

– Оның рас, Алып Ата. Шыршалар өз мекенінен ешқайда кетпейді. Өйткені сендердің жауларың жоқ. Ешкім тимейді. Дүниеде қорғансыз жаратылған мына біз, еліктерміз ғой, – дейді: – Айнала бәрі жау: қасқыр да, барыс та, әне анау қалықтап жүрген бүркіт те. Бәрінен де адам жаман. Жаныңа жақындамай-ақ өлтіре салады. Алыста тұрып-ақ түтін түкірсе болды – өлеміз де қаламыз. Сондықтан бізге аяқ керек. Бізді аяғымыз асырайды.

Енесі лағын жанына шақырып алады. Мен қимаймын. Еліктің лағы жанымда тұра берсе екен. Әңгіме айтса екен деймін. Өйткені ол көп біледі ғой. Бұл тауда ол көрмеген жер жоқ. Бәрін біледі. Ілесіп кеткім келеді, бірақ жүре алмаймын.

Ене елік Алып Атаға қарап:



– Рақмет, Алып Ата, жаурағанда панасың, адасқанда ақыл айтар данасың. Шыршақайларың аман болсын. Жаңбыр басылды. Күн ысыды. Киікоты мен көкемаралдың шығы ұшты. Мен мына лағымды отқа апарып, тойдырайын, – дейді. – Бұл байғұстың әкесі де жоқ. Қайда сандалып жүргенін білмеймін. Адамдардың түтін түкірігінен, теңбіл барыстың азуынан аман болсын, жүрген шығар. Қыстың қара суығында, текебұрқақта бір-ақ жолығамыз. Аз күн қызық дәурен сүреміз. Сол біздің көрген күніміз. Қош, рақмет.

Алып Ата:

– Сау бол, Елік бике, – дейді. – Бірақ сен жаңа шыршалардың жауы жоқ деп қатты қателестің. Шыршалардан гөрі сендер, еліктер, әлдеқайда бақыттысыңдар. Желмен жарысасыңдар, тастан тасқа секіресіңдер, сәтін салса, жауларыңнан құтылып кетесіңдер. Ал, бізде аяқ жоқ. Ешқайда қаша алмаймыз. Адамдар әсіресе шыршақайларға өш. «Жаңа жыл» деген бірдеңелері бар. Қақаған қыстың қақ ортасы. Ол неғылған Жаңа жыл? Не көктемнің басы емес, дүн-дүние жаңаратын. «Жаңа жыл» дейді де шыршақайларды балтамен шауып қырып салады. Алысарға дәрмен жоқ.

– Шыршақайларыңды Құдай жаулардың балтасынан сақтасын, Алып Ата, – дейді Елік бике кетіп бара жатып.

– Рақмет, Елік бике, келіп тұр. Жоғарыдағы Ұлардың халі қандай екен? Төмендегі Кекіліктің жағдайы жақсы ма? Соны біле кел, – деп қалады Алып Ата.

Алып Ата еліктерді жақсы көреді.

– Момын жаратылған жануар, – деп аяйды. – Арқар мен Таутекенің тым құрыса мүйізі бар. Анау-мынау қасқырға алдырмайды. Ал, Елік бике байғұста о да жоқ қой. Мүйізі әлсіз. Әлсізді аяу керек.

Ал, мен ойлаймын: біз де әлсізбіз ғой. Бізді кім аяйды? Бізге қарағанда, біздің аталас ағайынымыз Арша бек бақуат. Арша әртүрлі: жайылып жататыны болады. Біз сияқты үшкірленіп, аспанға шаншыла өсетіндері де болады. «Жаңа жыл» деген жаудың Аршада шаруасы жоқ. Біз ғой желдің өтінде, жаудың бетінде тұрған. Осыны ойласам зәрем ұшады. Алып Ата жаңа Елік бикеге бар шындықты түгел айтқан жоқ. Шыны сол: адамдар шыршақайларды ғана балталамайды. Алып Ата сияқты ірі шыршаларды да шабады. Рас, шыршақайлар сияқты жаппай емес, ірілердің ең биігін, ең сұлуын таңдайды. Оны «Патша шыршасы» деп атайтын көрінеді. Оны мен қайдан білейін, Алып Ата айтады ғой:



– Мені де әлдеқашан кесіп әкететін еді, Құдай жарылқағанда, мен сұлу емеспін, әрі десе кәрімін. Қарқарадай төбе қылқандарым ағарып, өрт шалғандай ала-құла сарғайып кеткен, – деп.

Мен сонда армандаймын: жарқабақтағы бақа-терек сияқты қисық-қыңыр болып өссем екен деп. Сұлулығың өзіңе сор. Сұлулық – Құдайдың сыйы дейді. Бірақ сиынары жоқ сұлулық қорғансыз. Қорғансыздың күні құрысын.

Адамдар айтқандай, «бесіктен белім шықпай» жатып уайымшыл болдым. Өйткені қыр астында қыс тұр. Одан кейін «Жаңа жыл» дегені келеді...

Теректер мен үйеңкілердің, қайыңдардың жапырақтары сарғая бастады. Мұндай мезгілді адамдар «күз» дейді екен. Ал, «қыс» дегені түскенде теректер, үйеңкілер, қара ағаштар жапырақтарынан тып-типыл айырылып, қаңқа боп қалады. Тек біз ғой қысы-жазы жап-жасыл боп тұратын. Біз неге теректер сияқты болмадық екен. Сонда қыршынымыздан қиылмас едік.

Сол күні қар жапалақтап жауды. Күллі дүние ақторғын жамылып, бұл әлемде ешқандай жаманшылық болмайтындай, бәрі де аруланып, күнәдан пәк тазарып, кір басқан жер бетіне періштелер келіп қонғандай, керемет жұмақ орнағандай еді.

Періштелер келсе, Әзірейілдер жоламайтын шығар. Алып Ата солай дейді. Өйтпесе періште кім, Әзірейіл кім, мен қайдан білейін.

Алып Ата да адасады екен. Айтқанының бәрі алтын емес. Дүниеде көп жасаса да, оның да білмейтіні көп. Періштелер дегеніміз – ақ жамылған қарақшылар екен. Ақыры балтасын алып жетті.

Алып Атаның айналасындағы бүлдіршін шыршаларды балталап, қылқандай қырқып тып-типыл етті.


Сонда Алып Ата:

– А, Құдай! Жас жеткіншекті алғанша, мына кәрі қақбас мені неге алмайсың?! – деп күңіренді. – Айналам тақырланып, жападан-жалғыз қубас болып қалдым ғой. Енді ертегімді, жырымды, сырымды кімге айтамын, – деп зарлады.

Қарақшылар оның зарын елең қылған жоқ. Бізді дәу машинаға тиеп алып, қап-қара түтін басып тұратын «қала» дегеніне қарай ағыза жөнелді.

Балта шапқан діңімнен жылай жылжып сөл ақты. Сырқырап ауырғанда жанымды қоярға жер таппаймын.

Адамдардың топастығы: шыршада жан жоқ деп ойлайды. Жан болмаса мен осынша күйзелем бе? Сол адамдардың өздерін балталап,



аяқтарын жілігінен шауып тастаса қайтер еді? Бірақ олар да дүние-дүние болып жаратылғалы бірін-бірі балталап-ақ келеді ғой. Өздерін өздері. Оларды бір шырша балталаған жоқ. Өздерін өздері. Өздерін өздері аямаған, шыршаны аяп неғылсын.

Алып Ата айтушы еді:

– Жан-жануар, түрлі мақұлықат, өсімдік біткен екіге бөлінеді, – деп. – Бір парасы жыртқыштар, бір парасы момындар. Сонда Алла тағала ақылды етіп жаратқан адамдар да жыртқыштар тобына жатқаны ғой.

Дүниеде мейірімділерден мейірімсіздер көп болса, ол дүние қайғы-қасіреттен көз ашпайды.

Мені бір биік үйге алып келді. Адамдар қызық: үйлерін неғұрлым биіктете беруге тырысады. Тәңіртаумен таластырғысы келе ме екен. Бірақ Тәңіртаумен теңесу қайда-а-а.

Адамдар өтірікші болады екен. Мені иығына салып көтеріп келе жатқан Қабасақал өзіне кездескен кісіге:

– Базардан сатып алдым, – деді.

Мен:

– Сенбеңіз, мені балталап шауып алды, – деп едім, ешкім елең қылған жоқ. Сірә, шыршақайлардың тілін бұлар түсінбейтін болуы керек.

Кәусар ауа жұтып өскен мен байғұс мына қаланың ауасынан жүрегім айнып, құсқым келді. Адамдар бізде жүрек жоқ деп ойлайды. Білмейді ғой.

Қабасақал мені үйіне кіргізіп, креш ағашқа діңімді сұғып қойды. Балта шапқан жарам бұрынғыдан бетер сырқырап ауырғанда, жанымды қоярға жер таппай жыладым. Бірақ шыршаның жылағанын адамдар сезбейді.

Қабасақалдың балалары бар екен. Мені айнала қоршап: «елочка, елочка» деп қуана айқайлайды. Бұтақтарыма неше түрлі жылтырақ бірдеңелерді іліп тастады. «Елочка в лесу жила» дей ме, бірдеңелерді айтып ән салады. Қол ұстасып мені айнала береді, айнала береді.

Үйлері ыстық екен, тұншығып, ыстықтан терлеп, әрең шыдаймын.

– Аяғым ауырды, – деп жылаймын.

Бірақ ешкім менің жылағанымды естімейді. Құлақтары бітеу ме, білмеймін. Әйтпесе, біз шыршалар бір-бірімізбен сыбырлап сөйлескенде бәрін анық есітеміз ғой. Тым-тым, нәзік, өте сазды, үлбірек сезімді үнді естуді Құдай адамдарға бұйыртпаған.



Балақайлар мені айналып, айналып, түннің ортасына дейін шүлдірлесті де, ақыры бастары айналды ма – бәрі тырайып, тырайып жатып қалды.

Адамдардың балақайлары қызық болады екен: жатып ұйықтайды екен. Ал, біз болсақ, тікеміздің тік тұрып-ақ ұйықтай береміз ғой.

Осылайша, шамада бір аптадай уақыт өтті. Енді маған ешқайсысы назар салмайтын болды. Балақайлар да айналмайды. Мені мүлде ұмытып кеткен сияқты. Мен өкпелеп қалдым. Адамдар айныгыш болады екен-ау, дедім. Тез жанығып, тез суып қалады екен. Жақсы көрсең, ақырына дейін жақсы көр.

Бір күні Қабасақал менің бұтақтарыма ілінген жылтырақ ойыншықтарды: жансыз қояндарды, бұлбұлдарды, әтештерді, тағы басқаларын сылдырлатып, сыпырып алып тастады. Әрқайсысын мақтаға жеке-жеке орап, бір қағаз қорапқа салып қойды. Аяғымдағы кіреш-ағаш кебісімді де шешіп алды.

Сөйтті де, өзімді көтеріп, балкон дегеніне шығарып, биіктен-биіктен төмен қарай тастап кеп жіберді. Жүрегім тас төбеме шығып, қорыққаннан көзімді тарс жұмып алдым. Адамдар ойлайды: бізде жүрек жоқ, көз де жоқ деп. Білмейді.

Ұшып келем, ұшып келем, бір уақытта қалың қарға түсіп, қисайыңқырап барып қадалдым да қалдым. Сөйтсем ол биік үйдің кіреберіс сыртқы есігінің үстіндегі қалқан-қалпақ екен. Биіктен үстімізге бірдеңе түсіп кетпесін деп адамдар кіреберіске қалқан-қалпақ жасап қояды екен.

Тағы да болса қалың қарға түсіп жаным қалды. Тақырға түскенде талқаным шығатын еді.

Есімді жиып алған соң: «Бұған да шүкір» дедім. Ашыған капуста, арақ сасыған ыстық үйден гөрі, мынау ауасы түтін-сасық болса да дала ғой, әйтеуір.

Мені көпке дейін ешкім байқаған жоқ. Өйткені адамдар тұқшиып төмен қарап жүреді. Алтын тауып алатындай жерден көздерін алмайды. Аспан дегенді білмейді. Бастарын көтеріп аспанға бір қарамайды. Адамдар аспанға жиі-жиі қараса мейірімдірек болар еді. Бірақ бұл қалада аспан дейтін аспан да жоқ. Түтін тұмшалап тұрады.

Мені алдымен шымшықтар көрді. Кәдімгі жаушымшықтар. Оларды кейбіреулер: «воробей» дейді екен. «Ұрыны ұр» дегені болса керек. Шымшық байғұс ешкімді тонап та жатқан жоқ. Адамдар қызық: өз ұрыларын ұстап алып ұрса да жарар еді. Түйені түгімен, кемені жүгімен



жұтып жатқандар жетеді ғой. Бейшара, қысы-жазы мекенін тастамайтын, өз отанына пәруана берілген момын, әлсіз құсты ұры дейді.

Шымшықтар маған үйір болып алды. Таудағы құстар сияқты бұлар да шыршалар тілін біледі екен. Тек адамдар ғой өздерінің тілдерінен басқаны түсінбейтін.

Шымшықтар шиқ-шиқ етіп:

– Қайдан келдің?

– Қалқан-қалпаққа қай қабаттан түстің? – деп сұрайды.

Мен болған істің бәрін айтып бердім. Олар мені аяп, Қабасақалға ашуланып, өздерінше шу-шу етті.

Менен:

– Не керек, жаурамайсың ба? – деп сұрады.

– Жоқ, жаурамаймын. Тек аяғым сырқырап ауырады. Жарасы жазылмай қойды, – дедім.

– Олар:

– Қар кеткен соң аяғыңды балшықпен емдейміз, – деді.

– Қар кәзір мені тіреп тұр ғой. Еріп кетсе, құлап қалмаймын ба? – деймін.

– Құлатпаймыз!

– Құлатпаймыз! – деп шулады шымшықтар.

– Аяғыңның айналасына топырақ үйеміз.

Кәдімгідей үміттеніп қалдым. Аяғымның қақсап ауырғаны да азаяйын деді.

Ақыры күн жылып, қар ери бастады. Мен бір жағыма қисайып, құлайын деп те қалдым. Астымдағы сұр бетон жалаңаштанып бара жатыр. Қап-қатты.

Әне сонда шымшықтар аяғымның айналасына балшық, топырақ таси бастады. Олар бұрынғыдан да көбейіп кетті. Сірә, басқа аулалардың да шымшықтарын асарға шақырған болуы керек.

Енді шымшықтарға қараторғайлар қосылды. Қараторғайлар шымшықтардан гөрі үлкенірек қой. Қаланың қараторғайлары.

Қарғалар жаныма жоламай, аулақтан бақылап отырады. Ақыры олар да істің мән-жайын түсініп, жүн-жұрқа аралас балшықты тұяқтарына уыстап алып, төбемнен төмен қарай тастайтынды шығарды.

Алыстан-алыстан, Африкадан арып-ашып жеткен наурыз-көктер де қарап қалмады. Олар да шымшық сияқты кішкентай. Ол бір арамдығы жоқ, тілеуқор құс қой.



Тіпті кептерлер де қаптап келді. Мысыр кептерлері де қарап қалмады.

Сөйтіп астыма едәуір төбешік үйілді. Мен енді құламайтын болдым. Балта шапқан жарам да қақсағанын қояйын деді. Тұла бойым исініп, тамырларыма сөл жүгіре бастады. Біздің сөліміз – адамдардың қаны сияқты ғой. Сөлі барда ағаш дүниесі оп-оңай өле қоймайды. Сөлі біткенде ағаш құрайды, өледі.

Ақыры астымдағы тас бетон шытынай бастады. Балта шапқан жарамнан тамыр өсіп, бетон жарықшағын кеулеп, тереңдей берген сияқты.

Сөйтіп тоғыз қабат үлкен үйдің қалқан-қалпағының үстінде мен жайраңдап, қайтадан құлпыра бастадым. Шымшықтар мені ұмытқан жоқ. Бұтақтарыма қонып, қылқандарыма тұмсықтарын үйкеп, мені аялап, мәпелегендей болады. Тіпті Мысыр кептері менің бұтағыма ұя сала бастады. Мысыр кептері дүниедегі момын құс. Бұтағына құс ұя салған ағаш – зәһарсыз, мейірлі ағаш.

Мені адамдар да байқай бастады. Сұп-сұр бетонның үстіне өсіп тұрған бұл не керемет деп таңғалып, таңдайларын тақылдатты. Қабасақал сонда мақтанып:

– Бұл менікі ғой. Оһо! Қалай, ә! Келер Жаңа жылда үйге қайтып апарамын, – деп кеңк-кеңк күліп алды.

Бірақ, «бұйырса» деп айтпады. Айтқанда, бәлкім, мені тағы да балталап шауып, үстіме әлем-жәлемін іліп, ит әуреге салар ма еді, кім біледі.

Астымдағы сұр бетон әбден шытынап, о да топыраққа айнала бастағандай еді. Негізіне тартқан шығар. Дүн-дүниенің негізі топырақ қой.


Бірде түні бойы жаңбыр жауды. Жердің бетін сел алып кетті. Таңертең жұмысқа асыққан адамдар қалқан-қалпақтың астына тұра қалып, қолшатырларын ашып, су кешіп, бүрсеңдеп кетіп бара жатты.

– Оһо! – деген дауысты бірден таныдым. Бұл – Қабасақал еді. Қалқан-қалпақтың астында шылымын тұтатып біраз тұрып қалды. Шылым тартқанын түтіннің иісінен білдім.

Бір кезде қалқан-қалпақ күтір-күтір ете қалып, гүрс етіп жерге құлап түсті. Мен де құладым. Есім ауып көп жатыппын.

Бір уақытта бульдозер деген келіп, бетон сынықтарын, олармен қоса мені де қоқыс машинаның үстіне лақтырып-лақтырып тастады.

Есім сәл-сәл кіре бастағанда байқасам: адамдар у-шу. Әлдекімдер бақырып жылап жатыр. Сірә, Қабасақалдың әйелі, балалары-ау



дедім. Жөнді көре алмадым. Өйткені машинаның қорабында, бетон сынықтардың астында қалдым ғой.

Машина жүріп кеп берді. Қайда бара жатыр білмеймін. Сірә, қаланың сыртына апарып төгетін шығар. Сонда мен ол жерде тағы да тамыр жая аламын ба, жоқ па, болжаусыз. Бәлкім мен де, Қабасақал да топыраққа айналармыз. Өйткені бәріміздің негізіміз топырақ қой.

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЖЕСІРІ

Хадиша тағы да күтіп жатты. Жанындағы орыс кемпір қорылдап ұйықтап қалды. Байғұс, жақсы адам. Аққөңіл. Тек түнде қорылдайтыны қиын. Хадиша бұған да үйреніп, еті өлген.

Екеуі бірнеше жылдан бері бір бөлмеде. Жетім қарттар үйінде бас-басына бір-бір бөлме қайда. Екі-екеуден, кей бөлмелерде үшеуден, төртеуден жататындары да бар. Ольга байғұс жатағын жиі ауыстырды. Басқа көршілермен сыйыспайды. Себебі: қорылдайды. Қорылдың емі жоқ. Сондықтан көршілер үстінен арыз түсіреді. Жетімхана бастықтары оны басқа бөлмеге ауыстырады. Онда да тұрақтамайды.

Тұрақтап, байыз тапқан жері – осы Хадишаның қасы. Түні бойы қорылдап шығатын кемпірді кім жақсы көрсін. Бірақ Хадиша ешкімге арыз айтқан жоқ. Өйткені, Хадишаға бәрібір. Ол түн баласы ұйықтамайды. Қорылдан ұйқысы бұзылып жатқан жоқ. Ол күндіз мызғып алады. Түнде көз ілмейді.

Ол күтіп жатады. Антына берік. Баяғыда абысыны Ақшаймен ұрсысып қалғанда:

–Жүз жыл күтемін! – деп қаны қатқан.

Ақшай да кесірлі еді-ау, марқұм. Несі бар Хадишаның жүрегіндегі жараны тырнап. Байыңды енді күтпей-ақ қой, енді келмейді деп.

Сөйткен Ақшай да әлдеқашан өліп қалды. Хадиша әлі тірі. «Жүз жыл күтемін!» дегені құдайдың құлағына шалынып, Хадишаның ғұмырын әдейі ұзартып қойғандай. Екі көзінің нұры сөніп бара жатқаны болмаса, әл-әзір ешкімге масыл емес. Өзі жүріп-тұра алады.

Ольга да Хадиша шамалас, қартайған кемпір. Хадишадан айырмашылығы – семіздігі. Кәрі кісі де осынша семіреді екен-ау.



Несіне жетісіп, не жеп семіреді, белгісіз. Жетімхананың тамағы адам семіртерліктей емес. Аста-төк дәнеңе де жоқ. Тамағы тақыл-тұқыл. Ольга домаланып қалған, денесі іркілдек. Қорылдайтыны содан шығар.

Хадиша кейде оны түртіп оятады. Ольга бауыздаған жылқыдай тым қатты қорылдағанда Хадиша қорқа бастайды. Үзіліп кетер ме екен деп, төсегінен тұрып барып жай ғана түрткілейді. Анау «ah-a-a» деп шошып оянады.

– Әй, Өлгә, бір қырыңмен жатсаңшы, – дейді.

Орыс кемпір есін жия алмай, төсектен аяғын салбыратып отырып қалады. Әлден уақыттан соң:

– Менде қыр бар ма, байғұс-ау, – деп өз денесін өзі қос қолымен айналдыра сипалап шығады. Содан соң «О, боже, о, боже», деп болар-болмас шоқынып, жастыққа қайтадан қисаяды.

Терезеден бұлдырап, жан-жағына кірпіктерін тікірейтіп, оттар жылтырайды. Хадиша төсегінде отырып, сол жымың-жымың жылтырақ оттарға шала соқыр көзімен қадала қарап қалады. Сарғыш оттар арасынан кейде бір өшіп, бір жанып, жасыл, қызыл оттар көз қысып, ойнап тұрғандай көрінеді.

Бұл көше қиылысындағы бағдаршам ғой. Бірақ бөтен, мүлде бөгде дүние сияқты. Сол бейтаныс дүниенің арасынан өзі күткен Мақсұт шыға келетіндей Хадиша терезеден көз алмай қалады.

Аспан қараңғы. Сірә, күздің соңы шығар, аспанды аждаһадай аунақшыған қара бұлттар қаптайды да тұрады. Жауыны көп. Жаңбыр терезені тырсылдатады. Терезе жылап тұрады. Терезеден тарам-тарам жас сора-сора болып ағады.

Хадишаның да іші уілдеп жылайды. Бірақ, көзінен жас шықпайды. Жылай-жылай көзінің жасы сарқылып, кеуіп қалған.

Хадиша туасы ауылда өскен адам ғой. Жан-жағының бәрі аспанмен тіресken таулар болатын. Дүние әлемнің бәрі осы таулардың арасы ғана деп ойлайтын. Кейін-кейін мектепке барды. Сонда мұғалім айтты: дүние бұл таулардың арасынан мың-миллион есе үлкен. Осы таулардың ар жағында талай-талай елдер бар. Тілі басқа, түрі басқа адамдар бар, – деп. – Адамдары құмырсқадай құжынаған қалалар бар, – деп.

Енді міне, сексеннің сеңгіріне шыққанда Хадиша сол қалалардың бірінде жатыр. Кішкентайынан көріп өскен таулар бұл жақта жоқ. Тауды сағынады. Көбінесе түсінде көреді.

Ауылдағы мектепте Хадиша Мақсұтты тұңғыш рет көрді. Бірден жақсы көріп қалды. Екеуі бір партада отырушы еді. Содан ғой Хадиша қазір ұдайы ыңылдап ән салады:

Жақсы құлын білінер жорғасына-а-ан,
Ғашық болдым мен саған он жасымна-а-ан.
Мақсұт-ау, қарақ-ай,
Өмір өті-і-іп барады-ай.

Хадиша осылай деп Мақсұтын күтіп жатады. Мейірімсіз, без-бүйрек Мақсұт келмейді. Міне, алпыс жыл болды әлі келмейді.

Кейде Хадиша өзін-өзі кінәлайды. Иә, бәленің бәрі Хадишаның өзінен болды. Бұған кінәлі неміс те емес, соғыс та емес, дәл өзі. Мақсұтқа қатты еркелеуші еді, наздана беруші еді. Екеуінің тұңғышы Жанат туғанда Мақсұт Хадишадан:

– Қалағаныңды айт. Сен маған перзент сыйладың. Қарымтасына не сыйлайын? – деп сұрады.

– Сонау биік шыңның басында еңлік гүлі бар дейді. Соны сыйла, – деп назданды Хадиша.

Содан сол Мақсұт еңлік гүлін іздеп кете барсын. Бір күн өтсін, екі күн өтсін... Бір жыл өтсін, екі жыл өтсін... Алты жыл өтсін, алпыс жыл өтсін...

Сол жоқтан Мақсұт әлі жоқ. Хадиша да қызық қой: таулардың баурайында дүниеде сирек кездесетін Керік қызғалдағы тұрғанда, шыңның басындағы еңлік гүлінде несі бар?

Өзінше еркелегені ғой. Тым назданып кеткен ғой. Тәлпіш деуге келмейді. Назды. Адам байғұс қол жетпеске құмар. Құмар да емес, құштар. Қол жетпеске құштарлықты құдайдың өзі де қаламайды ғой. Анау Икар деген бір тауфихсыз Күннің өзіне жетемін деп, аспанға ұшып, Күнге жақындай бергенде күйіп кеткен жоқ па? Аспанға ұшсаң – ұш. Бірақ Күнге жақындап нең бар? Адамға нысап керек. Нысапсыз болсаң, налаға қаласың. Құдай нысапсызды қаламайды.

Керік қызғалдағы тұрғанда еңлік гүлін аңсаймын деп, Хадиша енді қаншама қасірет шекті. А, бәлкім, Хадиша еңлік гүлін мүлде аңсамаған да шығар. Бақыттан басы айналғанда айта салған әзілі шығар.

Бақыттан басы айналған да жаман. Бақыттың өзін аялап, баға білмесең, бақыт басыңнан ұшып кетуі оп-оңай. Соны соңынан түсінген Хадиша қазір сықырлауық темір төсектен аяғын салбыратып отырып:



Мына заман – қай заман – қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман,
Мақсұт-ау, қарақ-ай,
Өмір өті-і-іп барады-ай, –

деп ызыңдайды. Абайсызда үйге кіріп кетіп, қайтадан далаға шыға алмай, терезені тепкілеген ара сияқты ызыңдайды.

Хадишаның темір төсегі терезенің түбінде. Көзі бұлдыраңқы, шаласоқыр болса да мезгілді меңзей алады. Сыртқа үңіліп еді, қала шамдарының сары кірпіктері шаншыла тікірейіп тұр екен. Шам сәулесін бүркемелеп әлдене жыбырлағандай болады. Қалың шыбын қаптап ұшқандай. Шыбын ұшатын кез емес. Күн суытқан.

«Қар жауып тұр екен», – деп ойлады Хадиша.

«Қыс түсті. Бұл қыстан да аман шықсам, мүмкін, Мақсұтты тірімде көріп қалармын» деп қойды Хадиша.

Хадиша Мақсұттан айырылғалы бері қанша қыс өткенінен адасып қала беретін болды. Тек жетімхананың медбикелері оған біруыс гүл ұстатып, «туған күніңіз құтты болсын» дегенде ғана, өзінің сексенге толғанын, Мақсұтты көрмегелі алпыс жыл өткенін аңғарды.

Медбикелер берген біруыс гүлді ұстап отырып, баяғы еңлік гүлі есіне түсті. Мақсұтты сол гүлге жұмсап жібергені ойына оралды. «Ай, сорлы басым, еңлік гүл менің не теңім. Есіл ердің обалына қалдым ба?» деп қойды.

Терезенің ар жағында қардың қапалақтап, жапалақтап жауғаны анық көріне бастады. Мұнарланып, бұлдырап көрінгенінің өзін де, көзімен емес, көңілімен сезді.

Терезе сыртына бір шымшық қонғандай болды. Үстіне түскен қарды қанатын қағып, мамығын қобыратып, сілкініп-сілкініп, түсіріп тастап, әлденеге шиқ-шиқ етіп қойды.

Онысын Хадиша анық естіді. Соқырлардың Құдай жанарын алса да, саққұлақ қылады. Адамның бір кемістігін бір жетістікпен толтырғандай болады.

Баяғыда, соғыс жылдарында Хадиша Мүсірепхан қайнысына таңғалушы еді. Мүсірепхан су қараңғы соқыр ғой, бірақ ауылдың адамдарын анадайдан, алыстан танып қояды: дауысынан, жүріс-тұрысынан. Тіпті пысылдап дем алғанынан, қақырынып жөтелгенінен...

Соқырлардың бір көзі – қолындағы таяғы. Мүсірепханның алқорыдан кесіп алған қызылкүрең таяғы болушы еді: өзі салмақты, өзі

қатты. Жолдасбек құрдасы білдірмей бұқпалап келіп, Мүсірепханның құйрығынан теуіп кеп кетпек болады. Ойнаған түрі. Бірақ оған Мүсірепхан дайын тұрады. Жолдасбектің бұқпалап келе жатқанын әлдеқашан біліп қойған. Аппақ шел басқан көздері аспанға қарап, түк басқан ауызы әнтек ашылып қалады. Ештеңе сезбеген болып, аңқиып тұрады. Жолдасбек таяқ сілтер жерге жетті-ау дегенде шалт бұрылып, артындағы Жолдасбекті алқоры қызыл күрең таяқпен салып кеп қалғанда, Мүсірепханды бір теуіп қашпақ болған Жөкең қара тұмсығына тас тиген төбеттей қаңсылайды да қалады.

Мұны көріп тұрған Хадишалар ал кеп бір мәз болып күледі дейсің.

Сөйткен Хадиша, соқыр Мүсірепханның қылығына күлген Хадиша енді өзі әзге айналды. Екі көздің алды тұмшаланады да тұрады. Кіреукеленіп, былшық басып қалғандай. Орамалмен ары сүртеді, бері сүртеді ашылмайды.

Жапалақтап жауған қар тыйылар емес. Кей-кейде ұйытқып-ұйытқып жел соққанда терезе алды ақ түтекке айналады. Терезе алдына қонған шымшықтың мамығы қобырап кетеді. Шымшық шиқ-шиқ етеді.

Хадиша құстың тілін білмейді. Білмесе де сезеді: шымшыққа пана керек, жылы жер керек, тамақ керек. Ішке кіргізіп алайын десе терезе жабық, шынысы бітеу. Медбикелер таяуда ғана терезенің жыртығын жамап, тесігін тығындап, тас бекітіп тастаған.

Хадиша көрші төсектегі кемпірді таяғымен түртіп оятады.

– Әй, Өлгә, тұр-әй, таң атты. Стабай, стабай.

Көрші кемпір темір төсекті безілдетіп, бері қарап, ауыр аунап түседі де:

– Не болған керек саган? – деп қотыраш қазақшасымен тіл қатады.

– Ана шымшықты қара, птитса, птитса...

Көрші кемпір бурыл шашы буда-буда болып, іш көйлегімен төсектен ырғала тұрып, терезенің алдына барып, Хадишаның үстінен асыла сыртқа үңіледі.

– О, боже, бедняжка, замерзла! – дейді даусы барқыраңқырап, – Оныки уледи, уледи. Нет это не воробей, шимшик емес ол.

– Енді не, байғұс-ау?

– По моему, иволга.

– Ыбылғы деген не тағы да?

– Оныки уяси бутак ушында.

– Е, құдай, зарғалдақ десеңші. Судың жағасында өрім талдың бұтағының ұшына ұя салады. Біздің сайларда көп болушы еді.

Ольга аздап қазақша біледі, Хадиша аздап орысша біледі.



Сөйтіп-ақ бес жылдан бері бірін-бірі түсініп-ақ келеді. Түсін-бегенін ыммен, қимылмен жеткізеді.

Үкіметтің мұнысына да шүкір. Қартайған ғаріптерге, қарт жетімдерге жетімхана тауып берген. Әйтпесе, Хадиша кімге сыяр еді. Қартайған абысыны, соғыстан жалғыз ұлы Қайрақ қайтпай қалған Гүлшапия Табан қайнысының босағасында жатып, жаназасы да шығарылмай, иманы да үйірілмей, ит өліммен дүниеден өтіп кетіпті.

Мақсұт пен Хадишаның шексіз махаббатынан қалған Жанат тірі болғанда Хадиша бүйтіп жетімханада жатпас еді...

Медбике Гүлбану келіп Хадишаның көзіне дәрі тамызды. Көзінің қышығаны сәл саябырлады.

– Көп жаса, қызым, бақытты бол, – деді Хадиша, – Бірақ сәлден кейін қайта қышығанда: – Қу жанымды қоярға жер таба алмаймын. Бұл соқыр көздің қышымасын біржола жоятын дәрі табылмай ма, қарағым? – дейді.

Гүлбану не дерін білмей қалды. Әзірге табылғаны осы. Бұдан күштісі бар ма, жоқ па, оны дәрігер біледі. Бұл – бар болғаны медбике.

– Апа, шыдай тұрыңыз, табылып қалар, – дейді Гүлбану.

– Сөйтші, қарағым, әйтпесе, соқыр көз не шікәрам, жұлып алып тастағым келеді. Осыны ойып алып тастаса қайтеді? Ондай амал жоқ па, қарағым?

– Олай демеңіз, апа, көзіңіз жазылып кетеді әлі, – дей салады Гүлбану, оған өзі сенбесе де.

«Жақсы сөз – жарым ырыс». Хадиша көзін ойғызып тастау райынан қайтқандай болады.

Сыртта боран екілене түскендей. Сыртқы дүние тұп-тұтас түнек. Түнек Хадишаға таңсық емес. Ол түнекке үйренген. Боранның үдегенін азынаған, боздаған үнінен, терезеге лекілдете соққан екпінінен сезеді.

Құлағы сақ. Көз орнына Құдай құлақ берген. Ақ дауылдың үілінен Хадиша ғарыш күйін тыңдайды. Ондай күйді Қорқытата да, Ықылас баба да шығара алмаған-ау. Арқаның ақ дауыл күйі басқаша, ғалами күй. Аспандағы мың-миллион аруақтардың қосылып айтқан хорындай, әрі таңғажайып, әрі қорқынышты.

Бір жағынан сол хор айтушылардың арасында болғысы келеді; бір жағынан сұп-суық, беймәлім дүниеден шошынады. Шошынса да бір ынтызарлық басым. Бәлкім, сол хор айтушылар арасында Мақсұт та бар шығар деген сиқырлы үміт.



«Сені алпыс жыл күттім, Мақсұт. Бұл сұм дүниеде келмесең келмей-ақ қой. Енді мен сені ана дүниеден, Шын Дүниеден іздеймін, әдірәм қалғыр», – деп қояды Хадиша ызасы келгенде.

Артынша сүрленген сағыныштан іші-бауыры елжіреп, ақ дауылға қосылып, ыңылдап ән салады.

Сен зарғалдақ, Мақсұт-ау, мен зарғалдақ,
Екеумізді дүние қойды алдап,
Арамызда алынбас қамал жатыр,
Өтер ме едім қамалдан жұлдыз жалдап.
Мақсұт-ау, қарақ-ай,
Өмір өті-і-іп барады-ай.

Ольга кемпір басын көтеріп:

– Сен не заргалдак, заргалдак! Сен не, иволга, что ли, – деп қояды.

– Иә, ыбылғы, өзің ыбылғы, қараң қалғыр, – деп Хадиша жастыққа қисая кетеді.

Сөйтіп жатып, өзге бір өмірдің өзегіне кіріп кетеді. Баяғы өзінің қоржын тамы екен дейді. Баяғы Мыңбұлақ. Қоржын тамның жамау терезесін тарсылдатып, Шақпақтың ақ бораны азынап тұр екен дейді.

«Е, жарықтық, Шақпақтың бораны ерінсе екі күн соғады, желіксе жеті күн тұрады» деп қояды Хадиша.

Бір кезде сықырлауық есік өзінен-өзі ашылып кетіп, қарлы жел лап етіп, үйдің жылуымен араласып, ақ буға айналады.

Ақ буалдыр арасынан мұнарланып бір сұлба байқалғандай болады.

– Мақсұтпысың? – дейді Хадиша. – Есікті жаба келсеңші, үйдің іші суып кетті ғой. Мен сені келеді ғой деп күтіп жатыр едім. Жақсы болды ғой. Мен сені еңлік гүлін іздеп кеткен екен десем, соғысқа кетіп қалыпсың ғой. Сен қайтып келсең той жасаймын ғой деп бір құнан қошқарды бордақылап жүр едім, бұйырған екен, жақсы болды ғой.

Сұлба үндемейді. Не бері жылжымайды. Хадиша өзі барайын десе орнынан тұра алмайды.

– Қараң қалғыр, қу кәрілік-ай, быламық ішейін деген асым ба еді, бұ сексен жасайын деген жасым ба еді. Мешел боп қалдым, Мақсұт. Көзім де көрмей қалды. Бірақ мен сені танып жатырмын. Жылап тұрсың ғой, неге жылайсың? Қайта қуанбайсың ба, аман-есен өз үйің, өлең төсегіне оралғаныңа.



Сұлба үн қатпайды. Хадиша екі көзін уқалап-уқалап, қайта қарады. Сұлба дегені қатып қалған мұз сияқты. Мұз адам болса ол есікті қалай ашты? Әлде аруақ па? Елес шығар. Бірақ тұлғасы Мақсұттан айнымайды.

– Әй, кім де болсаң жақындасаңшы бері. Шыннан қатып қалған мұзсың ба, адамсың ба?

Сұлба не сөйлемейді. Не жылжымайды.

– Егер Мақсұт болсаң, тыңда. Әңгіме көп. Әлі есім дұрыс. Есептеп жүрмін. Мен сені көрмегелі алпыс жыл болды. Алпыс жыл! Сенен қалған жалғыз қыз Жанат бойжетіп, оны Терісаққандағы бір Бақа Қаңлыға ұзаттық. Одан бір ұл туды. Атын Арман қойдық. Көп ұзамай әкесі көкпарда аттан құлап, мойны үзіліп өлді. Артынша Жанат қызың ауырып өлді. Күйіктен өлді-ау, деймін байғұс. Кішкентай Арман менің қолымда қалды. Ешкінің сүтін беріп асырап, итшілеп жүріп өсірдім. Пәмиләсін «Мақсұтов» деп жаздырдым. Жалғыз сиырды сатып оқуға түсірдім. Оқуын да бітірді. Жұмысқа Арқалық деген қалаға жіберді. Жұмысқа тұрып, мені Арман өз қолына алды. Күн көрісіміз тәп-тәуір болды. Арман немереңді айтамын, сол Арман бізнес деген жерден ақшаны көп тауып, байи бастадық. Әне-міне үйленемін деп жүргенде, бақталастары оны да өлтіріп кетті. Айдалада, елден, туған жерден алыста жалғыз қалдым. Не деген жалмауыз едім. Жан-жағымның бәрін жалмап болдым, Мақсұт. Жылай-жылай екі көзім соқыр болды. Енді жылайын десем, көзімнен жас шықпайды. Қуарып, суалып қалды. Соқыр кемпірді үкімет жетімханаға өткізіп жіберді. Енді жатырмын қазынаның үйінде.

Осыны айтып бола бергенде Ольга оны түртіп оятып жіберді.

Хадиша есеңгіреп, аңырып біраз отырды. Жаңа ғана Мыңбұлақтағы қоржын тамда жатыр еді. Енді міне, Ақордадағы жетімханада отыр.

– Неге ояттың! – деп ұрысты Ольгаға. – Әдемі түс көріп жатыр едім. Мақсұт келіп еді...

– Ой, извини, пожалуйста, – үйелмендей семіз кемпір өртене жаздап қызарып кетті. Ұяттан беті қызарған адамда иман бар. – Сеники уйыктап жатып сөйлеген, катты жылаған. Содан мен ояткан.

– Әй, сорлығар, мен жылаған жоқпын. Міне, көзім де, жастығым да құп-құрғақ. Қайда жылаған, – деп семіз кемпірге өкпелегендей, терезе жаққа бұрылды.

Дүлей боран басылғанын сезді. Күн бұлттан шыққан ба деп қалды.



Терезе сырты қыбыр-жыбыр тіршілік белгісі бар. Ағылып жатқан мәшинелер-ау, сірә. Мәшинелер ағылып жатқан жолдың бер жағында қарайып адам сияқты бірдеңе көрінеді. Адам дейін десең, адамнан әлдеқайда үлкен.

Хадиша оны бұрын да байқайтын. Бірақ не нәрсе екенін ажырата алмайды. Діңгек пе дейді. Электрдің үйшігі ме дейді. Әрі десе күн тұнжырайды да тұрады. Кейде тұман. Кейде боран.

Бүгін ғана күн жарқырап ашылғаны. Бірақ бәрібір Хадиша әлгі заттың не екенін ажырата алмайды. Көзінің алды бұлдырап, сол қарайған біресе алыстап, біресе баяғы қалпына келіп, мұнартып қана байқалады. Ал, бүгін оны Хадиша қалшиып қалған Мақсұт па деп қобалжыды. Жаңа ғана өзі ұрысқан көршісіне бұрылып:

– Әй, Өлгә, анау не? Сенің көзің сау ғой, – деді.

Ольга ыңыранып келіп, терезеге үңілді.

– Ол кайсы? Не сурайды?

– Әне ұп-ұзын. Қарайып, қозғалмай тұр ғой.

– А,-а, ол калай енди... памятник. Памятник неизвестному солдату.

– Солдат дейді? Қандай солдат? Тірі ме?

– Нет же. Памятник... Ну, казахша билмейд. Темир солдат. Улген. Билди? Улген солдат.

Хадиша шамалады. Енді шамалады.

– Е, қараң қалғыр, ескерткіш десеңші. Мен Мақсұт па деп қалсам. Әлгінде түсімде ол да осылай мелшиді де тұрды ғой.

Ольга соқыр көршісіне қарап тұрып-тұрып:

– Эх, бедняжка, – деп өз төсегіне барып отырды.

Хадиша соқыр көздерін ескерткішке қадады да қалды. Бұрын қалай байқамаған. Далаға шығып, жүруге жараса, сол ескерткіштің түбіне барып отырар еді. Сипап көрер еді. Бәлкім, өзі білетін бір-екі ауыз дұғасын оқыр еді.

Бірақ дәл қазір бармай-ақ қойғаны да жөн. Өйткені ескерткіш кейіпсіздеу. Жырым-жырым. Оны әуелі гипстен құйып, сыртын жез қаңылтырмен қаптаған ғой. Сөйтсе, осы таяуда ғана жез қаңылтырын әлдекімдер сыпырып, жыртып-жыртып алып кетіпті. Жезді, мысты, қалайыны, сым темірді қынадай қиып, сыпырып-сиырып алып кететін заман шықты ғой. Сатады екен. Сирағыңды сындырып сатқырлар! Ақша төлесе сирағын сындырып сатар-ау. Сатылмаған не қалды?

Хадиша оны білмей-ақ қойғаны жақсы.



«Көзді алғанша Құдай адамның өзін алғаны жақсы да» деп қойды Хадиша шинелінен айырылған ескерткішке қадалып отырып-отырып.

Бір нүктеге қадалып қарай берсең, жансыздың өзі жаны бар сияқты боп кетеді. Мүмкін, әлгі медитация дегенмен шұғылданатын көріпкелдердің фәни дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен аруақтармен сөйлесіп жүргені осындай шығар.

Қадалып қарай берген соң Хадишаға әлгі жалаңаш ескерткіш қимылдағандай боп сезілді.

– Әй, Өлгә, – деді көршісіне.

– Что тебе, старая?

– Қарашы, ана пәмитнігің тірі адам сияқты қимылдайды.

– О, Боже, еще чего не хватало, – деп Ольга төсегінен дөңбекши аударылып, аһылап-үһілеп, Хадишаның үстінен артылып, терезеге үңілді.

– Тук те қимылдамайды. Тобесинде шымшық отыр. Сол шошаңдай береді. Содан саған кимылдагандай болып көринеди. Может, это иволга.

– Зарғалдақ сонда отыр ма?

– Мен билмейди, зар-гал-дак, а может быть воробей...

Хадиша ойланды: «Қыста зарғалдақ мұнда қайдан жүреді? Ол жазған Мыңбұлақтың сайларында, өрімталдың солқылдақ шыбықтарының ұшына ұя салып, зарлап отырушы еді. Астында мөлдір бұлақ ағып жатады. Солқылдақ нәзік бұтақтың ұшына ұя салуға мәжбүр еткен сұр жылан. Ұясын талқандап, жұмыртқасын жеп қояды».

«А, бәлкім, зарғалдақ Мақсұттың жаны шығар? Өлген адамның жаны әлдебір мақұлықтың, жануардың біріне ауысады деседі ғой. Әйтпесе, қыстыңгүні Арқада зарғалдақ жүре ме?»

«Кеше ақ түтек боранда неге ол менің тереземнің алдынан кетпей қойды? Мамығын жел жұлмалап, қобыратып, қалтыратса да кетпей қойды ғой. Мен сорлы соны неге түсінбедім? Терезені ашып жіберіп, үйге неге кіргізіп алмадым? Медбикелер терезенің саңылауларын мақтамен тығындап, желімдеп тастап: «ашпаңыз» деп ескертті-ау, бірақ».

Сірә, күн батып кеткен шығар. Өйткені, ескерткіштің ар жағындағы көше бойында қызыл-жасыл оттар көз қыспақ ойнай бастады. Қараң-құраң, әлденелер қимылдайды. Мәшинелер болар. Адамдар да жыбырлайды. Кілең сұлбалар. Анық, айқын көрінбейді.

Ескерткіш те қимылдап тұрғандай болады. Төбесінде шошаңдап



отырған зарғалдаққа көз жетпейді. Көрінбей қалды. Тым кішкентай ғой.

Ол шыннан Мақсұттың рухы болса, онда ескерткіш те Мақсұттікі болғаны да. Оның ғазиз басы соғыстың қай жерінде қалды екен? Моласы белгісіз болған соң рух-зарғалдақ ескерткішін іздеп тапқан ғой. Рух жүйрік, рух зымыран. Сталинград пен Ақорда арасы зымыран зарғалдақ үшін «пішту» – қас қағым сәт.

Хадиша осылай ойлап отырғанда, ескерткіштің төбесінен бір шоқ оқтай атылып ұшып, терезенің алдына келіп түсті.

Зарғалдақ екен. Хадиша Мақсұттың өзін көргендей, кәрі жүрек кеудесін дүрс-дүрс соғып, қуанып кетті. Терезенің шынысын сексеуілдің жігеріндей семіп қалған саусағымен тықылдатып:

– Мақсұт, сенсің бе? Аман-есен келдің бе? – деді.

Екеуінің арасын терезенің қырау тұтқан шынысы ғана бөліп тұр. От бейнелі зарғалдақтың жылуынан қырау еріп, шыны бойынан жас сорғалады.

– Сен жылап тұрсың ба, Мақсұт? – деді Хадиша. – Мен де жылап тұрмын. Бірақ көзімнен жас шықпайды. Көзім суалған. Өмір бойы жылай-жылай, көз тамырым тартылып қалған.

Ерлері соғыстан қайтпаған мен құралпы келіншектер кейін байға тиіп алды. Бала сүйді. Тіпті әмеңгерлік жолымен жасөспірім қайындарымен некелесіп, он бала тапқандары да бар.

Ауылдың ақсақал-көксақалдары жиналып келіп, маған да сөз салды: – Ана Шалабай сенің қайның. Соғыс біткелі талай жыл болды. Мақсұт тірі жүрсе келер еді. Бәрі Құдайдан. Уақыт болса жүйрік, өмір өтіп барады. Дәуренің барда Шалабайға тиіп ал, – деді.

Мен:

– Мақсұт өлді деп естіп пе едіңдер. Бір жапырақ қара қағазы да жоқ. Үмітсіз шайтан деген. Мақсұт келіп қалса, мен Шалабай шірікке тиіп алсам, не бетімді айтамын? Байсырап кетіп едім деймін бе? Жер басып қалай жүремін? – дедім.

Сақалдары селтиіп, үн-түнсіз тарап кетті. Ақ таяғын бөксесіне басып алып, бүкірейіп жүретін Әбіш қайнаға:

– Ә-ә-ә, болмады, болмады, қойыңдар, – деп шалдарға сөз билетпей тоқтатты.

Сөйтіп мен сені алпыс жыл күттім, Мақсұт.

Кенет зарғалдақ аспан тілінде әндетіп:

– Жүр, кетейік, Хадиша, – деді.



– Қайда, байғұс-ау, Мыңбұлаққа ма? Мыңбұлақтағы үйің құлап қалған. Мұржасынан түтін шықпайды. Үнсіз меңіреу. Ауыл басқа жақтан көше салып алған. Сені мен мені білетіндерден қазір көзі тірі ешкім жоқ. Кейінгілер бізді танымайды. Сонда кімді пана тұтып барамыз?

– Бізді білетіндердің бәрі қазір аспанда, – деді зарғалдақ әндетіп.

– Әндетпесең, сөйлей алмайтын болғансың ба, Мақсұт? – деді Хадиша қобыраңқырап қалған бурыл шашын көк тарақпен тарап отырып.

Бұрын үсті-басына мұқият қарай бермейтін Хадиша кенет сыланып-сипана бастады.

– Сенің жалғыз қызыңнан туған немерең Арман мені бір күні театр дегенге алып барды. Сонда көрдім: әртістердің бәрі ән салып сөйлеседі екен. Опыра дей ме, опера дей ме...

– Аспанда да сондай, Хадиша. Ондағылар әндетіп, нәзік әуен салып сөйлеседі. Онда ақырып-жекіру, дөрекі қатты сөйлеу деген болмайды, – деді Мақсұт тағы да өте жағымды, жүрек жылытар үнменен. – Кетейік, Хадиша.

– Қайда, байғұс-ау?

– Жаннат Жұлдызға. Менің мекенім сонда.

– Менің қанатым жоқ қой, Мақсұт-ау.

– Қанатсыз ұшасың. Менің Кемпірқосақ деген пырағым бар. Соған мініп аламыз.

– Мені медбикелер далаға шығармайды ғой.

– Терезені аш.

– Құлап кетем.

– Құламайсың. Құласа тек сенің қабығың ғана құлайды. Өзің кемпірқосаққа қарғып мінесің.


Мақсұт айтса, Хадиша неге көнбесін. Терезенің тұтқасын тартып-тартып қалып еді, желімдеп қойған ақ қағаздар дар-дар етіп, терезе ашылды да, жаздан бері леп кірмей тымырсық тұрған бөлмеге ызғарлы салқын ауа лап қойды.

Ольга кемпір баж ете қалды:

– Что ты делаешь, старая?

Сөйткенше болмады, терезенің сыртынан құлпырма бір от жарқ етіп, шұғыла шашып, доғаша иіліп тұра қалды да, лезде аспанға көтерілді.

Қыстың күні аспанның о шеті мен бұ шетіне дейін иіліп тұрған Шұғыла-Кемпірқосақты көріп бүкіл қала шулады.



– Астапыралла! Астапыралла! – деді мұсылмандар.

– Господи! Господи! – деді христиандар.

Мешіттерде азан шақырылып, шіркеулерде қоңырау күңіренді.

– Ақырзаман! Ақырзаман! – деп шулады адамдар.

– Қыстың қақ ортасында, ақ қар, көк мұзда кемпірқосақ иілгенін кім көрген!

Құлпырма шұғыла бірте-бірте дөңгелене берді.

– Ұшатын табақ, ұшатын табақ!

– Летающая тарелка! Летающая тарелка!

– НЛО! НЛО! – деп қала азан-қазан болды.

* * *

Жетім карттар үйіне полиция лезде үймелеп қалды. Мәшинелер қиқуынан құлақ тұнды. Полиция терезенің тұсында, жаңа жауған ұлпа қардың үстінде жатқан адамды көрді.

Шалқасынан құлапты. Бурыл шашын жаяу боран желбіретіп тұр екен. Адамдардың аң-таң қалғаны: құлаған кемпірдің жүзі бал-бұл жайнап, келіншек кезіндегідей құлпырып, күлімсіреп жатыр екен.

Кейін оны мәйітханаға апарып, арулап жуғанда да, бет-аузын массаждағанда да, езуінен әлгі күлкі нышаны өшпей қойды.

БҰРШАҚ

Бұлдырықтар төсімен сүйіседі. Түйіскені – сүйіскені. Оларда адамдардікі сияқты ерін жоқ қой. Бірақ, олардың аймаласуы адамдардікінен артық. Төсіне төсін түйістіріп, жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ мойындарын айқастырып, бірін-бірі қасылағаны, бірін-бірі қанатымен қаусырғаны – бірінің жолында бірі құрбан болып кетуге әзір екенінің нышаны.

Бұлдырықтарда ерін жоқ. Адамдар ғой еріндерімен сүлікше сорып сүйісетін. Бұлдырықтар да тұмсықтарымен сүйкелеседі. Бірақ бұл қызық емес. Аймаласқаны әдемі. Қоразы мен Мекіші.



Қораз бен Мекіш махаббат айын аймаласумен өткізді. Махаббат мекені төскейдегі Қызыл Изеннің жыңғылы еді. Бұрын төскейдің бәрі Қызыл Изен патшалығы болатын. Кейіннен өңкиген дәу трактордың түрені түсті де, қара бұйра топыраққа айналды. Қызыл Изен тек терең өзектің жағалауында ғана жал-жал болып қалды. Жағалауында ғана. Қызыл Изен өзектің ішіне жоламайды. Сірә, Тәңіртаудың селінен сескенетін болар. Көктемде сел өзекті қуалай тасып Изен тұрмақ, тастай қатты Тобылғының өзін тамырымен қопарып, ағызып әкетеді.

Осыдан кейін Қызыл Изенде ақыл жоқ деп айтып көр.


Адамдар мақтаншақ. Жер бетінде ақылды тек біз ғана деп ойлайды.

Сөйтіп дәу трактор бұлдырықтардың кең өрісін тарылтты. Ендігі қонысы жар басындағы жағалау ғана. Қызыл Изен сонда ғана өседі. Қызыл Изеннің бүршігі – бұлдырықтың наны. Оған енді тамақтың тағы бір түрі қосылды. Жыртылған қара бұйра топыраққа күздік бидай тұқымы себіледі. Бұл енді бұлдырықтардың соғымы десе де болады. Рас, алғашында бұл бидайды шоқыған бұлдырықтардың басы айналып, арақ ішкен адамдардай тәлтіректеп, қысқа қанаттарымен жер сабалап, құлап қалып жүрді. Кейін-кейін үйреніп кетті. Әлде тұқым бидайды умен дәрілеуге адамдардың дәрмені келмей қалды ма, кім білсін.

Енді биыл мына көктемде сол күздік бидай дүркіреп шығып, бас тартып, масақ шығара бастады. Бұлдырықтарға Құдай берейін-ақ деп тұр. Бұйыртса. Балапандары жем шоқуға жараған кезде аңызаққа жайылып, қысқа дейін домаланып, қонданып-ақ қалады.

Қораз бен Мекіш махаббат айының жемісі – он бір жұмыртқа. Әрқайсысының үлкендігі кішігірім тауықтың жұмыртқасына жетеғабыл. Тауықтікінен кішілеу. Бөдененікінен үлкен. Көгілдір. Секпілі жоқ. Бөдене ғой секпіл жұмыртқа туатын. Содан соң кәдімгі жаушымшық. Жаушымшықтың жұмыртқасын жеген баланың бетін секпіл басып кетеді. Әсіресе, мұрнының үстін.

Бұлдырықтың жұмыртқасы таза көгілдір. Таза жұмыртқа таза махаббаттан туады. О, Қораз бен Мекіш бірін-бірі қалай аймалайды десеңші! Сол кезде олардың қауырсындары шұғыла шашып, кемпірқосақша құлпырып кетер еді. Жайшылықта сұрша құстардың қауырсындары махаббат сәтінде біресе қызғылтым, біресе жасылша тартып, енді бірде сарғыштанып, күлгін-көктеніп, аспан түстес көгілдірленіп, сан құбылып, Құдіреттің өзі арнайы көзін қадап тұрғандай, сол көзден сан бояулы нұр төгілгендей, сол нұрға мына бұлдырықтар шомылып жатқандай болар еді.



Ал, шошаңдаған жаушымшықтарда ондай ләззат жоқ. Қауырсындары да құлпырмайды. Қас қағым сәтке шошаң етіп, бірін-бірі умаждайды да, қып-қысқа қауырсындарын қобырата сілкіп-сілкіп алып, екеуі екі жаққа ұша жөнеледі. Бұлдырықтарша ұзақ аймаласып, айналып-толғанбайды. Тебіренбейді. Сондықтан да секпіл жұмыртқалардан өмірі тоймайтын, сарыжиек ауыздарын арандай ашып, шиқылдайтын ашкөз балапандар шығады.

Бірақ, жаушымшықтар бұлдырықтардан ақылдырақ. Ұяларын үйлердің бұғатына, жапсардағы саңылауларға салады. Жауын өтпейді, дауылдан қорықпайды. Махаббаты сараңдарға Құдай қулықты көбірек береді.

Ал, бұлдырық байғұс әсершіл. Ұясы ашық аспанның астында. Желдің өтінде, неше алуан жаудың бетінде. Оған кім өш емес?! Жылан да өш. Аспанда күні бойы қалықтап, қанаттарын самарқау қағып қойып, көзін жерден алмайтын құстың сүмелегі Құладын да өш.

Аш болса, бұлдырықты бас салуға, жұмыртқасын жеп қоюға Көк бөрі – Қасекең де арланбайды. Қасекеңе лайықтысы жас құлын немесе құйрығы тегенедей семіз қой емес пе. Жоқшылық шіркін не істетпейді. Бөрі басымен кейде бұлдырық аулауға мәжбүр.

Ал, қазы жеп, қымыз ішіп, кекірік атқан адамдарға не жетпейді? Ермек керек. Қызық керек. Мылтығын шошаңдатып мәшинелерін, мотоцикльдерін тырылдатып, олар да Төскейді кезіп жүреді. Бұлдырықтар бұл кезде жермен-жексен болып бұғып жатпаса қиын.

Бұлдырық кездеспей, ыза болып, ашу қысқан адамдар аспандағы Құладын құсты ата бастайды. Қанша кеще болса да, Құладынға да жан керек, қанаттарын жылдам қағып, оқ жетпейтін биікке көтеріліп кетеді.

Құладынды да ата алмаған «аңшылар» арақты ішіп-ішіп дарылдасып, гүжілдесіп, босаған бөтелкелерді мәреге қойып, патронға таласып, тарс-тұрс ата бастайды.

Мылтық атылған сайын жұмыртқа басып жатқан Бұлдырық селк-селк етіп, бұға түседі.

Амалын тауып, адамдардан да құтыларсың-ау... Түлкі жаман. Түлкі сұм күндізді қойып, түнде де тыным таппайды-ау. Қу құлқын не істетпейді. Әйтпесе, тобылғының түбіне иіріле жата қалып, істік тұмсығын бауырға тығып алып, шырын ұйқыға кеткен қандай. Жоқ. Түлкі түнде де жортады. Бұл кезде бұлдырықтың көп жаулары: адамдар да, жылан да, Құладын да ұйқыға кетеді. Көбісі түс көріп



жатады. Түстерінде бұлдырықтың лағыл тастай қып-қызыл, жып-жылы қанын, жұп-жұмсақ, нәп-нәзік, шырын етін көреді.

Солай. Бұл дүние солай жаратылған: шырын болсаң жеп қояды. Ащы болсаң, түкіріп тастайды. Құдай бұлдырықтың етін шырын етіп жаратқан.

Сұм түлкі бұрын бұл шырынның дәмін алған. Бұлдырықтың қып-қызыл, жып-жылы қанынан басы айналып, мас болған. Күйген ағаштың көміріндей, қап-қара, сүп-сүйрік тұмсығына бұлдырықтың үлбірек мамығы жабысып, мұрнын қытықтап, түшкіріп-түшкіріп алатын.

Осы бір асқан асыл шақ есіне түскенде түлкі бәтшағардың сілекейі шұбырып-ақ кетеді.

Бірақ Құдай сақтады. Бұл түннен Қораз бен Мекіш аман шықты.

Алау шапақтанып таң атты. Мекіштің мамық төсінің астындағы он бір жұмыртқа, түн салқын болса да тоңазыған жоқ. Жып-жылы. Он бірдің оны жыбырлағандай болады. Мұны тек Мекіш қана сезеді. Он бірдің біреуі ғана мелшиіп жатады. Ол тіпті жылымайтын да сияқты. Ол тіпті Мекіштің торғын денесіне суық тастай бата бастайды.


Таң ата Мекіш сол он бірінші жұмыртқаны тұмсығымен абайлап итеріп-итеріп, пейіштің қойынындай жып-жылы ұядан шығарып тастады. Ал, Қораз болса, әлгі садақаны ары-бері аударып, ақыры қап-қатты тұмсығымен долдана шоқып-шоқып, жарып тастады. Көгілдір қабыршықтан тарғыл тасқа ірің сияқты жалқық жылжып аға берді.

Сірә, махаббат қалғып кеткен кезде, ықылассыздан, лажсыздан жаратылған жұмыртқа болар. Алаулаған, арман қысқан, асау махаббатсыз жаратылған жұмыртқа аман қалған он тұқымның садақасына татыса болғаны...

Өңкиген дәу трактор Төскейді дарылдай жаңғырықтырып, аң-құс, жан-жануардың зәресін алған айдаудағы күздік бидай бас шығарып, дән алып, дүмбіл тартып сарғая бастаған кез. Алла жар болса, бидайға орақ түспекші.

Мейірімі мол Құдай Төскейге рақымын төгіп, күн қызып, айнала төңірек әдемі әуезге толған мезгіл. Бір шөкім бұлты жоқ, көкпеңбек аспан асты жырға толы. Бозторғай біткен аспан астында, зау биікте салбырап тұрып, бозаңдағы көдеден соққан ұясынан көз алмай шырылдап, ұядағы жұмыртқаларын әнменен тербетеді.

Кейбір адамдардан гөрі Бозторғай данагөй. Кейбір келіншектер аяғы ауырлап жүрсе де, жеңілтектігін қоймай арақ ішіп, темекі тартып,



шошаңдай ма-ау, билей ме-ау. Баж-баж етіп ән салған бола ма-ау. Алапес диюдың ақырғанындай музыка тыңдай ма-ау...

Есіргеннен ессіз бала туады.

Ал, Бозторғай жұмыртқасын әдемі әнмен әлдилейді. Болашақ балапандарына әнді аспанда тұрып үйретеді.

Қораз Изеннің арасынан ұстап алған жап-жасыл семіз шегірткені Мекіштің аузына сала беріп, мойнына үйкеліп, айналып-толғанғанда, жұмыртқалар жыбыр-жыбыр етіп, бұрынғыдан гөрі дәрмендірек қозғалып қойды. Әке мейірімі Ана арқылы жұмыртқаларға да әсер еткендей.

Құдай қаласа, жұмыртқа сауытын жарып, балапан жарық дүниеге шықпақшы. Алла жар болып, аз ғана уақыт бейбіт күн берсе... Сондықтан да Мекішке семіз шегіртке көп керек. Балапан басып шығарған соң Мекіш өз қалжасын өзі тауып жейді.

Мекіш сол сәтті армандап жатады. Сәтін салса, Изеннің дәні де пісетін кез таяу. Перуза тастай жәудіреп Шашыратқы гүл шешек атты. Киікоты мен Көкемаралдың гүлдеуінен Пейіштің иісі аңқиды. Жабайы жоңышқаның жұпары жер бетіндегі сасықты аластап жатқандай. Бал арасының мереке айы туған шақ.

Бұлдырықпен көрші қонған сары ала қаз көрінбей қалды. Мейірімсіз оқтан аман болса, балапан басып жатқан шығар. Дуадақтар, сірә, Керегетас ойпаңына кеткен болар. Олар да балапан қамымен әуре ғой. Бұлдырықтан гөрі Дуадаққа қиынырақ. Көзге тез шалынады.

Тәңіртаудың Найзакөк шыңының ұшына ілініп қалған таудың жыртық-жыртық ала туындай болып, кепиеті келіспеген бір түкіс бұлт көрінді. Осы бұлттан алғаш секем алған Бозторғай болатын. Өйткені ол биікте-биікте еді ғой. Бозторғай жыры жым болды. Биікте жүрген жалқау Құладын да бір жаққа безіп кетті. Изен арасындағы көк қасқа семіз шегіртке де шырылдағанын қоя қойды. Жылтыңдап одан-бұдан мал тауып жүрген сұр тышқандар індеріне кіріп кетіп, лезде жоқ болды. Өзінен үлкен балықкөзді жайымен сүйретіп келе жатқан Құмырсқа кенет илеуіне қарай жанталаса асықты. Ерсілі-қарсылы шұбырған ақылды Құмырсқалар, енді бәрі илеуге қарай жөңкілді.

Тоқымдай ғана түкіс бұлт Найзакөкті лезде көрсетпей жіберді. Батыс әлемін әп-сәтте жаулап алды.

Бұлдырықтың да құмырсқа ғұрлы миы бар. Күні бойы жем тасумен әуре болған Қораз аяулы Мекішінің жанына келіп жата қалды. Тіпті



қып-қысқа қанатымен Мекіштің жұп-жұмыр жонын жаппақшы да болды.


Құдіреті күшті Құдай Бұлдырықтың қанатын неге осыншама қысқа жаратты екен. Несіне аяды екен. Сонау Тәңіртаудың төсінде ұшқан Тастүлек қыранның қанатын бермей-ақ қойсын. Қалбаң-қалбаң еткен Құладын құстың қауырсынын берсе де жетіп жатыр еді ғой. О, Құдай, соншама пәруана, соншама таза, соншама қанағатшыл, махаббатқа мейлінше адал Бұлдырықтан бір қарыс артық қауырсынды несіне аядың?! Ешкімге, еш нәрсеге зәбірі жоқ, зияны жоқ мақұлықты неге мұнша кемтар еттің?! Қанағатсыздан қанағаттшылды айырсаң қайтеді. Жүр ғой анау төменде жатқан ауылда неше алуан айқайлаған тауық қораздары. Тауықтар – тарының құлы. Асыранды, басыбайлы, тәуелді бейшаралар. Ал, қораздары, кердең әрі қомағай. Бір қораз бір үйір мекіштердің жалғыз байы. Тойымсыз. Өз үйірі аздай көрші үйірдің мекіштеріне де қызығып, көзі қылиланып, құлқын қағып, қағынып тұрады.

Бір кем дүние. Бұлдырықтың бір кемдігі – қанатының бір-ақ тұтамдығы. Осыны айтып Бұлдырық Тәңірге мінәжат етсе, Көк Аспан оған:

– Тәйт, тәсірсіз! Сен тұрмақ Адамда да қанат жоқ. Қайта сенде бір тұтам болса да тамтық бар. Тәубе қыл! – деп жекіп тастайды.

Кенет Тәңіртау құлағандай, Аспан қарш етіп, қақ жарылып, найзағай от жыландай иреленделеп, күн күркіреп азынап қоя бергенде, Бұлдырықтың астындағы Қара Жер дір-дір ете қалды. Жұмыртқалар шошынып, шоршып кетті де бірінен соң бірі жарылып, Мекіштің бауыры шиқ-шиқ еткен балапанға толып шыға келді. Бұрын балапандар жарыққа бір-бірлеп шығар еді, мынаусы сұмдық болды. Он балапан бірден шыққанда Мекіш байғұс қайсысының шаранасын тазартарын білмей қатты састы. Мұндай іске икемі жоқ Қораз қорбаңдап, Мекішті шыр айнала берді. Шелектеп құйған нөсерден қорғаймын деп келте қанатын барынша жайып қобыратты.

Шелектеп құйған жаңбыр мына жағдайда жаманат болса да айналайын екен. Артынша Бұлдырықтың өзінің жұмыртқасындай бұршақ ұрғанда Қораз сорлы қысқа қанатымен Мекіштің басын қымтап-ақ бақты. Бірақ келесі сәтте әлгі жұмыртқадай мұз бұршақ өзінің басына тиіп, тарс ете түскенде Қораз екі-үш аунап түсіп, қылжиды да қалды. Қысқа қанат пен бауыр мамығы тып-тығыз-ақ еді, бірақ бармақтай басты Құдай тықыр жаратқанын қарасаңшы.



Мекіш міскін жұмыртқадан жаңа шыққан балапандарын бауыр мамығына басып-ақ бақты. Бұршақ тимесін деп басын тұқшитып, қанатының астына тығып жіберді. Басыңды сақта, міскін, басыңды сақта.

Басын сақтай алмаған Қораз екі-ақ адым жерде қылжиып қалды. Қайталай тиген бұршақтан Қораздың миы шашылып кетті. Оны көруге Мекіштің шамасы келген жоқ. Әлі жалқығы кеппеген балапандарды қалай аман алып қаламын деп жанталасты.

Қораз бен Мекіш бір-бірінсіз тірі жүре алмайтындай. Енді Мекіш сол шығарға ғана жаны бөлек Қораздың жансыз жатқанын көре де алмады. Жөнсіз, жосықсыз сұрапылдың құрбаны болған жан-жолдасын Бұлдырықша жоқтай да алмады.

Бұршақ деген кәдімгі адам жейтін бұршақтың көлеміндей ғана болушы еді. Ал, мынау... бұршақтан гөрі Аспан атқылаған снарядтай бір сойқан болды.

Осы кезде боз-боран бұршақтың арасынан «Уазик» машинасы көрінді. Бұл машинаны Бұлдырық бұрыннан білетін. Дауысынан таныды. Бұрын одан сескеніп, бұғып жататын. Енді сол мәшине өзін, балапандарын құтқарардай, жанына жақындап келсе екен, бізді құтқарса екен деп тіледі. Тасырлай тиген бұршақтан «Уазиктің» маңдай шынысы шытынай-шытынай тесілуге айналыпты.

Бұлдырықтың тілегі болмады. Машинаның ішіндегі адам сыртқа шықпады. Жайқалып тұрған күздік бидайдың буаз масақтары пышақпен кескендей қырқылып қалғанын көргенде Шағын шаруашылық бастығының көзінен жас селдей ақты.

– А, Құдай, не жаздық саған? – деді мәшине ішінде отырып. – Арқа етіміз арша, борбай етіміз борша болып, мұрнымыздан қан кетіп жүріп, қарызға батып еккен егініміз еді, енді не болдық? – деді өксіп-өксіп.

– Бетіне қарап отырған бар байлығымыз осы еді, енді қара қазанға қара су құйып, тас қайнатамыз ба, неғыламыз, уа, Құдай?! – деп аспанға қарап аш қасқырша ұлыды.

Бұршақ лезде пышақ кескендей сап болды. Әлгіде әлем-тапырық тартқан қара бұлт жаны шыға толғатып, жұмыртқадай сансыз бұршақ туған соң, енді ақ мақтадай үлбіреп барып, қалжалап жатқандай, Тәңіртаудың басына арқасын сүйеді.

Қара жолдың бойындағы зират жақтан ақ бу шудалана көтеріліп, адамша тіл қатты:

– Е, бейшара ұрпақ! Құдайды жазғырма. Алдымен өзіңе қара. Адамдарыңа қара, – деді тау жаңғырықтыра күңіреніп. – Құдайды



қиналғанда ғана есіңе аласың. Жайшылықта жалынбайсың. Алыстағы Құдай тұрмақ, күнде түбінен өзің өтіп жүрген мына зираттың тұсына сәл тоқтап дұға да қылмайсың. Адамдарың азғын. Арақтан басқа асты тамақ деп білмейді. Қарттарың сақалдарына сүрініп жүріп, сайтанның сідігі сіңген сусынды атасының асындай сіміреді. Жастарың болса бірінің малын бірі ұрлап, қасқырға айналды. Сонда Құдайды не бетіңмен жазғырасың?! – деді.

Шағын шаруашылық бастығы машинаның ішінде мәңгіріп отырғанда Күншығыстан арай қақпа ашылып, сан құлпырып, Тәңіртау мен Арайтаудың арасында Шұғыла көпір тұра қалды. Қораз бен Мекіш ләззат теңізіне шомылғанда қауырсындары осылайша шұғыла шашар еді... Енді сол Бұлдырық Қораз бен Мекіштің жаны Аспанда жай тауып, Кемпірқосақ-Шұғылаға айналып кеткен екен.

Сонда да Бозторғай қайтадан шырылдамады. Тек тынымсыз Құмырсқа ғана илеуінен шығып еді, жер бетінде сіресіп жатқан бұршақ мұздан өз соқпағын таба алмай, ары-бері түртінектеп, аң-таң болып, тұрып қалды. Жылтың көз тышқандар айнала жарылған Бозторғай жұмыртқаларының исін сезіп, бір жағынан көдеде сіресіп жатқан көк мұздан сескеніп, ін аузында шошаңдап тыпырлай берді. Сұм Тышқанның құдайы берді. Төскей түгел жарылған жұмыртқаға малшынып қалды.

Қара жолдан бұрылып, қираған егіс даласына қарай екі «Джип» жылжып келеді. Шағын шаруашылық бастығы соларды көріп, көзі былаудай болып, алдарынан шықты.

Келгендер Губернатор мен Ояз және олардың нөкерлері екен. Губернатордың екі қолы шалбарының қос қалтасына терең сұғынып кетіпті. Сірә, әлденесі салбырап түсіп бара жатқандай, қолдарын қалталардан шығармады. Шағын шаруа бастығы қос қолын ала жүгіргенде де әлдеқандай асылынан айырылып қалатындай қолдары босамады.

Бұршақ ұрып қиратқан қалың бидайға қарап тұрып, Губернатор:

– Надо же, – деді.


Ояз:

– Апат айтып келмейді деген осы, – деді.

Нөкерлер қырқылып түскен масақтарды теріп алып, дүмбіл дәнді ауыздарына салып, бастарын шайқап-шайқап қояды.

Губернатор бір қолын шалбарының қалтасынан әрең шығарып, масақтың біреуін салмақтап көріп, Оязға:

– Ну, что ж, босқа кетпес үшін бұл жерге тауықтарды әкеліп бағу керек, – деді.



Ояз күлейін деп күле алмады. Шағын шаруа бастығы бет-аузы түтігіп, көзі шатынап:

– Бүкіл облыстан жинамаса, бір ауылдың тауығы тауыса алмайды, – деді.

Губернатор оған сыздана қарап:

– Қандай көмек керек? – деді.

– Бензин керек, солярка керек, кредит керек.

– Егіс сезоны өтіп кетті ғой, ол неге керек?

– Күздік салу үшін керек, пар мен сүдігер үшін...

– Что такое күздік?

Ояз Губернатордың жеңінен тартып қалып, құлағына бірдеңе деп сыбырлады.

Губернатор:

– А, вот оно что, – деді. – Ал, сүдігер деген не бәле?

– Зябь...

Губернатор өзек жаққа қарай беттей барып, Изеннің арасына кіріп кетті. Қос қолын да қалтасынан шығарып, әлгі бір асылы орнында ма, жоқ па дегендей, шалбарының құлпын ашып жіберіп, сәл тұрды да, әлгісін сілкіп-сілкіп, қайтадан шалбарына салып қойды. Сонысы түсіп қалмасын деп қолын тағы да қалтасына сұғып алды. Бұрыла беріп, төмпешіктеу боп жатқан мұзды әдемі туфлиінің тұмсығымен түртіп жіберіп еді, астынан қимылсыз жатқан Бұлдырық көрінді.

– Ей, мынау не? Рябчик что ли? – деп нөкерлеріне айқайлады.

Бәрі де елпеңдеп жетіп келді. Нөкерлердің бірі – Бұлдырықты келте қанатынан ұстап көтеріп алып еді, астынан жыбыр-жыбыр етіп, шала-жансар балапандар қимылдады.

Губернатор:

– Жаль, жаль, – деді, мына рябчик или куропатка тірі болғанда атып алар едік. Жанындағы Оязға қарап: – а, может тірілері бар шығар, а?

Нөкерлеріне:

– Давай, багажниктегі мылтықты әкел! – деді.

Шағын шаруа бастығы:

– Бүткіл Төскейде тірі Бұлдырық қалған жоқ. Көрмейсіз бе бәрі балапан басып жатқанда қырылып қалды ғой, – деді қабағын қарс жауып.

– Ну, что ж, – деді Губернатор. – Онда бутылкаларды атамыз. Нөкерлеріне қарап, – Ташите, – деп иек қақты.

Губернатордың тілін иек қағысынан түсінетін аңшы тазыдай



сумаңдаған нөкерлер арақ аузынан кейде тамшылап, кейде лақылдап ағатын тырна мойын бөтелкелерді лезде жеткізді.

– За упокой души, как ее, Бульдурук, что ли, – деді Губернатор.

Шағын шаруа бастығы теріс қарап кетіп еді, Губернатор:

– Сен не, сенен басқа не переживают, что ли, ал! – деп ақырды. Анау да қырсық екен, ішпей қойды. Жаңа ғана зират жақтан Ақ Будың айқайлап айтқаны әлі құлағынан кетпеген байғұс: «Құдайдың шын қаһарына енді ілінетін болдық-ау», – деп ішіне найзағай оты түсіп кетіп еді.

Нөкерлер босаған бөтелкелерді өзек жиегінде теңкиіп-теңкиіп жатқан тастардың үстіне апарып қаз-қатар тізіп қойды.

– Бытыралы мылтықпен атуға запрещаю, – деді Губернатор. – Жалғыз оқпен алыстан атамыз. Во всем нужна честность и справедливость.

Алыстан атқандардың оғы бөтелкеге тимей кетіп жатты. Не тасқа тиеді, не үстінен асып кетеді. Тастардан от шығады. Шырт ете қалады. Тастың да шыбын жаны бар ма кім біледі.

Ақыры Губернатор бір бөтелкенің быт-шытын шығарды. Онікі дүрбілі ауыр винчестер еді. Тау басындағы арқарды атуға арналған мылтық.

Губернатордың құрметіне Шағын шаруа бастығынан басқаның бәрі ұлардай шуылдап тост көтерді.

Губернатор айтты:

– Так, не интересно, – деді. – Одан да ана жатқан балапандарды тасқа апарып тізіп қойыңдар. Бәрібір мал болмайды. Что нибудь живое надо.


Губернатор айтты – орындалды.

Губернатордың дүрбілі мылтығынан бірінші оқ атылғанда аспанда найзағай жарқ ете қалды. Бұлар шуылдасып жүріп байқамаған екен. Аспан қатты түксиіп, түнеріп кеткен екен. Кенет тасырлата бұршақ жауып кеп берсін. О, ғажап! Үлкендігі жұмыртқадай бұршақтың түсі қып-қызыл екен. Жерге түскендері әлгіде ғана қызған Күннің жылуынан тез еріп, қанжылым қызғылтым су жылжып аға бастады.

Шошып кеткен Губернатор командасы «Джиптеріне» тез-тез мініп, қара жолға қарай қаша жөнелді.

Жыртық-жыртық әйнегін қып-қызыл қан жуған машинаның иесі әлгілердің артынан қарап сілейді де қалды.

Бәлкім, зұлмат кезең куәсіндей, тасыраң ғасыр ескерткіші ретінде тасқа айналып кететін шығар... Мың жылдан кейін археологтар: «Бұл



қай дәуірден қалған?» – деп милары ашитын шығар...

Археологтар кейде мың жыл ары, мың жыл бері шатаса береді. Сонда диплом сатып алған бір академик: «Бұл – балбал тас, Иисус Христос туылғанға дейін қойылған», – деп соғуы да мүмкін.

ТӘУЕКЕЛ ТОЙ

Аталас ағайыны Төкеннің үйіне Керімқұл жетіп келді. Жүрісі алқын-жұлқын. Терлеп кетіпті.

– Байғұс-ау, тыныштық па? Әлде қатының ұл тапты ма? – деді төсекте сырқаттанып жатқан Төкең.

– Ұлды таба-таба қартайды ғой. Енді сол ұлдардың үлкенін үйлендірмекшімін.

– Әй, әлгі Нұркенің бе? Ол әлі студент емес пе еді?

– Е, студенттің шыбығы сыздамай ма екен? Он үшінде отау иесі деген. Кәзір жиырмаға келді.

Ағайыны ойланып қалды.Өзінің әкесі жарықтық Құттыбекті баяғыда он үшінде-ақ үйлендірген екен Есей бай. Мына Керімқұлдың әкесі Қарағұл мен Есей бай бір атадан – Тоқсанбайдан туған.

«Мұнықі де дұрыс-ау, – деп қойды ішінен ағайыны. – Адам бейшараның ғұмыры қысқа, жүзге келсе де аз ғой. Қарға екеш қарға да үш жүз жыл жасайды дейді. Менің Ботаханым отызға таяды. Әлі бойдақ. Жоқ, бұл Керімқұлдікі де дұрыс бір жағынан».

– Тойды қайда өткізбексің? Үйіңде ме?

– Жоқ, – деді Керімқұл шоқ басып алғандай шошып кетіп. – Үйге кім сыяды? Мен бес жүз адам шақырамын.

– Не дейді? – деп жайшылықта сабырлы Төкең жастықтан басын көтеріп алды. – Бес жүз ағайын, жегжатты қайдан таптың?

– Таптым. Мына жағы – Жасылкент, мына жағы – Мәуелі. Сен сияқты үйде омалып отырып алмаймын. Үш облысты аралап жүріп, ағайын, құда, жегжат бәрін таптым. Тоқсанбай бабамыздан тараған үрім-бұтақтың өзі жүзден асады. Біз өніп-өскен тұқымбыз ғой. Енді сол үрдісті ары қарай дамыта беру керек емес пе? Әрі десе той шашырап кеткен туыстың басын біріктіреді. Ей, Төке, бұл той деген – дәнекер біле білсең.



– Байғұс-ау, қарға тамырлы қазақта не көп, жегжат көп. Санай берсең, мыңнан асады. Маған десең, мың адам шақыр. Бірақ ақшаны қайдан табасың? Әлде баяғы Есей байдың Қыршынды тауына тығып кеткен алтынын тауып алдың ба? – деп Төкең күйіне бастады.

Күйінбей қайтеді, бес жүз адам ең кемі екеу арадан бір бөтелке арақ ішеді. Басқа ішіп-жемін айтпағанда. Бес жүзіне сонда, шамамен, екі жүз елу бөтелке арақ-шарап керек.

– Былай өзі, есебін шығардың ба? Калькулятор деген болады.

– Ой, Төке-ай, – деп Керімқұл сасырдың сояуындай қолын бір-ақ сілтеді. – Бес жүз адам әрқайсысы ең құрығанда бес мыңнан теңге әкелмей ме? Қайта, менің есебім бойынша, ресторанның төлемінен артылып, өз қалтамда қалады.

– Ау, сонда сол тойға шақыратын ағайынның бәрі бай деп ойлайсың ба?

Керімқұлдың сояудай сидаң қолдары ербеңдеп кетті. Құрықтай мойнының тамыры білеуленіп:

– Байы да бар, бақуаты да бар. Сорлы емес. Мысалы, ана Жасылкенттегі Жеңіскүлді ал. Үш баласы үш фирма ұстайды. Бір келіні банкир. Жеңіскүл өзіміздің жиен қарындасымыз ғой. Жақында Лондонға барып қайтты. Меккеге қажылыққа барып келген. Ол үшін бір мың доллар, пішту, шемішке шаққан ғұрлы емес. Соның өзі-ақ ресторанның жарты ақысын атқарады... – деп екіленіп, екпіндеп барып әрең тоқтады.

Бір-екі жас үлкендігі бар, майдангер немере ағасы Төкең қатты ойланып, басын ұстап, отырып-отырып:


– Қайдам, – деді. – Қай ресторанды алмақшысың?

– Қай ресторан болушы еді – «Аспантау»! Қаладағы ең мықтысы сол.

Төкең басын шайқады.

* * *

Зеңбірек көшесіндегі «Аспантау» ресторaны шаһарға көрік беріп, шырайын кіргізіп тұратын бірегей ғимарат. Алды-арты зипа терек, жасыл шырша. Кемеліне келген раушан гүлдің хош иісінен бас айналып, ішпей-жемей масаң тартқызғандай. Іргесінен Талас өзенінің бір саласы ағып жатыр. Өзенді жағалай тігілген қызыл-жасыл шатырлардың астында сыра ішіп, кекіріп отырған адамдар.



Сексеуілдің шоғына қақталған кәуаптың иісінен сілекейің шұбырғандай.

Күндізгі ыстықтың аптабы қайтып, өзеннен жаныңды жай тапқызар леп ескенде, алғашқы қонақтар келе бастады.

Сидаң бойлы, сіріңке қоңыр реңді, бурыл шашты Керімқұл ақ костюм, ақ көйлек, қара галстук тағып алып, егде тартқан жасына қарамай, ұшқыр аттай лыпылдап, жайраңдап, құрметті меймандардың алдынан шығып, аймаласып, құшақтасып, құрмет көрсетіп-ақ жүр.

Кейбір сәті, өзен жағасында кәуап пісірген жерді торып, әркімнің аузына жаутаң-жаутаң қарап, құйрығын бұлғаңдатып, көздері мөлие қалатын, өмірі бүйірі томпаймайтын, сұрғылт сидаң қаншықты көзге елестеткендей.

Құшақтасып, құтты болсын айтқан адамдардан болар-болмас көз қараспен әлдене дәметкендей кейпі бар.

Алыстан:

– Ассалау-ма-ға-лей-күм! – деп дауыстай сәлемдесіп, ақсаңдай басып, майдангер жездесі Төрегелді келді. – Той құтты болсын, Керімқұл шырағым!

Керімқұл екеуі төс түйістіріп, ұзақ құшақтасты. Жездесінің ішкі төс қалтасы томпақтау екен. Керімқұлдың бүйрегі бұлк етіп, мол дүниеден дәметіп қалды. Жездесі бір қолымен бурыл шоқша сақалын сипалап, бір қолын ішкі қалтасына салды.

– Шырағым Керімқұл, жаман жездеңнің тойыңа қосқаны осы. Сенен аярым жоқ. Пенсионердің бергенін азырқанбассың. – Осыны айтып Төрекең кіршеңдеу томпақ конвертті Керімқұлдың қойнына сүңгітіп жіберді.

Риза болған Керімқұл қаншырдай шағын шалды құшырлана құшақтады.

– Жанашырдың жақсылығы осындайда сыналады, жездеке. Баяғыда әпкемді қалыңмалсыз алып кетіп едің. Мына бергенің соның есесі ғой деймін, – деп Керімқұл жездесін қағыта күліп алды.

– Оның рас. «Ер мойнында қыл арқан шірімес» деуші еді. Мойнымдағы қарызымнан құтылдым-ау деймін. Енді риза шығарсың. Әпкеңнің қалыңын енді дауламассың.

Қаншырдай қара шал құтыңдай күліп, аяғын сылти басып, басқа кісілерге қарай бұрылды.

Қазақтың тойы әзіл-қалжыңмен жарасымды. Қонақтардың алды



сол қалжың көркімен қауқылдасып, өзен жағалай өскен сүмбіл шаш өрім талдың көлеңкесіне топтана бастады.

Ала көңіл Керімқұл жездесі беріп кеткен конверттің ішінде қанша барын біле алмай, білгісі келіп қипақтап, жұрт көзінше ашып қарай алмай, оңаша шығып та кете алмай, тыпырши берді.

Таластан бөлініп аққан ботана су сылқ-сылқ күлді.

Жақындағы жегжаттан біраз дәмесі бар еді. Бірақ бұл қаланың қақатұяқтары, биттің қабығынан биялай тоқыған әккілер жарытпады. Көбісі бір-бір уыс гүл ұстап келді.

– «Ата дәстүрін білмеген албастылар, – деді ішінен Керімқұл, – қай қазақ бұрын тойға гүл ұстап келуші еді? Гүл дегенің кәдімгі шөп. Аш сиыр болмаса, мұндайды мал да жемейді. Бірер күннен кейін өрт шалғандай бүрісіп, қарайып қурап қалады. Көп қабатты үйден шығарып, қоқысқа тастап құр бекер әуре боласың».

Сөйтіп сырты бүтін, іші түтін болып тұрғанда, ресторанның алдына шаң-шаң болып бір грузовик тоқтады. Шофердің қасынан қоңқақ мұрын, тыртық тақырбас, балуан тәкілеттес, гүржиген біреу түсіп, шоферға:

–Кузовты аш, – деді екпіндей сөйлеп. Шофер кузовтан төрт аяғы шандулы бір қойды түсіріп жатқанда, әлгі дәу Керімқұлды бас салып құшақтап, құтты болсын айтты. Бұл сонау Ойпаңбелдегі нағашы Сарыбай көкпаршы еді.

Керімқұл дәудің құшағында тұншығып бара жатты. Дәу терлеген екен. Теке сасықтан демі тарылып, мұрнын басайын десе қолы босамай, пұшайман болды. Ақ костюмге қара май жұғып қалғандай:


– Оу, нағашы, босат енді, – деп бұлқынды.

– А, жиен, тойың құтты болсын. Сенен немді аяйын, тойыңа құнан қой әкелдім, қабыл ал, – деп күркіреді Сарыбай.

Құйрықты қазақы қой екен, Керімқұл ішінен: «Он мың болып қалар» деп есепке салды. Ораза кезі болса, бағасы одан да жоғары көтерілер еді, бірақ Ораза айы әлі алыста.

Керімқұлдың ішінде ызғар. Іші уілдейді. Шақпақтың боранындай. Жұрт алдында көңілді көрінген болады. Бірақ көңілі түскір аласапыран. Тыпырши береді. Адамдар оны өзінің ала құйын, алыпқаш мінезіне балап қойды. Қаланың шетінде тұратын базаршы Күләй қарындасы қазақбайшылап леген көтеріп келіпті. Онысы бірер уыс өрік-мейіз, бірер уыс бауырсақ, бірер уыс арзан кәмпит.

– «Осыларды да бауыр, жанашыр дейді-ау, – деп күйінді Керімқұл. –



Атаңа нәлет саудагер. Жұмыртқадан жүн қырыққан иттер. Бұларды туысқан деп несіне шақырдым?»

Ендігі үміті, ендігі зарыға күткені – Жеңіскүл. Жасылкенттен жеткенше біршама алыс жер. Кешігіп жатқан шығар. Керімқұл кешкі аспанға қарады. Қаланың аспаны тозаңданып, сұрғылт тартып тұр екен. Аспаннан ақ періште бейнесінде Жеңіскүл ұшып келіп, той тобына топ етіп түсе қалатындай, аспаннан алтын жаңбыр жауатындай жаутаң-жаутаң қарады.

Керімқұлдың ауылынан шыққан әнші, облыстық филармонияның артисі, аталас болып келетін Сәтек серіні той иесі тамада боласың деп шақырған. Бадырақтау бақа көз, бұйрабас Сәтек сері Керімқұлға:

– Конақтар тұрып қалды. Бастамаймыз ба, көке, – деп сыбырлады.

Керімқұл оны танымай қалғандай біртүрлі таңдана қарап барып, лезде есін жиып:

– Кісілер келіп болған жоқ. Сен ән салып, домбыра тартып, жұртты алдаңқырата тұр, – деді.

– Көке, өзіңіз айтқан соң екі әншіні ерте келіп едім, әрине, ақысын жемейсіз ғой.

Күйіп тұрған Керімқұл:

– Миды ашытпай қоя тұршы, – деп тағы да аспанға қарады. Аспаннан алтын артып келе жатқан керуен көрінбеді.

Керімқұл мына кешкі қапырықтың өзінде жаурағандай қалтырай бастады. Той емес, әлдекімнің жаназасын шығарып жатқандай түтігіп кетті. Бірер конверт түскен қалтасын сипалай береді. Ол конверттердің ішінде қанша ақша жатқаны белгісіз. Жұрттың көзінше санай алмайсың ғой. Былайырақ шығып, туалетке кіріп кетіп санап алайын десе, оның ретін таппады. Санағанда алтын мен күміске қолы малына қалмайтынын көңілі түскір сезеді. Жездесі берген томпақ конверт болмаса... Қырғыздан темекі тасып, соны стакандап сатып жүрген майда саудагерде қай бір ірі ақша болады дейсің. Бұл заман – сигарет заманы. Баяғыдай газетке орап шылым тартатындар бар дейсіз бе. Сигаретке қанбайтындар болмаса...

Су бойында бақалар бақылдай бастады. Олардың бақылдағаны әлдекімдердің сақылдап күлгені сияқты боп естіледі. Даладан бақалар да безіп кетіп, қалаға келген бе? Несі бар мұнда?

Ауылдағылар қалаға қарай ағылып жатыр. Олардікі, бәлкім, жөн шығар. Ал, бақаға не жоқ? Оларға да жұмыс табылмай қалған ба? Әне ана бір бала жүр адамдарды жағалап. Шашы өсіп кеткен. Сірә,үшінші,



төртінші сыныптың баласы-ау. Үсті-басы подвалда түнеп шыққандай мыж-мыж. Әркім-әркім сол баланың өзіндей мыж-мыж болған жыртық-жыртық үш теңгелік, бес теңгелік бірдеңелерді берген болады да, әлгі көзі мөлиген міскінге тура қарауға дәті шыдамай, теріс айналып кетеді. Жас баласы қайыр сұраған елдің тойы да жарасымсыз шығар.

Бала Керімқұлға жақындап келді. Той иесі екенін қайдан білсін. Шырттай ақ киінген соң бардам мырза деп қалған шығар. Үні шықпай, ерні ғана жыбырлап, алақанын ашып та жаймай, алақанға салғанды түсіріп алатындай, қолын қусыра созады. Күйіп тұрған Керімқұл:

– Кет, әйда! – деп бұрылып кетті.

Шырыштай болып тап-таза киінген үлкен кісіден мынандай сөлекет сөз есітемін деп ойламаған жас бала жүрегіне қалмақтың оғы тигендей қатты назаланып қалды. Қайыршы болма. Қайыршы болсаң – арсыз бол. Мың түрлі адам бар – мың түрлі мінез бар. Соның сорақыларына мән бере берсең, жауқазыныңнан жайрайсың.


Бала көше бойындағы зипа терекке арқасын тіреп, жүрелеп отыра кетті. Әлгі жекуді көтере алмай қалды. Әлдекім тұмсығынан тепкен күшіктей ішінен қыңсылады.

Дәл осы сәтте алды-арты жарқылдаған, пошымы бөтен, өңкигендеу бір машина келіп, тура қайыршы баланың қасына тоқтай қалды. Сөйтсе бұл көлікті «Джип» деп атайды екен. Шомбал шопыр қарғып түсіп, асыға басып, артқы есікті ашты. Ай мен күндей жарқ етіп, ар жақтан бір әйел алтын білезікке білегі толы қолын соза беріп еді, шомбал шопыр, қап-қара қолымен алтындаған ақ білектен ұстап, әлгі ханымды сүйемелдеп жерге түсірді.

Керімқұл мойнына іштей алабұршақ салып, Алладан тілеген Жеңіскүл осы еді. Көк терекке сүйеніп, бүкіл әлемді жек көріп отырған қайыршы бала орнынан атып тұрды. Жеңіскүлдің жүрегінің тұсынан құлпырма күн шыққандай әлдене жарқ ете қалды. Оның не екенін бала түсінген жоқ, тек көзі қарыққандай болды.

Жеңіскүл табанын жерге тигізерін не тигізбесін білмей перламутр туфлиінің өкшесімен ғана тұрып қалды. Қасиетті Әулиеатаның көшелері күнде сыпырыла бермейді ғой, сәл шаң-топырақтау еді. Әттең Керімқұлдың есіне келмегені-ай, әйтпесе Жеңіскүлдің жолына кілем төсеп тастауы керек еді ғой.

Керімқұлдың сидаң сирағы шегірткенің серпініндей ыршып кетіп, жиен қыздың қасына бір-ақ қарғып жетті. Бара бас салып құшақтап, жиенінің бетінен ары да сүйді, бері де сүйді.



Жеңіскүл қанша қарсыласса да болмай, өліп кетердей өңменделі. Шіркінде сезім болсашы, өзінше жағынамын дегені. Оны Жеңіскүл жақтырмайды. Өйткені Жасылкенттің «Арулар залында» үш сағат отырып жасатқан прическасы, макияжы құрыды ғой. Сілекейден беті айран жаққандай айғыз-айғыз болып қалды.

Керімқұлдың арынын әрең басып:

– Немене, нағашы, тегі... жүдә сағынып қалғансыз ба, – деді жыламсырап. – Тойыңыз құтты болсын! Тойыңызға қосқан скромный тарту, – деп туфлиі түстес перламутр сөмкеден бір конверт алып, нағашысына ұстата берді. Құтылдым ба, құтылмадым ба дегендей, бұрылып ала жөнелді.

Керімқұлдың кеудесіне күдік кірді. Конверт жұқа, «скромный» деп жиен қыздың өзі айтты. Соңғы үміт осы жиен қызда болатын. Әлде доллар шығар деп жұбатты өзін. Әрине, доллар. Жеңіскүл теңгені не қылсын. Доллардың қағазы жұқа, бағасы қалың. Шымалдай жұрттың көзінше, конвертті ашып қарай алмай көзімен көріп, қолымен ұстап, саусақпен шытырлатып санай алмай, көңілі сенбей, қатты қиналды. Туалетке кіріп кетіп, санамаққа тағы батылы бармады.

Әлгінде ғана Керімқұл Жеңіскүлді құшақтап, құшып-құшып сүйген жерге қайыршы баланың көзі қайта түсіп еді, көзін шағылыстырып, әлдене тағы жарқ еткендей болды. Талдың түбінен былай шығып сол жарқылдаққа жақындады.

Бұл кезде той бастаушы айқайлап жұртты ресторанның ішіне шақырған.

Бала барып топыраққа шала батып жатқан әлгі жылтырауықты алып, алақанына салып көрді.

Жеңімен шаң-топырағын сүртті. Алақанында күн күлгендей болды. «Алуаға апарып берейін» деп қалтасына сала салды. Алуа қарындасы еді, өзі сияқты киімі жоқтан мектепке де бара алмай қалған. Шешесі екеуі бүгін базар жаққа кеткен. Сірә, Алуа да базарда әркімге алақан жайып жүрген шығар. Қайыршы қызға әсем тана не керек деп, бала судың жағасында, ақсақ иттің қасында тұрып, қалтасындағы жылтырақ затты өзенге лақтырып жібергісі де келді. Алуаның кір-кір жамау көйлегіне жараспайтын да шығар.

Қалтасынан шығарып, күнге тосып, қасындағы ақсақ иттің көзіне шағылыстырды. Ит шошып түсіп, шойқаңдай басып, әрірек барып отырды. Итке гауһартастың керегі жоқ. Онан да анау кәуап, сыра сіміріп отырғандар бір түйір ет лақтырса, сол олжа. Кәуап шайнап



отырғандарға мөлие қарайды. Қаңғыбас иттің көзінде адам түбіне жетпес тұңғиық терең мұң болады.

Той қыза бастаған тұста алғашқылардың бірі саналып, Жеңіскүлге сөз берілді. Тойбасы да құйқылжытты-ау:

– Түп-тұқиянынан бері асыл затты, ақсүйек, тектілердің тұяғы, ай мен күндей ажарлы, жүрген жері құт-береке базарлы, қазақ әйелдерінің эталоны десе де болғандай Жеңіскүл ханымға сөз кезегін аса бір құрметпен ұсынамын!

Мұндай қолпаштаудан кейін жиналған жұрт бәрі де Жеңіскүлге жаппай қол шапалақтап, бәрі де соның аузынан алтын төгілетіндей, сілтідей тынып, назар аударды. Мұндай мол ықыласқа масаттанған Жеңіскүл өзіне қадалған сол көздерді құлағындағы, мойнындағы, омырауындағы меруерт, лағыл, гауһар тастармен қарықтырмақ болып, жан-жағына бұрылды.

Жайшылықтағы гу-гу әңгіме, абыр-сабыр қимыл, жүріс-тұрыс сап тыйылды. Шымылдық тұтылған төрдегі жас жұбайлар орындарынан атып түрегеліп, генерал көрген солдаттай қалшия қалды.

Жеңіскүл ән салатын халық артистеріндей алтын-гауһары жарқыраған жұдырығын аузына тақап, бір жөткірініп алды да тарғыл-тарғыл ащы дауыспен сөз бастады. Жәмпеңдеген тамада микрофонды аузына тосты.

– Ардақты нағашым Керімқұл, – деді Жеңіскүл, – тамағын тағы да кенеп. – Менің аяулы анам Әсемгүлдің ағасы... – Осы арада даусы дірілдеп бара жатты. – Анам тірі болғанда осы тойға өзі қатысатын еді-ау, – деп барып, жарқ-жұрқ еткен шағын сөмкеден аппақ бәтес орамалын алып, көзін сүрткендей болды. Оған сол қимылдан бетіне қалың жағылған опа омырауына түсіп, жұғып қалғандай көрінді де, әлгі орамалмен кеудесін сүрте беріп... мелшиді де қалды.

Сөйлей алмайды. Кенет тілі күрмелгендей. Албыраған ақсары жүзі қуқылданып, боп-боз болып, тіпті көгістеніп бара жатқандай көрінді.

Жан-жағында, қарсы алдында отырғандар, бүкіл зал үрпиіп, не болғанын біле алмай дал.


Жеңіскүл омырауын қайта-қайта сипалай берді. Еденге қарады. Одан үңіліп, үстелдің астына қарады. Одан микрофон ұстап мелшиіп тұрған тамадаға қарады. Көк жасыл сары көздері зәрленіп:

– Сен алған жоқсың ба? – деп зірк етті.

Ана байғұс сасқалақтап:

– Ойбай, апай, нені? – деп ыршып түсті.

– Мына омырауымдағы бриллиант тананы.



– Ойбай, апай, не деп тұрсыз, тана көрсем, мені тана тұрмақ өгіз ұрсын!

– Жаңа маған микрофон ұсынғанда қолың омырауыма тиіп кеткендей болған...

– Тана деп тұрғаныңыз не тана ол?

– Бриллиантовые подвески на пятьдесят тысяч долларов! Ақымақ!

Көк жасыл сары көздері енді ақшиып бара жатты. Тамада шын сескеніп, кейін шегінді.

– Ұстаңдар ананы! Нағашы, ана сұмырай қашып кетпесін! – деп баж-баж етті Жеңіскүл.

Тойдағы жұрт орындарынан өре түрегелді.

Керімкұл жан ұшырып, не қыларын білмей, тозақтың отына түсіп кеткендей:

– Әй, жетпегір, алсаң бере ғой, әшейін ойнап алған шығарсың, – деді тамадаға.

– Әу, көке, не деп тұрсыз, неғылған бриллиант? Мә, қара! Тінт! – деп тамада екі қолын екі жаққа жайып жіберді.

Сонда Жеңіскүлдің қарсы алдыда отырған жуантық қазақы қара кемпір:

– Ау, Жеңіскүл қарағым, мен бағанадан бері сенің шашыңдағы, құлағыңдағы, мойныңдағы, білегіңдегі, саусақтарыңдағы алтын, ғауһарларыңның бәрін сан қайтара санап шықтым. Екі көзім сенде. Бірақ омырауыңнан ғауһар тана көрген жоқпын. Көрсем оны да қызықтар едім ғой, – деді.

Салиқалы кемпірдің сөзі салмақты шықты.

– Тойдан той көріп жүріп, мұндай концерт көрген жоқпын, – деп қарқылдады әлдекім. Жұрттың бәрі үстерінен зіл қаратас түскендей қауқылдасып, күлісіп, орындарына қайыра жайғаса берейін деп еді...

Жеңіскүл қайта қозды. Үні тарғылданып:

– Әй, нағашы, – деді. Орнынан былай шығып, Керімкұлға қарай кетіп бара жатып, артына қайта бұрылып, орындықтың арқалығына іліп қойған перламутр сөмкесін ала салып, Керімкұлға ымдап: сыртқа шық дегендей ишара жасады.

Ресторанның дәлізіне шыға бере:

– Нағашы, мен сізді жұрт көзінше ұялтпайын дедім. Тойыңыздың шырқы бұзылмасын десеңіз, беріңіз! – деп қатқыл бұйыра сөйледі.

Керімкұлдың көзі шарасынан шыға жаздады.



– Нені, байғұс-ау?

– Нені, нені? Бриллиант тананы!

– Шырағым, шалықтап тұрсың ба? Бірләнт деген бәлені қашан беріп едің маған?

– Жаңа мен машинадан түскенде мені неге құшырланып құшақтады десем, омырауымдағы тананы алып қойған екенсің ғой. Бер, бере ғой енді, мен ешкімге айтпай-ақ қояйын.

Керімқұл не дерін білмей, тілі байланып мелшиді де қалды.

Бұл кезде жұрт ошарылып қалмасын деп, тамада жігіт анекдот соқты.

– Бір өзбек, бір орыс, бір қазақ болыпты. Үшеуі де арманшыл екен. Өзбек: шіркін, Айға барып, базар ашсам дейді. Орыс: орасан арақ зауытым болса деп армандайды. Қазақ: әйелім ұл тауып, шілдехана тойын жасасам; одан сәл өте бере бесік тойын жасасам; одан өте бере тұсаукесер тойы болса; одан өте бере сүндет тойын дүркіретсем; одан өте бере мектепке барған тойын, мектеп бітірген тойын; академияға түскен тойын, оны бітірген тойын өткізсем. Содан соң үйлену тойын бес жүз адам шақырып шуылдатсам... Не керек, қазақтың арманы:той, той, той.

Жиналғандар қотыраш қана қол шапалақтады.

Әлден уақыттан кейін Керімқұлға тіл бітіп:

– Мүмкін, сен машинадан шыға бергенде, мен сені нетіп... құшақтаған жерге түсіп қалған шығар, – деді.

Жеңіскүлдің шатынап тұрған тарғыл көзінен үміт оты жылт етіп:

– Жүр, онда қарайық, – деп есікке беттеді.

Дала күңгірттеніп, іңір сөніп бара жатқан кез екен. Қаланың көшелері қап-қараңғы. Ресторанның алдына ілінген жалғыз шамның жарығы бозалаң. Ал, өзен бойындағы сырахана әлі гуілдеп жатыр. Бақалар да той тойлағандай мәз-мейрам. Олардың бриллианты жоқ, сондықтан жанжал да жоқ. Рақат теңізінде кезек-кезек ән салады.

Алагеуім қараңғыда не іздеп мандырасың. Нағашы-жиен бір-бірімен сағыныса көріскен жерді Жеңіскүл перламутр-седеп туфлиінің істік тұмсығымен ары түрткіледі, бері түрткіледі. Седеп туфли әбден шаң-топырақ болды. Жеңіскүл оны да елеген жоқ. Бриллиант табылса, туфли садақа, оның тұмсығымен кеніш қазуға да пейіл.

Жандарына сержант погонды милиционер келді:

– Не іздеп жүрсіздер?

– Бағана осы жерге бриллиант танам түсіп қалыпты, – деді Жеңіскүл омырауындағы тананың орнын сипалап тұрып, жыламсырап.



Неге екенін кім білсін, оған осы милиционер мейірімді періштедей көрінді.

– Бағана болғанда қай сағатта? – деп милиционер уақыт дәлдігін талап етті.

– Сағат кешкі сегізден өте бере... – сөзге араласты Керімқұл.

– Одан бері бұл жерден сан-сапалақ адам өтті, бәрі соқыр емес қой...

– Айналайын, өзің бір иманды бала екенсің, көмектесіп жіберші, жаным, – деп Жеңіскүл әлгіге жата кеп жалбарынды дейсің.

– Оу, өзіңіз қызық екенсіз, сонда мен қайдан іздемекпін? Мүмкін, мына тойға келгендердің біреуі алған шығар.

– Онда қайтеміз, той тарқамай тұрғанда, солардан сіз сұрап, нетіп, тергеп, тінтіп... – деп күмілжіді Жеңіскүл.

– Не деп кеттің, ойбай, – деп Керімқұл баж ете қалды. – Тойға шақырылған қонақтарын Керімқұл милиция шақырып тінткізіпті деген масқараға қалдырмақшымысың мені?!

Бұл кезде қонақтар да біртіндеп сыртқа шыға бастаған. Оларды алдарқатып анекдот айтып, артистерге ән салдырып, жұртты ұстап тұруға тырысқан тамаданың жан далбасасынан да ештеңе шықпады. Жұрт тарай бастады.

Керімқұлдың:

– Ау, ағайын, бұларың қалай, шыдай тұрмадыңдар ма. Кәзір қыздырамыз. Той қызығы алда, – деп әркімнің алдына бір шығып, елпеңдегені де ешкімді тоқтата алмады.

– Басқа ешбір тойда болмаған қызыққа баттық, рақмет, – десіп қайырылмай кете барды.

Тамада келіп, Керімқұлға:

– Аға, ана артистер ақы талап етіп жатыр, – деп еді, Керімқұл шарт кетіп:

– Ой, әртістеріңнің... – бақырып жіберді.

Ресторанның завзалы келіп:

–Той тез тарқады ғой, бізге де жақсы. Қолымыз ерте босайтын болды. Давайте, расчитаемся, – деді.

Керімқұл, амал жоқ, ішке кіріп, қалталарындағы конверттерін ақтара бастады. Жездесі берген ең қалың конверт қолына алдымен ілікті. Конверт қамырмен желімделген екен, желімі оңай ажырай қоймаған соң саңылау тесікке саусағын сұғып, кіршең конвертті дар еткізді.

Жүрегінің аздаған дімкәсі бар еді, сол құрғыр шаншып-шаншып алып, артынша сыздап қоя берді.

Конверттің іші тола шылым орауға арналған газет қиындылары. Арагідік арасында кілең бір теңгеліктер. Бір тілім ақ қағазға:

«Керімқұл қайным!
Той құтты болсын!
Пенсионер шалдың кәсібінен табылған табыс осы. Риза бол.
Жездең Төрегелді»

деген қисық-қыңыр жазуды оқыды да, орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

ЖАРАМАЗАН

Ораза айы еді. Жарықтық, ораза айы осы жылы қыстың қақаған ортасына тап болар ма. Әсіресе алыстағы ауылда жатаған үйлерді аязды күн қатарынан соққан боранынан күртік қар басып қалады.

Мүсірепхан сол боранды сағынды. Ақырған ақ боранға қарсы жүрсе көзі ашылып кететіндей көрінді де тұрды. Мүсірепхан бесікте жатқанда қара шешекпен ауырды. Тумай жатып соншама қатерлі дертке шалдырған құдайдың құдіретіне дауа бар ма? Қара шешек құры кетпеді, Мүсірепханның қос жанарын ала кетті.

Сондықтан да, Мүсірепханда ақ, қара, қызыл, сары көк, жасыл яғни түс деген ұғым болмайды. Аспанда жарық күннің бар-жоғы оған бәрібір.


Дүние ол үшін шексіз қара түнек. Әкесі байғұс Мүсірепханды апармаған дәрігері, бақсы-балгері қалмады. Еш дауа болмады.

Ақыры болмаған соң қаладағы соқырлардың оқуына өткізді.

Мүсірепхан үшін ауылды сағыну содан басталды. Кей-кейде ауылға кетіп қалғысы келеді. Бірақ оның қай тұста екенін білмейді. Мүсірепхан үшін Оңтүстік, Солтүстік, Күншығыс, Күнбатыс деген ұғым жоқ.

Мүсірепхан үшін дүние төрт қанатты шаршы емес. Дөп–дөңгелек. Ол жатқан интернаттың айналасы биік дуал. Дуалдың бұрыштары жоқ, шеңбер сияқты.

Осы шеңбердің ішінде Мүсірепхан ержетіп, бозбала дәуіріне де жетті. Бірақ бәрібір ауылды сағынғанын қоя алмады. Қошақан,



қозы-лақтың маңырағаны, сиырлардың мөңірегені, жылқылардың кісінегені, тіпті есектердің ақырғаны құлағынан кетпейді. Олардың түсін түстеп, түр-тұрпатын болжай алмайды. Тек дауыстарынан таниды.

Жаратушы құдірет Мүсірепханға көз жанарын бермегенмен, құлағын мейлінше нәзік, мейлінше сезімтал жаратқан.

Соқырлар мектебінде әнші-күйші, түрлі өнерпаздар үйірмесі бар. Мүсірепхан сол үйірменің белсендісі. Көп балалардың ішінде Мүсірепханға туған бауырындай болып кеткені Хәкім еді ғой. Хәкім шебер домбырашы.

Хәкім домбыра тартып, Мүсірепхан ән салғанда соқырлар әлемінде өзгеше, бөтен планетаның періштелері шырқағандай болар еді.

Жарық дүниенің нұрлы сыбағасынан құр қалғандарды Жасаған ием, осындай өнер арқылы өзгелермен теңестірген сияқты.

Сондықтан да қалалық оқу басқармасы бұл екеуін айрықша марапаттап, біреуіне домбыра, біреуіне қобыз-сырнай сыйлаған.

Соқырлар мектебінің қысқы каникулы сол жылы ораза айына тұспа-тұс келіп, елден Мүсірепханның әкесі қатынап, демалысқа ауылға алып келіп еді ғой...

Ауылдағы Шәріпхан Мүсірепханмен түйдей жасты еді ғой. Ауыл мектебінен жетінші класс бітірген соң қаладағы кинотехникумға түскен. Қазір бұл да қысқы каникулға шыққан кезі екен. Шәріпхан Мүсірепханның үйіне сәлемдесе келгенде Мүсірепхан домбыра тартып, ән салып, Хәкім гармонь тартып отыр екен.

Шәріпхан Мүсірепхан екеуі құшақтасып көрісті. Мүсірепхан Шәріпханды Хәкіммен таныстырды.

Шәріпхан ай-шай жоқ, екі соқырға бірден ұсыныс айтты:

– Үйде бұйығып, боранды күнгі күшік құсап жата бересіңдер ме? Қазір ораза. Кешке үй-үйді аралап, жарамазан айтасыңдар. Қарап жата бергенше азын-аулақ ақша табайық.

– Вот это идея! – деп Мүсірепхан қуанып кетті. Лезде:

– Жәкем ұрсып жүрмесе, – деп күмілжіді.

– Ей, о не дегенің, жәкең қайта қуанбай ма. Оразадағы жарамазан айтқанның сауабы мың есе, – деді Шәріпхан ентігін баса алмай аптығып.

Мүсірепхан шешесіз жетім еді. Әкесі Мүсірепханды жанындай жақсы көреді-ақ, бірақ өгей шешесі құрғыр қызғана ма, немене, әкенің баланы айналып-толғанғанын жақтырмай көкбеттеніп қалады.



Сонымен не керек, Шәріпхан бастап, Мүсірепхан мен Хәкім қостап, жарамазан жорығына шығады ғой.

Ауыл түгел ауызашарға отырғанда, шарт аязда үш қасқа күртік қарға сүріне-қабына алғашқы үйдің тұсына келіп, қасиетті жарамазанды бастап кеп жібереді.

Қобыз-сырнай, домбырамен қосылып, оған Мүсірепхан әні үйлесіп, түнгі ауыл таң-тамаша әуенге бөленді. Көптен бері жарамазан әуенін естімеген ел елең ете қалды.

– Ой, жарықтық жарамазан тірілді, елге-жұртқа иман оралды! – деп үлкендер жағы жадырап қалды.

Ассалаумағалейкүм, жатқан байлар
Жылқысын Сусамырға баққан байлар...

Мүсірепханның даусы аязды кеште дірілдеп шығады. Сол діріл оның әуенін құлпыртып жіберетін сияқты. Мүсірепханның діріл қаққан даусы Хәкімнің қобыз-сырнайына қосылғанда бір ғажайып үйлесім табады. Ауру адам сауыққандай, кәрі адам байығандай бір заман.

Ауызашарда отырған адамдар алдарындағы асты ұмытып кетіп, әдемі әуенге ұйып қалғаны сонша олар Мүсірепханның мына қақаған қыста Сусамыр жайлауын еске алып, жадыраған жазды көзге елестеткенін де ерсі көрген жоқ.


Осы үйде жеңешем бар аппақ қана
Береді бізге орамал сақтап қана...

«Аппақ жеңешесі» сыртқа шығып, бетін аяз сүйіп, бір тостаған талқан ұсынады. Шәріпхан: – Мұның не, жеңеше, сені бұлар сонша мақтағанда талқан бергенің – деп ұялтып тастады. – Бұлар қаладан келген атақты әншілер. Талқан алмайды, берсең ақшалай жарылқа.

«Аппақ жеңеше»:

– Ойбүй, – деп ұялғансып, бетін басып, үйге кіріп кетті. Мүсірепхан мен Хәкім кешкі аспанды күңірентіп, жарамазанды соза түсті.

Ассалаумағалейкүм, ақтан келдік,
Айы туып, күні шыққан жақтан келдік.
Айтты деп жарамазан сөзге көрме,



Пайғамбар жолын қуған адам едік.
Айтамыз жарамазан елімізге,
Байлаңыз ақша-орамал белімізге,
Қайтамыз мақтай-мақтай елімізге...

Ауызашарда отырған жұрт, ауданнан келген татар молдасы бастап;

– Әб, бәрекелді, дұрыс айтады. Берсеңдер ақшалай беріңдер, – деп мырзақол болып көңілденіп, қалталарына қол сала бастады.

«Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазадының» кері келіп, жарамазаншылар қыза-қыза көрші ауылға өтіп кетсін.

* * *

Бұлар қызды-қыздымен жүріп, байқамай қалыпты, әтештердің алғашқы шақырғандарын да елемепті. Күн батыстан қар суырып, жаяу бұрқасын жүре бастаған екен. Соны сезген Мүсірепхан:

– Әй, Шәріпхан, түн ортасы ауып кетті білем, енді есіміз барда елімізді табайық, – деп қалды.

Жарамазанның олжасын жиып жүрген Шәріпхан әлгінде дүкенші Төленіштің үйінен ақшасын төлеп тұрып, бір шөлмек арақты қойнына тығып алған еді. Батырың сол арақтан қылқ-қылқ ұрттап қойып, «Сырдың суы сирағынан келмей», – суықты елемей, жарамазан табысына басы айналып қалған.

– Шыда, Мүсірепхан, шыда, ұйқың қанады әлі. Бүгінгідей сәтті күн бола бермейді. Жиналған ақшаны қолдарыңа қақ бөліп беремін. Қалаға барып қайтасыңдар, – деп дес бермейді.

Әйткенмен жаяу борасын екпін алған пойыздай қарқындап, ақтүнек боранға айнала берді. Жарамазаншылардың қойны-қонышы қарға толып, тыныстары тарылып барады.

Әсіресе, әлжуаз Хәкім әлсірей бастады. Жол қайда, жосық қайда? – ешкім білмейді. Көзі ашық деген Шәріпханның өзі қалай қарай жүрерін білмей, қаңғалақтап, тәлтіректеп сүріне берді.

Айнала ақ түнек. Әйтеуір жолды бір білсе осы білер деп, Мүсірепхан Шәріпханның етегінен тас қылып ұстап алған. Хәкім байғұс Мүсірепханнан айырылмайды.

Жол да жоқ. Жақын арада ауыл да жоқ. Тым құрмаса, иттер де үрмейді. Түн-түнек, тылсым дүние. Соқырлар үшін түн-түнек



үйреншікті әлем. Ал, Шәріпханға не бәле көрінді? Қайта-қайта сүріне береді, күртік қарға құлай кетеді. Түймесі ағытылған кеудесін қар кеулеп, нығыздала берді. Санасында бір нәрсе: шөлмектен айырылып қалмау. Сұрапыл боран үрлеген қар аузы-мұрнын бітеп, тыныс алуы қиямет болып барады.

Дүлей боран құйын соққандай пергенде қосақталған екі соқырды шыр айналған ұршықтай иіріп әкетті. Мүсірепханның етегінен айырылып қалған Хәкім:

– Мұсеке! Мұсеке! – деп жан даусы шыға шыңғырып-шыңғырып жіберді. Мүсірепхан қызыл торы алқоры таяғымен ауаны піскілеп:

– Хәкім! Хәкім! – деген даусын боран қақпақылдап, үзіп-үзіп әкетті.

– Мұсеке! Мұсеке! Тастама мені! – деп шырылдады Хәкім.

Мүсірепханның қызыл торы алқоры таяғы әлденеге тірелгендей болды да:

– Ә, сенсің бе, Хәкім? Жылама! Бір құдай жар болар. Ұста менен мықтап! – деді. Өзі таяғымен боранды дүниенің о жақ, бұ жағын түртпектеп, піскілеп алға жылжи берді.

Бір кезде алқоры таяқ жұп-жұмсақ бірдеңеге тірелді. Мүсірепхан қолымен сипалап көріп еді, шөп екен. Бір мая шөп.

– Хәкім! Енді өлмейміз, – деп Мүсірепхан алай-түлей боранмен жағаласа айқай салды. Маяның ықтасын жағын іздеді. Хәкімге айқайлап:

– А, байғұс бала, азынап келген ажалдан аман қалатын сияқтымыз – деді. Мына шөпті кеулеп суыра бер. Кеуек жасап, соған кіріп жатамыз. Сонда бізді жау алмайды.

Екеуі жанталаса жұлған сол маядан едәуір қуыс пайда болды. Бірақ ұйытқып соққан боранның қары кеуекті де қимайтын сияқты арпалыса түсті. Мүсірепхан Хәкімді қуысқа итеріп кіргізді де, жұлынған шөппен кеуектің аузын қалқалап, қайта бекітіп, соның астынан өзі қуысқа еңбектеп кірді.

Қуысқа кіріп алған соң да бұл екеуі кеуектің ішін кеңітіп, шөпті қолмен суырып, оны ауыз жаққа үйе берді, үйе берді.

Маяның қуысы жұмақтың төріндей көрінді. Киікоты, жусан мен изен аралас шөптің кекіре иісі аңқып қоя берді. Мұншама дәру иіске шыдай алмай екі соқыр қатты өкіріп, түшкіріп алды. Қатты түшкіргендері сонша, соқыр көздерінен жас парлап, одан жазылып, айығып кетердей көрінді.



* * *

Рас болса, екі соқырдың көздері осыдан кейін құлантаза жазылып кетпесе де, жарық сәулені сезетін болған деседі.

Дүлей боран басылып, күн шайдай ашылған соң адамдар әлгі маяның ар жағынан, қар астынан көк мұз болып қатып қалған Шәріпханның өлігін тауып алыпты. Қасында жатқан шөлмектің түбінде бір жұтымдай арақ қалған екен. Құдайдың құдіреті, сол зahap қатпай бұрынғы қалпында сақталыпты деседі.

КЕЛІНШЕКТАУ САҒЫМДАРЫ

Шілденің күні шаңқай түс болғанда батыстағы Келіншектау сағымданып, үздік-создық қимылдай бастайды. Баяғы байдың ұзатылған қызының көші қайта тіріліп, уап-шуап бара жатқандай.

Байдың қызы ұзатылған ғой. Қыз әкесіне өтініш айтыпты: Менің жасауыма алтын шаңырақты, күміс уықты ақ отау дайындатыңыз. Қазан, ыдыс-аяқ, табақ бәрі де алтын жалатқан күмістен болсын. Төсегімді пілдің сүйегінен жасат. Көрпе-жастық шытырма шәйі, суысыма жібектен болсын,– деп тағы басқа керек-жарақтың бәрін небір асылдан әзірлеткен ғой.

Жасау мүлкі қырық түйеге артылып, қалыңдық көші шұбатылып жолға шыққанда, кенет байдың қызы көшті тоқтатып, әкесіне:

– Әкетай-ау, біз бір нәрсені ұмытып кетіппіз ғой – дейді.

– Нені, шырағым?

– Итаяқ алтыннан болмады ғой.

Әкесі аттың үстінде келе жатып, қос қолының алақанын көк аспанға қарата жайып жіберіп:

– О, Тәңірі! Бар болсаң, мына көшті тас қыла гөр! – деп, сақалын көзінің жасы жуып, құдіретті күшті Құдайға шын ниетімен жалбарынған екен дейді. Әкенің қарғысы қатты, тілегі тәтті, байғұс қыз келіншек болып келе жатып, лезде бүкіл көш ұзақтан-ұзаққа созылған қаратас болып қатып қалған ғой.

Содан бері Келіншектау аталады. Күндіз оны сағым буып тұрады.



Кешке жақын, күн батарда Келіншектау алыстан ерекше ап-айқын көрініп, келбеттеніп, құдіреттеніп кетеді.

Шілденің күні шаңқай түсте ысып, ми айналдыратын тұста, тірі жан кірерге тесік таппай, бәрі де алақандай болса да көлеңке іздейді. Тал түсте көлеңке де барынша қысқарады.

Киіз үйдің көлеңкесі қураған терідей қусырылған жерде келісті ақ ешкі екі лағымен бүйірі бүлкілдеп, ыстықтап жатқан болатын.

Күннің ми қайнайтын ыстығанда шекшек шырылдайды. Тірі жаннан белгі берген сол ғана. Басқаның бәрі мүлгіп тұр.

Баяғы-баяғы динозаврлар заманынан бізге талай зауалдан ілдалап жеткен кездік бой кесіртке де қызған тастың түбінде аппақ алқымы бүлк-бүлк етіп, тырп етпей қалыпты.

Келіншектау көшінің үздік-создық қозғалаңдайтын кезі дәл осы шақ. Сағым айнығанда шексіз теңіз толқындатып, сол теңізде Келіншектау жастар көшіндей болып, жүзіп бара жатады.

Жазғы жайлаудағы жалғыз үйде аға шопан Қоңырбай мен жас келіншегі Гүлдерайым екеуі ыстық ерітіп жібергендей, буындары былқ-сылқ болып, жер төсекке құлай кетіп, ұйықтап жатқан.

Жерошақ басындағы сексеуіл үйіндісін көлеңкелеп жатқан сарыала төбет арс ете қалды. Сөйтсе бір УАЗик екпіндеп келе жатыр екен. Екпіні шопанның киіз үйін таптап өтердей. Құдай жарылқағанда киіз үйді жайратып кеткен жоқ. Бірақ оның үйдің көлеңкесінде жатқан ақ ешкіні «бақ» еткізіп басты да кетті.

Қоңырбай сыртқа атып шықса, УАЗик басып өткен ақ ешкі артқы екі аяғын ербеңдетіп, көзі аларып, үзіліп барады екен.

Өлмей тұрғанда бауыздап жіберейін деп пышаққа жүгірмекші еді, машинаның ішінен масаң дауыс гүрр ете қалды.

– Өліп қалғансыңдар ма?!

Ферма бастық Қабылбек екен. Алдымен бастыққа қарай жүгірмегеніне кінәлі болғандай, ақ ешкіні де, пышақты да ұмытып, бастыққа қол қусырып:

– Жай, нетіп, әлгі пышақ алайын деп...


– Пышағы несі? Оны қайтесің-ей?!... – деді.

Қоңырбай:

– Сіз машинамен басып кеттіңіз ғой, – деп айта алмай:

– Осылай боп қалды ғой, – деп міңгірледі.

– Ehe-e, – деп мекіренді завферма,– жегенге ешкінің еті жеңіл болады, ehe-e...



Өлі ешкінің емшегінен сүті қызғылтым болып шықты. Жас лақ сорлы оны қайдан білсін, солқылдатып еме берген. Қоңырбай лақтарды: – Е, сорлы жетімдер, – деп итеріп кеп жіберген. Сосын үйден пышақ алып шығып, әйеліне айқайлады:

– Әй, Гүлдерайым, таза табақ әкел.

– Оны қайтесің-ей ? – деді Қабылбек машинадан теңселіп түсе беріп.

– Әшейін, нетіп, қанын алайын деп... шыж-мыжға…

– Шыж-мыжың не-ей?

– Не ғой, әлгі әсіп дей ме...

– Ә, әсіп де. Прекрасно ғой, ол.

Қоңырбай ақ ешкінің былқ-сылқ еткен басын көтеріп, алқымын «бісміллә» деп пышақпен орып кеп жіберіп еді, қан атқып ақпай, шып-шып шықты да тиылып қалды. Табақ ұстап тұрған Гүлдерайым байына:

– Байғұс-ау, арам өліп қапты ғой... – деп сыбырлағанда Қоңырбай:

– Өшір үніңді! – деп ысылдады.

Қоңырбай ақ ешкінің етін боршалап, тез-тез жіліктеді де, Гүлдерайымға:

– Қуырдақ жасай бер, – деді.

Ақ ешкінің терісіне тұз сеуіп, далада тұрған битонның үстіне жайып қойды.

Теріден енесінің иісін сезген лақтар ақ ешкінің жүні көрінбей қалғаннан бір сұмдықты сезгендей, тұз сепкен жалаңаш теріні жалап-жалап, қосарлана маңырай бастады.

Қабылбек бастық бұл кезде тиегі жоқ домбыраны тыңқылдатып отырған. Ыдыс-аяқ алып, үйге кіріп-шығып жүрген Гүлдерайымның мықымынан мытып қалып, масаң көздерін қысып-қысып қойды.

– Мен ет піскенше мызғып алайын, көрпе төсеп, жастық бере сал-ей, – деді.

Гүлдерайым бастықтың айтқанын істеп, сандықтың үстінде жиналып тұрған көрпе-жастықты ала бергенде келіншектің топ-толық балтырын сипалап қалды. Басы жастыққа тиісімен қор-р ете түсті.

Егіздер енесін жоқтап, зар қағып маңырай бастады. Киіз үйді шыр айналып безектейді. Битонның үстінде жаюлы тұрған тері ыстық күнде тез кебірсіп, тырыса бастады. Лақтар барып, иіскеп-иіскеп, жансыз заттан түңілгендей зарлана түсті. Оянып кеткен ферма бастық:

– Өшір үнін! – деп ақырып қалды.



Қоңырбай лақтарды үйден әрірек айдап салып, қуған болды. Егіздер аулаққа кетпей, қайтып айналып келе берді, келе берді.

– Өшір үнін!

Қайтып өшіресің? Ауыздарын буып қоя алмайсың, «қоя ғой» дегенді түсінбейді.

– Қайтесіңдер байғұстар, Құдайдың ісі – дейді Қоңырбай далбасалап.

Жетімдер маңырай түседі. Қайдағы Құдайдың ісі! Машинамен басқан Құдайдың ісі емес қой! Жаппаңдар Құдайға жалаларыңды, қатыгез, мейірімсіз адамдар! – деп зарлайды егіздер.

– Өшір үнін!

Бірақ Қоңырбай жетімдерді жұбата алмайды. Лақтар Қабылбектің завферма екенін түсінбейді. Оның бастық екенімен істері жоқ. Лақтарға ене керек. Олардың қарны ашты. Оларға енесінің жып-жылы, тәп-тәтті сүті керек. Лақтар емшегін сорып жатқанда мекірленіп, мейірленіп, бұлардың үстін жалап, аймалап тұратын ана керек!

Ақ ешкі сүтті еді. Тіпті егіздер әбден тойып, қарындары бұлтиып кеткен кезде де, Гүлдерайым одан шай қатыққа сүт сауып алатын.

Жетімдер жылайды. Завферма бір сәт лақтардың дауысын ұмытқандай болды. Өйткені қос шекесі солқылдап, басы қақ жарылардай боп, кетіп бара жатты.

– Әй, Қоңырбай ! – деп жуан даусы барқ ете қалды.

Қоңырбай жетіп келді.

– Қабеке не болды?

– Әй, бір жұтым арағың бар ма, басым әкетіп барады.

Қоңырбай қатты састы.

– Қабеке үйде арақ жоқ еді...

– Безобразие! – деп бажылдады Қабылбек – аш ана УАЗик-ті. Сонда бір зahap болуы керек.

Қоңырбай үйге қуанып кірді. Багажниктен бір жарым литрлік сопсопақ бөтелке тауып алған.

– Құй! – деді Қабылбек қырлы стаканды тосып тұрып.

– Қоңырбай лақылдатып-ақ құйып еді, бастық:

– Шүпілдет – деп барқ ете түсті.

Стакан шүпілдеді.

Бұл кезде УАЗик-тің ар жағында ақ ешкінің бас-сирағын қытырлата мүжіп, сары ала төбет молшылыққа кенеліп жатты.



Егіздер жылай-жылай сілесі қатып, үйдің көлеңкесінде, енесі жатқан жерде талмаусырап ұйықтап қалды.

Ақ ешкінің қуырдағы да дайын болған екен, Қабылбек күректей алақандарын ысқылап, жылы-жұмсаққа қолды бір салды дейсің...

– Сен неге алмай отырсың? – деп Қоңырбайға түйілді. Қуырдаққа Қоңырбайдың тәбеті шаппады.

– Ешкі етін жемеуші едім... жел... Ескілікті ауруым... – деп күмілжіді.

– Әй, – деді завферма орасан ой есіне түсіп, – айтпақшы әлгі «шыж-мыж» қайда? Әсіпті айтамын.

– Ой, Қабеке, ол үлкен аспен бірге беріледі ғой, – деді Қоңырбай зәресі зәр түбіне кетіп.

– Құй! – деді завферма.

– Стакан шүпілдете толтырылды.

– Ал! – деп бұйырды бастық.

Қоңырбай енді уәж айта алмай, екі көзін тарс жұмып тұрып, тартып жіберіп еді, өзегі өртеніп бара жатып «Әлгі әсібін тағы сұрар ма екен?» деп ойлап үлгерді.

– Қатының неге ішпейді? – деп қалды бастық.

– Әй, қатын, кел, шақырып жатыр,– күңк етті Қоңырбай.

Гүлдерайым үйге кіргенде ферма бастық айғыр стаканды тосып тұрып:

– Құй ! – деді.

Қоңырбай қолы қалтырап, арақты лүпілдетіп құйып еді, завферма оны Гүлдерайымға ұсынып:

– Амандық-саулыққа алып жібер, – деп қиылды.

Гүлдерайым бетін бұрып әкетіп:

– Мен ішпеймін ғой, ағай, – деді.

– Онда қатының үшін сен ішесің – Бастық стаканды Қоңырбайға ұсынды. Қоңырбай онсыз да дүмбілсіз болып тұр еді, бұл стаканнан кейін өзі де ішімдікке жоқ оқта-текте ұрттап-тататын сорлының үстіне көмейінен өткен ақ пері аш өзегіне түсіп кетіп, жиюлы жүктің алдына аяқ-қолы былқылдап, аузы қисайды да қалды.

Басекең жас келіншекке қол салды.

– Қойыңыз, ағай, әдепсіз болмаңыз, – деп Гүлдерайым үрейлене жасқанып, шегіншектей беріп, арқасы керегеге тірелді.

Шегінерге жер қалмады. Артта кереге. Алда «ырқ-ырқ» еткен бастық.

Завферма өңменден, құшақтап, бетінен сүймекке ұмтылғанда, байғұс келіншек қырғи бүрген торғайдай, аждаһа көрген көжектей



бүрісе беріп, бір сәт босаңсығандай да болып еді... Әлгінің аузынан бір сасық иіс мұңк ете қалды. Гүлдерайым лоқсып барып, бастықтың омырауына құсып-құсып жіберді.

Қабылбек бастық үстінің бәрі былығып, қолымен сүртпек болғанда, келіншек оның уысынан сытылып шығып, есіктен сыртқа ыта кеп жөнелді.

Белден асып, бір отар қой бері қарай құлаған екен, Гүлдерайым солай қарай жүгірді. Оның соңынан екі жетім маңырап ала ілесті. Бір отар қойдың ішінен егіздер өз енесін іздеп кез келген қой мен ешкінің емшегіне жармасып жүр. Малда да қатыгездері бар: байғұстарды сүзгілеп, тепкілеп жіберді. Малда да мейірімділер бар: тоқтай қалып, мүсіркегендей болады.

Помчабан Дәрібай Гүлдерайымның алдынан шыққанына таңғалып:

– Тиыштық па, жеңеше? – деді.

Гүлдерайым өксіп:

– Ана қара доңыз... – деп ар жағын айта алмай жылап жіберді. Помчабан жас та болса, тістері түсіп, күнге күйіп, ерте егде тартқан, кейпі кедейлеу, пәс мінез пенде еді.


– Қой жылама, жеңеше, – деп мыжырайған киіз қалпағын түзеп киген болды, – Қазір, қазір оны...

«Қазір, қазір» – дегенде мұның қолынан не келеді? Кім біледі, дегенмен еркек қой әйтеуір....

* * *

Жер бетіндегі мынандай қиянаттан, сорақы, сорлы тірліктен ұялып кеткендей, батып бара жатқан күн қып-қызыл боп, айнала төңірек алаулады.

Күн батар тұстағы Келіншектау ырғалып-жырғалып бара жатқандай көрінді. Көш соңына Ақ ешкі ілескендей, әлдене ағараңдайды. Әлде сағым. Әлде өкініш-үміттер ағысы...



МЫҢБҰЛАҚ

Есік алды изен бе, жусан ба екен,
Гүлдерімен белімді бусам ба екен-ай.
Өтіп кеткен басымнан жиырма бесті,
Қос ат алып соңынан қусам ба екен-ай...
Желбір жекен,
Желіп жүрген далада,
Біз бір бөкен-ай...

Есі дұрыс адам әлдеқашан басынан өтіп кеткен жиырма бесті соңынан қос атпен қуа ма екен?

Құдай бұйырса, Жаппарқұл биыл жетпіс беске толады. Сонда «басынан өтіп кеткен жиырма бестен» бері елу жыл, яғни жарты ғасыр өткені ғой. Ал, Жаппарқұл болса, «қусам ба екен» дейді. Елу жылдан кейін. Қуса бұрын қайда қалған? Жалпы, қос ат тұрмақ, зымыран ракетаға мініп қусаң да өтіп кеткен жиырма бес жеткізе ме екен?

Онан да адам бір жерін қысып, өткенге салауат айтып, алдағы күндердің тілеуін тілеу керек қой.

Жаппарқұл мұны әбден біледі-ақ. Ақылға салса ең дұрысы осы. Бірақ ақылға ықтияр бермей кететін бір дүлей күш бар адам бойында. Оның шын ойы не екенін адамдардың өздері де біле бермейді. Біреулер сезім дейді. Біреулер тылсым күш дейді. Сірә, мұның шын атын бір Құдай болмаса, ғұлама ғалымдар да біле бермейді-ау, сірә.

Ақылың бір жақта, аты жоқ күш бір жақта. Жаппарқұл «қойшы соны» деп тұрады да, Ескі қыстау жаққа қалай кетіп бара жатқанын өзі де білмей қалады.

Саусақтары айқасқан екі қолы бөксесінде, бойы тіп-тік боп, оқтау жұтқандай серейіп бара жатады. Ескі қыстау – бұл елдің бұрынғы мекені. Бұл өлкені жұрт Мыңбұлақ дейді. Бұрын әр сайдың бойында бес-алты үйден ата-ата еді, бертінде көше деген шықты да, ел ежелгі жұртын тастап, қаздай тізіліп, тың жерден көшесі бар қоныс салды.

Ескі қыстаудың саудыраған қаңқадай дуалдары ғана қалды да, бірте-бірте олар да мүжіле-мүжіле құлап бітті.

Ескі қыстаудың қаңқаларын қашан құлап біткенше жабайы құстар мекендейді. Әсіресе, байғыз бен жапалақ ұяға жарып-ақ қалды.



Жалғыз-жарым адам түнде Ескі қыстау жолымен жүргенде тұла бойы үрейге толып, зәресі ұшып, жаны мұрнының ұшына келгендей болады. Байғыз сұңқылдап жылағанда, баяғыда бұл жалған дүниеден өтіп кеткен аруақтар тіріліп келіп, тіршіліктегі ұрпақтарын жоқтап, зарлап отырғандай әсер қалдырады. Ұрпақтары жаңа қонысқа жайғасқанын түсінбей, тып-типыл жоқ болғанынан шошынғандай, таң атқанша сұңқылдайды-ау байғыз жарықтық. Әне, осынау Ескі қыстауда түнде байғыз сұңқылдаса, күндіз Жаппарқұл үнсіз жылайтын заман туды. Қос аты – қос аяғы. Өткеннің елесін қуалаған пәруанаңыз осы кісі.

Жетпіс бес деген айтуға қандай жеңіл болса, зуылдап жетіп келетіні де тез екен. Әрине, бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Шүкір де, Жаппарқұл, шүкір де.

Ал, енді сол жетпіс бесіңіздің есте айрықша қалатын бекеттері бар ма? Әлде Түрксібтің басындағы бір-біріне егіздің сыңарындай ұқсас бекеттердей есте сақталмайтын әйтеуір, бір елестер ме?

Көбі сондай екені айдан анық. Ешкімнің өмірі күнде қызық, күнде той емес қой.


Ал, ара-тұра арасында Айдың қылтиып жаңа туғанындай ерекше есте қалар кезеңдер болады. Сондай кезеңнің бірін Жаппарқұл айрықша армандайды, есінде ерекше сақтайды. Ол кезең есінен шыққан күні Жапекең де жапалақтай жалп етіп құлайды да, өмірден өте шығады. Жалп етіп құлап қалмас үшін де Жаппарқұл Ескі қыстауға күнде таңертең жаяу кетіп бара жатады.

* * *

Өздерін ақылдымыз, есі-басымыз дұрыс деп жүргендердің түйгені бойынша, Жаппарқұл есалаң. Әйтпесе есі дұрыс адам айдалада елсіз қалған ескі жұртқа күнде таңертең қызметке бара жатқандай қатесіз кетіп бара жата ма?

Өздерін ақылдымыз деп жүргендерді Жаратушы құдірет бір нәрседен мақрұм қалдырған. Олардың кеудесінде махаббат оты баяғыда сөніп қалған.

Ал, Жаппарқұлдың кеудесінде сол оттың қозы әлі бар, жылуы кетпеген. Кейде тіпті жел үрлеген шоқтай жайнап, жастық шақтың гүлі қайтадан ашылғандай болады. Әне, бұл адамның бақыты, шалықтаған



шағы. «Махаббатсыз дүние тұл» демей ме ұлы ақын.

Бірақ дәурен өтіп кетті. Тек безгек қысқандай кәрі жүректің өртене беретіні болмаса, баяғы дәрмен қайда...

Ал, сонда бұл Жаппарқұл қос ат мініп, кімді қумақшы? Кімді сағынады. Нені аңсайды?

Сол түні Ай сәулесі жалбыз басқан қайнар бұлақта жылт-жылт етіп ойнап тұрып еді. Бұл екеуінің ләззатты қуанышына ортақ болған көлбақалар қойдай шулаған.

Бақалар оркестріне қосылған қылқобыздай болып шекшек шырылдады. Осы бір әдемі әуезді бұзып Ескі қорған жақтан байғыз сұңқылдайды. Жылауық. Талмай жылайды. Шаршамайды. Білетіндер айтады: Байғыз ғашық жарын шақырып отыр – дейді.

Кім біледі, болса болар.

Дүние қуаныш пен реніштен құралған. Байғұс байғыздың тілін біз қайдан білейік. Бекер жек көреміз.

Таң алдында Шолпан жұлдыз басқа жұлдыздардан ерекше жарқырайды. Әне, сол уақта сәмбі талдар арасынан бұлбұл сайрай бастайды.

Таңғы салқында бір-біріне жабысып, бір-бірін жан жалынымен, жүрек жылуымен қаузап тұрған екі жастың махаббатына арналған гимн, бұл әуен. Бұлбұлға көкек қосылып, шырқағанда алаулап таң атып келе жатады. Таң алдындағы махаббат құрметіне, шығып келе жатқан Күн құрметіне бүкіл арша тоғай, сәмбі талдар, қарлы шыңдар, сарқырама сулар қошемет көрсетіп, күллі әлем құлпырама бояуға бөленді.

Қайтайын десең жар қиын, – дейтін сәт дәл осы шақ.

– Қойшы, енді таң атып қалды, жұрт көріп қояды, қайтайықшы, – дейді құшағындағы Айсұлу.

– Көрсе көрсін, батып бара жатқан Ай көрсін, шығып келе жатқан Күн көрсін. Көрсін бүкіл Әлем! Айсұлу менің жарым екеніне куә болсын барлығы, – деп айқай салды Жаппарқұл.

– Бұйыртса, десеңші.

– Енді бұйырмағанда не қалды?

– Сен кетіп бара жатырсың...

– Кетсем, қайтып келемін.

– Бұйыртса десеңші...

Жаңа шығып келе жатқан арқалы күнге Айсұлудың алтын сырғасы шағылысып жылт-жұлт ете қалып, терең сайдың қабағынан ары асып барып, көрінбей кетті.



* * *

Қайтып келуді Құдай бұйыртуын бұйыртты-ақ. Жаппарқұл екі жылдан кейін әскерден қайтып оралды. Келе сала осыдан екі жыл бұрын соңғы рет Айсұлумен қоштасқан терең сайға барды. Сайды қалың қамыс басып кетіпті. Қайнар бұлақ көрінбейді. Сайдың терең қабағына дейін соқамен жыртып тастаған екен, қыста боран, жазда дауыл топырағын суырып, бұлақ көздерінің бәрін қалың шөп басып қалыпты. Жаппарқұл үйден күрек, кетпен әкеліп, қайнардың көзін қаза берді, қаза берді. Суалған көзден қызыл күрең лайсаң шығады да, қайтадан тартылып қала береді. Қайтадан лайсаң батпақ басып қала береді. Лайсаң батпақпен арпалыс таусылмайтын күреске айналды.

Сөйтіп, Жаппарқұлдың өтіп кеткен жиырма бесті соңынан қуатын қос аты Күрек пен Кетпен болды.

Қайнар бұлақ баяғыдай бұрқылдап, майда құмды қайнатып жатса, әйтеуір бір бақытқа кенелетіндей көрінді де тұрды.

Бұлақ көзі бітелгені, өмірдің таусылғаны сияқты жаман ырым. Жаппарқұл түнде түс көрді. Ояна келе көрген түсін есіне алып, қуанып қалды. Аядай ғана қайнар бұлақ шалқып жатқан көлге айналып кетіпті.


Мұны Жаппарқұл жақсыға жорыды. Бірақ күн шықпай Ескі қыстауға асыға жетіп еді. Ешқандай көлді көрмеді. «Құдайдың мені өңімде алдағаны аздай, түсімде де тәлкек қылды-ау» деп қорланды Жаппарқұл. Көл орнына көлкіген құрақ-қажыс қара қоға таудан соққан таңғы самал лебімен толқын-толқын тербетіліп тұр екен.

– Бұл қай қорлығың, Құдай?! – деп Жаппарқұл Тәңіртаудың ақбасты апайтас шыңдарына қарап, қолын жайды.

Жергілікті өкімет Тәңіртау аңғарынан ақ көбік шаша, атыла ағып жататын асау өзенді бұғалықтап көк бетон құбырға құрықпен айдап құйып, «табиғаттан бермесін тартып алған».

Сол кезде осындай бір сорақы сорлы ұран шыққан. Асау өзен бұғалықталды. Колхоздың қызылшасын суғарды. Өкімет қантқа қарық боп қалды.

Әне, сол кезден бастап Мыңбұлақ көздерін жұмды. «Тыңды бағындырушылар» Мыңбұлақтың мыңдаған тамырын қиып тастады. Қан тамырлары қиылған қайран да қайран Мыңбұлақ көз жұмбағанда қайтеді?!



Жаппаркұлдың «бұл қай қорлығың» деген зары Құдайдың құлағына шалынды ма, кім біледі, әйтеуір сол көрген түстен кейін үш күн, үш түн қатарынан нөсерлетіп, жаңбыр жауып, Тәңіртау аңғарындағы плотина-бөгеттің ірі қанаты жапырыла құлады. Құбырға сыймай жатқан су, ылдиға қарай тасқындай жөнелді.

Асау өзенді бұғалықтамаққа аудан бар күшін салды. Су дес бермеді. Бұрынғы орынға тартып, жерасты жүйелерін тауып, Мыңбұлақ мың жерден атқылап ала жөнелді.

Батпағын Жаппаркұл күндіз-түні аршып тазарта алмаған Қайнар бұлақ бір сәтте жанартау атқылағандай аспанға шапшыды да, артынша зәмзәм мөлдіреп сала береді. Қайнап жатқан құм арасынан бір сәтте жалт-жұлт етіп алтын жүзік көрінді. Қайтадан көміліп кетіп, жарқ етіп қайта шығады.

Осылайша бір жарқ етіп, бір батып кетіп, ары-бері ұмтылған Жаппаркұлдың қолына ілінбей-ақ қойды.

– Иә, Алла, бұл қай мазағың? – деп назаланды әбден әуре болған пенде күйініп кетіп.

Ну қамыс сылдыр-сылдыр етіп, арасынан атты әйел көрінді. Кексе тартқан ұзын етек. Аң-таң қалып, тіпті әрі-беріден кейін үркектеп тұрған Жаппаркұлға тіл қатты:

– Аллаға назаланба, Жаппар аға, – дегенде Жаппаркұл бұрынғыдан бетер састы. Адам ба, пері ме? Айдалада қайдан жүр?

– Танымадың-ау Жаппар аға, – дегенде әлдекайда алыстан-алыстан таныс дауыс естілгендей болды – Әрине, арада алпыс жыл өтіпті, аз емес қой. Ұмытар уақытың болды.

Жаппаркұл ақбоз ат үстіндегі әйелге қолымен көзін қалқалап тұрып, ұзақ қарады да:

– Жаным-ау, шынымен сенбісің? – деді.

– Иә, Құдай, қуат бере гөр, таныды мені, шын таныды, – деп әйел аттан сырғып түсті.

Бір-біріне құшақ жая ұмтылды. Құшақтасып көрісіп, бір-бірінен ажырай алмай, арада өткен алпыс жылдың есесін қайтарғысы келгендей, кәрі жүректері дүрсілдеп, сол дүрсілмен өткен жылдардың өксігін тауысардай, екеуі де безгек жанша қалтырап қалды.

– Баяғы бұлақ бітеліп қалып еді, көзін ашып жатырмын, – деді Жаппаркұл аузына басқа жөнді сөз түспей. – Айтпақшы, бір алтын сақина қайнаған құммен бірге шығады да, қайтадан жоқ боп кетеді. Соны ұстай алмай...



– Уа, құдіреті күшті құдайым, ол баяғы сен сол түні менің саусағыма салған сақина ғой!

– Ол қайдан есіңе түсіп тұр?

– О, Жапекем, ол ұзақ әңгіме... Әуелі оны қайтадан сүзіп, ұстап алайық...

Кішкентай ғана жанартаудан атқылап жатқан ұлпа құм арасынан алтын сақина жалт ете қалады да, қайтадан тереңге сүңгіп кетеді.

Сан рет сүңгіп, сан рет жарқ етіп шықты. Бір кезде Жаппарқұл оны құммен қоса уыстап алып шықты-ау, әйтеуір.

Екеуі кезек-кезек қарап таңғалысты. Алпыс жылға жақын уақыттан бері құм вулканмен бірге атқылап жатқан алтын сақинаға құм қиыршық қынадай жабысып қатып қалыпты. Әйтсе де, дін аман. Қаншама жыл құм ысқылап жарқырай түскен сияқты, ашыла түскен сияқты.


– Жаппар аға, бұл құдайдың бізге берген нышаны. Екеуміз енді бірге болады екенбіз. Бізді о басында ажыратқан дүлей тағдыр.... – деп Айсұлу сақинаны саусағына салып, қолын ары-бері аударып көрді. – Сені әскерге әкеткен күннің ертесіне мен осы бұлақ басына келіп, өткен түннің өлшеусіз ләззаттын еміріне еске алып, жападан-жалғыз қалғанымда, сайдың қабағына бір машина келіп, кабинадан үш еркек қарғып түсіп, ай-шайға қаратпай, аузыма шүберек тығып, үшеулеп, мені әлгі машинаға тығып, үшеулеп, мені әлгі машинаға көтеріп салып, жүрді де кетті.

Ел арасында гу-гу өсек тарады. Айсұлу жүріп жүрген жігіті әскерге кеткен күннің ертесінде бұрыннан айттырып қойған жеріне қашып кетіпті деп шығарды.

Бұл хабар, әрине, саған да жетті. Болары болды, бояуы сіңді. Ол олай емес, былай еді, деп кімді сендіре аласың, кімнің аузына қақпақ қоя аласың. Болған іске болаттай берік бол, деген. Әділдігін бір Құдай өзі біледі. Мен не дейін....

Жаппарқұл өртенген өзекте шала қалған түтінді күшпен шығарғандай терең күрсінді.

– Өткен-өтті, кеткен-кетті, Айсұлу. Баяғыда өтіп кеткен сол бір арайлы таңды соңынан қос ат алып қусам ба, деуші едім. Өмір бойы жете алмадым, енді, міне, өзің келдің. Келген қадамыңа гүл бітсін, Айсұлу. Мен сені алпыс жыл бойы күттім. Құдайдың мұнысына мың да бір шүкір... Айсұлу жаным, сен шалыңнан айырылдың, мен кемпірімнен айырылдым. Жаман ба, жақсы ма, ұрпақ сүйдік. Олар өсті, олар біздің



жалғасымыз. Екеумізге енді не қалды? Құдайдың бұйыртқаны болар. Өмірдің көбі кетіп, азы қалды. Біздің бір-бірімізге қояр кінәміз жоқ. Мә, сал мына сақинаны саусағыңа. Бұл – Алланың әмірі.

Жаппарқұл Айсұлуды қапсыра құшақтап, алпыс жылдың есесін бірақ алғандай, алқымынан ұзақ иіскеледі.

ТҰЗ КЕСЕЛ

Қуан көкем бүгін көңілді көрінді. Жарқылдап амандасып, жалпаңдап сөйлейді.

– Әй, Барсхан, бүгін мен сені бір қыдыртайын деп келдім, – деді тікендей тікірейген сақал-мұртын күс-күс алақанымен ысқылап тұрып. – Қалада ылғи көк түтін жұтып тұншыққан шығарсың, өкпең тазарсын. Мен сені бүгін Ақсу-Жабағылының Мұзартына алып барамын. Тобышақтыдан шығамыз.

– Оу, Қуан көке, ол тым алыс, биік қой...

– Ақсу-Жабағалы Мұзарты алыс болса – жаяуға алыс. Атты адамға мына тұрған жер.

– Дұрыс қой, бірақ Мұзартыңыз қиын екен...

Қуан көкем бір көзін қысып алып, әжім умаждаған бетін алақанымен ысқылап тұрып, тау жаққа қарап:

– Мұзарттың өзіне бармаймыз, астынан қараймыз ғой, – деді.

Қарлы шыңдарға қарадым. Ақсайдың аңғары алшайып жатыр. Тобышақты соның батыс жағы. – Тобышақтыны бала күнімде бір рет көргенім бар. Есімде қалғаны – қып-қызыл семіз суырлар еді. Сол есімде қалған балалық шақтың елесі тартты ма, кім білсін, әйтеуір.

– Жарайды, Қуан көке, – дедім.

– Онда мен аттарды дайындайын, ертең ертелетіп аттанамыз – деп көңілденіп қалды Қуан көкем.



* * *

Тобышақтының аузында қарауыл бар екен. Кіреберіске ала ағаш көлденең керіп қойыпты. Қуан көкем орыс қарауылды таниды екен:

– Здрасте, Неколай, – деді.

– Здраствуй, тамыр, – деді анау да.

Көкемнің «тамыры» қиын кісі екен, қыңырайып: – жіберсем, ары қарай өрлейсіңдер, қазір шілде, күн ыстық, қар көшкіні болуы мүмкін, мен сендер үшін жауап бере алмаймын, – деп қисаландады.

Қуан көкем қоржынынан бір шөлмек арақты суырып алғаны сол екен әлгі Неколай.

– Ну это другой разговор, – деп түсі жылып сала берді.

– Жолға керіп қойған ала сырықты баппен айқара ашып тастады. Ала сырық әйтеуір айбын. Әйтпесе тосқауыл болар қауқары жоқ. Алдымыздың арғы жағы да, бергі жағы да ашық, айдала.

Сонымен шекарадан өтіп, жалғызаяқ тау жолына түстік. Алда Қуан аға, соңында мен. Қуан көкемнің астындағы жал-құйрығы қою, қарны жуан, жабыторы. Менің мінгенім шоқтығы биік, жалы сұйық, жирен қасқа.

Бір кездерде аңқайып жатқан кең арна қусырылып, тарыла берді. Үстінен құж-құж тастар төніп, астынан асау өзен арқырап, айдың-күннің аманында, өзімізді-өзіміз ысырат көпіріне әкеліп қамадық та қойдық.


– Төменге қарама! – деп айқай салы Қуан көкем.

Шынында да төменге қарасам, әлдебір күш өзіне қарай тартып бара жатқандай, басым айналғандай; арқырап, аспанға атылып жатқан ақ көбік арасынан қор қыздары қол бұлғап, ән салып тұрғандай болып бара жатып... есімді жиып, екі көзімді тарс жұмып, ердің басынан тас қылып ұстап алдым.

«Ысырат» көпірінен әрі өткен соң аңғардың пейілі кеңіп, көкорай шалғын басталды. «Альпийские луга» деп қойдым өзімше, орысша оқығаным есіме түсіп, артынша: неге «альпийские»? Неге «Тянь-шянские»-дің емес»? деп саясат жағына ойысып бара жатыр едім, ол «ауруым» гүлдердің сан алуан салтанатын көріп тарқап, көңілім жадырап сала берді.

Мұндай мұрты бұзылмаған шын табиғатты қорықтан ғана көресің. Бұл әлемге әйгілі Ақсу-Жабағылы қорығы. Баяғыда Совнарком болып тұрғанында Тұрар Рысқұлов аштырған.

Енді міне халықтың байлығы, халықтың көз қуанышы болды.



Осыншама баға жетпес байлық қалдырған азаматты «халық жауы» деп атып тастады.

Сандалтпа, сайқал саясат, басымды! Онанда жан-жағыңа қара, дедім өзіме-өзім. Жан-жағым тұнып тұрған асыл қазына. Тәңірім мұндай шебер болар ма! Киікотының жұпар иісі мұрныңды жарып, көкірегіңнің тұншыққан сарайын айқара ашып тастайды.

– О, Жасаған ием, мына байлығыңды көрсеткеніңе шүкір!!! – деп айқай салдым. Төбемнен төніп тұрған тастар жаңғырықты.

– Бұл не қалған жаңғырық? – дедім мен. Саңқ-саңқ етіп төбеден бір-екі бүркіт баяу қалықтап ұшып жүрді.

Кенет көзіме оттай басылып, көп гүлдердің арасынан еңлікгүл жарқ ете қалды. Міне, саған гүлдердің асылы!

– О, Жаратқан құдірет! Көрсеткеніңе шүкір! – дедім айқайлап.

Текше-текше сандық тастар тағы да жаңғырықты. Қалықтап жүрген қырандар шаңқ-шаңқ етті.

Қара мақпалы қалың жатқан ойпаң белдің жоғары жағынан қаздай тізіліп киіктер кетіп бара жатты. Біздің мылтығымыз жоқ екенін сезеді-ау деймін, әйтпесе алыста жүрер еді.

– О, шексіз шебер құдірет! Көрсеткеніңе шүкір! – деп дауыстап жіберіппін тағы да. Төбеден төніп тұрған сандық тастар тағы жаңғырықты.

– Айқайлай берме! – деп ескертті Қуан көкем, – қар көшіп кетуі мүмкін. Немесе анау төбедегі тастар кенеуі ...

Сонымен, әлгіде ғана киіктер өткен жерден, солардың ізімен-із күншығыс жақ бетке өтуге бел байладық.

Қуан көкем айтты:

– Мына киіктердің ізімен арғы бетке өтіп алайық. Арғы беткейден Ақсу-Жабағылы өзенінің басы сонау ұшар биіктен құлап жатқаны анық көрінеді, – деді.

Қош, оған да мейлі. Мейлі демеске амал жоқ. Мен бұл жақтың жай-жапсарын біле бермеймін.

Тәуекел деп киіктер өткен ізге түстік. Қуан көкемнің жуанторысы ауылдағы қара жолмен жүргендей жайбарақат. Ойымызда ешқандай секем-күдік жоқ. Менің екі көзім сонау биіктегі сан қилы сарайлар сияқты, текше тастарда, тау басында салтанатты сарайлар тұр.

Сөйтіп, қилы-қилы суреттер көз алдыма келіп, бөтен бір елдің патшалығында жүргендей көңіл күйім лезде кілт бұзылды: жирен қасқамның алдыңғы оң аяғы тізесіне дейін қарға кіріп кетіп, оны сурып аламын дегенде сол аяғы да батып кетті. Мен аттың басынан асып түсе



жаздап жалын құшақтап, айқайлап жіберіппін. Қуан көкем артына бұрылып қарап:

– Түс аттан, ойбай! – деді.

Қардың беті жұмсарып қалған екен,тобығыма дейін батып кеттім.

– Шылбырды маған ұстат! – деді Қуан көкем ышқындап. – Тізгінді өзің тарт!

Жирен қасқа бір сұмдықты сезгендей жан ұшыра алға ұмсынды. Аяқтарын қардан суырып ала алмай, дауылды теңізде батып бара жатқан кемедей шөге берді. Қуан көкем шылбырдан, мен тізгіннен тартып, мықшыңдап-ақ жатырмыз-ау.

– Иә, аруақ! – деп Қуан көкем астындағы жуанторыға қамшы басты. Шамам жеткенше тізгінен мен де тартып жатып, басыма сумақтаған арам ой кіріп кетіп:

– Мына қар астындағы мұзбен қоса ойылып түсіп, құрдым құзға құлар ма екенбіз, – деп зәрем жоқ.

Сауырына қамшы қатты тиген тоқ торы алға қарай жұлқынғанда жирен қасқаның қардың бетіне ілінер-ілінбес алдыңғы тұяқтары көрініп еді, қайта батып кетті. Ендігі үміт торы атта қалды. Сауырдан мен де қамшымен салып қалып едім, тоқ торы ышқына жұлқынды да, жирен қасқаны қардың бетіне сүйреп шығарды.

Төрт аяғы да қардан шыққан жиренқасқаның тұла бойы қалш-қалш етеді. Көздері аунақшып, алара түсіп, әлі де үрейден арыла алмай тұр.

Оппасы ойыла жаздаған ажал аранының аузынан аулағырақ кетуге тырысып, көкөрішті жағаға жеттік.

Құрлыққа жеткен соң Қуан көкем аттан түсті. Ер-тоқым үстінен ескі қоржынды алды. Әлгіде тау қарауылына берген шөлмек сияқты біреуін қоржынынан суырып алған. Мыжылған газетті дастарқан етіп, жайып, үстіне нан, піскен ет, үш-төрт піскен жұмыртқа шығарып қойды.

– Ал, інішек, аруақ-құдай бізді бір ажалдан аман алып қалды. Өмір жасың ұзақ болады екен, мынаны тартып жібер, – деп қырлы стаканға мөймілдете арақ құйып, ұсына берді.

Бір ұрттап едім өзегіме шоқ түскендей, демім бітіп, қақалып-шашалып өліп қала жаздадым. Көзімнен жас ыршып кетті.

– Ой, жолың болғыр, міне, былай ішпейсің бе, – деп Қуан көкем айғыр стакандағыны қылқ-қылқ жұта салды. Тіпті аузын да сүрткен жоқ. – Мейлі, ішпесең ішпей-ақ қой. Жақпаса қайтесің. Ал, мен қуанғаннан ішемін. Мен ел алдында, бүкіл халық алдында масқара бола



жаздадым... Сені аруақ-құдай сақтап қалды. Әйтпесе, ана ат-патыңмен тереңге түсіп кеткеніңде, мәңгі бақи мұз болып қатып қалатын едің.

– Сол жақсы ғой, қайта – деймін мен қайта көкемнің жынына тиіп. – Ал, ауылда өлсем, апарып қара жерге көме салады. Құрт-құмырсқа жеп іріп-шіріп қор боласың. Үстіңе шыбын қонбай дәл тірідегіндей, бүлінбей мұз болып қатып қалған қайта артық емес пе?! Ол, ақ өлім ғой.

– Тек! Көмусіз қалғанның несі жақсы?! – Қуан көкем киікотына кенедей қадалып, тасы шыққан тақырдан келгендей, қомағайлана оттап тұрған торы атқа қарай жүрді.

– Сонадайдан еңлікгүл жұлдыздай жарқырап, көзге оттай басылып, баяу ескен желмен тербетіліп тұр екен. Әлгі үрей, қалжырап шаршау лезде тарқап, орнымнан мен де атып тұрып, еңлікгүлге барып, емірене иіскеп, абайлап үзіп, төс қалтама салып алдым да, жирен қасқаға қарай аяңдадым.

Еңлікгүлдің тағы бір шоғы кездесті. Жұлмадым, әшейін иіскеледім. Бұл қасиетті гүл о басына жазықта да өскен болуы керек. Бірақ адамдар көбінесе парықсыз, жаппай үзіп жұла бергеннен кейін, «тұқымым мүлде құрып кетпесін» деп адам аяғы жетпейтін жерге ауып келген тәрізді.

Еңлікгүлдің – қасқалдақтың қанындай қасиетті екені туралы адамдар ойлап шығарған аңыз да бар.

«Бір жігіт сұлу қызға өлердей ғашық болған ғой. Сонда сол қыз әлгі жігітке шарт қойыпты: – егер еңлікгүлін сыйласаң, саған тиемін депті, дейді.

Ғашық болуы оңай ма? Жігіт тәуекел деп тауға кетіпті. Сол кеткеннен жоқ, жоқ... оның келуін зарыға күткен қыз басқаларды қаламай отырып қалыпты.

Күндердің күнінде, жылдардың жылында қолына еңлікгүлін ұстап, ғашық адам сақал-шашы аппақ құдай болып, қайтып келсе, алдында мәржиген кәрі кемпір отыр дейді...

Әне, ғашықтар дертінің дәруі – еңлікгүлдің хикаясы осындай деседі».

Атқа қайта мініп, Тобышақты алқымынан ойысып, Ақсай жаққа қарай ауысып, ылдилап келеміз. Құйысқаны болмаса, ер-тоқым аттардың мойнына түсер түрі бар. Құйысқаннан ұстап, шалқалап отырмасаң, қос құлақтың арасынан асып түсуің әбден мүмкін. Сүйте-сүйте Ақсай каналынан да өттік-ау.



* * *

Каналдан өтіп алған соң, жағадағы көк орайға Қуан көкем тағы да «дастарқан» жайып, газет төседі. Қоржынынан тағы бір шөлмек суырды.

Бізді көріп, ойпаңда жылқы бағып жүрген Ұзақ келді. Амандық-саулық сұрасып болған соң, Қуан көкем Ұзақ жылқышы екеуі әлгі шөлмектегіні қақ бөліп ішіп қойсын. Егер ұмытпасам, бұл жолы тіске басарлары да жоқ еді-ау деймін.

Қайтадан атқа қонып, Керегетас бойымен ауылға қайтпақ болдық. Керегетас сайында қойшылардың қорасы бар. Соған жете бергенде, Қуан көкем былқ-сылқ етіп, аттың жалын құшып қалды.

Шеткі қораға әрең жеткізіп, көкемді көтеріп, аттан түсірдік. Көлеңкеге шалқасынан жатқызып салдық. Аузынан ақ көбік бұрқырайды.Зәрем зәр түбіне кетті. Екі көзі тарс жұмулы.

– Ойбай, не болды? – деймін бізбен ілесе келген Ұзақ жылқышыға.

– Оһо, бұл Тұз Кесел! – деді Ұзақ ғаламшардан жаңа бір жұлдыз тапқандай алақандарымен екі санын сарт еткізіп.

– Ойбай-ау, бірдеңе қылсаңызшы!

– Қазір, – деп Ұзақ, құдай тілеуіңді бергір, қой қораның ішіне кіріп кетті. Қуан көкемнің аузынан енді қанды көбік бұрқырай бастады.


Тұла бойым қалш-қалш етеді. Әлгіндегі сап-сау көкем көз алдымда өліп бара жатыр. Құтқаратын дәрмен жоқ.

«Масқара болдым-ау! – дедім, – сап-сау кеткен адамның енді қайтіп өлігін өңгеріп қайтамын?!» деп өкпе-бауыр, қолқа-жүрегім мұздап сала берді.

Сол кезде, құдай тілеуіңді бергір, Ұзақ қолына ат басындай сатал-сатал кетпен тұз алып, жүгіріп жетті-ау. Әлгі тұзды таспен ұрып уатып, уыстап-уыстап Қуанның аузына тығып, тістеріне қышырлатып езіп-езіп, ысқылап-ысқылап жіберді. Қанды көбік бұрқырап ақты да, Қуан көкем, өмір жасы ұзақ болғыр, кірпіктері қимылдап, көзін ашты.

Мен қуанғаннан көкемнің тікенектей түк басып кеткен бетінен сипалай беріппін.

Сәлден кейін Қуан көкем тәлтіректеп орнынан түрегелді. «Уһ» деп терең дем алды. Сөйтті де алды-артына қарамай, бізді де елең қылмай, ештеңе болмағандай, жуан-торыға қарғып мініп, ауылға қарай тырақайлап шаба жөнелді.



– Оу Қуан көке! – деп айқайлаймын арттан шауып келе жатып. – Оу, Көке, не болды?

– Балаларымды сағынып кеттім, – деп Қуан көкем артына бұрылып та қарамай, торы атқа торсылдатып қамшы басты.

О дүниенің табалдырығынан қайтқан адам балаларын сағынса сағынатын-ақ шығар.

НАХАЛ ТОРҒАЙЛАР

Көктем шыға бұл өлкеге жылы жақтан ең алдымен наурызкөк пен қарлығаштар ұшып жетеді. Сағынып, асығып келетіні соншалық, кейбір жылдары алдамшы ауа-райының қаһарына да ұрынып қалып жатады.

Көктем жап-жақсы, жайдарман болып тұрып, кейде лезде суық соғып, үсік шалады. Ерте гүлдеген өрік, алша деген мәуе ағаштар үсікке ұрынып жеміссіз қалады.

Наурызкөк пен қарлығаштар да сондай.

Жыл құстары... Шіркін, солардың туған жерге, атамекенге деген ынтызарлығын жаратқан құдірет адамдарға да бұйыртса ғой. «Ит тойған жеріне, ер-азамат туған жеріне» тартып тұратын қасиет қайда?..

Сонымен, көктем сайын жыл құстары туған жеріне қайтып оралады. Құстардың бәрі ұя салып, жұмыртқалай бастаған кезде...

* * *

Көшенің орта шеніндегі мая жон ақ үйден еңгезердей қабасақал қартаң кісі далаға шыға беріп:

– Астапыралла! – деп қалды.

Дүниенің бәрі: үйдің төбесі, есік алдындағы сарайдың төбесі, өрік пен алма ағаштың бұтағы, көшедегі электр сымы – бәрі-бәрі самсаған сары тұмсық, ақ төс, қараторғайдан көрінбейді.

– О, Құдай, көрсетпегенің осы ма еді? Әй, Тайшық, қайдасың, жүгермек, мылтықты әкел бері!



Дударбас Тайшық ұйқысын аша алмай, керіліп-созылып:

– Не, көке? Мылтықтың оғы жоқ.

– Дәрілеп әкел, ойбай!

– Дәрі таусылған.

– О, атаңа нәлет, бәрін құртып болғам десеңші.

– Не болды сонша? Жау шапты ма?

– Шапты жау? Жау шапты! Көрмей тұрсың ба? Көзіңді шел басып қалды ма? Қара!

Тайшық көзін уқалап, жан-жағына қарады. Толып кеткен бейтаныс торғай! «Қап, бытыралы мылтық болар ма еді?» деп өкінді. Жерден тас алып, өріктің бұтағында жыпырлап отырған шақырылмаған бейтаныс қонақтарға лақтырып еді, шақ-шақ етіп, екі-үш торғай ұшқансыды. Басқалары тырп еткен жоқ.

– Бізге тас лақтыратын мынау кім? – дегендей шетінен шақылдап, шуылдап қоя берді.

Үйшігінде бүктетіліп, тұмсығын аяқтарының арасына тығып жатқан кәрі төбет бөтен дыбыстарға құлақ түріп, керіле түрегеліп, үйшігінен шықты.

Итті көрген бейтаныс торғайлар шетінен шақылдап, шуылдап ала жөнелді. Тіпті иттің үйшігіне шығып алып, тепсініп-тепсініп, саңғып кеткендері де болды.

Мұны өз көзімен көрген үй иесі жерден тас алып лақтырып, алақандарын шапаттап, «кіш-кіш» деп айқайлап көрді. Оған айылын жиған торғайлар көрінбеді. Көк түйнек болған өрік пен алманы жабыла шоқи бастады.

Райым ақсақал тағы да тас лақтырды. Бөгде торғайлар шақ-шақ етіп тағы да шулай жөнелді.

Күнде электр сымына қонақтап отыратын қарлығаштар лезде көрінбей кетті.

– Атаңа нәлет, мынау бір жауыз торғайлар, – деп Райым ақсақал жерден тағы тас ала бергенде бір топ торғай зу етіп, қарттың дәл мұрнының астынан ұшып өтті.

Райым маса қуғандай екі қолын ербеңдетіп:

– Кет, жоғал, жын-пері! – деп айқай салды.

Тайшық одан-бұдан тас жинап жүр еді, енді бір топ «жын-пері» оның басынан ары-бері ұшып өтіп, басына саңғып-саңғып кетті. Тайшық былғанған басын сипап еді, алақанына былжырақ бірдеңе жабысты да қалды. Оны жерден түйежапырақ жұлып алып, сүртіп еді,



алақанына сия жұққандай кетпей қойды. Мұңкіген иістен Тайшықтың басы айнала бастады, шыдай алмай құсып-құсып жіберді.

Үйден Қабылан атты қара мысық шығып, керіліп, созылып еді, жауыз торғайлар әзірейіл көргендей жабыла у-шу болды да қалды. Қара мысық бір-бір басып, қой қораның үстіне қарғып шығып еді, торғайлар улап-шулап, таяуда тұрған зипа терекке барып қонды. Бейтаныс сұмырайлардың шақылдаған у-шуына қарамай, қой қораның бұғатындағы шымшықтың ұясына жақындап еді, келімсек торғайлар дүр-р етіп көтеріліп барып, кенеттен қара Қабыланға оқтай атылып шүйліккенде, батыр мысық қос құлағын жымитып, аш күзендей бүгіліп, тістерін ақситып, ырылдап тұрып, «пысс» деп пысқырып жіберіп, торғайларға атылғанда, жауыздар лезде көтеріліп қара мысықтың төбесіне аспаннан жауған жаңғақ-бұршақтай тасырлап тиіп, біздей өткір тұмсықтарымен төбесін тесіп жібере жаздап, шоқыды-ай келіп...

Көптің аты көп, жабылып кетсе жаман екен, қара Қабылан есі шығып, кірерге жер таппай, қораның төбесінен жерге секіріп түсіп, үйге кіріп, төсектің астына кіріп кетіп, қараңғы жерде бүк түсіп жатып алды.

Жауыз торғайлардың басқыншылығынан кейін ауылда қарлығаш, шымшық, наурызкөк атаулы көрінбей кетті.

Әркім-әркім мылтық атып байқап еді, оған жауыз торғайлар түк те қыңған жоқ, қайта өршелене түсті.

Жеміс-жидек көктей солды. Ел-жұрт далаға ет, құрт жаюдан қалды. Даладағы қазан-ошақтың басында қарауыл тұрмаса, тамақ пісіру қиындады.

Бұрын: «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді», деуші еді, сөйтсе мына жауыз торғайдың қасында ит байғұс иман таразы екен.

Жауыз торғай, қазан қақпақсыз болса бір жөн, қақпағы болса да саңғып кетеді. Әрі десе саңғырығы удай, жусаң да кетпейтін жабысқақ. Тамаққа араласса, адамды улайды.

Мұндай сұмдықты бұрын-соңды естіп-білмеген ел күйзеліп кетті. Тіпті үйлерін тастап көшпекші де болды. Бірақ көшкенде қайда барады? Олар жеткен жерге жауыз торғай да жетпей ме екен?

Қашып-пысып, қуғын көрген құс баласы құла далада бас қосып, бұл зауалға не амал? – деп ақылдасты. Ұясынан айырылған Үкі бәйбіше ақылман ғой, сол айтты:

– Қырғи келмей, бұл жауыздардан құтылмаймыз, – деді.



– Ойбай-ау, Қырғи келгенше қай заман! Қырғи қыркүйектің соңын ала тары піскенде келеді, оған дейін сорымыз сорпа болып қайнамай ма, – деп шырылдады Қарлығаш.

– Қырғи қазір Аспантаудың аржағында. Оған хабаршы жібермесек болмас, – деді данышпан Үкі.

– Кімді жібереміз сонда, – деп қоқиланды қызыл айдарлы Қораз. – Мен-ақ барар едім, ұша алмаймын.

– Көк Кептер, қайдасың? – деді Үкі күндіз көзі көрмейтін болған соң жан-жағына сығырая қарап.

– Мен мұндамын, – деп Көк Кептер суырылып алға шықты.

– Ал, Көк кептер, – деді сонда ақылман Үкі, жағдайды өзің көріп-біліп тұрсың. Бұл жаққа Қырғи тез жетпесе, бәріміз де қырыламыз. Мына жауыз торғайлар тұқымымызды тұздай қылатын болды. Балапан да баса алмай қалдық. Жұмыртқадан жұрдай болдық. Жауыз торғайлар туғанымызды туғандай жеп қояды. Жалмауыз айдаһардан да жаман болды. Момын халық үшін бұл бір жұт заман болды. Осыны, Көк Кептер, сен тез Аспантаудан асып барып, Қырғиға жеткізбесең, бәріміз қырыламыз. Дүниені түгел жауыз торғайлар билейді. Сонда олар Қырғиға да дес бермей кетуі мүмкін. Көк Кептер, саған аманат. Тез жет!

– Көк кептер! Көк кептер! – деп құс атаулы шулағанда аспан асты күңіреніп кетті.

Сонда Көк кептер:

– Ақ жол тілеңдер маған! – деп Аспантауды бетке алып ұша жөнелді.


* * *

Райым отағасы лезде қартайып сақал-шашы аппақ құдай болды. Көзінің алды көлкілдеп, кіреукеленіп, тіпті іріңдеп, әудем жердегіні көруден де қалып бара жатты.

Бірақ құдайдың құдіреті, келімсек, басқыншы торғайлардың тілін демде үйреніп алды. «Шақ-шақ» етіп, солармен сөйлесетінді шығарды.

Қатардағы үйдегі қарт құрдасы Сәрсен бірде Райымның келімсек басқыншылармен құстарша сөйлесіп отырғанының үстінен түсті.

– Жазған-ау, мына жауыздардың тілін үйреніп алғансың ба? – деді көршісіне үрке қарап, оқшиып тұрып.



Райым оған:

– Шақ-шақ, шыр-р-р, – деп үн қатып еді, Сәрсен көрші шошып кетіп:

– Астапыралла! – деп бір адым кейін шегініп кетті.

Сол кезде зифа терек басында, телеграф сымының үстінде тізіліп отырған басқыншы торғайлар пыр-р етіп көтеріліп, сәл биіктеп барып, Сәрсен көршінің төбесіне шүйіле құлап, шоқып-шоқып өткенде, Сәрсен көрші кірерге тесік таппай Райым құрдасының құшағына құлай берді. Райым Сәрсенді жерге құлатпай құшақтап тұрып:

– Шақ! Шақ! Шыр-р-р! – деді.

Сонда есеңгіреп қалған Сәрсен көрші де:

– Шақ! Шақ! Шыр-р-р! – деп лезде қайталады.

Сол, сол екен, басқыншы торғайлар бір-бірінен сүйінші сұрағандай өздерінше шүйіркелесіп, телеграф сымына, алма ағаштың бұтақтарына, зифа теректердің басына қайта барып қонақтады.

* * *

Құдайдың құдіреті, сиырлар бұрынғыша мөңірейді.
Қойлар бұрынғыша маңырайды.
Есектер бұрынғыша ақырады.
Қораздар баяғыдай шақырады.
Иттер бұрынғыша үреді.
Жылқы кісінейді.
Теміржүста Иванның шошқасы қорсылдайды.
Тек қарлығаштар көрінбей кетті.
Наурызкөк көрінбей кетті.
Кәдімгі шымшық жоғалды.
Қараторғай сайрағанын қойды.
Көкек те көзден таса болды.
Есесіне айнала түгел – жауыз торғайлар. Бір-бірімен:
– Шақ! Шақ! – деп сөйлеседі.

Құдайдың құдіреті шығар, сиырлар баяғысынша мөңіреп, қойлар маңырап, есектер ақырып, тауықтар шақырып жатқанда, адам байғұстың тілі лезде өзгеріп шыға келді. Өзгермеске лаж болмай қалды.

Мысалы, маубас Тайшық қазақшалап:



– Әке, әке, – деп еді, табан астында бір топ жауыз торғай төбеден садақша атылып келіп, Тайшық есінен танып құлап түскенше шоқи берді, шоқи берді. Байғұс бала қолдарын ербеңдетіп, қорғанып-ақ көріп еді, пішту, қайта жауыз торғайлар бұрынғыдан да көбейіп кетіп, бір көзін шоқып, ағызып түсірді.

Содан Тайшық бала қашан:

– Шақ! Шақ! Шыр-р-р! – деп тіл қатқанша соққы үстіне соққы шүйіле берді.

Содан жауыз торғайлар Тайшықты ортаға алып, төбесіне де, иығына да қонып алып, ал кеп шұрқырасты, ал кеп шырылдасты.

Сонда Тайшықтың бір көзінен қан ағып тұрып ұққаны, жауыз торғайлар былай дейді:

– Осы ауылда әлі біздің тілімізде сөйлемейтіндер бар. Сен соларды көндір – біздің тілімізде сөйлесін. Әйтпесе, бәрінің көзін шұқып ағызып жібереміз. Сен енді полицай боласың. Көнбеген адамды ұрып-соғып, көндіресің. Абақтыға қамайсың. Ал, біз сенің әрбір сөзіңді, әрбір қимылыңды қалт жібермей қадағалап отырамыз. Түсіндің бе? Шақ! Шақ! Шырр-р-р?

Сол заман Тайшық та бір көзінен қан тамшылап тұрып:

– Шақ! Шақ! Шырр-ы-ы-ыр? – деді.

* * *

Содан Тайшық жауыз торғайлардың полицайы-жендеті болып шыға келді. Ауылдағыларды жауыз торғайлардың тіліне үйрете бастады. Адамдардың көпшілігі жауыз торғайша шақылдай жөнелді.

Тек Кенжегүл кемпір ғана Тайшықты жерден алып жерге салды:

– Жуадай солғыр жүгермек! Енді мені төрімнен көрім жақын шағымда тілімді бұрап шүлдірлетейін дедің бе, қара жер тартқыр!


Тайшық не істерін білмей, сасқанынан:

– Шақ! Шақ! Шақ! Шақ! –дей берді.

Бәрін бақылап тұрған жауыз торғайлар қаптаған қалың ара құсап, Кенжегүл кемпірге лап қойды.

Мұндай сұмдықты күтпеген тәуіп кемпір:

– Айқой, Алас! Айқой, Қалас! – деп екі қолын ербеңдетіп, зікір салып, ойнақтап, би билеп көріп еді, торғайлар сәл тосылып, таңғалғандай болып, бірақ лезде қайта лап қойып, кәрі кемпірді есінен тандырып тастады.



Есінен танып құлаған кемпірдің жаназасын шығаруға қамданғандай, нахал торғайлар қара құрымдай қаптап, тал-дарақ бұтақтарында, телеграф бағаналарында тұтасып отыр еді, кенет Кенжегүл көзін ашып алып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап:

Сұбыхан Алла, Сұбыхан Алла

Ләйләһа илилла, Ләйләһа илилла! – деп орнынан атып тұрып, алқаракөк аспанға қос қолын жайып жіберіп, алыстағы Аллаға жалбарына бастады.

Бірақ Алла неге алыста? Алла әркімнің жүрегінде. Шын тілесең – өзіңнің кеудеңде ғой.

Нахал торғайлар әуелі Кенжегүл кемпірдің бұл зікіріне түсіне алмай аң-таң болып, аңтарылып қалды. Өзара шұрқылдасып, құрқылдасып, мына кесірлі кемпірге не амал табамыз деп кеңесіп отырғанда, кенет Тәңіртау жақтан лезде дауыл соғып, биік бәйтеректер басы жерге жеткенше иіліп, жапырақтар жамырап, найзағай Алланың қамшысындай ирелең қағып, жарқылдады.

Ағаш басында, телеграф сымында сығылысып отырған нахал торғайлар ұйпа-тұйпа болып естері шықты.

Күркіреген күн жаңғырығымен аралас Көк кептер даусы шықты:

– Қырғилар!

– Қырғилар!

Найзағай оты боп жарқылдаған алыстан жеткен Қырғилар екен.

«Қырғилар нахал торғайлармен соғысқа аттаныпты» дегенді естіп, Қаршығалар да қарап жата алмады.

«Біздің қарап жатқанымыз ұят болар» деп Тұрымтайлар мен Жағалтайлар да дүрмекке қосылғанда нахал торғайлар кірерге жер таппай, «есің барда еліңді тап» деп, бұрынғы келген жақтарына тырқырай қашқан екен дейді.



БАБАНЫҢ ОРАЛУЫ

Өмірі түрен тимеген сайдың қабағына соқаның өткір тісі тірелгенде жер дір-дір етіп ыңырсығандай болды. Бірақ оны ешкім естіген де, елеген де жоқ. Жасына жетпей қарны шеңбірек атып, үрлеген шардай дөңгелене шығып кеткен тапал жігіт, «К-700»-тың гүрілінен асыра айқайлап, трактортшыға:

– Тарт! – деп бұйырды.

«К-700» гүрілдей берді, жер ыңыранғанын қоймады.

Трактор үшінші айналымға көшкенде, сайдың қабақ тұсынан соқалардың жойқын тісінен найзағайша от жарқылдады. Артынша «К-700»-тың моторы сөніп, үні өшіп қалды. Трактортшы жерге секіріп түсіп, моторға үңілді.

Шетте тұрған қамыс қалпақты, шеңбірек қарын:

– Не болды? – деп зәрлене айқай салды.

Трактортшы үндемеді. «К-700»-тың ішек-қарнын түгел тінтіп шықты. Ешқандай ақау таппады.

– Ей, ақымақ, ана соқаны қара, мүмкін тасқа тіреліп қалған шығар, жаңа от жарқылдады ғой, – деді шеңбірек қарын.

Трактортшы жігіт үндеместен барып, соқаның жарқырауық тістеріне үңіліп көріп, еңкейіп, топырақтың астынан жарты құлаштай жілік сүйектің сынығын алып шықты.

Шеңбірек қарын топырақ жұққан сүйекке қолын тигізбей:

– Таста жерге! – деп бұйырды трактортшыға.

Аппақ сынық сүйек жерге түскенде бұрынғыдан бетер ағара түскендей, тіпті балқып бара жатқандай көрінді.

Шеңбірек қарын бұл көрініске аса мән бере қоймай, жалтыраған жап-жаңа қара туфлидің үшкір тұмсығымен әлгі сүйекті теуіп кеп жіберді. Әлдеқайдан бір ыңырсыған үн шыққандай болды. Сынық жілік сайдың қабағынан төмен қарай сырғанап барып, бір түбіртекке ілініп, тұрып қалды.

Шеңбірек қарын қожайын трактортшы жігітке:

– Неғып сілейіп тұрсың? Отыр кабинаға. Айдай бер! – деді.

Трактортшы тұңғыш рет тіл қатып:

– Трактор енді жүрмейді. Мен қайтамын, – деді.

Қожайын бөтен ит көрген ешкідей ежірейе қалып:

– Қайтқаны қалай? Не оттап тұрсың өзің? Оттама! Отыр! – деп бұйырды.

– Кешіріңіз, мен қайтамын.

– Жындымысың, қайтқаны қалай?

– Тұла бойым қалтырап барады, ауырып қалдым білем, кешіріңіз.

Қожайын одан бетер ешкі көзденіп:

– Кетсең, біржолата құры! Көрінбе көзіме. Сенсіз де адам табылады, – деп жерге былш еткізіп бір түкірді.

Шеңбірек қарынның аты – Алақай еді. Сірә, әке-шешесі ол туғанда қатты қуанған болуы керек. Атын ерекшелеп Алақай қойыпты. Сол Алақай өсе келе әжептәуір әкім болып, кейін-кейін бизнес жолына түсіп, кәдімгідей байыды.

Сөйтіп жүргенде жерді жекешелеу деген жарлық шықты. О басында колхозда туып, ауылда өскен Алақай жердің қадірін бір кісідей біледі. Білген соң да су жаңа «Мерседесіне» міне салып, облыс орталығы Жаншуақтан шығып, туған ауыл Сарымсақтыға қарай заулап ала жөнелді.

Ауылдағылар жуан қара туысқанның «Мерседес» мініп келгеніне той жасай жаздап қуанды. Жуан қарын жас туысқан облыстан хат жаздырып алған екен, оған ешкім қарсы келмей жекешеге жер бөліп берді.

Ауылдағы ағайын тоқымдай жерді игере алмай, сілімтігі қалған техника іске жарамай, не жекешеге жер ала алмай, пұшайман халде жүргенде, қаладан келген байекесі бір колхозды асырайтындай сыбаға алып, сықиып жүрген кезі еді ғой.

Ата-бабаларымыз баяғы-баяғы, бағзы заманда айтып кеткен:

«Кедей бай болсам дейді. Бай Құдай болсам дейді» – деп.

Кедейдің бай болсам деген арманы жөн. Ал, байдың Құдай болсам дегені астамшылық. Бірте-бірте Алақайдың араны ашыла бастады.

Тракторшының аты – Сырым еді. Сол Сырым әлгі оқиғадан кейін кәдімгідей кеселді болды. Былай қарасаң, алып бара жатқан ауруы жоқ сияқты. Ауданның дәрігерлері ары қарап, бері қарап, диагнозын дәл басып айта алмастан, «нерв жағынан» деп дәрі жазып берді.

Одан қайран болмаған соң, сол Сырым бақсы-балгерлерді жағалады. Сау да емес, ауру да емес бір ілең-салаң күй. Көбіне тұла бойы зіл қаратас тартады да тұрады. Ешнәрсеге зауқы да жоқ, ештеңеге талабы да жоқ, меңіреу соқпа.



Өмір шіркін, сол бір меңіреулікпен өте берер ме еді, қайтер еді, бір күні Сырымның үйіне көрші қырғыз ауылынан кәрі жездесі келе қалсын. Жезде болғанда да Сырымның майданнан қайтпай қалған әкесінің әпкесін алған ғой.

Дастарқан басында шай ішіп отырып, әлгі қырғыз жездесі мұның кеселінің жайын сұрады. Бұл қалай болғанын айтып берді.

Сонда кәрі қырғыз жездесі айтты:

– Әлгі соқа сындырған жілікті тауып ал да бұрынғы орнына апарып көміп таста. Мүмкін болса, Құран білетін біреуді ертіп апарып, дұға оқытқыз. Құдай сәтін салса, жазылып кетесің. Е, қағылайын, өшентіп арвақтарға Құран оқытып эле ғой енді, – деді.

Сол-сол екен, Сырым баяғы сай қабақтағы зиратқа қарай жөнелсін. Сынған жілікті іздемекші. Сынған жілік тобылғының түбіртегіне ілініп қалған.

Көктемде өзі «К-700»-пен жыртқан сай қабаққа барса, сары ала тартып бидай өсіп қалыпты. «Е, Алақайдың қызыққанындай бар екен-ау, мына бидайы бітік шығыпты ғой», – деп қойды ішінен Сырым.

Қасындағы көрші ауылдың молдасы:

– Зират қайда? – деп сұрады.

– Зират осы, қалған тамтығы анау, – деп қамыс басқан төмпешіктерге иегін көтерді. Қолын шошайтып көрсетейін деді де қорықты. Бала күнінде естігені есіне түсті: зиратқа қарай қол шошайтпау керек.

– Астапыралла! – деді молда сұр шекпенінің жағасын қаусыра қысып ұстап.

Бірақ Сырым баяғы тобылғы түбіртекті таппай әлекке түсті. Түбіртек жоқ!

Сөйтсе Сырымның орнына келген тракторшы Қожайынның тапсырмасы бойынша қабақты сайдың табанына дейін жыртып, бидай сеуіп тастаған екен. Сайдың қабағы жайдақтау еді, әйтпесе трактор құлап кетер еді ғой.

– Ой, араны ашылған атаңа нәлет! – деді Сырым дауыстап тұрып.

Қасындағы молда селк етті:

– Ол не?

– Көрмейсіз бе, құла-дала жер жетпегендей сайдың табанына дейін айырып тастапты ғой. Енді әлгі сүйекті таба алмай тұрған жоқпын ба?

– Иә, раббым! – деді молда.

Сырым сары ала бидайды теңіздей кешіп, ары-бері сандалып



көп жүрді. Бір кезде аяғы бір шыбыққа ілініп, құлап қала жаздады. Шыбықты топырақтан тазалап қараса тобылғының бір бұтағы екен. «Соның өзі» – деді Сырым. Бірақ сүйек көрінбеді. Тобылғы бұтағы жатқан жерді айналдыра аралап, ақтап шықты – сынық жілік көрінбеді. Сірә, соқа жыртқан топырақтың астында қалған болуы керек.

Оны аршу үшін енді күрекпен қазбасаң таба алмайсың. Қазсаң бидайды жапырасың. Бұл – шатақ. Алақай ертең ту-талақайыңды шығаруы мүмкін. Одан сан түрлі бәлені күтуге болады.

Бидайды жапырмай, күректің ұшымен жерді шанышқылай берді. Көрші ауылдың молдасы мына неғайбіл істі көріп, тықырши бастады.

– Уа, Сырым мырза, рұқсат болса, мен аруақтарға арнап дұға қылып, қайтайын. Құдай өзі кешірсін, сүйек табыла ма, жоқ па, мен жұмысымнан қалып барамын, – деді.

– Ықтиярыңыз, – деді де жерді күректің ұшымен піскілей берді Сырым.

Адам баласы, жан-жануар, күллі тіршілік иесі о басында топырақтан жаралған. Өлгеннен кейін тән қайтадан топыраққа айналуы – өзінің тұқиянына оралуы. Жаратушы құдіреттің заңы сондай. Топыраққа айналмай жер бетінде қалған сүйек иесінің жанын күйзелтеді.

Күн ашық-жарықта жоғалған сүйек иесі тірісінде кім болғаны белгісіз. Одан бері жүздеген жылдар өтті.

Әлде мүмкін Сырымның өз бабасы шығар. Кім біледі. Сай қабаққа жерленген кісінің моласын жылдар бойы жаңбыр мен жел мүжіген. Содан, әне, Алақайдың соқасына соғылып, содан кәдімгідей от шығып, жансыз темірді-трактордың тоқтатқан ғой.

Бірақ құдіреттің бұл нышанын түсінбеген, түсінгісі келмеген Алақай сайдың қабағын табанына дейін талқандап, зиратты таптап өтті ғой.

Сырым түс көрді. Қатты шошынды. Түсінде алып денелі батыр тұлғалы кісі бұған ескерту жасады: – Менің жілігімді сындырған сен! – деді. – Бірақ сенің кінәң жоқ. Саған зиратты қират деп бұйырған адам кінәлі. Осыдан сынған сирақты орнына әкеліп қоймаса, ол адамның кінәсі кешірілмейді. Осыны айт! – деді. – Мен бұдан мың жыл бұрын жасап, жаумен шайқаста мерт болған Найзалы деген бабаңмын.

Сұп-суық қара терге малынған Сырым кесірлі байсымақ Алақайды тауып алып, ұлы аруақтың ескертуін жеткізбек болды.

Ақыры байсымақ Алақайды Борандының базарында көріп қалып, амандасты. Қос саусағын ғана ұсынып, өзі сияқты басқа бір шой желкемен әңгімелесіп тұрды да, ақыр соңында әзер бұрылып:



– Ал, не айтасың? – деді зілдене қалып.

– Айтсам, көрген түсімді айтамын. Ана жолғы сынған жілікті тауып, орнына қоймасаң, өзіңе қиын болайын деп тұр.

– Оттама, қайдағы түс? Қайдағы жілік?

– Есіңнен шығып кеткен бе? Зиратсайдағы ше?

– Өй, шешеңнің… не оттап тұрсын-ей. Ол атан түйенің жілігі ғой. Адамның жілігі сондай болушы ма еді? Өйтіп сандалма, сандырағың құрығыр.

Сырым біраз тосылыңқырап дағдарып қалды да:

– Мейлі, өзің біл. Мен ескерттім. Кейін айтпады деме, – деп қолын бір сілтеді.

Былай шыға бере Сырым ойланып қалды. «Әлгі ақымақ менің шешеме тіл тигізді-ау. Сонда мен неге ыздия қалдым? Ол иттің аузы-мұрнын тойғанынша толтыра неге боқтамадым? Хан базардың ішінде менің сағымды сындырды-ау бұл ит! Бұл сойқанды көріп-естіген жұрт мені ынжық, мырың екен дейтін болды-ау…»

Енді бір сәт түндегі көрген түсі көз алдында көмескілеу көлбеңдеп, ызалы көңілді сабасына түсіргендей болды. Түсімде көргенім Найзалы баба екені рас болса, менің Алақаймен хан базарда қатындарша салғыласып жатқаным кісілікке жатпас еді. Үндемеген үйдей бәледен құтылады. Түсімде көргенім рас болса, байсымақ Алақайдың жазасын Құдай өзі-ақ береді. Найзалы бабаның түсіме кіргені тегін емес. Әліптің артын баға тұрайын.


Осылай ойлап, Сырымның көңілі кәдімгідей көтеріліп қалды.

* * *

Дәл сол базарда Алақайдың алдынан Адырбайдың «Үш қасқасы» шыға келеді. Алақайдың жүрегі зырқ ете қалды.

Мына заман – қилы заман. Бизнесмендер заманы. Анық-қанығын, рас-өтірігін кім білген, Алақай Адырбайдың «Үш қасқасына» берешек көрінеді. Бизнесте не болмайды.

Қарсы алдынан шыға келген «Үш қасқадан» тайқып кете алмай, амал жоқ, қол алысып амандаспақ болғанда, «Үш қасқаның» үлкені Бахтияр Алақайдың ұсынған қолын қағып жібереді. Қалған екі інісіне иек қағып қалады. Екі інісі Алақайдың екі қолтығынан ұстап, базардың шетіне алып шығады.



«Үш қасқаның» екеуі Алақайдың екі жағына отырып алып, оны тырп еткізбеді. Ал, үшіншісі машинаның руліне отырып, шай қайнатым мезгіл ішінде Зиратсайға жеткізді.

Алақайды машинадан суырып шығарғанда ол осы көктемде «К-700»-пен қақырата жыртқан мүрделі сайдың қабағын таныды. Егіні орылып сабаны жиналған аңыздың орны сарғайып жатыр.

Жартылай жыртылып кеткен көне зираттың үстіндегі қалың қамыстың сыңсыған ызыңы естіледі. Таудан соққан самалдан тербетілген қамыс сыбызғылар мыңжылдық дәуірдің тарихын тартып тұрған көне қобыз секілді.

Жылда көктемде Тәңіртаудың қалың қары еріп, тасқын болғанда таудың тарғыл малта тастары ылдиға дейін топан сумен ағып келер еді.

«Үш қасқаның» екеуі Алақайды жығып салып, кеудесін басып тұрғанда, «Үш қасқаның» үлкені баланың басындай тарғыл таспен оң аяқтың жілігін шағып жібергенде, Алақайдың тозақтағы даусы шығып, қан аралас жіліктің майы шашырап шыға келді.

* * *

Солтүстіктен соққан суық жел түнерген қара бұлттарды түйдек-түйдегімен аунақшытып айдап келеді.

Миллион жылдардың зілдей салмағынан аласарып шөгіп жатқан Қаратаудан әлгі бұлттар оңай асып, Мыңбұлаққа жеткенде алдындағы асу бермес Тәңіртаудан жасқанып, саябырлай бере, жерге тырс-тырс тамшы тамды.

Жілігі сынып, есінен танып, талықсып жатқан Алақай, бетіне тырс-тырс тамған жаңбырдан есін жиып алғандай, көзін ашты. Әуелі көзіне түскені: биік шынар ағаштың жуан бұтағында бұған міз бақпай тесіле қарап отырған сере тұмсық самұрық құс екен.

Алақай зәресі ұшып, орнынан атып тұрайын деп еді, сынған аяғы зар қақсап қоя бергенде, құлыңдаған даусымен шыңғырып жіберді.

Құдай азап берем десе оп-оңай екен ғой. Әйтпесе, осы Алақай таңертең тұрғанда көңілі кірбіңсіз, шілденің аспанындай ашық еді. «Мерседесіне» мініп Боранды базарға «әләуләйлап» жеткен.

Ойда жоқта, аяқастынан хан базардың ішінде «Үш қасқа» кездесе кетті. Одан арғы оқиға белгілі. Үш ұйықтаса түсіне кірмес соққыға жығылып, бір аяғының жілігі сынып, терең сайда жатысы мынау…



Алақайдың құлындай шыңғырған ащы даусынан селт етіп, дүр-р сілкінген Самұрық құс кере құлаш қанаттарын жайып жіберіп, баяу қалықтап, жаралы жанның дәл қасына барып қонды. Бірақ кере-құлаш қанаттарын жиған жоқ.

Жаңбыр енді екпін алып, тасырлата, нөсерлете, селдете жөнелгенде Алақайдың үстіне жайылған қос қанат жаралының денесіне тамшы тамызбай, күркеше үй сияқты болды да қалды.

Алақай үстіне келіп төнген алып құстан зәресі ұшып, бақырайын десе қорыққаннан үні шықпай қалды.


– Қорықпа, – деді Самұрық. – Мен сенің бұдан мың жыл бұрын өткен Найзалы деген бабаңмын. Адам баласы өлгеннен кейін мүлде жойылып кете қоймас. Алланың рақымы түскендері жарық дүниеге басқа түрде қайта оралмақ. Міне, мен мыңжылдан соң Самұрық қыран бейнесінде қайта оралдым. Бірақ бір заманда Адам болғанымды ұмытқан жоқпын. Иә. Біраздан бері оң аяғымның жіліншігі сыздап ауыратынды шығарды. Сөйтсе, бұдан мыңжыл бұрын менің жау қолынан қаза тауып жерленген сүйегімнің бір жілігін сен трактормен сындырып, лақтырып жіберген екенсің. Енді сол жілік орнына қайтып қойылмайынша, менің аяғым қақсай береді.

– Ол мен емес, тракторшы Сырым болатын, – деді құр сүлдесі күзгі жапырақша қалтырап жатқан Алақай.

– Өтірік айтсаң, күнәң екі есе артады, соқпа өтірікші! Адамдарды алдауға болады. Ал, бәрін көріп-біліп тұрған Аспан-Тәңіріні алдауға болмайды, найсап!

Күн күркіреп, найзағай жарқылдап, нөсер жаңбыр үдей түсті. Бірақ Самұрықтың үйдің үлкендігіндей қос қанатынан бір тамшы да өткен жоқ. Алақайдың үсті құп-құрғақ.

– Құдайды да, аруақты алдауға болмайды. Мен сенің бұдан мың жыл бұрын өткен бабаң Найзалы боламын. Сен менің жүдеген, шаялаған, ұсақтап кеткен ұрпағымсың. Сенің сирағыңды сындырған ана «Үш қасқа» да менің ұрпақтарым. Бір кездегі бір атаның балалары енді арада жылдар өткенде бір-біріне жат, бір-біріне жау болған. «Үш қасқаны» сен жаман қорладың. Олардың үлесіне тиген жерді сен «ортақ боламыз» деп өзіңе қаратып алдың. Ал, астық бөлісер кезде олардың үлесін бермей қойдың. Амалы таусылған «Үш қасқа» сенен өшін алған түрі мынау. Сирағыңды сындырды. Сенікі де иттік. Олардікі де озбырлық.



Нөсер бірте-бірте ақ жауынға ұласты. Төңірек түгел ақ сүтке шомылғандай, айнала бозамықтанып алды. Зиратсайдың қабағынан төмен қарай аққан жаңбыр суы лайланып барады.

Алақайдың сынған сирағы Самұрықтың қанатының астына сыймай, балағы түрулі күйінде сыртқа шығып жатқан. Сынған сирақтан аққан қан бұрынғыдай қошқыл күрең болмай, ашаң қызғылтым тарта бастады.

Шалқасынан жатқан Алақай жұмулы көзін ашып алып еді, үстінен зұлпыхар қылыштай болып, Самұрықтың тұмсығы төніп тұр екен. Зәресі зәр түбіне кетті. Көзін қайтадан тарс жұмып алды.

– Қорықпа, – деді Самұрық, – мен сенің көзіңді шұқымаймын. Сенің көзің ашқарақ. Тойымсыз көз. Мұндай көздер тек топыраққа ғана тояды. Тойымсыз болмасаң, ата-бабаңның зиратына дейін топырағын алып машинамен айдатып тастар ма едің?! Сені аруақ атып кетті. «Үш қасқа» деген тек сол аруақтардың елесі. Бірақ шын өкініп, кешірмес күнәңді мойындап, Құдайдан тәубе тіле, кешірім сұра. Алланың рақымы мол, шын тілесең, мейірім болар.

– Қойдым, тойдым, енді иттік істемеймін. Тәубе! Тәубе! Тәубе! – деп Алақай үш қайтара тіл қатты.

Жаңбыр толастап, күн ашылды.

Самұрық зау шынардың жуан бұтағына барып қонды.

Алақай орнынан тұрып, зау шынарға қарап, басын иіп тағзым етті.

Самұрық биікте отырып, қалың жауын топырағын шайып кеткен аңыздан ағарып жатқан жіліктің сынығын көрді.



СТАЛИНМЕН ҚОШТАСУ

Көктемнің келе жатқанын ең алдымен кәдімгі майда құстар сезеді. Шымшықтар шықылықтап, секеңдей бастайды. Бірлі-жарым наурызкөк көрініп қалады. Жәудіреген көздері моншақтай мөлдіреп, адамдармен ықыластана амандасқандай, шымшықтар сияқты секеңдемей, шошаңдамай, жорғалай басып, жаныңа жақындап: – Көктем келді, көзайым болыңыз! – дегендей ишара білдіреді.

Оны көп адамдар түсіне бермейді. Адамдардан құстар тілін білген тек Сүлеймен пайғамбар ғана болған. Ал, бірақ өкінішке орай, адамдардың бәрі Сүлеймен пайғамбар емес.

Ал бүгін кәдімгі шошақай шымшықтар да шықылықтамайды. Наурызкөк те көрінбейді. Шымшықтар мамық жүнін жел қобыратып, бұтақтарда бүрісіп-бүрісіп отыр. Олар да қалың қайғыдан қабырғалары қайысып, қара жамылып қалғандай.

Бүгін Сталинмен қоштасу күні.

Борис Фардзинов екеуміз бірге баруға келістік. Әсіресе бүгін жалғыз-жарым жүру өте қиын. Баратын жеріміз – Колонна залы. Мәскеудің дәл төрінде. Кремльден алыс емес.

Бірақ бүгін метромен жүріп болмайды. Трамвай, троллейбустан қайыр жоқ. Такси жалдауға біз сияқты студенттің қалтасы көтермейді. Бүгін, сірә, такси де жүрмейді.

Жаяу тарттық.

Мәскеудің таңы түнеріп тұрды.


Көшелерде адамдар секеңдей соғысады. Мәскеудің көшелері қыс бойы тоң болып сіресіп жатып, бүгін кенеттен сең жүріп, таудай-таудай тасқын толқындары тулағандай.

Байқасаң, адамдардың бәрі бір бағытқа, шаһардың ортасына беттеген сияқты.

Біз Борис Фардзинов екеуміз сол толқынға душар болып, топан судың бетінде секеңдеген жаңқадаймыз. Көшеге қалай шықтық болды – толқын бізді қақпақылдап, іліп алып кете барды.

Борис Фардзинов менің курстасым. Ұлты – осетин. Солтүстік Кавказдан. Дәлірегі – Солтүстік Осетиядан. Оңтүстік Осетия дейтіні тағы бар. Ол, сірә, Грузияның құрамында.

Рас-өтірігін кім білсін, біреулер сыбырлап, Сталин грузин емес, осетин екен. О баста фамилиясы Джугашвили емес, Джугаев екен деп жүрді.



Осетин дейтін бір-ақ халық. Бірақ екі бөлек. Бір жартысы Грузия құрамында, екінші жартысы – автономиялық республика Ресей құрамында. Орталығын бұрын Дзаужикау деуші еді, енді Орджоникидзе дейтін болған.

Орджоникидзе атақты большевик, Сталиннің серігі болған. Кавказда Совет өкіметін орнатар кезде грузин меньшевиктерімен төбелесіп қалып, сонысы үшін кейін Лениннен таяқ жеген.

Мені осы жолы жүр-жүрлеп алып шыққан да осы Борис Фардзинов. Қою қара шашы дүлей ормандай, бойы мен құралпы болғанымен, денесі шомбал, тып-тығыз, нағыз палуан тұлға.

Кеше факультетте шолақ қол декан қаралы митинг өткізгенде, осы Фардзинов дап-дардай болып, көзінің жасын пора-пора қылып жылады. Жанымда тұрған курс парторгы Борис Силкин мені түртіп қалып: – Жыла, жыласаңшы, – деп еңкілдеді.

Бірақ менің көзімнен жас шықпады. Бедірейдім де қалдым. Мылқау сияқтымын.

Анам Айшаның айтуына қарағанда, мен туған әкем Мұртазаның қазасын естірткенде де жыламаппын. Атақты отыз жетінші жылы «халық жауы» атанып, сотталып кеткен әкем Мұртаза шамада 1940 жылы құлақ есітіп, көз көрмеген «Дәлній восток» деген жақта, Зея деген өзеннің бойында, Ну орманда ағаш кесіп жатқанда, үстіне қарағай құлап кетіп, басып қалып, содан ажалы жеткен.

Сол суық хабарды жұрт жиналып келіп, анам Айшаға естіртеді ғой. Бейшара Айша ат беліне түсетін бұрымын тарқатып, қалың қолаң шашын жайып жіберіп, қызыл шырайлы, ай дидарлы бетіне тырнақ салып, жыртып жіберіп қанатқанда, мен оның бетін сүртіп тұрыппын. Бірақ бедірейіп, көзімнен жас шықпапты.

Жатақханадан құлқын сәріде шығып едік, Колонный залға жетер түріміз жоқ. «Тайфун» дейтін дүлей дауыл болады деуші еді. Сірә, бұл сөз біздің «Топан суы» деген ұғымнан шыққан болар. Баяғыда-баяғыда, Нұх пайғамбар заманында, Алла тағала о басында күнәсіз жаратылған адамдардың келе-келе әбден бұзылғанын, иманнан жұрдай болғанын көріп, жер дүниені ластан, былапыттан тазартпақ болып, Нұх пайғамбарға пәрмен берген ғой.

– Бір кеме жаса деген. Сол кемеге адамзат, жан-жануар, ұшқан құс, жүгірген аң, күллі өсімдік атаулыдан бір-бір жұптан ең тазасын алып, кемеңе сал деген. Мен жер бетіне топан суын қаптатамын. Сөйтіп жер дүниені жуып-шайып, былапыттан тазартамын. Сонда



осы Нұх пайғамбар, кememен топан судан аман қалып, топан тартылған жерде кемеңдегі жан-жануарды, адамдарды, ұшқан құс, жүгірген аңды босатып қоя бересің. Солардан таза ұрпақ өсіп-өнеді деген ғой.

Біреулер сол кеме Синат тауының қырқасына тоқтаған дейді. Біреулер Нұх пайғамбардың кемесі Арарат тауында қалған дейді. Ал, енді біздің ата-бабаларымыз Нұх кемесі Қазығұрт тауының басында қалған дейді.

Осы соңғы әфсананы растайтын куә ретінде халық ежелден бері қарай:

Басында Қазығұрттың кеме қалған,
Болмаса кереметі неге қалған?! –

деп жырға қосып, той-томалақ, жиындарда осы әнді әлі күнге дейін айтып келе жатыр.


Мен осыны ойлап болғанша, орасан толқын арт жағымнан соққан кезде Борис Фардзиновтен ажырап қала жаздадым. Артыма бұрылып қарауға мұршам келмей, қолымды созайын десем, өз қолымды өзім босата алмай, ай, енді кеттім-ау, деген кезде палуан осетиннің әлуетті қолы менің иығымнан тартып ұстап қалды.

Енді бір заманда шыңғырған, ыңырсыған дауыстар естіле бастады. Мына қияметтің қыл көпірінде тұрған шақта әйтеуір құлай көрме. Құладың – бітті, қайтып тұру жоқ, қу тіршілікпен қоштаса бер. Топан судың түбінде, мыңдаған тұяқ-табанның астында қаласың! Ұлы көсемнің құрбандығы боласың.

Аспанның жүзі ақ будан көрінбейді. Кешке қарай аяз қысқан соң ауыздан шыққан леп ақ буға айналып, аспан дидарынан адасқан жұрт күннің қай мезгіл екенін де ажырата алмай қалды.

Ажал құрығына ілініп, сансыз аяқастында қалған адамдардың жан айқайы; әлі табан астына түсе қоймаған, бірақ ары-бері толқынның қатты соққысынан есеңгіреген жүрегі нашарлардың шыңғырғаны; бақырғаны, әлемнің еш шарасыз күйзеліске ұшырағанының анық айғағы еді.

Оның үстіне мұхитқа айналған көшенің қос қапталындағы биік-биік үйлердің төбесінен бажылдаған мысықтардың ащы даусы қосылады. Ол рас, мысықтар орасан қыспаққа түсіп, өкпелері өшіп, жүректері жарылып бара жатқандықтан бажылдамайды. О, олардың бақырысы басқа!



Күн көсемнің өлімі мысықтар үшін – Пішту! Мысықтар оған бола қайғырмайды. Пенделер үшін қайғылы басталған март-наурыз мысықтар үшін махаббат маусымы. Әне, мәселе қайда жатыр.

Адамдар ақырзаман орнағандай күйзеліп, қайғырса, мысықтар махаббат қызығына батып, үйлердің төбесіне шығып алып, ойнақ салып жүр. Мұндайды батыстағы жұрт: «Пир во время чумы» дейді. Яғни «Оба жайлаған жердегі той» дегені ғой.

– Ұста мені, Борис бауырым, мықтап ұста, құлап қалмайын. Құласам – тұрмаймын! Мен құласам мына сұм дүниенің несі кетер дейсің. Ешкімнің де ешнәрсесі кетпейді. Бірақ елдегі жалғыз анам Айшаға обал да! Әне, сол жылайды ғой, соры арылмаған сорлы. Мені Мәскеуге оқуға жібергісі келмек еді, жарықтық. Жылап еді. Мен станцияға, пойызға мінейін деп бара жатқанымда Мұса бригәт атпенен артымнан қуып жетіп: –Қайт, жүгермек, өлейін демесең, қайт! – деп басыма қамшысын үйіріп еді. – Туған жерден шалғай-шалғай айдауда жүріп әкең Мұртазаның сүйегі жат жерде қалғаны аз ба еді?! А? Ана шешең менен іні-қарындасыңды кім асырайды? А? Олар құдайдан сен өссін, Әулиеатадағы оқуын бітірсін, содан кейін бізге көмектеседі деп үміттенді. Әулиеатадағы оқуың бітті, құдайға шүкір. Енді жер түбіндегі Мәскеуде сенің қай нағашың бар еді?! А?!

Бұл Мұса жарықтық, отыз жетінші жылы менің әкем Мұртазамен бірге «халық жауы» болып ұсталып кетіп еді, бір-екі жылдан кейін «көкірек ауру» деп қайтып келді. Енді колхозда бригәт! Билеп жүр.

Бірақ бригәт болса да мен көнбедім.

Енді дәл қазір сол Мұса шалдың тілін алмағаныма, анам Айшаның, қарындасым мен інімнің қасында қалмағаныма өкінгендеймін. Ә дегенде мына теңселіс қақпақыл ойыны сияқты көрінгенмен, бара-бара өршіп, арсыз ажалдың ауылы жақындап қалғандай жан қысылып барады.

Қой, олай бола қоймас деп өзімді өзім жұбатайын десем, айнала жан айқай. Шыңғырып жатыр. Құлап қалған. Жүрегі талған. Амалсыз құлап қалған. Қайта тұруға қауқар жоқ. Құладың, сорлы, қор болдың. Ақырғы әрекеті – шыңғыру. Шыңғырып өлген жаман-ау. Ондайды құдай қаламас.

Баяғыдан қалған аңыз бар: Ыбырайым пайғамбарға Алла тағала бұйрық етті:

– Ана Ысмайыл деген баланды бауызда! – деп.

Пайғамбар Алланың айтқанын екі етпес болар. Өзінің Ажар атты тоқалынан туған Ысмайылды шақырып алып:



– Осылай да осылай, Алланың бұйрығы. Орындамасқа амал жоқ, – деп баласын бауыздамақ болып, алқымына пышақ сала бергенде, Алладан бұйрық келді:

– Баланы босат. Орнына көк қошқар сой! – деді.

Пышаққа түскен көк қошқар сонда дыбыс шығарған жоқ, жануар.

Ал мыналар шыңғырады, бақырады, байғұстар.

Сөйткен Ысмайылдан жарты әлемді жайлаған араб жұрты тарады.

Осындайда кеудеңде бір сұрақ қалады. Бұлай ойлаудың өзі пендешілік, күнәкарлық болуы да мүмкін. Әйтпесе сол Ыбырайым пайғамбардың бәйбішесі Сарадан туған Ысырайыл бар емес пе еді?

Алла тағала құрбандыққа неге Ысырайылды қаламай, неге Ысмайылды таңдады? Жауабы жоқ сұрақ. Ысырайылдан еврей әулеті тарады.

Е, байғұс, баяғы-баяғыда өтіп кеткен ұлы әруақтарда нең бар? Онан да мына мың болғыр осетин жігіті Борис Фардзиновтың жуан белдігінен мықтап ұста! Табанға түсіп қалмас үшін. Алыста, Талас Алатауының бауырында сенің амандығыңды құдайдан күндіз-түні тілеп жүрген анаң Айшаны аңыратпас үшін.

– Убери руки! Тарт қолыңды, оңбаған! – деп айқайлайды қатарымызда ары-бері теңселіп жүрген жуан әйел.


Бұл енді өзі өртеніп жатқан үйдің отына қойдың басын үйтіп алмақшы болған адамның әрекетіне ұқсайды. Жуан әйелдің қалтасына, әлде бір ұятты жеріне қол сұққан сұмырай мына ақырзаман кезінде де сұмпайылығын істеп жүр.

Ал биік үйлердің төбесіндегі мысықтардың бажылдаған, бақырған дауыстары өршімесе, тиылар емес. Мысықтардың махаббат маусымы. Бұл өзі Жаратылыс белгілеп берген қысқа мерзім. Осы мерзімде ойна да күл. Содан кейін сап тиыл! Адамдар сияқты жыл он екі ай: қыс демей, жаз демей, көктем демей, күз демей, күндіз демей, түн демей адамдар сияқты аймаласып, айқаса берме! Махаббатсымақ батпаққа бата берме!

Жалпы, мысыққа көзқарас әр елде әр түрлі. Батыста алдынан мысық өтіп кеткен адам: «Жолым болмайтын болды-ау», деп көңіліне алады.

Ал біздің Мұхаммед пайғамбарымыз ұзын түйе жүн шекпенінің етегінде жатып ұйықтап қалған мысықты оятпай-ақ, шекпенінің мысық жатқан жерін қайшымен қиып тастап, түрегеліп, намазға тұрған ғой. Мысықтың әлдеқандай қасиеті болмаса, пайғамбар сөйте ме?

Осы мен қателеспесем, мысықтың бейнесін бұдан бес мың жыл бұрын өтіп кеткен перғауындардың пирамидаларына өмірі өшпестей етіп суреттерін салып тастаған дейді. Неге?



Мен осындай оймен әлек боп жүргенде, Борис Фардзинов мені оңға қарай ойыстырып, қолымнан тартып, жағалау жаққа бір сүйем, сынық сүйемнен жақындай берді. Шетке жете бергенде долы толқын қайтадан көшенің ортасына қарай лақтырып жібереді.

Әне сонда шын үрей бойды билей бастады. Бұл адам – айуан тұтқынынан құтыла алмастай әсер шырмап алды.

Бұдан гөрі тас түрме тәуір шығар. Мына адамдар абақтысы сені тыныш тұрғызбай жан-жағыңа аяусыз лақтырады. Әр лақтырған сайын қабырғаларың күйреп кете жаздайды.

Менің осы уақытқа дейін құлап қалмай, табан астында тапталмай, сүлдемді сүйретіп, ары-бері әткеншек тепкендей, сеңмен бірге серпіліп қалып жүргенім, бала кезімнен еріксіз шыныққанымнан шығар. Әкей алысқа айдалып кетіп, жат өлкеде жер жастанып қалғаннан кейін, мені Тасбет бригәт тоғыз жасымнан қамшының астына алып, жұмысқа салған жоқ па?

Бір жамандықтың бір жақсылығы бар, егер еңбекте шыңдалмаған шынжау болсам, мына жерде әлдеқашан сүйегім шашылып қалатын еді. Әрі десе Құдай мені осетин Борис Фардзиновқа жолдас қылғанын көрмейсің бе. Ол болмаса, мен мына дүлей қыспаққа шыдай алмай, құлап қалуым әбден мүмкін еді. Алла тағала алыстағы Айшаны аяған шығар…

Мысықтар баж-баж ете қалады. Оларға мына түксиген биік үйлердің төбесінен төмендегі мың-мың, а бәлкім, миллион адамдардың күңіренген күрсінісі, жан айқайы, шырқырап шыңғырғаны ешқандай әсер етпейтін сияқты. Олар өз шаруасымен әуре.

Ал адамдар баяғы-баяғыдағы Вавилон (Бабыл) аласапыранындағы сияқты бірін-бірі түсінбегендіктен алдыңғы жағы тұйықталып, артқы жағы мұхиттың лоқсығанындай күшене итеріп, жарға соққан толқын кейін шегініп, адамдарды суша сапырғанда, пенделердің бір ақылға келмеуі, бірін-бірі ұқпауы – мылқау сұмдыққа айналды.

Баяғы-баяғыда Бабыл тұрғындары Күнге дейін мұнара тұрғызбақшы болыпты ғой. Сан түрлі тілде сөйлейтін, бірінің тілін екіншісі ұқпайтын, сан-тараптан жиналған тобыр екен. Мұнара биіктей беріпті, биіктей беріпті. Ақыры адамдар бірін-бірі түсінбегеннің кесірінен есіл еңбек еш болып, зая кетіпті.

Мынау да соның бір түрі не көшедегі адамдардың алдын қатар-қатар автобустармен бөгеп тастамай, тас тоған салмай, жолды ашу керек. Не арттан адамдардың ағылған лек-легі тежелу керек. Ап-анық нәрсе. Бірақ адамдар біле тұра бүлінді.



Құдай төтеннен ешқандай кесепат жіберген жоқ. Найзағай шашыраған жоқ. Жер сілкінген жоқ. Таулар теңселіп, сел тасқын қаптаған жоқ.

Адамдардың бірін-бірі түсінбеген мақаулығынан енді бірін-бірі жаншып, бірін-бірі таптап, өзіне-өзі ақырзаман тілеп алды.

Рас, Сталин қайтыс болды. Ол да Құдайдан кем емес деп жүрсек, кәдімгідей пенде екен, ажал жетті, өлді.

Ал, енді соған бола, соның жолында мына жерде жүздеген адамның аяқ астында қалып, тапталатын не жөні бар? Үйінде отырып та қайғыруға болады.

Баяғы-баяғы бір адамзаттың әлі де тағылау кезінде патша өлсе, оның жанына құлы мен күңін, қару-жарақ, ереуіл атын бірге көметін салт бар екен. Ол заманның патшалары нысапты екен ғой. Ал, мына Сталиннің жолында жүздегендер құрбан болып барады.

Жарықтық, өлгенде де құрбандыққа тояр емес. Ал, тірісінде ше? О! Тірісінде оның жолына құрбандыққа мына қазіргідей шынжау, әлсіз, жабырқаулар емес, тірісінде оның жолында құрбандыққа кілең маркасқалар, кілең аймүйізді арқалар шалынды емес пе?! «Халық жаулары»!

Бір кезде өте пәрменді қатты толқын бізді алға қарай емес, оң жақ қапталға қарай лақтырып жіберді. Бұл енді құдайдың бізге оң көзі түскенінің нышаны ма деп ішім жылып қалды. Өйткені бұл сұрапыл ағысты өзеннің бір қолтық-қойнауы сияқты дер екен. Бізді қайтып қатты ағыстың арнасына тартқан жоқ.

Қалтарыста қалып қойдық.

– Енді өлмейміз, – деді аққөңіл Борис Фардзинов.


– Құдай біледі де, – деймін әлі тозақтан шыққанымызға сенің кіремей.

Жон арқамыз қарақошқыл кірпіштен қаланған қабырғаға тірелді. «Бізді сақтай гөр» демесем де, соған ұқсас іштей бір тілекпен әлгі кіршеңдеу кірпіш қабырғаны алақанымммен сипап қойдым.

Әйтеуір аз жасамаған. Бәлкім, Иван Грозныйдың заманынан бері тұрған қабырға шығар. Бәлкім, бұл түрменің қабырғасы ма? Өте көне көрінеді, кіршең. Кім біледі, Иван Грозный баяғыда Қазанды алғанда, Қазанның Сүйімбике есімді қатын патшасын тұтқындап Мәскеуге алып кеткенде, осы абақтының ішіне әкеліп қамады ма – қайдан білейік. Қай-қайдағы ойға келеді. Жаңа ғана көпе-көрнеу ажалмен арпалысқан сияқты едім, енді қайдағы-жайдағы тарих есіме түсе береді.

Бұған да шүкір. Бұл тірі екеніңнің белгісі.

Арада бір апта өткенде ауылдан хат келді. Хат жазған жалғыз қарындасым мен жалғыз інім ғой.



«Апам *(Айшаны айтады автор)* жеті шелпек пісіріп, құдайы нан таратты. Түс көріпті. Түсінде сен шексіз-шетсіз теңізде малтып жүр екенсің.

– Жағалауға шық, – деп сені шақырыпты.

Сен:

– Жәкеме бара жатырмын депсің. *(Мұртазаны айтады автор.)*

Апам:

– Жәкең алыста ғой, жете алмайсың, жағаға қайт, – деп айқайлапты. Сөйтіп жатып оянып кетіпті. Ертесіне апам жеті шелпек пісіріп, құдайы нан үлестірді балаларға», – деп жазыпты.

Хатты оқып, көз алдыма анам Айша, қарындасым мен інім келді. Ауылды қатты сағынғанымды сонда сездім. Оқуды тастап кетсем бе екен дедім.

Алыста, алыста, Талас Алатауының бауырында, Мыңбұлақта жатқан ауылымды сағынып, тамағыма бір түйін тығылып, жылағым келді.

Сталин қайтыс болғанда қасарысып шықпаған жас, енді көзімнен парлап ақты. Тия алсамшы…

Елімнің бір жайлауы – Құрымбай саз,
Жайлаған алты ай жазда сарыала қаз.
Шолпандай таң алдында туып-батқан,
Қайтейін, о дүние, ғұмырым аз!

(О. Бөкей)

САРЫАЛА ҚАЗ – ФЕНИКС

Қара қарғалар қарақұрым болып топ-тобымен ұшады. Ала қарғалар да жалғыз-жарым жүре бермейді.

Жылы жаққа ұшар алдында қарлығаштар телеграф сымына тізіле қонып алып ұзақ сырласады.

Жылы жаққа қарай тырналар үш бұрыштанып алып, улап-шулап ұшып бара жатады.



Қорғалжыннан қайтқан қоқиқаздар да топтасып ұшады.

Жабайы үйрек-қаздар да ұйымшыл.

Тіпті жауыз торғайлар да топ-тобымен жүреді.

Ал сарыала қаз неге жалғыз?

Ай-қасқа атқа мініп, Тәңіртауды бетке алып бара жатқан мен жалғыз. Төбемнен ұшып бара жатқан сарыала қаз жалғыз.

Әлде қанаттарының сусылы, әлде мұңды үн сарыны – сарыала қаз ұшқан биіктен бір аянышты үн шығады.

Айнакөл – Көксай аңғарының төрінде, шамада үш мың метр биіктікте.

Шығысында – атақты Манас шыңы.

Жылқышы Асқар, орманшы Мұрат және мен үшеуміз үш атқа мініп, Айнакөлге жеттік-ау, әйтеуір.

Көлдің түбіндегі тастар көрініп жатыр. Соған қарап: «Е-е, таяз екен ғой» деп қалуың мүмкін. Қайдағы таяз, түйе бойламайды. Түбінен тастар көрініп жатқаны – көлдің соншалықты мөлдірлігі, періштенің көз жасындай тазалығы.

Көлдің арғы шеті әрең көрінеді. Екі жақтан: Шығыс пен Батыстан аспан тіреп тұрған шыңдардың арасын жалғастырып тұрған кезең бар екен. Ұлан бел десе болғандай. Мұз құрсанған.

Биік-биік шыңдардан құлаған үлкенді-кішілі сулардың тоспасы сол.

Айнакөл – сол тоспаның астынан шым-шым шығып жатқан айдын. Егер осы тоспа болмаса, бүкіл су лақ етіп төменге бірден құласа, біздің Мыңбұлақты әлдеқашан су шайып кетер еді.

Табиғат шебер. Тоспа, тоспа – саты-сатымен құлаған су аса жойқын емес.

Бұған дейін мен көрген көлдер мен теңіздер жер деңгейінен төменірек жатыр еді. Оларда жаға, жағалау деген болар еді. Егер өзен яки теңіз жағадан шығып, арнасынан асып кетсе, ондайда:

– Ойбай! Тасқын! Топан су қаптады! Ақырзаман! – деп адамдар алжасқандай алақ-жұлақ етіп, естері шығып кетер еді.

Ал, мына айдын жер бетінен ең жоғары, тым биікте, тау басында, шыңға жақын жатыр. Жатысы жайдарлы. Алқынған ештеңе жоқ. Тасқынның, топан судың елесі де жоқ. Тек қатар тұрған қос шыңның арасын бөліп жатқан кезеңнен соққан жібек самалдан көлдің бетінде қаз таңдайлы майда толқын бірін-бірі қуалап ойнайды.

Сол үлбіреген майда толқынға қарсы алты балапан қатар жүзіп



барады. Олардың үстінде, биікте Сарыала қаз нәзік үнмен жалынышты кейіпте шырылдайды.

Бізге қарай жақындай түсіп:

– Қайтыңдар! Не бар сендерге?! Балақайларды қорқытпаңдар! Қайтыңдар, – дейді.

Үні нәзік. Көп болса, үйректің үлкендігіндей. Реңі сарыала. Қанаты да қысқалау. Сөйте тұра, егер біз көлге жақындай берсек, төбемізден шүйілетін түрі бар. Өте өжет.

Тіпті қамшымен салып кеп қалсаң жететін жерге дейін жақындайтынын қайтерсің. Бірақ біз қамшы сілтемедік. Бейбіт адамдар екенімізді білдіруге тырыстық.

Балапандар едәуір алыстап кеткенше Сарыала қаз алдымызды кес-кестей берді. Қаздың жалынышты үні:

– Кетіңдер бұл арадан. Бұл жер адамдар мекендейтін орын емес. Бұл араны Құдай бізге бұйыртқан. Тиіспеңдер, кетіңдер, – деген кейіп танытады.

Балапандар алдыдан соққан майда толқындармен арпалысып, алыстап барады. Жалғыз жанын пида қылып, жанталаса қорғаған анасы болмаса, бейшара алты балапан тым қорғансыз.

Сарыала қазды шырылдата бермейік деп біз жағалаудан кейінірек кетіп, аттардың ауыздығын алып, тұнып тұрған шалғын көкке қоя бердік. Алуан-алуан хош иіс гүл-майсаны төсеніп, жантайып-жантайып жата кеттік.

Теңіз бетінен үш мың метр биіктікте адам тез шаршай ма деп қалдым. Лезде ұйқым келді. Бірақ Сарыала қаздың шырылдаған даусы әлі естіліп тұр еді.

Кенет гүрс еткен мылтық даусы шықты да ұйқым шайдай ашылды. Орнымнан атып тұрдым. Қасымдағы серіктерім де үрпиісіп түрегелді.

Сол-сол екен, мылтық даусы тағы да гүрс етті. Көл үстіндегі шырылдап жүрген Сарыала қаз аспанда селк еткендей болды да, отқа оранып-өртеніп төмен құлдилай берді.

Мылтық екінші рет атылған соң барып, ап-ашық күнде найзағай шартылдағандай болып, аспан тіреген шыңдардан төмен қарай үйдей-үйдей тастар домалай бастады.

Біз жаққа қарама-қарсы қабақтан қалбаң етіп көрінген атты адамды жоғарыдан домалаған сандықтай тас ат-патымен қоса көлге тулақтай қылып лақтырып кеп жіберді. Көлдің суы аспанға шапшыды.

Төбеден құлаған сусыма тастар едәуір толастамай, сәлден кейін барып, сатыр-сұтыр басылды. Көлдің беті тынши қалды.



– Мұндай биіктікте мылтық атуға болмайтынын білмейтін қандай адам? – деді орманшы Мұрат.

– Ажал айдаған байғұс қой. Әйтпесе, балапан қорыған жалғыз Сарыала қазда несі бар, – деді жылқышы Асқар.

– Сарыала қаздың балапандары көрінбес пе екен? – деп көл бетін тінти қарап мен тұрмын.

Ештеңе көрінбеді. Төбеден құлаған түйе тастар да, Сарыала қазды атқан адам да ат-патымен зым-зия. Былай қарасаң көлдің түбі көрініп жатыр.

Ал, түйені түгімен, кемені жүгімен жұтатын түрі бар.

Түсініксіз құбылыс: көлдің түбіндегі майда тастар көрініп жатыр.

Ал, таудан домалап түскен түйедей тастар көрінбейді.

Әлгі мылтық атқан адам ба, пері ме, ол да көрінбейді. Астындағы аты да жоқ.

Қанаты қатпаған алты балапаннан белгі жоқ.

Сол балапандар үшін басын оққа байлаған, балақайлары үшін шырпыр болып, бізге:

«Қайтыңдар!» деп жалынған Сарыала қаз із-түзсіз.


* * *

Сарыала қаз бен оның қанаттары қатпаған алты балапанының жаназасына Айнакөл айналасындағы аң мен құс біткен түгел жиналды.

Тау басына бұлттар үйіріліп, аспан асты түнеріп, қараңғы тартып, шарт-шұрт найзағай ойнап, нөсер жауын долдана, ышқына сиіп-сиіп жіберді.

Нөсер сәл-пәл басылғанда, жартастың текшесінде тұрған Теңбіл барыс ақырды:

– Біз осынша кең дүниеге сыймай қалғандар емеспіз. Бізді сидырмады. Содан кейін тапқан жалғыз панамыз – Тәңіртаудың ұшар басы еді. Жауыздың оғы бұл жерге де жетті. Бірақ жауыз жазасын алды. Құдірет оның жазасын берді. Ал, енді Құдірет бізді қашанғы қорғай береді. Құдай: «Сақтансаң, сақтаймын» деген. Сондықтан біз өзімізді ұйымдасып қорғауымыз керек! – Осыны айтып Теңбіл барыс текше таста отырған ұлар құсқа мойын бұрып:



– Сен қалай ойлайсың, Ұлар ханым? – деді.

– Мен де сендей ойлаймын, Барыс мырза, – деді Ұлар ханым. – Адамдар айтады: «Ұлы тауға шыққан бар ма? Ұлар етін жеген бар ма?» деп. Өйткені біздің етімізді жеген адам ең қауіпті деген кеселден жазылады. Осыған бола біздің тұқым өте аз, тіпті құрып барады.

– Ал, Құлжа мырза не айтар екен? – деді Теңбіл барыс ыңырана сөйлеп.

Сансыз сақиналы иір-шиыр мүйізін бір сілкіп тастап, апайтөс Құлжа күйіс қайырып жатқан жерінен асықпай түрегеліп:

– Біздің адамнан басқа жауымыз жоқ, Барыс мырза, – деді. – Бір жау болса Сіз өзіңіз болар едіңіз, Барыс мырза, бірақ сіз біздің ақсақ-тоқсақ, ауру-сырқауымыз болмаса, басқаларымызға тиіспейсіз. Құдай сізге нысап берсін. Ал, енді біздің осы мекеніміздегі жалғыз Сарыала қаздың тұқымы үзілді. Әлде мүмкін Жаратушы құдіреттің рахымы түссе, тұқымы үзілмес те, кім біледі, – деп Құлжа қайтадан күйіс қайыра бастады.

Алдына арқарлардың Құлжасы түсіп кеткеніне намыстанып, шытынап тұрған Таутеке шыдай алмай, алдыңғы аяғының тұяғымен текше тасты шекіп-шекіп жіберіп, ай мүйізді басын шайқап-шайқап қойып:

– Барыс мырза, кешіріңіз, менен де бір ауыз сөз тыңдаңыз, – деп бақылдады. – Осы өкімет біз сияқтыларды қорғайтын мекеме құрды деп еді, бірақ алдымен бізді аңдып ататындар сол мекеменің адамдары ма деген күдігім бар, бақ-бақ-бақ... Ал, бейшара Сарыала қаздың Құдай иманын берсін, бақ-бақ-бақ...

Теңбіл барыс: – Тағы да кімде қандай пікір бар? – жан-жағына таңдана қарап қойды.

Қоңыр аю қорбаң-қорбаң етіп алға шықты:

– Егер Сарыала қаз шыннан өлген болса, өлігі су бетіне қалқып шығар еді. Мына мен көлдің бетіне тесіле қарап-ақ тұрмын, ешқандай белгі жоқ. Оның жаны аспанға ұшып кетті. Құдай бар болса, Сарыала қаздың тұқымы үзілмеуі тиіс. Мен солай ойлаймын, – деп қорбаңдап барып орнына отырды.

Теңбіл барыс жартастан төменге қарай үңіліп, текше тастардың үстінде шоқиып-шоқиып отырған көк қасқырларды көрді.

– Сендер мұнда қайдан жүрсіңдер? Мұндай биікке көтерілмеуші едіңдер ғой, – деп қасқырларды жақтырмағандай сыңай танытты Теңбіл барыс.



Қасқырлардың көкжал арланы:

– Ол рас, Теңбіл барыс, біздің мекеніміз төмен, ылди жақта. Бірақ мылтық асынған адамдардан көбінесе қорлық көрген біз, қасқырлар әулеті боламыз. Биікте осындай аң-құстардың құрылтайы болып жатыр дегенді алақанат сауысқаннан естіп, біз де барып тыңдайық деп келіп едік. Ешкімге зиянымыз жоқ. Бейбіт мақсатпен келдік, – деді алпауыт Арлан.

– Бұл жиын биік шыңның маңайын мекендейтін аң-құстардың марқұм Сарыала қаздың жаназасына арналған қаралы жиыны, – деп Теңбіл барыс тастардың текшесінде тұрып қасқырларға ескерту жасап қойды. – Осындай қиын-қыстау сәтте Көк Бөрі атаның балалары қорқаулығыңды істеп жүрмесең болғаны, әйтеуір.

Көкжал Арланның желке жүні тікірейіп, Теңбіл барыстың мына ескертуіне намыстанып қалды:

– Ол не дегенің, Теңбіл барыс мырза, Көк Бөрінің балаларын «қорқау» деп қорлама. Біз де, өзің сияқты байтақ даланың төсінде мың-мыңдап жорытқан ақбөкендердің ауру-сырқауын ғана қанағат тұтып күн көрген халықпыз. Бірақ бір кезде біз өзіміз асырап өсірген адамдар есірді. Шыққан тегін, киесін ұмытып кетті. Ақбөкенді қырып салды. Бізді де аспаннан «вертолет» деген бәледен атып, азайтты.

Адамдардың малын жесең жегеніңді желкеңнен шығарады.

Сонда не істейміз? Қайда барып күн көреміз, Теңбіл барыс?!

Қабырғадан қойылған қаһарлы сұраққа Теңбіл барыс не деп жауап берерін білмей, жаны күйзелгендей ыңырана берді.

– Обалың адамдарға, – деді ақыры Теңбіл барыс. – Адамдардың ақылы қысқа, бір кезде Көк Түріктердің түп атасын қасқырлар асырап, содан тұқымы өсіп кеткенін ұмытып кеткен. Көк Бөрі Көк Түріктердің киесі ғой! Соны олар қалай ұмытады? А, мүмкін адамдарға Құдай ақыл-сана беріп, мейірім бұйыртып, ақбөкендерді енді қыра беруіне тиым салып, дала киіктерін қайта көбейтер…

Көк бөрілердің арланы аспанға қарап тұмсығын көтеріп:

– Уа, Теңбіл барыс, айтқан сөздерің Жаратушы Құдіреттің құлағына шалынсын! – деп озаңдата ұзағынан ұлығанда шың-құздар жамырай жаңғырықты.



* * *

Аспан астын күңірентіп Арлан ұлығанда, біздің аттарымыз құлақтарын тікшитіп, оқырынып, тіпті біреуі үрейлене сиіп-сиіп жіберді.

* * *

Осының бәрі өң мен түстің арасында өткендей таңғажайып көріністер болды.

Әлде мен үш мың метр биіктікте өкпеме ауа жетпей қиналып, ұйықтап қалдым ба?

Үш салт атты жоғарыдан төмен түсіп, ылдилап келе жатырмыз.

– Осы мен әлгінде ұйықтаған жоқпын ба? – деп сұрадым қасымдағы Асқар мен Мұраттан.

– Жоқ, – деді Мұрат орманшы бетіме таңдана қарап.

– Аздап қана көз шырымын алған сияқтысың… Әлгінде біз аттарды отқа қойып, көгалдың үстінде қисайып жатқанда, – деді Асқар жылқышы.

– Аң-құстардың құрылтайы болған сияқты, – дедім мен күмілжіп.

– Аң-құстардың құрылтайы болушы ма еді? – деп таң қалды Асқар жылқышы.

– А-а? Қайдағы құрылтай? – деп сұрады Мұрат орманшы.

– Е-е, түсім екен ғой, – дедім мен ыңғайсызданып.

– Қандай түс көрдің, айтсаңшы, – деді Асқар.

Мен көргенімді түгел айтып тізіп бердім.

– Міне, қызық, – деді Асқар жылқышы.

– Болса – болар, – деді Мұрат орманшы. – Өйткені Сарыала қаз аспаннан отқа оранып, көл үстіне шырылдап түскені рас.

– Үйдей-үйдей тастар құлады ғой, әйтеуір, – деді Асқар жылқышы.

– Сарыала қазды атқан адам ат-патымен суға құлағаны да рас. Бірақ бәрі көрінбей кетті, – деді Мұрат орманшы.

– Мұның бәрін мен де көрдім, – дедім мен. – Ақ Теңбіл барыс бастаған жиналыс… түсім болды ғой сонда.



Асқар мен Мұрат үндемей бетіме қарады. Дәл осы кезде төбемізден Сарыала қаздың таныс даусы естілді.

– Мынау сол ма, басқа ма? – деді Асқар.

– Дәл өзі! – деді Мұрат орманшы.

– Қалайша? – деді Асқар жылқышы.

– Бұл – Феникс! – деді Мұрат орманшы.

– Ол не тағы да? – деп сұрады Асқар жылқышы.

– Өртенсе, күлінен қайта тіріліп кететін сондай әулие құс болады, – деді Мұрат орманшы.

– Естімеген елде көп, – деп басын шайқады Асқар жылқышы.

Сарыала қаз төбемізден шырылдап ұшып, бізді аңғардың аузына дейін шығарып салды.

Жападан-жалғыз.

ТОРТАЙ ШАЛДЫҢ ЕСЕГІ

«Басқа бәле тілден» деген рас екен. Кейін жаны мұрнының ұшына келгенде Тортай шал:

– Е, Құдай, маған тіл беріп қасқайтып қойғанша, неге мылқау қылып жаратпадың?! – деп жылаған көрінеді.


* * *

Шілденің ыстығына соғыстың от-жалынының қызуы қосыла ма екен, әйтеуір сол жаз қазан қайнатар ыстық болды.

Алапат аптапқа шыдай алмай ерні тілім-тілім жарылып, қанталап кеткен Тортай шал реңі қызыл шырайлы, негізі сары кісі еді. Сондықтан да аузын орамалмен таңып жүреді.

Тортай шал молотилканың тойымсыз өңешіне бидайды бау-бауымен лақтырады. Қарамай иісі аралас шаң-тозаң қарт кісінің қасы-көзін, аузы-мұрнын тұтып қалады.

Аузы-мұрнын таңып алған ақ орамалды лезде тозаң тұтып, кіршең тартады.



Тортай шал бүгін Көк әңгіні қырманға өзі мініп кетіп еді. Дүниеде өзінің малы өзіне бұйырмағаны жанға қатты батады екен.

Көк әңгі, арам да болса, Тортайдың өз малы ғой. Сол есек мына егін орағы басталғалы бері иесінің тақымына тимейтін болды.

Ал ауыл мен қырманның арасы едәуір алыс жер. Қарт кісі жаяу жеткенше, кәдімгідей ентігіп қалады. Қисық бас бригатқа:

– Айналып кетейін Арқанбай-ау, мен жұмыстан қашпаймын ғой. Айтқаныңды істеп, айдауыңда жүрейін, тек менің есегіме тимеші, әкетай шырақ, жұмысқа жаяу жету маған тым ауырлау, – деп еді.

Қисық бас Арқанбай пұшық маңқылдап ала жөнелді:

– Әй, кәкбас, кәзір соғыс екенін сен білесің бе? Білсең, неге әрәм есегіңді аяйсың, ә? Есек тұрмақ, әдәмдәр өмірін қиып жатқанда, сенің есегің кімнің шікәрәсі, ә? Сәбет Одәгінә жеңіс тілеудің орнына, зиян ойләйсің, ә?

Арқанбай бригәт Тортай шалды осылай бір ықтырып алғалы бері Көк Әңгі элеваторға бидай таситын балалардың тақымында кетті.

Шаңқай түсте, күн шекеден шығып өтіп бара жатқанда, қырмандағы тіршілік сап тиылады. Тортай шал мая түбінен төбе сияр көлеңке тауып, маяға арқа тіреп, мүлгіп отыр еді, бір жұмсақ леп бетін шарпығандай болған соң, бағжаң етіп көзін ашып алса, қарсы алдында мұны иіскелеп, Көк Әңгі тұр екен.

Орнынан киреленде түрегеліп, Көк Әңгінің мойнынан құшақтай алды. Тура бір қан майданда жүрген жалғыз ұлы Нұртай қайтып келгендей, көңілі босап, көзіне жас оралды. Осыны сезген Көк Әңгі көлеңкеде қисайып көз шырымын алып жатқан кемпір-шал, қатын-қалаш, келін-кепшік, бала-шағаларды шошыта жаздап, озандата бір ақырды дейсің! Көк Әңгі бұ жолы ішін тартып, үзіп-үзіп ұзақ ақырды.

Бұл ақырыста, қайдан да болса, Көк Әңгінің әжептәуір арызы бар еді. Күндіз-түні арқасынан бидай артқан қап түспей, Борандының элеваторына барып-қайтар жол қасіреті, өзінің өзегі талғанда, үстіндегі баланың басқа балалардан қалмайын деп, басы-көзін сабалап, қамшының астына алатын қорлығын айтып, арыз шаққаны еді бұл.

Тортай шал Көк Әңгінің бұл арызын түсініп қойған сияқты. Есектің қысқа жалын тарақтап, кекіліне жабысқан тікендерін тазартып, жауыр бола бастаған арқасын сипалап, тым-тым мейірленіп кеткендей еді.

Осыны көріп, кейбіреулер күлді. Енді біреулер күрсінді.



– Қайтсін байғұс, жалғыз баласынан хат келмей, көңілі жарым боп жүр ғой, – деп есіркеген болды.

– Баласы аман-есен келіп, келін түсірсе, кемпірі екеуі қолдарын жылы суға малып, жандары жай таппас па еді. Енді ғой, шілденің ыстығына шыдай алмай, еріні жарылып, қанап кетіпті, қарашы, әне, – деп бір қатын есегінің үстін тазалап жатқан Тортай шалға саусағын шошайтты.

Сонда Тортай шал Көк Әңгіні маяның тасасына байлап қойып, қос уыс бидай алып, есектің алдына салды.

Бұл кезде суырылған бидай салынған қаптар дайын болып, басқа есектерге артыла бастаған.

Тортай шалдың Көк Әңгісіне мініп жүрген Жақаш бала ұйқысынан оянып, алақ-жұлақ жан-жағына қарап, өз есегін таппай қалды.

Бәле содан басталды.

Басқа балалардың бәрі аузы тігілген қаптарды есектеріне артып алып, енді Арқанбай бригәттің «командасын» күтіп тұрған. Есекке артылмаған жалғыз ала қап қалды. Көк Әңгіден айырылып қалған Жақаш бала жан ұшырып жүгіріп жүр. Көк Әңгіні іздеп жүр.

Сөйткенше болмай Арқанбай бригәт та астындағы шолақ торыны алқындырып жетіп келді.

– Неғып тұрсыңдар? – деп ақырды балаларға.

– Жақаштың Көк Әңгісі қашып кетіпті, – деп шу-шу етісті балалар.

– Қашып кеткені несі? Ана маяның ар жағында тұрған кімнің есегі?

Жабыла жүгіріп барса – Көк Әңгі!

Тұсауын шешіп, Жақаш Көк Әңгінің жауырын істік ағашпен шұқылап ала қаптың қасына келді.


Сонда Тортай шал көлеңкеде отырған жерінен серейе түрегеліп, Көк Әңгінің ноқтасына жармасты.

– Арқасының жауыры асқынып кетті, қаны шығып тұр. Хайуанда да жан бар ғой, обал қайда? Есегімді бермеймін.

Көк Әңгіні жетектеп бара жатқан жеріне Арқанбай бригәт қуып жетті.

– Әй, шал, қоқаңдамай, бер есекті! Жұмысты тоқтатпа! Әрбір минут қымбат. Жауды жеңуге қосқан үлесің осы ма сенің? Сен немене, пәшістерге жақпысың, ә? – деп қайдағы бәле-жаланы жаудыра бастады.

Сонда Тортай шал күйініп кетіп, аузы-мұрнын таңып алған ақ орамалды жұлып тастап, тілім-тілім ернінен қан шығып:



– Әй, Арқанбай, обал қайда? Арқасын көрмейсің бе, жауырдан қызыл еті ырсиып кетіпті ғой, – деді.

Ашуға булығып сөйлегеннен жарылған ерні қақ-қақ айырылып кеткен жерінен шып-шып шыққан қанды күректей алақанымен сүртті.

Арқанбай қисық басы қалтаң-қалтаң етіп, ақырып қалды:

– Әй, сен, кәкбәс, сен пәшіссің! Сен жәудән жәмәнсің. Оттәмә! Бер есекті!

Сонда Тортай шал отыра қалып:

– Е, Құдай! Не менің көк есегім өлмеді, не өкімет құрымады! – деп жерді тоқпақтады.

Сол-сол екен, Арқанбай шолақ торы атқа қарғып мініп, Тортайға қамшы үйіріп:

– Эһ, пәшіс! Енді шініңді айттың, – деп қырмандағы жұртқа айқай салды:

– Естідіңдер ғой бәрің?! Өкімет күрімәді деді гөй, деді! Куә бол!

Осыны айтып Арқанбай шолақ торы атқа қамшыны басып-басып қалып, ауданға қарай шаба жөнелді.

* * *

Арада сүт пісірім уақыт өтті ме, өтпеді ме – қырман басына екі жирен жеккен трашпенке аспаннан түскендей топ ете қалды.

Артынан шолақ торыны тепеңдетіп Арқанбай бригәт жетті.

– Міне, мынау, – деді Арқанбай молотилканың аранына бау-бау бидайды лақтырып тұрған Тортай шалды саусағын шошайта көрсетіп.

Сақылдап тұрған молотилканың үні өшті. Тортай шал көйлегінің жеңімен маңдайының терін сүртіп, трашпенкедегілерге қолын созып амандаспақшы еді, шошақ шәпке киген милиционер оның қолын қағып жіберді:

– Атың кім?

– Атым Тортай, – деді шал аузын таңған шүберекті төмен түсіріп. Қақ-қақ жарылған ерні қанталап тұр екен.

– Сен тұтқындалдың, – деді милиционер, – отыр арбаға!

– Не үшін? – деді Тортай шал, ашыған ерінін саусағымен сипалап тұрып.



– Оны ауданға барғанда білесің, – деді бұған дейін сүзеген бұқаша тұқшиып үндемей тұрған екінші милиционер.

Қырмандағылар трашпенкені қоршап үймелеп қалды. Әлгі «сүзеген бұқа» – Тараңдар! Не бар?! – деп ақырып жіберді.

Жиналып қалғандардың ішінен ұзын бойлы, бір көзі қысыңқы, ақсақал кісі бір адым ілгері шығып:

– Әй, шырақтарым, ешқандай жазығы жоқ бұл бейшараны қайда алып барасыңдар? Төбесінен күн өтіп, аузынан қан кетіп, тозаң жұтып, өңеші кеуіп, ... төрінен көрі жақын шағында мұны несіне әурелейсіңдер, шырақтарым? Күнәсі болса, кешіріп, бір ашуларыңды бізге қиыңдар. Өтінеміз, – деді Рахым ақсақал.

«Сүзеген бұқа» Рахым ақсақалды кеудесінен итеріп: «Назад! Назад!» – деді.

Екеулеп жатып Тортай шалдың қолын артына қайырып байлап, трашпенкеге көтеріп мінгізді.

Қатын-қалаш, бала-шаға шу етті:

– Арқанбай, обалы саған!

– Жазаңды құдай берсін! – деп қалды.

Қарғыстан қорыққан Арқанбай бригәт милиционерлерге бірдеңе дейін деп еді, сірә, Тортай шалды босата салыңдар деді ме, еліріп, едіреңдеп алған милиционерлер Арқанбайдың өзін итеріп-итеріп жібергенде, дап-дардай бригаттың өзі үюлі жатқан бидайға шалқалай барып құлап түсті.

* * *

Борандының түрмесі аудан орталығының шет жағында, терең сайдың жарлауыт жағында еді. Айналасын биік дуалмен қоршаған. Дуал үстін тікенек сым темірмен өрнектеп тастаған. Сыртынан қарағанда сәнді көрінеді. Сырын білмегендерге сұлу сияқты, сырын білмегендер: «ішінде не бар екен?» деп қызығатын да сияқты. Сырын білмегендер...

Айында, жылында Борандының базарына бір барғанда Тортай бұл түрменің жанынан өшіп бара жатып, пендешілікпен: «іші қандай болды екен?» – деп ойлаушы еді. Мұның ойын құдай сезіп қойды ма, «түрменің ішін көргің келсе – көр енді» деген бе, абақтының ішінен бір-ақ шықты.



Үсті тікенек сым темірмен өрнектелген дуалдың ішіне кірген соң, қолында найзалы мылтығы бар басқа бір шошақ бөрікті ішкі түрменің бала басындай дәу қара құлыбын сояудай ұзын кілтпен салдыр-сұлдыр ашып, темір есікті шиқылдатып керіп тастап, Тортай шалды табалдырықтан ары қарай итеріп кеп жіберді. Лезде есік қайта жабылды да, абақтының іші күңгірттеніп кетті. Тортай әлденеге сүрініп барып, құлап түсті. Сөйтсе еденде сұлап-сұлап жатқан адамдар екен.

– Бұл қайсың-ей? Кімсің өзің? – деді жақтырмаған дауыс.

– Тортаймын. Мыңбұлақтан.

– Е, Тортай, саған не жоқ? Сен де халық жауымысың?

– Білмеймін.

– Білмесең, білесің әлі.

Бұл – Тобышықтыдағы Сәуірбай деген кісі еді.

* * *

Екі күн, екі түн нәр татқызбады. Бір қасық су да бергізбеді.

Екі күн, екі түннен бері жеке камерада. Камераның төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар, әрқайсысы төрт қадамнан. Босаға жақта «параша» дейтіні бар. Дәретханаң сол.

Бірақ екі тәулік бойы нәр татпаған адамға дәретхананың не қажеті бар?

Камераның құлыбы сақыр-сұқыр етті де, есік ашылып, сиырдың емшегіндей шошақ бөрікті сырықтай біреу:

– Тірімісің? Шық! – деп бұйырды.

Айдауылдың алдына түсіп берді.

Ұзын дәліздің ең шетіндегі қарамен қапталған есіктің алдына келіп тоқтады. Есік ашылып, ішке мылтықтың ұшымен итеріп кіргізді. Итермесе де кіреді ғой. Бірақ түрме қорлау орны. «Түрме – түзету орны» деген сөз бекер. Абақтыға түскеннен гөрі, тозаққа түскен жеңілірек.

Төрде түстері көрдей суық үшеу отыр екен. Кейін білді, бұларды «тройка» дейді екен. «Тройка» азаматтық сот емес, әскери сот. Мұнда аса қауіпті адамдарды соттайды.

Ортада отырған қасқабас таңқы мұрын шойқара:

– Фамилия?! – деп арс ете қалды.

Қапелімде не сұрап тұрғанын түсінбей, Тортай:

– А-а? – деді.



– Фамилия, оңбаған, әкеңнің аты кім?

– А, әкемнің аты Сартай…

Үшеуі де қарқылдап күлді.

– Бұлар түгел жылқы болып кеткен, – деді Қасқабас. – Ха-ха-ха, әкесі Сартай, өзі Тортай, ха-ха-ха. Яғни, хайуан. Сондықтан да өкіметті жек көреді, өкімет құрымай ма дейді. Ей, Тортай Сартаев, айтшы қане, өкіметті неге жек көресің? Өкіметтің құрығанын неге тілейсің?

Өзегі талып, аштан бұралып тұр. Әрі мұны ұйықтатпай, қайта-қайта ұрып-соғып қалжыратқан. Енді тікелей қойылған сұрақтан қалай жалтарып шығарын білмей, шыбын жаны шырқырады.

– Айналайындар-ау, мен оны әдейі айтқан жоқпын ғой. Ашу үстінде абайламай қу ауыздан шығып кеткен сөз де. Соны да сөз деп… – Тұтқын осылай шатасты. – Ә, оңбаған, сөзін қарашы! – деп қаһарлана қалды Қасқабас, таңқы мұрын. – Бұл өзі бізді кінәлап тұр ғой… «Соны да сөз деп» дейді. Әй, сүмелек, бұл сөз емегенде, немене? Өкімет құрымады дедің ғой, дедің! Сен жауыз, өкіметтің қас жауысың! Сен бізбен соғысып жатқан фашистердің тілеуқорысың! Айт, қандай байланысың бар сенің фашистермен?

– Қарағым-ау, қайдағы байланыс?!

– Қарай гөр, оңбағанның мүләйімси қалуын. Сенің майданға кеткен балаң не деп хат жазды?

– Ойбай, құдай, баламнан хат алмағалы үш ай болып қалды. Хабар-ошар жоқ!

– Ал үш айдан бұрын хат алып тұрдың ғой. Сонда не деп жазды?

– Ойбай, айналайын, бұрынғы хаттарының бәрін әлгі кемпір белінен шуда жіппен буып, сандықтың аузын құлыптап сақтап отырған жоқ па? Мені босата ғой, айналайын, өзім барып алып келейін. Өздерің оқып көріңдер.

– Ақыл үйретпе бізге! Оқимыз ба, оқымаймыз ба – өзіміз білеміз.

– Ақыл үйретіп не бар, айналайын, хаттарды әкеліп берейін дегенім ғой…

Қасқабас есіктің көзінде қақшиып тұрған айдауылға:

– Әкет мынаны! – деп шалт бұйырды.

Айдауыл Тортай шалды мылтықтың істігімен арқасынан итеріп-итеріп алып кетті.

Қасқабас оң жағындағы мен сол жағындағы отырған серіктеріне кезек-кезек қарап:

– Не істейміз? Алдырамыз ба әлгі хаттарды, – деп сұрады.

Шашын сиыр жалағандай жып-жылмағай етіп тараған, құшық шеке біреуі:

– Соған әуре боп елді шулатып жүреміз бе? «Өкімет құрымады» деп айтты ма – айтты. Оны өзі де мойындады. Уақыт өткізіп не керек? Менің ұсынысым – жиырма бес жыл.

Екінші дудар бас бұл ұсыныстықолдады.

Сонымен «тройканың» шешімі бойынша, Тортай Сартаев жиырма бес жылға сотталып кете барды.

* * *

Тым болмаса үйінде жалғыз қалған кемпірімен де қоштастырмады.

Елу жыл бойы төсекте басы түйісіп жататын, жанының жартысындай болып кеткен жары Жәмила құмшекер қосқан бір дорба талқанын арқалап, жаяу-жалпылап Борандының түрмесіне жетіп, шалымен жолығуға рұқсат сұрамай ма. Сөйтсе:

– Аты-жөні кім? – дейді шошақ бас қарауыл.

Өз күйеуінің атын өмірі атап көрмеген байғұс басы не деп түсіндірерін білмей:

– Біз Мыңбұлақтанбыз ғой, Нұртайдың әкесі ғой, – дейді Жәмила кемпір.

– Әй, кемпір, Нұртайың кім? – дейді кезекші қарауыл.

– Ойбу, құдай-ай, енді не десем екен? Әй, шырағым, менің майданға кеткен жар дегенде жалғыз ұлым Нұртайды білмейсің бе? Соның әкесі ғой мына абақтыға қамап қойғандарың, жазықсыздан-жазықсыз бейшараны.

– Аты, фамилиясы кім? – деді ашуланып кезекші қарауыл.

– Айттым ғой, Нұртай шырағымның әкесі деп.

– Өз аты? Өз фамилиясы? – деп долдана бастады кезекші қарауыл.

– Ойбу, құдай-ай, енді қайтіп айтамын. Әй, шал-ау, айтсаңшы атыңды! – деп айқайлап жіберді Жәмила терезелері білектей темірмен торланған, дөңкиген үлкен үйге қарап.

Темір тордың ар жағынан ешкім үн қатқан жоқ.

Жәмила Борандыға барарда тәуір деген киімін сандықтан алып, кимешек киіп, күндік салып шығып еді. Ақ үйден шыққан Қасқабас, елден келген кемпір екенін киімінен байқап қалып, қасына жақындап:



– Кімге жолығайын деп едіңіз? – деп сұрады.

– Мыңбұлақтағы кісі ғой, – деп күмілжіді Жәмила.

– Ә, әлгі Тортай Сартаев па? – деді Қасқабас.

– І-і-і, дәл өзі! Мен атын айта алмай тұр едім, – деп Жәмила кемпір қуанып кетті.

– Е, кемпір, қайта бер ауылыңа. Тортай Сартаев жиырма бес жылға кесіліп, кеше ғана этаппен Әулие-Атаға айдалды. Одан ары қайда жіберетінін біз білмейміз, – деді Қасқабас.

Жәмила оқыстан оқ тиген адамша селк ете қалып, қолындағы қоржынын жерге қоя салып, байы өлгенін естігендей дауыс қылып:

– Елу жыл отасқан қарағым-ау, желдің өтінде, жаудың бетінде жүрген Нұртайымның көкесі-ау, сені қай қиырға алып кеткен бұлар?! Ойбай! – деп қара жерді тоқпақтап отыра кетті.

Мұндай қылықты күтпеген Қасқабас қарауылға қарап:

– Қақпадан шығарып жібер! – деп бұйырды.

Қарауыл найзалы мылтықпен арқасынан итеріп-итеріп түрменің шекарасынан шығарып жіберді.


Сөйтіп отырғанда теміржол бойындағы элеватордан қайтқан арбакештер мен есек бригадасының қарасы көрінді.

«Қой, бүйтіп отыра бергеннен Тортай қайтып келмейді. Онан да мыналармен бірге ауылға жетіп алайын» деп Жәмила көйлегінің етегін қағып, қоржынын көтеріп, орнынан көтеріліп, қара жолдың жиегіне барып тұрды.

Алдыңғы арба тоқтай қалып, оған Жәмила мініп жатқанда, оны танып қойған Көк Әңгі озандата бір ақырды дейсің. Ішін тартып қайта-қайта ақырды. Үстінде отырған баланың қамшымен бастан сабалағанына елең қылмай, Жәмилаға жақындай беріп, тағы бір ақырды. Арбаға жақындап, жанына келген Көк Әңгіні Жәмила жалынан сипап:

– Иең кетті. Иеңді алысқа айдап әкетті. Соны сезіп тұрсың ғой сен байғұс, – деп көзіне тағы жас алды. – Саған бола соттап жіберді иеңді. Иең Тортай сотталды. Өзім болсам он екі бала таптым. Қу шешектен бәрі қырылып, жалғыз ұл Нұртай қалып еді, оны да әскерге әкетті. Енді хабар-ошар жоқ. Әкесі де, баласы да көз көрмес, құлақ естімес алыста. Ордалы үйде омалып жалғыз қалдым, – деп зарлады Жәмила.

Көк Әңгі арбадан қалмай, қатар жүріп, Жәмиланің аянышты зарын тыңдап, пысқырып-пысқырып қояды. Кім біледі, ол бәрін де түсінетін шығар, ол өзінің Тортай есімді қайырымды иесінің жақсылығын



ұмытпаған шығар. Арпа мен сұлыдан қос-қос уыс жем беріп асырағанын хайуан да болса есінде сақтаған шығар.

* * *

Тапа тал түсте аупарткомның үйі аю тиген араның ұясындай гу-гу, у-шу быжынады да қалды.

– Не болды? Не болды? – деп сұрасты бір-бірінен.

Сөйтсе Мәскеу-Алматыға, Алматы-Әулие-Атаға, Әулие-Ата-Борандыға жеделден де жылдам телефон соғып, телеграмма жіберіпті:

– Совет Одағының Батыры Тортаев Нұртай бара жатыр. Құрметпен қарсы алыңдар! – деп.

Хат-хабар келмей, дерексіз кеткен Нұртай Тортаев сөйтіп ашық күнгі найзағайдай сарт ете қалды.

Ауданның басшылары жиналып:

– Батырды қалай қарсы аламыз? – деп бастары қатып, асып-сасып жатқанда, аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы, яғни идеология жөніндегі хатшы Естай Әмірбеков кенеттен мүлде басқа проблеманы көлденең тартып, өріпкіген көңілді су сепкендей басқаны ғой:

– Әй, жолдастар, Батырды қарсы алу қашпас. Ал әкесінің жағдайын қалай естіртеміз?

– Е, әкесі қайтыс болып па еді? – деп бірінші хатшы елең етті.

– Жоқ, ойбай, өз ажалынан қайтыс болса бір жөн ғой! Біздің құрметті «тройка» Батырдың әкесін «халық жауы» деп жиырма бес жылға айдатып жіберген жоқ па?!

– О, қу Құдай! Не дейді тағы да? – деп бірінші хатшы шошып кетті. – Әй, не үшін?

– О жағын «тройканың» өзінен сұрау керек.

Бірінші хатшы қанға тойған қандаладай тырсылдап, тарс жарылайын деп:

– Шақыр онда «тройканың» бастығын! – деді.

Оған елпең ете қалған ешкім болған жоқ, өйткені о заманда «тройканы» шақырып алуға аупарткомның қауқары жетпейтін. Керек десең, «тройка» аупарткомның өзінің әңкі-тәңкісін шығарар еді.

Амалы құрыған Бірінші телефонның құлағын бұрап-бұрап, «тройканың» бастығы Қасқабаспен тікелей өзі сөйлесті. Осылай да осылай, ауданымыздың абыройын арттырып, атағын шығарған геройымыз



келе жатыр. Ал сендер болсаңдар, қайдағы бір есекке бола, оның шал әкесін соттап жіберіпсіңдер! Ертең не бетімізді айтамыз? Ертең ол әкесі туралы Сталин жолдастың өзіне телеграмма жіберсе не боламыз, а?

«Тройканың» Қасқабасы қорықпаса да, қобалжыды. Бірақ несіне қобалжиды? «Өкімет құрымайды» деді ме, деді. Мұны айыпталушының өзі де мойындаған. Ал совет әділет мекемесінің бастығы Вышинскийдің өзі баяғыда-ақ «Айыпталушының өз кінәсін мойындауы – әділ соттың салтанаты» – демеп пе еді?

«Так что, біз әділ шешім қабылдадық», деп Қасқабас өзін-өзі жұбатқан болды. Бірақ іші-бауыры қалтырай берді.

Қасқабас қарап қалмай, дереу облыс орталығына телефон соқты. Ондағы бастығына осылай да осылай, біз жиырма бес жылға соттап жіберген Сартаев Тортай дегеннің Нұртай дейтін баласы Совет Одағының Батыры атағын алып, елге келе жатыр. Үлкен шатаққа қалмас үшін сол Сартаев Тортайды ебін тауып, еліне қайтарсақ қайтеді? – деді.

Облыстағы бастық дереу сұрау салып еді, сөйтсе Сартаев Тортай Қарағандыға айдалып кеткен болып шықты. Қарағандымен хабарласып еді, Сартаев Тортай Шерубай шахтасында деген дерек алды.

Шерубай шахтасы – Қарағанды қаласының батыс жақ, Ұлытау беткейінде еді.

Қарағандының басшылары Шерубай шахтасының терең түкпірінен жеті қат жердің бетіне суырып шығарып алды.


Жердің бетіне шығарса, Сартайұлы Тортай көрден шыққандай екен. Жылтыраған екі көзден басқа бет-аузының бәрін қап-қара көмірдің тозаңы тұтып қалыпты.

Борандының соты асыра сілтеудің «атаманы» шығар. Әйтпесе онсыз да төрінен көрі жақын кәрі адамды жиырма бес жылға соттай ма?!

Қарағандының өкіметі Тортайды моншаға апарып, бір қабат терісін сыпырып алардай ысқылап жуындырып, сақал-мұртын бастырып, үстіне инеден жаңа шыққан жейде-дамбал, жаңа костюм-шалбар кигізіп, қасына екі қарауыл қосып беріп, пойызға мінгізіп, Борандыға қайтарды.

* * *

Құдайдың құдіреті, Мыңбұлақ басындағы қырманда, шілденің аптап ыстығында Тортайдың қақ-қақ айырылып қаны шып-шып шығып



тұратын еріні Шерубайдың шахтасына түскелі бері қанағаны тыйылды. Бірақ оның есесіне ернінің қақ-қақ айрылып кеткен сызаттарына көмірдің нілі сіңіп, қара жолақ, қара қасқа із қалды. Қанша жуса да, кетпейді.

Соғыстан герой болып, бір аяғынан айырылып қайтқан баласы Нұртай әкесін Борандының стансасында көргенде:

– Көке-ау, ерніңе не болған? – деп сұрады.

– Е, шырағым, бұл көкең көрден шығып тұрған жоқ па! Несін сұрайсың? Бұл Құдайдың құдіретінде шек жоқ қой. Құдай маған сені бермегенде, Сен Құдай абырой беріп, герой болмағаныңда, мен қайта тіріліп, жер бетіне шығар ма едім, шықпас па едім, бір Алла біледі. Құдайдың мұнысына шүкір, Нұртайжан! Сен борап тұрған оқтың арасынан аман шықтың, мен жеті қат жердің астындағы көрден қайта тірілдім…

Осы сәтте ақ жаулығы желбіреп, вокзал басына Жәмила да жеткен екен.

– Айналайындар-ау, өлгенім тірілді! Сөнгенім жанды, Құдай-ау, енді мен өле кетсем де арманым жоқ, – деп шалы мен баласын құшақтап еңіреп жебіренгенде, тіпті вокзал басында тұрған Қасқабастың өзінің көзінен жас шығып кетті.

Жәмила апыл-ғұпыл телеграф бағанасына байлай салған Көк Әңгі паровоздан да асырып, ақырып-ақырып жіберді.

ШАҒАЛАЛАР МЕН ҚАҢҒЫБАСТАР

Қаланың қақ ортасында шағалалар ұшып жүр. Мыңдаған машинадан шыққан сасық иіс, шаһар үстін тұмшалап тұрған түтін…

Ау, осындай жерде шағаланың не шаруасы бар? Мына қара қала ақ шағала жүретін жер ме, құдай-ау! Кетпей ме сонау шалқып жатқан айдын көліне. Толқынды толқын қуалаған, күн нұрына шағылысып жарқырап жатқан жәннатты дүниеге…

Мына тұншыққан қалада несі бар, а? Мүмкін қызық үшін, құмырсқаның илеуіндей жыбырлаған қу тіршілікті көру үшін жай саяхаттап келетін шығар.

Қаланың қақ ортасында шағалалар ұшып жүр… Бір түрлі үйлеспейді. Қаланың ішін қасқырлар кезіп жүрсе, қандай болар еді.



Үйлеспейді ғой. Мына шағалалардікі де сондай.

Қасқырлар келсе, қаланың тұрғындары тырқырап қашып, милиция, мүмкін армия дүрлігер еді.

Шағалалардан ешкім қорықпайды. Шағалалар аспанда қалықтайды. Адамдар аспанға қарауға да мұршалары жоқ. Жерден көз алмай асығып, аптығып бара жатады. Ал шағалалар қаланың қақ ортасында ұшып жүреді.

Сөйтсе, оның сыры бар екен.

Айналасы төрткүл болып келген махалланың (яғни кварталдың) орта тұсында қолдан соққан, әркім әлінше әрқилы қиюластырған гараждар тұрады. Темірден соғылғандары, қыштан өрілгендері… бар. Бірақ бәрінің төбесі қаңылтыр.

Әлгі шағалалар сол қаңылтырға келіп қонады. Ары-бері жорғалап жүреді. Әдетте онда жабайы кептерлер де аз емес. Олар енді шағаладан ығысады. Өйткені шағалалар кептерлерден гөрі ірілеу.

Бұлар гараждардың төбесіне неге үйір десе, сол үйшіктердің іргесінде қоқыс қораптары орын теуіпті. Соңғы кезде қораптардың жаңа түрі шыққан. Қоқыс салатындай емес, сәл үлкендеу болса, адам тұратындай. Жалт-жұлт етеді. Қақпағы және бар.

Қақпағы көбінесе жабулы тұрады. Оларды ертеңгісін ел орнынан енді тұрып жатқанда, иықтарына дорба ілген әлдекімдер келіп ашады. Қораптың ішін тінтіп, ал келіп бір ақтарсын. Керек-ау деген заттарын иықтарындағы дорбаға тықпалай береді. Керек емесін лақтырып тастайды.

Қорап қопарушылардың кепиеттері – тірі әруақ. Беті-бастары кір, ісіңкі, сақал-мұрттары өскен, шаштары қобыраған, көздері қып-қызыл.

Бұлар шағалалардың әрі досы, әрі жауы десе де болады.

Досы болатын себебі: қаңғыбастар қораптың қақпағын ашады. Әйтпесе шағалалар аша алмайды ғой. Жауы болатын себебі: қораптың ішіндегі іліп аларын қалдырмай дорбаларына салып әкетеді.

Кейде қораптан жарты бөлке, ширек бөлке нан да шығады. Шағалаларға керегі де сол нан. Ол бірақ қаңғыбастардан артылмайды.

Несібелерін жиіп-теріп алған соң, қаңғыбастар алысқа ұзамай-ақ, қаз-қатар тізілген гараждардың артындағы ағаштардың көлеңкесіне барып жайғасады. Сол жерде тапқан-таянғандарын дорбаларынан шығарып, ортаға үйіп, тамақтана бастайды.

Мыж-тыжы шыққан газет дастарқанның үстінде не жоқ дейсің – бәрі бар. Тұздалған помидордың мыжылған қалдығы, жартысы



тістелген жартыкеш қияр, қабығы қабат-қабат болса да солыңқыраған пияз, қатқан нанның неше түрі, жартылай күйіп кеткен кәуап, көгістеніп кеткен мәнті. Осының бәрінің үстінен шоқиып қарап тұрған бір бөтелке зahар арақ…

Тырнақтары аюдай екі еркектің ортасында жалғыз әйел. Бет-аузы домбығып, көзінің айналасы көлкілдеп кеткені болмаса, бұл өзі әлі жап-жас қыз екен. Бірақ жүріс-тұрысы, түр-тұрпаты – әбден титықтаған адамның сыйқы. Аяқ алысы сылбыр. Екі еркек бөтелкедегіні қақ бөліп ішіп, солған қиярды қарш-қарш шайнап жатқанда, мына ұзын етектісі дастарқаннан шеттеп, ала дорбасына басын қойып, бір жамбастап қисая кетті.

Осы кезде гараждың қоқыс қораптарын айнала ұшып жүрген ақ шағалалар жерде жем терген кептерлермен араласып, ала дорба жастанып жатқан ұрғашының жанына жақындап-жақындап келіп, әлденеге алаң сыңай танытып, арақ ішіп отырған екі еркекке елеусіз қарап, жорғалап жүрді.

Әлгі екі еркек бөтелкенің аузынан қылқ-қылқ еткізіп бір-екі жұтқаннан кейін-ақ беті-бастары қисаңдап қалды.

Ала дорбаны жастық қылып, жантайып жатқан қыздың лезде көзі ілініп кетіп, бір ғажайып түс көрді. Түсінде ауылға барыпты. Ауылы құмның шетінде, шahардан шалғай еді.

Алыстағы қойлы ауылды таң қалдырып, Жаңыл қыз күміс қанаттары жалт-жұлт еткен ұшаққа мініп келді. Ұшақ қойлы ауылдың іргесіне келіп қонғанда, кемпір-шал, бала-шаға, ер-азамат қалмай түгел жиналды.

Ұшқыш кісі ұшақты арғымақ ат құсатып қазыққа байлап қойды.

Жұрт шетінен Жаңылмен құшақтасып көрісіп:

– Аман-есен оқуыңды бітіріп қайттың ба? – десіп мәре-сәре.

Енді бірде Жаңыл аппақ көйлек киіпті, келін боп түскен екен дейді, төбесінен гүл жауып, бәрі құттықтап, у да шу...

Кенет айқай-ұйғай шығып, адамдар бір-бірімен жанжалдасып, төбелесіп кетеді.

Сөйтіп жатқанда, Жаңыл оянып кетті. Қараса, қасындағы екі еркек бірін-бірі қылқындырып жатыр.

Түбінде бір жұтымдай арақ қалған бөтелкені бірінің қолынан бірі жұлып алмақ болып, көкпар тартқандай таласады-ай кеп.

Жаңыл қайсысына жақ боларын білмейді. «Бірің өліп, бірің қал» дейін десе, оған да қимайды. Өзінің ішін біреу бұрап-бұрап жібергендей,



жаны көзіне көрініп, екі еркектің жанжалына да қарай алмай, өзімен өзі әлек.

Толғақ қатты қысқанда, шыдай алмай қатты ыңыранып, дереу алақанымен аузын баса қойды. Есірік еркектер естіп қоймасын дегені. Бала тулаған ішін бір қолымен басып, еңбектеп қалың ағаштың арасына кіріп кетті.

«Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деуші еді ауылдағы әжесі. Оның үстіне ана мас немелер иттік істеп жүре ме деп те сескенген. Жаны жаман қысылғанда көз алдына апасы байғұс келді. Апасы – Биғайша марқұм болған. Шалы екеуі өмір бойы алыстағы құмда совхоздың қойын бақты.

Осы қазір өлімші халдегі Жаңыл сол алыстағы құмда дүниеге келіп еді. Әке-шешесі қысы-жазы қой соңында болған соң, бұл совхоз орталығындағы мектепті немере ағасының үйінде жатып оқыды.

Мектепті орташа ғана бағамен бітірсе де, қойшының балаларына жеңілдік бар деген соң дүрмекке ілесіп N қаласына тартқан.

Оқуға түсе алмады. Елге қайтуға намыстанып, қайдағы мылқаулар мектебіне «техничка» деген жұмысқа орналасып еді.

Мылқаулар мектебінің бастығы дүлей неме екен, Жаңылды бөлмесіне оңаша шақырып алып, әлі беті ашылмаған бейкүнә қызды тұрған орнында бас салып… дегізген. Одан тағы, тағы…

Кейінірек саунаға апаратын болды. Сөйте-сөйте ыстық-суығы басылған соң, сырттан келетін қонақ-достарымен қосақтап жіберетінді шығарды. Сол-сол екен, ендігі жерде Жаңыл еркінен айырылып, Қақпақыл доп сияқты қолдан-қолға өтіп кетті-ау.


Ал алыстағы анасы болса:

– Қызымыз N қаласында оқып жүр! – деп аузын томпайтып, күмпілдеп сөйлейтін болған.

Енді сол анасы мына жан тәсілім кезде көз алдына келіп тұра қалды. «Құлыным, құдыққа құлап кеттің ғой», – деп шыңырауға қолын созады.

Сол-сол екен, үсті-басы жылбысқы шарана жерге домалап түсті. Бақырған даусы шыққандай болды да, лезде үні өшті. Тумай, туа шөккір! Жаңыл жалма-жан баланың аузын басқан… бейкүнәнің үні шықпай қалды.

Бала байғұс: Жарық дүниеге мен келе жатырмын! Ал енді аш қойныңды! – деп бақыра жар салмақшы еді, анасы: «мастар оянып кетіп, әлек салар» деп қорқып, нәрестенің аузын қайта басты. Шаранадан арылмаған бір жапырақ неме табанда тұншығып, үні мүлде өшті.



Аяқ-қолы әдепкідей тырбаңдамайды, жұдырықтай қызылшақа былқ-сылқ. Жаңыл сорлының үрейі ұшып, басындағы ақ орамалға оны орай салды. Кенет емшегі сыздап, омырауының сыртына шып-шып сүт шықты. Мұндайда баланы емізу керек-ау деген есіне түсіп, ораулы сорлыны омырауына тақап еді, жұдырықтай шіркіннен тіршілік белгісі білінбеді.

– Жанылка, қайдасың? – деп қалды мас дауыс.

Жаңыл сасқалақтап, шарананы аналар көріп қоймасын деп тез орнынан тұрып, ораулы нәрестені дереу қоқыс қораптың ішіне апарып тастай салды.

Сонан соң, түк болмағандай, ештеңе көрмегендей:

– Мен мұндамын, – деп киреленделп мастардың қасына келген.

* * *

Құдайдың құдіретінде шек жоқ. Шек келтіргендер топ-тобымен тозақта тұр.

Дүниенің де шегі жоқ. Шегі жоқты адам байғұс қайдан болжайды. Тіпті жүйрік көңілдің көк дөненінің өзі дүниенің шегіне жете алмай діңкелейді.

Алла тағала шексіз, шетсіз әлемді жаратты. Әлемнің басы да жоқ, аяғы да жоқ. Сол шексіз әлем Алланың ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Ол бәрін де көреді. Бәрін де біледі. Бар қылам десе бар қылады, жоқ қылам десе жоқ қылады.

Алла тағала қап-қараңғы түнде қап-қара құмырсқаны да көреді.

Соншалықты құдіретті күшті Жасаған Иеміз үшін үлкен қаланың ішінде, бір топ талдың тасасында екі маскүнем мен Жаңыл десе – атына лайық жалған дүниеде жаңылысып жүрген міскін қызды көру түк те қиын емес.

Оқиғаның қалай-қалай өрбитінін алдын-ала білген Жаратушы Құдірет N қаласына, қоқыс қораптары қойылған пұшпаққа жеті періштені әдейі аттандырған. Жеті періште ақ шағалалар бейнесінде қаланың көгершіндерімен араласып, қаңғыбастардың қасынан шықпай қойған. Бір сұмдықтың боларын сезген.

Ақыры дүние төңкеріліп, астан-кестені шыққандай орасан күнәкар қылмыс жасалды. Дүние қақпасын аша бергенде, періштедей нәресте опат болды.



* * *

Дәл сол күні, дәл сол сағатта, иесіз қалған ескі гаражда, иесіз жабайы қаңғыбас қара мысық, Құдайдың құдіреті шығар, Жаңыл жазған жалғыз баласын туа алмай, жаны алқымына келіп жатқанда, бірінен соң бірі төрт соқыр тапты. Төртеуін де жалап-жұқтап, үстінде бір жалқық қалдырмай, құрғатты. Көзін аша алмаған төрт соқырға кесірткедей керіліп жатып, емшек емізді. Қара қабыландай қара мысықтың бұл балалары енді мұндай күтімнен кейін біраз күннен соң, көздері ашылып соқырдан мәуленге айналмақ.

Қара мысықтың қожайындары бұл мекеннен қоныс аударып, басқа қиырға көшіп кеткен. Үйлеріне бейтаныс біреулер кірген. Қара мысық бейтаныстарды жатырқаса да, үйреншікті үйіне кірмек болып ұмтылып еді, қожайынның алды-артын бірдей май басып кеткен жуан қатыны:

– Ойбай, қара мысық! – деп баж ете қалды.

Далбаса сенім-наным бойынша қара мысық алдынан кес-кестеп өтсе, адамның жолы болмайды-мыс.

Осылайша қара мысық өзінің туған үйіне кіре алмай, лезде БОМЖ (орысша: без определенного места жительства) болып шыға келген. Енді ол иесіз ескі гаражды паналап, тышқан аулап, қоқыс қораптарды жағалап, тіміскі тіршілікке көшіп еді ғой. Өзі қара, өзі жабайы мысықтан обал білмес надандар шайтанның өзін көргендей үйреленер еді. Сөйтсе…

* * *

Бет-ауыздары домбығып, үсіген картоптай тоңазыған, көздерінің алды көлкілдеген БОМЖ-дар Жаңылға бажырая қарап қалып:

– Қайда жүрсің, блядуешь что ли? Өзіңнің лезде құр сүлдерің қалыпты ғой, блядь, – десті.

Кеше ғана бірге арақ ішіп, құшақтасып бірге тұрып, бірге жататын ашыналары қазір Жаңылға жабайы аңдар сияқты болып көрінді. Өзінің осылармен бірге жүріп, бірге жатып, бірге тұрғанына таңырқаған: жаман түс көріп, содан оқыс шошып оянғандай, үсті-басының бәрі құсыққа, нәжіске былғанғандай, жалт бұрылып, қоқыс қораптарға қарай тұра жүгірді.

Өкпесін қолына алып, жетіп келсе, қоқыс қораптың ішінде ақ орамал да жоқ, шарана да жоқ. Темір қорапқа белуарына дейін асылып, қоқысты қолымен ары-бері аударып, түк қалдырмай ақтарды. Жоқ!

Апыр-ау, арада бес минуттай-ақ уақыт өтті. Біреу-міреу келіп алып кетті дейтін емес. Мұндай елең-алаң бозала таң шағында қоқыс қорапқа ешкім де келе қоймас еді. Біреу келсе, оны Жаңыл көрер еді ғой. Ол тіпті жаңа келген ізімен кері қайтты ғой.

Өзегі өртеніп бара жатқандай көзінен жас парлай берді.

Зарла байғұс, сайқал заманның құрбандығы. Сен енді осы заманның қоқыс қопарған тастандысың. Тастандыдан тастанды туады. Сенің денеңнен дене бөлініп шықты. Бірақ тумай жатып ол да тастанды болды.

Енді несіне зарлайсың, бейшара.

«Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді». Намыстанасың. Бірақ сен ер-азамат емессің ғой. Сен алыстағы ауылда, төбе-төбе құмдардың арасында өскен қыз едің. Аз үйлі ауылыңда төрт сыныптық шағын мектеп бар еді. Оны бітірген соң совхоз орталығындағы он жылдыққа көшіп, интернатта жатып оқыдың.

«Қыз балаға қырық үйден тию» деуші еді-ау баяғыда әулие кемпірлер. Қайран да қайран, оқымаған педагогтар-ай! Интернаттағы жуан қара қатын ол әжелерге мүлде ұқсамайтын. Айлығын алады, тамағы интернаттан, ауқаттың қалған-құтқанын дорбаға салып алып, үйіне қайқайып қайтатын кәдімгі салпы етектің өзі еді.

Ол тәрбиеші болып жарытпады. Ешқашан оң-солды көрсетіп, жөн-жосық айтпады. Сөйтіп Жаңыл да интернаттан еш тәрбие көрген жоқ, әйтеуір, аттестат деген көк қағаз алды.

Жаңа бой жетіп қалғанда, алқын-жұлқындау өскен Жаңыл қыз қойшы әке-шешесінің бес қошқарын саттырып, соның ақшасымен оқуға жөнелген…

* * *

Олар – шағалалар жетеу еді. Жетеуінің біреуі – жетекші. Төбесінде кәдімгі айдары бар. Өте бір зәру сәттерде сол айдары тікірейіп, сексие қалушы еді! Дәл қазір сондай сәттің келгенін білдіріп, айдары бір жатып, бір тұрып, қарбалас сәт-заман туғанын білдіріп, даусы шаңқылдап: «Ха-ха-ха, ха-ха-ха» деп жанталас халді білдірді.



Шах-шағаланың не айтқанын лезде түсінген алты шағала қоқыс-қорапқа тез-тез түсіп, ақ орамалдың бүктеуін жазып жіберіп, шарананы матаның қақ ортасына жатқызып, екі шағала аяқ жағынан қызыл тұмсықтарымен тістеп алып, ақ жайманы тік көтеріп, аспанға ұшып шықты.

Шах-шағала оларға жол басшы болып, оқ бойы биікке көтерілген соң, қилы-қилы тіршілігі бар, төменде осырақ машиналары жыбырлаған, ауасы тар, мүңкіген N шаһарының үстінен бір айналып, әлі де жарқырап тұрған Шолпан жұлдызына қарай бет алды.

Аспан әлеміндегі құбылыстарды көз ілмей бақылап отыратын обсерватория дейтін мекеменің кезекші қызметкері қазан аузындай телескоптың әйнегін қайта-қайта сүрте берді. Бірақ әйнек тап-таза. Ал енді телескопқа үңіле берсе болды, көзге түскен ақ шел сияқты бірдеңе жабысып қалғандай. Енді соны сүртіп тастайын десе, тап-таза.

Телескоптың көзіндегі ақ шел бір сәтте өзінен-өзі жоғалып кетті. Кезекші үйреншікті әлемге үңілді: жыбырлаған сансыз жұлыздар. Сансыз... сансыз деген ұғым беймәлім дүние. Сол сансыздың ар жағында не бар деген сұрақ тұрса не дерсің.

Дүние-әлем шексіз де түпсіз. Ал әлгі не өлі екені белгісіз, не тірі екені белгісіз шарана көтерген жеті шағала осы шексіз де түпсіз әлемнің қай түкпіріне қарай кетті? Кім біледі?

Оны тек бір Алла ғана біледі. Алланың тапсырмасын мүлтіксіз орындаған жеті шағала – Жеті періште ғана біледі.

Ал күнәға белшесінен батып бара жатқан қара жердің бетіндегі N қаласының қақ ортасында қоқыс-қораптардың жанында мысықты қан қақсатып, жаңа туған соқырларын кәуап қылып пісіріп жеп отырған қос қаңғыбасты байқауға болар еді. Қара мысық аспанға қарап мияулап, жер бетіндегі тіршіліктен түңіліп, беймәлім жаққа безіп кетті.

Күйелеш-күйелеш кәуаптарды аузы-басы қисаландап жеп отырған қаңғыбастардың қасында Жаңыл көрінген жоқ. Ішің жылай ма, жыламай ма, өзің біл...

ШОЛАҚ ШОПАН МЕН АҚСАҚ АРЛАН

Алыстан талықсып жеткен сарқылмас сарын. Ғарыш әуені. Жалған дүниенің күйбеңінен басқа, асқақ үн.

Тәңіртау басына сонау терістіктен, Мұзды мұхиттан шаршап-шалдығып жеткен ызғарлы сұр бұлттар келіп қонақтағанда ақшулан Абадан үңгіртастың үстінде шоқиып отыр еді.

* * *

Жаңа шыққан Күнге гимн. Има Сумак орындайтын сұрапыл, шырқау биікке көтерілетін ән. Әлем ышқынған сәт.

Керегетас қыстауына ылдидан жаңа көшіп келген шопандар қойларын қорадан шығарып, өріске беттеген шақ. Күзгі күн бұлт арасынан бір көрініп, бір көрінбей кететін таңғы мезгіл.

* * *

Қазанғап күйі «Көкіл»

Шеткі қорадан шыққан отардың соңынан салпы қарын торы атқа мінген шошақ бөрікті шопан Абаданға таныс сияқты көрінді. Абадан оған сұп-суық көздерін сұқтана қадады. Тіпті шоқиған орнынан тұрып кетіп, ақсаңдай басып, жақпар тасты тасалап, әлгі торы ат мінген шопанға қадала қарады.



* * *

Тыва сарын. Өңеш өлеңі

«Соның өзі», – деді ішінен Абадан.

* * *

Тыва (ұрыңқай) сарын. Өңеш өлеңі

Шопанның оң қолы шолақ. Шолақ қолдың жеңін белдігіне қыстыра салыпты. Торы аттың тізгіні де, найзадай ұзын таяғы да бір-ақ қолда. Сол қолында.

* * *

Қыл қобыз. Ұлыма дыбыс

Қақпақ тас. Түсі қызыл-күрең. Асты қуыс. Қуыстың аузында түсі суық, көздері ызғары көкшулан Құртқа қасқыр алдыңғы аяқтарын көсіліп жатыр.

* * *

Алты айлық үш бөлтірік. Айнала ірілі-ұсақты қаңқа сүйектер. Бөлтіріктер аш. Бұралып жатыр.

Қақпақ тас астындағы үңгірдің аузы айнала ағарған қу сүйектер. Кекіліктің қауырсыны. Қызыл суырдың тулақ терісі. Мүжіле-мүжіле сиқы кеткен қойдың басы мен жіліктері.

* * *

Ғарыш сарын. Әлем астан-кестен сыман

Өзі ақсақ, өзі аш Абадан буда-буда бұлттарды қуалаған күнбатыс желіне қап-қара тұмсығын тосып, ауаны ұзақ иіскеледі. Әлденені сезгендей, оң жамбасы шойнаңдап барып, орнынан тұрды.



* * *

Батыстың желі қуалаған буда-буда бұлттармен араласып бір ерекше иіс келе жатқандай сұп-суық қара тұмсығын желге қарсы ұмсына төседі.

* * *

Құрманғазы. Күй «Көбік шашқан»

Қасқырлар ұялаған қақпақты жартастың асты терең қуыс. Төменде ақ көбігін аспанға атып асау өзен ағып жатыр.

* * *

Күркіреп жатқан, ақ көбігін аспанға атқан асау өзеннің арғы беті дүлей орман. Зипа бойлы терек, үшкіл арша, арасында жемісі уылжыған долана мен зірік, пісігі әбден жеткен алтынсары шырғанақ, қызылкүрең итмұрын – бәрі-бәрі араласып, айқасып, арасынан адам өте алмайтындай сарыала ну орман.

* * *

Орманның ылди жағы алаңқай. Айнала дөңкиіп-дөңкиіп жатқан түйе тастар.

* * *

Орман арасынан бір топ тауешкі шыға келіп, алаңқайға шоғырланды. Әуелі жан-жағына қарап, тосырқап қалғандай болды. Адам-қасқырдан, төрт аяқты арлан қасқырдан зәрезап болған тауешкі «екі шоқып, бір қарауға» мәжбүр.



* * *

Абадан қасқыр қақпақ тастың үстінен бәрін де көрді. Көрді де құдай өзі айдап келген «олжаға» қызығып қыңсылап-қыңсылап жіберді.

* * *

Қақпақ тастың астындағы құртқа қасқыр мен жас бөлтіріктер құлақтарын тікшите қалды. Орындарынан атып-атып тұрды.

* * *

Жарамазан. Ауыл балалары

Ораза айы. Ылдидағы ауыл адамдары ақшам шағында Нәпіл қойшының үйіне жиналған. Ауыл молдасы дұға оқыды. Дастарқан басында отырғандар енді әр түрлі әжік-күжік әңгімеге кіріскен. Үй иесі Нәпіл қойшы оң қолының жеңі салбырап, сол қолымен шоқша бурыл сақалын сипалап, уыстап қойып отырған. Құрдасы Қияс тиісті:

– Әй, Нәке, Абадан арланнан оң қолыңды қашан даулайсың?

Нәпіл:

– Онда Абадан арлан менен артқы оң аяғын даулайды.

Қияс:

– Оң аяғын атқаның рас па өзі?

Нәпіл:

– Рас. Жақында Үңгір тастың үстінен көрдім. Қойды қорадан шығарып, өріске беттеп бара жатқанда көрдім. Жар басында шоқиып отыр екен. Менің мылтығым жоқ екенін сезіп серейіп орнынан тұрды. Бір аяғы жоқ. Жүрегім су-у-у ете қалды. Қадалып қарады да тұрды. Мен де қарадым. Көздеріміз бір-біріне түйісті де қалды. Абадан тиіскен жоқ.

* * *



Құрманғазы. «Көбік шашқан»

Аспан тұтас түнеріп, қар аралас жаңбыр жауа бастады. Жартас астындағы өзен өрепкіп, өршеленіп кеткендей болды.

* * *

Қияс:

– Әй, Шолақ батыр, онда ол ата жауыңды ұстау оңай ғой, бір аяғы жоқ болса...

Нәпіл:

– Ұстамаймын. Атпаймын.

Қияс:

– Неге?

Нәпіл:

– Ол киелі қасқыр.

Қияс:

– Сені шолақ қылған жауың киелі ме?

Нәпіл:

– Ол маған шапқан жоқ. Үріккен аттан өзім құладым.

Қияс:

– Аттан талай құладық, еш жеріміз сынған жоқ. Жүрміз ғой, аяқ-қолымыз аман-сау.

Нәпіл:

– Жазым болса, быламыққа тіс сынады. (Дастарқан басы. Әр түрлі әжік-күжік әңгіме. Бәрі намазшам намазына тұрады.)

* * *

Жаңбыр азайып, қар қалбалақтап қалың түсе бастады. Арғы беттегі тауешкілер сұлбасы әрең көрінеді.

Ғарыш сарын

Абадан үш аяқтап орнынан тұрып, жартасты жағалап төмен түсе бастады. Соңынан көкшулан Құртқа мен серейіп-серейіп үш бөлтірік



ілесті. Ақсақ Абадан өз қаншығына үміт артқандай, Құртқаға бұрылып қайта-қайта қарай берді.

* * *

Тауешкілер шоғырынан екі теке бөлініп шығып, екеуі екі жаққа шегініп кетіп, кері бұрылып, бір-біріне қарсы шапқанда, мүйіздері шақ-шұқ соғысып, арасынан от шыққандай болды.

* * *

Бөрілер өзен жағасындағы қалың шырғанақтың арасынан бұл шайқасты бақылап ұзақ тұрды.

* * *

«Көбік шашқан»

Таутекелер соғысы көпке созылды. Осы екеудің қайсысы жеңеді – сол ана үркердей шоғырланып тұрған ұрғашы ешкілердің жеке-дара қожасы болып қалады. Ұрғашыларында таңдау жоқ. Мына екеудің қайсысы жеңімпаз, соның «харамында» қалады.

Аш бөрілер толқынмен жарысып, тілдері салақтап, тажалды суға сүңгі жаздап, амалы құрып, айла таппай, алқына көсіледі.

«Кісен ашқан»

Жанқияр арпалыстан соң аптығын басқан Жеңімпаз теке бір қора ешкілердің алдымен ірілерін таңдап, шетінен асыла бастады. Әлде үрей, әлде қызығу сезімдегі жас шыбыштар шолақ құйрықтарын шошаңдатып, шыжбаңдай берді. Бірақ өреше тәртібін ешқайсысы бұзбай, болар іске тәуекел деп мойын ұсынғандай.

* * *

Баяғы-баяғы бағзы замандағы зілзалада шыңнан құлап түскен зіл тастарға толқын соғып, ақ көбік аспанға атқылайды. Сол тастардың



біріне кексе теке тіреліп, кептеліп қалды. Дөңкиген тастың тасасында иірім пайда болған. Есектей текені сол иірім ұршықша айналдырды.

* * *

Жеңімпаз теке аузынан сілекей ағып, алқынып-ақ қалды. «Харамды» қорашалаған күйде тастап, тарғыл-тарғыл жартастың қуысына кіріп кетіп, төбедегі қатқан қара қабыршықты қомағайлана жалай бастады. Бұл бойға қуат беретін тастың сөлі еді. Миллиондаған жылдардан бері беріш болып қатып қалған қара қаспақ. Мұны біреулер мумиё дейді.

* * *

Судағы түйетас пен асау өзен жағасы онша алыс та емес – оншақты қадам. Абадан қасқыр үш аяқпен жүзе алмайды. Абадан мен Құртқа бір-біріне қарайды. Көз қараспен-ақ бір-бірін түсінеді. Құртқа бұлт басқан аспанға қарап, тұмсығын көтеріп, Тәңірге жалынғандай ұлып-ұлып жібереді. Өзеннің бұлқына аққан ағысына қарсы жағадан қарғып түседі. Бір сәт ақ көбікке көміліп, көрінбей кетіп, түйе тастың тұсына жете бере қайта қалқып шығып, иірімде шыр айналған текеге азуы ілінеді. Жағаға сүйреп шыға бергенде алқынған толқын Құртқаны да текені де жаңқа құрлы көрмей ағыза жөнеледі.

* * *

Тарғыл тастың қап-қара қаспағын жалап-жалап алып, Жеңімпаз теке қорашаланып тұрған ешкілерге мекірене шапқылап қайта оралды. Шыжбыңдап тұрған шыбыштарға қарай айбаттана қарғиды.

Ыңырсыған күй сарыны. «Көбік шашқан»

Ақ көбік атқан толқындардан Құртқа қасқыр мен жеңілген теке бір көрініп, бір батып кетіп, қайтадан қылаң етіп, қайта көрініп, асау ағыстың ырқынан құтыла алмай, әлі ағып кетіп барады. Жағадағы

Абадан үшаяқтап, жан ұшыра қуалайды. Суға қарғып түспекке әлденеше ұмтылады. Бірақ бата алмайды. Артынан бөлтіріктер құлдыраңдап жүгіреді.

* * *

Нысапсыз Жеңімпаз теке кексе ешкілерді тояттандырып болып, жас шыбыштарға кезек-кезегімен асыла береді. Ләззатқа бөленген ешкілер пысқырынып, бір тұтам құйрықты шыжбыңдатып, табиғат орнатқан тәртіпті бұзбай, қорашаланған шеңберден шықпай, Жеңімпаз жұлқар текенің ырқына көніп тұра береді.

* * *

Асау өзен тар шатқалдан алқынып, кеңістікке шыққан соң жайықтай жайылып, жайсаң жайдары қалыпқа түседі. Аспанға атылған ақ көбік те жоқ, түйенің өзін ағызып әкететін тентек, асау мінезі де жоқ, жаяу бұлкекке түседі. Әне сол кезде Абадан суға үш аяқтап қарғып түсіп, текені алқымынан алып, жағаға қарай сүйрейді. Бөксе жағынан Құртқа итереді. Жағадағы бөлтіріктер шыдай алмай, олар да өзенге қарғып-қарғып түсіп, бәрі жабылып қаумалап жатып, құрбан болған текені жағаға алып шығады.

* * *

«Көбік шашқан». Әлсіреген сәт

Он екі ешкіні ұрықтандырып болған Жеңімпаз бұрынғы арынынан арылып, қалжырай бастады. Әдепкі әдетіне басып, ешкілердің біреуіне асыла беріп, тәлтіректеп кетеді. Мұны сезген ешкілер шеңберден шығып, қораша тәртібін бұзып, бастарын көтеріп, қалжыраған Жеңімпазға мөлие қарасып, пысқырынып, аңырып тұрып қалады.

Жеңімпаз теке жартас астындағы үңгірге, төбеде қатқан қара қаспаққа жетуге зар болып, орта жолда сүрініп кетеді.



* * *

Күн күркіреген, найзағай жарқыл ойнаған сәт

Жағаға жабыла сүйреп шығарған текені бөрілер қарнын жарып жіберіп ішек-қарнын, өкпе-бауырын, жылы-жұмсағын қан-жынымен аралас қомағайлана асап-асап қылғытып жатты.

Текенің ішін кеулеп болған соң бөрілер біраз тыныстап, ашқарынға түскен олжаны көтере алмай, енді жаңа түскен жұқалаң қарды қарпып-қарпып жұтып, қисайып-қисайып жата кетті.

* * *

Қар да, жел де сап тиылып, жарқырап күн көрінді. Тәңіртаудың қарлы асқар шыңдары күнге шағылысып, күміс жалатқандай жалт-жұлт етеді.

Қасқырлар сәл тыныстап алған соң, текенің қалған денесін жабыла сүйреп, өз мекендері Қақпақ тасқа жеткізуге әрекет жасады.

* * *

Әлгі бір алай-дүлей бұрқақтан кейін аспан шайдай ашылып, көгілімжай бір керемет нұрға бөленді. Тіпті ар жақтағы жақпар-жақпар, құж-құж тастардың, жаңа түскен келіншектей ақ жамылған Зипа шыршалардың бәрі-бәрі сызылып, сыңсып тұрғандай... Арғы беттен бергі бетке қарай қалықтап ұлар ұшты. Қарны кеуек текені жабыла сүйреп зорыққан қасқырлар, тау жаңғырта қақылықтаған ұларға назар да салған жоқ. Сұлап-сұлап жата кетті.

* * *

Орманы жоқ, шыршасы жоқ жалаңаш шыңдар тым-тым асқақтап кеткендей кекірейеді.



* * *

Има Сумак. «Күнге табыну гимні»

Тек асау өзен ғана бұрынғыша өрепкіп, гүрілдегенін қояр емес.

* * *

Опасыз дүние сарыны. Бәрі де өткінші

Арғы беттегі алаңқайда ұрықтанған, махаббат сайранын тойлаған ешкілер аумин, ізім-қайым жым-жылас жоқ.


Әлгіде ғана барлығы құлдық ұрып, бастарын иіп, «ләббай, тақсыр», деп тұрған ешкілер енді Жеңімпаз текені жалғыз тастап кетіпті. Арғы бетке Ақсу-Жабағылыға асып кеткен ешкілердің соңынан ілеспек болған Жеңімпаз теке бөксесі салбырап, бір аттап, екі аттап, сілесі қатып, сілекейі шұбырып, жата кетеді. Өкпесін алға сүйрейді, тұра алмайды.

* * *

Өлесі болған Жеңімпаз текені қақпақ тастың үстіне шыққан Абадан жазбай таныды. Бір тұрып, бір жығылып, киреленде п қалған Жеңімпазды көріп, Абадан төменде ыйқы-жиқы құлай кеткен ұяластарына ырылдап белгі берді.

* * *

Абадан ырылдаған қаһарлы дыбысын адам тіліне аударғанда, шамада былай естіледі. Бір тойғанға мәз болып кергімеңдер. Алда қатал қыс бар. Тіске басатын тышқан табылмай ашығасыңдар әлі. Бізге қор жинау керек. Ылдидағы ауылдың малын алу қиындап кетті. Бәрі сақ кәзір. От шашатын мылтықтары бар. Малын алдырмайды. Шәуілдек иттері де көп.



– Сонда неғыл дейсің? – дегендей Құртқа қасқыр Абаданға ызғарлана қарады. Қарындары шеңбіректей болып тойған бөлтіріктер қисалаң-қисалаң етеді. Мөлшерсіз тойған да мас.

Сонда Абадан айтты:

– Әне, анау арғы бетке қараңдар. Сүйретіліп, тұра алмай жатқан текені көрдіңдер ме? Жеңімпаз теке сол!

* * *

Қанша тояттап, қарындарын көтере алмай жатса да, Құртқа мен бөлтіріктер орындарынан ұшып-ұшып тұрды.

* * *

– Текелер нысапсыз, – деді ішінен Абадан, – біз де өлмей жүрміз жалғыз қатынмен. Текелерге обал жоқ.

* * *

Құртқа сұңғыла ойлы ғой.

– Жеңімпаз теке көп қатынға ие болмағанда, біз аш қалатын едік қой. Мына байғұсты, – деп жарылып, жайрап жатқан жемтікті меңзеді. – Жеңімпаз теке суға құлатпағанда – күніміз не болар еді... – деді.

* * *

Жеңімпаз теке кеудесін сүйрегенмен бөксесі көтерілмейді. Тарғыл жартастың қуысындағы қатқан қара қаспаққа – мумиёге жетуге ынтызар. Жетсе – бөксесін көтеріп жүруге, Ақсу-Жабағылы жатқан беткейге жетуге жарап қалар еді.

Тауфихсыз жәлептер мұны жалғыз тастап кетті. Еркек сорлының пешенесіне осы үлес бұйырған. Ұрық шашады, ұрпақ қалдырады. Өз басын құрбандыққа шалады.



* * *

Ыңырсыған «Көбік шашқан»

Асау өзеннен төтесінен өте алмайды. Абадан бастап, жемтікті сүйрелеп, Қақпақтастың астына кіргізіп тастап, қасқырлар қайтадан ылдилап, өзеннің жайқуат, жайық жеріне жетіп, арғы бетке өтті. Арғы жағаға шығып, дүр-дүр сілкініп алып, өрге қарай шапшыды.

* * *

Жеңімпаз текенің үстінен қалбиған дәу қарақұс шыр айналып қалықтады да жүрді. Мол олжадан о да дәмелі. Жеңімпаз теке қимылсыз қалған сәтті күтеді. Әне, сонда тышқан аулағыш құладын құс текенің ең алдымен көзін шұқып жемекші.

* * *

Құртқа бастаған топ Жеңімпаз теке жатқан жерге жақындаған сайын ала қанат сауысқан жан ұшыра шықылықтап жағадағы қалың жыныс тоғайдың әр бұтағына шошаңдап ұшып-қонып, шыжбыңдай берді.

* * *

Абадан өрге қарай үшаяқтап жүруден қалжырап қалды. Құртқа қасқыр артына қарайлай береді. Ал, бөлтіріктер өршеленіп, едіреңдеп кетіпті. Алда тағы да молшылыққа кенелерін сезіп, тілдері салақтап, ата қасқыр мен ана қасқырдың аялдағанына шыдай алмай, қыңсылап-қыңсылап қояды.



* * *

Төбесіне аспан тиген қарлы шыңдарды мекендейтін Теңбіл барыс әлдеқалай таудың шыршалы белдеуіне түскен. «Жүргенге жөргем ілеседі» дегенді барыстар да біле ме, әйтеуір жүріп-жүріп, Ешкіқорғанның тұсына шығып, жан-жаққа шапыраш көзін тігіп еді, байбалам салып шықылықтап жүрген алақанат сауысқандарды көрді.

Сауысқан бұрын біреу еді, енді екеу болыпты.

* * *

Қызық дәурен тым қысқа болды. Жеңімпаз теке алдыңғы екі аяғымен жер тырмалап, алға кеудесін сүйрегенмен, бөксесі зіл батпан болып жылжымайды.

* * *

Теңбіл барыс аспанда баяу қалықтап, бір жерді шыр айналып жүрген Құладын құсты көрді. Алда жемтік барын сезіп, адымын ұзарта түсті.

* * *

Осы кезде ылдидан өрге қарай өршелене ұмтылған көк бөрілер де көрінді. Бөрілер жотадан түсіп келе жатқан Теңбіл барысты көздері шалып қалды. Мұндайды күтпеген қасқырлар тобы состиысып біраз тұрды.

* * *

Жоғарыда – Теңбіл барыс. Төменде – бес бөрі. Бесеу деген саны болмаса, ата қасқыр ақсақ. Үш бөлтірік – үшеуі де жас. Ішіндегі жарамдысы іліп алар қауқарлысы ана қасқыр – Құртқа. Бірақ жабылып кетсе құмырсқалардың өзі арыстанның терісін сыпырып алатын көрінеді. Кім біледі...



* * *

Ортада жардай болып, Таутеке жатыр. Кеудесі сау көкірегі тірі, бөксесі көтерілмейді. Алдынан Теңбіл барысты көріп, артында бір топ бөрілер тұрғанын сезіп, Жеңімпаз теке жан ұшыра алдыңғы екі аяғын тасқа тіреп тұрып, кеудесін көтергенмен, бөксесін сүйрей алмады. Жан даусымен бақырып барып, сұлқ түсіп, тағдырға мойын ұсынып, көзінен жас парлап, жата кетті.

* * *

Таутеке ешқайда қашпайтынына көзі жеткен Теңбіл барыс ендігі кесір-кедергі бөрілер екенін сезді. Егер мәмілеге келсе мына жатқан жардай теке бәріне де жетер еді. Бірақ Теңбіл барыс пен көк бөрілердің одақтасып, бірлесіп жүргенін ешкім көрген емес.

* * *

Осы уақытта өзеннің арғы бетіндегі Қақпақ тастың астындағы үңгірде қалған жемтікті ұялас шиебөрілер жабыла жеп жатты. Шиебөрілер өте аш еді. Бөрілердің үңгіріне әлдеқалай сандалып келіп, жемтіктің иісін сезіп, үңгірде ешкім жоқ екенін білген соң ғана шиебөрілер молшылыққа кенеліп, той тойлап жатыр еді.

* * *

Дәл осы кезде Теңбіл барыс ақырып кеп қалғанда тау теңселіп кеткендей болды. Қаһарлы дауыс жаңғырып, бүкіл шатқалды аралап кетті. Тіпті арғы бетте мол жемтікке кенеліп жатқан сумақай шиебөрілердің өзі құйрықтарын бұтына қысып, бір сәтке жым болды.



* * *

Ал, ақсақ Абадан, ана қасқыр Құртқа бастаған бөрілер Теңбіл барыспен көз арбасып, шоқиысып отырған жерлерінен атып-атып тұрды. Теңбіл барыс шиыршық атып, тағы да бір ақырып, Жеңімпаз текенің үстінен бір-ақ қарғып, қасқырлармен бетпе-бет келіп, қалш-қалш тұрып қалды.

Қасқырлар бір-бір адым кейін шегінді. Қаша жөнелген жоқ. Қасарысып, қарсы тұрып белгі берді. Тек бөлтіріктер Құртқаның бұтына тығыла берді.

Теңбіл барыс тағы да ақырғанда, бөлтіріктердің біреуі қыңсылап, анасының бауырына тығылып еді, Құртқа оны желкесінен алып, аулаққа лақтырып жіберді.

Осы сәтті пайдаланып, Теңбіл барыс Құртқаға бір-ақ шапшыды.

* * *

Құртқа тайыншадай барыстың соққысына шыдас бере алмай екі-үш домалап түсті. Ақсақ Абадан Теңбіл барыстың құйымшағынан арс етіп ала түскенде, Теңбіл шыр айналып, ақсақтың өзін сілкіп тастады. Дегенмен сан еті Абаданның аузында кетті. Теңбіл барыс шиыршық атып, сала құлаш құйрығымен сабалап, шыр айналғанда бөлтіріктердің біреуін жардан ұшырып жіберіп, асау толқынға құлатты.

* * *

Қасқырлар тобы абдырап қалды. Бөлтірігі жардан құлаған Құртқа, қанша айтқанмен Ана ғой, баласын құтқаруға ұмтыла беріп, кілт тоқтап, сауырынан қан сорғалаған Теңбілге қарай садақша атылды. Алқымынан алғанмен, кеңірдегіне жете алмады. Барыстың жүні киіздей тығыз екен; есін жиған Теңбіл шыр көбелек айналып, Құртқаны тағы да лақтырып жіберді. Абадан үш аяқтап ұмтылып көріп еді, Теңбіл құйрығымен ұрғанда, Абадан қара тұмсықтан соққы жеп құлап түсті. Теңбіл құйрығымен ұрғанда Қодастың өзі бел омыртқасы үзіліп кетіп, омақаса құлаушы еді.



* * *

Теңбіл барыстың өгіз өлтірер бұла күші енді оянғандай тау сілкіндіре тағы ақырып, Құртқаға қайта шапшығанда, қаншық қасқыр әрең дегенде бұға қалып еді, барыс оның үстінен қарғып өтті. Қаншықты құдай сақтап қалды; барыс зор салмақпен соққанда, парша-паршасы шығатын еді.

Теңбілді енді еңсере алмайтынына көздері жеткен бөрілер кенет жалт бұрылып, еңіске қарай бүлкектей жөнелді. Қос бөлтірік құйрықтарын бұттарына қысып алыпты.

Теңбіл барыс «мен жеңдім» дегендей тағы бір ақырды да, теңкиіп жатқан Таутекеге бұрылды.

* * *

Қасқырлар жайдақ судан өтіп, Қақпақ тастағы өз үңгірлеріне сүмірейіп, сүлде сүйретіп жете бергенде алда тағы бір сұмдықтың күтіп тұрғанын сезді.

Алдымен үңгірдің аузынан мойындары қылқиған бір топ тазқара құс үркіп ұшты. Олар алысқа кетпей, тарғыл тастардың үстіне қонып, сұңқиып-сұңқиып, құлқын қағып отырып алды.

Құртқа мен Абадан үңгірге кіре бергенде қаракөлеңке түкпірден сумаң көздер жылт-жылт етіп, ары-бері ағып түсіп, алас ұрды.

Шиебөрілер тығыларға жер таппай жан ұшыра шыңғырып-шыңғырып жіберді.

* * *

Онсызда тұла бойын ыза кернеген Құртқа қасқыр мен Абадан шиебөрілердің быт-шытын шығарып, тулақтай қылып сыртқа сүйреп, жардан құлатқанда, осыны күткен тазқаралар енді шиебөрілерге шұқшиды.

Кейінге деп сарымайдай сақтаған текенің етін шиебөрілер сыдырып жеп, тек қаңқиған қабырғалары мен омыртқаларын ғана қалдырыпты.

Ата қасқыр, Ана қасқыр қос бөлтірігімен қосылып, құр сүйекті қаужаңдап кеміре берді, кеміре берді...



* * *

Күндіз жауған қар ылдидағыдай лезде еріп кетпей, қырбықтанып жатып алды. Зипа аршалар, жатаған аршалар, шырғанақ пен долана, зірік, итмұрын, қызыл қайың, жыныс орман ақ желең жамылып, мүлгіп қалған.

Күн еңкейіп, ұясына қонуға бет алғанда аспан астын, тау шыңдарын қызғылтым, көгілімжай торғынға бөлеп, қан жосалы Ешкіқорған шатқалын қара көлеңкелеп, қым-қуыт арпалыс дүниесін қимай батып бара жатты.

Бергі беттегі шырғанаққа тойған ұлар құс қақылықтап ұшып, арғы бетке өтті. Күндізгі қиян-кескі қақтығысқа куә болған қыран-бүркіт әлі қалықтап жүр.

* * *

Қырбық қар күн шыға бере күрдек жусан басынан ың-жыңсыз жерге түсіп еріп кетіп жатты. Қоңыр күз бойы тамшы көрмей шаң татып құраған жусан күн көзімен бусанып, балбырап жібіп қалған.

Шолақ шопан тас қорадан айдап шыққан қойлар жерден бас алмай, қызыл изен арасына кіріп кетіп, тырп етпей тыныш жайылды.

Күрдек изенді күрт-күрт шайнап тұрған ауыздықсыз күрең ат кенет басын көтеріп алып, қамыс құлағын тікшитіп, кереге тас жаққа тесіле қарады.

* * *

«Күнге гимн». Има Сумак. Шырқау биік сарын

Басы төсіне салбырап отырған Шолақ шопан ұйқыдан оянғандай селк етті. Кереге тастың басына қарады. Өз көзін тырналап қайта қарады.

Кереге тастың басына ғайыптан орасан зор керіскедей ескерткіш орнап қалғандай. «Елес пе?!» – деп көзін жалғыз қолымен тағы сүртті.



Аппақ алып қасқыр алдыңғы аяқтарын көсіліп жіберіп, арыстай болып жатыр. Аумаған Мысыр сфинксі сияқты.

Кенет тас мүсін тіл қатты.

– Амансың ба, Шолақ?! Біз көріспегелі талай заман болды.

Шолақ шопан атын тебініп, тұра қашпақ болып еді, торы ат кісінеп-кісінеп артқы аяқтарын талтайтып сиіп-сиіп жіберді. Бірақ орнынан қозғала алмай, сілейді де қалды.

Аппақ мүсін тағы да тіл қатты:

– Қорықпа, Шолақ бауыр! Мен саған тиіспеймін. Мен Көк бөрімін. Сенің пірің боламын. Баяғы-баяғы жаугершілік заманда сен жұртта қалған жап-жалаңаш нәресте едің. Сені мен асырап алғанмын. Сен Ана бөрінің, қасиетті Құртқаның емшегін еміп, ер жеткенсің. Ұмыттың ба?

* * *

Дәулеткерей. «Көроғлы»

Ұмыттың, тауфихсыз! Жер беті мыңғырған қызыл киік, ақ-бөкен болар еді. Біз, Бөрі тұқымы сол жабайы аңдардың ақсақ-тоқсақ, ауруын азық етіп, дүниені ластан, ауру-сырқаудан тазартып жүрген дәруіштер едік. Сендер, тауфихсыз, тарих танымас қосаяқтылар киік тұқымын қырып біттіңдер! Көкбөрілер қалдығы адамдардың асыранды малына амалсыздан лажы жоқтықтан тиіседі. Соны түсінбей өз Піріңді өзің жау көрдің.

– Абайла, Шолақ! Сені асырап адам еткен көк бөрінің құдіретті Пірі ұрып кетпесін. Жер бетінен Көк бөрі тұқымы үзілсе, сен, Адам, тап-тақыр жетім қаласың...

* * *

Има Сумак. «Күнге табыну гимні»

Шолақ шопан Кереге тастың басына қарап еді – жым-жылас. Арыстай аппақ арланның орнынан еріген қардың буы бұрқырайды.

– Сірә, мені бірдеңе шалықтаған шығар, – деп Шолақ шопан торы атты қос өкпеден тепкілеп, домбаздай салған мұржасынан түтіні будақтаған үйіне қарай шаба жөнелді.

АЙ МЕН АЙША

БІРІНШІ КІТАП

ЖОЛАШАР

– Сен қайдан келдің? – дегенде, бір данышпан:

– Мен балалықтың елінен келдім, – деген екен.

Ересектерде сол «балалықтың елінен» келмеген ешкім жоқ. Анадан ешкім сақал-мұртымен тумайды.

Мен де солардың бірімін.

Анамның аты – Айша еді.

Аз ба, көп пе – алпыстан астым.

Аз ба, көп пе – ірілі-уақты кітап жаздым.

«Халық жазушысы» атандым. Жазғанымның бәрі алтын дей алмаймын. Бірақ солардың көбі және дәмділері тек балалық шақтың нәрінен, балауса балғын шақтың әсерінен туған. Өсе келе, көпті көрдім, дүниенің шартарабын араладым. Бірақ соның бәрі мені балалық шағымдай байыта алмады.

Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді.

Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді.

Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым.

Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркта болдым – олар да түсіме кірмеді.

Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім.

Түсімде ылғи балалық шағымды көремін.

Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін.

Түсімде ылғи туған үйімді көремін.

Түсіме ылғи Айша кіреді. Мұртаза түсіме сирек кіреді, өйткені ол кеткенде, мен бес-ақ жаста едім. Елесі еміс-еміс қана.

Егде тартқанда бүгін көргенің ертең естен шығады.

Ал енді бала кезде көргенім, естігенім бүгінгідей әлі есімде.

Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын?

«Ата-бабамның, Айшаның аруағы жар бола көр!» – деп қолыма қалам алдым.

БОЗАЛА ТАҢ


Анасының құрсағынан шыға салып, алғаш көргенін есіне сақтап қалатындар бар дейді. «Мен туғанда үйдің іші қып-қызыл еді», – деп айтыпты дейді біреулер.

Білмеймін. Өз басым ондай алғыр данышпан емес екенім анық. Өйткені: «Есім қай уақытта кірді, тұңғыш рет көрген-білгенімнен есімде не қалды?» – деп, ары үңілем, бері үңілем, ештеңе таппаймын. Үш жас, төрт жас – бәрі бұлдыр, бұлыңғыр. Тек, Әйнек апам мені арқасына көтеріп келе жатқанда, бір аяғымның калошы түсіп қалып, кемпір байғұс келе жатқан ізімен қайта қайтып, әлгі түсіп қалған калошты іздегені еміс-еміс есімде. Әйнек апамның арқасына жармасқаныма қарағанда, әлі өз бетіммен еркін жүгіріп кете алмайтын кезім болуы керек.

Ал Мұртазаның Гришка дейтін орыспен сөйлескенін анық білемін. Біздің үйдің күншығыс жақ қабырғасы. Мұртазаның үстінде өңірін қара шибарқытпен көмкерген жосалы сары тон, басында дәл сондай теріден тігілген телпек. Оның жиегі қара қозының елтірісі. Сақалы сарыдан қызғылттау.

Қасында – Гришка. Мұртаза қойтастың үстінде отыр. Гришка түрегеп тұр. Сірә, көктемнің әлі дүмбіл кезі болар. Өйткені күн-шуаққа сүйсініп, тамға арқамды сүйеп, мен де шоқиып отырмын.

Гришка – ұста. Ағаш ұстасы. Біздің үйдің алдындағы Әмірекұлдың үйі қазір ұстахана. Күнбатыс жақ бөлмесі ағаш ұстаханасы, күншығыс жақ бөлмесі – темір ұстаханасы. Бір жағында – Гришка, бір жағында – Нәметқұл.



Қазіргі әңгіме сол Нәметқұл туралы екенін шамалаймын. Мен әдейі тыңдамасам керек, бірақ жанында екі үлкен кісі сөйлесіп отырса, құлағыңды қалай тығындап қоясың. Гришка қазақшаға судай. Гришка айтады:

– Нәметқұлдың Зыликасы өлгелі бір жылдан асып барады. Нәзипа дейтін қызы да шетінеп кетті. Баласы Байбосын екеуі ғана. Енді бірдеңе істемесек болмайды, Мұреке.

– Оның рас, – дейді Мұртаза. – Мен де көптен ойлап жүрмін. Мына қырғыз жақта менің Нұралы дейтін жездем бар. Сол айтады, біздің ауылда байы өлген, басы бос бір әйел бар. Нәметқұлға қол келеді дейді.

– Онда, тездетіп сөз салыңыз, обал болды, – дейді Гришка.

Ал енді, осы Гришканың бір ұл, бір қызы бар. Ұлы менен үлкендеу, аты – Гришка. Орыстар қызық. Әкесі Гришка, баласы да Гришка. Немене, ат жетпей ме? Айша осыны айтып еді, Мұртаза:

– Әкесі атым өшіп қалмасын деп, баласына өз атын береді, – деді. Атым өшіп қалмасын дейді, ә? Әліме қарамай, мен: «Мұртаза ше? Ондай уайымы жоқ па? Менің атым онда неге Барсхан? Неге мені де Мұртаза деп атамаған?» – деймін.

Кейін-кейін, Мұртаза дүниеден өткеннен көп кейін, мен бұл сұрақты Айшаға айтып едім, ол:

– Сен барда, Батырхан барда Мұртазаның аты өшпейді, – деді. Неге екенін білмеймін, Құрмашты атамады.

Гришканың қызының аты – Наташа. Менімен жасты. Ағаш ұстаханаға барғанымда, үлкен Гришка ұзын тақтайды сүргілеп, үскілеп жатады. Содан шиыршықталып жіп-жіңішке жаңқа ұшып түседі. Оны Наташа сап-сары шашына байлап, әшекейленіп алады. Менің басыма да орап қояды да, сықылықтап күледі.

Содан соң, кіші Гришка, Наташа, мен – үшеуміз Бердімбет сайының қабағына барып, шытыргүл тереміз, жабайы үпілмәліктің қырмызы гүлін, меңдуананың қауашағын жұлып аламыз. Меңдуананың күлгін гүліне көк көбелек қонып отырады. Соны ұстамақшы боламыз. Көбелек ұшып кетеді. Айда кеп қуамыз. Ұстатпай, қисаландап ұшады. Біз де қисаландап жүгіріп жүріп, кейде құлап қаламыз. Сайдың табанында күмістей жарқырап ағып жатқан бұлаққа барамыз. Бірақ көбелек жеткізбейді. Сөйтсек, оларда қанат бар, бізде қанат жоқ екен. Адамға Құдай бәрін бергенде, қанат бермегені қалай? Оны несіне аяды екен? Біз түсінбейтін жұмбақ көп.

Қазір таңғаламын. Сонда біз сол төрт-бес жасар орыс пен қазақтың балалары қай тілде сөйлестік екен? Түк те есімде жоқ. Менің орысша



білмейтінім анық. Ана орыстың балалары да қазақша біле қоймаса керек. Сонда қалай түсіністік. Ғажап. Бірақ ертеден кешке дейін бірге ойнайтынымыз зайыр есімде.

Сірә, төрт-бес жастағы балалар бірін-бірі тілсіз-ақ түсінетін ерекше бір қасиет бар болса керек. Өсе келе үлкендер сол қасиеттен айырылып қалып, «Менің тілім, сенің тілің» деп, дауласкер дертке ұшырайды екен ғой...

Гришкалар бір түнде ұшты-күйді жоқ болды. Әкемнен сұрап едім:

– Көрші ауылға көшіп кетті, – деді.

Сөйтіп, үрпек сары бас достарымнан айырылып, кәдімгі мұрынбоқ қарадомалақтардың арасына барып қосылдым. Жападан-жалғыз жүре алмайсың ғой.


Енді шамаласам, сол 1937 жылдың бірінші мамыры болуы керек. Мұртаза мені көрші ауылға ертіп барды. Мейрам екен. Ондай мейрамды бірінші рет көруім-ау деймін. Халық қарақұрым. Бәрі қызыл-жасыл киінген сияқты. Бір әсем дүние. Ән-күй. Балуандардың күресін де сонда көрдім. Ат бәйгесі болды-ау деймін. Адамдар ақ түйенің қарны жарылғандай мәз-мейрам.

Содан кенет... әлгі шыжандай көптің ішінен Кіші Гришканы көзім шалып қалсын. Оны байқамас та ма едім, не көп – бала көп, бірақ шашынан таныдым. Көп қараторғайдың арасына бір ақбас торғай кіріп кеткендей ғой. Қолымнан ұстап тұрған Мұртаза әлденеге назары ауып, менің қалай сытылып шығып кеткенімді байқамай қалды-ау деймін.

Құлдыраңдап отырып ақбас балаға барайын. Ол да таныды. Қуанып кетті. Қолымнан қысып ұстап алып шықты. Сөйтсем, сары шашты адамдар көп екен. Тілдерін түк түсінбеймін. Әсіресе әйелдері қызылала киініп, асыр салып билеп жүр. Біреу дарылдата созып, қобдиша сияқты бірдеңе тартып отыр. Бір орыс әйел:

– О, баранчук, хорош, хорош! – деп, маған дөп-дөңгелек тәтті нан берді. Тәттілері көп екен. Айша тігіп берген помази көк көйлектің төс қалтасына әлгі әйел кәмпитті толтыра салды. Тағы салатын еді, басқа қалтам жоқ екен. Шалбарымды сипаласам, бітеу, қалтасы жоқ.

Содан Кіші Гришка екеуіміз қол ұстасып бармаған, араламаған жеріміз жоқ. Бір орыс тұмылдырықтаған қоңыр аю жетектеп, оны ойнатып жүр екен. Аю біресе адам сияқты қос аяқтап түрегеледі, біресе көктің үстіне домалап, басымен жер тіреп, тоңқайып тұрып, аунап түседі. Мұндай қызықты көрмеген басым, әлгінің қасынан шыға алсамшы. Бірақ жақындауға қорқамын. Кіші Гришка қорықпайды екен,



жанына барып кәмпит беріп еді, аю қағып салды, басын иіп, тізесін бүкті. Рақмет дегені болса керек. Ал кеп күлейік. Дүниеде күлкі жақсы. Кім күлсе ол күлсін: қазақ па, орыс па, бірден түсінесің. Мына көп орыстың бір-біріне не айтып, не қойып жатқанынан дәнеңе де ұққан жоқпын. Күлгендерін бірден түсіндім. Күлкіге тілмаш керек емес екенін баланың шала миымен-ақ біліп қойдым.

Сөйтіп, дүн-дүниені ұмытып, аюдың қызығына беріліп тұрғанда, жұрт тарай бастапты. Әкем тұрған жерге жүгіріп барсам, – жоқ! Ал кеп бақырайын. Әлдекімдер:

– Әй, мынау кімнің баласы? Адасып қалған ғой, – десті.

– Кімнің баласысың?.. – біреулер еңкейіп бетіме үңіледі.

– Мұртазаның...

– Әкең жаңа сені іздеп жүрген, – деді біреу. Енді біреу жан-жаққа қарап:

– Әне! Әкең анау бір топ кісінің ішінде болар, – деп күншығысқа, біздің ауылға кетіп бара жатқандарды көрсетті.

Бақырып, Тәңіртауды басыма көтеріп, әлемді жаңғырықтырып жүгіріп келемін. Жолда бір солқылдақ жас шыбық жатыр екен, соны іліп ала салып, безілдеп келемін. Ақыры, қуып жеттім. Кілең үлкен кісілер екен: Мелдехан, Пешен, Байжұман, Әліпбай, Мұса, Шақалақ және менің әкем Мұртаза.

Келе сала, ал кеп әкемнің арқасына кішкентай жұдырығыммен түйгіштейін. Шыбын шаққан құрлы көрмейді. Жанындағылар бірдеңені айтып келе жатыр. Одан бетер ыза болып, мәсісінің қонышын шыбықпен ұрып келемін, ұрып келемін, бақырып келемін. Бір уақытта Мелдехан ғой деймін, маған бұрылып:

– Тәйт! – деді.

Мелдехан менің әкемнен үлкен. Көлкілдеген көкала сақалы бар. Басында – ақ қалпақ. Ауы күйектей ақ дамбал киіп, аяғына қоңылтақ кебіс іле салған.

– Тәйт! – деді. – Сені Мұртаза мойнына алабұршақ салып, қорасанға қой айтып, әулиеге мал айтып, Құдайдан тілеп алса да! Әңгіменің шырқын бұздың ғой!

Кіп-кішкентай балаға дап-дардай кісінің соншалықты сөгіс айтқаны несі дегендей, басқалар тосылып қалды. Мен мына ашулы адамнан құтқар дегендей әкеме қарадым. Жаңа мені тастап кеткені аздай, енді де араша түспес пе екен дегендеймін.

Мұртаза мырс етіп:



– Мелдеке, бұл Барсханды Құдайдан жылап жүріп тілеп алғаным рас, – деді. Сөйтті де қолымнан енді ажырамастай қысып ұстап, жетектеп алды. Екеуміз деп-демде достасып кеттік.

Мұртаза көп сөйлемейтін кісі. Қайтып мен туралы әңгіме болған жоқ. Үлкендер өздерінше өзге тақырыпқа көшті.

Арт жақтан өлеңдеткен дауыс естіледі. Бұрылып қарасақ, Тәшкен, оның інісі Кәрібай, Оспаналы, Төреқұл сияқты сол кездегі «жастар» жағы екен.

– Мына қулар орыстың арағына тойып алыпты-ау, – деді Пешен.

Бір кезде, олардың араларында шу шығып, төбелес басталды білем: Тәшкен өз бауыры Кәрібайды көкпарша сүйрейді. Оспаналы мен Төреғұл жағаласқандай болды.

Пешен айқайлап:

– Қойыңдар-ей! – деді. Мелдехан:

– Қайтесің, мас жындылар сөз түсінуші ме еді, – деді.

Сөйтіп, өз ауылымызға да жеттік.

Менің өз әкеммен бірге тойға барғаным осылай аяқталды. Ол мені бұрын да талай жерге жетектеп, көтеріп барған шығар. Бірақ оларынан елес жоқ.

Сол жылы қыста әлгі тойдан бірге қайтқан жетеудің алтауы ұсталды. Біреуі олардың үстінен арыз жазған болып шықты. Жетеуден – біреу. Алтауын бірдей итжеккенге айдатып жіберді. Айтпақшы, алтаудың ішінен Байжұман қырғыздың тауына қашып құтылды.

Кейін-кейін сол 1937 жылғы бірінші мамырдың тойы есіме қайта-қайта орала берді. Әкеммен бірге ілесіп барған той. Бір түсінбегенім: Мұртаза мені Құдайдан тілеп алады. Сөйте тұра, мені неге орыстардың ортасында тастап кетті? Іздеген көрінеді. Бірақ таппай, менсіз неге ауылға қайтып бара жатты?

Әлде менің көп ұзамай әкесіз қалатынымды сезді ме екен? Әкесіз қалғанда бос болмасын, болбырақ болмасын. Өз бетінше жол тауып көрсін, ащының дәмін осы бастан татып, мына мейірімі аз, қаталдығы мол дүниеге осы бастан көндіге берсін деді ме екен?

Егер осылай ойласа, ол ойын мен жүз есе орындадым. Мұртазаның қонышын шыбықпен сабалап, шыңғырып жылаған шолжаң еркелігім – көктемде гүлден-гүлге қонып, тайраңдап, сайраңдаған көбелектің лезде көз жұмғанындай, ерте солды.

Еңбек пен азап ештеңе емес. Жазықсыз жаладан көп жарақаттандым. Арпалыстан жағам талай жыртылды. Мұртаза мені шынымен

шынықтырғысы келсе, ол үміті ақталды. Шыңыраудан шыққандай халдемін. Тірмізік екенмін. Қасқырдың тарамысынан жаралғандай тырмысып әлі тірі жүріп келемін...

ҚЫРАУ ҚАНАТ БАЛАПАН

Қарны тоқ, қайғысы жоқ, киімі бүтін бес жасар ойын баласына қыстың кешкі аязы қызық та болуы мүмкін. Бес жасар баланың миы әлі нүкте түспеген ақ қағаздай. Әсерлі оқиға, сұлу сурет сол аппақ қағазға өшпестей жазылып қалар.

Әлі есімде: темір ұста үйінің іргесінде асық ойнаған балалардың арасында мен де бармын. Батқан күннің қызылы Талас Алатауының қарлы шыңдарын балқытып жібергендей еді. Теріскейдегі Қаратаудың үстінде қызғылт көгілдір құстар түйдек-түйдегімен қалқып тұрғандай екен. Құстар емес, бұлттар екенін сезем ін. Қошқаратаға қонақтаған қоқиқаздар секілді.

Таулар балқып жатса да, жылуы жоқ. Алаулаған бетіңді сүйер шымыр аяз тек біздің Жуалыда, Мыңбұлақта ғана болады деседі.

Балалардың ересегі Сейсенбай маған болысып, мен ұтылып қалсам да асықтарымды өзіме қайтартқызып береді. Менен үлкен бола тұра, балалар менен ығатын сияқты. Онысы несі екен?

Көз байланып, қас қарая ойын бітіп, үйді-үйімізге тараймыз. Темір ұстаның жәпірейген үйінің алдында үйме-жүйме соқалар, темір тырмалар ғана қалады. Олардың үйі осы, олар жаурамайды.

Не көрінгенін білмеймін, аузымнан аяздың буы бұрқырап, үйге жүгіріп кіріппін. Айша тұтатқан жетілік шырағданның бүйірі томпайған шынысына түкіріп кеп жіберіппін. Жетілік шиша шырт етіп, шытынасын да қалсын. Жетілік білтедегі момақан от теңселіп, шалықтап барып, әйтеуір, өшпей тірі қалды. Бірақ керосин түтінінің иісі мүңк ете түсті.

Бұл сорақы, сорлы ісімді көріп қойған Айша үн-түн жоқ, онсыз да аяздан тырсылдап тұрған құлағымның сырғалығын қолымен қыршып алғандай болды. Құлағым тыз етті. Қанап қалыпты. Ал кеп бақырайын.



Даусымды естіп, далада жүрген Мұртаза келді. Құлағымнан қан ағып тұрғанын көріп, Айшаға ал кеп ұрыссын. Ар жағы не болғанын білмеймін, мен ұйықтап қалсам керек.

Түн ортасы болар, мен Айшаның айқайынан ояндым. Елегзіген шынысыз шамның сәулесімен сорайып-сорайып бөтен біреулер көрінеді. Олар Мұртазаны итеріп-итеріп, алдарына салып алып кетті. Айша айқайлап арттарынан шықты. Дірдек қағып мен де шықтым. Серейіп-серейіп үш-төрт адам сай жаққа қарай кетіп бара жатыр. Сайдағы көпір сықырлады. Айша сайдың қабағына дейін қалмай барып еді, Мұртазаның даусын анық естідім:

– Қайт! Балалар қорқып қалады! – деді.

Түнгі аяз бұл дауысты қайталап шыққандай болды. Сықыр-сықыр дыбыс алыстап, Айшаның аяғының астындағы қар ғана қаршылдайды.

Айша есіктің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық Айға қарап:

– О, Жаратқан, басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды.

Мен лезде есейіп шыға келдім.

Енді мені қорғайтын Әке жоқ екенін сұңғылалықпен сезіп қойған сияқты едім.

Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы дәмін татқандай болдым.

Қорбиып қараңғы түн жан-жақтан қаптап келе жатты.

Айша мені жетім қалған үйге жетектеп кіргізді.


1937 жыл – жалмауыз жыл еді.

Қанатына қырау қатқан жас балапан мен едім.

Енді асықтан ұтыла беретін болдым. Бұрынғыдай ешкім болыспайды.

БІР ТАРЫНЫҢ ҚАУЫЗЫ

Арада екі-үш күн өткеннен кейін, «халық жауларының» қатын, бала-шағасы улап-шулап, отыз жетінің желтоқсанында, Шақпақ



желі борасындатып ұрып тұрғанда, сол ызғырыққа кеудемізді тосып, Борандының түрмесіне бардық.

Айша мені ала барды. Құрмаш пен Батырхан үйде қалды. Түрме дегені – жан-жағын милиция қоршап тұрған ат қора сияқты, кірпішек, шатырлы үй екен. Одан бұрын Борандыда арнайы түрме болмаса керек, өйткені айналасына қорған соғып, темір тікенмен қоршап үлгермепті.

Милиция деген – ұзын сұр шинель, төбесі сиырдың емшегіндей шошақ баскиімді, жүздері мұздай суық, мылтықтары үшкір найзалы адамдар болады екен. Неге екені белгісіз, бәрінің көздері іріңдеген, беттері көгеріп, көлкілдеп тұрған сияқты. Мүмкін, «халық жауларын» қырағы қарауылдап, күндіз-түні ұйқы көрмейтін шығар.

Мыңбұлақтан ғана емес, басқа жақтан да келгендер болар, әйтеуір, шыжандай ыңырсыған халық.

Соған қарағанда, Жуалы ауданы бойынша «халық жаулары» аз болмаса керек. Тұтқындарды бір көріп, тіл қатысып қалуға жиналғандар:

– Әулиеатаға апаратын көрінеді бұларды, –дейді әлдекім сыбырлап.

– Қарасудың бойына апарып атады дейді.

– Тек! Сібірге итаппен айдайтын көрінеді.

– А, Құдай, өзің жар бола көр!

Осындай сыбыр-күбір сөзден бес жасар бала болсам да, менің кішкентай ғана жүрегім мұздап бара жатқандай.

Түрменің жалғыз есігі бар екен. Есіктің түйе көзіндей тесігі бар екен. Мың көз жиналып, сол жалғыз көзге қадалады. Жалғыз көздің ар жағында үйме-жүйме тіршілік барын сезгендейсің.

Өйткені әлгі тесіктен саусақтар қылтыңдайды. Саусақтан басқа еш нәрсе сыймайды ғой. Тұтқындар бармақтарын неге шығарады? «Саусағымызды таниды» дей ме екен. Далбаса ғой. Әйтпесе, адамды жалғыз саусағынан қалай танисың?

Қамақтағылар мына азаттықта тұрғандарды мазақтағандай көрінеді. Мазақтамайды ғой, бірақ әлгі әнтек әрекеттері соған ұқсас.

Әлде, мына ашық аспан астында тұрған біздерден медет тілеп, әйтеуір, бір жәрдем күте ме екен? Суға кеткен пенде соңғы рет судан қолын шошайтады емес пе? Бұлар да сол сияқты шығар.

Кейде саусақ көрінбей кетеді де, жалғыз тесіктен жалғыз көз жылтырағандай болады. Бір сөніп, бір жылтырайды. Содан шамалағанда, тұтқындар тез-тез ауысып, әлгі тесіктен кезек-кезек сыртта тұрғандарға көз салатын болуы керек.



Тұншыққан, шуылдаған дауыстар естілгендей ме? Абақтының қабырғасы қалың, дауыстар бізге анық жетпейді.

Әркім өз жақынын атап, шақыртып, арыздасып, қоштасатын шығар. Бірақ оны естіп, түсініп жатқан ешкім жоқ.

– Жәкең осының ішінде, – деді Айша мені жеңімнен тартып.

– Неғып? – деймін мен.

– Білмеймін.

– Барайын ба? – Мен Айшаның бетіне қараймын. Ол мылтықтарын көлденең ұстап, қалшиып қалған милиционерлерге қарайды. Қарауыл сақ. Әлдекім бір қадым ілгері аттаса, мылтықпен кеудесінен итеріп тастайды. Бәрі бері қарап тұр.

Біздің алдымызда тұрған ұзын бойлы, ірің көз милиционер темекі тұтатып, тұқшиып еңкейе бергенде, мен құлдыраңдап жүгіріп отырып, түрменің есігіндегі тесікке де жеттім. Бірақ бойым жетпей, өкшемді көтеріп, тесікке мойнымды созып:

– Жәке, Жәке! – деп шырылдадым.

– Ай, Мұртаза! Ау, Мұртаза! Балаң келіп тұр, – деген дауыс іштен тұншығып шықты.

– Былай тұр, былай! Мұртазаға жол беріңдер!

Соған қарағанда, Мұртаза есікке жақын жерде емес болуы керек. Жетті!

– Барсхан! Барсхан! Сенсің бе?

– Иә, Жәке.

– Айналайын.

– Үйге жүр, Жәке. Айша жылады. Айшаға ұрыспашы.

– Жыламасын. Мә! – Әкем маған шиыршықталған қағаз ұсынды. Сол кезде иығымнан біреу бүркіттей бүріп алып, лақтырып кеп жіберді. Анадай жердегі күресін күртік қарға басым кіріп, құлап түстім. Әлдекімдер мені орнымнан тұрғызып, үсті-басымды қаққылады. Ақ қоян құлақшынымның қарын тазартты.


– Жылама, азамат екенсің!

– Жылаған жоқпын, – деймін мен.

Айша келіп, тізерлеп отыра қалып, бет-аузыма жабысқан қарды қолымен тазалап, бетін бетіме басып, тұла бойы дір-дір етіп солқылдады. Аузыма сұқ саусағын салып, таңдайымды езгіледі. Қорқыныштан құтқарғаны.

– Жылама, – дедім мен әлгінде әлдекімнің өзіме айтқан сөзін қайталап.

Милиционерлер қаһарланды.



– Әйда, кетіңдер! – деп, мылтықтарының дүмімен жұртты кеудесінен ұрғылап, ығыстыра бастады.

– Тараңдар! Тараңдар! Әйтпесе, атамыз, – деп қорқытты.

Бір рет аспанға мылтық та атылды. Түтіні бұрқ етті. Жұрт шу етті. Аждаһа келе жатса қорықпайтын қазақ, мылтық даусы шыққан соң, бет-бетімен ыдырап кетті.

Біз ауылға қайттық. Былай шыққан соң, кішкентай уысыма қатты қысып алған әлгі шиыршық қағазды Айшаға бердім. Айша қағаздың шиыршығын жазып еді, ішінен төрт ине шықты. Киім тігетін машинаның инесі. Жұрт аң-таң. Қағазда жазу жоқ.

– Сонда бұл инені Мұртаза қайдан алған? – деді біреу.

– Мұнда бір мән бар шығар? – деді біреу.

– Қандай мән?

Айша айтты:

– Өткен жексенбіде базарға барып еді, сонда сатып алып, ұмытып қалтасында кеткен ғой, – деді.

Үйімізде Күнікей әжеміздің қалған «Zinger» машинасы бар еді...

Жол-жөнекей тал-дарақтың басында бүріскен торғайлар отыр. Адамдардың қасіретіне олар да ортақтасқандай. Бір әйел (кім екенін ұмыттым): «Туған ел, енді есен бол-ай», – деп әндетті. Өлеңі әннен гөрі, жоқтау сияқты зарлы естілді.

«Тек» деп тастады басқа біреу.

– Мұртазаның ине бергені несі? – деді біреу. – Мұнда мән бар.

Қандай мән екені әлі түсініксіз?

САУСАҚ СОРҒЫШ БАЛА

Ол туған отыз жетінші жылдың сарша тамызы еміс-еміс есімде. Мен бес жасқа толар-толмас кезім еді. Мыңбұлақ сайларының басын ала киіз үйлерін тігіп, ел егін орағына кіріскен шақ қой деймін.

Осы Батырхан сол киіз үйде дүниеге келді. Жадыраған жаз, жайдары жандар құтты болсын айтып, келіп-кетіп жатты білем.

Әйтеуір, жақсылық күндер екенін сезем.

Артынша күз келді, қыс түсті. Жаздың ағыл-тегіл қуанышты күндері көзден бұл-бұл ұшты. Мұртаза тұтқындалды.

Сол түннің ертесіне Айша емшектегі баланы:

– Енді сен де адам болар ма екенсің? – деп аңырай жылап, омырауынан жұлып алып, төсекке тастай салғаны, ана сүтіне тоймай қалған сәбидің, әлде Айшаға, әлде заманға, әлде тағдырға риза болмай, шар-шар еткені көз алдымда, құлағымда.

Содан, сол бала қайтып ана сүтіне жарыған жоқ-ау деймін. Айшаны күнде таңертең жұмысқа айдап кетеді. «Емізулі балаң бар ғой, сен жұмыстан қала ғой» деп есіркеп жатқан Тасбет жоқ.

Баланың күні – алты жасқа аяқ басқан маған, төртке қарай қадам басқан Құрмашқа қарап қалды. Бізге қараған күн қайбір оңған.

Баланың аяғы шықпай қалды. Бір жасқа толды, үшке қарай кетті – тәй-тәй басып тұра алмады. Еңбектеп, төрт аяқтап жүреді. Көбінесе шоқиып отырады. Отырады да қолының қос саусағын сора береді, сора береді. Шидей саусақтары ақжем болып кетеді.

Бір күні әлгі бала жерге домалап, әй бір шарылдап жыласын. Бала бағатын кісінің сықпыты – мен. Мен не біліп жатырмын. Шарылдап, көгеріп бара жатқан соң, көтеріп алып ұстаханаға, Нәметқұл көкеме жүгірдім.

Нәметқұл – ұзын бойлы, ажарлы, аса сабырлы кісі еді. Батырханның ішін басып көрді, аузын ашып көрді. Ақжем болған шидей саусақтарын санап шықты. Саусағын біреу кесіп алып, содан жылағандай-ақ. Содан құйрығын сипап, сирағын сипап байқады. Тамырын ұстады.

– Не жеп еді? – деп шермиген қарнын басып көрді.

Не жегенін мен қайдан білейін, қолына не іліксе – соны жейді дағы. Бізде бір уыс талқаннан басқа, бір тостаған айраннан басқа не бар дейсің.


Содан баланың башпайларын қарады. Башпайларының арасын ашып көрді де:

– Оппой, құдай-ай! – деп күйінді Нәметқұл.

Бықынаған ақ құрт.

Қозының құйрығын құрттағандай, қолына іскек алып, әлгі құрттарды тере бастады. Қалай теріп болды, солай баланың шарылдағаны басылып, жаны жай тапты.

Жұмыстан қайтқан Айша бізді көріп бұрылды.



– Батырханның башпайы құрттап кетіпті, жеңеше, – деді Нәметқұл. Айша арқаланып шыға келді:

– Кетерінде Мұртаза айтып еді: «ана екеуін итшілеп жеткізерсің, емшектегіңді, әй, білмеймін», – деп. Әулие екен де, айтқаны келді ғой. Әлі мешел. Мұны бағып-қағатын мен бейбақтың түрі мынау. Балаға қара деп сеніп тапсырған жүгірмек Барсханның түрі – анау. Қарамай қаңғырып кетеді.

Айша маған тұра ұмтылды. Мен ұстатпай ыршып түсемін.

– Әй, бәлем, барасың үйге. Сонда ма, сонда...

Нәметқұл сабырмен:

– Жеңеше, Барсхан әлі ойын баласы ғой, оған несіне ұрсасың. Оның өзіне біреу қарау керек қой, – дейді.

Айша жүрелеп отыра кетіп, Батырханды көтеріп алып, әлдеқашан семіп қалған омырауына баланың басын басып:

– Ай, Мырза аға-ай, мен ұрсайын деп ұрсады дейсің бе? Күйемін ғой, күйі-і-іп кетемін ғой. Әйтпесе, ұрсып нем бар Барсханды! – дейді.

Десе де, ұрысқан тұрмақ, ұрғанның көкесі кейінірек болды.

Әлде, отыз тоғыз, әлде, отыз сегізінші жыл шығар. Жаздай бізді сол Нәметқұл асырады-ау деймін. Әйтеуір, есімде ерекше қалғаны: көріктің қоламта шоғына жұмыртқа пісіріп береді. Тауықтың жұмыртқасын әуелі шүберекке орайды. Сөйтеді де ыстық күлге, қоламтаға көміп тастайды. Сәлден соң, әлгіні ашып, шүберектің күлін қағып, піскен тұқымды аршып, ағын маған, сары уызын Батырханға береді.

Батырхан көбінесе Нәметқұлдың қасында қалады, мен балалармен ойнап кетемін. Кейде Батырханды арқама көтеріп, балалардың соңынан жүгіріп, Дошанай атамның үйінің жанындағы әуітке барамын.

Әуіт дегеніңіз – кәдімгі бөгет. Таласбай бұлақтың суы көп. Соны бөгеп, әуіт салған. Қазіргі тілмен айтқанда: «водохранилище». Әуіт толғанда, астындағы қуырдың шым тығынын ағытып, содан атқылаған сумен қызылша суғарады, тары суғарады.

Ал әуіт толғанда, айдынды көл пайда болады, тіпті шоқ-шоқ талдар, қоғалар судың астында қалады. Жап-жас балаларға бұдан артық қандай қызық керек. Әйда кеп шомыламыз.

Шомылғанда басқа балалар сияқты емес, жүзуге шорқақпын. Үйрене алмай-ақ қойдым. Өсер, Жолдасбек сияқтылар сайдың бергі бетінен арғы бетіне балықша жүзеді. Маған Құдай оны бұйыртпады.

Оның есесіне, «демалмас» ойынында алдыма жан салмаймын.



Оның мәнісі: кім судың астында дем алмай көп жатады – сол ұтады. Ұтқанда не, ұтылған бала ұтқан баланы әуіт бөгетінің үстімен ары бір, бері бір арқасына көтеріп алып өтеді. Сол-ақ. Бірақ намысы жаман. Ұтқан бала ұтылғанның арқасына мініп алып: «Айда, есегім, шап, шап!» – деп екі аяғымен қос өкпеден тепкілеп, қорлайды ғой. Кейде содан қып-қызыл төбелес те шығып кетеді.

Кеңес дейтін «төреші» екі баланы «бір, екі, үш!» – деп суға сүңгітеді. Бақаларша тарбаң етіп сүңгисің де, су түбіндегі қоғадан қос қолдап ұстап алып, жата бересің. Дем алмайсың. Дем алсаң – аузыңа су кетеді. Сырттағы төрешілер санап тұрады. Кім бұрын шығады – сол ұтылады. Ал мен жата беремін. Тіпті су астында көзімді ашып жатамын. Қозғалып, тербетіліп тұрған қоғаны көремін. Су асты ну орман. Қымқуыт тіршілік. Қоғалардың ара-арасында қылтың-қылтың етіп үйір-үйірімен жүзіп жүрген итбалықтарды көремін. Мүмкін, ықыласым соған ауатын шығар, мүмкін, ашық көзден ауа кіретін шығар, шыдай беремін. Сырттан күңгір-күңгір дауыстар естіледі. Біреу:

– Өліп қалған шығар, – дегендей болды. Сонда барып қолымды қоғадан босатып, су бетіне қалқып шығамын. Балалар шу етіп, қол шапалақтайды.

– Осы сен түтікпен дем алып жататын шығарсың? – дейді жеңілген Жолдасбек.

– Қайдағы түтік? Түтік болса судың бетінен қылтиып көрініп тұрмай ма? – деп бой бермеймін.


Жолдасбек тапалдығы болмаса, менен үлкен. Үлкендігін істеп, маған «есек» болғысы келмейді. Мен көнбеймін. Аяғында жұдырыққа жүгінеміз.

Сөйтіп, бір дәп-дәле болып жатқанда, өзіме етене таныс ащы айқай естілді. Құдай қай жақтан айдап әкелгенін білмеймін: Айша адуындап жақындап қалыпты. Қолында – Батырхан. Сөйтсем, кеш болып, Айша жұмыстан қайтқан екен.

Қашан, бағана-а-а Батырханды арқама көтеріп келіп, сайдың (яғни көлдің) жағасындағы көгалға отырғызып:

– Қимылдама, – деп кеткенмін.

Бір-екі қарағанымда шоқиып отырған болатын. Сөйтсем, төрт аяқтап еңбектеп, құйрығымен жылжып, судың жағасына жетіп қалған екен ғой. Айша келіп жеткенде, Батырхан жартылай судың ішінде жатыр екен. Енді бірер жылжыса, тереңіне түсіп кетпек екен. Ал тереңіне түйе бойламас.



Қашып үлгермедім. Қашып кетер едім, Жолдасбек қырсық ұстап қалды.

Қолымнан қарыстырып ұстаған қалпы, Айша Бердімбет сайындағы Жалбыз қайнарға алып келіп, Батырханды жалбыздың түбіне отырғыза салып, мені тұқшитып қойып, басымды суға ал кеп батырсын, ал кеп батырсын.

– Суда басың қалса, ал тұншық! Суға Батырхан батқанша, сен батып өл! Ал! Ал!

Сайдың арғы қабағынан Қамқа айқайлады.

– Айша! Ау, Айша! Қойсаңшы, байғұс-ай. Тиме деп ем ғой Барсханға. Ұрма деп ем ғой. Қоя ғой, жарқыным.

Айша Батырханды көтеріп үйге кетіп қалды.

Суға салып қойып сабағанда безірейіп жыламап едім, енді жартыкеш Айға қарап отырып аңырадым-ай кеп.

Айдан басқа мұң шағатын кімім бар?

Жаны ашитын Қамқа – мешел. Арашалап, Айшаға ұрсатын Мұртаза... о да жоқ. Айдың менсіз де қасіреті көп шығар. Мұңаяды. Тіл қатпайды.

БАҚА ЖҰТҚАН ЖЫЛАН

Дүниенің дидары сан қилы. Түгел біліп болған ешкім жоқ. Әлде сағым, әлде сынап. Аспараның мұздақ тауынан сырғанағандай, қайда барып құлайтының беймәлім. Мысалы, Мұртаза. Талас Алатауының баурайында дүниеге келіп, Қиыр Шығыстың ну орманының, бір түп қарағайының қасында сүйегі қалады деп кім ойлаған?

Дүние шіркін кілең арманнан жаралған сыман. Арманына түгел жеткен кім бар дейсің?

Құрт-құмырсқа, бақа-шаян – бәрі де өмір сүргісі, тірі болғысы келеді. А, бәлкім, осыларда да арман бар шығар. Біз не білеміз, құмырсқаны басып, шымшықты шырылдатып, ұясынан жұмыртқасын алып, яки балапан ұстап, обалға батамыз. Бәрі де бекер екен де.

Балалық шығар.



Таласбай бұлақтың суындағы көккасқа бақаларды садақпен атып, таспен ұрып, талайын өлтіріп ек. Әттесі-ай!

Мұны еске алғаным, сол бақаның аянышты халін өз көзіммен көріп шошыдым да, қайтып бақа баласына қиянат жасамауға ант етіп едім...

Сол баяғы Айша мені Жалбыз бұлаққа салып сабағаннан кейін, ертесіне тағы сол Батырханды бағып, үйде ары отырдым, бері отырдым.

Айша қызылшаға кетерінде қатты тапсырды: «Осыдан үйден шықсаң, мына баланы тастап кетіп қалсаң, кешегі-кешегі ме, көресіні көресің!» – деді де шалап құйған шишасын дорбаға салып алып, кете барды.

Ары отырдым, бері отырдым. Бала ыңырсып жылағандай болды. Далаға о да шыққысы келген шығар. Ақыры тәуекел деп, көтеріп алып, сыртқа шықтым-ау.

Таласбай бұлақ жақтан шуылдаған дауыс талып естіледі. Шыдамадым. Баланы арқама лақтыра салдым. О да әккі боп алған: құлап қалмайын деп мойнымнан боп-боз саусақты қолдарымен қысып ұстап алды. Бердімбет сайынан өттік, Салби сайынан өттік. Салбидың қабаған жаман иті шәуілдеп қалды. Ақыры Таласбай бұлаққа да жеттік.

Балалар: Өсер, Жолдасбек, Аманбай, Сұрапалды, Тілепалды. Сүлеймен... әуіт басында асыр салып ойнап жүр екен. Қайран заман-ай. Әлі соғыс жоқ кез ғой. Жандарына жақындап барып, Батырханды арқамнан түсіріп, жерге шоқитып отырғызып, өзім де жүрелеп отырмын. Аналарға қосылып ойнауға шама жоқ. Бала тағы да суға түсіп кете ме деп қорқамын.

Олар мен жаққа оқшиып-оқшиып қарап, неге келмейді дегендей состиысты да, қайтадан шолп-шолп еткізіп, көлге сүңгіп-сүңгіп кетті. Тағы да сол «демалмас» ойынын бастады.

Қарап отырмын. Жолдасбек арам қайта-қайта ұта береді. Сыртта Кеңес «бір, екі, үш...» – деп санап тұрады. Жолдасбек суға сүңгиді де, сәлден кейін қайқаң етіп қайта шығады. Мен болсам судың астында жата берер едім, мынау тез шығады. Бәрібір ұтады. «Ой, арам», – деймін. Қасыма Аманбай келді: «Жүр, сен болмасаң, анау бізді құртатын болды», – дейді. Сонша жұмсақ, қыздай сызылған бауырмал бала еді. Кейін Алматыда Ауылшаруашылық институтын Өсер екеуі бірге бітіріп, Ақтөбе облысына агроном болып барып, жазда найзағай түсіп өлді. (Жаны жаннатта болсын!) Қолахан деген әкесі Мұртазамен жасты еді. Біртоға кісі болатын. Мені көрсе, басымнан сипап қана қоятын. Тасбет, Жуанқұлдар сияқты боқтамайтын.



Аманбай: «жүр», – дейді. Мен иығымды қиқаң еткізіп үндемеймін. «Жүр, Барсхан», – дейді. Тұқшиып отыра беремін. Біледі. Кеше Айша келіп, мені ұрып-ұрып, алдына салып айдап кеткенін де біледі. Түсінгендей болады да, ойынға қайта барып қосылады. Суға сүңгиді, тез қайта шығады. Өкпесі шыдамайтын шығар. Мен болсам қоғадан ұстап алып, жата берер едім. Қоғадан ұстауды білмейтін болар, қайқаң етіп қайта шығады. Арық сіліңгір қара бала еді. Жолдасбек арам артынан шығады. Ұтады. Тапал, тығыншықтай. Аманбайға асылып мініп алады. Арық бала қайқаңдап көтере алмайды.

Көпірден ары көтеріп өтеді, бері көтеріп өтеді. Жолдасбек арам өкпесінен ары тепкілейді, бері тепкілейді: «Жүр есегім», – деп қорлайды.

Шыдамай, Батырханға: «Қозғалмай отыр!» – деп, мен барамын.

Жолдасбек арамға: «Жүр, ал кеттік, давай!» – деймін. «Давайды» Евгеньевкадағы орыстың балаларынан естігенмін. Үш-төртеуі, кілең секпіл бет, жирен шаш балалар бәрі жабылып мені ұрғанда, «давай, давай», – дейтін.

Кеңес танауы делдиіп, о да «давай», – дейді. Суға қойып кетеміз. Су астында қоғаның түбінен ұстап, тастай қатып, көзімді ашып жатып, Кеңестің «Бір, екі, үш... отыз, қырық, елу...» – дегенін күңгір-күңгір естіп жатамын. Балалар шу еткенін де естимін. Ол, Жолдасбек, шыдай алмай судан шығып кеткенін де сезем. Әдейі шатақ шығармасын деп шыдап жата беремін. «Жүз!» – дегенде, асықпай шығамын.

– Арам! – дейді Жолдасбек. – Сенің бір бәлең бар! – дейді. Мен:

– Әй, оңбаған, мен тағы бір жүзге дейін жата берер едім, Батырханға бола ерте шықтым, – деп, бала отырған жаққа қараймын. Бала шоқиып отыр. Бұрын балалар жаққа қарап қойып отыратын. Бұл жолы бедірейіп, бір түп жалбыздың түбіне қарап, қатыпты да қалыпты. Артынша шар етіп даусы шықты. «Не болды?» – деп жүгіріп бардым. Қарамайды. Шидей сұқ саусағын шошайтып, жалбыздың түбін көрсетеді. Қарадым да, тұла бойым дір етіп, Батырханды кері сүйрей шегініп кеттім.

Шұп-шұбар, қара ала жылан бүктеліп жатыр. Көзі өлегізіп, аузы арандай ашылып, мүлгіп жатыр. Аузында – көккасқа бақа...

Бақаның басы көрінеді, басқа жағы жыланның аузына кіріп кеткен. Жылан көзі әлде жұмулы, әлде ашық, ыңыранғандай, ирелеңдеп қояды. Бақаның көзі шарасынан шығып барады. Шиқ-шиқ еткендей, әлсіз дауыс шығады.

Ойынды қойып, балалар бәрі жиналып қалды. Бәрі үрпиісіп, бақа жұтқан жыланды көріп, шегіншектеп барады. Содан шошыды білем,



жылан жиырылып, жалбыздың арасына ирелеңдеп, шегіне берді. Бірден жұтуға шамасы жоқ. Бақа аузында.

Жанына жолауға ешкім батпайды.

Не күш, не құдірет екенін өзім де білмеймін. Жалаңаяқпын. Сол жалаң аяқпен басынан ала теуіп кеп қалдым. Бақа аузынан атып шықты. Жылан шиыршық атып, жиырылып, шапшып бір секірді де, ақырын жылжып, сусып барып, суға сүңгіп кетті. Көккасқа бақа сәлпәл қозғалғандай болды да, тырп етпей, жер бауырлап, қозғала алмай жатып қалды. Жылан сорып қойған екен. Бәрібір өліп қалды. Көз алдымда өлді. Бірінші рет өлікті көргенім сол. Өтірік. Оның алдында өзіміз садақпен, рогаткамен атып, таспен ұрып, талай өлтіргенбіз. Бірақ мына өліс мүлдем басқа еді.

Кейін, кейін күштінің әлсізді қалай қорлайтынын талай көрдім. Көрген сайын қарашұбар жылан менен көккасқа бақа көз алдыма келе қалады. Ұмыта алмаймын.

Дүние әлі солай. Өзгерген жоқ. Тек күс-күс жарылып кеткен, жарасына топырақ тығылып қалған өкшесімен әділетсіздікті теуіп кеп жіберетін адам табылмайды. Баяғыдай батырлық менде де жоқ.

НОХА

Мамыт атамның Орха, Ноха, Қорғанбай деген үш ұлы бар. Әсем, Гүлзейнеп, Седепкүл, Олжагүл деген төрт қызы бар. Бәрінің анасы – Арзыкүл апам.

Бұл үй – балалы үй, шынында да базар еді. Мамыт атам қатал, түкістеу көрінгенмен, бір ата Тоқсанбайдың бас көтерері, дәулетінен бөліп бермесе де медет тұтатын панамыз сияқты. Бірақ бөліп беретін дәулеті де шамалы.

Сонда да сол үйден шықпаймыз. Арзыкүл апамның кеңдігінен шығар, кет демейтін. Қыстың тұнжыр күндерінде, көбінесе сол үй бізге жылы ұя сияқты болатын. Бүкіл ауылда газет жаздырып алатын, бірен-саран қисса кітаптары бар тек осы үй еді. Газетін оқып түсінбесек те, үлкендер дауыстап оқыған қиссалар – біздің мектебіміз еді.

Әкем өзі қолымен соққан мектепке барғым келеді. Бұл, сірә, 1940



жыл болар. Алыста, беймәлім Сібірде Мұртаза қайтыс болды деп қара хабар келген жыл. Айша бетін айғыздап, қара жамылған жыл. Мен сегізге толар-толмас жыл.

Сірә, бірінші қыркүйек шығар, мектепке лек-легімен ағылған балалардың тобына қосылып, мен де бардым. Мұғалім мені қабылдамай, қайтарып жіберді. «Жасың толған жоқ», – деді ме, әйтеуір, кластан шығарып жіберді. Есімде, 1937 жылы Мұртазаны тұтқындарда осы мұғалім «понятой» болған. Кейін ойласам, мені «халық жауының» баласы деген екен ғой. Оны мен білмеймін. Жылап үйге қайтып келе жатыр едім, алдымнан Ноха көкем шыға келді.

– Кім тиді?

– Ешкім...

– Енді неге жылайсың?

– Ағай мектепке алмай қойды.

– Қай ағай?

– Анау, анау...

Мен атын атай алмадым. Булығып-булығып, сөйлей де алмадым.

– Жүр, – деді Ноха басымнан сипап.

Жолдағы сайдан өте бере, құм қайнарынан шымырлап шығып жатқан бастауға алып барып, өз қолымен беті-қолымды жақсылап жуды. Сірә, қожалақтау болсам керек. Өзінің қалтасынан беторамалын алып, бет-аузымды ысқылап сүртті. Өсіңкіреп кеткен шашымды сулап, өз тарағымен түзетіп қойды.

Қолымнан қысып ұстап, класқа алып кірді. Қарабұжырлау жуан мұғаліммен сөйлесіп жатыр. Не жөнінде екенін аса ұққан жоқпын. Біраз айтыстан кейін мұғалім мені аса жақтырмай:

– Анау артқы партаға барып отыр, – деді.

Не дәптерім, не қаламым жоқ, мен тұңғыш рет шәкірт ретінде партаға барып отырдым.

Сөйтсем, Ноха көкем комсомолдың бастығы екен. Мұғалім, сірә, директор да болар, Ноханың айтқанымен санаспай тұра алмайды екен.

Ертеңіне Ноха көкем маған Бурныйдан Әліппе кітап, бірнеше дәптер, қара қалам, түрлі түсті қарындаш әкеп берді.

Айша оларды салатын сөмкені матадан тігіп берді.

Сірә, 1941 жылдың күзі болар, Ноханы әскерге алды. Маңдайы жарқыраған, жүзі нұр шашқан, сұлу жігіт еді. Мамыт атам сақалы көз жасына боялып жылады. Ол кісінің жасығанын көргенім – сол.



Артынша Орханы да әкетті. Орха соның алдында ғана Фин соғысында болып қайтқан. Ал бұл жолы Мамыт атам өкіріп-өкіріп жылады.

Екі ұлының да енді қайтып оралмасын сезгендей, жер сабалап жылады.

Соңғы хат Нохадан Курляндия соғысынан келді.

Қайтып хабар болған жоқ.

Осы күні қолымда бел ортасынан жыртылған суреті бар. Солдат киімі. Сірә, адамның жайсаңы осындай-ақ болар.

Маған қарайды да тұрады. Тіл жоқ.

Мен алпыстан асып, егде тарттым.

Ол әлі жап-жас, уыз жас.

Үйленген де жоқ.

Ұрпағы да жоқ.

Тым болмаса, қағазда аты қалсын деп әңгімеме қостым.

Сонау бір туысқандық мейіріміне сәл де болса қайтарған, қолымнан келген жақсылығым – осы ғана.

Алла иманыңды салауат қылсын, көке...

ҚАМҚА


Сөйтіп, қара ешкі өрістен қайтпай қалды. Әлдекалай басқа біреудің қорасына кіріп кетті ме деп, Айша екеуміз әр сайдың жағасында үркердей-үркердей болып, шоқиып-шоқиып отырған ауылдың үйді-үйін түк қалдырмай аралап шықтық. Табылмады. Сай-сайдың бұлым-бұлымын тінтіп шықтық. Табылмады.

Жартыкеш Ай көрінді. Айша Айға мұңын шаққандай аспанға қарап тұрып:

– А, Құдай! Шиеттей үш жетімге шынымен рахымың түспеді ме? Не жазып еді олар саған?! – деп кемсеңдеді.

Ай тіл қатпады. Айдың ілмиген әлсіз сәулесінен Айшаның көзінен аққан жас жылт-жылт ете қалды.

Сонда барып қара ешкінің қайғысы ақырзамандай ауыр екенін сезіп, жүрегім суылдап қоя берді.



Он жасқа қараған кезім еді. Соғыстың екінші жылға аунаған шағы болатын.

Таңертең мал өріске шығарда, Айша мені ертіп алып, қара ешкіні іздеуге тағы бет алды. Әр үйден екі-үштен қой-ешкі селдіреп шықты. Көк есекке мінген, жалпақ мұрын Ералы шал оларды топтап, өріске бет алды.

– Қара ешкі қайда? – деп, Айша одан да сұраған. Қазір тағы да:

– Қайнаға-ау, қара ешкіні жер жұтып кетті ме? Қайда қалды? – деп сұрады.

– Апыр-ай, ә! Табылмады ма? – деп қара шал сасқалақтады.

– Енді қайттік?..

Сайдың арғы қабағындағы үйдің жанынан:

– Айша, ау, Айша! – деген әлсіз дауыс естілді.

Аласа тамның есігінің алдында, аласа орындықта Қамқа отыр екен. Аяғы көне шапанмен ораулы.

Қамқа – мешел. Мен ес білгелі мешел. Күннің көзі жылт етті болды, есіктің алдына шығып, мелшиеді де отырады. Онда да келіні Мүнира көтеріп әкеліп отырғызады. Қамқалардың үйі сайдың күншығыс жақ бетінде, біздің үй күнбатыс жақ бетінде.

– Айша, кешелі бері не іздеп жүрсің? – деді Қамқа семіп қалған қолымен кіртиген шүңірек көзін көлегейлеп.

– Е, әже-ай, Мұртазаның сүйегін іздеп жүр дейсіз бе? Қара ешкіні іздеп жүрмін, – деді Айша аһылап.

– Ой жазған-ай, тіліңнің ащысы-ай, – деп Қамқа кіртиді.

– Менің тілім ащы болмай, қайдан тұщы болсын. Әне-міне лақтайды деп отырған жалғыз ешкі жоғалды. Туса, балалардың таңдайы жіби ме деп жүруші едім... Бұлар ақ көрмегелі қашан?!

Қамқа:

– Oh, жалған-ай! – деп күрсінді. – Ақыр байдың баласы ашықты деген не сұмдық? Енең Күнікей бай қатын атанып, бір елді асырап еді. Жолан Жаныстың қызы еді. Бердімбет байдың жесірі еді. Сенің байың Мұртаза ақбоз ат мініп, қайда той, қайда көкпар – сонда жүрген сері еді. Енді солардың ұрпағы бір қасық ағарғанға зар дегенге кім сенеді...

– Әй, әже, әдірам қалған қайдағы байлықты айтпашы, сол. Мүнира кетіп қалды ма қызылшаға?

– Иә, жаңа ғана кетті ғой, мені отырғызып...

– Мен де кеттім. Әлгі Тасбет тағы да әке-шешемнен боқтап, әлегімді шығарар, – деді Айша.

Тасбеті – бригадир.



Мүнира – Қамқаның келіні. Баласы жоқ. Байы Мұсаны Мұртазалармен бірге ұстап әкеткен. Мешел кемпірді баласындай бағады. Түзге баладай көтеріп барып отырғызады. Өзі шомылдырады. Бірақ Құдай бала бермеген. Осындай әйелге бала бермегені не деген әділетсіздік? Баласы – сексеннен асқан сал кемпір. Күнде далаға көтеріп шығарып, есіктің алдына отырғызып, өзі колхоздың жұмысына кетеді. Таң азаннан қас қарая бір-ақ келеді. Қамқа бір орында тапжылмай отырады.

Қазір де отыр. Тау жаққа қарап отыр.

– Қара ешкіні кебенек алды. Енді іздейтін шама жоқ. Кеттім қызылшаға, – деді Айша. Мен Қамқаның қасында қалдым. Кетерінде Айша арқамнан нұқып қалып:

– Ана үйде қалған балаларға қара! – деді. Қамқа:

– Айша, Барсханды арқасынан ұрма! – деді.

Мені аяған кемпірдің қасына барып отырдым. Қурайдай жеп-жеңіл алақанымен басымнан сипалады. Басымнан ыстық күн өткендей шым-шым ете қалды.

Кемпір әлгі салмақсыз, жеп-жеңіл қолын басымнан алып, кіртиген көзін көлегейлеп, тау жаққа қарады. Мен де қарадым. Төскей қара шұбар. Дөңкиген түйетастар. Ойдым-ойдым изен, тобылғы. Ар жағы – аспанға шаншылған асқар таулар.

Әлден уақыттан соң Қамқа:

– Әй, Барсхан, – деді. – Қарашы, сенің көзің өткір ғой. Анау қара жолдың ар жағында, сонау қарайған тобылғының түбінде бірдеңе қимылдай ма, жоқ әлде маған қос көріне ме?.. Көзім жетпейді ғой менің.

Қараймын. Иә, әр жерде тобылғы қараяды. Бірақ қимылдаған ештеңе көрмеймін.

– Көрдің бе? – дейді Қамқа.

– Жоқ, – деймін.

– Анау Манас жаққа қара.

Манас шыңы мелшиіп тұр. Одан бері қарай алашұбар. Әр қарайған тобылғының түбіне көз тігемін. Қимылдаған еш нәрсе сезілмейді.

– Көрінбейді, әже.

– Көрінеді. Мен көріп отырмын. Құдай біледі, сол сенің қара ешкің. Лақтап қалған-ау деймін. Баршы, барып келші.

– Ой, әже, алыс қой. Ештеңе көрінбейді.

– Бар, бара ғой, нең кетеді.

Қара жолдың өзіне дейін бір-екі шақырым. Қарайған тобылғы шоқтары одан да алыс.

Лаж жоқ, Қамқаның айтқанына сенбесем де, сөзін жерге тастамай кете бардым. Не көп, топ-топ тобылғы көп. Жүріп келемін. Пыр-пыр етіп бозторғайлар ұшады. Дүр етіп бұлдырық үрке жөнеледі. Жалаң аяққа шошқатікен кіріп кетіп, удай ашытады. Қамқа мені алдағаны несі деймін. Мен көрмегенде, оның кәрі көзі нені көріп жарытады деймін.

Көңілім бұзылып, ауылға қайтпақшы да болдым. Оның үстіне Айша үйдегі балаларға қара деп кеткен. Үйде қарындасым мен інім бар. Естері кіріп қалған, әрине. Бірақ бас иесі – мен. Оның үстіне Тасбет бригадир кеше маған қырманға кел, тас бастырасың деп кеткен. Тас бастырғаны: қырлы-қырлы дәу таспен бидай бастырамыз. Жалғыз ат жеккен тасты бидай бауларының үстімен дүңк-дүңк айналдыра береміз... Кейде басым айналып, аттан құлап түсіп те қалатынмын.

Бармасаң тағы пәле.

– Ой, әкеңнің... – дейді Тасбет бригадир. – Халық жауының баласы, – дейді, – сен де жаусың, – дейді. Содан қорқып, ауылға қайтқым келеді. Кенет әлдене мекіренгендей болды. Дыбыс шыққан жаққа жалт қарасам, тарбиған дәу тобылғының түбінде қара ешкім тұр. Әуелі шайтан ба деп қорқып кеттім. Жоқ, өзіміздің қара ешкі. Мені көріп тағы да мекіреніп қойды. Жүгіріп барсам, кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді екі лағы бар екен. Екеуі де жағал екен. Қуанғаннан екеуін де құшақтап алып, ауылға қарай тұра жүгірдім. Лақтардың жібек жүні бетімді қытықтайды, екеуі де уыз сасиды.

Кешке Айша үрпиген үш балаға уыз пісіріп беріп отырып:

– Е, Жаратқан, мұныңа да тәуба-тәуба! – деді.

– Айша десе, – деймін мен, – Қамқа әжемнің көзі көрмейді ғой, қалай біліп қойды?

– Қамқа әжең әулие ғой, аруақтары көреді.

– Әулие болса, Мұсаны неге қайтарып алмайды?

– Сталиннің дию-перілері одан да күшті. Жібермей тұр ғой.

Терезеден Жартыкеш Ай сығалайды. Бізді көріп жаны жай тапқандай, бұлтқа кіріп кетеді.

Айша менің арқамнан сипалап:

– Сен өкпелеме, енді сені арқаңнан ұрмаймын, – дейді. – Қамқа әжең айтты ғой, арқаңнан ұрмаймын.



ҮШ ЕШКІНІҢ ҚАЙҒЫСЫ

О, сіздер біздің Жуалының боранын білмейсіздер ғой. Дүниені бір тарының қауызына сыйдырып жіберетін боран – сол. 1943 жылдың ақпанында сол сұрапыл қаһарланды. Әр сайдың басында бүрісіп-бүрісіп отырған үйлер бір-біріне бара алмай қалды. Шақпақ тауы неге долданды – бір Жаратушыдан басқа жан білмейді. Орха, Ноха деген екі арысын бірдей соғысқа жіберген Мамыт шалдың өзі бұл азапқа шыдай алмай:

– Мұндай сұмдықты көргенше, сол соғысқа мен де кеткенім дұрыс еді ғой! – депті дейді.

Қара нардай қайыспас қартыңның өзі солай деген соң, әлі әлжуаз, жап-жас үш балалы жесір Айшаның күні не болмақ? Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде демеуші ме еді.

Жазда жоғалып табылған қара ешкінің егіз жағал лақтары кәдімгідей шыбыш болды.

Айша:

– Құдай бұйыртса, келер жазда сүтке жаримыз, – деп қоюшы еді.

Енді сол ешкілер аш. Ала жаздай колхоздың жұмысында күндіз-түні жүрген Айшаның анда-санда түнделетіп, арқалап алып келіп, түкпір тамға жинаған шөбі ақыр-тақыр ада болды. Жем жоқ. Жем табылса, өзіміз жемекшіміз. Ұраға ұрлап тыққан екі-үш қап қант қызылшасы бар еді, оны өзіміз шоққа пісіріп, қорек қылып отырмыз.

Азынап бақырған ешкілердің азабына шыдай алмай Айша әлгі қызылшадан там-тұм талғажау етіп, турап береді.


Жұмырларына жұқ болмайды. Тағы да бақырады. О, аш ешкінің бақырғанын Құдай сізге естіртпей-ақ қойсын. Ал ешкі албастыдан айнымайды: сақалдары сапсиып, көздері шақшиып, адамның өзіне шапшиын деп тұрады. Еуропалықтар шайтан суретін ешкі бейнесінде салатыны тегін емес болуы керек.

Қатарынан алты күн соққан ақ боран жетінші түнге қарағанда тыншиын деді. Тіпті аспан тесіліп, сол аспаннан қораланып, ауру көздей кілмиіп, Ай көрінеді.

Сонда Айша төсекте жатқан маған:

– Тұр! – деді. – Киін! – деді.

Айшаның ашуын сіздер білмейсіздер. Арланынан айырылған қасқыр-құртқа да бір, Айша да бір.



Екеуміз екі қап, екі арқан алып, далаға шықтық. Жым-жырт. Тіпті иттер де үрмейді. Ақ кебін жамылған аш ауыл.

Қара жолдың үстінде, төскейде колхоздың жалғыз маясы бар. Жазда Молдарайым шал жоталап жинаған мая ғой. Бұл төңіректе Молдарайымнан асқан шебер маяшы жоқ. Тіпті бұзуға көзің қимайды.

Сәтін салса, қар қатқыл екен. Апта бойы соққан сұрапыл дауыл қарды нығыздап, таптап тастапты. Әйтсе де, анда-санда күртікке күмп беріп, омбылап қаламыз.

Бұл Айшаға ұнамайды.

– Із қалатын болды-ау, – деп қояды. Аңшы қуып, артында құралайы қалып қойған ақбөкендей бұрылып, маған қарап-қарап қояды.

– Менің ізіммен жүр, – дейді. – Қос із түспесін, – дейді.

Ал Айшаның адымы ұзын. Айша – бойшаң. Жас келін боп түскенде, зипа бойлы қыз екен. Әкеміз Мұртаза жарықтық, жаның жаннатта болғыр, тапалдау кісі еді. Құрдастары:

– Ана қатыныңды кәйтіп сабайсың-ей? Сені екі бүктеп, көтеріп алып кететін көрінеді ғой, – деп күледі екен. Иә, Айша қарулы. Өзі жесір әрі әлжуаз болса, қайтіп күн көреді бұл заманда?

Сондықтан Айшаның адымына менің адымым жетпейді. Аяғымды алшаң тастап, әрең ілесемін. Маяға жеткенше, қара сорпа болып терледім.

Мая кеміріліп, кеуектеніп қалған екен. Кеуегіне қар кептеліпті. Алдымен сол қарды қолымызбен әрең аршып, өліп-талып, таза шөпке де жеттік-ау. Шөпті қолмен суырып, қанар қапқа тыққыштап жатырмыз.

Жарықтық біздің Төскейдің шөбі-ай... Қозы қарынға құйып пісірген уыздай екен. Амал жоқ, мал емессің, әйтпесе асап-асап жегің келеді. Хош иіс бұрқ ете қалды. Қақаған қыс емес, жайраңдаған жаз оралды. Киікоты аралас бидайық пен майлы шытыр, көдесі мен қызыл изені, иіс майлы қылшасы мен жусаны, қызыл жоңышқасы, гүлқайыр мен көкемаралы сол қалпында тірі күніндегідей сиқырлы. Әттең, шама жетсе, маяны түгел көтеріп әкетсе...

Маяның осы қуысына жата қалып, тырп етпестен ұйықтасаң ғой, шіркін... Бірақ Айша айтты:

– Арқаңды әкел! – деді.

Екі қапты аяғымызбен тепкілеп, нығыздап толтырып, арқанмен шандып тастадық. Бір қапты Айша менің арқама салып, кеудемді арқанның ұшымен таңып тастады. Өз қабын бұйым ғұрлы көрмей, өз арқасына лақтыра салды.



Сөйтіп, келген ізбен кері қайттық. Алты күн соққан ақ боран аз болғандай, Айша:

– Борасындатып, ізімізді көміп кетсе жақсы болар еді, – деді.

Сөйтіп, аспанға қарады. Қораланған Ай мұңайып тұр екен. Аспанда Ай мұңайса, жерде жыбырлаған біз пақырға не шара? Бір Құдай өзі жар болсын. Тасбеттің қаһарынан сақтасын.

Тасбет біліп қойса, Айшаны, бәлкім, мені де соттап жібереді. Онсыз да «халық жауы» деген қара таңбамыз бар.

Өткен жазда Сартай дейтін өлесі шал сотталып кетті. Өзі Бауыржанның (Момышұлының) жақын туысы еді.

Бар жазығы – жалғыз есегін жаздай Тасбет алып қойып, элеваторға бидай тасытқан ғой. Сартай:

– Не менің есегім құрымады, не осы өкімет құрымады, – деген ғой. Күйінген де. Тасбет милицияға айтып, айдатты да жіберді. Содан бері ұшты-күйді жоқ.

Дәл қазір өз басымда үрей жоқ, жадыраған жаздың бір қап нұрын арқалап келе жатқан адам уайымсыз болады екен. Ал Айша қорқады. Қайта-қайта Айға қарайды.

АЙ ШУАҚ ТҮНДЕР

Ақпанның ақ бура бораны болдырып, жынынан айырылған бақсыдай басылған соң, аспан ашылып, пердесіз терезеден Ай сәулесі себезгілеп тұратын болды. Екі қап шөп келгелі, ешкілер бақырып жылағанын қойды. Ұйқымыз тыншиын деді. Бәрібір түн ұзақ.

Сонда үш жетімін ұйықтату үшін, Айша неше алуан ертегі, қиссаларды айтады. Біз үшін бұл бір қадір түндері – Алланың ақ нұры жауған түндер. Анда-санда Айша осылай өзгереді. Ұзақ түнде бізге әр түрлі әңгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалатын сияқты.

Біздің үлкен апамыздың, яғни Мұртазаның әпкесі Нұралы деген Көксайдың қырғызына ұзатылғанын (оны өзі де соқыр енесінен естіген. Әкеміз Мұртазаның анасы Күнікейдің күндесі кейін соқыр болып қалған екен) жыр қылып айтқанда, біз демімізді ішімізден алып



тыңдар едік. Бай қырғыздар екен. Манас шыңына таман жетіп, жайлауға шығады екен. Майдантал дей ме. Өгізқорған дей ме... Ол жайлауды өзі көрмесе де, Айша жұмақ төріндей қылып айтады. Жайлауға қырғыздар атпен, түйемен, өгізбен, қодаспен көшеді екен. Үсті – шың, асты – құз, жалғыз аяқ бұралаң жол болады екен. Сонда қырғыздар:

– О, қоқи, қассақ келіннің көзін байлағалы, басы айналып, құзға құлап кетет, – деп, үлкен апамыздың көзін орамалмен таңып тастайды екен.

Не керек, неше түрлі қызықтарды айтып-айтып келіп, ақыры:

– Сол қырғыздар әкелерің барда жиі-жиі келіп тұрушы еді, қатынағанды қойды, – деп күрсінді Айша. – Әбдібек, Сусар деген жиендеріміз болушы еді. Әбдібек әскерге кеткен көрінеді. Сәнәмбүбі деген келіншегі болатын. Қырғыз-Ата жарықтық, (Нұралы жездеміз) қартайып қалды ғой. Жүріп тұруы қиындаған шығар, – деп қойды.

– Ұйқыларың келген жоқ па-ей? – дейді Айша.

– Жоқ, жоқ, айтшы, апа, тағы да, – деп өтінеді қарындасым Құрмаш. Інім Батырхан үндемейді, ұйықтап қалса керек.

Сонда Айша өзінің балалық бал дәуреніне сапар шегеді. Көз алдына Қаратаудың астында жатқан Бурылтау келеді. Бурылтаудың баурайын мекендеген Есей байдың ауылын көреді. Тұлымшағы селтиген бүлдіршін қыз өз құрбыларымен бірге тастан-тасқа секіріп, кекіліктің жұмыртқасын іздеп жүреді. Қызығына түсіп кеткені сонша, тым биікке шығып алып, қыздар енді төмен түсе алмай жылайды екен. Биікке бәрінен де бұрын шыққыш Айша көрінеді. Қия тастан түсе алмай жылаған қыздарды төмендегі ауылдағылар көріп, әрең түсіріп алады екен.

– Есей әкеміз, жарықтық, алты ағайынды болыпты, – дейді Айша.– Матай, Сасай, Есей, Нұрабай, Қаракұл... а, Құдай, біреуі есімнен шығып қалыпты. А, Татай! Не Матайы, не Сасайы Меккеге барып, содан қайтпай қалған, пейіштің төрінде деседі.

Әкеміз Есейдің үш әйелі болыпты. Біріншісі – осы біздің ауылдағы Дошанай атаның әпкесі Теңгекыз деген кісі еді, жарықтық. Одан Сүттібек, Ауагүл деген балалары болады. Сүттібектен Төлен нағашыларың. Ол қазір соғыста, е, Жаратқан, жар бола гөр жалғызға...

Екінші әйелі – менің шешем Құлыхан, Бектөбе деген жердегі Сіргелілердің ішіне сіңбе Алшынның қызы. Құлыханның шешесі Тұрған ханым деген кісі, иә, аруағыңнан айналайын, ірі көріпкел, тәуіп кісі екен.



Есейдің Құлыханнан үш баласы бармыз: мен – Айша, Рахман, Зиба.

Шешем Құлыханның бауырлары әлі сол Бектөбеде тұрады. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай... Е, оларды да көрмегелі көп заман болды. Мұртаза барда бәрі де келіп-кетіп жүруші еді. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» дегендей болып кетті ғой. Мұртаза «халық жауы» дегеннен бәрі қорқатын шығар.

– Сонда Мұртаза халықтың бәріне қарсы шыққан ба? – деймін мен шыдай алмай.

– Қайдағы қарсы шыққан, ойбай! Байдың баласы дейді, Тротске дейді, Рысқұлшина дейді – жабам десе, жаласы көп.

– Тротске, Рысқұлша деген не?

– Е, мен қайдан білейін, Сталинге қарсы дей ме... – Кенет Айша даусы өзгеріп:

– Тыныш жат, аузыңнан шығарушы болма мұндай сөзді! – деп жекіп тастады.

– Қойшы оны, онан да баяғы қыз күніңді айтшы, – деп әңгімені жөнге салады қарындасым.

Айша әлгі ашуын ұмытып, күліп алып, қызын басынан сипалап жатып, қайтадан бал дәурен ауылына аттанады.

– Сүттібек көкемнің үйіндегі жеңешем Анаргүл қызық кісі еді, жаның жаннатта болғыр. Өзін он төрт, он бес жасында алып келген екен. Сірә, сонда менен сәл-ақ үлкен. Бала ғой әлі. Бізбен бірге ойнап кетеді. Тауға шығып сағыз тереміз. Тауға шықсақ, ылди жақ алақандағыдай ап-анық көрінеді. Сонда әлгі жеңешем түйетастың үстіне шоқиып алып, ылди жаққа қарап жылап отырады:

– Тастөбе-Көлқайнар-ау... – деп алысқа қарап аңырайды. Сөйтсек, Тастөбе-Көлқайнар – өзінің туған ауылы екен. Жанбай-Жаныстың елі екен. Сөйтсек, Құдай-ай, жап-жақын жер екен! – Айша күледі. Айша күлсе, біз де жадыраймыз.

– Жеңеше, неге жылайсың деймін? – дейді Айша.

– Ауылымды сағындым... Ауылыңның қадірін ұзатылғанда білесің, – дейді жеңешем. Сол айтқандай-ақ, – деп күрсінді Айша, – көп ұзамай-ақ мен де ұзатылып, Бурылдың тауын сағынып жүрдім ғой, ah! Бұйрық екен, осы Мұртаза айттырып келген жоқ па...

– Қызық болды өзі, – деді күліп Айша. – Құдая тоба, мұндай да болады екен-ау. Мұртазаның бір қарындасын Сүттібек ағам алған. Ол бейшара қайтыс болып кеткеннен кейін ғой, әлгі «Тастөбе-Көлқайнар-ауды» алып жүргені. Енді Сүттібектің қарындасын Мұртаза алмақшы.



Сонда айырбас па – немене өзі? – Айша ернін сылп еткізіп қойды.– Содан, тағдыр екен, он алты жасымда осы елге келін боп келдім ғой. Мұртаза менен бұрын екі рет үйленген екен. Біріншісі – мына Жаңабайдағы баяғы Байзақ датқаның тұқымы, Қабылбек болыстың қарындасы. Ерте қайтыс болған, марқұм. Тағы да сол ауылдан бір қыз алған екен. Оны бала таппадың деп қоя берген бе, әйтеуір, бір бәлесі бар...

Бурылтаудың Қыршындысынан таңертең аттандық. Бүкіл Байтана шығарып салған. Жар-жар. Астымда ер-тоқым, құйысқанына дейін күмістен, зермен жабулап тастаған ақбоз ат. Жолда Күйіктің асуы деген болады екен. Сонда бір аялдап, тағы жүріп келеміз. Қалжыңбас күйеу жолдастар. Осы Жолдасбектің әкесі Сапа деген кісі, жатқан жерің жаннат болғыр. Мұртаза екеуі ажырамас дос еді. Екеуі де боз киініп, боз ат мініп жүретін. Сол бар, тағы көп кісі. Күн бесінде Теріс өзенінен өттік. Сөйтсек, алдымыздан қаптап қарсы алған ел... ең алдымен мені құшақтап сүйіп, сүйемелдеп жүрген – Баян жеңешем. Күн бата осы Мыңбұлаққа да келіп жеттік қой... Ай, заман-ай, ай, арман-ай!..

Айша үндемей қалды. Жөтелгісі келгендей түйіліп-түйіліп, денесі селк-селк етіп, бір уақытта дауыстап жылап жіберді.

Үрпиісіп қалдық.

– Қой, апа, қой, жылама, – деп, Құрмаш қайта естиярлық танытты.

Ай сәулесі көрінбей кетті. Үй төбесіндегі қамыс ызыңдады. Тағы да жел көтерілсе керек. Тағы да боран болатын шығар. Бораны таусылмайтын неғылған жер. Әлде Айшаны қамыстың ызыңымен жұбатқысы келген періштелер, әлде аруақтар...

Айша біздің көрпемізді қымтап, басымыздан сипап:

– Болды. Ұйықтаңдар, – деді.

НАУРЫЗКӨК

Ертеңіне ағыл-тегіл боп қар еріді. Түнде үй төбесіндегі боғаттың қамысын ызыңдатқан Алтынкүрек желі екен. Желдің аты – Алтынкүрек. Адамдарды қан қақсатқан, ызғарлы суықпен сүйегін сырқыратқан дүлей дию сияқты сиықсыз қысты бір түнде жайратып салатын Алтынкүрек. Қарды ғана ысырмай, адамдардың еңсесін езген



қайғы-мұңды да аршығысы кеп, уайымыңды жеңілдететін Алтынкүрек.

Осы бір жылы жел періштелердің қанат қағысынан есетін сияқты. Қара ниет диюлардың улы тырнағынан адам бейшараны арашалайтын ізгілік күш қой. Айша айтады, диюлар мен періштелер ылғи соғысады деп. Әйтпесе, мен қайдан білейін. Диюын да, періштесін де көрген емеспін. Көзге көрінбей соғысатын ол қандай күштер?..

Айтпақшы, сол күні Наурызкөк келді. Айша айтты:

– Аман келдің бе, әулием? Ұяң бұзылмасын, балапандарың қанаттансын! – деді.

Кәдімгі шымшықтың үлкендігіндей ғана құсқа да өстіп табынады екен-ау. Елден қысы-жазы кетпейтін кәдімгі бұзық, тірмізік шымшықтан басқа. Наурызкөк – моп-момақан. Екі көзі моншақтай қап-қара, көгілдір аспан түстес, сүп-сүйкімді Періште. А, бәлкім, Періште екені рас та шығар. Күшті болу үшін дәу болу, қаһарлы болу шарт емес те шығар. Айталық, Черчилльдің қасында Махатма Ганди кіп-кішкентай ғой. Черчилль сияқты әскери мундир де кимейді. Сигар да тартпайды. Коньяк та ішпейді. Пистолет те асынбайды. Тіпті тыр жалаңаш десе де болады. Беліне байлаған лыпадан басқа тұлдыры жоқ. Қару-жарағы жоқ. Біреуге ищай деп жаман сөз айтпайды. Қабақ шытып, қатуланбайды да. Ал сөйте тұра, бір оқ шығармастан Черчилльдерді жеңді ғой.


Наурызкөк – жақсылықтың нышаны екен.

Сол түні Айша кешегі әңгімені жалғастырды. Оған себепші болған тағы да Құрмаш еді. Аз ғана тақыл-тұқыл тамағымызды ішіп, шырағданды сөндіріп, ұйқыға жатамыз. Ерте жатқаннан соң ба, ұйқы келмей қояды. Ерте жатпайын десең, жермай жоқ. Жер-майды үнемдеу керек. Жермайсыз шырағдан жанбайды. Біреулер тоңмайға білте салып жағып жүр. Оған тоңмай қайда? Тоңмай табылса, қара көже ішіп неміз бар? Қатпаймыз ба сол көжеге.

Әне, елдің қыста ерте жататыны сондықтан.

– Апа, сенің бізден басқа да балаларың болыпты ғой, – дейді Құрмаш.

– Әй, сен бәле қыз да қай-қайдағыны еске саласың, – деп, Айша әуелі әңгімені ықылассыз бастайды. – Болған. Бір емес, үшеуін бірдей Құдай өзі берді, өзі алды. Тұңғышымыз ұл болды. Мұртаза рахметі, жаның жаннатта болғыр, тұңғышымыздың атын Құттыбай деп қойды. Құт әкелсін дегені де. Соқыр әжем, жарықтық, өз бауырына салып, әлпештеп-ақ өсірді. Бір жасқа толар-толмаста шешектен кетті. Екіншісінің атын Мұртаза Елтай деп қойды. Ел басқарған сондай кісі



болыпты ғой. Соның атын қойды. О да шешектен шетінеді.

Үшіншіміз қыз бала еді. Атын Сәткүл қойдық. Құдай сәтін салсын деп. Мұртазадан айнымаған аппақ, аршыған жұмыртқадай сұлу еді. Бейшараға көз өтті ме, ол да өліп қалды.

Бірінен соң бірі үшеуі бірдей шетінеген соң, Мұртазаның шашы ағарып кетті. Сөйтіп жүргенде колхоз деген келді. Малдың бәрін сыпырып алды. Ел ыңырсып ашықты. Адамдар аштан қырыла бастады. Сондай бір сұрапылда осы мына жатқан Барсхан келді ғой. Қырғи келген қыркүйектің аяқ мезгілі еді, Мұртаза айтатын 28-ші сінтәбір деп. Молда кісі еді ғой, кітапты көп оқитын.

Қу шешекпен бұ да ауырды. Жаман ауырып, енді өлді деп күдер үзіп қойғанбыз. Мұртаза жүнжіп, жүдеп кетті. Ашаршылық бір жағынан, қу шешек бір жағынан, адам өлімі деген – бір лақтың өліміндей ғана бірдеңе. Құдай өмірлі қылсын, сол сұрапылдан аман қалды ғой бұл Барсхан, бұзық болғаны содан шығар. Тумай жатып азап көрген адам қайдан момын болсын. Ал сен, Құрмаш, Батырхан екеуің шешектен аман өстіңдер.

Құдайдың мұнысына да тәуба, шүкір. Сонда деймін-ау, сол Құттыбай, Елтай, Сәткүл тірі болғанда, қазіргі халіміз бұдан тәуір болар ма еді... Қанша дегенмен, тірек қой. Жарық сәулені көрер-көрместен көздері жұмылды. А, Құдай, жандарын жаннатта қыла гөр! Мұртазамен табыстыра гөр. Онда Мұртазаның екі ұл, бір қызы бар, мұнда менің екі ұл, бір қызым бар. Теңдей бөліп беріпті ғой шебер Құдай. Кім біледі, олар бізден гөрі бақыттырақ шығар. Мұндай сұм заман, құраған қу заман о дүниеде жоқ шығар...

Айша:

– Ал ұйықтаңдар, – деп үнсіз үзіліп тынады.

Терезеден Ай сығалайды. Бұл кезде Айдан басқа «халің қалай?» дейтұғын бір жан жоқ.

ЭЛЬЗА – КІШКЕНТАЙ ПЕРІШТЕ

«Адамның басы – Алланың добы» деген, қалай қарай тепсе, солай қарай домалайтын көрінеді.



1941 жылдың жазынан бастап, дүние астан-кестен болғандай, адамдар Батысқа ағылып жатты. Олар – әскерлер еді. Батыстан Шығысқа қарай да жүйткіген пойыздар көп. Біздің Мыңбұлақтан ылдида, Теріс өзенінің бойындағы теміржол алақандағыдай анық көрінеді. Байқаймыз, пойыздар жиіледі.

Солардың бірі Боранды бекетіне тоқтап, «жер ауғандарды» түсіріп тастапты. Оны үлкендерден естідік. «Кімдер екен, кімдер екен?» – деп, ауыл қазағы сұрамай тұра ма? «Немістер екен», – десті біреулер. «Немісі несі? Соғыс бізге де жетіп қалды ма?» – деп шошынды қарапайым ел.

Оның жауабын көп кешікпей өз құлағымызбен естіп, өз көзімізбен көрдік.

Біздің ауылға сатылы арба, жәшік арбамен тізіліп көш келді.

Бәрімізді мектепке жинады.

Жиналысты ауданнан келген қайыс пальтолы уәкіл ашты. Төрде колхоз бастық, сельсовет, тағы бір ұзын бойлы кісі отырды, түрі орыс сияқты.

Уәкіл айтты:

– Жолдас колхозшылар! Бүгін ауылдарыңызға жиырма үй немісті көшіріп әкелдік, – деді.

– Немісі несі? – деп, Сапарбай ата шошынып қалды.

– Неміспен соғысып жатқан жоқпыз ба? – деп, бір бүйірден Әлікүл ата тіл қатты. Уәкіл:

– Шуламаңыздар! Жолдас колхозшылар! Бұлар – басқа немістер. Жо-жоқ, фашистер емес. Өзіміздің Волга бойынан көшкендер.

– Немене, Еділді шапты ма?

– Онда фәшістер Қазақстанға жетіп қалғаны ма?


Сұрақ көбейді. Уәкіл қысылды. Қайыс пальтоның қалтасынан беторамалын алып, маңдайын сүртіледі.

– Жоқ, – деді уәкіл, – фашистер Волга бойына жете алмайды, жетпей желкесі қиылады.

– Онда Еділдегі немістерді неге жер аударады?

Уәкілдің қиналған жері осы болды. Немістерді Сталиннің бұйрығымен көшіріп жатыр деп айта алмайды. Айтса, басы кетеді. Енді уәкіл өктемдікке басты:

– Жолдас колхозшылар! Үкімет пен партияның ісіне шүбә келтірмеңіздер. Немене, үкімет пен партияның саясатына қарсы шығасыңдар ма?!



Жұрт жым болды. Уәкіл де сабасына түсіп:

– Сөз көшіп келген неміс ағайындардың атынан Отто Бауэрге беріледі, – деді.

Қайрабай шал жанындағы біреуге:

– Отта, бауыр, дей ме? – деп сыбырлады.

Неміс орысша сөйлесе де, біз түк түсінген жоқпыз.

Уәкіл түсіндірді.

– Отто Бауэр жолдас айтады: осындай қиын шақта орталарыңыздан орын беріп, немістерді қабыл алғандарыңызға рақмет айтады. Немістер іскер, жұмыс десе жұлқынып тұрған халық дейді. Колхозға көп көмегі болады, қандай жұмыс болса да қашпайды дейді.

Отто Бауэр – бетінде қорасан дағы бар, ұзын бойлы, еңгезердей кісі екен, уәкілдің қазақша аудармасын түсінбесе де басын шұлғып тұрды. Күлімсіреп қояды. Уәкілдің тілмаштығын күшейткісі келгендей:

– Арбайт, арбайт, работа, работа, – деп қойды.

Сонымен жиналыс тарқады. Тарқар алдында кімнің үйіне кім кіреді, соның тізімі оқылды. Оны Жуанқұл бастық жариялады. Тізімді оқып тұрып, бір жерінде:

– Бердімбетова Айшаға – Вольф Анна, екі қызы бар – Эмма, Эльза, – деді.

Сөйтіп, Эммасы мен Эльзасын алып, Анна біздің үйге келді. Эммасы менен үлкендеу, Эльзасы әлі аяғы шықпаған нәресте екен. Оны Анна көтеріп келді. Бір қолында қызы, бір қолында қарала орамалға буған түйіншегі бар. Эммасының қолында да бір түйіншек бар. Бар байлығы – сол.

Кейін-кейін Анна айтады ғой: тәп-тәуір дәулетіміз, сиырларымыз, шошқаларымыз, үйрек-қаз, тауықтарымыз бар еді деп. Бәрі қалған. Бір түннің ішінде әскер келіп, апай-топай пойызға, қызыл вагонға салған. Енді жеткен жері осы – біздің Мыңбұлақ. Оның ішінде біздің қоржын үй.

Қоржын үйдің бір жағында – өзіміз, екінші басында шөп, тезек, жалғыз сиыр, бір-екі ешкі. Ортадағы ауыз үйде де отын, тағы басқа кәкір-шүкір орналасқан.

Айша айтты:

– Бір бөлмеде бірге тұрамын десең, міне, ана бөлменің бір қуысын жөндеп аламын десең, оны өзің білесің, – деді Аннаға.

Оның тілін түсініп жатқан Анна жоқ. Бірақ мылқау жандарша ыммен-ақ түсініскен сияқты. Анна:

– Гут, гут, – деді.



Сөйтіп, менің немісше бірінші үйренген сөзім – «гут».

Анна сарғыш қолаң шашты, ажарлы әйел еді, үлкен қызы да өзіне тартқан, жасына қарамай аяқ-қолы балғадай, денесі ірі екен. Ал кіші қызы өте шінжәу, ілмиіп қана қалған, шала-жансар. Бұрыннан солай ма, әлде пойыздағы ұзақ жолды көтере алмай ауырып қалған ба, о жағын біле бермеймін. Жылауық та емес, бірақ ыңырсиды, езу тартып күлгенді білмейді. Әлі ес білмеген сәби болса да, жасыл-сарғыштау көзінде қаптаған қасірет, бозғылт аспандай терең мұң жатыр.

Соғыстың бірінші жылы ғой. Дастарқанымыз әлі қурамаған кез. Қонақтарымызға дәм бердік. Содан соң Анна ай-шайға қарамай іске кірісті. Мал тұратын бөлменің бір бүйірін тазалап, араға ағаштан, Айшаның баулап-баулап қойған жусан отынынан қоршау салып алды. Тауықтың күркесіндей бөлек бір бөлме болып шыға келді. Бөлме ішіндегі бөлме.

Аннаның байын әскерге алған екен. Кейін ойлаймын ғой. Әскерге алса... соғыста. Немістерге, фашист немістерге қарсы соғысады. Неміс бола тұрса да. Демек оған сенгені. Сенсе, неге үйін жер аударып жібереді?

Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп. Дүние о басында түп-түзу, дұрыс жаратылса керек. Бірақ кейін-кейін күштілер шыққан, әлсіздер шыққан. Әділетсіздік содан туған. Шын әділет – тепе-теңдік. Адамдардың бәрі тең болуы керек. Ал адамдарда ондай теңдік бар ма? Біреу семіз, біреу арық. Әлемнің терезесі тең емес. Біреудікі биік, біреудікі аласа, ал біреудің терезесі шынысыз, қозы қарын ғана қампаяды. Ендеше, шын әділет еш уақытта, еш заманда да болмақ емес. Қазіргі әділет, әділет деп жүргеніміз – соның жұрнағы ғана.

Сол жұқаның да жұлыны жұлынған.

Әділеттіктен аттап өтетін, беттің арынан таспа тіліп, түйіндеп тастайтын саясат дейтін сайқал бар. Саясат – көбінесе тақ үшін талас. Тақ дегеніміз – күш. Күшті болу үшін таққа таласқандар туған әке-шеше, құрсақтас бауырын да аямайтынын тарих талмай көрсетті, көрсетіп те жатыр, көрсете де береді.

Таққа таластың ар жағында аран жатыр. Аран ашылады. Қазақтың: «кедей бай болсам дейді, бай Құдай болсам дейді» дегені содан қалған. Араны ашылған патша әлемді алсам дейді. Әлемді Құдайдан басқа ешкім ала алмайды. Содан барып соғыс шығады. Ал соғыс дегеніңіз қып-қызыл қан, қаптаған түпсіз-түмен қасірет. Патшалар жауласады, халық қырылады.



Сол қасіреттің бір түйірі мына біздің үйдің бір түкпіріне келіп қонақтады.

Аз күнде-ақ Анна дегеніңіз Айшамен бұрынғыдай ыммен емес, қазақша сөйлейтін болып алды. Эммасы да алғыр екен, біз де онымен түсінісіп кеттік. Жалғыз тіл қатпайтын – Эльза. Оның тілі – тілсіз ыңырсу. Сүт те бердік, қаймақ та бердік, барымызды аузына тостық, бірақ...

Бір күні таңертең біздің бөлмеге Анна келіп, Айшадан:

– Бұл ауылдың зираты қайда? – деп сұрады.

– Зираты несі? – деп шошып кеткен Айша.

– Эльза... – деп, Анна бетін басты.

Үрпиісіп, орнымыздан өре түрегелдік.

Айналасы қоршалмаған жадау ғана жетім зират Бердімбет сайының бас жағында, қара жолдың үстінде.

Анада жиналыста сөйлеген Бауэр келді, бір-екі неміс келді. Өздерінше бірдеңе-бірдеңе сөйлесті. Біз түсінбейміз. Түсінгенім: «мусульман, мусульман» дегендері ғана.

Не керек, Эльзаны зираттың дәл өзіне емес, одан төменірек, Бердімбет сайының қабағынан ошақтай ғана жер қазып, соған көме салды. Қызыл құмырсқаның илеуіндей ғана төбешік ақ қардың ортасында қарауытып қалды. Аппақ дүниенің бетіне біткен бір түйір тарыдай ғана мең.

Ал жалпы, «аппақ дүние» деген осы бір өгей бала сияқты оқшау ауылға болмаса, жалпы әлемге жараспайды. Жалпы дүниенің беті дәп-дәле. Айғыз-айғыз қан.

Бауэр, тағы басқа ер-азамат немістер бір күнде көрінбей кетті.

– Қайда кетті? – десек,

– Трудармияға алып кетті, – деді.

Қайтіп оларды көрген жоқпыз.

Ал қалған немістер күн жылына бере өздеріне жертөледен болса да баспана соғып, қазақтардың «қоржын» тамдарынан бөлініп шықты.

Көп жыл өткеннен кейін, ұдайы сыртта жүріп, елге барсам, «неміс көше» деген пайда болыпты. Үйлері әдемі, сүйкімді. Бау-бақшасы бар. Шетінен ауқатты. Анна қартайыпты. Эмма сондағы бір тызылдап тұрған пысық неміске тұрмысқа шығыпты. Өзі магазин ұстайды екен, қисық көз күйеуі – қамбашы екен. Билеп тұр. Үйіне шақырып, шай берді. Эмманың бір бөтелке арағын іштік.

– Гут, гут, зер, гут, – дедім.



Ешкімге қиянаты жоқ, өтірік-өсекке, мақтанға, кеудемсоққа бармайтын, зорлық-зомбылықты сүймейтін, тек өзінің адалдығына, тек өзінің маңдай тері мен табан ақысына сүйенетін мейірімді жандар.

Ал енді осылардың әлдеқайда алыстағы қандастары қалайша дүниені шат-шәлекей қылғаны мүлде түсініксіз.

МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Жаратқан Құдірет, Жасаған Ием о басында Адам Ата мен Хауа Ананы дүниеге келтірген де, бұл ұлы ата-анамыздың тал бойында бір мін болмаған. Артығы да жоқ, кемі де жоқ. Адам баласы шексіз шебер Құдіреттің күшімен, шексіз даналығымен жаратылған. Адамның мүсінінен қандай мін табасыз? Құлағы артық па? Қолы, аяғы артық па? Бәрі-бәрі орын-орнында тұр.


Адамның жаратылысы дүние-әлемнің жаратылысындай мүлтіксіз қиюласқан. Қазір инженер деп жүргендеріміз машина жасайды, сағат жасайды. Қырып-жою құралдарын жасауда мол табысқа жетті. Ал бірақ Адамды жасау үлгісі бар болса да, адамды жасай алмайды. Роботтың жаны жоқ, сезімі жоқ. Қуана білмейді, қайғыра білмейді, армандай алмайды.

Ендеше, Құдайдан құдіретті ешкім де, еш нәрсе де жоқ. Ал енді, келе-келе, адамдар адамның жаратылысынан, мүсінінен кемшілік тауыпты. Адамзаттың бәрі емес, едәуір бөлігі.

Сөйтсе, олардың ойынша, еркек адамның мүшелерінде, дәлдеп айтқанда, бір ғана мүшесінде, тағы да дәлірек айтқанда, еркектік белгісінде құйтақандай кінарат бар екен. Еркектік белгі бүрік екен. Бүрік етіп тұрған – тырнақтай ғана тері екен.

Сол тырнақтай теріні өткір ұстарамен шертіп жіберіп, кесіп тастаса, сауап болады екен. Әйтпесе, үлкен күнә! Ол күнәнің жазасын әсіресе о дүниеге барғанда қатты тартатын көрінесің. О дүниеде мәңгі-бақи тозақта ойбайлағанша, осы дүниеде-ақ тыз етпе бір ауырғанға шыдасаң – мойныңдағы зіл батпан қарыздан құтылғаның.

Айша осыны қатты уайымдайды екен. Қиын болғанда, Мыңбұлақта бала «піштіретін» маман жоқ. Бұрын заман тыныштау, Түркістан жақтан



жылда бір келіп, «піштіру» науқанын жүргізіп, мал жинап қайтатын Қара қожа да келмей қойды.

Мұртазасы болса, Айшаға уайым түспес еді. Баласын сүндеттету – әкенің парызы. Бірақ Мұртазаның міндетін Айша өз мойнына жүктеп алған. Тағдыр солай ұйғарды. Көнбеске амал жоқ.

Бердімбет сайының сәні кетіп, гүлдер солып, көбелек қуған қарлығаш ұшпай, оның орнына шұбатылып мизам ұшқан шақ. Сірә, қырық екіншінің қоңыр күзі.

Қырсық қара биеден қалған бурыл тайдың үстінде бір жамбастап, сайдың ажырық отына жайылып жүрген жылқыға қарап, сүлесоқ отырғанымда, ойда жоқта алқын-жұлқын Айша жетіп келді.

– Әй, Барсхан, әйда, жүр үйге, – деді.

– Не болып қалды?

– Кейін айтам, жүр, жүр.

– Жылқыны қайтем?

– Тасбет бригәт қазір басқа адам жібереді.

Айшаның айтқанын істемей көр. О, оны сіздер білмейсіздер. Ол бурыл тайдың үстінде жарбиып отырған мен тұрмақ, зіңгіттей Тасбет маңқаның өзін аттың үстінен түсірген. Тасбеттің өзінен де бар. Дереу тілдейді. Атаңа нәлет дейді. Құлақтың қатыны дейді. Халық жауының қатыны дейді. Айша бір шыдайды, екі шыдайды, тіптен болмаған соң, Қызыл қырманның басында, шаршы топтың көзінше Тасбетті аттың үстінен тулақтай жұлып түсірген ғой. Тасбет сотқа бермекші болыпты. Ел жиылып, қой-қойлап әрең басыпты.

Үйге келген соң Айша дәу қара қазанға су жылытып, мені әбден шомылдырды. Қара сабынды аяған жоқ. Бөз де болса, таза көйлек кигізді. Әлі күн жылы еді, сонда да құрақ сары күпәйкемді, ақ қоян құлақшынымды кигізді.

Не екенін түсінбеймін, қарындасым мен інім де аң-таң. Сірә, мені тойға барады десе керек, біз де барайықшы деп қыңқылдасты.

Айша оларға «тәйт» деп тастады.

Әлдеқалай қашып кетпесін дегендей, қолымнан қысып ұстап алып, дедектетіп, талай сайлардан өтіп, басқарманың үйіне жетті.

Жуанқұл бастықты күнде қарғап-сілеп, иттің етінен жек көруші еді, енді мұнысы несі деп түсінбедім.

Үйге кірсек, қауқылдасып шалдар отыр, сампылдасып кемпірлер отыр. Мені көріп бәрі де:



– О, Барсхан келді, Барсхан келді! – деп, дәл бір Барсхан емес, Бауыржан келгендей дуылдасты.

Сөйтсем, төрде қаз-қатар болып, тізіліп көп бала жатыр: Қорғанбай, Боранбай, Қуанышбай, Аманбай, Өсер, Тілепалды, Сүлеймен...

Сүйек қажаған сиырдай, ауыздарына құрт салып, малжаңдасып жатыр.

Біле қойдым. «Піштіреді» екен. Айшаның қолынан жұлқынып шығып тұра қашайын деп едім, шыға алмадым. «Босат», – деп ышқынып едім, үй толы адам:

– Ой, Барсхан батыр ғой!

– Ой, ол жазда элеваторға бидай тасығанда Евгеньевканың бұзық балаларымен қорықпай төбелескен!

– Ой, ол Салбидің қабаған итінің жағын айырып тастаған! – деп, мені мақтайды-ай шетінен.

Қашып кетуге бет қалмады. Амал жоқ, қаздай тізілгендердің қатарына мен де барып жаттым.

Қырғыздан келген «хирург» небір күлдіргі әңгіме айтып, шаруасын да тындырып жүр. Сол әңгімесін тыңдап жатып, менің де «шаруамның» біткенін байқамай қалыппын. Тек киіз күйдіріп басқаны жаныма қатты батты білем, қырғыз «хирургты» айқайлап боқтап жіберіппін. Өйтпесе «хирург» бола ма:

– О, батыр екесі, тентек екенсің да, – деп күлді.

Көзім түсіп кетіп еді, Айша жылап тұр екен. Кім біледі, қарызынан құтылғанына қуанғаны шығар: «Баламды кәпір қылдырдың-ау» деп, енді оған түсінде Мұртаза налымайтын болар, рухы риза болған шығар. Айша аруақтан ғана қорқады.

ҚОҢЫРАУЛЫ ЕЛІКТЕР

– Баяғыда, баяғыда-а-а... – деп әндетіп, созалаңдатып бастайды әңгімесін Айша. – Ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...

Осы жерде тоқтап қалады. Түн ұзақ. Оны Айша әңгімемен қысқартады. Бәріміз төсектеміз.

Биыл біздің үйде бес адам бар: Айша, мен – Барсхан, Құрмаш, Батырхан, Машан.



Машан – жиеніміз. Мұртазаның қарындасы Әдияның баласы. Әкесі Қадырды 1938 жылы «халық жауы» деп Әулиеатаның түбінде, Қарасудың бойындағы жарқабақта атып жіберген. Қадыр, Пірнә, Қасымбек – бәрі де Андреевкадағы шанышқылылар. Жапонияның «шпиондары» екен. Үшеуін де атып тастады. Өйтпегенде, Жапония Қазақстанды әлдеқашан басып алатын екен.

Сол «шпиондардың» ауылында мектеп төрт-ақ кластық. Ал біздің ауылда жеті кластық. Өз Андреевкасында төртіншіні бітірген Машан енді қайда барып оқиды? Борандыда – он жылдық. Ол алыс. Әрине, біздің үйде жүріп оқиды. Андреевка шанышқылылары төртті бітірген балаларының бәрін біздің мектепке берді. Бәрінің жекжат-жұраты бар. Құли-Шілмембет пен Шанышқылыда бір-бірімен қыз алыспаған үй кемде-кем. Содан бері нағашылы-жиенді болып кеткен.

Оқу басталар күзде Әдия әпкем Машанды ертіп келді. Айшаға:

– Мына Машан осы үйде жатып оқиды. Ауырсынба. Жағдайларыңды білем. Шамам келгенше ұн, картоп әкеп тастармын, – деді.

Айша:

– Машанға бола бөлек қазан аспаймыз ғой. Қатықсыз қара көжені балалармен бөліп ішер, о не дегенің, – деді қайынсіңлісіне.

Машанның келгені жақсы болды. Екеуміз құлын-тайдай тебісіп жатамыз. Төбелесіп те қаламыз, татуласамыз. Аға орнына аға еді.

Әне, сол Машан Айша әңгімені бастай беріп, кідіріп қалғанда:

– Апа, не болды? Айтсаңшы, – деп ынтыға түседі. Айша ән салатындай тамағын кенеп алып, сөзін жалғастырады.

– Осы біздің Мыңбұлақта ит мұрны батпас қалың қара орман болады екен. Емен осында, қызыл қайың да осында, арша, шынарға дейін шығады. Қазір ғой азғындап әр жерде қарағаш пен терек қалғаны. Оның өзін отқа жағып құртып болдық.

Сол орманның ішінде не жоқ: құйқылжыған құс, сандуғаш, сары торғай, жаннат торғай, теңбіл торғай – толып жатыр. Нағыз құс базары екен. Әрбір бұтақтың бойы быжынаған ұя. Емен мен шынардың басын қаршыға мекендейді. Не деген пейіш десеңші! Қаршыға мен сандуғаш бір орманда қоңсы қонады.

Оны айтасың, аю ше? Орман іші толған қой бүлдірген. Аю адамға ұқсап, қос аяқтап тұрып, әлгі бүлдіргенді қолымен теріп жейді екен.

Ал ең қызығы: анадай жерде үрікпей, қорықпай еліктер жайылып жүреді. Жан-жануар біткеннің әдемісі. Мойындарында күміс



қоңырау сыңғырлайды. Ал енді сол еліктерді біреу атса – сол адам өлді дей бер.

Жазғы шілдеде Түркістан жақтан ба, Түлкібас жақтан ба, жаз жайлауға хан ордасы көшіп келеді екен. Осы біздің Мыңбұлаққа. Ақ ордасын орнатып, сырнайлатып-кернейлетіп, сауық-сайран өмір сүреді.

Хан әсіресе еліктерді жақсы көреді екен. Мойындарына күміс қоңырау тақтырып қояды екен. Оларды өз қолынан жем беріп, сылап-сипап мәпелейді. Құдіреті күшті, сиқыры бар шығар, әйтпесе жабайы елік қасына адам баласын жолата ма?

Сөйтіп жүргенде, бір аңшы бір елікті садақпен атып алыпты. Бірақ сорлы ұсталып қалыпты. Ханның қарауылдары көп қой. Хан жарлық шығарған екен: кімде-кім елікті атса – дарға асылады деп. Әлгі аңшы ол жарлықты естімеген бе, естісе де елемеген бе, әйтеуір, түлен түрткен ғой.

Ханның жарлығы бар. Хан екі сөйлемейді. Хан қаһарланды. Аңшы дарға асылатын болады. Халық жиналады. Ханның жендеттері аңшының мойнына қыл шылбар салады. Айыпкер аңшының астындағы дөңбекті енді алып жатқан кезде:

– Хан ием! Дат! – деп шыңғырған дауыс шырқырап шығады. Халықтың арасынан бір бүлдіршіндей жап-жас қыз жүгіріп шығып, тақта отырған ханның алдына барып, етпетінен құлап, ханның аяғын құшақтайды.

Хан:

– Бұл қайсың?! – деп қаһарланып, әлгі қыздың иегінен көтеріп қараса, құдая тоба, хордың қызы! Ай десе – аузы, күн десе – көзі. Мұндай нұрлы әйел затын бұрын көрмеген хан тілі байланғандай есі кетіп, мелшиіп отырады да қалады. Жарты әлемге жарлығы жүрген, дүниені қалтыратқан құдіретті хан мына сәтте дәрмені кетіп, хан екенін ұмытып, есі шығады.

Айша осы жерде кілт тоқтап, басын көтеріп, біз жаққа қарап қояды. Ұйықтап қалған жоқ па деген шығар. Терезеден Ай қиғаштап, алакөбең сәулесі әлі түсіп тұр.

Машан жастықтан басын жұлып алып:

– Апа, не болды? – дейді.

– Әшейін, сендер ұйықтап қалған жоқ па деп...

– Жоқ, ұйықтамаймыз, айта беріңіз.

– Мен қайбір айтқыш дейсің, баяғыда естігенім ғой.

Баяғыда естігені... Оны баяғыдан да бұрын басқа біреу естіп, енді



біздің құлағымызға тиді. Ұрпақтан-ұрпақ осылай бір-біріне аманат қылып, мирас етіп қалдыра бермесе, небір асылдар адасып қалмай ма? Енді ойласам, Айшаның сондағы айтқаны сонау көне түрік дәуіріне, Ұлы Түрік қағанаты заманына кетеді. Мың жылдың ар жағында жатыр.

– Сөйтіп, қыз «дат, хан ием!» – дейді деп сабақтайды Айша.

– Датыңды айт, – дейді хан.

– Айтсам, мына пенде менің әкем еді, – деп, дар ағашта тұрған аңшыны көрсетеді. – Мен сенің күңің болайын, әкемді өлтірме. Елікті ол еріккеннен өлтірген емес. «Сенің жазығың жоқ, балаларымның азығы жоқ», – деп атты.

Жиналған жұрт аңтарылып, «а, құдайлап» қалады.

Хан есін жиып, қауымға қарап:

– Уа, халқым, естідің ғой мына перизаттың айтқанын. Не істейін? – дейді. Халық шу етіп:

– Босат, босат әкесін!

– Сауабын аласың!

– Мойныңа қан жүктеме! – деседі.

– Халық қаласа – хан жалғыз түйесін сояды. Айтқандарың болсын. Бірақ, – деп хан жендеттеріне қарайды. – Бірақ бұл адам менің жарлығымнан аттап елікті өлтірді. Сол елікті көздеп атқан бір көзін ойып тастаңдар. Садақ тартқан бір қолын шауып тастаңдар!

Қыз:

– Хан ием, ол бізді, шиеттей бала-шағасын, аң аулап асыраушы еді, енді қайтіп күн көреміз? – дейді.

Хан:

– Ханның қайын атасы аштан өлмес. Мен сені аламын. Күңім емес, ханымым боласың, – депті дейді.

Сөйтіп, қызының ақылдылығы мен сұлулығының арқасында әкесі тірі қалыпты дейді. Қыз ханым атанып, ханға адал жар, әрі ақылманы болып, халыққа пана болып, бақытты өмір сүріпті.

Машан:

– Апа, тағы айтшы, – деп қолқалайды.

– Қанағат, жиен бала, қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар, – деді Айша, – ертең де түн ұзақ, сонда айтармын. Ал әзір ұйықтаңдар. Таңертең сабаққа барасыңдар.



* * *

Сөйтіп, бұл Мыңбұлақта ханның жазғы «резиденциясы» болған. Ақ Орда тігілген. Қай жерге тікті екен? А... бәлкім, осы біздің үй тұрған жер хан ордасының орны шығар, а? Өйткені біздің үй – Тәңіртауға қараған ең шеткі үй. Өзі өрлеуіт жерде тұр. Хан ордасын ойпауытқа тікпейді ғой. Және Мыңбұлақтың ішіндегі ең сұлуы, ең мөлдірі – біздің Жалбызбұлақ. Оның суы кәусар. Айналасына жалбыз иісі аңқып, әлі күнге дейін бүлдірген өседі. Жазда бұлбұл сайрайды.

Айша суға жұмсағанда, шелекті жаныма қойып, мөлдір көзді қайнарға қарап, шөкелеп көп отырып қаламын. Сайдың қабағынан Айша айқайлап:


– Барсхан, неғып отырсың? Су перінің қызы басыңды дуалап қойды ма? Қайт!– дегенде, шелекті әрең көтеріп, сайды қиялап, жалғыз аяқ жолмен асыға жүгіріп, алқынып қаламын.

Елден ерте кетіп, Әулиеатаның интернатында оқып жүргенде де, Мәскеуге барып оқығанда да... ылғи түсіме осы кәусар бұлақ кіреді. Етпеттеп жата қалып, суына бас қоямын. Бірақ шөлім қанбайды. Іше беремін, іше беремін, шөлім қанбайды. Оянып кетсем – аузым кеуіп, тілім таңдайыма жабысып қалған сияқты болады. Тұра салып, кранның суынан ішсем, әлгі түсімдегідей емес, хлор мен саз татиды. Интернаттың шиқылдақ темір төсегіне қайтадан құлай кетіп, мақта тыққан жастыққа бетімді басып жатқанда, жастық суланып қалады.

Енді көзім ілініп кетсе, Тәңіртаудың бөктері, қызыл изенді, тобылғылы төскей, сол төскейден төменірек біздің ақ үй көрінеді. Ылдида жатқан теміржолдан, пойыздан секіріп, сол ақ үйге қарай белуардан көк шөп кешіп, асығып бара жатамын.

Жақындаған сайын ақ үй ажарлана береді, асқақтай береді, жарқырап көрінеді. Небір асыл тастармен көмкеріп тастаған Алтын Орда екен деймін. Апыр-ау, біздің үй мұндай емес еді ғой деймін. Мойнына күміс қоңырау таққан еліктің лағы алдымнан билеп, еркелеп шығады. Оған интернаттың іші «балшық» кәмпитін беремін. Базарлығым – сол.

Одан бері де қырық-елу жыл өтіп кетті. Бәрібір, әлі солай. Әлгі түстен айыға алмаймын. Сол баяғы мен тұрған үйден қазір жұрнақ та жоқ. Соқамен айдап, әуелі қызылша, одан кейін картоп егіп тастаған. Бір белгі жоқ-ау, бір белгі жоқ. Есіктің алдында Мұртаза демалып отыратын дәу қойтас болушы еді, о да көрінбейді. «К-700» оны да уатып жіберген бе, білмеймін.



Ал бірақ менің түсім бұл шындықты мойындамайды. Алдымда дәйім Ақ Орда, кейде Алтын Орда тұрады. Қағанат дәуірлеп тұрған кезде, Түрік ханына саяжай болған жер.

Сырдың бір сүлейі:

Адамзат – келер, келер, жүзге келер,
Пендені үйде өлсе де, түзге көмер.
Құдая, иманымды салауат қыл,
Ағайын қайда бізді іздеп келер? –

деп еді.

Жүзге келермін, келмеспін, ол –Алланың ісі. Алланың қарызға берген өмірін ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір қайтарарың хақ.

Сонда, шіркін, менің қабірім сол Ақ Орданың түбінде қалса... Қара орман шулап тұрса... Күміс қоңыраулы еліктер жайылып жүрсе... Қабірімде шыққан бір түп сәмбі талына сандуғаш қонып, Ай сәулесі астында мәңгі-мәңгі махаббат жырын жырлап тұрса... Ой, дүние-ай десеңші!

ЖАЛАҢАШ ҚАСҚЫР

Қасқырдың жүні қалың, киіздей тығыз. Қасқырдан ішік кигендер некен-саяқ. Әркімнің қолы жете бермейді. Бар болса да жастарға кигізбейді. Күйдіріп жібереді дейді. Жас бозбала, жігіт-желең кисе, әтек болып қалатын көрінеді. Тұқым тамырлары өртеніп кетеді екен де.

Қасқыр жазда түлейді. Киімін ол да жеңілдетеді. Ал қыста қырық градус аязыңа бүлк етпей жорта беретін көк бөрің – осы. Аңшылар оны осы кезде аулайды.

Қасқыр затын адамдар жек көреді. Көбі қорқады, тіптен бәрі қорқады. Малын жеп қояды, содан өштеседі. Ал адам мал жемей ме? Жейді. Оны ешкім күстәналамайды.

Қасқырдың адамнан өзгешелігі – адам бәрін жей береді. Шөп-шаламды да азық қылады. Тіпті бақа-шаян жейтін ел де бар. Ал қасқыр



шөп жей алмайды. Тек емдік үшін өте сирек дәру шөптерді қажағаны болмаса, шөп атаулыны аузына алмайды. Ал әлдеқалай ауырса – тек асыл тамырды ғана татады. Өзін-өзі емдемесе, қасқырды кім емдейді?! Табиғат солай жаратқан.

Қасқыр тек етпен ғана қоректенеді. Су ішеді. Арақ ішпейді. Ол Құдайдан шекер мен бал сұрап жатқан жоқ. Ананас пен банан талап етпейді. Оның бәрі адамдардың ермегі. Қасқыр адамдар сияқты тойымсыз, тәуфихсыз емес. Бөрі баласын жұрт: «қорқау, қомағай» деп ғайбаттайды. Бәрі бекер. Қомағайлық, қорқаулық – алдымен адамға тән.

Құдай солай жаратты. Оған бөрі баласы кінәлі ме? Амал жоқ, ет керек, еттен басқа қорегі жоқ.

Қасқырды жамандап жатқандарды көргенде, мен ішімнен:

– Уа, қасиетті киеміз, бұл пенделерді кешіре гөр, – деп отырамын.

Көк бөрі – біздің қасиетті киеміз ғой. Көк Түрік заманында көк байраққа алтындап, Көк Бөрінің басын салып қояды екен. Сол тегін деп пе едіңіз?! Тегін емес қой. Қазіргі көк байрағымызға:

– Бөрінің басын салайық, – деп ұсынғанымда, кәдімгідей ақылды, биік дәрежелі, лауазымды адамдар күлді:

– Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты айтады, – деді. Амал не, көп айтса, көнесің дағы. Мейлі, келер ұрпақ бізден гөрі парасаттырақ болса, түзетіп алар.

«Бұл не айтпақшы?» – дейсіз ғой. Айтпағым, кешегі әңгіменің жалғасы. Құдайдың өлшеп берген өмірінің тағы бір күні өтті. Тағы бір түн келді.

Жоқ-жұтаңдай тамағымызды ішіп, Машан екеуміз уқит-суқит, шала-шарпы сабаққа дайындалған болып, төсегімізге жатамыз. Ерте жатсаң – түн ұзақ. Ұйықтамай отыра берсек – жермайды жеп қоямыз. Жермай іздеп, Айша тракторшыларды жағалап, жалынып жүргені. Қазір трактор да тоқтаған. Дала – аяз. Жатпағанда не істейміз?

Ары тартып, бері тартып, Машан екеуміз бір көрпеге таласып, көз байлана бере, сырыққа қонақтайтын тауықтар сияқты бір-бірімізді итерісіп, әйтеуір, бір кезде тынышталамыз:

Машан:


– Апа, – дейді. Айша:

– Ау, жиен бала, – дейді.

– Кешегідей әңгіме айтыңызшы.

– Нені айта берем беталды?

– Иә, кешегі хан жақсы кісі екен ғой.



– Жақсысы жақсы ғой, – деді Айша күрсініп. – Залымдығы да жетеді.

– О, не? – Машан басын көтеріп алады. Хан залым дегенге сенгісі келмеген шығар.

– Ақыры, қоймадың ғой, – деп, Айша ықылассыздау бастайды.

– Кеше сол хан қоңырау таққан еліктерді жақсы көреді екен деп ем ғой. Жарықтық елік те бір ерекше сұлу жануар, әсіресе лағының көзінің жәудірегенін көрсең. Хан да сұлуға құмар шығар. Сұлулықты, әсемдікті, әдеміні сүймеген патша қатыгез, қан-құмар келетін көрінеді.

Содан, сол қарауылдар көздің қарашығындай қоритын еліктің біреуін түнде қасқыр жеп кетіпті. Хан ордасы жау шапқандай аласапыран.

Қарауыл қанша күшті болса да, ормандағы ағаш сайын бір-бір қарауыл қойса да, тағы бір елік жоғалып кетеді.

Хан қаһарланып:

– Тірідей ұстап әкеліңдер! – деп бұйырады. Нөкерлер:

– Қасқырдың апанын кім біледі? – деп жар салады. Сонда қарадан біреу тұрып:

– Е, ханның қайын атасы аңшы емес пе? Білсе – сол біледі, – дейді.

Бір көзі ойылған, бір қолы шабылған қайын ата:

– Баяғыда білуші ем, – дейді.

– Білсең – баста, жол көрсет, – дейді нөкерлер.

Арланның апаны жайдақ жерде болушы ма еді, аңшылар атқа қонып, тазыларын жалақтатып, тауға қарай тартады. Керегетастың ар жағындағы Қорымтасқа жортады.

Семіз елікті жарып жеген арлан, әлгі мол етті сіңіріп, тарғыл жартастың астындағы үңгірінде ұйықтап жатса керек. Апанына жақындап қалған аттылардың дүбірін естіп, бір бәленің боларын сезіп, атып тұрып, аттыларға ызғарлана бір қарап алып, Қорымға желе жортып жөнеледі. Аңшылар қиқулап, қуып келеді. Бірақ сусыма, тайғанақ тастан аттары жүре алмай қалады. Енді арланның соңына тазылар түседі. Бүркітшілер қырандарының томағасын сыпырады.

Не керек, бүкіл әлем жиналып жатып, әлгі арланды тірідей ауылға алып келіп, ханның алдына тастайды. Аяқтары қыл шылбырмен матаулы. Аузын да қайыспен құрсаулап тастапты. Ақсия да алмайды. Тек ызадан от тұтанған көздері ғана аласұрады. Керіскедей тұрқы есік пен төрдей екен. Аяқтары – Нәметқұлдың балғасындай.



– Қай балғасы? – деймін шыдай алмай. Өйткені ұстаханада балғаның түр-түрі барын мен жақсы білемін ғой. – Шеге соғатыны ма, таға қағатыны ма, жоқ болмаса арбаның дөңгелектеріне құрсау соғатыны ма?

– Тыныш жатшы-ей, тақылдамай, – деп, Машан мені шынтағымен түйіп қалды.

– Ең үлкені, – дейді Айша. – Содан хан айтады:

– Мұның терісін тірідей сыпырыңдар! – дейді.

Хан айтты – болды. «Оу, тақсыр, қалай тірідей сыпырамыз? – деп сұрау жоқ. О кезде де неше түрлі қасапшылар бар шығар. Тірі қасқырға пышақ салып, терісін сыпырғанда, әлгі арлан бір қыңқ етпеді дейді ғой. Тек, шоқ шашқан көздерінен бірер тамшы жас шықса керек. Не деген жаны сірі десеңші!

Қасқырды қасапшылар жалаңаштап, туырлықтай терісін тірідей сыпырып болған соң, хан:

– Енді аузын, аяғын шешіп, қоя беріңдер! – депті.

Хан айтты – бітті.

Арлан қаны шыққан жалаңаш етіне шөп-шалам, қиыршық тас жабысып, орнынан әрең тұрды дейді. Жанына жаман батса да арт-қы аяқтарымен шоқиып отыра қалып, алдыңғы екі аяғымен жер тіреп, хан отырған таққа қарап қойып, содан соң қан толы көзін жұмып алып, тұмсығын көкке көтеріп, әй бір ұлыды дейді. Адамдардың тұла бойы қаза болып, шыдай алмай, құлақтарын басты дейді.

Көк Бөрі баласы ит сияқты адамға жарамсақтана алмайды. Ол үрмейді де, қынсылап жыламайды да. Тек, Көктегі Тәңірге ғана мұңын шағады. Соған ғана бағынады. Әйтпесе, адамдар қасқырды асырап, қолға үйретпек боп талай әуреге түскен. Бірақ одан түк те шықпаған.


Жалаңаш қасқыр жалаң еті дір-дір етіп, безгек қағып, Көкке қарап зарлана ұлығанда, жұмулы көзден қан тамшылады дейді.

Мұндай азалы зарға шыдай алмай, хан тағынан тұрып кетіпті. Патшаға да шүкіршілік, тәуба керек қой.

Әлде содан ба, әлде басқа себептен бе – кім біледі, бір Тәңірден басқа ешкім білмейді. Әйтеуір, содан соң-ақ әлгі айбынды асқақ хан билеген елдің әлемді жарқыратқан Күні бешінге, ақшамға қарай құлдырай береді деседі.

Ал болды, ұйықтаңдар!

Айша үндемей қалды. «Тағы айтшы» деп, Машан да қолқалай алмады. Көпке дейін ұйқы да келмеді. Әлден уақыттан соң, тереземізден



Ай да ауып кетті. Үйдің ішін ап-ауыр, зілдей қараңғылық басты да қалды. Жайшылықта шынтақтасып, тебісіп жататын екеуміз бір-бірімізге тығыла түстік. Құрмаш пен Батырхан екеуі екі жақтан Айшаға жабысып қалған сияқты.

ӘМІРЕҚҰЛ

Сөйтіп, мен, Айшаның айтуы бойынша, 1932 жылы қыркүйектің 28-де дүниеге келген екенмін. Біздің ауылда сол жылы туған төрт-бес қана бала бар екенбіз. Қолаханның Аманбайы, Әбіштің Сүлеймені, Мамыттың Седепкүлі... Тағы біреуін ұмыттым. Солардың ішінде қазір, яғни XX ғасырдың аяғында, жарық дүниеде жүрген жалғыз мен. Қазір ауылда 1932 жылы туған менен басқа ешкім жоқ.

Қалай өлмей қалғанымды құдіреті күшті бір Алла өзі біледі.

Сонда елден ерекше біздің үй қиыншылық көрмеген бе?

Айша айтады:

– Мұртаза, оның аталас інілері Әмірекұл, Нәметқұл, Сұлтан үшеуі жасырып көмген бір қап бидайы бар екен, соны ашып алуға шамалары келмейді ғой. Аңдыған ақыран (охрана, қарауыл, аңдушы дегені). Олар – кешегі кедейлер. Сенің Күнікей апаң асыраған кедейлер. О, аруағыңнан айналайын, Жолан-Жаныстың қызы, ұлы Төле бидің ұрпағы – Күнікей ханым бүкіл елді асыраған екен. Жетім-жесірге басына үй, алдына мал салып берген. Оның жақсылығын иманы барлар әлі жыр қылып, жылап тұрып айтады.

Бірақ қазір байды кім мақтайды, құртып жіберді ғой.

Әлгі «ақырандардың» ішінде осы мына Тасбет те бар. Саған екіқабат кезімде ащы сүр етке жерік болдым. Сүр қайда-а-а? Содан пияз жей беріппін. Ащы пияз ауқат бола ма? Құсып, лоқсып, өліп қала жаздаймын.

Иә, сөйтіп мен – Барсхан – анамның құрсағында жатқанда-ақ ащының дәмін татып жетілгенмін. Өйткені құрсақтағы шарана ана немен қоректенсе, о да сонымен қоректенеді.

Мені сыртымнан «сұсты», «жауқабақ» деп, тағы бірдеңе деп сөз қылады. Көрер едім ғой оларды, менің көргенімді көрсе... Тумай жатып

ащыменен уланса... А, бәлкім, мені шешектен аман алып қалған ащы пияз шығар...

– Сөйтіп жүргенде, – дейді Айша, – келер жылы, яғни 1933 жылы Мұртазаны Түлкібастың түрмесіне қамап тастады. Жиырма сегізінші жылғы кәмпескеден қалған-құтқанды тағы сыпырып әкетті. Бердімбет сайының қабағына көміп, аман алып қалған алты қанат ақ боз үй бар еді, шіріп кетер деп кейін Мұртаза мен Әмірекұл аршып алған. Соны да алды.

– Әй, Барсхан, сен Әмірекұл көкеңді білесің бе, айтпақшы? Ойбу, Құдай-ай, қайдан білесің? Онда бір-ақ жаста едің ғой. Әмірекұлдың баласы Медетхан да бір жаста. Екеуің түйдей жасты едіңдер ғой...

Әмірекұл – Мұртазаның туған інісі. Шіркін, еркекте мұндай бозым жігіт болды ма екен. Сенің әкеңдей емес, бойшаң еді. Сұлулығында есеп жоқ. Ай, көркем жігіт еді... Құдай жанын жаннатта қыла гөр.

Айтып едім ғой. Мұртазаның әпкесін Нұралы деген қырғыз алған деп. Осы Әмірекұл сол әпкесінің артынан көп барады екен. Жақсы көрген болуы керек. Әлде пешенедегі жазуы шығар, сол қырғыз жаққа барғыштап жүріп, Шарбан деген қызға ғашық болады.

Не керек, сол Шарбанды Әмірекұл алып қашып келсін. Артынан адыраңдап қырғыздар қуып келсін. Арада жанжал шығып кете жаздап, әйтеуір, әрең басылған.

Бір жылдан кейін балалы болды. Атын Медетхан қойды. Содан 1933 жыл келді. Әкеңді Түлкібастың түрмесіне қамап қойды. Әмірекұл артынан барып жүрді. Сөйтіп жүргенде, бір күні ауданнан Анарбай деген уәкіл келді, ауылдың старшыны Кешенді ертіп алып, Әмірекұлдың үйіне түседі. (Үй қазіргі темір ұстаның орны болатын.)

Әмірекұлға:

– Кәне, күміс ерді бер! – дейді.

– Бермеймін,– дейді Әмірекұл.


– Неге? – дейді зорақылар.

– Ол әкем Бердімбеттен қалған көз, ескерткіш.

– Әкең Бердімбет бай болған ғой. Сен байдың баласысың ғой. Онда ағаң Мұртазаның қасына барып жатасың! – дейді белсенділер.

– Маған десең атып таста, тірі тұрғанымда бермеймін, – дейді Әмірекұл. – Әкем Бердімбет осы ер-тоқымға мініп, анам Күнікейді сонау Төле би ауылынан алып қайтқан. Бұл – тарих, бұл – ескерткіш, түсіндіңдер ме?

Түсіну қайда, ауданнан келген уәкіл, қасында милисасы бар,



старшын – бәрі жабылып, Әміреқұлды соққыға жығып, күміс ертоқымды тартып әкетеді.

Тұқымдарыңа біткен мінез бе, білмеймін, сол заманда күміс ертоқым тұрмақ, адам қынадай қырылып жатқан заманда, күштіменен күреспей-ақ қою керек пе еді... Ақыры намыстан, күйіктен Әміреқұл бейшара өртеніп кетті. Қападан, қайғыдан өлді...

Мұртаза сол жылы түрмеден шығып келді. Осы қазір соғыста жүрген Бауыржан, ол кезде ауданда бір өкімет болып істейді екен, әкесі Момыш атамыз, жарықтық, Мұртазаны жанындай жақсы көруші еді, кішкентай күнінде Бауыржанды артына мінгестіріп келіп, ылғи да біздің үйге түсіп, қымыз ішіп кетіп тұрушы еді... Сол Бауыржан кейін ер жетіп, қызметке араласып, Мұртазаны абақтыдан шығарып алды.

Әміреқұл қайтыс болғанда, жесірі Шарбан, әйел біткеннің ажарлысы, сұлу Шарбан жынданып кете жаздады. Әміреқұлдың өлгеніне сенбей, Сәрсенбай қайнағасына жалынып, Әміреқұлдың мүрдесін қаздырып (бізден жасырып) көріпті. Көрді ашып қараса, Әміреқұлдың қияқтай сұлу мұрты жидіп түсіп қалған екен. Әне, содан кейін ғана көңілі суыған...

Ағайын әмеңгерлік жолымен Шарбанды Мұртазаға қоспақшы болды. Мен де сорлы екенмін, көнбедім. Сөйткен Мұртазаның менің қасымда қалғаны кәне? Қызғанғаның – қызыл итке... Оның үстіне Мұртаза байдың баласы деген қоңырауы бар, қос қатын алды деп тағы бәле жаба ма... Не керек, елден жесір кетті, жетім бала кетті. Сүйекке таңба болды. Жесір мен жетім ерден кетсе де, елден кетпеуші еді. Заман кері кетті...

Түн ортасы болған шығар. Шұбар қораз шақырды. Аулақта Мамыт атаның төрткөз иті ұзақ ұлыды. Айша:

– Е, өз басыңа көрінгір, – деді итке.

Кім біледі, сол түні не Орха, не Ноха оққа ұшқан шығар. Мамыт атамның бұл екі баласы да соғыстан қайтпай қалды.

Мен әлі баламын. Бірақ әлгі Әміреқұл әңгімесінен кейін зіл қорғасын ойлар қамалап, көпке дейін ұйықтай алмаймын.

Тау жаққа қараған жалғыз терезеден Ай сығалайды:

«Ұйықта, бала, әлі көрер көресің алда» дегендей болады...



ҚЫРҒЫЗ АТА

Айша айта беретін Қырғыз атаны да көрдім. Күздің қара суығы еді. Ұмытпасам, 1942 жыл. Мен, бұйыртса, он жастамын. Кәдімгідей азаматпын. Өйткені Тасбет бригадир маған бала деп қарамайды, ұдайы жұмысқа салады. Мысалы, жақында ғана Жақаш екеуміз сүдігер жырттық. Әрине, Жақаш менен үлкен, Әбдімомын дейтін әкесі бар. Өте тақуа кісі, үлкен ғұлама сияқты. Мұндай зиялы адамды қалай қамап қоймағаны түсініксіз? Тәуір киінген, таза жүрген, елдің көркі боларлық адамдардың бәрі ұсталып кетті ғой. Адам сияқты өз беделіңді бекем ұстап, басыңды тік көтеріп жүрсең – «халық жауысың» ғой. «Халық жауы» атанбас үшін, алба-жұлбалау, ақымақтау, өз ойы, өз пайымы жоқ мәңгүрт болуың керек.

Бірді айтып, бірге кетіп барамын. Сөйтіп, біздің үйге, көптен бері қонақ келмеген үйге, сонау Көксайдан Қырғыз ата келді. Бүкшиіңкіреп қалған қарт екен. Сақал-мұрты аппақ қудай. Көзінің жиектері қызарып, жасаурап тұрады екен.

Біздің бәрімізді құшақтап, сүйіп, «қағылайын, қағылайын» деп жатыр. «Айналайын, айналайын» дегені.

Мұртаза мен Әмірекұлдың туған әпкесін алған жездеміз – осы кісі. Тозыңқырап, әр жеріне жамау түскен сары тонын шешіп, басында сондай тіккен телпегін шешіп, төрге шығып отырды. Айша құрақ ұшып қуанып, көрпеше төсеп, жанына жастық тастады.

Айша шыр айналып, қазанға су құйып, ошаққа тезек салып, тынбай жүр. Аузы да тынбайды. Ананы сұрайды, мынаны сұрайды. Мен біріне түсініп, біріне түсінбеймін. Менің міндетім – тезірек самаурынды қайнату. Самаурынға жаңқа салып, ағаш салып, қолым тимей жүргенмен, құлағым бос қой. Құлақ ағаш жармайды, құлақтың міндеті – тыңдау. Қырғыздың кейбір сөздеріне түсінбесем де тұспалдаймын. Түсінгенім: әскерге кеткен Әбдібектен хабар жоқ. Әуелі Аягөз деген жерден бір хат келген екен. Ол Қазақстанның жері көрінеді. Одан соң, Новосібір деген жерден келіпті. Содан кейін, Мәскеуге қарай бет алдық деген екен, қайтып хабар жоқ.

Менің сауатым ашылып қалған. Аздап картаны да білемін. Жиеніміз Әбдібектің жүрген жолы айналма жол. Мәскеуге қырғыздың Маймағынан немесе біздің Борандыдан тік теміржол бар емес пе?

Аягөз, Новосібірді айналғаны түсініксіз. Менің ұғуымша, Аягөзде де, Новосібірде де соғыс жоқ. Соғыс Мәскеу жақта.

– Айша келін қарағым, жағдай ошондай болып тұрат, – деп күрсінді Қырғыз ата.

– Е, жезде, бір Құдай өзі жар болсын. Аруақ қолдаса, тірі жүрген шығар, – деп жұбатқан болды Айша.

Шәй ішіп отырмыз. Дастарқан жүдеу. Жарты таба нан. Айша көзінің қарашығындай сандыққа салып, сақтап жүретін кішкентай қозы қарын майдан бір қасық қана алып, мейманның алдына қойды. Оны менің көзім тесіп барады. Таба нанға май жағып жеу деген – арман. Қарындасым мен інім де жетісіп отырған жоқ. Бірақ шыдаймыз. Айшаның айбарынан қорқамыз.

Қырғыз ата наннан кішкентай-кішкентай үш үзіп сындырып, оған май жағады. Құдай тілеуіңді беріп, Әбдібегің аман келгір, Қырғыз ата әлгі үш үзікті үшеуімізге ұсынады. Арық қолы дірілдейді. Біз Айшаға қараймыз. Айша бізге қабағын түйіп, астыңғы ернін жымқырады. «Алмаңдар» дегені. Өзі:

– О, жездеке, бұлар тоқ қой, әлгінде ғана ауқат ішкен. Сіз алыс жолдан келдіңіз, өзіңіз алыңыз, – дейді.

Қырғыз ата тыңдамай, бізге әлгі асылдарын тықпалап:

– Е, қағылайын, алғыла, – дейді.

Аламыз, ақырын-ақырын, аз-аздап тістеп, жей бастаймыз. О, дүниеде бұдан тәтті тамақ бола қоймас. Әлде, Қырғыз атаның қолының сиқыры бар ма, мұндай шырын нанды сары алтындай сақтап, дәмін ұзағырақ татқымыз келеді. Қайран, қозы қарынның майы-ай! Өзі ешкінің сүтінен пісірілген май, ақшыл, сәл көкшілдеу ме, қалай... Майды қозы қарынға салып, Айша оны қапшықтағы ұнның ішіне тығып, сандыққа салып қояды. Сандықтың кілтін бұрымының ұшына байлап алады. Сандықтың кілті – Айшаның шашбауы.

Шай ішіп, Қырғыз атамның көк есегіне кәшек (шөптің қалдығы) салайын деп далаға шықсам, бір топ бала темір ұста алдында тұр екен.

– Бері кел, – деп шақырды. Бәрі де менен үлкен, ересек балалар. Айттым ғой, бұл ауылда менімен жасты ешкім жоқ деп. Бір-екеуі бар, олар арғы жақта, Таласбай бұлақтың басында.

Бардым. Аталас ағаларым: Сейсенбай, Дүйсенбай, Боранбай, Қорғанбай екен.

– Үйлеріңе кім келді? – деді ең үлкені Сейсенбай.

– Қырғыз ата келді, – дедім мен біртүрлі мақтанғандай. Сірә, біздің



үйге де мейман келеді деп кісімсінгім келген болуы керек. Мұртаза кеткелі бері біздің үйдің есігін ашатын адам сиреді ғой.

– Жездең ғой ол сенің, – дейді Боранбай мысқылдап. – Құлағынан тартпадың ба?

– Кәрі кісіні де құлағынан тарта ма екен? – деп қарсыласа кетемін.

– Қарай гөр өзін! Тартпағанда ше. Жезде болған соң, құлағынан тартып ойнайды да, – деп мазақтағандай болды Боранбай.

– Ей, былжырама, – деп, ең үлкеніміз Сейсенбай Боранбайды тыйып тастады. – Сенен кіші болса да Барсхан дұрыс айтады, кәрі кісімен де құлағын тартып ойнаушы ма еді, есің дұрыс па өзіңнің?!

Сөйтіп, Сейсенбай менің арқамнан сипалап тұрып:

– Қырғыз атаңның қабында не бар екен? – деді жай ғана.

– Білмеймін. Шөп сияқты бірдеңе, – дедім мен. Шынында да, Қырғыз ата көк есегінен теңдеген екі қап бірдеңе түсіріп, үйге кіргізіп қойған.

– Темекі емес пе? – деді Сейсенбай.

– Болса, болар, қаптың аузын ашып көрген жоқпын ғой.

– Ендеше, мә, – деп, Сейсенбай қалтасынан біруыс асық шығарып алақаныма сала салды. Байыдым да қалдым. Өзімде бір шүкей де жоқ еді. Ұдайы ұтылып қала берем.

Бұлар бұрынғыдай мен ұтылғанда асығымды қайтарып бермейтін болды. Неге екенін білмеймін? Бұрын мұндай емес еді. Маған жалынғандай болып жүруші еді. Әйтеуір, бәрі де айныды. Кейін-кейін ойласам: Мұртаза «халық жауы» болған екен ғой...

– Енді, – деді Сейсенбай, – қазір үйіңе бар да, Қырғыз атаңа да, Айшаға да көрсетпей, сол темекіден қалтаңа толтырып салып, алып келе ғой.


Әлгінде ғана басымнан сипап, бетімнен сүйіп, қайта-қайта аймалаған атамның темекісін қалай ұрлаймын? Ұят қой. Бірақ мына асық...

Екіойлы болып тұрғанымды сезіп Сейсенбай:

– Мә, мынаны ал, – деді. – Қорғасын құйған сақа.

Менің ұтылып қала беретінім: сақам жаман ғой. Қорғасын құйған сақа! О, ол менің арманым ғой.

Үйге жүгіріп барып, ауыз тамда тұрған қаптың аузын шешіп, қос қалтама сап-сары темекі жапырақтарын толтыра салып, қаптың аузын қайтадан байлап қойдым. Темекі ащы екен, түшкіріп-түшкіріп жібердім. Ішкі есікті ашып, Құрмаш қарады:



– Не істеп жүрсің? – деді қас қылғандай.

– Аузыңды жап, – деп жұдырығымды көрсетіп, тысқа атып шықтым.

Жүгіріп балаларға келдім. Сейсенбай қуанып кетті. Қалтамдағыны қағып алды. Сөйтіп, төртеуі газет жыртып, соған темекіні орап, шылымды бұрқырата бастады. Маған да сорғызды. Жөтеліп, қақалып өліп қала жаздадым. Сонда Сейсенбайдың інісі Дүйсенбай кісілік айтып, «Барсхан әлі жас қой, неғыласыңдар», – деді.

Ертеңіне Қырғыз ата Борандының базарына барып, темекісін сатып, оның ақшасына дәсері қап жүгері алыпты. Қайтарда біздің үйге түсіп, әлгі жүгеріден бір табақтай тастап кетті. Қоштасарда Айша:

– Жездеке-ау, келіп тұрсаңызшы. Мыналар болса шиеттей жас, біз жалғыз қалдық қой, – деді.

– Қағылайын, Айша келін, келіп тұрар едім, қартайып қалдым. Шамам жетсе қарап жатпаспын, – деді Қырғыз ата жиегі қып-қызыл көзі жасаурап.

– Медетханды көрсеңіз, бетінен сүйіп қойыңыз, – деп Айша көңілі босады.

Қырғыз ата көк есекке мініп, Манас тауын бетке алып кете барды.

Мен Медетханды көргім келді. Ол, шынында да, мына қиын заманда бір тірек сияқты сезілді. Мен бір жасымда айырылған алыстағы туысқан. Мұртазаның інісі Әміреқұлдың жалғыз баласы. Енді Мұртаза да жоқ, Әміреқұл да жоқ. Мен көрмеген Медетхан қырғыз елінде. Қазақтың баласы қырғызға кетіп адасқан заман.

Қара жолдың үстінде жалғыз қарайған бірте-бірте көрінбей кетті.

БІР ҚАЛТА ТЕМЕКІ

Ұмытпасам, Қырғыз ата сол баяғы көк есекпен тағы бір рет келді. Бірақ Борандының базарына бармастан екі қап темекісін біздің үйге тастап кетті.

– Қағылайын, келін, – деді Айшаға, – бұ темекі өзіңе аманат. Шамаң келсе, астыққа айырбастарсың. Тәуір болсам, келесі бір жолы алып кетермін.

Сөйтсе, ауырған екен. Қарт адамдар ауырса, тезірек өз үйіне жеткісі келеді. Түзде жүріп олай-бұлай боп кетсем, қиын болар деп қауіптенетін шығар.

Бұл енді қыстыгүні шығар. Сол жолы Қырғыз ата құлжаның асығын әкеп берді. Кәдімгі тауда жүретін арқардың құлжасының асығы. Сиырдың топайына жете-ғабыл.

– Ошоны саға Мамытбек жиенің саламдаға берді, – деді Қырғыз ата. Мамытбек соғысқа кеткен Әбдібектің баласы, Қырғыз атаның немересі.

Мақтанып асық ойнағыштардың арасына барайын. О кезде мен мақтанатын шақ тым сирек болатын. Рас, өзімнен үлкен балалармен аяусыз төбелесте, әйтеуір, таяқ жесем де, көбінесе жеңіп шығушы едім. Ішімнен соған мақтанатынмын. Басқа не бар? Бірақ күнде төбелесе бермейсің ғой.

Асықшылар құлжамды көріп таңғалысты. Алдап алмақшы да болды, Жуанқұл бастықтың баласы бір таба нан да бермекші болды. Нан жемегелі қай заман? Ұдайы қызылша пісіріп жейміз. Айша қос уыс бидай қуырып, үшеуімізге теңдей бөліп береді. Сол дәнді ауызға бір-ақ салмай, бір-бір талдан қытырлатып, неғұрлым ұзағырақ тауысуға тырысамыз. Ал нан деген сөздің өзінен басың айналып, көзің қарауытады. Бір таба нан – зор байлық.

Көнбей қойдым.


Сонда бастықтың баласы Тілепалды басқа балаларға нан беріп (көбі мен сияқты аш қой), бәрін маған жауықтырып, жабылып жатып, құлжамды тартып алды.

Мұны, Құдай тілеуіңді бергір, Сейсенбай көріп қалып, бастықтың баласын бетінен шапалақпен тартып-тартып жіберіп, құлжамды қайтып алып берді.

Бірақ есесіне әскерге бір жыл бұрын алынды.

Ұмытпасам, сол 1942 жылдың желтоқсаны болар, темір ұста дүкенінің алдына кілең қатын-қалаш, шал-кемпір жиналып қалды. Жел тұрып, жаяу борасын соғып тұрған. Бүрсеңдеп біз балақайлар да тұрамыз.

Сөйтсе, төрт-бес бозбаланы қос ат жеккен шанаға мінгізіп, Борандыға алып бармақшы екен. Ауданнан келген военком өзі жеке ат мінген. Шанада менің аталас немере ағам Махан, менің әкеммен бірге отыз жетінші жылы ұсталып кеткен Мелдеханның баласы Рәсілхан, шеткі ауылдан Бейсенбек, оқымаған агроном шал Әбдікәрімнің баласы



Тұрар, тұтықпа шал Әлімқұлдың баласы Күзембай, осы елдің жиені боп сіңіп кеткен Кәмет және әнеугүні құлжамды қайтарып берген Сейсенбай бар.

– Ойбай-ау, Сейсенбай әскер жасына келіп қап па еді, – деп күбірлескен ел.

Әркім-әркім әлгілердің дорбасына бір-бір түйіншек: біреу құртын, біреу талқанын тықпалап жатыр.

– Оу, бізді өкімет асырайды енді, өздерің күн көріңдер, – дейді шанадағылар.

Айша сонда Сейсенбайдың қойнына бір қалта темекі тықты.

– Қош, мырза бала, аруақ, Құдай қолдап, Алла жар болып, аман қайт, – деді.

– Рақмет, жеңеше, – деп, Сейсенбайдың көзі жасаурап кетті.

Айшаның оған беретін басқа ештеңесі жоқ еді. Қырғыз атаның темекісі сөйтіп майданға қарай кетті.

Кәмет жиен әнші еді, гармоньға қосылып ән салды. Бір-екі-ақ жолы есімде қалыпты:

Әлде қайтар, әлде қайтпас
Туған елге ғазиз бас...

Әйелдердің бәрі аңырап жылап жіберді.

Кәмет, шынында да, қайтпай қалды.

Көп ұзамай жел қатайып, боран үдей бастады. Военком асықтырып, қиыспай тұрған жұртты атпен омыраулап таратып, шанаға жеккен қос атты қамшымен тартып-тартып жіберді.

Зымыраған шананы ақ түтек лезде жұтты да кетті.

ШЫРАҚ

Көп ұзамай ауылға Бауыржан келді. Өзінен бұрын бізге оның даңқы жеткен. Бізде радио жоқ. Бірақ тоғыз үйлі Тоқсанбай баласынан жалғыз Мамыт атамның үйінде ғана газет бар. Сірә, әскерге кеткен Орха мен Ноха дейтін балалары жаздырып қалдырған болар. «Социалистік



Қазақстан» дейтін газеттің тігіндісі қабырғада ілулі тұрады. Соның бір санында, бірінші бетте Бауыржанның суреті басылып шықты. Оны қиып алып, төрге іліп қойыпты. Біз, кішкентай балалар, сол суретке тесіліп кеп қараймыз. Орха мен Нохадан кейінгі Қорғанбай бізге қарағанда сауатты. Сол сөзін оқып береді. Түсінгеніміз: Москва деген қаланы неміс фашистерінен аман алып қалған, осы біздің ағамыз, кәдімгі Момыш атамыздың баласы Бауыржан екен.

Кішкентай кеудемізді кәдімгідей мақтаныш сезім кернейді. Біз де тезірек өсіп, әскерге барып, жауды жайратып, Бауыржан көкеміз сияқты герой болғымыз келеді...

Сөйтіп жүргенде, батыр көкеміздің өзі келе жатыр деген хабар жетті. Бәріміз: тайлы-таяғымызбен, кәрі-құртаң, бала-шаға, қыбырлаған жанның бәрі мектептің жанына жиналдық. Жалғыз жиналыс орны – сол. Клуб деген о кезде жоқ.

Сол кездегі он жасар баланың қазір алпыстан асқанда есінде не қалды? Соны жиып-теріп, көз алдыма келтіріп отырмын.


Жұрттың көзі батыста. Алыстан-алыстан, ақ қар жамылған алқаптың ар жағынан қарауытып Евгеньевканың тал-дарағы елес береді. Одан ары – Боранды, Бурное. Ауданның орталығы. Батыр сол жақтан келсе керек. Күн ашық болса да, аяз қатты. Бүрсеңдеп тұрмыз. Алатау жарықтық, бүгін ерекше асқақ. Өзі өсірген қыранына о да мақтанып тұрғандай. Борандының ар жағындағы Құлан тауы да ақ теңізге ақ желкен көтерген кемедей боп көрінеді. Мүмкін, Батыр сол кемемен жүзіп келе жатқан шығар.

Жоқ, атпен келе жатыр екен. Бір топ атты Үсен сайынан қайқаң етіп қаптап шыға келді.

Қалың оппа қардан бойы биік тек қызыл изен. Шоқ изеннің дәнін теріп жеп отырған суықбас молда торғайлар пыр етіп, ұша жөнелді. Аттылар таяп қалды.

Мектепке жақын жерде, боран қармен бітеп тастаған ор бар еді. Аттылардың біреуі – Жуанқұл бастық сол орды айналып өтпек болып, аттың басын өрге қарай бұрды. Басқалары соған ілесті. Кілең қайыс пальто кигендер. Сірә, бәрі де өкіметтер болуы керек.

Тек, апайтөс көк айғырға мінген біреу бұрылмастан қалып қойды. Оның киімі де қайыс пальтолардан өзгеше. Жағасын, өңірін елтірімен көмкерген сұлу сұр пальтосы бар екен. Басында әскери фуражка. Мына аязда құлағы қалай жаурамайды? Ең алдымен таңғалғанымыз сол болды. Немене, мына құлақшын киген ығай мен сығайлар оған жылы баскиім тауып бере алмаған ба?



Көк айғырға мінген, әскери фуражкалы адам басқалардан бөлек қалып қойды да, тізгінін тартып еді, аттың басы кегжең етті. Содан тебініп кеп қалып еді, көк айғыр, жануар, көзі алаң етіп, ақшиып, ышқына қарғып кетті де, қар бітеген ордың бер жағына топ ете түсті.

Жұрт:

– Аруақ! – деп шу ете қалды.

Бауыржан батыр осы екен. Жақын жерден байқадық: жылтыраған хром етігінің өкшесінде шпор дейтін темірі бар екен. Тебініп кеп қалғанда, көк айғыр содан ышқынған екен.

Басқалары ордың басын орағытып, біраз уақыттан кейін жетті.

– Ассалаумағалейкүм, халқым! – деп саңқ етті Бауыржан.

Жұрт әлсіз ғана жамырады.

Әскердегі батальонның саңқ-саңқ еткен тақ-тұқ сәлеміне үйренген Батыр риза болмай қалған сыңайлы.

– Немене, үндерің жердің астынан шыққандай?! – деп жекіді.

– Қарағым-ау!

– Құлыным-ау!

– Арысым-ау! – деп, әркім әр тұстан жамырап жатыр.

– Аман-есен келдің бе?

– Аруақ-Құдай қолдап, аяқ-қолың сау оралдың ба?

Мектептің қайбір оңған кең залы бар, жұрттың көбі сыймай, ауыз үйде тұрды.

Батыр төрде тұрып сөз сөйледі. Түсінгенім: жаудың беті қайтқанмен, әлі түрі жаман. Қасарысқан, қиян-кескі соғыс әлі қырғын көрінеді. Бірақ біз жеңеді екенбіз. Өйткені біздің ісіміз адал көрінеді. Әсіресе қазақтар, қырғыздар ерекше батыр сияқты.

– Сондай жаужүрек батыр ұлдар туғандарың үшін, аяулы аналар, ардақты әкелер, сендерге мың да бір рақмет! – деді Батыр.

Қол соқтық.

– Ал енді, мен майданнан мүлде қайтқан жоқпын, – деді Батыр.

– Аз күн демалыс алып келдім. Мен майданда жүргенде, әкем Момыш қайтыс болыпты. Соған Құран оқиын деп келдім.

Содан соң көптің ішінен біреуді іздегендей, үп-үлкен шоқтай көздері жарқ-жұрқ етті.

– Дошанай! Дошанай көке, қайдасың! – деді. Басында қазандай дөңгелек қара бөркі бар, аппақ құдай сақалы көлкілдеген Дошанбай атамыз:



– Мен, мен мұндамын, Бәужан қарағым, – деп, даусы дірілдеп, орнынан әрең тұрды.

– Бауырың Момыш өлгенде, басына Құран оқымапсың, оның қалай? – деп ақырды Бауыржан.

– Қатты боран болды, қарағым, ауыл арасы едәуір, үйден шыға алмай қалдым, тобанаяқ боп қалдым, Бәужан қарағым, кешір мен бейбақты, – деп, Дошанай атам еңкілдеп жылап жіберді.

Ол кезде өлген адамға Құран оқып, дұға қылатын заман ба? Құран оқығаныңды көрсе, ана Жуанқұлдар табанда түрмеге апарып тықпай ма? Мына Батыр соны да білмей ме? Қайыс тондылардың қабағы түсіп кетті. Бірақ Батырға үндей алмайды.

– Білемін, Дошанай көке, кінә сенде емес, мыналарда! – деп, Батыр сабаудай сұқ саусағын қайыс тондыларға қадады.

– Иә, иә, сөйтші, Бәужан қарағым, соларға айтып қойшы, – деп Дошанайдың айызы қанғандай құнжыңдап, қуанып қалды.

Қайыс тондылар қаймығып, төмен қарады.

Біз ойлаушы ек: дүниеде Жуанқұлдан үлкен үкімет жоқ деп. Сөйтсек, Жуанқұл аждаһа көрген көжектей бүрісті де қалды.

Содан соң есімде қалғаны: Қарақас дейтін анамыз Батырдың өзіне айқайлап:

– Әй, Бауыржан, өзің көріп тұрсың, осы мына алдыңдағы адамдардың арасында атпал азамат бар ма? – деді. – Кілең өлесі шал-кемпір мен жесір-жетімдер. Неге ақырасың бізге?! Көріктей сөнген көңілімізді көтере ме десек, сонау соғыста жүрген боздақтарымыздың хабарын айтып қуанта ма десек.


Қарақас қанша қасқыр болса да басын шайқап, көзін тас жұмып, астыңғы ернін қымқырып, үнсіз уілдегендей болды. Жұрт шошына тына қалды.

Қарақас қайтадан қаһарланды:

– Осы ауылдан кеткен Сатылған мен Сәрсекәзы қайда, Исақұл мен Әділхан қайда? Ана Мамыттың Орхасы мен Нохасы қайда? Тере берсе толып жатыр, не хабар білесің солардан?

Батыр:

– Ы-ы-ы,– деп ыңыранды. Галифе шалбарының қалтасынан темекінің құтысын шығарды. Сірә, «Қазбек» деген папирос болар. Папиросты шарт тұтатып, түтінді аузынан будақ-будақ шығарды. Сірә, өрге көтерілерде түтіні будақ-будақ атқитын қара паровоздай ғаламат күш түскен болуы керек. Содан соң айбынданып:



– Бүйтіп сендердің алдарында тұрғанша, қақаған оқтың өтінде, қаптаған жаудың бетінде тұрғаным жақсы еді, – деді.

– Сұрапыл сұрақ қойдың, Қарақас жеңеше, – деді. – Соғыста, сонау Балтық теңізі мен Қара теңіздің арасына дейін созылған соғыста мың-миллион әскер бар. Осы ауылдан ғана аттанған бір топ Құли-Шілмембет бір жерде жүрген жоқпыз, жан-жаққа шашырап кеткенбіз. Аман болса, жүрген шығар, аруақ-құдайға сиын, Қарақас. Ақментай батырдың, Домалақ анаңның, Бәйдібек бабаңның аруағына сиын, Қарақас! Қапаланба, Қарақас! Бар жамандықтың бір жақсылығы бар. Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді. Кебенек киіп кетіп еді ғой балаларың, үмітсіз шайтан деген, Қарақас!

Батыр бұрынғыдай емес, жібіді. Ортаға шықты. Кемпірлер жағы оның пошымы бөтен венгеркесінің етегінен сүйіп, көздерін сүртіп, тәу етіп жатыр. Батыр жүдеу балалардың басынан сипап шықты. Менің де басыма алақаны тиді, басым тыз ете қалды. Сірә, алақанының оты бар шығар.

Менің тұсымнан өтіп бара жатып, жанымда тұрған Айшаға қарады:

– Оу, жеңеше, амансың ба? – Состиып тұрып: – Солдаттың шинелін киіп алыпсың ғой, – деді.

– Кебенек деген осы, Шырақ, – деді Айша. – Ағаңды мыналар баяғыдақ жалмаған, – деп, қайыс тондыларды меңзеді. – Онымен қоймай әлі бізді «халық жауы» деп қорлайды. Қайда барып күн көреміз, Шырақ?!

Батыр Айшаны арқасынан қағып: «Шыда! Мына балаңды өлтіріп алма», – деді.

Аттылар батысқа кетті. Алдарынан қияқтанған Ай көрінді. Айша мені жетектеп алды. Үйге қайттық.

– Жарықтық, Момыш ата осы баласын ертіп келіп, біздің үйден қымыз ішуші еді, –деді.

Қымыз дегенді мен біле бермеймін. Ес білмеген кезде татсам татқан шығармын... Бір кезде болған дейді...

ҚЫРҒИ МЕН ҚҰЛАДЫН

Мен көрік басамын. Көрік үлкен, өгіздің терісінен жасалған, жел толса – зілдей ауыр. Жел толып, көмірі жанған отты үрлеп, жалындата



түседі. Қып-қызыл көмір шоққа Нәметқұл көкем тістеуікпен соқаның тісін салып балқытып, шоғын шашыратып суырып алып, темір төске төсеп, балғамен ұрып өткірлейді. Қып-қызыл темір қамырша иленіп, балға қалай ұрса, солай жаншылып, бірте-бірте сұрлана береді. Оны Нәметқұл тістеуікпен бөшкедегі суға быж еткізіп тастай салады да, екінші тісті қолға алады.

Екінші тіс шоқта балқып жатады. Ол жақсы пісуі үшін, мен тынбай көрік басамын. Қарым талып шаршаймын. Тер одан да кетеді, бұдан да кетеді. Нәметқұл үндемейді. Сәл тыныстаса қайтеді. Оның да маңдайынан, бет-аузынан тер саулайды.

«Тердің моншада шыққаннан гөрі, осындай орасан еңбекпен шыққаны пайдалы» – дейді Нәметқұл.

Онысы рас та шығар.

Ақ егіс орылып біткен. Енді тары қалды. Тары да пісті. Әне-міне, орақ түседі. Колхоз сүдігер жырта бастады. Әне, соқаның тісі соған керек. Зауыттан келіп жатқан тіс жоқ. Бәрін Нәметқұл өзі соғады. Оны соғысқа алмай жүргені де содан шығар. Ол соғысқа кетсе, колхоз темір құралсыз тұралап қалар.

Нәметқұл келесі тісті бөшкедегі суға лақтырып тастап, жеңімен маңдайын, бет-аузын сүртіп, айқара ашық есіктен далаға қарады. Анадайда біздің үй көрінеді. Одан ары алқапта қызыл изен басын иіп, желмен тербеліп тұр. Нәметқұл далаға шығып, аспанға қарады, батыс жаққа қарап біраз тұрды.

Ішке қайта кіріп:

– Барсхан, – деді.

– Не, көке?

– Болды. Дүкенді жабамыз, – деді. Қып-қызыл шоқты күлмен көміп тастады. Көнетоз бешпетін киді. Мен қуанып кеттім.

– Не істейміз, көке?

– Бөдене аулаймыз. Күнді көрдің бе? Желтең. Шақпақтан соғып тұр. Әлі күшейеді. Нағыз бөдене ұстайтын кез.

Қара жолдың үстіне, тастаққа егілген тары алқабына қарай тарттық.

Тары піскен қыркүйек айы. Қырғи келген кез. Мұны Нәметқұл көкем айтады. Қыркүйекте қырғи келеді дейді. Бұған дейін қайда жүрген?

«Қыркүйек»– «қырғиек» емес пе екен? Неге бұл уақытқа келеді десе, тарыға жаушымшық өлердей өш. Жаушымшық шоқыған тарының сояуы басы салбырамай, қауызы ғана қаңырап, репеті кетіп, қаңқиып тұрады.



Дәл сол кезде қырғи келсе, жаушымшық тарыға жоламай безіп кетеді. Бұл елдің тарыны басқа дақылдан гөрі кеш егіп, әдейі қыркүйекте пісетіндей етіп себетіні содан.

Мұны да маған Нәметқұл айтады.

Ауылдың сыртына, қара жолдың үстіне шығамыз. Сайдың басында күйген кірпіштің үйіндісі жатыр. Бір кезде бұл қара жолмен пошта жүрген дейді Нәметқұл. Әрбір жиырма бес шақырым сайын бекет болған. Бекетті патша қызыл кірпіштен соққан. Енді пойыз шыққалы бері қара жолдан сән кеткен, бекет үйі құлаған. Кірпішін әркім-әркім пеш салуға талап әкеткен. Енді үйіндісі ғана жатыр.

Аспан тұнжыр. Жел үйлдеп, қураған сиырқұйрықтың басы ызыңдайды. Піскен мияның дәні сылдырайды. Даланың өзі композитор. Дала музыка тартып тұр.

Аңызақтың үстінде қалбиып дәу қарақұс ұшып жүр.

– Көке, анау бүркіт пе? – деп сұраймын Нәметқұлдан.

– Қайдағы, – деп күледі ол.

– Лашын ба?

– Жоға. Лашын бұл жерден боқ жей ме?

– Қаршыға ма?

– Лашын, қаршыға – көлі көп, сулы, нулы жерде болады. Қаз-үйрегі мол жерде жүреді.

– Иә, Жуантайдың үйрегі бар ғой.

Нәметқұл күледі.

– Жуантайдың сай суына аунаған екі-үш үйрегін қаршыға не қылады? Қаршыға мен лашынға жүздеген үйрек-қаз керек. Шетінен қырып салады.

Шетінен қырып салып не керегі бар? Бір-екеуін жеп тойып алса, тоба қылмай ма?!

– Ал енді мынау не? – деймін, төбемізде асықпай айналып, қанатын анда-санда, қалбаң-қалбаң қағып қойып жүрген қарақұстан көз алмай:

– Ол – құладын, – деп күрсінеді Нәметқұл.

Неге күрсінеді?

Сөйтсе, құладын-құс тышқан аулайды екен. Тышқаншылаған күйкі тіршілік.

Біздің тіршілікке ұқсайды. Құлашты кең жайып, биікке самғап, дүниені дүр сілкіндіре алмайтын келте қадам.

Нәметқұл оқыса, зор ғалым болар еді. Темірден неше түрлі құрал шығарады. Көктемде су тасып, адамдар сайдан өте алмай қалғанда,



Нәметқұл екі сырықты екі аяғына жалғап алып, қандай терең су болса да кешіп өте береді. Сырықтан аяқ жасап алу кімнің қолынан келеді? Қалай құлап кетпейді, ешкім білмейді.

Біз тары тербеліп тұрған тақтаға да жеттік. Басы иіліп, желмен тербеліп, теңіздей толқиды. Енді орып алмаса, төгіліп қалайын деп тұр. Орып, бастырған соң, біздің қамбамызға түсу қайда-а-а. Бәрін сыпырып-сиырып, өкіметке өткіземіз.

Соғыстағы солдаттарға тары өте қолайлы ас көрінеді. Ботқа пісіреді.

Ал біздің ауылдың қатындары там-тұмдап, қалталап, дорбалап алады ғой, әрине. Жандарын шүберекке түйіп жүріп алады. Сөйтіп, қыстыгүні оны қайнатып, қуырып, келіге түйіп, сөк қылады. Майсөк жесең, жұмақта жүргендей боласың. Кейбіреулер боза ашытады. Бозасын ішсең, қардың үстінде ұйықтасаң да үсімейсің.

Нәметқұл көкем тарының үстіндегі атызды жағалап келеді. Қалың тарының ішіне кірмейді. Атыздың бойына тарының шашырандысымен бірге итқонақ балықкөз өскен. Түп-түп көде көрінеді.

Желге қарсы жүріп келеміз. Желді күні бөдене ықтап, бұғып жатады екен. Нәметқұл жерден көз алмайды. Көзімен әрбір тал шөптің түбін тінткілеп келеді.

Бір уақытта артында келе жатқан маған қолын көтеріп, белгі берді. Үндеме дегені шығар. Жүрегім дүрсілдеп, тұрдым да қалдым. Нәметқұл бір түп көдені айналып кете бергенде көрдім: топ-томпақ, әдемі, қызғылтым түсті бөдене Нәметқұл арбап қойғандай, ол қалай жүрсе, солай бұрыла береді. Нәметқұл екі-үш айналды. Бөдене де бір орнында Нәметқұлға көзін қадап, дөңгелене берді. Бір уақытта, көкем бөдененің қарсы алдынан келіп, бас салды. Ұстап алды. Ғажап!

– Неге ұшып кетпеді? Неге қашпады? Көріп жатты ғой, – деймін.

– Бізді мал екен деп қалды, – деді Нәметқұл.

– Ал бірден ұстап алмай, айнала бергеніңіз қалай?


– Мен айналсам, о да айналады. Содан басы айналып, ұшуға шамасы келмей қалады. Қарсы алдынан келмесең, ұшып кетеді.

Кішкентай жүрегі дүрс-дүрс етеді, жып-жылы.

Нәметқұл:

– Қораз екен, – деді. Сөйтті де менің көйлегімнің етегін шалбарыма тереңірек сұғып, омырауымды ашып, бөденені менің қарнына сүңгітіп жіберді. Бөдене тапырлап қытығымды келтірді.

– Ештеңе етпейді, қазір тыншиды, – деді Нәметқұл. – Көйлегіңнің етегі ышқырыңнан шығып кетпесін.



Сөйтті де атызға бойлап, ары қарай тағы да көзімен жер тінткілеп кете барды.

Бөденеден айырылып қалмайын деп, көйлегімнің сыртынан сипалап қоямын.

Жел қатайды. Шақпақ тауының басы қарауытып алыпты. Көйлекшең бойым тоңазиын деп еді, жұдырықтай құстың жылуы әсер етті ме, жаурағанымды сезбей де қалдым.

Енді мен де өз бетімше бағымды сынап көрмекші болып, тарыны жиектеп келемін. Әлден уақыттан кейін көріп қалдым: көзі бақырайып, маған тесіле қарап, қарсы алдымда жатыр. Өзім сасып қалдым да, үстіне құлай кеттім. Астымда қалған сияқты еді, тұрып қарасам – түк жоқ. Ұшып кетіпті. Ол аз болса, жаңа жығылғанда ышқырым ысырылып, көйлегім түріліп, қойнымдағы бөдене де шығып кетіпті. Өкінгеннен жылап жібердім. Нәметқұл көкеме не бетімді айттым? Бет жоқ.

Алыстан о да байқап қалған екен. Қасыма келді. Не болды деп сұраған да жоқ. Ышқырымды жөндеп, үн-түнсіз өз қойнынан екі бөдене шығарып, менің көйлегіме салды. Басымнан сипап қойды.

– Өсте-өсте үйренесің, – деді.

Ай, заман-ай десеңші! Көп кешікпей Нәметқұлды да әскерге алды. Бұл ұста ғой, колхоз тіршілігінің тұтқасын ұстап тұрған осы ғой деген жоқ. Мен ұстазсыз қалдым.

Келесі көктем де келді. Мамыр айында тары мен жоңышқалықта бытпылдақтап бөдене сайрайды. Тағы да күз келді. Мен бөдене ұстауға шықтым. Бірақ біреуін де ұстай алмадым. Нәметқұлдың өнері маған қонбады. Сол жолы ол мені әдейі ертіп шығып еді. Көрсін, үйренсін деп еді. Бірақ мен нашар шәкірт екенмін. Жолым болмады. Бөдене маған алдырмады.

Былтырғы құладын әлі ұшып жүр. Анда-санда, қалбаң-қалбаң етіп қойып, екі көзімен жер тесіп, арпасы орылған аңызды айналады да жүреді. Тышқан одан гөрі ақылдырақ па, әлде айлалы ма, құладын құстың жерге құлап, мақұлық ұстағанын көрмедім. Оның есесіне зымырап ұшқан қырғидың бөдене жүнін бұрқыратып, дәп-дәлесін шығаратынын көрдім.

Қырғиды жек көріп кеттім. Қызғаныштан да емес. Зорлықшыл, мейірімсіздігіне, тойымсыздығына бола.

Құладын құсқа жаным ашыды. Неге екенін білмеймін? Мүмкін, тағдырлас шығармыз.



Мына қияметі мен қиындығы көп дүниеге ебедейсіз жаратылған жандар болармыз. Ай, құладын, құладын...

КИІЗ ДОП

Пайғамбар жасына жақындасам да, кейде менің бала болып кеткім келеді. Өзім құралпы, өзімнен кіші, көңілі жақын жандармен алысып-жұлысып, күресіп, белдесіп ойнағым келеді. Кейде тіпті ауылға барғанда, кішкентай балалармен кәдімгідей асыққа таласқым да кеп кетеді.


Мұным қалай деп өзіме-өзім тыйым саламын. Бірақ кейде өз құрбы-құрдастарыммен қалай алыса түскенімді байқамай қаламын.

Жатып алып ойласам: мұның бәрі өмір заңының бұзылуынан екен. Өмір заңы: бала – бала болуы керек. Балаға тән аз дәуренді басынан кешіру керек. Егер балалық дәуренің шала болса, сол жетіспей қалған сыбағаңды кейін есейгенде аңсап тұрасың. Ал жалпы, қай жаста болсаң да кей-кейде бала болып, балалық шаққа оралғанның ерсілігі жоқ па деймін. Сәби шағын мүлде ұмытып кеткендер, артына бұрылып бір қарамағандар – тегін білмес топастар ма деп қаламын. Олар туған анасын да, Отанын да тез ұмытып кететін опасыздар сияқтанады да тұрады.

Сорымызға қарай, балалық шағымыз соғыс жылдарына тап болды. Сол шақтың өзінде де, өзегіміз талып жүрсе де, анда-санда біз де ойнайтынбыз.

Ойынымыздың түрі – киіз доп. Немесе қашпа доп. Ол былай: көктемнің көкөзегі өтіп, майысып мамыр айы келеді. Мамырдың аяғын ала сиырлар түлей бастайды. Көкке тойғаны ғой. Дәл сол кезде зеңгі баба баласы құтыра бастайды. Таңертең жайбарақат еріне басып, бұзауын қимай артына мойнын бұрып, мөңіреп қойып өріске кеткен мал сәске түс кезінде жын қаққандай, құйрықтарын шаншып алып, көздері алара ақшиып, жолында не кездессе де соның бәрін жапырып, жайпап, ошақтағы қазанды төңкеріп, қайнап тұрған самаурынды құлатып, кейбіреудің қара лашығын таптап, тас-талқаныңызды шығаратын.

Сөйтсе, оқалақ, оқыра деген болады екен. Жылқының бөгелегі болса, сиырдың оқалағы бар. Оқалақ сиырдың құйрығы жетпес жон арқасын



шағады екен де, сол жон арқаға тұқым тастап кетеді екен. Оқалақ шаққанға шыдай алмай, сиыр сорлы жынданбай ма. Көп ұзамай, әлгі ұрық құртқа айналады да, сиырдың арқасын жыбырлатады ғой. Ал шыдап көр. Сол құрттан қайтадан оқалақ оқыра ұшып шығады. Залымын көрмейсіз бе? Әйтпесе, ұяны сиырдың не құйрығы, не тілі жететін жерге салмай ма? Жоқ, дәл жон арқадан. Кәдімгі қара шыбыннан сәл ғана үлкен, титімдей жауыз үп-үлкен ірі қараны осынша зорлағаны, арқасын тесіп, жайлы, майлы жерге ұялап, жұмыртқалағаны таңғажайып.

Қош. Ал енді сиырдың сол шақтағы құтқарушы досы бізбіз. Оқалақтаған сиырды ұстап алып, сипап-сипап, арқасындағы өлі жүнін жұламыз, бармақтай болып бөртіп-бөртіп тұрған жонын саусақпен сығып, бырт-бырт еткізіп, аппақ құрт шығарамыз. Сиыр сүйсінеді. Құртты терген сайын көзін жұмып, мөлиеді де қалады. Есесіне бізге өлі жүнін береді.

Ал енді ол жүнді неғыласың дейсіз ғой. О, ол жүннен шекпен тоқымаймыз, киіз де бастырмаймыз. Ол жүннен қолдың басындай доп жасаймыз.

Оның өз технологиясы бар. Өлі жүнді ыстық суға малып алып, қос қолдап уқалай берсең, басы бірігеді. Үстемелеп тағы жүн қосып уқаласаң, біраздан соң доп болып шыға келеді. Қол доп. Салмақтырақ болуы үшін, өзегіне тас салып қойсаң, тіптен әйбат.

Ол допқа таяқ керек. Құдайға шүкір, сол кезде Мыңбұлақтың бойында, әлі әдемі сәмбі талдың тамтығы бар болатын. Содан тұмсығы қайқы бір-бір таяқ кесіп аламыз. Содан соң ойын дайын.

Осы күні ойласам, ол ойынымыз кекірігі азған бай ел Америкада «гольф» дейтіннің сыңары сияқты. Ортадан бір шұңқыр қазып қойып, әлгі киіз допты алыстан ұрып, соған түсіру керек. Кім түсірсе, сол ұтады, кім түсіре алмаса, белгілі бір мәреге дейін қашуы керек. Ұтқан бала қашқан баланы доппен қадап ұрып дәл тигізсе, екі есе ұтады. «Қашпа доп» деген – сол. Ойынның одан басқа түрлері бар еді – ұмытыппын. Қазіргі ауылдың балалары оны білмейді. Допты жүннен жасауды да білмейді. Өйткені резеңке доп деген шықты.

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар», – деп, Айша талай айтты. Асықты да ойнадым – ұтылып қалдым. Допты да ойнадым – ұтылып қалдым. Допты ойнап жүргенімде, не сиырды бұзау еміп қояды, не жәутік Батырхан отқа түсіп кете жаздайды. Әйтеуір, қырсығым көп.

Сені көп ренжіткен сол бір шала-пұла ойынымды, кейде айтқаныңнан шығып, сені қиналтқан әсіреңкілігімді кешіре гөр, Айша.



Қанша қиын болса да, қанша зұлмат өтсе де, енді міне, сол кездерді сағынамын. Сөйтсем, Айша, сенің ұрысқаның маған майдай жағады екен ғой. Соны да сағынамын. Үзіліп-үзіліп... Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды екен ғой.

ҚАРА АРПА

Қайдан шыққанын, қайдан әкелгенін біз қайдан білейік, әйтеуір, біздің колхоздың қамбасында қара арпа пайда болды. Шамасы, үкімет берген болар. Соғыс кезінде әлдеқайдан қара арпа тауып беріп жүрген үкімет те осал емес.

Бірақ бастық айтты: «Бұдан ешкімге бір түйір дән берілмейді. Бұл – тұқым!» – деді.

Сөйтті де қамбашыға сенбей, Әбіш атамды қарауыл қойды. Қарауылға да қарауыл керек екен, Әбіштің қасына жәрбитіп мені отырғызып қойды. Мен сонда Павлик Морозов болуым керек. Әбіш атам әлдеқалай ақсақ қамбашы Оспаналымен «ауыз жаласып» кетсе, мен оларды әшкерелеуім керек.

Бір қызығы, қарауылдар қамбаның сыртынан қорымайды, ішінде отырады. Сыртымыздан құлыптап кетеді. Қыстыгүні күн суық, сірә содан болар. Мен қайдан білейін?

Айша Жуанқұл бастыққа:


– Жұдырықтай баланы түнгі жұмысқа қойғаның не? – деп жақтырмап еді, бастық:

– Әй, «халық жауының» қатыны, аузыңды жап! – деді.

«Халық жауы» деген сөз шыққан жерде, қайран Айшаның аузына құлып салынады да қалады. Тілін тістеп, үндей алмады.

Қамбаның іші қараңғы. Әрине, суық. Әбіш атам көнетоз түлкі тымағының құлағын түсіріп, бауын байлап алған. Тымақтай көне тоны бар. Аяғында байпақты пұшық калош. Мен де осал емеспін: басымда Айша өзі тігіп берген ақ қоян құлақшын. Аяғымда Айша сыртын қара матамен сырып тіккен киіз байпақ. Үстімде сырмалы күпәйке. Сол сияқты құрап тігілген мақталы шалбар. Тері қолғабым тағы бар.

Әбіш атамның құлағы тосаңдау. Оның үстіне жұпыны түлкі



тымағын баса киіп, бауын байлап қойған, айқайлап сөйлемесең, естімейді. Шоң мұрын, қысық көз, сақал-мұрты бурыл, ұзын бойлы, бірақ бүкіш кісі. Таяғын ұдайы арқасына салып тіреуіш етіп, екі бүктеліп жүреді. Саған бірдеңе айтардың алдында үн-түнсіз, өз-өзінен кеңкілдеп күледі. Қазір қараңғыда ол күлгенін көрмейсің, бірақ сезесің. Маған қарап, сірә, күліп отыр.

– Ә, қызталақ, жаураған жоқсың ба? – дейді.

– Жоқ, ата, – деймін.

– Е-е-е, – дейді.

Одан ары үн жоқ. Сірә, тұрымтайдай баламен не туралы әңгіме бастауды білмей отырған шығар. Мен де қайбір тақылдап тұрған дейсің, сөзге жоқпын.

– Бастық енді еңбеккүнді екеумізге бөліп жаза ма? – дейді басқа сөз таппаған керең карт.

– Білмеймін, – деймін дауыстап. – Еңбеккүн жазды не, жазбады не – бәрібір емес пе?

– Е, неге?

– Бәрібір ештеңе бермейді ғой.

Атамның үнсіз күлгенін сезем. Соңынан:

– Сенікі рас ей, қызталақ, – дейді.

Кейін ойласам, әңгіме еңбеккүнде емес, ол менен еңбеккүнді қызғанып отырған жоқ. Мәселе басқада екен...

Үлкен ұлы Қайып әскерге кеткен. Хабар жоқ. Үйінен шықпайтын қара кемпір (Құдай иманын берсін, атын ұмыттым) ине жұтқандай ішін басып, бұралып отырады. Дімкәс. Менімен жасты Сүлеймені о да ілмиген, боп-боз. Үнемі тық-тық жөтеледі. Сонда бүкіл үйде бас көтерер мына бүкір шал ғой. Әулие шатыс адам, тәуіпшілігі бар. Сонда үйдегі екі масылды бірдеңе етіп асырауы керек қой. Әсіресе, Сүлейменге күшті тамақ керек. Ал үйінде біруыс қара талқаны болмаса, өкпе ауруы қайдан жазылады.

Ал Әбіш әкесі бар қамба қара арпаның қасында отыр. Қос уыс алса, әлгі міскіндеріне талғажау, бірақ қарауыл – Павлик Морозов бар. Ол кезде менің қызметім Павлик Морозов екенін қайдан білейін. Білсем... алпыс үйлі адыр маутанға қара арпаны қап-қабымен таратып жіберер едім. Ақыры «халық жауының» баласымын. «Халық жауының» баласы халыққа жақсылық жасар еді. Қайдан білейін.

Бірақ бәрібір мен Павлик Морозов емеспін!

Қараңғы қамбада қамалып, үнсіз отыра берген де қиын болар, Әбіш атам:



– Әңгіме айт-ей, Барсхан, – деді. Құнжың етіп, иығымды қиқаңдатып:

– Не айтамын, өзіңіз айтыңыз, – деймін.

Шал тағы да күледі. Не дер екен деп біраз отырдым, үндемейді. Шыдай алмай:

– Ата, – деймін.

– А-а? – деді созалаңдатып.

– Мұртаза шыннан жау ма?

Шал шошып кеткендей:

– Кім айтты? – деді.

– Кім айтушы еді, Жуанқұл бастық, Тасбет бригадир айтып жүр ғой.

Байқаймын, күлгенін қойды. «А-а-а» деп бір жері ауырғандай толғатып отырып алды.

– Мұртазадай бозым жігіт қайда-а-а, – деді. «Бозым» дегенін онша түсіне бермеймін.

– Айтыңызшы, қандай кісі еді? – деймін.

– Оттапты! – дейді Әбіш үні қаттырақ шығып.

– Кім?

– Әлгілер... Солар күні кеше сенің әкеңнен, әсіресе әжеңнен (жаны жаннатта болғыр), әжең Күнікей бәйбішеден көп қайыр көрген жандар. О-о-о, – дейді Әбіш ішінен жалын атқандай. – Қайда енді ондай адамдар! Күнікей бәйбіше – Жолан Жаныстың қызы еді. Төле бидің ұрпағы. Бердімбет жәкем (Құдай иманын салауат етсін) ерте марқұм болды да, Күнікей бәйбіше осы бүкіл Маутан, Шектібай, Күшпан баласын асырап қалды ғой. Бердімбет бай кісі еді... Сол малды Күнікей бәйбіше осы Мыңбұлақтың бар баласынан аяған жоқ. Күнікей – Мұртазаның, Әміркұлдың анасы ғой. Айша шешең айта ма саған соны?


– Айша ол әжемді көрмепті ғой.

– Е, бәсе, солай екен-ау, Айша келін боп кейін түсті. Сенің әкең Мұртаза, Мұртазаның әкесі – Бердімбет, Бердімбеттің әкесі Үкібас, Үкібастың әкесі – Тоқсанбай... Түсіндің бе? Тоқсанбайдың төрт баласы бар: Үкібас, Шоқыбас, Үсіп, Жылтыр. Қош, Тоқсанбай, Тоғамбай, Арықбай, Бәйтік – Маттың баласы. Мат – Маутанның баласы. Түсіндің бе? Мына мен Тоғамбайдың баласы, сен Тоқсанбайдан тарайсың. Түсіндің бе?

– Түсіндім, ата.

– Түсінсең айтшы, кәне!

Мен Мұртазадан бастап, тақпақтап шықтым.



– Ой, айналайын, ақылдым, – деп, Әбіш мені құшақтап, арқамнан қағып-қағып қойды.

Енді бұл атам Маутаннан ары қарай ұзақ жолға түседі. Маутан – Шахаман – Құли – Шілмембет – Бекболат – Шымыр – Дулат... Сонау Бәйдібекке барып тіреледі. Домалақ ана туралы хикая кетеді...

Ұйықтап қалсам керек, сықыр-сықыр, сылдыр-сылдыр, сыбыр-күбірден оянғандаймын. Қамбаның құлпы ашылған сияқты, әлдекімдер қараң-құраң жүрген сияқты. Ұйқым ашылмайды, өң мен түстің арасы. «Павлик Морозов» екенім есіме түскендей. Қара арпаны біреулер арбаға тиеп артып жатқандай. Айқайлағым келеді. Үнім шықпайды. Қайтадан ұйықтап қалыппын.

Таң ата үйге келсем, Айшаның қабағы ашық. Қарындасым мен інім де қутыңдасып қалыпты. Құрмаш қол диірмен тартып отыр. Қарасам – қара арпа!

Өзі қара болса да, талқаны аппақ!

Кейін-кейін, Айша айтады ғой: сол түні Оспаналы қамбашы, Айша, Сүлеймен үшеуі барып, қамбаны ашып, бір-екі пұттай қара арпа алса керек. Құдай абырой бергенде, Жуанқұл бастық сезген жоқ.

Қара арпа, ақ талқан – тағзым саған.

ҚАРА АРПА, ҚАРА БИЕ

Қамбадағы қара арпаны көктемде қара жолдың үстіне, зираттың іргесіне септік. Жалғыз ЧТЗ тракторына ат, өгіз соқалар көмектесті. Мен өгіз соқаға шықтым.

Енді, міне, сол арпа дүмбіл болып пісейін деді. Үздігіп жеткен жаңа астық. Әр жерде ойдым-ойдым аралдай болып сарғая бастады.

Үздіккенде де жаман болады. Мен жылқы бағамын. Жылқы қайырған болып барып, арпаның масағынан үзіп-үзіп алып, әлгінің уыз дәнін шикідей сорамын. Әлі үгітіп, дәнін қауызынан ажыратуға келмейді, сондықтан қылпығымен ауызға салып, шайнап-шайнап сорғаннан басқа амал жоқ. О да болса тамаққа талшық.

Арпаны мен ғана емес, колхоздың қамыттан қажыған аттары да



жақсы көреді. Сәл көз жазып қалсаң, жайқалып тұрған егінге тап-тап береді.

Әсіресе қара бие жаман. Өзінің өзге жылқыдан тұрпаты бөлек: тұрқы ұзын, мойны құрықтай, шоқтығы биік, бітімі келісті-ақ.

Соғыс басталған жылы Қаратауда атты әскер тұрған көрінеді. Осы бие сол әскерден қашқан «дезертир» деседі. Әйтеуір, біздің колхозға сіңіп қалды. Өзі былтыр бір рет құлындады. Онысы биыл тай болды. Менің мініп жүргенім – сол бурыл тай. Әкесі – колхоз бастық мінетін сол көк айғыр. Көк пен қарадан бурыл шығатын көрінеді.

Қара бие жалғанның бұзығы. Үлкендер «бұл бәле көрген» деседі. Басқа аттар мәнжубас, айтқаныңа көнеді, айдағаныңа жүреді. Ал қара бие...

Көзімізді ала беріп, арпаның ішіне кіріп кетеді. Ал енді қайыруға көнсеші. Мені баласына ма, залым, білмеймін. Жанына жақындасаң құлағын жымқырып, қосаяқтап тебе бастайды. Менің астымдағы ат өзінің құлыны ғой, бірақ оны да аямайды. Алдынан келсең – тістейді, артына шықсаң – тебеді. Қолымда ұзын шыбығым бар (қамшы қайда!). Оны місе тұтпайды, ұрғаныңды шыбын құрлы көрмейді. Айдамасаң, арпаны жайпап бара жатыр. Бастық көрсе, мен құрыдым.


Осылайша екі оттың ортасында жүргенде, арпа да пі-сей-і-і-ін деп қалды-ау.

Бердімбет сайының басында жылқыны сазға жайып, бурыл тайдың үстінде жәрбиіп отыр едім, қасыма Қорғанбай келді. Қолында дорбасы бар, дорбаның ішінен қол орақтың ұшы қылтиып көрінеді.

– Сен, – деді ол маған,– жан-жақты қарап тұр. Охран яки бастық көрінсе, жылқы қайырған болып, қатты айқайла.

Сөйтті де арпаның қалың ортасына кіріп кетіп, масақты қол орақпен қырқып ала бастады. Мамыт жәкемнің баласы. Мамыт жәкем өйтіп-бүйтіп даладан мал тауып келеді. Бұлар соншалықты аш та емес. Оларға қарағанда, біздің үй үп деп отыр ғой. Айша қызылшадан қас қарая бір-ақ келеді. Үйде екі бала аш отыр. Мына пісіп қалған арпаға Қорғанбай қол салғанда, менікі не тұрыс?

Жылқының бас-аяғын жинап, сайдың табанына үйіріп тастап, бурыл тайды талға байлап, арпаға мен де сүңгіп кеттім... Көйлегімді шешіп алып, соны дорба қылып, арпаның масағын колмен жұлып, соған тықпыштап жатырмын. Орақ болмаса қиын екен, масақ алақанымды қиып кетті.



Көйлегімнің қарны кәдімгідей қампайып қалды. Бұл ашкөз болған жаман. Қанағат деп қайтып кетсем, еш бәле жоқ еді. Тағы да, тағы да... дей бергенде...

Қайдан шыққаны белгісіз, көк айғырды алқындыра арындатып, колхоз бастық Жуанқұл дәу перідей төніп келді.

– А, атаңа нәлет контра! – деп, қамшының астына алды кетті, алды кетті...

Сөйтіп, Қорғанбай екеуміз қолға түстік. Алдына салып, аттың бауырына алып, дедектетіп қуалап отырып, колхоздың қамбасына әкеліп қамады да тастады.

Жолда келе жатып бір байқағаным: қара бие біз масақ қырыққан жерге жақын қаздиып тұр екен. Колхоз бастық алыстан соны көріп келіп, біздің ұрлығымыздың үстінен түскен болды.

Қамбаның іші қараңғы. Өзі қаңырап бос тұр. Біздің қарнымыз қабырғамызға жабысып қалса, қамбаның қарны да қабысып қалған. Қамба тоқ болмай, қарын тоқ болмайды. Бұл – анық ашаршылықтың нышаны.

Қараңғыда түртінектеп, Қорғанбай екеуміз үн-түнсіз біраз тұрдық. Әлден соң ол:

– Оңбаған, сенің кесірің, – деді. Маған айтты.

– Мен неғылдым?

– Саған айттым ғой қарап тұр деп!

– Мен де...

– Енді екеуміз де түрмеде шіріміз. Әкеңнің түрмеде өлгені аз еді, енді өзің де сонда шірісің.

Қорғанбай мұны айтқанша, мені ұрғаны жақсы еді. «Түрме» деген сөз – мен үшін адамды өлтіретін жер. Түрмеден тірі қайтыпты дегенді әлі естімеген кезім.

Қамбаның қараңғылығымен қоса қат-қат уайым қалыңдай түсті. Бидай ұрладың деп былтыр көрші ауылдан бір әйелді соттап жіберген. Жап-жас балалары қалды, байы соғыста еді. Соған да қараған жоқ. Заң жаман, заман жаман.

Қой, қашу керек. Қамбаның қабырғасы қалың, есігі бекем. Мұны соғыстан бұрын ауылдың атпал азаматтары соққан. Сондықтан мықты. Қашып шығатын терезесі де жоқ. Ауа кірсін деп қойған қуыры төбеде. Ол биік.

Қашқанда қайда барасың? Шанышқылыдағы Әдия әпкемнің ауылына ма? Ол жерден де ұстап алады. Әдия әпкемнің күйеуі Қадырды да отыз жетінші жылы ұстап алып, Әулиеатада атып жіберген.



Көксайдағы Қырғыз атаның үйіне ме? Қырғыз ата айтатын Манас шыңына шығып кету керек шығар...

Түрлі ойлар, қиялдар...

Қай уақыт екені де белгісіз. Қорғанбай дорбасын басына жастанып, қорылдап ұйықтап қалды.

Әйелдің айқайлаған даусы талып естіледі. Есікке барып, құлағымды тосып тұрмын. Таныдым: Айша ғой. Айшаның даусы. Мені іздеп жүр. Демек кеш батып, Айша қызылшадан қайтқан ғой.

– Барс-ха-а-ан... Барс-ха-а-ан...

Кешкі айқай Тәңіртауға шағылып, жаңғырығып бара жатқандай.


Қатар-қатар жарысып жатқан сайларды жағалай шоқ-шоқ болып отырған ауыл, Айшаның айғайын түгел естіген шығар-ау. Бірақ біздің қамбада қамаулы жатқанымызды Жуанқұл бастықтан басқа ешкім білмесе керек. Бір білсе Қамқа кемпір білер, ол көріпкел ғой. Айша одан Барсханды көрдің бе деп сұрауы әбден ықтимал. Өйткені кейде мен Қамқа кемпірді үйіне көтеріп кіргізетінмін. Күні бойы далада, аласа орындықта отырады ғой. Келіні жұмыстан қайтқанша. Кейде келіні Мүнира жұмыстан тым кешігіп, көз байланғанда ғана оралады. Сондайда Қамқа әлсіз даусымен үн қатып, мені шақырады. Менің есітетін жерде жүргенімді сезеді. Өзі шүйке жүндей жеп-жеңіл, мен көтере аламын. Ол тұрмақ Бурныйдың элеваторына бір қапшық бидайды есекпен тасып, оны элеватордың сатысымен биіктегі бункерге де көтеріп шыға аламын. Рас, кейде тәлтіректеп, қапшықпен бірге биіктен құлап қала жаздаймын. Әйтеуір, Құдай сақтап, аруақ қолдайтын шығар. Ал мүмкін, Қамқа кемпірдің батасы дем беретін шығар.

Өйткені Қамқа мені жұмсаған сайын:

– Құдай саған әл-қуат берсін, қайсарлық берсін, ғұмыр берсін, құлыным! – деп, шидей арық саусақтары, арық алақандарын жайып бата беретін.

Күндіз Жуанқұл бізді қамбаға айдап, балағаттап, боқтап бара жатқанын Қамқа естіп қалуы да мүмкін. Айша сұраса, айтар.

Айша сұрайды ғой. Үйді-үйге кіріп сұрайды. Ал қазір айқайлап тұр. Тарғыл тастар арасында балапанын жоғалтып алған ұлардай талмай шақырады. Ұлар да бір мұңлық құс. Адамдар атып ала берген соң, екі аяқты жыртқыш жете алмайтын биікке, таудың қар жататын белдеуіне дейін шығып кеткен. Соның өзінде де жаулары бар. Қарны ашса, теңбіл терілі қар барысы да аямайды. Әсіресе бүркіт



қиын. Балапанын алып кетеді. Сонда сорлы ұлар ананың зарлағанын естісең...

Ал Қорғанбайды ешкім іздеп жатқан жоқ. Ол ұйқысын қандырып алып, анда-санда:

– Атаңа нәлет, Жуанқұл! – деп қояды. – Шыннан сотқа берер ме екен, – дейді.

Мен есікті тоқпақтап:

– Мен мұндамын, – деп шырылдаймын.

Бірақ оны Айша естімейді. Шәуілдеп иттер үреді.

Қарын аш. Оның үстіне қараңғы қамбаның іші дымқыл, салқын. Мен масақты жерге төгіп тастап, көйлегімді киіп алдым. Масақты ауызға салып шайнаймын. Сөлін жұтып, қылпығын түкіріп тастаймын. Әйтеуір, тамақ...

– Атаңа нәлет, Жуанқұл, шыннан соттата ма, – дейді Қорғанбай. – Осынша кешіккеніне қарағанда, ауданға барып милиса алып келер ме екен?

Мен милисадан қорқамын. Әкейді алып кеткен – солар. Олар әкеткен адам қайтпайды. Білемін. Енді мен де үйге қайтпайтын шығармын. Сонда Айшаның күні не болады, үйдегі екі баланың күні не болады? Бесіктен беліміз шықпай жатып, қасіретке батып, қайғы ойлаған жанбыз. Қамқа айтқандай, Құдай өзі қуат беріп, қайсар жаратпаса, өле салу оп-оңай.

Айша мені шақырып, айқайлап жүр. Даусы біресе жақындап, біресе алыстайды. Осыдан босасам, Айшаны, екі бауырымды алып, Талас Алатауының шыңына шығып кетсек пе екен. Ұлар құс сияқты.

Мен қамбаның есігін тепкілеп, тоқпақтаймын. Есіктің көздей тесігінен қылтиып жаңа туған Айдың қияғы көрінеді. Айшадан естігенімді ішімнен қайталап:

– Иә, Құдай, жаңа Айда жарылқа, ескі Айда есірке, – дедім.

Жарылқай ма, жоқ па, беймәлім?

АЛАҚАНДАҒЫ АЙ ТАҢБА

Иттің де ақылдысы, ақымағы бар. Тектісі, тексізі бар. Кісінің жақсы, жаманын ит пен бала таниды деген рас. Бірақ иттің бәрі емес.



Адамдардың арасында бұзығы, қараниеттісі, ұсақшыл қырттары бар сияқты, итте де небір тәсірсіздері бар. Жалпы, ит тұқымы адамға адал берілген хайуан екені рас. Бірақ «иттің етінен жек көремін», «иттің баласы», «сен итсің» сияқты балағат сөздер сол иттің тұтас затынан емес, жамандарынан туындаған болуы керек.

Мамырдың жадыраған жақсы күні еді. Әдеттегідей ауыл балалары бас шығарып қалған арпаны арам шөптен тазалауға шығамыз. Оны «отақ» дейді. Яғни, арам шөпті отайды. Ал арам мия арпадан аз емес. Оның бәрін отап шығу... азап.

Бастығымыз Қайрақбай дейтін қартаң көсе кісі. Бір топ жас балаға бір әумесерлеу көсе шал бастық.

Құданың құдіреті, сол шал көп баланың ішінде өзі де бала болып кете ме деймін. Өйтпесе ол бізге басшы да бола алмайтын шығар.

Бидайдың арасына мия деген шығады. Мияның жасымықтай дәні болады. Әне, сол – у. Мияның дәні араласқан бидай улы. Оны жеген өледі.

Қолымызда бір-бір өткір пышақ болады.

Командіріміз Қайрақбай егін басына барған соң, балаларды қаз-қатар тізіп қойып:

– Ал, батырларым, алға! Фашистердің басын қырқыңдар! – деп бұйрық береді.

Біз уралап лап қоямыз. Күрдек мияның басын ұшырып түсіреміз. Кейбір «батырлардың» көзсіздігі сонша, миямен қоса арпаның масағын да қырқып жібереді. Бір тақта егістің басынан аяғына кім бұрын шықса, сол – «герой».

Әуелі аптыққанмен, күн қыза келе шаршай бастаймыз. «Герой» болу оңай емес. Тақта ұзақ. Біреу бұрын, біреу кейін – тақтаның аяғына да жетеміз.

Енді кері қайту керек. Кері қайтқанда балалар барын салады. Өйткені, тақта басында әркім үйінен алып келген айран-шалабы, бірер үзім наны бар. Соны жылып кетпесін деп шөмеленің астына тығып қойғанбыз. Соған жету – пейішке жеткенмен бірдей.


Ақыры, жетеміз-ау. Сонда Қайрақбай командир:

– Әтбой! – дейді.

Онысы – демалыс дегені.

Қолымыз көк иілденіп, мия сасиды. Оны жуып жатқан біз жоқ, айран-шалапқа лап қоямыз.

Жан шақырып, көзімізге нұр біте бастаған кезде, Қайрақбай командир:



– Әй, қыздар, сендер ана шөмелеге барыңдар, – деп, тұлымшағы селтиген қыздарды қуып жібереді. Кілең ер балалар қалады.

– Мен сендерге қызық әңгіме айтамын, – дейді. – Мен өліп қалсам, оны сендерге кім айтады, – дейді.

Біз аузымыз аңқайып, мұрнымыз таңқайып, Қайрақбай қартқа қараса қаламыз.

Ал кеп боғауыз әңгіменің неше түрін жібереді-ай. Қиқылдап, шиқылдап күлеміз. Шаршағанымыз лезде ұмытылады.

Өзін қартпын-ау, иман керек-ау, баладан ұят-ау деген жоқ. О да бала. Әйтпесе, бет-бетімізбен қашып кететін шығармыз.

Тәрбиенің түрі – осы. Тәрбие берер тәсірлілер соғыста жүр. Бәрін қынадай қырқып алып кеткен. Ауылда қалған Қайрақбайдың сықпыты мынау.

Бірақ ауылда қалған шал-шауқанның бәрі Қайрақбай сияқты екен деп ойлап қалмаңыз...

* * *

Құлан тауынан асып барып күн батты. Бірақ Талас Алатауының шыңдары бізге көрінбей кеткен күн сәулесіне әлі оранып тұр. Шыңдарға қарағанда біз құрт-құмырсқадай ғана пендеміз. Тәкаппар таулар біздің әбден қалжырап, үйге қайтқымыз келгенін сезбейді. Қатал шал Қайрақбай ақырында:

– Әтбой! – деді.

Ел сыртындағы шырыш пен шоңайна тікен басып кеткен жадау зиратты айналып өтіп, бәріміз үркіп ұшқан бұлдырықтай құлдыраңдап, ауылға қарай тұра жүгірдік. Тұйық сайдың басындағы Салбидің үйінің тұсынан өте бергенде, қорасынан ала төбет абалап атып шықты. Балалар жан-жаққа, тым-тырақай қаша жөнелді.

Мен қалшиып тұрдым да қалдым. Бұл менің өзгелерден өзгеше батырлығым емес, сірә, ебедейсіздігім шығар.

Ит деген иесінің үйін, қорасын қорымай ма. Салбидің үйіне қастандық жасайын деген пиғылым жоқ. Ендеше, ала барақ жаман иттің менде несі бар.



Ит оны ойланып жатқан жоқ. Қара тұмсығы тыржиып, тістері ақсиып, тыныш тұрған мені келіп бас салды. Әуелі онсыз да шеттік тікен жырып қанталаған балтырымды алып түсті. Тірі жан емеспін бе, сол қолыммен тұмсығынан ұстай беріп едім, ақсиған, ақ қанжардай азу тісі алақанымды жалбыратып жарып өтті. Оң қолымдағы дорбада мия кескен пышақ бар еді, қапелімде суырып ала алмай, дорбамен итті бастан сабалап-ақ жатырмын.

Ақыры, үйдің иесі ме, әйтеуір, біреулер иттен ажыратып алды. Оны мен шала-пұла білемін. Өйткені балтырдан да, алақаннан да қан саулап ала жөнелді.

Сірә, балалар айтқан болуы керек, айқайын салып Айша жетті. Салбидің тұқым-тұқиянын қалдырмай қарғап-сілеп, жермен-жексен қылды. Кіржиген бүкіш Салби үндей алмай, үйіне кіріп кетті.

Айша менің қанымды тыя алмай, басындағы көне орамалдың шетін дар еткізіп жыртып, сонымен алақанымды орады. Еті ырсиып, жалбырап қалған екен. Тағы да дар еткізіп, бір жыртып, балтырымды байлады. Одан соң мені жерден тулақтай жұлып алып арқасына салып, сайды кешіп өтіп, Әбіш шалдың үйіне апарды.

Құдай оңдап, Әбіш ата үйінде екен. Бұл әлгі Салбиден де өткен бүкір. Бұл елдің қарттары неге бүкшиіп қалады? Әлде, қу тірлік бұл жақта тым-тым ауыр ма...

Әбіштің қара кемпірі күйбеңдеп жүріп, шишасыз жермай шамды жақты. Айша:

– Елдің баласы аман-есен. Қайнаға-ау, Құдай бізді қай жағымыздан қарғады. Бұл қағынғыр Барсхан тумай жатып әкесін жалмады. Көп баланың ішінен не пәлеге осы ұрынады. Не жаздық? – деп аһылайды.

– Қой, қарағым келін. Олай деме, – дейді құлағы тосаң Әбіш даусын әндете созып. – Әкесін адамдар жалмады. Баланың жазығы не...

Сөйтіп, жараларыма киіз күйдіріп басты. Қоңырсыған еттің күйік иісі қолқаны атты. Әбіш ата мені тірідей пісіріп жатты.

– Өй, айналайын, Мұртаза інімнің тұяғы. Батыр ғой, жылаған жоқ-ей, қын демеді ғой, өй, азамат! – деп қояды.

Үнсіз кеңк-кеңк күлгендей, әлде үһілегендей, аяқ-қолымды әлденемен шандып жатып:

– Иттің қапқанынан Құдай сақтар, балам. Адамның қапқанынан сақтасын. Әкеңді адамдар қапты ғой... – дейді.

Содан соң іңір қараңғысында далаға шығарып, мені күнбатысқа қаратып қойып, күңірене күбірлеп дұға оқыды. Дұға әуеніне ұйып

тұрғанымда, байқаусызда бетіме сұп-суық суды шашып кеп жіберді.

– Кет, бәле, кет. Алас-алас! – деді. Сөйтіп, мені бәледен ұшықтады.

* * *

Айша мені арқалап үйге қайтты. Есік алдында, қараңғыда үрпиісіп, Құрмаш пен Батырхан бізді тосып тұр екен. Екеуі де жас еді, екеуі де аш еді...

* * *

Содан бері сол қолымның алақанында ай таңба қалды. Жаңа туған айдың қиығындай-ақ таңба. Әлі бар. Сол алақаныма абайсызда болмаса, әдейілеп қарай бермеймін. Қарасам болды, азынаған азапты жылдар көз алдыма көлбең ете кетеді.

ҚЫРЫҚ ЖІЛІК

Пияш апамыздың ала сиыры жоғалып кетті. Ұшты-күйді жоқ. Пияш пен оның қызы Жібек іздемеген жері қалмады. Біз де қосылып іздедік. Біреулер айтты: «Осы Ақсай, Көксай жағында әскерден қашқандар тығылып жатады. Солар алып кетті», – деді.

Мына аласапыранда Ақсай мен Көксайға кім барады? Барғанда апайтөс аңғарлардың қай түкпірін тінтігендейсің? Тіпті тапқанның өзінде, ерні жалақ, жұқалаң сары кемпір мен біз сияқты жәутік балалар қай қарақшыға қауқар қылғандай...

Жалғыз кемпір, жалғыз қыз. Жалғыз ұл әскерде, соғыста. Тірі екені, өлі екені белгісіз.

Қыс қатты болды. Жалғыз сиырды кемпір мен қыз сол қыстан әрең алып шыққан.

Өздерінде үй дейтін үй де жоқ. Сайдың жарқабағында Нәмет-құл дейтін ұстаның үйіне жапсарластыра салынған жеркепеде тұратын. Бір кемпір, бір қыз, бір сиыр, бір мәшке ит.



Кемпір ұрысқақтау, бажылдақтау еді, жарықтық. Бірақ кейде бізді үңгір үйіне шақырып алып, бір-бір құрттан үлестіріп:

– Махан аға аман-есен келсін деп айтыңдар, – дейтін. Біз қосыла шулап:

– Махан аға аман-есен қайтып келсін,– деп жамыраймыз. Бала пәк, оның тілегін Құдай есітеді деп сенетін болуы керек. Әйтпесе, үлкендерге өйтіп дәм татқызбайды.

Сонда жеркепе, үңгір үй бізге қызық көрінетін. Қап-қараңғы. Ыстан қап-қара болған қамыс төбе. Ортада жалғыз ағаш тіреу-діңгек. Оған көп шеге қағылған, түрлі түйіншек, дорба, шипа шөп: адыраспан, киікоты, көкемарал, қылша – бәрі сонда ілулі тұрады.


Ал енді, осы Пияш пен Жібек о бастан, осылай тұяғы тарамысына ілінген сорлы деп ойламаңыздар. О, ақыр байдың баласы аштан өлген деген бар.

...Сайдың арғы бетінде айналасы атшаптырым дуалдың жұрнағы жатады. Оған жазда көк қарға, құрқылтай, жаушымшық, молдаторғай, әйтеуір, құс атаулы быжынап ұя салады. Ордалы жылан да сол ескі дуалдың іргесінде. Жапалақ пен байғыз да.

Әне бір кезде сол дуалдың ішінде керемет керуен-сарай болған. Үй иесі Ұзын Дембай атақты бай саудагер болған. Мына жағы Қытай, мына жағы Хиуа, Үргенішке дейін керуен тартқан. Бәйбішесі бала таппай, осы Пияшты тоқал алып, Пияштан бір ұл, бір қыз туды. Ұлы Махан (Маханбет) – әскерге кетті. Қызы Жібек – мынау. Екеуі де бәйбішенің бауырында өскен. Айша айтады, ұзын қайнағаның байлығы сонша, осы Жібектің жаялық-жөргегіне дейін шәйі матадан болыпты. Үш-төрт жасарында Әндіжаннан әкелген құлпырма атлас көйлек кигізіп қояды екен.

Менің шамамда, бұл НЭП-тің тұсы болар. Кейін-кейін дүниенің тас-талқаны шығып, дүние енді бетін емес, көтін көрсеткен ғой. Кәмпеске, тәркілеу, колхоз, ұлы зұлмат, ашаршылық, отыз жеті, енді міне, соғыс. Неғылған соғыс, не үшін соғыс? Жердің түбіндегі, айдала, алыс Қиырдағы соғысқа қазақтың қандай қатысы бар, оны біз білмейміз, әйтеуір, азамат атаулыны көгенге тізіп, көзден таса қылды. Соның бірі, осы үңгір үйдің ұлы – Махан. Наурыздың аяғын ала күн жылып, «алтынкүрек» жүріп, сайдың күнгей жақ қабағы ашылып, көк қылтиған соң, қаусаған мал қалтаң-құлтаң етіп жайылымға шыққан.

Сол-сол екен, Пияштың ала сиыры жым-жылас жоқ болды да кетті.



Кім айтқанын білмеймін, кәрілердің біреуі, мүмкін, Қамқа шығар, сірә, Қамқа болуы керек:

– Е, пенде, сиырыңды қардың астынан ізде, – депті Пияшқа.

Содан сай-сайдың, Мыңбұлақтың сала-саласын тінтіп ала жөнелейік. Жазықтағы, күнгейдің қалың қарын «алтынкүрек» сыпырып алып кеткенмен, сол сайлардың батыс жақ қабағын бәйшешек шығып, ұшып кеткенше, қалың күртік басып, жатып алады. Бұл енді қыстағы борандардан қалған сарқыт. Әбден күн жылынғанша, бірте-бірте мүжіліп, кірлеп барып, әрең кетеді.

Бердімбет сайдың басын ала, бір бала шар-шар етіп, айқай салады. Ұмытпасам, Өсер ғой деймін. Жүгіріп бардық. Тұтас сіресіп жатқан қардың қара қазан аузындай жері үңірейіп жатыр екен. Аулақта тұрып, мойнымызды қылқита созып-созып қараймыз. Үңірейген үңгірден ештеңе көрінбейді. Жақындайық десек, қар ойылып, өзіміз түсіп кетеді екенбіз деп қорқамыз.

Содан у-шу болып тұрғанымызды көріп, үлкендер де келіп қалды. Пияш пен Жібек те келді.

– Дәу де болса, сиырың осыған түсіп кеткен, – деді біреу. Сірә, Қалпақбай қарт шығар.

– Енді қайттік?

Үлкендер солай шешкен шығар, бір кезде тайлы-таяғымызбен қолымызға бір-бір күрек алып, әлгі қабақтағы үңгірдің дәл тұсынан, төменгі сай табаннан жол сала бастадық.

Дәл бір Маймақ тауын тесіп, Түрксібтің теміржолын салып жатқандаймыз. Туннель тесіп жатырмыз.

Сөйтсек, бір қызығы, сірескен қабақ қардың асты кеуек екен. Қар үстінен емес, астынан ериді екен. Кеуекке кіріп кетсек, үстіміздің су тамшылаған бір ғажап дүние. Тіпті кәдімгідей дүрдиіп қоразгүл де өсіп қалыпты. Әтештің айдарындай айдары бар ала шұбар гүлді қоразгүл дейді.

Қамқа әулиенің айтқаны рас екен. Ақыры, сиыр табылды. Тоғызымыз жабылып тоқты жыққан батырмыз дегендей, бәріміз жиылып жатып, сиырды сүйреп, табанға түсірдік.

Өліп қалыпты. Пияш пен Жібек дауыс қылып, ал кеп жыласын. Жұрт не дерін білмей, үрпиісіп тұр. Не деп жұбатасың? Бетіне қарап отырған жалғыз қара жайраған соң, бұл екеуіне қой, жылама, деп айтудың өзі қиын. Не амал бар?

Шіркін, сол кездің әйелдері-ай! Азамат орнына азамат та болды.



Ақыл-ес айтар ақылман да болды. Отқа да түсті, суға да түсті. Бірақ бүк түсіп, белі сынбады. Егер олар сынғанда, елде ешкім қалмас еді.

Сонда Баян тұрып:

– Қой, жеңеше, жылама, соғыста жүрген балаңа көрінбесін, жылама! – деді. – Мен бірдеңе білсем, бұл жануар – адал. Суда өлген мал адал десетін. Молда қайнағаны шақырайық. Үкімін сол айтсын, – деді.

«Молда қайнағасы» – Дошанай шал.

Бөркін қазандай қылып, аппақ сақалы белуарынан түсіп, Дошанай атамыз да келді. Сұлап жатқан сиырды ары-бері көрді де:

– Бұл әлі бауыздауға келетін мал. Бұл – адал, – деді. Сөйтті де шөкелеп отырып дұға оқыды. Бәріміз отыра қалып, әлдебір құдіреттен медет, қайыр тілеп, алақан жайдық.

Ералы атамыз беліндегі пышағын суырып алып, ала сиырды алқымынан орып-орып жіберді. Кәдімгідей қан шықты. Сірә, өлгеніне көп те болмаған-ау.

Жұрт «үһ» дегендей болды. Өйткені көңілде күдік, секем қалмау керек қой.

Сонда Баян апамыз тағы бір тапқырлық жасады.

– Ал енді, бұл адал мал екен. Көнсеңдер, мұны төрт ата Маутан баласы төрт аяғын бөліп алайық. Әр аяғын әр ата өзінше тағы бөліп алады. Сонда бұл қырық жілік болады. Сөйтіп, қырық үй бұл сиырдың орнына тұяқ тұрғызайық, – деді.

Қызылсыраған халық әуелі «дұрыс, дұрыс» деп көне кетті. Артынан: сиыр орнына сиырды қалай тұрғызамыз деп ойланып қалды. Апарып сататын іліп алары тағы жоқ. Бәрі «үп» деп отыр.

Ақыры, «қырық жыл қырғын болса да, қиыспайды туысқан», «көп түкірсе көл деген», Пияшқа бұзаулы сиыр алып беруге бәтуаласты.

Ала сиырдың ішінен бұзау шықты. «Мұны қайтеміз?» «Жеуге бола ма?» деп тұрғанда, Ералы шал: «Бұл менің сыбағам болсын, қуырып жеймін», – деді.

Заман қанша қаһарлы, қатыгез, тасбауыр болса да, сол кездегі адамдар, Жуанқұл сияқты бірлі-жарымы болмаса, мейірімді, бауырмал еді. Жуанқұл сонда мына жиынның басына келіп: «Оу, не болды?» – деуге де жарамады. Үйінде арақ ішіп, мас болып жатыр екен. «Қайтеміз?» – деп ақыл сұрай барған адамды «кет» деп қуып шығыпты.

Арада талай-талай жыл өтті. Сол кездегі жас бала мына мен де алпыстан астым. Махан майданнан қайтып, Рәзия дейтін татар қызына үйленіп, тоғыз баланың әкесі болып, дүниеден өтті. Пияш та қартайып

қайтты. Махан мен Рәзия көп баланың қызығын көре алмай, жас кетті.

Жандарың жаннатта болсын.

Сонда бір қызықты, мүмкін, қызық та емес шығар, әйтеуір, бір таңғаларлық нәрсені көрдім. Әлгі Пияштың ала сиыры қырық жілік болып, әр үйдің қазанына түскен соң, сүйек-саяғын далаға шығарып тастамай ма?!

Бір күні өрістен қайтқан сиырлар өкіріп-бақырып, бір жерге жинала қалды. Бәрінің басы салбырап, жер тарпып мөңірейді. Жай мөңіреу емес, азалы үн, азан-қазан.

Біраздан соң бәрі лезде үйді-үйіне тарап кетті. Мен әлгі сиырлар топтанып мөңіреген жерге барсам, жас сүйек – сиырдың тоқпан жілігі екен. Пияштың ала сиырының жілігі.

Сонда сиырлар да өлген бауырын жоқтап жылайтын болғаны ма? Басқа мал неге ондай емес? Сиырды топас, сасық дейтіні қайда?

Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп.

«Қара қағаз» деген қаһарлы сөз шықты.

«Мыңбұлақтың» әр жерінен анда-санда «ойбай, бауырымдаған» үрейлі үн естіліп, шал-шауқан, кемпір-сампыр, бала-шаға әлгі жерге жиналып қалып, азан-қазан болады.

Әлде сиырлар адамдардан үйренеді ме екен...

СҮДІГЕРДЕ ИЗЕН ЫЗЫҢДАЙДЫ

Сүдігерде изен мия ызыңдайды.

Егер мия у болмай, жеуге жараса, біз ашықпас едік. Күрдек бас мия жасымықтан үлкен, топ-толық дәнін көтере алмай, жерге жеткенше еңкейіп қалыпты. Ал Шақпақтың желі тұрғанда, күрдек бас мия, қызыл изен ызыңдайды. Бір-бірімен жарысып ебелек домалайды.

Суық тиіп ауырғалы бері басымды көтеріп, терезеге қарап отырғаным бүгін. Кеше Айша қызыл жантақ қайнатып, соның суын ішкізгелі бері тәуір болғандығым. Бірақ төсектен тұрып кетер дәрмен жоқ. Тұрсам да бәрібір далаға шыға алмас едім.

Айша таңертең:

– Жаланаяқ қалып ауырдың ғой, Барсхан. Сенен аяғанды ит жесін.



Өтсе – жалғыз тоқтыны сатып, саған бәтеңке қарастырайын, – деп базарға кеткен.

Күн бесіннен ауып, терезе алдындағы сүдігер қарауыта түскендей болды. Айша әлі жоқ.

Кешегі күншуақты қоңыр күзде сүдігерді Жақаш екеуіміз жыртқанбыз. Жақаш маған қарағанда ересектеу, бойы да ұзын. Бригадир әдейі қосқа бір кішкентайдың қасына бір ересектеу бала қойған ғой. Онысы ақыл болған. Әйтпесе, мен өліп қалар едім...

Менің соқам алдында, Жақаштікі артта болатын. Менің соқама жегілген екі тарғыл өгіз – соқамен жер жыртудың чемпиондары. Жақаштікі – екі қызыл өгіз. Біреуінің мүйізі сынық.

Мен соқаның жалтыраған екі тісінің арасына аяғымды тіреп, шоқиып отырғанды ұнатушы едім. Жап-жалтыр, өткір тістер қопарған қыртыс топырақ қара бұйраланып, шексіз қара су ағып жатқандай. Ұзақ қарап отыра берсең басың айналады.


Әлдене тырылдағандай, әлде тыраулағандай болды. «О не?» – деп жан-жағыма қарап едім – бөтен нәрсе көрінбеді. «Айырплан ба?» – деп аспанға шалқайып едім: екі қатар нүкте сызық көрінді де, екеуінің алдыңғы ұшы бірігіп кетіп, сәлден кейін жалғыз нүкте жеке-дара сақа шықты. Содан үшкіл пайда болды. Тырналар.

Жақаш екеуіміз жыртып жатқан сүдігердің үстінде біраз аялдағандай болды да, Аспантаудың Шоқыбас шыңына бет түзеді. «Енді көрінбей кететін болды-ау» дегенімше, сақа – нүкте Манас шоқысына қарай бұрылды. Бірте-бірте ылдилай Маймақ, Күркүресу тауын сауырлап, Күйік асуының тұсынан аунап түсіп, Қаратауды жебелеп көп ұшты. Батыстағы Боралдай, Құлан, Шақпақ тауларын айналып өтіп, қайтадан біздің сүдігердің үстін күннен көлегейлеп сәл тұрды да, тура батысты бетке алып, тыраулап ұшып кете барды.

Сонда барып «А-а-ай!» – деп айқайлап жібергенім есімде...

Сөйтсем, тырналар дегенім адамдар сияқты елестеп кеткен екен. Сақа-нүкте – Орха көкем. Ол фин соғысында болып оралған. Соғыс көрген деп алдына қойған шығар. Үшкіл сызықты суретке салса мынадай болады.

* Орха!
Ноха! Сияқұл!
Сұлтан! Жиренбай!
Нәметқұл! Төрекұл!
Сейсенбай! Өскен!
Байбосын! Сәмбет!



Махан! Қайып!
Нұралы! Рәсілхан!
Найын! Бейшенбек!
Кәмет! Тұрарбек!
Өскенбай! Сайлау!
Поштақұл! Қожагелді!
Тәшкен! Сайлаубек!
Тоққұлы! Жарқынбек!
Егемберді! Сыпабек!
Алдаберген! Күзембай!
Құдайберген! Әнуарбек!
Ержан! Сәрсекәзы!
Таутана! Орынбек!
Тарбақай! Кәрібай!
Керімбай!

«А-й-ай!» – деп айқайлап жібергенім есімде... Одан әрі, сірә: «Мені де ала кетіңдер!» – деп айқайласам керек, бірақ үнім шықты ма, шықпады ма, білмеймін. «Мені де...» – деп қол созып тұра бергенімде, қос өгіз қолымдағы жыландай ысқырған қамшыдан қорықты ма, білмеймін, әйтеуір, оқыс бұрылып, бораздадан шығып кетіп, мен соқаның екі тісінің арасынан құлап түсіппін...

Әбүйір болғанда, Жақаш көріп қалып, айқай салып, екі тарғыл өгізді әрең тоқтатып, мені екі тістің арасына кептеліп қалған жерімнен шығарып алды. Аузы-мұрныма қара топырақ тығылып, енді болмаса тұншығып өлетін екенмін.

Жақаш әуелі:

– Ей, болбыраған боқмұрын, қараптан қарап отырып өліп қала жаздағаның не-ей?! – деп әбден жерден алып, жерге салды.

Ақыры отыра қалып, қара топырақты қобырата шашып жіберіп, солқылдап жылады.

– Саған соқа айдатып қойған соғыс оңбас, сені маған серік қылған шолақ бригадир оңбас. Ей, болбырақ боқмұрын!

Егер сол жолы Жақаш болмаса, яки көрмей қалса, мен бүйтіп қалқайып, терезеден сүдігерге қарап отырмас едім. Мені сол жолы топырақ көміп қалғанда, ешкім таба алмас та ма еді?..

Осылай ойлауым мұң екен, өзімді өзім аяп, жападан-жалғыз отырып, жылағым келді. Қоңыр күзде өзім жыртқан сүдігер сұлқ түсіп жатыр, тек соқа жыртпай кеткен мия мен изен ызыңдайды. Теп-тегіс қылпықсыз



сүдігерде аядай жер арал болып, миясы мен изені қырқылмай аман қалған.

Мылтық даусы гүрс етті. Жалт қарап, терезеге үңілдім. Сүдігерден басқа ештеңе көрінбеп еді, кенет сүдігердің жал-жал топырағын малти кешіп, артына қарай-қарай Ақжол қашып барады.

Жүрегім зу ете қалды. Ақжол қылмысты сияқты. Ол ұзай түскенде құтылып та кететін еді. Бірақ ол сүдігерге малтыққандай тоқтай қалып, артына бұрылып қарады. Оны қудалаушы адам ұратынын, әрине, біледі. Білмесе, қашпас еді ғой. Ал сол адам өлтіретінін Ақжол қайдан білсін. Өлім бар деп ойына да кірмеген шығар. Сондықтан ол енді қудалаушы адамның таяғы жетпес-ау деген жерге барып, артына бұрылып қарады. Көзқарасы кінәлі еді. Содан да бір сұмдық істегенін сезе қойдым.

Енді сүдігердің шетіне шыққан адам сұлбасы да көрінді. Жуанқұл көрші галифе шалбарлы аяғын алшайтып қойып, мылтықтың дүміне басын қисайтып, әбден көздеді.


– Қаш, – деп айқай салғанымша, мылтық гүрс етті...

* * *

Ақжолды жазда Евгеньевкадан алып келіп едім. Шынын айтсам, өзі ілесіп келді. Борандының элеваторына бидай тапсырып, шаңқай түсте бір топ бала ауылға қайтқанбыз. Арасындағы ең кішісі мен едім. Астымдағы көк тайқар да қашыр сияқты шабан неме, арам қатқыр. Басқалардың көлігі әсіресе ауылға қайтарда есіре жөнеледі. Бірінен бірі қалғысы келмей, қосаяқ қағып аңдыздайды.

Менен басқалары ызу-қызу, қиқу салып, топтана қарауытып, қара жолдың шаңын бұрқылдатып, ұзап кетті. Көптің аты – көп. Көпке ешкім тиіспейді. Евгеньевканың әккі балалары жалғыз-жарымдыториды. Серіктерім мені жалғыз тастап кетейін демеген де шығар, бірақ қалың шаңның арасынан кім бар, кім жоғын байқамай қалған да болар. Не десе де мен жалғыз қалдым. Қашыр тектес тайқарды қаншама қамшыласам да, жүрісі өнбей, дүние өртеніп бара жатса да мимырт жүрістен танбайды.

Төбесіндегі қамысы қарауытып, тозып кеткен маяжон үйдің бұрышынан айнала беріп, ауылдың жолына енді түсейін дегенде, көк тайқардың әдеттегі салпаң құлағы тікшие қалып, жалт бергені. Басына жаман тонды айналдыра жамылып, үйдің тасасынан бір бала шыға келгенде, тайқар үрейлене үркіп, оқыс бұрылғанда, үстінен ұшып



түстім. Аузы-басымның шаңын сүртіп, орнымнан тұрып болғанша, Евгеньевканың қағынды келгірлері көк тайқарға ит қосып қуалап, мәз бола қалыпты.

Егделеу бір әйел қамысы тозған маяжон үйден шығып, әлгі мені жәбірлеушілерге бажылдап, қарғыс жаудырған сияқты.

Не айтып айқайлағанын онша түсінбесем де, әйтеуір, маған пана болып тұрғанын сезіп, ішім жылып қалды. Өзге тұрмақ, өз шешеңнен айналайын деген сөзді сирек еститін заманда бейтаныс адамның сені аяп, араша түскеніне көңілім босаңсып, көкіректе қатып жатқан көп қоя мына бір жылудан еріп ала жөнелгендей, еңіреп жылағым келді.

– Болды. Сенікі үлкен бала. Қорықпа. Олар енді саған ұрмайды, – деп жұбатты әлгі егде әйел үсті-басымның шаңын қағып, жерде жатқан кенеп дорбаны қолыма ұстатып. Шұбар ала алжапқышының астына күс-күс қолын жасырып:

– Бедные, – деді.

Онысын мен түсінбедім. Рақмет айтуды да білмей, ауылға қарай кете бардым. Арам қатқыр көк тайқар алды-артына қарамай ауылға қашып кетті. Үстімде бала бар еді-ау деп қарамады.

Евгеньевканың тағы бір қамыс шатырлы шеткі үйінің тұсынан өте бергенімде, ажырық тұтқан арықтың ішінен бір бітік көз күшік тырмысып, тырбаңдап жатып жолға шығып, жанары жылт-жылт мөлиіп, құйрығын бұлғаңдатты.

– Күшкә, күшкә, – дедім кетіп бара жатып. Неге айттым, өзім де білмеймін. Сол-сол екен, әлгі жәрбиген жаман күшік құлдыраңдап маған ілесе берді...

Евгеньевкадан былай ұзап шыққан соң, бір терең сай кездеседі. Әдетте бір топ бала сол сайға түсіп, бұлақ суына жуынып-шайынып, таңертең үйден ала шыққан там-тұм тамағымызды бидайдан босаған қапшықтың үстіне жайып, әлденіп алатынбыз.

Бұл жолы мен жалғызбын. Ербиіп, жападан-жалғыз отырып тамақ жегім келмейді. Үйге тезірек жетсем деймін. Дегенмен жалбыз бүркенген бұлаққа етпеттеп еңкейіп, мұздай судан сіміріп болып, енді түрегеле берсем, артымда шоқиып әлгі көккасқа күшік отыр. Менің таңдана қарап қалғаныма жауап бергендей тез тұрып, құйрығын бұлғаңдатты. Қызғылтым нәзік тілін шығарып, жаланып қойды.

– Е, байғұс, бір нәрсенің иісін сезген екенсің ғой, – деп дорбадағы жарты таба нан мен қос жұмыртқаны шығарып, алдымен өзім наннан бір тістеп, содан соң барып көк қасқа күшікке бір



үзімін тастадым. Лезде қақшып алып, шайнар-шайнамас бір-ақ қылғытып, басын қисайта қалып, тағы мөлиді. Енді оған жұмыртқаның бір түйірін тастап ем, шайнамай жұта салды. Бірақ қызғылт тілімен сүп-сүйрік дымқыл қара тұмсығын жалай берді, жалай берді. Мұнысы маған ұнаған болуы керек, жұмыртқаның қалғанын түгел тастай салдым. Ол өзбектердің аңшы иттерінің жоңышқа арасынан бөденені бас салғанындай, қақшып түсті.

Кейіннен ойлаймын: менің қателескен жерім – күшікке жұмыртқа тастау болды.

Не керек, сайдың арғы қабағына шығып, ауылдың борпылдақ қара жолына түскенде де, күшік соңымнан қалмады.

– Қайт! – деп бір-екі рет жекіп едім, әлгі неме қаймығып, сәл шегінді де, шоқиып отыра қалып, мұңая қарағанда шыдамадым.

– Мейлі, жүрсе жүре берсін, – дедім. Әйтсе де Евгеньевка жаққа бұрылып көз салсам, күшік жоқтаған ешкім көрінбеді.

* * *

Үйге таяп қалғанда, бөрте лағын жетектеп, аузынан түспейтін махорка шылымын бұрқыратып, Хадиша кездесті.


– Барсхан-ау, мынауы не сұмдық? – деді ол көккасқаға ернін шығара, менсінбей қарап.

– Евгеньевкадан өзі ілесіп қалмай қойды,– дедім, ұрлады демесін деп ақтала сөйлеп.

– Сенің үйіңнің жуындысы біздің Майлыаяққа енді бұйырмайды десеңші, – деп Хадиша аузынан түтінді зеңбірек атқыза шығарып, қасын керіп қойды. – Мейлі, ит жарықтық жеті қазынаның бірі дейді ғой, атын Ақжол қой, соғыстағы боздақтар аман келіп, жолдары ақ болсын.

Хадиша шылымын кебісімен таптап өшіріп, көккасқаға енді сынай қарап:

– Тұмсығы біздей екен кәпірдің, не түлкі алатын тазы болады, не кәззап ұры болады, – деді. Тіпті күшіктің артқы бір аяғын тарбитып көтеріп те көрді. Күшік байғұс, әуелі жағымпазданып, құйрығын бұлғаңдатып, көзі жылтың-жылтың етіп, еркелеген болып еді, көтеріп абыройын ашқанда, қыңсылап, тартыншақтап, менен көмек күткендей, маған қарап жаутаңдай берді.



Хадиша қолына бірдеңе жұғып қалғандай, алақанын бір-біріне үйкелеп тұрып:

– Қарай гөр өзін – төбет екен, – деді. – Дүбәра ма, қалай? Жоқ, тазы, тазы...

Хадиша жеңешем, сөйтіп мені дал қылып, ойға қалдырып кетті. Біресе тазы, біресе ұры, біресе дүбәра дейді. Көңіліме күдік алсам да тазы дегеніне сенгім келіп, өзімше бір үміттеніп те қалдым.

* * *

Үмітімнің түрі – осы таяуда Керегетаста көрген түлкінің баласы. Керегетастағы тракторшыларға жалғыз өгіз жеккен арбамен су тасып, түс ауа ауылға қайтар жолда, қызыл изен қалың өскен ойпаңнан бір түлкінің баласы жылт ете қалған. Есім кетіп, арбадан аунап түсіп, ұзын қамшымды серт ұстап, тұра кеп қуайын. Дәл иегімнің астынан ат басындай алтын қашқандай, ышқына жүгіргенім сонша, ә дегенде түлкі кәдімгідей қорқып, қос құлағын жымқыра зытты. Едәуір ұзап кетіп, құлағын біресе тікшитіп, біресе жымқырып, шоқиып отыра қалып, қиқ-қиқ күлгендей болды. Дәме шіркін қиын екен, енді ұрып алатындай барымды салып бағайын. Түлкі орнынан ыршып түсіп, дөңгеленіп ала жөнелді де, бұрылып тағы қарады.

Аузы-басын қисаңдатып, мазақтап тұрғандай көрінеді. Енді оны ұстап алудан күдер үзе бастасам да мына ыржаңдап күлгендей күйігіне шыдай алмай, ентіге ентелей тағы бір ышқындым. Даусым да ащы шығып кетті.

Түлкі бұлаң етіп, изеннің қалыңына қарай бұралаң тартқанда, алдымыздан пырдай болып бозғылт балапандар жан-жаққа шашырап жорғалай жөнелді.

Әлі қанаттанбаған бұлдырық балапандары болды. Қанаты қатайған күннің өзінде бұлдырық аспандап алысқа ұша алмайды. Мына қу түлкінің қызыл изен алабын жағалап жүргені де осы әдемі құстың әлегі шығар. Дүниеде бұлдырық етінен тәтті дәм бар дейсің бе?

Мен түлкіні ұстай алмадым, бірақ оның аранынан бұлдырықтарды сақтап қалдым-ау деймін. Түлкі аңдып жүргенін олар көрді ғой, ендігі амалын өздері табар.

Айдалада, көз ұшында қалған арбама салбырап әрең жеттім.



* * *

Әлгі Хадишаның сөзінен кейін кәдімгідей үміттеніп, Ақжолды өзімше баптауға кіріскен болдым. Арманым: Ақжол қысқа дейін өссе, оны алғашқы қарда қансонарға, Керетасқа, қызыл изенді ойпаңға алып бармақшымын баяғы. Сөйтіп, қызыл түлкіден өшімді алмақшымын. Тек Ақжол дүбәра болмай, тазы болып шықса ғой...

* * *

Мылтық тарс етті. Таңертең Айшаның:

– Орныңнан қозғалма. Бүркеніп жат, буын-буыныңды буып алған суық термен шығады. Тер қатып қалмасын, шошаңдамай тыныш жат, – деп қатаң ескерткені енді далада қалды. Жалаңаяқ, жалаңбас, жейде-дамбалшаң, алба-далба болып үйден атып шығып, сүдігерге қарай сүрінекабына жүгірдім-ау... Барсам, Ақжол күзде өзім салған бораздаға құлап, артқы сол аяғы сүйретіліп жатыр. Алға жылжиын деп біраз тырмысқан-ақ екен. Жаралы аяғын жия алмай, жыламсырап ыңырсиды. Мені көргенде көзі жаутаңдап, қынсылағаны үдеді. Әлдене дейді, бірақ түсінбеймін. Түсінетін не бар, мұңын шаққаны шығар. Дереу көтеріп алып, қанын сорғалатып үйге алып келе жатқанда, алдымнан кәдімгі Хадиша:

– О, қуратқан қу құдай! Енді көрсетпегені осы ма еді, – деп гөй-гөйлеп қарсы алды. – Өзің төсек тартып жатқанда бұл не сұмдығың? Итте нең бар, ойбай. Ит тұрмақ әкеңнің қайда қалғанын білмейсің... – Ол кенет оқшия қалып:

– Ойбу, қараң қалғыр-ай, мына байғұстың аяғы сіңіріне ілініп қалыпты ғой, обал-ай, – деп күшікті өзі көтеріп, мені желкелеп үйге кіргізді. – Жат, ойбай, көрпеге оран!

– Жеңеше, – деп алқымыма өксік тығылып, әрең сөйледім.


–Не?

– Енді Ақжол түлкі ала алмайтын болды ғой...

– Алда тәңірі-ай, арманын-ай мынаның. Алады, неге алмайды? Қазір мен Кенжекүл кемпірді шақырып келейін.

Емдейді ғой... Жазылып кетер. Көп болса, Ахмет ұста сияқты бір аяғы жоқ болар...

Кіршеңдеу жаулығының астынан бурыл шашы будаланып, үйге Кенжекүл кіріп келді. Ақжолды көріп дереу іске кірісті.



– Басын тізеңмен басып тұр! – деп бұйырды соңынан кірген Хадишаға. Хадиша: «Қауып алмасын», – деп Ақжолдың басына бұрышта жатқан бос қапты жапты да, тізесімен емес, қолымен басты.

Тәуіп кемпір еркектерше белдігіне тағып жүретін қайыс қыннан кездігін суырып алды. Кездіксіз жүрмейді: дәрі шөптің тамырын қырқады, қызыл жантақ отайды, адыраспан кеседі.

–Байғұс-ау, аяғын шынымен кесіп тастайсың ба? – деді Хадиша Кенжекүлдің ойын біле қойып.

– Кеспегенде ше?

– Таңып қойса бітіп кетпес пе екен?

– Сүйегі талқандалған. Мен сыныққшы емеспін, шөппен емдеуді ғана білемін.

Кенжекүл кездікпен жалғыз сіңірді қия бергенде, Хадиша көзін тарс жұмып, теріс айналып:

– Ахмет ұстаның ағаш аяғындай аяқ жалғауға болмас па екен? – деді. Кенжекүл оған алара қарап:

– Оны қайтейін деп едің? – деді.

– Әшейін, Барсхан мұны түлкіге салмақшы еді ғой, енді үш аяқтап түлкі алушы ма еді, – деді Хадиша менің кеудеме арман ұялатқанына енді өзі кінәлі адамдай басыла сөйлеп. Кенет даусын өрекпітіп, арқаланып кеткендей:

– Қараң қалғыр түге, керман сұм біздің ер-азаматтарымызды атып, аяқ-қолынан айырады. Мұнда болса Жуанқұл жұмыртқамды жеп қойды деп итті атып, аяқсыз қалдырады. Атқыш болса, соғысқа барып, фашисті неге атпайды? – деп Ақжолды атқан колхоз бастыққа кіжінді.

Кенжекүл Ақжолдың шолтиып қалған тұқыл аяғына киіз күйдіріп басқанда, күшік байғұс, баж-баж етіп бұлқынды. Бірақ Хадиша оны тырп еткізбей басып тұрған, Ақжол әлі әлсіз ғой, босана алмады. Кенжекүл оның тұтқыл аяғын таңып тастады.

Жуанқұлдың Ақжолды неге атқанын енді түсініп жатырмын. Ақжол оның тауық қорасына кіріп кетіп, жұмыртқасын жейді екен ғой. Оны Хадиша да біледі екен ғой. О баста жұмыртқамен ауыздандырған өзім кінәлі екенмін да...

* * *

Көп ұзамай қар да жауар. Қызыл изенді ойпаңда қызыл түлкі алғашқы қарға аунап құлпыра түсер. Енді үш аяқты Ақжолмен оны



қалай аулаймын? Ақжол пештің түбінде алдыңғы екі аяғына басын салып, көзін бір ашып, бір жұмып, сораң жасы ып-ыстық қара тұмсығына дейін сорғалай ағып жатыр. Түлкі қуа алмайтынына ол да өкінетін сияқты.

Терезе сыртында сүдігер қараяды.

Сүдігерде күрдек бас мия мен қызыл изен ызыңдайды.

АЙША О ДҮНИЕЛІК БАЛАЛАРЫН УАЙЫМДАЙДЫ

Егер шашы ұзын әйелдердің жарысын, қазіргі тілмен айтқанда «конкурсын» өткізсе, біздің Айша бәрінен де озып шығар еді. Ең құрығанда Мыңбұлақ көлемінде.

Білектей-білектей қос бұрымы тілерсегіне түсер еді. Мұртаза барда біздің үйдің қызметінде жүретін Әйнек әжеміз Айшаның шашын тарасып, бұрымдарын өріп, шолпысын тағып береді екен. Әйтпесе, Айша жалғыз өзі ол шашқа ие бола алмас екен.

Мұртаза кеткен соң, ең жақын деген ағайын да, бірен-саран Құдайға қарағаны болмаса, бірте-бірте алыстай бастады. Әйнек әжеміз де қартайды. Енді Айша өз шашымен өзі алысатын болды. Баяғыдай «шаштарын бес күн тарап, он күн өретін» заман қайда?


Тілерсекке түскен қос бұрым Айшаның көркі болса, енді азабына айналды. Таң азаннан тұрып қызылшаға кеткеннен, күн батқанда бірақ келетін Айшаның шаш баптайтын халі бар ма?

Қызылша алқабына жеткенше жалғызаяқ пішен теңізін кесіп өтеді. Сонда Айшаның бұрымына ошаған мен түйежапырақтың тікендері жабысып тұрып қалады. Оны теріп, ажыратып алу бір қиямет.

Бір күні жұмыстан қайтқан соң, Айша қара қазанға суды толтырып, жылытты. Суды Бердімбет сайынан таситын – мен. От жағып, жылытатын – Құрмаш. Айшаның үш баласы үшеулеп жатып, ошағанын теріп, бұрымын әрең тарқаттық-ау.

Мен қолбақырмен Айшаның басына су құйып тұрмын.

Айша сахарлы қара сабынмен шашын сабындап бола алмай жатыр. Шашының ұш жағын Құрмаш ұстап тұрмаса, жерге төгіліп кетеді. Жуып болуына бір қазан су әрең жетті-ау.



– Қараң қалғырдың шашын анау Аннаның шашындай шорт кесіп тастасам ба екен? – дейді Айша. Аннасы біздің үйде тұрған неміс әйелі.

– Кеспей-ақ, бұрымыңды шұбар мұғалім сияқты төбеңе түйіп алмайсың ба? – дейді Құрмаш.

– Тәйт әрі!

Енді мұншама шашты тарау деген де ақырет екен. Қадақтап сатқан сарымайдың ақшасына алған мүйіз тарақ шыдамай, тістері бырт-бырт сынып кете береді. Бір бұрымын Айша өзі, бір бұрымын Құрмаш тарайды.

– Құдай маған мұншама шаш бергенше, бармақтай бақ берсеші, – дейді Айша, тарақ тісіне ілініп түскен уыс-уыс шашты бір талына дейін қалдырмай мұқият жинап, шүйкелеп орап отырып. – Әй, бірақ өзі де сирейтін шығар. Баудай түсіп жатыр ғой. Мына сұм заман қойсын ба?!

Сонда мен қалың шаштың сиреуіне «сұм заманның» қанша қатысы бар екенін түсіне қоймадым. Сөйтсем, адам өзі тозбайын десе де, жазмыштан озбайды екен ғой. Тарпаң тағдыр табанына адамды бір салмасын. Бір салса, таскерең боп, айқайласаң да арызыңды есітпейді.

Айша Құрмаш екеуі қос бұрымды өріп болып, ұштарын баяғыдай шолпымен емес, жай көк шүберекпен түйіндеді. Тарқатылып кетпесін деп.

Тарақтың тісіне ілініп түскен шашты Айша уыстап отырып, әбден шүйкеледі. Сол қобыраған күйінде сыпыра салса қайтеді? Жоқ, әлі шиыршықтап отыр. Сиырдың түлек жүнінен біздің киіз доп жасайтынымыз сияқты, қос алақанымен әлгі өлі шашты әбден нығарлады.

Содан соң сабы күйген дәу қара пышақты алып, табалдырықтың түбін қаза бастады. Едәуір тереңдетіп барып, әлгі түйіншек шашты шұқырға салып, қайтадан өзінің сабымен таптады-ай келіп.

Құрмаш:

– Апа, бұл неғылғаның? – деді.

Айша біраз үндемей, әлгі топырақты енді алақанымен таптап отырып:

– Менің сендерден басқа да балаларым бар ғой, – деді даусы дірілдеңкіреп. – Үшеуі де нәресте кетті. Құттыбай, Елтай, Сәткүлді айтам. А-а-ah! Мұртазаны алары бар Құдай тым болмаса, соларды тірі қалдырғанда, мұншама мұз тақырға отырмас па едік. Маңдайға сыймай кетті, қайтейін...

Басын көтеріп, бізге қарап:



– Ойбу, сорлы басым-ай, қайдағы-жайдағыны айтқанша, Құдайдан сендердің өмірлеріңді тілесемші, – деп түрегелді.

Ұлдан гөрі қыз бала пайымдырақ келетін шығар, Құрмаш қоймады.

– Сол өліп қалған үш баланың мына сен көміп тастаған шашқа қандай қатысы бар?

– Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, – деді Айша. – Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген иісін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау!» – деп шыр айналып шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен.

Әне, сондықтан шашты көміп таста. Далаға тастасақ, жел ұшырып немесе құс ұя салып, әйтеуір, бір себептен отқа күйсе, о дүниелік нәрестенің обалына қаласың.

Ал мен болсам жатып аламын да ойланамын: анасы үшін о дүниедегі балалар отқа түсе жаздағанда, бұ дүниедегі біз сияқты пенделер не бітіріп жүрміз? Не жақсылық жасадық анамызға?!

* * *

Мен паркке бара жатқанда, Қазыбек би көшесі мен Қонаев көшесінің қиылысында бір мәшке итті машина басып кетті. Жаңадан күшіктеген екен. Күшіктері арыққа төселген құбырдың ішінде қалған. Машина соларды таптап кетеді-ау деп, ана сорлы моторлы тажалға қарсы ұмтылған.

– Ана сүтін ақ ішкен адал ұлға, Дүниенің төрт бұрышы болар тұлға! – дер еді Айша...

Ана қарызынан қалай құтыламыз?!

«ЖІЛІГІМДІ ЖАҒАЙЫН...»

Дүние өртеніп жатса да, қырық үшінші жылдың қысы жылымай-ақ қойды. Жылығаны не, қақап тұр. Мен мектепке де бара алмай қалдым.

Қарындасым да бара алмайды. Белуардан қар. Тобанаяқпыз. Інім ғой, тіпті үйден шықпайды. Өзі мешел.

Енді бәріміз мешел болдық. Айша Кавказдан жер аударылып келген қарашайлардан көргенін істеп, өгіздің шикі терісінен шошақбас шоқай тігіп беріп еді, о да тозды. Су тисе былжырап, жайынның аузындай жайылып кетеді екен.

Үйден шыға алмасақ шықпай-ақ қояйық, сол үй жылы болса екен. Азынап тұр ғой. Колхоздың таусылмайтын азапты жұмысының ара-арасында Айшаның там-тұмдап жиған отыны таусылды. Жарықтық, жұмыстан қайтарда жол-жөнекей есекмия, кекіре, сора орып, арқанмен таңып, арқалап келе жатар еді. Ала арқан иығын қиып, қанталап тұрғанын талай көрдім. Кекіренің ащы иісі қолқасын қауып, тынысы тарылып, үні бітіп, есіктің көзіне отыра кетіп қырылдап:

– Су, су, – дер еді.

Енді арқалап жиған отын таусылды. Қыс ұзап кетті. От жағылмаған пештің қуыры ішін тартып уілдейді. Сыртта боран ұлыса, іштен оған пештің уілі қосылып, ақырзаман азан шақырғандай болады. Менің балалық шағымның «джаз», «рок» музыкасы боранның ұлуы мен пеш қуырының уілінен құралған. Біреулер қазір мені:

– Неге мұңды, минор музыканы ұнатасың? – деп кінәлайды. Не дейін? Өмірбаянымды айтып жатам ба?

Амал таусылды. Әкеміз салған үйдің боғат қамысын суырып жаға бастадық. Ол қамысты суыра берсең, үйдің төбесі құлайды. Оның үстіне қырық жылдан бері сүрленген сары қамыс лап етіп жанып, жалп етіп тез сөнеді. Қазандағы қара суды да қайната алмайды.

Баяғы бабалардан қалған сырлы, оюлы кебеже болушы еді. Айша соны бір қап қиға айырбастады. Ол өзі бір өнерлі қолдан шыққан асыл сүйекті, әдемі кебеже еді. Амал не, қазір болса, мұражай көркі болатын қымбат жәдігер... Бір қап қиды қаншаға жеткізерсің, о да бітті.

Бір күні Айша ауыз үйде жиюлы тұрған киіз үйдің бір керегесін сүйреп әкелді. Алты қанат еді. Бұл киіз үй кезінде кәмпескеленген екен. Өкімет ісіне араласа бастаған балаң жігіт – Бауыржан Момышұлы арашалап алып қалып, әкеме қайтарып берген екен.

Сөйткен Бауыржан қазір соғыста жүр. Ал Мұртазаның сүйегі Сібірдің бір қарағайының түбінде қалды.

Кебежеден айырылғанына аһылап жүрген Айша, енді мүлде қатты күйзелді. Керегені сүйреп әкелуін әкелсе де, балтаны қолына алып, шабуға көзі қимай, басын шайқап көп тұрды.



Үш бала үрпиісіп біз тұрмыз. Ербиіп қасында тұрып неміз бар еді. Айша енді бұрылып бізге қарап:

– А-а, тумай жатып әкесін жалмаған жалмауыздар! – деді. – Сендер болмасаңдар, мен әлдеқашан біреудің етегінен ұстап, мұндай қорлық көрмес едім. Сендер, сендер, сендер!.. – деп, жер тоқпақтап отыра кетті. Ағыл-тегіл жылады. Інім қорыққанынан бақырып жіберді. Қарындасым кішкентай да болса есті, сабырлы еді, Айшаны құшақтап, көзінің жасын сүртті.

Мұртазаны жендеттер алып кеткен кезде, Айша жиырма сегіз жаста екен. Мұртазадан қаралы хабар келгеннен кейін, ауылдың ақсақал-көксақалы жиналып, Айшаны немере қайнысы Нәметқұл ұстаға қоспақшы да болыпты. Оны біз білмейміз ғой. Баламыз. Ақсақал-көксақалдар айтыпты: «Шырағым, Мұртаза енді қайтып келмейді. Мына үйелмелі-сүйелмелі үш жетімнің тағдырын ойла. Соларға қамқор болатын бірден-бір жанашырың – осы Нәметқұл», – депті.

Айша айтыпты деседі:

– Құдай өзі берген жанын өзі алады. Бұл үшеуі талқаны тау-сылған күні өлсе, өледі де. Өлсе Мұртазадан жаны артық дейсіңдер ме! Біреуге өгей бала болып оңдырмайды. Әсіресе ана Барсханның мінезі жаман. Өгей әкеге көндіге алмас. Бөріден қалған бөлтірік қой, өгей әкелі ете алмаймын, неде болса тәуелді болмай өссін депті, – дейді. Нәметқұл да көнбепті. Ағамның төсегін қорлай алмаймын депті.

Енді сол Нәметқұл да соғыста. Соғысқа дейін қолғабысы тиетіні рас екен.


Қазір мына Айша осыны меңзеп, Мұртазадан қара хабар жаңа келгендей, өз бетін өзі жырта жаздады. Жосамен сырлаған, түйенің таспасымен көктеген сұлу керегені көлденең сұлатып тастап, балтамен шаба берейін деп оқталып, қайтадан сылқ етіп, отыра кетіп:

– О, Құдай, Бердімбеттей атамнан қалған, Күнікейдей енемнен қалған, Мұртазадай бозымнан қалған баға жетпес қазынаны отқа жаққанша, мына қу сирағымды неге жақпаймын? – деп, бір аяғын созып жіберіп, сирағын жалаңаштады. – Сирағымды жағайын!

Оң қолын балтаға соза бергенде, үш жетімек үшеулеп жабылып, балтаның үстіне жата қалдық.

Енді біздің үстімізге Айша құлады. Үшеуімізді қапсыра құшақтап, сұр шинельдің етегімен үстімізді қымтап:

– А-а, қаһарлы дауылда қалған байғұс балапандар, – деп, басымыздан сипады. – Қанаттарың қатпады ғой. Соған жеткізсем, өлсем де өкінбес едім...



Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден ауру көздей Ай көрінді.

Сөйтіп, сол алты керегенің екеуін пышақпен жаңқалап жағып, қырық төртінші жылдың кешіккен көктеміне де іліктік-ау. Айша айтты:

– Заман түзеліп кетсе, бізге ана қалған төрт қанаты да жетеді. Кім біледі, сәмбі тал табылса, кейін екі қанатын қосып алармыз. Алты қанат ақ боз үй тігетін Бердімбет бай бабаңның, Күнікейдей анаңның дәурені қайтып келмес. Құдай қалғанына береке берсін, – деді.

Бірақ Құдай оны да көп көрді. Қырық төртіншінің көктемі ақсүйек ашаршылық ала келді. Айша:

– Ана үш жетім аштан өлсе, обалы сағаң. Талғажау бірдеңе бер, – деп, Жуанқұл бастыққа барған екен, Жуанқұл діңкілдеп ашуланып, артынан:

– Онда киіз үйіңді бер. Трактор шылар төске шығып, егін салады. Соларға сая бола тұрсын. Кейін өзіңе қайтарамын,– депті.

Амал жоқ, балалар аштан ісіп өлетін болған соң, Айша үйді Жуанқұлға беріп, бір қапшық қызыл бидай алады.

Жуанқұл үйді қайтармады. Трактор шыларға өгіз арбамен су таси барғанымда, жұмыртқадай аппақ үй көзіме оттай басылды. Қарасам, үйдің етегін қара ала, сары ала май басып қалыпты. Трактор шылар май-май қолдарын ақ киізге сүрте береді екен.

Оларға тамақ пісіруші салпы етек, қара қатын ақ туырлықтың бір шетін пышақпен кесіп, қазанға бидай қуыратын бұлға-уыш жасап алыпты. Ошақтың басында отырған жерінде бұлға-уышты қолынан жұлып алып, алысқа-алысқа, құлашым жететін жерге, қызыл изеннің арасына лақтырып жібердім. Қара қатын бетіме қарап тұрып-тұрып:

– О, жуадай солғыр жүгірмек, күшәла жеп алғансың ба, әлде жын ұрды ма?! – деді. Түк түсінген жоқ.

ЖЕЗ ЕЛІК ПЕН КҮМІС ҚАСҚЫР

Бұрын ылғи да Шоңқараның диірменіне барушы едік. Бұл жолы Айша:

– Ақсайдағы Мағымбек қайнағаның диірменіне барамыз, – деді.



«Неге?» – деп мен сұрамадым. Бірақ бұл сұрақтың көкейімде тұрғанын білген Айша себебін айтты:

– Шоңқарадағы неміс диірменші «қалда» деп көп бидайымызды алып қояды. Мағымбек қайнаға көз көрген ғой, Мұртазаны жақсы көруші еді, бізден «қалда» алмайтын шығар, – деді.

Түсінік бере кетейін: Айшаның «Мағымбек» дегені, шынында, Сағымбек. Қайнағаның атын тура атамайтын тәртіп бар. Айша сол әдептен озбайды. Ал «қалда» дегені – диірменшінің ұн тартып бергені үшін алатын ақысы.

Дәсері деп отырғаным: жарты қаптан жоғары, толы қаптан төмен. Айша қаптың аузын шуда жіппен жуалдыз инемен қос қабаттап тігіп тастаған.

Ақ үйдің ақысына алған, аялап алақанға салған бар байлығымыз осы.

Сонымен, дәсері қап бидайды есектің үстіне жаймалап салып, арқанмен таңып тастап, «бісміллә» деп жолға шықтық. Біз алыстап кеткенше, Құрмаш пен Батырхан үйдің артынан бізге қарады да тұрды.

Тіке түстікке тартып, Ақсайдың аузына сүңгіп барамыз. Бұрынғы даңғыл жол жоқ. Шөп басып кеткен сілемі ғана жатыр.


Арт жаққа бұрылып қарасам, едәуір өрлеп кетіппіз. Мыңбұлақтың өзі ылдида қалыпты. Әйтпесе, төмендегі теміржолға, Теріс өзенге қарағанда Мыңбұлақ та өр ғой. Сөйткен Мыңбұлақ қазір ылдилап қалды. Ауылдың ең бергі шетінен ағараңдап біздің үй көрінеді. Алыстан ағарып көзге оттай басылады. Қайран менің ақ үйім.

Мыңбұлақ пен Ақсай аңғарының арасын «Төс» дейді. Ауылдағылар: «Арпаны биыл Төске салдық», «Малды биыл Төске шығардық», – деп жатады.

Ал сол Төсті сіз осындай көктемде көрсеңіз ғой. Сәуірдің ортасы – мамырдың басы. Басқа еш жерде жоқ, тек біздің Жуалыда ғана өсетін қызғалдақ теңізін кешер едіңіз. Тұқымы бөлек. Жаратылысы басқа. Арасында алтын түстес сарғалдағы да бар. Күлгін көгі де кездеседі. Әрине, бәрінен де көбі қырмызы қызылы ғой.

Қырмызы қызыл қызғалдақ! Балалық шақтың жалауы. Бірінші Мамыр мерекесіне қызыл жалау орнына біз десте-десте қызғалдақ алып шығатынбыз.

Өзек толы ақ көбелек, көк көбелек, сары көбелек, қызыл көбелек, шұбар көбелек – бәрі гүлден-гүлге секеңдеп, жетісіп-ақ жүр. Гүл шырынын солардан қызғанғандай бал аралары үрей тудыра ызыңдайды.



Біздің көк есек құйрығын көтеріп, тезек тастап еді, қара қоңыз лезде қаптап кетті.

Қызғалдақтар әсіресе өзекке көп шығады. Өзек толы шалғын. Жуасы қалың. Мен сол өзекке жүгіріп түсіп, жуа теріп келемін. Бір уысын өзіме қалдырып, біруысын Айшаға беремін. О, біздің жуа да өзгеше, ауқат десе де болады. Әттең, айран жоқ, айранға турап жесең – зәйтүн майына қуырған бөдене етін жегендей боласың.

Бөдене демекші, айнала толған бытпылдық! Жоңышқа едәуір көтеріліп, бірінші ораққа әне-міне ілінейін деп тұр. Іші толған бөдене. Қоразы мен мекиені кезек-кезек сайрайды. Сірә, махаббат маусымы болар. Бірақ менің уайымым: бұл бөденелер махаббатқа мас болып, ақырын ойламай ма деп қаламын. Ақырын ойласа, мына жоңышқаның ішіне жұмыртқа салып, балапан баспауы керек қой. Әйтпесе, ертең Есен мылқау мен Қазы шұбар ат жеккен косилкамен жоңышқаны жапыра орғанда, бөдене сорлының не балапаны, не жұмыртқасы пышаққа түсіп қалмай ма?!

Мен осыны уайымдаймын. Ал бөденелердің ойында ондай уайым жоқ. Мәз-мейрам. Шетінен мас.

Ауылдан көп алыстап кетсек те, мұнда да қайқаңдап ұшып қарлығаш жүр. Балапан үшін, қу тамақ үшін бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ.

Көк есек көзін жұмып, мыртыңдай басып, кібіртіктеп келеді. Өр ғой. Өрге қарай жүру қиын.

Айша ыңылдап ән салған сияқты. Мен анда-мында жүгіріп, біресе жуа теріп, біресе жауқазын қазып, қызығып кетіп қызғалдақ жұлып жүрмін.

Айша:

– Жауқазынды жұла берме. Келесі жылы қызғалдақ шықпай қалады, – дейді.

– Иә, жауқазын тәтті ғой, – деймін мен.

– Е, Барсхан, тәтті болсаң, жеп қояды; ащы болсаң, түкіріп тастайды, – дейді Айша күрсініп.

Сонда қандай болу керек? Дәмсіз, сөлсіз болу керек пе? Ара-тұра шағыр тікен кездеседі. Ойлаймын: шағыр тікен сияқты болу керек деп. Мал жоламайды. Жеуге жарамайды. Ал бірақ дәрі. Неше алуан ауруды жұлып түседі. Әдісін Әбіш атам біледі.

Не көп, шырыш көп. Алқымы уға толы әбжылан сияқты ысқырып тұр. Шырышты да мал жемейді.



Сидиып-сидиып, сары үлбірек жамылып, сиырқұйрық қаптап кетіпті. Бұл енді, сайрауық сарыторғай қонатын тұрақ болудан басқаға жарамайды. Көп дегенде, қурағанда отын болар.

Аяғымды шеттік тікен жырып қанатады. Біздің аяқ – жалаңаяқ. Өзі қанайды – өзі тыйылады. Әлпештеп жатқан ешкім жоқ. Бірақ шеттік тікен ащы, атаңа нәлет! Шеттік тікеннен де өлмейсің. Мұндағы дүлей – шошқа тікен ғой. Құдай содан сақтасын. Кіргенде кірш ете қалады ғой. Табанын жалаған күшік құсап қаңсылап қаласың.

Мақтаған Төсінің бәрін тікен басып кеткен бе немене деп қалмаңыз. Жаныма батқан соң айтамын. Әйтпесе, Төстің мамықтай жұмсақ жерлері де көп. Жап-жасыл мүк басқан өзекпен жүріп отырсаң – жаннаттың төрінде жүргендей боласың.

Айша ыңылдайды, көк есек пысқырынады. Келе жатқан бетіміз – Ақсайдың аузы. Кенет Айша:

– Әй, Барсхан, – деді.

– Не?

– Сен осы келе жатқан Төсіміз бір кездегі Бердімбет бабаңның жайлауы екенін білмейсің, ә?

– Е, қайдан білейін. Колхоздікі дейді ғой.

– Колхоз кейін болды ғой... Бұрын анау Керегетас, сонау Үңгіртас, мына Төс – бәрі бабаңдікі болатын. Мұндағыға дейін, кәмпеске келгенге дейін, біз де жайлауға шығып, ақ үй тігетінбіз.


Өз жайлауына қонып, өзінің ақ отауын тіккен сенде де арман жоқ, Айша. Мына біз, мына мен не көрдім, атасына нәлет!

Бір ой келді де: «Тәубе де», – деді.

«Тәубе!» – дедім. Қарын ашқанда жейтін көк жуа бергеніне тәубе. Көк зеңгір аспан жерге құлап кетпесін деп тіреуіш қылып қойған Тәңіртауды көрсеткеніңе тәубе! Найзаның ұшындай өткір Манас шыңын көрсеткеніңе тәубе!

Айша айтады: осы Манас шыңының төбесінде Манастың күлік атының қазығы бар дейді. Бұл шың қазір үшкір болып тұрғанмен, басына шықсаң жайлау дейді. Жаугершілікте Манас халқын бастап, сол шыңға шығып кеткен дейді.

Оның бәрін Айша қайдан біледі десем, оған қырғыздағы Сусар апамыз айтады екен. Сусар апамыз бізге жиен екен. Баяғыда басына мың қабаттап күндік салған Сусарды мен көргенмін. Қырғыз келіншектерінің, бәйбішелерінің кимешегі қызық. Жұқа ақ бәтесті қат-қат қабаттап, бастарына орай береді. Аршыған ақ пияздың қабатындай.



Манас түстік-шығыс жағымызда. Оның бер жағы Көксай. Біздің Бердімбет пен Күнікей ханымнан туған Гүлдана апамызды алған бай қырғыз Нұралы хан осы Көксайды жайлайды екен. Ақсайды Бердімбет бай жайлайды. Қырғыз бен қазақ байлары солай құдаласқан. Бай мен бай құда болып, араларында жорға жүрген. Енді сол байлардың азып-тозған ұрпақтарының арасында анда-санда дорба жүреді.

Айша осыны айтып «ah, дүние!» – деп күрсінгенде, Тәңіртау теңселгендей болады.

Заманында жаз жайлауға шығып, ақ отау тіккен Айшада арман жоқ дегенім бекер екен. Айшаның көкірегі толған арман. Кеудесіне сыймай кетеді. Анда-санда «ah!» – дегенде көкірегі қарс айырылып, жанартау атқылап шығады.

Жүгіріп кетіп, жуа теріп келген мені Айша ұстап алып, қалтасындағы орамалымен менің аузымды сүртеді. Жуаны жей берсең, екі езуің көк нілденіп қалады.

Ақсайдың аузына жақындаған сайын тобылғы қалыңдап, ылдидағыдай шипая емес, жуандап бара жатыр. Бір түбінің өзі отау орнындай тарбиып жайылып кеткен.

«Шіркін, бәкі болса, қамшы сап кесіп алар ма еді» деп келе жатқам. Мұртазадан қалған күміс сап бәкі бар еді, оны Айша тығып тастаған. Ұстатпайды. Қамшы сапқа жарайтын түзу, жуан бұтағын сындырып алуға өте қатты, күш жетпейді. Енді қайтсем екен деп келе жатқанда, тарбиған тобылғының түбінен бірдеңе атып тұрып, аспанға бір-ақ ырғып зыта жөнелді. Жалқын сары алтын ағып өткендей болды. Елік екен! Артынан құлдыраңдап лағы безіп берді. Елік анадай жерге барып, танауы желп-желп етіп тоқтап, артына бұрылып, лағын күтіп алды.

Елік тобылғының түбінен шапшып кеп қалғанда, мен шалқамнан түсе жаздадым. Заты жуас көк есек жалт бұрылып кеткенде, үстіндегі қап түсіп қала жаздады. Тағы да болса, Айша арқанмен таңып тастағаны жақсы болған екен, құлаған жоқ, сәл ауыңқырап кетті. Сол қапты түзетісіп, Айшаға септесудің орнына, мен әлгі лақ ерткен еліктің соңынан тұра жүгіріппін.

Елік жеткізуші ме еді! Жаңа туған лағының өзі шегірткедей ыршиды. Бір қияқ тасқа оң аяғымның бас бармағы тіреліп, етпетімнен түстім.

Айша келіп тұрғызып алды. Оңбай құладым.

– Әй, сенің де балалығың қалмады-ау, Барсхан. Қасқыр боп кеткенсің бе, тегі. Елік саған ұстатушы ма еді.



– Ұстатпай кетті, – дедім, – сәл болмағанда ұстап алатын едім, құлап қалдым.

Бас бармағымның тырнағы көгеріп кетіпті. Қанап қалыпты. Айша оны орамалмен таңып жатып:

– Лағы өссін, кейін ұстайсың, – деді.

– Қайтіп? – деймін. – Не мылтығым жоқ, не атым жоқ. Жаяу қайтіп ұстаймы-ы-ын!

– Мойныңа садақ ілесің.
Ақбоз атқа мінесің.
Құмай тазы жаныңда,
Сондай да дәурен сүресің, –

деп әндетті Айша.

«Әлди, әлди» айтқан сияқты. Сомадай болған мені «Әлди, бөпем» деп жұбатқан түрі.

Айша кейде осындай. Мейірімі түседі. Кейде суға салып сабайды. Құдайым, Айшаның көңілін көл қылсын.

Қазір көңілі шалқар сияқты. Мүмкін, Төскейдің арша сасыған жұпар ауасы, әуедегі бозторғайдың шырылы, бөдененің бытпылдығы, сары торғайдың сарнауық әні – бәрі-бәрі Айшаға Алланың рақым-шапағатын мол себелеген шығар, бұ жолы ұрыспады. Мұндай кәусар ауаны үзіп-жұлқып жұтпай, сіміре беру керек саумал қымыз сияқты.

Тау талының түбіне үңілсең – қозықұйрық. Біразын теріп алдым. Қозықұйрық – адалы, саңырауқұлақ – арамы. Оны білем. Аштық үйреткен.


Ақсайдың төріне жақындаған сайын жер төсенген аласа арша, тікенегіне дейін гүлдеген шырғанақ, күреңқызыл тобылғы жиілей түсті. Бәрінен де жаннаттың хош иісі бұрқырайды.

Баяғыда Бердімбет бабамыз осы жаз жайлауында қала бермей, Мыңбұлаққа неге қыстау салған?

Әй, бірақ Мыңбұлақтың да жөні бөлек қой. Аяқ аттаған сайын мөлдір бұлақ атқылап жатқан жерді қайдан табасың?!

Көк тіреген таулардың ақ қар, көк мұз жамылған шыңдары көрінбей кетті. Біз Ақсайдың алқымына тірелдік. Таудың ішіне кіргенде биіктігі білінбейді. Тау алыстаған сайын биіктейді.

Қалың бұйра талдың ішінен үй көрінеді. Диірмен осы, үлкендігі біздің көк есегіміздей алпауыт ала төбет, оның нөкерлері – дүрегей ит пен бір мәшке қосыла «аттандап» алдымыздан шықты. Артынша



дөңгелек бөркі басында, көлкілдеген көк ала сақалды, ұзын бойлы кісі көрініп, иттерге:

– Кет! – деп тастады.

Диірменші Сағымбек («Мағымбек») Айшаны танып, амандасып, жай сұрасып жатыр.

– Жақсыдан қалған жәдігер, – деп, менің маңдайымнан иіскеп, басымнан сипап-сипап қойды. Ішім жылып қалды. Бірақ «диірмені қайда?»

Диірментас дүрсілдемейді. Диірментасқа құлаған су сарқырамайды. Шоңқараның диірмені болса, гүрсілдеп-дүрсілдеп, алыстан айқайлап тұрар еді. Мынау... үндемейді.

Айша жағдайды айтып жатыр.

– Бердімбет пен Мұртазадан қалған ақбоз үйді бастық тартып алып, ақысына мына бір десте бидай берді, – деп, есектің үстіндегі ала қапты сұқ саусағымен нұқып қойды. – Шоңқараның диірменшісі өзі аз бидайдың біразын қалдаға алып қоя ма деп қорыққаннан, жер шалғайлау болса да, бір күн жұмыстан сұранып, өзіңе келдім, қайнаға. Жақсы атасына сәлем берсін деп, мына Барсханды да ерте келдім.

– Ой, бәрекелді, сәлемші болсаң, дәу жігіт бол, Алла-Құдай, аруақтар жар болып, бағың ашылсын, шырағым. Аман бол! Тірі жүрсең, әлі алтын аяқтан ас ішерсің, – деп, Сағымбек атам тағы мені айналып-толғанды. Қуанып қалдым. Сипалағанды ит те жақсы көреді. Мен адаммын ғой.

Бірақ Сағымбек атам артынша жайсыздау хабар айтты.

– Айналайын Айша келін-ау, алыстан әдейілеп келгенде, бұл диірмені құрғыр тоқтап тұр ғой...

– Немене, бұзылып қалды ма?

– Жоға, бұзылып бәле көрініп пе... Тартатын астық жоқ. Мына көкөзек көктемде ұн тартатын кімде астық бар дейсің. Ылдидағылар сірә да келмейді. Ал мына біздің «Сталин жол» бар бидайын баяғыда ұн қылып алған. Енді ешкімде дән жоқ. Сонымен диірменді жығып тастадым.

– Қап, – деді Айша кіртиіп. – Сонша жерден әуре боп...

– Біліп тұрмын, шырағым, тарт десең, тартып берейін. Менің түгім кетпейді. Қазір суды қайырамын да, диірменді жүргізіп беремін. Бірақ өзі аз бидайыңның жартысы диірменнің көмейінде қалып қояды. Оны айдап шығу үшін, артынан тағы бірер қап бидай салу керек. Ол жоқ.

Көңілсіз әңгіме үзіліп қалғанда, дарбазаның алдында жем іздеп құрқылдап жүрген екі-үш тауықтың үні естілді.



Сонда менің көз алдыма Шоңқара диірмені келді. Оның айдын суында неміс диірменшінің үйрек-қаздары қаптап жүреді. Ауласында тұмсығы салбыраған түйетауықтар... шыңғырған торайлар, қорсылдаған мегежіндер...

Ал мұнда болса, екі-үш тауық жем таба алмай шұрқырайды. Қазақтың тауығына дейін ебедейсіз бе... Былайырақ көгалға шықса, құрт-құмырсқа, шұбалшын, көбелек деген қаптап жүрген жоқ па, соны теріп жесе қайтеді. Е, ол үшін жүгіру керек, көбелек оңайлықпен ұстатпайды...

Кенет Сағымбек атам қалбалақтап:

– Ойбу, бұл не боп бара жатырмыз, – деді жалпақ алақанымен санын бір салып қалып. – Үйге жүр дегенді ұмытып кетіппін ғой. Ал келін, а-а-а, Барсхан балам, кәне, үйге кіріңдер, – деп, дөң қабақта тұрған тоқал тамға қарай жол бастады.

Белі босасын деп, есектің үстіндегі қапты жерге түсіріп қойдық. Диірменшінің үйіне кіріп шай іштік. Бәйбіше үндемейтін, біртоға кісі екен. Әлде тауда жалғыз үй тұрғаннан кейін, сөйлесетін ешкім болмай, адам кісікиік боп қала ма екен... Осыдан шамада екі-үш шақырым батысқа қарай шағын ауыл да бар. Оларды «Ақсай-Құли» немесе «Адыр Құли» деп атайды. Жаңаша: «Сталин жол» колхозы. «Адыр» болатыны – шетінен боза салады. Тары боза – арақ емес, бірақ шараптан жырақ емес. Онша-мұнша шарап құрлы шамасы бар.

Әрі тамақ, әрі сусын, әрі шарап орнына жүреді. Оған тойып алған «Ақсай-Құлилар» адыр болмағанда қайтеді.


Үндемес бәйбіше шайдан кейін бізге бір-бір зерен тостаған боза ұсынды. Жалғыз үй отырып, бұлар да боза салады екен.

Аузыма бір жұтым қымыз, яки бір қасық боза тисе болды – бет-аузым алаулап шыға келеді.

– Келін, айналайын Айша, – деді Сағымбек айыпты адамдай үні бәсеңдеп. – Бидайыңды тартып бермегеніме өкпелеме. Айттым ғой себебін. Ал егер біле білсең, – деді бір құпия сыр ашатын адамша,– бидайыңды дәу диірменге тартқызба. Үйіңде қолдиірмен бар ма?

– Екі-үш үйге бір қолдиірмен бар ғой, – деді Айша.

– Е, сол қолдиірмен жақсы. Үлкен диірмен қанша айтқанмен бидайды күйдіріп жібереді. Маңызын кетіреді. Ал қолдиірменге тартқан ұн мен су диірменге тартқан ұнның нанын салыстырып көрші. Біз өзіміз, су диірменші бола тұра, нанды қолдиірменнің ұнынан пісіреміз. Сұрашы мына жеңгеңнен, – деп, бәйбішесіне қарап қойды.



Бәйбішесі қиғаштап отырып:

– Рас қой, – дей салды.

– Ендігі айтарым: баяғыда сол Борандының базарында балаларға бір киім-кешек сатып алайын деп тұрғанымда, ақшам жетпей қалып, Құдай тілеуіңді бергір, Мұртаза кездесе кетіп, содан елу сом қарыз алып едім. О, ол кездегі елу сом қайда-а-а! Көп ақша ғой. Сол қарыз мойнымда әлі сүйретіліп жүр. Жаның жаннатта болғыр, Мұртазаның өзі жоқ енді, Құдай айдап мына баласы Барсхан келді, әлгі қарызымды қайтарғаным болсын: бір дәсері қап тары берейін, соны ала кетіңдер, – деді. – Бір жағы Барсханға кигізген кәстөм-шалбарым болсын. Баяғы кез болса, астына тай мінгізетін-ақ жөнім бар. Қайтейін, қол қысқалау...

...Көк есектің жүгі, сөйтіп екі есе ауырлады. Белі майысыңқырап, мықшиып қалды. Айша Сағымбек атам екеуі екі қапты айқастыра салып, ала арқанмен айқыш-ұйқыш мықтап таңып тастады.

– Ылдиға қарай жол жеңіл болады, әлі-ақ барып қаласыңдар, – деді Сағымбек шал бізді шығарып салып тұрып.

Алып тасауыздың іші лезде күңгірт тартты. Кеш болып қалған екен-ау десем, тасауыздан шыққан соң қарасам, күн әлі ерте сияқты. Тек аспанды үлпілдек ұшпа бұлттар қаптап кетіпті. Күн еңкейген сәтте, алыстағы Қошқарата, Боралдай, Құлан тауларының үстіне қонақтаған бұлттар ғажайып қызғылтым, қызыл күлгін бояуға малынды. Артыма бұрылып, Тәңіртауға қарап едім: дүние-әлем жанартаудан жаңа жаратылғандай алып айдаһар жалындап жатыр екен. Жанартаудың жалыны бізді де шарпып, өртеп жіберердей біртүрлі үрейлі екен.

Жағырапиядан сабақ беретін мұғалім: дүниеде Гималайдан биік тау жоқ дейді. Мен сенбеймін: дүниеде Тәңіртаудан заңғары жоқ. Мықты болса, Гималайға Тәңірінің атын неге бермеген... Батыста Жабағылы тұсында қан қызыл Күн ұясына батып бара жатқанда, шығыстан құпқу болып, өңі қашып қуарған Ай көрінді. Күннің батып бара жатқанына күйзелгендей, үн-түнсіз іштен күңіренгендей қалпы бар.

Аспандағы қан қызыл ірең бірте-бірте жұмсарып, қызғылтым шәйі орамалдар желбіреді. Боралдайдың Ұзын Тұра, Қысқа Тұра тұсына көзім түсіп еді, таңғалғаннан даусым шығып кетті.

– Не? – деді Айша маған бұрылып. Саусағымды шошайтып:

– Ста-а-алин, – деппін.

– Астапыр-алла! – деп Айша жағасын ұстады.

Сәлден соң, Сталин бейнесі бұзылып, бұлт ыдырап кетті.



Оның есесіне бірте-бірте жез елік пайда бола бастады. Жез лағы тағы бар. Шапшып шауып барады. Соңына күміс қасқыр түсті.

Түк түсінсем бұйырмасын, әлгі қасқыр өзім екенмін деймін. Түсім ғой десем, есектің үстіндегі қаптың түбінен ұстап жүріп келе жатырмын. Оллаһи-биллаһи – мен! Бірақ мына есектің үстіндегі қаптан ұстап, Айшамен қатар жүріп келе жатқаным тағы ақиқат.

Қасқыр да мен, мен де – мен! Екі бөлекпін. Жерде де келе жатырмын, аспанда да елік қуып барамын. Миым шатысып кетті. Үйге қалай келіп қалғанымызды да білмеймін. Үйге кіре бергенде, артыма бұрылып қарап едім, күміс қасқыр Шоңғардың бұзылған ескі үйінің орнында шоқиып отыр екен.

– Неғып тұрсың? – деді Айша. – Қапты көтерісіп жібер!


Одан арғысы есімде жоқ. Мен ес-түссіз үш күн ауырып жатыппын.

ЖОЛАН – ЖАНЫСТЫҢ ҚЫЗЫ

Бұл әңгімеде мен жеті жылға шегініс жасамақшымын. Қазір ғой қырық төртінші жылдың көктемі. Ал әңгіме ойранды отыз жетінің күзіндегі бір оқиға туралы.

Сары ала күздің таңы есінеп-есінеп алып атқанда, Айша колхоздың қызылшасына кетеді. Қызылша дегенді бұл аймақ естіп-білмеген. Бірақ Мыңбұлақтың қара бұйра топырағына осы дақылдың тұқымы түсуі мұң екен, дүркіреп ала жөнелді. Қызылша ат басындай болып өсті. Агрономы – ауылдың оқымаған ақсақалы Әбдікәрім деген кісі. Көк ала болған сақалы желбіреген, кеудесі керіскедей, қызылшырайлы, ірі кісі еді, мына ат басындай қызылшаны өзі толғатып тапқандай, айдарынан жел есіп, Құдайы беріп тұрған кез. Ауданнан, облыстан бастықтар келіп, оқымаған агрономды арқасынан қаққанда, жарықтық дем ала алмай, жарылып кете жаздайды.

Бес жасқа толар-толмас кезім шығар, Айшаға түс әлетінде айран алып барамын. Қызылша басы қызық-думан сияқты көрінеді. Қызыл-жасыл қыз-келіншек тәтті тамырды тазалап, тау-тау қылып үйіп жатыр. Жаманшылықтан белгі жоқ, тамағы тоқ. Әр жерден әуендетіп ән салғандар, сыңғырлаған күміс күлкі. Әрі еңбек, әрі театр.



Сол қызықтың үстіне тағы бір «әртіс» келіп қосылды. Ол Боранды бекет жақтан келді. Жетегінде құйрығы тегенедей дәу көк қошқары бар. Келе қыз-келіншекке қырғидай тиді дейсің. Сөйтсе, балдыздары көрінеді. Қыздар шыңғырады, кейде бәрі жабылып, әлгі жезденің қойны-қонышын тінткілеп, ақшасын да, шақшасын да тонап алады. Қыран-топан қызықтың көкесі осы. Театр дегенді білмейтін елге бұдан артық театр не керек?!

Сөйтсе, бұл атақты Қадыр «тентек» екен. Осы елге күйеу. Дәлірек айтқанда, Мұртазаның туған қарындасы Әдия дейтін әпкемізді алған. Боранды бекеттің базарынан қайтқан беті екен. Ауылы осыдан бес шақырым күншығыста, анау қырғыздың шекарасында жатқан Шоңқара. Оны орыс-қазақ қазір Андреевка дейді. Шымыр, шанышқылы, орыс дейтін елдер аралас отырады.

Балдыздарымен ойнап-күліп, құмардан шыққан соң жездеміз мені көріп қалып, шақырып алып, қыздардың талауынан қалған бірер мәмпәси кәмпитті маған береді. Бұрын көрген-көрмегенім есімде жоқ, бірақ бұл адам осы маған қатты ұнады.

– Біздің ауылға барасың ба? – деді.

– Барамын, – деппін ойланбай.

– Жүр, ендеше, кеттік, – деп, қолыма шыбық берді, – мына қошқарды айда. Кешке осының асығын саған алып беремін, – деді. Айшамен сөйлесіп біраз тұрды. Сірә, мені алып кететінін айтқан болуы керек.

Сонымен, жалғызаяқ жолға түстік. Алдыда Қадыр жездем, ортада көк қошқар, соңында – мен. Талай сайлардан, сылдырлап аққан сулардан өттік. Бұзылып, дуалдары қалған ескі жұрттың тұсынан өтіп бара жатқанда жездем:

– Мынау біздің ескі қонысымыз. Менің әкем Ошпанқұл байдың ордасы, – деді.

Ескі дуалдардың үстіне тізіліп қарғалар отыр.

– Осының бір жерінде әкем жасырған алтын жатыр, – деді жездем, қураған шоңайна, тікен басып кеткен үйінділер тұсында тоқтап тұрып. – Қайда екені белгісіз?

Алтын дегеннің не екенін біле бермеймін, бірақ өте қызық бірдеңе сияқты елестеп:

– Онда іздейік те, – деймін.

Қадыр айдалада қарқылдап күлгенде, дуалда отырған қарғалар қалбаң-қалбаң ұша жөнелді.

– Бір білсе, осылар біледі. Бірақ бұл арамдар айтпайды, – деді Қадыр ұшқан қарғалардың соңынан сазара қарап тұрып.



Сөйтсе, осыдан он шақты жыл бұрын байларды кәмпескелеу, тәркілеу деген болыпты. Байлар дүние-мүлкін жасырыпты, жасырмағанын өкімет тартып алыпты. Байларды қамап, алысқа-алысқа жер аударыпты. Ошпанқұл бай өз ажалынан қайтты ма, жоқ айдалып кетті ме, оны маған Қадыр айтқан жоқ, сұрауға менің өрем де жеткен жоқ. Ал Қадырдың өзі Мұртаза сияқты түрмеге отырып шығыпты. Бір ұл, бір қызын детдомға өткізіп жіберіпті. Кейін оларды таба алмай қалыпты. Ең көңілді, ең бақытты сияқты көрінген Қадырдың өзінде қанша қайғы жатыр...

* * *


Сонымен, Шоңқараға да жеттік. Суы сарқырап, ақ көбігі атқылаған диірменнің тұсынан да өттік. О, бұл диірменді алда мен әлі талай көремін. Болашақта «Мылтықсыз майдан» атты романымның бір геройы осы Шоңқара диірмені болады.

Ал әзір мен роман дегенді де, кітап жазу дегенді де білмеймін. Білетінім: Шоңқара сайының батыс жағындағы жатаған балшық үйлер, айналасы тап-тақыр, тастақ. Сайдың шығыс жақ беті қалың орман, шошақ, маяжон төбелі ақ үйлер. Ғажайып шаһар сияқты. Ол жақта көбінесе орыстар, немістер тұрады екен. Тастақта отырған шанышқылылар, яғни найзалылар. Бір кезде найзагер болса болған шығар, ал мен бес жаста көрген шанышқылылар ауылы – Америкадағы қызыл терілі үндістердің резервациясы сияқты еді.

Мені құшақтап, бетімнен сүйіп, айналып-толғанған ақсары ажарлы әйел – Мұртазаның туған қарындасы, менің әпкем Әдия екен.

«Ал, құда бала», – деп, алдыма бір тостаған алқоры қойған бүкіш қара кемпір, Қадырдың шешесі, Әдияның енесі Оразкүл екен. Маған суреті бар кітаптарын көрсетіп, қасымнан шықпай, айналшақтап қалған он жасар шамасындағы бала, Қадыр мен Әдияның детдомнан аман қалған жалғыз ұлы Машан екен.

Уылжыған тәтті алқорыны жеп, кітаптың суреттерін көріп отырғанымда, қабырғасы жұқа, күрке сияқты үйдің сыртынан жездем мен әпкемнің ұрысқан даусы шықты. Екеуі кәдімгідей сөзге келіп жатыр. Не екенін түсінбеймін. Бүкіш қара кемпір мен алдансын деді ме, әлде шын мейірі ме – сандықтан жаңғақ алып берді.



Ұрыстың себебі мен екенмін. Әдия Қадырға: «баланы неге ертіп келдің» деп шатақ шығарады. Әпкем мені жек көреді екен ғой деп шамалаймын.

Сөйтсем, менің бұл үйге бірінші рет келуім екен. «Құда бала» дәрежесінде мен бұл үйге тұңғыш рет келгеннен соң, кәстөм-шалбар, көйлек киіп, ат мініп қайтуым керек екен. Бір кездегі шалқыған бай үйдің қазір кәстөм-шалбар кигізіп, ат мінгізуге қауқары қалмапты. Соған қорланған бір кездегі байдың қызы, байдың келіні Әдия әпкем намыстанбай ма? Ойында еш дақ жоқ, аққөңіл, аңқылдақ күйеуі Қадырға: бұл қай жындылығың, артын неге ойламайсың деп, қиғылықты салмай ма?

Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да сол, соры да сол.

Шай ішіп, тамақтанып болған соң, Машан мені сайдың арғы бетіндегі алмалы ауылға алып барды. Бұрын алма жеп жүрсем де, алманың ағаш басында өсетінін көргенім сол шығар. Бәрі қызық, ғажайып бөтен дүние. Қызыққаным сонша, қып-қызыл, сиқырлы сұлу жеміске балалықпен қол созсам керек. Шарбақтың ар жағынан қасқыр сияқты тік құлақ, көк төбет арсылдап қоя берсін. Іле-шала шашы қып-қызыл, сепкіл бет, бөтен пішінді бала мен білмейтін тілде бірдеңе-бірдеңе деп айқайласын. Артынан қызыл ала белдемше таңған, жирен шашты әйел шығып, қызылшаш балаға ұрыссын. Сөйтіп, Машанның дорбасына толтырып алма салып берсін.

Бұл менің орыс дейтін елдің ауылын бірінші рет көруім еді. Үйлері шошақ болады екен, төбесін қамыспен жабады екен. Қоралары тап-таза. Біздің ауылдағыдай есік алдында үйіліп жатқан күл, тезек, қоқыс көрінбейді. Балпаңдап қалған үйрек дейтін құс асырайды екен. Қаңқылдаған қаздары болады екен. Ата қаз ашушаң, бөтен балаға мойнын созып тұра кеп ұмтылады екен. Белдемшелі, жирен шаш әйел өзінің сепкіл бет баласын ұрсып, қуып жібергендей, ата қазды да қуып жіберді. Ішім жылып, жақсы көріп қалдым. Бірақ ауладан біртүрлі жағымсыз иіс шығады. Сөйтсе, шошқа деген болады екен. Жалғандағы жаман иіс сонікі көрінеді.

Жездем мен әпкемнің үйінде қанша күн жүргенім есімде жоқ, бірақ ауылды қатты сағынып кеткенімді білемін. Оразкүл кемпір мен Машан мен жалықпасын деп бар ықыластарын салады-ақ: жаңғақ береді, алма, алқоры деген көп. Машан бар асықтарын алып, алдыма жайып салды. Бірақ

ауылымды, үйімді сағынғаным сонша, Машанның асықтарын көйлегімнің ішіне сыйғанынша салып алып, ауыл қайдасың деп зытып беріппін.

Қадыр жездемнің қошқарын айдасып келген жолға түсіп, күнбатыс жақты бетке алып, жүгіре берсем керек. Екі ауылдың арасында ел жоқ. Тек терең-терең сайлар, жетім қалған дуалдар. Жездем: «алтын көмген» деген сайдың табанына түскенде өкпем өшіп, шаршағанымды сезіп, етпеттеп жата қалып, мөлдір бұлақтан сіміре бергенімді, қарнына Машанның асықтары батқанын білемін.

Содан бұлақ басындағы жалбыздың иісіне мас болып, тұруға да, жүруге де ерініп, қисая кетсем керек. Одан арғысы белгісіз, қатып ұйықтап қалыппын.

Біреулер дабыр-дабыр сөйлеген сияқты, мен жерден көтеріліп, ұшып бара жатқан сияқтымын. Бір кезде көзімді ашып қарасам, Әдия әпкем мені көтеріп алыпты. Қасында – Машан...

Менің қашқанымды, жалғызаяқ жолға түсіп алып зытқанымды Оразкүл кемпір көріп қойса керек. Бірақ сексендегі кемпір мені қуып жете алмайды ғой. Содан: «Ойбай, құда бала кетіп қалды» деп байбалам салмай ма?! Әдия әпкем мен Машан өкпелерін қолына алып қумай ма?!

Сөйтіп, шанышқылылардың ауылына қайтып келдім. Айдалада ұйықтап қалғанымды естіп, Оразкүл кемпір жеті нан құдайы атап, күн батар шақта мені сумен ұшықтады.


Ертесіне Әдия әпкем мені диірменге ертіп барып, біздің ауылдан келген Нәметқұл дейтін кісіге табыстады.

Нәметқұл диірменге атты арбамен келген екен. Бидайынан ұн тартып, қаптарын арбаға артып, мені жанына отырғызып алып, ауылға аттанды.

Басқа жолмен, сайлары жоқ қара жолмен кеттік. Бір сайдың басындағы төмпешікте зират бар екен. Зираттың тұсынан өтіп бара жатқанда, Нәметқұл арбаны тоқтатып, жерге түсіп, шөкелеп отырып дұға оқыды. Одан соң бір төмпешіктің түбінде ағарып жатқан жілікті алып, ары-бері үңіле қарап, сынып қалатын шыны құсатып абайлап ұстап, әлгі төмпешіктің бүйіріндегі тесікке тастап, күректей алақандарымен топырақ үйді.

Ол жілік моладан қалай шығып кеткен – ақылым жетпейді. Бірақ енді зират көрсем, Нәметқұл есіме түсетін болды.

Соның алдында ғана, мен туған отыз екінші жылы адамдар көп қырылған деседі. Көбісі көмусіз қалған деседі. Сондай сорлының бірі ме, кім білсін?



Нәметқұлдың сол ісі, қураған жілікті аялап күбірлегені, қастерлеп көмгені көз алдымнан кетпейді. Адам адамның есінде мәңгі қалу үшін, үлкен ерліктің керегі жоқ шығар. Мәңгілікке татитын бір әрекет жетіп жатыр.

Әйтпесе, осы жолмен басқа адамдар өтпеді дейсің бе? Олар әлгі сүйекті көрмеді дейсің бе...

Жаның жаннатта болсын, Нәметқұл көке. Әкей «халық жауы» болып кеткеннен кейін, үрпек балапандай үш баланы үрейлендіріп, Айша өз бетін өзі жұлып, қанатып, аңырағаннан кейін, әскерге кеткенше, осы Нәметқұл мені басымнан талай сипады. Заманы соғыс болған соң, баланың ойыны да соғыс болса керек. Қаңылтырдан ұш жасап, қамыс жебе басына кигізіп, садақ тартушы еді. Сонда бір баланың жебесі менің сол қабағыма қадалды да қалды. Нәметқұл темір ұста дүкенінен атып шығып, шырқыраған мені көтеріп алып, садақтың оғын қабағымнан суырып тұрып: «Құдай сақтапты, көзіңнен айырыла жаздапсың ғой», – деп, емдеп-домдағаны есімде.

Сол жақ қас пен көздің арасындағы тыртық сол «соғыстың» таңбасы.

* * *

Сонымен, қырық төртінші жылдың көктемі. Қадыр жездемнің көк қошқарын айдасып, мен Шанышқылы ауылына алғаш барғаннан бері, арада жеті жыл өте шықты. Енді мен бес жасар, шала есті ерке бала емес, жеті жыл ішінде талай бәле көрген, он екі жасар жүгермекпін.

Осыдан жеті жыл бұрын маған көне сандықтан жаңғақ алып беретін бүкір кемпір Оразкүл қазір біздің үйде. Үш баланың бастығы – сол. Мұртазадан қалған үш жетім сол бүкір кемпірдің айтқанын істеп, айдауында жүреміз.

Ол былай болды: Қаратаудың ар жағында, Бурылтаудың арғы бетінде Айшаның төркіні болады екен. Айшаның туған шешесі Құлыхан деген кісі (жаны жаннатта болсын) дүниеден өтіпті. Сондай сұмдық хабар алған соң, Айша (не көрмеген Айша) әуелі жылап-сықтаса да, кенет тас-түйін боп түйіліпті де, Шанышқылы ауылына барып, осы Оразкүл кемпірді алып келді. Қасына Дошанай молданы ертіп алып, төркініне жүріп кетті.

Қанша қиын болса да, заман қанша ауыр десе де, туған анасы қайтқанда, төркініне барып бата оқытуға жарамаса Айша – Айша бола ма?!

Сөйтіп, Айша орнына бүкір кемпір Оразкүл қалды. Енді ойласам, сол кезде айналамызда екі-үш күн бізге қарайласа тұратын, ағайын-туған қалмаған екен ғой. Тұрымтай тұсымен, балапан басымен кеткен заман.

Оразкүл анамыздың айтқанын істейміз. Он жасар Құрмаш құрай теріп, отын дайындайды. Мен терең сайдан су тасимын. Жетіге жеткен Батырхан әлжуаз, беске дейін жүре алмай мешел болған аурушаң неме, жұмысқа жарамайды.

Немен күн көріп, немен тамақтанғанымыз есімде жоқ. Есімде қалғаны, күн бата салысымен тауықтар сияқты біз де жертөсекке қаз-қатар жатып алып, Оразкүл кемпірдің әңгімесін тыңдаймыз. Бәлкім, қара қазанға қара су құйып, тас қайнатқаннан басқа ештеңесі жоқ біздерге азық болған сол бүкір кемпірдің ұзақ-ұзақ әңгімесі шығар.

– Мына Ақсайдың аузынан ары Ақсу-Жабағылы деген ел басталады. Сол Ақсу-Жабағылының арғы беті – менің төркінім болады, – деп сарнай бастайды Оразкүл кемпір. – Оның қасында мына тау тау ма, – деп, түн қараңғысында біздің үйдің желкесіндегі Алатауды меңзеп жатқандай болады. – Біздің ауыл жердің жаннаты ғой, шіркін. Шыңдары аспанды тіреп тұрады. Ақ көбік өзендері атты адамды жаңқа құрлы көрмей ағызып әкетеді.

Біздің үйдің желкесіндегі Талас Алатауын «тау ма» деп кемсіткені көңіліме келсе де, бүкір кемпірдің төркіндерінің отанына қызығамын.

– О, біздің Ақсу-Жабағылыда не жоқ, – деп, бізді қызықтыра түседі Оразкүл, – ну орман, арша, ақ қайың, қызыл қайың, шашын жайған сәмбі тал, жүзжылдық зипа шынар – бәрі бар. Арасында аюлар өріп жүреді. Арқарлар мен таутеке, киіктер Қарынбайдың малы көрінеді. Ұлар мен кекілік сайрағанда, тау жаңғырады. Солардың бәрінен де биікте, қарлы шыңдарда теңбіл барыс болады.

– Барысты сіз көрдіңіз бе? – деймін мен шыдай алмай.

– Көрдім. Әкем жарықтық аңшы еді. Бір барысты торға салып, тірідей алып келгені есімде. Дүниеде мұндай сұлу, мұндай паң, тәкаппар аң болмас.

– Оны қайттіңіздер, асырадыңыздар ма?

– Асырауға көнбейді ғой. Есімде қалмапты, біреуге беріп жіберді-ау деймін, – дейді кемпір білмегеніне кешірім сұрағандай.

– Әкем Жолан – Жаныс еді. Біздің елді Жолан – Жаныс дейді. Жолан деген кісі Төле би деген әулие кісінің баласы екен. Жоланнан тараған ел көп қазір. Ойбу, айтпақшы, сенің үлкен әжең Күнікей, ой



аруағыңнан айналайын, Жолан-Жаныстың қызы ғой, менің әпкем. Сен оны көрген жоқсың ғой, қайдан көресің, мында тудың ғой. Күнікей – Мұртазаның анасы. Күнікейден Әбдімомын, атын ұмыттым, қырғызға кеткен бір қыз, Әміреқұл, біздің келін Әдия туған. Әдия, Сәния егіз екен. Сәниясы кішкентайында шетінеп кеткен. Әне, Әдия әпкең кімнен туған. Сөйтіп, әкең Мұртаза Жолан – Жанысқа жиен болғанда, сен жиеншар боласың, – дейді көрпемді қымтап қойып, Оразкүл апам.

Құрмаш қарындасым мен Батырхан ұйықтап қалған. Менің ұйқым келмейді. Оразкүл апамның әңгімесін тыңдай берсем деймін. Оразкүл айтқан Төле би, Жолан – Жаныс елі – ғажайыптар елі сияқты елестейді. Әсіресе теңбіл барыс кейін-кейін, талай-талай түсіме кіреді. Теңбіл барысқа мініп алған бабаларымды көремін. Мен де мінер ме едім деп армандаймын.

Оразкүл әңгімесі үзілсе, қарнымның шұрылдап ашып жатқанын, өзегім талып, үзілгендей болғанын лезде сеземін. Ал Оразкүл сөйлегенде онымды ұмытқандай боламын.

Оразкүл кемпір соны білгендей, әңгімесін соза береді. Мен Ақсу-Жабағылыға жетіп, Шатқалдағы жаңғақ орманын аралап жүремін. Кілең қара мақпал, жабайы жылқыларды көремін. Төле би заманынан қалған, содан жабайы боп өсіп-өнген тарпаң тағылар. Қаз мойын, қамыс құлақ, қара айғыр маған оқыранып келіп, жұп-жұмсақ ернімен алақанымды жыбырлатады. Мойнын иіп, тақтайдай жап-жазық арқасын меңзейді. Мен атлас жүнді, жұп-жұмсақ аттың арқасына қарғып мініп аламын.

Қара айғыр шатқалды жаңғырықтыра кісінеп алып, бір-ақ қарғып аспанға шығып, ұшып ала жөнелді. Төменнен:

– Түс, түс! – деп Айша айқайлайды.

– Қайда, қайда? – деп Құрмаш пен Батырхан қол созады.

– Қайт, қайт, енді ұрыспаймын, «халық жауының баласы» демеймін, – деп Жуанқұл бастық жалынады.

– Ұш, балам, ұш! Астыңдағы ат емес, аруақ. Ата-бабаңның аруағы. Сені аруақ қолдады, балам, арманыңа жет! – деп, Қамқа кемпір қол жаяды.

– Әй, тентек, түс көріп жатырсың ба? – деп, Оразкүл апам сыбырлайды. Не түс екенін, не өң екенін білмей, ғажайып ертегілер елі мен аш-жалаңаш азынаған азаптар елінің арасында мен жатамын.

Осындай түнді сыйға тартқан Оразкүл апам о дүниеде пейіштің төрінде болғай...

Сендей адам жаннаттан жай тапса жарасар, Жолан-Жаныстың қызы, отыз жетінің қысында атылып кеткен Қадыр жездемнің асыл анасы...

АҚҚЫЗ

Күн батып, қас қарайғанда, жылқыны Қуанышбайға өткізіп, үйге қайттым. Қуанышбай менен гөрі ересектеу. Түнгі кезекке сол шығады. Әкесі Сұлтан әскерде. Ақтамақ дейтін өгей шешесінің қолында тұрады. Өз анасы ұлы ашаршылықта кеткен көрінеді. Ал Ақтамақтың бұрынғы күйеуі Бегалы да аштан өлген. Сөйтіп, Сұлтан әйелден, Ақтамақ күйеуден айырылған ғой. Сұлтан Бегалының жақын інісі екен. Тағдыр шығар, «екі жарты – бір бүтін» демекші, ағайын болып Ақтамақты Сұлтанға қосқан екен.

Қайран қазекем, сұрапыл сойқаннан сансырап шықса да, жесірін ерден кетсе, елден кетірмеуге тырысқан. Сұлтан сіңірі шыққан кедей еді. Әлі есімде: қыстың күні жаман, жалғыз көрпесін жамылып жүретін. Ақтамақ Сұлтаннан Науат дейтін бір қыз тапты. Бейшара бүкір еді. Омыртқасы жарақаттанып, тумай жатып мүгедек болып қалды. Жанары ботаның көзіндей жәудіреп, адам көрсе бір жәрдем тілегендей жаутаң-жаутаң еткенде, жаның шырылдап, жүрегің жылағандай боласың...

Қуанышбай жылқыны санап болып:

– Қайта бер, – деді. Жаз болса да жаурап тұрғандай, жағы үрпиген, жүдеу. «Әкесіз жетім – арсыз жетім, шешесіз жетім – шерлі жетім» деген рас болар. Шешенің, яғни Айшаның барына тәубе!

Бірақ Құдай сол Айшаның өзін көп көре жаздады.


Үйге келсем, есіктің алдында Айша қос қолымен маңдайын тіреп, жүресінен отыр. Қасында қара құман ұстап Құрмаш тұр.

– Апам ауырып қалды, – деді.

Есіктің көзінде ербиіп тұрған Батырхан жыламсырайды. Соның алдында ғана Айша қызылшадан қайтыпты. Есіктің алдына жете бере құлап түсіпті.

Құрмашқа:

– Су, су, – десе керек.



Содан су іше-іше, артынша қатты қиналып құсыпты.

Енді «үһ» деп маңдайын тіреп отырған кезі екен.

– Барсхан, келдің бе? – деді ыңырсып.

– Келдім ғой...

– Басым жарылып барады. Мыналардан гөрі қолыңның әлі бар ғой, қысып жіберші.

Күш деген, Құдайға шүкір бар, мектепте күрескенде, өзімнен екі жас үлкен Кеңес деген баланы алып ұрғанда, ол оң қолымен жер таянып жығылғанда шынтағы шығып кетіп, жұрт сынықшы іздеп машақат болған.

Не көрмеген Айшаның басы?! Қолаң шашынан күнсіген иіс шығады. Күні бойы далада, қызылша дейтін келімсек дақылды бір-бірлеп талдап, жекелеп мәпелесе, шақырайған аспанның астында күнсімегенде қайтеді!

– Болмады, – деді Айша, – тәуіп атаға жүгір.

Тәуіп ата – кәдімгі Әбіш ата. Сайға түсіп, сайдан өтіп, Салбидің қабаған ала итін шәуілдетіп, Әбіш атаға жеттім.

– Апырай-а, қараңғы түсіп кетті, көзім нашар еді, – деп, Әбіш ата қиналыңқырады.

– Ештеңе етпейді, ата, мен жетектеп жүремін.

– Е-е, қызталақ, болмас, болмас, барсам, барайын.

Мұрны қоңқиған бүкір шалды қолынан жетектеп келе жатып, көзім түсіп кетті: жанында шақырайған жалғыз жұлдызы бар жаңа Ай туған екен. Ішімнен: «Е, айналайын, Жаңа туған Ай, Айшаны аман қыла гөр!» – деп тіледім.

Ол кезде қулық, сұмдық дегенді білмеген шығармын. Шын тілегім еді.

Тәуіп ата Айшаның білек тамырын ұстап, көзін шарт жұмып алып көп отырды. Басын шайқап, таңдай қаққандай болды.

– Қаның тасып тұр, келін, – деді. – Тебісі қатты. Оқыс қимылдама. Қозғалмай жат, – деді тағы да.

– Ем-домы бола ма-а-а, – деді Айша әрең сөйлеп. – Мен кетіп қалсам, мына үш үрпек балапан не бола-а-ад?

– Құдай сақтасын, келін. Бәрі де Құдайдың ісі. Ем-дом... ым-м-м, қан алу керек шығар, қайдан білейін, менің қолымнан келмейді. Қырғыздағы Шекер айылда бір емші бар, Қадыркүл деген. Сол қан алады.

– Дошанай ше? – деді Айша.

– Дошекеңді білмедім, ол үшкіріп, дем салмаса, қан алғанын білмеймін.



– Тәуіп қайнаға! Мен олай-бұлай боп кетсем, мына үшеуін Әулиеата жақтағы, Бектөбе деген жердегі менің нағашыларыма тапсырыңдар. Сәли, Қали... Бөпетай, Сатай. Білетін шығарсыз?

– Ойбай, білемін, баяғы заман түзуде, Мұртаза барда, келіп жүруші еді ғой.

– Иә-ә, Мұртаза барда... бәрі келетін...

Әбіш ата күбірлеп дұға оқыды. Біз түсінбейміз. Әлдекімге жалынатын сияқты, жалбарынатын сияқты. Анда-санда «сүф, сүф!» – дейді.

– А, келін, Аллаға сиын, сәтін салса, саябыр болар. Тек тыныш, қозғалмай жат. Айтпақшы... сүлік салса қайтер екен?

– Сүлік дейсіз бе? Түн ішінде оны қайдан табамыз? Ілгеріде Старшын қайнағаның балтырына сүлік салғанын көріп едім.

Айшаның «Старшын қайнағасы» – Шоңғар дейтін атамыз. Сейсенбай, Дүйсенбайдың әкесі. Патша заманында ма, әлде кеңестің алғашқы жылдарында ма, старшина болған кісі. Кейін кәмпескеге түсіп, әкімдердің соққысына жығылып, о да құсадан кетті.

Сонымен, сүлік деген уайым шықты. Өзіміздің Жалбыз бұлақтан күнде көріп жүрген сүлік қой.

Әбіш атаны үйіне апарып тастап қайтып келе жатып, Жалбыз бұлаққа бұрылайын.

Жаңа Ай батып кеткен. Оның есесіне жұлдыздар жамырай шығыпты. Терең сайдың іші түпсіз сияқты үңірейіп көрінеді.

Түн ішінде неғып жүрсің дегендей бақалар шуылдады. Бұлақты жағалап, қайнар көзді діттеп келе жатқанымда, жағадағы бір-екі бақа қарғып-қарғып суға түсті. Сәл қорқып та қалдым. Қарсы алдымнан пыр-р етіп, екі шіл шырылдап ұшып кетті. Енді қайдан сая табамыз дегендей. Қараңғыда қайда барады? Бекер үркіттім. Мен тимес едім ғой. Бекер қорқады.

Қайнардың көзіне тақай бергенімде, сайдың қабағындағы баяғы аштан өлген Бегалы тамының бұзылған дуалынан жарқырап қос от көрінді. Тұра кеп қашайын деп тұр едім, әлгі екі от кенет сөніп қалды. Дәл сол жерден қалбаңдап бірдеңе ұшқандай болды. Байғыз екен. Күндіз ұйықтап, түнде тірілетін неме.

Жалбыз бұлақтың қайнар көзіне жетіп, иісі аңқыған жалбызды қолыммен қайырып, суға үңілсем, сәл-сәл ғана жылтырайды. Сәл-сәл ғана сыбырлайды. Сүлік әдетте жасыл масаты мүк басқан жағасына жақын жерде, майда құмда ирелеңдеп жататын. Қолымды салып



көрдім. Бірдеңе ілінгендей болды. Алып қарасам, жамбасқұрт екен. Оны есекқұрт деп те атайды. Тұр-тұрпаты бүкшиген сұр есекке ұқсайды. Бір жамбастап жүзеді.

Түн ішінде тап-таза қайнарды лайлағаным болмаса, сүлік қолыма түспеді.

Бірер түп жалбыз жұлып алып, мұп-мұздай суға батырып-батырып алып, қабақтан өрмелеп үйге қайттым. Жалбызды Айшаның маңдайына бастым. Сүйсінгендей болды.

– Барсхан, сенен басқа кім қалды таяныш болатын? – деп, Айша кемсеңдеді. – Таянайын десем, әлі буыны қатпаған солқылдақ шыбықсың...

– Қойшы, – деймін. – Мен өсіп қалдым ғой. Военком айтты ғой.

– Военкомның тіл-аузы тасқа, – деді Айша.

Құдайдың қандай құдірет екенін білмесем де, ояна салып одан медет тілеп, Айша жазылып қалды ма деп қасына барсам, әдемі ақсұрша жүзі адам танымастай қарауытып, барбиып ісініп кетіпті. Айқайлап жібере жаздап, ұйықтап жатқан екі бауырымды шошытпайын деп, өзімді әрең тыйдым. Айшаның маңдайына алақанымды басып көріп едім, шеке тамыры бадырайып, қатты тепсініп, лыпылдап тұр екен. Тәуіп болмасам да біле қойдым. Жүрегім білді. Суылдап ала жөнелді.

Үйден жалаңаяқ, жалаңбас атып шығып, Бердімбет сайынан ағып өтіп, Салбидің итін шабаландырып, Тұйық сайдан алқынып өтіп, Таласбай сайдың арғы қабағында, әуіт көлдің жағасында тұрған Дошанай молданың үйіне сүріне-жығыла жеттім-ау.

– Айша, Айша-а-а, – деп жылап жібердім.

– Не болды?

– Не, не?

– Тез, тез, ата!

Ақ дамбал, ақ жейделі күйінде, жалаңаяғын кебісіне сұға салып, ақ сақалы желбіреп, Дошанай шал, жарықтық, құстай ұшып, маған жеткізбей, таудан басқа таянары жоқ, оқшау тұрған біздің үйге лезде жетті. Сексенге келген кісінің мұндай орасан күшін мен бұрын да, кейін де көре алмадым. Сірә, бізге беймәлім күш қолтығынан алып ұшырған шығар. Біз бейшара, ол не күш екенін біле бермейміз ғой. Жайшылықта екі аттап, бір тұратын, қолынан таяғын тастамайтын қарт адамға мұншама әл-ауқатты кім береді?

Айша көзін әрең ашып, Дошанайды таныды.

– На-ға-шы, – деді сыбырлап. Бір нәрсе айтқысы келді, бірақ молда:



– Сөйлеме, Айша, сөйлеме, – деп безілдеді. Жарықтық, өзі жардай ірі кісі болса да, даусы жіңішке еді. Сөйтіп, тамырын ұстады. Ұзақ ұстады. Босатқан кезде, Айшаның қолы сылқ ете қалды. Құрмаш жылап жіберді, оны көріп Батырхан да аңырап жіберді. Дошанай ашуланып:

– Тәйт! Дыбыс шығарма, дұға оқимын, – деді. Содан соң біз білмейтін, біз түсінбейтін тілде, әдемі, әуезді үнмен бір сарнады дейсің. Сай-сүйегіңді сырқыратып, әрі елжіретіп әкеткендей әуезге басты.

Не дегені бізге түсініксіз. Бірақ жүрекке шым-шым еніп, шымырлатып барады. Үміт отын үрлеген бір жылы леп ескендей болады. Бірақ маған түсініксіз. Дошанай атам Айшаны ажалдан құтқармақ болып жанталасып бір Құдайға жалбарынып отыр ма, әлде... иман үйіріп отыр ма? Өйткені Айша қыбыр етпейді. Шыдай алмай, Айшаның қолына қолымды создым, білегі жылы сияқты.

Өзім молдадан қорықсам да сипап отырмын. Атама қарасам, көзінен жас шығып кеткен екен. Дүниені ұмытып, мүлде бөтен әлемде отырғандай. Тек үні зарлана, боздаған аруана тектес тартады.

Сол кезде, есіктің табалдырығына сүріне-қабына Әбіш атам кіріп келді. Ұзын таяғын босағаға сүйеп, Дошанайдың қасына тізерледі. Бізге елжірей қарап, күлімсіреді. Қатулануды, ашулануды білмейтін кісі еді, жарықтық. Күлімсірегеніне қарап, менің ішім жылып қалды.

Жаманшылықта кісі күлімсіремейді ғой. Ендеше, арты жақсы болатын шығар. Қиын-қыстау сәтте, осындай үміттің өзі де дәтке қуат.

Артынша сырттан біреу айқайлады. Далаға жүгіріп шықсам, астындағы торы атын ойнақтатып Тасбет бригадир тұр екен. Мұрнынан сөйлейтін еді.

– Әй, шешеңді... иттің баласы! Жұмыс кәйдә? Түске дейін жұмысқа бармай ұйықтайтын сен бәяғы бәйдің бәләсімін деп ойләйсің ба?! – Қамшымен салып жіберді. Жон арқамды қылышпен тіліп түскендей болды. Безірейіп:


– Бармаймын жұмысқа! Шешем қатты ауырып жатыр, – дедім.

– Ә-ә, шешең де жұмыскә шікпәді мә? Контрә! Әдейі бүнт жәсәпсіңдәр ғой. Көрсетейін мен сендерге бүнтты,– деп, Тасбет аттың шылбырын үйдің боғатына іле салып, қорбаңдап үйге кірді.

Екі ағасын, ұзынынан түсіп жатқан Айшаны көріп, арыны бірден басылды. Амал жоқ, ағаларына қолдың ұшын созып, амандасқан болды.

Дошекең:

– Айша қатты сырқат. Көріп тұрсың ғой, – деді.



– Иә, иә, шырағым, келіннің кеселі қиын, – деді Әбіш атам да. Тасбет:

– Кәлкоздың жүмісі... Кізілшәні шөп басып кетті. Адам жетпейді... – деп мыңқылдады.

– Құдайдың ісіне не шара? Әйтпесе, осы колхоздың жұмысынан Айша аянып жүрген жоқ қой. Жұмыс, жұмыс деп зорығып кетіпті. Қаны тасып құлапты. Біздің қолымыздан не келеді, – деп, Дошанай қолын жайып, шарасыз пішін білдірді. – Мұндай қатерлі сырқатты бір жазса, Аққыз жазар еді, ол алыста.

– Әккіз кеше Поштақұлдың үйіне келді ғой, – деп қалды Тасбет.

– А, – деп, құлағы тосаңдау Әбіш орнынан атып тұрды. – А, Құдай, бере гөр. Бейшара келіннің көрер жарық сәулесі бар шығар. – Маған қарап:

– Әй, Барсхан, тез ұш! Аққыз апаңды алып кел! – деді.

Аққыздың кім екенін мен білмеймін. Кейін білсем, ол осы елдің қызы екен. Соғыста жүрген Поштақұлдың апасы екен. Қошқар-ата жаққа күйеуге шыққан екен. Енді төркінінің үйіне келіпті.

Поштақұлдың үйі Дошанай атамның үйінің жанында. Тек, Таласбай сайдың бергі қабағында.

Далаға атып шығып, Тасбеттің торы атына қарап ойланып қалдым. Мініп кетсем не қылады? Қарттардың айтуына қарағанда, Аққыз – қартаң кісі. Мен жеткенше, Айшаның жағдайы не болады? Тәуекел!

Атқа қарғып міндім. Тәуекелімнің тағы бір түрі: әлгінде Тасбеттің мені қамшымен ұрғаны. Әрі десе, бұл торы ат – біздің үйдікі. Жұрт оны «Бердімбет торы» дейді. Бердімбет – менің бабам ғой. Бай болған. Колхоз басталғанда, торыны коллективке алып қойған. Мұртаза: «Әкемнен қалған жалғыз белгі болсын, басқасын бердім ғой, торыны қалдырыңдар», – деген екен, өзіне бәле болып жабысыпты.

«Бердімбет торыға» мініп, Бердімбет сайынан өте бергенімде, біздің үйдің есігінің алдынан айқай шықты. Бұрылып қарасам Тасбет екен.

Тарта бердім. Азар болса, тағы да ұрар...

Поштақұлдың жаман тамында, қараңғылау үйде, күндігі шаңырақтай, өзі керіскедей, келбетті, сұсты кемпір отыр екен.

Поштақұлдың қатыны Тойсын үйде жоқ. Сірә, қызылшаға кеткен. Тойсын бала таппаған. Үйде Аққыздан басқа жан жоқ.

Кемпір аты-жөнімді сұрады.

– Е, айналайын, Мұртазаның баласы екенсің ғой. «Орнында бар – оңалар» деген. Азамат боп қапсың ғой.



Әңгімені ұзартпай, асығып жағдайды айттым.

– Дошанай атам мен Әбіш атам да біздің үйде, – дедім.

Аққыз бір сөзге келмей, жадау үйдің, жаман есігінің ілгегін сала салып, атқа мінді. Құлыптамады. Құлып салатындай бұл құжырада қымбат мүлік те жоқ.

Аққыздың көзінше Тасбет маған ештеңе дей алмады. Тек ала көзімен атып жібере жаздап, жұдырығын түйді:

– Жілкі егінге түссе, күрисің бала, жүмісіңә бәр, – деді. Өшін «Бердімбет торыдан» алғандай, жануарды қамшылап-қамшылап, қызылша жаққа шаба жөнелді.

* * *


Кешке қарай ел орнына отырар шақта, көрші-қолаң, жанашыр жан біздің үйге жиналды. Көрші дегенде, ол кезде біздің ауыл қазіргідей бір-біріне сүйкеніп, бір көшенің бойына тығылып отырмайды. Үйлер бір-бірінен алшақ, аралары оқ бойы жерде тұрады. Біздің үйге ең таяу дегені – Баянның үйі. Күйеуі Байділда әскерге алынып, артынша қайтып келді. Пойызда сүзекпен ауырған екен. Тастап кетіпті. Үйіне келе салып қайтыс болды.

Сөйтіп, Баян бес баламен жесір қалды. Тұңғышы Боранбай менен екі-үш жас үлкен, Гүлайна деген қызы менімен жасты шығар, одан кейін Қаржаубай менің інім Батырханмен жасты, Күләнда, Күлия деген үйелмелі-сүйелмелі жортпаш екі қызы тағы бар.

Бұлар түгел келді. Оңғарбай, Мамыт, Шоңғар тұқымдары, сайдың арғы бетінен Пияш, Жібек, тағы көп адам жиналып, осы ауылдағы ең тәуір дейтін біздің үйдің өзіне сыймай кетті.

Төрде – Дошанай, Әбіш, Оңғарбай, Мамыт аталарым. Ата болғанда, Мұртазамен бірге туған емес, аталастар. Ортада Айша жатыр. Жанында Аққыз отыр. Әуелі Дошанай құраннан ұзақ-сонар аяттар оқыды. Содан соң Аққыз үлкен-кіші демей, бәріне баскиім кигізіп, жаулық салдырды.

Оның алдында Аққыз, шалдар дәрет алып, ақшам шағында намаз оқыды. Жайшылықта жайдары, аққөңіл, аңқылдақ Аққыз кенет өзгеріп, қаһарланып шыға келді. Қолына сылдырмақ таяғын алды. Басынан дағарадай ақ күндігін алып тастады, кимешегін де шешіп тастады. Бурыл шашы жалбырады. Жұрттың бәріне баскиім кигізіп, жалаңбас жан қалдырмай, ал өзі шашын жайып



жібергені мүлде түсініксіз. Құдай кешірсін, боранды ұзақ түндерде Айша айтатын ертектегі Жезтырнақ бейнелес боп шыға келді. Айшаны шыр айналып, сылдырмақ таяғымен жер тоқпақтап: «Сұбыхан Алла, сұбыхан Алла!» – дегенде, аузынан жалын атқылады. «Сұбыхан Алла!» деген жеріне Дошанай мен Әбіш қосылып қайталайды.

Аққыз ақырып аспанға шапшығанда, біздің үйдің төбесіне дейін қарғиды. Үйіміз биік, еңселі-ақ еді. Соның өзін місе тұтпай, тамның төбесін тесіп шығып, Иса пайғамбардың соңынан аспанға ұшатындай қарғиды. Әлде сол Иса пайғамбардан медет тілей ме екен? Әлдекімдерді атап, жәрдем күтетінін айтады. Мен естімеген есімдердің талайы аталды. Есімде қалғаны: Домалақ Ана деді, Бәйдібек баба деді, Бабатүкті Шашты Әзіз деді, Арыстан баб, Түркістан баб, Сайрам баб деді. Әулие Ата – бабамыз, Айша бибі – анамыз деді.

Дүние мүлде өзгеріп, мына отырған адамдар мүлде бөтен, өзге әлемнен келген қонақтар сияқты көрінді маған. Аққыз – Аққыз емес, аспанда, ғарышта ұшып жүрген бейтаныс құдірет күш сияқты. Сірә, Аққыздың өзі де қазір өзін ұмытқан тәрізді. Аққызбын мен, адаммын мен, кәдімгі пендемін мен деп ойламайтын сияқты. А, бәлкім, сол сәтте ол, шынында да Аққыз емес шығар.

Біз не білеміз? Шынында да, Жаратқан Құдіреттің, Жасаған Иемнің елшісі шығар.

Ал Айша ше? Айшаның талақтай ісінген бетіне шырай кіргендей болды. Кірпігі қимылдап, көзін ашты. Дошанай бір білегінен, Әбіш бір білегінен ұстап, құнжындасып, бір-біріне бас изесіп қалды. Аққыздың зікірі түн ортасына дейін созылды-ау деймін. Содан соң «үһ» деп, жаны жай тапқандай, тұла бойы сірескен, «аруақ қысқан» құрыс-тырысы жазылғандай, жайдары қалпына түсті.

Терлеп-тепшіп шай ішті. Кимешегін, күндігін қайта киді. Кәдімгі Аққыз сипатына қайта түсті.

Ақ орамалымен аузы-басын сүртініп болып, қолына қалақтай қара қобызын алды.

– Иә, Қорқытата, қолдай гөр!– деп, қыл қияқты қыл ішекке салып кеп жіберді.

Дүние тағы да төңкеріліп түсті. Аулымызда Дәуіт деген кісі ғана қобыз тартады екен деп естігенбіз, бірақ ешкім жоқта жалғыз өзі тартады екен, өз құлағыммен естіген емеспін.

Содан болар, мынау үн, мына сарын тағы да аспанның, Көк тәңірдің үніндей болып көрінді. Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, мен өмірі ұмыта алмаспын. Сол құдірет құлағымда әлі тұр.

* * *

Кейін-кейін ат жалын тартып мініп, азды-көпті кісі санатына қосылғанда, сірә, әулие бабамыз Ибн-Сина кітабынан оқыдым ғой деймін: «Емшінің үш қаруы бар: біріншісі – дәрі, екіншісі – пышақ, үшіншісі – сөз», – депті. Сонау алыста бұлдырап қалған сойқан сәтте, Аққыз Айшаны дәрімен емес, қандауыр пышақпен де емес, сөзбен, жүрекпен емдеген екен. Жаның жаннатта болсын, қайран Аққыз апам.

ӨСКЕНБАЙ

Дүниенің жаратылысында жазық жоқ, мүкісі жоқ. Дүниені бүлдіретін – өзіміз. Ең ақылды жаратылған жан ол – адам. Ақылды азапқа айналдырған да – адам. Жаратылыста жазық жоқ.

Ол рас, күн бұзылады, күн түнереді.


Артынан ашылады ғой.

Біздің Мыңбұлақта сондай.

Мыңбұлақтың үстін сіресіп бұлт басып тұрады да, анда-санда арасынан жылт етіп күн көрінеді.

Күннің құдіретін сонда түсінесің.

Түсі суық сұр бұлт қаптаған күз еді. Мен жылқыны еңіске айдап, арпаның аңызына жайып, өзім бурыл тайдың үстіне шоқиып, ылдидан, станса жақтан келетін сүрлеу жолдың бойына, мына сұрқай дүниеге сүлесоқ қарап отырмын. Төменде, Теріс өзенінің бер жағында, теміржолмен пойыздар арлы-берлі өтіп жатыр. Паровоздың боздаған үні талып естіледі. Батысқа қарай кеткені көбірек боздайтын сияқты. Кейін-кейін шамаласам, батысқа қарай сол пойыздармен кілең боздақтар соғысқа аттанып бара жатады екен ғой.



Батысқа қарай жүйткігендердің түтіні будақ-будақ атқылайды. Сірә, жүгі ауыр болар. Әй, ауыр-ау. «Бәрі де – майданға!» деген ұран шыққан шақ. Тіпті жазда Борандының элеваторына есекпен бидай тасығанымызда, Тасбет бригадир кілең жас балалардың алдындағы Мамыт атамның қолына жалпақ тақтайда:

«Бәрі де – майданға!» деген жазуы бар таяқ ұстатып қойған.

Сонда Мамыт атам менен:

– Мынауың не деген жазу? – деп сұраған.

– «Бәрі де – майданға!» деген жазу, ата.

– Осы мені неге алмайды сол майданға?! – деп, Мамыт атам астындағы көк есекті қамшымен тартып-тартып жібергені есімде.

Сол соғысқа адал қызмет еткеннен басқа есектің жазығы не?

Иә, сонымен, әлгі пойыздарға қарап, құлазып отырғанымда, ылдидан қос ат жеккен арба көрінді. Борандыдан келе жатыр. Байқаймын, жүрісі тым жылдам. Арбакештер өрге қарай бұлай жылдам жүрмеуші еді. Мынаның қарқыны қатты. «Бұл кім екен?» деп ынтыға түсемін.

Алыстан-ақ танып қойдым. Шұбар Тілеміс! Кәдімгі май тасығыш Тілеміс атам ғой, жарықтық.

Апыр-ай, заман-ай. Енді қазір ойласам, қызық. Сол соғыстың қақап тұрған шағында жермай (керосин), қарамай бар еді. Әйтеуір, бар болатын. Оны Борандыдан қос ат жеккен арбамен бөшкелетіп Тілеміс атам таситын.

Енді мына 1994 жылы, мен осы әңгімені жазып отырған кезде, сол Мыңбұлақта, сол Борандыда қолдарына шелек, кәністір ұстап, бензин сұрап, қайыршы болып кеткен халық...

Ау, бірді айтып, бірге кетіппін.

Әлгі арба жақындай түсті. Байқаймын, Тілеміс атам жалғыз емес. Жанында боз киімді біреу бар сияқты. Май арбаның алдына екі-ақ адам сыяды. Жермайлы бөшкенің үстіне отыра алмайсың ғой.

Енесінен айырылып, мүлгіп, мұңайып тұрған бурыл тайды тебініп қалып, арбаға қарай жүрдім. «Енесінен айырылып» дегенімнің себебі бар. Осы жақында ғана ауданнан военком келді. Қасында екі әскері бар.

Жылқы Бердімбет сайдың аяғында жатқан. Бурыл тайды шылбырынан ұстап, сайдың қабағында мен де жатқам. Кенет бір топ атты сау ете қалды. Қорқып қалдым. Атып тұрып, тайыма қарғып міндім. Ай-шай жоқ, әлгі әскерлер жылқыға жаудай тиді.

– Әй-әй! Күдә? Күдә? – деп айқайлаймын.

Мені адам ұрлы көрмейді.

Военкомды танимын. Қыста менің ағаларым: Махан, Сейсенбай, Рәсілхан, Бейсенбек, Тұрар, Күзембай, Кәметтерді шанаға салып алып кеткен осы болатын.

Военком өзбек шатыс көркем жігіт. Менің айқайлап, ойбайлағаныма қарқ-қарқ күледі, мәз болады. Мен қайғырсам, ол шаттанады. Мұнысы несі түк түсінбеймін.

Жылқыны айдап әкетеді екен деп зәрем ұшты. Қолымда солқылдақ сәмбі шыбықтан басқа қаруым да жоқ. Қалай соғысамын? Бар қаруым – айқайым. Ойбайды салып шырылдап жүрмін.

Бір кезде военком күлгенін қойып, астындағы асау торыны омыраулатып мені қуып жетті.

– Жылама, ақымақ бала!

– Тиме! Тиме жылқыға! Нілзә! Нілзә! – Бар орысшам сол.

– Ей, біз сенің жылқыңа тимейміз, – деді военком түсін жылытып.

– Тимесеңіз, аналар неге қуып жүр? Бұл – колхоздікі! Түсінесіз бе, колхоздікі. Бастық мені өлтіреді!

– Өлтірмейді. Бастықтың рұқсаты бар. Бір-ақ жылқы аламыз. Анау – қашаған қара бие.

Қолын шошайтып көрсетті. Рас екен, әскер қара биенің соңында жүр. Қара бие ұстатар ма еді? Беткейге шығып, зымырап ала жөнелді. Жүйткігенде жануар құлағын жымитып, құйрығын шаншып алады. Өзі де есік пен төрдей келісті еді. Екі әскер қуып барады. Бірақ қара бие шаңына да ілестірмеді.

Басқа жылқы үрпиісіп-үрпиісіп, құлақтарын қайшылап қойып, бәледен құтылғанына шүкір дегендей осқырынып, пысқырынып алып, қайтадан тынышталып, ажырыққа бас қойды.

– Сен бала, саспа, – деді военком. – Ол қара бие – әскердікі. Қашып кеткен, «дезертир». Ол колхоздікі емес. Бірақ, сен молодец! Сақ екенсің. Әскерге сендей жігіттер керек. Жасың қаншада?

– Он...

– Өтірік айтпа!

– Рас.

– Үлкен сияқтысың.

Содан соң военком ойланып қалды. Біртүрлі мұңайғандай болды. Тіпті көзі жасаурағандай да көрінді. Бәлкім, өзінің көзі сондай шығар.

– Ай, заман-ай, – деді. – Жыламай тамақ ішпейтін балаға дейін тез есейіп кетті, – деді өзіне-өзі.

– Оқу қайда? Оқисың ба өзің?

– Оқимын.

– Қай класта?

– Биыл төртінші.

– Онда неғып мектепке бармадың?

– Бастық мұғалімнен сұрап алды.

– Тфу! – деді военком. Орысшалап тағы да бірдеңе айтты. Одан соң бас-аяғымды тағы шолып тұрып:

– Неге жалаңаяқсың? Күн суық қой, – деді.

Жалаңаяқ екенім енді есіме түсіп, бәшпайларымды бурыл тайдың қолтығына жасырмақ боп, қыса түстім. Бурыл тайдың жүні жып-жылы.

– Бәтеңкем бар. Үйде.

– Неге кимейсің?

– Әлден кисем тозып қалады. Қар түскенде киемін.

– Әкең бар ма?

– Жоқ.

– Шешең қайда?

– Жұмыста.

Енді военком галифе шалбарының қалтасынан аппақ орамалын суырып алды. Жөтеліп, пысқырынып, көзін, бет-аузын қайта-қайта сүртті.

Осы кезде қасымызға көк айғыр мінген Жуанқұл бастықтың өзі келді. Военкомға жалпаңдап:

– Ана арам ұстатпай жүр ме? – деді.

– Ұстатпайды, – деді военком алыста ары-бері ойқастап шапқандарға қарап.

– Енді қайттік?

– Ауылдың әлді жігіттері болса... – военком кілт тоқтады. Ауылдың әлді жігіттерін өзі сыпырып алып кеткені есіне түскендей.

Бастық маған шүйілді:

– Әй, шешеңді... нағып шәниіп тұрсың? Бар, ұстаспайсың ба?

– Өй, екі әскер жүйрік аттарымен жете алмағанда, жаман таймен мен қалай жетем?!

– Тілін қарашы, тілің кесілгір!

Военком біздің бастыққа зілдене көз тастады.

– Жуеке, бұл бала молодец! Дұрыс айтады, ілмиген таймен қайтіп жетеді. Одан да астыңыздағы айғырды беріңіз. Көмектессін.

Бастық абыржып қалды. Военкомға рабайсыз ыржиып, сарғайған сирек тістері ырсиып күлген болды.



– Бұл айғырдың басы қатты. Бала немені тастап кетіп жүрсе, жазым болады ғой.

– Өй, аттан жығылып не бопты?! Былтыр қырғызға барып, бәйгеде жүлде алғаным қайда? – деппін қарап тұрмай қағынып.

– Өзі жылқышы болса, ұдайы ат үстінде жүрсе, неге жығылады, – деп военком нығарлай түсті. – Болмаса, өзіңіз көмектесіңіз ана екеуіне.

Бастық қара биені қуалап, далаңдап шапқысы келмеді ме, әлде мені құласа құласын деді ме, әйтеуір, төңкеріліп аттан түсті.

– Мә, шешеңді.

– Өй, боқтама! – деймін, көк айғырдың үзеңгісіне аяғым жетпей тарбаңдап жатып.

– Өзің оттама! – деп, бастық мені атқа қолтығымнан көтеріп мінгізді.

– Үзеңгінің таралғысын қысқартып беріңізші.

– Қап, мына контраның кесірін-ай!

– «Контра» дегені несі? – деді военком.

– Е, «халық жауының» баласы дегенім ғой.

Военком сазарып қалды.

Бауын қысқартып, жалаңаяқ қара табанды үзеңгіге шірене тіреп алған соң, қайыс тізгінді келте ұстап, бастықтың қамшысына қол создым.

Бергісі келмей, ықылассыз ұсынды.

Қайран, Көк айғыр, Тарлан ғой. Қазанат қой. Үстіне бір мінсем деп армандаушы едім. Көк айғырға Жуанқұлдан басқа ешкімнің тақымы тиіп көрген емес. Өтірік айтыппын-ау, тек былтыр қыста Бауыржан көкем елге келгенде сол мінген. Ай, сонда Көк айғырдың ордан қарғығаны-ай!

Екі әскер, орыс па, немене, аттың үстінде қопаң-қопаң етіп, ерден құйрықтарын көтеріп-көтеріп қойып шабады екен. Аттары да, өздері де болдырып, салпаңдап қалыпты. Қара бие оларды қылжақ қылғандай, бұлаң қағып, назданып, мойнын бұлғаңдатып, басын шұлғып қойып, бұлталаққа салып жүр.

Мені көріп, оқыс тоқтап, одырайып сәл тұрды да, тіке тауға қарай тартты. Қырғызды кесіп, Алатаудан асып, қарамды батырайын деген шығар. Әбден әккі. «Бәле көрген». Бірақ оның сырын мен біраз біліп қалғанмын. Қорлығы да көп өткен. Соған бола қолға түсіп, колхоздың қамбасына бір түн қамалып та шыққанмын.

Әскерде бұйрыққа үйренген бе, кім білсін, әйтеуір, бұйрық дауыстан сескенеді. Әскерде, тек бұйрық қой.



Көк айғыр да оған ерегісіп, көсіле түсті. Мен:

– Қайт! Қайт! – деп бар даусыммен саңқылдап келемін.

Айттым ғой, қара биеге ақырмасаң болмайды. Ал ана әскерлер оны білмейді.

Көзімнен жас парлады. Көк айғырдың құлағының түбі тершіді. Шабысы үдеді, ауа тымық болса да, құлағымнан жел үйледі. Қуып жете бере, қара биені дойыр қамшымен тартып-тартып жібергенде, кіржіңдеп, артқы аяғымен теппекші де болды. Бірақ омыраулы Көк айғырдың мысы басты ма, әлде менің айқайым әсер етті ме, қара бие бұралаңдап барып, кері бұрылды. Аруақтар жар болған шығар, әлгі жануар кәдімгідей жуасып, алдыма түсіп алып, жылқыға қарай жылыстады.

Жылқы жануар ақылды ғой: құтылмасын білген шығар. Адамның құрығы ұзын, әсіресе заманның құрығы ұзын, заманды ол түсінбес, ал адамнан құтылмасын білгендей бұлтақсыз жүріп отырды.

Екі әскер алыста салпаңдап келе жатқанда, мен қара биені жылқыға қайта әкеліп қостым. Қосып қана қоймау керек, енді ұстау керек. Ұстауға менің шамам келмейді.

Жуанқұл бастық:

– Бәрін қораға айда! Қораға, – деп айқайлады.

Сөйтіп, далада жүрген жылқыны ауылдағы атқораға апарып қамадық.

Қара биенің мойнына арқан оралды. Әлгі екі әскер қара биені тұрғызып қойып, бойын, тұрқын, шоқтығын метрлеп өлшеді. Қызық: бұрынғы әскердің малы ғой. Қаратауда қашып кеткен. Содан бері өзгеріп қалды дей ме екен. Несіне өлшейді?

Сонымен, қара биені бір әскер жетектеп, бір әскер артынан айдап, военком бастап, Боранды жаққа кете барды.

Военком кетерінде мені мақтады. Тағы да:

– Молодец! – деді. – Әттең, әлі баласың, әйтпесе жақсы солдат болар едің, – деді. Бастық:

– Е, бұл соғысқа бүгін жіберсең де бара береді, – деді.

– Мұнда сізге де жұмыс істейтін адам керек, – деді военком. – Вот, өзіңді жіберсе болады.

Бастық қорқып, селк етті.

– Мен соғысқа жарамаймын ғой, – деп мүләйім бола қалды. – Кемтармын ғой. Бір көзім...

Жуанқұлдың сол көзінің ақшелі бар еді. Ақшиып тұратын.



– Как раз, – деді военком. – Мылтық атқанда бір көзін қысып атады. Білесің ғой.

– Қой, шырағым, қалжыңың шығар, – деді Жуанқұл, шыннан қорқа бастады.

Военком қарқылдап күлді.

Қара бие жолдан былай бір, былай бір шығып, ойқастап, мойнындағы жуан арқанды жұлқылап көрді. Алдындағы әскер арқанды тартып барады. Артындағы әскер қамшымен сауырдан сабалап барады. Менің шыбығымды шыбын шаққан ғұрлы көрмейтін. Қара бие солдаттың дырау қамшысы тиген сайын қайқаңдайды.

Менің астымдағы бурыл тай құлағын тікшитіп, енесі кеткен жаққа тесіле қарап біраз тұрды да, қарнын қампита бір күрсініп, мойнын төмен салып, ажырыққа бас қойды.

Шешесінен айырылғанын біле ме екен? Білсе, неге жұлқынып, артынан шаппайды? Неге кісінеп жыламайды? Бір күрсінді де тынды.

А, бәлкім, осынікі дұрыс та шығар. Жақын адамдар бір-бірінен айырылса – күйік. Қайғыдан, қасіреттен құса болып, өзегіне өрт түседі. Одан не пайда? «Жазмыштан озмыш жоқ» екенін біле тұра, адамдар қайғыдан бүгіліп қалады. Одан не түседі?

Қара биенің шыңғырған даусы талып естілді. Сол кезде барып, «әттеген-ай» дедім. Әлгі қопаңдаған екі солдатқа ұстатпай кеткенде, мен қуып жүріп, қайырып келіп нем бар еді. Жайшылықта «жауым» болса да, дәл қазір қара биені аяп кеттім. Военкомның айтқанына қарағанда, қара биені соғысқа әкетеді. Атты әскер үшін емес. Атты әскер бұл соғысқа жарамай қалыпты. Оққа, снарядқа тез ұшатын көрінеді. Енді жылқы баласын зеңбірекке жегетін көрінеді.

– Соғыс бітсе, қара бие ауылға қайта ма? – деп сұрадым военкомнан.


– Әуелі адамдар қайтып алсын да, – деді ол шырт түкіріп. – Қара бие солардың садақасы боп, құрбандыққа жараса да жетіп жатыр.

Онда біздің «Мыңбұлақ» құрбандықты мол берді. Азаматтар аман-сау түгел қайтып келсе екен.

* * *

...Иә, сонымен, енесінен айырылған бурыл тайды тебініп қалып, арбаға қарай жүрдім.

Танырдым! Тілеміс атаның жанында отырған Өскенбай көкем екен. Бурыл тайдан аунап түсіп, тұра ұмтылғанда, мен күткендей, Өскенбай



арбадан қарғып түсе қоймады. Ақсия күліп: «Айналайын, айналайын, Барсхансың ба?» – деп, арбаның үстінен еңкейіп, қолын созып, бетімнен сүйді.

Сөйтсем, арбадан қарғып түсе алмайды екен. Жанында екі балдақ жатыр. Қамқа кемпірдің балдағы сияқты. Тек, мыналардың ұшында резеңке «калошы» бар екен.

Тілеміс ата:

– Әй, қызталақ, шап ауылға! Сүйінші сұра! – деді.

Бурыл тайға қарғып мініп, ауылға, Дошанай атамның үйіне қарай ағыза жөнелдім.

Пәшира апам ауыз үйде әупілдекше кекіріп қойып, бір самауыр шайды бір өзі ішіп отыр екен. Жарықтық, «жүрегімнің басы топтанып тұр» деп ылғи шай ішіп отырушы еді. Қайта-қайта «әуп, әуп» деп кекіре беретін. Сөйтсе, оның жүрекке түк қатысы жоқ, асқазаны ауырады екен ғой. Дошанай атам молда болса да, оның емін таппаған.

– Пәшира апа! Сүйінші! Сүйінші!

Биік табалдырықтан аттай беремін деп, мен құлап қалдым.

Жанында жатқан кебісіне шалынып, Пәшира апам құлап қалды. Абырой болғанда, самауыр құлаған жоқ.

Сөйткенше болған жоқ, Тілеміс атамның май арбасы да жетті. Жан-жақтан, лезде кәрі-жасы бар, едәуір қауым жиналып қалды.

– Жалғызым-ау! Өскенбай-оу! Аман-есен жеттің бе! – деп, Пәшира аңырап барып, арбадан әлі түспей отырған баласын бас салды.

– О неші? Балашы аман-есен келгенде, өштіп аңый-ай ма екен? Тек! – деп, Сақау шешем Пәшираны итеріп тастап, Өскенбайға қарай өзі ұмтылды.

Сақау шешемнің Айымқыз деген әдемі аты бар екенін бұл кезде өзінен басқа ешкім де білмейді. Жарықтық келбеті келісті-ақ, аққұбашаның сұлуы еді. Қартайса да сыны кетпеген қасиетті кісі. Бірақ Құдай қылса – не амал, тілі сақау. Содан жұрттың бәрі оны Сақау кемпір дейді. Оған ол намыстанбайды.

Ал оның баласы Есен...

Бұл басқа әңгіме.

Бәрі амандасып болған соң, енді жұрт аңтарылып, Өскенбайдың түсуін күтті. Неге түспей отыр? – деп, таңғалысты.

Сонда Тілеміс:

– Жаралы ғой, жаралы, – деді. – Сүйеп жіберейік, – деді, өзі арбаны артынан айналып келіп, әуелі екі балдақты тік тұрғызып,



оны Өскенбайдың қос қолтығына қыстырды. Сөйтіп, өзі икемдеп, сүйемелдеп жіберді. Сұр шинельдің арқасына бөшкенің қарамайы жұғып қалыпты. Жаралы әскер қанша білдірмейін десе де, жанына қатты батты білем, көзін шарт жұмып, «м-м-м» дегендей болды.

Мұны көріп, Пәшира апам қайтадан дауысқа бассын:

– Бозбала біткеннің бозымы едің ғой, құлын-е-е-ем! Не болған? Не күйге түсірген сені қараң қалғырлар!

– Тек! – деді Сақау кемпір шаңқ етіп. – Тіиі келгеніне қуанбайшың ба, шорлы ғай!

Қос балдаққа сүйеніп, жерге түскенде түсінікті болды: белі бүкшиіп қалған екен. Аяғында солдат бәтеңке. Бізге қызық көрінгені: сирағын қарасұр қатпа матамен қаттап тұрып орап тастапты. Сөйтсе, оны «обмотка» дейді екен. Етіктің қонышы орнына жүреді екен. Өкімет миллион-миллион әскердің бас-басына қайдан етік тауып бере берсін.

Басындағы жәпірейген сарғылт телпекті «пилотка» дейді екен. Маңдайында қызыл жұлдызы бар.

Маған бәрінен де жалпақ қайыс белдігі ұнады. Кейін сол белдікті Өскенбай маған сыйлағанда, төбем көкке жетіп, ұшпаққа бір жеткенім-ай! Әкем Мұртаза Сібірден тіріліп келгендей қуандым-ау! Адам бейшараны қуанту үшін көп нәрсе де керек емес екен ғой. Көңіл жетсе, бәрі жетеді екен ғой.

– Сүйіншіңе, – деді Өскенбай жарқылдап күліп.


Пәшира апамның маған сүйіншіге беретін несі бар? Өскенбай оны сезген болса керек.

Дошанай атам болса, екі калошын қоңылтаяқ киіп, көрші Өреке ауылында көкжөтел қысқан бір баланы емдеуге кеткен екен. Пәшира апам маған:

– Айналайын, Барсхан, Өрекеге барып, атаңды алып келе ғой, – деді. – Абайла, байғұс қуанғаннан кәрі жүрегі жарылып кетіп жүрмесін.

Кешке жұмыстан қайтқан қатын-қалаш, бала-шаға – бәрі Дошанай атамның үйіне жиналды. Ауыл аш отырса да, кәдімгідей той болды. Ай, шіркін, сондағы ауылдың бауырмалдығы-ай. Әркім үйінен барын алып келді: біреу құртын, біреу талқанын, біреу сүтін... Біледі ғой, Дошанай бозқасқа сойып тастамайтынын. Сояр еді – жоқ қой.

Тойханаға біздің Айша да келді. Бұл үй Айшаны жиенқыз дейтін. Сөйтсем, Дошанайдың әпкесін Есей бай алған екен. Бірақ Айша одан тумаған, Есейдің екінші әйелі (жаның жаннатта болғыр) Құлыханнан туған. Айша сонда да «жиенқыз».



Айша Өскенбаймен өзгеше амандасты. Басқа қатындар сияқты: «Ой, айналайын, қол-аяғың аман-сау келдің бе?» – деп жалпаңдамай, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түспей, аспай-саспай, әндетіп сәлем берді. Құданың құдіреті, қол-аяғы сау солдатты өкімет ауылына қайтарушы ма еді. Қып-қызыл майдан кезінде. Айша осыны ескертті. Менің есімде қалғаны бір-ақ шумағы:

– Өскенбай, қайным әрі нағашым-ай,
Жігіттің жаннат ішік жағасындай.
Қияметтің қырғынынан тірі келді,
Батыр болып Бауыржан ағасындай,

Тағы біраз айтты. Жарақатың жазылар, жаныңның қалғаны олжа, – деді.

Басқалары: «Қайран Айша, көптен бері ән салмай, үні естілмей кетіп еді, жатыр екен ғой, бар екен ғой өнері», – десіп, қауқылдасып, күлісіп, мәз-мейрам болды.

Сөйтсем, біздің Айша әрі ақын, әрі әнші екен. Ес білгелі естігенім осы. Заманның түзуірек кезінде, Мұртаза барда, жиын-тойда, боза жорада айтысқа түскен екен.

Мен ес білгелі, Айша алты батпан ауыртпалық астында қалып, әндуман әдіра кеткен екен.

Үйге кеш оралдық. Түнгі аспан ашық, жұлдыздар самсап, Ай толықсып тұрды.

Мыңбұлақтан бүгін бұлт арылды.

ЕСЕН

Көктемде Айша Дошанай атаммен бірге Әулиеата жақтағы төркініне барып, туған анасы Құлыханға бата оқуға кеткенін жазып едім ғой. Оразгүл апам бізбен бірге болған шақ.

Со жолы Айша бір қара құнажын жетектеп келді. Төркіндері емес, бергі Бектөбедегі алшын нағашылары беріпті. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай. Мұртазаның бабындағы кезінде жақсылығын көп көрген кісі екен.



Сол Мұртаза жаламен жазықсыз кетіп, жиен қызы Айша жесір қалып, біз, жиеншарлары жетім қалған заманда, сол баяғы жақсылықтың тамызығы болсын десе керек, нағашыларымыз Айшаға бір қара жетектетіп жіберіпті.

Бірақ: «Теңіздің ар жағында бір сиыр сексен тиын дейді, құрысын, әкелуі иттен қиын дейді» дегендей, Айша мен Дошанай араға бір қонып, сол құнажынды ауылға әрең жеткізіпті.

Есігіміздің алдына қара біткеніне алақайлап қуанып, әлгіні күндіз-түні құйрығынан ұстап жүріп бағып-қағамыз. Бұзауласа, аузымыз аққа жариды-ау деп армандаймыз.

Сөйтіп жүргенде, бір күні адыраңдап Тасбет жетіп келді.

– Не?

– Сиіріңді кәлхоздің корәсінә әліп бәр!

– Неге?

– Мал дөктір тексереді. Мәл әуруі шігіпті.

Жарайды. Біз қорқатын не бар? Сиырымыз жұнттай. Тіфә! Тіфә! Ауруы жоқ.

Айша бұйдасынан жетектеп, мен артынан айдап алып бардық. Сөйтсек, ауылдың Зеңгібабасының бәрі осында екен. Шетінен мөңірейді. Күнде өріске шығатын мал мына қылыққа түсінбей, «бұл қалай?» дегендей азан-қазан.

Сары сатала ақ халат кигенсіген, халаттың астында сарғыш кителі бар, галифе шалбарлы, хром етігі сықыр-сықыр еткен, қорасан бетті бір кісі, иелері жетектеген сиырларды кезек-кезегімен қарап, тізбектен өткізіп жатыр. Сиырдың өкпесін тыңдайды, тілін көреді, сілекейін тексереді.

Сөйтсе, сиыр малында «ящур» дейтін дерт болады екен. Оны қазақ «қарасан» дей ме, не дейді, әлгі «қарасан келгір» дегені сол екен.

Мына «дөктір» Дүйімбай дейтін шұбар сол аурудың маманы-мыс.

Айша айтатын: «Әкеңнің үстінен арыз жазып, жала жапқандардың ішінде Дүйімбай дейтін сұмырай да бар», – деп. Айша оны маған несіне айтады, ол кезде түсінбеймін. Кейін-кейін байқасам, құлағына сіңе берсін, тым болмаса, өшін алар, әкесінің құны сұраусыз кетпесін дейді екен ғой. Дүйімбайдан мен қайбір өш алып жетістіремін, қағазға атын жазғаннан басқа өш алу қолымнан келмейді. Ағайын арасында да сондай-сондай алапестер болғанын ұрпақ білсін.

Сонымен, кезек бізге де келді. Қара құнажынымыз дөнежін болайын деп тұрған шақ. Құдайға шүкір, үстінен шыбын тайып жығылғандай семіз.



Дүйімбай ары қарады, бері қарады: қабырғасын, сүбесін саусағымен шұқып көрді. Басқалардікі құсатып аузын ашып, тілін суырып көрген жоқ. Салған жерден Айшаға:

– Әй, қатын, сиырың ауру, – деді.

– Тәйт, сандалма! – деп Айша ашуланды.

– Сандалмасаң сандалма! – деп, Дүйімбай да дүрдиіп шыға келді. – Сиырыңды өлтіріп, түгін қалдырмай жерге көміп тастаймыз. Ауру таратады.

– Ойбай, Құдай, ендігі көрсетпеген қорлығың осы ма еді! – Айша Дүйімбайды омырауымен қағып тастап, сиырды жетектеп былай шыға берейін деп еді, еркек емес пе, «дөктір» сиырдың бұйдасына жармасты.

Айша ары тартты, Дүйімбай бері тартты. Қара сиырдың көзі аларып, басын бұлғаңдатты. Айша ала жіпті босата салып, «фельдшердің» жағасынан ала түсті. Енді Дүйімбай да жіптен айырылып, Айшаны өңменінен періп-періп қалды. Еркек емес пе, қолының әлі едәуір болар, Айша тәлтіректеп, әрең-әрең құламай қалды. Әлгіні көріп мен қалай тұрамын?! Дүйімбайды ту сыртынан барып, көк желкесінен ала түстім. «Бұл не пәле?» – дегендей, Дүйімбай артына бұрылып қарап, артынан тістей қатып, сілеусіндей жабысып тұрған бала екенін білген соң, тұла бойымен кілт бұрылып, сілкініп кеп қалды да, мені лақтырып жіберді. Құлап жатқан жерімнен мені біреу көтеріп алды. Қарасам, Есен мылқау екен. Жағының түгі тікірейіп кетіпті. Алдында жазып ем ғой, Сақау кемпір деген апамыз бар деп. Шын аты – Айымқыз. Есен – соның баласы. Баяғы соғысқа кеткен Махан, Сейсенбай, Рәсілхан, Күзембай, Тұрарлардың тұстасы. Соғысқа бұ да кететін еді, тіл-аузы, құлағы жоқ болғандықтан, әскерге алмаған.

Есенде үн жоқ, тіл жоқ. Дүйімбайдың алдына барды, мені меңзеп көрсетті. Айшаны нұсқап көрсетті. Қос қолын жайды, иегін көтерді. Сірә, бұлар саған не жазды дегені болар. Сөйтті де қос қолын Дүйімбайдың алқымына салды да жіберді. Дүйімбай шалқалап, екі қолы екі жағына кетіп, көзі шарасынан шыға аларып, бетінің шұбары көрінбей, қызара бөртіп, барлығып бара жатты.

Жұрт шу ете қалды. Сиырларын тастай салып, қатын-қалаш, шал-шауқан – бәрі жабылып, Есеннің қолын Дүйімбайдың алқымынан ажырата алсашы. «Мылқаудың астына түспе, соқырдың қолына түспе» деген рас екен.

Есен өзі сидаң тарамыстай арық. Соншама дүлей күш қай жерінен шығатыны таңғаларлық. Құдай абиыр бергенде, Сақау апамыз жүгіріп



келіп, баласына ымдап, қолын түрлі-түрлі ербеңдетіп, саусақтарын ойнатып, біз білмейтін тілде сөйлесті де, Есен басын шайқап-шайқап қойып, «дөктірдің» алқымынан сексеуілдің жігеріндей саусақтарын әрең ажыратып алды.

Шалқасынан сұлап жатқан Дүйімбайдың бетіне әлдекімдер су бүрікті. Дүйімбай көзін ашты. Орнынан әрең тұрып, галифесін қаққылады.

Сонда деймін-ау, кейін ойлаймын, Есен соғысқа қатыспаса да, елде жүрген фашистің біреуін о дүниеге аттандыра жаздады. Шын соғысты. Он екі мүшесі сау базбіреулер қауымға, қоғамға жебір. Мысалы, Дүйімбай. Жетім-жесірдің сау малын ауру деп тартып алмақшы болды. Құдірет, әлде табиғат кейде әділетсіз. Адал жанды мүгедек етіп, арамдарды еркелетіп қояды. А, бірақ кім біледі, шын мүгедек Есен емес, Дүйімбай шығар.

Кейін-кейін мен университет бітіріп, қызметке тұрып, демалысқа ауылға келгенімде, Бурный-Борандының базарында Дүйекеңді көріп қалдым. Сәлемдестім. Әуеліде танымады. Қартайыпты. Басына қазақы сеңсең бөрік киіпті. Баяғы «Сталин фуражка», сарғыш китель, хром етік, галифелі шалбар жоқ. Қазақы кебіс-мәсі, ұзын қара плащ киіпті. Таяқ ұстапты. Таяғының басына алашұбар тәспі ораулы тұр. Сөйтсе, молда болған екен. Жанындағы кісілер:

– О, Дүйеке, танымадың ба, Барсхан ғой, баяғы Мұртаза рақметінің баласы, – деді.

Дүйімбай таяғының ұшымен жер шұқылады. Бірақ кешір, шырағым деген жоқ.

– Аман-сау жүрсің бе, балам, – деп ернін жыбырлатты. Оған да шүкір.

ЖАЛАҚСАРЫ ФИНАГЕНТ

Осы көпірдің астынан өткен сайын Байжұман жәкем есіме түседі. «Көпірдің астынан өткені несі?» деп қаларсыз. Әдетте көпірдің астынан емес, үстінен өтеді ғой. Бұл енді теміржол. Боранды бекет теміржолының астында атты арба, машина өтетін тесік бар. Соны



жұрт «көпір» деп кеткен. Кейде көпшілік те сондай бір қате түсінікке көндігіп кетеді де, сөздің түбіріне мән бере бермейді.

Баяғыда Байжұман жәкеміз сатылы арбаға үйіп тұрып шөп артып, Борандының базарына бара жатқан ғой. Аттардың божысын баласы Көшкенбайға ұстатып, өзі шоқиып, үйме шөптің үстіне шығып отырған.

Жәкеміздің қателескен жері осы. 1937 жылы Мыңбұлақ ауылының баскөтерерін қынадай қырқып әкеткенде, Байжекең қырғызға қашып кетіп, аман қалған. «Қызыл қырғыннан» аман қалуға ақылы жеткенде, көпірден таяқ жегені өкініште-ақ.

Шөпті қайбір жетіскеннен сатады дейсің. Кемпірге шай керек, қызға көйлек керек... Әйтеуір, Құдай қырсығына айдап шыққан ғой.

Содан теміржолға да жетеді. Теміржолдың астынан өтер жер еңісте. Еңіске қарай арба екпіндеп ала жөнелмей ме? Баласы әкесіне: «Ойбай, жата қал», – дегенше болмай, арба теміржолдың астына сүңгіп кетеді. Жәкеміз шөптің үстіне етпеттеп жата бергенше болмай, арба сықырлатып туннельден арғы бетке өте шығады. Баласы аттарды тоқтатып, арбаның үстіне қараса, әкесі ес-түссіз жатыр екен. Теміржолдың қаптама көк цементі Байжұманның мақталы шапанын дал-дал қылып, жон арқасының терісін шелдеп, сыпырып түсіпті.

Емханада екі ай жатып шыққан соң, үйіне оралған Байжекең айтты дейді: «Жон арқамның терісін сыпырғанша, қос басымның бір басын қағып түсіргені жақсы еді», – деп.

Желкесінен жоғары қос қолдай бір ісігі бар еді. Содан жұрт оны «Қосбас» атайтын. Жай тымақ, тақия оның басына сыймас еді, өзіне арнайы сопақ баскиім тіктіретін.

Осы оқиғадан кейін, Жуалының басшылары жоғарғы өкіметтен рұқсат сұрайды: теміржолдың астынан өтетін үңгір жолдың табанын жарты метр тереңдетейік деп. Рұқсат етпей қойды. Бұл мәселені тегі Мәскеудің өзі, ондағы Теміржол министрлігі шешеді екен, ондағылар: «Тәйт!» – деп еді, ешкім тиісе алмады.

Сонымен, сол «көпір» әлі сондай.

Жақында ғана, Әулиеатадан Мыңбұлаққа бара жатып, машинамен әлгі «көпірден» өтерде: «Байжұман жәке, Құдай иманыңды берсін», – деп бетімді сипадым.

Машина өрге қарай тырмыса бергенде, тапалтақ тамның тұсында, жолдың жағасында отырған кісіні шырамытып, шопырға:

– Тоқта! – дедім.



Машина тоқтай қалғанда, әлгі кісі келіні ұл тапқандай қуанып, құнжыңдап:

– Кел, кел, – деп айқайлады.

Дәл осы жерде, баяғыда, біздің бала күнімізде, Орынбай дейтін ақсақал кісі екі балдағын екі жағына қойып, темекі сатып отырар еді. Қырғыз атамның темекісін Айша осы Орынбайға әкеліп тастаушы еді. Сол сатып беретін. Жарықтық, сампылдап сөйлейтін аңқылдақ, адал кісі еді.

Айша:

– Өзіңе аманат. Өзімдікі емес, кісінікі, – десе, Орынбай:

– Ой, Айша, өзгеден жесем де, сенен жемеймін ғой. Жесем, о дүниеде Мұртазаның бетін қайтып көремін, – дейді екен, жарықтық.

Сондай да таза адамдар болған. Болған.

Ал мына қазір отырған кісі мүлдем басқа. Ол Орынбай емес, бірақ, құданың құдіреті, бұ да темекі сатып отыр. Орынбайдың темекісінен өзгешелігі: түрлі-түрлі сигарет, көбісі шетелдікі. Дорбаға салып, стақандап сатып отырған махоркасы да бар.

– Кел, кел, сигарет ал: мальбора бар, сөберен де бар...

Сірә, менің кім екенімді танығаң жоқ. Кім екенімді мен де айтқан жоқпын. Бірақ мен таныдым.

Қатты өзгеріп, қартайыпты. Әлі ішеді екен: арақ сасиды. Қалтырауық болыпты.

* * *

Мен ес біліп, он екіге аяқ басқан кез. Қырық төрттің көктемі еді. Ұмытуға болмайтын көктем. Әсіресе осы көктемде ашыққандар көбейді. Қылтиып жуа шықты. Жуа теріп жейік десек, Айша:

– Күн күркіремей, ауыздарыңа салушы болмаңдар! –деп, маған, Құрмашқа, Батырханға қатты ескертті.

– Неге, неге? – деп қыңқылдап едік, Айша:

– Уы бар, сеспей қатасыңдар! – деді.

Күннің күркіреуінің жуа уына қандай қатысы бар, оны біз түсінбейміз. Енді күн қашан бұлттанып, қашан күркірер екен деп аспанға қарап телміретінді шығардық. Қасақана аспан шайдай ашық, көгілдір. Жәудіреп, мөлдірейді де тұрады. Жер бетінен жаманшылық атаулы аласталғандай мамыражай.



Шыдай алмай, қартаңқұлақ қазып жейміз. Қартаңқұлақ дегеніміз жабайы редиска сияқты бірдеңе. Кейінірек содан шоңайна деген тікен өсіп шығады. Құдайдың рақымы шығар, қартаңқұлақтың уы жоқ сияқты. Бар болса да, біз тірмізік шығармыз.

Өстіп, бір ыңыршағымыз айналып отырғанда, біздің оқшау үйге ойқастатып, ат ойнатып біреу келді. Басында «Сталин фуражке». Галифе шалбар, сары гимнастерка. Белінде бес елі белдік. Иығында қайыс баумен асынған қайыс сөмке.

– Шешең қайда? – деп шаңқ етті әлгі шикіл сары. Орыс па деп қалсам, қазақша сайрап тұр.

– Жұмыста.

– Неге налог төлемейсіңдер? – Даусы жіп-жіңішке, бірақ удай ащы екен. Қатын дауыс неме екен.

– О не? – дедім мен түсінбей.

– О шешеңді... – Шикіл сары аттың үстінен еңкейіп, сірә, мені ұрмақ болып, қолын соза беріп еді, ыршып түсіп ұстатпадым. Анау ауа қармап, аттан аударылып қала жаздап, тізгін тартып, бойын әрең тіктеді. Сірә, мас болуы керек.

– Қара, мұның білмей қалуын. Налогты білмейсің бе?! – Көзі көкшіл екен, ежірейіп кетті, – Салық! О, орысша оқымаған надан!

Е, салық екен ғой. Салықты білемін. Салықшы басқа болатын. Талай келген. Айшаны талай зарлатқан. Ол басқа еді. Мынау...

Салық не екенін қысқы ұзақ түндерде Айша бізге тәптіштеп түсіндіретін.

– Баяғыда, – дейді Айша, – Қоқан деген патша болыпты. Біздің ел сол патшаға бағынады екен. Бағынышты елге Қоқан салық салады екен. Оның салықшылары ел аралап жүріп:

– Ойма тазға – он теңге, қырма тазға – қырық теңге! – деп жар салады екен.

– Сонда шашы барлар салық төлемей ме? – деймін мен. Айша күледі. Иә, Алла осылай күлдіре көр. Ол күлсе, жадау жанымыз жадырап қалады. Күліп алады да, Айша:

– Неғылған, – дейді. – Жан салық, мал салық, жер салық, тағы да не еді, әлгі, ұмытып қалдым... Әйтеуір, тұлдыр қалдырмаған ғой. Жан басына салық салған. Ең соңында, – дейді Айша, – қыз салық деген шығыпты. Бір ауылдан жылына Қоқанға бір қыз беріп тұрған. Ал енді шатақ осыдан шыққан. Патшаның мейманасы тасып, Құдайды ұмытып, араны ашылған ғой. Араны ашыл-



ған жаман. Содан мына біздің Жаңабай Шымырдағы Байзақ датқа қол жинап, Қоқанмен соғысқан дейді ғой. Ақыры, Қоқан Байзақ датқаны қолға түсіріп, зеңбіректің аузына таңып қойып, аспанға атып жіберген дейді. Жаның жаннатта болғыр, Байзақ қолы-қол, аяғы-аяқ, жерге бөлек-бөлек түссе керек. Жұрт солай дейді ғой, мен қайдан білейін...

Бұл – Айшаның айтқаны.

Ал мен кейін өсе келе, оқығаным бар, тоқығаным бар, ойлап қарасам, салықтың тарихы адамзат тарихымен тетелес көрінеді. Алла тағала Адам Ата, Хауа Ананы жаратқаннан кейін, олардың балалары Абыл, Қабыл өсіп жетілмей ме. Абылы мал бағыпты, Қабылы жер шұқылап, бау-бақша, көкөніс өсіріпті. Жаратқан Құдірет, Жасаған Ием немелерінің жемісін жеп көргісі келіп, өзіне шақырыпты дейді. Абыл қойын жетектеп барады, Қабыл қауын-қарбызын алып барады. Сонда Жаратқан Құдіретке қойдың еті көбірек ұнаса керек. Абылды қайта-қайта мақтай беріпті. Қабылға аса назар салмапты. Қызғаныштың қара найзағайы тұла бойын кернеген Қабыл қайтып келе жатып, Абылды таспен ұрып өлтіріпті. Содан бері адамзат аспанынан Қабылдың қызғаныш бұлты арылмайтын көрінеді.


Әне, алғашқы салықтың әлегі сондай. Сыпайы салықтың түп атасы қайда жатыр?!

Ал енді, кейін тарих пәнінен тақылдап «бес» алып жүргенде ұққаным: Петр бірінші деген патша сақал қойғандарға да салық салыпты. Қызық. Сақалдан қандай табыс бар? Салық табыс бар жерден алынуы керек қой. Боярлар дей ме, помещиктер дей ме, шаруа байғұсқа қаз салық, торай салық салады екен. Сірә, ақшалай төлей алмаса керек. Содан қаздарын қаңқылдатып, торайларын қорсылдатып, қожайынның қорасын толтыра берген ғой.

Күні кешегі большевик заманында бойдақ салық, құбас салық дегенді өз көзімізбен көрдік. Бойдағы мейлі. Үйленбегені үшін өзі кінәлі. Ал енді құбас салық дегені – көтенсіздік. Ешқандай иманға келмейді ғой. Марқұм, Оралхан Бөкей, жаның жаннатта болғыр, бірінші әйелінен бала көрмей, өмірінің ақырғы үш-төрт жылына дейін перзентсіз болғаны үшін салық төлеп, жалақы айлық алған сайын: «О, Алла, менің жазығым не? Салықты маған бала бермеген сен төлемейсің бе?!» – деуші еді.

Ай, тәлкек тағдыр-ай, екінші әйелінен бала сүйіп, құбас салықтан енді құтылдым ба дегенде...

Сонымен, сонда мен 1944 жылдың ашөзек көктемінде, әлгі шикіл сарыдан: «Налог деген не?» – деп сұраппын. «Налог» дегеннің не екенін



онда мен қайдан білейін? Мектепте орыс тілінен оқытатын мұғалім жоқ. Өзім жуа теріп жеуді аңсап, зарығып тұрмын.

Аттан түспей, әлгі сары Сталин фуражкасын бір шекесіне қоқырайтып, жалпақ ернін тілімен жалап тұрып:

– Үйіңде арақ бар ма ей? – деді.

– Қайдағы арақ? Арақ тұрмақ айран да жоқ.

– Шешеңе айт, шешеңді... Кешке келем. Тақ, май, жұмыртқа, жүн салық, жан салық, подоходный салық. Бәрін дайындап қойсын.

Сөйтті де атын тебініп, қамшымен сауырына салып қалып, Әбіш атамның ауылына қарай шаба жөнелді. Қайыс дорбасы салпаң-салпаң етеді.

Қаны шығып жарылған ернін тілімен жалай бергені көз алдымнан кетпей, қарап тұрып жүрегім айныды. Құсқым келді. Мүмкін, қарным уілдеп, ішегім шұрылдағаннан шығар. Көзім қарауытып, шауып бара жатқан жалақ сары бұлдырап қана көрінді.

Қызық. Біздің ауылда Қуанышбайдың ғана ерні жалақ. Ол түсінікті. Өзі жетім. Өгей шешесі өзінен туған Наушарбанды жетектеп, төркін жағына көшіп кетті. Қуанышбай жалғыз қалды. Жылқы бағады, шөп тасиды, жер жыртады. Шаң қауып, тозаң жұтады. Ал әсіреңкі сарыға не жоқ? Бұл неден зарығып, ерні жарылады?

Айтқанындай, ымырт жабыла, жұмыстан қайтқан Айша бір құмған шайды алдына ала бергенде, әлгі сары жаналғыштай жетіп келді.

– Жеңеше, – деді масаң сары көңілді үнмен, – салық төлемепсің.

Сөйтіп, қайыс дорбасының қақпағын ашып, қара мұқабалы қалың дәптерді суырып алды.

– Тақ, тақ. А, міне: Бердімбетова Айша. Алты кило сары май. Отыз кило ет. Жүз жұмыртқа. Он кило жүн. – Содан соң, шегір көзі күлімдеп, – Еще бір шиша ар-а-ақ, – деп қынсылады.

– Арақ та өкіметтің салығы ма? – деді Айша жақтырмай,

– Өзің біл, жеңеше, ішің білсін, әлуай. – Содан соң, ызғарлана қалып, – Білемін, түсінемін, – үйдің ішін тінткілей қарап: – Әлгінің бәрін бірден төлей алмайсың. Отсрочка. Біртіндеп төлейсің. Бір шиша арақ.

– Ай, шырағым, бұл үйде Мұртаза барда да арақ болған емес. Не деп тұрсың өзің?

– Сенің үйіңде болмаса, Жетпісбайдың үйінде бар, содан ал. Қазір төлей алмасаң, қарызға ал.

– Қарызын қайтіп төлеймін? Жетпісбай шал қарызға арағын көрінген адамға бере бермейді. Менің төлей алмайтынымды біледі.



Жалақ сарының шегір көзі ақшаң етті. Қамшысымен етігінің қонышын сарт еткізді.

– Онда салықты төле! Өкіметпен ойнама. Соғыс. Жеңіс жақын. Жеңіске тезірек жету үшін, өкіметке жәрдем керек. Салықты табанда төлеу керек.

– Берерімді бәрін беріп болғанмын. Қысты күні ана сенің алдыңда болған финагент Мұртазадан қалған жайнамазды да тартып әкеткен. Оны қайтесің десем, әскерге шұлғауға жарайды деді. Басқа не бар, іліп алар ештеңе қалмады. Жалғыз сиыр әлі бұзаулаған жоқ. Тусын. Сосын майыңды төлеймін. Екі ешкінің жүнін қырқып берейін. Тауық туса, жұмыртқаңды да төлейін. Ал енді етке менің өзімді соймасаң, етке өткізер малым жоқ.

– Табасың!

– Қайдан табамын, шырағым? Үй өртеніп болған соң от та сөнеді ғой. Өйткені жанатын ештеңе қалмайды. Бәрін тауысып болдыңдар ғой. Енді салық та тыйылмай ма?

– Міне, бұл фашистерге жақ адамның сөзі. Демек жауды жеңуге жәрдемдескің келмейді. Ладно. Онда өкпелеме, ертең милиция ертіп келемін.

Милициядан үрейіміз ұшып қалған. Мен, қарындасым, інім, – бәріміз қосылып ұлардай шуладық.

– Өшір үніңді! – деді Айша бізге. – Тексіз немеге бола көз жасыңды қор қылма. Әкесі жаман еді. Ондай әкеден қандай текті бала туады деп едің. – Одан соң финагентке қаһарлана бұрылды: – Әй, жалақ, әкелсең әкел милисаңды! Мені еттің өтеміне алсын. Мына баланы (мені көрсетіп) майдың орнына алсын. Мына қызды (Құрмашты көрсетіп) жүннің орнына алсын. Мына жәутікті (Батырханды көрсетіп) жұмыртқаның орнына алсын. Ертіп кел!

Финагент сасайын деді. Мастығы тарқап, қамшысын бүктеп мытып ұстап, шегіншектегендей болды.

– Олай сөйле-е-е-меңіз, – деп «сізге» көшті.

– Енді қалай сөйлеуім керек? Қара суды қайнатып май түсірмесем, май жоқ. Мыналардың (бізді көрсетіп) көз жасын тосып, тостағанға құйып, арақ орнына бермесем – арақ жоқ. Іш осылардың көз жасын. Ол – арақтан ащы. Әйда, сонда мас боласың, кәйіп қыласың.

– Тіліңе шоқ түскір, тілің қандай улы еді! – деп, финагент есікті тарс жауып, шығып кетті. Үрей қамаған үйде біз қалдық. Есі кіріп қалған Құрмаш:

– Апа, неге сонша ашуландың? Бәле болатын болды ғой, – деді.

Әлі арыны басылып болмаған Айша:

– Құдай берген жанды – Құдай алады. Бізге жанды Құдай қарызға берген. Қарыздың сүрегі («срок» дегені) қашан бітеді, сонда барып өлеміз. Қорқа-қорқа болдық қой, қараң қалғыр, – деді.

* * *

Мынау сол финагент. Орынбай шалдікі сияқты мұның да екі жағында екі балдақ жатыр. Сірә, сол қырық төрт-қырық бестің қысында, ауданға бара жатқан жолда, қатты боран соғып, адасып, екі аяғы үсіп кетіпті. Өзі де қатып қалатын екен, қойнындағы бір шиша арақ жанын сақтап қалыпты.

Мені танымады. Шетелдік машинамен жүрген өкімет деп, бір қызыл қорапты ұсынды.

– «Мальбородан» да мына «Сөберен» жақсы, – деп қалды.

Темекіні қойып кетсем де, әлгіні қалтама салып, ақшасын төледім.

Содан соң Мыңбұлаққа жеткенше, финагент көз алдымда тұрды да алды.

ТҰРЫМТАЙ

Мадақтасаң да, қарғасаң да Жарық Дүние деген – осы. Жарық Дүниеге ешкім өз еркімен келмейді. Тағдыр айдап келе қалса, оған ата-анасы, жанашыр, жақындары қуанады. Шамасы келсе, тойхана жасайды. Бесік тойы, тұсаукесер тойы, тағы-тағылар өмір бойы жалғасып барып, жаназамен тамам-тауыс болады.

Бірақ Олжабек туғанда, ешкім қуанбапты...

Бесік тойы мен Жаназаның арасы. Тал бесік пен Жер бесіктің арасы. Ол аралықты өлшеп білген ешкім жоқ. Қар кетер-кетпестен, мысалы, біздің Мыңбұлаққа, қабаққа, күнгей жаққа, қылтиып-қылтиып бәйшешек шығады. Бір аптадан кейін жоқ! Сәуірдің ортасын ала, төскейде құлпырма қырмызы қызғалдақ жаннаттың отындай жарқырап, жайнап тұрады. Сәуір бітісімен, ол да солады.



Әлем тұрғысынан алғанда, адам өмірі де сондай-ақ. Қып-қысқа. Миллиардты миллиардқа көбейткенде, триллионды триллионға көбейткенде таусылмайтын уақыт, адам байғұсқа неге сонша қытымырлық, пәстік жасағанын кім білсін?

Тым көп жасаған да жақсылық емес шығар. Әр нәрсенің басталуы бар, аяқталуы бар. Басталусыз, аяқталусыз, тек Тәңірі ғана, яғни, Алла, бір Құдай.

Ауылымызда Тұрымтай дейтін бір қыз бар еді. Менен төрт-бес жас үлкен. Бірақ, неге екенін білмеймін, сол тапалтақ, қара домалақ қыз, біздің класта, бізбен бірге оқыды. Есімде қалғаны, апайымыз оны жек көретін. Отырған партасына келіп, дәптеріне үңіледі – ұрсады, тақтаға шығарады – ұрсады. Сөйтсек, үшінші ме, төртінші ме, есімде жоқ, бір класта үш-төрт жыл бойы жылжымай қала беріпті ғой. Оны біздің қуып жетіп, бізбен бірге оқитыны сондықтан екен.

Апайымыз – сұқсырдай бетінде шұбар дағы бар, басынан ақ қыжым орамалын тастамайтын, тым таза, тақуа тақілеттес кісі еді. Өзі Әулиеата жақтан көшіп келген. Әштай дейтін күйеуі әскерге алынып, бізбен бірге оқитын кішкентай қызы екеуі ғана, Салбидің бе, Шахалақтың ба, әйтеуір, біреуінің үйінің бір бұрышында тұратын.

Апайымыздың аты – Седен еді, шайтан алғыр кішкентай, бүлдіршіндей қызының есімі – Әсем еді.

Әсем десе – Әсем еді-ау...

Мектептің жанында Мұса бауы дейтін бау бар. Баяғы менің әкеммен бірге сотталатын Мұса. Әулие Қамқаның баласы, Мүниранның байы.


Сабақтан шыққан соң ба, әлде үзіліс кезінде ме, балалар жүгіріп-жүгіріп, сол бауға кіріп кетеміз. Әсіресе сәмбі талдың арасы жып-жылы ұя сияқты. Ұя бәрімізге жетеді.

Содан әлгі сабақ білмейтін мылқау қара қызға лезде тіл бітеді, Тұрымтайды айтамын. Дереу өзгеріп шыға келеді. Класта топастанып түк білмей отыратын неме, мына жерге келген соң бәрімізге бастық бола қалады. «Үйшік-үйшік» дегенді шығарады. Ойынның бір түрі.

– Ал, тұра қалыңдар. «Үйшік-үйшік», – дейді де, бір қыз бір бала; бір қыз бір баладан қол ұстатады.

Біз түсіне бермейміз. Түсінген Жолдасбек сияқты қулар жымыңжымың етеді.

Сөйтсек, әлгі Тұрымтай бәріміздің «шешеміз» болып, ер балаларын үйлендіріп, қыздарын ұзатады екен. Оның да өз күйеуі болуға тиіс,



яғни, біздің «әкеміз». «Күйеуі» кім екені дәл қазір есімде қалмапты. Менен шамалы үлкенірек біреу шығар.

«Шешеміз» маған мұғалім апайдың қызы Әсемді «қосады». Оны өзім де жақсы көруші едім. Тек сырттай, әйтпесе мұғалімнің қызы деп жолай бермейсің. Менің түсінігімде мұғалім де бастық. Ал бастық атаулыдан зәрезап болып қалған жағдай бар. Сондықтан, қазір несібеме Әсем тигеніне әрі қуанып, әрі қорқып тұрмын. Қорқатын бір себебім: Әсем басқа қыздардай емес, киім киісі, жүріс-тұрысы бөлек. Өзі сабақты үздік оқиды. Бетінің ақтығы ерекше, сірә, мәрмәр тақылеттес, ұшында қызылы бар. Ал сәл түріктеу ерні шиедей қып-қызыл. Көзі еліктің лағының көзіндей жәудіреп тұрады.

Мінезі тым ашық. Сәл тәлпіштеу. Мұғалім қызына ол мінез жарасатын да шығар. Ауылдың қой мінезді, жуас «шүйкебасы» болса, жасқанбас едім. Оларды тұлымшағынан тартып талай шыңғыртқанмын. Ал мынау...

Мен состиып тұрып қалсам керек. Жайдарман, жарқын жүзді қыз қолымнан тартып, үйшігімізге алып барады. Жан-жағыма қарасам, бәрі де өз «үйлеріне» кіріп кетіпті.

Бұл ағашты бір жерде «Мәжнүнтал» десе, тағы бір елде «Өрімтал» дейді. Біздің сәмбі солардың туысқаны. Бұтасы түзу, шыбығы солқылдақ. Пісте жасыл жапырақтары жұпар шашып тұрғандай хош иісті.

Ал енді сол сәмбілердің түбіне түйежапырақ шығады. Әр жапырағы қойдың терісіндей. Бір-бірімен айқасып, тұтасып қалғанда, киіз үйдің туырлығындай. Астына кіріп кетсең – дайын шатыр. Жаңбыр да өтпейді. Кермек, ащы иісі болмаса, хан сарайындай. Тек талға қонған құстар саңғып тастаған. Содан жасыл жапырақтар ала шұбар.

Сөйтсем, «хан сарайын» жасаулау керек екен. Әсем айтты:

– Мына жерде сандық тұрады, мына жерде кебеже тұрады. Ортаға от жағамыз. Айтпақшы, сен қарап тұрмай құрай теріп кел, – деп, өзі үйдің ішін сыпыра бастады.

«Шыны ма», – деп, сенер-сенбесімді білмей аңқайып тұрғанымда, әлгі «келіншегім» аяғымен жерді тепсініп қалып:

– Неғып тұрсың? Сендей болбыраққа тигенімше, Жолдасбекке шыққаным жақсы еді.

Мен ойын екенін, шын екенін түсіне алмасам да, Жолдасбек дегені жүрегіме найзадай қадалады. Жолдасбек пысық дегені ғой. Көрсетейін мен пысықты.



Ата кеп жөнелдім. Ішім қайнап барады. Баудың кураған бұталарын сатыр-сұтыр сындырып, қолыма жаңқа кіріп кеткеніне қарамай, отынды құшағыма сыймастай қылып үйдім-ай келіп.

– Мә, – деп, әкеліп тастай салып едім, «үйіміздің» ішін түгел басып қалды. Сандық қоятын орын да, кебеже қоятын жер де, асадал қадайтын жер де қалмады.

Қыз таңғалғандай, бетіме ұзақ қарады. Тершіп кеткен бет-аузымды қалтасынан тап-таза орамал алып, сүртіп-сүртіп қойды. Ешкімнен мұндай ықылас көрмеген басым, іш-бауырым елжіреп, жылап жібере жаздадым.

Жаңқа жырып кеткен алақанымды ұстап, тікен қалып қойған жоқ па екен деп үңілді. Содан соң қалақайдың жапырағын жұлып алып, қанаған жеріне басып еді, алақаным ашып, дуылдап қоя берді.

– Намысың бар екен, – деп, қыз бетімнен шөп еткізіп бір сүйді. Сүюге сүюмен жауап беру керек пе деп бата алмай тұрғанымда, қоңырау зарлап қоя берді.

– Ұялшақ, – деді де, қыз еліктің лағындай бір-ақ секіріп, мектепке қарай ұша жөнелді.

Келесі көктемде ғой деймін, біз кластан класқа көштік. Бірақ арамызда Тұрымтай көрінбей қалды. Соңғы кезде бізді «үйшік-үйшікке» де шақырмай, өзінше тұйықталып, мұрнының үсті қара дақпен ноқталанып, біртүрлі болып кетіп еді. Мұғалім апай оған бұрынғыдай ұрыспай, тақтаға да шақырмай, қыздың ноқталы бетіне ұзақ қарап, басын шайқап қоятын.

Оның не айтпақшы болғанын біз қайдан білейік? Сөйтсек... байғұс қыз сорлап қалған екен. Ерте көктемде туып, күзге қарай шыбыш жасына жетпей, қарны қампиып қалатын ұрғашы лақтар болушы еді...

Тұрымтайды құлақ естімейтін, көз көрмейтін алысқа ұзатып жіберіпті деп естідік. Мойынқұм дей ме, немене?


Айша:

– Жөргегінен қағынған сорлы қар, – деді. – Обалың заманға, – деді.

Басқа ештеңе білмейміз.

Тұрымтайдың кемпір-шал әке-шешесінің қолында жас нәресте қалды. Ер бала екен. Атын – Олжабек қойыпты. Ә дегенде жан баласына көрсетпей асыраса да, тірі адамды қайтып жасырасың?! Олжабек ер жетті. Жігіт болды. Кемпір-шалды сол асырады. Тұрымтай дүниеде бар ма, жоқ па – ешкім білмейтін. Жұрт мүлде ұмытып кеткен.

Кейін шешесі қаза болғанда келіпті. Қанша дегенмен, анасы ғой. Айналайын, ағайын қызық қой. Баяғыда ғой, Тұрымтай осы елде



жүре берсе, адымын аштырмай, табалай берер еді. Небір дерттің бәрін жазатын ұлы уақыт екен. Араға жылдар салып, Тұрымтай ауылға келгенде, шал-кемпір, жеңгелері – бәрі де онымен құшақтасып көрісіп, төбесіне көтергендей, жақын аталастар кезек-кезек үйлеріне шақырып, мейман қылды.

Тұрымтаймен сәлемдеспеген тек Олжабек дейді. Мұзды мұхиттағы ақ аюдың баласына ұқсап, туған анасына түксиіп бір қарап тұрып, бұрылып, мал жайлауға кетіп қалыпты. Танымаған шығар. Әрине, танымайды. Бірақ іші құрғыр сезеді ғой. Сезеді. Бірақ перзенттік сезім жоқ. Сезім өлген.

Ол үшін кімді кінәлайды? Жетім қозы тасбауыр. Соғыстан қалған сорлы тұяқ. Әке жоқ, шеше де жоқ. Бірақ екеуі де тірі.

Тұрымтай Мойынқұмға қайтарда қатты жылады дейді. Бәрібір қайтып кетіпті. Өйткені өлген шалынан тоғыз бала қалған екен. Олжабекті қосса, он болар еді. Бірақ қосарын да білмейді, қоспасын да білмейді.

САНДУҒАШ САНДЫҚ

Қазақтың басты байлығы – мал. Малдың басын құрап, көзін тауып, ерінбей-жалықпай еңбек еткендер бай болды. Еңбекпенен құт келеді. Құт келген үйден жұт кетеді.

Бірақ құт пен жұт – күн мен түн сияқты көне күндес. Бірін-бірі кейде жығып, кейде жығылып, аңдысып келе жатқан жуыспас, туыспас құбылыс.

Бабамыз Бердімбет бай мен арғы анамыз Күнікей бәйбіше құт қонған жандар екен. Жұтқа ұшырады ма, ұшырамады ма, о жағы маған беймәлім.

Бірақ селдіреген байлықтың шетін жас бозбала әкеміз Мұртаза мен оның інісі Әміреқұл көрсе керек. Міне, бұлар шын жұтқа ұшырады. Табиғаттың толағай, толайым жұты емес. Жо-жоқ. Дөрекі, зорақы жұт.

Бірінші рет – Кеңес өкіметі орнаған жылы бір сыпырған. Екінші рет – жиырма сегізінші жылы басталған кәмпеске. Бұл жолы тәркілеу тұлдыр қалдырмай кеткен де, әкеміз жүген ұстап, қара жаяу қалған. Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам деген сонда болған.



Дегенмен үрлеп ішіп, шайқап төккен байлықтың сарқыт-сарқыншағын мен өз көзіммен көріп, өз қолыммен ұстадым. Соңғысын өз қолыммен қираттым. Ол былай болды.

Мұртаза мен Әмірекұл соңғы кәмпеске жалмауыз шегірткедей жайпап келе жатқанда, бір киіз үйді, бір әбдірені (сандықты), бір кебежені, бір тігін мәшинесін Бегалының бұзылған қорасының іргесіне көміп, жасырып үлгеріпті.

Мал болса, жерге көміп жасыра алмас едің. Көрдіңіз бе, дүние-жиһазды басқа елдердің байлары неге көп жиятынын? Мысалы, жанымызда отырған өзбек байлары малды мыңдап, мыңғыртып бақпайды. Тіллә! Тіллә, яғни алтын жинайды. Әуелі – жай салады. Бау-бақша өсіреді. «Сарт байыса, там салады, қазақ байыса, қатын алады» деген сөз содан қалған.

Сонымен, әлгі бізге, Айша мен үш жетімге мирасқа қалған алты қанат ақ киіз үй, былғарымен оюлап қаптаған кебеже, киім тігетін аяқ мәшине және зерлі әсем сандық не болды дейсіз ғой?..

Киіз үйді Жуанқұл тартып алып, трактористерге қос тігіп беріп, ақ киізді қара май тулаққа айналдырды. Кебежені Айша жан қысылғанда бір қап тезекке айырбастады.


Ендігі қалғаны – зер сандық пен аяқ мәшине. Мәшинені Айша шөптің арасына құрым киізге орап, тығып тастайды. Бізге көйлек-көншек тігерде ғана, түнделетіп шығарады. Ал сандық төрде тұр. Бірақ жарқыратып қоймайды. Оны да көнетоз алашамен жабулап, жасырған болады.

Киіз үйден басқасын, Ұзын Дембай деген бай саудагер атамыз баяғыда Ресейден ба, әлде Хиуа, Бұхардан ба – алыстан алып келген. Өйткені ол жаққа Бердімбет байдың малын айдап барып сатқан ғой.

Мені қызықтыратын – сандық еді. Алашаны түріп қойып, бетіндегі түрлі-түрлі оюларына, суреттеріне, зер жалатқан сызықтарына қарап, саусағыммен сипалап отырар едім. Әсіресе кішкентай кезімде. Сондықтан бетіндегі ою, суреттерден түсінгенім: өсімдіктің жасыл жапырақтары, сол жапырақтар арасындағы кішкентай әдемі құстар. Кейін ойласам; сірә, бұлбұл болар.

Ал кілт бұралғанда шығатын саз – сол бұлбұл үні.

Сандықтың сыртқы әдемілігінен өзге тағы бір сыры бар. Мен білмеген, мен еш жерден естімеген күй тартады. Айша кілт салып ашқанда ғана, құлаққа жағымды нәзік музыка ойнап сала береді. Бірақ кілт менің қолыма тимейді. Тие қалса, сол сиқырлы музыканы тыңдап



отыра берер едім. Кілті де үлкен, басын оюлап тастаған, тістері қисық-қыңырлау. Оны Айша бұрымының ұшына байлап жүреді. Айшаның қазіргі шолпысы – сол кілт.

Бұрын бұл сандықтың ішінде қымбат заттар сақталған шығар. Оны мен көрмедім. Менің көргенім: қазір бұл сандықтың ішінде азын-аулақ құрт бар. Содан кейін тәтті бар. Қант дейтін қант емес, науат дейтін науат емес. Екеуінің арасындағы дүбәра. Бірақ шырын.

Күзде қызылша жиын-теріні біткенде, колхоз еңбекақыға бір қапшықтың дәресіндей құмшекер берген. Құрғақ құмшекерді шайға сала бергеннен гөрі, тиімді деп, бұл ауылдың қатындары, әлгі құмшекерді қазандағы сүтке салып қайнатып, қатырып алады. Яғни, қатырма шекер. Сірә, бұл үнемді, тиімді болса керек. Оны сандыққа салып қояды. Айшаның кілтті бізге ұстатпайтыны сондықтан.

Сандықтың тек суретіне ғана емес, сиқырлы күйіне ғана емес, әсіресе ішіндегі тәттісіне құмармын.

Шіркін, сол әбдіре сақталғанда, қазір ол ең беделді мұражайдың сәні болуға жарар еді. Амал не... Кім білген оның қадірін. Бабамнан қалған көз еді деп, ататегіңді ұмытпас едің ғой. Ататегін ұмытқан имансыз мәңгүрттер қайдан шығады? Атадан қалған мұраны қастерлемеуден шығады. Бірақ біздің заман, біздің мектеп, біздің университет бізге білім беруден гөрі, сол ата-бабаны мүлдем ұмыттырып жіберуге тырысып-ақ бақты ғой.

Шатақ сандықтан емес, сандықтың ішіндегі қанттан шықты. (Егер «қант» деуге жараса). Сол баяғы Мұса тоғайы. Тамыздың аяғы. Талдарақ ұзатылатын қыздардай сыланып, жасыл желегін желбіреткен кез.

Каникулге шығардың алды. Каникулде басқа жердің балалары сияқты пионер лагеріне бармаймыз. Лагерь дегеннің не екенін де білмейміз. Біз колхоздың жұмысына барамыз. Тасбеттің қамшысының астында қаламыз.

Сірә, балалар ақылдың тасқындығынан емес, тірі жан түйсігінің түртпегімен, «біз әлі баламыз ғой, балаға тән заңдылықпен ойын ойнайық та» деген тығылма түйсік арқылы Мұса тоғайға жиналғанбыз.

Кейін ойласам, бұл бабалардың бабалары бізге қалдырған өсиеттің бір түрі екен. Ойын арқылы: «сен болашақ азаматсың, отбасыңның иесісің немесе алтын діңгегісің, болашақ анасың, болашақ әкесің» деген ұғым білдіреді екен. Әсіресе қыз бала жағы бетегеден бойы аспай жатып, неге шиден қуыршақ жасап, оны киіндіріп, оған сүт беріп, ұйықтатып, неге сонша әлек болады? Ол мұның ойын екенін

ұмытып кетіп, ынты-шынтысымен, жан-тәнімен беріліп істейді. Үш-төрт жастағы қыз балаға мұндай түйсікті кім береді?

Күркешеміз түйежапырақ. Бүлдіршіндей әдемі Әсем иманжапыраққа топырақ илеп, «нан» пісіреді. Меңдуананың қауашағын тазалап, тостаған жасайды. «Шай» дайын, «нан» дайын.

– Қап, қант болмай тұрғаны-ай, – дейді Әсем.

– Міне, құмшекер, – деймін мен арықтан біруыс құм әкеліп.

Әсем қолымды қағып жіберді. Құм бетіме шашырады.

– Осындай да шекер бола ма екен? – деді.

– Е, неге болмайды? Сенің «нан» деп пісіргенің балшық, «шай» дегенің – жай су. Сонда құм неге шекер емес?

– Тәттінің жөні бөлек. Ол шын тәтті болуы керек.

Сонда ойыма сарт ете түсті: оу, біздің сандықта тәтті бар ғой. Аздап, әшейін ойын үшін аздап алсам, Айша сезе қоймас. Бірақ кілт жоқ қой. Кілт Айшаның бұрымының ұшында. Өзі қызылшада. Дәл қазір жұдырықтай бір қант сындырып әкелсем, мына қыздың алдында кәдімгідей кісі болып қалар едім-ау.

Жанымда тұрған бір түп меңдуананың қауашағын үзіп алып, қақпағын ашып, ішіндегі әлі піспеген дүмбілез дәнін алақанына салып:

– Міне, шекер! – дедім Әсемге жерден жеті қоян тапқандай.

Қыз бетіме қарап тұрды да, өз саусағымен өз шекесін бұрғылап:

– Есің дұрыс па? Меңдуана – у ғой, – деді.

Аздаған абыройдан әбден айырылып қалғандаймын. Енді бұл қыз мені жек көріп кетсе, Жолдасбек арам қутыңдап қолына түсіріп алуы оп-оңай.

Жолдасбекті ойлағанда, ішіме шоқ түсіп кеткендей селк еттім. Бұл асау қызға қайтсем жағамын?

Тәуекел!

– Мен қазір... – деп, үйіме қарай тұра жүгірдім. Абырой болғанда, Құрмаш пен Батырхан Баянның үйі жағында жүр екен.

Келе салып, бір жуан шеге тауып алып, алашаны түріп тастап, сандықтың кілттігіне әлгі темірді сұғып жіберіп, ары-бері ырғап көрейін. Шеге музыкалы тілшілікке тиіп, сыңғыр-сыңғыр етеді, бірақ нағыз кілт салғандағыдай сайрамайды. Шеге бір кедергіге тірелгендей болады, бірақ одан ары жылжымайды.

Ай, қара терге түстім-ау. Мұса тоғайға құрқол қайтып бару мен үшін өліммен тең. Әсем: «Неге кеттің, неге келдің?» – деп сұраса, не деймін?

Сандықтың аузын балтамен ұрып, талқандағым келіп кетті. Онда шын өлгенім. Айша тірі болса, кешке үйге келеді.

Жүгіріп барып, қобдишадан кемпірауыз тістеуікті алып, шегені сонымен бұрай бастадым. Күйші тілшік «зың-зың» етті де, бір кезде бірдеңе шарт етіп, сынды да кетті. Шегені тағы салып, ары-бері ырғып едім, дыбыс жоқ. Бұрынғыдай сыңғырламайды.

Сөйтсем, сорлы басым, сандуғаш сандықтың тілін жұлып алыппын. Болат тілшік сынып кетіпті. Сандуғаш мәңгі бақи үнсіз қалды. Сайрамайды.

Ойында нем бар? Қызда нем бар өле алмай жүріп?!

Сандықтың тілі емес, өзімнің тілім жұлынғандай болып, сол қызға қайтып бірауыз сөз айта алмадым. Өсе келе де сол мінезім қалмады-ау деймін. Әйел баласына сөз айтуға келгенде, ойымдағы небір әдемі сурет, әсем теңеу аузымнан шыққанда қожырап, әсерсіз, әрсіз, өңсіз, өлі балықтай былқ-сылқ етеді де қалады.

Сандуғаш сандықтың жазығы шығар...

ШОЛАҚ СИЯҚҰЛ

Көктемнің көкөзегі. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. Қой Мүрделі сайдың басында, ақ шидің арасында жайылып жатыр.

Шолақ Сияқұл екеуміз ескі томарлардың үстінде шоқиып-шоқиып отырмыз. Арқамызда – Тәңіртау, алдымызда – Қаратау. Қаратаудың бер жағында, Теріс өзенін бойлап пойыз кетіп барады. Ылдидағы пойыз өрдегі бізге жұлдызқұрт сияқты болып көрінеді. Жүрісі мимырт сияқты. Кім біледі, пойыз да зорығатын шығар. Жүгі ауыр ғой.

Шолақ Сияқұлдың көзі жасаурап тұрады. Ылғи, үнемі жасаурап тұрғандықтан, дәйім де жас жуып тұрғаннан болар, көздері жәудір. Сәбидің жанары сияқты тап-таза. Жалғыз қолымен төс қалтасынан мүйіз шақшасын алады. Қос саусағымен шашақты қайыс тығынын суырып, шақшаның сүйір басын астыңғы ерніне тақап тұрып, насыбай салады. Жалғыз қолмен шақшаны қайта тығындап, қайтадан көне гимнастерканың төс қалтасына салып, түймелеп, орнында ма дегендей алақанымен сипалап қояды.



Содан соң күлімсіреп, сақал-мұртын сипап:

– Осы пойыз болмаса, мен елге жете алмас едім, – дейді.

– Соғыс сонда сонша алыста ма? – деймін мен Шолақ Сияқұлдың әңгімені өзі бастағанына қуанып.

– О-о, – дейді Шолақ Сияқұл, – жердің түбі. Мысалы, мен Лейлінградтың түбінен қайттым. (Ленинград дегені). Лейлінградтан осы біздің Боранды-Бурныйға дейін тура бір ай жүрдік қой.

– Онда әлі соғыс болып жатыр ма?

– Қайда?

– Ленинградта?

– Лейлінградтан пәшістерді құдық қой тырқыратып. Сол қуып бара жатқанда Волху (Волхов дегені) деген жерде маған снаряд тиді ғой.

Осыны айтып, Сияқұл сол қолымен оң қолының орнын сипалайды. Қол орнына гимнастерканың қуыс жеңін уыстады.

– Осы қолым сонда қалды.

– Снаряд деген қандай болады?

Шолақ Сияқұлдың жәудір көзі шақшиыңқырап, сұстанып шыға келді.

– Снаряд? Не десем екен? Кәдімгі келісап бар ма? Дәл соның басындай.

– Апыр-ай, тағы да болса талқандап кетпеген екен, – деймін әрі таңғалып, әрі үрейленіп. Шолақ Сияқұл маған қарайды. Содан соң шарбы бұлт шалықтаған көкпеңбек аспанға қарайды.

– Әуелі Құдай, одан соң аруақ сақтады ғой, – деп ескі зират жаққа бұрылады.

Осы сайдың басында ескі зират бар. «Мүрделі сай» деп атайтыны сондықтан. Онда Сияқұлдың әкесі, бабасы жатыр. Менің бабам Бердімбет те, әжем Күнікей де сонда. Бұрын олардың басында арабша жазуы бар көк тас болады екен. Кейін топырақ басып қалды ма, әлде бір имансыз алып кетті ме – жоғалып кетіпті.

– Снаряд тиердің алдында окопта жатып түс көрдім, – деді Шолақ Сияқұл. – Түсімде бір ақ шолақ қасқыр арс етіп шапшып, оң қолымды жұлқылап жатқанда, әкем келіп қорқауды таяқпен ұрып, мені ажыратып алды. Содан окопта сыз өтсе де қатты ұйықтап қалған екенмін, шошып ояндым. Әлгі түсімді түсіне алмай, мең-зең болып біраз отырдым. Сол-сол екен: «Атака!» – деген айқай шықты. Атып-атып тұрдық. Окоптан шыға салып, «уралап» ұшып барамыз. Адам айтып болмас аласапыран. Жан-жағымдағы солдаттар мұрттай ұшып құлап жатыр. Бұрылып



қарауға да мұрша жоқ. «Е, Алла!», «Иә, Аруақ!» – деп, салып ұрып келе жатқанда, көзімнің оты жарқ ете қалғанын білемін. Ары қарай түк есімде жоқ. Сөйтсем, госпитальдан бір-ақ шығыппын...

Шолақ Сияқұл шақшаға тағы қол салды. Насыбайын атып алып, қап-қара сақал-мұртын тағы сипап қойып:

– Әні, інішек, менің бүйтіп жәрбиіп сенің қасыңда отырғаным: әуелі Құдай, одан кейін аруақтың арқасы, – деп жалғыз қолымен менің шашымды ұйпалақтап қойды.– Жаңа өзің айтқандай, әлгі снаряд сәл кеудеме таман тисе, талқандап-ақ кетер еді ғой. Жоқ, содан сәл бұрын марқұм әкем аян берді: оң қол кетті, жан қалды.

Шолақ Сияқұлға көмекші (сақманшы) болғаныма ризамын. Тасбет Сияқұлға қой қоздар кезде сақманшы болады деп мені мектептен сұрап алған. Айша:

– Осы сенен басқа бала құрып қалып па?! – деп арқаланып келе жатты да, артынша:

– Мейлі, барсаң бара ғой. Шолақ Мияқұл сені ренжітпес. Қойдың сүтін ішіп, ішегің ағарар, – деді.

Бұл ауылдың әйелдері қайнаға, қайындарының атын өстіп бұрмалап айтатын әдеті. Сияқұл десе ұят, Мияқұл десе жарасады.

Айтса айтқандай, қойды өрісте католекке сауып, от жағып, тас қыздырып, қызған тасты сүті бар католекке баж еткізіп тастап жібереміз. Сәл суытып, Шолақ Сияқұл екеуміз кезек-кезек ішеміз. Нансыз болса да тамақ.

– Соғыстан оң қолдың орнына осы католекті байлап қайттым, – деп қояды Шолақ.

Жамырай, жаппай туып жатқан қой жоқ. Күніне үш-төртеуі қоздайды. Соған сақ болсаң болды, басқа алып бара жатқан жұмыс шамалы.

Бір күні:

– Аға, сізге орден бермеді-ау? – дедім қарап отырмай. Баламын ғой, әйтпесе ондай сұрақ дуайпаттау ғой. Жарасының аузын тырнайын деген ниетім жоқ, бірақ абайламай аузымнан шығып кетті.

Шолақ Сияқұл жасаурап тұратын мөлдір қара көздерін Қаратауға қадады. Үндемей отырды да:

– Інішек, соғыста байтал түгіл бас қайғы. Орденге ұсынған көрінеді. Кәмәндір айтқан, сен геройсың деп. Бірақ мен соның соңына түспеппін, тегі.

– Сұрау салсақ қайтеді? Ұсынса, сізге орден жазылған да шығар. Адасып қалған шығар. Ондайлар аз ба?



Шолақ Сияқұл әуелі сақалы шошаңдап күліп жіберді. Лезде күлкісін тыя қойып, бетіме үңіле қарады.

– Әй, осы сен бірдеңе білесің-ей, – деді. – Оқуың қалай өзі? Хат жаза аласың ба?

– Е, хат жаза алмай не бопты? Биыл бесін бітірейін деп қалдым ғой, – дедім мен шамданыңқырап.

– Е, бәсе, Мұртаза көкем молда кісі еді ғой. Әсіресе Әмірекұл ағамыз, ой, қыса оқығанда, шіркі-і-ін, майын тамызушы еді-ау. Сен соларға тартқансың ғой. Ай, айтпақшы, хат жазсақ қайтеді?

– Қайда?

– Өкіметке.

– Сталиннің өзіне ме?

– Стәлін жолдастың қолы тие бермес. Осы орденнің бастығы Кәлінін деуші еді ғой. Соған. Қалай? Жаза аласың ба?

– Жаза аламын. Тек сіз айтып отырыңыз.

– Онда жарайды. Болса болар, болмаса біздің неміз кетіпті. А? Жазып көрейік.

Сонымен, күн бесін ауа қойды айдап, жаңа туған қозыларды салпаң құлақ көк есекке артып алып, қораға қайттық. Әпуза жеңгеміз:


– Бүгін ерте қайттыңдар ғой. Мен күн әлі ерте шығар деп отқа шәйнек қоймап едім, – деп, қазан-аяқ қамына кірісті.

Шолақ Сияқұлдың екінші класта оқып жүрген Сейіткерім деген баласының дәптерінің қақ ортасынан екі парақты ажыратып алып, хат жазуға кірістік. Екеуіміз аласа, дөңгелек үстелдің басында отырмыз. Шыны сауытта іріңкіреп кеткен көк сия бар екен. Ручканың перосы «86» екен. Қағазды тырнап жазады. Соны жөнге келтіріп біраз отырдық. Терезесі көздей, ыс басқан аласа үйдің іші қараңғы тартқан соң, Әпуза шишасыз шырағданды бықсытып, сықситып жағып қойды. Түтіні қолқаны қабады. Әпуза:

– Немене, екеуің тегі ыздиыса қалыпсыңдар, – деп қағытты.

– Бар, бар. Барпылдамай өз ісіңді біл, – деп, Шолақ Сияқұл шаруа алдында сызданып алды.

Шолақ Сияқұл соғыстан қайтқан селдір-саяқ солдаттардың бірі ғой. Алдымен белі бүкшиіп Өскенбай келді, одан соң бармақтары сексеуілдің жігеріндей бырысып-тырысып Сәмбет келді. Контужин алып, Төрекұл келді. Тізесінің қақпағын оқ тескен оң аяғы бүгілмей, серейіп Жорабек келді. Әсіресе соның жүрісі қызық: алдымен оң аяғын



серейтіп, жаны жоқ бөтен заттай лақтырып алға тастайды, сол аяғы оны содан кейін барып қуып жетеді.

Қағаз-қаламды дайындап, Сияқұл не айтса соны жазайын деп мен отырмын. Ол қуыс жеңін сол қолымен уыстап алып:

– Жаз, – деді. – Аса қадірлі, алтыннан ардақты, күмістен салмақты Кәлінін жолдас!

– О кісі қазақша түсіне ме? – дедім мен күмәнданып.

– О, ол кісілер барлық тілді біледі ғой, әйтпесе патша бола ма?!

Ішімнен: «Шыннан біле ме екен?» десем де, Сияқұлдың айтқанын бұлжытпай қағазға түсірдім.

Сияқұл жазуыма үңіліп қарады да:

– Қолың жақсы сияқты. Оқышы, кәне, – деді.

Мен оқып бердім. Айтқанын сөзбе-сөз қағып алғаныма риза болғандай, жалғыз қолымен арқамнан қағып қойды. Бұл менің бірінші алған «қаламақым».

– Ары қарай, – деді Сияқұл тамағын қырнап, жөткірініп алып. – Мен майданнан қайтқан солдатпын. Аты-жөнім: Асанов Сияқұл. Дәкументте солай. Бірақ қазір мені ауылдағылар «Шолақ Сияқұл» дейді. Неге дейсіз ғой? Неге десеңіз, мен мың да тоғыз жүз қырық бірінші жылы армияға алынып, майданға аттандым. Тілерсектен қан кешіп жүріп соғыстым. Айтпақшы, сіздің атыңыздағы қала түбінде, демек Кәлінін қаласының түбінде айқасқа түстім. Санын дәлдеп айта алмаймын, талай пәшісті жер жастандырып, жаһаннамға аттандырдым. Содан Лейлінград түбінде, Волху майданында қатты шайқас болып, сол жерде оңбай жараландым. Оң қолымды снәрәт жұлып кетті. Сөйтіп, автомат ататын, грәнәт лақтыратын қолдан айырылып, шүкімәйт болып қалдым.

Осы жерде менің қаламұшым қағазға тіреліп қалды.

– Не болды? Жазбай қалды ма? – деді Сияқұл.

– Шүкімәйт деген не?

Сияқұл көзі жасаурап, жалғыз қолымен қап-қара шоқша сақалын саумалап, күлді.

– Өй, мен сені білгіш пе десем... шүкімәйтті білмейсің бе? Қасқырдың асығы ғой.

– Иә, біз қойдың, ешкінің асығымен, кейде сиырдың топайымен ойнаймыз ғой. Қасқырдың асығын көрген емеспін.

– Көрмесең, қасқырдың асығы жартыкеш болады, алшы жағы бар, тәуке жағы жоқ. Міне, мына мен сияқты. Бір қолым бар, бір қолым жоқ. Содан мен де жартыкеш болып көрінемін. Байқамайсың ба?

– Бос жеңіңізді жан қалтаңызға тығып жүрмесеңіз, байқалмайды.

– Жеңі құрғыр желбірей берген соң тығамын дағы, әйтпесе сән үшін дейсің бе. Кәне, ары қарай тарт. Қай жерге тоқтап едік?

– «Шүкімәйт болып қалдым».

– Иә, содан мені енді соғысқа жарамайсың деп еліме қайтарды. Елім – Қазақстан, бұрынғы Әулиеата, қазіргі Жамбыл облысы, бұрынғы Түлкібас, қазіргі Жуалы ауданы, бұрынғы Мыңбұлақ, қазіргі Талапты колхозы. Мен кетерде үлкен кәмәндір айтқан: «Сен, Асанов, ерлік көрсеттің, батыр екенсің, орденге ұсынамын», – деп.

Аса құрметті, қадірменді ақсақалымыз Кәлінін жолдас! Менің сол орденім қайда болды екен? Ауылдағы балалар менің орденім бар десем, сенбейді. Көзіме айтпаса да, сыртымнан: Асанов Сияқұл бір қолын берсе де, бір орден ала алмапты ғой деп күледі. Сондықтан егер мүмкін болса, менің орденімді Жуалы военкоматына жіберсеңіз екен. Шынында да, менің бір қолым бір орденге татымағаны ма? Осы намыс өлтіріп барады. Мен түсімде екі қолым бүтін, ұдайы соғыста жүремін. Ал оянып кетсем – оң қолым жоқ! Сипалаймын – жоқ.

Қазір елге келген соң да қарап жатқан жоқпын.

Жалғыз қолмен қой баққан қиын, әрине. Осы өткен қыста қасқыр шапты. Жалғыз қолмен жуан таяқпен бастан ұрып, әлгі қасқырды соғып алдым. Соны көріп ауылдағылар: «Сен шынымен батыр екенсің, пәшістерді қырғаның, орден алғаның рас екен», – деді. Рас дейін десем, омырауымда орден жоқ.

Аса құрметті Кәлінін жолдас! Менің осы өтінішімді аяқсыз қалдырмасаңыз екен. Деніңіз сау болып, Стәлін жолдастың басшылығымен жүз жасауыңызға тілектес – майдангер Асанов Сияқұл. 4-сәуір, 1944 жыл.

– Басынан бастап оқып шықшы, – деді Сияқұл.


Мен мектепте тақпақ айтқандай тақылдатып оқып бердім.

Сияқұл көзі күлімдеп, қуанып, риза болды.

– Әй, Әпуза, шәй әкел! – деп айқайлады.

* * *

Сол жылы күзде тағдыр мені туған ауылдан жел айдаған қаңбақтай ұшырып алып кетті. Арада көп жыл өтіп, мен студент болып жүргенімде, жазда демалыс алып, ауылға келдім. Шолақ Сияқұл қой баққанын



қойып, пенсияға шығыпты. Мен келді дегенді естіп, әдейілеп іздеп келді. Жалғыз қолымен мені қапсыра құшақтап, тұла бойы дір-дір етіп, көкірегі сырылдап, көпке дейін ажырамай тұрып алды. Сол жақ жан қалтасынан кіршеңдеу орамал алып, жасаураған көзін сүртті.

Отырдық. Хал-жай сұрастық. Бір кездегі қап-қара сақал-шашына ақ кіріп, бурыл тартыпты. Қайта-қайта: «Айналайын, інішек» дей береді. Шәй ішіп болған соң шаруасын айтты.

– Інішек, баяғы екеуіміз Кәлінінге жазған хат есіңде ме? – деді.

– Иә, есімде.

– Есіңде болса, сол хатқа жауап болмады. Борандыдағы поштаға өз қолыммен зәкәзнәй қылып-ақ салып едім, қызыңды... жауап болмады. Көп ұзамай Кәлінін өліп қалды деп естідім. Сірә, сонда сенің айтқаның рас болды-ау деймін, қазақша хатты түсінбеген шығар. Қош. Мейлі, ол өтті-кетті. Енді жағдай мынадай болып тұр, інішек. Пенсияға шықтым ғой. О басында бірінші группа деп берген. Енді осы біраз күн бұрын қайтадан кәмесия қарап, екінші группаға түсіріп тастады. Осы жайды айтып, қазіргі бастық Вәрәшіловке арыз айтсам ба деп едім. Сен оқуың жүйрік қой, өзің Мәскеуде оқисың. Бұл жолы қазақша емес, орысша жазсаң, Құдай бұйыртса, бірдеңе шығады-ау деймін. Енді орысшаға әбден жетік болдың ғой. Хат жазып бер.

– Жарайды, – деп, қолыма баяғыдай емес, автоқалам, әдемі ақ қағаз алып:

– Ал айта беріңіз, – дедім.

– Оу, інішек, мен орысша айта алмаймын ғой.

– Қазақша айта беріңіз, мен орысшаға аударып жазамын.

– Онда «бісміллә» деп баста. «Аса құрметті, алтыннан ардақты, күмістен салмақты Вәрәшілов жолдас! Жаздың ба? Мен Асанов Сияқұл, Волху майданында ерлік көрсетіп, соғысып жүріп, оң қолымнан айырылдым. Оң қолымның топшысынан тұқылы ғана қалған. Кәмесия бірінші группа берген. Енді жақында жаңа кәмесия шығып, қолымды қайта қарап, сәнтіметрлеп өлшеп, екінші группаға түсіріп тастады. Сонда қалай? Менің снәрәд жұлған қолым, енді мен қартайғанда, қайтадан өсіп шығып жатыр дей ме екен, қызыңды...»

– Оу, Сәке, Ворошилов жолдасқа мұндай боғауыз сөз жазуға болмайды, – деймін мен автоқаламды қоя салып.

– А-а, солай ма? Қайдан білейін қызыңды... ауыз қалып алып кеткен ғой. Әйтпесе, боқтағаным емес бұл.

– Жарайды. Ары қарай айта беріңіз.



– «Солай, Вәрәшілов жолдас. Топшысына таяп жұлынған оң қолымның тұқылы, әсіресе күн бұлттанса, әлі күнге дейін сырқырап, қақсап ауырады. Ал біздің Жуалының ауа райын өзіңіз білесіз ғой, жиі-жиі қабағы қарс жабылып қалады...»

– Оу, Сәке, Ворошилов жолдас Жуалының ауа райын қайдан біледі? «Білесіз ғой» дейсіз. Қайдан біледі?

– А-а, солай ма? Патша болғаннан кейін бәрін көріп-біліп отыратын шығар дегенім ғой. Онда ол жерін жазбай-ақ қой. Жаз ары қарай: «Аса құрметті Вәрәшілов жолдас! Біздің военкоматты Мәскеуге шақырып алып ұрсыңыз. Батыр майдангер Асанов Сияқұлды неге ренжітесің деп мәшкесін беріңіз. Миың бар ма өзіңнің деңіз, Волху майданында қалған, алдақашан шіріп кеткен қол, Асанов Сияқұлға тіріліп келіп, қайта біткен жоқ қой деңіз. Тіпті, анау шанышқылы Әзімханның қолы сияқты шынтағынан қырқылса, протез салып алар еді. Ал Асанов Сияқұлдың қолы протез жалғауға келмейді ғой деңіз. Ай, бір ұялсын, қызыңды... военкомат.

– Оу, Сәке, тағы...


– А-а... онысын жазбай-ақ қой. «Сонымен, менің арыз жазып айтарым: маған бірінші группамды қайтарып берсін. Айтпақшы, баяғыда, сол Волху майданында кәмәндір маған орден беріледі деген. Сол орденнен әлі хабар жоқ. Осы арызым Кәлінінге жазған бұрынғы хатымдай жауапсыз қалмасын. Жауап бермеп еді, Кәлінін өлді де қалды. Сіз де...»

– Оу, Сәке, өйтіп айтуға болмайды.

– А-а... солай ма? Қайдан білейін, қыз... Қойдым, қойдым. Осымен хат тәмәм.

* * *

Ақыры, орденді де ала алмай, «бірінші группасын» да ала алмай, нағыз жауынгер, батыр майдангер Асанов Сияқұл дүниеден өтті. Анда-санда Мыңбұлаққа барғанда көңілім Шолақ Сияқұлды іздейді. Енді ешкім маған хат та жаздырмайды. Бәрі сауатты. Әңгімелесіп, сыр айтатын да адам сиреді...



АЙ ТОЛҒАНДА АБАЙ БОЛ

Ақыл деген асылды Құдай адамдарға тең үлестірмеген. Өмірді де теңдей етіп бермеген. Марқұм болғандар бәрі бірдей бір тиянақты, айталық, бәрі бірдей жетпіске жетіп өлмейді ғой. Біреу ерте, біреу кеш дегендей. Тіпті дүниеге келер-келмес кетіп қалатындар бар, жүзге жетіп жығылатын бар.

Ақыл да сондай: біреуде аз, біреуде көп. Ал басым көбінікі – орташа. Ақылы тым көптер де, тым аздар да, орташалар үшін қалыптан тысқары. Ақылы көптер де жынды, ақылы тым аздар да жынды. Орташалардың ұғымы сондай. Орташалар басым көпшілік болғандықтан, олардың пікірі үстем. Көп қорқытады, терең батырады. Ғылыми тілмен айтқанда: «аномалия». Яғни, халыққа дағдылы қалыптан шығып кеткен. Алла-Тағала адамдардың бәрінің басына ноқтаны бір қалыптан шығарған да, ал сол бастың ішіндегі миды әрқилы жаратқан.

Біздің ауылда да сондай бір «аномальный» адам болды. Жексенбай әулетінен еді. Бұл әулет тұқымы мол, әулетті ата. Тек соғысқа дейін. Соғыстан кейін...

Солардың бірі – Иса атты бозым жігіт еді. Иса бізге есептен сабақ берді. Сонда ол көп болса техникум, яки училище бітірген шығар. Институтта оқымаған. Ал есепке келгенде, Эйнштейн дер едім. Ол Эйнштейннің кім екенін де білмеуі мүмкін. Бірақ сол ұлы адамның туысы сияқты.

Бізге шамалы-ақ уақыт сабақ берді. Әйтеуір, өз басым одан жарты-ақ жылдай оқыдым. Бесінші класта. Егер онынышы түгел соның алдынан оқып шыққанымда, мен де математик болар ма едім, кім біледі...

Ол программа, бағдарлама дегенді мойындамайтын. Оқыту тәсілі, әдістемесі мүлде басқа. Мысалы, мені тақтаға шақырады:

– Мұртаза баласы Барсхан! Тақтаға! – дейді.

Шығамын. Қаршыға көз, бүркіт тұмсық, сұсты кісі. Ұзын бойлы. Бір қырым артық еті жоқ, сымдай тартылған, сұлу адам. Бірақ сұсты.

– Қай жылы, қай күні туылдың? – дейді бірінші сұрағы.

– Мың тоғыз жүз отыз екінші жылы, жиырма сегізінші қыркүйек, – деймін мен.

– Қай сағатта?

– Оны білмеймін.

– Білмейсің. Әкең сауатты кісі болатын. Жылың, айың, күнің дұрыс.



Бірақ сағатын, минутын жазбаған. Қазақ секунд, минут, сағат тұрмақ, күнге де, айға да, жылға да мән бере бермейді. Кеңістік пен еркіндіктің арқасы. Мейлі, сағатты шартты түрде алайық. Айталық, Айша жеңгеміз мың тоғыз жүз отыз екінші жылы, қыркүйектің жиырма сегізі күні, кешкі сағат жетіден жеті минут өткенде босанды делік. Ал, – деп маған шұқшияды, көздері кірпік қақпайды. – Дәл осы қазір қай жыл, қай ай, қай күн, қай сағат, қай минут?

– Дәл қазір, – деп терезеге қараймын, балаларға қараймын. Олар жым-жырт. Тырс етпейді. Басқа мұғалімнің сабағында шошаңдап отыратын немелер қазір құлаққа ұрған танадай. – Дәл қазір мың тоғыз жүз қырық төртінші жыл, жиырма сегізінші сәуір... Сағатын, минутын білмеймін. Сағатым жоқ, – деп білегімді көрсетемін.

– Жарайды. Сағатың жоқ. Ал жалпы қолға сағат тақпаған жақсы, – дейді Иса мұғалім.

– Сағат таққан қолдың неге ұқсайтынын білесіңдер ме? – деп балаларға қарайды. Ешкім жауап бермейді. – Білмесеңдер, сағат таққан қол, қарғыбау таққан итке ұқсайды. Жарайды, – деп маған бұрылады. – Ал Мұртаза баласы Барсхан, сен туған мың тоғыз жүз отыз екінші жыл, жиырма сегізінші қыркүйек күнгі, кешкі сағат жетіден жеті минут өткеннен бері, қанша жыл, қанша ай, қанша күн, қанша сағат, қанша минут өтті? Міне, дәл қазір!

Ал шығарып көр! Табан астында минуты, сағаты, күні тұрмақ, жылын бірден айту қиын. Ішімнен мың тоғыз жүз қырық төрттен мың тоғыз жүз отыз екіні алғанда...»

– Он екі жыл... – деймін.

Мұғалім басын шайқап, терезеден Тәңіртауға, одан да асыра аспанға қарайды. Менің осы мұғалімге таң қалатыным: ұдайы аспанға қарап, өзінше аузы жыбырлап, өзінен-өзі күбірлеп, көзге көрінбес әлдекімдермен сөйлесіп жүреді. Міне, қазір де аспанға қарады. Бір шөкім бұлт жоқ, бір ноқаты жоқ көкпеңбек аспаннан не көреді?


Партада отырған балалар да қағаздарына бірдеңе жазып:

– Он екі.

– Он екі!

– Барсхан дұрыс айтты, – деп жамырайды. Мұғалім терезеден кері бұрылады.

– Неліктен бәрің бір қалыптан шыққансыңдар? – деп күйзелгендей болады. – Қайдағы он екі?! Бұл, – деп мені сұқ саусағымен иығымнан түртіп қалады, – жиырма сегізінші қыркүйекте туған. Ал қазір



жиырма сегізінші сәуір! Бұл он екі жасқа толуы үшін әлі бақандай бес ай бар! Бес айда бақандай жүз елу күн бар. Әрине, жалпы отыз күннен алғанда. Ал жүз елу күнде – үш мың алты жүз сағат бар. Үш мың алты жүз сағатта – екі жүз он алты мың минут бар: екі жүз он алты мың минутта – он екі миллион тоғыз жүз алпыс мың секунд бар. Дұрыс па?

Иса мұғалім балаларға қарайды. Олар көздері жыпылықтап, саусақтарымен партаның жиегін ысқылай береді. Біреуі де жауап берген жоқ. Ал Иса мұғалім болса, жаңағы ми қатырар есептің бәрін ойланбастан, он секундтің ішінде айтып шықты.

Әлі аң-таңмын. Осы күні компьютер дейтін шықты. Ол кезде оның өзі тұрмақ, аты да жоқ. Сонда құдіреті күшті Құдай Иса мұғалімнің басын компьютер етіп жаратқан ба? Бұл қандай алғырлық? Алғырлық деген сөз аз. Оның аты бөлек. Оны дәл жеткізетін сөз де жоқ болуы мүмкін.

Сөйтіп, есеп мұғалімі біздің әуселемізді, өремізді байқады да:

– Ертеңге тапсырма, – деді. – Әрқайсың өз туған күнің, сағатыңнан бастап, ертеңгі сабақ басталар минутіне дейін есеп шығарып келіңдер. Секундін тапсырмай-ақ қояйын, – деп аяды.

Сөйтті де, қоңырау соғылғанға қарамастан, кластан шығып кетті. Онда журнал деген болмайды. Балалардың аты-жөнін, қайсысы сабаққа қатысты, қайсысы қатыспады, арада ай өтсе де жатқа біледі. Кімге, қандай баға қойды – оның бәрін журналсыз-ақ біледі.

Состиып-состиып біз қалдық.

– Мынау бір пәле болды ғой, – деп, Жолдасбек тәмпіш мұрнын тартып, әлден қиналды. Тапсырма қиын, мұғалім қатал. Орындамасқа, ойланбасқа шама жоқ.

– Осыны неге әскерге алмайды екен, – деп, Жолдасбек тағы бір мысық тілеу айтты. Қиналған шығар.

Қиналғанымыз рас. Есепті мен шығара алмадым. Мұғалімнің айтуынша, менің он екі жасқа толуыма әлі бес ай бар екен. Сол бес айдың қанша күн, қанша сағат, қанша минут, қанша секунды бар екенін өзі айтып берді. Ал енді он бір жыл жеті айда қанша күн, қанша сағат, қанша минут, қанша секунд бар – оған миым жетпеді. Қағазды ары шимайладым, бері шимайладым, ақыры, басыма біреу сансыз ине сұққандай, бір темірді бір темірге үйкеп, шықылдатып жатқандай, қағаздан да, қаламнан да жеріліп, жек көріп, орнымнан тұрып кеттім.

Ертесіне мұғалім:



– Кәне, тапсырманы қайсың орындадың? – дегенде, қол көтерген біреу де болған жоқ. Бәріміз төмен қарап шұқшидық та қалдық.

Мұғалім өз басын өзі қос қолымен қысып, қалшылдап бара жатқандай көрінді.

– Мұртаза баласы Барсхан! Сен де ме? – деп маған қасіретке толы көзімен қадала қарады. Мен орнымнан тұрдым:

– Ағай, шығара алмадым. Басым ауырып кетті, – деп шынымды айттым.

– Сенің де басың ауыра ма? – деп, енді мені аяп кеткендей болды.

– Есебіне жете алмадым. Әсіресе минуттары мен секундтарына келгенде, көзімнің алдында от ойнақтап, миымды біреу инемен шабақтағандай болды.

– Ағай, мұндай есеп программада жоқ қой, кітапта да жоқ. Адамның миы жетпейтін түпсіз терең, – деп Жолдасбек пысық шықты.

Иса мұғалімнің имектеу құс мұрнының танауы біресе балықтың желбезегіндей тырсылдап, біресе желі шыққан бүйендей қусырылды.


– Адамның миына жала жаппа! – деді мұғалім ышқынып, Жолдасбекке заһар шаша қарап. – Әркімнің құдайы адамның басында. Ми миллиардтаған клеткадан тұрады. Солардың тым құрыса, мыңнан бірі жұмыс істесе, әрқайсың бас-басыңа пайғамбар болар едіңдер. Құдай бас болғанда, сол бас сорлатып, ми клеткаларын түгел оятпайды. Ми клеткаларымыз ұйқыдан түгел оянса, біз қазіргідей хайуанат қатарынан бір-ақ адым алда жүрмей, ғарышта, басқа планеталарда жүрер едік. Онда анау батыстағыдай жабайылар соғысы болмас еді. Соғыс салу, адамдардың бірін-бірі өлтіруі, қан төгуі – сол жабайылықтан. Неге жабайы? Өйткені адам миының клеткалары түгел жұмыс істемейді. Сендер де оятпайсыңдар миларыңның клеткаларын! – деп, Иса мұғалім шыңғырып жіберді. – Оңбаған, жалқаулар! Мысалы, Мұртаза баласы Барсхан... Өз туған секундынан бастап, дәл қазіргі секундтқа дейін, қанша секунд екенін есептеп шығара алмайды. Не деген сұмдық! Әлі тас дәуірінде жүр. – Енді маған жақындап келіп: – Сен туған секундтан бері, тоқсан тоғыз триллион... Оп-оңай.

Мен қазір Иса мұғалім сонда айтқан цифрлардың құйрығын ұмытып қалдым. Менің миым ұстап қалатын сан емес! Сонда Жолдасбек:

– Ағай, басқа планетада адамдар бар ма? – деп әңгіменің арнасын басқа сайға бұрып жіберді. Қу ғой.

Неге екенін біз қайдан білейік, мұғалім селк ете қалып, Жолдасбекке оқты көздерімен қарап алып:

– Бар, – деді. – Бір ғана планетада емес. Көбінде бар. Олар бізге



бір кезде келеді. А, бәлкім, келіп те жүрген шығар. Мен солардың келуін аңсаймын. Мен олармен түсімде сөйлесіп, өңімде іздеймін. Мен солардың арасында өмір сүргім келеді. Мына сендер сияқты есектің миын жегендердің арасында жүру азап! Жалпы, жер бетіндегі адам дегендердің ортасында өмір сүру – азаптың азабы. Бірін-бірі өлтіру, бірін-бірі тонау, бірін-бірі алдау, бірін-бірі көре алмау, бірін-бірі ғайбаттау, бірінің үстінен бірі жамандап, жала жауып, арыз жазу... тілдеу, қандай жиіркеніште?! Сондықтан мен басқа планеталардың адамдарын үздіге-үздіге күтемін. Әсіресе Ай толғанда ұйықтамай, далаға шығып, аспанға қараймын да жүремін. Олар Жерге Ай толғанда ұшып келеді. Түсімде айтқан: Ай толғанда барамыз деп. Сондықтан ұйықтап, қара басып қалмайын деп сақ жүремін, олар келгенде мен ұйықтап қалып, жолыға алмасам – онда өлгенім. Қалайда кездестіруім керек! Айтуым керек оларға: Жер бетінде тәртіп жоқ. Әділдік жоқ деп. Билікке, байлыққа таласқан озбырлар көп деп. Иман жоқ. Қан төккіш қарақшылар көп деп. Жер бетіндегі тағы, тағы толып жатқан жиіркеніште лас қылықтарды оларға түсіндіруім керек. Бәлкім, олар Жер бетіндегі адамдарды жөнге салар, иманды қылар. Айуандық мінез өзгеріп, Жер бетіндегі адамдар ақылды болар. Мен оларды сағынып, аңсап күтемін.

Сөйтіп, біздің Иса мұғалім Жолдасбекке ашуланамын деп, біздің ойымыз тұрмақ, түсімізге кірмеген сырын айтып қойды.

Бірақ ол сырын біз аса түсінген жоқпыз. Басқа планетада адамдар бар дегені де сенімсіз. Бар болғанда да олар жерге қалай жетеді? Жеткенде де Иса олармен қай тілде сөйлеседі? Басқа планеталықтар Жер бетіндегі адамдарды қалай тәртіпке салмақшы? Мысалы, бізде де, фашистерде де бомба бар, снаряд бар, автомат бар. Олар бізді қалай жеңеді?

Осының бәрін мен Иса ағайдан келесі жолы сұраймын ғой деп жүргенімде, мұғалім аудандағы емханаға түсіп қалыпты. Сол екі ортада күз келді. Біздің үй Әулиеата жаққа көшіп кетті де, мен интернатта, институтта көп жыл жүріп, Иса мұғалімді қайтып көре алмадым.

Ауылға бір келгенімде:

– Иса Қызылордада, – деді.

– Онда неғып жүр? – десем.

– Жындыханада, – деді.

Жүрегіме біреу жуалдыз сұғып алғандай шаншып, сыздап барып басылды.

Енді бір келгенімде:



– Иса қайтыс болған, – деді.

Ішімнен қатты қайғырдым. Әлі жап-жас еді ғой. Ол жындыханада жататындай, сонда жатып қайтыс болатындай емес еді ғой. Біз сияқты пенделерден артық білгені үшін, бізден жүз есе, мың есе асыра ойлай алатыны үшін де адамды жынды дейтіні несі?

Шынында да, біз әлі топас шығармыз. Иса мұғалім сол топастықтың құрбаны шығар. Өйткені қабақтай басымыз толған ми бола тұра, соның төрт-ақ пайызы іске қосылып, басқа жағы ұйықтап жатады екен ғой.

Иса соның бәрін оятпақшы болды. Оны жұрт жынды деді. Мен ойлаймын: оны ақылы ауысқандар ауруханасына әдейі тығып тастады. Ол басқа планетадан келгендерге Жер бетіндегі адамдардың неше алуан сұмдықтарын айтып қоймасын деп. Жер бетіндегі әділетсіз тәртіп өзгермесін деп. Ай толғанда, Иса жындыхана төсегінде қол-аяғы таңулы жатыпты. Далаға шыға алмай қалыпты. Өзі баяғыда айтқан: оларға жолыға алмасам – өлемін деп.

Исаны біздің адамдар әдейі өлтірді. Былғаныш дүниені басқа әлем алдында әшкерелемесін деп. Әшкерелесе – әлекке қаласың.

Бірақ басқа планеталықтар біздің жерге бәрібір келеді. Сонда Иса тіріледі. Келгендер тірілтіп алады. Олардың қолынан бәрі келеді.

Бәрібір әшкере боламыз.

ШАҚПАҚТАС


«Соңғы ши», – деді Айша.

Сөйтіп, соңғы ши екенін растағысы келгендей, әлгі қоңыр бас, бір тал шөпті жоғары шошайтып көрсетті.

Біз үшеуміз: мен, Құрмаш, Батырхан. – Айшаның бас бармағы мен сұқ саусағына қыстырылып тұрған «әулиеге» табынғандай болып, талмай қарадық. Бәлкім, сол сәтте ол бізге әулиеден де артық көрінген шығар.

Бір тал ши. Ол – құдірет. Тұзымыз таусылып қалып еді, тұзсыз тамақ тамақ емес. Бірақ одан өлмейсің. Ұн таусылғалы қашан. Бірақ одан да өлмейді екенсің. Өйткені ұрада қызылша бар. Көп емес, бірақ әзір бар.

Ал от сөніп қалса ше? Шишақпақ, кәдімгі кішкентай қораптағы



шишақпақ таусылып қалса ше? Сірә, бұл қасірет болуы керек. Өйткені Айша бізге еш уақытта ұн таусылып қалды, тұз таусылып қалды деп ескерткен емес. Ал жалғыз шиді жоғары көтеріп тұрып көрсетті. Шишақпақ деген Мәшүрдіннің магазинінде толып тұрар еді. Мәшүрдін соғысқа кетті. Магазин жабық тұр. Әйтеуір бір кезде дүкен ашылар. Бірақ Мәшүрдін енді қайта келмейді. Оны Құдай орыстың жерін жаудан қорғап, сол жердің топырағын тыңайту үшін жаратқан.

Оны орыстар есінде сақтай ма, сақтамай ма, ол – иманның ісі. Өйткені қазір анда-санда елге, Мыңбұлаққа барғанда байқаймын: «осы ауылда Мәшүрдін деген азамат болып еді, дүкен ұстап еді» деп ешкім айтпайды. «Өлдің, Мамай, қор болдың».

Айша әлгі шиді пештің аузына апарып, қораптың қырына тақап, тұтанбай қалмаса екен деп Құдайдан іштей тілегендей, тізерлеп біраз отырды.

Кеш батып, үйдің іші қаракөлеңке тартқан кез еді. Біз де бәле көргенбіз ғой, Айшаның уайымын айтпай-ақ түсініп, құдіреттің, Құдайдың не екенін білмесек те, тұтанса екен деп, а құдайлап тұрдық.

Ақыры, от жарқ етті. Пештегі тамызыққа тиіп, жыбыр-жыбыр, шытыр-шытыр етіп барып, лаулап ала жөнелді.

«Ал енді осы отты өшіріп алмайық», – деді Айша.

Сонда қалай, үздіксіз отын жаға береміз бе? Оған отын шақ келе ме?

Айшаның жазда колхоздың қой қорасынан сыпырып алған бір қап қиы бар болатын. Шешеміз сол қидың қос уыстайын жанған шоқтың астына көміп, күлін таптап, үстін табамен бастырып тастады.

Таңертең табаны алып, күлді аршып қараса, астында асыл тастай, лағыл тастай қызарып шоқ жатыр. От пеште емес, өзіміздің жүрегімізде маздағандай қуанып кеттік. Құдайдың мұнысына да шүкір. Қидың күші. Кәдімгі моп-момақан қойдың құдіреті. Етін, сүтін, жүнін, терісін былай қойғанда, қиына дейін, құмалағына дейін асыл екен ғой, жарықтық Шопан Ата!

Ал енді кейбіреулер жақтырмаған топас адамын «баран» дейді. Қандай әділетсіздік, қандай қасиетсіздік?! Десе, дей берсін, оны мадақ ретінде қабылдап, Шопан Ата баласын кие тұтып, әлгі қойды қорлаушының өзін пұшайман ету керек. Сондықтан біреу саған «баран» десе, сен оған «спәсибә» де. Ақымақ болмаса, түсінеді. «Қойдың сүті – қорғасын, қойды сөккен – оңбасын!»

Отымыз осылайша көпке дейін үзілген жоқ. Ши сұрап, шоқ сұрап, ешкімге алақан жаймадық. Бірақ қаптағы қи азайып бара жатыр.



Апыр-ай, мына созалаң соғыста, адамнан бастап бәрі құрдымға кеткендей құрыған заманда, тым болмаса, кәдімгі күкірт, (біреулер «кеуірт» дейді, енді бір жерде «оттық» дейді, тіпті «шпішке» дейтіндер де бар, ал Мыңбұлақ «шишақпақ» дейді) кім не десе, о десін, сол күкірттің зар қылғанын айтсаңшы. О, тоба!

Сөйтсе, білгіштер айтады, сонау соғыста дүниенің тас-талқанын шығарып жатқан сол күкірт көрінеді. Күкірттен оқ-дәрі жасайды. Минаның жарылатыны да содан. Мұндай күшті болар ма! Кәдімгі сасық күкірт. Дүн-дүниені сасытып болды.

О басында оқ-дәріні ойлап тапқан адам, о дүниеде тозақ отына түсті ме екен, не болды екен? Бәленің бәрі содан тарады ғой. Оқ-дәрі болмаса, Еуропаның қаңғыбас қарақшылары Американың байырғы тұрғындары – үндістерді, жүз миллион үндісті қырып тастай алар ма еді? Оқ-дәрі болмаса, садақпен, найзамен қаруланған Кенесарыны патшаның әскерлері жеңе алар ма еді? Зіркілдеген зеңбірекке садақтан жебе тартқан қайран қазақ.

Ойлап отырсаң, бәрі күкірттің кесірінен.

Жоқ. Ойлай түссең, күкіртте жазық жоқ. Күкіртті ажал құралына айналдырған адам – ақымақ, әрі жауыз.

Оттығымыз сөніп қалмаса екен деп, а құдайлап жүргенімізде, бір түні үйіміздің боғат қамысы ызыңдап, терезе сыртында жазда гүлдеп, қыста қурап қалған қарасора мен алабота суылдап, пештің кернейі уілдеп қоя берді. Бәрі қосылып, әлем оркестрі жиһан күйін талмай күңірентті. Кейде маған Тәңіртау бораннан төңкеріліп, дөңбекшіп, жаралы динозаврдай аунақшып, өкіріп, бақырып жатқандай көрінеді.

Әттең, ол кезде әнді, күйді, жиналыстардағы көпірме көп сөзді жазып алатын техникалық құрал бізде жоқ еді. Енді ғой, үйде диктофон, магнитофон деген неменің екі-үшеуі жатыр. Бірақ бұрынғыдай боран да жоқ. Тіпті пештің уілдейтін қуыры да жоқ-ау деймін. О, тоба! Егер сол қырық үшінші жылғы боран жырын жазып алғанда, талантты композитор табылса, сәл-пәл әрлеп, ғаламдық ғарыш симфониясын тудырар еді. Бетховен жайына қалар еді. Періштелер мен диюлар қосылып, әлде арпалысып ән салған түн де өтіп, таң атты. Таңның атқанын терезенің ағараңдағанынан да аңғардық. Ақ түтектен басқа ештеңе көрінген жоқ. Боран ұрып тұр.

Боран басылмапты деп төсекке бұғып жата бермейсің. Тірі адамның тіршілігі бар. Жалғыз сиырға шөп салып, су беріп, астын тазалау керек. Өзіміз де оразамызды ашсақ деген үмітіміз бар.



Дүниеде үміттің үзілгені жаман. Бұрынғы көрген құқайымыздың бәрі айналайын екен. Айша пештің темір қақпағын ашып, ішіндегі төңкерілген табаны шығарып, күлді көсеумен ары-бері аршып еді, күндегідей қып-қызыл шоқ, лағыл тас көрінбейді. Бәрі сұп-суық, сұп-сұр күл! Тамызық от жоқ! Лағыл тасты түндегі сақылдаған, бақырған, шыңғырған диюлар ұрлап алып кетіпті!

Тұңғыш рет үйімізден от үзілді.

– Түнде мына қурап қалғыр қуырдың уілдесі жаман еді, отты тартып әкетіпті ғой, – деді Айша пештің қуыры сыртқа шығатын төбеге қарап.

Айша астыңғы ернін тістелеп, басын шайқады. Айша басын тектен-текке шайқамайды. Оны мен, біле-е-емін. Әсіресе астыңғы ернін тістесе – қи-ы-ын.

Нәметқұл ұста соғып берген көсеуді күлге тағы салды. Күлді тағы ары-бері аударып көрді. Түк жоқ. Сыртта боран ішін тартып, ышқына соқты білем, өйткені қуырдан соққан жел күлді пештің аузынан бұрқ еткізді. Айшаның аузы-басын күл қауып қалды.

Айша пештің қақпағын тарс еткізіп жапты да, көсеуді лақтырып жіберді. Көсеудің басындағы шығыршығы сылдырлады. Қайран Нәметқұл көкем! Көсеуден жай шымшуыр жасай салмай, сабының ұшына сәндеп шығыршық салып қоятынын қайтерсің. Қазір қайда, қай майданда жүр екен? Тірі ме екен?!

Көз алдыма Нәметқұл келе қалып, темір ұста дүкенінің көрігін басып тұрғандаймын. Мен көрікті басқан сайын шоқ шашырап, қып-қызыл от ойнайды. Қайда сол ойнақтаған от?

О, отты сағыну қи-ы-ын.

– Әй, – деді маған Айша. – Айдалада ай қараған адамдай неғып тұрсың? Киін. Баянның үйіне бар. От әкел!

Терезеге қараймын. Ақтүтектен ештеңе көрінбейді. Далаға шығамын-ау деп ойлауым мұң екен, тұла бойым түршігіп, мұздап қоя берді.

– Боран басылатын шығар, содан кейін... – деп міңгірлей бастап едім, Айша:

– Бай баласы – байға ұқсайды, байланбаған тайға ұқсайды деп тұрмысың? Сендей кезіңде шолжаңдаса – әкең Мұртаза шолжаңдаған шығар. Өйткені ол – бай баласы. Ал саған не жоқ?! Сен қай байдың баласы? Мына жалмауыз заманда ту деген мен емес саған. Бол, жылдам!

Айша осы жерде қателесті. Мені осы заманда туған өзі емес пе? Мен өз еркіммен, өз ықтиярыммен келіппін бе бұл заманға?



Бірақ Айшамен салғыласуға болмайды, тілімді тістеп, тысқа шықтым. Қолыма шоқ салатын қақандоз алып едім, Айша:

– Әй, қақандоздағы от тұрмақ, мына боран өзіңді ұшырып кетеді. Шелек ал, үстін таптап, табамен бастыр, – деді.

Сыртқы есіктің көзін үрінді қар басып қалыпты. Сыртқы есіктің ішке қарай ашылатыны қандай жақсы болған. Сыртқа қарай ашылар болса, қамалып қалатын едік. Әйткенмен, біздің осы үйді ақылды адамдар соққан.

Әуелі есіктің көзіндегі қарды күрекпен әрең ашып алып, күресін үйме қардан тепкішек жасап, ақтаудың үстіне шыққандай болдым. Кәдімгідей еңсегей үйіміз аласарып, жан-жағын тау-тау қар басып қалыпты.

Баянның үйі біздің үйдің батыс жағында. Шамада, жүз елу – екі жүз метрдей жер. Боран сол жақтан ұрып тұр. Ыққа қарай жүрсең бірсәрі. Ал енді жұлқына соққан жынды боранға қарсы жүру азап. Басыңды тұқшитып, иығыңа тығасың. Екі көзіңді жұмып аласың. Оқша атқылаған қар көз аштырмайды. Құдай абырой бергенде, Айшаның қолы өнерлі. Аққоян құлақшынымның бауын алқымдап байлап, мойнымды Айша тоқыған бөкебаймен шандып алғанмын. Үстімде Айша өзі тіккен сары құрақ мақталы күпәйке. Құданың құдіреті, осы кезде сары құрақ мата көбейген. Сөйтсе, соғыста жүрген солдаттардың киімінен қалған сарқыт екен ғой. Матаның қалған қиықтарын құрап, соны кәдімгідей метрлеп сатады екен. Біздің Борандының базарына да жеткен екен. Күзде Айша жұмыртқа сатып, май сатып, әйтеуір, әрекеттеп, сол құрақ матадан бір күпәйке тігіп берген. (Үйде өзіміздің «Zinger» деген машинамыз бар ғой). Шалбар да мақталы. Киіздің сыртын матамен қаптап, сырмалап байпақ тігіп берген. Байпақтың сыртында пұшық калош. Қолымда – тері қолғап.

Суықтан үсіп өлер жайым жоқ. Бірақ боран адым аштырмайды. Бетіме пытырлап оқ тиіп жатқандай тыз-тыз етеді. Майдандағыдан несі кем?

Ақ бораннан адасып кетер ем, адассаң, сонда өлесің. Бағыма қарай, Баянның үйі от жағып жатыр-ау деймін: мұрныма түтін иісі келеді. Ақ түтекте мұрынға қармен бірге араласып кірген түтін иісінен артықты жалғанда сезген емеспін. Кейін-кейін «Красная Москвадан» бастап, француз духиына дейін иіскеп көрдім, бірақ боранды күнгі қой қиының түтінінің иісіне дүниеде еш жұпар тең келмейді.

Сол түтін мені адастырмай, Баянның үйіне алып барды.

Өлгенде әрең жеттім-ау. Біздің үйге ең жақын көрші – осы Баян.



Одан ары Қаратайдың үйі, оның қарсысында – Дүйсенбайдың үйі. Тағы бір сайдың ар жағында Мамыт атамның үйі, одан әрірек Оңғарбай атамның үйі. Ал шығыс жағымызда, Бердімбет сайдың арғы жағында ел көп. Бірақ мына боранда терең сайдан өту қиямет.

Баянның үйі есігін әрең ашты. Есікті тақылдатып ұрып тұрған адам екенін, боран екенін айыру қиын шығар. Мұндай ақ дауылда дені дұрыс адамдар далаға шықпай өз үйлерінде отырады. Сондықтан біреу-міреу келеді деп күтпеген де болар, әйтеуір, сықырлауық есікті тоқылдатып, аузы-мұрнына сұғанақтана тығылған қарға тұншығып ұзақ тұрдым.

Әлден уақыттан кейін ауыз үйден:

– Бұл кім? – деп сұрады. Боранбайдың даусы. Баянның тұңғышы. Менен үш-төрт жас үлкен.

Бұрын бұл елде есік қаққан адамнан «бұл кім?» деп сұрамаушы еді. Сірә, менің мына келісім шектен тысқары болуы керек.

– Мен – Барсхан.

Есік ашылды. Ауыз үйге бұрқ етіп, боран менімен ілесе кірді. Түрімнен шошып кеткен болуы керек, Боранбай:

– Адасып жүрсің бе, қайдан жүрсің? – деп қойны-қонышыма сіресе тығылып қалған қарды сілкілеп түсіре бастады. Қарды қағып, аяғымды тазалап ішке кірдім.

Даладан кейін, мынау шағын бөлме пейіш сияқты көрінді. Жып-жылы екен. Пеште от жанып тұр, сірә, көң жақса керек.

– Ойбу, байғұс бала, үсіп кете жаздапсың ғой, неғып жүрсің? – деп Баян бәйек болды.

Құс мұрыны болмаса, түсі жылы, сөзі майда кісі еді, жарықтық.

– Отқа жіберді, – дедім мен аузым икемге келіңкіремей.

– Апыр-ай, Айша да жүрек жұтқан екен, осындай жұдырықтай баланы жұмсап, – деді Баян.

– Отымыз өшіп қалыпты, оттық жоқ, – дедім мен «жұдырықтай бала» дегенге намыстанып, өзімді өзім болбыратпай ұстауға тырысып. Он бірдегі бала да жұдырықтай бола ма екен. Менен жасы үлкен болса да, бойы тапал Боранбай шығар «жұдырықтай».

Барлығы: Баян, балалары Күләйна, Қаржаубай, Күләндә, Күлия – бәрі жабылып, бір ағаш табақтан, ағаш қасықпен быламық ішіп отыр екен. Әдейі аңдып келгендей ыңғайсызданып қалдым. Өйткені бәрі – шешесі шегіртке тістеп әкелген қарлығаштың балаларына ұқсап, бәрі мойындарын созып, маған тесіле қарап қалыпты.

Баян:



– Кел, Барсхан, быламық іш, – деді. – Былайырақ отыр, – деп Қаржаубайды ығыстырып, маған орын ұсынды.

– Жаңа үйден көже іштім, рақмет, – деп, орнымнан қозғала қоймадым.

– Оттарың өшіп қалса, көжеге қайдан тоя қалдың? Отыр! – деді Баян бұйыра сөйлеп. Сөйлегенде, қураған ағашқа жасыл жапырақ бітірердей сөзі мамық, жұмсақ, жып-жылы болушы еді, бұл жолы үні қатаң шықты. Өтірігімді ұнатпаған болса керек.

Быламық май қатқан, дәмді екен, бірер қасық ұрттап, тағы іше түскім келсе де, аузымды алақанымммен сүртіп, орнымнан тұрдым. Айшаның: «Сұғанақ болма!» – дегені миыма сарт ете қалды.

Шелекке қи шоқтан тамызық салып, Айша айтқандай үстін табамен бастырып, далаға шықтым.

Баянның үйін айнала беріп, ықтан шыққаным сол екен, гу-у-у еткен жел шелекті қолымнан жұлып әкетті. Қаңбақтай домаланып ала жөнелді. Қарға малтығып, артынан қуып келемін. Жон арқамнан жел итеріп, дедектетіп, өзімді ұшырып барады. Құдай ұрып, құрыған жерім осы болды. Шелекті әрең ұстадым: таба да жоқ, шоқ та жоқ, қар тығылып қалыпты.

Баянның үйіне тағы қайтып баруға бет жоқ. Шоғын аямас-ау, бірақ өлім ғой. Боранбай мысқылшыл, елге жаяды. Қыздары да күледі. Баян: «Бұл кімге тартып осынша болбырақ болған?» – дейді ғой. Ішінен «Әкең жақсы еді, шеше де ширақ, саған не болған?» – деуі мүмкін ғой.


Қу шелекті өз үйімнің дәл алдына қарға бойлата шаншыдым да, жон арқамнан итерген желдің ырқына көніп, дедектеп, Бердімбет сайдың ар жағына бір-ақ шықтым. Не өлемін, не от алып қайтамын, атасына нәлет!

Сайдың арғы бетінде, бір тоғай шидің тасасында, Сәрсенбай атамыздың кішкентай үйі жәрбиіп тұрады.

Сәрсенбай – біздің ағайынымыз. Баяғыда Бердімбет байдың жылқысын баққан. Әйнек деген апамыз Күнікей бәйбішенің қызметінде жүрген. Мұртаза кеткен соң, бұрынғыдай жақындығы жоқ. Мен түсіне бермейтін бір себебі бар. Сәрсенбай әмеңгер болғысы келген дей ме, Айшаны алмақшы болған дей ме... Айша оған: «О, оңбаған Ұлтанқұл!»– десе керек.

Содан қайтып Сәрсенбай біздің үйге жоламайды екен.

Бірақ Әйнек апамыз, жарықтық, бір жапырақ, қағілез кісі еді. Анда-санда үйге келіп: «Айналайын мырзаға-ау, кебін киген жоқ едің, кебенек киіп кетіп ең, қайда ғана кеттің-ау, ah!» – деп аңырап алатын.



Мен ес білмейтін екі-үш жасар кезімде, Айша Құрмашқа аяғы ауырлап жүргенде, осы Әйнек мені арқасынан түсірмей көтеріп жүреді екен. Енді мүлде жат адамдар сияқтымыз.

Мына аласапыран-ақырзаман боранда бұл үйге келмес едім, бірақ амалым қалмады.

Сәрсенбай атам терезенің алдында етік жамап отыр екен. Бойжеткен екі қызы: Бибігүл мен Тұйғын біреуі ұршық иіріп, біреуі шұлық тоқып отыр. Соғыстағы әскерге деп. Әйнектен басқасы маған ләм деген жоқ. Әйнек:

– Ойбу, үсіп кетіпсің ғой, отқа жақын отыр, – деп, пештің жанынан орын ұсынды. Мен отырмай, шаруамды айттым. Осылай да осылай, үйде от жоқ. Менің шаруам Сәрсенбай атама арналса да, ол естімеген болып, аузына намдалған жібі бар жуалдызды тістеп алып, етіктің табанына біз тығып, тұқшыңдап отыра берді.

Әйнек жұдырықтай бір уыс кемпір болса да, шалына әлі әмірі жүретін болуы керек:

– Тек! Онысы несі? Мына Барсхан азаптың аузынан келіп тұр ғой. Айдауға кеткен әкесінің жақсылығын көп көріп ең ғой, не көрінді сонша, бер оттықты! – деді.

Сәрсенбай етікті лақтырып тастап, тістеуік, балға, шеге салған қобдишаны алып, сақұр-сұқыр араластырып, арасынан асықпай бір шақпақ тас, содан соң орақ тістің басын, қара андыздың сабағын алып, кемпіріне берді, кемпір маған берді.

Одан от шығаратын қандай амал бар, оны қырсық шал айтқан жоқ. Мейлі, мынаусына да рақмет. Миы болса, өзі тапсын амалын деген шығар.

Таңертең кеткеннен түс әлетінде үйге әрең жеттім. Түс екенін, әлде кеш екенін ажыратып болмас, арсылдаған ақ мылтық.

Үйге кірсем, Айша қалың киініп, мені іздеуге шыққалы жатыр екен. Сірә, өлді деген болуы керек. Құрмаш пен Батырхан мені өліп қалды ма деген соң, жылап отыр екен.

Айша ұрса ма деп едім, ұрыспады. Қайта үсті-басымды шешіндіріп, үсіп кеткен бетімді сипалап, кеудесіне басты.

Тіпті «от қайда?» – деп сұраған да жоқ.

Сонда мен Сәрсенбай шал берген аппақ шақпақ тасты, болат соққышты, қара андызды алып, шақпақ тасты болаттың қырымен шақ-шақ еткізіп ұрғылап едім, жарқ-жұрқ етіп, шоқ шашырады. Бірақ қара андыз тұтанбады. Қара андыздың тұқылын тасқа тақай түсіп, қысып



ұстап, тағы шағып едім, тамызықтан түтін бұрқ етті. Абайлап үрлеп көріп едім, көздей болып, қып-қызыл от ойнап шыға келді.

Айша, Құрмаш, Батырхан үшеуі бас салып мені құшақтап, айда кеп аймаласын.

Сыртта түнек тұрса да біздің оқшау, жалғыз үйге Алланың ақ нұры жауғандай, үйдің іші, тіпті түкпірдегі ұраға дейін жарқырап кеткендей болды.

Тасты аяғымызбен таптап жүрміз. Таста жан жоқ деседі. Таста тамыр жоқ деп ғайбаттайды. Сандырақ! Таста от бар. От болса жаны бар. Жаным бар деп жүрген адамдардан артық. Өйткені адам кеудесіндегі от мың күн жанып, бір күн өшеді. Ал тастың тамырындағы от мәңгілік. Бірақ ол менмұндалап айқайламайды. Адамдар сияқты мақтанбайды. Таулардың өзі, тіпті қазір бораннан көрінбей тұрған Манас шыңның өзі, бүкіл Тәңіртаудың өзі От перзенті. Жердің ішек-қарны ақтарылып, от болып бұрқылдағанда таулар туған.

Ал мына Сәрсенбай берген асықтай тас – біздің Шақпақ тауымыздың бір қиыршығы. Оны Тәңір біз өлмесін деп жаратқан. Бірақ біз ұмытып кете береміз. Рақметіміз жоқ, тәуба-тауфиғымыз жоқ...

АРҒЫМАҚ МІНГЕН АТАЛАР

Олар маған ертегілер елінен келген алып батырлар, яки Баба Түкті Шашты Әзіздің туысқандары сияқты болып көрінді. Әйтеуір, күнбе-күнгі көріп жүрген көз үйреншік адамдарына ұқсамайды.

* * *

Жаз маусымы аяқталып, колхоз астығын жиып-теріп, Борандының тойымсыз элеваторының өңешіне құйып болған кез. Элеваторға бидай тасудан босаған соң, мені Тасбет қайтадан жылқыға шығарды. Баяғы бурыл тай бұл күнде құнан болып, сұлу мүсінді сәйгүлік тартып келе жатқан. Тасбет қызығып өзі мініп жүрді. Баяғы Бердімбетторы қартайды.



Тасбет бригадирге мен:

– Ақыры, жылқыға жіберсеңіз, өзімнің бурыл тайымды беріңіз, – дедім.

Сөйтіп ем, Тасбет тулап шыға келді:

– Әй, жуәрмек, бурыл сенің әкеңнің кәлгән мәл мә? Мін әнә бәбаңнан кәлгән Бердімбетторыға! – деді.

Бердімбетторы бабамнан қалғаны рас. Колхозға өтіп кеткені болмаса, баяғы бай бабамның көзі. Мейлі дедім.

Жарықтық жылқы баласы да жақсы адамдар сияқты. Адамның адал досы, серігі, қанаты болған соң, оған да Құдай адамның орта жасындай жас берсе ғой. Бірақ пенделердің орта жасымен салыстырғанда Қамбар ата баласы аз жасайды. Дер шағы – бесті шыққаннан бастап, он, ары кетсе он беске дейін. Одан ары қартайып, небір тұлпарлар тұғырынан түсе бастайды. Адамзат – келер, келер жүзге келер десе, жылқы жарықтық, ары кетсе жиырма бес, отыз жасар. Олар некен-саяқ. Онда да қорлық көрмей, қамыт кимей, арда өскендері ғана.

Ал Бердімбетторы не көрмеді? Бір кезде кәдімгідей қадірі бар ат белсенділер міне-міне жауыр да болды, қамыт киіп, қосқа да түсті, Тасбеттің тас тақымы батып талай жыл жүрді. Енді әбден қалжырап біткенде маған бұйырды.

Атта тіл жоқ. Әйтпесе торыдан:

– Неге Бердімбетторы аталдың? Бердімбетті көрдің бе? – деп сұрар едім. Ұлы анамыз Күнікей бәйбішені ше? – деп сұрар едім.

Жылқыны арпаның аңызына жіберіп, өзім торыдан түсіп, ауыздығын алып, оты қалыңдау, ажырық аралас, арпа масағы молдау шөмелеге жетектеп келіп, өзім арпа сабанға жата кетемін. Аспанға қарап жатырмын.

Бердімбетторы маған риза болғандай, қайта-қайта пысқырынып қойып, ажырықпен араластырып, арпаның масағын күртілдетті-ай келіп. Тасбет міниіп жүргенде мұндай еркіндік қайда-а-а. Түсте үйіне шәй ішуге келгенде де қақшиып қаңтарулы тұратын.

Бұл адам баласы қызық. Колхоз дедік, барлық мал-мүлік бәрімізге ортақ дедік. Сонда да тышқаншылап, әркім өз ініне тартқылайды. Бір қалта бидай, бір бау шөп болса да өз үйіне жеткізгенше жан дәрмен. Жеке меншік психология Адам Ата, Хауа Ана мен Абыл, Қабылдан бері қалыптасқан. Сол қалыпта түскен тірлікті большевиктер бір жылда быт-шыт қылып, қызыл қырғын орнатып, колхоз құрды. Мысалы, маған мына колхоздың



жылқысының бәрі бірдей. Әйтеуір, тапсырып, міндет артып қойған соң бағасың. Бақпасаң құрисың.


Бірақ бар жылқының ішінде маған Бердімбетторы ыстық көрінеді. Менің жеке меншігім емес, бұл да колхоздікі. Әйтсе де мұны ерекше ықыласпен мәпелегім келіп тұрады. Беталды міне бермей, ауыздығын алып, арқасын суытып, тартпасын босатып, жемді жерге қоя беремін. Сөйтсем, жеке меншік дегеннен «жеріп» өсіп келе жатқан менің өзімде де, сол қан деген қасиеттен жұққан сарқыт бар.

Арпаны комбайн Нәметқұл көкем әскерге кетпей тұрғанда балалардың шашын тап-тақыр қылып алғандай, сыпырып кеткен. Сонда да там-тұм масағы, әсіресе шөмеледе қалып қойған. Кейде тіпті сабанмен бірге бүнкерден дән де төгіліп қалады. Оны мен топырағымен, топанымен араластырып, дорбама салып аламын. Кім біледі биылғы қыстың қандай боларын? Өткен қыстан өлмей әрең шықтық. Көктемде жуа теріп, борсық сияқты жауқазынның тамырын қазып жеп, Қаратаудан қойшылар алып келген жаужұмырды талғажау етіп, жанымызды сақтадық. Әйтеуір, жаз келіп, пісікке ілініп, жүрегімізді жалғадық. Өткен қыс пен көктемнің сұмдығынан үрей болып қалған басым, жерде дән жатса да теріп алып, дорбама сала беремін. Арпа жарықтықтың масағы күйрек; бидайдай емес, дәні тез төгіліп қалады. Сондықтан, одан масақ теріп жарымайсың.

Сөйте тұра, дорбадағы арпадан уыстап алып, Бердімбетторыға асатамын. Қатқылдау ернімен алақанымды қытықтап, жалап-жұқтап қояды. Бір кезде менің қолымнан жеген жемге тойып қалғандай, оттағанын қойып, ішін тартып, көзін жұмып, тым-тырыс болады. О да мен құсап, баяғы балалық – құлын шағын сағынып, есіне алып тұратын шығар.

Кәрі торы мүлгиді. Жұмулы көзі іріңдегендей, оған шыбындар үймелейді. Бірақ оны торы ат кірпігін жыпылықтатып ұшырған болады.

Арпаның шөмелесіне шалқалай жатып аспанға қараймын. Ала шарбы бұлттар Шығысқа қарай тізбектеліп көшіп барады. Бұлтқа шекара, тосқауыл жоқ. Мүмкін, бұл бұлт сонау Атлант мұхитынан шығып, қансыраған Еуропаның үстінен өтіп, ұлы майданның түтінімен араласып, біздің жерге де жеткен шығар. Майданда бұл бұлтты Нәметқұл көкем, Орха мен Ноха көкелерім, Махан мен Сейсенбай ағаларым көріп: «Бұлттар, елге сәлем айта барыңдар. Барсхан деген бауырымыз бар еді, тірі жүрсе, соған ерекше сәлем айтыңдар. Далада жүрсе, төбесіне тоқтаңдар!» – деді ме екен.



Үміт пен қиял ғой. Әйтпесе, бұлттар менің тұсыма тоқтаған да жоқ, сәлем де айтқан жоқ. Баяу қалқып, керуендей көшіп барады. Ала бұлттың ар жағынан ойдым-ойдым болып, көкшіл аспан көрінді. Айнымайтын сол ғана. Мені көрсе, сол аспан ғана көреді. Шексіз аспан – Шексіз Құдіреттің көзі. Осыншама орасан көз болмаса, Жаратқан Алла жердің бетіндегі қыбыр-жыбыр тіршілікті қалт жібермей қалай қамтиды? Сірә, Жасаған Иемнің оң көзінің бір қиығы маған да түсті-ау деймін.

Өйткені...

Тастақтау жолдың үстінен дүбірлеген ат тұяғы естілді. Басымды көтеріп алып қарасам: серейген-серейген еңселі екі атқа мінген қос жолаушы келе жатыр екен. Орнымнан тұрдым. Балағыма жабысқан арпаның топанын қағып, торы аттың ауыздығын салдым. Жолда келе жатқан еңгезердей екі атқа торы да оқшия қарап, салбыраңқы кәрі құлақтарын тікшитпекші болып еді, құлақтары түскір оған көніңкіремей, сәл-пәл қозғалақтады да, қайтадан солып қалды.

Салтанатты салт аттыларға таяп:

– Ассалаумағалейкум! – деп даусымды шығарыңқырап сәлем бердім.

– Әлейкуме-ассалам, – деді түйеден биік ала айғыр мінген, толықтау кісі, бір көзін қысыңқырап тұрып.

– Аман бол, балам, – деді көзі күлімсіреген қара шал.

Екеуі бір-бірінен аумайды. Тек, біреуі толықтау, біреуі ашаңдау. Сақалдары аппақ. Екеуі де күлімсірейді, күлімсірегенде жүздерінен нұр шашырағандай сүйкімді. Өздерінен де гөрі, мені астарындағы аттары қызықтырып барады. Әскерге кеткен Қара бие сияқты тұрқы ұзын, шоқтығы биік. Сірә, үзеңгісіне менің аяғым жетпес.

Екі жолаушы да көздері күлімсіреп, маған тамашалай қарап қалыпты. «Менің түр-тұрпатыма күліп тұр ма?» деп сезіктеніп, өзімнің үсті-басыма көз салсам: жалаңаяқ екенмін. Онда тұрған не бар? Әлі күн жылы, әне, қарлығаштар ұшып жүр, одан да биікте құрқылтайлар әуені әрі-бері сызғылап, зымырайды. Демек әлі ызғарлы күз бен қыстың ауылы алыста. Тек, көк бомази шалбарымның балағы жырым-жырым. Онда тұрған не бар? Жылқы баққан бала немене, сал-серілерше киінуі керек пе?»

Өзіме өзім осылай дедім де, үлкендерден үйренгенімді білдіріп:

– Жолдарыңыз болсын, – деп қойдым.

– Әлей болсын, жарығым, – деді қартаңдау, арық, қараторысы.

– Әй, осы сен Айшаның баласы емессің бе? – деді бір көзін қысыңқырап, аузы ашылыңқырап, күлімсіреп тұрған толықтауы.



Бүкіл тұла бойымнан әлдебір белгісіз дүлей ұрып өткендей ду-у ете қалды. Әкемді атамай, шешемді айтқаны таңдандырды. Мен сәл күмілжіп:

– Иә, Мұртазаның баласымын, Айша – менің шешем, – дедім.

– Ой, айналайын, – деп толықтауы жардай биік ала аттан аунап түсті. Қорбиып келіп, мені бас салып құшақтап, бетімнен, маңдайымнан ары да сүйді, бері де сүйді. – Қайран, Мұртазаның титімдей тұяғы, – деп, көзінің жасын сүртті.

– А, а, – деп екінші жолаушы да аттан түсіп, менің күс-күстеу қолымды алып, емірене сүйіп, арқамнан қағып, басымнан сипады. – Кішкентай жиеншар.

Кім екендерін жыға танымасам да, енді ішім сезді, бұлар Айша айта беретін Сәли мен Қали нағашыларымыз болды-ау, сірә.

– Сіздер Сәли ата мен Қали ата... – дей беріп едім, толықтауы:

– Ой, айналайын, қайдан танып қойдың? – деп елжіреді.

– Баланың жүрегі сезіп тұр ғой, – деді үлкені де емірене қалып.

– Мынау – Сәли атаң,– деді толықтауы, – мен – Қали атаң боламын.

Мен ес білгелі мені бұлайша аймалап, бұлайша еміреніп сүйген ешкім есімде жоқ. Тек, шанышқылыдағы Әдия әпкем ғана, анда-санда біздің үйге келгенде, қалтасынан жалғыз кәмпит шығарып беріп:


– Кел-ей, Айшаға тартып кеткен жаман неме, – деп, мені бауырына қысып-қысып қоятын. – Мұртаза көкеме тартсаң ғой, аппақ, сұлу болар едің. Е, мұрныңнан айналайын, жалпайып тұрған...

Сонда мен Әдия әпкемнің бетіне қарап қаламын. Әкемнің туған қарындасы ғой. Мүмкін, Мұртазаға ұқсайтын шығар. Мұртазаның түр-түсі есімде сақталмапты. Өзімше Әдияға сақал-мұрт бітіремін. Басынан аппақ күндігін алып тастап, Мұртазаның дөңгелек тері телпегін кигіземін. Шамада әкем осындай: ақсары, қыр мұрынды, жирен сақалды...

Сөйтсем, мен шешеме тартып кеткен екенмін. Мына Қали нағашым мені сол Айшаға ұқсастығымнан шырамытып тұр екен. Өйткені Мұртазаның баласымысың демей, Айшаның баласы емессің бе? – деп сұрады ғой. Қан деген қасиет сездіріп тұрған шығар.

Мынадай қадірменді қонақтар келгенде, қалай шыдап тұрасың? Тез Айшаға хабарлау керек!

– Айша қызылшада, анау талдың ар жағында, –деп Өреке жақты көрсеттім. – Мен шақырып келейін. Бригадир босатса, қазір келеді. Сіздер... Анау өрде тұрған ақ үй – біздің үй. Бара беріңіздер. Мен қазір... – деп, Бердімбетторыға қарғып міндім.



– Үйде біреу бар ма? – деді Қали атам.

– Бар. Құрмаш бар. Батырхан бар, – дедім оларды бір үлкен кісілерге балап. Көңілім тасып, асыра сілтеңкіреп тұрмын. Әйтпесе, жаңа біздің қотыраштау тамымызды «анау... ақ үй» дегенім артықтау. Рас, алыстан ағарып көрінеді. Жанына барсаң, әр жерінің әгі түсіп қалған, қарақотырлау. Баяғыда әлі арнайы мектеп салынбай тұрған кезде, біздің отбасымызды Шоңғардың ескі тамына көшіріп, біздің үйді мектеп етіпті. Сыртын сонда ақтаса керек. Кейін мектепке арнап жай салынғаннан соң, өз үйімізге қайта көшіппіз. Оны мен біле бермеймін. Қалай болғанда да бүкіл Талаптыда қазіргі мектептен кейінгі ақ үй – біздің үй.

Кәрі лақса атты қамшылап келемін. Менің қуанышымды сезгендей, қайран торы да әлінше аянбай-ақ, қосаяқ қақты.

Жанына жақындай бергенде, Айша:

– Не болды-ей? Балалар аман ба? – деп, қызылша тазалап отырған жерінен пышағын қолынан тастамай ұшып тұрды. Жанындағы басқа әйелдер де үрпиісіп қалды.

– Аман, аман...– Ентігіп тұрмын.

– Енді не болды? Өлген әкең тіріліп келді ме?

– Сә... Сәли, Қали ата... аталарым келді.

Айшаның жүзі найзағай шағылысқандай жарқ ете қалды.

Қызылшашы қатындар Айшадан:

– О кім?

– Кімің еді, байғұс-ау? – деп жан-жақтан жамырады.

– Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар. Бізді де іздейтін жан табылғаны ғой. Сәли, Қали – менің нағашыларым, – деді Айша. Мұны айтқанда біртүрлі масаттанып қалды.

Айша селебедей ұзын пышағын қызылшаның жапырағына сүртіп, топырағын тазалап, дорбаға салды, қатындарға:

– Мен кеттім-ей. Тасбет келсе, айтыңдар, алыстан адыр-адыр таулардан, бұдыр-бұдыр белдерден асып, нағашылары іздеп келген деп. Енді Тасбет көп болса, мені көшіріп жіберер. Көшірсе – мейлі, – деді.

Құдай аузына салды ма, кім біледі...

Мен Айшаға:

– Атқа мінесің бе? – деп едім:

– Сенің атыңнан өзім бұрын жетемін, – деп, қызылшаның жиегіне шығып, ирелең жалғызаяқ жолға да түспей, қызыл тікенді, шоңайналы, тастақтау қырқамен тіке тартты.



Бір кезде Айшаның білектей-білектей қос бұрымы тілерсегіне дейін түседі екен. Әлі де ұзын. Екі бұрымды қосақтап, ортасында «сандуғаш сандықтың» кілті байлаулы тұр. Сол кілттің салмағымен Айша адымдаған сайын, бұрымдары теңселіп келеді. Арт жағынан мен оны көріп келемін. Бір мезгіл Айша артына бұрылып:

– Әй, Барсхан, мені тұтқындаған айдауыл құсамай алдыма түс, – деді. – Не қатарласып жүр.

Айша осылай деп айтқалы бері арада қанша жыл өтті – мен біреудің артынан жүре алмаймын. Озып та кеткім келмейді, тек қатарлассам болғаны.

– Жеттім деген жығылады, толдым деген төгіледі, – деуші еді Айша.

Заң-закон, кодекстердің талайын оқып, талайын бастан өткеріп, ұзын жолдың алдамшы гүлі аралас тікенегін кешіп жүріп келемін, жүріп келемін... Бірақ ешбір кодекс менің көкірегіме әлгі Айша айтқан мақалдай қонған емес. «Жеттім-жетілдім» деп жетіскен де жерім жоқ, «болдым-толдым» деп далиған да емеспін. Айшадан да көп бұрын әулие анамыз өзінің күндесінен туған балаға:

– Ағарып алдыма түспе, қарайып артымда қалма, – деген екен.

Кодекстің көкесі – осы.

Айшаның өз нағашыларымен қалай көріскенін несіне айтайын. Бәрібір тап басып, дәл бере алмаймын, тек айтарым: қос нағашы, бір жиен қыз – үшеуі құшақтасып, тіпті бастары түйісіп, көпке дейін ажыраса алмай тұрды. Әлде сағыныш, әлде зар, көкіректегі көп сырлар осылай айтылатын шығар.

Бұлар көріспеген төрт-бес жылдың ішінде не өтіп, не кетпеген. Дүниеден Мұртаза өтті. Айшаның туған анасы, мына Сәли мен Қалидың туған апасы (әпкесі) Құлыхан; Айшаның туған бауыры, Сәли мен Қалидың жиені Рахман қаза болды.

Үшеуі де аһыласып-уһілесіп біраз отырды. Айша маған:

– Әй, Барсхан, құмғанмен су әкел, – деді.

Қолдарына су құйдым. Жас аққан көздерін шайды.

Содан соң Сәли мен Қали кезек-кезек құран оқыды. Бірінен бірі өткен, жүрегінде қатып қалған шеменді жібітіп, елжіретіп жібергендей сиқырлы дұға. «Мен өлгенде, басыма дұға осылай оқылса» деп армандатар сияқты. Осындай әуезді дұғадан кейін, өлгендер тіріліп келер сияқты.

Үйімізге бір емес, екі Қыдыр ата келгендей, берекеміз кірді де қалды. Нағашыларымыздың қоржынында сары мейіз, қара мейіз, кәмпит бар



екен. Бұл Айша көңілденгені сонша: маған, Құрмашқа, Батырханға сол базарлықтан уыстап-уыстап берді. Құдайымыз жарылқады. От басына құт қонды.

Бүйіріне патшалардың суреті салынған самаурынға от қойылды. Айша бұл самаурынды киізге орап, тығып тастап еді. Өзіміз шәйді шәугімге қайнатып ішетінбіз. Бұл жолы Айша сол өзіміз көре бермейтін самаурынды шығарды. Бірақ жүдеу дастарқанның басында, есекке күміс ер салып, зермен жабулағандай жараспай тұрды. Самаурын соншалықты сәнді. Ал дастарқанда пәтір наннан басқа ештеңе жоқ. Тағы да болса, Әулиеатадан келген қоржындағы мейіз бен кәмпит әбүйірімізді жапты.

Қали атам орысша да сауатты білем: самаурынның бүйіріндегі суреттерге сығырая қарап отырып:

– Атаңа нәлет, Николай,

Ішкізіп едің қант пен шәй, – деп мырс етті.

Патшаны мақтау үшін, алдымен нәлеттеп алмаса болмайды екен, заман осындай болған ғой.

Кейін білдім, сары самаурынның айналы бүйірінде едірейісіп тұрған сақал-мұрттылар: Александр патшалар мен Николай патшалар екен. Соңғы патшаны құлатқан – біздің большевиктер екен. Соңғы патшаны қатын, бала-шағасымен қосып қырып тастағандардың бірі Голощекин деген жендет, осыдан он жыл бұрын ғана Қазақстаннан кеткен екен. Соған дейін, сегіз жыл бойы, Қазақстанға патша болып, қазақтарды қойдай қырып, сергелдеңге салған екен.

Сары самаурынның сыры сондай. Оны біз қайдан білейік? Қали атам болмаса, жәй сурет екен деп мән бермейтінбіз. Патшалар әлдеқашан құрыған. Ал біздің үйде бейнелері әлі тұр. Мұны ақикөз белсенділер көрсе, сорымызды сорпа қайнатқандай қылар екен...

Шәйдан кейін меймандар жүрмекші болды. Айша жыламсырап:

– Бұларың қалай? Бас иесі жоқ үй дегендерің бе? Тым құрыса, тышқан мұрнын да қаната алмадым. Қона кетсеңдер болмай ма? – деп ренжіп қалды.

Қали:

– Е, Айшажан, заманында сенің әкең Есей байдың малын үйірімен айдап жедік, Мұртазаның да сый-сияпатын көрдік. Мал соймады екен деп саған кінә қойсақ, бізді аруақтар атар. Мына Жуалы ауданының бастығына келіп едік, біздің ауылда, өзің білесің, мал өрісі тар. Соған мына Тәңіртаудың бір қуысынан жайлау сұрай келдік, шаруа тығыз, – деді. – Аман-есен екеніңді



көрдік. «Орнында бар – оңалар». Мына жаман немелерің де өсер. Заман құрығы тым қылқындырып бара жатса, хабарлас, бір амалын табармыз.

Басқа да көп сөздер айтылды, бәрі есімде жоқ.

Бұл қырық үшінші жылдың қыркүйегі еді.

Олар бізді құшақтап сүйіп, қош айтысып, арғымақ аттарына қонып, аудан орталығына қарай бет алғанда, қаралары үзіліп кеткенше арттарынан қарап тұрдық.

Айша:

– Бізге де Құдайдың оң көзі түскен екен, бізді де іздейтін жанашыр бар екен. Тәуба, тәуба! Құдая шүкір! – деді.

Бізді онша аялап, еркелете бермейтін Айша бұл жолы үш баласын бірдей құшағына сыйдырып жіберді.

Балапандарын құзғын құстан қорғаған мекиендей қорбиып қалды.

КӨКАЛА ҮЙРЕК

Ұйқым келмеді.

Ұйықтайын десем, өзегім талып барады. Өзек деген не? Ішек-қарын түсінікті. Қазір уілдеп, удай ашып жатқан да сол ішек-қарын. Ал адам ағзасында «өзек» деген мүше жоқ. Татар мұғалім әндерін тыңдасаң екі сөзінің бірінде:


Сине уйлап сағынғанда
Узелелер узегем... –

деп қиылады да тұрады.

«Ас – адамның арқауы», – дейді қазақ. Адам ағзасында «арқау» деген мүше жоқ. Рас, өрмекте арқау бар. Ауылдың кемпірлері өрмек тоқығанда талай көргенмін. Арқау болмаса, алаша тоқылмайды.

Ендеше, өзек те сол арқау сияқты ұғым болды ғой. Адамды адам етіп, екі аяғынан тұрғызып, бойын тік көтеріп тұрған сол арқау немесе өзек, яғни – ас.

Қызылшаның құр өзін жей берсең, аузың көбіктеніп кетеді, кенеуі аз. Қызылшаға жылқы семіреді, оның өзінде де сұлымен, жоңышқамен қосып берсең. Құр қызылша жегізе берсең, тышқақ болады.



Кешкі тамаққа Айша бізге қасық басындай бір-бір тілім қызылша беріп еді... енді, міне, түн ортасында – «үзелеләр узегем».

Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Менің өзегімнің үзілгені аштықтан. Ал біздің ауылға әлдеқайдан мұғалім болып келген көкшіл көз, дөңгелек жүз, қараторы қыз «үзіледі өзегім» десе, оның мәні басқа. О, ол басқа мән.

Әскерден Әнуарбек келген. Маңдайының ырысы бес елі екен, қан теңізін кешіп қайтып келді. Менің ағам Нохамен бірге кетіп еді. Ноха жоқ, Әнуарбек бар. «Қырық жыл қырғын болса, ажалды өледі». Ажалы жоқ – елге оралады. Оралды да әлгі татар қызына: «узелеләр узегем» дегізді де қойды.

О, өйтіп үзілген өзектен айналып кетесің ғой. Құрбандығы боласың ғой.

Ал мен бейбақ өзегімнің талып бара жатқаны бір шайнам нанның жоқтығынан. Жүрегім айнып, құсқым келеді. Құсатын түк жоқ, асқазан тақыр. Қаспағы да қалмаған сияқты. Ішімнен жылап ары жаттым, бері жаттым. Айша – ортада, Құрмаш пен Батырхан – екі бүйірінде. Үшеуінде – бір көрпе. Басымды көтеріп қарасам, олар менен гөрі бақыттырақ: ұйықтап қалыпты.

Батырхан арагідік, анда-санда көзін аша алмай, енесінің емшегін іздеген күшіктей қыңсылайды. Бірдеңе деп былдырлайды. Түс көріп жатқан шығар. Аш баланың түсіне не кіруі мүмкін? Жарқ-жұрқ етіп, әлем-жәлем болып, қызыл-жасыл жамылып өте шыққан жаз кіруі мүмкін. Қартаңқұлақ пен жауқазынның тамырын қазып жеп, бүлдірген теріп, қымыздық пен рауат сорсақ та жақсы еді сол жаз. Шытыр аралас балыққөздің дәні қандай тәтті еді..

Көрген түстей болып, алыстан арғымақ мінген аталар келіп, лезде олар да қайтып кетіп еді.

Сол көрініс – алданыш. Көзіме елестеп біраз жаттым. «Қысылсаңдар – хабарласыңдар» деген. Әулие тәкілеттес ақ сақалды аталар алдамайтын шығар. Түр-тұрпатына қарасаң Жерұйықтан шыққандай, келбеттері келісті. Ол елде ашаршылық жоқ сияқты, неге сонда мені мінгестіре кетпеді деп жатырмын.

Терезеден Ай көрінді, ортасынан ауған ғой. Алыстағы Ай арғымақ мінген алыстағы аталар сияқты: жүзі жылы, аяйды, бірақ жылуы жоқ. Құр аяныш – ауқат емес. Соны білген қазақ: «Мың сіз-бізден – бір шыж-быж артық» деген. Шыж-быж еткізіп қуырдақ жер күн қайда!

Әй! Тоқта!

Тәпе-тән ойдан басымды көтеріп алдым. Ұйықтап жатқандарға



қарадым. Оларды Ай әлдилей ме, ұйқылары тыныш. Дыбыс шығармай киініп, есіктің ілгегін сылдырлатпай ашып далаға шықтым. Ауыз тамда жатқан қара сиыр «пыс-с» деді.

Далаға шықсам – аяз. Ақ қоян құлақшынымның тамақ бауын байлап, жүріп бердім. Аяғымның астындағы қар мауыққан мысықтай баж-баж етеді. Осы бажылды естіп, арғы беттегі Салбидің саққұлақ қабаған барағы әуп-әуп етті. Өткен жылы менің алақанымды ырситып, ай таңба салып берген ит қой. Онікі ит өмір. Ал мына қыстың аязды түнінде жападан-жалғыз далбасалап келе жатқан менің өмірім қай өмір?

Аспан ашық. Қуарған Ай. Айнала жымыңдасқан жұлдыздар. Неменесіне жетісіп жымыңдасады? Менің мына оспадарсыз жүрісіме күле ме? Егер аспандағы жұлдыздар жер бетінен көшіп кеткен жандардың рухтары екені рас болса, онда олар мені қайта мүсіркемес пе? Өлген адамдардың жаны жұлдыздарға айналса, олардың ортасында Мұртаза да бар шығар. Сонда онікі қай күліс? Аруақ, Құдай бар деген қайда? Әлде Мұртазаның аруағы әлсіз бе? А, бәлкім, Мұртаза аруаққа айналмаған шығар? Тірі жүрген шығар? «Өлді» деп өкімет әдейі бізді жүдетіп, жүндей түтіп қойған шығар. «Халық жауын» жазалардың бір амалы осы болар? «Халық жауын» сұраққа алғанда өтірікті шын деп мойындату үшін, әуелі сол тұтқынның ең етбауыр жақындарының жанын қинайтын көрінеді ғой.

Сөйткен шығар. Әйтпесе, Мұртаза аруаққа айналып, мына жұлдыздардың арасында тұрған болса, менің мына түрімді көріп, күлудің орнына жылап жібермей ме?


Жылайды ғой, жыламасқа не шара? Мені Тәңірден тілеп алған өзі емес пе еді?

Жұлдыздарға тағы қараймын: сақ-сақ күліп, кейбіреуі шақшиып, от кірпіктерінен шоқ шашырап, жан-жаққа шаншылып тұр.

Жоқ. Мұртаза бұлардың арасында жоқ. Ол да мен сияқты өзегі талып, Сібір тайгасының арасында аң аулап, ашығып жүрген шығар, мына мен сияқты.

Бұл менің аң аулауға шыққан түрім. Түн ішінде, сары аязда. Жұлдыздар жымыңдап, Ай қуарғанда.

Мұңды Мыңбұлақта баяғы Түркі халқының заманындағыдай аң аулайтын ну орман жоқ. Қоңыраулы еліктер де жоқ. Сонда немді ауламақпын?



Жазда суға толып тұратын әуіттің түбінде, енді жылтыраған көлшік қалған. Қазір оған мұз қатқан, бірақ ортасында көздей жері қатпайды. Бәлкім, сол көздей жердің астында қайнар бар болар, өйткені буы шығып жатады. Сол көздей көлшікте үш үйрек жүреді. Жабайы емес. Жабайы үйрек бұл қыста Жуалыда не жесін? Өзін иә адам, иә аяз жеп қоймаса.

Асыранды үш үйрек. Жұбантайдың байлығы. Молдарайым деген қарт жездеміз бар. Осы елге күйеу. Төменгі Қыршындыдан көшіп келген, баяғы ашаршылықта. Яғни, мен туған жылы. Содан осында тұрақтап қалған, бір көзі жұмылып жүретін, еңсегей бойлы, ірі кісі еді, жарықтық.

Жазда колхоздың маясын да салатын сол, қырмандағы қызылды суыратын да сол. Әсіресе мая салғаны – өнер. Мысырдағы перғауын пирамидаларындай түп-түзу. Сонда ол өзі сорлайды, бізді де зорлайды. Өгіз жеккен сатылы арбамен шөп тасып, маяға жеткіземіз ғой. Арбадағы шөпті айырмен шаншып көтеріп, мая үстінде тұрған Молдарайымға ұсынамыз. Ол өз айырымен әлгіні лезде іліп алады. Ал мая биіктей түскен сайын азап. Биікке қолымыз жетпейді, біз тырбанып, өкшемізді көтеріп, шөп ілген айырды көкке көтереміз, жетпейді. Біздің қолымыз жетпеген жерге Молдарайымның өзі еңкейеді. Бір рет (еңкейе беріп) биік маяның жиегінен құлап түсіп, сатылы арбаның доңғалағына соғылып, шекесін жарып алғаны да бар. Сонда да қоймай, қайтадан маяның төбесіне өрмелеп шықты-ау. Ай, айналайын-ай, жаның жаннатта ғана жай тапқан шығар. Бұл опасыз дүниеде бәтуасыз басшылардан азаптан басқа алғыс алып көрмедің ғой.

Міне, осы Молдарайымның Жұбантай дейтін жалғыз ұлы, Қымбат, Сымбат, Бектай, Шамшай дейтін қыздары, Рыскүл дейтін кемпірі бар. Рыскүл – осы елдің қызы. Сонда Жұбантай жиен ғой. Әлдебір кеселден әскерге бармай қалған. Жүріс-тұрысы шырттай. Киім киісі мұнтаздай. Аяғындағы етігі, жата қалып қарасаң, өз жүзіңді көретіндей, айнадай. Соғыс кезінде де осындай сылқым болады екен да. Әйтпесе, басқа жұрт алба-жұлба, көрден шыққандай алқам-салқам.

Осы Жұбантай бұл ауылдың рәсіміне жоқ қылық танытып, үйрек асырады. Әлде Евгеньевкадағы орыстардан көргені ме? Әуіт үйінің жанында. Жаздай су бар, Құдайға шүкір. Ал қыста... қыста үйректі далада бекер қалдырған. Жұбантайдың үйректері далада қалмаса, мен мына қарғыс атқан аязды түнде сыртқа шықпас едім, ниетім де бұзылмас еді. Жаманшылыққа жуымас па едім, кім біледі? Бірақ бір білгіш: «Дүниедегі ең қорқынышты төңкеріс – қарын төңкеріс» деген



екен. Қарның құрылдап, ішегің шұрылдап тұрса, көрер едім әуселеңді...

Сайға түсіп, көлшікке жақындасам, тоқымдай ғана ойықта үш үйрек бір-біріне тығылып, мойындарын қайырып, қанаттарының астына тығып, ұйықтап отыр екен. Аспандағы аз болғандай, жұлдыздар сұп-суық судан да жымыңдасты. Күлсең күле бер, азар болса кейін, мен өлгеннен кейін жаныңнан орын бермей қоярсың!

Қардың сықырынан үйректер оянып кетіп, қозғалақтап, қыр-р, қыр-р етті. Құстың тілін білмеймін, дегенмен жақсы сөз емес. Оны сезем. Тағы да болса үркіп, барқ-барқ еткен жоқ. Барқылдап байбалам салса, кім біледі, Жұбантай естіп қояр ма еді?

Енді оларға таяп бару қиын болды. Алыстан тұрып қол созып едім, қолым жетпеді. Ұстап алу қиын, өйткені үйректер ойықтан секіріп шыға алмайды, мына түнде шыққысы да келмейді.

Қайтер екен деп, тағы да сырғанап, мысықтабандап жақындай бергенімде, жұқалтаң мұз шыны сынғандай шыр етті де, судың ішіне күмп ете түстім. Үйректер енді шыннан үркіп, қанаттарын қағып, көлшікті сабалап, бетіме су шашыратты.

Болары – болды, бояуы сіңді. Ішіндегі ірілеуін бас салып ұстап, тырмысып жатып жағаға шықтым. Абырой болғанда, құс баласы бажылдамады.

Су-су болып, үйге қарай қарды қаршылдатып, зытып келем. Есіктің алдына жете бергенімде, алдымнан аруақтай ербиіп біреу шықты. Айша екен. Жүрегім зу-у-у ете қалды.

– А, жақсыдан жаман туған құлбарақ! Тура қазір жаныңның барында апарып таста! Кешегі ер Мұртазаның баласы жаман Жұбантайдың үйрегін ұрлапты, ұры деген атқа қаласың, сорлы!


– Иә, былтыр дәл осындай қыста өзің бастап, маядан маған шөп ұрлатқан өзің емес пе едің?

– Ол – колхоздың шөбі, ақымақ! Мынау – кісінікі. Обал болады.

Айшамен айтысып оңбайсың. Қайтадан апарып тастадым, үйіріне қосылған көкала үйрек қыр-қыр етіп, қуанып қалды.

Айша қайтып ұрысқан жоқ. Су-су киімімді шешіндіріп, тісім тісіме сақылдап соғылып, тұла бойым жидек қаққандай дір-дір етіп, қалшылдаған мені төсегіме жатқызып, көрпемді қымтап, үстіме тағы да өз шинелін жауып қойды. Мені әлдилегендей:

Қоңыр қаз, үйрек
Қанатын сүйреп.



Ұшады Биліколден
Түйдек-түйдек а-а-ай, –

деп ыңылдап, басымнан сипады.

Бойым жылып, балбырап ұйықтап кетіппін. Түсімде Билікөлді көрдім. Айшаның төркін жағы ғой. Жадыраған жаз екен-ау деймін. Көл бетінде, нар қамыстың ар жағында үйрек пен қаз жыртылып-айырылады. Қолымда қаршығам бар. Ақбоз атым астымда... қарын ашты деген ойыма кіріп шықпайды. Жайдармен дүние. Мұндай дүниені қайтып қиясың...

Шын жұмақ – Билікөлде.

АЙЛЫ ТҮН, АРЫҚТА СУ САП ТЫЙЫЛДЫ

Май тоңғысыз жылы түн. Таудан салқын самал алып келетін Ақсайдың аңқылдақ желі де тыныстаған. Дүн-дүние мүлгі қалғаны соншалық – құрғақ топырақтың суды қалай сіміріп жатқанына дейін естіледі. Сіміріп емес, сүйісіп жатқан секілді. Шөп-шөп ете қалады, шолп-шолп ете қалады.

Су мен жердің сүйіскенінен ләззат тауып, мас болған зауза қоңыз оқтай атылып, маңдайыңа тарс етіп тиеді де, өзі сеспей құлайды. Есеңгіреп біраз жатып, қайтадан ұшып кетеді.

Аспаннан біреу жерге қалбаң еткізіп, бір жаман тұмақты лақтырып жібергендей болады. Мен қорқып қаламын.

Айша:

– Қорықпа. Тышқан аулап жүрген үкі ғой, – дейді.

Түн ішінде, інінде ұйықтап жатпай, тышқанға не жоқ. Қараңғыда титімдей тышқанды аспанда жүріп, үкі қалай көреді?

Түн дегенмен, жұрт ұйқыда дегенмен, түннің де тіршілігі тынымсыз сияқты.

Міне, біз де тынбай тары суарып жүрміз. Айша екеуіміз.

Биыл колхоз бастық, сельсовет жиналыс ашып, әр сайдың басында отырған ауыл үйлерін бір жерге жиып, көшеге қоныстандырмақ болған. Әрбір үйге жер тіліп берген. Бізге жер көшенің ең аяғынан тиді. Жері тастақ екен. Соқамен өрен жырттық. Тары салдық.



Тарының тұқымын әрең таптық. Бір тостаған тарыны Жолболды деген атамыз берді. Жаны жаннатта болсын. Түбіміз соноу арғы атадан қосылады.

Тұқымды тауып келген – мен. Кәрі кісілер мені көрсе, Мұртаза есіне түсетін болар. Ал олар кезінде Мұртазадан көп жақсылық көрген адамдар. Сондықтан мен тұқым сұрай барғанда, алақаныма тас салған жоқ, ас салды. Тас салғандарды да талай көрдім.

Тұқымды жерге сепкен – Айша. Қос тостаған тарыны талай жерге жеткізді. Шымшық жеп кетпесін деп, жерді қолмен тырмалап тастадық. Жерде дымқыл барда қоскұлақтанып, жап-жасыл зүміреттей болып жайнап шықты. Жас сәби шағында бәрі сүйкімді.

– Құдай қаласа, екі тостаған тұқымнан екі батпан тары аламыз, – деді Айша.

Артынша күн ысып кетті, әлгі балапан тары тез шөлдеді. Суарайын десек, су кезегі тимеді. «Тентек» деп аталған көшенің ең аяғындамыз. Бастағылар су ішіп болғанша, тарымыз қурап, ұшып кететін түрі бар. Жайнап тұрған жасыл тары құлағы бүрісіп, өлімсіреп солды да қалды. Енді сәл кешіксе – бітті: еңбегіміз еш, тұзымыз сор.

Айша, әйтеуір, мұрапқа әке-көке деп жалынып жүріп, түнгі судың кезегін сұрап алды. Оның өзі түн ортасынан ауа келді.

Бұл баяғы Таласбай бұлақтың суы. Әуіт салып, тоған салып, бұлақтың суын жиып, «көлшіктеп», содан қасықтап қана бөліп алатын қасқалдақтың қаны бұл.

Көшенің басынан түскен су аяғына жеткенше, яғни біздің тақтаға жеткенше қай заман?! Өйткені арықтың өзі шөлдеп қалған. Әуелі арық қанып болмай, егінге су жоқ. Содан сол көз жасындай мөлдіреп, Ай сәулесімен арқасына алтын-күміс жалатқан жыландай жылжып су да келді.


Құлақты байлап, тарыға бұруымыз мұң екен, бірін-бірі үздіге-үздіге сағынысқан Жер мен Су аймаласып, топырақ толқып, жер балқып кеткендей болды.

О, Жаратқан Құдірет! Біз, білімсіз бейбақтар, «жансыз» деп жүрген Жер мен Суды қалай ғана бір-біріне ынтық қылғансың?! Жер жарықтық балбырап, ыңыранып жатты. Су жарықтық, әлдебір ғажайып ән салды. Алдымызда өткен асыл данышпан:

Су – атасы,

Жер – анасы,

Нан – баласы, – деп тегін айтпаған.



Атасы мен Анасы табысты. Енді Нан болады, енді аштан өлмейміз. Енді тентіремейміз. Байытпасаң – байытпа, тілентпеші, Жаратқан!

Айша осылай деп күбірледі. Мен ішімнен қайталадым. Рас болса, Құдай сыбырлағанды да естиді дейді.

Кенет арықтағы су сап тыйылды.

Жер мен Су сыбырласып, сықылықтасқанын қоя қойды.

Мұны көрген түнгі әнші шекшек мұңлы шырылына басты. Шекшек бұл емес, әрине. Бірақ дәл қазір Жер мен Судың айырылысқан қасіретін көріп жырлаған жыры жүректі сыздатқандай еді.

– Біреу суды жолдан байлап алды, – деді Айша көшенің бас жағына қаһарлана қарап. – Қараң қалғыр, қайсың болсаң да мына кетпенмен қабақтай басыңды қақ жарамын!

Осыны айтып, Айша балағын түріп, кетпенді иығына салып, арықты бойлап кете барды. Артына бұрылып:

– Барсхан, ұйықтап қалма, су келсе, құлақты бұзып кетпесін, – деді.

Жалғыз қалдым. Жаңа көше. Жақын жерде үй де жоқ. Үй салып алғандар, тек көшенің бас жағында. Шама-шарқы келген үш-төртеу ғана, қалғандары киіз үй тігіп, күрке құрып, жертөле қазып алғандар. Жаңа көшені соғыс бітіп, азаматтар аман-есен оралғанда салмай ма екен?! Шал мен кемпір, бала-шаға қайдан үй сала алады? «Тентек көше» атанғаны содан ғой. Демек бұны зорлап бастаған бастықтар тентек қой.

Осыны ойлап, арықтың құрғақ жеріне түсіп, жантайып жатырмын. Шекшек шырылы тынбайды. Алыста, жоғары жақта иттер абалады.

Сірә, Айшаға абалаған сияқты. Айша суды жығып әкеледі. Сонда Жер мен Су қайта қауышып, мәңгі-мәңгі махаббат жырын жырлайды. Оған шекшек қосылады.

Осыны ойлап жатып, ұйықтап кетіппін.

Жағасы жайқалған ну орман, шалқар өзенге түсіп, жүзіп бара жатырмын. Неге екенін білмеймін, киімімді шешпеппін. Орманда құйрықтары салақұлаш, қанаттары қызыл-жасыл неше түрлі құстар ұшып, мені қоршап алып, мен бұрын естімеген әсем әнді құйқылжытады.

Өзен бірте-бірте кеңейіп, теңізге айналып бара жатады. Теңіз кешіп қайда барамын? Беймәлім, бұлдыр дүние. Жағадан әлдекім қол бұлғап, айқайлайды. «Кетпе, кетпе, қайт!» – дейді.

Айша мені сілкілеп-сілкілеп, әрең оятса керек. Есім кіріп, енді байқадым: үсті-басым су-су. Айша жыққан су екпіндеп келіп, құлақты



бұзып кетіп, менің үстімнен лықсып асып кеткен екен. Енді болмаса, тұншығып қалғандай екенмін.

Айша сонда Айға қарап:

– О, Тәңірі, бұл Барсханды ақыры жетім қыларың бар, неге пысық қып жаратпадың?! Мына түрімен бір күні не суға батып, не отқа түсіп өледі ғой, Құдай-ау. Неге сонша болбыр жараттың бұл жетімді?! – деп аңырады.

– Неге? – дедім мен де Айға телміріп, дүниеге неге бұлай жаратылғаныма өзім де таңғалып, қолымды жайып.

ШАЛДАР ЫСҚЫРАДЫ

Адамдар «әділет», «әділ» деген сөзді көп айтады. Көп баланың атын Әділ, Әділет деп қояды. Дұры-ы-ы-с.

Талай пайғамбар әділеттік үшін күресті. Тіпті Иса пайғамбар сол турашылдық жолында құрбан болды.


Бірақ тарихқа бағамдап қара-а-ап тұрсаң, патшалар, тирандар жеңеді, пайғамбарлар жеңіледі.

Сонда... сонда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, кімдікі қиянат, кімдікі шындық дегенді түйткілсіз таразыға тартып, ақиқат адал кесім айтатын ең ұлы сот қайда?

Қалың халықты бастап келе жатқан Пайғамбар әлдеқалай сүрініп кетсе, артындағы қалың қауым қоғадай жапырылып құлайды екен. Егер Пайғамбардың өзі сүрінер болса, қара халыққа не дауа? «Түйені жел шайқаса, ешкіні көктен ізде» демеуші ме еді.

* * *

Шаң-шұң шатақ шығатындай күн емес еді. Күннің түк кінәсі жоқ. Шаңқай түске жақын қалған. Рас, күн ыси бастаған. Дегенмен ми қайнататындай емес. Біздің Мыңбұлақта ми қайнататын күн сирек. Күн қанша құдіретті, қанша әлуетті болса да біздің Тәңіртаудың ақ басын сыйлайды. Шындаса тауды да балқытып жіберер еді, бірақ Тәңіртаудың ақ басын сыйлайды.



Сөйтсе де, менің басым Тәңіртаудың ақ басы емес. Шақшадай ғана, шамалы бас. Айналайын деді. Өзің, өзің мінген арық атың айнала берсе, айнала берсе, бас айнымай қайтеді. Бір емес, екі емес, жүз рет, мың рет, бас айналайын дегенде ұмытып қаласың а, бәлкім, миллион рет, миллиард, триллион, биллион рет... дециллион...

Кашан Молдарайым немесе Әліқұл шал айырымен бидайды арыбері аударып көріп:

– Болды, – дегенге шейін.

Мұндайда, айналма жұмысты, айталық Мысырда, дәл өзі емес, Мысырдың жанындағы феллахтарда, яғни дизандардың ауылында құдықтан су тартатын шығырды айналдыру үшін жалғыз өркеш түйенің, яғни нардың көзін таңып тастайды екен. Басы айналып, миы шайқалып кетпес үшін.

Ал менің көзімді ешкім байламайды, арық аттың да көзін ешкім таңып тастамайды.

Бір қызығы – феллахтың түйесінде жәрбиіп мен сияқты бала отырмайды. Ешкім де отырмайды. Түйе өзінен-өзі айнала береді. Көзін қара шүберекпен таңып қояды. Дүн-дүниені жақтырмай паңданып, басын аспанға кегжитіп, айнала береді.

Сонда ол біздің аттардан ақылды ма? Өзінен-өзі айнала береді.

Не бұл амалды біз білмейміз. Не біздің басымыз Мысыр түбіндегі феллахтың жалғыз өркеш түйесінің басынан да мықты.

Рас, Мысырда күн Мыңбұлақтағыдан екі есе ыстық. Сонда да қырмандағы адамдар: қатындар, шалдар, балалар, қыздар сабан маяның көлеңкесінде отырады. Қарап отырмай кей қатындар:

Жуалы – малдың жайлауы,
Өмірдің барма-ау байлауы-а-ай, –

деп әндетеді.

Сабан маяның көлеңкесі менің басыма түспейді. Нақ төбемдегі орайымды алақанымммен басып көремін. Әлі жұмыртқа пісіруге жарамайды, бірақ алақанымды ысытады. Демек «өмірдің байлауы» жоқ, – деймін арық аттың үстінде бір жамбастап отырып. Түзу отыра берсең, құйрығың ойылып қалады. Өзі де ойылып қалған. Әуелі күлдіреп, жалқықтанып, артынан қабыршықтанады. Сонда бір қышиды-ау дейсің. Аттың үстінде кәдімгі кісідей боп отырып, көтіңді көтеріп, артыңды қасылай берген де ыңғайсыз. Қанша дегенмен,



қырман басында ел бар, қыздар бар... Шұбар мұғалім апайдың тәмпіш мұрын, алма бет, тәлпіш қызы да осында жүр. Амалын тауып, мая салған болып, маяның үстіне шығып алып, бір келіншекке қутың-қутың етіп, шиқ-шиқ күліп қойып Жолдасбек те жүр.

Сондықтан аттың ерсіз қырқа арқасында ұдайы түзу отыру мүмкін емес. Бір жамбасыңнан бір жамбасыңа кезек-кезек ауысып отырасың. Бәрібір құйрығың қотыр-қотыр, қышиды, құрығыр. Қасиын десең – ұят...

Мұндайда ұялмайтын бір-ақ адам бар. Ол – Тасбет. Әлгі маяның түбіне барып о да жантаяды. Үлкен бар, кіші бар, келін-кепшік, балашаға бар демейді. Мұқтаждық қысқанда тарқ еткізіп жел жібере салады. Жантайып жатып, бір аяғын көтеріп, тарқ еткізеді. Шалдар жағы тыжырынады. Үндемейді. Қыз-келіншектер кенет бомба жарылғандай: «Ойбай!» – деп, тым-тырақай тұра қашады. Жеңгелері, қатар құрбылары күледі.

Ал Айша тілін тістеп қарап отырмай:

– Ақыры мылтық атқыш мергенсің, осы өкімет сені әскерге неге алмайды? Жауды жайратып салар едің, – дейді.

Қатындар қарқылдап күледі. Тасбет міз бақпайды. Басы сол иығына жабысып жата береді. Бірақ осыдан соң ол Айшаны қайдан жақтырсын?!

Былтыр дәл осы қырманның басында Тасбет мас болып келіп, әлденені сылтау етіп, үйге артын үйкеген қотыр түйедей тиісіп, тыныш жүрген Айшаны ал да кеп боқтаған. Қамшы сілтеген. «Халық жауының қатыны», «Кулактың қатыны» – тағы-тағы, сондай-сондай, жын-құсығын аямай төксе керек.


Айша ары шыдайды, бері шыдайды. Анау қоймайды.

– Қойсаңшы-ей, бар болғыр, – деп, ақсақалдар айтса да көнбейді. Құмырадай басы сол иығына жабысып алып, (әскерге алмайтын себебі сол), екілене түседі. Мас қой. Оның үстіне бұрыннан қыжылы бар. Түсінік солай: «халық жауы». Асқазан қыжылдай берсе, запыранға айналмай ма? Демек соны төгу керек.

Ақыры қоймаған соң, Айша Тасбетті аттың үстінен бір-ақ жұлып түсірген екен. Жағасынан алып.

Жұрт шу етіп, әрең ажыратып, Тасбеттің талқаны шығайын деп жатқан жерінен арашалап алыпты.

«Сотқа беремін» деп одыраңдаған екен. Мастығы тараған соң ақылы кіріп, өз кінәсін сезіп, әрі қырман басындағы куәлардан сескеніп, арыз жазбапты.



Бірақ запыран аши түспесе, кемімеген. Аңысын аңдып жүрген. Соның оңтайы енді келген. Айшаның әлгі сөзінен кейін, әйелдердің мазақ күлкісінен кейін:

– Мен сәғән көрсетейін әскерге кәләй алғанді! – деп орнынан тұрған. Әлі талтүстің аптабы қайтпаса да:

– Қәне, түр, түге! Кәрә бұләрді, жәтісін! – деп, қоқиланып шыға келген.

Сол қырық төртінші жылы Мыңбұлақтың егіні жайқалып жақсы шықты. Бидай оратын лобогрейка үлгермей жатыр. Орылғанын сатылы арбалар қырманға тасып сабылады. Орылған бидайды біз таспен бастырамыз. Біз дегенім: мен және Сүлеймен. Мені әлі буыны бекімеген деп, Сүлейменді де жас деп, әрі дімкәс деп «жеңіл» жұмысқа жеккен. «Жеңіл» жұмыстың түрі жаңағы: бас айналу.

Мұның мәнісі: қырман болатын теп-тегіс жердің әуелі шөбін кетпенмен қырқып алады. Баланың басындағы шашты ұстарамен қырып алғандай. Содан соң ол жерге су жібереді. Суарып болған соң, сәл дегдітіп, таспен таптайды. Қырман теп-тегіс, тақтайдай қатты болады. Соған орылған бидайды жайып тастаған соң, қырлы тасты дүңкілдетіп, ат жегіп айнала береміз, айнала береміз.

Бидай қалың жатқанда, қырлы тастың дыбысы онша білінбейді. Бара-бара бидай дүрдиіп жатқанын қойып, тапталады. Сонда барып, қырлы тас жырын жырлайды. Дүңкілдей бастайды. Дүңк, дүңк, дүңк...

«Дүңк-дүңкті» мың рет, миллион, ал бәлкім, миллиард, триллион, биллион, бәлкім децилллион рет естисің. Молдарайым немесе Әлікүл: «Болды» дегенге дейін. Басың бас емес, киіз доп сияқты болып қалады. Аттан аунап түсесің. Топанның үстіне топ ете түсесің. Сабан иісі аңқиды. Қолыңменен аршып көрсең – ар жағынан қызыл маржан көрінеді. Көзің қызығады. Уыстап алып, алақаныңа салып, топанын үрлеп-үрлеп, аузыңа салып шайнасаң, шикі қамырдың дәмі білінеді. Шикі қамыр тісіңе жабысып қалады.

Қызыл маржанды енді Молдарайым мен Әлікүл ағаш тырмамен тырмалап, сабанынан ажыратып, қалақтай ағаш күрекпен суыра бастайды. Әрине, жел болса. Жел болмаса, кәдімгідей ысқырады. Сақалдары сапсиған қарт адамдардың ысқырғаны қызық, әрі ерсі. Бала болса бірсәрі. Шалдар ысқырады.

Әсіресе Молдарайым ысқырғыш. Әлікүл ысқырайын десе, ерні қақ-қақ жарылып кеткен. Қан шығып тұрады. Оған иманжапырақ жапсырып



қояды. О да ысқырады, бірақ көже үрлегендей бір нәрсе. Өзі сары кісі, жарықтық. Күнге күйгенде қызарып кетеді. Молдарайым оның жездесі. Рыскүл апамыз Әліқұлдың әпкесі. Інісі Нұралы майданда. Молдарайым ысқырады. Кейде, үйде абайламай ысқырып қалсам, Айша:

– Ысқырма, жел тұрады, – деуші еді. Сол рас болды.

Құданың құдіреті, жел тұрады. Ысқырса жетіп келетін үйреншікті ереуіл аттары сияқты. Әлгі ысқырық желдің өзін жетектеп жеткендей. О, тоба!

Содан, шалдарың топанды аспанға, күннің көзіне қарай күрекпен лақтырады. Қылпығы, топаны желмен ұшып кетіп, қызыл маржан жерге суылдап қайта түседі. Аспаннан жауған қызыл маржанға алақанымды тосып тұрамын. Шалдар қой демейді. «Қой, былай тұр» демейді. Ұрыспайды. Азабым үшін алған сыйлығым сол. Аспаннан жауған қызыл маржан алақанымды қытықтайды. Бір уысын жыртық шалбарымның қалтасына салып алып, бір-бір дәннен аузыма салып шайнап жүремін. Шикі, бірақ бәрібір тәтті.

Бұл кезде Жолдасбек маяға сабан жиған болып, әлгі бір әдемі келіншекпен сықылықтасып, бірін-бірі итерісіп, маядан домалап құлап түскен болып, абайсызда құшақтасып қалады. Әшейін, абайсызда.

Мен басым айналғаны әлі айықпай, олардың ойынына бейжай қарап, аңқиып аузымды ашып тұрамын. Аузым қамыр сасиды. Шикі бидай шайнадым ғой.

Әлгі келіншек маған:

– Кел-ей бері, состиып тұра бермей. Мына бәледен құтқаршы мені, – деп, Жолдасбекті итерген болып, мені шақырады.

Бармаймын. Аузым қамыр сасиды. Ыңғайсыз.

Жолдасбек менен екі-үш жас үлкен. Сонда да менімен бір класта оқиды. Оқуы орташа. Мен – ударник. Бірақ мектептегі оқу мен өмірдегі оқу – екеуі екі басқа. Пысығын көрмейсің бе кәпірдің, тызылдап тұр.

Мен теріс айналып кетіп қалдым. Артымнан шық-шық күлкі естілді. Қайырылмадым. Мүмкін, маған күлген шығар.

Қарамадым.

Сүлеймен маяның көлеңкесіне көсіле түсіп жатып қалыпты. Тық-тық жөтеледі. Жолдасбек сияқты күліп-ойнауға оның да зауқы жоқ. Ол енді менімен түйдей жасты. Тық-тық жөтеледі. Бөтен жөтел. Тық-тық, тық-тық. Санаса ғой. Миллион, а, бәлкім, миллиард, триллион, биллион, а, бәлкім, дециллион... Оған «болды» деп айтатын ешкім жоқ. Оны айтатын – Құдай ғана.



Маяның түбіне тығып қойған дорбамды алып қасына барамын. Ағаш тостағанмен шалап ұсынамын. Сүлеймен басын тез көтеріп, маяға арқасын сүйеп отырып, шалаптан ұрттайды. Сімірмейді. Сімірсе, шашалып қалады. «Тық-тық» келіп қалуы мүмкін. Жөтелсе, шашалып қалады. Сақ. Өте сақ. Тез ұрттайды. Тез жұтады.

Отыз екінші жылы туғандар – тозақ отынан шыққандар емес пе?! Ендеше, Құдай оларға жеңілдік жасаса қайтеді. Сүлейменге кесел жапсырмай-ақ қойса қайтеді. Жабысып қалған кесел. Арылмайды. Арылар ма еді, күтім жоқ. Әкесі керең Әбіш шал. Шешесі де сырқатшыл кемпір. Шал әкесі тәуіп. Басқа балалар тұмауратып қалса, жазады. Шөп қайнатып береді, үшкіреді, әйтеуір, жазады. Ал өз баласын, өз туған баласын жаза алмайды, ем қонбайды.

Шіркін, қымыз болса. Қымыздан жазылар еді. Айша айтады. Айша ғана емес, татар мұғалима да айтты ғой. Әдебиеттен сабақ беретін Ғалия ше. Сол айтады: «Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың өзі туберкулезден қымыз ішіп емделген», – дейді. Қымыз үшін сонау Туладан Башқұртстанға, біздің ауылға келген дейді. Ғалия апай айтады. Ауылы Башқұртстанда болды ғой. Әрине, туған ауылы. Мыңбұлаққа қалай келген? Құдай да шебер ғой. Әнуарбекке қоспақшы ғой. Әскерден Әнуарбек келді, Ноха келмеді. Екеуі бірге кетіп еді...

Мына менің қасымда көк шалап жұтып отырған Сүлейменнің ағасы Қайып та әскерге кеткен. Келген жоқ, тым болмаса Қайып келсе, Сүлейменді қалаға апарып емдетер еді. Ауылда емші жоқ. Оның үстіне Тасбет жұмысқа салады. Сүлеймен:

– Кеселмін, бармаймын, – десе болар еді, бірақ айтпайды.

– Үйде жата бергенше, адамдардың арасында жүргенім жақсы, – дейді. Оған не дерсің? Доска тиген оқ – қойнына түскен шоқ. Сүлеймен тық-тық жөтелсе, менің де жаным шықылдағандай болады. «Ойда сиыр мөңіресе, тауда арқардың мүйізі сырқырайды» деген рас қой, шіркін.

Қанша абайлап ішем десе де көк шалапқа Сүлеймен шашалып қалды. Жөтел қысты. Екі қолымен екі өкпесін басып тұрып, еңкейіп-еңкейіп, екі көзін жұмып алып, қиналып-қиналып жөтелді. Қан жақсы. Көрінбей тұрғанда жақсы. Қан көрінсе жа-а-а-ман.

Түйіршік түскен соң «уһ» деп дем алды. Еңсесін көтерді. Маяға шалқалай жатты. Маңдайынан шып-шып тер шықты. Мөлдір моншақ сияқты.

Бөз көйлегімнің жеңімен маңдайын сүрттім. Орамалмен сүртер едім, орамал жоқ қой. Мұғалима апайдың қызы, тәмпіш мұрын тәлпіш



қызы өзінің кішкентай, бір жапырақ, қызғылтым, кестелі орамалымен, сон-о-оу бір күні менің бетімді сүрткені сияқты сүртер едім, орамалым жоқ. Жеңіммен сүрттім.

Ойымнан қымыз кетпей қойды. Бірер жұтым қымыз болса, Сүлейменнің жөтелі тыйылар еді. Дзоттың алқымына гранат тығылар еді. Татар мұғалима Ғалия айтады ғой: фашистердің дзотына Сұлтан Баймағамбетов деген батыр гранат лақтырып, кеудесін тосып, үнін өшірген деп. Жөтелдің үні – фашистердің пулеметі. Оның үнін өшіретін – бір жұтым қымыз – гранат.

Ойыма сап ете түсті: Жуанқұлдың үйінде қымыз бар! Колхоздың екі-үш биесін Тазагүл апамыз сауады. Қымыз ашытады. Бірақ бір тамшысын қалдырмай, Жуанқұлдың қатыны қотарып алып кетеді. Оны жұрттың бәрі біледі, білсе де үндемейді. Колхоздың қымызы – колхозшыларға ортақ қой. Солай емес пе? Бірақ басқалар татып алмайды. Жуанқұлдың үйі ішеді.

Мейлі, ішсе іше берсін. Басқамыз дәметпейміз. Мына Сүлейменге ғана, басқамыз емес, маған да емес, мына Сүлейменге ғана, бірер жұтым берсе, Жуанқұлды жер жұтып кетпейді ғой.

Басы айналса да, тұяғы тарамысына ілініп титықтаса да, аттар қу құлқынды ұмытпайды. Өзімдікін, шәлтиген шабдардың ауыздығын салып, қолыма дүңгіршегімді алып, үстіне қарғып міндім. Шабдар: «Мұнысы несі, тыныс қайда?» дегендей кіржің етті. «Нешауа, қарның әлі қампияр, ренжіме, Шабдар», – дедім де, ешкімге, еш нәрсе демей, анадайдағы ауылға жөнеп бердім. Мені аңдып отырғандай, артымнан қисық Тасбет:

– Әй, әй, кәйда? Кәйт, кәйт! – деді.

Қарамадым. Салып ұрып, Жуанқұлдың үйіне келдім. Есектей дәу, ала маңтөбет маңқ-маңқ етіп үріп еді, үйден Жуанқұлдың қатыны шықты. Сықпытына қарасаң, иті де тоқ, қатыны да қарынды.

– Не боп қалды? – деді сарықарын бәйбіше. Менің бұл келісім тосын. Өйткені бұл үйге жылында бір аса мәжбүрлік болмаса жоламаймын. Былтыр Батырхан ауырғанда тәуіп айтты: жылқының іш майымен ішін сылау керек деп. Жылқының іш майы қайда?! О жарықтық та жоқты айтады. Бар болса, Жуанқұлдың үйіндегі жеңешемде болар деген далбаса үміт қой, баяғы. Жуанқұл сонда «әйда, кет, атаңа нәлет!» – деп қуып шыққан.

Қазір Жуанқұл жұмыста шығар, ауданға кеткен шығар, жеңешем «жоқ» деп айтпас деген дәмемен келдім ғой. Жеңешеме: осылай да



осылай, Әбіш шалдың Сүлеймені қан құсты, бір тостаған қымыз керек деп едім, обалы не, Тәңір жарылқағыр жеңешем:

– Қазір, – деп дүңгіршегімді алып, найқала басып үйіне кіріп кетті.

Қуанып қалдым. Бұрын бұларды жек көргенім бекер екен-ау дедім. Бұларда да мейірім бар екен-ау дедім. «Қырық жыл қырғын болса да қиыспайды туысқан» деген рас екен-ау дедім. Со кезде әупілдек ала маңтөбетке де: «күшкә, күшкә» деп қойып едім, о да жуан құйрығын бұлғаң-бұлғаң еткізді. Итіне дейін жақсы көріп тұрмын. Енді Сүлейменге Мекеден зәмзәм суын алып баратын болдым-ау деп ішімнен мақтанып, масаттанып тұрмын. Мұнымды көріп, Тасбет те жібитін шығар, боқтамайтын шығар деп қоямын.

Қымыз шайқалып төгіліп қалмасын деп, дүңгіршегімді оң қолыммен жоғары көтеріп, бастықтың үйінен былай шыға бергенімде, аудан жақтан көк айғырды алқындырып Жуанқұл шыға келді. Ауылға қарай атпен шаппайды деуші еді, жаман болады, жаман хабар әкелгенде немесе біреу қаза болса, соның үйіне ғана қарай «ой, бауырымдап» шабады деуші еді... Мынау шауып келді. Аттың үстінде арлы-берлі аунақшиды, бірақ құламайды. «Мас» дедім ішімнен. Көрінбей кетіп қалайын деп, көрмеген, байқамаған болып, атымды тебініп жүре беріп едім, қырсық шалмай тұра ма:

– Әй, әкеңнің аузы... тоқта! – деді. Дәл бір мен оның қатынының қойнынан шыққандай.

– Тоқта, контра! – деді ышқынып.

Тас төбемнен біреу қос қолдап соққандай, есеңгіреп тоқтадым. Адуындап, жаман атымды жапыра жаздап жақындағанда, жамандық көрмегір, Көк айғырдың езуін жырып жібере жаздап, тізгін тартты.

– Қолыңдағы немене?

– Қы-қы...қы-мы-ыз. – Қорыққаннан тұтықпа болып қалдым.

– Кім берді?

– Жеңешем берді.

– Oh, жеңешеңді!.. – Дойыр қамшымен дүңгіршекті періп жіберіп еді, дүңгіршек қолымнан шығып кетіп, қаңқ етіп ұшып түсті. Дүниедегі ең асыл нәр, ең асыл ақ ақтарылды да қалды. Обалы кімге? Ақты төкпейді деуші еді. Ақырын:

– Обал болды-ау, – дедім.

– Жоғал көзіме көрінбей! Жұмыс қайда?! – деп арс етті.

Екі беті талақтай. Екі көзі, айтпақшы, жалғыз көзі қып-қызыл. Соқыр көзінің ақ шеліне дейін қызарған сияқты. Пері ғой. Дәу пері.



Періге не деп болады, жалғанда мұндай қорлық көрмеспін. Алыса түссем бе екен деп жаман ой да келді. Бірақ қайда-а-ан. Дүлей ғой, дүлей.

Ай, ит тағдыр-ай, дүңгіршекті ұрғанша, сол күрзімен өзімді жон арқамнан ұрғаны жақсы еді ғой. Дүңгіршекті ұрарын білсем, тастай қатып, қатты ұстар едім ғой. Білмей қалдым, әттеген-ай... Басқа-басқа, қасиетті қымызды ұрғаны несі? Осыдан кейін де сол қасиет Жуанқұлды қалай соқпас екен. Онда бәрі бекер болды ғой.

Астымдағы атымның мойны салбырап кетті. Теп-тегіс жерден сүріншек. Мұндай емес еді, қайта-қайта сүрінеді. Әлгі зорлықтан бұ да қорынған болса керек.

Жадырап тұрған жаз да жайында қалды. Асқақтап тұрған Тәңіртау да сиықсыз қиқы-жиқы. Ажарсыз. «Тіпу», – дедім. Апай-төстеніп, аспанды тіреп тұрғанын қайтейін, түк панасы жоқ. Қыста бораннан қорғай алмайды, қысылғанда қол ұшын бере алмайды. Бастық дәу болса, тау одан да дәу. «Тәйт!» – десе қайтеді? Жаңағыдай дуайпат әділетсіздікті көргенде неге төңкеріліп кетпейді? Неге күңіренбейді? Осы мына жер бетіндегі сұрқия сұмдықтың, сойқан соғыстың, күштілердің әлсіздерге әкіреңдеуінің бәрі осы таулардың үнсіздігінен. Мелшиеді де тұрады. Әлде Ұлыларда тіл жоқ па? Ұлыларға тіл бітсе – алапестер аласталып, заман түзелер еді.

Ай, Тәңіртау, Тәңіртау, саған да ұят болды-ау...

Атым сөлбірейіп, өзім сүмірейіп, қырманға қайтып келсем, молотилканың жанында Айша аңырап отыр. Қасындағы қатындар қой-қойлайды. Батырханға бір нәрсе боп қалған екен деп, жүрегім тас төбемнен бір-ақ шықты.

Аттан түсе-мүсе, жанына жүгіріп барып:

– Не болды? – дедім құшақтай алып. Қатындар:

– Әшейін.

– Әшейін, – десті көңілсіздеу ғана.

Бұлар молотилка басында, қырманның келесі шетінде еді. Колхозда жалғыз молотилка бар. Соның алқымына осы екі-үш қатын кезек-кезек бау-бау масақ тастап тұрады. Бұл енді біздің тас бастырғанымыздан да жаман. Молотилканың алқымынан топан борап тұрады. Аузы-мұрнын шандып алады мына байғұстар: Айша, Дүйсенбайдың кіші шешесі Мәрзия және Жәлі. Айырмен молотилканың алқымына кезек-кезек бау лақтырады. Паровоздың оттығына көмір лақтырғандай. Молотилканың алқымынан қарамай иісі аралас топан бұрқылдайды. Бұдан шыққан



бидайдың дәмі басқа. Бәрі бір жердің бидайы ғой. Ал біз, Сүлеймен екеуміз таспен басқан бидай тап-таза, дәмі де өзге.

Айшаның қарамай аралас тозаң топаны тұтқан беті айғызданып кетіпті. Көзінен шыққан жас жылғалап ағады. Сүртейін десем, орамалым жоқ, жеңіммен сүртіп тұрып:

– Не болды, айтсаңшы,– деймін.

– Ай, Барсхан, Барсхан! Не жаздық бұл қу Құдайға! Ана Тасбет түп-тұқиянымыздан түк қалдырмай қорлады ғой, ойбай, қорлады ғой, – деп жұдырығымен жерді қойып-қойып қалды. Тасбет үшін жер кінәлідей. Кінәлі болса, кінәлі шығар. Тасбеттерді астына тартып кетпей ме, әйтпесе.

– Сен жаңа атқа мініп қайда кетіп қалып едің? Балаң – бұзық, рұқсатсыз кетіп қалды, жұмысты тоқтатты, зиянкес, – деп осында мені жерден алып, жерге салды ғой, Тасбет. Мыналар көріп тұр ғой, – деп қасындағыларды меңзеді. – Әке-шешеден, ата-бабадан түк қалдырған жоқ. Әлдеқашан, айдалада сүйегі қурап қалған Мұртазаны да қорлады. Қолақпандай қылып анаусын саптады. Онысын жұлып алып, қолқасына тығайын десем, мыналар жібермеді, – деп, тағы да қасындағыларды нұсқады. – Оның үстіне былтыр да боқтағанда, аттың үстінен жұлып алып, тепкілеп едім, соны да ұмытпапты. «Соттатамын, өзіңді де, балаңды да, байыңның артынан жіберем», – дейді. Қайтеміз, Барсхан?

Көкірегімді бір дүлей кернеп кетті. Не екенін білмеймін? Көзімнің алды бұлдырап, түк көрінбей кетті. Жалғыз анам зар жылайды. Күлгенін, қуанғанын көргенім аз. Ол күлсе – күн күлгендей жарасады. Бірақ күлгенінен зарлағаны көп. Неге? Қашанғы қорлана береді? Менен медет күткендей болды ғой, маған шағынды ғой. Бұрын да талай қорлық көргенде маған бүйтіп шағынбайтын. Онда менікі не тұрыс?

Жүгіріп барып, Молдарайымның бес ақалы айырын ала салып, маяның түбінде шалжиып, басы қисайып, ұйқылы-ояу мүлгіп отырған Тасбетке тұра жүгіріппін. Байқаусызда қапы қалмасын деген оймен:

– Тасбет! – деп ақырып жіберіппін. Сөйтсем, даусым ақыруға жарап қапты, қанша дегенмен он екіге толайын дедім ғой.

Селк етті. Бағжаң етіп, көзі ашылды. Бес ақалы айырды қос қолдап ұсынған күйі, кеуде тұсын ала періп кеп қалып ем, жантайып, жалтарып үлгерді. Бес ақалы айыр маяға бойлай кіріп кетті.

Сол арада адамдар: Молдарайым, Әліқұл, Сүлеймен, Жолдасбек тағы басқалары лезде жиналып қапты. Айырды маядан қайта суыра беріп едім, бәрі бас салды. Бесақаны тастай салып, Тасбеттің алқымына қол салдым білем. Бәрі маған тағы жабылды. Ажыратып алды. Сонда



да бұлқынып-бұлқынып, араларынан шыға бергенімде, қайдан келгенін білмеймін, мұғалима апайдың алма бет қызы:

– Болмайды, болмайды, – деп шырылдады. Шыр-шыр етіп, қолын ербеңдетті.

Сол екі арада молотилка басындағы әйелдер де жетті. Айша:

– Барсхан, балам, қоя ғой. Бар екенсің. Тәуба, тәуба Құдайға! Менен туған ұл бар екен. Менің қорғаным бар екен, жұртым! Енді өлмейді екенмін, – деді.

Бұл арада есін жиып алған Тасбет: «Әй, Әйша! Бұрын әяп жүр едім. Енді сөттәләсің! Әнә кәшәмәр бәлән дә сөттәләді. Міне, мына кәлік куә, – деді.

Боқтамайды, бірақ бопсалайды. Жуасып қалған сияқты, бірақ қорқытты. Зілдей ғып айтты. Бұл – жай қорқыту емес. Атына мініп, кетіп қалды.

Кешке үйде отырғанда, Айша:

– Ана Тасбет аямайтын сияқты. Мені соттата қоймас. Қол жұмсаған жоқпын ғой. Сенің сойқаныңды бәрі көрді. Көзден таса бола тұрсаң қайтеді, – деді.

– Қайда?

– Сәли, Қали аталарыңның ауылына.

Сәли, Қали – былтыр арғымақ мініп келген аталар. Өзім де ылғи ойлап, сағынып жүруші едім. «Қысылсаңдар – хабарласыңдар», – деп кетіп еді.


– Қалай жетемін, олардың қайда екенін де, қалай баруды да білмеймін ғой, – деймін Айшаға.

– Қорғанбайдың нағашы апасы келіпті. Ертең қайтады. Соған ілес. Тура Бектөбеге барады, – деді Айша. Бектөбе – Сәли, Қалидың ауылы. Әулиеатаның түбінде дейді.

Амал жоқ, қашқын болдым.

ҚАРАТАУДЫҢ «КҮЙІК» ДЕГЕН АСУЫ БАР

Жеңіл машина жақсы жүріп берсе, біздің Мыңбұлақтан Әулиеатаға дейін бір сағат жол. Бір-ақ сағат.



Ал 1944 жылдың жазында мен сол «Мыңбұлақтан» Әулие-атаға дейін екі күн бойы жүрдім.

Он екі жасқа толар-толмас өмірімде бұл – менің ең ұзақ сапарға тұңғыш шығуым еді. «Мыңбұлақтан» көп ұзағанда аудан орталығы Боранды-Бурныйға есекпен бидай тасыдым. Құлқыны құдықтай элеваторға. Одан кейін Шоңқараның диірменіне, Андреевкадағы әпкем Әдияның үйіне бардым.

Рас, былтыр Арзыгүл апама ілесіп, Қырғыздың Шекер, Аршагүл айылдарына бардым. Болды.

Айша былтырғыдай тағы да Оңғарбай атаның көк әңгісін сұрап алды. Торғай тоқ еткен бозала таңда, Шоқай апа екеуіміз Мыңбұлақтан Теріске тіке тарттық. Бұл – жолсыз жол. Арба жүре алмайды. Есектің бір артықшылығы жол таңдамайды. Сондықтан тіке тарттық.

Теріс өзенінің көктемгі қарқыны басылып, таяз тартқан кезі екен, қиналмай өттік. Одан ары Ащының алқабымен алқынып көп жүрдік. Ащының биігіне көтерілгенде, артыма бұрылып қарап едім, әуелі жалтырап, күміс жыландай иреленделп жатқан Терісті көрдім. Одан ары найзаның ұшындай шаншылып Манас шыңы көрінді. Оның батыс жағын ала жатқан доғалдай шың Көксай екенін шамаладым. Одан да батыстағы, әрине, біздің Ақсай деп қойдым, Ақсайдың аңғарынан төменірек өз ауылымды – Мыңбұлақты іздедім. Жарықтық, жатыр екен. Үркердей боп үрпиіп. Шақпақтау желінің өтінде қалған торғайдай, жүні қобырап, қорғансыз қалған мына дәл өзім сияқты көрінді. «Мені тастап қайда барасың, Барсхан? – дегендей. – Қайт, Барсхан, менде туып, менде өстің. Кәусар бұлақ суларын іштің. Кетпе, Барсхан, кетпе. Қанатың әлі жас қой, қанатың әлі қатая қойған жоқ қой. Қанатың талады ғой. Қайт, Барсхан, қайт», – деді маған Мыңбұлақ.

Оң жағыма бұрылып қарай бергенімді байқап, Шоқай апа:

– Немене, ауылыңды әлден сағынып қалдың ба? – деді.

Тұнжырап:

– Қайтқым келеді, – дедім.

– Ойбу, ұяттағы-ай, – деп, Шоқай апа бетін шымшыды. – Атпалдай бригадирді ұрып қорқытқаныңа қарағанда, мен сені есі кіріп қалған ересек десем, әлі бала екенсің ғой. Қой, түс есектен, сусындап алайық.

Түстік. Жапырағы сарғайып, қурай бастаған сасырдың түбіне есектердің үстіндегі көпшікті алып, шоқиып отырып, айран-шалап іштік. Шоқай апам бір үзім нан ұсынды. Арпаның ұны аралас, қылпығы көп екен. Сонда да балдай тәтті, жарықтық.



– Немене, Айша апаңды сағындың ба? – деді Шоқай апа тағы да тілі шығып. Жол бойы үндеген жоқ болатын. Сонысына қарап, мені жақтырмай келе жатыр ма деп ойладым.

Мен жауап қатпай, алыста қалған ауылға қарап отырмын. Біз Қаратаудың қырқасына көтерілсек те, Тәңіртау әлі биік. Бауырында жүргенде байқамайды екенмін, әйтпесе ұзыннан-ұзақ керіліп жатқан кербез, тым тәкаппар, тым асқақ екен. Айшаның әні есіме түсті.

Тәңіртау, мен қайтейін биігіңді,
Мерген болып атпадым киігіңді.
Он алтымда қосылған есіл ерім,
Қайда барып тартамын күйігіңді-ай.
Қайда барып тартамын күйігіңді-ай,–


деп қыстың қысқа күнінде әскердегілерге деп жүн иіріп, шұлық тоқып отырып, осыны айтушы еді Айша. Онысын онша түсіне бермеуші едім. Сөйтсем, ол са-ғы-на-ды-ы-ы екен ғой.

О, қасиетті сары алтындай сағыныш... Сен болмасаң, адамдар, тіпті туған ана, туған бала, бір-бірінің қадірін білер ме еді, білмес пе еді?

Өлең шығарғым келді Өскенбайға ұқсап. Соғыстан қайтқан бүкір Өскенбай өлең жазады. Қызға арнап. Сірә, мұғалима қызға ғой деймін. Ол өлеңін тасушы – мен. Өйткені ол маған ғана сенеді. Екеуміз доспыз ғой. Маған әскери белдігін де берген. Ажалдың аузынан қайтқан, сұрапыл сұмдықты көрген ер азамат пен кішкентай оқушы баланың достығын сендер білмейсіңдер. Мектепте Өскенбай бізге әскер сабағын үйретті. Сонда деймін-ау, әлгі мұғалім қызға арналған өлеңін өзі-ақ бере салмай ма? Жоқ, маған тапсырады. Онысы несі екен?

Қыз бәрібір басқа біреуге тиді. Өлең тілін түсінбейтін бәле шығар. Жүрегі дірілдемейтін, елжіремейтін топас болар. Әлде... Өскенбайды кемсінді ме? Керіскедей келісті жігіт, жарқылдап күлгені қандай. Әттең... Бүкіштікті ол Құдайдан тілеп алған жоқ. Бомба түскен блиндаждың белағашы белімді басып қалсын деп, кімге жалыныпты ол?!

Сонымен, өлең шығарғым келді. Тәңіртауға, Мыңбұлаққа Қаратаудың қырқасынан қарап отырып. Қасымда қарқарадай күндігі бар қара кемпір. Сасырдың сояу сабағын күрт-күрт кемірген екі есек, біреуі – әңгі, біреуі – мәш. Анда-санда қасыласып қояды. Екі араға өлең-хат тасымай-ақ бірін-бірі жақсы көретін шығар. Қасыласады.



Өлең ұйқасын таппай, не айтарымды да білмей, қиналып ары отырдым, бері отырдым. Айран-шалапты ішіп, нанды жеп болдық. Қасымдағы Шоқай апа сәл мүлгіп отыр ма деймін.

Әй, өлең шығарудың қиыны-ай! Біздің елден шыққан бір ақын қыз өзінің тырнақалды тұңғыш өлеңін:

О, шопандар, шопандар!
Атқа мініп қопаңдар, –

деп бастаған екен.

Тым болмаса, сол сияқты бірдеңе де ойыма оралмайды. Айша болса, табанда суырып салар еді-ау деймін.

Кенет Шоқай апа көзін ашып алып: «Жүр, балам, Құдай қаласа, Күйіктің асуына да жақын қалдық. Күйіктен ассақ, түнделетіп бірдеңе етіп жетерміз», – деді.

Жүріп келеміз. Ойымнан өлең шығару кетпейді. Мектепте тақпақ айтқаным болмаса, өзім өлең шығарамын деп үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Енді өлең ұйқастырғым келеді. «Қаратаудың басынан көш келеді» дейін десем, көш жоқ. Ербиісіп екі есекке мінген бір кемпір, бір бала. Екі есектің біреуі – әңгі, біреуі – мәш. Әңгі – еркегі, мәш – ұрғашысы. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп қоямын ішімнен. Бірақ өзімдікі емес. Басқа біреудің өлеңін ұрлауға болмайтынын маған ол кезде ешкім айтпаса да, әйтеуір, жақсы қылық емес екенін сеземін. Былтыр Қорғанбай екеуміз бір уыс қара арпа ұрлаймыз деп, Жуанқұлдың абақтысына отырып шыққанбыз. Ұрлық жақсы емес, оны білемін, білдірді. Ал біреудің өлеңін ұрлағанды абақтыға қамай ма екен? Оны білмеймін. Қызық, ә? Шыннан қамай ма екен?

Күйіктің асуына қарай еңкейе берген кезде, кенет артыма бұрылып қарасам: Тәңіртау да жоқ, Мыңбұлақ та жоқ, тек ала шарбы бұлты бар аспан ғана. Жан-жағыма қарасам: жақпар-жақпар, құж-құж құржиып жатқан тастар. Жүрегім дір-дір етіп, үзілі-і-іп бара жатқандай, көңілім жама-а-ан қобалжып қоя берді.

Сірә, кемсеңдесем керек, оны өзім де сезбей қалдым. Соны байқаған Шоқай апа:

– Не болды? Басың айналды ма? – деді.

– Ауыл... ауыл көрінбей қалды ғой...

– Қой, қарағым, ауыл қайда қашады дейсің. Ауылың орнында, ауыл қашпайды, адам қашады. Ah, дүние! – деп күрсінді Шоқай апа.



* * *

Енді, міне, мына заманда кейде «Волгамен», кейде «Вольвомен» жүйткіп, Күйік асуынан тасыраңдап ары да өтемін, бері де өтемін. Кешіре гөр, қасиетті Қаратау! Бірақ дәл сол арада, дәл Күйіктен еңіске түсе берісте, Тәңіртау көрінбей тасада қалған кезде, артыма ылғи да бұрыламын. Бұрыламын да: есекке мініп ербиіп, жан-жағына жатырқай қарап, жалғызсырап, бұтағынан жел жұлған жапырақтай жаутаң қаққан жетімек баланы көріп, мына зымыран машинаны тоқтата алмай, тоқтата алсам, сол сормаңдайды мінгізе кетсем деп, өзімнен өзім айнимын. Есі-басым сау, бірақ әлгі елес елеңдейді де, көлбеңдейді де тұрады.

* * *


Сөйтіп, Тәңіртауды да көзден тасалай алатын құдірет бар екен. Күйіктің бұралаң-бұлтың, бұдыр-бұдыр жолымен мықшыңдап табанға да түстік. Сылдыр қағып су ағып жатыр екен. Жағасында топ-топ бұйра талдар өседі екен. Есектен түсіп, су іштік. Шоқай апа дәрет алып, намаз оқыды. Сірә, намаздыгер шығар. Әлде намазшам. Асу іші күңгірт. Төңірек түксиеді. Кішкентай көлшікте шіл жүр. Қиқ-қиқ етіп, мен көрмеген, түсі бөтен тағы бір құс шыр айналып ұшады.

– Шоқай апа, мынау қандай құс? – деймін.

– Қызғыш қой, балам, – дейді, жайнамаз орнына жайған орамалын бүктеп тұрып.

Қызғыш! Ол Махамбет қой! Ақын ғой! Батыр ғой! Мектепте Ғалия апай жаттатқан.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Көл қорыған сен едің,
Ел қорыған мен едім.
Сен де айырылдың көліңнен,
Мен де айырылдым елімнен.
Сені көлден айырған
Лашын құстың тепкіні,
Мені елден айырған
Хан Жәңгірдің екпіні.



Білемін. Әлі ұмытқан жоқпын. Ғалия апай маған «бес» қойған. «Батырдың өзіндей етіп, екпіндеп айтады екенсің», – деп мақтаған, батырдың айтқанын ол қайдан естіген?..

О, шіркін, өлең шығарсаң, осылай шығар. Осылайша шығарсаң ғой. «Мені елден айырған – хан Жәңгірдің екпіні». Өй, мынау мен сияқты ғой. Бірақ мен... Махамбет емеспін. Тасбет – Жәңгір емес. Әттең, менен бұрын шығарып қойыпты ғой. Дегенмен хан Жәңгірдің орнына Тасбетті қойып көрсем, Махамбет – өзім.

«Мені елден айырған – бригадир Тасбеттің екпіні...»

Келмейді. Өлеңге ұқсамайды. Буыны артық па, немене?

Күйіктің аузынан шыға бере, тақтайдай тегіс дала, оқтай түзу жол басталды. Сол қол жақтан тағы бір тау көрінді. Қаратауға қарағанда көгілдір сияқты ма...

– Шоқай апа, мынау қандай тау? – деймін.

– Бурыл ғой, Бурылтау. Сен мені «Шоқай, Шоқай» дей бересің. Ауылыңдағы қатындардан естігенің ғой. Менің атым – Бибісара. Шоқай – менің елімнің, руымның аты. «Шоқай» деме, Бибісара де. Бибі апа десең де болады.

– А-а, – дедім.

Бибісара деген әп-әдемі аты бар екен. Бәсе, осындай жақсы кісіге «Шоқай» деп ат қоя ма екен? Бірақ қазекем ажал тырнағынан аман болсын деп, тіл-көзден аман болсын деп, баласының атын «Мыржық», «Мырқымбай» деп те қоя берген ғой. Балалары шетіней берген соң, зәрезап болған да. Әйтпесе, осы бетте Шоқай датқа деген кісі өтіпті. Халқына қадірлі болғаны сонша, Саудакент деген шаһарда оған үлкен күмбез тұрғызыпты. Асылы, мәселе атында емес, затында шығар. Шәуілдек жаман итінің атын «Бөрібасар» деп қойғаннан не пайда? Мысалы, менің атым – Барс-хан. Сонда барс болып, ер жүрек болып, елді таң қалдырғаным қайсы? Өзі қисық, өзі маңқа Тасбет бригадирден қашып келе жатқан жоқпын ба?!

Тоқта! «Мені елден айырған – бригадир Тасбеттің екпіні». Келмейді. Біріншіден, Махамбетке жиендік жасау. Екіншіден, бір буыны артық. Сонда қалай десем екен? Ақындардың аузына сөзді Құдай өзі салатын шығар. Мен сияқты ышқынып, күшеніп-тышанып ақын бола алмассың. Дегенмен «ұра берсе, Құдай да өледі» дегендей, ойлана берсең, тырыса берсең, бір далбаса туатын да сияқты. Сондағы тапқаным:



Тәңіртаудың бауыры –
Менің туған ауылым.
Сонда туып, сонда өстім,
Сонда менің бауырым.

Оңып тұрған жоқ. «Бауыр» деген сөз екі рет қайталанады. Біріншісін «сауыры» деп өзгертсе қайтеді? Жарайды. Ары қарай:

Мен елімнен жас кеттім,
Асуын асып Күйіктің.
Кесірінен Тасбеттің,
Қуғынынан сол иттің...

«Міне, бұл өлеңге ұқсайды», – деп қойдым. Махамбеттің де лебі бар. Бірақ ұрлық емес. Өз өлеңім! Ұмытып қалмайын деп, күбірлеп қайталап келемін. Шоқай апа, а, айтпақшы, Бибісара, Бибі апа бетіме қарап:

– Балам, бірдеңе дедің бе? – деді. Ұялып қалып:

– Жоға, әшейін тақпақ қой, – дей салдым.


Ойым бөлініп кетті. Жауайын деп келе жатқан бұлтты жел айдап кетті. Әйтпесе, бұл өлеңге Жуанқұлды да қоспақшы едім. «Атаңа нәлет Жуанқұл, бастық емес, бәлесің» деген сияқты.

Бірақ бұл тағы да Махамбет. Дегенмен осының айналасынан бірдеңе табуға болады деймін.

«Мыңбұлақтың» адамдары кілең жауыз екен демесін деп, жақсыларын: Өскенбайды, Есенді, Әбішті, Дошанайды, Қамқаны, өзімнің анам Айшаны да қоспақшы едім, оған ебім келмеді. Әрі десе, батып бара жатқан күннің қызылы Бурылтауды құлпыртып, Жанартауға айналдырып жібергендей көрінді.

Сонда, сонау боранды түндерде Айша айтқан жыр-әңгіме көз алдыма келді. Мына Бурылтаудың арғы бетінде Айша туған ауыл бар. Үйрек-қазы түйдек-түйдек ұшқан Билікөл бар. Айша Мыңбұлаққа келін болып түсерде осы жолмен, жаңағы Күйік асуымен өтті ғой. Қасында Мұртаза, жанында жора-жолдастары, зермен жабулаған, күміс жүгендері сыңғырлаған ақбоз жүйрік аттар бүлкілі. Қызыл-жасыл киінген жігіт-желең, қыз-қырқын, әзілкеш жеңгелер. Әнге басып Күйіктен, Қаратаудан асып барады... Алдарынан Тәңіртау қарсы алады. Ой, заман-ай...

Енді, міне, сөйткен Айша мен Мұртазаның Құдайдан жалбарынып сұрап алған баласы Барсхан астына әңгі есек мініп, шала таныс бір



кемпірге ілесіп, беймәлім, бейтаныс елге кетіп барады. Танитыным: бір сәтке, бір-ақ көрген Сәли мен Қали деген қарттар ғана. Айшаның нағашылары.

Ымырт жабыла, алдымыздан жасырынбақ ойнағандай жылт-жылт етіп оттар көрінді. Көлігіміз қалжырады. Әсіресе Бибі апамның астындағы қаба жүнді қара мәші қайта-қайта сүріне бастады. Пыс-пыс етеді. Пысқырына береді. Мимырттап жүріп, қарауытқан ауыл шетіне де іліндік-ау.

– Айша-Бибі, – деді Бибісара – уа, аруағыңнан айналайын, Айша-Бибі анамыз! Аруағыңыз қолдасын. Біздей мүсәпірге пана бол! – Содан соң, маған:

– Әулие анаң Айша-Бибінің қасына түнейміз. Мына ауылда түн ішінде кімнің есігін қағып жүреміз, – деді.

Жолдан бұрылып, ауыл шетіндегі төбешікке, қарайған мазарға қарай бет алдық.

Есектеріміздің аяғын тұсап, үстіндегі көпшіктерін алып, ойпаңдағы ажырықта қалдырып, өзіміз өрмелеп мазардың жанына келдік. Екеу ғана. Біреуінің – биігінің бір жақ қабырғасы опырылып құлап қалыпты. Үңірейіп үрей тудырғандай.

– Имансыздар! – деп ызғарлана күбірледі Бибісара көпшіктерді мазардың күншығыс жақ бетіндегі қабырғаның түбіне төсей беріп.

– Не, Бибі апа? – дедім.

– Е, шырағым, – деді де үндемеді. Қоржынынан қауашақ алып, маған ағаш тостағанға айран-шалап құйып берді. – Нан таусылды, шыда, – деді. – Құдай қаласа, ертең сәскеде ауылға да жетеміз.

– Әлі алыс па?

– Сәл көз шырымын алып, аттансақ, алдымызда Асадан өтеміз. Содан соң алыс емес.

– Бибі апа, – дедім әлгі күдік түрткілеп.

– Не балам?

– Кім «имансыздар?»

– Е, балам, мынау әулие мазарды бұзғандарды айтам.

– Неғып?

– Қышын алып пеш соға ма, сарай сала ма... Құдайдан, ұлы аруақтан безген ғой. Біліп қой, балам, мына қабырғаның ар жағында Ұлы Анаң жатыр – Айша-Бибі.

– Неғып?

– Неғып, неғыбы несі? Талқаны таусылған да. Баяғы-баяғы заманда



өткен кісі ғой. Әулие болған. Жат, балам, бұл ұзақ әңгіме. Әулие анаңа сиынып жат. Мен намаз оқып алайын, – деп күйбеңдеп жайнамаз-орамалын алып, құбыла жаққа, Айша-Бибі Ана жаққа қарап, дұға оқып көп отырды.

Мен қарап жатқан күншығыстан кенет қылтиып қызылкүрең от шықты. Жартастың ар жағынан асылып бір керемет бойлай берді. Ай екен. Кейін білсем, ол Тектұрмас тауынан көтерілген екен. Ай да қызыл болады екен-ау деймін. Бұл жақтың Айы басқа ма деймін. Сөйтіп жатып, қалжырасам керек, тұяқ серіппей ұйықтап қалыппын. Түсімде Тәңіртаудың бір бүйірін Жуанқұл мен Тасбет үңгілеп жатыр екен деймін.

– Тауды неге бұзасыңдар? – десем,

– Қой қора саламыз, – дейді.

– Тау құлайтын болды ғой, тимеңдер!

– Ә, әтәңә нәләт, жәудің бәләсі! Кәлкөздің ісіне кәрсі, – дейді Тасбет.

– Соттау керек! – деп гүрілдейді Жуанқұл.

Кенет бір ақша бұлт тау шыңынан шыға келіп, Жуанқұл мен Тасбетті ұшырып ала жөнелді. Сәлден соң Бибісара мені оятып алды.

– Түс көрдің бе, балам?

Мен айтып бердім.

– Ұлы Анаң қолдайды екен. Басыңды и, балам, – деді.


СӘЛИ, ҚАЛИ, БӨПЕТАЙ, САТАЙ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Есектеріміз кәдімгідей тынығып қалған екен, томпаңдап жүріп берді. Айша-Бибі анамыздың мазарына басымызды иіп аттандық. Бибісара апа:

– Балам, бұл ауылдан әлі талай өтерсің. Ары өткенде де, бері өткенде де Айша-Бибі анаңа тағзым ет. Жамандық көрмейсің, – деді. – Аруағы күшті ғой жарықтықтың.

– Аруағы күшті болса, мұның қышын бұзып алғандарды неге ұрмайды?

Бибісара бетіме таңырқай қарады:



– Ұрса – ұрған шығар, балам, әлі ұратын да шығар. Әйтеуір, оңдырмайды. Ұрпағына дейін ұрады, – деп қату айтты.

Менің анамның аты да Айша. Бірақ «Бибісі» жоқ. Бәлкім, анамның атын осы әулиені еске алып қойған шығар. Бұл әулие анамыз неге өзінің аттасына көз қырын салмайды, неге азабынан арылдырмайды, оны қорлаушыларды неге жазаламайды? Бала да болсам, осындай сұрақтар тілімнің ұшында тұрды. Бибісараға айтайын деп ойладым да тоқталдым. Әуелгі сұрағымды жақтырмай қалған сыңайлы.

Әулие анамыз топастардан, имансыздардан өзін-өзі қорғай алмаса, алыстағы (мен үшін алыс), Тәңіртаудың бауырындағы қызылшаны тау суымен суғарамын деп қызыл сирақ болған Айшаны қалайша қорғамақ?

Бұл сұрақтың күпірлік екенін ол кезде мен біле бермеймін. Тек өз Айшам қорғансыз екені есіме түскенде ет-жүрегім езіліп, артыма бұрылып, ішімнен:

– Иә, әулие ана Айша-Бибі! Менің Айша апама пана бола гөр! – деп тіледім.

Сөйтсем, есектеріміз Аса өзенін жалдап кешіп келе жатыр екен. Кейін білсем, Аса дегеніңіз біздің Теріс екен. Біздің Теріс өзені жарықтық ылғи күншығысқа қасқая тартып отырып, Маймақ тауының тұсына таярда Қырғыздың Күркіреу өзенімен құшақтасады екен де, екеуі бірігіп, ылдиға, солтүстікке қарай құлайды екен. Оны Аса деп қойыпты. Сірә, Асау болуы керек. Бірі Шақпақтан, бірі Манастан шыққан екі тау суы қосылған соң о баста жойқын болған ғой. Содан Асау атанған шығар. Еріншек қазақ толық айтуға да ерініп, ыңыранып Аса дей салған ғой.

Сонымен, киелі Терісті екі рет кешіп өттік.

Жап-жазық жасыл саздың терістігінен ауыл көрінді.

– Құдай қаласа, келдік, – деді Бибісара. – Әлі өсерсің, жетілерсің, балам. Сонда, сонау Тәңіртаудан бері қарай сапарда екі күн жолдас болған Бибісара деген апаңды ұмытып кетпей, анда-санда есіңе алғайсың. Бибісараны ұмытсаң да, Шоқайды ұмытпассың.

Кәрі кісілер қызық. Оны менің ұмытқанымда, ұмытпағанымда не тұр? Келер-кетер не бар? Дүниеге келдің, кеттің. А, бірақ мүлде із-түзсіз, сен дүниеге мүлде келмегендей, жер басып жүрмегендей, ешкім есіне де алмай, анда-санда атыңды да атамай, мүлде ұмытылып кету де қиын шығар. Адам шіркін о дүниеде де тірілерден бірдеңе, тым құрыса, жақсы лебіз дәметететін болуы керек. А, бәлкім, о дүниеде де есеп-қисап бар болар. Жарық дүниедегілер өлген адам туралы жақсы айтты ма,



жаман айтты ма – есепке алатын шығар. Ұпай жинайтын шығар. Сол ұпайға қарап марқұмның о дүниедегі жағдайы жасалатын шығар...

Көшенің басынан кіре бергенде, астымдағы көк есек әңкілдеп тұрып ақырсын-ай келіп! Бүкіл көшенің ұзына бойында бір-біріне іргелесе, бір-біріне жаналай, тығылыса отырған Ошақты, Қоралас, Сіргелі, Алшын ауылына:

– Ей, жарандар! Кім келе жатқанына қараңдар! Барсхан келе жатыр! – деп жар салғандай әңкілдеді-ай, ар-рам.

Ыңғайсызданып, басына шыбықпен тартып-тартып жібердім. Бұл елден сүйінші сұрайтындай мен қайбір ханзада. Аяғымда қыстың күні киетін бақабас жаман бәтеңке. Құйрығы мен тізесіне жамау түскен түсі белгісіз бомази шалбар, көйлегім де келісіп тұрмаса керек. Түнде шешпей жатқандықтан мыжылып, бырысып-тырысып қалған бөз көйлек. Қорғанбайдың апасынан Айша сұрап алып берген қисық кепке.

Тал-дарақтан көрініңкіремей тұрған аласалау үйдің тұсына келіп тоқтадық. Бибісара апа есектен түсуді қиынсынды ма, көлікте тұрып:

– Кім бар-оу? – деп айқайлады. Кішкентай мәшке ит шәуілдеді. Үйдің ар жағынан, жүгерінің арасынан кетпенін сүйретіп, бір қолымен көзін көлеңкелетіп қарт кісі шықты. Әрең таныдым: былтыр көрген Сәли атам! Былтыр төредей еді. Қазір... Жақындап келіп:

– Ә-ә, Бибісарасың ба? – деді. Содан соң маған үңілді. Әңгіден аунап түсіп:

– Ассалаумаәләйкум, ата! – деп қолымды ала жүгірдім.

– Жиеншарыңды алып келдім, – деді Бибісара.

– Е, е. Жиеншар. Ә, ә. Таныдым. О, айналайын! – деп, мені құшақтай алды.

Көк есекті талға байлап, үйге кірдік.


– О кім? – деген дауыс іш жақтан барылдаңқырап өктем шықты.

– Жие-ен, жиен, жиеншар... – деді атам мүдіріп. Сірә, атымды ұмытыңқырап қалса керек.

Далада күн шыжып жарқырап тұрса да, үйдің іші күңгірт, терезелерін тұмшалап тастапты. Оң жақ іргеде денесі қомақтылау бір кексе әйел төсектегі балаға тостағанмен бірдеңе ішкізіп отыр. Үсті-басыма тінткілей қарап алды да, төсектегі балаға қарай қайта бұрылды. «Қай жиеншар?» – деп сұраған да жоқ.

Атам маған бір қарап, төсек жаққа бір қарап, кібіртіктеп қалды. Сәлден соң:

– Әй, қатын! – деп керең адамға айқайлағандай, балғамен темір



төсті соққандай шаңқ етті. – Айшаның баласы алыстан келді. Шөлдеп келді. Тұр, сусын бер.

Табалдырықтан аттамай жатып, шал мен кемпірді кикілжіңге салып қойдым ба деп мен қыбыжықтадым.

Кексе әйел маған енді ықыластана қарап:

– Е, айналайын, апаң аман ба? – деп орнынан ауырлау тұрды-ау.

– Аман. Бәріңізге сәлем айтты, – дедім. Өзімнен гөрі, сөзім әсер етті білем:

– Е, қайран Айша, сәлемат болсын, – деп бақырауықтау апам (әлі атын білмеймін) бұрыштa тұрған күбіні піспекпен пісіп-пісіп жіберіп, ағаш зереге ашыған көже құйып берді.

Ашытқан жүгері көже екен, көзімді жұмып сіміріп салғанда көзім шырақтай ашылып, қаракөлеңке үйдің іші жап-жарық болып сала берді.

Біздің Мыңбұлақта күн салқын шығар, жүгері піспейді, дүмбіл күйінде қалады. Сөйтсем, жүгері деген балдай тәтті болады екен. Әйтеуір, қазір маған солай көрінді.

– Қазір шәй қоямын, – деді жуан апам. Бұл сөзді құптағандай Сәли атам көзі күлімдеп, қутыңдап қалған сияқты. Мені таныстыра түспек оймен:

– Бұл – Айшаның баласы, а-а-а, Барсхан! – деді менің атым есіне түскеніне қуанып кетіп, даусы шығыңқырап. – Айша менің туған апам Құлыханның қызы ғой. Айтып ем ғой, ұмытып қалдың ба? – деді кемпіріне. – Құлыхандай апамнан қалған тұяқ.

– Е-е, айтқансың, – деді жуан апам аузы балпылдаңқырап. – Бұрын көрмеген соң біліңкіремей қалдым. Баласы адам боп қалыпты ғой байғұстың. – «Байғұс» дегенін жақтырмасам да, үндемей тілімді тістей алдым. Айшаға «байғұс» деген жараспайды. Байғұс – ол күнін көре алмай жүрген, қолынан түк келмейтін мүсәпір жан. Айша қайда, біреу қайда! Мен осылай ойлаймын. Мен үшін Айшадан асқан асқақ, ақылды адам жоқ. Айша болмаса, мен осылай тірі жүріп, тау асып, тас басамын ба?

Төсекте жатқан балаға көзім түсіп еді, тесірейіп маған қарап жатыр екен. Екі көзі шоқтай. Кірпік қақпайды. Мен тетелес, менен кішілеу шығар.

– Бұл – Қуаныш,– деді Сәли атам менің балаға қарап қалғанымды байқап. – Нағашың. Сенімен қатар шығар. Сен қаншадасың?

– Мен енді бір айдан кейін он екіге толамын, – дедім Иса мұғалімнің дәлдігіне үйренген басым.



– Е, мүшелге шығады екенсің ғой. Мүшеліңнен аман өт. Ал Қуаныш онға шықты ма? Ондасың ба, ей, Қуантай?

Көзі жарқ ете қалып:

– Бұйырса, – деді Қуаныш. Үні ересек адамның үніндей ірі. «Бұйырса» дегенінде де бір бәле бар. Тегін емес.

Бес жасында ма, одан да жасырақ кезінде ме, ойнап жүріп үйдің төбесінен құлап кетіп, белі бүкшиіп, құныс болып қалыпты. Содан бері төсек тартып жатады екен. Ем-дом қонбайды. Ол кездегі емшілер дәрменсіз бе, гипске салып түзеткенді білмеген бе, әйтеуір, төсек тартып қалған.


Құдай сондайынан сақтасын. Әйтпесе, таудан да, тастан да құладым. Аттан да, есектен де құладым. Көк қарғаның жұмыртқасын аламын деп, жарқабақтан құзға құлап түскен күнім де болды. Тәуба, тәуба, әзірге аманмын. Әзірге.

Ал енді жаңа Сәли атам: «Мүшеліңнен аман өт» деп қалды. Оны мен ойланбаппын. Сөйтсем, мүшел деген әрбір он екі жылда қайталанып тұрады екен. Алғашқы мүшел – он үш көрінеді. Мүшел сайын бір қатерден өтеді екенсің. Сөйтсем, сол бірінші «қылкөпірге» мен таяп қалыппын. Нендей қатер? Ойлансам да, уайым жоқ. Айша айтқан: «Құдай өзі берген жанын өзі алады. Оны алдын ала ешкім де білмейді», – деп.

Бірақ мына Қуаныштың: «Бұйырса» дегені – уайым. Қартамыс болған қарт адамның сөзіндей. Дені сау адам ажалды ойлай бермейді, өмірі өлместей көрінеді. Ал ауру адамға, ұзақ кесел қысқан адамға, ажалдың апаны елестеп тұратын болар. Ұзақ кеселдің адамын тек үміт қана сақтайды. «Бұйырса» деген сөзде үміт те бар, күдік те бар. Қайсысы жеңеді, сонысы алады.

Еркек дауысты жуан кемпірдің аты – Зүбайда екен. Зүбәйда апа дастарқан жайды. Шәугіммен шәй әкелді. Дастарқанға бір таба нан әкеліп қойды. Нанның түсі бөлектеу көрінді. Сап-сары екен. Сөйтсем, жүгері нан екен. Сәли атам қысқа ғана дұға оқып, бетін сипап «бісміллә» деп, әлгі нанды қолына алып, үзіп-үзіп қойды. Байқағаным: нан үзілмеді, сынды. Үгітіліп, оп-оңай сынды. Мен сілекейім ағып, үздігіп бара жатсам да атамнан бұрын қол созбай, жағымды қарыстырып, тістеніп отырмын. Айша: «Сұғанақ болма!» – деген.

Сәли атам күлімсіреп бетіме қарап: «Ал, балам», – дегенде, мен молдау бір үзігін алып, қанша сыпайы болайын десем де аузыма апарып, қарпыңқырап жібердім. Жарықтық шайнауға да келмей, өзінен-өзі еріп



қоя берді. Тәтті екен, шырын екен. Байқаймын, Сәли атам әлі жемей, маған сол күлімсіреген қалпы қара-а-ап отыр екен. Қомағайланып кеткенімді сезіп, қысылып қалдым. Сөйтсем, төсектегі баланың да, шәй құйып отырған Зүбайданың да көздері менде екен. Түйіліңкіреп қалып, шашала жаздап, шәй ұрттап құтылдым. Абыройым айрандай төгіле жаздады. Енді бұдан былай аузыма асты бұралақтап салмауға ант бердім. Түйілген көзім жасаурап кетсе керек, байқамай жеңіммен сүрте салдым. Оны да кеш аңғардым. Беторамалым жоқ қой. Мұндайда өзінің кішкентай кестелі орамалымен менің бетімді сүртетін алмабет, тәмпіш мұрын, тәлпіш қыз қайда?! Қалды ғой алыста, Тәңіртаудың бауырында. Лезде қайтқым келді. Ауылымды сағыны-ы-ып кеттім.

Енді қайтып дастарқанға қол созбадым. Зүбайда апа барпылдаған дауыспен: «Ой, жалған-ай, ah! – деп, Нәметқұл ұстаның көрігіндей күрсінді. – Ал, жиен шырақ. Ұялма. Жол азабын көріп келдің ғой», – деп, кенет өзінен-өзі өксігін баса алмай, жаулығының ұшымен көзін басып, бырқ дегізіп мұрнын сүртті.

Сілейіп не істерімді білмей қалдым.

Сәли атам үндемейді, басы салбырап, аппақ құдай сақалы кеудесіне құлады.

Менің келгенімді ауырсынып қалды ма?

Әлде мұның алдында біреулер қазаға ұшыраған ба?

Айшаның нағашыларының ауылында жұмақ бар, арғымақ мінген әулиедей аталар бар десем... Мұнда да мұнар-мұнар мұң, бұлардың да көздерінде қасірет...

Күн ыстықта мақталы қара шибарқыт камзол киген қара кемпір бір тізерлеп отырған қалпы жер шұқылап, тұқшиды да қалды.

Төсектегі бала кірпік қақпайды. Менен көз алмайды. Сәлден кейін бала даусы сақпандай сақ етіп:

– Ата, – деді.

Мүлгіген болып отырған Сәли атам басын көтеріп алып:

– Ау, Қуантай, – деп көзі қайтадан күлімдеді.

– Мына бала Шертай көкеме ұқсайды ә?

– Қайсы? – деп қарт маған оқыс бұрылды. Мені жаңа көргендей бетіме қарап-қарап:

– Ұқсайды ғой. Аумайды. Шертай мұның нағашысы ғой. Тартқан ғой нағашысына! – Шал қуанып кетті.

Сөйтсем, Сәли атамның бұрын марқұм болған бәйбішесінен екі ұл, бір қыз туған екен. Үлкені – Сейітжан. Қазір бір жерде, ауданда ма,



милиция бастығы көрінеді. Қызы Майдаш қалада тұрады екен. Одан кейінгі Шертай... осыдан біраз жыл бұрын ат жалын тартып мініп, енді ер жетіп келе жатқанда, өкпе ауруынан қыршын кетіпті. Зүбәйда екінші әйелі екен. Одан туған – Қуаныш. Жатысы анау.

Әке мен бала арасындағы жаңағы бірер сөзден кейін Зүбәйда аттың басын қоя берді: аңырап ала жөнелді. Шертайды жас күнінде бауырына салып баққан екен. Бәйбіше ертерек қайтыс болған.

– Маңдайыма сыймай кеткен, менің қу маңдайыма сыймай кеткен жолбарысым-о-о-оу... Шертайжан-оу, Мына жиен бала кіріп келгенде, сен екен деп қалып ем, Қуантай да сөйтіп ойлапты ғо-о-ой...

– Қой! – деді атам. – Барқырама! Бәле шақырма! О, өз басыңа көрінгір! – деп еді, кемпір мұрны бырқ-бырқ етіп барып, жым болды.

– Шертайға ұқсаса несі бар, – деп сабасына түсті Сәли атам. – Қан ғой, қан. Құлыхан – менің туған әпкем. Одан Айша туды. Айшадан Барсхан туды. Менен – Шертай. Әрі-беріден кейін аттарына дейін ұқсас. Барыс деген – Шер деген сөз. Шер дегенің – барыс. Құдай ұйқастырған, ұқсастырған. Әйтпесе, біз аттарын әдейілеп олай қойған жоқпыз ғой. Шердің орнына Барс келді. – Кемпіріне қарап: – Қуанбайсың ба қайта. Өлгенің тірілді деген осы, – деп нығарлады.


Зүбәйда бір қолымен жер таянып, ауыр денесін әрең көтеріп, орнынан зорға тұрды.

– Әлгі Маржан жұмыста. Қой, қазанға бірдеңе салайын, – деп үйден шығып кетті.

Мен әлі сілейіп отырмын. Сонда қалай? Сонда мен өліп тірілген болдым ба? Мен көрмеген, мен білмеген Шертай деген бозым болыпты. Ерте қиылыпты. Енді соны мыналар қайтып келді деп отыр. Мыңбұлақтағы үйіміздің алдына, үйінді тезектің жанына, көктемде ұйысып, жылда шырмауық шығады. Күзде қурап қалады. Көктемде қайта шығады. Адамдар да сондай шығар.

* * *

Сәли атам кешке мені Қали үйіне алып барды. Қали атам жұмыстан жаңа келген екен. Былтыр біздің Мыңбұлаққа мініп барған қарақасқа ақалтеке есігінің алдында байлаулы тұр екен. Бойы үймен бірдей-ау, шіркін. Жанынан өтіп бара жатқанда: «Сені қайдан көрдім?» дегендей, тостағандай көздерін төңкеріп, маған бір қарап қойды.



Қали атамның мұндай арғымаққа мініп жүрген себебі – колхоз бастықтың орынбасары көрінеді. Бастық бір әйел екен. Соған жәрдемші есепті. «Неге Қали атам бастық емес, неге әйел бастық?» – деп қойдым ішімнен.

Қали атам мені бірден таныды.

– О, айналайын Барсхан, жігіт болып қалыпсың ғой, – деп, бас салып құшақтады. Бір көзін қысыңқырап, басымды қос қолдап ұстап, бетімнен, маңдайымнан сүйіп жатыр. – Азамат болды деген осы. Сонау Жуалыдан іздеп келдің, ә, бізді!

– Біздің жиеніміз Барсхан, – деді аң-таң қалып тұрған әйеліне. Сөйтсе, ол Қали атамның бәйбішесі Қалатай апа екен. Бетінде шешек дағы бар, қызылшырайлы, жылы жүзді кісі екен.

– Е, айналайын, елің аман ба, шешең аман ба? – деп, о да асты-үстіме түсіп жатыр. Аузына саусағын салып, аңырайып, тұлымшағы селтиіп, бір кішкентай қыз тұр. Бұл осылардың жалғыз перзенті – Әзиза екен. Қартайғанда көрген жәдігер. Мұндайда алыстан келген мейман кішкентай балаға базарлық деп кәмпит ұстатар еді. Ол менде жоқ. Ұят болды. Өйткені әке-шешесі мені айналып-толғанып жатқан соң, тұлымшағы селтиген, топ-томпақ кішкентай қыз маған тесіле қарап қалып еді. Сонда, қолына қуыршақ па, бірдеңе ұстата салсам ғой. Дүниеде баланы қуантқаннан артық қандай жақсылық бар? Базарлық байлық емес, дәнекер. Енді қолымда сол дәнекердің жоқтығынан мына қыз мені жатырқап, томсырайып тұр.

Қалатай апам төрге көрпеше салды. Сәли атам, Қали атам, мен енді жайғаса бергенде:

– Ассалаумаәлейкум! – деп, екі кісі кіріп келді. Бірінен бірі өткен шырайлы, көздері нұрлы, сақал-шашы бурыл, сахаба тақылеттес, үсті-басы тап-таза, тақуа.

«Бөпетай мен Сатай!» – дедім ішімнен. Айшаның айтуы бойынша, олар осындай ажарлы болуға тиіс.

– Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы ақсақал алдынан шығар болар, – деген ашаң жүзділеуі сөз бастап. – Алыстан жиеншар келді деген соң, сәлем берейік дедік.

Мұндай құрметті өмірі көрмеген басым қатты састым. Қолдарын алып, амандасқаным болмаса, мыңқылдап, жөнді сөйлей де алмай қалдым.

Төрде төртеуі қатар отырғанда – төрт шадияр отырғандай келісті еді. Сол сурет есімнен кетпейді. Әттең, ол кезде қолымда қазіргідей

фотоаппарат, телеаппарат жоқ. Сондағы айтқан сөздері қандай. Жазып алатын магнитофон, диктофон дегенді ол кезде атымен білмеймін ғой. Өрттей өкініш. Енді, тек елес. Көкірегіме басылып қалған сурет көмескілене бастады. Сөздері де есімде шала-шарпы ғана қалған.

Төртеуі отырып алып, Қалатай апамның шәйін ішіп отырып, әңгімені менен тартып тарихқа кетті-ау деймін.


Оның ішінде менің әкем Мұртаза жиі айтылады. Бөпетай атамның айтуынша, Мұртаза екеуі Әулиеатаның Балпық сарайына түсіп, атақты Керімбай болыстың қасында отырып, қымыз ішкен көрінеді. Әулиеатаны ояз билесе, Керімбай одан артық болмаса, кем емес көрінеді. Содан Керімбайдың ерлігі, пәрмені, айбынының асқақтығы айтылады. Арқаға атпен бара жатқанда, Шу бойындағы ну, нар қамыстың арасынан жолбарыс шыға келгенде, аттардың қалш-қалш етіп, сиіп-сиіп жібергені; Керімбай, екі көзі жарқыраған шарадай, ақырып кеп қалғанда, жолбарыс көзін тайдырып әкетіп, мысықтай жер бауырлап, шегіншектеп кеткені... Қаратаудағы әйгілі Мақұлбектің теңдесі жоқ атақты қара атын Керімбай қалай тартып алғаны... Арада сойқан соғыс бола жаздап, ақыры қара ат Керімбайға опа бермей, бағы тайып, шабыстап қалғаны...

– Әне, сенің әкең Мұртаза сондай болған, – деп, Бөпетай атам енді маған бұрылды. – Керімбайдың өзімен қатар отырған. Керімбаймен қатар отырмақ тұрмақ, ол отырған үйдің есігінен сығалап қарауға батпайтын жұрт онда. Әкең онда бозбала шағы. Ақбоз киініп, ақбоз ат мініп жүретін. Екеуіміз талай бірге болып, талай жерді араладық қой. Ай, жалған дүние... – деп аяқтады Бөпетай атам.

Сатай атам әңгімеге араласпаса да ықыластана тыңдап, аялы, әдемі, сүйкімді көздері жарқ-жұрқ етіп, керек жерінде аңқылдап күліп қойып отырды. Күлкісінде титтей жасандылық жоқ. Адамды көзінен тануға болады дейді. Ол рас. Бірақ күлкісінен де тануға болады. Кейбіреулер өтірік күледі. Өтірік күлкі – жаны кіршең, пейілі пәс адамдарға Құдай өзі басып қойған қара таңба.

– А-а, – деді Қали атам бір көзін қысыңқырап қойып, дөңгелек сақалын қисық бас бармақты саусақтарымен иегінің астын ала қасылап. – Сондай адамзаттың баласы енді біздің қасымызда отыр.

Төртеуі де енді: «шыннан сол Мұртазаның баласы ма?» дегендей маған бұрылды. Әкем әлгіндей болғанда, мен мырың болмайын деп бойымды тіктедім. Басымды көтердім. Бұл менің төрт нағашыға берген үнсіз жауабым.



– Бұл жиен бүлдіріпті, – деді Сәли атам көзі мейірлене, күлімсіреген күйі.

– Е, не болды? – десті бәрі.

Ең қиын жері – осы болар. Әжептәуір абиырмен отырғанымда, Сәли атам мені әшкерелейін деді. Елде болған жағдайды күндіз айтып ем ғой оған. Қайдан білейін ол сырымды шаршы топтың ортасында жайып салатынын. Болары – болды, сабыр сақтайын деп күбіжіктемедім.

– Ауылындағы бригадирді ұрыпты. Әлгі ақымақ бригадир Айшаға күн көрсетпейтін көрінеді «халық жауы» деп. Соған шыдай алмай, мына батыр біреуді жазым қыла жаздапты. О да сорлы екен, шынашақтай баланы соттатамын деп ауданға шапқылапты. Сөйтіп, бізді паналап келген түрі мынау...

– Оттапты, – деді Қали атам айылын жимай. – Мен Сейітжанға айтамын. Ол Жуалының милициясын біледі. – Қорықпа! – Мені бауырына тартып, шашымды ұйпалап, еркелетіп қойды.

– Міне, нағыз батыр, – деп, тұңғыш рет әңгімеге араласты Сатай атам.

– Аруағыңнан айналайын, Тұрған анамыздың қаны бар ғой Барсханда, – деп, Қали атам Тұрған анасын көріп тұрғандай алысқа қарады. Мен білсін, түсінсін деп:

– Сенің шешең Айша болғанда, Айшаның шешесі – Құлыхан. Ал Құлыхан осы отырған бәріміздің бауырымыз. Бәріміз Тұрған анадан туғанбыз. Тұрған ана – аса көріпкел, үлкен дәрігер, әулие кісі болатын. Сондай анаңның аруағы қолдасын сені, Барсхан! – деді.

Төрт шадияр қолдарын жайып: «Әумин!» – деді.

* * *

Сөйтіп, мен нағашыларымның үйлеріне кезек-кезек қонып жүрдім. Қабақ шытқан біреуі жоқ. Бөпетай атамның үйіндегі Адас апам да құрақ ұшып, құрдай жорғалайды. Соншалықты мен ненің шікірәсі? Айшаның, Мұртазаның құрметі шығар. Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық деген осы болар. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатайлардың ең үлкен ағасы Жүніс дейтін кісі болған екен. Ол марқұмның бәйбішесі Шолпан апа қырғыздың қызы екен. О да үйіне шақырды. Үйінде бойжеткен Оңал деген қызы бар екен. Бұрымдары тілерсегіне түседі. Өзі әсем. Бірақ қолында, бетінде ақ таңдақ бар. Содан қорланады.

Кейін-кейін ондай ақтаңдағы барлардың талайын көрдім.



Өзін қор тұтқан ешқайсысы жоқ. Ал Шолпанның мына бойжетіп, отырыңқырап қалған қызы жұрт көзіне көрінбейді, үйінен шықпайды. Намысқой. Отырып алып кітап оқи береді. Менен: ананы оқыдың ба, мынаны оқыдың ба деп сұрайды. Мен кітабы тұрмақ, атын естімеген жазушыларым. Тұңғыш рет «Жұмбақ жалауды» сол үйден көрдім. Бастап оқып едім, бас ала алмай байландым да қалдым. Ғабиден Мұстафин деген жазушы бар екен. «Өмір мен өлім» деген шағын, сұр мұқабалы кітабын да қотарып тастадым. Бір орыстың «Порт-Артур» деген кітабын да аудармадан тауыстым. Әсіресе Ғабдол Сланов деген жазушының «Арман ағысы», «Дөңасқан» деген кітабын екі рет қайталадым-ау деймін. Сахи, Таңат дейтіндері бар екен. Солар сияқты болсам-ау деп қойдым. Жаман адамдармен жауласып, құм ішін кезіп, көк бөрідей жортуылда жүргендер өзім сияқты көрінді.

Кітаптарды бірінен соң бірін қылғытқанымды көрген соң Оңал мені жақсы көріп қалды. Махан, Әшірбек деген ағалары әскерге кетіпті. Махан соғыс басталарда Брест дейтін қалада екен. Хабар жоқ. Әшірбектен хат келіп тұрған екен, соңғы жыл одан да хабар үзіліпті.

Қайда барсам да алдымнан бір үміт пен күдіктің жағаласып жатқанын көремін. Мынау үй де сондай. Кәрі кемпір, бойжеткен қыз. Күліп, жарқылдап отырған болады. Сәлден соң көздерін қасірет торы қамалайды.


Бір күні Оңал:

– Әй, Барсхан, қой көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер дегендей, кітап көрмегенсің бе, немене, бала болып, далаға шығып, сен де ойнасаңшы, – деді.

– Ешкімді танымаймын, кіммен ойнаймын? – деймін.

Оның үстіне мен енді ойын баласы емеспін. Ауылда болсам, Тасбет маған элеваторға бидай тасытып қояр еді. Енді ойласам, мына жүрісім ерсі. Елдің бәрі жұмыста. Мен бөтен елде жүріп, күндіз-түні кітап оқимын. Әрі десе, Оңғарбай атамның көк есегін мініп кеттім. Элеваторға бидай таситын басты көлік сол еді. Өзім қашқанымнан қоймай, есекті міне кеткенім... екі есе зиянкестік пе, қалай? Тасбет сотқа мұны да айтады ғой. Қайтайын десем – ұят, қиын.

Сөйтіп жүргенде, әлгі әңгі бәрін бүлдірді. Сәли атамның жүгерісінің аяқ жағына, арықтың ар жағына арқандап қоятынмын. Бір күні құтырды, арам қатқыр. Басқа біреудің жүгерісінің жанына бір мәш пайда болған екен. О да арқандаулы. Аласа ғана есек екен. Оңғарбай атамның көк айғыры соны көріп азынасын-ай келіп. Мені тулақ құрлы



көрмей, арқанымен қоса сүйреп алып кетті. Етпетімнен құлап, ажырап қалдым.

Мен орнымнан тұрып, соңынан қуып жете бергенше болмай, әлгі арам сұр есекке асылды-ай келіп. Анау да сорлы екен, олай-бұлай бұлталақтап қашқанды білмей, қыбыжықтап, құйрығын шыжбыңдатып, аузын қайшылап тұра қалды. Көк әңгі барып асылғанда, белі үзіліп кете жаздап, сүріне жаздап, жүгерінің ішіне кіріп кетіп, ойранды салды дейсің.

Сол-сол екен, арғы беткейдегі құжыра үйден бір бала жүгіріп шықты. Келе менің жағамнан ала түсті. Не орыс екенін білмеймін, не қазақ екенін білмеймін, әйтеуір, түсі бөтен. Көзі шақшиып от шашады. Мен құралпы, менен, бәлкім, үлкендеу. Сөзі түсініксіз. Бірақ аузынан түкірігі шашырап, кіжінгеніне қарағанда, мені оңдырмай сыбап тұрғанын сезем.

Менің жағамнан әлдеқайдағы біреу тұрмақ, Тасбет те алып көрген емес. Ақылға салуға болмай қалды. Әлгі қырт бір-екі рет мені түйгіштеп те жіберді.

«Кеудеңді ешкімге бастырма!» – деген Айша. Мынаны көрсе, Айша: «Менен тумай кеткір», – дейді ғой. Қой, болмас.

Сол білегіммен мойнынан қысып, ырғап кеп қалып едім, жерге бұрқ ете түсті. Үстіне мінип алып, кеудесін тіземмен басып, қос қолыммен басын жерге бір-екі рет түйіп-түйіп алып, енді беттен пере берейін дегенімде, арт жағымнан айқай шықты. Жалт қарасам – Сәли атам екен.

– Ойбай, тиме бәлеге!

Амал жоқ, астымдағы періні босатып, орнымнан тұра беріп едім, анау тағы жармасты. Аяғымнан шалып жіберіп, етпетімнен түсірді. Енді тебейін деп келе жатқанда, аунап түсіп, орнымнан ыршып тұрдым. Шапши бергенімде, Сәли атам қолымнан ұстай алды:

– Қой, қой! Тиме бәлеге!

Менің қолымның бос емес екенін пайдаланып, әлгі жынды бетіме тырнағын салып кеп жібергені. Бетім қанап қалды.

Сол екі ортада жұрт жиналды.

– Не болды? Не болды?

Даусы қырылдаған мен құралпы бала:

– Алдымен анау тиісті, мен көріп тұрдым, – деп, ақикөз албастыны көрсетті. – Петька тиісті!

Жан-жақтан:

– Қой, қой. Бәлелі көтке бармағыңды сұқпа! – десіп жатыр.



– Мынау бөтен бала ғой, – деп маған шұқшиысты. Сәли атам:

– Бұл – менің балам, мына Петьканың сырын білмейді ғой, – деді.

Мені білмейтіндер:

– А-а, – десті.

– Дегенмен қайсар екен. Петьканы жығып салып сабау деген...

– Ай, қайдам, Петька да қарап қалмас. Шешен екені рас болса, кекшіл ғой.

Петька бажылдап тұр. Шала-пұла орысша, арасында шешенше бірдеңе дейді. Жұлқынып тұр. «Моя кукуруза! Онықі есек... менікі есек...»

Енді жиналғандар мәз болып күлсін-ай кеп. Сөйтсем, Оңғарбай атамның көк әңгісі Петьканың сұр мәшін жүгерінің арғы шетіне шығарып алып, тағы да асылып жатыр екен. «Атаңа нәлет! Сазаңды берермін!» – дедім ішімнен. – Соған бола, ойда жоқта менің шатаққа қалғаным мынау, сенің қызыққа батқаның анау».

– Ой, Петька, нешауа, есегің енді екеу болады. Кішкентай ослик болады, – деп күлді мұрны таңырайғандау, шомбал келген, менен үлкендеу бала мәз болып.

Петька ызаланып:

– Менікі пчақ, нож! – деп, қолымен кеңірдегін бауыздаған белгі жасап, үйіне қарай жүгіре жөнелді.

– Ойбай, кетейік. Ағаларына айтса – талқанымызды шығарады, – деді жаңағы шомбал, таңқы мұрын.

Сөйтсем, ол Тұрсынхан деген бала екен. Алғашқы қырылдақ Біләл деген қарашай бала екен. Сәли атам айтты:

– Ана арамыңды ұстап әкеліп, қораға қамап қоймасаң, шешендер жарып тастайды, – деді.

Есіріп алған неме, әңгіленіп маған бой бере ме, Тұрсынхан, Біләл үшеуміз үш жақтап, әрең әкелдік. Шешендердің сұр мәшіне әуселесі құлай түсіп, құдай ұрып қалыпты.

Сөйтсем, бұл жаққа қарашай, балқар, шешен дегендерді Кавказдан көшіріп әкелген екен. Біздің Мыңбұлаққа немістерді көшіріп әкелгені сияқты. Шешен дегенді сыртынан естігенім болмаса, бірінші рет көруім. Шешен десе, мынау ауыл үрей. Маған бәрі таңғалысты. Қалай қорықпадың деп. Мен Петькамен батыр болып төбелескен жоқпын ғой. Оның шешен екенін де білген жоқпын. Оқыстан өзі тиісті. Амал жоқ, алыстым. Менің жазығым не? Сөйтсем, алыспастан, қарсыласпастан қаша жөнелуім керек екен. Мыналар солай дейді. Пышақ салады дейді. Мен қайдан білейін?

Петьканың екі ағасы бар екен. Екеуі де трактористі екен. Үлкен ағасы Нұрдин деген өгіздей дейді. Тракторы тығылып қалса, оппадан өзі сүйреп шығара береді дейді. Осы үшеуінің шешесі бар дейді. Бір мая шөпті бір өзі көтеріп кете береді дейді. Тұратын үйлері үй емес, үңгір дейді. Бұлардан бүкіл ауыл қорқады екен. Мен қайдан білейін?

Оңал әпкем:

– Ойбу, – деп бетімнің қанын жуып, орамалмен сүртіп, мақтамен йод жағып еді, ой, тызылдады-ай дейсің.

– Әп-әдемі, айдай жүзіңе дақ түсірдің-ау, балам, – деп Шолпан апам ренжігендей болды.

– Айда да дақ бар ғой, апа, – дедім.

Бұл шәлекейге араласқанымды біреу мақтады, біреу жақтырмады.

Таңертең Шолпан апам:

– Қалаға. Қалада Зиба бар ғой, Айшаның сіңлісі. Соған барып сәлемдессін де, – деді.

– Зиба... – деп Оңал үндемей қалды. Бірдеңе айтайын деді, айтпады. Бірақ оның не айтқысы келгенін кейін түсіндім.

ПАЙҒАМБАР ДА ЕСЕК МІНГЕН

Сөйтіп, нағашыларымның аулында аптадай қонақтап, енді қалаға кетіп барамын. Жүндес, жуас есектің үстінде – Шолпан апам, көк әңгінің үстінде – мен.

Нағашыларым, сірә, шешендерден сескенген болар, кешегі жанжалдан кейін мені көзден таса бола тұрсын деді-ау деймін, ойда жоқта Зибаның үйіне баратын болдым.

Әрине, Зибаға бармай кету – әбестік қой. Бірақ бәрі кенеттен шешілді.

Титтей күнімнен құлағыма сіңіп қалған атақты Әулиеата шаһарына келе жатырмын. Есекке мініп. Бөпетай атамның айтуынша, әкем Мұртаза бұл қалаға ақбоз ат мініп кіреді екен. Мен есек мініп келе жатырмын. Несі бар... Кейін білсем, Иса пайғамбарымыздың өзі де қасиетті қала Әрусәлімге, яғни Иерусалимге тұңғыш рет есекпен келген екен. Оған дейін әлемді аралап, Гималайда, әулиелердің



арасында көп жыл жүріп, өзі де әулиелердің әулиесі – Пайғамбарға айналып, дүйім дүниені аузына қаратқан Исаның өзі есек мінгенде, менікінің несі ерсі?! Ақбоз ат бұйырмаса, не шара?

Қалаға кіреберісте, еңіске түсіп, жайдақ су кешіп өттік. Оң жақта – жарлауыт бар екен. Шолпан апам сыбырлап:

– Отыз жетінші жылы осы жардың жиегіне адамдарды тізіп қойып, шетінен атып, орға құлата берген, – деді.

– Неғып?

– Өкіметке қарсы «халық жаулары» дей ме, қырды ғой, әйтеуір.

Жүрегім мұзда-а-ап сала берді. Жар жаққа жалтақ-жалтақ қарадым: Мұртаза көрінбес пе екен деп. Ойым айтты: Мұртаза Сібірде қалған деп. Сонда ғана тұла бойымның түршігіп, дірілдегені әрең басылды. Жардың күншығыс жақ беті қалың кіреш екен.

– Шолпан апа, мынау не?

– Ол орыстардың зираты.

– Ұшы-қиыры жоқ кірештер. Қырылып қалған ба, немене?! Не десе де, жарықтық, түсі суық. Бір жағы зират, бір жағы көше. Қала осылай басталды. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Өмірі мұндай үлкен қала көрмеген көк әңгі де елеңдеп, не болса соған құлағын тікшитіп, үркектеп қалады. Тағы бір су кешіп өттік. Оның жағасындағы ұзыннан-ұзақ биік дуалдың үстіне тікен сым керіп қойыпты. Дуалдың бұрышындағы биік ағаш үйшіктің жанында мылтық ұстаған біреу тұр.

– Шолпан апа, мынау не?

– Түрме ғой, шырағым.


Осыдан жеті жыл бұрын Боранды-Бурныйдың түрмесін көріп едім. Әкем Мұртазамен көздей тесіктен сөйлескенбіз. Анау сияқты милиционер мені желкемнен бүріп алып, лақтырып жіберген... Бірақ Боранды-Бурныйдың түрмесі мына сияқты биік дуалмен қоршалмаған сияқты еді, тікенек сымы да жоқ болатын.

Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Бір кезде қалың топтың ішіне кіріп кеттік. Не көп, адам көп. Арба-арба шөп.

Қора-қора қой. Мама ағашта тізіп байлап тастаған аттар, есектер.

Шолпан апамның айтуынша, бұл Атшабардың мал базары екен. Осында Тастанбек деген кісі болуы керек екен. Шолпан апам содан Зибаның үйі қай көшеде екенін сұрап білуі керек екен. Есегін маған ұстатып, өзі қой базарға кіріп кетті.

Ығы-жығы. Балпаң-балпаң басқан қара бөрікті адамдар, айыр қалпақ киіп адыраңдаған адамдар, ала тақия киіп жылмаңдап жүрген



адамдар. «Вода-вода! Кому вода?» – деп айқайлайды шелек көтерген мен сияқты бір бала. Су сатып жүр екен. О, тоба, суды да сатады екен, ә! Стақандап сатып жүр.

Бір-екі бала қолдарына шелек ұстап, сиырлар тұрған жақты төңіректеп жүр. Бір сиыр жапа тастай беріп еді, әлгілердің біреуі шелегін тоса қалды. О, тоба! Сиырдың боғына дейін жерге түсірмей, қақшып алады екен.

Біреулер бір-бір уыстай етіп баулаған жусан сатып отыр. Кәдімгі далаға өсетін боз жусан. Алушылар әлгі баулаған жусанды аударып, төңкеріп, салмақтап қояды. Жуандауын таңдайды. Жарымағырлар, Құдайдың далада өсетін жусанын жуанырақ байласа қайтеді.

Осылай қаланың қыбыр-жыбыр құмырсқа тірлігіне қара-а-ап отырғанымда, қасыма ала тақиялы екі бала келді.

– Ей, қозақ, ешәгіңді сатасың ау? – дейді, менің астымдағы көк әңгіні саусақтарымен шоқтығынан түртіп тұрып.

– Есек сатылмайды, – деп, шорт кестім.

– Сатмасаң, сатма, дәйіс! – деп, екеуі ыржалақтап күліп, кетіп қалды. Көп ұзамай қайтып келді. Шыннан айналдырайын деді. Қамсыз қалмайын деп бойымды тіктеп, қолымдағы қамшыны (Сәли атам берген) қысыңқырап ұстап, сақ отырмын.

– А, ләкин сатасың а? – деді біреуі.

– Жоқ! – деп түксидім.

– А, онда қапа болман, – деп, әлгі көк әңгінің шабына қолын тықты.

– Ей, тиіспе! – деп, қамшымды көтере бердім... Әлгі сұм шегініп кетті. Қорықты деп ойладым. Сол-сол екен, көк әңгіні шайтан түртті ме, білмеймін, тыпырлады да қалды. Артқы аяқтарын кезек-кезек тепсініп, пысқырынып, шыркөбелек айналып, туласын-ай кеп. Үстінен түсіп қала жаздаймын. Тағы да болса қаршадайымнан колхоздың жылқысын бағып, атқа мініп, тас тақым болып қалғаным бар, Құдай абырой бергенде, мына арам қанша тоңқып, мөңкісе де құламадым. Бірақ Шолпан апамның есегінің бұйдасы қолымнан шығып кетті. Ана мұттайым кәшімірлер соны алып кете ме зәрем қалмады. Дап-дардай болып, апамның есегінен айырылып қалсам – өлім ғой.

Әлгі екі ала тақия анадай жерде іштерін басып күліп, мәз болып тұр. Оларға – тегін концерт. Көк әңгі мөңкиді, мен құлап қала жаздаймын. Менің жаным шырылдайды, аналарға рахат.

Сөйтсем, бұл дүние өне бойы тұнып тұрған осындай оспадарсыз ойын екен ғой. Адамды адам қинап, содан рахат кешу, әу бастан-ақ бар екен, әлі де бар, әлі де бола береді.



«Әй, бұларың қалай?» деген ешкім жоқ. Қайта ана екеуіне қосылып, тобыр неме, ыржаңдасып күледі. Орысы да, қазағы да, сарты да. Еркегі де, қатыны да.

Нешауа. Иерасулимнің ғибатханасының алдында осындай тобыр Иса пайғамбарды да зәбірлесе керек. Пайғамбардың өзін сөйтіп қорлағанда, мен кімнің шікірәсі...

Тәңірі жарылқағыр, Шолпан апам келіп қалыпты.

– Не болды-ей?

– Білмеймін. Аналар, – деп, ала тақиялы жүгермектерді нұсқадым.

– А, өлігіңді көрейін еле! – деп, ала тақиялы жүгермектерді қырғызша қарғысқа басты. – Тантыған тентек! Нелерің бар тыныш тұрған балада?! – Шолпан апам тыпыршыған көк әңгінің бауырына үңіліп, қолын жүгіртіп еді, есек тыншыды да қалды. Сөйтсе, қаланың қулары оның шабына бөгелек салып жіберген екен.

– Жүр, – деді апам. – Білдім Зибаның үйін. Құдай қаласа, енді табамыз. Ойық көшесінде екен.

Атақты Атшабарды бірінші көруім осылай басталды. Әлі талай көрерімді дәл сол сәтте білген жоқпын.


Шолпан апам жайма базардың тұсынан өтіп бара жатқанда, «Олын, олын» деп қақсап тұрған өзбектің қатынынан маған тәтті сатып алып берді. Зығыр дәнін қант шырынымен дәнекерлеп, қатырып қойған тәтті екен. Мұндай дәмді болар ма?

Енді бір жерде иісін бұрқыратып кәуап пісіріп жатыр, бір жерде түшпара пісіріп жатыр... Мен үшін бейтаныс ғажайып иістер. Мұндай да береке, мұндай да тоқшылық болады екен-ау деймін. Ал сөйте тұра, қалтаңда тиының болмаса, бұл иіс тоқшылық емес, азап екенін әлі біле бермеймін.

«Қымыз, қымыз! Қымыз ішіңдер!» – деп жалынады бір әйел: «Шыннан тегін бере ме?» – деймін жалтақ-жалтақ қарап. Қайдан тегін. Әлдекімдерден ақша санап алып жатыр. Сүлеймен есіме түсті. Жақсы қымыз ішсе, жазылар ма еді... осы қымыздың шатағынан ойда жоқта, міне енді мен Әулиеата қаласын есекпен аралап жүрмін. Тағдыр осылай шығар. Атшабардан ылди түсіп, көшеге шықтық.

«Мынау – Балпық сарайы деген. Бұрын керуен-сарай болған», – деді Шолпан апам дәу көк дарбазаны көрсетіп.

Е, Бөпетай атам Мұртаза екеуі келетін Балпық сарай осы екен ғой. Ар жағында не бар екенін кім білсін, әйтеуір, көк дарбазасы күшті. Төрінде Керімбай болыс отыратын жер оңай дейсің бе? Сол Керімбайлармен



қатар отырған Мұртаза да тегін емес екен-ау деймін. Ал оның баласы, анау-мынау емес, зарығып көрген баласы мен – Барсхан – анадан да, мынадан да түрткі көріп, хан базардың ішінде есегім тулап, жұртқа күлкі болып, пұшайман жеп келе жатқан түрім мынау... Бетімді кеше шешен баласы тырнап алып, жаралап тастағаны тағы бар. Ыңғайсыз.

Біраз жүргеннен кейін, көшенің екі қапталынан да жәпірейген, жатаған үйлер жиілей берді. Және кілең қазақтар тұратын сияқты. Бір жақтан ауып келіп, уақытша тұрып, тағы бір жаққа үдере жөнелетіндей, мынау үйлер мығымдықты, тұрақтылықты сездірмейді. Балшықтан домбаздай салған сиықсыз үйлер. Қаланың ортасындағыдай емес, тал-дарағы да шамалы. Тура ауылдағыдай. Ағаштарын есек пен ешкі кеміріп тастаған.

Дегенмен ара-тұра дарбазасы биік үйлер де кездеседі. Соның бірінің алдында тұрған әйелден Шолпан апам:

– Зибаның үйі қайсы? – деп сұрады.

– Міне, – деді мыңболғыр.

Жапсарлас үй екен. Қорасы да, қақпасы да жоқ, жадағай, жалғыз үй. Есігінің алдына барып, есектен түстік. Үйге кірсек – ешкім жоқ, бірақ есік ашық. Сыртқа шығып, тамды айнала беріп едік, ар жақта огород бар екен. Бір әйел ары қарап, картоп қазып отыр. Жанында жасыл бешпет киген қуыршақтай қыз картопты шелекке салып жатыр. Үйдің күншуағында басы бақырдай, көздерін қолымен көлеңкелеп қысып алып, кішкентай бала ағаш атпен ойнап отыр.

– Ау, Зиба! – деп дауыстады Шолпан апам. – Жиен қыз-ау, біз келдік.

Әйел түрегеліп, біз жаққа қарады. «Құдай-ау, Айша қайдан жүр?!»

Жоқ, Айша емес екен. Көздерінің аясы кеңдеу, өңі құбаша, бойшаң екен.

Күн ысып тұрса да, орама қоңыр жағасы бар, мақталы пальто киіп алыпты. Басында алқымынан ораған шәлі бар.

Бізге жақындап келді. Шолпанмен көрісіп, амандасты. Маған қарап тұр. Кайтер екен деп Шолпан апам үндеген жоқ. Мен қайбір келісіп тұрған. Кісі сүйсінер түрім жоқ. Басымда Қорғанбайдың қисық кепкесі. Аяғымда ауыр бәтеңке. Бетімді шешеннің баласы тырнақ салып жаралап тастаған. Кебірсіп, қабыршақтанып, қан қатып қалған.

Зиба әпкем танымады, бірақ таңғалды. Жүзі жылы, күлімсіреп, тіпті елжіреп қарайды. Әйтеуір, жақыны екенімді сезеді, бірақ дөп басып айта алмай, екі иінінен дем алысы жиіледі. Мен шыдамай:

– Зиба әпке, мен Барсханмын ғой, Айшаның... – дей бергенімде,



бас салып, бауырына қысты. Бірақ сүймеді. Күнге қызған пальто бетімді жылытты. Пальто емес, жүрегі жылытып тұрғандай, тұла бойым шымырлап, бір аналық, туысқандық сезім менің жаныма шым-шым еніп, адам екенімді, мені де біреу жақсы көріп, аймалайтынын танытып, көзіме жас іркілді.

Егер адамдар бірін-бірі осылай құшырлана аймалап, бауырына басса, байлықсыз-ақ, атақ-даңқсыз-ақ бақытты болар еді... қайтерсің, біреу сенің қарайып, жер басып жүргеніңе қуанады. Біреу сенің осы дүниеге келгеніңді де көре алмайды. Мен жоқ болсам, менің орныма зығыр егетіндей-ақ, зығырданы қайнап жүреді. Адамдар әділдікті Күннен үйренбей-ақ қойды. Күн сен патшасың ба, пақырсың ба, байсың ба, кедейсің бе – ешкімді алаламай, бәріне сәулесін тең таратады ғой.

Адамдар әділдікті Қара Жерден де үйренбеді. Сен патшасың ба, пақырсың ба, байсың ба, кедейсің бе – Қара Жердің қойнына кірген соң бірдейсің. Патшаның етін жеген құрт, арық екен деп пақырдың етін жемей қоймайды.

Тән шаруашылығы осылай. Ал жан мәселесі... Өлгеннен соң тәннен жан бөлінеді дейді. Құдай құптаса – жаннатқа барады, құптамаса – тамұққа, тозаққа түседі дейді. О жақтан қайтып келіп, әңгімесін айтып, хабар берген ешкім жоқ. Бірақ Адал мен Арамның ара жігі, әйтеуір, бір ажыратылуы, содан соң әркім тиесілі үлесін алуы керек қой. Егер ондай таразысы болмаса дүниеде не мән, не мағына...

– Айша әпкем аман ба? Інің, қарындасың аман ба? – деп сұрақтың астына алды Зиба әпкем, енді мені екі қолымен иығымнан ұстап тұрып, бетіме тесіле қарап тұрды. Мен «иә, иә» деп жатырмын. Бір уақытта Зиба:

– Құдай-ау, Рахманнан аумайды екенсің ғой, – деді.


Рахманды білемін. Еміс-еміс есімде. Айшаның інісі, Зибаның ағасы. Сорымызға қарай, маңдайымызға сыймай кеткен.

Зиба әпкем бізді үйге кіргізіп, алты-жеті жасар, үкідей ұшып тұрған, сап-сары, көк көз қызды:

– Ақшагүл-ау, су алып кел, – деп жұмсады.

Примус деген болады екен. Жермаймен жанады екен, піскілесе, пысылдап, бажылдап жалын атады екен. Зиба әпкем оған шәугім қойып, шәй қайнатты. Түтін иіс қолқаңды атады.

– Ақшагүл-ай, мынау сенің бөлең – Барсхан, – деді үкі көз сары қызға. Көзін жұмып алып кішкентай бала кірді. – Бұл сенің кіші бөлең – Әбен, – деді Зиба әпкем маған.



Әкесі Мырзагелді соғысқа кеткенде, бұл Әбен жаңа туған екен. Қазір төртке шықса керек.

– Мырзагелдіден хат келіп тұр ма? – деп сұрады Шолпан апам шәй үстінде.

– Құдайға шүкір, әзір келіп тұр, – деді Зиба әпкем. – Осы жазда бір посылка жіберіпті. Ол не дейсіз ғой. Сабын. Әтір сабын екен. Соны базарға апарып сатып, кәдімгідей қаужаңдап қалдық. Әйтпесе карточкамен алған нан мына екеуіне кейде жетіп, кейде жетпейді, – деп, қызы мен ұлын екі жағына отырғызып, бастарынан сипап қойды.

– Біздің Махан мен Әшірбектен тырс еткен хабар жо-о-ок, – деп, Шолпан апам күрсініп қалды.

– Сабыр түбі – сары алтын, Шолпан апа, сабыр етіңіз. Бір жақсылық хабар келіп қалар, – деп жарқылдады Зиба. Сөз сөйлесе, көздері жарқылдап, даусы жарқын-жарқын шығады екен. Жайырақ сөйлесе, шаршамас еді, даусы ашық, ынта-шынтасымен, ықыластана сөйлегенде шаршап қала ма, немене, ентігеді.

Ентігетін себебі – Мырзагелді соғысқа кеткен соң, екі баланы асыраймын деп, емізулі баласы мен титтей қызды үйге қамап кетіп, жүн жуатын зауытта жұмыс істепті. Мұздай тастың үстінде, мұздай сумен жүн жуған қиын ғана емес, қиямет екен, бір жылдан кейін қос өкпесі ауырып, мүгедектікке шығыпты.

Мұны ол Шолпан апама айтып отыр. Мен тыңдап отырмын. Өкпесі баяғыда, қыз күнінде, Асаның суынан қыстыгүні кешіп өткенде бір ауырған екен. Кейін жазылған көрінеді. Ал енді жүн жуатын зауыт сол кеселді қайта қоздырып, құтыртып жіберіпті. Емделіп, ауруханаға жатайын десе, мына екі балаға қарайтын жан жоқ. Дәрі-дәрмек табылмайды. Борсықтың майына алмас қосып жеп, кеселі ептеп жеңілдесе керек. Бірақ ол дәрінің кесірі кішкентай Әбенге тиіпті. Бала неме төсектің астында тұрған майды жеп қойған ғой. Содан көзіне зақым келіп, әлгі көзін ұдайы жұмып алып, көлегейлеп жүретіні содан екен.

Шай ішіп, дастарқан жиылған соң, Шолпан апам қайтпақшы болды. Зиба:

– Отыра тұрсаңшы, – деді.– Шынымды айтсам, сағынып қалыппын. Таяқ тастам жерде тұрсақ та, бір-бірімізді көрмейміз. Нағашыларымды өзім іздеп барайын десем, мына екі баладан шыға алмаймын. Сәл көз жазып қалсаң – отқа түсіп кете ме, суға түсіп кете ме? Қаланың аты – қала. Көшеге шықса – мәшина басып кете ме деп қорқасың. Онсыз да



ана Әбеннің обалына қалдым білем. Байғұс басым, әлгі борсықтың майын биік жерге қойсам ғой, бала неме мұндай хәлге ұшырамас еді. Енді қайдам, көзі шыннан кем болып қала ма? Дәрігерге де апармадым...

– Жиен қыз-ау, тірі адамның тіршілігі біткен бе? – деп, Шолпан апам бәрібір орнынан тұрды. – Әлгі сен жуатын жүнді зауыттан алып, жіп иіреміз ғой. Жібін әкеліп өткізіп, соған нан аламыз. Сөйтіп күн көріп отырған жоқпыз ба. Басқадан қалсам да, әзір ұршықтан қалған жоқпын. Мен күн жарықта қайтайын. Мына Барсхан қасында бола тұрсын, қаланың бұзық балалары ұрып кетіп жүрмесін. Өзі де ұрыншақ көрінеді. Көрмейсің бе, келе сала шешеннің баласымен төбелескенін. Біздің ауылда бала тұрмақ, үлкен адам олардың жел жағынан жүрмейді.

Шолпан апам өзінің есегіне мініп кеткен соң, көк әңгі жалғыз қалды. Пысқырынып, біраз тыпырлады. Есіктің алдындағы аласа дуалдың көлеңкесіне апарып байлап қоймақшы болып, дуалдан айнала беріп едім, аузы үңірейген жертөле бар екен. Содан бурыл шашы бұрқыраған, көздері сұп-суық жыланның көзіндей кірпік қақпай қалған, үсті-басы алба-жұлба бір кемпір шыға келді. Зәрем қалмады.


– Зиба әпке! – деп дауыстап жібергенімді де сезбей қалдым. Үйден әпкем шығып:

– Қорықпа, әжең ғой, – деп күлді. Күлгені қандай әдемі. Кемпір кірпік қақпай, маған қарап тұрып-тұрып:

– Сен Битөре емессің! – деді де, үңгіріне қайта кіріп кетті. Аңтаңмын. Қайдағы Битөре? Естісем бұйырмасын. Апыр-ай, мына Әулиеата дейтін үлкен шаһарда да жертөле болады екен-ау. Баяғыда соғысқа кетпей тұрғанда Махан ағам маған Тәңіртаудың Керегетасынан осындай бір үңгірді көрсетіп: «Аюдың апаны», – деп еді. Үрейім ұшып үйге кіргеннен кейін, Зиба әпкем:

– Немене, қорқып қалдың ба? – деп, қолымен иегімді көтеріп, – аузыңды аш, – деді. Ұп-ұзын, сүйрік саусағымен таңдайымды басты. Ғажап, денемнің түршігіп, дірілдегені лезде басылып, жаным жай тапқандай болды. Онысы несі екен?

Содан соң Зиба басқа істің бәрін жиыстырып тастап, менің қамыма кірісті. Су жылытып, әтір сабынмен шомылдырды. Сірә, мен көрмеген, майданда жүрген Мырзагелді жездемнің посылкамен жіберген сабыны шығар. Мұрныма бұрын сезбеген жұпар иіс келеді. Өз білегімді өзім иіскей берем. Шіркін, осындай әтір сабынмен жуынып, жұпар иіс бұрқыратып, мектепке барар ма едім. Мұғалім



апайдың алмабет, тәмпіш мұрын, тәлпіш қызы... таң қалып, қасымнан кетпес еді-ау...

Зиба менің өсіп кеткен ұйпа-тұйпа шашымды тарап, өткір қайшымен жан-жағын тегістеп, түзетіп қойды. «Шаштаразға алдырса болар еді», – деді.

Шаштараз дегенді көрген емеспін. Ауылға шаш қойып барсам, тәмпіш мұрын, тәлпіш қыз қызығар ма екен... А, бірақ Әлікүл атам ұстап алып, ұстарамен тап-тақыр етіп қырып тастайды ғой. Нәметқүл да сөйтер еді. Шаш қойғандарды өлердей жек көреді. Онысы несі екен?

Шешен баласының тырнағы тіліп кеткен бетімнің жарасы жібіп, қотырланған қабыршағы түсіп қалды. Зиба оған сықпамай жағып қойды.

– Бетің тіліңгір, қатын құсап бетке тырнақ салғаны несі? – деді Зиба айдаладағы шешеннің баласына ұрсып. – Енді сен ана кемпірден қорықпа, – деді маған. – Ол бейшара аздап ақылы ауысқан. Он үш бала тапқан ана ғой. Он екісі анау жаман жылдары бірінен соң бірі шетінеп кеткен. Битөре деген жалғыз ұлы қалған, оны майданға алып кетті. Ешкімі жоқ. Далада қаңғырып қалған ғой. Жан баласына жаманшылығы жоқ. Тек көшеде өткен-кеткен адамдарды қарайды да отырады. Битөре емес пе деп, көрінген адамның бетіне үңіле береді.

Содан соң Зиба менің көйлегімді жуып, күншуаққа жайып қойды. Бір сандықты ашып, ары-бері ақтарып, бір қоңыр шалбарды алып шықты.

– Мә, мынаны киіп көрші, – деді.

Киіп едім, белі кең, балағы ұзын екен. Бірақ түрі ұнайды. Жаңа сияқты.

– Мырзагелді жездеңдікі ғой. Аман-есен келсе, оған шалбар табылар. Мынаны саған тарылтып берейін.

Мырзагелді жездеміз соғысқа дейін мұғалім екен. Екі-үш костюмі болған екен.

– Қалада күнкөріс қиын ғой, Барсхан, қысылғанда Мырзагелдінің бір костюм-шалбарын базарға апарып сатып жібердім, – дейді Зиба. – Өзімнің бір цигейка тоным бар еді, оны да саттым. Енді қайтемін сатпағанда. Мыналарға, – деп, Ақшагүл мен Әбенді нұсқады, – бұл екеуіне сүт керек. Сауатын сиыр жоқ. Май керек. Өзіме де күшті тамақ болмаса, жөтел, атаңа нәлет ку жөтел қысады.

Сонда қалай, бұлардың күн көріп отырған тамағын ауыздарынан жырып аламын ба? Мына шалбарды базарға апарып сатса, талай ақша.



– Зиба әпке десе...

– Не Барсхан?

– Кимеймін.

– Нені?

– Шалбарды.

– Е, неге? Анауың тозып болыпты ғой. Біздің үйге тұңғыш келгенде, бізден киген костюмің осы болсын. Кішірейтіп берейін. Кәне, балағынан қанша алу керек, – деп, Зиба балақты бір жерінен борлап қойды. Ышқырға да бормен белгі салды.

– Бүлдірмей-ақ қойыңыз, Зиба әпке. Бәрібір маған кең болады.

– Ой, айналайын, бізді аяп тұрсың ғой. Оны білгеніңнен айналайын. Өзіңе шап-шақ жаңасын алып берер едім, көрмейсің бе қиын болып тұрғанын. Қуыс үйден құр шыққаның ұят болады. Саған бір шалбар кигізуге жарамасам, Айша әпкеме не бетімді айтамын? Ауру-сырқаудан аман ба өзі?

– Кім?

– Айша әпкемді айтамын.

– Ама-а-н. Бірақ...

– Немене?

– Көктемде қатты ауырып, қаны тасып, өліп қала жаздады. Аққыз апам болмаса...

– Ол кім?

– Тәуіп кісі. Бақсы.

– Содан жазылып кетті ме?

– Иә.


– Е, шырағым, Айша аман болсын. Айша кетсе, сендердің күнің не болады? Қайран әпкем... Сағындым.

Кенет Зиба иығы селкілдеп, булығып жылап жіберді. Сол-сол екен, жөтел қысты.

– Бала күнімізде бақытты едік, – деді жөтелдің ара-арасында. – Неге тез өтіп кетті сол дәурен?! Бір күнгідей болған жоқ. Әкеміз де жоқ, шешеміз Құлыхан да жоқ. Сүттібек пен Рахман да жоқ. Несін алдық Құдайдың? Мені ауру ғып қойғаны мынау...

– Қойыңыз, Зиба әпке... біз бармыз ғой, мыналар өседі, – деп, өзімше кісімсініп, жанымызда үрпиісіп тұрған Ақшагүл мен Әбенді иегіммен меңзеп қойдым.

– Рақмет, жаным, сен кәдімгідей кісі боп қапсың ғой, – деп, Зиба тігін машинаның қақпағын ашты.



Кеш түсе, қысқартылған шалбарды, жуылған көйлекті киіп көшеге шықтым. Шалбардың балағы да, белі де дұрыс. Бірақ құйрық жағы мен ауы даладай, кәдімгідей қампиып тұр. Соны көріп, Зиба кәдімгідей қынжылды.

– Мұндайға мен ұста емеспін ғой. Әттең, Ауагүл әпкем мұны жіптіктей қылар еді. Ол қаланың арғы шетінде тұрады.

– Зиба әпке! Ауагүлді Айша анда-санда айтушы еді, ол кім?

– Е-е, Барсхан, ол біздің үлкен әпкеміз ғой. Есей әкеміздің үш әйелі болған. Үлкені – Теңгекыз. Сенің ауылыңнан. Одан Сүттібек, Ауагүл, Бауагүл туған. Сүттібектен – Төлен. Ол қазір соғыста. Кім біледі? Жалғыз жәдігерді аруақ қолдасын да. Ауагүл осы қалада, Бауагүл бейшара жас кетті.

Аруағыңнан айналайын, Құлыхан анамыздан: Айша, Рахман, Зиба. Рахман жоқ. Айша, Зибалар әзір тіріміз. Құдай қанша жарық сәуле бұйыртады – бір өзі біледі. Түсіндің бе? Ауагүлмен әкеміз бір, шешеміз бөлек. Бірақ бөлек демейді, өте бауырмал. Шеберлігімен бала-шағасын асырап отыр ғой. Машинамен киім тігіп, базарға сатады. Күйеуі Рәт деген кісіні отыз жетінші жылы алып кеткен. Содан хабар жоқ. Сенің әкең Мұртаза жездем сияқты.

Ай, дүние, сол жезделерім бар болғанда, мен мұндай азапқа қалмас па едім... Тым болмаса, Құдай Рахманды тірі қалдырмады ғой. Төлен болса – соғыста...

Зиба ентігіп шаршап қалды. Ауагүлді сұрап нем бар еді.

Сөйтіп, мен кәдімгідей шікірейіп көшеге шықтым.

Есіктің алдына шығып, мені көрдіңдер ме дегендей, шікірейіп тұрмын. Ауы салбыраған кең болса да шалбарым бар, өзі бөз болса да көйлегім таза. Шашым түзелген. Сонда мен кімнен кем?!

Көшеден әрі-бері өткендерге көз салып тұрмын. Көбінесе ат арба, есек арба. Дырылдаған машина сирек. Сірә, мал базардан қайтқан болар, біреу құйрығы тегенедей қызыл қой жетектеп барады. Біреу бір марқа қозыны есегінің шоқтығына көлденең салып, алдына өңгеріп кетіп барады. Көшенің қарсы бетінде дәу дарбазалы үй тұр. Бергі беттегі жапсарлас үй де еңселі, қақпасы биік. Ал Зиба әпкемнің үйінің қақпасы жоқ, жан-жағы жалаңаш. Қасында үңгір там.

Осылай тұрғанымда арт жағымнан:

– Несіне тесілесің, Битөре бүгін келмейді, – деді әлгі дудар шаш кемпір. Жалт қарап, қаша жөнелейін деп едім:

– Қой әрі, адам көрмеп пе ең, мен сені жемеймін, – деді дудар шаш



кемпір. – Мені жұрт Көк Кемпір дейді. Сен де солай атасаң болады. Сен одан да ана есегіңді бақ. Аш тұр ғой. Бұл қалада мал ұстау қиын. Әркім малын құйрығынан ұстап жүріп, арық-атыздың жағасына жаяды. Сен де сөйт. Немене, жуынып, киініп алып, Төрткүл көшесінің қыздарына қырындайын деп пе едің? Әлгіде ғана менің үңгірімнен шыққан жабайы баладай едің. Лезде шырттай бопсың ғой. Зиба ғой ол, Зиба! Сен оны қинай берме. Қанша қалды дейсің?..

Кемпір осыны айтып, қайтадан үңгіріне кіріп кетті. Тілім байланып, мелшиіп мен қалдым. Маған міндет артып кетті. Біріншіден, есегімді отқа қоюым керек. Мұнысы – ақыл. Әйтпесе, көк әңгі мойны салбырап, көзі іріңдеп қапты. Екіншіден, Зиба әпкемді қинамауым керек. А, мұнысы түсініксіз. «Қанша қалды дейсің...» дегені не жұмбақ?

Көк әңгіні шешіп алып, үйді айналып, огородтың жағасына апарып, алақандай ашық жерге аяғынан тұсап қоя беріп ем, байғұс неме, басын жерден алмай, тұқыл шөпті қырши бастады.

Бұл тіршілігімді байқаған Зиба әпкем:

– Ой, ақылыңнан айналайын, есегіңді отқа қойғаның дұрыс, – деді. – Анау үйде Ескермес деген бала бар. Енді сонымен қосылып есегіңді бір мезгіл сыртқа шығарып бағарсың. Кешке қайтады, Ескермеске сонда айтамын.

Үйдің қабырғасына арқасын тіреп, шөкелеп отырды. Жанына келіп, шоқиып мен де отырдым. Әпкемнің екі бетінің ұшы қып-қызыл, албырап тұр. Пальтосын тастамапты. Көк Кемпір болса, көйлекшең жүр. Рас, көйлегі жамау-жамау, қырық құрау. Қалада да осындай киім болады екен-ау! Біздің Мыңбұлақта ғана ма десем...

– Зиба әпке, жаурап отырсыз ба?

Зиба бетіме күлімсірей қарап, ұзын саусақты алақанымен басымнан сипады:

– Барсхан-ау, дімкәстанып қалдым ғой, – деді.

– Зиба әпке, қай жеріңіз ауырады?


Әпкем төмен қарап, мұңайып қалды.

– Өпкесі түскір жарамай тұр ғой, Барсхан.

Лезде Сүлеймен есіме түсті. Мыңбұлақтағы Сүлеймен. Сағынып қалғанымды сездім. Өткендегі шатақ есіме түсті. Қымызға бола шыққан. Бір жұтым қымызға бола.

– Зиба әпке, қымыз ішсеңіз жазыласыз ғой.

Әпкем бетіме мейірлене қарады.



– Ақылыңнан айналайын, әшейін... Бірақ қымыз қайда? Есей байдың көк ала жылқысы жоқ. Жоқ қой...

– Иә, базарда бар ғой.

Жалт қарап, тағы да күлімсіреді. Жадыраған күлкі. «Алатын ақша қайда?» дегісі келді-ау деймін. Бірақ демеді.

– Базардың қымызы – қымыз емес, шалап. Көк шалап.

– Неғып?

– Сауда деген сондай болады. Барсхан. Алдайды.

Сірә, менімен сөйлескеннің өзіне шаршап қалды білем, екі иығынан дем алып, ентіге бастады. Мен үндемедім. «Осы жақсы адамдар неге ауырады екен? Сүлеймен ауырады, Зиба әпкем ауырады. Иса мұғалім ауырады. Жуанқұл мен Тасбет ауырмайды. Оларға ауру жоламайды. Бұзық адамдардан кесел де қорқа ме екен?»

Қасымызға келіп, томпиып-томпиып Ақшагүл мен Әбен отырды.

– Осы екеуіне бола тірі отырмын, Барсхан, – деді әпкем қайғылы кейіппен. – Әйтпесе, кесел жаман. Сен қорықпа. Әзір өлмеймін.

«Қорықпа», – дейді. Қорықпаспын-ау. Бірақ Дүйсенбайдың қара саулығының егіз қозысын қалай ұмытамын? Қара саулықты жылан шақты ма, әлде топалаң тиді ме – егіз қозы жетім қалды. Содан оларды Мамыт атамның ала саулығына телімекші болып еді, ала саулық оқшиып, шатаяқтап, әлгі жетімдерді аямай сүзіп-сүзіп құлатты ғой. Оны қалай ұмытайын? Сондықтан да жүрегім жап-жалаңаш қалып, аяз қарығандай қалтырады.

КӨК КЕМПІР

– Жаяу адам жатып, атты адам түсіп қарайтындай бопсың ғой, – деді Көк Кемпір. – Төрткүл көшесінің қыздарына қырындап тұрсың-ау, ә?!

Тарғыл-тарғыл тарпаң даусында кекесін бар. Оны сезіп қойдым. Қай-қайдағы қойқаптағы жындарым қозыңқырап, жабайылау жаман сөзбен жауап бергім кеп, тілім қышып, уын төккім кеп біраз тұрдым да, Зиба әпкемнің айтқаны есіме түсіп, жақ ашпадым.



Көріпкелі бар ма, білмеймін, менің не ойлағанымды о да сезе қойды.

– Жек көріп тұрсың, ә? – деді. – Боқтайын деп оқталдың, ә?

Ұрлығым ашылғандай сасып қалдым.

– Өкпең қабынып, өтің жарылмасын. Мен саған жамандық жасамаймын. Қорықпа. Жүр менің үйіме!

«Үйіме» дегенді мекіреніп, кекесінмен айтты.

Үңгір үйге баруға қорықсам да, бір жағынан қызық көріп, үркектеп, имене басып кірдім-ау.

Іші қап-қараңғы қашан көз үйренгенше. Көз үйренсе – ұядай ғана екенін аңғарасың. Төбесін жүгерінің сабағымен жауыпты.

Қураған сары жапырақтары ақ орданың желбауындай салбырап тұр. Жерде – жусан төсеніш. Содан да жусан иісі аңқиды. Екі ешкінің терісі жатыр. Бірі қара, бірі ақ. Екі бөстек. Бірі қара, бірі ақ. «Неге?» – деп сұрауға батпадым.

Бірақ Көк Кемпір сұрағымды айтпай білді.

– Өйткені, – деді ол, – үйдің іші қараңғы, дала жап-жарық.

Түсінбедім.

– Үйдің іші қараңғы, дала жап-жарық, – деп қайталады Көк Кемпір менің санама жетсін дегендей. – Жазда ылғи далада жүремін. Ал қыста қиы-ы-ын. Қыста ылғи далада жүре бермейсің. Үй болса қараңғы. Ұдайы от жағуға отын жоқ. Мені қойшы, Зибада да отын жоқ. Өзі өкпесі ауырса, отыны жоқ болса, суыққа қашанғы шыдайды? А?

«Соны да білмей тұрсың ба?» – дегендей маған ызғарлана қарады. Зәрем зәр түбіне кетті. Қараңғы үңгір. Ақ шашы дударлана бұрқырап, сексиіп кеткен. Өріп қойса қайтеді? Тым құрыса, шуда жіппен болса да түйіп, байлап қойса қайтеді? Жоқ. Дауыл соққандай бұрқырайды. Зәренді алады.


– Зиба бұл ауруды қайдан тапты деп ойлайсың, а?

Үндемеймін. Мен қайдан білейін?

– А-а, білмейсің... Туысқан болмай, туа шөк. Зиба саған өзің қиналғанда ғана керек. Жайшылықта халің қалай демейсің? А?

Үңгірден тұра кеп қашып, атып шыққым келді. Кемпір оны да біліп қойды.

– Тоқта, мен жемеймін. Жалмауыз кемпір деп тұрсың ба? Жемеймін сені. Бірақ тыңда. Зибаның байы Мырзагелді осы үйін соғысқа кетердің алдында ғана соқты. Соғып бітіре алмай, әскерге кетті. «Оу, қоя тұрыңдар, үйімді соғып болайын, содан кейін барайын» дегенге соғыс қарамайды. Соғыстың аңсағаны – азап. Күз болса келіп қалды. Қалған



жағын Зиба өзі соқты. Күздің қақаған қара суығында оппаға түсіп, жалаң аяқ, балтырын түріп алып, балшық иледі. Қыс түсе бітірді. Үйі қалай бітті, ішіне қалай кірді – Зиба солай құлады. Төсек тартып жатып қалды... Әне, өкпе ауруы.

Мұның бәрін мен қайдан білейін? Білсем, Зибаға шелекпен балшық тасып беріп тұрсам да көмектесер едім-ау. Бірақ Әулиеатадан жырақ, Қаратаудың ар жағында, Тәңіртаудың табанында жатқан мен оны қайдан білейін? Біз қайбір жетіскен дейсің? Жейдесі жұқа, қасіреті қалың біз емес пе едік?! Мына Көк Кемпір соны білмей, көкбеттігіне басып тұр ғой.

Осы ойымды оқып отырғандай, Көк Кемпір:

– Шекеңнің майы шылқылдап тұрмағанын білемін. Кескін-кейпіңнен көрініп тұр ғой. Балағы жырым-жырым шалбар киіп те адам жекжат-жұрағат аралай ма екен? «Басқа түссе, баспақшыл» болғансың ғой. Ал енді, – деді Көк Кемпір Зиба кішірейтіп берген қоңыр шалбарды нұсқап. – Мұның құны базарда бір арба отын. Зибаның бір ай жағатын отынын сен тылтитып бұтыңа киіп алдың...

Шыннан ба дегендей, көзім бақырайып кетсе керек, кемпір мені аяғандай жұмсарып:

– Ештеңе етпейді, – деді.– Ескермеске еріп барып, екі-үш күн жусан шауып, есегіңмен тасысаң, нан-тұзды ақтарсың.

Кенет Көк Кемпір шақшиып, көзі шатынап:

– Ойбу, сорлы басым-ай, мен сенімен мылжыңдасып тұрғанымда Битөре өтіп кеткен шығар. Менің үйімнің нөмірі жоқ қой. Адасып өтіп кетсе, Битөремді қайдан іздеймін?! – деп, үңгірден атып шықты. Сонынан мен де ата кеп жөнелдім. Көк Кемпір көшеге шығып алып:

– Битөре! Ойбой, Битөре-ее! Қайда жүрсің, жалғызым?! – деп айқайды салды дейсің. Көшеден ары-бері өтіп жатқан жандар, бұл азынауық дауыстан шошып-шошып түскендей болады.

Төрткүл көшесіне Көк Кемпір әбден мәлім көрінеді. Бірақ осы көшемен қалаға кіретін Талас, Сарысу, Қаратау, Билікөл, Бурыл халқы үшін бұл оқыс оқиға. Жолаушылардың көбі базарға мал айдағандар. Таластың құмдағынан қауын, дарбыз тасығандар.

Олар Көк Кемпірді жынданған деп ойлайды. Көбі шошынады. Біразы аяйды. Тіпті қайыр-садақа тастайтындары да бар. Бірақ Көк Кемпір оларға:

– Мен сендерден қайыр-садақа сұраған жоқпын ғой. Жандарың ашыса, маған Битөрені тауып беріңдер! – дейді.



– Ол кімің еді, байғұс-ау? – дейді кейбіреуі.

– Ол менің табынатын Тәңірім, – деп Көк Кемпір аспанға қолын жаяды. – Ол менің аспандағы Ай мен Күнім. Ол – менің жалғандағы жалғыз ұлым. Битөре соғыстан қайтпай өлген болса, онда Тәңірі де өледі, Ай мен Күн де сөнеді. Ал мен болсам, күйіктен өртеніп өлемін. Осындай сұмдық болсын демесеңдер, Битөрені тауып беріңдер. Ол менің үңгір үйімді таба алмай, адасып жүрген шығар. Көрсеңдер, жөн сілтеңдер.

Жолынан қалып, жиналып тұрған жолаушылар:

– Ей, бейшара, мұңлық ана! – дейді.

– Жалғызынан адасқан пәруана! – дейді.

– Ұлынан айырылған жалғыз сен емес, – дейді.

– Үмітсіз шайтан, жолын тос! – дейді.

– Көрсек айтамыз.

– Балаң келеді, жылай берме!

– Ақ шашты анаң жолыңды тосып тұр, – дейміз.

Көк Кемпір сонда аспанға алақан жайып:

– Айтқаның келсін, ағайын! Жолдарың болсын, жолдасың Қыдыр болсын, бауырларым! – дейді.

Дауыл тыйылып, теңіз шайқалғаны тоқтайды. Аспанды күңіренткен «Битөре» жаңғырық басылады.

* * *

Зиба әпкем екі иінінен дем алып, ентігіп отыр екен. Шелпегі кеңдеу танауына дейін тершіп кетіпті. Екі бетінің ұшы алманың қызылындай алаулайды. Мені көріп, аппақ тістері маржандай тізіліп, қасқая күлімсіреп:

– Қыдырып келдің бе? Не қызық көрдің? – деді. Көк Кемпірдің хикаясын айтып бердім.


– Өзің көңілсізсің ғой, біреу ренжітті ме? – деп бетіме үңіліп, басымнан сипады Зиба.

– Зиба әпке, – дедім жалтара алмай. – Сіз мына шалбарды бекер бүлдірдіңіз.

– Бүлдіргені несі? Кім айтты?

– Көк Кемпір.

– Не деп?



– Бұл шалбарға бір арба отын алуға болады екен.

– Ай, жарықтық-ай, онда несі бар екен...

Басқа біреу болса: «Ай, қу қақбас-ай!», «Ай, жалмауыз кемпір-ай!» – дер еді, Зиба: «Жарықтық-ай» дейді. Әулие тұта жаздайды.

– Сен соған сеніп қалдың ба, Барсхан? – деп Зиба шыннан күлді, – Мырзагелді жездеңнің киімдерін базарға апарып сатып, ақшасына отын алғаным рас, өткен қыста. Оның өзін мен көзін тауып сата алмаймын ғой. Ауагүл әпкем сатып берді. Ауагүл әпкеңді білесің бе? Айша әпкемнен үлкеніміз ғой. Осы қалада, Қапал көшесінде тұрады. Сені ертіп апарар едім, көрмейсің бе, мына жөтел қысып тұрғанын...

Мен көрмеген, бірақ Айшадан талай естіген Ауагүл әпкемнің үйіне бара алмадым. Оның есесіне Зиба әпкемнің картошкасын, сәбізін қазып, қабына салып бердім. Ескермес дейтін баламен бірге есекке мініп, Шайқорық деген ауылдың ар жағынан екі-үш рет отын тасыдым.

– Зибаға Құдай беріп қалды. Жұдырықтай екі бала, өзі ауру, халі әбден мүшкіл тартқанда, қолына інісі келіп, жаны кіріп қалды-ау, – десіп жүрді. Мұны тіпті Көк Кемпірдің өзі де мойындады.

– Сені мен Зибаның кәртішнәй нанына ортақтасып, масыл бола ма деп ем, иманды жердің баласы екенсің, – деді...

Төрткүл көшесінен Ескерместен басқа Рахметолла, Сағымбек, Сауқымбек деген достар табылды. Осылай жүре берсем, қалаға оп-оңай сіңіп кететін түрім бар.

Екіұдай болып, қиналдым. Зибаға қолғабыс болып жүре бергім де келеді. Бірақ туған үй, туған ел деген де қиын екен. Оны мен тым-тым ерте сезіндім. Жайшылықта қадірін біле бермейтін туған ауыл, қайран туған ауыл, алыста жүргенде жүрегіңді сыздатады екен. Аспанмен тілдескен тауларын, арқырап аққан суларын, сылдырап жатқан бұлақтарын, хош иісті киікоты мен дәру жалбызын былай қойғанда, шоңайна, шеттік, шошқатікеніне дейін сағынады екенсің. Шошқатікен кірш етіп, кіріп кетіп, табаныңнан қара қаның судай аққанда, аяғыңды малып-малып алатын майтопырақты аңсайды екенсің. Қалада майтопырақ жоқ. Жаралы аяқты майтопыраққа батырып-батырып алсаң, лезде жазылады ғой. Ем ғой майтопырақ.

Сол топырағына дейін дәру-шипа елден кетіп қалуға бола ма? Бірақ мен өз еркіммен кетпедім. Тасбеттің жаласынан, бәлесінен қаймықтым.

Айшаны, Құрмашты, Батырханды сағындым. Сүлейменді, Өсерді, Қамқа апамды, тіпті арам Жолдасбекті де сағындым. Мұғалім апайдың тәмпіш тәкаппар қызын да...



Сағыныш – менің ес білгеннен бергі жолдасым.

Сол жолдасым болмаса мен қайтпас та едім. Сағыныш дегеннің не екенін білмейтін Көк Есек сияқты қарным тойған жерде жүре берер едім. Көк әңгі ауылды мүлде ұмытқан сияқты. Айтпақшы, осы есекке бола, Айша Оңғарбай атамнан сөз естіп қалмаса нетсін. Екі-үш күнге деп сұрап алған. Екі-үш күн емес, екі аптадан асып барады. Оңғарбай атам шыдар-ау. Тасбет жаман ғой. Оңғарбай атама:

– Есегің қайда? – дейді.

– Оны қайтесің? – дейді Оңғарбай атам.

– Элеваторға бидай тасимыз.

– Есек жоқ, құрыған, – дейді Оңғарбай атам жақтырмай.

– Ә, бәлем, – дейді Тасбет. – Әлгі «халық жауының» баласы қашып кетіп еді, сол мініп кеткен болды ғой, сірә. Міне, бұл нағыз зиянкестік! Бұл үшін үкімет алдында сен де жауап бересің.

Оңғарбай атам шыннан қорқа бастайды. Өйткені осы Тасбет былтыр Сартай деген шалды есекке бола, «не есек, не өкімет құрымады-ау» дегеніне бола, соттатып жіберген.

Мен ауылға тез қайтпасам, міне, осындай оспадарсыз оқиға болып кетуі де мүмкін. Ал мені ұстатып, айдатып жіберсе – ол енді пешене мәселесі. Тағдыр не айтады, сол болады. Айша айтпақшы: «Жазмыштан озмыш жоқ». Он екі жастағы баланы соттай қоймас, соғысқа да жібере қоймас. Жіберсе, қашпас едім. Бірақ ФЗО дегенге, Қарағанды деген жерге айдайды дейді. Ол енді мен үшін беймәлім дүние. Бірақ ауылдағы Шақалақ шалдың баласы Ікімәт деген айтқан: «ФЗО-ға кетемін. Тамақ – өзінен, киім-кешек өзінен. Өкімет асырайды», – деп. Ікімәттің өз шешесі ашаршылықта өліп қалыпты. Ікімәт өгей шешенің қолына қарайды. ФЗО-ға кеткісі келетіні содан шығар.

Құдай Айшаны аман қылсын.

Менің ауылға қайтпақшы болып қипақтап жүргенімді Зиба біліп қойды.

– Сен келіп, қолым ұзарып, жаным кіріп қалып еді, қайтейін. Қайтсаң, қайт. Айша әпкеме де қолғабыс керек қой. Бірақ бір нәрсені Айша әпкеме айта бар, – деді.

Не нәрсе екен деп отырмын. Ентігіп, жөтелі күшейе түсті. Күл салған тостағанға түкіріп тастап, жөтелден әрең тыйылды. Орама жағалы сұр пальтосы үйде де үстінен түспеді. Аяғын көрпемен қымтанып алған. Тағдыр қол-аяғын бұғаулап қойған тәрізді. Бірақ соның өзінде



ханзададай қасқайып отыр. Танадай көздер жарқ-жарқ етеді. Танауы қусырылды.

– Мына заман алмағайып, – деді Зиба әпкем. – Соғыс бітіп, жездең тірі қайтса бір жөн. Ал соғыс бітпей, Мырзагелді қайтпай, мен сөне кетсем, мына екі баланың күні не болады? Детдомға өткізер. Өлтірмес. Бірақ детдомда нәсілінен айырылып қалады ғой. Орыс боп кетеді ғой. Айша әпкеме осыны айт. Бәлкім, өзінің үш баласына екі жетімді қосып алса, сауабына қалар. Жаман айтпай, жақсы жоқ дегенім ғой. Шамасы келсе, Айша әпкем менің көзім тіріде бір көрініп кетсін, осыны ұмытпа.

Көк әңгіні ерттеп қайтар сәтте, Зиба мені құшақтап, арқамнан көпке дейін сипалап тұрып алды. Үңгір үйінен Көк Кемпір шығып:

– Әй, тентек, мені жек көріп кетпе! – деді. – Битөренi сұрай жүр. Көрсең айт, анаң күтіп отыр де. Тірі де! Өлмейді де! Әлдеқашан өліп қалар едім, үміт өлтірмейді екен. – Кенет Көк Кемпір: «Битөре-е-е! Битөре-е-е!» – деп жан даусы шыға айқай салды.

САИД-АКБАР ҚОЖА

Жас баланы: «Ойбай, құбыжық! Кеп қалды. Жеп қояды!» деп қорқытпаушы ма еді. Бізді мектепте, пионерде, комсомолда: «Ойбай, қожа, молда жаман! Аулақ, аулақ!» – деп тәрбиеледі.

Мыңбұлақтағы мешітті құлатып, талқандады. Сол құлаған мешіттің қуыс-қуысына көк қарға ұя салатын. Біз көк қарға ұстап, мешіттің бұзылған қабырғасын таптап өстік. Табынбадық, таптадық. Файзолла, Сәмек атты зор молда, қалпе болған екен, қуғын-сүргінге түсіп жүріп, дүниеден өтті. Тірі жүрген Дошанай шын мәніндегі молда емес, тәуіпке тән. Сәмектің баласы Оспаналыға молдалық дарыған екен, бірақ ол өкіметтен қорқып бұғып жүреді. Тіпті беріде, дінге бостандық берілгенде де, бүкіл ауыл тілесе де, Оспаналы көнбей қойды. Молдалықты мойындамады. Аңқау елді алдамайын деген шығар. Бірақ ол арамза емес, сауаты да мол еді.



Сөйтіп, біз дінсіз өстік. Дін – құқай, дін – апиын. Сәби санамызға осы сөздер сіңіп қалған ғой. Ал енді Қали атам маған:

– Саид-Акбар қожамен келістім. Сенің ауылыңа, Мыңбұлаққа барады екен. Сені ала кететін болды, – дегенде, ішімнен «қап» деп қалдым. Жол жүргенге Шоқай апай жақсы еді, танымайтын, білмейтін қожа қалай болар екен?

Нағашыларым Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай мені орталарына алып: қалада не көрдің, не білдің деп, менің қалада болғанымды қызық көрген сияқты. Мен:

– Зиба әпкем сіздерге сәлем айтты. Ауруы асқынып барады. Огородын қазысып, отын тасып бердім, – дедім.

Нағашыларым: «Ой, азамат, ой бәрекелді!» – десіп қауқылдасып, желпініп қалды. Бірақ Қали атам қабағы түсіп:

– Мына тұрған Зибаның хал-жайын біліп тұрмаймыз. Мұнымыз әбес болды. Тым құрыса, отынын тасып беру қолымыздан келеді ғой, – деп қалды. Басқалары: «рас, рас», – деп, бас изесіп, әлдеқалай ыңғайсызданып, жүздерін төмен салып, тұқшиысып қалды.

Сонда әрқайсысы іштерінен: «Әй, әттесі-ай, балапан басымен, тұрымтай тұсымен, әркім өз күнін күйттеп кеткен қу заман. Әйтпесе Зиба біздің Құлыхан апамыздан туған өз бауырымыз, жиеніміз емес пе?!» – деп, опық жесіп қалғандай.

Мұндай ойға салып, түрткі болған – әлгі менің сөзім. Онымен қоймай:

– Мен ауылыма қайтайын. Сіздерге рақмет. Айшаға жетуім керек. Зиба олай-былай боп кетсе, кішкентай екі баласына кім ие болады? Мүмкін, Айша келіп қараса ма? Бұл – Зиба әпкеміздің сөзі, – дедім.

Нағашыларым мені жаңа көргендей, үндемей бетіме қайта-қайта қарай береді. Тым кісімсініп, тым ділмәрсіп кетсем керек. Баланың сөзінен гөрі, кәрі қақбастың сөзіндей етіп сұңқылдатсам керек. Ақыры Сатай атам:

– Тіл-көзден аман, тірі бол, шырағым! – деді.

– Шертайға тартқан ғой, – деді Бөпетай.

– Бүкіл Бектөбені безілдеткен шешеннің бұзық баласын бағындырып, әй бір айызымызды қандырдың-ау! – деп, Сәли атам сылқ-сылқ күлді. Күлмеген тек Қали атам:

– Оған мәз бола бермеңдер. Олар кекшіл келеді. Жазым қылуы мүмкін. Сондықтан Барсхан ауылына қайтса-қайтсын. Саид-Акбар қожа Жуалыға жүрмекші еді, сонымен келісейін, – деді.



* * *

Қайтар жол мүлде басқа болды.

Аса өзенінен өткен соң Айша-Бибі ауылы да, Күйік асуы да алыста қалды да, Саид-Акбар қожа Қаратауды бөктерлей, тура күннің батысына қарай тартты.

«Неге?» – деп мен сұрамадым. Сұрағым келеді, батпадым.

Сұсты кісі екен. Жоқ, жауқабақ, түкіс емес. Аса реңді, қыр мұрынды, тұнық қара көзді, дөңгелете қойған бурылша сақалы өте кескінді, келбеті сәл тәкаппарлау, бірақ үні жұмсақ, сөзі жібектей, дөрекіліктен бір белгі жоқ, аса иманды екені көрініп тұр. Кескін-келбетін көріп-ақ көңілің тойғандай. Міне, мұндай молда, қожалар қалың халықты аузына қарата алады. Сөзіне, Құдайдың құдіретіне сендіре алады. Амал жоқ, тәнті боласың.

Ал енді, базбір молда бар. Бетінде бір тал қылпық жоқ, майға қуырған бидайдай жып-жылтыр. Ондай беттің қай жеріне иман ұялайтыны белгісіз. Сорлатқанда сондай молда көп.

Саид-Акбардың жөні бөлек. Бұл – ғұлама. Қали атамның айтуы бұл. Бұхарда оқыған. Самарқан, Герат, Қорасан, Мәшхат шаһарларынан тәлім алып аралаған.

Бектөбедегі сіргелі Дәу Қалидың қызына үйленіп, содан перзент сүйіп, осы елде мүлде тұрақтап тұрып қалған. Қали атам – тегін емес, аруақты адам. Соның өзі: «Саид-Акбар да молла, Қарасуды кері қайтаратын зор оқымысты кісі ғой», – деді.

Міне, осындай зор адамның жанында жарбиып елге қайтып келемін. Бірақ соншалықты ғұлама, аса сыйлы, қасиетті кісі бола тұра, о да мен сияқты есек мінген. Есегі, бәлкім, менікінен гөрі бәсеңдеу. Қорбиғандау, басы дәу. Мұндай атақты адам арғымақ мінсе жарасар. Жорға мінген лайық. Әлде дәулеттің бары осы ма, әлде заманының ыңғайына қарай аласарып, көзге түспейін деп әдейі істей ме, әйтеуір, есекке мініп алыпты.

Дегенмен сол қорбиған әңгі жолға жайлы болар, әлде бұл жол оған әбден үйреншікті шығар. Өйткені Асадан өтіп, елсіз далаға шыққаннан қожекем көзін жұмып алып, ұзыннан-ұзақ сарынға салып, әлде дұға, әлде бәйіт айтып, жұп-жұмсақ қоңыр дауыспен әуендетіп, сар далада сарнап барады. Есек түзу жүріп келе ме, әлде басқа жаққа бұрылып кетті ме, онда шаруасы жоқ.

Мен өмірі мұндай әуен, мұндай зарлы әлде сағынышты сарын,



тұла бойыңды шымырлатып, тас боп қатқан жүрек болса да елжіретіп, көкірегіңе мұз қатып қалса да жібітіп, көзіңе еріксіз жас келтірер керемет әуенді естіген емеспін. Ұлы дария толқыны, шетсіз, шексіз ғалам сарыны, ғарыш үні уілдейді.

Сөзін түсінбеймін. Қай тілде айтып келе жатқанын білмеймін. Мен естімеген, мен білмеген тіл. Бәлкім парсы, бәлкім арабша, әлде көне түрікше ме – оған миым жетпейді.


Бірақ сөзін біліп керегі де жоқ. Сары алтынның саумалындай сарнаған сарын айтады: бұл жалған дүние өткінші, бір күндік ку тамақ үшін алысып-жұлысып, ағайын мен ағайын ренжісіп, ұрсысып жүргендері құр далбаса...

Мысалы, Тасбеттің өз боғымен жасты баламен ерегісіп, өшігісіп, қуғындауы, ағайын әлдекімнің айтағымен туысқанның үстінен арыз жазып, абақтыға қаматып, аттыртып, шаптырып, итжеккенге айдаттырып жіберуі, бір уыс бидайға бола жазалауы – бәрі-бәрі екі құмырсқаның төбелескеніндей қыбыр-жыбыр ку тіршілік. Осының бәрі өресіздік. Біреуді біреу қанап, біреуді біреу қамап, қорлап, зорлау – санасыздық. Адам – адам болған соң, хайуанаттан артық жаратылып, ақыл-есті болған соң, бәрінен биік тұруы керек қой. Құрт-құмырсқа, бақа-шаяннан айырмашылығы айдай әлемге әйгіленіп тұрсын.

Саид-Акбар қожа, мен білсем, осылай деп келеді. Сен бүгін күшті болып, өзіңнен әлсізді қорлап, әділетсіз өмір сүргеніңмен, ертең қара жердің қойнына кірген соң, сол әлсізбен бірдей боласың. Тіпті молаңа алтыннан күмбез тұрғызған күннің өзінде де әлгі әлсізбен бірдей боласың. Алтын күмбез сені құрт-құмырс-қадан сақтай алмайды. Құрт сені де, әлсізді де жейді. Екеуің де жемсің. Бұл – тәнің.

Ал жаныңның қай халде боларын, о дүниенің қай қиырында қаларыңды бір Алла өзі біледі. Бірақ жалған дүниедегі ізгілігің болса – ізгілігің, залымдығың болса – залымдығың ұмытылмайды. Алланың таразысы қылаудай қате жібермей, бәрін шотқа салып отырады.

Жалған дүниеде мыңды, миллионды, күллі халықты алдай алатын айлаң болғанмен, о дүниеде Алланың таразысын алдай алмайсың. Жалған дүниеде істеген жақсылығың да, жамандығың да алдыңнан шығады. Әсіресе жетім мен жесірді қорлап, зорлағанның кінәсі батпан-батпан ауыр дейді. Жуанқұл мен Тасбет соны неге білмейді. Білер еді, иман сабағы жоқ. Сабақ айтатындарды сабады, қамады, атты, шапты.



Сол сабақты мына Саид-Акбар қожа айдалаға, қарабауыр Қаратауға, тозаң жұтқан боз жусанға, қураған сасырдың сояуына, тас мия мен ащы кекіреге айтып келе жатыр. Пыр-пыр ұшқан қараторғайларға, ұялас ұшқан жабайы көк кептерлерге, құс біткеннің жалқауы марғау құладынға, құладынға ұстатпай жол бойында жылтың-жылтың, қутың-қутың еткен саршұнаққа оқып келе жатыр.

А, бәлкім, осы ғарыш үндес сабақ маған арналған шығар. Саид-Акбар қожаға менің дүниеде барым-жоғым «пішту» сияқты. Бектөбеден шыққалы бері бір назар салған жоқ. Өзімен өзі. Екі көзі жұмулы.

Ол Аспанмен, Алламен сөйлесіп келе жатты. Ауылда, тар үйде, тар жерде айта алмаған арманын мына кең дүниеге, елсіз-жұртсыз оңашаға шыққан соң ағытқан сияқты.

Қаратаудың бұлым-бұлым бөктерінен анда-санда киіз үй тіккен қойшылардың қосы көрініп қалады. Олар жол бойынан едәуір алыста. Оңашада, оқшауда қойшылардың иттері де ерігетін болуы керек, сонау қараша үйден арпылдап, әупілдеп шығып, айдалада келе жатқан бізге қарай ерінбей-жалықпай жүгіреді. Тамағы тоқ, қайғысы жоқ әумесер немелер ғой. Көрер едім, мен сияқты қарны ашып келе жатса...

Бектөбеден сәске түсте шығып едік, енді түс ауып, күн бесінге таяды. Әлі жүріп келеміз, әлі нәр татқан жоқпыз. Қоржынымда Қалатай апам, Шолпан апам салып берген жүгері нан, ежігей құрт, қауынқақ бар. Бірақ алып жеуге батпаймын. Әулиеге ілесіп келе жатып, бұралақтап аузыма жүгері нан тыққаным қалай болады? Құл неме демей ме? Қали атам айтқан: «Саид-Акбар қожа сенің әкеңді біледі» деп. Сонда Саид-Акбар екі көзі жұмулы; аспанмен, Көк Тәңірмен сөйлесіп келе жатса да, менің бұралақтап нан жегенімді сезіп қойып:

Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,
Жақсыдан жаман туса оңбас деген, –

деп ойламай ма?

Қаратау қойнауындағы қойшылардың иттері ерігіп әупілдегені жақсы болды: Саид-Акбар қожа көзін ашып, басын көтерді. Жол жағалай бізбен арпылдасқан иттерге, жанында келе жатқан маған таңдана қарап:

– А, балам, шаршаған жоқсың ба? – деді.

Шаршадым десем – осалдығым, шаршамадым десем – жалған, не



айтарымды білмей, әлгі абалаған маң төбеттерге қамшы сілтеп әуре болғансып, үндемедім.

Сонда Саид-Акбар қожа әлгі иттерге:

– Тәйт! – деп бір қарап еді, мені менсінбеген төбеттер лезде жым болып, құйрықтарын бұттарына қысып алып, ауылына қарай қыңсылап зыта жөнелді.

Бұл не деген құдірет екеніне ақылым жетпей, аң-таң болып мен қалдым. Әлгі иттер арттарына қарай-қарай безіп барады. Көздеріне не көрінгенін ешкім білмейді. Бірдеңе деп қыңсылайды. Иттің тілін мен түсінбедім.

Саид-Акбар көзін қолымен көлегейлеп, аспанға қарап:

– Бесін намаз болды-ау деймін, – деді. Ол менің қостауымды керек қылмаса да:

– Иә, иә, болды, болды, бесін намаз болды, – дей беріппін. Жан қиналса, осылай жалпаңдайсың.

Қожекемнің өзіне бұрыннан таныс, бұрыннан талай рет сая еткен жері болуы керек, жол бойындағы дәу бәйтеректің жанына тоқтап, көліктен түстік. Екі борбайым қарысып қалыпты. Бәйтеректің түбіне мөлдіреп аққан бұлақ бар екен, алдымен есектер өңменделп, бұлақтың аяғын ала суға бас қойды.

Қожекем дәрет алып, жуынып-шайынды. Қоржыннан кестелі жайнамазын алып, көгалдау жерге жайып, құбылаға қарап, бесін намазын атқарды.

Қоржынымды алып, оның бір басынан жүгері нанды шығарып қойып мен отырмын. Намаз кезінде малжаңдап нан шайнамайын деп, тілімді тістеп шыдап-ақ бақтым.

Мұным елеусіз қалмаған тәрізді. Саид-Акбар қожа намазды тәмәмдап, тамақты көріп, маған тұңғыш рет бағамдай қарап, жылы жүзбен:


– Қарның ашты, ә, балам. Ал, жеп ал! – деді.

– Сіз... Алыңыз, – дедім үнім дірілдеп.

Қожекем өзі ыдырап, үгітіліп тұрған наннан бір шөкім сындырып алып, аузына салды. Қайтып қол созбады.

– Құдай қаласа, ақшам шамасында Қанды асудың аузында отырған Айтқұл ауылға жетеміз. Сонда түнеп, демаламыз, – деді. Бірі Күйік, бірі Қанды... Қаһарлы асулар...

Көліктеріміз едәуір тыңайып қалыпты. Тағы да күнбатысты бетке алып, жортақтатып келеміз. Қожекемнің қас-қабағына қарасам, көңілі хош сияқты. Көмейіме келіп тіреліп тұрған бір сұрақты тәуекел деп қойып кеп қалдым:



– Қожеке, Күйіктің асуымен неге жүрмедік? – дедім. Қожекем бетіме бір қарады да:

– Күйік асуын көрдің ғой. Енді Қанды асуын да көр. Көрген жақсы, білген жақсы, балам. Әсіресе Қаратаудың бұл жақ тарабы тұнып тұрған тарих. Әулие-әмбиелердің мекені. Қарсы алдыңда, сонау күннің батар жиегінде, Баба Түкті Шашты Әзіз әулие жатыр. Соның түстігін ала, Бәйдібек бабаң жатыр. Одан әріректе Бала Бөген мен Ұлы Бөген тоғысар жерде, Домалақ анаң жатыр. Білесің бе Домалақ ананың кім екенін?

– Айшадан естігенім бар. Жете білмеймін.

– Ә-ә, жете білмейсің, әрине. Айшадан естігеніңе де шүкір. Қазіргі балалар мылқау, мәңгүрт боп өсіп келеді. Жеті атасын білмейді. Ұлы ата-аналарын білмейді. Жеті атасын білмеген – жетім. Түп атасын білмеген – тексіз. Ал сен, балам, тексіз емессің. Тек зерделе жүрсін. Халық «Домалақ» деп кеткен Нұрилә, жаның жаннатта болғыр, сенің ұлы Анаң, менің ұлы Апам. Үрмәттің, яғни, арабтың қызы. Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы. Өскеннен кейін басына барып дұға қыл, құран оқыт. Сауабын аласың. Рухы сені желеп-жебеп жүретін болады. Саған тағы бір айтарым: мені Қали атаң сияқты «Қожеке» демей-ақ қой. Жай «ата» де. Сенің Қали атаң арқалы молла, бірақ коммунист. Екіұдай: Құдайды да сүйеді, коммунистерге де қызмет қылады. Қайғы хал деп осыны айтады.

Ел орынға отыра, бір аңғардың аузында бұйығып қана жатқан шағын ауылға келдік. Жаппа тезектің түтіні аңғардың ішін аралап, иісі бұрқырап тұрған кез екен. Иттер шәуілдеп, енесінен адасқан бұзау мөңіреп, тіршіліктен белгі береді. Аңғардан лекілдеп ескен кешкі самалда әдемі әуен бар. Ықыласпен құлақ салсаң ғана естіледі. Әр жерден жылтырап әлсіз сәуле көрінеді. Жермай шырағданның сәулесі – миллион жылдық жол жүрген алыстағы жұлдыздың сәулесіндей әрі нәзік, әрі аяулы. Сол сәуле барда тіршілік бар, үміт бар. Дүниенің бір қуысында, бір Алланың уысында тығылып жатқан ауылдың да алдан, жақсылықтан үміті бар. Иә, Алла, жар бола гөр!

Айткұл деген кісінің үйіне түстік. Қожаны алақанына салғандай аялап, қол қусырып, кеш те болса тоқты сойып, жаны қалмады.

Шәйдан кейін мен ұйықтап қалыппын. Түннің бір мезгілінде біреу сипалап оятты. Қарасам, Саид-Акбар қожа: «Тұр. Тамақ пісті. Қолыңды жу», – деді.

Қазақтың қонақжайлылығы – осы.



Таңертең тағы жолға шықтық. Қанды асудан ары асып түскенде, Тәңіртаудың шыңдары күнге шағылысып жарқ етті де, айбынданып, айдынданып Жуалы деген жер жаннаты құшағын ашты.

– Өй, тентек, сен қайда кетіп қалдың? – деді Жуалы.

– Осы жерде өстің сен, Мыңбұлақ суын іштің сен! Алысқа ұзап, адасып кетіп жүрме, – деді Жуалы.

Әлденеге танауым қусырылып, тынысым жиілеп, тамағыма бірдеңе тірелгендей, көзімнен бір опасыз жас бұршақтап бұрқ ете түсті.

– Ауылыңды әбден сағынған екенсің ә, қызталақ?! – деді Саид-Акбар қожа. – Отан деген осы болады.

– Айшаға сәлем айт. Баяғыда, әлі сен тумай тұрғанда, қолынан дәм татқанмын. Мұртаза рахметлік ұдайы қолқа салып, қонаққа шақырушы еді... Ол қазір жаннатта. Жамандықтан жырақ, жақсылыққа жақын еді, марқұм. Оның жаны қазір жаннатта.

– Оның жаны жаннатта. Ал біз тозақта тұрмыз. Сонда Мұртаза жаннаттан қалай рахат табады? Қожеке, иә... ата, сонда аруақ бекер болғаны ма?

Саид-Акбар қожа маған оқыс бір қарап алып:

– Балам, бәле-жаладан, тіл-көзден аман бол, – деді. – Аруақ алдамайды, бір жақсылық болады. Ашынба!

– Ашынбасқа амал жоқ қой, ата. Бастықтар жүндей түтіп жейді. Содан Айша аурушаң болды.

Қожа басы салбырап үндемей қалды. Содан Мыңбұлақтың шетіне келгенде бір-ақ тіл қатты.

– Мен Тәжібай ақсақалдың үйіне түсемін. Айша сол үйге келсін. Сәтін салса, ем қонар, – деді.

Тәжібай деген кесе тақуа, Құдай деген иманды, текті кісі еді. Саид-Акбар қожа ылғи да сол үйге түседі.

Сөйтіп, Саид-Акбар қожамен бірге болған екі күндік жолсапар аяқталды.

– Ата, рақмет сізге, – дедім.

– Алла есендікте жолықтырсын. Аруақ, Құдай жар болсын, балам!

Тағдыр жазса, алда тар жолда Саид-Акбар қожамен әлі талай кездесеміз. Ол әңгіме кейінірек айтылады.



ТЕНТЕК КӨШЕ

Құдайдан патшаны адалынан, әділінен, ақылдысынан бер деп тілейміз. Баяғы hарон әл-Рашидтей патша қайда?! Наушарбандай патшалар енді қайтып туа ма, тумай ма, кім біледі? Патша тура жүрсе, халық та түзу.

Басшы ақылсыз болса – елге азап. Бастық әрі ақымақ, әрі араққұмар болса – нағыз тозақ. «Мына бастық оңбаған, орнынан алынсын!» – деп жақ ашып, айбат қылар біреу жоқ. Соғыс заманы.

Біздің Мыңбұлақтың бастығын түлен түртіп, елдің ішін бүйі тигендей бүлдірді. Бірің қалмай, жаппай жаңа қонысқа көшесіңдер, – деді. «Біз әлі жабайымыз, мәдениетіміз төмен. Қараңдаршы ана Евгеньевкаға, мына Андреевкаға! Көшелері түп-түзу. Біз де көше салып, соған көшеміз. Бұған көнбегендеріңді колхоздан аластап, итжеккенге жер аудартамын!» – деді.

Былай қарасаң, мұнықі әбден дұрыс. Рас, көше салу керек. Қазіргі үйлердің бәрі тозған. Балшық қыштан салынған үйлердің көбінің күнбатыс жағын Шақпақтың бораны мен дауылы мүжіп жеп қойған. Сол қабырғалар құлайын деп тұр.

Сондықтан бастықтың айтқаны өте дұрыс. Әр сайдың басына шошайып-шашырап жатқан ауыл бір көшеге жиналса – құба-құп.

Бірақ дәл қазір емес қой. Дәл қазір тұяқтары сіңіріне ілініп, «шықпа жаным, шықпа» деп отырған ел қайдан үй салады? Соғыс бітсін, ер-азаматтар оралсын. Әне сонда, сәл-пәл әлденіп алғанда, хан сарайын салып аламын десең де жарасады.

Жаңа көшенің бас жағынан үш-төрт үй де пайда болып қалды. Шамасы келгендер салған үй.

Бізге жер әлгі көшенің аяғынан тиді. Мейлі ғой. Бірақ Айша оңайлықпен шыдасын ба мұндай қорлыққа?! Қорлық емей немене: біріншіден, бізге кесіп берген жері қып-қызыл тастақ. Екіншіден, көшенің бас жағындағылардан су артылмайды. Сусыз құрап отырғанымыз. Үшіншіден, бізге жаңадан үй салып алатын қайрат қайда?!

Осыны айтып, Айша едәуір арпалысып көріп еді, бастықтардың жүрегі жібімеді. Көшесің, көшпесең, күшпен лақтырып тастаймыз деді. «Ескі үйлерді қиратып, орнына егін саламыз. Топырағы құнарлы. Айналаңа егін салып тастағанда, соның ортасында жалғыз үй отырмақшысың ба? Далбасалама!» – деп Жуанқұл жуандығын жасады.



Сөйтіп, ата-бабамыздан қалған ақ сарайдай үйімізден қуып шығарып, жүгімізді әлгі жаңа көшенің аяғына апарып, түсіріп тастады.

Амал жоқ, көртышқаншылап жертөле қаздық. Әскерге кеткен Нәметқұлдың қырғыздан алған Седеп дейтін қатыны бар. Сол көмектесті. Екі үй бірігіп, бір үйге тұратын болдық. Жеке-жеке қазуға шама жоқ.

Бір біз емес, елдің көбі жертөле қазып, соған кіріп алды. Сөйтіп, тұтас бір ауыл көртышқан халіне түстік те қалдық. Жерді үңгіп, астына түсіп кетті. Содан мұны жұрт «Тентек көше» деп атады.

Мен Әулиеата сапарынан қайтып келсем, колхоз қызылын жинап болып, бәрін элеваторға өткізіп, енді қызылша қазуға кірісіп жатыр екен. Оқу басталып кетсе де, оқушыларды қызылша жинауға қуалапты. Бесінші кластың партасына отырмай жатып, тәтті түбір науқанына мен де араласып кеттім.

Тасбет мені бұл жолы итжеккенге айдаттырған жоқ. Жамбыл жаққа қашып кетіп, жарты ай жүріп қайтқанымды итжеккенге баласа керек. А, бәлкім, мен Саид-Акбар қожамен ілесіп келгенімді есітіп, сол пірден қорыққан шығар.


Олай дейтінім, Саид-Акбар қожа осыдан бір жыл бұрын Тәжібай бірадарының үйінен бір қап бидай алып, еліне қайтып бара жатқанда, Теріске жетер-жетпесте алдынан Тасбет шыға келіп, әлгі бидайды тартып алып қалған екен. Сонда Саид-Акбар:

– А, шырағым, адал бидайымды алсаң ал. Бірақ соны менің үйіме әлі өзің әкеліп беріп жүрме, – деген ғой.

Айтса айтқандай, Тасбет мұрттай ұшып құлайды. Тілі байланып қалады.

Не керек, қожекем айтқандай, бір қаптың орнына екі қап бидай апарып беріп, жаны әрең қалғандай ғой. Сол Саид-Акбар қожамен бірге Барсхан ілесіп келгенін бүкіл ауыл көріп отыр ғой. Әй, осы бәлеге тиіспей-ақ қояйын деген болар. Тасбет маған неге кеттің, неге келдің деген жоқ. Бірақ оның есесіне көкіректен кетпес тағы бір қорлыққа салды. Бұл Тасбет емес, тасжүректің несін алғанымызды білмедім. Қыр соңымыздан қалмады. Әлде кезінде Мұртазадан бір қиянат көрген жайы бар ма? Айшадан сұрасам, әкең адам баласына қиянат қылған емес дейді.

Тастақ жерді өгіз жеккен соқамен әрең жыртып, тасын теріп еккен жасымық пен зығыр су ішпей құрап кетті. Таласбай бұлақтың суы Тентек көшенің аяғына жетпей-ақ қойды. Күн суи бастады. Қыркүйектің түні



салқын тартты. Үңгірде жата берсек, үсіп өлетін түріміз бар. Әлі де болса күз ғой. Қыс келгенде не боламыз? Сонда Айша айтты:

– Қараң қалғыр, қараң қалсын бүйткен өмірі! Бердімбет байдың ұрпағы үңгірде қатып қалыпты дегізбей, не де болса Мұртазадан қалған үйге барып өлейік, – деді.

Сөйтті де арбакеш Қуанышбайды көндіріп, өгіз жеккен сатылы арбасын ешкім көрмесін деп түнде алып, оны-мұны жүгімізді артып, өрдегі өз үйімізге қарай көштік те кеттік. Құдай Тасбеттің бар өнерін жамандыққа арнап берген шығар. Әйтпесе, ел орнына отырған қараңғы түнде ербиіп алдымыздан Тасбет шыға келе ме?! О да бір мезгіл үй иесі болып, тыныштық тауып, отбасында, бала-шағасының қасында отырса қайтеді?!

Жоқ, жол торыған қарақшыдай болып, астындағы атын ойқастатып, Бердімбет сайдың қабағынан шыға келді. Келді де:

– Әтәңә нәләт, көнтрә! Тәртіп бұзып, елге іріткі сәліп, көшкенің не?! – деп, аттың үстінен өгіздердің мойынтұрығындағы темір самияндарды суырып-суырып алды. Самиян алынған соң, әккі болған өгіздер шаңырақтай мүйіздерін шайқап-шайқап қалып еді, ағаш мойынтұрық сақыр-сұқыр етіп жерге түсті. Мойны босаған өгіздерді Тасбет қамшысымен ұрып-ұрып, алдына салып айдады да кетті.

Сөйтіп, арба Бердімбет сайдың аяғында, орта жолда қалды. Түн іші, енді кімге барып жалынамыз? Тәпе-тәннен мұндай сұмдықты күтпеген Айша, ә дегенде сөз айта алмай қалған Айша, есін жиып алған соң, арынының аузы ағытылып, айқайға бір басты дейсің:

– Тасбе-е-е-ет! Көріңде өкір, Тасбе-е-ет! Көріңде өкір! Аш ішегің аяғыңа оралсын, кәпір, тоқ ішегің тобығыңа оралсын, кәпір! Сендей имансыз кәпірді қара жер қалай көтереді? Қақ айырылып астына неге тартып кетпейді сендей қара қабанды? А? Бесіктен әлі белі шықпаған жас балаларымның жанына жара салдың. Сенің де балаларың осылардай шулап қалсын!

Атаңа лағнет, Тасбе-е-ет! Аруақ, Құдай бар болса, осы көрсеткен қорлығың алдыңнан шықсын. Бұл сасық дүниеде болмаса, о дүниеде!

Айша аспанға қарап қолын созып, алақандарын жайды. Саусақтары салалы еді, Ай сәулесімен садақтың жебесіндей болып, одан бетер ұзарып кетті. Ұзара-ұзара Айдың өзін барып түртетіндей. Жер бетіндегі мынадай қорлық пен зорлыққа, қаныпезер қатыгездікке, әділетсіздікке биіктен көзін жұма қарайтын Айды, Ай арқылы Құдіретті түртіп оятпақшы болғандай.



– Уа, Көк тәңірі! Жастайымнан жесір қалып, біреудің ала жібін аттамаған, ешкімге қылдай қиянатым жоқ, бейнеттен басқа рахатым жоқ мына менің жазығым не? Не жаздым? Не жазып едім саған, Құдай? Мені жазғырсаң жазғыр, мына үш жетімнің не жазығы бар еді?

Кенет арбаның үстінен үрпиісіп отырған үшеуімізге бұрылып Айша:

– Барсхан, Барсхан, Құрманкүл! Тұр, түрегел! Қолдарыңды жайыңдар! – деді.

– Уа, Көк тәңірі! Ая біздей бейбақтарды!

– Қайталап айтыңдар! – деп бұйырды бізге.

– Уа, Көк тәңірі! Ая біздей бейбақты! – деп шырылдағанымызда, Тәңіртау теңселіп кеткендей болды. Содан соң Айша айтты:

– Ал бүйтіп далада қалған жарамас, – деді. – Барсхан, сен түс. Мына мойынтұрықтың бір жағына мен, бір жағына сен жегілесің. Батырхан, Құрмаш! Сендер арбаны артынан итеріңдер!

Айшаның айтқанын істеп, өгіз орнына өгіз болып, ап-ауыр мойынтұрыққа басымды сұғайын. Айша – оң жағында, мен – сол жағында.

– Түстіңдер ме, ей? – деді Айша Батырхан мен Құрмашқа.

– Иә, иә, – Тоңған, жаураған дауыстары дірілдеп шығады.

– Ал онда итеріңдер!

Айша екеуміз алға тарттық. Ана екеуі арттан итерді. Бірақ арба орнынан былқ еткен жоқ. Алдымыз тым өр еді. Үстіндегі жүгі жеңіл болса да, арбаның сүйегі ауыр. Мойынтұрығының өзі мойнымды үзіп, желкемді қиып барады.


– Таста! – деді Айша.

Мойынтұрықтан басымызды шығарып, ауыр ағашты жерге тастай салдық. Оқтығымен қоса сақыр-сұқыр құлады.

Айша көрпе-жастықтар буылған теңді шешіп, Құрмаш пен Батырханға:

– Ал, жатыңдар, – деді.

Сөйтіп, сол қыркүйектің сап-салқын түнінде далада қонып қалдық. Көпке дейін ұйқы қашты. Арбаның үстінде аспанға қарап жатып не көресің? Айды көресің, баданадай-баданадай жұлдызды көресің. Бектөбедегі Қалатай апамның қуырған жүгерісіндей шашылып жатқан жұлдыздарды санамақ болып бақырайып жатырмын. Бірінен соң бірі екі жұлдыз аспанды отпен сызып, ағып түсті. «Мұртаза мен Әмірекұл, – дедім мен ішімнен. – Біздің мына түрімізді көріп, шыдамастан жандары шырқырап жерге құлады. Бізге көмектеседі».



Бірақ көмекке ешкім келген жоқ. Күдер үзіп, көзім енді іліне бергенде, Айша:

– А, Барсхан, – деді.

– Не?

– Бұл елден кетпесек болмайды екен.

Ұйқым шайдай ашылды...

АРТЫНА БҰРЫЛЫП МӨҢІРЕГЕН СИЫР

– Бұл елден кетпесек болмайды екен, – деді Айша. Жат бауыр, бөтен ел сияқты етіп айтты. Айша торыққанмен, менің санам көнбейді. Жат жерде жарты ай жүргенімде, осы елді, осы ауылды, Мыңбұлақты, Тәңіртауды қалай сағынғанымды айтып жеткізе алмаймын. Сөзбен айтып, Айшаға түсіндіре де алмаймын. Жарты айға сондай болғанда, мүлде көшіп кету деген не сұмдық! Онда мен сарғайып өлетін шығармын.

– Кетпей-ақ қойсақ қайтеді, заман түзелер.

– Зорақы заман түзелмейді! – деді Айша зілді үнмен. – Оның үстіне Зибаның тілегін өзің айтып келдің. Туған бауырым қан түкіріп жатқанда, қасында болмасам, бізге емшегімен сүт берген анамыз Құлыханның аруағы атпай ма? Менен басқа кімі бар Зибаның? Ауагүл әпкем қанша бауыр дегенмен, емшектес емес. Рахман болса, тайқы маңдайымызға сыймай кетті. Жоқ, Барсхан, көшеміз, – деді. – Алдағы қыстан аман қалмаймыз. Не отын жоқ, не шөп жоқ, не азық жоқ. Жуанқұл мен Тасбеттен болса да қайыр жоқ. Олар бізге өлім тілеген құзғын қарғалар.

– Мен өсіп қалдым ғой, енді бой бермеспіз.

– Бұларды біз жеңе алмаймыз. Қыстың күні жаман ашығамыз. Амал жоқ, ұрлық істейсің. Сені ұры қылып өсіргенімше, өлгенім жақсы. Соттатып жібереді. Бұл жерде жартымды оқу да жоқ. Қалаға барып оқисың, көшеміз! – деп кесті Айша.

Айтқанының жөні, қисыны бар. Қарсы келе алмадым.

Ертеңіне арбадағы жүгімізді үйімізге біртіндеп жаяу тасып болған соң, Айша Борандыға кетті. Әулиеатаға пойызбен бармақшы.

Үйге бас ие боп мен қалдым. Тасбет келіп:

– Шешең қайда? Қызылшаға неге бармайды? – деді.



– Шешем сенің қорлығыңнан ауырып, емделуге кетті.

– Қайда?

– Әулиеатаға. Саид-Акбар қожаға, – дедім әдейі.

Саид-Акбар қожадан қорқып қалған. Үндеместен атының басын бұрып алып, кете барды.

«Шақыртып жатыр» деген соң, мектепке бардым. Сөйтсем, оқу басталған екен. Жұмыс, жұмыс деп жүріп, оқуды да ұмыттырып жіберген екен. Ауданнан уәкіл келіп, балаларды қызылшадан босаттырыпты. Сабақ уақытында басталмасын, мектеп жабылып қалсын деген заң жоқ. Заңды қолдан жасап, қалталарынан суырып алып жүрген колхоздың бастықтары. Бұл үшін олар заң алдында жауап беруге тиіс. Бірақ олар бар кінәні соғысқа аудара салады. «Бәрі де майдан үшін!» деген ұран бар. Ол ұран тұрғанда, басқа заңдар артын қысады.

Бесінші класқа кіріп, ең соңғы партаға барып отырдым. Не кітап, не дәптер жоқ. Оқуға деген құмарлық, құштарлық сөніп қалған тәрізді. Әйтеуір, кластан класқа көшіреді, бірақ білім жоқ. Білім беретін мұғалімнің сиқы – былтыр жетінші бітірген Әбжанның Сейдін деген қызы есептен сабақ береді. Өзі білімнен ақсақ мұғалімнің шәкірті – тоқсақ.

Қоңырау соғылып, демалыс болғанда, шұбар мұғалім апайдың тәмпіш мұрын тәлпіш қызы жаныма келіп: «Қайда жүрсің, көрінбейсің?» – деді.

– Енді мүлдем көрінбейтін шығармын, – дедім.

– Неге?

– Әулиеатаға көшетін шығармыз. Бірақ сен ешкімге айтып қойма, – дедім. Қыз тәлпіштігін тыйып, ойланып қалды:

– Папам әскерден келсе, Әулиеатаға біз де көшер едік, – деді мұңайып.

Бұл да мұңая алады екен. Шіңкілдектеу, тым белсенді еді. Сөйткен бұ да уайымдайды екен.

Әулиеата жақ туған елі ғой.


– Хат жазып тұрсаң жақсы болар еді, – деді қыз үні тым жуасып.

– Жазамын ғой, – дей салдым.

Сөйтіп айтуын айтсам да, «мен кеткен соң Жолдасбек сұм сумаңдап, қырындайды-ау» деп ойлауым мұң екен, өзегімді бір жалын осып өткендей болды.

– Тезірек көшсеңдерші, – дедім қызға.

– Папам келмей, көше алмаймыз ғой, – деп сыбырлады ол.



– Папаң келсе, арттарыңнан іздеп барады ғой.

– А-а-а...

Қоңырау соғылып, сабақ басталып кетті. Көк көз татар жеңешеміз Ғалияның сабағы еді. Бірақ жеңеше демейміз. Апай дейміз.

– Ал, балалар, іштеріңде Махамбет ақынды білетіндерің бар ма? – деп сұрады Ғалия жеңеше-апай.

Кластың іші тым-тырыс. Жолдасбек күңкілдеп:

– Ол қай ақын тағы да? – деді.

– Махамбетті білмеген – мақау, – дедім алдымдағы партада отырған Жолдасбектің желкесінен түртіп.

– Ал, білгіш болсаң, айта қойшы, – деді.

– Иә, Барсхан, айта қойшы, – деп апай да қостай кетті.

Айша «Октябрь балалары» деген газет алдырып, маған ылғи оқытатын. Кейін сол газет келмей кетті. Сонда «Исатай – Махамбет» деген ұзақ өлең басылған. Әрі десе, Машанның кітабынан Махамбеттің өлеңдерін жаттап алғаным бар. Апайға осыны айттым. Апай:

– Онда бір өлеңін жатқа айта қойшы, – деді.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Көл қорыған сен едің.
Сен де айырылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айырылдым елімнен.
Сені көлден айырған
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған...

Ар жағын білсем де айтпай тұрып алдым. Ғалия апай шыдамсызданып:

– Ал, ал. Біліп тұрсың ғой, неге айтпайсың? – деді.

Мен: «Тасбет иттің екпіні» дей жаздап барып, әрең дегенде: «Хан Жәңгірдің екпіні» дедім-ау.

Балалар ауыздарын ашты да қалды. Онымен қоймай Хан Жәңгірдің кім екенін айтып бердім.



Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың... –

деп шұбырттым.

– Мынау бір пәле шығар. Мұның бәрін саған айтып беретін жының бар ма? – деді Жолдасбек күліп.

– Міне, бұл әдебиетке деген махаббат, – деді Ғалия апай.

– Махаббат деген немене, апай? – деп қыңырайды Жолдасбек. Ол енді Ғалияның ең жақын қайнысы. Еркінсіп тұрғаны содан. Жолдасбек – Жәрімбет бидің немересі, Ғалияның күйеуі Әнуарбек – Нұрымбет байдың немересі. Яғни, Жәрімбет пен Нұрымбет ағайынды.

– Махаббат деген – құлай сүю, – деді Ғалия салмақпен. – Махаббат – Отанды сүю, ата-ананы, туған-туысқанды сүю, жақсы көрген адамын сүю...

– Қыз Жібек пен Төлеген десеңізші, – деді Жолдасбек мүләйімсіп. – Ондайлар біздің класта да бар, – деп, көзінің астымен Әсемге бір, маған бір қарап қойды.

Ғалия мұғалім қатқылдау үнмен:

– Жә, жарайды, сабақты жалғастырамыз, – деді.

Сабақ біткен соң мектептен шығып сайға түсіп, Жалбыз-бұлақтың жанына барып отырдым.

«Біз көшіп кетсек, сенен енді кім келіп су алады?» – деймін. Қайнардың түбі бүлкілдеп, ұлпа құмды қайнатып жатыр. Сүмбіле келіп, су суыса да, шекшек шырылдайды. Ақырғы көбелек қалбаңдап ұшып, әлі сола қоймаған шашыратқының көкшіл гүліне қалтырап қонады. Көбелек жаздағыдай жайраңдамайды. Құйқылжып, ойнақ салып, ойнақтап, өрнек салып ұшпайды.


Неден, қалай пайда болатыны белгісіз, ақ жібегін шұбалтып, мизам ұшып барады. Құстар қайтып кетті.

– Біз де ұшамыз, – дедім мен.

Аспанда түйдек-түйдек бұлттар қалқып барады. Соңғы ақшылын тәмпіш мұрын тәлпіш қызға ұқсаттым:

Тәмпіш мұрын тәлпіш қыз... Енді оны ойлағанда, Айша баяғыда бір айтқан өлең есіме түседі. Жаугершілік кез көрінеді. Сонда үдере көшкен елдің көрінісі:

Барады аулым көшіп таудан асып,
Таудан асқан бұлтпен араласып.
Бірге өскен кішкентайдан, беу, қарағым,
Жүрерсің әлдекімге бауыр басып...



Тәмпіш мұрын тәлпіш қыз... Мен Әулиеатаға кеткен соң «үйшік-үйшікті» кіммен бірге ойнар екен? Кімге бауыр басар екен? Бәлкім, енді «үйшік-үйшік» ойналмайтын шығар. Біздің кластағылар, осыдан екі-үш жыл бұрынғыдай емес, өсіңкіреп қалды. Балалық дәуірден өтіңкіреп, ертерек есейді. Әрі десе, бұрынғыдай Мұса бауы жоқ. Өткен қыста отынға қырқылып кетті. Енді баяғыдай құстар ұя салып шуылдамайды. Туырлықтай түйежапырақтар өспейді. «Үйшік-үйшіктің» бас иесі Тұрымтай дейтін қыз да жоқ. Ерте жетілген шыбыштай боп, бір шалға жем боп кетті.

Тағы бір үлбірек үмітім бар: Айша Әулиеатадан қайтып келіп «Көшпейтін болдық» десе...

Әй, бірақ бос қиял. Өйткені кенеттен келетін ғажайып жоқ. Тек ащы шындық бар. Ол шындық айтады: биылғы қыстан сау шығуың неғайбыл дейді, қыстан шыққаныңмен көктемнің көкөзегі деген бар. Аш адамдар көбінесе көктемде қырылады дейді. Қырылып қалмас үшін, уақытша жан сауғалап, алыстағы жекжат-жұрағатпен жалғасу керек. Ауылдағы ағайын, әйтеуір, аман болсын, бар болсын, бірақ бізді қорғай алмайтынына көз жетті. Қорғар еді, егер Нәметқұл мен Махан болса, Орха мен Ноха болса, Сейсенбай болса. Олар жоқ қой. Сәл-пәл айбат қылар Дүйсенбайдың өзі бас сауғалап, темір жолдың жұмысына кіріп кетті.

Жалбызбұлақ. Мыңбұлақтың бір бұлағы. Мен кеткен соң қаларсың сен жалғызсырап. Анда-санда кетпенмен көзіңді ашып, тұнба балшығыңды аршып тұратын кім бар енді...»

* * *

Үш-төрт күннен кейін, Әулиеатадан Айша қас қарая келді. Қасында Сәли атам бар. Екі доңғалақты есек арба. Енді көшетінімізге шын көзім жетті. Кештетіп келгендері, сірә, Айшаның амалы. Ел көзіне түспей-ақ қояйық дегені. Намыс қой. Айша есек арбамен көшіп кетіпті деген намыс қой. Дос күліп, дұшпан табалайды.

Есі бар ел болса, күлмеу де керек, табаламау да керек. Есі бар басшы болса, колхоздан бір адам емес, тұтас бір үй көшіп бара жатқанда, етінен ет кесіп алғандай болмай ма? Кетпе, көмектесеміз, асыраймыз, өлтірмейміз демей ме?



Ондай басшы табылмайды. Қайта «кеткеніңнен келме, жатқаныңнан тұрма» деп артымыздан топырақ шашты.

Таң қылаң бере жолға шықтық. Айша түнімен оны-мұны, кәкір-шүкірді түйіншектеп, арбаға артуға ыңғайлап қойды. Оған мен көмектестім. Қаңырап бос қалып бара жатқан үйге арнап Сәли атам дұға оқыды. Айша үйдің ортасындағы тіреу ағашты құшақтап жылады.

Қайран да менің Отаным,
Қайтып келер күн бар ма? –

деп аңырады.

Көрші-қолаңнан жалғыз Баян келіп, Айшаға:

– Қой, өйтіп жылама. Құдай қайта қауышуға, қуанышқа жазсын, – деді. Айша оған:

– Мына иесіз қалып бара жатқан үйге бас-көз болып жүрерсің, – деді. – Біз жоқта аруақтар келсе, адасып қалып, күйзелетін болды-ау... – деп өксіді.

Сүйегі ауыр заттар сол Баянның үйінде қалды.


– Рәсім жасап, бір бозқасқа сойып, ел-жұрттың батасын алып көшсе болар еді, оған шама жоқ, – деді Айша. – Ұрлық қылған адамдай жасырынып барамыз. Иә, ата-бабаларымыздың аруағы, Мұртазаның аруағы, назалана көрме, – деп жалбарынды Айша. – Кешіре гөр!

Айша аруақтардан неге кешірім сұрауға тиіс? Маған осы жері түсініксіз. Айшаның не жазығы бар? Жазығы – жастайынан жесір қалып, үш жетімді жетілдірсем деп жанталасқаны ма? Мұртазаның, Бердімбеттің, Үкібастың, Тоқсанбайдың осы бір бұтағының ұрығы үзіліп қалмасын деп, жалаңаяқ жер кешіп, қызылаяқ қар кешкені ме?

Қайта кешірім сұрайтындай қабілеті болса, аруақтар кешірім сұрасын Айшадан. Рақмет айтсын, желеп-жебеп жүрсін.

Бай болған деседі. Байлығына – байпағым. Сол мыңғырған байлықтан бізге мұраға тышқақ лақ та қалған жоқ. Тісімізге бір түйір қызылы тиген жоқ. Қайта сол атам заманғы байлық, бізге ішпей-жемей бәле болып жабысты. Мына туған үйді, туған елді тастап, безіп бара жатқанымыз да сол қызығын біз көрмеген байлықтың кесірі.

Батырхан мен Құрмаш арбаның үстінде. Сәли атам мен Айша арбаның алдында. Есектің ноқта жібі Сәли атамның қолында. Арт жақта қара сиырды жетектеп мен келе жатырмын. Жар дегенде жалғыз



тұяқ. Бұзауын бір қап бидайға айырбастап жібергенбіз. Дәсері қаптай сол бидай қазір арбаның үстінде.

Кейде ескі сүрлеумен, кейде жолсызбен тартып келеміз. Балағымызға кәріқыз тікен жармасады. «Кетпе, қайда барасың?» деп бір адам айтқан жоқ. Алабота мен қарасора, қызыл жантақ пен торы тобылғы айтты. Тілсіз тіл. Аяққа сары шырмауық оралады.

Сәли атамның кебіс-мәсісі бар. Тірсегіне тікен кірмегені сондықтан. Бірақ тобығына шырмауық оралғанда, жығылып қала жаздайды, жарықтық. Сондықтан оған Айша:

– Нағашы-ау, арбаға отырсаңшы. Балалар жаяу-ақ жүреді ғой, – дейді.

Сәли атам күлімсіреп:

– Сонда мен баладан нашар болғаным ба? – дейді.

Былтыр Қали атам екеуі ақалтеке мініп келгенде, құдіреті күшті сұлтандай еді. Биыл бізді көшіріп әкету үшін есек арбамен келгеніне көңілім қаяуланып қалды. Тәңіртаудай тұлға тұтып, медет етіп жүрген нағашым аласарып қалған сияқты болды.

Шынында да, қартайып қалған секілді. Әй, бірақ адам екен. Өртеніп жатқан біздің үйге қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, Қаратау асып, Әулиеатадан жаяу келуі ер емей немене? Пейіш, жұмақ дегеннің бар екені рас болса, Сәли атамның жаны қазір жаннатта жайнаса керек. Лайым солай болғай!

Ал сол 1944 жылдың тары піскен қыркүйегінде, ер-азамат зорға шыдайтын азапты жолда, қос доңғалақты арбаны есекпен бірге сүйретіп, қабағын бір шытқан жоқ. Қалың бурыл қасы жапқан көзі күлімсірейді де тұрады.

Темір жолға дейін жолсызбен жүрдік. Қураған шырыштың сояуын, сиырқұйрықтың сабағын арба басып өткенде, қайбірі қайтадан бой түзеп, бізбен қоштасқандай тербеліп тұрады.

Айша мен Сәли атамның әңгімесі таусылмайды. Әңгімемен жол қысқаратын шығар. Әңгіме Есей байдан басталады. Есей бай Айшаның әкесі, Сәлидің жездесі. Жігіт кезінде Сәли сол жездесінің жүйрік атын мініп қашқан көрінеді. Есей бай артынан кісі жіберіп, жүйрігін екі құлынды биеге қайтадан айырбастап алғанын айтады. Айдалада екеуі әлдеқашан өтіп кеткен заманның әңгімесін айтып күледі. Құдай күлгеннен айырмасын.

Бірақ менің көңілім сергімеді. Біз алыстаған сайын артыма бұрылып қарасам, ақбас шыңдар биіктей түсіп, жүрегімді шымырлатады.



Осы шыңдарсыз өткен өмір маған өмір емес сияқты көрінеді. Таусыз елдің адамдарының көңіліне келмесін, мен көзімді жыртитып ашқаннан бері көргенім осы таулар болса қайтейін. Көзіме оттай ыстық көрінеді. Осы асқақ шыңдар болмаса, үстіме аспан құлап кететін сияқтанады да тұрады.

Анада Әулиеатаға кетіп қалып екі апта жүргенімде, осы таулар көзден таса болғанда, сағыныштан әрең шыдап едім. Ендігі күнім не болады? Екі аптаға емес, белгісіз мерзімге кетіп барамыз. Мен құсалықтан өлетін шығармын.

Айналайын Тәңіртау! Ая мені. Кетіп қалды деп қарғама. Дүние осылай боз боран бола бермес. Түзелер. Жуанқұл мен Тасбеттер мәңгілік емес қой. Олар да тұғырынан таяр. Ақжарылқап заман туып, азап қарыған арқамыз жылынар да жадырар.


Осы оймен келе жатқанымда ап-ашық аспанды бұлт торлапты. Тәңіртау көрінбей қалды. Әуелі Шақпақ жақтан желдетіп барып, артынан себелеп жаңбыр жауды. Шаң тұтқан жусан мен дермен шөптің кермектеу иісі бұрқ ете қалды. Бізді аяп адамдар, ағайындар төкпеген жасты аспан төкті. Аспан бәрін сезеді. Аспан бәрін көреді. Аспанның мейірімі түскен адам қор болмайды.

Мен мұнда қайтып оралғанша Қамқа тірі болар ма екен? Қоштаса да алмадым. Бата сұрау керек еді. Дошанай атам, Әбіш атам...

«Мұртазадай бозымнан қалған Барсхан» деп солар басымнан сипаушы еді... Бастан сипай салғанда тұрған не бар? О, оны сендер білмейсіңдер. Жетім болып көрмеген білмейді. Жетімнің басынан сипаған алақан жер астында жатса да шірімейді. Адамзат әр алуан. Біреулер сипаса, біреулер сол басты жарғысы келіп тұрады. Дүние содан ала-құла.

Терістің бойы «ен тоғай». Саздау жағалауда сыңсыған Сәмбі тал. Бұйра тал. Әлі жап-жасыл. Мыңбұлаққа қарағанда Теріс өзенін жағалап отырған елде береке бар шығар. Өйткені біз сияқты орман-тоғайын отай бермепті. Атың Теріс болса да, бетің түзу болып, бізге ақ жол тілей гөр, қасиетті қасқа су! Шақпақ таудан бастау алып сен шығысқа тарттың, Арыс батысқа тартты. Күннің шығысына қарап тіке тартқан басқа бірде-бір өзен жоқ. Сондықтан сенде сыр да көп, мұң да көп, жыр да көп. Сонымен де қасиеттісің, қайран Теріс.

Сәмбіталдың ара-арасымен жүріп жол тауып, судың жағасына да шықтық-ау. Терісті бойлап, жайдақ жерін іздедік. Ендігі кең, суы



жайылыңқы тұсына тоқтап, әуелі «тексеріп» көрмекші болдық. Мен түсейін деп едім, Айша жібермеді.

– Аяғың қысқа, шұңқыры болса батып кетесің, – деп, шөлкейін шешіп, сұр шинелінің етегін түріп өзі түсті.

Құдайға шүкір, Терістің суы жуас екен. Айша арғы бетке өткенде, кебіс-мәсісін шешіп, арбаға жегілген қара есекті жетектеп Сәли атам өтті.

Балағымды түрініп, қара сиырды жетектеп, ең соңынан мен түстім. Су салқын екен, екпіні кәдімгідей, мені едәуір тәлтіректетті. Өзеннің ортасынан өтіп, арғы жағаға жақындай бергенде, жетегімде келе жатқан қара сиыр мүйізін шалт шайқап, мойнын оқыс бұрып қалғанда, қолымнан бұйда жіп шығып кете жаздады. Қара сиыр артына бұрылып, алыста-алыста бұлдырап қалған Мыңбұлаққа қарап тұрып, үш қайтара мөңіреп-мөңіреп жіберді.

Содан кейін... мойнын қайта бұрып, жасаураған үп-үлкен, мөп-мөлдір көздерін маған қадап, танауларын едірейтіп, «пыс-с-с» етті. Сөйтіп, мен бұйдасынан тартпай-ақ, өз еркімен жайлап басып жағаға шықты.

Біз пенделер «сасық» деп қорлайтын сиыр атты хайуанның өзі отын оттап, суын ішіп жайылған жерін қимай, артына бұрылып тұрып, үш қайтара мөңірегенде, адам деген аты бар біз пақырға не шара? Терістің арғы бетінен ауылға қарап аңырап алдық. Өкпе-бауырымды біреу бұрап-бұрап, сығып-сығып, суын шығарғандай көзімнен жас ыршып-ыршып кетті.

Сонда Зеңгібабада едәуір сезім болған-ау. Зеңгібабада қасиет бар. Бәсе, Үндістанда зор шаһарлардың көшесінде сиыр жатса, оны орнынан тұрғызбай, кім де болса тағзым етіп, айналып өтеді-ау.

Өз мекені, өз Отанын мал екеш мал қимай бара жатқанда, адам жыламай қайтсін. Небір боздақтар Отанына аман-сау орала алмай, армандар ағысы мұхитқа айналған заман.

Бәлкім, сол Орха мен Нохалар сияқты мен де осы Отанды сағынып, зарығармын.

Ал өз Отанын сағынбайтындарға таңғаламын. Туған елін, өскен жерін іздемей, сағынбай, қарны тойған жерде жүре беретіндер... О, солар қиын.

Ащының алқабына шықтық. Алқап бірте-бірте қусырылып, бізді Күйік асуының тас аузына қарай тартып бара жатты.

Күйіктен асқан соң басқа бір өмір басталмақ.



Алда бізді не күтіп тұр?

Менің ғұмырыма жаңа кезең келмекші.

Он екіден асып, он үш жас көп сынаққа түседі дейді.

Аман-есен өтерім, әлде құлап қаларым әзір маған беймәлім. Алдымызда – Әулиеата.

Шақпақтың желі қатая түсіп, қара қарғалар қалбаң-қалбаң ұшты.

Қарғаларда қайғы жоқ. Қайғысыз-мұңсыз адам көп жасайтын көрінеді. Ал қарғалар үш жүз жыл жасайды деседі. Әрине, жасайды. Терістің жағасы толған тоғай. Ағаштың басы толған ұя. Қарғалар салған ұя. Үй мәселесі деген бұларда болмайды. Бас-басына ұя бар. Қарғалар қайғырмайды.

Ал біз болсақ қой «Тентек көшеге» үй сала алмай, жаз бойы жеркепеде зәбір көрдік. Бізді Мұртаза салдырып берген үйден бездірмек болды. Ақыры, бездірді. Безіп келеміз. Терістің суынан өтіп келеміз. Туған жерден, туған елден, туған үйден безіп келеміз. Біз қайдан үш жүз жыл жасаймыз. Қадам басқан сайын қайғы.

Кәріліктен бозаң тартып кеткен қартамыс қарға қарқылдап, Айша туралы:

«Ой, мынау әйел баяғыда келіншек боп келе жатқанда, дәл осы Терістен алтын-зермен жабулаған ақбоз ат мініп өтіп еді... Енді сирағын сидитып жалаңаяқ кешіп өтті» деп қыр-қыр етті. Табалағаны ма, таңданғаны ма, біле алмадым...

Шақпақтың желі арқамыздан итермелейді. Күніміз жалғыз есекке қарағанын көріп, көмектескені ме, жоқ, тезірек жоғал дегені ме, біле алмадым.

Ебелек ұшып, домалап бізден де озып бара жатыр.

Түйе қарын қаңбақ ебелекке қарағанда ебедейсіздеу болса, о да домалап барады.

Ай, Шақпақ жел, Шақпақ жел! Кімді ұшырарыңды білмейсің-ау. Біз сияқты жеңіл-желпі қаңбақтарды домалатқанша, жердің бетін, Жуалы жүзін арамдардан, әділетсіз хайуандардан тазартсаң еді... Дүлейсің ғой, дүлейсің, Шақпақ желі!



ЕКІНШІ КІТАП

АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ

Сәли атам бізді Тәңіртаудың бауырынан, Мыңбұлақтан көшіріп әкелуін әкелді. Қош. Қартайғанда тау асып, тас басып, есек арбамен жиен қызын үш баласымен көшіріп әкелу оңай емес. Онысы – ерлік. Бауырмалдық. Қысылғанда қол ұшын берген мейірбандық, имандылық.

Мұнысына сөз жетпейді. Мұндай жақсылықтың атын таппай әуре болдым.

Бірақ тұтас бір үй кімнің қолына сияды. Дайын тұрған бос үй жоқ.

Сөйтсе, Айша нағашыларымен, Зибамен, Зибаның әскерден аман-есен қайтқан күйеуі Мырзагелдімен ақылдасқанда тапқан шешім: біз Бектөбеде, нағашыларымыздың қасында қалмайды екенбіз. Сонау Бурылтаудың астында, Аса өзенінің бойында Молотов дейтін колхоз бар екен, сол колхозда он жылдық мектеп бар екен. Оның интернаты бар екен. Мырзагелді жездеміз сол интернаттың бастығы болып бекіпті.

Айша болса, Зиба сіңлісіне қарайласады, сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығады. Мен болсам, бір жағынан мектепте оқып, интернаттан тамақтанамын. Жездемнің малын бағамын. Құрмаш Сәли нағашымның қолында қалады. Батырхан бізбен бірге болады.

Біздің өмір осындай бір беймәлімдеу арнаға түсті де, бөтен ел, көрмеген жерге кете бардық.

Біздің алдымызда, өткен қыстың ішінде бұл жаққа қарашай, малқар, шешен, ұңғыш дейтін халықтарды зорлап көшіріп әкелген екен. Біз олардан да озып кеттік. Өз еркімізбен елден кетіп, жел айдаған қаңбақтай аунақшып жүрміз. Тоқтаған сайымыз – Молотов колхозы.

Мырзагелді жездем мектептің директорына айтып мені бірден жетінші класқа отырғызды. Алтыншы оқуым керек қой. Неге керек болғанын білмеймін, жездем мені жат та кеп мақтады.

– Алғыр болғанда түрі жаман, – деді мектеп директоры Досмырза дейтін егде тартқан, бармақ мұртты кісіге. Онынша класқа қазір көшірсең – қазір үлгереді.



Директор маған көзілдірігін түзетіп қарап:

– Апыр-ай, ә, – деді. Мен ыңғайсызданып:

– И-ә-ә, – деппін.

Онымды директор жездемнің сөзін қостағаны деп түсінбесе неғылсын. Менің «и-ә-ә» дегенім «өтірік» дегенім еді ғой. Директор қалай түсінгенін өзі біледі, бірақ маған:

– Абылайды білесің бе? – деді. Сөйтсем, өзі тарихтан сабақ береді екен ғой. Жездем шар-шар ете қалды:

– Оу, Досеке, программада қазақ тарихы жоқ қой. Абылайды оқытпаса қайдан білсін?!

– Білемін, – дедім мен саспай.

Досмырза мырс етті. Жездемнің көзі шарасынан шығып кете жаздады.

– Білсең, айта ғойшы, – деді директор.

– Абылай – Бөгембай батырдың жолдасы.

Директор мен жездем бір-біріне қарап мелшиді де қалды. Содан соң директор:

– Оны қайдан білесің, шырағым? Мектепте оқытқан жоқ қой, – деді.

Мен әкем Мұртаза бар кезде, қысқы кеште, біздің үйге кісілер жиналатынын, Жұмабай дейтін мұғалім Бөгембай батыр туралы жыр оқитынын айтып бердім. Дап-дардай үлкен кісілер сонда сақалдарына көз жастары тамшылап жылап отыратын. Неге жылайтынын мен қайдан білейін? Ол кезде мен бес жасар баламын. Мектепке бармаймын. Кейін Жұмабай мұғалім әскерге кетті. Ешкім қисса оқымайтын болды. Абылайдың хан екенін білмеймін. Бөгембай, Бөгембай дегенде ара-арасында Абылай естіліп қалады. Содан Бөгембайдың жақыны екен деп жүрмін ғой.

Директор мені сөзге келмей жетінші класқа отырғызды. Сөйтіп, бір класс аттап кеттім.

Бірақ соным бекер-ақ болған екен...

Содан бері еңбек етпей тапқан мал бойыма сіңген емес. Арам ас сияқты, құсып тастаймын. Ал кейбіреулерге майдай жағады. Сонда Құдайдың көзі мені ғана көреді де, аналарды байқамай ма?


Ондайда Айша айтады:

– Құдайдың құдіретімен таласпа, – дейді.

– Тағы не білесің? – деді Досмырза ағай.

– Махамбетті білемін, – дедім.

– Айтшы, кәне.



– Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Көл қорыған сен едің.
Ел қорыған мен едім.
Сен де айырылдың көліңнен,
Мен де айырылдым елімнен.
Сені көлден айырған
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған
Тасбет иттің... е-е, жо-жоқ,
Хан Жәңгірдің екпіні.

Бүлдіріп алдым. Атаңа нәлет, Тасбет қайдан киліге кетті?! Бұған директор таң қалғандай аңтарылып қалды. Бірақ жездем Махамбетті біле бермейтін болуы керек, менің «бүлдіріп» алғанымды сезген жоқ-ау деймін. Әйтеуір сампылдап:

– Әне, Досеке, ағып тұр ғой, ағып тұр, – деп мұрты аспанға шаншылып, аппақ тістері ақсия күлді. Директор ойланып тұр.

– Бәрі дұрыс, – деді.

– Е, бәсе, – деп жездем елпең ете түсті.

– Бірақ, – деп директор маған қарады. – Тасбетің кім?

Бәтіңкемнің тұмсығымен жер сызғылап, мұрнымды бір тартып қойып, тұқшиып төмен қарап қалдым.

– Бригадир, – дедім Тасбет естіп қоятындай сыбырлап.

– А-а, – деді директор. Аңғарымпаз кісі екен, түсіне қойды.

Басымнан сипап:

– Қорлығы өткен екен ғой, – деді. Көзімнен жас ыршып-ыршып кетті. Директор мені сөзге келмей жетінші класқа отырғызды. Алтыншы класты аттап кеттім.

Бірақ соным бекер болған екен...

ШОЛАҚТАУДЫҢ ШОЙЫН ЖОЛЫ

Шойын жолды бойлап жүріп келемін. Шпалдарына адымым жетпейді. Бірақ шпал басып жүргім келеді. Адымым жетпейді.



Кере түсемін. Шатым жыртыла жаздайды. Шпалдан аттап жүрсең – шаршайсың. Ал аттамай шпалдың өзін бассаң – жайлы. Бірақ оған адымым қысқа. Айша болса, аяғы ұзын, адымы жетер еді. Айша алыста. Мен жалғыз. Анасы лағынан, лағы анасынан айырылған киік сияқтымыз. Мен ұдайы оның соңынан ілесіп жүрер едім. Мыңбұлақта. Сон-о-о-оу Мыңбұлақта. Қыста қалың қар кешіп, түнделетіп, колхоздың маясынан шөп ұрлағанда. Бірақ неге ұрлағанда? Ол шөпті шабысып, арбамен тасып, маяға жиысқан үлесім бар емес пе? Айша да сөйткен. Таң азаннан қара кешке дейін. Ендеше несі ұрлық? Үш ешкіміз аш. Шөп бермесең өзіңді жеп қоймақшы. Көздері шақшиып, сақалдары да ұзарып кетті. Селтең-селтең етеді.

Құдекең де қызық. Ешкінің текесі мейлі, сақалды бола берсін. Ал енді шыбышқа, тушаға не жоқ? Сақалы несі? Ұрғашыға сақал жараса ма екен? Осы жерден бір қате кеткен. Құдекең де қызық.

Әне, сол ұялмастан сақалдары сапсиған үш ешкіге түнделетіп, қарға омбылап батып кетіп, шөп тасимыз. Сонда Айшаның адымы ұзын, менікі қысқа. Қарда көп із қалдырмау үшін Айшаның ізімен жүруім керек. Аяғым жетпейді. Жеткізуге тырысамын. Ә дегенде-ақ ақ тер, көк тер боламын. Сонда Айша: «Мұртаза маркұмға бойың тартқанша ойың тартсашы», – деп қоюшы еді артына бұрылып.

Мұртаза ойлы болып не бітірген? Қараптан қарап жүріп сотталып кеткені ме? Ұрлық қылмаса, кісі өлтірмесе, өкіметті боқтамаса. Неге сотталады? «Халық жауы» дейді. Бір адаммен, екі адаммен жауласарсың. Ал тұтас халықпен қалай жауласуға болады? Айтпай ма осылай деп сотта. Ойлы болса. Ойы тасып бара жатса. Енді не болдық? Түн ішінде қалың қарға омбылап шөп ұрлаймыз. Мұртаза болса өстер ме едік?

Наурыздың дымқыл таңы. Аспан дымқыл, жер дымқыл, ауыздан бу бұрқырайды. Айнала – ойдым-ойдым су. Шпалдардың арасы да су. Кешегі тасқын топанның қайтқан түрі.

Кеше Аса тасыды ғой. Интернат пен мектептің арасындағы өзекті су алып кетіп, кеңірдектен жүзіп жүрдік қой.

Жайшылықта моп-момақан Аса қалай тасиды, ә. Жарқабақтан асып кетті ғой.

Мен қазір мына қара май сасыған шпалдардан аттап келе жатып ойлаймын, мұншама телегей қайдан шықты деп. Сөйтсем, біздің Тәңіртаудың күші екен ғой. Өзі алыста. Тым алыста. Мына Бурылтау тасалап тұр. Көрінбейді. Бір көрінсе ғой шіркін! Сағындым ғой, Тәңіртау!



Бірақ кешегі тасқын сенің маған жіберген сәлемің шығар. Басыңдағы қалың қар еріген ғой. «Алтынкүрек» желі соғып еріткен ғой. Сол қар суы Ақсай мен Көксайды, Күркіреусуды тасытып, Терiске келіп құйған. Теріс Асаға құяды. Содан кім тасыды – Аса тасыды! Еңбектің бәрі Тәңіртауда, Ақсай мен Көксайда, Терістe. Кім тасыды – Аса тасыды! Атағы Асада қалды.

Сол Аса қазір жынын алдырған бақсыдай басылып, мына теміржолдың сол жағын бойлап, жарысып келе жатыр. Теміржол тіп-тік, тұп-тура, ал Аса болса ирелендейді. Бүлкілдеп жатқан боз-ботана сұр айдаһар сияқты.

Кешегі тасқыннан кейінгі мына бозала таңда, мына темір жол бойында менен басқа бір жан жоқ. Жалғыз өзім. Бәрін топан су жұтып қойған сияқты. Қыстың суығын қимайтын қарлыққан қарғалар ғана қалбаңдайды. Оңтүстікте – Бурылтау, солтүстікте – жаныстардың ауылы Қаракемер қарауытады. Арт жақта – Молотов ауылы. Алдым – болжаусыз буалдыр. Қарайған зат жоқ. Қос рельс жарысып барып-барып, бұлдырап көзден таса болады.

Діттеген жеріңе жету үшін алдында бір нысана тұрса... не тау, не шоқы, не шоқ тал. Мына жолда түк жоқ. Белгісіз, түпсіз тұңғиыққа кетіп барамын, сүңгіп барамын. Қос рельс сүйреп барады. Пойыз да жоқ. Не алдымнан шықпайды. Не артымнан қуып жетпейді. Пойыз жүрмесе шойын жолдың керегі не? Жалғыз өзім. Күллі тірі жанды кешегі топан су жұтып жіберіп, жер бетінде қарлыққан бес-алты қарға, жалғыз мен ғана қалған сияқтымын.

Кешегі топан сумен Құдірет жер бетін былғаныштан тазартып, су жаңа, тап-таза, бейкүнә тіршілікті қайта бастар болса, жалғыз менен басталады ғой. Неден бастаймын?

Неден бастайтынымды Көк Тәңір біледі деп аспанға қарадым. Аспанда кілегей бұлт қаптап алыпты. Кіржиіп тұр. Аспан кіржиіп, кірлеп тұрғанда жаңа дүниені жасауға болмайды. Жаман ырым. Аспан жас баланың жанарындай жәудіресін. Тазарсын.

Осылай деп келе жатқанымда алдымнан ойпаң-өзек шыға келді. Ойпаң толы қаптаған адам. Жақындап барсам, пойыз жолдың көпірін су шайып кетіпті. Құжынаған адамдар күрек, қайла, кетпен сермеп, зембілмен топырақ, тас тасып, «Жаңа өмірді», «Жаңа тіршілікті» менен бұрын бастап жіберіпті.

Шпалдан шығып, сайға түстім. Түспесем болмайды. Басқа жол жоқ. Темір жол үзіліп қалды.



Қарбалас жұмыстағы адамдардың көбі мені байқай да қойған жоқ. Байқамағаны да жақсы. Байқатпай өтіп кетсем де болар еді. Жанасқым келмейді. Түрлері бір түрлі.

Ай, болмады. Өзектің арғы бетіне жете бергенімде, шетте талтайып тұрған бір дәу мені өзіне айқайлап шақырып алды.

– Неге сәлем бермейсің? – деп қыспақтады.

– Әкеңнің аты кім? – деді. Айттым.

– Өзіңнің атың кім? – деді. Айттым.

– Қайда барасың?

Шалбарымның қалтасынан бүктеулі қағазды алып ұсындым. Артынан оным бекер болды ма деп қалдым. Дәу қағаздағы жазуды дауыстап оқып тұр.

«Жұма стансасы. Тура түбінде, теміржолдың оң жақ бетінде – Жұма ауылы. Көкше көз Рысбай Жаманқұловқа».

Дәу: «Ы-ы» деп қойып хаттың бүктеуін аша бастады. Біреудің хатын оқуға болмайды ғой. Бірақ «оқыма» деп қайтіп айтамын? Тағы да дауыстады:


«Аса құрметті, алтыннан ардақты, күмістен салмақты Рысбай ағамыз. Қалай аман-есен, сау-саламат жүріп жатырсыздар ма? Кенжекүл жеңешем күйлі-қуатты ма? Осы хатты ұсынушы Барсхан Мұртазаев – Зибаның әпкесі Айшаның баласы. Менің қолымда, интернатта жатып оқиды. Сенімді. Осы күзде қолыңызға қойған көк сиырды беріп жіберіңіз. Зибаға сүт керек болып тұр. Кеселі жаман. Көріскенше күн жақсы. Сәлем жолдаушы туысқаның Мырзагелді Қалибеков. 25 март, 1945 жыл». Дәу хатты оқып болып, қайтадан бүктеп өзіме ұсынды. Ұсынып тұрып басымнан аяғыма дейін бажайлап қайта қарап шықты. Мен де қарадым. Галифе шалбары, сұр кителі бар. Оң қолының орнында – қара қайыс қолғап кигізіп қойған протез. Сонда ойладым: біздің Мыңбұлақтағы Шолақ Сияқұлға неге осындай протез қол жасап бермеген деп. Сөйтсем, онікі тұқылсыз қол екен ғой. Протез ілетін жер жоқ. Галифе шалбарлы дәу, сірә, байқаймын: бастық. Ал мен бастық атаулыдан қорқақ болып қалған адаммын. «Бірдеңе деп, бәле салар ма екен», – деп тағы қорқып тұрмын. Ойлағанымдай дәу төменде жүрген біреуді:

– Әй, Бақтай, бері кел, – деп шақырды.

Бақтай – аузы салпыйыңқыраған, қыли көз біреу екен.

– Иә, Дәке, ләппай, – деп жетіп келді.

– Әй, Бақтай, мынаған бәс тігісесің бе, – деп галифе шалбарлы



шолақ Мырзагелді жездемнің хатын салпы ауыз сарыға ұсынды. – Қалай ойлайсың, мына бала сиырды алып қайта ма, жоқ, бос қайта ма?

Бақтай хатты ежіктеп, екі қайтара оқып шықты да, сонда барып мәніне әрең түсініп, маған бір қарады:

– Қайдам, берсе беріп қалар, туысқаны ғой, – деді.

– Мен білсем, бермейді, – деді галифе шалбарлы шолақ.

– Е, сиыр Мырзагелдінікі болса, неге бермейді?

– Бермейді!

– Береді!

Ерегіс қыза түсті де, ақыры «кім ұтылса – бір жарты қойсын», – деген келісіммен қол алысты.

Галифелі дәу сол қолын берді. Оң қолы протез ғой. Содан соң, дәу маған Мырзагелдінің хатын ұстатты да:

– Ал, бала, қайқай, енді сенің жолыңды күтеміз, – деді.

– Ағатай, Жұма ауылы әлі алыс па? – деп сұрадым дәуден аман-есен құтылғаныма ішімнен қуанып.

Дәу аспанға қарады. Жұма ауылы аспанда емес қой. Сөйтсем, күнге қарағаны екен. Күн – шаңқай түс шамасы.

– Күн бесінге таяғанда жетерсің, – деді дәу. – Тезірек қайт. Көрдің ғой. Бәстестік. Енді сенің жолыңды күтіп отырамыз.

Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы.

Сайдың арғы бетіне өтіп, рельс жолға қайта түстім. Әлгінің «бесін» дегені көңілімді қобалжытып кетті. Таңертең үйден шығып, Жұмаға бесінде жетсем, енді қайтарда Жұмадан Молотовқа қашан жетпекшімін?

Кенет шпалдан-шпалға секіріп, жүгіре жөнелдім. Қайтар жол қиын. Асықпасам қи-ы-ын. Шпалдан-шпалға мен секіріп келе жатырмын ба десем, көзім түсіп кетіп еді, Бурылтау да секеңдейді. Мен тоқтап едім, Бурылтау да тұра қалды.

Әй, Бурылтау, мені мазақтамасаңшы, мен сенің неңді алдым? Бауырында анам Айша, әпкем Зиба туып еді. Олар саған еркелеп, тарғыл тастарында секіріп өсіп еді. Мені жатырқағаның ба, немене... Өзің болсаң менің Тәңіртауымды тасалап тұрсың. Тәңіртаудың басын бір көрсем шаршамас едім. Жұмадан Молотовқа қалай жетемін деп уайым жемес едім. Әлгі бір қолы жоқ дәуден де қорықпас едім. О, Тәңіртау! Құдіретім менің! Отаным менің! Бір көрінбедің ғой... Шпалдан-шпалға секіремін. Бурылтау да секеңдейді. Менімен жарысып келе жатқан сияқты. Осы шойын жол Шолақтау деген жерге дейін барады дейді.



Мен көрген емеспін. Алтынды күрекпен күреп алады дейді. Мен әлі көрген жоқпын...

Сол Шолақтауға өтіп кетсем қайтеді? Алтынды күрекпен күреп алады деседі. Маған көп алтын не керек, бір уыс болса болды ғой. Бектөбеде қалған Айшаға апарып берер едім. Айшаның жыртық көйлегі жаңарар еді. Айшаға жамаулы көйлек кигізіп қойған қандай антұрған заман?! Атаңа нәлет, қандай топас, көрсоқыр итсің?! Айшаға жамаулы көйлек ки-гі-зі-і-іп!

Кіжінгенім сонша, келесі шпалға аяғым дәл түспей, бәтіңкемнің тұмсығы шпалдың жақтауына тіреліп, етбетімнен құладым. Оңбай құладым. Мырзагелдінің хатын уыстап жұмып алған жұдырығым жазылып кетіп, хат мыжылып, қара майға былғанды. Оң қолымның шынтағына қиыршық құм жабысып, терісі сыдырылып, қанталап қалыпты. Оң жақ жамбасыммен құлағанмын ғой, шалбарым да қара май.

Өмір деген атаңа нәлет қисық жолда бір сәт көзіне қарап жүрмесең, көрген күнің осы. Шолақтаудың алтынында нем бар еді? Айдалада алтыны шашылып жатқан ол қандай жер? Бекер шығар. Бірақ бекер болса, мына шойын жолды Шолақтауға дейін неге салған? Өзі қақаған соғыстың кезі болса... Темір жол салып, шығынданып несі бар?


Әй, осы алтыны бары рас та шығар, темір жолдың қос рельсі жоғалып кеткен жерге дейін көз салсам, алдымнан алтынның буы сияқты жалқын сары бір шұғыла елес береді. Алтынның буы ағып жатыр. Телегей теңіз ағып жатыр. Сағым шығар дедім. Мұнша теңіздің бәрі алтын болса, адамдар тұншығып өлмей ме...

Енді шпалдан шпалға секіргенді қойып, сылти басып келе жатқанымда, алдымнан бір үйшік көрінді. Қауыншының шалашындай. Жақындап келсем, бір тақтайға «Жұма стансасы» деп жазып қойыпты.

Шалаштың жанына барып, ішіне үңіліп едім, өлі екені белгісіз, тірі екені белгісіз біреу серейіп жатыр екен. Егер бұл Жұма стансасы екені рас болса, шойын жолдың оң қол жағында Жұма ауылы болуға тиіс қой. Маған Мырзагелді жездем солай түсіндірген.

Оң қол жаққа қарасам – жал-жал болып жатқан жалаңаш құм. Өліп қалған түйелер сияқты. Бірақ ауыл көрінбейді. Ел жоқ!

Мына шалашта жатқан адамнан сұрасам ба екен. Өлі екені белгісіз, тірі екені белгісіз. Жатысы жаман. Сау адам да осылай жата ма? Ұйықтап жатса, оятып алып, өзім бәлеге қалмайын. «Ұйықтап жатқан жолбарыстың құйрығын баспа» деген Айша. Айша айтса, тегін айтпайды.



Осылай бір әрі-сәрі болып тұрғанымда, құм жаққа тағы да көзім түсіп кетіп еді, өркеш-өркеш құмның арасынан ілмиіп түтін көрінгендей болды. «Рас па?» – деп көзімді уқалап, тағы қарадым. Түтін! Әлгі Жұма ауылы сол ғой. Қуанып кеттім. Бірақ үйлері қайда? Ауыл болған соң, үйлері болмай ма екен? Ол ауыл да мынандай шалаштардан құралған ба?

Жолдан шығып, ілмиген арық түтінді нысанаға алып, тартып отырдым. Қатқыл шпалдарға, шағыл тасқа үйренген аяғым, сусыма құмға сүңгіп кетіп, былқ ете қалды. Ұйыққа батқандай аяғым ауырлады. Өрмелеп құм төбеге де шықтым. Былтырғыдан қалған жалғыз түп адыраспан балағынан көктеп келе жатыр екен.

Айналасын құм төбелер қоршаған ойпаңда жадау-жадағай бес-алты үй көрінді. Әр үйдің артында қамыспен, шеңгелмен қоршаған ашық қоралары бар. «Көк сиыр қай қорада екен?» – деймін ішімнен. Көк сиыр көрінсе, сол үйді тұспалдап бармақшымын ғой. Мырзагелді жездемнің туысқаны Рысбайдың үйі сол болады да.

Көк сиыр көрінбеді. Сойып жеп қойған ба? Әлде жайылымға кеткен бе? Бірақ айнала төңіректе жайылып жүрген мал көрінбейді. Құмға сіңіп кетпесе. Құм ыңырсып жатыр.

Бұл не тұрыс? Күн болса еңкейіп барады. Мен көк сиырды жетектеп Молотовқа жеткенше түн болады. Жолда бұзылған көпірді жөндеп жатқандардың түрі әлгіндей. Түстері суықтау. «Сенің қайтқаныңды күтеміз», – деп қалды. Бәстескен болды. Онысы несі екен? Сиырды тартып алып жүрмес пе екен?

Өзі бес-алты үй. Бірін бірі білетін шығар. Рысбайдың үйі қайсы десем, айтатын шығар.

Төбеден сырғанап төмен түстім. Алдымнан иттер шығып бәле бола ма десем, иттері сәлемдесуді білмей ме, үрген де жоқ.

Жақындай беріп, байқадым: орта тұстағы үйдің күңгей жағында, үш-төрт адам күншуақтап отыр екен.

Көктен салбырап түскендей болсам керек, бәрі маған сұқтана қарап қалыпты. Өңдері аш бит сорғандай жүдеу. Киім-бастары да мәз емес. Біреу тіпті тері шалбардың жүнін сыртына қарата киіп алыпты. Бір кемпір көзін сығырайтып, ескі көйлектің битін қарап отыр.

Дауыстап тұрып-ақ сәлемдестім. Дауыстап сәлем бергенімді ерсі көргендей ежірейісе қалды. Қайдан білейін? Айша айтқан: кісімен сәлемдескенде жамандар құсап үніңді көтіңнің астынан шығармай, басыңды көтеріп, жөндеп амандас, – деп.



Тері шалбардың жүнін сыртына қарата киген сіліңгір қара (Мырзагелді жездеме ұқсай ма), бірдеңені сезгендей:

– Шаруаңды айт. Қайдан жүрсің? – деді салған жерден.

Сәлем жоқ, ай-шай жоқ. Мені күнде көріп жүргендей.

Сәлеміне қарай жауабы. Үндеместен қолына Мырзагелді жездемнің хатын ұстата салдым.

Әуелі хаттың сиқына көз салды. Мыж-мыж, май-май ғой. Дегенмен оған керегі жазуы ғой, хатты оқи бастады. Қайталап оқыды. Басқалар оның аузын аңдып отыр. Тері шалбарлы шын қырсық екен, Мырзагелді жездемнің хатымен көтін сүрткендей ишара жасап, жанындағы қоқысқа тастай салды.

«Көрдің бе?» – дегендей маған ежірейе қалды. Мұндай қорлыққа шыдай алмай, боқтағым келіп тұрды да, дегенмен бір ауыз сөзін естігім келіп:

– Рысбай сенсің бе? – дедім. Әдейі «сен» деп.

– Менмін, твою мать! – деді.

– Мені Мырзагелді жіберді, не деп айтып барайын?

– Көк сиырды қыстай мен бағып шығамын. Қанша шығын шығарып. Енді туайын деп тұрғанда, соның көтіне сағат сайын қарап, қашан туар екен деп отырғанда, шиеттей бала-шаға, мына кемпір-шал, аузымыз аққа қашан тиер екен деп отырғанда... А? Сені соншама жерден сандалтып, сиырға жұмсаған дәл Мырзагелдінің әкесінің аузын!.. Соның жұмсағанына құлақкесті құлдай болып жүре берген дәл сенің бас теріңді!.. Дәл осыны айнытпай айтып бар!

О баста өзім боқтағым келіп аузым қышып еді, енді кезегі келгенде, аузыма сөз түссеші. Ызаға булығып не айтарымды білмей, мелшиіп тұрып-тұрып:


– О, бля! – дедім. Бар бітіргенім сол болды.

Бұрылдым да жүре бердім.

Шойын жолға қайта шығып, күншығысқа қарай беталып тұрып, артыма бұрылып қарап едім, күн намаздыгерге таяп қалған сияқты көрінді. Екі өкпемді қолыма алып, шпалдан шпалға секіріп, секеңдеп келемін. Үнім бітіп, тамағым кеуіп, тілім таңдайыма жабысып қалды. Әлгі тері шалбарды теріс киген дуайпат тым болмаса, бір жұтым су да бермеді-ау.

Не керек, Күн ұясына қонуға қамшы сабындай қалғанда су жұлып кеткен көпірге де жеттім-ау.

Адамдар әлі қыбыр-қыбыр жұмыс істеп жатыр. Көпірді тез қалпына



келтіру өте қажет шығар. Әйтпесе, осы уақытқа дейін тынбайтын неткен жұмыс.

Протез қолды дәу уәдесінде тұрды. Мені зарыға күтіп отырғандай, тіпті Құдайдан тілеуімді тілеп, сағынып қалғандай пейіл танытты. Жетегімде сиыр жоқ екенін көре тұра:

– Не болды? – деді.

Мен осылай да осылай дедім.

Дәу:

– Бақтай, уа Бақтай! – деп бар даусымен барқырап қоя берді.

Бақтай келді.

– Мен жеңдім! – деді Дәу. – Бала құр қол қайтты.

– Сүйінші сұрайсың ба?

– Әкел поллитр!

Бақтай вагон-үйшікке қарай кетті.

Мен жүрейін деп едім, Дәу гүрр етті:

– Әй, бала, тоқта. Өзің өлейін деп қалыпсың ғой. Әлгі найсап нәр татырмаған сияқты ғой. Бақтай келсін, ауқаттанып ал. Барған соң Мырзагелді жездең сенің басыңнан сипай қоймас. Сиырсыз қайтқаның да оңды болды. Біз сойып жеп қоятын едік. Жездеңе сол сауап болар еді.

Бақтай келді. Дәу жұмысшылардың бәрін шақырды. Өздері арақ ішті. Мені балыққа тойдырды.

– Кешегі тасқыннан кейін қайранда қалған балық, – деді Дәу менің қомағайлана жегеніме қарап. – Абайла, тамағыңа қылқан кетіп қалмасын.

«Поллитрлер» бірінен соң бірі кетіп жатты. Мен қайтайын десем, Дәу жібермейді.

– Інішек, әлі-ақ адам боласың, – деді мені мойнымнан құшақтап. – Шолақтау деген зор қала болады. Оның қасында Мәскеу далада қалады. Сонда сен кел Шолақтауға...

Дәу адамның мас болғаны қызық. Көңілі тез босағыш. Көзі жасаурап:

– Мен де сендей жездемнің қолында жүріп оқып едім, атаңа нәлет соғыс...

Артынша әнге басты:

Аха-хау, сұр-желгенше,
ха-хау, сұр-желгенше,



Хош боп тұр, хош есен бол
Көз көргенше-а-а-ай.

– Ағатай, мен қайтайын, түн боп кетті, – деймін жалынып.

– Кетпейсің, осында қонасың. Жұмысшы боласың. Қой сол Мырзагелдіні... Егер ол ұрысса, маған кел. Мені Шолақтаудан табасың. Протез қолды Дәу аға десең бәрі таниды! Кел!

Қапсыра құшақтап, бауырына басты.

– Ал, айда! Бар енді! Бар деймін! – деп ұрысты.

Зыта жөнелдім.

Қараңғы түнде шпалдан шпалға дәл секіре алмай кібіртіктеп қаламын. Мырзагелді жездеме не деп барамын? Рысбай туысқанының айтқанын дәлме-дәл, сөзбе-сөз айтамын ба, неғыламын?

Шпалдан шпалға секеңдеп келемін. Бурылтау секеңдемейді, қарауытады. Оның орнына Бурылтаудың төбесінен төнген жартыкеш Ай менімен жарысып келеді.

Әкесіз жетімге, қасында Айшасы жоқ жалғыз оғланға жар болғысы келді ме, кім білсін, сол жартыкеш Ай, менің жарым-жарты көңілімдей жартыкеш Ай, маған жол көрсетіп, ілестірді де отырды.

Протез қолды Дәуді қайтып көре алмадым. Бірақ Шолақтау қаласы кейін Қаратау қаласы атанғанда талай рет бардым. «Қара маржан» деген романды сонда жаздым. Дәу көкемді көрмедім. Тірі жүрсе Құдай саулығын берсін, о дүниелік болса Құдай иманын салауат қылсын...

Құлағымның сырғалығы шым ете қалды. Шошып кетіп, жалт қарасам директордың өзі екен. Ұрады-ау деп қорқып едім, жүзі жылы екен. Күлімсірейді. Күлімсірегенде мұрнының астындағы бармақтай мұрт жайы-ы-лы-ы-ып бара жатты.

Партаның астына тығып оқып отырған кітабымды суырып алды. Жасырып үлгермедім.

Дауыстап:

– «Қазына аралы», – деді.

Бүкіл класс естіді.


Асан жынды:

– Ол оңбаған! Сабақ оқымай, ылғи да бөтен кітап оқып отырады, – деп айқайлады. Директор оны құптамай:

– Жап аузыңды! – деді.

Кітапты ұстаған қалпы:

– Менің кабинетіме кел, – деді де кластан шығып кетті. Басыма



түрлі ой келді. Интернаттан шығарып жіберсе қайтемін дедім. Шығара қоймас. Мырзагелді жездем бар ғой, шығарта қоймас дедім. Бұл уайым менімен бірге жаралған. Әкем «халық жауы» болып кеткелі бері осы. Не болса – сол уайым.

Бармасқа лаж жоқ. Бір-бір басып, аяқты басқан сайын түрлі уайым араласып, директордың кабинетіне де жеттім-ау.

Кабинеттің есігін болар-болмас, саусағым тиер-тимес тықылдатамын. Сонда да есітіп қойды:

– Кір, – деді директор. Басым салбырап тұрса керек.

– Көтер басыңды, – деді.

Директорымыздың аты-жөні Досмырза Нұрпейісов. Аласа бойлы, ашаң жүзді, қартаңдау кісі еді.

– Сабақ үстінде көркем кітап оқығанды қой. Ал сабақтан бос уақытта қанша оқысаң да өз еркің.

– Мақұл, ағай...

– Сен Мұхтар Әуезов деген жазушыны білесің бе?

– Білемін.

– Қандай шығармаларын оқыдың?

– Ы-ы-ы, «Таңғы сарын»...

Директор «Қазына аралы» деген кітабымды қайтарып берді.

– Бұл да жақсы кітап. Ал нағыз қазына мынада, – деп тағы бір кітап ұсынды. – Осыны оқы. Бірақ бүлдірмей, жыртпай қайтып әкел.

Сұрша матамен қапталған кітап мұқабасына қарап едім: «Мұхтар Әуезов. Абай» деп алтын әріппен жазып қойыпты.

Ішім біртүрлі жылып сала берді.

Сабақтан соң Мырзагелді жездем айтты:

– Қой қорада тұрып қалды. Күн жылыды ғой. Бүргеннің, изеннің басы жібіді. Кешке дейін жайып кел, – деді.

Директор ағай берген кітапты қойныма тығып алып, қойды айдап ауылдың сыртына шықтым. Даланың оты былбырап тұр екен. Қар мүлде еріп те кетпей, не сіресіп жатып та алмай, жантәсілім алдында қатқақтан жіпсікке ауысқан шақ. Бөртпе жусан, күрдек бүрген, қызыл изен, тіпті киіздей ажырыққа дейін жұмсарып, пейілденіп, мал тұрмақ, адам да жегісі келгендей, тәбет тартып тұр. Жездемнің қойлары пысқырынып, жерден бас алмай, сол мол отқа кенелді де қалды. Күн жылымықтау болған соң, мақталы күпайкемді шешіп алып, бүктеп астыма төсеп, кітап оқуға кірістім. Бұл түс ауа мезгіл сияқты еді, басымды көтеріп бір қарасам, күн ұясына қонайын деп қалған екен. Қойлар шашыраңқырап



кетіпті. Шеткейде тұмса көк тоқты мекіреніп, оттамай тұр. Көзі мөлиіп кетіпті. Не болды деп барсам, туып қалған екен.

Қозысы шуына оралып өлі-і-іп қалыпты...

Жаңа ғана қазына аралын қыдырып, өмірімде көрмеген рахатқа батып, бөтен бір өлке, өзге дүние, ғажайып ғұмыр кешіп отыр едім. Әр істі Құдай қылат та, лезде үрей әлеміне тап болып, шошып кеттім:

«Жездеме не бетімді айтамын?»

Басқа барар жерім, басар тауым жоқ, салым суға кетіп, бір қолымда – өлген қозы, бір қолымда – асыл кітап, жездемнің үйіне қойды айдап қайтып келдім.

Жездем өлген қозыны ары аударып, бері аударып қарап тұрып, қораға лақтырып жіберді.

– Бүлдірмей елтірісін сыпыр! – деді. Қолымдағы кітапты жұлып алды. Мұқабасын, ішін ашып көрді. Содан соң маған сыбырлап:

– Әй, бұл кісі атылып кеткен жоқ па еді? – деді. Онысын мен қайдан білейін?

– Кім берді, кімнен алдың?

Шынымды айттым.

– Апыр-ай, ә... – деді.

Ұрсарын да білмеді, ұрыспасын да білмеді.

1945 жыл еді, наурыз айы еді.


ҚАРАШАЙ ҚАМБАШЫ

Ауылдары жақындар демалыс күні үйлеріне қайтып кетті. Жетітөбеге, Қаракемерге, Қыршындыға, Шоқайға.

Бұл атырапта онжылдық бір-ақ мектеп бар. Ол осы Молотов мектебі. Жанында жатын орын беретін, тамақ беретін интернаты болған соң, жан-жақтан келіп оқитындар көп.

Соғыстың қаһар шашып тұрған шағында балалар білімнен, оқудан қалмасын деп ертеңнің қамын ойлаған өкімет те оңай емес. Қансырап жатса да интернат ашып, біз сияқтыларды, тіпті ауқаттылардың балаларын да асырайды.

Бәлкім, өкімет өзін қарыздар санайтын шығар. Мысалы, менің



әкемді алды. Жазықсыздан жазықсыз. Мұртазаны Сібірге апарып жоқ қылды. Басқалардың әкелерін, ағаларын қып-қызыл ажалдың аран ауызына мың-мыңдап айдап салды. Әлі толастар емес. Рас, жеңіс жақын деседі, кім біледі...

Интернат – бұрынғы мешіттің үйі. Бұған да шүкір. Біздің Мыңбұлақта әп-әдемі мешітті қолдан қиратты. Ал мынау болса, аман қалған. Одан өкімет не зиян шекті? Интернат болуға жарап тұр. Сол бұрынғы мешіттің ішінде мен жападан-жалғызбын. Мырзагелді жездемнің үйінде, Зиба әпкемнің қасында жатсам да болады. Бірақ жездем айтты:

– Бүгін интернатта жатып шығасың. Жалғызбын деп қорықпа. Сен батырсың ғой, – деп қоттитып қойды. – Бауыржанның інісісің ғой. Момышұлын білесің бе?

Әрине, білемін. Өзін де көргенмін. «Бауыржанның інісісін», «Батырсың» деген соң амал жоқ, батыр болуға тырысасың. Қыстың күні. Түн суық. Балалардың бәрі ауылдарына кеткен соң, бүгін пеш те жағылмаған, қазан да көтерілмеген.

Жалғыз өзім. Не көп – жамылғы көп. Жанымда жататын балалардың жалаң қабат одеялдарын сыпырып алып, үстіме қабат-қабат жамылдым. Рахат.

Жатырмын. Ұйқым келмейді. Елегізи беремін. Жездем мені неге мұнда жалғыз жатқызды деп қоямын. Енді-енді пайымдай бастағандаймын. Көрші бөлмеде қамба бар. Склад. Оның ішінде не жоқ дейсің. Ет те бар, балық та бар, пірәндік те бар, ұн да бар...

Әсіресе пірәндік жегім келеді. Шіркін, қазір қамбаны ашып, пірәндіктің үш-төртеуін, көп емес, үш-төртеуін ғана алып, мына жылы одеялдардың астында кеміріп жатар ма едім. Аспаз қатын бізге бір-біреуден беруші еді. Тастай қатты, кеміресің.

Бірақ қамбаның аузында баланың басындай қара құлып тұр. Оның кілті Хасан Өзденовтың қалтасында. Қарашай кісі. Бойы теректей, көздері шұңқырда жатқандай сұп-суық. Мұрты аузына түсіп, екі миығы шалғыдай салбырап тұрады. Мұрны қоңқақ. Мұрнының астындағы мұрты ылғи суланып тұрады. Үстінде ескі қара шекпені бар. Оны күмістелген жіңішке белдікпен буынып алады. Екі омырауы қатар-қатар оқшантай. Басында көбе қозының жүндес бұйра терісінен домбаздалған бөркін милығына дейін басып киеді.

Қамбаның кілтін сол ұстайды. Осы менің де қамбашы болғым келеді. Содан артық жұмыс жоқ па деймін. Біздің Мыңбұлақта ғой қамбаның кілтін ақсақ Оспаналы көкем ұстайды. Рахат. Енді мына екі-



үш қадам жердегі қамбаның ішіндегі пірәндік көкейімді тесіп жатыр. Кілті менде болса...

Қыбыр еткен жан жоқ. Жалғыз өзім. Әлденелер көзіме елестей береді. Көзім жұмулы. Сонда да интернаттың қуыс-қуысын, бөлмелерді әлдекімдер кезіп жүрген сияқты. Әлдене ыңырсығандай, балаша жылағандай болады. Жүрегім суылдайды. Сөйтсем, уілдеп жылап жатқан пештің қуыры екен. Аспаз қатын пештің аузындағы темір қақпақты жаппай кеткен шығар. Уілдейді. Сірә, далада жел соғып тұр-ау, уілдейді.

Пеш қой деп өзімді-өзім жұбатып, жігерленген боламын.

Өзіңді-өзің жұбатпасаң, өзіңді өзің жылытпасаң, сені кім жұбатады, кім жылытады?


Сөйтіп жатып қалай ұйықтап кеткенімді білмеймін. Түсіме ақ көбелек, теңбіл көбелек кіреді. Жалбыз бұлақ екен деймін. Терең сай. Белуардан келетін жасыл шалғын. Бүлкілдеп, бұрқ-бұрқ қайнап жатқан мөлдір бұлақ. Мыңбұлақтың бір бұлағы. Күміс су. Іше беремін, іше беремін. Шөлім, сірә, қанбайды. Неге деймін? Сусамыр болып кеткенмін бе деймін? Күндіз аспаз қатын Әпуза тұзды балық бергенін ұмытып кеткендеймін.

Ыстықтан жанып барамын. Неге сонша ыстық? Интернат, ақ мешіт өртеніп жатыр екен деймін. Ақ киімді адамдар су сеуіп өшіріп жатыр екен деймін. Мені құтқармақшы екен деймін. Үстімдегі үш қабат одеялды аударып тастайын десем, әл-дәрменім жоқ. Қабат-қабат одеялдар жанып жатыр. Сыпырып тастауға барымды салып тырысамын, болмайды. Атасына нәлет! Әжептеуір күш-қуатым бар сияқты еді, қабат-қабат жамылғыны жұлқып тастауға шамам неге келмей қалды? Тұншығып, дем ала алмай, жаным шырылдап шыға жаздағандай. Әлдекімдер өртенген үйді сақыр-сұқыр құлатып жатқандай. Әлде қамбаның қара құлыбы ма? Білмеймін. Ақ мешіттің қабырғасы қопарылып үстіме құлап келе жатқандай. Жандәрменде бар даусыммен айқайлап жіберсем керек. Өлгенде әрең одеялдарды жұлқып тастап, үһ деп оянып кеттім. Тірі екенмін ғой деп, біртүрлі қуанып қалдым.

Сөйтсем... Көзімді ашсам... Алдымда қап-қара диюдай болып өңкиген біреу тұр. Қорыққаннан, үрейден үнім шықпай қалды-ау деймін. Әлгі дәу қимылдап:

– Жасшық, қорықма, – дейді. – Ма былай қышқырма.

Енді танидым. Қамбашы Хасан Өзденов екен.



Түн ішінде неғып жүр? Әлде қамбасын қорып жүр ме? Түсінбеймін. Басымды көтеріп қарасам, қолында дорбасы бар сияқты. Томпайып тұр.

– Жасшық, ма былай, сен мені көрдім деп айтма. Мырзагелдіге де, ешқандай инсанға да айтма. Мақұл мы? Мен, жасшық, саға пряник, конфет береман.

Сыбырлап, аузын басып сөйлейді.

– Аз ғана ет, ұн алдым. Өзің білер, менде жасшықлар көп. Құрлық балалар аш отыра, өледі ғой. Аз ғана алдым. Сен, жасшық, еш инсанға айтма. Оллахи-биллахи, саға Алла саулық берсін деп тілейман. Айтма.

Мырзагелді жездем бір мәрте мені қарашай қамбашыны шақырып кел деп үйіне жұмсаған. Үйін сонда көрдім. Үйі колхоздағы бір жаныстың мал қорасында екен. Есімде қалғаны: кір-қожалақ, үстінде лыпасы жоқ шүпірлеген жас балалар ыңырсып, үрпиісіп отырған. Терезесі жоқ үй қап-қараңғы екен.

Тынысым тарылып:

– Сізді завинтернат шақырып жатыр, – деп үйінен тез шығып, ата кеп жөнелгенмін. Апыр-ай, адамдар да осылай өмір сүреді екен-ау деп түңілгенмін.

Біздің қорлық көрдік, арыдық, ашықтық деп елден көше жөнелгеніміз Құдайға асылық болған ба, қалай...

Енді мына еңгезердей кісі маған тәуелді болып, жалынып-жалбарынып, оллахи-биллахи деп тұрғаны ешбір қисынға келмейтін ебедейсіз іс болды. Өлердегі сөзін айтып, жалынышты болғанша, өңкиіп келіп, бассалып буындырып өлтіре салса қайтер едім. Көз алдымда сондағы бір көргенім: лас малқора, қап-қараңғы үңгір, иісі әлем сасып, жиді кеткен үй; ондағы аш-жалаңаш, ыңырсыған жас балалар... Әкесі ғой, амалсыздан өз қамбасына өзі түн жамылып келіп, ұрлыққа түскені – сол қу тіршілік, өлместің қамы шығар. Бармақтай баланың алдында бас иіп, қолын кеудесіне қойып, үйелмендей болып өңкиіп тұр. Мырзагелді жездем мені мұнда неге жатқызғанын енді шамалағандаймын. Күдігі бар екен ғой.

Ендеше, мен, жездем сөйтіп тапсырған істі неге адал атқармаймын? Айтамын, әрине. Қазір тұра салып, ойбайды саламын. Жездем маған сенді ғой. Сенді. Осы уақытқа дейін оны алдап көрген емеспін. Талай сынынан өткенмін. Менің сұғанақ, сұқит емес екеніме көзі жеткен. Енді алдасам, біліп қойса, өлім емес пе? Оның үстіне мына дәу қарашай маған пірәнік беріп, ауызбастырықпен алдамақшы. Қазір орнымнан тұрып, далаға шығып, айқай саламын.




Дәу қарашай Хасан Өзденов сот алдында тұрғандай, маған арыз-мұңын айтып, әлденелерді түсіндірмекші.

Түсінгенім: бұлар Кавказ деген жаннаты жерде тұрған. Соғыс болған, фашистер келген. Артынша фашистер жеңілген. Дұры-ес. Бірақ өкімет мұздай қаруланған әскер жіберіп, бұларды бір түнде вагонға тиеп, Қазақстанға әкеліп тастаған. Қазақтарға рахмет. Туысқан халық екен. Қазақтар болмағанда бұлар түгел, тып-типыл қырылып қалатын екен. Рас, қазақтардың өздері де аш-жалаңаш. Бірақ өз Отанында, өз елі, өз жерінде отырғандықтан олар қарашайлар сияқты міскін емес. Сонда мен ойлаймын: қазақтарда да еріксіз елінен кеткен бар. Мысалы, мына мен. Нем бар айдаладағы Молотовта. Жүрмеймін бе, Мыңбұлақта шалқақ басып. Бірақ біз де бір түнде көше жөнелдік. Сәли атамның есек арбасымен. Тау асып, тас басып. Тәңіртау көрінбей қалды. Тәңіртау таяныш сияқты еді. Оның аспан тіреген қарлы шыңдарын көргенде бойыма ерекше күш-қуат өзінен-өзі келіп құйылатын. Сонда мен өте күшті едім. Бір қапшық бидайды Боранды элеваторының зәулім биік төбесіне сатымен көтеріп шыға беретінмін. Өз илеуінде құмырсқа да күшті. Өзінен екі-үш есе үлкен дәнді өңгеріп алып кете береді. Мен де сол құмырсқадай өлермен, қайсар едім. Енді...

Енді мен қарашай қамбашы Хасан Өзденовпен тағдырлас екенімді сезгендеймін. Ол сөйлеп тұр. Мен осыны ойладым. Далаға жүгіріп шығып, айқай салайын деген райдан қайтқан сияқтымын. Неге екенін толайым біліп жатқан жоқпын.

Әкемдей кісі аяғыма жығылып тұр. Әкем есіме түсті. Сібірдің адам айтқысыз суығында аш-жалаңаш жүріп, ажалы жетті-ау деймін. Бірақ неге аш? Айша айтатын: әкең өте тақуа кісі еді. Біздің жіберген посылкамызды жанындағы кісілерге үлестіріп береді екен. Әкең аштан өлген жоқ. Құсалықтан, сендерді, сені, Құрмашты, Батырханды ойлай-ойлай, панасыз үрпек балапандар не болады, енді қайтіп күн көреді деп, сарыуайымнан сарғайып өлді дейтін. Әрі намыстан, қарадай жаладан өлді. Әкең өте намысшыл еді. Ақ жүріп, адал өмір сүрген адамға сен жаусың, сен шпионсың, сен рысқұлшинасың деген жалмауыздай жалаға қарсы тұра алмай, ақ екенін дәлелдей алмай, дәлелдесе де, жаналғыш әзірейілдер оны түсінгісі келмегеніне күйініп өлді дер еді.

Мына қамбашы қарашай Хасан Өзденов те, өзінің өкіметке жау емес екендігін түсіндіре алмай жер аударылған. Бірақ бұл менің әкем Мұртазадай емес, әйтеуір өлмеуге тырысады. Сол үшін түн жамылып, тірмізік тарамысты көк қасқырдай қасарысып жем іздейді. Тірі қалуға, аш бөлтіріктерін қырып



алмауға әрекет жасап, көп емес, аз-мұз ғана тамақ тапқаны да айып па? Ал аштан қырылып қалса, ол айып емес пе? Құдай оны құп көре ме, жоқ па?

Соны ойлап жатырмын... Пірәнік жегім келмей қалды.

ҚАЛАЙЫ ҚАСЫҚ

Аспаз қатын Әпуза бүгін де түскі тамаққа килька сорпа пісіріпті. Шілденің шыңғырған ыстығында құдық басына үймелеген қой сияқты, есіктен таласа-тармаса асханаға кірдік.

Мектептен қайтқан бетіміз. Ұзыннан-ұзақ үстелдің екі жағына қаз-қатар отырып, қалайы табақшадағы килька сорпаға қалайы қасықты сақыр-сұқыр салдық дейсің.

Бұл бір ерекше симфония.

Кильканың сорпасы ащы. Қара нанмен соғып алсаң, кәдімгідей тамақ. Артынша шөлдеп, суды іше бересің, іше бересің...

Килька деген шынашақтай балық. Өзін тұзға бөктіріп қояды екен. Әйтпесе, сасып кетеді. Сорпа содан ащы.

Менің қарсыма Сейсен деген шолжаңдау, сидаң бала отырып қалған екен. Ол сорпасын ішпей, кильканың өзін сүзіп алып, аузына салды да, ашырқанып, тыжырынып, менің табағыма түкіріп кеп жіберді, қарабасқыр.

Түкірсе басқа жер жетпей ме? Қаскөй ғой. Әрі тоқ. Төсегінің бас жағында, жастығының астында бір қалта жүгері талқаны, жүгері наны бар. Ауылынан алып келеді. Ауылы алыс та емес. Жетітөбеде. Кесірленіп кильканы жемейтіні сол. Жемесе жемесін. Ал менің табағыма түкіріп жіберетін не жөні бар?

Атасына нәлет! Мұндай ұзынтұра тәйтік тұрмақ, Тасбеттен де қайтпаған басым, бұл қорлыққа қалай шыдаймын?! Менің ішіп отырған асыма мұндай сойдақ тұрмақ, Мыңбұлақтағы Тасбет те түкіріп көрген емес.

Қалайы қасықпен қақ маңдайдан періп кеп жібердім. Қалай шапшаң қимылдағанымды өзім де білмеймін. Бәлкім, ұрайын деген ниетім де жоқ шығар. Оқыс қимыл.

Маңдайынан қан бұрқ ете қалды. Қалайы қасықтың да қауқары



мұншама күшті болады екен-ау. Қарасаң жеп-жеңіл сияқты. Майысқақ. Мен ұрғаннан сабы майысып, басы қисайып қалды.

Сонша қатты тиетінін қайдан білейін. Бұрын соноу Мыңбұлақта мұндай қасық болмаушы еді. Ағаш қасық болатын. Кәдімгі қара ағаштан, таудағы қызыл қайыңнан, аршадан Нәметқұл көкем ағаш қасық шабатын. Неше түрін жасайтын. Сүйір қасық, дөңгелек қасық, сопақ қасық... Табақты да, шараны да, күбіні де аршадан жасайтын. Ондай қасықпен ішкен ас быламық та болса, өте дәмді сияқты көрінуші еді. Біздің қатықсыз қара көжемізге арша қасық, ағаш табақ ерекше дәм бітіріп, өзінің шырынын шығарып, май орнына қатық болатын сияқты еді.

Енді қалайы қасық дегенді де, қалайы табақ дегенді де көрдік. Онымен ішкен тамақ кермек татитын, таты бар болар. Өкімет қасықты ағаштан, кәдімгі жерден нәр алатын ағаштан жасауды білмей ме, немене... Ағаш қасық болғанда мына шолжаң Сейсеннің маңдайы жарылмайтын еді. Енді не болды?

Сейсен алақанымен маңдайын баса қалды. Алақаны қан-қан болып шыға келді.

– Ойбай! – деп бақырып жіберді. – Өлдім, ойбай, өлтірді мына кісі өлтіріп, елінен қашқан қаңғыбас!


Қалайы қасықтар мен қалайы табақшалардың әлгі сақыр-сұқыры тына қалды. Мені «адам өлтіріп елінен қашқан қаңғыбас» дегені балалардың бәрін үркітіп жібергендей, бәрі де қасқыр көрген қойдай үйіріліп, үрпиісе қалыпты.

«Адам өлтірген» дегені несі? Қашан өлтіріппін? Сөйтсем, ел құлағы елу деген, баяғы Тасбетті бесақа айырмен ұра жаздағаным бұл жаққа да жеткен екен ғой. Тау асып, тас басып. Соноу Мыңбұлақтағы қырман басынан. Жаманат жатпайды екен ғой. Сонда дап-дардай кісіге кіп-кішкентай болып айыр ала жүгіргенім бекер-ақ болған екен де. Бірақ... бірақ ол менің Анамды қорлады ғой. Дүн-дүниедегі ең асылымды, ең сүйкімді, ең қимасымды жермен-жексен етіп жәбірледі ғой. Менің жаным – Анамның жаны ғой. Әйтпесе мен қайдан жаралдым?! Одан менің не аянарым бар? Сондықтан ғой... Оны мына балаларға қалай, кәйтсем түсіндіре аламын?

Енді Жетітөбеден келген балалар: Жұман, Жапар дегендер оқыранып шыға келді. Жабылып мені түйгіштей бастады. Шамам келгенше, мен де қарсыласып-ақ жатырмын.

– Өзі сияқты қасықпен ұр!

– Қасықпен ұрған қандай екен!



– Бастан ұр, бастан ұр!

– Басын жар!

Жабылып жатыр. Ұрып жатыр. Неге екенін білмеймін, басым қанамаған сияқты. Соншалықты қатты да тиіп жатпаған сияқты. Әлде де ет қызу ма екен.

Кім біледі, менің басым Сейсеннің басынан гөрі қаттырақ шығар. Тумай жатып не көрмеген бас. Тасбеттердің қамшысы да тиген. Піскен шығар. Тауға да, тасқа да соғылған ғой. Соғылған. Соғылға-а-ан.

Олар жабылып қанша ұрса да қан шықпады. Бірақ өзімнен үлкен Жапар жұдырықпен мұрнымнан ұрғанда ғана, танауымнан жып-жылы бірдеңе жылжып аққандай болды. Бірақ оны сүртіп көруге шамам келмейді. Қолым бос емес. Қолым қимылда. Мен де ұрып жатырмын. Байқаймын, біреу көзін басып қалды. Біреу мұрнын сипап тұр...

Әлде мұнша жанқиярлықпен қарсыласқаным бекер болды ма. Көптің аты көп қой. Көп қорқытады, терең батырады. Бұл жалғанда жападан-жалғыз қалғанымды сонда тұңғыш рет сездім-ау деймін. Сонда мен өз бауырларым Дүйсенбайды, Қорғанбайды, Өсерді, Қуанышбайды, Аманбайды, Әділді, тіпті «арам» да болса Жолдасбекті іздедім. Шіркін, қазір қасымда Айша болса... Бөлтірігін қорғаған құртқа-қасқырдай мыналардың тас-талқанын шығарар еді-ау! Айша алыста. Анасы мен баласы мәңгі бірге жүрмек жоқ көрінеді. Енді өз күніңді өзің көр деген шығар. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай нағашыларының жанында қалып қойды ғой. Құрмаш та, Батырхан да.

Бұл қырғын немен бітерін кім біледі, асхананың есігі ашылып, тәрбиеші Зүбаржат апай кіріп келді. Бәріміз аңтарылып тұрып қалдық. Тұрып емес, тынып қалдық. Қалайы қасықтар мен қалайы табақтарға еркін жабылған шыбындардың ғана ызыңы естіледі. Шыбындар тұзды килькаларды ашырқанбайтын көрінеді. Құнжыңдасып-ақ жатыр. Зүбаржат апайымыз асханадағы көріністен тілі байланып, сөйлей алмай қалған тәрізді. Тұтығыңқырап барып:

– Нинди қаһар сұққан бұларны? – деп даусы шіңкілдеңкіреп шықты. Кухня жақтағы тамақ үлестіретін тесіктен аспаз қатын Әпуза басын шығарып:

– Тоқ қой, тоқтықтан есіріп жатыр, – деді жайбарақат. Тәрбиеші апай табақтан төгілген кильканы көріп:

– Исиртә бұл килькалар, исиртә, – деп бәрімізді жағалай көкшіл көздерімен шолып шықты да, Сейсеннің маңдайынан қанды көріп, шошып кетті:



– И-и, малай, кем сини шұлай сұққан?

Сейсен кемсеңдеп, мені қан-қан саусағымен нұсқап:

– Мынау оңбаған қаңғыбас, – деді.

Көкшіл көздер енді маған сұқтанды. Өзі кіп-кішкентай бір уыс кісі, бірақ одан балалардың бәрі қорқады. Өйткені ол директордың әйелі. Досмырза директордың. Бұйрық та, әйтпесе Досмырза сынды келісті кісі де осындай шәушиген әйел ала ма? Сөйте тұра, осы әйелден зіңгіттей-зіңгіттей үш ұл сүйіп отыр.

Зүбаржат апай ұрысарын да білмей, ұрыспасын да білмей, дағдарып қалған сияқты.

– Ии, син мұңлық, шұндимы? – деді. Одан соң аспаз әйелден:

– Шұл малайының жизнәйы қайда? Аңа айтырға кирәк, – деді.

– Жездесі қалаға кеткен. Интернатқа азық-түлік алып келемін деген, – деп керги жауап берді аспаз қатын. «Жизнәй» деп тұрғаны Мырзагелді. «Жезде» дегені.

Сонымен, Зүбаржат апай Сейсеннің маңдайын жуып, жарасына йод жағып, үлдірекпен таңып тастады. Мені ілестіріп, Мырзагелдінің үйіне алып барды.

Темір төсектің үстінде, баяғы сол цигейка жағалы сұр пальтосын жамылып, Зиба әпкем отыр екен. Біз кіріп барғанда, танадай көздері жалт етіп, күлімсірей қарап қояды.

– А-а, Зүбаржатпысың, кел-кел, жоғары шық, – деді.


Мен босағада тұрып қалдым. Ойым ойран. Асыр салып әр саққа кетті. Зиба ұрысады-ау деген ойдан мазам май ішкендей кілкіді. Басқалар ұрыса берсін, ұра берсін. Ал бірақ Зиба әпкемнен сөгіс естісем – зор жаза. Одан да жердің жарығы болса, соған кіріп кеткен артық.

– Зибакәй, иркәм, шұл Барсхан анда бер малайның басын сұғып жарған, бит, – деді Зүбаржат.

Әпкемнің танауы қусырылыңқырап кетті. Бірақ жүзі жарқын, көзінде ызғар жоқ.

– Барсханның ондайы жоқ еді ғой, Зүбаржат. Ол баланың өзі тиіскен шығар, – деді аса бір сабырмен. – Не болды, Барсхан, өзің айтшы, бірақ алдама, айналайын...

Осы арада ол қатты жөтеліп, буынып қалды. Әлгінде албырап тұрған екі беті көгеріп кеткендей болды. Осы сәтті пайдаланып, не айтарымды жұптап та қойдым. Бірақ өтірік айтатын несі бар, болғанды болғандай айтайын дедім.



Әпкемнің жөтелі саябырсыды. Қасірет кесел Шақпақтың дауылындай төніп келіп, райынан қайтқандай болды.

Мен бәрін бастан-аяқ айтып бердім.

Әпкем мені қасына шақырды. Еңкейіп маңдайымнан сүйді. Ыстық алақанымен басымнан сипалап отырып, аса бір тебірене сөйлеп:

– Сенемін саған, Барсхан. Сен жалғаншы емессің. Жалғызсың ғой, жалғызсың. Менің көзім жұмылғанда саған кім араша түсер екен? Айша әпкем алыста... – деп өксігендей болды.

Әлгіде Жетітөбенің балалары жабылып ұрғанда міз бақпаған қайран басым, енді өзімді өзім тоқтата алмай, солқылдап жыладым-ай кеп. Тіпті Зубаржат апайдың өзі көзіне жас алып, арқамнан қағып:

– Житти инде, зұр жигит син, бит, илама, – деді.

– Бұта қорғалаған торғайдай болып, мені паналап келіп еді, соноу Жуалы-Түлкібастан. Қайтейін, мен пана бола алмадым. Орнымнан тұра алмаймын, әлім жоқ, әл-дәрмен кетті, Зубаржат, бұл балаға өзің қарайлай жүрерсің. Менің күнім жақын, – дегенде Зибаның танадай көздерін мұнарлы мұң шалып, бір тамшы жас тотияйын сияқтанып көгеріп көрінді.

Зубаржат екі қолын ербеңдетіп:

– И-и-и, Зибақай, бағырем, инде айтма шұнди сүзне. Безгә құштасарға иртәрәк бит әле – деп шырылдады.

Зибаның көзінен жас шыққанын, мұңдана жасығанын бірінші рет көруім. Жүрегім суылдап, тұла бойым мұздап кеткендей болды. Дүниеден Зиба кетсе, менің күнім не болады? Мырзагелді жездем мені далаға тастамас. «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» деген сөз бар. Жезде, Құдай адалынан берсе, жақын ғой, әрине. Соноу Мыңбұлақтай жұмақты тастап келгеніміз де, бір жағы осы Мырзагелді жездемнің жақсылығы шығар.

Әттең дүние, бірақ өз әкеңдей қайда-а-а?! Мұртаза! Көзі көргендердің, білгендердің біреуі Мұртаза нашар еді деп айтқан емес. Қайта, есіл ер-ай, бозым-ай! – деп үһілеп-аһылап алушы еді.

Бұл елде Мұртазаны біле бермейді. Сенің тегіңді білмеген ел, әлгі Сейсен сияқты «қаңғыбас» деп қаңқу сөз айтады. Бұ да болса Тәңірдің салғаны да. Шыда!

Менің жабырқап, жүнжіп тұрғанымды, көзімнен үнсіз жас жылжып аққанын көрген Зиба әпкем:

– Барсхан, жылама, жүдеме! Жүдесең, жүндей түтіліп кетесің. Қорықпа, мен әзір өлмеймін. Өлмеуге тырысамын. Тірмізік жаным менің. Жылама, – деп аппақ орамалының бір шетімен бет-аузымды



сүртті. – Бар, жуын, бетің ісіңкіреп тұр ғой, залымдар ұрған-ау, сірә. Қайсарлан! – деп жарқылдап күлді.

Іші-бауырым елжіреп, мұздаған тұла бойым бір ғажайып жылылықтан ері-і-іп бара жатқандай болды.

– Синең юзін қояш кібік, бит, – деді Зубаржат та жадырап. Зубаржат айтса айтқандай. Зиба жүзі сонда күн сияқты шуақ шашыратып тұр. Күн сөнбейді ғой. Зибаны да Тәңір тәуір көріп, бәледен сақтар...

ЖЕТІМ СҰРАҚ

Қаладан жездем келді. Естіп қойыпты.

– Оның не? – деді.

– Иә, өзі ғой...

– Өзі болса, басын жара ма екен. Сотталып кетесің ғой.

– Иә, өзіңіз ғой, батырсың, батырсың деген.

– Батыр, батыр дегенде, біреудің басын жара бер деп пе едім?

– Иә, өзі көжеме түкіріп жіберді.

Газетке ораған махоркасын сораптап, төмен қарап, үндемей қалды. Шылымның тұқылын жерге лақтырып тастап, табанымен таптады да, басын жоғары көтерді. Күлімсіреп тұр. Дегенмен көркем жігіт болған кезінде. Жүзі қараторының шырайлысы. Зиба әпкем бекер жақсы көрмеген. Қап-қара мұрты да келісті.


Қай заман екенін қайдан білейін? Әйтеуір жалғызбасты жас жігіт Қыршындыға, менің нағашыларымның ауылына мұғалім болып барған ғой. Зиба әпкем бойжеткен қыз. Бәлшібектер келіп, байлығынан байпақ та қалдырмай тонап алса да, Зиба кімнің қызы – Есей байдың қызы. Арыстандай азулы Рахман ағасы бар. Туған-тумалар тіреп тұрған кез.

Сонымен не керек, тағдыр екен, бір күні осы мұғалім Зиба әпкемді алып, екеуі қол ұстасып қашқан ғой. Батыр байтаналар біліп қойып, ұстап алады. Сірә, Аса өзенінен өте бергенде. Жас мұғалімді бәрі жабылып ұрмақшы болады.

– Тұлдыры жоқ, туысы жоқ қу кедей, – дейді.

– Елі жоқ, қаңғырып жүрген көн етікті неме, – дейді.

– Өзінің елі кім екен? Түп-тұқияны бар ма? – дейді.



– Тексіз неме, хан қызындай Зиба сенің не теңің? – дейді.

– Алдаушы, арбаушы жәдігөй ғой, жас қыздың басын дуалап қойған ғой, – дейді.

Іс насырға шауып тұрғанда, үстеріне қала жақтан Рахман келіп қалады. Мән-жайды білген соң, қарындасымен оңаша сөйлескен соң, батыр байтананың алыпсоқ, айбынды жігіттеріне:

– Қойыңдар. Жіберіңдер. Тәңір беттерінен жарылқасын! – дейді. Содан Қаракемерге барып, өйтіп-бүйтіп мұғалім болып, біреудің үйінің бір бұрышын паналайды. Екеуінде екі пальтодан басқа тұлдыр жоқ. Бір пальтоны астарына төсеп, бір пальтоны үстеріне жамылып, пақырлар күн көрісімен жүріп жатады.

Екеуі ұлды болады. Оның атын Жанысбек қояды. Қаракемердің жаныстарының ортасында отырғандықтан. Жақсы мекен болды деп жорығандықтан.

Жанысбегі, жарқылдап туған қошқардай ұл, жер бетіне сыймай, Құдай өзі берген, өзі алды.

Артынша аппақ болып, көкшіл көз Ақшагүл деген қыз бала туады. Одан соң дүниеге Әбілхай-Әбен деген ұл келеді.

Сөйтіп жүргенде соғыс басталады. Мырзагелді майданға кетеді. Арада неше қилы қиын заман өтеді.

Ендігісі мынау.

Екеуміз бетпе-бет тұрмыз. Ендігі тұтқа осы адам. Кешегі төбелес бүкіл мектепке жайылса керек. Бәлкім, оқудан шығарып жіберетін шығар. Осы адам ара түспесе, кім біледі? Досмырза директор жақсы кісі, маған бүйрегі бұрып тұратын сияқты. Әсіресе «Абай» романын оқып болып, кітапты қылау түсірмей, өзіне қайтып апарып берген соң, ол маған класс алдында бұл роман жайлы білгенімді, түйсігімді, ойымды айтып беруді тапсырды.

Қысылып-қымтырылсам да өз сөзіммен кітап мазмұнын айтып бердім. Тіпті қырық бес минут тез өте шыққан секілді. Өзімді өзім ұмытып, Абай дүниесіне сүңгіп кеткенім сонша, бір шексіз мұхитта жүзіп бара жатып, жағалауға жете алмай, аңсары асқан адамдай болдым-ау деймін. Оның үстіне оқушылар бұл әңгімені қызыға тыңдады.

Директор мені мақтап, «бес» қойды. Бүкіл класқа осы романды оқыңдар деп тапсырма берді.

Мырзагелді жездем айтса, директор мені мектептен аластай қоймас та.

Әсіресе жас адамның тағдыры қолдаушыңа байланысты. Әрине, әуелі Көк Тәңір. Айша айтады: адамның тағдыры туа салысымен



пешенесіне жазылып қойылады дейді. Сол жазмышта не айтылса сол болады дейді.

Менің маңдайымда Молотовтың мектебінен шығарыласың деген жазу бар ма, жоқ па, білмеймін. Сол маңдайдағы жазуды ашып оқып көрер ме еді?

Оны мен оқып көре алмаймын. Оны бір білсе, осы жездем біледі. Қағылез кісі. Майданнан келгеніне жарты жыл болды ма, болмады ма, алдына бір қора қой бітті. Рас, бір қозысын мен өлтіріп алдым. Шығыны сол ғана. Баяғыда батыр байтанаңың жігіттері бұған Зибаны қимай, қу кедейсің, тегің, елің жоқ, қаңғыбассың деп менсінбеген екен. Қазір бұл солардың көбінен дәулетті.

Тек дегенде де, байтанаңың жігіттері қателескен көрінеді. Өйткені Мырзагелдінің әкесі Қалибек деген кісі төменгі Таластағы Ойық деген елдің беделді биі болған екен. Не тәркілеуде, не сол отыз екінші қырғынында болашақ жездеміз жетім қалып, әйтеуір тырбанып, оқу оқып, мұғалім болған ғой. Еті тірі адам.

Жетімнің жағдайын жездем жақсы білсе керек. Сондықтан мені жамандыққа қимас. Қимайды ғой. Өйткені жездем айтты:

– Ал енді батырекесі, жағдай былай. Көктем болса келіп қалды. Құдай аман қойса, жетінші класты бітірдім деп есептей бер. Ендігі қалған күндерде мектепке бармай-ақ қой. Күзде сегізінші класқа бір-ақ барасың... Екеуміз мына көктемнің күнін құр жібермей бір тірлік жасайық. Қауын егейік. Еңбегіміз жанса, оны сатып, сен табыс табасың. Қауыннан түскен қаржыға өзің шырттай болып киінесің. Сонау нағашыларыңның қолындағы шешеңді де, қарындасыңды да, ініңді де киіндіресің. А, бәлкім, сен қалаға барып оқырсың. Қанша айтқанмен қаланың аты – қала ғой. Орысша үйренесің. Сөйте-сөйте адам боп кетесің. Мұным қалай?

Бұл енді менің миым жете бермейтін қиын сұрақ. Әрине, киінгім келеді. Мысалы, Едіге сияқты. Мырзагелді үйінің жанындағы көрші үйде Едіге деген бозбала бар. Шалбарының қыры қылыштың қырындай. Көйлек, костюм дегені шистай. Жарасып тұрады. Аяғындағы туфлиіне дейін жалтырайды. Петренко дейтін орыстың бойжеткен қыздары Едігеге шетінен ғашық... Әне сондай болсам...

Әрине, Айша мен Құрмашқа, Батырханға жәрдем бере алсам, қандай жақсы болар еді. Олар сол ескі-құсқы, жамау-жамау лыпамен жүр ғой... Осы есіме түскенде жүрегім сыздап, соларды бір көруге зарығып, құр қол бармай, әлгіндей мол базарлықпен барсам ғой. Шетінен қуанып,

Айша Тәңірге мыңда бір тәубә айтып, жетілді деген осы, азамат болды деген осы деп жүрегі жарыла қуанар еді.

Айшаның нағашылары Сәли, Қали, Бөпетай, Сатайлар баяғыдай мені бір ортаға алып:

– Бәсе, Барсханнан түбінде бір мықты азамат шығады демеп пе едім. Міне, жалын тартып, атқа мінді деген осы.

– Түбінде тұлпар мініп, ту ұстайтын осы болады.

– Құдай өмір берсін.

– Тіл-көзден аман бол! – десіп, бірінен бірі өтіп жарқылдайды.

Сол асылдар мені сөйтіп бағаласа арман не? Жездеме жауап бермей, үндемей тұра бергенге ыңғайсызданып, ықылассыздау ғана: «Мейлі», – дедім.

СҰҢҒЫЛА СОҒЫС

– Директормен өзім келістім. Оқуыңды уайымдама. Сегізінші класқа өттің, – деді жездем. – Енді екеуміз қауындықтың жерін аударып, баптаймыз. Зиба әпкеңмен қоштас. Ол қаладағы емшіге қаралатын болды.

«Қоштас», – деді. Зиба қалаға кетпекші. Мен осында қалмақшымын. Жалғыз жанашыр ол да кетеді.

Зиба әпкем мені көргенде ажары кіріп, көңілденіп кеткен сияқты көрінді маған. Ішімнен қуанып қалдым. Әпкем жазылады екен-ау деген үміт сәулесі жүрегімді жылытқандай болды.

– Мырзагелді маған бәрін айтты. Екеуің бір іс бастапсыңдар. Сәтімен болсын, Барсхан. Еңбек етсең – емесің. Осында қалсаң, қал. Күзде жиын-теріннен соң, өзіңді қалаға алдырамын. Біздің қолымызда тұрып оқисың. Тәңір қош көрсе, мен де жазылып кетермін...

Әпкем әдеттегідей ып-ыстық алақанымен басымнан сипап отырып, осыны айтты. Жүзі жарқылдап, даусы саңқылдап айтты. Бұрынғыдай буынып, жөтелген де жоқ.

Күзге қарай алдымнан арсаландап бір жақсылық күн туатындай, мен де кәдімгідей қанаттанып қалдым. Ұнжырғам түсіп кірген едім, қайратқа мініп, қоштасып, есіктен шығып бара жатып, артыма бұрылып



қарап едім, әпкем түсі бұзылып, көзін орамалымен сүртіп отыр екен. Кідіріп, табалдырықта тұрып қалдым. Әпкем қолын бұлғап:

– Бара бер, Барсхан. Әшейін көзіме бірдеңе түсіп кетті, – деді даусы бұзылыңқырап. – Тәңірім сені тағдырдың тәлкегінен сақтасын. Азаматсың ғой, азып-тозба. Жақсы адамның баласы жабыққанын білдірмейді. Жабықсаң – дұшпандарың табалайды. Тәңірім саған абырой беріп, достың күлкісінен, дұшпанның табасынан сақтасын. Бар, бар енді! – деп қату айтты.


Кете бардым.

Сол күні жездем екеуміз Молотов пен Қаракемер арасындағы ұзын арықтың бойынан, қамысы мен қарасорасы, бидайығы, түйежантағы қалың, құмдақтау жерге күрек салып, қауындықтың топырағын баптадық. Екі-үш күнде едәуір егістікті тақтайдай тегістеп, ирек-ирек атыз салып, тұқымды отырғызып тастадық.

Бір апта шамасында топырақты түрткілеп, жұмыртқаны жарып шыққан үрпек балапан сияқтанып, үшкірленіп, қауынның белгісі біліне бастады. Күннің көзін көрді болды, құлақтанып, жапырағы да көрініп қалды. Балапан басып шығарған күркетауықтай болып, әлгінің қасынан айналшықтап кете алмаймын. Арасындағы арам шөбін жұламын, топырағын қопсытамын. Кәдімгі кәнігі дикан болдым да қалдым. Мырзагелді қалаға кеткен. Басыма қамыстан шалаш тұрғызып алғанмын. Төсенішім де қалың қамыс. Робинзон Крузо сияқтымын. Робинзон Крузоны оу баяғыда-ақ, Мыңбұлақ кітапханасынан алып оқып қойғанмын. Сонда, мен де елсіз аралда жалғыз қалып көрер ме едім деп бала қиялға кетуші едім. Сол қиял шындыққа айналды. Шалаштың бір бұрышында бір дорба жарма, тоң май, аздаған ет, тамақ пісіретін котелок, қалайы қасық, табақ тағы басқа бірдеңелер тұрады. Бәрін жездем әкеп тастап кеткен. Бір матрас, одеялым да бар. Интернаттікі ғой.

Үлкен арықтың аржағында аулақта қой баққан қарашайдың шайласы тұрады. Тағы да болса – сол медеу. Әйтпесе, айдала. Қалың қамыс пен шеңгел ғана ызыңдайды.

Айтпақшы, шеңгел гүлдеді. Тікені ызғарлы болса да, гүлі әдемі. Шеңгел есіре гүлдеген түннің бірінде Зиба әпкем түсіме кірді. Қос ақбоз ат жеккен, қоңыраулы пәуескеге мініп алған екен деймін. «Мен де мінейінші. Пәуескеге жегілген аттардың божысын мен ұстайыншы», – деп айқайлаймын. Бірақ әлдеқалай әлгі аттар пәуескемен бірге аспанға көтеріліп, арқырап бара жатады. Әпкем менің даусымды естімейді.



Назарын да салмайды. «Мұнысы несі, мені танымай қалды ма»... – деп жатып оянып кеттім.

Түсте ақбоз ат мінген жақсы деуші еді Айша. Бір емес, қос ақбоз. Сірә, әпкем емделіп, жазылып кеткен шығар дедім.

Ұйқым қашып кеткен сияқты. Түннің қай мезгілі, шамалай алмадым. Жұлдыздар самсап тұр. Мүлгіген дүние. Тек шекшек шырылдайды. Әсіресе қазір бәрі қосыла шырылдап, қандай бір зарға салған сияқты. Әлгі түстің әсерінен айыға алмадым. Бойым тоңазыды. Ақбоз аттар жеккені жақсы. Бірақ аспанға ұшқаны қалай...

Үміт пен күдік арпалысында жатып, қайтадан ұйықтап кетіппін. Оянсам, күн сәске болып қапты. Тұра салып, канал сияқты үлкен арықтағы суға бір сүңгіп алып, қауындықты араладым. Қауын гүлдеді. Ширатылып, шырмауықтай болып, желі тартыла бастады. Бұйырса, енді түйнек тастайды. Қылаудай бір арамшөп жоқ. Егістігім тап-таза. Мақтау сөзге сараңдау Мырзагелді жездем әнебір күні мені көкке көтере мақтап кеткен. Арамшөпті ертеден тұрып кешке дейін жұлып тазалағаннан алақандарым көк нілденіп, қасаңданып, құммен ысқылап қанша жусам да кетпей, есіл еңбегімді растаушы мөрдей басылып қалды.

Сөйтсем... бірде-бір арамшөп жоқ деп жүрсем... Қауындықта миядай көкшіл, көк те емес, сұр да емес, сол екеуінің арасынан жаратылған дүбәра сияқтанып, мен бұрын көрмеген бір өсімдік түртиіп-түртиіп шығып келе жатты.

Оның залал екенін де, пайдалы екенін айыра алмай, жұларымды да, жұлмасымды да білмей, аңтарылып қалдым. Кімнен сұрарымды да білмеймін. Айналада сұрайтын адам да жоқ. Мен Робинзонмын ғой. Жалғызбын. Сонау аулақтағы қойшы қарашай Біләлдан барып сұрайын деп бір оқталдым. Қойшы кісі диханшылық жағдайын қайдан білсін деп бір ойладым.

Оның үстіне Мырзагелді жездем айтқан:

– Қауындықты бейсеубет, бөтен адам араламасын, – деген.

Бөтен көзден, әлдеқалай жайылып келген малдан сақтасын деп қауындықтың бұрыш-бұрышына «қарауыл» қойып қойғанбыз. Онымыз орыстардың зират басындағы крештері сияқты кәдімгі айқыш таяқ. Үстіне «шапан кигізіп», басына ескі-құсқы малақай кигізіп қойғанбыз. Қалбайып-қалбайып тұрады. Соны да кәдімгідей қара тұтамын. Менің үндемес, қимылсыз «достарым» солар.

Жездемнің тапсыруымен бір мезгіл пішен шабамын. Жүзіне күн



шағылысып жарқылдаған шалғы орағы да бар. Қайрақ тасым да бар. Оратыным нар қамыс емес, құрақ қамыс, бидайық, жабайы жоңышқа, түйе жантақ.

Сөйте-сөйте кәдімгідей бір мая шөп те тұрғыздым. Егер нар қамысты да жыға берсем, бұл мая баяғы Мыңбұлақтағы Молдарайым атам жиған маядай үлкен болар еді. Бірақ нар қамыс мал жеуге жарамайды. Әрі десе, оны бұзғым да келмейді. Өйткені арасында бірлі-жарым қырғауыл жүреді. Қазір балапан басып шығарған да шығар. Олай дейтінім, алғаш мен осында келгенде қырғауылдың қоразы мен мекіші түні бойы бірін-бірі іздеп, бірін-бірі шақырып, зарлап шығатын. А, бәлкім, ол махаббат әні болар, оны мен қайдан білейін?

Қырғауыл екеш қырғауыл да менен гөрі бақыттырақ, атасына нәлет. Жалғыз емес. Енді балапандармен тіпті көбейеді. Әлбетте, біреу атып кетпесе. Дегенмен, қырғауылдың да жауы көп. Әсіресе адамдар. Мыңбұлақта қазір шыбынсыз жаз. Маса дегенді білмейді. Ал мұнда масаға жем болған басым-ай десеңші. Қайран Мыңбұлақтың қадірін сонда білесің. Маса талағанда бәрін де талақ тастап, шілдеде басында қар жататын Тәңіртауға тартып кеткім келеді. Бірақ қол-аяғым байлаулы. Аяқ-қолымда кісен жоқ, шідер де жоқ. Бірақ ит тіршіліктің бұғалығынан босана алмаймын. Сол. Босана алмаймын. Неге екенін өзім де түсінбеймін.

Сөйтіп жүргенде жездем келді. Маған қаладан алма, кәдімгі бөлке нан, бауырсақ, пісірген ет әкеліпті. Жап-жаңа мәйкіні көргенде қуанып қалдым. Денеме жаңа көйлек тимегелі қашан. Қашан екені есімде жоқ. Жездемнің жүзі сынықтау көрінді. Отыра қалып, махоркасын тарта береді.

– Зиба әпкем доқтырға қаралды ма? – дедім өзімді-өзім зорлап. Бетіме қарап тұрып, көзін тайдырып әкетті де:

– Әпкең тәуір, – деді.


Әуелі қауындықты көзбен шолып, жақындағы бірер түйнекті түртіп көрді.

– Енді көп кешікпей пісіп те қалар. Аман-есен жинап алсақ, қалаға тасып сатамыз. Шыда, – деді.

Мен оған әлгі бір бейтаныс шөпті көрсеттім. Өзі де зәлім болар, қауын жапырақтарының арасынан көрінбей, бұғып, жасырынып жатады.

Жездемнің түсі бұзылыңқырап:

– Бұл бәле қайдан жүр? – деді.



– Аға, ол не?

Басын шайқады.

– Бұл сұңғыла.

– Сұңғыла деген не?

– Сұңғыла деген – еңбегің еш, тұзың сор деген сөз.

– Неғып?

– Қауының енді өспейді.

– Неғып?

– Неғып, неғып! Соғып! – Мырзагелді түнерді. – Арам ғой, арам! Лаң! Әп-әдемі егінді лаңдапты ғой. Бұл енді қауынды сорып қояды. Қауын боп-боз болып, піспей қалады. Асқабақ сияқты кіртілдек болады.

– Жұлып тастаса қайтеді?

– Жұлсаң қайтып шығады.

– Тағы да жұлса ше?

Оқшия қарап тұрды да:

– Мейлі. Жұла бер. Жұла бер, жұла бер!

Жерге бір түкірді де, сылти басып Молотов жаққа кетіп қалды. Сылтып басып барады. Соғыста аяғына оқ тиген шығар. Бұрын білдірмеуші еді. Енді шынымен ақсаңдап барады. Мына сұңғыла оған фашистің оғынан да жаман тиді ме? Не болды?

Аңқиып тұрып-тұрып, әлгі «сұңғыла» деген иттің біреуін жұлып алдым. Иісі мия сияқты жағымсыз, ащы екен.

Тағы еңкейіп, тағы жұлдым. Ендігі зәлім жауым осы деп екілене жұламын. Бұл енді менің қиян-кескі соғысым.

Айтпақшы, соғыс аяқталыпты. Оны айдалада жатып мен қайдан білейін? Әнекүні Біләл қойшының үйіне барғанда сол айтты.

– Гитлер капут! Құрлық фашист құрыды, – деді. – Енді бізді Кавказға қайтаратын шығар, – деп қойды.

Кейін-кейін білдім. Жеңіс күні деп елдің бәрі той тойлапты. Қуанышы мен жылап-сықтауы аралас орасан думан болыпты. Мен оның бірін де білмеймін.

Тек Біләл қойшы айтқан соң, бірінші ойыма сап ете қалғаны: енді Нәметқұл көкем, Махан көкем, Сейсенбай көкем... Орха мен Ноха көкелерім елге қайтатын шығар. Бізді Мыңбұлаққа қайтадан көшіріп алатын шығар деген бір иненің жасуындай нәзік үміт ішімде жылт ете қалды.

Біләл қойшы Кавказ тауға қайтуды армандайды. Мен Тәңіртауға қайтуды аңсаймын. Екеуміз де таулықпыз. Сірә, таусыз өмір сүре



алмайтын болармыз. Бізді таулар тартып тұратын қандай құдірет – білмеймін.

Сонымен, соғыс бітіпті.

Ал менің соғысым енді басталды. Сұңғыламен соғыс. Күн батып, қас қарайғанша талайын жайраттым-ау деймін. Алақандарым күлдіреп ойылып, ақжем болып кетті. Сасық иіс қолқаңды қабады. Суға салып жудым, жудым. Алақаным ашиды. Ашиды.

Сілейіп, қатып ұйықтап қалыппын. Масайраған масалардың шаққанын да сезбеппін. Сөйтсем, ұйықтамауым керек екен. Таң ата тұрып қарасам: кешегі жұлған сұңғылам андыздап қайтадан түртиіп, түртиіп тұр. Бұл не бәле?!

Тамырын күрекпен отайын десем, қауынның тамыры қоса кетеді.

Түбіріне тақап жұлсам, түйежантақтың тамырындай болып, боп-боз шұбалшындай шұбатылып, резіңкедей созылып кете береді, кете береді...

Бірақ мен арпалыстым. Отаудай-ақ отадым.

Қайта шығады. Тағы да жұламын.


Қайдағы бір зәрлі өсімдікпен арпалыстырып қойған Құдай!

Есіме түсті. Мектепте Досмырза директор өткен қыста тарихтан бір аңыз айтып беріп еді. Ертеде-ертеде, Грекия деген елде, Зевс құдайдың қаһарына ұшыраған Сизиф дейтін сорлы, дәу тасты таудың етегінен басына қарай домалатады екен. Тасты таудың басына шығара берген кезде, тас қайтадан етекке қарай қаша жөнеледі екен. Қайтадан шыңға қарай итереді, қайтадан... Қайтадан. Қайтадан. Қайтадан! Атасына нәлет! Сизиф сорлы Зевстің бұйрығымен сол тасты әлі домалатып жүрген көрінеді.

Сизиф сол дәу тасты таудың басына шығарып, әбден нықтап орнықтырып, енді қайтадан еңіске қарай домалап кетпестей етіп бекітіп, «уһ» деп демін алған сәтте заман түзелмек.

Заман бұзылған ғой. Бұзылған. Әйтпесе, Сизифті аяса қайтеді? Аяныш деген қайда, атасына нәлет! Аяныштың жоқтығынан дүние бұзылмақ. Адамдар азбақ. Табиғат тозбақ.

Зәрлі сұңғыла тамырын мен суырып болған күні қауын да піспек. Піскен қауынды Мырзагелді екеуміз қаладағы Атшабардың базарына апарып сатып, байимыз, атасына нәлет! Біз де байимыз. Тапқан ақшаға ең алдымен Айшаны киіндірем. Масатыдай жасыл көйлек, аппақ шәйі орамал, әміркен кебіс-мәсі алып беремін. Үстіміздегі қомыт көйлекті лақтырамыз. Бар жоқшылық, жаманшылық осымен кет деп отқа жағамыз. Қарындасым мен інімді де мұнтаздай киіндіріп қоямын.



Нәметқұл көкем бізді көшіріп елге барғанда, басқаны былай қойып, Тасбеттің өзі мені танымай қалады. Шырыштай болып киінемін. Басыма Едігенің кепкесіндей жап-жаңа, сегіз қырлы, түрлі-түсті кепкені қисайтыңқырап киіп аламын. Аяғымда сықырлауық әміркен етік болады.

Тасбеттің алдынан олай бір өтіп, былай бір өтіп, етігімнің ұлтанын әдейілеп сықыр-сықыр, шиқ-шиқ еткіземін.

Шұбар мұғалім апайдың тәмпіш мұрын тәлпіш қызы да мені танымай... жоқ, танып:

– Ой, Барсха-а-ан! Қалай өзгеріп кеткенсің! – деп алақандарын сарт еткізіп, иегін таянып, сұқтана қарап тұрып қалады. Егер болса... Көшіп кеткен шығар.

Солай, Барсхан.

Таңның атысы, күннің батысы сұңғыламен соғысамын. Осы бірсыдырғы сұрапыл соғыстан басым айналады. Сірә, күл түстес сұңғыла улы шығар. Бұл соғыс өмірі бітпейтіндей көрінеді. Тәңір, тағдыр қанша ғұмыр береді, соның бәрі осы сұңғыла соғыспен өтетіндей болады. Торығамын. Сөйте тұра, қайтадан сүліктей сүлесоқ, сұрықсыз тамырды жұла беремін. Жұла беремін.

Бұл не? Жазмыш па?

Сөйте-сөйте, ара-тұра, қауынның кейбір қарны томпайып, пісігі де білінейін деп қалды. Кәдімгідей қош иісі бар. Түгі түсе бастады. Бұл енді сұңғыладан сау қалғандары. Ал сұңғыла сорып қойғандары баяғы бала күнімде, Таласбай бұлақтың әуітінде өзім тепкен жыланның шала жұтқан көккасқа бақасындай сөлсіз. Бозарып жатады. Реңсіз. Тумай жатып қартайған ауру баладай. Беті әжім-әжім. Құрысқан. Сұңғыла шөп әлі де есіріп тұр. Кеше жұлып тастағаным бүгін қайтадан сұр жыландай басын қақшитып тұрады. Біртүрлі кектеніп алдым. Қаным қараяды. Жау көргендей жұлқына жұламын. Еңкейе-еңкейе белім талады.

Анда-санда белімді жазып, жан-жаққа қараймын. Нар қамыс түскиіздей тұтасып тұрады. Шеңгел гүлін төгіп, қауашақ шығарып қалыпты. Шеңгел екеш шеңгел де тұқымын қамдайды. Осы қауашақ піскенде іші дәнге толады. Сонда сәл жел соқса, шеңгел қауашақтары кішкентай жез қоңырау сияқты сыңғырлайды. Бірақ біртүрлі мұңды сыңғыр. Шарасыздың, әлде Сизифтің мұңы сияқты.

Сизиф – менің көкем ғой. Туысқанбыз. Ол тау басына түйедей тас домалатады. Өмір-бақи, дүние-дүние боп қанша тұрады, сонша домалатады.



Мен, Сизифтің туысқаны, ғұмыр бойы таусылмайтын сұп-сұр, күлбет сұңғыланы жұла беремін, жұла беремін.

Екеуміз де қаһарға ұшырағанбыз.

А, бәлкім, сол Сизиф мен өзім шығармын. Алыстағы ертегілер елі Грекиядан адасып келген шығармын.

Бірақ Сизиф тауға тас домалатқанда ұдайы көзін аспанға қадайтын... Көкке...

Ал мен болсам үнемі жерге қараймын. Көзімді жерге, топыраққа, күлбет жалмауызға қадаймын. Белім де содан бүкшиіңкіреп барады. Соны жазып алу үшін, анда-санда бой жазу үшін сіресіп түрегелемін. Сонда бір сәт аспанға да көзім түседі. Боз топырақтан құрғаған көзім сонда шайдай ашылып, аспанның көгіне суарылып, қайралып, өткірленіп қалады.

Сонда деймін-ау, өмірі аспанды көре алмайтын, көруге мойыны бұрылмайтын шошқа қайтіп күн көреді?

Аспанға телміріп қарап-қарап, түк көрінбеген соң жан-жаққа көз саламын.

Серейіп біреу келе жатыр. Селк ете түстім. Мен екі аяқты адам көрмегелі қашан. Кісікиік болып бара жатсам керек...

Әлгі адам серейгеннен серейіп, таяп келеді. Маған одырайып біраз қарап қалды. Содан соң қауындыққа көз салды. Қайта маған бұрылып:

– Неге сәлем бермейсің? – деді.

– Танымай тұрмын.

– Танымасын – сыйламас.


Әрине, менікі әдепсіздеу болды. Әп-әжептәуір киінген кісі екен. Сірә, мұғалім шығар. Құдайдың ыстық күнінде галстук тағып алыпты. Ішім қылп ете қалды. Бұл Молотов мектебіне жаңадан келген мұғалім болды ғой. Әлде директор ма екен. Досмырза қартаң кісі. Кемпірі Зүбаржат:

– И-и, қалаға китәргә кирәк, – деп отырушы еді. Көшіп кеткен болар. Зибаны «пәдүрішкәм» деп еді. «Пәдүрішкәсі» Әулие-атаға кетіп қалған соң, о да көшкен ғой. Мына кісі біреу-міреуден естіген шығар: «Анау айдалада бір жабайы бала бар. Мектептен қашып кеткен», – деген-ау. Содан мені іздеп келген ғой. Мектепке қайтармақшы ма? Жақында оқу басталады.

– Қалай, қауының пісейін деді ме?

– Жоқ әлі.

Жасырдым. Әйтпесе, ішінара сарғайып қалғандары бар. Оларды түйежапырақпен жауып қоямын.



Мырзагелді сияқты махорка емес, папирос шекті. Махоркадан гөрі иісі жұғымдылау. Отырып-отырып:

– Осы сен Зибаның інісісің бе? – деді.

– Иә, – дедім жұлып алғандай? Зибаны біледі екен. Біртүрлі сүйкімді көрініп кетті әлгі кісі.

– Зибаны қайдан білесіз?

– Ертеден білемін. Қаракемерде тұрған. Ой, шіркін жалған-ай, әйел біткеннің ажарлысы еді.

Мұңайған, сағынған сияқты.

Ішіме мұз қатқандай тұлабойым бірте-бірте суынып бара жатты. «Ажарлысы еді» дегені несі?

– Әпкеңнің Құдай иманын берсін.

Қаракұрт шаққандай ыршып түстім. Қалшиып тұрып-тұрып, кеудемнен жаным шығып бара жатқандай шыңғырып жіберіппін.

– Не боп қалды? – деп ана кісі де орнынан атып түрегелді. Мені, сірә, ұстама ауруы бар деп ойлады ма, қос қолымнан қарыстыра ұстап алды. Түсім адам шошырлық, әлемтапырық болса керек:

– Су, су қайда? – деп мені арыққа қарай сүйрей жөнелді. Енді қарсыласа алмадым. Өнбойым былқ-сылқ. Былқ-сылқ етіп, буыным ұстамай, тізем бүгіліп, бетімді шеңгел тіліп, суға да жеттім. Бетіме су бүркіп, басымды арыққа батырып-батырып алды.

Су-су болып, дел-сал халде отырмын. Әлсіреп:

– Қа-ша-ан? Қа-л-ай? – дедім білем.

– Ойбу, байғұс бала, сен білмеуші ме едің? Кешір, айналайын. Біледі екен деп едім. Апырай ә, қашан-а-ан, осы шеңгел гүлдегенде ғой деймін. Мырзагелді саған айтқан жоқ па?

Жай ғана басымды шайқадым. Мойнымда буын жоқ. Өзінен-өзі шайқала береді. Көзімнен жылжып, жып-жылы жас аққан сияқты. Мен жыламаған сияқты едім ғой. Ыстық жас өзінен-өзі жылжып ағады. Сүртпедім. Өзегім өртеніп, соның жалыны көзімнен шығып жатқандай. Мен жылаған жоқпын. Тек ішім өртеніп жатыр. Өрте-ені-і-іп...

– Қой, бекем бол, жігітсің ғой.

Жаңа көргендей бетіне бағжия қарадым. Жалын атқан, жас аққан көз жаман шығар, әлгі кісі тайсалыңқырап, шегіншектеп кетті.

– Сен мені танымайсың ғой. Мына Қаракемерденмін. Естіген шығарсың, әпкең айтқан шығар, менің атым Кәрібоз. Кәрібоз менің атым. Зибаның жездесімін. Мен де мұғалім...

Иә, Зиба айтып отыратын. Айты-е-еп отыратын. Қыршынды батыр



Байтанадағы Шотай апаның қызын алған деп отыратын.

Зиба сөйлейтін. Енді сөйлемейді. Енді оның періштенің даусындай мақпал үнін естімеймін. Ән салатын. «Ғашық жар» деген ән. «Ғашық жар, ғашық та болған құрбыңды амалда да қасыңа ал...»

Жетті арманына. Ғашығымен құшақтасты. Ғашығы қасына алды. Бәріміздің ғашығымыз – Қара Жер. Сол, сол ғана мәңгілікке құшақтайтын. Басқа құшақтың бәрі ажырасады. Бәрі баянсыз, атасына нәлет!

Бәлкім, тағы бір баянды бар болса, ол – Аспан. Аспан – жанның ұясы. Зибаның жаны көрінбес пе екен деп жас аққан көзіммен аспанға қарадым. Көзім жастан бұлдыраған шығар, Зибаның жаны көрінбейді. Түңіліп, тас түйіліп, әлгі кісіге де қарамастан, қауындыққа кіріп, сұңғыланы жұла бердім, жұла бердім...

– Жарайды, хош! – деген дауысты есіттім. Бұрылмадым. Бұрылуға мұрша жоқ. Мен сәл сәтке өзімнің Сизиф екенімді ұмытып кетсем керек.

Сизиф екеніңді ұмытпа, Барсхан! Сұңғыламен жұлыса бер. Әлдекім келді-кетті. Жұмысыңа кедергі болмақшы. Сәл алаң қалсаң сұңғыла көбейіп кетеді. Алаң болма!

Қызарып күн батты.

Тағы да бір күн өтті. Өтті-і-і.


Батқан күннің қызылына малынған шарбы бұлттар терістіктен түстікке қарай көшкен фламинго – қоқиқаздар сияқты қалықтап, баяу жылжиды. Тек, қызғылтым арай шалмаған бір шөкім ұлпа қарауытып, бұлардан алыстап, артта қалып қойды. Орнынан жылжымайды. Қанаты талған шығар. Ұяластарынан, тобынан, туыстарынан айырылып қалған шығар. Мен сияқты ғой.

Сұңғыла сорған қауындай бозарып, кеміген жартыкеш Ай көрінді. Досмырза директордың әйелі, біздің тәрбиешіміз Зұбаржат Зиба досына келгенде:

Ай юғары, Ай юғары,
Айға мінәсім килә.
Айға мінеп, Жиргә қарап,
Сезне күрәсем килә, –

деуші еді.

Зиба Айға мініп алған сияқты. Ай – Зибаның ақ бесігіне айналған сияқты.



Аспанда әткеншек теуіп, әндетіп отырған тәрізді. Азаптан құтылды ғой.

Азапсыз адамның ән салғысы келетін әдеті.

Айға мінген Зиба жерге көз салып, мені көрер ме екен...

Нар қамыс арасынан екі қырғауыл кезек-кезек әндетті. Балапандарын басып шығарса да, екеуінің бір-біріне ынтызарлығы таусылмайды. Бүрлен-бүрлен ішінен шекшек шырылдайды. Мұның мұң-зары таусылмайды. Енді осыдан таң ата бір-ақ талықсып барып тоқтайды.

Шалашыма да кірмей, екі тіземді құшақтап, Айға тесіле қарап отырып, ұйықтап кетіппін.

Дүниеде не арсыз? Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, қу тамақ арсыз дейді ғой. Ұйықтап кетіппін.

Кілең ақ желең киген Зиба алыстағы Айдан қол созып, мені түрткілегендей болды. «Жаурап қалдың ғой» деген сияқты.

Оянып кетсем, тұлабойым тоңазып, жаурап қалыппын. Оны сезер-сезбес құлағыма әлдеқандай бөтен дыбыс естілді. Түрегеліп қарасам: қауындықтың ішінде қараң-құраң етіп әлденелер жүр. Жүрегім зу-у ете қалды. Албасты, дию, шайтан дегендер болады деуші еді... Бар даусыммен бақырып, озаңдата айқай салдым. Қауындықтың іші апыр-топыр болып, әлденелер тапырақтап қаша жөнелді.

Мал екен дедім. Жоқ, мал емес, арықтағы суды шалпылдатып арғы бетке өтті. Тасырлатып, Жетітөбе жақты бетке алып, шаба жөнелді. Мен де суды кешіп өтіп, арттарынан біраз жерге дейін жүрдім. Жеткізбеді. Атқа, есекке мініп алғандар. Соңынан адамдар екенін аңғарғаным. Араларынан біреу сояудай болып көрінді. Сейсен-ау дедім. Мен қалайы қасықпен ұрып маңдайын қанатқан Сейсен. Кекшіл екен, қызталақ.

Аулақтан қарашай қойшы Біләлдің иттері маңқылдады.

Қайтып келіп, қауындықты араладым. Қараңғыда жөнді көре алмадым. Бірақ қауын пәлектерінің шатысып-бытысып жатқанына қарағанда майқаны шыққаны байқалды.

Сәлден соң, таң бозарды. Енді анық біліне бастады. Енді сұңғыладан қорғайтын тұлдыр да қалмаған-ау. Қауынның көбі мыжылып, ішек-қарны ақтарылып, шопақтары шұбатылып жатыр. Майқаңдап, талқандап кетіпті. Шұбарала бұлттардың арасынан күрсініп Күн шықты. Ұялас қасқырлар жабыла жарған атан түйенің қарнындай болып, қауындық жайрап жатыр.

Әй, ит өмір-ай. Алажаздай айдалада арпалыспен өткен өмірімнің



жемісі осы ма?! Анамнан ажырап, әпкем Зибаның моласына бір уыс топырақ салуға да жарамай; көптен зарыға күткен Жеңістің ұлан-асыр тойына да қатыса алмай; дүниеден бейхабар қалып, қатықсыз қарасу ішіп, жүгерінің дүмбілін жеп, бозторғаймен бірге тұрып, батқан Күнмен бірге жатып, ұстарасыз өскен шашыма шоң-айна тікен жабысып, жабайы өткен айларымның ақысы осы ма?!

Қауындық жаққа қарағым келмейді. Қарасам: сұңғылалар сорайып-сорайып, аңдыздап келе жатқандай көрінеді. Оларды енді жұлып керегі не? Нені қорғаймын? Өзі қорғансыз адам нені қорып жарытады. Қамыс қабырғалы шалашты теуіп-теуіп құлаттым. Үйіндіге от қойдым. Кеурек неме тез тұтанды. Ағаштан айқыш-ұйқыш кіреш жасап, үстіне қалбитып ескі шапан, жаман тымақ кигізіп қойған «қарауылдарды» ырғап-ырғап, жұлып алып, отқа тастадым.

«Қарауылдардың» біреуін ғана қалдырдым. Ол – өзім. Оны отқа тастайын дедім де, ойландым: өмір деген шіркін сұңғыласыз болмайтын көрінеді. Сұңғыла соғысы әлі біткен жоқ. Масқара боп жеңіле салмай әлі де айқаса беру керек дедім.

Кейін-кейін түсіндім: «Сұңғыла» деп өте көп білетін, ақылы асқан адамдарды да айтады екен. Бірақ олардың білімі адамзаттың игілігіне жараса игі. Әйтпесе, көбінесе адамзатқа тажал көрінеді. Таяуда ғана Жапонияға әлдекімдер атом бомбасын тастапты. Жүз-мыңдаған адам қырылыпты. Ол атомды ойлап тапқан, о да пенде, сұңғыла деседі. Менің алажаз бойғы мекенім лапылдап, есіректене өртенді. Сәлден соң шалаш орнында боп-боз күл қалды да, кейбір жері бықсып жатты. Өлі күл үйіндісінің жанында тұрып, төңірекке қарадым. А, айтпақшы, мая қалып барады екен ғой. Бір мая шөп. Оған от қояйын деп оқталдым да, тиіп тұрған нар қамысқа өрт шапшиды-ау деп ойладым. Қырғауыл күйеді ғой.


Хош, терістіктің суық желінен қамзау болған нар қамыс! Хош, түні бойы махаббат жырын жырлайтын қырғауылдар!

Қауашағы жез қоңыраудай сыңғырлаған шеңгел тікен, сен де хош!

Хош, менің қанымды сорып масайраған масалар! Мен кеткен соң кімнің қанын сорар екенсіңдер?

Аспанға қарадым. Күн көтеріліп келе жатыр. Батысқа көшкен жартыкеш Ай тым-тым бозарып кетіпті. Қылаңытып әрең көрінеді. Зибаның бесігі... алыстады.

Тұлабойым қалшылдап, тоңып бара жатқанымды сездім. Тұра



берсем қатып қалатын сияқтымын. Енді артыма қарамай, аулақтағы тас жолға қарай жүре бердім.

Мейірі түскен біреу-міреу көлігіне мінгізе кетер. Мінгізбесе жаяу жүре беремін. Екі аяқ не үшін берілген. Аяқты аяп керегі жоқ. Мезгілі біткенде өзі-ақ тоқтайды.

Хош, Молотов мектебі!

Хош, Ақмешіт интернаты!

Тас жол. Тұлабойым әлгі шалаштың өртінен шыққандай қызынып барады. Тұлабойым лапылдап барады. Бұл не? Жаңа ғана қалшылдап жаурап едім, енді өртеніп барамын. Неге?..

БЕЗГЕК

Тас жол Молотовтан өте бере, шығысқа қарай қасқаяды. Сол бұрылысқа күйіп-жанып әрең жетіп, артыма самарқау бұрылып, ақырғы рет қоштасқандай аңырып қара-а-ап тұрмын.

Қоштасу керек. Кім біледі, енді қайтып Молотовқа оралмаспын. Қанша дегенмен, бір жылға жуық өмірім осында өтті ғой. Оның алты айға жуығы айдалада, қауын басында қалды.

Бүгін айдың қаншасы? Оны да білмеймін. Шамамен қыркүйек айы болар. Әлде басы, әлде ортасы, әлде соңы ма? Соңы болса, менің туған күнім өтіп кетті ғой.

Онда мен бір мүшелден, қатерлі мүшелден асып кеттім бе? Ай, өте қоймаған шығар. Айша айтып еді: «келер жыл – сенің мүшел жылың. Құдай аман қойса, он үшке толасың. Содан аман өтсең, ар жағында жаратқанның бұйыртқанын көре жатарсың», – деп еді.

Мұны былтыр Әулиеата жаққа көшіп келерде айтқан.

Сол он үшке толдым ба, толмадым ба? Есептеп те жүрмеппін. Күні тұрмақ, айынан да жаңылысып қалғанымды көрмейсің бе? Әйтеуір, жылынан шатасып қалмағаныма Құдайға шүкір. 1945! Бұл анық. Ал айы, күні... Робинзон менен ақылдырақ болған. Жабайы аралда өткен әрбір күнін тас пышақпен ағашқа кертіп, белгілеп қойып отырған. Бұл амал менің есіме келмепті.

Енді аңырып, меңіреу тұрғаным мынау.



Жиырма сегізінші қыркүйек өтіп кетсе жақсы. Әлі өтпесе бір қауіп бар. Мына екі аяқтың әлсіреп, бүгіліп-бүгіліп кете беретіні де содан шығар. Қауындықтан шыққалы бері үш-төрт шақырым жүрген болармын. Күн шыққанда мен де жолға түсіп едім, аспанға қарасам, күн сәскеден өткен сияқты. Соншама ұза-а-ақ жол. Содан бері тарқылдаған жалғыз полуторка өтті. Құйындата жөнелді.

Шаңның астында қалдым.

Сап-сары қауын артып бара жатыр екен. Әрине, отырғызбайды. Мен үстіне отырып алсам, шыдамастан, қауынды жарып жеп қойсам... Одан да қиыны: жолдың қапталына лақтырып-лақтырып өзім түсіп қалсам... Шопырдікі дұрыс. Мендейді отырғызбайды.

Сірә, Талас жақтан келе жатқан болар. Сол жақ құмдауыт, қауын-дарбыз өседі деуші еді. Әлде Мырзагелдінің елінен бе екен? Ойық деген ел деуші еді. Ол жақта сұңғыла деген сұмдық жоқ-ау, сірә. Жездем де қызық. О басында сұңғылалы жерге қауын егіп, есіл еңбекті еш кетіргенше, мені сол Ойыққа неге алып бармаған? Сонда ексек қой, мына қауын артқан машинаның ішінде қазір мен отырар едім шіреніп. Атшабардың базарында сары қауын емес, сары алтын сатқандай тұрар едім шырт түкіріп...

Аспанға қарадым. Күн түс болайын деп қалған ба? Әр жерде мұндай тұра берсем, қалаға қашан жетемін? Қой, қозғалайын.

Бірақ еріксіз Молотов жаққа тағы бұрылып қарадым. Әне, ан-а-ау дәу ақ үй – мектеп. Мынау үлкен арықтың ар жағында тұрған – Ақ мешіт. Интернат. Жанындағы жатаған үйлер: Мырзагелдінің, Петренконың, Едігенің, Олжабайдың үйлері... Петренконың сары шашты, ақ балтыр, борықтай қыздары...

Қызда басың қалғыр... Өлейін деп келе жатқанда қыз сенің не теңің?! Өлім деген суық сөз. Қайдан есіме түсті? Жиырма сегізінші қыркүйек өтті ме, өтпеді ме? Он үшке жеттім бе, жетпедім бе?

Ілбіп басып келемін. Алдымда – Жетітөбе ауылы. Бұл да бір қатер. Жол сол ауылдың қақ ортасын жарып өтеді. Әлгі Сейсен сұмырайлар кездесіп қалса, қайтемін? Шыннан тағы да жабылып ұрар ма екен? Бұрынғыдай әлім жоқ. Не бәле бол-ғанын білмеймін: әл-дәрмен жоқ. Тұлабойым біресе ысиды, біресе қалтырайды. Күн жып-жылы, бірақ мен жаураймын. Жол жағасына әлсін-әлсін отыра бергім келеді. Қисайып жата кеткім келеді.

Бірақ сананы бір құдірет түрткілеп, жатпа, жатпа, жатсаң тұра алмай қаласың. Жүре бер, жүре бер дейді.

Шыннан тағы да жабылып ұрар ма екен? Бұрынғыдай тістеніп



төбелесуге қауқар жоқ. Қаңбақ сияқтымын. Түртіп қалса, құлайын деп келемін.

Жиырма сегізінші қыркүйек өтіп кетті ме, өтпеді ме?

Шыннан жабылып ұрар ма екен?

Кенет миымның бір түкпірі жарқ ете қалды: ұрғаннан да жаман бір қауіп бар. Ұрмаса да, көргенінің өзі бір қорлық. Мына түрімді көрсе, көтін ашып, күлін шашып күледі ғой!

Жетітөбеге жете бергенде мелшиіп тұрып қалдым. Ауылды айналып өтсем қайтеді? Көзге түспес үшін.

Бірақ ауыл аумақты. Әрбір адым азап. Әрі десе, ауыл сырты қалың шеңгел. Бұтымдағы жамау-жамау жаман шалбарды бір-бір жапырақтан жұлып алып қалады-ау. Аяғым да оңып тұрған жоқ: жыртық шоқай... Кенет көзімнің алдынан кемпірқосақ бояулар: қызыл, жасыл, сары, көк дөңгелек шеңберлер шыр айналып барып, аржағы қап-қараңғы түнек тартып, құлап бара жатқанымды сезіп: «Барсхан!» деген дауыстан селт етіп, бойымды түзеп алдым.

Артыма бұрылып қарадым. Ешкім жоқ. Жаңағы Зибаның даусы еді ғой. Зиба Молотовқа, Ақ Мешіттің жанындағы құрқылтайдың ұясындай кішкентай үйдің ішінде, темір төсектің үстінде қалып қалды ғой. Менің бұл кетіп бара жатқаным – қай кетіс? Ол қысылып-қыстығып жөтелгенде, оған мұрны пұшық, ақ шәйнектен кім қайнақ су құйып береді? Ақшагүл мен Әбен әлі балақайлар ғой. Далаға ойнап шығып кеткен шығар. Зиба шашалып қалса, аузын сүртетін сүлгіні кім алып береді? Жастығын кім түзейді? Көрпесін кім қымтайды?

Алақандай көздері жалт-жұлт етеді ғой. Жаутаңдағандай болады ғой. Сыбырлап сөйлейді. Не дейді?

Молотов жаққа үздіге-үздіге қарадым. Ешкім көрінбейді. Ақбауыр бұлттар көшіп барады. Олар да шығысқа қарай бет алған. Баяу жылжиды. Мен сияқты олар да ауру ма? Неге баяу жылжиды? Бұлттар түсі суық болмаса да, бойым кенет тоңазып, тісім тісіме тиіп, сақылдап ала жөнелді. Өз тістерім өзіме бағынбайды. Тоқтата алсамшы.

Сонда барып, өзіме өзім: «Зиба жоқ қо-о-ой!» – дедім. Дауыстап. «Жоқ қо-о-ой» дегеннің соңы: о-о-о-й-ға ұласып, аспанға қарап ұлып-ұлып жыладым-ай сонда.

Қақпанға түскен қасқыр сияқтымын. Аяғым қақпанға түскендей жылжымайды.

Бір сәт тістерімнің сақылдағаны тыншығандай болды. Ауруым жоқ, сап-сау сияқтымын. Осы әлім барда жүріп алайын деп, Жетітөбе



аулын қақ жарып жүгіргендей болып, зыта жөнелдім. Тезірек өтіп кетпекшімін. Интернаттан таныс балалар көрмесін. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді!» – деген Айша.

Бектөбедегі Айшаға жетуім керек. Жолда өліп қалсам, менің кім екенімді ешкім де білмейді. Айшаға да ешкім хабарламайды. Жым-жылас құрып кетемін ғой.

Сонда із-түссіз жоғалып кеткен Барсханың Айша қайдан іздейді? Кімнен сұрайды? «Барсхан! Барсхан!» деген даусын, «Бары-ыс-ха-а-ан!» деген зарын өлген бала ести ме, естімей ме?

Жетітөбе көшесінің қос қапталына көз салмаймын. Ешкімді көргім келмейді. Көшенің дәл ортасында бір есек топыраққа аунап жатыр екен, содан басқаға назар салмай, ауылдың арғы шетінен де шықтым-ау.

Yh! Темір жолға жеттім. Кәдімгі Шолақтауға баратын темір жол. Шолақта-а-ау.

Шоқайымның жыртығынан кішкене башпайым темір рельстің жылуын сезді. Сол-сол екен, тұлабойым қайтадан ысып ала жөнелді. Жаңа ғана жаурап едім, енді күйі-і-іп барамын. Көзімнің алдынан тағы да шоқ шашырай бастады. Аяғым еркіме көнбеді. Бүгіліп барып рельске отыра кеттім.

«Пойыздан сақтан!» деген жазуға көзім түсті. Түк әсер еткен жоқ. Шпалдар қап-қара, жып жылтыр. Семіз. Қара май сасиды. Жата қалып жаласаң, қарның тойғандай.

Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан жалтыр қос сызық. Ерте көктемде осы сызықтың бойымен шпалдарды аттап-аттап, Молотовтан Жұма дейтін стансаға дейін барып қайтып едім. Мырзагелді бір туысынан көк сиырды алып қайт деп жұмсаған.


Сиырсыз қайттым. – Кет, әйда, – деген сонда жездемнің туысы. – Шиеттей бала-шаға, кемпір-шал сол көк сиырдың көтіне қарап отырмыз, қашан туады деп. Қыстай сиырды біз бағамыз. Туар кезде сен алып кетесің. Тапқан екенсің ақымақты, – деген.

Зиба сөйтіп сүтсіз қалған.

Сол жолы мені темір жолшылар ортаға алып еді. Әсіресе әлгі протез қолды дәу... аты... атын ұмытып қалыппын, сол дәу мас болып, мені құшақтап, Шолақтауға кел, өзім жұмысқа аламын деп еді.

Мына жалтырап жатқан қос рельс сол Шолақтауға алып барады. Әттең, жете алсам сол Шолақтауға. Шолақтау емес, Шолақ Дәу. Оң қолы – протез. Сұрай-сұрай тауып алар едім.

Шолақтаудағылардың бәрі протез қолды емес шығар. «А, әлгі ана



дәу ме?» – деп маған жол сілтеп жіберер еді. Тауып алар едім. «Ағатай, осылай да осылай, мені танымай қалдыңыз ба? Соноу ерте көктемде... иә, иә... сол менмін ғой. Шолақтауға кел, жұмысқа аламын, ақша табасың деп едіңіз...» Әттең, жете алсам сол Шолақтауға...

Шексіз рельстен көз алмаймын. Барып-барып, үзіліп кетеді, аржағы – сары сағым.

Шолақтауда алтынды күрекпен күреп алады деуші еді. Рас шығар. Әйтпесе, өкімет соғыс жүріп, ел ашығып жатқанда темір жол салмайды ғой. Тегін емес қой.

Қауын егіп, соны Атшабардың базарына апарып сатып, шырттай болып киінбекші едім. Айшаға, Құрмашқа, Батырханға, теңгем артылса, Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай аталарыма, Шолпан, Қалатай, Үміт, Адас, Зүбайда, Гүлсім апаларыма мол базарлық алып бармақшы едім. Аталарым қуанып, қауқылдасып: «Міне, азамат болды деген осы! Айтып ек қой, Барсханнан бірдеңе шығады деп, келді ғой айтқанымыз!» – деп қуанар еді.

Енді не болды? Мына сықпытыммен қалай көрінемін?

Кетсем бе екен Шолақтауға? Алтынды күректеп алатын Шолақтауға? Сары сағым – сары айдаһардай бүктетілді, бүлкілдейді. Бірте-бірте сары өзен тасып жатқандай болады. Ағып жатқан алтын өзен. Адамның арманындай. Алдамшы шығар. Осының бәрі алтын болса, жұрт неге солай қарай жосылмайды? Жөңкілер еді ғой баяғыдай-ақ. Әлдене өкіргендей болды. Мән бермей мәңгіріп отыра беріппін. Көкейімде – Шолақтау. Шолақ қол дәу. Кетсем бе екен...

Әлдене ышқына өкіргендей болды. Бұрылып қарасам, Әулие-ата жақтан арқырап пойыз келіп қалған екен, таяқ тастам жер қалғанда шақпақ тасты еңіске қарай домалап кетіппін. Ақылым айтқан жоқ, әйтеуір түйсік шығар, инстинкт болар, пышақтай шақпақ тастарға бетімді жырғызып, ылдиға барып бір-ақ тоқтаппын. Одан ары пойыздың доңғалақтары арсыл-гүрсіл зымырап бара жатқанын білемін. Сол доңғалақтардың зіл-батпан салмағынан жаңа ғана өзім отырған рельстің белі қайқаң-қайқаң еткенін білемін. Паровоздың қою қара түтіні еңістегі жусанға дейін есеңгіретіп, мас қылғанын, паровоздың екпінінен жел тұрып, мас жусан, қораз таптап кеткен мекіштей, ұйпа-тұйпа шайқалақтап, сілкінгенін білемін.

Вагондары, мойындары сорайған әлдене тиеген платформалары қандай көп еді, сақыр-сұқыр, гүрсіл-дүрсіл, әлі кетіп барады, әлі кетіп барады. Денем сезеді: жер дір-дір етеді. Бүгелек қонған жылқының



сауырындай дір-дір етеді. Қара жердің өзін дірілдеткен қандай күш? Әлден соң жер дірілдегенін қоя қойды. Соңғы вагон шолтаң еткенде, рельс те қайқаңдамай қалпына түсті.

Пойыздың дүбірі бірте-бірте талықсып барып үзілді.

Пойыз кетіп қалды. Мені ала кетпеді. Қайда? Шолақтауға ма, әлде... Әлде... Қас-қағымда басымнан тұтас бір дәуір зуылдап өте шықты. Есімді жиып, басымды көтерсем, бойым жеңілейіп қалған сияқты. Ширақпын. Тоңып та бара жатқан жоқпын, ысып та бара жатқан жоқпын. Тәуба!

Тәуба дедім. Тірі қалдым. Алтыны құрысын. Аман қалдым. Енді, сірә, өлмейтін шығармын. Жаңағы пойызбен бірге менің туған күнім – жиырма сегізінші қыркүйек те құйындатып өте шыққан болуы керек. Мүшел, бірінші мүшел бітті!

Менің жасым он төртке қарай кетті.

Безгекті әлгі пойыз ұшықтап, ұшырып жібергендей. Біртүрлі көңілім сергек, ақылым анық. Аспанға қарасам, күн төбеден ауып барады.

Жүр, – дедім өзіме өзім. – Жүр, Барсхан. Алда не күтіп тұр, Алла біледі. Екінші мүшел жол үстінде басталды. Бұл жол қаншаға созылады, Көк тәңірдің жазуы бар, сол біледі.

Тек Сол ғана біледі.

АРЫЗ

– Апа!

– Не, Барсхан.

– Тырналар ұшып бара ма?

– Қайда?


– Далада.

– Қайдам. Далаға шығып қарайыншы.

Айша далаға шығып, қайтып келді.

– Тырналар көрінбейді, Барсхан.

– Тыраулады ғой. Менің де ұшқым келді ғой. Тырналар қайтқанда ұдайы біздің үйдің үстінен ұшып, Жабағылы жаққа кетуші еді ғой...



Айша еңкейіп бетіме үңілді. Тіпті жып-жылы демін де сезіндім. Айша ылғи осылай бетіме бетін тақап отыра берсе, соның демінен мен тезірек жазылып кетер едім. Бірақ оған мұршасы жоқ қой. Қызылшаға кетеді. Бұл елде де қызылша егеді. Біздің Мыңбұлақтағы сияқты. Бұл елдің қызылшадан басқа тамағы жоқ па, немене... Бәрі де қызылша егеді.

– Қызуың тағы көтеріліп кетіпті ғой, – деді Айша маңдайыма алақанын басып тұрып. Алақаны күс-күс. Сипағаны – тырнағандай сезіледі. Бірақ жағымды. Осылай басып тұра берсе, мен жазылып кетер едім. Бірақ жұмысқа кетеді. Қызылша аршиды. Содан да алақаны күс-күс. Қызылша иісі шығады. Жуса да кетпейді. Кір сабындап жуса да кетпейді. Егер елде кім бейнетқор, кім ақсаусақ деген кәмесия шықса, Айшаны айтпай-ақ таныр еді. Бірақ ондай кәмесия жоқ. Мүмкін, о дүниеде бар шығар. Әркімді адал еңбегіне қарай бағалайтын кәмесия сонда болар. Егер болса...

– Енді кәйттім? – деді Айша аңтарылып. – Сені қалай тастап кетемін. Түс көрдің бе? Тырналар қайдан есіңе түсті?

– Түс көрдім, апа. Мыңбұлақтағы біздің үйдің төбесінде бір кәрі бүркіт отыр.

– Ойбу, Тәңір-ай. Ол Мұртазаның аруағы ғой, бізден адасып қалған.

Айша айналақтап, қара құманды бір ұстады, шайқап-шайқап қоя салып, ағаш шөмішті алып, қазанның қақпағын ашты. Тарс еткізіп қайта жапты. Қаңырап қалған болса керек, қайтып келіп, шеке тамырымды сұқ саусағымен басып көрді.

– Апыр-ай, бадырайып кетіпті ғой. Лыпылдап тұр ғой. Қой, мен жұмысқа бармай-ақ қояйын.

– Бара бер, апа-а-а. Бригадир ұрсады ғой.

– Қайда барсаң – Қорқыттың көрі, қараңқалғыр. Елге барсаң – Тасбет. Мұнда келсең – Қорабек! Кілең бригадир. Мен айтып, рұқсат сұрап келейін.

Айша сықырлауық есікті ашып, шыға жөнелді. Қауындықтан қайтқалы жарты айдан асса керек. Мен оны қайдан білейін, Айша айтады:

«Тәңір-ау, жарты айдан асты, беті бері қарамайды. Сүйек-сүйегінен өтіп кеткен бе, бұл неғылған кесел», – дейді.

Бектөбеге Айшаға жетіп жығылғанымда, есімді білмесем керек, түп нағашыларым: Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай келіп, жиналып, кеңесіп, ем-дом жасағандарын да білмеймін. Саид-Акбар қожаны



алдырып, қаратқанын да білмеймін. Ернім ерніме жуыспай өлім мен өмір арасында, қыл көпір үстінде жатсам керек. Тек тісім сақылдайды.

– Шашыратқы қайнатып, соның суына шомылдыр баланы, – депті Саид-Акбар қожа.

Қыркүйектің соңында шашыратқы қайдан болсын, қурап кеткен ғой. Айша сонда да Асаның бойына барып, су жағасынан шала қурай теріп әкеліп, қазанға қайнатып шомылдырған екен, одан да шипа қонбаса керек.

Қали атам қаладан сап-сары, удай ащы «хинин» деген дәрі әкеліп беріпті. Сәл сәтке сергітеді, кешке қарай тағы да жын қаққандай селкілдеп ала жөнелемін. Қали атам айтады: бұл жай безгек емес, басқа бір түйін бар...

– Ол не? – дейді Айша.

– Мен көріпкел дейсің бе? Білсем, жазып жібермеймін бе, – дейді Қали атам күйініп.

Басқа бір түйін... Ол қай жерде? Тұла бойымды дел-сал қылып, жарық дүниенің ештеңесіне қызықтырмай, меңіреу тарттырып қойған не пәле? Түйнеп те ауырмайды, шаншып та ауырмайды. Тек қыздырады, тек суытады. Өн бойымда ыстық пен суық арпалысады да жатады. Жазғы шілде мен қысқы шілде менің денемде төбелеседі келіп, төбелеседі келіп...

Денемнің жартысы – Африка, жартысы – Арктика. Бірі мені табаға салып шыжғырады. Бірі мені мұздатады.

Аурудың түрі осындай. Ал жазып көр. Саид-Акбар қожаның өзі шарасыз болса, бұл кеселге не дауа?

Айша қайтып келеді.

– Қали нағашыма айтқызып жатып, әлгі Қорабекті әрең көндірттім. Түске дейін рұқсат берді. Бүгін күн жылы көрінеді. Саған дәрі беріп, кіріңді жуайын.

Дәрі берді. Сол баяғы сап-сары зәр. Хинин дейді. Жазуы солай. Аузыма салып, басымды жастықтан көтеріп, сыры кеткен, кетік тостағанмен су ішкізді. Зәр-зәр. Шашалып қалдым.

– У ғо-о-ой, – дедім үнім әрең шығып.

– Уды у қайтарады. Құдай сәтін салса, жазылып кетесің, – деді Айша аузы-басымды, ыршып шыққан көз жасымды орамалмен сүртіп жатып.

– Удың соңы тәтті болады. Араны көрмейсің бе шақса – у, сөлі – бал.

– Бал деген не?



– Ойбу, байғұс балам-ай, сен бал жеп көрмеген екенсің-ау. Ай, бірақ баяғыда, Мұртаза барда жеп едің ғой.

Мұртаза Борандының базарынан ылғи алып келуші еді. Есіңнен шығып қалған екен-ау. Үйге кісілер келгенде сандықтан алып, дастарқанға қоюшы едім ғой. Сонда сен «бал-бал» деп қыңқылдайтының қайда? Ұмытып қалғансың ба? Сонда Түркібастан келген Қарақожа жарықтық:

– Бер, бер. Барсханға әсел бер, – деуші еді ғой.

Балды – әсел дейді екен ғой.

Есімде жоқ. Елес бар, есте жоқ. Айша да қызық. Қай-қайдағыны айтады. Мұртазаның балы тұрмақ, өзін де есіме түсіре алмай қиналамын. Менде осы әке болғаны рас па деп Мұртазаның бейнесін іздеп, миымның түкпір-түкпірін тінткілеп іздеймін: бірдеңе бұлдырайды, бұлдырайды, кісі көрінгендей болады, бірақ түр-түсі білінбей, шалықтап кете береді. Бесіктегі бөпенің көзіндей шалықтайды. Ар жағы – мұнар, мұнар. Бөпе де алғашқыда анық көре алмайды ғой.

Менің төсегім үйдің оң жақ қабырғасына тақау. Төсек болғанда – жүгерінің паясы. Соның үстіне киіз төсеп, оны ескілеу болса да таза сейсеппен қаптап қойған. Жайлы. Бірақ мен қимылдаған сайын жүгері пая «сыбдырлайды». Арасында тышқан жүгіріп жүргендей сыбдырлайды.

Әлгі қабырғаның ар жағынан кейде-кейде музыка естіледі. Талып-талып, әрең естіледі. Сірә, қабырға қалың болар. Мен құлағымды түріп, құлағымның қалқанына алақанымды жалғап, бар ықыласым ауып-ақ тыңдаймын. Сонда да жәй ызыңы ғана, болмашы елесі ғана жетеді санама. Бірақ естуге ынтығамын. Ып-ыстық басымды қабырғаға тақаймын. Әктелмеген, сылақ жүргізбеген балшық қыш бетімді тырнап кетеді. Сап-салқын.

Біреу мұңлы ән салады. Көрші үйдің әйелі ме деймін. Бірақ сыбызғы қосылғандай болады. Онда патефон болғаны ғой. Патефонды білемін. Мыңбұлақта шұбар мұғалім апайдың үйінде бар болатын. Тәмпіш мұрын тәлпіш қыз үйіне ертіп барғанда есіткенмін. Айналып тұрған қара табақ та ән салады екен-ау деп таң қалғанмын. Ол бір ойнақы ән еді. Ұмыттым.

Ал мынау басқа ән. Әттең естілмейді. Естіледі, тек ызың. Әлде ешқандай патефон емес, ызыңдап, шулап жатқан өз басым ба? Басымның ішінде патефон бар ма?

Біздің тұрып жатқан ұямыз – Бөкен деген кісінің үйінің бір



қуысы. Сірә, қамба тамы ма, әлде тауық тамы ма, әйтеуір өз үйіне жапсарластыра салған бірдеңе. Бөкен менің Сәли, Қали аталарымды сыйласа керек, солар айтқан соң Айшаны, Құрмашты, Батырханды осы қуысқа кіргізіпті. Бос үй жоқ қой. Әйтеуір баспана. Айшаның нағашыларында да бос бөлме жоқ.

Енді қайтсін. Айша, амал жоқ, кірген ғой. Далада қала ма? Рахмет Бөкенге.

Соның үйі жағындағы қабырғаға құлағымды төсеп жатырмын. Айша даладан кіріп келіп, бұл жатысымды көріп:

– Қабырғаға бетіңді тақама! Ауруың аз ба еді, – деді.

– Апа, – дедім.

– Ау, Барсхан.

– Мынау үйдің патефоны бар ма?

– Бар-ау деймін. Әндетіп жатады ғой, әйтеуір. Қатыны жас. Көңіл көтергісі келетін шығар. Қызы да бой жеткен...

Сөйтсем, Бөкеннің әйелі қайтыс болып, жаңадан үйленген екен. Бөкенді бір-ақ рет көрдім. Молотовтан келген күні. Есім кіресілі-шығасылы еді. Келе құлағанмын. Сонда әркім-әркім кіріп-шығып жатқан. Бәрі Айшаға:

– Құдай сақтасын, жазылып кетеді.

– Безгек қой.

– Ештеңе етпейді, – десіп жатқан. Сонда Айша маған айқайлап:

– Мына кісі – Бөкен нағашың. Тәңір жарылқап, жамандық көрмегір, осы кісі мына үйіне бізді кіргізген, – деген соң, дүние мен үшін бір тиын боп жатсам да, бізге жақсылық істеген адамды көрмек үшін бұрылып қарағанмын. Түсі суық, қарасұр, егде кісі екен. Көзі шатынап, кірпік қақпай, шақшия қарайды екен. «Рахмет» дейін деп едім, кезерген ернім жыбырлауға келмеді-ау деймін.


Содан қайтып әлі көрген жоқпын. Ол қабырғаның ар жағында. Мен бер жағында. Жас келіншегі бар екен. Ол патефон ойнатқанды ұнатады екен. Ау, бәлкім, бойжеткен қызы шығар.

Жас келіншектің өгей қызы. Әлде екеуі де әнге, музыкаға құмар болар. Қайдан білейін? Көрген жоқпын ғой. Бір үйде тұрамыз. Бірақ көріскен жоқпыз. Келіп-кетіп, кіріп-шығып жүрген шығар, оны мен білмеймін.

– Апа, – деймін.

– Ау, Барсхан.

– Осыдан жазылып кетсем, патефон сатып алар едім.



– Аласың, Барсхан, аласың. Әуелі жазылшы.

– Ақша табу керек.

– Ақшасы түскір таптыра ма... Өзің науқассың.

– Шолақтау...

– Қайдағы Шолақтау?

Айшаға жауап бергенше, тұлабойым қалшылдап ала жөнелді. Тістерім сақылдады. Шолақтауға бара жатқан пойыздың доңғалақтарындай сақылдап алды да кетті. Сөйлеуге шамам келмей қалды. Үстімдегі көрпені аяғыммен теуіп-теуіп, ысырып тастап, аласұрдым-ау... Үй өртеніп бара жатыр... Қауындықтағы қамыс күрке өртеніп, мен содан шыға алмай жатырмын... Мая өртеніп, нар қамысқа тиіп, қырғауылдар парылдап ұшты дейсің. Қанаттары лапылдап жанып барады. Бір-екеуі жалын құшып, жалп-жалп құлады.

У-шу, ызы-қызы... көзімді ашып қарасам, Құрмаш пен Батырхан шырылдап жылап тұр екен.

– Өшіріңдер үндеріңді! – дейді Айша. – Бұл өзі күн батқанда өстіп қысатын ауру. Қояды қазір. Е, қойды ғой, көзін ашты ғой. Барсхан. Барсхан, а, Барсхан, ыстығың басылайын деді ме?..

Алақанымен маңдайымды басып отыр. Бәлкім, осы алақан шығар әлгі өртті өшірген. Айша мені өрттің ішінен алып шықты ғой. Мен баяғыдан бесікте қара шешектен іріп, уылжып жатқанда да осы алақан айқын ажалдан алып қалған.

Айшаның алақаны күс-күс, қызылша жапырағының нілінен көгістеніп кеткен, оның не күш-қуаты болушы еді деп ойлай көрмеңдер. Олай ойлаған адам қатты қателеседі. Айшаның алақанында құдірет бар. Мен соған көзім жетті.

– Алақаныңды маңдайымнан алмашы, апа.

– Алмаймын, күнім, алмаймын.

– Апа десе!

– Ау, күнім.

– Мен саған әдемі көк көйлек, ақ жібек шәлі, әміркен кебіс-мәсі әкелмекші едім. Құрмашқа да, Батырханға да базарлық әкелсем бе деп едім...

– И-и, ниетіңнен айналайын. Бізге аман келгеніңнің өзі мың базарлық, Барсхан.

– Қауын сатып, байымақшы едім... Сұңғы-ы-ла сорып қойды. Сұңғыланы жеңе алмадым. Қауынды сорып құртып, енді ішіме кіріп кетіп, мені сорып жатыр. Сұңғы-ы-ла жама-а-ан. Ол жеңілмейді. Жұла



берсең, қайта-қайта шыға береді. Көрдің бе, дәрі ішсем сәл басылады. Қайтадан қалшылдатады. Бұл безгек емес, бұл – сұңғы-ы-ла! – Даусым қатты шығып кетті. Қайтадан дірілдей бастадым. Енді өне-бойым мұз құрсанып, суықтан дірдек қақтым.

– Жап көрпені! Шапанды да-а-а...

Менің үш жанашырым. Үшеуі үш жақтан мені қымтап жатыр. Үстеріндегі шапандарын да шешіп жауып жатыр.

– Маңдайыма алақаныңды бас, апа!

– Басайын, күнім, басайын.

– Апа!

– Ау, күнім.

– Мен өліп қалсам, Мыңбұлаққа... Қалай жеткізесіңдер?

– Ойбай, Құдай! Не дейді мына бейбақ?! Айтпа ондай сұмдықты! Ауырған адам өле сала ма екен? Сен сонау қара қырғын – қара шешектен де өлмей қалғансың. Сен, сен... Жо-жоқ, өлмейсің, ойбай! Даусы бәсеңдеп, маңдайымды алақанымен баса түсіп:

– Уай, Көк Тәңірі! Иә, аруақ! Ақсарбас! Құтқара гөр құлынымды! Не жаздым мен бейшара? Күнәм қайсы? Көп бәле көрдім. Жастайымнан жесір қалдым. Бірақ күнәһарың мен емес, мен емес, мен ем-е-ес! – деп үйшік төбесіндегі қарлығаштың бос қалған ұясына көзін қадады.

Көзінен ыстық жас бұлақтап ағып, менің бетіме тырс-тырс тамды. Бір-екі тамшысы кезерген ерніме де тиіп-тиіп кетті. Қолыммен сүрте алмадым. Тіліммен жаладым.


Ащы екен. Хинин дәрісі сияқты. Бәлкім, одан да ащылау. Кеуіп жатқан аузым ылғалданып ала жөнелді. Әлгі екі тамшы жасты түкірігіммен қоса жұтып жібердім. Дермене шөптің сөліндей тез аңқама жайылып, өңешім ашылып, сарайым кеңіп сала бергендей болды. Көмейіме біреу зәм-зәм сеуіп жібергендей.

Жаурағаным сап тыйылды.

Қолыммен шапандарды, көрпені серпіп-серпіп тастадым.

Сылақсыз, сұп-сұр, қам кірпіштің ар жағынан әуен ызыңдайды. Әуелі сонау қауындық бойындағы шеңгел мен нарқамыс екен деп қалдым. Ызыңдайды. Сөзін естімеймін. Әлде сөзі жоқ шығар. Үлкен зар, шексіз сағыныш бар. Әлдеқандай жалыныштың. Әлдекімнің әлдекімге арызы сияқты.

Мүмкін, Айшаның арызы. Әлгінде ғана ол Құдайға арыз айтты ғой. Мен саған не жаздым, Құдай? Барсханды аман қыла гөр! Мен күнәһар емеспін. Не үшін мұншама қинадың жанымды? – деді ғой.



Сол арызы мына сылақсыз, сұрықсыз, қам қышқа сіңіп кетіп, енді музыка сарынына салып тұр-ау деймін.

Жоқ, патефон екен ғой дедім. Іңір өшіп, түн түгел түскенде, патефон үні сәл-пәл екпінділеу естіледі екен.

...Қоштасып жатқан сияқты. Құлағымды түрпідей жабайы қышқа тақай түсемін. Иә, қоштасып жатыр. Туған ел дей ме? Туған ел. Мыңбұлақ қой. Бердімбет сайы ғой. Сай қабағында тұрған Мұртазаның ақ үйі ғой. Біз тастап кеткен. Неге тастап кеттік? Аруақтар адасып қалды-ау. Төбесінде кәрі бүркіт неге отыр?

«Енді есен бол», – дейді.

Ол мен ғой. Мыңбұлақпен қоштасқан. Әктелгені көшіп, қотыраштау болып, сонда да алыстан аппақ болып көрінетін қоржын там. Сол ғой. Менің ұям!

«Туған ел, енді есен бола-а-а-ай», – дейді.

Анық естілмейді, тек шамалаймын. Мына сүйкімсіз суық кірпіштерді ұрып құлатсам ба екен. Анық естілмейді.

Жаныма тағы да Айша келді.

– Тақама басыңды қабырғаға. Қабырғаға жабысып жататының не осы?

– Апа.

– Не, Барсхан?

– Патефон.

– Е, шыда. Ертең сұрап көрейін ана жас келіннен. О да бір патипоншыл екен. Ұят емес пе, күйеуінің көзінше патипон ойнатып отырғаны.

– Сағынады ғой...

– Кімді?

– Туған ел...

– Е, жақында ғана келді ғой төркінінен.

Айша үндемей қалды. Күрсінді. Содан соң:

– Кім біледі бейшараны, – деді. – Жап-жас екен. Қу соғыстың салғаны ғой. Әйтпесе, Бөкен әкесіндей кісі. Қызымен жасты қызды алып... Әйбу, айтпақшы, Кенжегүл апаң есіңде ме, Барсхан? Сол айтушы еді ғой: «Айналайын, жастар-ай, қосылар ма екен бастары-ай. Қырып-қырып сақалын, шал құтырды, масқара-ай», – деп әндетуші еді ғой, Кенжегүл апаң.

– Тірі ме екен?

– Кім?



– Кенжегүл апам.

– Жүрген шығар...

Кенет ән-әуен үзіліп қалды. Қайталамады.

– Қап, – дедім.

– Не болды?

– Патефон.

– Е, түнімен ойнап тұрса деп пе едің? Әне, Құрмаш пен Батырхан да ұйықтап қалды. Сен де ұйықта, – деп Айша түрегеліп барып, майшамның білтесін басыңқырап, өлегізітіп қойды.

Музыка тыйылды. Қарақотыр үйдің іші қабартып, қабағын түйе қалды.

– Апа!

– Не, Барсхан?

– Алақаныңмен маңдайымды басшы.

Басты. Бірте-бірте, күс-күс алақанының қызылша нілі бітеп тастаған сызықтарынан маңдайыма күн сәулесі себезгілеп тұрғандай, жып-жылы бір нұр құйылды. Әлгі музыка қайта оралды. Сағына-сағына, үзіліп-үзіліп, талып барып жеткендей.

– Апа!

– Не, құлыным?

– Осы мен он үштен астым ба?

– Қайдам, құлыным, оны неге сұрадың?

– Баяғыда өзің айтып едің ғой...

– Не деп?

– Он үш – мүшел деп.

– Иә.

– Қатерлі деп едің ғой.

– Қой, құлыным, қайдағыны айтпа. Сен одан өтіп кеттің білем.

– Бұл қай ай?

– Ой-бу, ұмыттым ба... Қыркүйек пе...

– Қыркүйектің жиырма сегізі өтті ме?

– Ай, Құдай-ай, өтті-ау деймін, Барсхан.

– Анығын айтсаңшы!

– Мен күн санап жүр дейсің бе, қайдан білейін?

– Қали атамнан сұрасаңшы.

– Олар ұйықтап қалды ғой... Не болды сонша, оның керегі не?

– Егер он үшке әлі толмасам – қауіп.

Айша селк ете қалды.



– Қой, құлыным, айтпа қайдағы бәлені. Қайда-а-а, одан өтіп кеттің ғой.

– Апа!

– Ау, құлыным?

– Патефон неге тоқтап қалды?

– Таң атсын, құлыным. Таң атса, әлгі жас келінге айтып, пәтипонын сұрайыншы.

– Апа!

– Не, Барсхан?

Айтарымды да, айтпасымды да білместен біраз жаттым.

– Не, шырағым, не айтайын деп едің?

– Осы о дүние деген рас па?

– Мен қайдан білейін, құлыным. Рас дейді ғой. Оны неге сұрадың?

Мүдіріп қалдым.

– Мен... өлсем... күнәм көп пе, аз ба?

– Ойбай, Құдай, мына бейбақ не дейді? Жаман сөз айтып, пәле шақырма! Сенде неғылған күнә, он екіде бір гүлің ашылмай жатып...

– Тасбетке тілім тиді ғой, үлкен кісі, ұят болды ғой... Жуантайдың үйрегін ұрлап...

Айша алақанымен маңдайымды баса түсті. Дәті берік-ақ еді, кемсеңдей бастады.

– Өзі жырым-жырым, жарты көңілді жүдете бересің бе, Барсхан. Қайдағыны айта бермесеңші, құлыным. Тасбет өзі кінәлі, жазасын тартар әлі. Жуантайдың үйрегін жеп қойған жоқсың, қайтып апарып тастап едің ғой. Қайдағы-жайдағы қайдан есіңе түсіп жатыр? Одан да ұйықтап қалшы, құлыным.

Бетіме тырс етіп, жып-жылы бірдеңе тамды. Айшаның көз жасы ғой. Аузыма, ерніме тамар ма еді. Жылу – Анадан. Жылу – Алладан. Жылу – Күннен. Жаным жай тапқандай. Қолымды әрең көтеріп, Айшаның көз жасын сүрттім. Ұзын кірпіктері алақанымды қытықтағандай болды. Әлсіз қолым кенет бұлшықтанып кеткендей. Айшаның кірпік екеш кірпігіне дейін қуат-қайнар сияқты.

Айша қолымды алып, алақанымды сүйе берді, сүйе берді... Тұлабойым балбырап, ұйықта-а-ап бара жатқанымды сезбей де қалдым.

Ертеңіне кешке біздің құжырамызға көршілер келді. Бөкеннің жас келіншегі және бойжетейін деп қалған өгей қызы. Айша сұраған соң патефон ала келіпті. Жас келіншек аңқылдап қалған ашық жан екен, ай-шай жоқ, келе маған тиісті:

– Жігіт адам да өстіп жатып ала ма екен? Не бұл? Безгек те ауру

ма, тәйірі! Өзіміз де ауырғанбыз безгекпен. Бірақ ауырдым деп елең қылған емеспіз. Онысы несі! – деп сампылдай жөнелді.

Ә дегенде ожарлау көрінгенмен, үнінде ойнақы, жайдары, жақсы қылық бар.

– Әй, Айсұлу, ойнат патефонды. Бұл жігіт қазір-ақ тұрып кетеді, – деді өгей қызына.

«Жігіт» дейді. Біртүрлі ерсілеу. Мен әлі баламын деп жүрмін. «Жігіт» деген сөз, әсіресе жас әйелдің аузынан шыққанда адамды біртүрлі қытықтағандай болады екен.

Әдемі. Жайдары. Қылықты. Бірақ өзімен қатар, бәлкім, үш-төрт жас үлкен шығар, сол өзі тұрғылас қыздың «шешесі» болғаны үйлеспейді-ақ. Тағдыр кімге таяқ жегізбейді? Енді әкесіндей Бөкеннің қатыны болса, оны да Құдай қылат та.

Алдымен «Маусымжан» деген ән шырқалды. Мен селт етпедім. Көңілім басқаны, түнде мына қотыр қабырғаның ар жағынан естілген әуенді іздейді. Бірақ атын білмеймін.

– Ұнай ма? – дейді жас келіншек төсегімнің шетіне отыра беріп. Ой, сонда ыңғайсызданғаным-ай. Бір түрлі өзімнен өзім қысылып, терлеп ала жөнелдім. Бөтен әйел жаныма келіп, жақын отырғаны бірінші рет. Ұят-ай. Әрі десе, астымдағы жүгері пая төсеніш сыбдыр-сыбдыр етіп, менің жадаулығымды жария еткендей, қаудырлап ала жөнелді. Мен қотыр қабырғаға қарай жылжи түстім.

– Ұнай ма?

Мен қысылып үндемедім.

– Мына жігіт ұялшақ қой өзі, – деп жас келіншек шап етіп, шашымды ұйпалақтай бастады. Мен шегіншектей бердім.

– Ұнай ма, ұнамай ма?

Бұл кезде «Маусымжан» бітіп, шыркөбелек айналған қара табақшадан «Жайдарман» айтыла бастады.

– Кешегі... – дедім мен үнім әлсіз, әрең шығып.

– Кешегі? Ол қайсысы?

– Не шығар, анау, Күләш айтатыншы, – деді өгей қыз.

– Е, қойып көрші, – деді жас келіншек.

Атын сұрайын деп оқталдым да сұрамадым. (Менің осы осалдығым өмір бойы алдымнан тосқауыл боп тұратын шығар).

«Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім...» – дейді ән. Табақша тозған ба, қырылдап-сырылдап, әуен бұзыла береді екен. Бірақ соның өзінде тек сарынын тыңдау керек сияқты. «Туған жер, енді есен бол» дейді.



Онысы анық. Кім ол? Музыкасы... Жүрегім елжіреп, тамағыма бірдеңе тығылып қалғандай жылағым келді. Тістеніп бақтым.

Бірақ әлгі келіншек бәрібір байқап қойды. Енді бірыңғай жарқылдап, ойнақыланғанынан тыйыла қалды. Ойланып бетіме қарады.

«Туған жер, енді есен бол...»

Мынау мен ғой. Тәңіртау... Мыңбұлақ... Күміс бастау...

Жалбыз бастау... Көк көбелек... Сары шымшық... Сиыр-құйрық... Гүлқайыр... Шырмауық шытыр... Көкбас жуа... Киікоты... Көкемарал... Торы тобылғы... Шолпан кебіс...

Көз алдыма бәрі-бәрі келді. Бәрі де бас изеп, қол бұлғап шақырғандай болады. Жүгіріп-жүгіріп жеткім келеді.

Бірақ жатысым мынау. Қотыр қабырғаға қарай бетімді бұрып жаттым. Мен қанша тырыссам да болмай, көзімнен жылжып, жып-жылы жас ақты. Миығымнан ерніме келіп тиді. Тіліммен жалап қойдым. Құдды Айшаның көз жасының дәміндей. Ащы. Мүмкін, бұ да дәрі шығар. Жас келіншек иығымнан тартып, бетімді бері қаратты. Оның да мөлдір қара көздері жасқа шып-шып толып тұр. Енді-енді болмаса тамып кететіндей.

Есік шиқылдап ашылып, үйге біреу кіріп келді. Айша екен десем, Айша емес. Ол қызылшаға кетіп қалған ғой.

Бөкен көршінің өзі екен. Көзі ежірейіп, қасқыр көрген ешкінің көзіндей шақшия қалды. Жас келіншек орнынан ұшып тұрды. Өгей қыз патефонды тоқтата қойды.

– Бұл неғылған жын-ойнақ?! – деп ақырды Бөкен. – Жоғал!

Жас келіншек пен өгей қыз ата кеп жөнелді.

Бурыл бас Бөкен маған ызғарлана бір қарады да, өзі де сынық есікті бажылдата тарс жауып, шығып кетті. Қотыр қабырғаның ар жағынан шаң-шұң дауыс шыққандай болды.

Қотыраш қабырға. Мен – жалғыз. Денем ыситын шығар, иә тоңатын шығармын. Безгек буындырар деп секемденіп едім, жоқ, бойым жеңілденіп қалған сияқты. Жүгері паяны сылдырлатып, қолымменен жер таянып, орнымнан тұруға ұмтылып көрдім. Екі-үш ұмтылып барып, әрең түрегелдім. Көзім қарауытып, басым айналғандай болды. Қатқыл қабырғадан ұстай алдым. Сәлден соң айнала анық көрініп, есім қалпына келді-ау деймін. Алдымен көргенім патефон болды. Ақырын-ақырын, қаз-қаз басып, жанына барып, құлағын қайырып, инені табақшаның шетіне жайлап қойып едім... Сиқырлы, мұңды, терең сағыныш сарын сарнап ала жөнелді.



Тіреуге сүйеніп сілейдім де қалдым. Ән: «Қарғама жалғызыңды...» – деп аяқталды.

Бұл менің Аллаға айтқан арызым еді.

Жан-тәніммен, іштен ақтарыла айтылған жалбарыну осы болды.

ЕРУЛІК

Бәрі Құдіреттің күші ғой деп ойлаймын. Қарап тұрсаң бұл тіршілік қарама-қарсы қайшылыққа тұнып қалған сияқты. Жарық дүние кілең жақсылықтан жасалған деп айта алмайсың. Алдыңнан бір жақсылық жарқ етсе, артынша бір жамандық сұңқиып келе жатады. Жап-жарық Күннің соңынан қап-қараңғы Түн келетіні сияқты.

Әйтпесе, патефонда тұрған не бар?

Бәрі сол патефоннан шықты.

Ол бір жағынан мені азабы қалың аурудан аман алып қалғансыман. Әлгі әннен кейін «Әзірейілдің» беті қайтты-ау деймін. Әйтеуір, безгек қысқанын қойды. Әлде, Айшаның көз жасы дәрі орнына жүрді ме, кім біледі, әйтеуір Алланың мейірімі түсіп, бетім бері қарады. Кәдімгідей қағылезбін. Әлгі әуен кеудемде ыңылдайды да тұрады. Оны ұмытсам, қайтадан қалшылдап құлап қалатын сияқтымын.

Екінші жағынан сол патефонның қырсығы тиді. Шатақкөз Бөкен жас келіншегін сабап тастапты. «Неге сен ана баланың қасына барып жантайып отырсың?» – деген дей ме. «Неге сен патефонды сол үйге апарып ойнатып, ақақаулап күлесің?» – деген дей ме...

Әйтеуір, не керек, жас келіншек жазықсыздан жазықсыз таяқ жепті. Сонда деймін-ау, он үштегі «мұрынбоқтан» қызғанғанда, шатақкөз Бөкен уыздай жас келіншегін басқалардан қалай қорғайды? Құдайға шүкір, бұрынғыдай емес, қазір ауыл толған азамат. Кілең әскерден қайтқан «аш қасқырлар». Әскерге бармаса да, менен гөрі ересек, бозбала, «жас қасқырлар».

Қырғын соғыстан қайтқандардың қылшылдап тұрғаны шамалы. Ақсақ-тоқсағы, шолақтары көп те, он екі мүшесі түгелдері аз. Солардың біреуі Бөпетай атамның үлкен ұлы Тұрғынбек. Жіптіктей көркем



жігіт. Сірә, офицер. Өйткені – фуражкасы бар. Шинелі де әдемі, өзіне жарасып тұрады. Қызығамын.

Өзгелердікі мыжырайған пилотка, аяғында – обмотка. Сонымен не керек. Айша айтты:

– Қой, бұл үйде тұрып оңбаспыз. Көшеміз, – деді.

– Қайда?

– Үбәйданың үйіне.

– Ол кім?

– Менімен бірге қызылшада істейді. Байы әскерге кеткен. Хабарсыз. Өзіндей ұл баласы, одан кіші қызы бар. Қоржын там ғой. Соның бір жағын босатып беретін болды. Мына тауық тамнан гөрі тәуір.

Айша айтты – болды. Оған қарсы келу жоқ.

Шынымды айтсам, мына қотыр қабырғалы жабайы тамға бауыр басып қалғандаймын. Біртүрлі кеткім келмейді. Өмір мен өлімнің арасында арпалысып жатқан жер. Қотыр қабырғадан музыка сыңсып тұратын мекен.

Жас келіншек не халде екен? Атын да сұрамаппын. Айша айтады: содыр шал көзін көгертіп тастапты дейді. Көкала қойдай қылып сабапты дейді. Жынды шығар, қызғанатыны бар, о басында өз қызымен жасты қызды алып несі бар?! – дейді.

Кетпейік деп қайтіп айтамын. Қотыр қабырғадан сыңсыған әдемі әуен естіледі деп қайтіп айтамын. Тағы да мені бірдеңе шалықтап кеткен шығар деп ойлап қалар. Айшаны тағы да уайымға қалдырып нем бар, мейлі, өзің біл дедім.

Біз қоныс аудардық. Заман – соққан жел, Біз – қаңбақ. Қайда домалатады, солай аунай жөнелеміз.

Жынды жел айдап келіп тығылған жеріміз, Құдай құтты қылсын, жып-жылы ұядай ғана, шағын бөлме екен. Қабырғалары, төбесі әктелген. Қақ ортада ағаш тіреу.

– Қожайынымыз соғыстың алдында ғана осы үйді салып бітіріп еді, – дейді Үбәйда.

Айша шамалас, бәлкім одан жас па екен, бірақ самай шашы ағарған, екі езуінен жоғары қарай терең сызық түскен, шап-шақ қана кісі екен.

– Келген қадамдарыңа гүл шықсын, – деді Үбәйда. – Кім біледі, құтты көрші болып, біздің хабарсыз кеткен қожайынымыз келер ме екен? Аты – Әбді еді. Елдің кісілері біртіндеп қайтып келіп жатыр. Біздікі жо-о-оқ, – деп күрсінгендей болды үйдің иесі.



Айша не дейді. Не десін. Күткенді, күте-күте зарыққанды Айшадан артық кім білсін?!

– Уайымдай берме, Үбәйда. «Кебенек киген келеді, кебін киген өледі» деуші еді ғой. Қожайының кебенек киіп кетіп еді ғой. Үмітсіз шайтан болсын.

Айша бұдан артық не айта алады? Өзінің Мұртазасы да кебенек киіп кеткен. Бірақ келгені қайда? Қалды ғой шексіз Сібірдің бір түкпірінде. Сүйегін қайдан іздерсің?! Санжетпес қарағайдың қайсысының түбінде қалды? Сібірдің қарағайын санап шығуға бір адамның ғұмыры жете ме? Жарықтық Жайлау деген кісі айтады екен:

– Мұртаза: «Мыңбұлаққа жетіп өлсем арманым жоқ», – деуші еді деп. Айшаға айтқан ғой. Жайлау – Түркібастың Тау-Шілмембеті. Сібірде айдауда Мұртазамен бірге болған көрінеді.

Адамның сүйегі қайда қалады – бәрібір емес пе? Баяғыда менің әкем сияқты бір бейбақ: «Айдасаң – айда Сібірге, Сібір де өзіміздікі!» – деген екен.

Демек, Сібір бөтен жер емес қой.

Бөтен емес. Баяғыда бабаларымыз Байкөл теңізіне дейін көшіп-қонып жүреді екен. Досмырза мұғалім айтқан. «Сібірдің Көшім деген ханы болған. Әкесінің аты Мұртаза», – деп маған бір қарап қойған. Сол сәтте кластағы балалардың бәрі маған сұқтана көз қадап қалған. «Сен сол Мұртазадан қалған бір тұяқ емессің бе?» – деген Досмырза мұғалім қуақылана күліп. «Менің әкем Мұртаза да сол Сібірге кеткен», – деп қалдым мен абайламай.


Сөйтсе, сол Көшім ханмен Ермак деген қарақшы соғысыпты. Зеңбірегі бар екен. Зеңбіректің күшімен Сібірді жаулап алыпты. Сөйтіп, біздің бабаларымыздың Байкөлге дейін мал айдап, көшіп-қонатын жолы қиылыпты. Әйтпесе, ағайдың айтуынша, бабалар Саян тауына дейін жайлап, Мың-Үйсін ойпатына дейін қоныстайды екен.

– Бұл программадан тыс әңгіме, – деп қоюшы еді директор Досмырза, білсең де болады, білмесең өз еркің дегендей. Үбәйда кешке жұмыстан қайтқан соң, бізді шайға шақырды.

– Ерулік, – деп күлді. – Ата-бабамыздың салты ғой, жоралғы. Әйтпесе, қай бір шай дейсің.

– Шын көңілмен берген қара су шербеттен де тәтті, Үбәйда-ау, – деп Айша қостады. – Құдай тілеуіңді беріп, мына Қуаның мен Назымыңның қызығын гөр.

Айша осы жерде бір мүлт жіберіп алды. «Қожайының аман



келсін» деп айта қоюы керек еді. Әлде аузына Құдай салмады, әлде өз қожайынынан күдер үзген әдет пе, кім білсін, айтпады.

Қуан – мен тұрғылас бала екен. Менен бойшаңдау болар. Бірақ тырыли арық. Көзі бақырайыңқырап қалған. Көзінің қулығы жоқ. Таптаза. Түбінен жан-жүрегі көрініп тұрғандай. Менің алдыма жүгері нанды сындырып-сындырып қойып жатыр. Жүгері нан үзуге келмейді. Жүгері нанды сындырады.

Назым біздің Құрмаштан кішілеу шығар. Шай құйып отыр. Жасына қарамай, еліктің лағындай сүп-сүйкімді, еленделп, елпілдеп тұр. Сол келбетіне, сол әдепті отырысына қолындағы пияла-шәйнек жараспайды-ақ. Пиялалар да, ақ шәйнек те құрақ-құрақ. Сымтемірмен құрсаулап тастаған.

Қозға пісірген қызылша бордақы жылқының бес елі қазысынан кем емес. Бұ да сап-сары, қазыдан артықшылығы – шырыны бар. Кертіп жеп отырмыз.

Бізге әйтеуір солай көрінеді. Әйтпесе, қазы қайда, қызылша қайда? Айша айтпақшы: «Пішту!». Біздікі биіктегі етке жете алмаған мысықтың: «анау еттің сасығын-ай» дегені сияқты бір далбаса ғой.

Жегеніміз – жүгері нан. Оны бұл жақтың қазақтары «зағара» дейді екен. Асағанымыз – қозға былбырап піскен қызылша. Ішкеніміз – шөп шәй. Бұдан артық не керек? Құдайдың мұнысына мың тәубе!

Ерулік салтанаты осылай өтті.

Қуан – бауырмал. Бірден:

– Мектепке қашан барасың? – деді.

– Мен... бара алмаймын ғой?

– Неге?

– Аурудан жаңа тұрдым. Әлі қайталауы мүмкін.

Қали атам апама айтады: «Балаң әбден әлсіреп қалған. Әзірше үйде болсын. Шамаң келсе, күшті ауқат бер», – дейді.

Қуан ойланып тұрып-тұрып.

– Бір жылың босқа кетеді ғой, – деді.

– Өзі де бір жылым артық еді. Жездем болмай, Молотовтың мектебіне мені бір класс аттатып кіргізіп жіберген. Мыңбұлақта бесінші класта едім ғой. Содан көшіп келген соң, бірден жетіншіге отырғызды. Алтыншы класты аттап кеттім. Соным бекер-ақ болған екен, енді мынандай болды. Қолымда куәлігім де жоқ. Оны алу үшін Молотовқа баруым керек. Мына түріммен қазір бара алмаймын.



Қуан маған жаны ашып, мені аяғандай, бадырақ көздерін кіреуке шалып, мені құшақтап, арқамнан қақты.

– Ничего, – деді жұбатып. Орысша біледі екен. Қалаға жақын ғой. Өзі осы Бектөбе мектебінің сегізінші класында оқиды екен. Қалаға күнара қатынап тұрады екен. Неге десең, шешесі Үбәйда мен қарындасы Назым қаладағы фабрикадан жүн алып, колхоздың жұмысынан соң түнделетіп жіп иіреді екен. Иірген жіпті Қуан сабақтан соң фабрикаға апарып өткізеді. Ақысына нан береді екен. Кәдімгі бөлке нан! Тағы да жүн алып қайтады. Тағы жіп өткізеді. Тағы да – бөлке нан! Рахат.

– Давай, сен де жүр, – деді Қуан менімен баяғыдан таныс адамдай жатырқамай. – Қала жақын ғой, фабрика Атшабардың бер жағында. Жақын. Барып жүн аласың. Апаң мен Құрмаш иіреді. Екеуіміз қалаға барып нан алып қайтамыз. Мақұл ма?

– Жүнді көрінген адамға бере бере ме екен?

– Ой, колхоздан справка аламыз. Болды. Апаң колхоздың мүшесі ғой.

Сонымен, Құдай қаласа, нанға тоятын болдық. Кешке Айша жұмыстан келгенде осылай да осылай деп едім:

– Қайдам. Үбәйдадан сұрайыншы, – деді. Барып, сөйлесіп, қайтып келді.

– Қалаға барып қайтуға сен жарайсың ба? Әлі әлің кірген жоқ қой.

– Иә, Қуанмен ілесіп барамын ғой, ештеңе етпейді. Қайта жата бермей, қимылдаған жақсы дейді ғой.

Айша көнді. Мен Қуанға ілестім.


Бектөбенің шығыс жағындағы Қоралас ауылынан өте бергенде-ақ қарауытып қала көрінеді. Қала дегенің қалың орман сияқты. Алдымен зау теректердің төбесі көзге көрінеді. Ауыл мен қала арасында – қара жол. Арба қатынайды. Көбінесе көретінің жаяу адамдар.

Біз де жаяумыз. Алдымызда – Әулиеата. Түстікте – Қаратау, одан ары асқақ Тәңіртау. Қаратау – Тәңіртаудың қара белдеуіндей болып жатады.

– Соно-о-оу көрінген Манас шыңы, – деймін мен Қуанға, қолымды шошайтып. – Соның батыс жағында тағы Қос Өркеш тұр ғой, көрдің бе?

– Иә, иә, көрдім, – дейді Қуан керемет көргендей жадырап.

– Көрсең, сол Қос Өркештің бірінші өркешінің астынан Көксай өзені, екінші өркешінің бауырынан Ақсай өзені ағып жатыр. Біздің ауыл Ақсайдың аңғарында. Мыңбұлақ!



– О-о! – дейді Қуан таңдайын қағып. – Алыс, ә?

– Алыс қой. Әйтпесе, мен кетіп қалар едім.

– Ничего, – дейді Қуан. – Жазда барасың ғой. Оған дейін ақша табамыз, – деп менің жүдеу киіміме көз тігеді. Қулығы жоқ. Ойында не бар – жасырмай айта салады. Менің мына түріммен өз ауылыма бара алмайтынымды о да сезеді. Өте сезімтал. Қас-қабағыңа қарап, не ойлап, нені уайымдап тұрғаныңды біле қояды. Сөйтеді де, көмектесіп жіберуге дайын тұрады.

Қалаға кіреберістегі Қарасудың жарлауытынан түсіп, шаһарға да іліндік.

Бұл – маған таныс көше. Былтыр осы жолмен мені Шолпан апам Зибаға алып барған. Астымда Оңғарбай атамның көк әңгі есегі бар еді... Ойық көшесі әлі есімде. Бірақ енді Зиба жоқ. Несіне барамын? Енді мені онда аймалап, «айналайын» дейтін кім бар дейсің?!

Осындай ойлардың ми батпағын кешіп келе жатып, жүн фабрикасына жетіп қалыппыз.

Қуан бастап, фабриканың қорасына да кірдік. Жеңіне қызыл шүберек байлаған дәу сары қатын қақпада тоқтатып, қағазымызды тексереді. Қуанды бұрыннан таниды екен, маған көп шұқшиды.

– Қарапшик нету? – деді.

– Нет, нет, – деп Қуан шыр-пыр болып, араша түсті.

Сөйтсем, мені ұры емес пе деп сұраған екен.

Қырсығым ұстаңқырап, ауылдағыдай ауыз толтырып бір боқтайын деп тұрдым да, бәрібір қазақша түсінбейді ғой деп қоя қойдым. Ал орысша боқтауды әлі үйренген жоқпын ғой.

– Қуан, – дедім.

– Не? – деп елең ете қалды. Тым елгезек.

– Орысша не деп боқтайды?

– Оны неғыласың?

– Әшейін білейін дегенім ғой.

– Әуелі боқтауды емес, мақтауды үйрен. Жаңа ана әйелге «хорошо, тетка, хорошо», – десең, дереу жібере салар еді.

– Мен оны боқтағым келді. Орысша білмеймін.

Қуан ішек-сілесі қата күлді дейсің. Тіпті аузының азуына таман сойдақтау тісіне дейін көрінді. Содан соң үлкендерге ұқсап:

– Боқтампаз болма, – деді. – Зиян болмаса, пайда жоқ.

Фабриканың қақпасынан мен бір дорба, Қуан бір дорба жүн арқалап шықтық. Қуанға тағы бір жарым кірпіш бөлке нан берді.



Жарықтық бөлке нан. Иісі аңқып барады. Сілекейімді жұтып келемін. Құдай тілеуіңді бергір Қуан соны сезді ме, жоқ әлде өзі де жегісі келді ме, жарты кірпіш нанды бөлек шығарып, қақ бөлді де, бір бөлігін маған ұстата берді.

– Ой, көп қой, – деп басымды шайқап едім.

– Ал, – деді.

Жақын жерде бір әйел «морс» деген тәтті су сатып тұр екен. Қуан қалтасынан шақа шығарып, екі кружке морс алды. Сол жерде нанды бұралақтап жеп, морсты ұрттап қойып, әй бір рахатқа баттық дейсің.

– Келесі жолы нан да, морс та менен болсын, – дедім.

– Достар арасында сауда жоқ, – деді Қуан.

– Мейлі, ер мойнында қыл арқан шірімес, – деп қойдым мен үлкендерден естігенім есіме түсіп.

Қуан таң қала қарап, күліп қойды. Күлгенде ерекше жадырап кетеді екен.

– Енді Атшабарға барамыз, – деді Қуан.

– Онда не істейміз?

– Мына нанды сатамыз.

– Сатқаны несі? Жемейсіңдер ме?

– Үйде зағара нан бар ғой (жүгері нан дегені).

Атшабар маған таныс. Былтыр Зиба әпкеме барып жатқанда, Шолпан апам осы Атшабардың мал базарынан Тастанбек деген кісіні іздеп, Зибаның адресін сұрап алған. Сонда мен мінген Оңғарбай атамның көк есегіне екі өзбек бала бүгелек салып, мөңкітіп, мені әбден әлекке салған. Мазақтап күлген. Мүмкін, тағы да кездесіп қалар. Дорбадағы жүнді тартып алмаса болды.

Менің үркектеп келе жатқанымды сезген Қуан:

– Қорықпа. Қайта басқалар бізден қорықсын, – деді.

Қуанның бір кірпіш бөлке нанды дорбадан шығаруы мұң екен, құмырсқаның илеуіндей базар құжынап келіп, бізді бас салды. Қуан бұлқынып, әрең дегенде шетке шығып, бір қоңқақ мұрын, әтір сасыған, киім-басы шырттай, құлағында алтын сырғасы әткеншек ойнап тұрған, саусақтары жүзікке толы әйелге нанды өткізді-ау. Қобыратып көп ақша алды.

Енді біреулер:

– Нан сатасың ба?

– Наның бар ма? – деп менің жүн салған дорбамды жұлқылай бастады. Әрең сытылып былай шықтық.

– Міне, бауырым, «алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген

осы, – деді Қуан уысындағы ақшаны реттеп, қаттап, ышқырындағы ұры қалтаға тығып тұрып.

– Онда ақшаның керегі не? Нанды неге саттың?

Қуан мені баласынғандай мырс етіп:

– Киім-кешек те керек қой, – деді.

Сөйте-сөйте, бұл кәсіпті мен де үйрендім. Бір дорба жүнді Айша мен Құрмаш бір түнде иіріп шықты. Қуан екеуіміз фабрикаға тағы бардық. Жіп қабылдағыш әйел менің өткізген жібімді тарқатып көріп: «хорош, хорош», – деді. Қуанның үйреткені есіме түсіп, мен де: «хорош, тетка, хорош», – деп қойдым.

Маған бір жарым емес, екі бөлке нан берді. Ат басындай алтын тауып алғандай, қуанғаным-ай сонда.

Сөйтсем, жіптің сапасына қарайды екен ғой. Ал Айша мен Құрмаш иірген жіп мәшинеден шыққандай екен.

Бір жағынан ыңғайсызданып та қалдым. Қуанға бұрынғыша бір жарым бөлке берді. Бірақ Қуан қуанбаса, қызғаныш білдірмеді.

– Көрдің бе, – деді көзі жайнап, – ісің сәтті басталды, сәтті басталған іс – тәтті.

– Тәтті демекші, морс ішпейміз бе? – дедім. – Мына нанның біреуін бөлейік. Пышағың бар ма?

– Жоқ, – деді Қуан. – Бүтінді бүлдірмейік. Одан да менің жарты нанымды жейік.

– Өй, ол қалай болады? Ұдайы.

– Жә, айтыспа! – деп үлкендік танытты Қуан.

Сол күні мен Айшаға бір көйлектік көкшіл шыт мата, Құрмашқа қызыл-жасыл кәсинкә, Батырханға – мәйке алып келдім.

Айша байғұс қуанғаннан жылап жіберді. Тіреудің түбіне отыра қалып:

– Айналайын, аруақ! Көк Тәңір! Жеткергеніңе тәуба! – деп кемсеңдеді.

– Көрген қорлығым, кешкен азабым бір күнгідей болмай ұмытылар ма екен. Құдай Барсханымды аман қыла гөр! Құрмашым мен Батырхан жәутігімді аман қыла гөр!

Көкшіл шыт матаны, күс-күс алақанымен қайта-қайта сипалап, дәл Меккеден жеткен тәбәріктей маңдайына тәу етіп басты.

Іші-бауырым уылжып барады. Адам баласын бақытты ету үшін Аспандағы Айды ерттеп мініп, жұлдыздарды жетектеп келу шарт емес екен. Нысап пен нәпсі бар. Нысап – тойым, нәпсі – тойымсыз. Құдай тойымсыздан сақтасын.



«Аузың аққа тигенде, мұрның қанасын!» – деп қарғапты баяғыда бір сұңғыла кемпір жек көрген адамын.

Мұндай қарғыстың бізге қандай қатысы бар еді?! Біз не жаздық? Ешкімге залалымыз тиген жоқ. Ешкімді алдап-арбап, ұрлық жасаған жоқпыз. Не күнәміз бар?

Қуан екеуіміз жүн фабрикасына келесі жолы барғанымызда «хорошая тетка»:

– Жоқ! – деді. – Енді келмеңдер.

Сөйтсе, фабрика жүн иіретін машина сатып алыпты. Әлде өкімет берген бе, әйтеуір енді қолдан жүн иіру тоқтатылыпты.

Бірер ай рахатын көріп, кәдімгідей қаужаңдап қалып едік. Мен жылы, мақталы фуфайка, аяғыма рабочий бәтіңке сатып алып едім. Үйдегілер де «битін» бір төгіп қалған. Айша мен қаладан қайтқан сайын Құдайға құлдық ұрып: «Тәуба! Тәуба!» – дейтін.

Ендігі тапқан ақшаны жиып-жиып, патефон сатып алмақшы болып жүр едім.

Енді қайттік?

Қуан айтты:

– Давай, отын шауып сатайық, – деді.

– Ол не тағы?

– Е, мына Қызыладырда жусан көп. Соны кетпенмен қыршып, баулап-баулап, есекке артып, Атшабарға апарып сатамыз.

– Давай.

Атшабарда отын тез өтеді. Сәли атамның есегіне теңдеп-теңдеп, бір жағына бес бау, бір жағына бес бау артсаң, он бау жусан – әжептеуір ақша.


Қуанның өз есегі бар.

Бірақ мұны да Құдай көп көрді. Күн райы бұзылды да, желтоқсанның аяғында Қызыладырды қалың қар басты да қалды. Жусанның төбе шашы ғана көрініп, көзімізді мөлитіп қойды. Қар астында қанша ақша қалды десеңші... Патефон қалды.

Қуан қысқы каникулге шықты.

– Енді не істейсің? – дедім.

– Библиотекадан кітап алдым. Соны оқимын. Қолыма алып көріп едім, «Ақ азу» деген кітап екен.



– Оқып болған соң маған бересің бе?

– Бітейін деп қалдым. Берем ғой.

Ертесіне мен де оқып шықтым. Аляска дегенді бұрыннан білетінмін. Жағырапия сабағында мұғалім айтқан.

Енді сол Аляска алдымнан шықты. Алтынға бай екен. Әсіресе Клондаик деген жерде алтын жердің бетінде жататын көрінеді. Дәлірек айтқанда, бұлақтың түбінде. Құмды шайып-шайып, арасындағы алтын тарыларын қайырып алады екен.

Майшамның жарығымен кітапты оқып болып, көпке дейін ұйқым келмей, түбі жоқ терең-терең ойларға батып жатырмын.

Осы Шолақтауда да бұлақтар бар шығар. Адамдар құм шайып, алтын табатын шығар.

Ал біздің Тәңіртаудың баурайы толған бұлақ. Бірақ алтын бар дегенді естіген емеспін. Әлде жұрт білмей жүр ме екен.

Шолақтауға барып қайтса қайтер еді? Баяғы протез қолды дәуді тауып алсам. Сол айтып еді ғой: Шолақтаудан алтын қазамыз деп. Таңертең тұра салысымен Қуанға:

– Давай, Шолақтауға барып қайтайық. Ақыры каникулде жүрсің ғой, – дедім.

– Онда не бар? – деді Қуан көзі бақырайып.

– Алтын бар!

– Какой алтын? Фосфор бар!

– Фосфор? Ол не?

– Ана біз жусан шапқан жердің ар жағында салынып жатқан зауытты көрдің ғой?

– Иә.

– Вот, сонда фосфор шығарады. Шолақтаудан тасиды.

– Оны не қылады?

– Неғылушы еді, тыңайтқыш, қопарғыш дәрі шығарады.

– Өй, арасында алтыны да бар шығар, маған сонау көктемде бір кісі айтқан.

Қуан иығын қиқаң еткізіп, жерге сыздықтата түкірді:

– Черт знает, бар боса, бар шығар. Бірақ одан не пайда?

– Барсақ қайтеді? Ақыры не бітіреміз?

Бадырақ көзін бақырайтып, күліп қояды.

– Бағымызды сынап көрейік. Әлгі кісіні тапсақ көмектесер. Өзі айтқан...

– Не деп?



– Кел Шолақтауға, жұмыс істейсің, ақша табасың деген.

– Е, он күн каникулдың ішінде не табамыз?

– Барып, біліп қайтайық. Болса, жазғы каникулда барып істейміз.

Қуан енді ойланып қалды.

– Тым құрыса, патефон алып қайтар едік, – деймін мен Қуанның иліге бастағанын байқап.

Қуан қарқылдап күлді. «Патефон, патефон!» – деп қойды ара-арасында.

– Өй, патефон жақсы ғой. Музыка, ән...

Айтпақшы, әлгі патефонның әлегі ме, кім білсін, Бөкен шалдың жас келіншегі кетіп қалыпты. Оны мен Айша мен Үбәйданың әңгімесінен естідім. Екеуі бір самауыр шәйді ортаға алып, сораптап ішіп отырғанда, мен «Ақ азуды» оқып отырғанмын. Екеуінің әжік-күжік әңгімесіне зер салмастан, Ақ азудың неше алуан қызығына түсіп кетсем керек, сонда да кенет Айшаның:

– Байғұс, Зияда бағынан көреді де, әскерден жастар оралып жатыр ғой, тесік моншақ жерде қалмас, – дегенінен селк ете қалдым.

– Е, бірақ байдан шыққан деген аты жаман да, әйтпесе бұйырғаны болады да, – деп Үбәйда қостады.

Зияда екен ғой аты. Қайда кетті екен, төркіні қайда екен? Осылай деп біраз жатып, қайтадан кітапқа үңіліп едім, Ақ азу Зияданы ұмыттырып жіберді.

Клондаик менің миымды шырмай бастады. Жер түбіндегі Аляскаңы үйде жатып-ақ аралап жүрмін. Өзім де қиял мұхитын кешіп, неше алуан кедергілерден өтіп, ит жеккен шанаға мініп, ақ бұлдырық аулап, алуан-алуан ойлар басымда ойнақ салады.

Кітаптың құдіреті ғой. Сені ол қайда апармайды, кімдермен таныстырмайды?! Үйде отырып-ақ көз көрмеген, құлақ естімеген дүниенің нешеме түкпірлерін шарлап шығасың. Жолыңда жақсы да, жаман да кездеседі. Азуы алты қарыс бульдог шайнаған Ақ азуға жаның ашып, қараптан қарап жатып, қаның қайнайды. Ақ азу дәл қазір қиналып, жанталасып жатқандай: «сол жеңсе екен» деп алыстан тілеуқор боласың.

Әне, кітаптың құдіреті мен әлегі. Шіркін, осындай бір кітап жазып, содан соң өле кетсең де өкініші жоқ деп қоямын. Дүниеде Джек Лондоннан асқан жазушы жоқ сияқты сонда маған.

Сірә, Қуан да осындай әсердің әлегінде қалса керек, «Ақ азуды» айтсаң болды, ұңғыл-шұңғылына дейін талдап, тақпақтап, елеріп кетеді.

Сондықтан шығар:

– Шолақтауға барсақ – барайық, – деп өзі бастады. – Неміз кетеді, көріп қайтайық.

О басында тайраңдап бұл әңгімені өзім бастасам да, тапа-тәнде тосылып қалдым.

Қыстың көзі – қырау. Жаяу жете алмаймыз. Ит жеккен шанамыз да жоқ. Есек?.. Жоқ. Оған шөп керек, жем керек. Пойыз?

Мінгізе ме, мінгізбей ме? Пойыз? Әрине, пойыз. Басқа жол жоқ.

– Билетке ақшаны қайдан табамыз? – деді Қуан.

– Станцияға бара көреміз. Бір амалы табылар. Болмаса қайтып келеміз.

Айшаға айтып кету керек. Әйтпесе әбігер болар.

– Апа, – дедім. – Мен Қуан екеуміз Молотовқа барып келеміз.

– Е, онда не бар? Молотовтан ауырып қайтып, әрең аман қалғаның есіңнен шығып кетті ме?

– Мектептен куәлік алуым керек қой. Жетінші класс бітірді деген.

– Биыл бәрібір оқудан қалдың. Келер жылғы күзге дейін қайда-а-а. Жазда, күн жылыда барсаң да болады. Қыстың көзі қырауда қайда барасың?

– Иә, Қуан каникулде. Екеуміз барамыз.

– Көлігің де жоқ. Жаяу қайтіп жетесің?

– Ауырып, безгек қысқанда да жаяу жеткенмін.

Осы сәтте, тілеуіңді бергір, Қуан келе қалды.

– Ой, апа, қам жемеңіз, пойызбен барамыз, – деп жадырай күлді Қуан.

– Пойыз? Ойбай, құдай, ол жаққа пойыз жүруші ме еді? – Айша секемдене бастады.

– Жүргенде қандай. Шолақтауға дейін барады, – деді Қуан сенімді үнмен.

– Қайдам, шырақтарым, пойыз басып кетіп жүрмесін тағы...

Сонымен, не керек, мата қалтаға зағара нан, құрт салып алып, тәуекел деп тартып тұрдық.

Көшеде Шолпан апам мен Сәли атам тұр екен:

– Екеулеп қайда барасыңдар? Жүн пәбірік ашылып па? – деді Шолпан апам.

– Жоқ, фабрика енді жүнді өзі иіретін болыпты. Біз жәй қыдырып барамыз, – дедім мен.

Сәли атам аппақ қасы көзіне түсе күлімдеп:



– Жігіт қой екеуі де, – деп қойды.

– Е, қаладан қыз айттыруға бара жатыр десеңші, – деп Шолпан апам да күлді.

– Е, Құдай аман қойса, жігіт болды ғой бұлар, – деді Сәли атам соңымыздан қарап тұрып.

Қаланы қақ жарып, вокзал көшесімен бойлап отырып, станцияға да жеттік-ау. Жолды білетін Қуан. Әйтпесе, мен адасып кетемін ғой. Вокзал басы ығы-жығы. Ішіне кіріп көрсек – залдың аузы-мұрны тола адам. Арқалығы биік ағаш креслодан орын тигендер бақытты. Еденде көсіліп жатқаны қанша?

Қолаңса, терінің иі сияқты иістен тұншығып кеткендей болдық та, перронға шықтық. Айқасып-айқасып, сіресіп тұрған вагондар.

– Шолақтау пойызы қайсысы? – деп сұраймыз өткеннен де кеткеннен де. Иықтарын қиқаңдатады. Ешкім жөнді білмейді.

– Ол қай Шолақтау? – деп өзіңнен сұрайды.

«Алматы – Москва», «Ташкент – Новосибирск» дегендер бар, «Шолақтау» жоқ. Біздің шарқ ұрып, Шолақтау пойызын іздеп жүргенімізді байқаған, өзіміз тұрғылас, көзі бақырайған бір қара домалақ бала:

– Немене, Шолақтауға барушы ма едіңдер? – деді жанымызға жақындап.

– Иә.

– Иә.

Маңырай жауап бердік.

– Мен де сол жаққа барамын. Жүруіне әлі бір сағат бар. Анау түпикте тұр, – деді.

«Тупигі» несі деп ары-бері қарадым. Менің түсінбей қалғанымды сезген ол:

– Тұйық жолда тұр, – деп тәптіштеді. – Таныс болайық. Менің атым – Уәли, – деді екеумізге де кезек-кезек қолын ұсынып. Тығыршықтай неме екен, қолы кемпірауыздай қатты. Жасына қарамай қасы дүрдиме, қалың, киіз жапсырып қойғандай.


– Қуан, – деді Қуан туған бауырын көргендей елпеңдеп.

– Барсхан.

Екеу едік, үшеу болдық.

– Ағам Шолақтауда. Каникул ғой. Соған... – деп ыржиды Уәли.

Бұл бақытты. Ағасына бара жатыр. Алаң болмай ат басын тірейтін жері бар. Ал біз қайда тоқтаймыз? Протез қолды, қара дәуді таба аламыз ба, жоқ па?



Сұрақ қанша – күдік сонша. Сонда да құлшынып тұрмыз. Шешінген судан тайынбайды деген бар.

– Билет алдыңдар ма? – деп сұрады киіз қас Уәли. Қуан екеуміз қуыстанып, бір-бірімізге қарадық.

– Жоқ, – деп ебедейсіз күлді Қуан. Мен үндемедім.

– Е, «заяц» екенсіңдер ғой, – деді Уәли бізге біртүрлі шүбәлана қарап. Күмәнданып, қатты ойланғанда киіз қастары бірігіп, ортасынан терең сызық пайда болады екен. «Заяц» дегеніне түсінбедім. Қуаннан:

– О не? – деп сұрадым.

– Қоян, – деп күлді Қуан. – Пойызға билетсіз мінгенді «заяц» дейді.

«Қап, мынаның қорлағаны-ай» деп қойдым ішімнен. Үстінде теміржолшылардікіндей қара шинелі бар. Сірә, бойына шақтап, етегінен қысқартқан болуы керек. Өйткені артқы жырығы шолтиып, сары жез түймелі белдігі құйымшағына түсіп тұр. Бірақ кеудесі кең. Тұрқына қарағанда – шымыр. Әйтпесе, әлгі «заяц» деп қорлағаны үшін алыса кетсем бе деп едім.

– Сірә, ақшасыз қусыңдар ғой, – деп қойды Уәли бұрынғысы аздай. – Ничего, бір амалын табамыз. Маған да жолдас керек.

Мақтаншақтау ма, қалай? Сәл шолжаңдау сияқты. Мақтана сөйлегенде сыңар езуі созылыңқырап кетеді екен.

Сөйтсе, ағасы Шолақтау темір жол станциясының бастығы екен. Ал ойнап көр қызыл арақпен. Шолақтау пойызының бастығы дәл өзі сияқты.

– Проводникпен өзім сөйлесемін, – деді Уәли бір езуі қисайып. Сонда мен оның «заяц» деп қорлағанын ұмыта бастадым. «Мынау сүйкімді ғой» деп қойдым.

Айтса айтқандай, «қарадомалағым» жарады. Бізді анау-мынау емес, көк вагонға кіргізді. «Проводник» дегені вагонның қожасы екен, ұзын бойлы, солпиыңқыраған біреу. Уәли айтты – болды, бізге:

– Кіре беріңдер, – деді.

Бір қызығы, бұл пойызда көк вагон біреу-ақ, басқасының бәрі жайдақ платформа. Оларға не тиелмеген дейсіз: қатар-қатар қызыл кірпіш; жуан-жуан қарағай, толып жатқан темір-терсек... Паровоздан кейін іле-шала екі қызыл вагон тұр. Біреуі «вагонзак», екіншісі – пошта вагон. «Вагонзак» дегеніне түсінбеп едім, сөйтсем қамақтағы адамдар екен. Терезелерін торлап тастапты. Штыкты мылтық ұстаған екі әскер ары-бері теңселіп жүр.

Атан түйенің беліндей жуан-жуан қарағай тиеген платформалардың тұсынан өткенде, сап етіп әкем Мұртаза есіме түсті.



Айша айтатын: «әкең Сібірде қарағай кескен», – деп.

Содан шығар, мына қарағай бөренелер көзіме біртүрлі жылы-ұшырап көрінді. Бірақ Айшаның: «әкең баяғыда-ақ бір қарағайдың түбінде қалған», – дегені есіме түсіп, көңілім құлазып сала берді. Шайыр иіс Сібірдің сәлеміндей сасыды.

Менің қарағайлы платформаларға қарайлап қалғанымды көріп, Қуан артына бұрылып:

– Жүр, жүр! Бол! – деп асықтырды. Менің басымда қай алуан суреттер сапырылысып жатқанын Қуан қайдан білсін:

– Немене, қарағай көрмеп пе едің, – деп таң қалды.

Мен үндеместен соңынан ілесе бердім. Көк вагонға кірмей-ақ, қарағай тиеген платформаға мініп алсам болар еді... Мүмкін, бөренелер сыр шертер ме еді...

Жолаушыларға арналған жалғыз көк вагонның ішінде ине шаншар жер жоқ-ау, сірә. Көкала түтіннен адамдар тұман арасынан көрінгендей елес береді. Шетінен шылым шеккіштер ме, немене? Мұңкіген бірдене. Шұлғау сасиды. Үш қатар сәкілердің біреуі бос емес. Гармошка тартқан, барылдап өлең айтқан әлдекімдер.

Тәңір жарылқағыр, Уәлидің проводнигі үшеумізді өзінің «служебный» деген жазуы бар купесіне кіргізді. Жып-жылы екен.

Бірақ тарының қауызындай тар. Үшеуміз иін тіресіп, әрең сыйысып отырмыз.

Проводниктің аты – Тайлақбай екен. Бізге ыстық шәй берді. Кішкентай үстелге қалтадағы зағара нанымызды шығарып қойып, қоқиып отырмыз. Біз кімнен сорлымыз дегендейміз.

– Қаймақ қатпаған шәй берді деп сөкпеңдер, – деді Тайлақбай. – Ал, кәне, мына Уәлиді танимын. Біздің бастықтың бауыры. Сендер кім боласыңдар? – деп Қуан екеуімізге көзін тіктеді. Атымызды атап жатырмыз.

– Оқисыңдар ма?

– Оқимыз, – деп Қуан әбжіл жауап берді.


– Оқу қайда?

– Каникул ғой.

– А-а, каникул екен ғой... Шолақтауда не шаруа?

– Жәй, – деп Қуан маған қарап ыржиды.

Мен қысылып отырмын. Сөйлемеуге тырысамын. Сөйлесем қылмысымыз ашылып қалатындай. Біртүрлі ыңғайсыз. Айыпты адам сияқтымын.



– Жайдан жай, бұл қай жүріс? – деп шұқшиды проводник. – Таныстарың бар ма?

– Ба-а-ар, – деді Қуан сенімсіздеу тіл қатып, тағы да маған қарап. Енді сөйлемеуге болмай қалды.

– Дәулет деген кісі. Оң қолының протезі бар. Мүмкін, білетін шығарсыз? – деп қойдым.

– Тоқта, тоқта. Қай Дәулет?

– О да теміржолшы... Көпір жөндеген...

– Көпір? Қай көпір?

– Көктемде, су тасығанда көпірді жұлып кетті ғой.

Тайлақбай иығын қиқаң еткізді.

– Бір қолы жоқ болса, көпірді қайтіп жөндейді?

– Өй, бастық қой!

Даусым қаттырақ шығып кетті. Немене, сонша қазбалап сұрайды. Қуан да күмәнданғандай бетіме бағжия қарап қалыпты.

– Ондай бастықты естіген жоқпын, – деді Тайлақбай. – Мейлі. Ол кімің болады?

– Кімім... Көктемде көпір бұзылғанда сол айтқан...

– Не деп?

– Шолақтауға кел. Алтын бар. Ақшаны күреп аласың деп...

Тайлақбайдың ауызы аңқиып қалды. Вагонда у-шу көбейді.

Гармошкаға қосылған біреу зор дауыспен барқырап: «Сакроменто – край богатый, Золото гребут лопатой», – деп сарнады дейсің бір. Тайлақбай қарқылдап күліп жіберді.

– Әне, анау аузы түкті орыс та дәл сен сияқты, – деді. – Түсіндің бе не деп оттап отырғанын?

– Қайдан білейін, «золото» дейді ғой, – дедім булығып.

– Алтын дейді, алтынды күреп аламыз, – дейді.

– Өй, орыс айтса, білетін шығар.

– Ат басындай алтын бар дейді.

– Шолақтау – Аляскадағы Клондаик сияқты дейді ғой, – деп бұл шатасқан әңгімеге Қуан кірісті. Сірә, мені аяп кеткен болуы керек. Маңдайымнан тер шып-шып шықты. Мақталы купайкемді шешейін десем, сығылысып отырмыз, ыңғайсыз.

– Е, Джек Лондонды оқыған болдыңдар ғой, – деп енді Уәли тіл қатты. Гармошка сарнады. Зор дауыс тағы да:

Чулактаука – край богатый,

Золото гребут лопатой, – деп бұл жолы Сакроментоны «Чулактаукаға» ауыстырды.



Вагон толы адам «ха-ха-халап» күлгенде пойыз рельстен шығып кете жаздады.

Бүкіл вагон мені келеке етіп күліп жатқандай көрінеді маған.

Әлде ыза, әлде наза – ішім әлем-жәлем, көңілім пәс тартып, алдамшы дүниеден түңілгендей, теріс айналып, кірлеген терезеге қарадым. Қарағай бағандар пойызбен жарысқандай болып көрініп, ол да көзді алдап, кезек-кезек қалып қойып жатыр.

Кенет шағын ақ үйдің маңдайшасына қағылған «Жұма» деген жазуды көзім шалып қалды. Көктемде көргенімде жалғыз шатыр еді. Енді үй тұрғызып қойыпты.

«Жұма» бекеті. Маған көк сиырды бермей қойған кішкентай ауылды іздеп, құм шағылды тінткіледім. Кір терезеден көрінбеді.

«Қап, Молотовтан өтіп кетіппіз-ау», – дедім. Молотовтың ақ үйлі мектебі. Ақ мешіт интернаты. Оның ығындағы кішкентай жатаған там. Сол үйде қыстай қысылып Зиба жатқан. Зиба...


Бөкен шалдың қотыр қабырғасынан сыңсыған ән менің кеудемде үйлдеп тұр. «Туған ел, енді есен бол-а-а-ай».

Көкірегім гуілдеп, ішім үйлдейді. Өзімнің кеудеме өзім құлақ түрейін десем, даңғаза жолаушылар дарылдап, мастар арылдап естіртпейді. Мас вагон. Ары-бері бұлғақтайды. Көк вагон пойыздың ең соңында. Сондықтан да құйрық вагон жолдан шығып кетердей шайқалады. Бәрі сағым, атасына нәлет! Көктемде, жазда осы Шолақтау жақтан жалқын сары өзен ағып, алтын айдаһар бүктетіліп жатқандай болатыны қайда? Протез қолды қара дәу: «Шолақтауда алтын қазамыз» дегені қайда? «Алтын деген тау-тау болып үйіліп жатыр» дегені қайда? Дардай кісі де жас баланы сөйтіп алдай ма екен?

Бірақ мына вагон сияқты ол да мас еді ғой.

Қысылып-қымтырылып, орнымнан әрең көтеріліп, тамборға шықтым. Өкпем бітеліп қалғандай, дем жетпей бара жатыр еді. Тамборға шығып жаным қалды. Тамбордың терезесін сүртіп тазалап, далаға қараймын. Көз жетер жердің бәрі аппақ, ақ кебін жамылып алғандай. Тіпті Қаратаудың өзі ақ жамылғанда мүлде аласарып, жермен-жексен болып кеткен сияқты.

Тағы да Молотов есіме түсті. Көз алдыма Зиба, оның жанына келіп, Зибаның көңілін көтермек болып, ғажайып ән салатын Зүбәржат келді. Зүбәржат «Сандуғаш, Сандуғаш» деп шырқар еді. Сол ән қазір көкірегімде күмбірлей бастады. Өзімнен өзім ыңылдап, сол әнге салып тұрғанымды сезбей де қалдым.



Сандуғаш, Сандуғаш,
Китмә, китмә, Сандуғаш.
Қанатларың талдырып,
Туған жирне қалдырып,
Китмә, китмә, Сан-ду-ға-а-аш...

Зүбәржаттың сонда айтып отырғаны сандуғаш дейтін бұлбұл құс емес, Зиба екенін енді түсінгендеймін. Сонда Зүбәржат: «Өлме, өлме, Зибакәй» деген екен ғой. Құдай ол тілегін бермеді. Зиба жоқ. Пойыздың доңғалақтары менің кеудемді керіп, лықсып шыққан әнді қолдап, сүйемелдеп, ырғақтас болып, сарнап келеді.

Суық жел терезенің тесігінен соқты ма, әлде менің жыртық көңілімнен уілдеді ме, әйтеуір бір ызғырық көзіме ұрып, көзімнен жып-жылы жас парлап ақты. Жыламаған сияқтымын, бірақ жанарымнан жас тыйылмайды. Іші-бауырым уылжып барады.

Біреу иығымнан тартты. Қарасам, Қуан екен.

– Жүр купеге. Жаурап қаласың, – деді ол көзі бақырайып.

ҚҰМАРПАЗДАР ОЙЫНЫ

Адамды Құдай арманынан жерітпесін. Адамның күні арманмен.

Арманнан көңіл қалса – ашық аспан да күңгірт болып көрінеді. Өмірде мән-мағына қалмай, кеудең кеуек болып, дүниенің әділетсіздігінен түңіліп, қақпанға түскен қасқырдай құр кіржіңдеп қаласың.

Әлденеге ашуланған Қали атам:

– Бұл заманда әділдік жоқ. Әділеттің әкесі өлген, шешесі жесір, өзі жетім! – деп қалшылдап еді.

Қали атам ашуланса, тым қаһарлы екен. Бір нәрседен көңілі қатты қалса керек. «Не болды?» – деп сұрауға дәт шыдамады.

Кейін ойласам, Қали атам ашу үстінде асыра айтқан сияқты. Әділет бар болар-ау, бірақ мен іздеген алтындай тым-тым сирек.

Пойыз Шолақтауға кештетіп келді.



Жерге түсіп, айнала төңірекке қарасам: жан-жақтың бәрі тау. Қызарып батқан күннің соңғы сәулесі шалған таулардың төбесіндей аппақ қар жалқынданып, алтын сары реңнен балқып тұр екен. «Е, е, алтын деп жүргендерің осы реңк екен ғой» дедім.

Әсіресе күн батып кеткен жерде, жанартаудай алаулаған көлденең кесілген тау көз тартып, ерекше құлпырып тұр екен. Тұла бойының бәрі алтын жалатқан айдаһар мың бүктетіліп, бүлкілдеп, жылжып бара жатқандай.

– Келіншектау, – деді бұл өлкені бұрыннан білетін Уәли.

Вокзал басы – қызыл кірпіштен салынған жалғыз үй. Маңдайшасына: «Шолақтау – Чулактау» – деп бадырайтып жазып қойыпты.

«Бір жердің екі түрлі аталатыны несі?» деп қойдым. Әр-әр жерде қарайып жатаған үйлер көрінеді. Жұрттың бәрі: «Шолақтау, Шолақтау» дегенге Әулиеатадан да үлкен шаһар екен десем – айдала!

– Сондағы Шолақтау осы ма? – деппін Қуанға.

– Келдік қой, – деп күлді Қуан.

– Е, бұл әлі өседі, – деп Уәли тұмсығын көтеріп қойды. – Көрмейсің бе, айнала құрылыс...

Әлгі алтын шырайлы таулар лезде қарауытып, сахарада қарақшылар тонаған керуендей жүдеп-жадап, сорайып-сорайып, солпиып қалды. Күн Құдайдың тәртібіне бағынып, өз ұясына қонды. Ал біз қайда қонамыз?

Мұны бұрын ойламаппын. Енді не болды? Сеніп келген протез қолды дәуді қайдан табамын?

«Өлмегенге өлі балық жолығады». Осы дана сөз Қуан екеуімізге арналған шығар. Тәңір тілеуіңді бергір, Уәли:


– Айда, жүріңдер, менің ағама барайық, – деді.

Вокзалдан оқшаулау тұрған шағын кірпіш үйге топырлап кіріп бардық. Қара дермантинмен қапталған есікке «Начальник станции» деп жазып қойыпты.

Алдымен Уәли кірді. Төрдегі жайдақ тақтай үстелдің аржағында отырған қара шинелді, қызыл фуражкелі, қара мұртты кісі КТЗ трактарын от алдырғандай, дәу қара телефонды дырылдата бұрап отыр екен. Бізді көріп, бұрағанын қоя қойды.

Қап-қара, қою мұрты болмаса, құдды Уәлидің өзі екен. Таңдана қарап қалып:

– Ой, Уәнтай, қайдан жүрсің? – деді алдымен інісіне, одан соң бізге қарап.



– Каникул, – деп езуін соза ыржиып, Уәли ағасының құшағына қойып кетті.

Ағасы оны аймалап жатыр. Менің есіме сонда, мен өзім көрмеген, менен бұрын дүниеге жарқ етіп келіп, лезде жалп етіп өшіп қалған ағаларым түсті. Оларды мен қайдан білейін, Айша айтады ғой: «Сенің алдыңда екі ұл, бір қыз тапқанмын. Үлкені – Құттыбай, ортаншысы – Елтай, кенжесі – Сәткүл», – деп.

Солар тірі болғанда, мен де өстіп еркелер едім-ау... Тым болмаса – ең кішісі. Қыз бауырмал дейді ғой.

Алыстағы Шолақтауда соларды сағынып кеттім.

Уәлидің ағасы ашық кісі екен. «Түсі жылыдан түңілме» деуші еді Айша. Мынаның түсі жылы екен:

– Мына батырларың кім? – деді інісіне қарап.

– Бұлар... – деп күмілжіп қалды Уәли – Бұлар – Қуан. Ы-ы, Барсхан. Осында Дәулет деген кісі бар дейді. Соны іздеп...

– Қай Дәулет? – деді Уәлидің ағасы. Қуан маған қарады. Мен сәл тосылып:

– Дәулет... Оң қолы протез. Дәу қара кісі, – дедім. Уәлидің ағасы есік жаққа қарап, ойланып:

– Е, анау ғой... – деп сәл тыжырынғандай болды. – Иә, ол кімің еді?

– Ешкімім де... – дедім мен төмен қарап.

– Қызық екен. Ешкімің болмаса, неге іздеп жүрсің?

Бастан-аяқ бәрін айтуға тура келді. Осылай да осылай. Көктемде су тасып, темір жолды бұзып кетті. Мен Молотовтан Жұма ауылына бара жатқанда теміржолшылар мені ұстап алды. Сол оң қолы протез, дәу кісі...

– Иә, содан соң?

– Содан соң, Шолақтауға кел. Алтын бар деді. Жұмыс істейсің, ақша табасың деді.

– Мас па еді? – деді Уәлидің ағасы.

– Иә, олар бәстесіп арақ ішті. Маған да іш деді. Мен ішпей қойдым.

– Ой, оңбаған-ай, баланың басын қатырып... – деп Уәлидің ағасы айдаладағы Дәулетті боқтап жіберді. – Ол маскүнем жұмыстан шығып кеткен. Қазір бұл жерде жоқ. Сол Әулиеата жақта жүрген шығар.

Жер түбіндегі, Сібірдегі Мұртазаның өлгенін естірткенде Айша толассыз жоқтау айтып аңыраған. Жыламаған адам қалмаған. Тіпті бастық Жуанқұлға дейін еңкілдеп жылаған. Ал мен бір сұмдықтың болғанын сезсем де безірейіп, сазарып қалып едім. Кейбіреулер мені



аяп, басымнан сипап, бауырына қысса да, көзімнен жас шыққан жоқ. Кейін-кейін, ағыл-тегіл жас парлағаны.

Дәл қазір, мына хабар Мұртазаның бұл дүниеден қайтқанын естірткеннен де жаман болды.

Бүкіл бала қиял, әлдебір үміт күл-талқаны шықты. Үлкен кісілер де алдайды екен-ау деп түңілдім. Ол дәу сонда, көктемде тым ақкөңіл, адал, әлсізге жаны ашитын бауырмал сияқты еді ғой. Мені қатты аяп, бауырына қысып, өз туған інісіндей езілген.

Енді не болды?

Менің жан дүниемде қандай дауыл соғып тұрғанын мына Уәлидің ағасы біліп қойды. Аты – Ғани екен. Уәлимен ұйқас қой. Ғани, Уәли. Екеуі бір-бірінен аумайды. Мұның да қасы қалың.

– Ей, сен жүнжіп қалдың ғой, – деді ол езуін қайшылай күліп. – Ештеңе етпейді, за то Шолақтауды көрдің. Жаңағы өздерің келген пойыз ертең Әулиеатаға қайтады. Соған салып жіберемін. Бүгін біздің үйде «сыйлы» қонақ боласыңдар. Біздің Уәлимен сапарлас жолдас екенсіңдер. Далада қаласыңдар ма?!

– Бұлардың көк тиыны жоқ, – деді Уәли ағасына. Анау ойланып қалды.

– Сендер де каникулдасыңдар ғой?

– Иә, – деді Қуан.

Мен үндемедім. Оқымаймын деп қайтіп айтамын. Ұят. Себебін түсіндіріп жатқым келмейді. Безгекпен ауырдым десем, кейбіреулер: «сол да ауру болып па», – дейді. Сонда менікі безгектен басқа, жұртқа белгісіз кесел болғаны ғой.

Сөйтіп, біз Ғанидың үйіне қонып шықтық. Начальник болса да тұрмысы жұпыны екен. Қара нан мен картоп жаркоп жедік. Оған да Құдайға шүкір. Аштан аш далада қалсақ қайтер едік, қыстың көзі қырауда. Ертесіне Ғани айтты:

– Ақыры каникулде екенсіңдер, каникул біткенше осында жұмыс істеп, тиын-тебен табыңдар.


– Не жұмыс? – деді Қуан көзі жыпылықтап.

– Вагоннан кірпіш түсіресіңдер.

– Е, кірпіш оңай ғой, – деп қойды Қуан. Ғани жымия күліп:

– Оңай ма, оңай емес пе, оны кейін көреміз. Ал қазір, айда жүріңдер, – деді.

Станциядағы кешегі өзіміз мініп келген пойыздың қасына бардық. Кірпіш тиелген платформалар сіресіп тұр. Қалшиып қалған. Кірпіштерді қырау тұтып қалыпты.



Көп кешікпей, бір дәу көк машина келді. Бұрын біз көрмеген, жарқыраған сұлу машина. Кішкентай «полуторкадан» басқаны көрмеген біз аузымыз аңқиып, қарап қалыппыз. Мұны байқаған Ғани бастық:

– Студебеккер, Американский, – деді. – Кәне, сен платформаға шық, – деді маған. – Сен жерде тұрасың, – деді Қуанға. Сен студебеккерге шық, – деді өзінің інісі Уәлиге. – Так. Сен, – деді маған, – кірпішті бір-бірлеп Қуанға бересің, Қуан Уәлиге береді. Уәли кузовқа текшелеп жияды. Понятно?

Қуан мен Уәли бастарын изеді. «Понятно» дегенін білмесем де, мен де бас изедім.

Сөйтіп, жұмысты бастап та жібердік. Кірпіш мұздай екен. Тіпті Айша тоқып берген жүн қолғаптан да ызғар өтіп кетті.

Бізден әріректе әлдекімдер платформадан бөрене түсіріп жатыр. Келбеті, киімдері бөтен адамдар. Әскерлер сияқты.

Бірақ біздің әскерден айрықша. Бойлары біркелкі, тапалтақтау. Бастарына жұқа күнқағары бар сұр кепеш киген. Күрткелері де жұқа ма қалай...

Жан-жағында мылтық ұстаған біздің әскерлер тұр.

Мен Қуанға кірпіш алып беруді ұмытып, аңқиып әлгілерге қарап қалыппын.

– Бол, не қарап тұрсың? – деді Қуан.

Біз шынжыр сияқтымыз. Комбайнның шестеренкаларын айналдыратын шынжырмыз. Шынжырдың бір буыны үзіліп қалса, бәрі тоқтайды. Қазір үш бала – бір адамбыз. Біреуіміз тоқтасақ, бәріміз тоқтаймыз. Бізді тағдыр шынжырлап, қосақтап қойған.

Көк машина толған кезде, платформаның бір мұрты ғана кетілгендей еді. Күн шытымырлау болса да бусанып, үсті-басымыздан бу бұрқырайды. Мен күпәйкемнің түймелерін ағытып қойдым. Көк машина қайтып келгенше сәл тыныстадық.

Лезде қарным ашқанын сездім. Таңертең жұқалтаң шәй ішіп шыққанбыз. Енді ішегім шұрқырап тұр.

Тағы да әлгі бөренелі платформалар жаққа көзім түсті. Қыбырлап, сүйменмен жуан-жуан қарағайды изеп-изеп итеріп, платформадан құлатып жатыр. Жерге құлаған бөренелерді басқа бір топ құмырсқа құсап, домалатып, еңіске түсіріп, текшелеп жатыр. Мылтықты әскерлер темекілерін бұрқыратып, ары-бері теңселіп жүр.

Қасымызға Ғани бастық қайтып келді.



– Аналар кімдер? – деп сұрады Уәли.

– Жапондар, – деді Ғани. – Военнопленные.

Менің түсінбегенімді сезіп:

– Әскери тұтқындар. Соғыста қолға түскен самурайлар, – деп пысықтады.

«Е, әлгі атом бомбасын Жапонияға тастады деп еді, сондағы соғыста жеңілген осылар екен ғой...»

Бір жапон темекі тартып тұрған біздің солдатқа жақындап келіп, бірдеңе деп қолын созды. Сірә, шылым сұрады-ау деймін. Біздің солдат әкіреңдеп, қатты жекіп, әлгі жапонды мылтықтың дүмімен періп кеп жіберіп еді, ана байғұс шалқалап барып құлап қалды.

Жүрегім мұздап қоя берді. Күпәйкемнің түймелерін салдым. Біртүрлі қалтырап кеттім. Безгегім қайтадан ұстап қалар ма екен деп үрейім ұшты. Безгектен жаман қорқамын. Бірақ қыстың күні безгек болмайды деуші еді...

Құлап қалған тұтқынды ешкім қолтығынан сүйемеді. Сүйретіліп барып өзі түрегелді. Басынан ұшып кеткен кепешінің қарын қағып, біздің солдатқа қарап басын иіп, ыржиып қойды.

Жапонды жек көріп қалдым. Жаңа ғана жаным ашып, жұдырығым түйіліп кетіп еді, енді жек көріп қалдым. Сонша жалпақтағаны несі?! Мыңбұлақта Тасбет мені жонарқамнан қамшылап тартып жібергенде, шапшып барып жағасынан ала түскенмін. Жағасынан қолым әрең ажыраған.

– Қорқақ, – дедім дауыстап.

– Қорықпай гөр, – деді Уәли.

– Не істейді? – деді Қуан.

Жапон түк болмағандай томпаңдап, темір сүйменмен жуан бөренені, басқа жапонмен бірлесіп, еңіске қарай домалата бастады.

– Мылтығы бар адам күшті. Оған не істей алады? – деді Уәли мұрнын шүйіріп.

– Темір сүйменмен бір ұрса...

– Е, басқа солдаттар қарап тұра ма? – Соны да білмейсің бе дегендей, Уәли маған кісімсіне сөйледі.

– Қой, әңгімені қояйық. Студебеккер келіп қалды, – деді Қуан.

Жұмысқа қайта кірістік. Шестеренкалар қайтадан айналды. Шынжыр қайта жалғасты.

Тағы да болса, студебеккер біреу-ақ. Бірінен соң бірі үзбей келіп тұрса, қайтер едік. Ара-арасында демалып аламыз.

Уәли көп оқитын қу болса керек.

– Сендер Омар Қайым деген ақынды білесіңдер ме? – деді.

– Жоқ, – деді Қуан.

– Жоқ, – дедім мен.

Уәли тұмсығын көтеріп қойды.

Мен журналдан оқыдым. Парсы ақыны. Қазақшаға аударған өлең. – Бір кірпішті қолына алды. – Бұл не еді о басында?

– Топырақ, – деді Уәли.

– Әрине, топырақ. Ауылда қышты топырақ илеп құямыз ғой. Балшық, – дедім мен.

– Білмейсіңдер, – деп масаттанды Уәли. – Омар Қайым айтады... Ол қыш кесемен шарап ішіп отырып айтады: сен, қыш кесе, бір кезде айдай сұлу қыздың көзі болдың ба екен? Адам өлген соң топыраққа айналады. Топырақтан, саздан қыш кесе жасайды. Сен, кесе, сұлу қыздың көзі емес пе екенсің, – дейді. Ендеше, – деп Уәли кірпішті айналдыра қарады, – ендеше мынау да адамның топыраққа айналған сүйегінен жаралған.

Қуан екеуміздің аузымыз ашылып қалды. Мұндайды кім ойлаған? Демек баяғы-баяғы ата-бабаларымыз бізге, әзірше тірілерге баспана болады екен ғой. Содан соң бір кезде біз де өлеміз. Мың-мың жылдан кейін топыраққа айналамыз. Сол кездегі тірілер сол топырақтан қыш құйып, үй салады... Әлде кімдерге, кім екенін кім білсін, біз де баспана боламыз.

Енді мен әрбір кірпішті сипалап, абайлап ұстайтын болдым. Осыған дейін кірпішке немқұрайды қарап, кейде балалығым ұстап, Қуанға кірпішті жорта қисайта лақтырып, Қуан ұстай алмаса, мәз болып күліп едім. Бірнеше кірпіш жерге түсіп кетіп, кейбіреуі сынып қалып еді. Сонда Ғани келіп, сынған кірпіштерді көріп:

– Әр кірпіштің құны қанша екенін білесіңдер ме? – деп сұрады.

Біз білмедік.

– Әрбір кірпішке қаншама адамның қолы тигенін білесіңдер ме? Әуелі топырақ қазылды. Оны зауытқа жеткізіп, саз балшыққа айналдырды. Оны қалыпқа салып, мың градустық ыстығы бар пешке салып күйдіріпті. Оны машинамен тасып, пойызға жеткізді. Оны платформаға тиеді. Енді мына сендер, үш адам жабылып, машинаға тағы тиеп жатырсыңдар. Анау тұрған кранның жанында жаңа үй салынып жатыр. Мына студебеккерден сол үйдің жанындағы адамдар бұл кірпішті тағы түсіреді. Тас қалаушыға алып береді... Сөйтіп, үйдің қабырғасына қаланып болғанша қанша адамның қолынан өтеді? А?



Осы қиын сұрақтан кейін кірпішті беталды лақтырғанды қойдым. Басты себеп ол да емес. Бастысы – басқа... Бұл бір кезде жер басып, Күннің нұрын көріп, қуанып, қайғырып, өзімізше өмір сүріп жүрген адамдардың тәнінен жаралған екен. Оған құн жете ме?

Мен Ғаниға ең бастысы осы деп айтайын дедім. Айтпадым. Білсең неге сындырасың десе, не деймін?

Түсте жұмысшылар асханасынан тамақтанып, кәдімгідей әлденіп алдық. Әйтпесе, жүрегім сазып, ішегім шұрылдап, алғашқыда қауырсындай жеңіл көрінген қызыл кірпіш ақырында атан түйеге де ауыр зіл қара тастай болып, әл-қуатым кеміп қалып еді.

Кешке дейін платформалардағы кірпіштерді тиеп болдық-ау, әйтеуір. Қолымнан қанша қызыл тас өтті – санамадым. Әуелі санап тұрайыншы деп едім, бір кезде жаңылысып қалдым да, бұл бос әурені бас қатырмайын деп қоя қойдым.

Бөрене түсірген көршілеріміз де жұмысын тоқтатып, бүрсеңдеп сапқа тұрды. Біздің солдаттардың командирі айқайлап бұйрық айтып тұр. Қай тілде айтқанын білмеймін. Әйтеуір, қазақша емес. Орысша айтса жапондар түсіне ме екен? Бұрынғы солдаттарға жалаңдап тұрған овчарка ит жетектеген екі-үш әскер қосылды.


Сөйтіп, сапқа тұрған тұтқындар тау жаққа қарай кешкі аяздың қарын қаршылдатып кетіп бара жатты. Бір кезде олар бастарын кегжитіп, батқан күннің нұрынан қызғылтым тартқан аспанға, жаңа туған қияқ Айға қарап, бәрі қосылып бір мұңды, аса сағынышты әуенге басты. Осы ән оларға қанат бітіріп, әне-міне аспанға көтеріп, сағынған жерлеріне алып ұшатындай көрінді. Алғашында арсылдап, солдаттардың қолынан жұлқынып-жұлқынып шыға жаздап, тұтқындарға шабаланған овчаркалар да тына қалды.

Сағыныштың қысталаң әні тымық ауаны тітіренте тіліп, алысқа-алысқа самғады. Жапонияға жете ме, жетпей ме, білмеймін. Бірақ жаңа туған Айдың жанындағы жалғыз жарық Жұлдыз дір-дір етіп, көзінен шоқты жас шашырап, шыр-шыр еткендей болды. Зиба ма... екен деп қалдым.

Жаңа туған Ай мен жалғыз жарық Жұлдызға тесіле қарап қалғанымды көріп Қуан:

– Жүрсеңші енді, – деді.

Каникул бітуге таяп қалды. Қайтуға қам қылдық. Үйдегілер не боп жатыр? Молотовқа барып, документті алып, тез қайтамыз деп кеткенбіз. Бір аптадан асып барады...



Ғани бастық бізді кассаға апарып, әрқайсымызға бір-бір бума ақша ұстатты. Мұншама көп ақша ұстап көрмеген басым, қуанғаннан жүрегім жарылып кете жаздады. О басында армандаған патефонды да ұмытып, енді Айшаға кебіс-мәсі, орамал, Құрмашқа көйлек, Батырханға бәтіңке сатып алмақшы болдым. Қуанға айтып, осыларға мына ақша жете ме? – деп едім. Ол да мәз болып:

– Жетеді. Артылып қалады, – деді.

Сонымен, жұмыстан босап, Ғаниға рахмет айтып, Шолақтаудың базарына бардық. Ғани қоштасарда:

– Теңгелеріңе сақ болыңдар, – деді. Базары Әулиеатадағыдай емес, шағын екен. Кіреберісте, әлде қытай, әлде кәріс екені белгісіз біреу:

– Шарик-малик, шарик-малик, – деп айқайлап тұр екен, онысы не болды екен деп жанына жақындай бердім.

– Подходи, мальчик, подходи, – деп әлгі Шарик-малик өзінің туған бауырын көргендей қуанып кетті.

Кішкентай үстелдің үстінде үш оймақ тұр. Кәдімгі көк инені көтінен түртіп, матаға кіргізетін оймақ. Айша сұқ саусағына киіп алып, менің шалбарымды жамағанда талай көргенмін.

Шарик-малик бұршақтай темір шарикті ұстап көрсетті. Содан соң, бір оймақтың астына бастырып қойды да, лыпылдатып үш оймақты тез-тез орын ауыстыра қойды.

– Кәне, тапшы, – деді.

Мен біреуін көрсеттім. Оймақты ашып жіберіп еді, шарик шыға келді.

– Ой, бәлесің ғой. Сен тапқыш екенсің. Енді ақша тігіп ойнаймыз, – деді Шарик-малик. – Міне, жүз сом болады. Шарикті тапсаң – екі жүз сом да сенікі. Түсінікті ме?

Қуан жеңімнен тартты.

– Кетейік, – деді.

Екі жүз сомды тастап кетуге қимай:

– Жарайды, қазір, – дедім.

Қуан:

– Қойшы соны, – деді.

Бумадан жүз сом шығарып, үстелдің үстіне қойдым. Екі жүз сом болды.

– Бекер, – деді Қуан.

– Өй, жаңа оңай таптым ғой! – деп бой бермедім.

Шарик-Малик оймақтарды ауыстырып жіберді. Біреуін қолыммен



басып қалдым. Шарик-Малик ашып жіберіп еді, бұршақтай шарик жәудіреп орнында тұр.

– Қап, – деп санын соқты Шарик-Малик. – Давай, енді екі жүзден тігейік.

Қуан:

– Қой, енді қоя ғой, – деді.

Мен екі жүзді үстелде қалдырдым. Шарик-Малик қойнынан екі жүз шығарып қойды. Төрт жүз болды. Тағы ұттым. Тағы ойнадық. Бұл жолы ұтылдым. Ішім удай ашып кетті.

– Давай, бес жүзден, – деді Шарик-Малик.

– Давай, – Бумадан бес жүзді шығарып қойдым. Қуан:

– Жетті енді! – деді даусы қатты шығып:

Тағы ұтылдым. Жоқ, болмайды, ұтылғанды қайтаруым керек. Қуан қолымнан сүйреді. Көнбедім. Бума ақша жұқарып қалды. Қайтарып алуым керек.

Бума таусылуға айналды.

Жылап жібердім. Шарик-Малик оймақтарын қалтасына салып, үстелін қолтықтап кетуге айналды. Тұра ұмтылып, жағасына жармастым.

– Мен сені зорлаған жоқпын. Өзің ойнадың неғыл дейсің?– деп Шарик-Малик мені итеріп жіберді. Шымыр, шапшаң екен, қызталақ. Қуан келіп:

– Қайтар ақшасын! – деді тістеніп.

Сонда, анадай жерден алпамсадай екеу жетіп келді.

Әттең, Уәли ағасымен бірге қалып еді. Сол болғанда... Енді бір сағаттан кейін пойыз жүреді.

Әлгі зіңгіттей екеу, Қуан екеумізді жерге қағып жіберердей дәу жұдырықтарын мұрнымызға тақап:

– На, панюхайте, – деді.

Бұл сәтте Шарик-Малик зым-зия жоқ болды да кетті. Пойыз Әулиеатаға қарай бет алды. Оң қол жақта қар жамылған Қаратау созылып жатыр. Одан ары Тәңіртаудың шыңдары жарқырайды. Тәңіртаудың сол аспан тіреген шыңдарына қарап:

– Неге менің жолым ауыр, Тәңіртау?! – деп айқайладым. Тәңіртау тіл қатпады.

Терезеден солдаттар қоршаған жапон тұтқындар көрінді. Бастарын кегжитіп, аспанға қарап бара жатыр. Пойыздың дүрсілінен ән естілмеді. Зарлы, үзіле-үзіле сағынған, сарғая-сарғая алтынға айналған, дүниеде теңдесі жоқ сиқырлы ән.



Алтынды Шолақтаудан іздеп нең бар, Барсхан?! Алтын өз кеудеңде екен ғой. Кеудеңдегі, көкірегіңдегі адам айтып болмас ағыл-тегіл арман. Орындалмаған, қанша құсаң да жете алмайтын асыл армандар. Орындала салатын арман арзан шығар. Арзанның қадірі бола ма? Сенің алғашқы адымдарың, алғашқы армандарың сарғая-сарғая, иә алтынға, иә запыранға айналар. Бәрі де Жазмыштан.

БАЛАСЫН ІЗДЕП, АНАСЫН ТАПҚАН АЙША

Ініне су кеткен суырдай сүмірейіп үйге кіре берсем, қарындасым мен інім боздап қоя берді.

Жүрегім су-у-у ете қалды. Айшаға бірдеңе болған екен дедім. Қаным басыма шапшып, шеке тамырларым шытынап, шынықдай шарт-шарт сына жаздады.

– Не болды-ей?!

Бұл менің оспадарсыз сұрағым.

– Сен өліп қалды... екен... деп... – Қарындасым солығын баса алмай солқылдады.

– Е, мен келдім ғой. Соған да жылай ма екен. Айша қайда?

– Сені... сені іздеп кетті.

– Қайда?

– Білмейміз, Молотов жаққа...

Өзім де бір сұмдықтың боларын сезіп едім. Бір күнге деп, бір апта жоғалып кету... еш қисынға келмейді. Жөнсіз, жорықсыз қылық.

Бірақ болары – болды, бояуы сіңді.

Ал Айша қайда?

Қуан екеуміз сол кеткеннен бір күн өтеді, екі күн өтеді.

– Ау, Айша, әлгілерден хабар бар ма? – деп Уәйда қайта-қайта келеді. Абыржу басталады.

Айша Қали нағашысына барып, осылай да осылай, екі бала жоғалып кетті, үш күн болды, хабар-ошар жоқ дейді. Жаны қиналғанда барар жері, басар тауы – Қали. Басқалардан не қайыр? Бас көтерері – Қали. Қали бір көзін қысып алып, аппақ дөңгелек сақалын ары-бері сипалап:



– Е, бала неме, Молотовтағы жолдастарын көріп, ойнап кетті ме... Әлде Байтанадағы нағашыларына барды ма... Жүрген шығар, шыда, – дейді.

– Қайдам, нағашы-оу, өзі безгектен әрең тұрған... Қасындағы Қуан есі бар, ересектеу еді, не болды?

– Е, Құдай сақтар, оның жасында әкесі Мұртаза Жаңабай Байзақ датқаның немере қызын алған. Есі кіріп қалды ғой.

– Сол датқаның немере қызымен-ақ отасып тұра бергенде ғой Мұртаза... Мен бүйтіп азап аранына түспес едім-ау, – деп Айша аһылайды.

– Қой, өйтіп асылық сөз айтпа, – дейді нағашысы. – Құдай пешенеңе не жазды – сол болады. Мұртазадай ер қайда?! Есіл ер қиянат құрығына ілінді ғой.

Күйеуінің жақсы қасиетін айтқанда, Айша кәдімгідей еңселеніп, рухтанып қалады.

– Жарықтық жаның жұмақта болғыр, осы баласын шымшықтай шырылдап қорғаушы еді. Ой, бұл бұзық болатын. Мен ұрсам, әкесі ара түсіп, соның жолында құрбаны болғысы кеп тұратын... Ал енді сөйткен баласынан мен бейбақ айырылып қалсам, о дүниеге барғанда Мұртазаға не деймін, не бетіммен көрінем, нағашы-ау?!

– Қой енді, уайымдай берме. Жарайды, мен қалаға барып Сейтжанға айтайын. Милицияның қолы ұзын ғой. Іздесе, тез табылар.

Сонымен, үш күн өтеді, төрт күн өтеді. Енді екі әйел қосыла күңіренеді. Осы уақытқа дейін сабыр сақтап келген Уәйда:


– Айша-ау, енді қайттік? – дейді.

– Қали нағашым қалаға барып, милицияға хабарлаған екен, бір дерегі болып қалар, – дейді Айша.

Айша кінәлі адамдай. Уәйданың үйіне кіріп алғанымен тұрмай, жалғыз ұлына жамандығы тимесе неғылсын. Бәлені бастаған Барсхан ғой. Әйтпесе, Қуанның Молотов жаққа бару қаперінде де жоқ қой.

Енді екеуі барып, Гүлсімге бал аштырады.

Гүлсім – Қали, Сәли, Бөпетай, Сатайлардың аталас ағайыны Қауғаның қатыны. Қауға деп жеңгелері атап кеткен. Әйтпесе, әжептәуір аты бар екен. Оны жұрт ұмытқан. Жарықтық екі көзі қасқыр көрген ешкінің көзіндей шарасынан шыға шақшиып, жасаурап тұрар еді. Сақалы да ешкі сақал. Ашаң, бүкіштеу кісі еді. Алғаны – Әулиеатадағы Мама-Шәріп саудагердің қарындасы Гүлсім. Шешесі тәжік, әкесі өзбек. Тәжікше, өзбекше, қазақшасы аралас, ерекше, будан тілде сөйлейтін. Дауысы шаңкілдектеу, тілі сақауға ұқсас, қызық кісі еді. Қауғамен екеуінде бала жоқ.



Содан да болар, тауықтың ұясындай кішкене құжырасына Гүлсім балаларды көшеден шақырып алып, жүгері нан, құрт, елде жоқ науат, кәмпит үлестіретін. Сірә, қаладағы саудагер төркінінен әкелетін шығар. Жұма сайын құдайы шелпек пісіріп, көшеге шығып, балаларды іздеп жүріп үлестірер еді, жарықтық.

– Дәметкен аруақтарға тие берсін деп жеңдер.

– Дәметкен аруақтарға тие берсін! – деп шулайды балалар.

Соғыстан соңғы ашаршылық. Соның өзінде мұндай қайырымды адамды Құдай неге ғана бір балаға зар етіп қояды екен, түсініксіз.

Әне, сол Гүлсімге барып, Айша мен Уәйда құмалақ аштырған ғой. Гүлсім басқалар сияқты қойдың құмалағымен бал ашпайды. Гүлсімдікі лобия. Лобия сыртына Жаратушының өзі жазу жазып қойғандай, әдемі өрнегі бар. Ақ лобия, көк лобия, қызғылтым, қырмызы лобия...

Гүлсім лобия тартып, Айша мен Уәйдаға:

– Балаларың аман-есен. Аяқтары үзеңгіде. Құдай қаласа, келіп қалады. Қанжығасы тоқ. Соған қарағанда олжалы-ау деймін, – дейді.

– Айтқаның келсін, Гүлсім жеңеше-ау, – деп Айша қуанып қалады.

– Аузыңа май, – дейді Уәйда.

Екеуі үйлеріне қайтып, «сары биені» сауып, бір самаурынды ортаға алып, көңілдері жайланады.

Бірақ бесінші күн өтеді...

Алтыншы күн дегенде, Айша шыдай алмай жолға шығады. Құрмаш пен Батырханға:

– Ал мен кеттім. Барсхан тірі болса, – өзін, өлі болса – өлігін алып қайтамын, енді сендер қаңғырып кетпей, тырп етпей, үйде отырыңдар, – деді.

* * *

Басқа бағыттан адасса да, Бурылтаудан адаспайды. Айша терістік-батысты бетке алып, Молотов осы жақ қой деп, жолсызбен төтесінен тартады. Молотовқа баратын тас жолға түссе де болар еді. Бірақ ол алыс, орама жол. Алдымен қалаға бару керек. Одан Атшабар айналып, Ойық көшесіне түсу керек. Зибасы жоқ Ойық көше...

Оған зауқы соқпады. Бурылды тіке бетке алса, Асаның ар жағы – Байтана, Байтананың астында – Молотов. Бірақ Байтана мен Молотовтың арасында, баяғы-баяғыда Шыңғысхан бүкіл дүние



жүзінен жинаған алтынын көміп кеткен екен деуші еді. Талайлар сол зындандағы алтынды аламыз деп, қырық құлаш қыл арқан тастап, әуелі алдына келгенді тістеп, артына келгенді теуіп, жан баласын жолатпайтын жымық құлақ, қара айғырдың жанынан амалдап өтсе, енді аузынан от шашқан айдаһар тап болады екен. Жан-жағы шашырап жатқан адамдардың қаңқа сүйектері дер еді.

Бурылдың ең биік шоқысы жанартаудай жалындайды. Бәлкім, алтынның буы шығар. Алтынның буы болады дейді ғой. Әлгі Барсхан мен Қуан әлдекімнен естіп, осы алтынды аламыз деп, зынданға түсіп кетіп жүрмесін...

Алды жарқабақтанып бара жатқанын байқады. Сөйтсе, Асаға да келіп жеткен екен. Жарқабақтан сырғанай-сырғанай амалдап, жағаға да жетті. Ернеуі мұз қабыршақтанып жатыр. Тебеген аттай жымқырылып, арқырамай, жымысқыланып, жыланша иреленделеп, жылжып бара жатыр. Судың беті – ирек-ирек, қап-қара. Сірә, иірім. Сірә, терең.

Бүлкілдейді, бүктетіледі. Сылқ-сылқ етеді. Қабыршық мұзды жалап, сылп-сылп етеді. Өзінің әуені. Өзенде де әуен бар. Бір қарасаң – думан дүниенің шалқымасы сияқты. Бір қарасаң – таусылмас арман ағысы. Арман таусылмаушы ма еді. Бәрі де таусылады. Сайқалдана сылаң қаққан мына Аса да таусылады. Бурылдан шыға бере, теріскейді бетке алып, алыстағы құмға барып, құрдымға кетеді. Әуен де жоқ, ән де жоқ. Тек құмға сіңген судан нәр алған шеңгел ғана күзге қарай әлденені сағынып, сыңғыр қағады.

Бәрі солай. Көкірегі үнсіз күмбірлемейтін жан болмайды. Болса ол – сезімнен ада, жұрттың жадауы.

Айша қолындағы алша таяқты суға салды. Бойлатып көрді. Таяқ су түбінен таяныш таппады. Дәлірек айтқанда, түбіне жетпеді. Су серпіні таяқты Айшаның қолынан тартып алып, ағызып әкете жаздады. Айша қабыршық мұзды етігімен теуіп, еңкейіп, суға қолын салып көріп еді, онша суық та емес сияқты. Ызғарсыз. Тереңдігі болмаса, суықтығы түк те емес.

Айша суық судың талайын көрген. Тәңіртаудың Ақсайынан аққан зәрдей суды қызыл сирақтан кешіп, талай-талай жылдар бойы қызылша суарған.

Күн болса кешкірді. Су болса мынау. Амалдап арғы бетке шыққанда да... қайда барады? Қараңғыда Молотовты қайдан табады? Жолда – Байтана бар. Төркін елі. Кіндік қаны тамған жері. Тұлымшағы желбіреп жүгірген мекен. Қызды Құдай неге мұңлық етті екен? Ұл болса ғой,



сон-о-о-оу қияндағы, өрдегі Тәңіртаудың бауырына, Мыңбұлаққа ұзатылмай-ақ, осы елде жүре берер еді...

Енді – жат. Өзі туған жерге – өзі жат, бөтен. Егер мына судан өте алса, Асаны тағы бір кешіп өтуі керек.

Айшаның алдын асау Аса, сөйтіп, екі рет кес-кестейді.

Баяғыда, балғын бала кезінде Құлыхан апасы, қасында, сірә, әкесі Есей бай бар ма екен, Айшаны осы Бектөбедегі төркініне алып келген.

Айша сонда Асадан тұңғыш рет өткен. Атпен. Апасының алдында, ердің қасынан ұстап отырған. Аса сонда оған шексіз дариядай болып көрініп еді. Аттың жалына дейін шапшыған. Айшаның басы айналғандай болған. Апасы Құлыхан: «Айша, көзіңді жұм, көзіңді жұм», – дегені есінде.

Асадан содан бері қанша су ақты... Енді оны алдына алып отыратын апасы Құлыхан да жоқ, әкесі Есей де жоқ. Астында ат та жоқ. Жаяу кешіп өтеді. Қазір қыс қой. Суы тартылған шығар. Мүмкін, мұз боп қатып қалған да болар. Бірақ Аса мұз құрсанып жатыр екен дегенді естіген емес. Бүгін күн жылымық. Әуелі қалың жауған қар жентектеліп, жібіп жатыр. О баста ет қызумен едәуір жерді еңсеріп-ақ тастап еді. Енді қансорпа боп терледі. Жентек қар аяққа оралғы бола берді. Бақабас ескі етік те сыр бере бастады. Еріген қардан ылжырап, ішіндегі шұлғауға дейін су өтті.

Айша оны елең қылған жоқ, қыстың күні қысқа, жарық барда жол өндіріп алайын деп, аршындай түсті.

Жауыр дейтін жоннан асты. Алдынан Бурыл тау анық көрінді. «Жақын қалды» деді. Бурылға жақындаған сайын кеудесі әлденеге өрекпіп, дүниедегі ең аяулысын, Анасын көргендей, алдынан анасы құшағын айқара ашып, аймалайтындай бола берді. Көптен бері көкірегінде шемен боп қатып қалған, сарғайып сартап болған сағыныш деген қу сезім жібіп сала бергені ме, бұл жаққа не мақсатпен келе жатқанын да ұмытқандай. Баласы Барсханды іздеп келе жатқаны да есінен шыққандай, Бурылдан көз алмай алға қарай алқынды.

Аяғына басы күрдек күлтелі жусан орала берді. Бұл беткейде жусан қалың екен. Барсхан мен Қуан келіп шапса, қып-қызыл олжаға батқандай екен. Бурыл да мұны аңсарлана, зарыға күткендей, тіпті тау басымен бұған қарай өзі жылжып келе жатқандай көрінді.

«Қос көрінді ме, шаршадым ба?» – деп қойды.

Қыстың күні күн төбеден ауса болды, төмен қарай сырғанай жөнелетіні несі? Таудан төмен қарай шанамен заулағандай. Батыс



жақ сұп-сұр болып, сазарып тұр еді. Енді мына пенденің осыншама шаршап-шалдығып келе жатқанында қолтығынан демеп жіберуге дәрменсіз екенінен ұялғандай, бұлттар қызара бастады.

Бурылдың ең биік шоқысы жанартаудай жалындап бара жатты. Сол биікке Байтананың бір үйі паналатар еді-ау. Ой, дүние-ай, мынау баяғы өзіміздің Айша ғой деп бәйек болып, су-су киімін кептіріп, қатықсыз қара су болса да қайнатып беріп, бойын жылытар еді.

Бірақ намыс қайда? Намыс жылап қалмай ма? Баяғыда, он алты жасында Айшаның алтынмен аптаған, күміспен күптеген ақбоз атқа мінгізіп ұзатылғанын көргендерден қалған көз әлі бар шығар. Олар не ойлайды? Аяй ма, табалай ма?

Намыс сонда төбе шашын жұлып, ойбайламай ма?!

Намыс – адамның жан серігі. Көзге көрінбейді. Жеке жүрмейді. Тым болмаса, көзге көрінетін көлеңке де сияқты емес. Бірақ серік. Мықты серік. Бұл серігі жоқ адам қасиетсіз, әлсіз.

Ал Айшада бұл серік мол еді. Аса күшті еді. Намыстың аса күшті болғаны да зиян ба, кім білсін. Дүниеде намысы күшті Көк Бөрінің нәсілі деуші еді. «Қасқырдан қауқар кеткенде апа дейді ешкіні». Сөйтсе, ең намысшыл деген қасекеңнің өзі де ымырашыл көрінеді. Әрине, әлсіз шағында.

Егер Асадан аман-есен өтсе, Айша төркіндеріне бұрыла салса да болар еді. Айшаның мүсәпірлеу тәрізін көріп, көтін ашып, күлін шашып күлетіндей хал қазір байтаналарда да шамалы шығар. Шекесі қызып, кекірігі сасып отырған кім бар бұл заманда?!

Бірақ Айшаның: «Текті ит өлігін көрсетпейді» деген қатып қалған заңы бар. Әйтпесе, сонау Мыңбұлақтан келгелі жылдан асып кетті. Асаның ар жағында жатқан Байтанаға әлі бір барған жоқ. Ел құлағы – елу.

Айша Бектөбедегі алшын-сіргелі нағашыларының қолына көшіп келіпті дегенді Байтана естімеді дейсің бе? Іздеп келген біреуі жоқ, іздеп келуге жарамдылары әскерге кеткен. Аман-есен елге оралды ма, әлде оқ алды ма, кім біледі? Әйтеуір, ат ізін салмады.

Өзеннің жайдақтау жері бар ма екен деп, Айша суды бойлап, бір бұлымды айнала беріп еді, алдынан бозаландап шұбатылған сұйық түтін көрінді. Айдалада аңырап, амалсыз қалған адамға кәдімгі түтін де бір медеу. Айшаның үзіле жаздаған үміті жалғанғандай, әлгі түтін шыққан жаққа қарай адымдай жөнелді.



Жатағандау жотаның астынан үй көрінді. Жақындап, төбеден төтелеп келсе, диірмен екен. Алдынан абалап, қазақы ала төбет шықты.

Арсаңдап амандасып шыққан жоқ, жауыға, жанталаса арпылдады. Тағы да болса Айшаның қызыл-күрең, алша таяғы бар. Соны жасқай сілтеп, әлгі үйге бір қырындап, жақындай түсті. Ала төбет аздай, ақтөс, қара қанден шабалана шәуілдеді.

Қос ит қосыла, өршелене өрекпіп кеткен соң болар, қосалқы аласа үйден, інінен шыққан суырдай сүйретіліп, ұзын бойлы, қайыстай қара кемпір көрінді. Әуелі иттерге:

– Кет-әй, кет! Жат! – деп кейіді.

Мұны естіген иттер: «Е, біз өз міндетімізді атқардық. Ендігісін өзің біл» дегендей, құйрықтарын бұлғақтатып тына қалды.

Кемпір күн шағылыспаса да, көзін көсеудей қолымен көлегейлеп, жат адамға үңіле қарады. Танымады.

Айша да таныған жоқ.

– Амансыз ба, құдайы қонақпыз, – деді.

– Кел, кел, – деп қара кемпір, «үйге кір» дегендей ишара білдірді.

Қуықтай үйдің іші қараңғы екен, кемпір сипалап жүріп пештің үстінен шишақпақ тауып алып, шырағданның білтесін тұтатты. Керней орнына қағаз кигізілген томпақ бүйір шыныны тұғырына қадап қойып еді, құжыра ішіне елегізген сәуле шашырады.

Кемпір еті тірі, қунақы екен, мейіздей қатқан көңді балтамен ұрып-ұрып, пештегі шоққа үстемелеп тастап жатып:

– Үсті-басың су-су, өзің жолсызбен жүрсің ғой, жаурап қалған шығарсың, киіміңді шеш, отқа жақынырақ отыр, – деп сампылдады.

– «Танымаған, білмеген кісіге де осынша бәйек болған қандай қасиетті адам – деп ойлады Айша, – әлде менің кім екенімді біліп қойды ма? Мені білетін Байтаналардың біреуі шығар».

Бірақ кемпір: «Кімсің, қайдан жүрсің?» – деп жөн-жосық сұрай қоймады. Пештің үстіндегі сырты күйеден қасаң болған шәугімге толтыра су құйып, темір плитаның дөңгелек қақпақшаларын көсеумен іліп-ілiп алып тастап, отқа қойды.

– Тез қайнайды, шәй ішіп жылынасың, – деді, – қарның да ашқан шығар. Сенің келетініңді білмедім ғой, білгенде қазан асып қоятын едім.

Айша ойлады: «Мынау мені шыннан білетін болды».

Оның ойын сезіп қойғандай:

– Мен сені әуеліде танымай қалдым, қартайдым ғой. Әйтеуір, шырамытамын. Сен Айша емессің бе?



– О, құдая тоба, иә, мен Айшамын, өзіңіз...

– Күнім-ау, мен Жұпар әпкеңмін ғой. Есіңде ме ондай әпкең? Әй-бу, ұмытқан шығарсың. Мен бойжеткен кезде, сен тұлымшағы селтиген балапан едің ғой.

– Есімде, есімде, Жұпар әпкем! – деп Айша қара кемпірді құшақтап, бауырына басты. Жұпар да құшып көрісті.

Екеуі де еңкілдеп жылап, көздің жасын көл қылды.

– Апыр-ай, Жұпар әпке, мені қалай біліп қойдыңыз, – деп Айша аң-таң.

– Қанша жыл, Құдай-ау, сіздің ұзатылғаныңыз еміс-еміс есімде. Содан бері көріспеппіз ғой. Өзіңіз айтпасаңыз, мен сізді өмірі танымас едім.

– Жүрегі құрығыр сезеді ғой, Айшажан-ау, қу жүрек біліп тұр ғой.

– Апыр-ай, әулие екенсіз да. Туысқанын таныған жүрегіңнен айналайын, әпкетай!

Екеуі терлеп-тепшіп шәй ішті. Қайдан жүрсің, неғып жүрсің деп Жұпар сұрамады. Бәрін де айтпай-ақ білетін сыңай танытып:


– Қиналып қалған екенсің ә, күнім. Зар заман да өтер, мұратыңа жетерсің, – деп қойды.

– Қиналғаным рас, Жұпар әпке, – деп Айша ау-жайдың бәрін баяндай бастады. Содан әңгіме тиегі ағытылып, екеуі алысқа-алысқа, баяғы сағым жылдарға сапар шекті.

...Тоқсанбай есімді батыр Байтананың алты ұлы бар еді... «Атадан алтау, анадан төртеу» деп данышпан ақын айтқандай, Тоқсанбайдың бәйбішесінен төрт ұл: Матай, Сасай, Татай, Есей; кіші әйелінен: Қарағұл, Нұрабай деген екі ұл болған. Солардың Матайы мен Сасайы Мекке-тілләға қажылыққа барып, Матай сонда о дүниелік болған. Ағасынан айырылып, Сасай азып-тозып елге әрең жеткенде туған-туысқан қатты қайғырса да:

– Құдай Матайдың тілеуін берді, жаны жаннаттан жай тапты деп тәубаға келіп, алты ата атырапты түгел шақырып, ас берген. Міне, мына Жұпар – сол Матайдың қызы еді. Ал Айша болса, Есейдің үкілеп, мәпелеп өсірген қызы.

Жұпар сұлу бой жеткенде сүмбіл шашы тірсегіне түсер еді. «Шаштарын он күн тарап, бес күн өргеннің» шын екенін жақындары сонда көрген. Шашын иіс сабындап, гүлқайырдың шайырымен жуған соң, қыздар жиналып, жан-жағынан отырып алып, мүйіз тарақпен тарап, бұрымын өруші еді. Сол «шаруаға» Айша да араласатын. Тұлымшағы селтиіп, үлкен қыздардан о да қалыспайтын. Сонда Жұпар кішкентай



Айшаға: «Өскенде сенің де шашың осындай болады», – деп күлуші еді. Айтқаны келіп, кейін Айшаның шашы да тізесіне дейін төгілді. Енді... енді содан не қалды? Уысқа толар-толмас шүйке қалды. Жұпар мен Айша... Қыз жатжұрттық. Жұпар бір қаңлыға ұзатылған екен. Балалы-шағалы болған. Қазір мына алакөлеңке құжыраның қабырғасында, шынылы кәсекіге салған суреттен әскерше киінген, жауқабақ, жас жігіт міз бақпай қарайды да тұрады.

– Жалғыз ұл – Байсұлтан осы, – деді Жұпар, суретке қарап қалған Айшаға. – Соғыстан қайтпай қалды. Үш қыз үш жаққа кетті. Шалымыз екеуміз, жалғыз үй, диірмен бағамыз. Шал бүгін атқа мініп, шаһарға кетіп еді, келмеді ғой. Шаруамен жүрген шығар. Шәй ал, Айша шырағым.

Апалы-сіңлілі екеуі тар үйдің әлемін әңгіме-тарихпен кеңейтіп, түн ортасына дейін отырды. Шырағдан майы таусылып, өлімсірей бастағанда ғана Жұпар:

– Ал Айша, айналайын, сен мына менің төсегіме жата ғой, мен жерге жантая саламын. Жаныңа жақын жатайын. Алтыным әншейін. Құдай қаласа, жақсы түс көресің. Балаң табылады. Жата ғой, жаным. Уайымдама.

«Мені баяғыдай бала көріп, айналып-толғанады. Қайран бауыр-ай», – деді Айша көзі ілініп бара жатып.

* * *

«Түс – түлкінің боғы-дүр» дейтін ескі сөз бар. Сірә, жаман түс көргендердің көңілін жұбату үшін айтылатын шығар. Әйтпесе, түс мұндай теңеу алатындай соншалықты құбыжық емес.

Түс те өзінше бір әлем. О да өмір. Өміріңнің бір бөлшегі. Өңдегіден гөрі, кейде түсіңде бақыттырақ боласың. Өңіңде шалқақтап, асып-тасып жүргендердің түсінде жантүршігер жағдайға кездесіп, шошып оянатындары да болады.

Ұйқым тыныш болсын десең, имансыз іс істеме. Жаман түсті көбінесе қарақшылар, қиянатшылар, ұры-қары, жемқорлар, парақорлар көреді. Өйткені күндіз ұйықтап қалған ұят түнде оянады. Сөйтіп, ұят өз иесін азапқа салады.

Түс бір жағынан өлгендегі, о дүниедегі өмірің сияқты. Жалған дүниеде күнәкар болған жан о дүниеде тозақ торына түсетіні рас болса, түс те соның бір көрінісі.



Жақсы түс – жақсылыққа жақсылық.

Жаман түс – жамандыққа жаза.

Әпкесінің тапал төсегінде жатып, Айша түс көрді. Асаның суы күндіз көргендегідей емес, айдынданып, арғы шеті әрең көрініп, шалқарланып кеткен екен. Неге екенін кім білген, Айша бұл теңізден сескенбей, үстіндегі киім-кешегімен түсіп кетіп, оп-оңай, жеп-жеңіл жүзіп келеді. Ұлы теңіз мұны еркелетіп, қақпақылдап, аймалап алып келе жатқандай. Жан-жағынан сары сазан, ханбалықтар қоршалап, шоршып ойнап, бірте-бірте адамдарға айналып, хор қыздарының ғажайып әуезді әніне салады.

Ән жалған дүниенің бес-ақ күндігі туралы, өткінші, өтірік екендігі туралы; шын дүниенің қайғысыз, мұңсыз, мейірімді, бауырмал, қайырымды ләззаты туралы жүректі елжіретіп, рахат бесігінде тербетеді.

Әлгі періште әнші қыздар жүзіп келе жатып, мұның жадау-шоқпыт киімдерін шешіп алып, суға лақтырып тастап, үстіне аппақ атлас, сусыма жұмсақ, мөлдір көйлек кигізіп, шашақты орамал салады. Дәл баяғы Мыңбұлаққа ұзатылған кездегідей хал кешеді Айша. Бәлкім, одан да тамаша, одан да көркем дүние. Жалған дүниеде мұндай рахаттың аты да, теңеуі де жоқ.

Айша таң қалады. Айдын-шалқар дарияда жүзіп келе жатқан жоқ. Жүріп келе жатыр. Дариямен де адам тік жүре ме екен? Мүмкін, мына ақ періштелер құдіреті шығар. Солар шырқаған әсем әннің сиқыры болар. Жалған дүниеде жан-тәніңді мұншама ләззатқа шомылдырған Шолпан сыңғырлы әнді, әуезді естіп білген емес. Рухты мұншама биікке көтеретін ғаламат музыка да болады екен-ау.


Арғы жаға белгі бергендей. Қыбырлап әлденелер, әлдекімдер қарандайды. Әлде тал, әлде адамдар.

Енді олардың үні де құлаққа шалынғандай болды. Жағалау толған ақ бейнелі адамдар. Жақындай түсті. Дария шалқып жатыр. Әлгілер бұған қарсы ентелеп, алдынан шығып жүгірейін деп талпынатындай. Бірақ судан сескеніп тұрған сыңайлы.

Әне, анау Есей ғой. Есей әкесі! Жанындағыларды да шырамытады: Матай, Сасай, Татай, Қарағұл, Нұрабай... – Анау Сүттібек көкесі, анау Рахман інісі... Е, айналайын, Зибаны қара! Зиба да осылардың арасында екен-ау! Әне, үлкен апасы Теңгекыз!

Бәрі де «кел-кел» деп қол бұлғайды.

«Апыр-ау, апам қайда?» – дейді Айша. Мыналардың арасында өзінің туған анасы Құлыхан көрінбейді. «Онысы несі, менің алдымнан



бәрі жабыла шыққанда, апам қайда жүр?» Көңіліне қаяу кірді. Мына тұрғандардың бәрі асыл, бәрі қымбат... Ал апасының жөні бір бөлек. Оны айтып бола ма? Әлде ауырып қалған ба?

«Апам қайда?» – деп айқайлады Айша жағада тұрғандарға. «Апаңның мекені басқа жұлдызда», – деп тіл қатты әкесі Есей.

«Апамды сағындым», – деп сыбырлады Айша.

«Білсе, келіп қалар», – деді Есей сыбырлағанды естіп.

«Айша әпке, тезірек шықсаңшы жағаға. Мен де сені қатты сағынып кеттім», – деп шырылдайды Зиба.

Айша жағаға жетейін десе, жаңағы жүріс жоқ. Жан-жағындағы ақ періштелер де көрінбей кетті. Аяғына зіл байлағандай жүре алмайды, жүзе де алмайды. Таяқ тастам жерге жете алмай зарықты. Суға бір батып, бір шығып алқынды. Әлгінде ғана жеп-жеңіл еді. Дария жалтыр мұздай, соның үстімен сырғанап келе жатқандай еді. Енді не болды? Әсіресе Зиба «әпкелеп» шырылдағанда шыбыны шырқырайды. Тезірек жағаға жеткісі келеді. Бірақ зіл жібермейді. Әудем жер қияндай алыс. Жағадағылар «кел-кел», – деп шуылдайды.

«Апа! – деп айқай салды Айша. – Апа, қайдасың?»

Әлден соң аспандағы Ай көрінбей кетті де, жағадағылар күңгірт тартты. Бәрібір «кел-кел» деген аңсар әуен ызыңдайды. Кенет аспаннан ақ сәулеге оранған адам жағаға түсіп, ақ толқынданып тіл қатты:

– Айша! Кері қайт! Мен сенің анаң Құлыхан!

– Апа! – деді Айша жаны шырқырап. – Апа, мені жағаға шығарып алшы!

– Шықпа, Айша! Үйіңе қайт!

– Сағынсаң, кейін келесің. Үйіңе қайт. Балаларың күтіп отыр.

– Барсхан жоғалып кетті, апа.

– Балаң үйіңде. Кері қайт, Айша.

– Мен сенің қасыңа барғым келеді, апа.

– Кейін, кейін келесің.

– Мен шаршадым, апа.

– Шыда, Айша, шыда.

– Мұртазаны көрдің бе, апа?

– Аспан толы аруақ. Жүрген шығар.

– Үш жетімді асырай алмай қиналдым, апа.

– Сұм дүниеде қиналсаң, Шын дүниеде рахатын көресің, Айша шыда.

– Кері қайтайын десем, судан өте алмаймын, апа.



Кенет Аса дария қақ жарылып, қара жер пайда болды. Айша сол қара жолмен қайтып келе жатып, артына бұрылып:

– Апа! – деп тағы айқайлады. Өз даусынан өзі шошып оянды.

* * *

Көзін ашып алса, жер төсекте жатқан Жұпар әпкесі жастықтан басын көтеріп алып, бұған қарап аңырып қалған екен. Ұядай үйдің алақандай терезесінен қысқы таңның нышаны қылаң беріпті. Әлгі түсінде көрген әлемге қарағанда, мына өңіндегі дүние тым тұнжыр, тым жүдеу. Түк қызық жоқ.

«Әлгі әлемнен неге келдім», – деп Айшаның көңілі құлазып, ит талаған тулақтай құрысып қалды. Сөйтсе де сол көңілдің арғы түкпірінде қимастай, қиыспастай шырайлы, шырын әсер әлі де себезгілеп, бірте-бірте мына үйдің көрінісінен көмескіленіп, әлдекім алдап кеткендей мең-зең хал кешті.

– Айшажан, немене жаман түс көрдің бе? – деді Жұпар әпкесі, дегбірі кеткендей түрегеліп.

– Жоқ, әпке, қайта ғажайып жақсы түс көрдім. Әттең, олардан айырылып қалдым.

– Не болды, айтсаңшы жөндеп.

Айша көрген түсін айнытпай айтып берді. Айтып отырып, бір жерінде күлді, бір жерінде жылады.

– Ай, айналайын, бақытқа кенелген екенсің, – деп сүйсінді Жұпар.– Шыннан менің Меккеде қалған әкемді де көрдің бе? И-и, онда сен тіп-титімдей, құртақандай едің ғой. Әкемді қайдан білесің?

– Әпке-ау, мен мұны ойдан шығарып отыр дейсің бе? Көргенімді айтып отырмын.

– Е, жарығым, онда сені аруақтар жарылқаған екен. Енді сен қуанышқа кенеледі екенсің. Тұр да, жуынып-шайынып, Құдайға тәубе айтып, шай іш. Мен тездетіп жеті шелпек пісіре салайын. Үйіңе қайт. Балаң табылған екен. Анаң Құлыхан жеңешем айтса, тегін болмағаны.

– Апыр-ай, әпке-ай, өмірімде мұндай ап-анық түс көрген емеспін. Шын дүниенің барына, аруақ барына енді көзім әбден жетті. Мына біз бейбақтар қу тіршіліктің тырбаңымен оларды ұмытып, өлдіге санайды екенбіз ғой. Сөйтсек, олар бізді ұмытпайды екен ғой. Бәрін де көрдім ғой. Апам менің! Апа-а-м-ды көрдім ғой, – деп Айша әлде шексіз



қуанғандай, әлде, шексіз өкінгендей, көзінен жылы жас жылжып ақты. Түстегі көргендерін көз жасы көлегейлей берді.

ТЕСКЕНТАУДЫҢ ҚУЫСЫНДА, БІР АЛЛАНЫҢ УЫСЫНДА

Пойыз кешігіп, түн ортасында келді.

Паровоздың тұмсығын қырау тұтып қалыпты.

Сақал-мұртын, жалбыр шашын ақ қырау шалған, арсылдап-гүрсілдеген, пысылдаған танауынан су атқылаған Әзірейіл сияқты.

Тоқтар-тоқтамас, доңғалақтары рельсті шиқылдатып, пойыз қайтадан жылжи бастады. Вагондардың есіктерін ешкім ашқан жоқ. Пойыздан ешкім бұл бекетке түспеді. Пойызға бұл бекеттен мінетін бізден басқа ешкім жоқ: Айша, мен – Барсхан, екеуміз-ақ. Бұл пойыз Сұрым бекетін неге менсінбеді екен? Тоқтар-тоқтамас, қайтадан жылжи бастады. Вагондары тым-тырыс, есіктері ашылмады. Тілсіз, меңіреу пойыз. Ал біз Айша екеуміз сонау күн батар-батпастан-ақ келіп, кәдімгідей билет алып, осы пойыздың келуін күткенімізге қай заман!

Іңір қараңғысында келетін көлік түн ортасында бір-ақ келді. Енді сол кешіккен есесін Сұрым бекетінің есебінен алғысы келгендей, тоқтар-тоқтамас, ұялмай-қызармай, жайлап жылжи бастады. Айша айқайлады:

– Әй, тоқта! Мына қараң қалғыр кәйтеді-ей. Әй, шынымен бе? Барсхан? Барсха-а-ан!

– Не-е?

– Ойбай, мін!

Жылжып бара жатқан пойыздың бір вагонының тепкішегіне қарғып мініп, темір тұтқадан бір қолымен ұстады. Вагонның есігі тарс жабық. Тарсылдатып ұрайық десек, қолымыз бос емес.

Тырмысып жатып, құлап қала жаздап барып, мұздақта сырғанап барып, аяғым доңғалақтың астына түсіп қала жаздап барып, тырмысып жатып, мен де әрең іліндім-ау...

Сол-сол екен, паровоз бір айқайлап, арсылдап ала жөнелді. Бозала түнектің ішіне сүңгідік те кеттік.

Бұл Ауагүл әпкеміздің ақылы еді.



Зиба бұл дүниеден өткен соң, ендігі мекен Айшаның нағашыларының ауылы, сол баяғы – Бектөбе болып қалды. Бектөбе де колхоз. Мұнда да қызылша. Мұнда да еңбегің еш, тұзың сор. Ақы төлемейді. Сонда Ауагүл әпкеміз Айша сіңлісіне ақыл айтады ғой. Байғұс-ау, колхоздан түк шықпайды. Одан да өнерің бар ғой, тігін мәшинең де бар. Мына мен құсап тік. Сат. Сөйтіп күн көрмесең – өліп қаласың.

Айтқанының жаны бар. Ауагүл әпкеміз базардан мата сатып алады да, содан күпәйке тігеді, шалбар тігеді. Матасы көбінесе солдат киімінің матасы. Сары трико. Кейде құрақ. Базарда мұндай киімнің қаны жерге тамбайды. Қолма-қол алып кетеді. Едәуір пайда түседі. Сөйтіп, соғыс кезінде де, соғыстан кейінгі жұтаң жылдары да Ауагүл әпкемнің үйі тамақтан тарыққан емес.

Айша Ауагүл әпкемнің айтқанына көнуін көнеді. Бірақ:

– Менің мәшинем елде, қайынсіңлімнің қолында қалды ғой, – дейді.

– Е, мына тұрған Жуалы ғой, пойызбен бар да алып кел, – дейді Ауагүл. «Зингер» мәшинесін Айша жалғыз алып жүре алмас. Сондықтан қасына мені ертті. Мыңбұлаққа соқпай, бірден «Шоңқарадағы» Әдия әпкемнің үйіне бардық. Мыңбұлаққа, өз туған ауылымызға неге бармадық, – бұл жұмбақ. Мен қыңқылдап көріп едім, Айша:

– Бұл жолы асығыспыз. Кейінірек келесің, – деді. Айша мен Әдия әуелі құшақтасып көрісіп, жылап та алды.

Таңертеңгі пойызбен келдік. Енді кешкі пойызбен кері қайтпақшымыз. Келген шаруамызды естіген соң, Әдия әпкем ашуланды.

– Күнікей шешемнен қалған көз деуші едім...

– Күнікей саған шеше болса, маған ене. Қу темірге бола көңіл жыртыспайық. Көшкенде басқа ешкімге сенбей, сенің қолыңа аманат қалдырып ем ғой. Алмай-ақ қояр едім, күнкөріске керек боп тұр, – деп уәж айтты Айша.


Әдия әпкем:

– Бұл Бердімбет әкемнің, Күнікей шешемнің, Мұртаза ағамнан қалған қасиетті белгі еді, енді Әулиеата асып кеткен соң, қайтып келмейді десеңші,– деп қынжылды. Қабағын қарс жауып алды. Айша арқалана бастады:

– Әй, сорлығар, не деп тұрсың? Сонда мына біз қайтып келмейді дегенің ғой!

Әдия жуасып:

– Жоға, сендер отанына оралса екен деп, Құдайдан күнде тілеп жүрмін ғой,– деді.



Не керек, «Зингер» мәшинесі бөлшектеніп, қапшықтарға салынды. Төрт бөлшек болды. Басы – бір қапшық, екі аяғы – екі қапшық. Табаны бір қапшық.

Айша мәшинесінің басын, яғни ең ауыр, әрі ең мәнді бөлшегін өз арқасына таңып алды. Қолына мәшинеңің бір аяғын алды. Менің арқама табаны мен тақтайы салынған қапшықты таңды. Бір аяғын қолыма ұстадым.

Келген ізімізбен кері кетіп, Сұрым бекетіне бардық. Пойыздан қалып қалмайық деп ертерек бардық.

«Шоңқара» ауылы Боранды бекеттен алыс, Сұрым бекетіне жақын. Боранды бекеттің артықшылығы – оған пойыз бес минут тоқтайды. Бірақ алыс. Сұрым бекеттің бір артықшылығы – жақын. Бірақ пойыз қаласа тоқтайды, қаламаса тоқтамайды. Сәтіне қарай. Сонымен, тәуекел, сәтін салсын деп тілеп, Сұрым бекетке де қар малшынып жеттік-ау.

Сұрым бекеттің қызыл фуражкелі бастығы айтты:

– Пойыз кешігеді, – деді.

– Қанша сағат?

– Оны білмеймін, – деді, – әлі Борандыға да келген жоқ. Шақпақта қатты боран, – деді.

Енді қайттік? Қайтушы едік, амал жоқ, күтесің.

О, қыстың күні Сұрым бекетте, түн ішінде Құдай пойыз күттірмей-ақ қойсын.

– Мұның қашан келетінін анық білсек, Апақай әпкемнің үйіне барып шай ішіп, жан шақырып алар едік,– деді Айша.

Апақай әпке... Еміс-еміс есімде. Апақай – Мұртазаның әпкесі. Әкесі бір, шешесі бөлек. Еспембет өліп, жесірін Бердімбетке қосқан көрінеді. Мұны Айша айтады ғой, әйтпесе мен қайдан білейін.

Апақай апамызды осы Сұрымдағы Ысқақ дейтін бай шанышқылы алған екен. Ысқақ жездеміз қайтыс болғанда, сірә, 1937 жылдың күзі шығар, Мұртаза әлі тұтқындалмаған еді. Өйткені менің есімде: бата оқырға Мұртаза мен Айша мені де ала барған.

Сұрым елін сонда тұңғыш рет көргем. Есімде қалғаны: құжынаған жұрт, одан кейін қатар-қатар тізіліп, түтіндері будақтаған самаурындар еді. Апақай апамыздың Сыдықбек, Зиябек деген азамат балалары әскерге кеткен екен. Екеуінен де дерек жоқ. Мұны маған Айша айтады, әйтпесе мен қайдан білейін.

Енді бір сұмдығы – Сыдықбек деген үлкен баласы, біздің ауылдағы Мамыт атам бар емес пе, соның үлкен қызы Әсемге үйленіпті. Мейлі

ғой. Бірақ сол Әсем бұрын осы Айшаның туған інісі Рахманға тиген екен. Тұзы жараспаған. Кетіп қалған. Әсемді артынан іздеп шығып, осындай қыстың күні Рахман товарный пойызға мініп, Боранды бекетке барған ғой. Одан омбылап қар кешіп Мыңбұлаққа, біздің үйге келген. Үстінде жұқа шекпені ғана бар екен, қос өкпеден суық тесіп өтіп, ақыры сол аурудан қайтыс болды. Мұны да маған Айша айтты ғой.

Енді сол Әсем Апақай апамыздың келіні. Бірақ кейін тиген күйеуі Сыдықбек те тірідей жоқ. Сыдықбектен Жақсымбет атты ұлы бар көрінеді.

Мұның бәрін пойыз күтіп отырғанда, Сұрым бекеттің сұп-суық вокзалында отырғанда Айша айтты ғой.

Сол-сол екен, паравоз құлақ жара бір шыңғырып, арсылдап ала жөнелді.

Боз ала түнектің ішіне сүңгідік те кеттік.

Айша екеуміз бір тепкішекке ілініп, бір-бір қолымызбен қапшық ұстап, екінші қолымызбен тұтқыштан қатып қармап қалыппыз. Вагонның есігін тарсылдатайық десек, қол бос емес. Әлгі пойыз кешігіп келе жатқан уақыттың ақысын алғысы келгендей зымырасын-ай бір. Бетімізге бетіміз тиіп тұрса да Айшаның айқайы маған әрең естіледі.


– Мықтап ұста тұтқадан! Қолың шығып кетпесін!

Өзіме де жан керек. Әрине, мықтап ұстаймын ғой. Ай, бірақ жел қатты, қар аралас қатты жел беттен сабалап келеді. Шапалақтап келеді. «Мұндай жеті түнде жолға шығып нең бар!» дегендей ұрғылайды. Атаңа нәлет кондуктор! Есікті ашпады. Есіктің сыртында вагонға ілініп, салбырап келеміз. Тағы да болса, ол кездегі пойыздың тепкішегі сыртында, қолмен ұстайтын тұтқасы да сыртында. Кейін-кейін бергі заманда ғой, қол-аяғы жоқ қысыр жыландай сыпсиған вагондардың шыққаны.

Жүгіміз болмаса, сірә, жеңілдеу болар еді-ау. Жүк ауыр. «Зингер». Тігін мәшине. Ап-ауыр. Қапқа салып, бөлшектеп алдық. Арқамызға таңып алдық. Қалғаны қолымызда.

Ата-бабадан қалған байлық. Байлықтың тамтығы. Тұтас та емес. Ата-бабаның бай болғаны үшін біздің жазығымыз не? Көрмеген қорлық жоқ. Сол байлыққа бола, біз қызығын көрмеген байлыққа бола, Мұртазаны алды. Ол аз болғандай, Мұртазадан қалған жетім-жесір жәутікке де тізелері қатты батты. Елден бездірді.

Енді сол байлықтың соңғы тамтығымен күн көрейік десек...



Менің қолым, тұтқадан ұстаған жалғыз қолым қарыса бастады. Жаны кете бастаған сияқты. Тұтқадан ұстап тұрмын ба, ұстамай тұрмын ба, – белгісіздеу бола бастады.

Ең сойқаны – сол! Тұтқадан ұстап тұрмын ба, ұстамай тұрмын ба? Белгісіз. «Ұстап тұрмын» деп ойлайын десең, ұстамай тұрған сияқтысың. Содан жүрегің зу-у-у етіп, тұла бойыңды үрей биледі. Мұндайда қолың тұтқаны қатып қармап тұрса да, әлгі үрейден кейін өзінен-өзі босанып кетуі мүмкін ғой. Ең қиыны сол. Сондықтан үрейден аулақ бол.

Әдейі қорқайын демейсің ғой. Бірақ үрей деген сволочь ұрланып келеді. «Осы мен тұтқадан ұстап тұрмын ба, ұстамай тұрмын ба?» деп ойлауым-ақ мұң екен, тұла бойың дүр-р-р етеді.

Қасарысқан қолдан жан кетеді екен. Екінші қолмен ауыстырып ұстайын десем, екінші қолым бос емес: қапшықта мәшинеңің бір аяғы бар. Ап-ауыр, зілдей. Қара сыры әр жерінен көшкен қара шойын. «Зингер» деген латынша жазуы бар. Баяғыда-баяғыда, алыстан-алыстан жеткен мүлік. Саудагер ұзын Дембай әкеп берген. Әрине, Бердімбет бабамыз бен Күнікей анамыздың малын сатып, қымбатқа алған мүлік. Темірдің аты – темір. Темір тозған жоқ, ал оның бастапқы иелері бұл жалған дүниеден алдақашан озған. «Зингерді» ата-бабамыздан қалған белгі еді деп көзінің қарашығындай сақтаған Айша. Сол Айша мен оның ұлы Барсхан қазір әлгі «Зингерге» бола өмір мен өлімнің арасында, тағдыры бір талшық шашқа ілініп қалғандай боп келе жатыр. Аруақ бар екені рас болса, сол ата-баба аруағы енді осындайда қолдаса қайтеді? Қайдасың Бердімбеттің, Күнікейдің, Мұртазаның аруағы?!

Менің ойлағанымды Айша да айна-қатесіз ойлап келе жатқан болуы керек:

– Иә, Аруақ, қолдай гөр біз бейбақты!– деп айқайлады. Бозала түн, арқыраған, азынаған пойыз, кім естиді әлгі арызды? Кім?

– Күркіреу бекетіне жетсек екен,– деді Айша айқайлап.

Бірақ пойыз Күркіреу бекетіне тоқтамақ тұрмақ, жүрісін де баяулатпай зу етіп өте шықты. Айша:

– Маймаққа дейін шыда! – деп шыңғырды.

– Қолың шығып кетпесін, Барсхан!– деп тағы шыңғырды Айша.

Қол бар ма менде, жоқ па, оны сезбеймін. Сірә, қарысып, тұтқаға мүлде кірігіп кетсе керек. Немесе мүлде ұстамай бос тұр. Көрейін десем көрінбейді. Қараңғы.

– Қойнында сансыз әулие жатқан қасиетті Қаратау...



Ар жағы айтылмады. Үзіліп қалды. Ар жағында Айша не айтқысы келді? Үзіліп қалды. Өйткені пойыз қап-қараңғы көрдің ішіне сүңгіді де кетті. Пойыз доңғалақтарының сарыны бірден өзгерді: күңгір-күңгір... Ащы түтіннің иісі бұрқ ете қалды. Көзімді ашытып жіберді. Уқалайын десем, қолым жоқ. Қолым матаулы. Айтпақшы, тұтқадан ұстаған оң қолымның саусақтары жазылып кеткендей көрінді.

– Апа-а-а!– деген жан даусым шықты білем. Айшаны тұңғыш рет «Апа» дедім. Мұртаза рахметлік «Айша де, Айша де» деп үйреткеннен бері, Апа деген емеспін. Менен бұрын үш баласы: Құттыбай, Елтай, Сәткүл – үшеуі де бірінен соң бірі шетіней берген ғой. Содан мен туғанда ажал менен адасып қалсын деп, Мұртаза маған туған шешемнің атын ататқызып үйреткен екен, жарықтық. Мүмкін қара шешектен өлмей қалғаным да содан шығар...

Әскерден қайтқан ағамыз Тәшкен айтады ғой: Нұралы екеуміз (Нұралы менің тетелес құрдасым Өсердің әкесі) Сталинградтың түбінде қалың әскер атакаға шыққанда жүгіріп келе жатыр едік. Нұралыға қақ маңдайдан оқ тигенде «Апа!» – деп құлады, – деп Тәшкен айтады. Сірә, адам кенет оқыстан өлерде алдымен аузына «Апа» деген сөз түсетін болуы керек.

Міне, мен де «Апа-а-а!» деппін. Сірә, саусақтарым тұтқадан ажырап бара жатқан болуы керек.

– Барсха-а-ан!

Кенет Айшаның қолындағы мәшинесінің бір аяғы салынған қапшық сақ етіп вагонның қабырғасына соқты да, менің арқамнан Айша қапсыра құшақтайын дегенде, қапшықтың салмағы басып, өзі құлап бара жатты...

– Апа-а-а!

– Барсха-а-ан!


Дәл осы сәтте дүние жарқ ете қалды. Түнде қайдан жарқ ете қалушы еді. Түн ғой, боранды бозала түн.

Сөйтсем, пойыз Тескентау түнелінен шыға келген екен. Түнектен шыққан соң, түннің өзі жарық болып көрінгенін қарашы.

Сонда есім кіргендей, оң қолыммен тұтқадан қайтадан ұстадым. Мені құшақтаймын деп жығыла жаздаған Айша да бойын түзеп алды-ау, әйтеуір.

Пойыз түнелге кіргенде, паровоздың түтіні шығарға тесік таппай, түнелдің ішін кеулеп кетеді екен ғой.

Тұншығып өлмей әрең қалдық.



Ажал тікелеп шаппаса, адам өлмейді екен.

Ажал шіркін, шалықтап келіп, шүйіліп келіп, бұл жолы жалт бұрылып кетті.

Жаңа түнелдің ішінде мен құлағанда Айша да құлайтын еді. Сөйтіп, Маймақтың бер жағында, Күркүреусудың аржағында, Тескентаудың қуысында сүйегіміз шашырап қала жаздады.

Сол жолы біз өле кетсек, Құрмаш пен Батырханның күні не болар еді? Сәли, Қалилар асырап алар ма еді, әлде детдомға өткізіп жіберер ме еді...

Есіме түссе, әлі күнге дейін жүрегім зу-у-у ете қалады. Содан соң сол кездегі өзімді, Айшаны, Құрмашты, Батырханды аяп, тамағым түйіліп, көзіме үйіріліп жас келеді. Баяғыда-ақ ұмытып кететін кезең ғой. Қайта жас ұлғайған сайын ойыма орала береді. Оралған сайын өзімнен өзім езіліп, жылағым келеді. Жазылмайтын жара ма, не нәрсе...

Пойыз қанша асықса да Маймаққа жетіп тоқтады. Мен перронға құлап түстім. Қолымдағы қапшық бетонға тиіп, сақ ете қалды.

Айша қолындағы қапшықты тастай салып, басымды көтерді.

Қасымызға қызыл фуражке киген кісі келді.

– Эмне болды? Қайдан келесіңдер? О, қоқи, пойыздың сыртынан қантип қармап келгенсиңдер?– деді қырғызшалап. Маймақ – оймақтай қырғыз жері. Мына бекет бастық шығар бұл қырғыз. Айша жағдайды айтты. Қызыл фуражке қолындағы жалауша таяғымен вагонның тесігін тоқылдатты.

Есік ашылып, ұйқылы-ояу кондуктор көрінді.

– Немене тоқылдатасыңдар?! – деп ұрысты. Қызыл фуражкелі қырғыз:

– Мыналарды вагонға кіргіз! – деді қатқыл үнмен.

– Орын жоқ, қайда барасыңдар?

– Әулиеатаға...

– Мына тұрған Әулиеатаға жаяу-ақ бармайсыңдар ма?

– Әй, тантыма! – деді қызыл фуражкелі қырғыз.

«Оттама» – дегені.

Қырсыққан кондуктор бізге купеден орын берген жоқ.

Әулиеатаға дейін тамборға тұрып бардық. Содан бері, сон-о-оу Тескентаудың қуысында бізді бір Құдайдың уысы ұстап қалды ма деймін де жүремін.



КИІК ҚАЗДАР

Қыр астында қызылша тақтасы бар. Мен – «аткөшник». «Окучивание» деген орыстың сөзінен шыққанын ол кезде мен білмеймін. Бригадир соғыстан қайтқан, үстінен әлі гимнастеркасы түспеген, қара мұрт Төлтай деген кісі.

– Сен аткөшник боласың, – деді.

Бригадир айтса – заң.

Бұл бригадир Мыңбұлақтағы бригадир Тасбеттей емес. Боқтамайды. Қамшы үйірмейді. Аз сөйлейді. Бірақ адамды айтқанына көндіретін, сендіретін бір сесі бар.

Сонымен, мен атқа мінемін. Оған жалғыз тісті қалақ соқа жегіледі. Оның қос сабынан Махмұд абзый ұстайды. Менің міндетім – қызылша жүйегімен атты түп-түзу жүргізіп отыру. Ат сәл бұрыс жүрсе, қызылша қырылады. Соқа тісі жапырып кетеді. Бір қызылшаның қылы қисайса, менің басым кетеді. Тәртіп сондай.

Ал Махмұд абзыйдың міндеті – соқаны қос сабынан қос-қолдап ұстап алып, түп-түзу ұстап, аттың соңынан тырмысып жаяу жүріп отыру. Былай қарасаң, қиын ештеңе жоқ. Бірақ діңкелетеді-ақ. Ұдайы ұстараның жүзімен жүріп отырғандайсың. Көзіңді ала берсең, шыбындаған ат басын шұлғып кеп қалып, аяғы ізден, яғни жүйектен шығып кетеді. Сонда Махмұд абзый:

– И-и, қаһар сұққан қазақ малай, пышыратма! – деп айқайлайды.

Екеумізді Құдай бір-бірімізге қосақтап қойған. Біріміз бүлдірсек, екіншіміз қоса күйеміз. Бригадир Төлтай, звеновая «қоянерін» Сарықүл қатын «аткөшник» болған жерді келіп тексереді кейін. Қылжиған қызылша көрінсе, сазайымызды тарттырады. Әсіресе «қоянерін» қатын қиын. Сарықүл десе дегендей, сап-сары. Топ-толық қоғаның борығындай, сеп-семіз. Үстіңгі ерні қоянның ерніндей жырық. Содан бір тісі көрініп тұрады. Екі сөзінің бірі – «аузыңа сиейін».


Махмұд абзый сол қатынды иттің етінен жек көреді. Сарықүл естімейтін жерден:

– И-и, атның қатыны, қаһар сұқсын сине, – деп қояды.

– Ата, «аттың қатыны» деген не? – деймін артыма бұрылмай. Бұрылсам, ат жүйектен шығып кетеді.

– Қазақлар «бие» дилар, – деді абзый.

Мен өзімше күлген боламын. «Бие» деген оп-оңай сөзді «аттың қатыны» дегені несі деймін.



Сол «аттың қатыны» бригадир Төлтай келгенде кәдімгідей қылмыңдап қалады. Сызылып сөйлеп, бұраңдаған болады. Белі күпшектей жуан қатынға онысы жараспайды-ақ. Сөйте тұра, біршама көркем жігіт Төлтай одан безінбейді. Екеуі әзілдесіп, бірін-бірі қуаласып, қыз бен бозбала сияқты боп қалады. Әп-әдемі жігітке жөні түзу әйел табылмай ма, немене... Екеуі сөйтіп, бірімен-бірі бүлдіршін мен буыршындай «тістелесіп» жүріп, ақыры Асаның жарқабағының астына түсіп, көрінбей кетеді.

Сонда менің есіме Тәңіртаудың етегіндегі, Мыңбұлақтағы қырман басы түседі. Жолдасбек қу мен әлгі (атын ұмыттым) ерке келіншек маяның түбінде осылай алысып ойнаушы еді. Бірақ оларға ол ойын жарасатын. Жарасқан істің ерсілігі де болмай ма, немене, бидай суырып қалжыраған қарттар олардың ойынына мән бермейтін. Ақта болған аттардай оқта-текте күрсініп қойып, маяның түбінде қалғып-мүлгіп отырар еді.

Күн төбеден төніп, тал түске келеді. Қызылшаның алыс жүйегінің ар жағынан, аулақтан сағым ойнайды. Сағым арасынан ерсілі-қарсылы таулар қозғалып жатады. Сөйтсем, олар өңшең дәу машиналар екен ғой. Кейін сол жерден зауыт көтеріледі. Химзауыт. Әулиеатаны сасытқан зауыт. Айнала-төңіректі улап, малдардың тістері ақсиды. Тістер айқасты. Тістерінің өскендігі сонша, жерден шөп тістеп жей алмайтын боп қалды. Сойған қойлардың ішек-қарны іріп шығатын болды. Егер Құдай бар болса, сол зауытты Әулиеатаның дәл түбінен және жел жағынан салдырған сол кездегі өкіметті өңешін суырып алып, тозақтың отына шыжғыратын шығар.

Арық атты «аткөшниктен» шығарып, аяғын тұсап, ажырық отқа қоя беремін. Байғұс ат ажырыққа кенедей жабысады. Жылқы баласы сондай болғанда, адам қалай шыдасын?! Махмұд абзый екеуміз долана мен зірк ағаштың түбіндегі алақандай көлеңкеге сыяр-сыймас жайғасамыз. Тал түсте қасақана көлеңке де қысқарып, бас сауғалар жер қалмайды. Сол зірктің түбіне көйлегіммен орап қойған бір шиша айран мен бір таба зағара нанды шығарып, дорбаның үстіне қоямын. Таңертең Айша салып берген байлық бұл. Махмұд абзыйда мұндай байлық жоқ. «Дастарқанға» шақырамын.

– И-и, бұлмый инде, – деп амалсыз қол созады.

Алайын десе, мені обалсынады. Алмайын десе, қу тамақ қиын. Зағарадан бір сындырып жеудің алдында, Аллаға рақмет жаудырады. «Тағы бір таңды, жарық күнді көрсеткеніңе тәубе. Бір түйір дәм



бұйыртқаныңа тәубе. Осы дәмнің сауабын мына міскін малайдың абыйы Мұртаза марқұмға, бақилық болған ата-бабаларына бағышладым!» – деп, бетін сипайды. Тахуа кісі. Бірақ мен түсінбеймін. Өлгендерге дәм бағыштағаны қалай? Өлгендер тамақ дәметіп тұрады дейді. Өліп қалса, қайтіп жейді. Олар да аш па? Өлгендерге дәм бағышталмаса, олар кәдімгідей өкпелейтін көрінеді. Аруақ дейді. Көзге көрінбейді. Ендеше, олардың да өздерінің көзге көрінбейтін өз тамағы болуы керек қой. Жоқ. Өзіміз өзегіміз талып отырған бізден дәметеді.

Мен осыны Махмұд абзыйға айтып едім, тісі жоқ қызыл иегін көрсетіп, қиқ етіп күлді. Күлгенде аппақ құдай сақал-мұрты қыбырлап-жыбырлап, көкшіл көздері көрінбей, аппақ қастарының астында қалды.

– И-и, бағырем, пәріштем, үлгәннар тағам тілеми, савап тіли. Савапны білерсің син?

– Білем. Сауап. Сауап болады.

– І-і. Сауап болады. Рухқа нан кирәкми. Ғизатлы суз кирәк. Ихлас кирәк. Аңлисын, малай?

Иә, мен естіп отырмын. Нан емес рухтардың тілейтіні. Жақсы сөз, жылы лебіз керек. Қара басып, оларды ұмытып кетпей, еске алып, ықылас білдіріп тұрсаң – сауап.


Махмұд абзый соны айтып отыр. Аруақ, сенің онсыз да тақұл-тұқыл тамағыңа таласпайды. Ұмытпауды тілейді. Махмұд абзый жүгері нанның үгілген қоқымын бір-бірлеп теріп, күс-күс көн тері алақанына салып, тіссіз үңірейген аузына ытқытып жібереді. Содан соң, сол алақандарын бір-біріне үйкеп алып, қаусырмалап жайып жіберіп, Аллаға тағы да ризашылық айтып, ақ жүн басқан бетін сипап, бір қолымен жер тіреп, орнынан әрең тұрады. Жағасы жалбызбен, шашыратқымен көмкерілген арықтың жағасындағы жалғыз түп шоңайнаның балғын сабағын бәкімен кесіп алып, жақсылап қырнап, әр жерінен кертіп-кертіп, ойық салады. Езуінің бір жағына салып үрлеп көреді. Ысқырық шықпай, ыс-ыс етеді.

– Эх, тальянка-гармошка бұлса, – дейді күрсініп. – Бұ қурай ярами, бит. Сызғыра тұрған қурай булса.

Енді шоңайна сабағының қуысына шыбық жүгіртіп ысқылайды. Жабағы жүн сияқты бірдеңелер түседі. Тағы да қурайды езуіне салып көреді. Бұл жолы кәдімгідей ысқырық шығады. Икемге келіңкіремейтін сіреспе саусақтары сыбызғының тесіктерін кезек-кезек басады.

– Теш юк, – дейді абзый. – Тешләрем Таймырда қалғаннар, қаһар сұққан Таймыр! Цынга, цынганы білерсің син?

Таймырын білем, Солтүстік Мұзды мұхиттың жағасында жатқан



түбек. Ал цынга дегенді естіп отырғаным осы.

– Ол – кесэл. Яман, яман. Адамлар куп улган. Мин улмәдем, за то тешләрем қалдылар.

Менің шамалауымша, Махмұд абзый Таймырда тұрған. Сонда цынгамен ауырып, тістері түсіп қалған. Егер тістері болғанда, мына сыбызғы сарнап қоя берер еді.

Ақыры сыбызғы икемге келді. Абзый қызыл иекке қыстырып, аузын жел шықпайтындай етіп бүрістіріп, тек ысқырық емес, бір әсем әуен туындата бастады. Аузын көйлегінің жеңімен мұқият сүртіп алып: «Бұ саз – «Қыр қазлары» или «Киік қазлар» тұғрысында», – деді. Одан ары сөздің, түсініктеменің қажеті жоқ болды. Сонда сыбызғы не деді? «Қыр қазлары», яғни жабайы қаздар не деді?

Дауылдарда, явындарда, жилләрда,
Киек қазлар қиқылдаша,
Мин билмәгән телләрда.

Дауылдарда, жауындарда, желдерде,
Киік қаздар қаңқылдайды
Мен білмейтін тілдерде.

Эй, Барсхан бағырем, мен бір ғаріп адам. Мен Ақ Еділ, Орал тасында, Салауат ауылында туып өстім. Әкем – татар, шешем – башқұрт.

Балалық шағым айдынды өзен, орман-тоғай, тарғыл тастар арасында өтті. Әкем Хусниддин мені мұсылманша оқытты. Кейін-кейін өсе келе, орысша-татарша мектепте оқыдым. Мен Мир-Саид Сұлтан-Ғалиевпен бірге бір класта болдым. Сен білмейсің оны. Әрине, білмейсің. Е-е, ол деген бүкіл түрік дүниясының асылы. Сен Сұлтан-Ғалиев тұрмақ, оның жан серігі, жүрек досы, өзіңнің туысың Тұрар Рысқұловты да білмейсің. Әне, сол азамат. «Түрік тілдес, түгел бол!» деді. Оларды атып тастады, қаһар соққандар. Мені «сұлтан-ғалиевщина» деп әуелі Сібірге, одан соң Колымаға, содан кейін Таймырға кісендеп айдады. Елде, сол Салауат ауылында әйелім, үш балам қалды. Екеуі ұл, біреуі қыз. Мен оларды көрмегелі он сегіз жыл болды. Олардың түр-түсін де ұмыттым. Әуелі сағынғаннан өзегіме өрт түсер еді, енді ұмыттым. Көру керек пе? Аңсаймын. Енді мен кімге керек?

Шоңайна сыбызғы осылай сарнайды. Менің басым салбырап кетіпті. Көлеңке ауып, күн төбемнен шыжып өтіп бара жатқанын да байқамаппын.



Басымды көтеріп алсам, Махмұд абзыйдың сақалдан таза бүйректей беті алаулап, көкшіл көздерінен жас саулап, сақалы су-су болыпты. Көзім бұлдырағанға алақаныммен сүртсем, менің де жанарымнан жас шығыпты. Бірақ абзыйдікіндей ағыл-тегіл емес, сараң.

Сонымен, «Қыр қаздары» не дейді? Таймырдан соң Қарағанды лагеріне, одан Жезқазғанның шахтасына салды дейді. Қазір байқасаң, өкпем сырылдайды. Шахтадан таптым. Терең шахтада жартастарды бұрғылағанда шаң шығады. Шаң емес, мыс тозаңы. Өкпеге барып қатып қалады. Мен өлгенде өкпемді жарып қараса, ай, Құдай білед, бір қадақ мыс шығады.

Содан қатты ауырдым. Шахтаға жарамас болған соң, мені осы жаққа әкеліп тастады. Спецкомендатура тізімінде тіркеулімін. Кете алмаймын. Қаша алмаймын. Бұрынғыдай соңымда штыкті мылтығы бар қарауыл жоқ. Бірақ қаша алмаймын. Қашқанда қайда барамын? Әдіре қалған Оралға ма? Бармаймын. Жете алмаймын. Жазмыш мені жетпеуге жазған.

Мен – бір адасқан жабайы қаз. Жалғыз қаз. Жолдарым қиғаш-қиғаш. Ұмырым аз, білемін. Мылтық ұстаған Қарауыл қалды. Ал мені аңдыған ажал ылғи да менімен қатар жүреді. Бір адым қалмай келеді. Ажал мені алары хақ. Одан ары не болады? Бұл дүнияда көрген шексіз азабымның қарымтасы болды ма, жоқ па? Медіреседе оқып жүргенімде айтар еді: бұ дүнияда жазықсыз азап шеккен адам, о дүнияда жұмақта болады деп. Болса-болар. Болмаса – маған бәрібір. Бәрі де үйреншікті. Тамұққа, тозаққа жіберсе аса өкінбеспін. Өйткені ондағы тамұқ, мұндағы тозақтан қиын емес-ау деп ойлаймын.

Бір ғана арман менде. Тірімде Оралды, Ақ Еділді көре алмасым аян. О дүнияда сол Ақ Еділдің сарқылмас сарыны, жасыл орман шуылы, Орал таудың тастүлек қырандарының саңқылы естіліп тұрса маған...

Арасында Ғалиябану музыкасы сыңсып тұрса... Басқа бірдеме де керек емес.

Байлықты тілемеймін. Алтынның атасына нәлет. Алтын – Әзәзілдің жұмыртқасы. Адамдар алтын үшін қырылысады. Ырылдасып, ит болып кеткенін аңдамай қалады.

Мен арыдым, бауырым Барсхан. Мен де бір кезде киік қаздар қатарында едім. Дауылда қанатым талып, киік қаздардан адасып қалдым. Аспанда ұшу жалғыз қазға жараспайды. Жерге түссең, асыранды қаздардың арасына сыйыспайсың. Асыранды қаздар аспанның алапатын сезбейді. Ал алапатсыз, дауылсыз өмір – өмір ме?



Әлдекімнің бір уыс жеміне телмірген тірлік – тірлік пе?! Асыранды қаз семіргеніне мәз. Ақыры қазанға түседі. Киік қаздар азаттықты аңсайды. О, азаттық! Найзағайлы, түйдек-түйдек буырқанған бұлттарды жарып өтіп, аңсаулы жерге жетуге асығудан артық ләззат бар ма?!

Сол киік қаз менмін, Барсхан бауырым. Қанаттары қайырылған, туғандардан айырылған киік қаз.

Шоңайна сыбызғы осылай сарнады. Әдейі зират түбінде тұрамын. Бектөбенің зиратының түбі – менің мекенім. Жайнақ деген кісінің үйінің арғы жағы. Жардағы үңгірді білесің ғой, Барсхан. Сол менің үйім. Сонда қаламын. Есіңде болсын, мен өлгенде сол үңгірді сәл терең қазып, сонда көме салыңдар. Шаман келсе, бір қалың тақтайға қашап: «Махмұд Хусниддинұлы. Адасқан жабайы қаз» деп жаз. Тасқа жазса болар еді, бірақ оған сенің шаман келмейді, Барсхан бағырем. Мына бәкіні саған қалдырам, сонымен тақтайға қашап жаз.

Шоңайна сыбызғы осылай зарлайды. Бұл сарын менің жүрегіме әбден жетті. Әкем Мұртаза есіме түсті. Е, ол да осылайша қорлық көрген екен ғой. Цынгадан тістері де түсіп қалған шығар. Білетіндер көркем кісі еді деседі, намысшыл кісі еді деседі. Тісі түсіп, аузы үңірейіп қалса, сол намыстан-ақ күйіп кеткен шығар. Оның да екі ұл, бір қызы қалды. Оның жолын мойнына бұршақ салып тілеп, сарғайған Айша қалды.

Бұл баянсыз жалғаннан өтерінде Мұртаза кімге арыз айтты екен? «Бұл жерде Бердімбетұлы Мұртаза деген адасқан қаз жатыр» деп жаз деп кімге жалынды екен? Ол жазуды мен мың-миллион қарағайдың қай түбінен іздеймін?

Шоңайна сыбызғының сыңсыған үніне мен ішімнен осылай қосылдым. Менің де ішім уілдейді. Ғаламат үн тұншығып, құмығып жатыр. Әттең сыртқа шығара алмаймын. Домбыра тарта алмаймын, сыбызғы үрлей алмаймын. Небір сарнауық сарын кеудемді тепкілейді, кернейді. Кеудемді буырқанған бұлттар жайлап, күндей күркіреп, найзағайдай жарқылдамақ. Бірақ тас қамауда жатыр. Тұншығады, тұншығады. Солай-солай. Сөйте-сөйте басылар.

Қыр қаздары. Киік қаздар. Дауылдарда, жауындарда, желдерде қаңқылдасқан, жол таба алмай адасқан жабайы қаздар. Соншама тосқауылдан қанаты талып, үзілер-үзілмес үмітпен ұшып келе жатқанда, әлдекімдер оқ атып құлатады. Құламағаны ше? Армандармен, үміттермен барып-барып бәрібір құлайды.



– Әй, нағып отырсыңдар? Тұрыңдар! – деген дауыс мылтық атқандай шаңқ етті. «Қоянерін» екен.

Дауылдарда, явындарда, жилләрда,
Киек қазлар қиқылдаша
Мин билмәгән телләрда...

ЖАЯУ ЖУРНАЛИСТ

Ол түске жақын келді.

Колхоздың кеңсесі атқораның бір жақ қанатында.

Бір бөлмеде колхоз бастық – Күләйша. Екінші бөлмеде – бас бухгалтер – Зәбира, босаға жақта – мен отырамын.

Менің қызметім – есепші. Яғни, колхозшыларға есепкүн жазамын. Қали атамның мені қолдап, қоқырайтып, кеңсеге отырғызып қойған түрі. Сірә, есепкүн жазып жарытып жүрген мен жоқ. Кеңседе отыра алмай, атқораға келген балалармен ойнап кететін көрінемін.

Зәбира бухгалтер маған бастық. Бастықтығын істеп ұрсады. Ойнап кетесің дейді. Есепкүнді уақтылы тапсырмайсың дейді. Мен оған: «Тапсырды не, тапсырмады не, бәрібір еңбекақы алып жатқан колхозшы жоқ қой», – деймін.


Зәбира не айтарын білмей қалады. Өйткені менікі шындық. Өйткені колхозшы құлдан жаман. Баяғы байлар құлдарын жұмыс істеткізу үшін тамағын тойғызған. Ал колхозшының қарны аш. Колхоз ештеңе бермейді. Колхозшының қарны аш. Масқара.

Зәбира:

– Сонда да еңбеккүн жазыла берсін. Кім біледі, заман түзелер. Сонда Үкімет осы төленбеген еңбеккүн ақысын өтер, – дейді.

Отыра қалып қиялдаймыз. Соғыс тоқтағалы бір жылдан асып барады. Қарын әлі аш. Бірақ жұрт жұмыс істеп жатыр. Өтелмеген еңбеккүн жинала берсе, жинала берсе, бір күні Сталин жарылқап пәрмен шығарса: «Еңбек-күн төленсін!» – деп.

Сонда әркімнің үйіне арба-арба астық түсіп жатса...



– Әне, көрдің бе – деді Зәбира – сөйтіп, елдің сауабын аласың.

– Мұның бәрін бізге жаздырып берген кім дейді? – Барсхан, – дейді. Сонда барып, мен өз қызметімнің аса зор екенін сезінгендей боламын. Біз өстіп қиялдап отырғанда, ол кіріп келді.

Үстінде боз костюм, галстугі, боз қалпағы бар. Аяғында сары туфли. Қаладан келгені көрініп тұр. Бірақ сары туфли шаң-шаң. Шалбарының балағын да шаң тұтқан. Қаланың қазағы екені көрініп тұр. Қаланың қазағына шаң үйлеспейді.

– Шойынбеков, – деді ол Зәбираға қолын ұсынып. – «Сталин жолы» газетінің тілшісімін.

Аққұба келген, әдемі кісі екен. Бетінің бір жерінде меңі бар ма деп қалдым. Сөзі өте сыпайы. Тіпті нәзік десе болады.

Газеттен келген тірі адамды көргенім осы. Орнымнан тұрып, аузым аңқайып, әлгі кісіге қараппын да қалыппын.

Менің ұққаным – біздің колхозға қаладан жаяу келіпті.

Көліктің жоқтығынан емес, жо-жоқ, қаланың у-шуынан сергіп, даланың ауасын жұтып, бозторғайдың шырылын есту үшін.

Колхоз бастық – Күләйша орнында жоқ. Сірә, ауданға кетсе керек. Сондықтан, Зәбира осы колхоздың бастықтан кейінгі ірі тұлғасы болғандықтан әңгімелесуге кіріпті.

Арқалығы жоқ орындыққа, яғни табуреткаға отырды. Зәбираға сұрақты үйіп-төгіп бере бастады. Қалтасынан блокнот, қалам алды. Зәбира сасқалақтады. Шешек дағы бар, сұрша өңі қызара бөртіп шыға келді. Үстелінің тартпасынан суырып, ана журналды бір алды, мына журналды бір алды.

Колхозда қанша мүйізді ірі қара бар, қанша көлік малы, қанша жылқы, қанша қой бар... Жер көлемі? Егістігі? Суармалысы? Тәлімі бидай қанша? Қызылша? Жүгері? Жоңышқа?

Сұрамаған пәлесі жоқ. Зәбира байғұстың тер маңдайынан сорғалап, мұрнынан тамшылады. Сонша неге әбіржиді? Қаладан жаяу келген әлдекімге бола, сонша әбігерленді.

Сөйтсем, ол заманда Сталин, Сталиннен кейінгі құдірет – газет екен. Әңгіме әрең дегенде аяқталды.

Журналист Зәбираға:

– Мен енді «Сталин жолы» колхозына жетуім керек. Көлігіңіз болса...– деді.

Зәресі кеткен Зәбира дәл қазір, мына журналист не сұраса да бере салмақшы. Дереу маған бұрылып:



– Барсхан! – деді – Тез қорадан ат ұстап, ерттеп, мына ағаңды «Сталин жолы» колхозына жеткізіп салып, қайтып келесің.

Қуанып кеттім. Дереу атқораға жүгіріп барып, көлеңкелеп, шыбындап, бастарын шұлғып тұрған аттардың ішінен «тәуірі осы-ау» деп Арыстанқұл лабогрейкаға жегіп жүрген қарагер қасқаны ұстадым. Бір түсініксізі: даланың таза ауасын, бозторғайдың шырылын ұнататын журналистің бұл жолы неге жаяу жүргісі келмегені.

Онда менің шаруам қайсы, қарагер қасқаны ерттеп алып келіп, алдына көлденең тарттым.

Атқа алдымен өзі мініп алып, Зәбирамен қоштасуға еңкейіп қол ұсынды. Зәбира қысылып-қымтырылып, ол да қолын созды.

Мен артына мінгестім.

Ауылдан ұзап, жалпақ сазға шықтық. Журналистің желкесі көрінеді. Желкесінен аздаған әтірдің иісі шығады. Үндемейді. Менің бар-жоғыммен жұмысы жоқ. Үндемейді. Бозторғай бар ма екен деп, аспанға қараймын. Бозторғай көрінбейді. Оны мен іздегенде, журналист іздемейді. Басын аспанға бір көтерген жоқ. Бозторғайдың әнін сағынғаны қайсы?

Қарагер қасқа ғана пысқырынады. Оның екі адамды ауырсынып, қара терге малшынғанын ердің үстінде отырған журналист емес, артына жайдақ мінгесіп отырған мен сезіп келе жатырмын.


Сол жағымыздан, жалпақ саздың ар жағынан қара қамал сияқтанып, Әулиеата шаһары тал-дарағының сұлбасы сызаттанып жатыр. Оң жағымызда Аса өзенін бойлай жатқан Айша-Бибі ауылы, оның бер жағында «Октябрь» дейтін шап-шағын ауыл.

Маңдай алдымыз – темір жол. Одан ары – Қаратау, одан ары... батыстан қылтиып Манас шыңы көрінеді. Жүрегім жұлыны-ы-ып кете жаздады. Жанында Мыңбұлақ бар ғой. Анау Маймақтан ары, анау Күркүреусудан ары, сонау Жаңабай саздан, сонау Шоңқарадан ары... Қайран Мыңбұлақ.

Бір ой келеді. Осыдан мына журналисті керек жеріне жеткізіп салған соң, не болса ол болсын, атасына нәлет, тура Мыңбұлаққа тартып кетсем неғылады? А? Астымда атым бар...

Баяғыда бір қыз: «Апа, тойға барам, тойға барам», – деп қыңқылдай берсе керек. Сонда шешесі:

– Қызым, барғызбасың барғызбас, – деген екен. Тұттай жалаңашсың, қайтіп барасың дегені ғой.



Мені де барғызбасым барғызбайды. Ат болса – колхоздікі. Оның өзі жұмыс көлігі. Арыстанқұл лобогрейкаға жегіп, бидай орады. Оның үстіне Манас шыңы қылтиып көрінгенімен, Мыңбұлақ алыс. Өте алыс. Арада биік таулар, асау өзендер бар.

Бір кезде, үнсіз журналист басын шалт көтеріп алып, аспанға қарап:

– Иә, Алла! – деді.

Өзінен-өзі шошып кетіп, жалт бұрылып маған қарап, қуарып тұрып, ыңғайсыздана ыржиып күлді. Себепсіз. Күлетін реті жоқ. Сірә, сасқаннан. Мен КГБ-ның агенті емеспін ғой. Несіне қорқады? Бекер қорқады.

Өзіміздің кеңседен шыққалы бері, Зәбирамен қол алысып қоштасқалы бері, мені бар екен-ау, жоқ екен-ау демей, елемей келе жатқан журналист, енді аттың басын ұмытып, біржола маған бұрылып алды. – Атың кім, айналайын? Кімнің баласысың, айналайын? Қай класта оқып жүрсің, жаным? Е-е, дұрыс, дұрыс. Жөн-жөн. Аман бол, ботам. Ақыл-есің бар бала екенсің, ботам. Газет оқисың ба, жарқыным? Е, оқығаның дұрыс. Жазып тұрсаң қайтеді? А? Жаза алмаймын ғой дейсің бе? Үйреніп кетесің, құлыным. Не жазамын дейсің бе? Ауылыңда не жаңалық болып жатыр, қысқа-қысқа хабардан баста. Жарай ма? Газеттің әдіресін білесің ғой. Жамбыл қаласы, Пушкин көшесі, 52. «Сталин жолы» газеті. Шойынбеков. Нұртай Шойынбеков десең, мен өзім реттеймін. Жақсы ма? Е, онда болды. Міне, келіп те қалдық.

Қарасам, ат басы тірелген үйдің маңдайшасында «Сталин жолы» колхозының басқармасы деген жазу бадырайып тұр екен. Журналист аттан түсті. Ердің үстіне енді мен отырдым. Арықтау қарагер қасқаның құймышағы құйрығыма батып, жағдайсыздау келе жатқанымда, ертоқымға қонжиып, жаным кіріп қалды.

Журналист қолымды қысып қоштасып:

– Рахмет, жеткізіп салғаныңа. А, айтпақшы, жазып тұр, – деді.

Келген жолға түсіп, кері қайтып келе жатырмын. Ауылға бет алғанымызды қарагер қасқа да сезіп, жүрісі ширағандай болды. Жүгі жеңілдеді ғой.

Жолда алдымнан өгіз мінген біреу көрінді. Артынан қарағанда басы жоқ, тұқыл дене сияқты. Мұнысы несі деп атты жүргізіңкіреп жақындасам, әлгінің басы бар екен. Тек, омырауына салбырап түсіп кетіпті.

Шамасы, мен құралпы. Бәлкім, менен ересектеу. Өгізі тым шабан.



Мимырт. Үстіндегі адам да сол мимырттықты тілейтін сияқты. Қамшы салмайды. Тебінбейді.

Жанаса беріп:

– Саламатсыз ба? – дедім (Әлгінде журналист Зәбирамен солай амандасқан). Мен де даусымды сызылтып шығардым. Өгіздің үстіндегі бала басын көтерместен бетіме бағжия бір қарап алды да үндемеді. Менің бар-жоғыма мән бермеді.

Өгіз бір-бір басады. Жамбасына садыра қатқан. Сірә, әбден қартайған өгіз. Түр-түсі де белгісіз. Тарғыл дейін десең, қоңыр сияқты, қоңыр дейін десең, тарғыл сияқты. Әйтеуір кеудесінде жаны бар.

– Сірә, Октябрь колхозының кісісі боларсыз? – деймін даусымды мейлінше жұмсартып. Үн жоқ.

– Колхоздарыңызда биыл өнім қалай? Ақ егін қанша центнерден айналды? – деймін сыпайы ғана. Үн жоқ.

– Сиырларыңыз көк балауса жүгері жейтін шығар. Күніне қанша литрден сүт беріп тұр? Үн жоқ.

– Биыл қызылшаның шығымы қалай? – Абайламай бұ жолы даусым қатқыл шықты.

«Мен сен сияқты әумесермен сөйлескім келмейді. Соны да сезбейсің бе?» дегендей, бетіме алара бір қарады. Үндемеді.

Амал жоқ, ойладым: тіл жоқ, мылқау шығар?

Қамшының сабымен иығынан түртіп, бетін бері қараттым, ымдап, аузымнан тілімді шығарып көрсетіп:

– Немене, тілің жоқ мылқаусың ба? – дедім.

Түр-түсі бұзылып, шықшыты бұлтыңдап: «Өй, шешеңді, өзің мылқау бол!» – деді.


Мұндай масқара болмас. Қарап келе жатып боқтау естідім. Менде бөтен ниет жоқ еді ғой. Жәй, әңгімелесейін дедім. Әлгінде журналист жазып тұр деп тапсырма берді. Сәті түсіп, әңгіме шырайлы шықса, жазайын деп едім...

Ызаға булығып, шыдай алмай, кір көйлектің жонарқасынан ала, қамшымен салып-салып жібердім де, атымды тебініп-тебініп қалдым. Сауырдан қамшымен тартып-тартып жібердім. Шаптырып ала жөнеліп, қашып кетпекшімін.

Ой, жамандатқыр, қарагер қасқа!

Сәл-пәл, борт-борт желді де, тарғыл өгізден жұқты ма, білмеймін, бір-бір басып, мойны салбырады да қалды.

Ал ана бала болса, өгізден домалап түсе салып, арба айдайтын



ұзын қамшымен салды кетті, салды кетті... Содан жонарқамда айқыш-ұйқыш, қызыл жолақ із қалды.

* * *

Кейін осы әңгімені Әулиеаталық жазушы Кәрім Баялиевке айтып отырып, «Шойынбеков деген журналист бар ма?» – деймін ғой. Болған, – деді Кәрекең. – Нұртай Шойынбеков. Баяғыда қуғын-сүргін көріп, ылғи да «үш әріптің» назарынан зәрезап болып жүрген кісі еді, жарықтық.

Бәсе деймін мен, сол жолы айдалада «Алла!» – деп алып, менен қатты қорқып еді. Бірақ содан тілі шығып, сөйлеп кетіп, журналист бол деп үгіттеп еді.

Құдай иманыңды берсін!

КҮМӘНДІ КУӘЛІК

Молотов мектебіне жаңа директор келіпті. Үстінен әлі гимнастеркасы түспеген, отыздар шамасындағы кісі екен. Түсі оңып кеткен сұр гимнастерканың иықтары таңдақтанып, көкшіл тартып тұр. Сірә, пагонның орны болар. Сірә, офицер шығар. Төлен көкем сияқты лейтенант па екен? Пагонын алып тастапты. Орны көк таңдақтанып қалыпты. Басқа көйлегі жоқ шығар. Әйтпесе, осындай ала-құла гимнастеркамен жүре ме? Әлі айлық алып, жаңа көйлек кигенше, пагонның орны да оңып кетер. Ала-құлалық жойылар.

– Ал, бала, шаруаңды айт. Оқиын деп келдің бе?

– Жоқ, куәлік алайын деп келдім.

– Қандай куәлік?

– Жетінші класс бітіргенім туралы.

– Қайда барып оқымақшысың?

– Қалаға. Интернат бар дейді.

– Е, интернат бізде де бар ғой.

– Қаладағы интернат киім-кешек береді екен.



– Е-е, пансионат қой.

– Иә, ағай.

– Фамилияң кім?

Мен айттым. Директор мен танымайтын завучты шақырып алып:

– Мына баланың документтерін, қырық бесінші жылғы журналды алып келші, – деді.

Завуч қайтып келіп, кластың журналын директордың алдына қойды. Директор журналдың басынан бастап парақтап, менің аты-жөнім тұрған тұсты сұқ саусағымен сызғылап отырып, соңына дейін сүзгілеп шықты-ау.

– Сонымен, бір жылды өлтіріп алыпсың ғой, – деді. – Неге?

– Ауырып қалдым. Жыл тұрмақ, өзім де өліп қала жаздадым.

Директор маған тұңғыш рет тікелей қарап алып:

– Жалпы жаман оқымаған сияқтысың. Бірақ бір жыл босқа кетсе, оқыған-тоқығаныңды ұмытып та қалған шығарсың. Қаланың мектебіне жарар ма екенсің?

– Тырмысып көремін ғой, ағай. Бір жыл қарап жатқан жоқпын. Көп кітап оқыдым.

Директор журналдың соңғы жағындағы жапсырма қағаздың бүктеуін жазып қарады. Менің фамилиямның тұсында белгі жоқ, ақ жолақ.

Басқа оқушылардың тұсында түрлі таңбалар тұр. «3», «4», «5» деген сияқты. Менің жолым – ақ таңдақ, түк белгі жоқ. Өмірде ешқандай із қалдырмай, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен адамның тағдырындай, тап-тақыр.

Жүрегім бір бәлені сезгендей зу-у ете қалды. Директор басын көтеріп алды.


– Емтихан тапсырмапсың ғой, ауырып қалдың ба? – деді.

Айтайын ба, айтпайын ба? Мырзагелді жездем: «Жетінші бітірдің, емтихан тапсырмайсың. Досмырза директормен келістім. Әйда қауын егіп, қарық боламыз», – деп мені мектептен алып кетіп, айдалаға апарып қара жұмысқа салғанын қайтып айтамын.

– Иә, – дедім ләж жоқ.

– Доктордан справкаң бар ма?

Қайдағы справка! Менің дәрігерлерім: Қали атам, Саид-Ақбар қожа, өзімнің анам, патефондағы сиқырлы ән. Міне, менің емшілерім. Олардан справка алуға бола ма? Справкасы несі демей ме олар. Справканы патефоннан қалай сұраймын? Әсем әніңмен менің жандүниемді әлдилеп, бойыма күш-қуат беріп, дәт беріп, безгек деген



бәледен аман алып қалып едің. Соны куәландырып справка бер деп қалай айтайын?

Ал одан да бұрын Мырзагелді жездемнен куәлік қалай сұраймын? Ол қазір қалада. Бұрынғы директор Досмырза да осы Әулие-атада дейді. Досмырза болса, куәлік берер еді. Қызметі ауысып кетіпті. Осы адамдардың қызмет ауыстыра беретіні несі? Дені сау болса, іске жараса, бір орында істей бермей ме? Бастықтардың ауыса бергенінен біз сияқты пенделер зардап шегеді.

Менің үндемей қалғанымнан секемденген жаңа директор:

– Қалайша емтихан тапсырмағансың? Айтсаңшы, – деді. «Жездем қауын егіске әкетіп қалып еді» десем, оған бір зияным тиіп кетуі мүмкін.

– Ауырдым, – дедім төмен қарап тұрып.

– Ауырсаң – справка давай! – деді директор әскери үнмен қатулана айқайлап. Осы кезде кабинеттің есігі ашылып, ішке сәл еңкіштеу, ұзын бойлы, сіліңгір қара жігіт кіріп келді. Оның үстінде тіпті гимнастерка да емес, китель бар екен. Кеудесінде – жалғыз орден. Мұның да пагондары алынған.

– Сәлем, товарищ лейтенант Жақсылықов! – деп еркін сөйлеп, еркелей кірді. Директор екеуі әмпей-жәмпей әңгімелесіп кетті.

Мені көздеріне де ілмейді. Не кетерімді, не кетпесімді білмеймін.

Жаңа кірген кительді қара, неге екенін білмеймін, маған біртүрлі тәуір адам сияқты көрінді.

– Өзің ашулысың ғой. Бастық болған кісі ашуланшақ бола ма екен, – деп сампылдады сіліңгір қара.

– Өй, әуресі көп жұмыс екен, – деп қолын сілтеді директор. – Сайда – саны, құмда – ізі жоқ. Оқу жылы басталайын деп қалды. Қарбалас.

Кенет маған көзі түсіп кетіп:

– А ну, шагом марш! – деп бұйырды. – Бар, бара бер!

– Ағай, ағатай, осында оқығаным рас қой. Журналда тұр. Оқу жылы басталайын деп қалды. Тағы бір жылым өледі ғой, – дедім, не болса да беріспейін деп.

– Қарай гөр өзін, понимаешь, – директор кительді қараға бұрылды.

– Жетінші класта оқып, көктемгі экзаменді тапсырмай кетіп қалған. Еще куәлік сұрайды.

Кительді қараның назары маған ауды. Әлдене есіне елес бергендей шұқшия қалды.

– Әй, сен осы...– деп кідірді. – Атың кім?

– Барсхан.



– Кімнің баласысың?

– Мұртазаның.

– Ой, осы сен Айша әпкемнің баласы емессің бе?

– Иә.

– Бәсе, түрің келіп тұр. Әй, сенің ауылың Жуалыда емес пе? Мұнда қайдан жүрсің? Айша әпкем бар ма?

«Өлмегенге өлі балық жолығады». Мынау «өлі балық» емес, «жығылғанды қолдан алатын, адасқанды жолға салатын» нағыз Қайыперен-Қырық Шілтеннің өзі сияқты көрінді маған. «Айша әпкем, Айша әпкем» дейді. Сонда бұл қай інісі? Төленнің суретін көргем. Бұл сияқты емес. Сонда Айшаның қай інісі?

Тас қараңғы түнде үміт оты жылт ете қалғандай болып, бүкіл өмірбаянымды жайып салайын.

– Мен сенің Сембек деген нағашың боламын. Айша әпкем айтқан шығар, – деді жаңағы Тәңір жарылқағыр.

– Иә, айтқан, – дей салдым, Айшаның Сембекті айтқан-айтпағанын есіме түсіре алмай.

– Айтса, сол Сембек менмін. Есей нағашыңның бауыры. Қарағұлданмын. Түсіндің бе? Ал Мырзагелді жездең жеңілтектік жасаған екен. Жақсылығы да бар, кейде ұшқалақ мінезді де болушы еді. Саған обал болған екен. Зиба әпкем асыл еді ғой. Құдай иманын берсін.

Сөйтіп, менің Құдай кездестірген нағашым Сембек, мен бұрын білмеген, көрмеген Сембек директорға қарап:

– Әй, товарищ Жақсылықов, өзің естідің ғой, бұл баланың жағдайын. Жас баланы жасытпай, куәлігін бере сал. Фамилияң Жақсылық қой, – деді.

Жақсылықов енді сәл жұмсарғандай қипақтады:


– Районодан инспектор келіп тексерсе қалай болады?

– Е, міне, жыл бойғы бағалары дұрыс қой, – деп бой бермеді журналды көрген Сембек нағашым. – Рас, есептен «үші» бар екен. – Маған қарап, – Есептен неге осалсың? Есептен осал болсаң, өмірде есең кете береді. Оның қалай? – деп маған ұрысқандай болды. Оны, сірә, жорта айтты-ау деймін. Әйтпесе, зіл жоқ.

– Оның үстіне, міне қара, – деп директор журналды қайта парақтады. – «Не был», «ны был», «не был»... Міне, қара. Сабақты пропускать ете берген. Неге?

– Неге? – деді Сембек нағашым маған шүйіліп.

Мен не дейін? Мырзагелді жездемнің қойын бақтым. Бірақ



қолымнан кітап түскен жоқ. Тіпті кітаптың қызығына түсіп кетіп, бір қозысын өлтіріп алдым, – деп қалай айтамын. Сембек нағашым аузы батылдау екен, ертең Мырзагелдіге жолығып қалғанда айтып жүрсе, мен шағым қылып, оны жамандағандай болмаймын ба? Сонда Мырзагелді: «Жаман тоқтыны асырасаң, аузы-басыңды май қылады, жаман адамды асырасаң, аузы-басыңды қан қылады» демей ме?

Сөйтіп, «неге, неге?» деген қос сұрақ жауапсыз қалды. Мен бедірейдім де қалдым.

Сембек, сірә, сезімтал болар. Менің «не был», «не был» болғанымда ит қуалап, доп ойнап жүрмегенімді білді-ау, сірә.

– Әй, Жақсылықов, – деді. – Қарашы мына баланың түр-тұрпатына. Айнымаған Рахман емес пе? Рахман көкемді сен білуші едің ғой. Сені оқуға түсіріп, жәрдемдескен сол Рахман емес пе еді? Отыз екінші жылғы ашаршылықта детдомға орналастырып, ажалдан алып қалған сол Рахман емес пе еді? Ерте өліп кетті, есіл ер. Ал енді мынау – алдыңа тіріліп келіп тұрған сол Рахман. Туған жиені. Айша әпкемнің туған баласы. Нағашысының копиясы. Осыдан кейін де қипақтайсың ба?

Директор мүлде өзгеріп сала берді.

– Бағанадан бері айтпайсың ба? Мен қайдан білейін.

– Білмесең, енді білдің. Баланы қинамай, куәлігін қолына бер. Жолынан қалдырма.

«Адамның күні адаммен» деген баба, сірә, осыны айтқан шығар.

Осының бәрі кездейсоқ па, әлде заңдылық па? Егер дәл қазір бұл Сембекті Құдай айдап келмесе, менің күнім не болар еді? Куәліксіз қайда? Кімге барамын?

Мыңбұлақтағы ауылдың атқамінерлерінен жамандықты көп көрдім. Сол жамандық әрдайым жолымнан шыға берсе, Құдіреттің маған тозақтың төрін осы жалған дүниеден-ақ бұйыртқаны да.

Соншалықты азап шегетіндей не күнәм бар? Адам баласы анасының құрсағынан күнәкар болып тумас-ты. Күнәкар болсам, енді болармын. Қадам басқан сайын сор маңдайыма әділетсіз тас тие берсе, мен де ашынып, неше түрлі сұмдыққа, қылмысқа баруым мүмкін. Қалаға барып, қалтаға түсіп, Шайка атаманның атқосшысына айналуым әбден ықтимал. А, бәлкім, атаманның өзі болармын. Атамандардың ақыры белгілі. Мекені – түрме. Ал түрмеден түзеліп шықпасың тағы аян. Бір Алла, аруақтар жар болған шығар. Куәлігімді қолым қарысқанша тастай ғып ұстап, қалаға қарай құстай ұштым.



Алдымда не күтіп тұрғаны тағы беймәлім. Екі аяғым – ат, екі қолым – қамшы, жетекшім – үміт.

ХАБИБАТ ПЕН ХАСАН

Куәлігім қолымда, енді не қам бар? Интернат-пансионға мені алмағанда кімді алады? Бағаларың кілең «4» пен «5». Тек математика дегені бүлдіріп тұр. Осы сабақ о бастан оңалмаған. Мың-бұлақтың мектебінде Иса мұғалім ауырып қалған соң, соның алдында ғана осы мектептің жетінші класын бітірген бір шомбалдай қара қыз есептен сабақ берген. Оңдырмады ғой. Өзі жөнді білмесе, өзгеге не үйрете алады? Есептің уызына жарытпады, уыз орнына көкшалап берді сол қыз. Қырсыздық содан басталды. Әрі десе, Тасбет бригадир сол қызды мұғалім санатына қоспады ма, немене, дәл соның сабағында бізді жұмысқа айдап кетеді. Ол үшін заң жазылмаған.

Сөйтіп, бір қарын сары майды бір құмалақ бүлдіріп тұр. Сол жолы Молотовтың мектебінен куәлік аларда Сембек нағашым директор досына:

– Әй, Жақсылықов, сый қылсаң сыпыра қыл, ана математикасына «4» қоя сал, – деген, Тәңір жарылқағыр.


– Буынсыз жерге пышақ ұрма, – деді директор әскери қатқыл үнге көшіп. – Онсыз да осының өзі аз қылмыс емес. Экзамен тапсырмаған балаға куәлік беріп... Тексеру шықса не болады?! Әрі-беріден соң, бұл баланың, әлгі Жуалы ма, немене келген жағы, ол жақта алтыншы класс бітірді деген документі де жоқ екен архивте. Енді неғыл дейсің?!

Ол рас, алтыншы класты аттап кеткем. Жездемнің ақылымен.

Сембек нағашым дау айта алмай қалды.

Енді, міне, кілең семіз қойдың ішінде, бір ақсағы бар куәлік-пен Әулиеата шаһары, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебіне де келіп жеттім-ау!

Пушкин деген көшеде, жатағандау келген, жалпақ мектеп екен. Сұрастыра-сұрастыра, «приемная комиссия» деген жазуы бар кабинетті де таптым. Ішімнен Жасағанға жалбарынып, есікті тықылдаттым.



– Да, – деген әйел даусы естілді.

Кірдім.

Шашын желкесіне түйген, түрі сұстылау, көзілдірікті кісі екен. Сәлемнен соң қағазымды ұсындым. Қарап-қарап, «математика» деген жеріне қарындашпен бір нұқып қойып:

– Қайда жүрсің, құрлық бала, кешігіп қалғансың, – деді.

– Колхозда жұмыс істедім, апай. Әрең босатты. «Құрлық бала» дегеніне қарағанда апай, сірә, қарашай болар. Әлпетіме қарап тұрып, күрсініп қойды.

– Арада бір жыл өткізіп алыпсың ғой.

– Ауырдым, апай.

Апай маған жаман хабар айтатындай кібіртіктеп қалды.

– Интернат-пансионға жүз оқушы қабылданады. Ал қазір келіп түскен арыз екі жүзден асады. Сондықтан, енді документ қабылданбасын деген бұйрығы бар директордың.

– Апай, мен оқығым келеді.

– Оқуыңа ешкім қарсы емес. Оқи бер. Бірақ пансионатта орын жоқ. Үйде жатып оқы.

– Қалада үйім жоқ, апай.

– «Апай, апай». Менің аты-жөнім бар. Хабибат Абубакировна. Сендерге анау да «апай», мынау да «апай». Қарға тамырлы қазақ, қалада туған-туысқан, ағайын, таныстарың бар шығар.

– Ешқандай туысым да, танысым да жоқ, апа-а... а-ей, Ха...

Құдай ұрып, жаңа ғана естіген аты-жөнін ұмыттым да қалдым. Бұрын ауыз үйренбеген тосын ат.

Апай ашуланшақ екен, тулап шыға келді.

– Сен, құрлық бала, оқи алмайсың, әлгінде ғана естіген атты есіңде ұстай алмасаң, сабақты қайтіп оқисың?

Енді құрыған шығармын. Онсызда мынау әйел мені қайта-қайта «құрлық бала» деді. «Құрығыр бала» дегені ғой. Түңіліп, енді қайттім деп тұрғанымда, есік ашылып, өңкиген бір дәу кісі кіріп келді. Бір жерде көрген кісім сияқты. Орақ мұрты салбыраған, қоңқақ мұрын. Үстінде қара көйлек, басында жұқа ақ жүн қалпақ. Белінде жіңішке күміс белдік. Қасы жалбырап көзіне түскен. Қайдан көрдім? Қайдан көрдім? Е-е, Молотовтың интернатындағы завхоз Өзденов қой. Атын ұмытыппын. Ішім жылып қалды. Болымсыз үміт жылтырады.

Өзденов мына әйелмен қарашайша қауқылдасып, жөн сұрасып, шұрқырасты да қалды. Әлгінде ғана қаһар шашқан әйел жүзі



жадырап, әп-әдемі боп кетті. Енді Өзденовпен оңаша әңгімелескісі келгендей.

– Бар, бара бер, ма былай,– деп маған есік жақты нұсқады.

Шық дегенде, шығып жүре берсем, алдағы бүкіл ғұмырым қалай-қалай қайқаңдайтынын бір Алла өзі біледі. Өмір деген дауыл көрінеді. Дауылдағы мұхитта ескексіз қайық қайда кететінін кім біледі?

Бар дегенде, есік жаққа бара қоймадым.

Егер бір Қызыр көзге көрінбей, мені жөнге салып жүрмесе, әлдеқашан өмірем қатып қалар ма едім. Әйтеуір, бір қолдаушы бар. Тірі жанда мені қолдар ешкім жоқ. Айшаның қолынан не келеді? Қали атамның қолынан келгені: сельсоветтен «тас жетім» деген қағаз алып берді. Құдай өзі кешірсін, әйтпесе Айша тірі ғой... Өйтпесең, тағы қиын. Пансионатқа алмайды. Алмаса, сол ауылда ит мініп, ирек қамшылап, қараңғы болып қала бересің.

Әйтеуір, бір қолдаушы бар. Түсін түстеп, атын атай алмаймын. Сол қолдаушы дәл қазір жетектеп алып келген шығар мына Өзденовті. Бір минут кеш келсе, менің тағдырым құрғақ талқан жеумен қақалып-шашалып өтер еді.

Өзденов қабағы, қасы салбырап, тұңғиықтағы көзін маған қадады.

– Әй, сен, балақай, қара ма былай, – деп иығымнан ұстап, өзіне қаратты. – Қайдан жүрсің? Мені таныдың ба?

– Танып тұрмын, ағай.

Өзденов өңкиген бойы мені бауырына қысты.

Апай аң-таң.

– Хасан, сен бұ жошығны билерсен?

– Білем, Хабибат, білем. Бұл мені бір зауалдан аман алып қалған. Кейін айтам. Ал әзірге шаруасын шешіп жібер. Оллаһи, бұ пәріште бала, маған сенгін, – деді.

Көз алдымда: Молотовтағы Ақмешіт интернатында, қысқы суық түнде жалғыз қалғаным, үш жалаңқат көрпені қабаттап жамылып жатып, қатты бастығырылғаным; қойма бөлменің дәу қара құлыбының сақырлағаны, шошып оянғаным... Өңкиген дәу қараның үстіме төнгені, «оллаһи-биллаһи, сені Алла жарылқайды, менің бұ ісімді ешкімге айтма, айтма» дегені...

Мен оның ұрлығын ешкімге айтпадым. Бірақ онда тұрған не бар? Кейбіреулер ондай-ондай жақсылықтың онын істесең де ұмытып кетеді. Ал мынау ұмытпапты.

Көзге көрінбей, жанымда жүретін Қызыр ма, әлде Қайып-



ерен, Қырық-Шілтен бе... Тәуба! Тәуба!

– Ей, Хасан, сенің жаның ашығанда, менің жаным ашымайды дейсің бе? Директордың приказы бар: енді документ қабылданбасын деген. Қазақ баласына менің бүйрегім бұрады, қазақтың бізге істеген жақсылығын мен де білем, бірақ... бәрін де директор шешеді. Документін қабылда десе, қабылдаймын.

Хасан Өзденов ойланып қалды.

– Директор қазақ па өзі?

– Қазақ. Коргулин.

– Фамилиясы орысша екен.

– Орысшалау естіледі, әйтпесе Көроғлы ғой, – деді апай.

– Е, өзіміздің «Көроғлы» да, – деп Хасан Өзденов басын бұлғады. – «Орақ-Мамай», «Қарашай-Қазы» – барысы ортақ. Ал енді мына директор Көроғлы болса, жаман кісі болмас.

Маған қарап:

– Мырзагелді жездең қайда? Көмектеспеді ме? – деді.

– Өзім барған жоқпын. Зиба әпкем қайтыс болған.

– Ай, Зиба! Ай, Зиба! – деп Хасан Өзденов ернін жымқырып, басын шайқады. Хабибат апайға бұрылып:

– Бұ баланың Зиба атты әпкесі бар еді, – деді – ай, оллаһи бек гөзал, ақылман, асылзат еді. Күйеуі Мырзагелді Молотов мектебінің интернатын ұстап тұрды. Мені завхоз етіп алғысы келмеді. Ауру әйелін көрдім: «Зиба ханым, Сізге Алладан ғұмыр тілейман. Сауығып кетерсің. Шиеттей балаларым аштан өлетін болды. Күйеуіңе айт, мені жұмысқа алсын деп едім, оллаһи, «балаларыңа алып бар» деп маған бір кесек тоң май, бір қалта ұн берді. Мырзагелдіге айтып, мені жұмысқа алдырды. Алла ахиретін берсін, жаны жанатта болсын!» – деп Хасан Өзденов кәдімгідей көңілі босады.

Егер өзің мелдектеп тойып отырып, аш адамға бір уыс талқан бергенің сауап емес, парыз. Ал егер өзің қиналып, жоқ-жітік бола тұра, бір уыс талқанды аш адаммен бөліссең, – бұл сауап. Сауап – жауапсыз қалмайды.

Сол рас шығар. Әйтпесе, Зиба әпкем мен Мырзагелді жездем де асып-тасып, ит басына іркіт төгіліп жатпаушы еді. Тақыл-тұқыл тұрмыс болатын.

Мына екі қарашай – елінен, жерінен жел айдаған қаңбақтай аударылған екі міскіннің маған мейірі түскені адамдарда әлі иман бар екенінің куәсіндей, менің есімде мәңгі қалып қойды. Хабибат апай қағаздарымды қолыма ұстатып:



– Бар, бала, директорға кір. Бағыңды сына. Көнбесе, өзім кіріп айтам. Әуелі алдынан өт, – деді.

«Қайда бармас, нелер көрмес ер жігіт пен ат басы» – деді Хасан Өзденов менімен қоштасып, басымнан сипап. – Сен жігітсің...

ФАМИЛИЯ ДАУЫ

Мектеп директоры бурыл шашты, қызылшырайлы, еңкіш кісі екен. Ауылдағы адыраңбай бастықтардай емес, өте сыпайы. Үнемі күлімсіреп тұрады. Кестелі жағасы бар кенеп көйлегін жібек шашақты, өрме жіппен белбаулап қойыпты.

Менің Молотовтан алып келген куәлігіме шұқшия қарап отыр. Шынжырлы көзілдірігін қозғап-қозғап қойып үңілді.

– Неге Мұртаза? – деді нәзік дауыспен.

– Әкемнің аты солай, – дедім мен бұл сұраққа дағдарып. «Мұндай да сұрақ болады екен-ау».

– Жоқ, балақай, Мұртаза емес, Нұртаза болуы керек. Түзетіп жазайық, – деді директор.

– Жоқ, ағай, түзетпеңіз, – деп шыр ете қалдым.

– Неге? Мынау қате ғой. Нұр-нұр. Түсінесің бе? Күннің нұры. Нұрдай таза. Түсіндің бе? Ал Мұртаза деген түсініксіз. Искаженное имя, білдің бе? Сельсовет қате жазып жіберген ғой о басында.

Күлімсіреп, сарғайған күрек тістерін көрсетіп, көзілдірігін көтеріп, бетіме қарады.

– Болмайды, ағай, – дедім құмығып.

– Неге болмайды, балақай? Сен өзің, байқаймын, қиқарсың ғой деймін.


– Обал ғой, ағай.

– Қалайша?

– Бүкіл ел мені Мұртазаның баласы дейді. Енді келіп «Нұртазаев» болып шыға келсем, күлмей ме? Әкесінің азан айтып қойған атын өзгертіп жібергенің неғылғаның демей ме? Жоқ, болмайды, ағай.

Күлімсірей түсті. Таңырқағандай.

– Бүйтіп, ерегісе берсең, интернатқа қабылданбайсың, балақай.



– Ерегіспеймін ғой, ағай. Бірақ...

– Не бірақ? – Ағайдың даусы қатты шықты.

Қабылдамайды екен деп қорқа бастадым. Дауысын бұдан да қаттырақ шығарып, қаһарланса, көне салуым да мүмкін бе еді, кім біледі? Бірақ әлдебір күш мені тірестіре түсті. Мүмкін, әкемнің аруағы шығар. «Балам, зарығып көрген шырағым менің, жаладан, зорлықтан өлген мені қорлама» деп сыбырлаған шығар. «Менің атымды Бердімбет бабаң да молланың өзін Түлкібастан шақыртып, кітапқа қаратып, Мұртаза деп қойдырған. Молдалардың молдасы, Бұхарада, Шам шаһарыда оқыған ғұлама кісі кітапты қате оқымайды ғой. Көнбе, Барсхан».

Әрине, мұны маған ешкім сыбырлаған жоқ. Әсте, көкірегі құрығыр солай деп күмбірлейді-ау деймін. Әсте, аруақ көзге көрінбес. Оның мекені – өзіңнің кеудеңде болар. Аруақ кеудеңнен орын таппаса, мәңгүрттік содан өрбір.

Ал көнбедім, тірестім, ерегістім. Сонда не табамын? Интернатқа қабылдамай қойса, қайда барамын? Қаңғырып қаламын ғой. «Неғылар дейсің, мейлі дей салайын, әйтеуір оқу бітірсем болды емес пе? Дүниеде аты-жөні өзгеріп кеткендер аз емес қой. Ульянов – Ленин болып кетіп те көсем болды ғой. Джугашвили – Сталин болып-ақ көсем болып отыр. Несі бар, бәлкім, фамилиясы өзгергендер тегін болмас. Мен де... Нұртазаев, Нұртазин. Әдемі сияқты. Сүйкімді естіледі. Бірақ – Мұртаза. Ол неден сорлы? А-а-а...»

Сонда, сонау өткен көктемде, Молотов мектебінде Досмырза директор айтқан әңгіме есіме сап ете қалды.

– Ағай, – дедім мына директорға. – Ағай, Көшім ханды білесіз ғой?

– Иә, – деп директор маған қарап шұғыл бұрылды. – Иә, Көшім хан. Сібірдің ханы. Ермакпен соғысқан. Тоқта. Он бесінші, жоқ, он алтыншы ғасырда. Иә, оны неге айттың?

– Ағай, сол Көшім ханның әкесі де Мұртаза ғой.

Директор езу тартып күлімсірегенін қойды. Түсі суық тарта бастады. Ойланып қалды.

– Оны қайдан білесің? Программада жоқ қой. По крайней мере, жетінші класта...

Мен үндемей, үстелдің шетін шұқыладым.

– Оны кім айтты саған, балақай? Әлде Молотовта сендерді солай оқытты ма?

Директор сыздана бастады.



Ол кездегі саясатты мен біле бермеймін. Күнбе-күн газет оқып та жүрген емеспін. Бірақ әлденені ішім сезеді. Сірә, бәле көргендіктен шығар. Әкейдің тұтқындалуы. Сиырдың желіні сияқты шошақ төбелі, бес жұлдызды баскиім кигендер... Аз ба, тәйірі. Сонда, Молотовтағы мектепте, класта, Досмырза ағайдың әлгі әңгімені жан-жағына қарап алып, сақтанып айтқаны. Көшім хан туралы.

Енді мына директорға «Досмырза айтты», – дей салсам... Мен білмеймін, арты не боларын. Бірақ айтпау керек екенін тұспалдаймын.

– Жоқ, ағай, өзім бір жерден оқығаным бар, – дедім ақыры.

– Онда сен көп білетін болдың ғой, – деді директор. – Сен интернатқа алынбайсың. Мектепке алынасың, пожалыста. Бірақ үйден қатынап оқисың.

– Қалада үйім жоқ, ағай.

– Онда фамилияңды түзет.

– Түзу ғой, ағай.

– Түзу емес, Нұр-та-за! Білдің бе?

Мейлі дей салайын деп тұрдым да, есіме осы директордың өзінің фамилиясы түсе кетті. Естігенім бар, мектептің коридорындағы қабырғаға ілінген тақтадағы бұйрықтарды оқығаным бар. Онда бұйрықтардың соңында: «Директор – Ә. Коргулин» деген жазуды көргенім бар. Әуелі орыс екен деп қалғанмын. Орыс емес, нағыз қазақ.

– Ағай, – дедім бір түлен түртіп.

– Не, балақай?

– Өзіңіздің фамилияңыз...

– Иә, иә, менің фамилиям. Онда не бар?

– О да...

– Айт, айт, – директор қайтадан күлімдеді.

– О да түзу емес қой.


– Қалайша?

Үстелдің шетін ысқылай-ысқылай, сұқ саусағым қажалды.

– Айт енді. Қорықпа. Қызық екен, білгім келеді. Менің фамилиям қалай түзу емес.

– Коргулин емес, Көроғлы ғой, ағай.

Директор көзілдірігін сыпырып қолына алды. Аппақ бәтес орамалмен ысқылап, шыныларын сүрте берді, сүрте берді. Бәлкім, менің түр-тұрпатымды дұрыстап көре алмаған шығар. Енді көз әйнегін әбден тазалап, анықтап көріп алайын деген-дүр. Қайдан білейін?



Ақыры киреленделеп барып орнынан түрегелді. Мені үрей билей бастады. Ұратын шығар. Жақындап келеді. Мен шегіншектей бердім. Сірә, құлақтан тартатын шығар. Құлақтан тартқан бойы, кабинеттің есігінен итеріп жіберетін болар. Кет десе, өзім де кетемін ғой. Кетпегенде не істеймін? Кімге барып айтамын? Кімім бар менің?

Айшадан басқа кімім бар? Құлағымды қызартып үйге қайтып барамын. «Не болды?» – дейді Айша. «Алмай қойды», – деймін. «Неге?» – дейді Айша. «Әкеңнің аты Мұртаза емес, Нұртаза дейді, – деймін. «Не дейд, қараңқалғыр! – дейді Айша ашу шақырып. – Кім оны айтып жүрген? Айтқан адамның азу тісін қағып алып, алақанына саудыратып салып берейін!» – дейді Айша. Сірә, «сынақтан өтпей қалдым» деуім керек шығар. Ал әлгі «Мұртаза-Нұртазаны» айтсам, Айшаның қай-қайдағы, қойқаптағы қаһар, ашу-ызасын қоздырып алармын. Мұртазаның атына қылаудай кір келтірген адамның қолында өле кетуге дайын Айша. Сонда, енді не болмақ?

Осылай есікке қарай шегіншектей бергенімде, директор:

– Шырағым, тоқта, – деді.

Тоқтадым. «Шырағым» дегені тоқтатты.

Директор басымнан сипап тұрып:

– Сен интернатқа қабылдандың, қарағым. Талабыңнан тайма! – деді.

Еріктен тыс көзімнен бір тамшы ыршып түсті.

ҚАЙ ФЛОТТЫҢ МАТРОСТАРЫ?

Сөйтіп, мен интернат-пансионатқа қабылдандым. Сірә, өлермендікпен. Әрі жақсы жандардың арқасында. Бүкіл облыстан жүз-ақ бала қабылданса, соның бірі менмін. Қабылданбай қалғандар қаншама. Егерменіңтүп-тұқиянымдытіміскілесе,менқабылданбаймын. Өйткені мен «халық жауының» баласымын. Әрі десе, Айша аман-сау. Ал мұнда «круглый сирота» дегендер алынуға тиіс.

Маған сол «круглый сирота» – «тас жетім» деген справканы алып берген Қали атам. Бектөбе сельсоветінен. Жуалыдағы Мыңбұлақ



сельсоветінен, өзімнің туған жерімнен барып алайын деп едім, Айша айтты:

– Барып әуре болма. Таңқай қатын саған справке бермейді, – деді.

– Справке берген күннің өзінде оңдырмай береді. Әкесі Мұртаза «халық жауы» болып сотталған деп береді. Шешесі Айша әлі өлген жоқ, қақшаңдап тірі жүр, колхоздан қашып кеткен – деп береді. Сонда сені қазына мектебіне қайтіп алады?

– Таңқай деген шын аты ма?

– Жоға. Тәп-тәуір аты бар. Ұмытып қалдым. Атқа мініп, сельсовет болған соң Таңқай атанды ғой. Бізден артық түгі жоқ, жаман қатын еді. Атқа мінген соң таңқайып шыға келді ғой. Содан жұрт Таңқай деп кеткен.

Құдай өзі кешірсін, амалсыз өтірік справкамен кете бардым. Интернат үйі – Көк базардың желкесінде «Старо-Ташкентская, 11» деген ғимаратта екен. Мектептің өзі Пушкин көшесінде. Екі арасы едәуір жер. Директор Коргулинның бұйрығын алып, интернатқа келдім. Интернат үйі – бұрын бір өзбек байының әулі-жайы екен. Едәуір жерді алып жатқан төрт бұрышты, тұтас бір «махалла». Кіреберісінде кең дарбаза. Дарбазадан өтсең: оң жағында бір үй, сол жағында бір үй. Маңдайшаларында «РУ-3» деген жазулары бар. Ол үйлерге кілең қара көйлек, қара фуражка киген балалар кіріп-шығып жүр. Жалпақ қайыс белдіктерінің тоғасы жалтыраған сары жез екен. Көз қызатындай. Бәрі де орыс сияқты.

«Адасып келдім бе» деп қалдым.


– Интернат түт? – деп сұрадым біреуінен жаман орысшаммен.

– Нет, – деді. – Тут ремесленное училище! – мақтана сөйледі. – «Интерники» там, – деп әулі-жайдың төр жағын немқұрайды нұсқады. «Г» әрпі тектес ұзыннан-ұзақ ғимарат екен. Құрамалы-қорғанды жай. Ортасында – бір ақ үй. Батыс жағын ала, тағы бір шағын үй тұр. Кепкесін қисайта киген тапал біреу талтайып тұр екен. Жанына барып, сәлем бердім. Осылай да осылай деп қағазымды ұсындым. Басымнан аяғыма дейін алақ-жұлақ қарап:

– Обормот, – деді.

Онысын түсінбедім. Түсінгенде: «талтайған тапал!» – дер едім. Бірақ түсінбегенім де дұрыс болған екен. Ілкі қадамды ұрыстан бастасам жолым бола ма?!

– Мүсілім Қонақович, таныс болайық, – деп кепкесінен бұйра шашы бұрқырап шығып тұрған тапал қолын созды. – Мен осында



тәрбиешімін. Мүсілім Қонақович. Есіңде болсын, мені осылай атайсың. Ал завинтернат анау үйде тұрады – деп әулінің батыс жағындағы шағын ақ үйді көрсетті. – Уәлихан Мұхамеджанов. Уәлихан Мұхамеджанович дейсің. Білдің бе, обормот.

– Білдім, – дедім ықыластана бас шұлғып. – Ағай, – дедім батылдана.

– Иә, тыңдап тұрмын, обормот.

– Осы «обормот» дегеніңіз не?

Ол сәл қызарғандай болды.

– Е, ол «молодец», яғни азамат деген мағынада ғой.

– Е, – деп жақсы көріп қалдым.

– Бері жүр, мен сенің койкаңды көрсетейін, – деп Мүсілім Қонақович мені бір бөлмеге ертіп келді.

* * *

Түсте бәрімізді сапқа тұрғызды. Асхананың алдында. Мүсілім Қонақович бәрімізді бойымызға қарай реттеп, үсті-басымызды жөндеп, түймемізді түзеп, ұзыннан-ұзақ жүз балалық саптың о басына бір жүгіріп, мына басына бір шығып, шыр-пыр болып жүр. Байқасам, мен ұзын саптың орта шенінде сияқтымын. Ең басында ересектер тұрған сияқты. Олар оныншы, тоғызыншы кластағылар. Сегізінші кластықтардан бастап майдалана береді. Ала-құла сап. Біреудің көйлегі ақ, біреудікі көк. Қызылы да, сарысы да бар. Әсіресе аяқ киімдер келіскен. Етік кигендерден бастап, жалаңаяқ, шұлықсыз шәркей кигендерге дейін тұр. Сірә, «тас жетімдер» сол тесік тапошке кигендер болар. Әлде әдейі солай істеді ме, кім біледі? Су жаңа киіммен тұрған ешкім жоқ.

Бір кезде шағын ақ үйден сол үйге лайықсыз бойы бар еңгезердей біреу шықты. Қап-қара шашының маңдай тұсы керекарыс. Көмірдей қара қасы доғаша иілмей, әлдеқайда ұшып кетердей, шаншылып тұр. Аяғында жып-жылтыр хром етік, галифе шалбар. Тік жағалы ақ көйлектің үстінен омырауы, тік жағасы қоңыр қозының елтірісімен көмкерілген венгерканы желбегей жамыла салған.

Дәл бір Сталиннің өзі келе жатқандай, тіл-ауыздан айырылып, сіреспе те қалдық. Әрқайсысы аттың жілігіндей жуан білек, түкті қолдары галифе шалбардың қалтасында.

Мүсілім Қонақович сонадайдан алдынан жорғалап шығып:

– Жолдас завинтернат, то есть Уәлихан Мұхамеджанович! Интернат



построен. Все в сборе, – деп оң қолын шекесіне апара жаздап қалып, қайтадан шолтаң еткізіп, төмен түсірді.

Завинтернат Мүсілім Қонақовичқа ажырая бір қарады да, саптың басында тұрғандардан бастап, әркімнің тұсына бір тоқтап, үн-түнсіз бедірейеді. Зәрең зәр түбіне кеткендей. Кейде әлдекімнің алдына келгенде, маңқиып, манаурап қалады. Тіпті, көзін жұмып тұрады. Ол ненің белгісі – жұмбақ.

Мүмкін, осы әдіс арқылы кімнің кім екенін біліп қоятын шығар. «Сен кімсің? Қайдан келдің?» – деп те сұрамайды. Паң. Екі қолын галифе қалтасынан әлі шығарған жоқ. Күн әлі жылы болса да венгеркасы иығында. Сірә, біздің әскердің киімі емес. Пошымы бөтен. Менің жаныма таянғанда, сол венгеркадан шықты-ау деймін, бұрын сезбеген бір жат иіс мұңқ ете қалды, завинтернат қалтасынан бір қолын шығарып, мұрнымның ұшынан шымшып кеп қалды. Шошып қалдым. Мұндайды күтпеген едім. Жанымдағылар шиқ-шиқ етіп күле бастады. Завинтернат еріне сөйлеп:

– Танауыңды ұрайын, – деді.

Сірә, байқампаз болар. Әлгі иістен мен сәл-пәл тыжырынып, түшкіре жаздап, мұрнымды басқанымды байқап қалса керек.

– Сен ойлағандай боқтың иісі емес, нафталин! – деп ақырды. – Нафталин сеппесе, күйе жеп қояды.

Менің тұсымнан завинтернат өте бере, артында келе жатқан Мүсілім Қонақович маған жасырып жұдырығын түйіп:

– Обормот! – деп ысылдады.


Еріксіз: «Обормот несі? Молодец, азамат деген сөз деп еді ғой. Тағы да обормот деді. Жақсы сөз болса, неге кіжініп, жұдырығын түйді?» деген күдік ойымды мазалап, сейілмей қойды.

Сапты бойлап болған соң, завинтернат алдымызға шықты. Тәрбиешіні саусағының ұшымен шақырып алып:

– Мыналарды тамақтан бұрын түгел моншаға апарыңыз. Киімдерін өртеп жіберіңіз. Завхозға айтыңыз: бастан-аяқ біркелкі киіндірсін, – деді де, тәкаппар қалпында өз үйіне қарай бұрылып жүре берді.

* * *

Моншада Мүсілім Қонақович бәрімізді тырдай жалаңаш шешіндіріп, киімдерімізді бір бұрышқа үйдіре бастады. Үстімде тәп-



тәуір, бомазиден тігілген көк көйлегім бар еді. Қимай бүктеп-бүктеп, кабинаның артына тыға салдым. Кейін Батырханға апарып берсем, қуанып қалады ғой. Оған әрине, үлкен. Кең де болса неғылар дейсің, Айша шақтап тігіп берер. Үйде «Zinger» машинасы бар ғой. Бабадан қалған.

Мүсілім Қонақович ескі киімдерді өзі қадағалап, бұрышқа тастатып тұр. Көне шалбарымды умаждап лақтыра беріп едім, Мүсілім Қонақович:

– Әй, обормот, көйлек қайда, көк көйлек? – деп шаңқ ете қалды.

– Ағай...

– Ағайды көрсетемін мен саған. Мүсілім Қонақович де.

– Мүсілім Қонақыш, ауылда інім бар еді, бүп-бүтін көйлек, обал ғой.

– Онда жаңа форма алмайсың. Қара мұны!

Амал қанша, көк көйлек те бұрышқа лақтырылды.

Бас-басымызға шишақпақ қорабының үлкендігіндей кір сабын үлестірді.

Буы бұрқырап бетті шарпыған ып-ыстық моншаға кірдік те кеттік. Бұл монша: «Енді бұдан былай қайнаған өмірің басталады», – деп ескерткендей болды.

* * *

Моншадан мүлдем басқа балалар тізіліп шықты. Бәріміздің үстімізде салпыншақ, жалпақ жағалы, жап-жаңа көк матроска. Бұтымызда қап-қара жаңа шалбар, аяғымызда жаңа бәтіңке.

Көшедегілер аң-таң.

– Бұлар қай флоттың матростары?

– Тихоокеанские, – деп күледі біреулер.

– Балтық теңізінен, – дейді біреулер.

– Қара теңіз флоты, – дейді енді біреу.

– Жоқ, Аса, Асинский флот, – дейді бір тапқыр. Көше ду күлді.

Пушкин көшесінің асфальтсыз тас жолын сақылдатып сап келеді.

Мүлде жаңа, бейтаныс сап. Үміт дүниясы.



ТАБАЛДЫРЫҚТАҒЫ ТАУ

Бізді матростарша киіндіру кімнің, қандай данышпанның ойынан шыққанын білмеймін. Инкубатордың балапандарындаймыз. Нағыз бір морягі жоқ Әулиеата үшін бұл ерекше, сирек жаңалық болды. Жол қысқартқымыз келсе, қисық-қисық көшесі бар өзбек махалласын жанап өтеміз. Жолда өзбек мектебі бар. Одан әрі қалың бейіттің, зираттың ішін аралап жүреміз. Қарахан әулие күмбезінің іргесіне тақалып барып, Пушкин көшесіне түсеміз.


Жолда кездескендердің бәрі: атты адам түсіп, жаяу адам жатып қарағандай болады. Әдейі тоқтап тұрып, біз ұзап кеткенше бұрылып тесіледі.

Мұның бәрі ештеңе емес-ау, бәрінен де өзбек мектебінің тұсы қиын болды. Ала тақиялылар шулап қоя береді. Мазақтайды. Мазаққа құмарақ. Жабыла күледі. Күлегеш.

Біз бәріміз колхозбаймыз. Қаланың мінезін біле бермейміз. Ал мектепке жеткен соң жаңа тозақ басталады. Қаланың балалары пысық, шақар. Маған бәрі шетінен боксер сияқты көрінеді. Біз «б» класындамыз. Қалалықтардың көбі «а» класында. Үзіліске шыққанда, коридорда қалалықтар бізге док көрсетеді. Қараптан қарап тұрып тиіседі. Қағып кетеді. Әсіресе Қаңтарбаев, Үмбетбаев дегендер жеке шыққан матрос көйлектіні бір-біріне итеріп, қақпақыл қылады. Шыдайсың. Айқаса кетейін десең, тайсаласың. Қаңтарбай, Үмбетбайлардың шашы «бокс»-пен қырылған. Соның өзі сес. Мүсілім Қонақович біздің шашымызды тап-тақыр алдырып тастаған. Мүсілім Қонақович алғашқы күндері бізді мектепке өзі бастап алып келіп жүрді. Сапқа тұрғызып. Тапал болса да сол бізге кәдімгідей медет. Бізді «жауға» алдырмайтындай, пана тұтамыз.

Шамада бір аптадан кейін бізді бастап жүргенді қойды. «Енді жолды өздерің-ақ табасыңдар. Өз күніңді өзің көр» дегендей сыңай танытты. Рас қой. Өз күніңді өзің көр. Өмір бойы біреуге масыл болған қандай тіршілік? Біреуге артып қойған міндетің бар ма? Бай баласының дәурені өткен. Ешкім саған құл емес.

Көшеде көргенің, мектепте көргенің ештеңе емес. Оның бәрі айналайын. Бәрінен де дарбаза жаман болды. Кәдімгі өз интернатымызға кіретін қақпа ше. Екі жағында да «РУ»-ы бар қақпа. Интернаттың табалдырығы.



Топтанып кіріп, топтанып шыққанда, қара көйлектілер әкесін танытып ысқырады-ай кеп. Темір-терсектерін қаңғырлатып, тіпті кейбір бетсіздері шалбарларын түсіріп жіберіп, о жер, бұ жерлерін жалаңаштап, ауыздарын бырпылдатып тұрады.

Шыдаймыз. Зығырданың қайнайды. Шыдаймыз. Өйткені Мүсілім Қонақович: «Назар салмаңдар. Өздері-ақ ақымақ болып қояды»,– деп ескерткен.

Қоятын емес. Қозып барады. Қорқақ деп ойлайды. Ауылдан келген қойшылар деп ойлайды. Қорқатынымыз рас. «ФЗУ», «РУ» дегендер туралы неше түрлі сұмдықтарды естігенбіз.

Араларында жалғыз қазақ баласы бар. Құдай оларға әдейі таңдап қосқандай, кіп-кішкентай. Басқалары орыс па, неміс пе, грек пе, кім білсін – бәрі зіңгіттей, зіңгіттей. Сол кішкентай қазақ баласы әлгілермен қосыла күліп, мәз болады ғой. Маған бәрінен де сол батады.

Рас, ол тәуелді. Қойыңдар деп айта алмайды. Қарсы шыға алмайды. Күнін көруі керек. Мейлі. Ау, бірақ ыржалақтап, аналарға қосылып күлмей-ақ қойса қайтеді? Қанына тартпаған қасиетсіз. Бәрібір оны орыс демейді. Орыс боларын – боларсың. Ау, бірақ тұмсығыңды қайда қоярсың? Тұмсығың, түр-тұрпатың он жерден оспақтасаң да орысқа келмейді ғой.

Оны ойлап жатпайды. Түр-түсі, ныспысы қазақ болғанмен, көргені орыс, жүргені орыс. Ойлауы орыс, тілі орыс. Сөйтіп, қазақты жек көреді. Қазақпын деп айтуға арланады. Оның ұғымында, санасында қазақ болу – қорлық.

Ал енді, ұдайы топтанып, сапқа тұрып жүре бермейсің ғой. Кейде бірлі-жарым жүретіндер де болады. Әне, қорлықтың көкесін сонда көресің. Айшаның Ауагүл есімді әпкесі осы қалада, Қапал дейтін шеткерірек көшеде тұрады. Тігін машинасымен тірлік етеді. Күпәйке, шалбар, көйлек тігеді. Ісмер. Әне, сол әпкеммен мектепке бара жатқанда жолығып қалып:

– Барсхан, сабақтан соң базарға, маған келші, – деді.

Сабақтан соң балалардан бөлініп, көк базарға бардым. Бара жатып ойладым: «Ауагүл әпкем маған аздап ақша беретін шығар» деп. Әпкем тауарын сатып болған екен. Енді үйіне екі шелек көмір жеткізу керек. Маған соны көтертті. Екі шелек көмір едәуір жүк. Терлеп-тепшіп жеткіздім. Үйінен шай іштім. Бәрібір интернаттағы түскі тамақтан қалдым ғой. Ауагүл әпкемнің дастарқаны берекелі.



Палауын да соғып алдым. Қайтарда әпкем қолыма үш сом ұстатты. Қуанып кеттім. О, үш сом көп ақша... мен үшін.

Үш сомды уыстап алып, құстай ұшып, интернаттың қақпасына да жетпеймін бе? Әлгі ақшаның буы болуы керек, қақпадан жалғыз өтудің қауіпті екенін де ойламаппын. Өте бергенімде «РУ» есігінің баспалдағында отырған еңгезердей дәу неме:

– Палундра! – деп айқай салды. Ар жақтан басқалар жүгіріп-жүгіріп шықты. – Лови этого калбита!

Үш-төртеуі келіп қоршап алды.

– Леха, он дрожит, – деп мәз болысты.

Леха дегені, сірә, атаманы. Бұл дәуді мен күнде көремін. Интернат асханасының алдында турник бар. «РУ»-дың өз турнигі бола тұра, сол Леха алшаң-алшаң басып келіп, әдейі біздің турникке асылады. Обалы не керек, турникте ат құлағында ойнағандай ойнайды.

Бұл – доқ көрсету. Міне, мен қандаймын дегені. Біліп қой дегені. Күштінің әлсізді басынуы осындай. Ықтырады. Меніменен белдеспе дейді. Қыңқ етпе дейді. Ал біз қорқамыз. Мынадай алыпқа қарсы тұру ойымызға да келмейді.

Қоршап алғандардан қорқақтап тұрғанымда, қасымызға алшаң басып Леха келді. Матрос көйлегімнің салпыншақ жалпақ жағасын дар-р еткізіп айырып алып, бетіме лақтырып жіберді.

– Карикатура на моряка, – деді. Оны мен түсінбеймін. Бірақ жақсы деп тұрмағанын шамалаймын.

Айқай салдым. Өзіміздің адамдардан біреу-міреу есітер ме екен деп.

Ешкім тырс етпеді. Көрмеген, естімеген шығар. Көрсе де, естісе де, көрмеген, естімеген бола қалған шығар.


Қорқады. «Бәлелі көтке бармағыңды тықпа» дейді. Тіпті, бізге Сталиндей боп көрінетін завинтернаттың өзі де сескенеді-ау деймін. Мүсілім Қонақович қояндай қорқақ. Бас көтерер жан жоқ. Бұ не қорлық, Құдай-ау?

Леха маған:

– Что ты зажал свой поганный кулачок?– деді. – Что, драться хочешь?

Бұл жолы не деп тұрғанын түсіндім. Өйткені жұдырығыма қарап тұр.

– А ну, открой! Разожми ему кулачок! – деп бұйырды жанындағыларға. Жабылып жатып, жұдырығымды жазып жіберді. Умаждалған үш сом



көрінді. Леха үш сомды алып, умажын түзетіп, күнге тосып көріп:

– Нет, не поддельная, – деді. Бәрі қарқылдап күлді. Құйрығыма күректей алақанымен бір салды да:

– Иди, – деді.

Ішім удай ашиды. Күресерге дәрмен жоқ. Ақшасы бар болсын, көйлекті айтсаңшы. Енді не бетімді айтамын? Интернаттың көйлегін бүлдіргенім үшін, енді мені интернаттан шығарып жіберетін шығар. Жыртық жағаны қолыма ұстап, басқа ешкімге көрсетпей тіке қоймашыға тарттым. Завхоз кім деп ойлайсыз? Хасан Өзденовтің дәл өзі. Хабибат Абубакировна алдырған болар.

Осылай да осылай деп, жаңа ғана болған жайды айттым.

– Доңыздар, – деді Хасан Өзденов. – Бұлардың аз халыққа істемеген қорлығы бар ма? Әлі-ақ жазасын тартар.

Мұндай зорақы сойқанның қорлық екенін басқа білмесе де Хасан Өзденов біледі. Кавказдағы Эльбрустың батыс жағын ала қарашай деген халық өмір сүрер еді. Эльбрусты олар «Дыхтау» яғни, қос өркешті тау деп атар еді. Ешкімге залалы жоқ, бейбіт жатқан ел еді. Еркектері тау беткейінде қой бағып, әйелдері қойдың жібек жүнінен неше алуан киім тоқып, осындай жаннатты жерде тудырғаны үшін Жаратқан Құдіретке алғыс айтып, күнін көрген иманды жұрт еді. Қиядан Құман өзені құлап ағады. Оны орыстар Кубань деп өзгертті. Құман десе, құман. Биіктен құлаған су құманның шүмегінен ағып жатқандай. Әне, сондай сұлу мекеннен Хасан Өзденовті Қазақстанға бір түнде зорлап көшірді де жіберді. Бүкіл халықты. Бір адамды, он адамды, мың адамды жер аударуға болар. Ал тұтас бір ұлтты тұқым-тұқиянымен туған жерден айырып, алысқа-алысқа, Қазақстанға апарып лақтырып тастау деген, әй, сірә, тарихта болмаған шығар.

Бұл Хасан Өзденов соны да көрген. Менің зорлықпен жыртылған матрос көйлегімді бүктеп-бүктеп, жуылатын киімдердің ішіне тастады да, жаңасын берді.

– Ки, – деді. – Көйлегің тозғақ, өмірің озғақ болсын, – деді.

Сөйтіп, мен бір жазадан аман құтылдым. Бірақ Лехалардың қорлығы көкірегімде шемен болып, шорланып, беріштей қатып қалды. Көкірегіне беріш қата берген адам сау болмайды. Кесел табады. Сол берішті жібітетін азын-аулақ жарық сәуле болмаса, менің күнім не күй кешерін кім біледі? Көкірегімнің түкпір-түкпіріне сәуле шашырата гөр, Құдірет! – деп жалбарынамын.

Адамдардың маған істеген жақсылығы – Алланың нұры. Қапаста қалмағаным соның арқасы.

Құдай көкірек қамағынан сақтасын!

СОЙДАҚТІСТІҢ ҚЫЗҒА ҚЫРЫНДАУЫ

Класта маңдайға біткен үш-ақ қыз бар. Неге екенін білмеймін, аз. Жиырмадан астам ұл баланың арасында үш-ақ қыз болуы – жұтаңдық. Сірә, соғыстан аман-сау қайтқан азаматтар фашистерді қырып келіп, енді қыздарға қырғидай тиген кез бе, кім біледі?!

Арасында шыбыштары аз кілең текешіктер бір-бірімен сүзісіп, азып-тозып, берекесі кетпей ме? Қызы жоқ жердің қызығы жоқ.


Үшеудің біреуі – Махпуза дейтін өзбек қызы. Ол әрине, үйінен келіп оқиды. Дене бітімі топ-толық, аса асып бара жатқан ажарлы да емес, біртоға, оқудан гөрі, үй шаруашылығына лайықтылау, орташа оқитын шәкірт.

Екіншісі – Жәмила, қыз қылығы шамалы, қазақы, қарабайыр. Сабақты нашар оқиды. Әсіресе Хабибат Абубакированың жынын келтіретін қилы-қилы қасиеті бар.

Ал Гүлнәрдың жөні бөлек. Аққұбаша келген, әдемі қыз.

Әдемілігі – алып-жұлып бара жатқан сұлулығында емес. Клеопатра ол емес, әрине. Бірақ құрығырдың ерекше бір қылығы бар. Ойнақшып тұрады. Еркелейтін назы бар. Жалт етіп бір қарағанда жүрегің бүлк ете түседі. Мен еркекпін, жігітпін деп жүргендердің бәрі одан дәмелі. Бірақ біздің кластың сорына қарай, Гүлнәр бұл кластан ешкімді менсінбейді. Оныншы класта оқитын Төлепалды деген жігітпен әмпей-жәмпей деген өсек бар. Төлепалды – интернатта. Ал Гүлнәр – қаланың қызы. Қарабақыр дейтін көшенің бойында. Төлепалды үздік оқитын көрінеді. Алтын медальдің иегері сол болар деген сөз жүр. Белсенді. Тіпті, комсомолдың көсемі де сол ма, қалай? Жиналыс болса, сол сөйлейді. Жұқалтаң еріндері бір-біріне жұқпай сусиды. Құдай кейбіреулерге сондай талант беріп қояды. Бірақ бізге, тоғызыншы кластың балаларына шекесінен қарайтын менмендігі бар, тәкаппарлау жігіт.

Онысына біздің класс ызалы. Әсіресе біздің Ертай. Яғни, Сойдақтіс. Біз бөлмеде он баламыз. Қатар-қатар он төсек. Оныншы төсектің



жанында, қабырғаға жапсырыла қампиған дәу қара, қаңылтыр пеш. Ертай Сойдақтістің темір төсегі сол пештің жанында. Одан бері қарай Хасболаттың төсегі. Ертай түнде аунақшып жатады. Тыныш таппай аунақшиды. Әм қорылдайды. Денесі ауыр. Содан темір торлы койка зар илеп жылайды. Оған қорыл қосылады. Сонда қарашай Хасболат даусы гүрілдеп:

– Әй, Сойдақтіс, тыныш жатсаң болмай ма?! – деп, шыдай алмай, койканың шетінде дөңкиіп отырады. Бәріміз оянып кетеміз. Әлдекім шам жағады.

– Мүсілім Қонақовичке айтып, басқа бөлмеге көшірту керек Сойдақтісті, – деп шаңқылдайды ұйқылы-ояу Әлтай.

– Әлтай дұрыс айтады, – деп қостайды Ақтай.

– Әй, өңшең тайлар, таяқ жейін демесең, жап ауыздарыңды, – деп Сойдақтіс гүжілдейді.

Бірақ Сойдақтісті қостаушы табыла қоймайды. Тоғыз бала бір жақ, Сойдақтіс бір жақ.

– Өзің де тайсың ғой, Ертай, а, айтпақшы, Сойдақтіс екенсің ғой, кешір, – деп шымшылайды Ақтай.

– Әй, Қодық, сені бір-ақ қолыммен көтеріп алып, көшеге лақтырып жіберем, – деп қорқытады Ертай.

Сонда барып, жастықтан басымды мен көтеремін.

– Кім ол Қодықты бір қолымен лақтырып жіберетін?

Орнымнан тұрамын. Сойдақтістің қасына қарай еріне басып, есінеп қойып, шалт қимылмен алқымынан ала түсемін. Қылқынып, беті барбиып, көзі аларып бара жатады. Балалар жабылып жатып ажыратады.

Сойдақтіс қорбиған дәу болғанымен қопал.

– Атаңа нәлет Маңтөбет, – деп күбірлейді. Онысын естіп қойып, қайтадан бұрыламын. Ертай қапы қалмайын деп, ұзын қолдарын ербеңдетіп, бетін жасқайды.

– Қане, қайтала, не дедің? Естіртіп айт, жаман қатын құсап, ерніңді жыбырлатпай!

– Жалғыз мен емес, осылардың бәрі айтады.

Онысы рас. Сыртымнан Маңтөбет дейтін көрінеді.

– Осы бір-бірімізді қорлап атауды қояйықшы, Құдай үшін, – деп қарашай Хасболат жалынады.

Оның да өз аты бар. Бегомот. Десе дегендей – сеп-семіз. Не жеп семіретіні белгісіз.

– Хасболат дұрыс айтады, – деп қостайды Тұмсық. Шын аты Мақан.



Бірақ мұрнын көтеріп, өзінше кісімсіп жүретін болған соң Тұмсық аталып кеткен.

– Ал енді, мына Ертайды қайтеміз? – деп қарашай Хасболат әңгімені қайтадан қоздырды.

– Басқа бөлмеге ауыссын, – деп шіңкілдейді Әлтай.

– Дұрыс.

– Дұрыс.

Бәрі бірауызды. Ертай саса бастайды. Бұрынғыдай емес. Көп қорқытады, терең батырады.

– Мені түсінсеңдерші, бауырларым-ау. Енді бәріміз бір үйдің баласындай болып кеттік қой. Сендерден жасыратын не бар? Ұйықтай алмаймын...

– Ұйықтасаң қорылдайсың, – дейді Хасболат.

– Ұйықтай алмайтыным – көз алдымда тұрады да қояды.

– Кім? Шайтан ба? – деді бадырақ көз Тәліп.

– Ғашық қой, – дейді Тұмсық мұрнын көтеріп қойып.

«Ғашық» деген сөз – ем. Оның құдіреті бар. Жаңа ғана бөлмеден Ертайды қуып жібермекші болғандар, енді оны есіркегендей болады.

– Кім-ей ол, ұйқыңды алған ғашығың?– деп Сайыпқожа қағытады.

– Махаббатпен ойнауға болмайды. Ол серьезный мәселе, – дейді қарашай Хасболат саусағын шошайтып, – Оған күлмеңдер. Өз бастарыңа да келеді. Қайта қолдан келсе көмектесу керек.

– Қалай? – дейді Ақтай.

– Мен шамалаймын, мұның ғашығы – Гүлнәр, – дейді қарашай Хасболат. – Мен байқап жүрмін.


– Ой, Гүлнәрдің жігіті бар ғой.

– Бола берсін. Ол жігітті Гүлнәрға қайтып жоламайтындай етеміз, – деймін мен. – Әуелі шыннан Гүлнәр ма, соны анықтап алайық. Ей, Ертай! Гүлнәр ма?

Ертай елжіреп кеткендей кемсеңдеп, төмен қарап басын изейді. Шыннан ғашық екеніне енді ақиқат көзіміз жеткендей.

Ал бірақ ойша Ертай мен Гүлнәрды қатар отырғызып, көз алдыма елестеткім келеді. Мысалы, қорбиған аюға еленделп тұрған елікті қосақтауға бола ма? Мүмкін бе?

Сөйтсе де, баяғыда, біздің Мыңбұлақта, Мұртазадан қалған үйде, қыстың ұзақ түнінде, үрпек балапандай үш балаға Айша айтатын әңгіме ше. Айшаның айтуы бойынша, бір жап-жас бүлдіршін қызды бір түнде аю алып қашып кетеді. Ауыл-аймақ у-шу болып, қызды іздейді. Ақыры



Тәңіртаудың Ақсу-Жабағылы жағынан табылады. Адам аяғы баспаған шатқалдың құж-құж тастарының тасасында аюдың үңгірі бар екен.

Үңгір – аюдың үйі екен.

Көп адам қойсын ба, аюды тірідей ақыртып, байлап-матап тастап, енді өлтірейін десе, әлгі қыз жалынып жылайды дейді.

– Аю, аю, аю еді, Аю да болса байым еді, – деп.

Мынау да сол сияқты болып жүрмесін. Қыз шіркіннің қыр-сырын кім біліп болған? Бәлкім, сырттай бәлсінгенмен, Ертайды Гүлнәр ұнатып та қалар. Жалпы, бұл істе өлермендік керек. Жасық болсаң – саған жапалақ та тимейді.

– Өзің былай, ол қызбен оңаша сөйлесіп көрдің бе? – деймін Ертайға.

– Біртүрлі бата алмаймын...

– Онда хат жаз, – деді Уәли білгішсініп.

– Парталас отырып, бір-біріне хат жаза ма? – деп гүж етті Хасболат.

– Өлеңмен жазса әсерлі болады, – деп қутың етті Сайыпқожа.

– Барсхан қабырға газетіне өлең жариялап жүр ғой. Сол сенің атыңнан жазып берсін.

– Дұрыс, дұрыс, – десті басқалар қызық көріп. Гүлнәрды алайын деп жүрген мен емес, қалай жазамын? Жазбаймын деп тағы айта алмайсың. Жаманды-жақсылы «ақын» деген атым бар. Класс ақыны. Сонда не деймін? Есіме Ералы қойшының боза жорада Ханшайым деген келіншекке айтқаны түсе кетті. Соны сәл-пәл өзгертіп, отыра қалып, бірауыз өлең шығардым.

Гүлнәржан, айналайын айдан аппақ,
Қасыңнан шыға алмаймын айналақтап.
Ұйқы жоқ, төсегімде аунақшимын,
Сені ойлап, тегіс жерде тайғанақтап...

– Өй, қатып кетті-ей, – деп Сайыпқожа қол шапалақтады. Уәли салмақтылық танытып, редакторлығын істеп:

– Жоқ, бұл кәдімгі қара өлең. Абайша бірдеңе табу керек, – деді. – Мысалы: «Қор болды, жаным, сенсіз де менің күнім...» деген сияқты.

– Е, елдің бәрі Абай дейсің бе, – деп Сайыпқожа көнбеді.

– Қызға өлеңмен хат жазу – ескіліктің қалдығы, – деді қарашай Хасболат гүжілдеп. – Қызбен жақындасып, көңіл білдіру үшін батылдық керек. Ашып айт, шапаныңды шешіп алмайды ғой. Койканы



қиқылдатып дөңбекши бергенше, мәселенің басын біржолата шешіп ал.

Сойдақтістің басы үлкен. Ол аз болғандай шашы тікірейіп тұрады. Тікірейген шашын ары-бері ұйпалап:

– Онда мен тура қазір кірісемін, – деді.

– Қалайша? – деп таңғалдық.

– Оу, түн іші ғой...

– Мен оның жататын бөлмесін де білемін. Жалғыз жатады. Тек қорасында иті бар.

– Итке нан алып алайық, – деп лыпылдап қалды Сайыпқожа бір қызықтан дәмеленіп.

Сонымен не керек, бір топ бала Сойдақтістің түнгі жорығына ілеспек болдық. Келіспеген тек Хасболат пен Тәліп қана. Ілеспеді. Ауладан шығып, Қарабақыр көшесі қайдасың деп андыздап келеміз. Түн ішінде көшеде кездескен бірлі-жарым адамдар бізді көріп, жанталаса безіп береді.

Ертай – дегенмен ер көңілді жігіт. Намыс бар. Жақсы оқитыны да рас. Бірақ бәрібір – «Сойдақтіс». Құдай қылса қайтесің, мақтаншақ.

Сол намыс, әрі арыны басылмаған мақтангер мінез оны осы жолға бастауын бастап алып шықса да, Қарабақырдағы Гүлнәрдің үйіне жақындаған сайын Сойдақтістің адымы қысқара бастады. Тоқтап:

– Әй, жігіттер, осы қалай болар екен? – деп күмілжіді.

– Өй, сен өзің... есің дұрыс па?! – деп шап ете қалды Сайыпқожа. – Онда бізді төсектен тұрғызып, несіне сарсаңға салдың, а?

– Шешінген судан тайынбас, жүр, айда, – деді Әлтай.

Үйдің іргесіне келгенде бәріміз жым болдық. Қорғаны биік екен.

Домбаздап соққан дуал. Кісі бойы жетпейді. Көк қақпа құлыптаулы. Айнала – жым-жырт. Тек дуалдың сыртында бөтен адамдардың тұрғанын сезіп қалған іштегі ит екі рет арс-арс етті. Әлтай қолындағы дорбадан нан алып, дуалдан асыра лақтырды.

Әлтай әлгінде:

– Әттең, күшәла жоқ. Нанға күшәла берсе, сеспей қатар еді, – деген.

Сірә, мына ит күшәласыз-ақ құр нанның өзіне риза болғандай, үрмеді. Сонда Сайыпқожа:

– Ал нартәуекел, кәне дуалға асыл, біз аяғыңнан көтереміз, – деді Сойдақтіске. – Барсхан, сенің күшің бар ғой, иығыңды тос.

Шөкелеп отыра бердім. Сойдақтіс иығыма аяғын сала бере, екі

тізем бүгіліп, шөктім де қалдым. Сойдақтіс жалп етіп, шалқасынан құлады. Ит тағы үрді. Әлтай тағы нан лақтырды.

Енді Сайыпқожа екеуміз Сойдақтісті екі бұтынан көтеріп, қалғандары құйрығынан итеріп, дуалдың ернеуіне қолын іліндірдік-ау, әйтеуір.

Сойдақтіс дуалға атша мініп, отырып алды. Ауланың ішіне көз салып, тың тыңдады. Бізге «тыныш», «сөйлемеңдер» дегендей, қолын ербеңдетті.

– Гүлнәрдің бөлмесінде әлсіреген шам жарығы бар, – деді бізге басын бұрып сыбырлап.

– Е, онда тіпті жақсы, шошытып алма, – деп жанықтырды Сайыпқожа. Сойдақтіс ары қарай қалай түсерін білмей, жүрексініп отырып алды. Әлтай оған дорбадан тағы бір тілім нан алып берді.

– Итке, – деп сыбырлады.

– Ит шоқиып отыр, – деді Сойдақтіс. – Дәу ит, атаңа нәлет.

– Таста нанды, – деді Әлтай.

Айтқанын істеп, Сойдақтіс екі аяғын да дуалдың ар жағына аударып, қос қолымен ернеуден ажырамай, асылды да қалды.

Осы кезде ит иттігін істеп, арс-арс етіп алып, арт жағын ырылға, құмыққан ырылға айналдырды.

Иттің адамдардан айырмашылығы – пара дегенді түсінбейді екен, мойындамайды екен. Қанша нан жеді, бірақ ымыраға келмеді, атасына нәлет.

– Ойбай! – деді Сойдақтіс. – Тартыңдар қолымнан!

Жабылып жатып, әрең тартып алдық.

– Бұл қайсы, ей? – деген дауыс шықты іш жақтан.

– Мылтықты әкел! – деді әлдекімге.

Тұра кеп қаштық. Мылтық даусы гүрс етіп, түнгі Әулиеатаны бір селк еткізді.

Безіп келеміз.

Қарабақырдың шаңдақ көшесін борандатып келеміз. Едәуір ұзап кеткен соң есімізді жиып, артта қалып қойған Сойдақтісті күтіп алдық. Интернат берген шалбардың бір балағы жоқ. Балтыры қан-қан. Интернаттың іргесін жалап ағып жатқан ботана сумен батырдың балтырын жудық.

– Спирт керек, – деді білгішсінген Сайыпқожа.

– Спирт қайда? Сен осының бәрін жанықтырған. Оңбаған Жантық! – деп Сайыпқожаны ішінен ыңқ еткізіп бір тептім. Ішін басып, отырып қалды.



Қапаланып, түнгі аспанға қарасам, толған Ай бұйра бұлттан шығып, күлімсіреп тұр екен. Біздің бұл қылығымызға күліп тұрған сияқты. «Біз ұрлық қылғанда, Ай жарық болды» деген осы екен-ау дедім.

Ай бірақ: «Е, балақайлар, бозбала дәурен бақбақтың үлпілдегі сияқты. Ойнамасаң, күлмесең, бұл дүние неге керек» деп сыбырлағандай болды. Кейін-кейін, айта-айта жүретін бірдеңе болуы керек қой...

КӨК ҚАЛПАҚ

Айсұлу апай әдебиеттен сабақ береді. Басқа сабақтарға қарағанда, бұл енді мен үшін бір ғажайып әлем. Әдебиет пәнін әсте сұлу адамдар оқытса тіпті рахат.

Айсұлу – ажарлы әйел. Дөңгелек жүзді, аққұбаша, ерекше шырайлы. Ашуланғанын көрмедік. Жарқылдап күліп жүреді. Күлгенде әппақ тістері маржандай жарқ-жұрқ ете қалады. Күміс күлкі көмейдің емес, сол маржан тістердің сыңғыры сияқты.


Сабақ оқытқаны қызық. Өлеңдерді жаттатады. Тақпақтап, саңқылдап айтып берсең – тәуірсің. Айта алмай: «ы-ы», «пықы-тықы» деп тұрып алсаң – нашарсың.

Әсіресе біз қызығатын, асыға күтетін сәт – апайдың әні. Ол ән салғанда класс қыбыр етпей, тына қалады. «Татьянаның қырдағы әні».

Тәңірі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең... –

деп бастайды.

Апайдың жұп-жұмыр, аппақ алқымы инеліктің қанатындай болар-болмас дірілдейді. Тоқпақтай қос бұрымы баяу ырғалады. Не үшін екенін білмеймін, әп-әдемі, жіп-жіңішке, қияқтай қастарының арасы қолдан қойылған көкшіл нүктелермен жалғасқан. Әннің бір асқақ, ырғақты жерлеріне келгенде, әлгі нүктелер жиырылып, бірінің үстіне бірі шығып кетеді.



Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың...

Айсұлу апай шыннан-ақ жолбарыстың шеңгелінде қалғандай бір қасіретті халге түседі. «Бұ несі?» – деп мен ішімнен тынып отырамын.

Лағы өзі болғанда, жолбарысы кім? Татьяна деген есте жоқ. Апай өзі туралы айтып тұрған сияқты. Ешкімге айта алмай жүрген сартап сырын өз оқушыларына сиқырлы әнмен жеткізіп, мұңын бізге шағып тұрған сияқты. Мұғалім деген өз шәкірттерімен де осылай сырласады екен-ау. Әдебиет емес, ән сабағы, арыз сабағы десе болғандай.

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өміріңде,
Мен де сорлы бақыты кем, –

деп келіп, терезе жаққа теріс айналып, орамалмен көзін сүртіп, амалсыз әлгі толқын-толқынмен жарқ етіп қайта шығып:

– Міне, балалар, Абай аталарың Татьянаны қазақ даласына осылай қолынан жетектеп алып келген, – деп күлген болады. Күледі, бірақ іш дүниесі әлем-жәлем екенін жасыра алмайды.

Мен ойлаймын: егер мұғалімдердің бәрі өз пәнін осылайша шырпыр болып, жан-тәнімен оқытса, әлемнің ажары сүреңсіз, сұрқай болмас еді-ау деп. Ал, айталық, химия сабағын, физика сабағын қалайша әнмен түсіндіресің? Бұл сабақтарды Аргуния деген апайымыз жүргізеді. Бұл – енді кербез сұлу. Айсұлудай ашық емес, тым сабырлы, тәкаппарлау. Айдай аппақ келіншек. Жүріс-тұрысында біз білмейтін аса бір заттылық, ақсүйек, аристократияның, ханзадалық қасиеттердің нышаны көзге ұрып тұрады.

– Ахметов, тақтаға! – деп дауыстайды Аргуния апай. Дауысы сонша қатаң да емес, бірақ Манап Ахметов деген бала селк ете қалады. Көздері жыпылықтап, орнынан атып тұрып, даусы өлімсіреп:

– Мен бе? – деп кеудесін саусағымен шұқиды.

– Иә, сен.

Манап жорғалай басып жөнеледі.



– Ал, Ахметов, кәне, айта қойшы: катализ деген не?

Манап байғұс, аждаһа алдындағы көк көжектей бүрісе бастайды. Бойы ап-аласа, одан бетер кішірейе береді. Үстіңгі еріннің бір жақ езуінің еті өсіңкі ме, немене, сонысы бұлтиып шығып кетеді, үйдің төбесіне қарайды, ыржиған аузы жыбырлайды.

– Катализ дегеніміз химиялық реакцияларды... не қылады? – деп қолтығынан демейді Аргуния апай.

– Не, не, кетіп, неғылады, – дейді Манап шөге түсіп.

– Не қылады?

Аргуния апай Ахметовтің салбыраған басын иегінен көтеріп, жыпылықтаған көзіне үңіліп:

– Катализ химиялық реакцияларды қайтеді? Жыл-дам-да-та-ды. О, бозкөз, отыр, – дейді.

Содан бастап Манап Ахметов «бозкөз» атанып кетті. Міне, химия сабағындағы «әннің» түрі осындай.

Ал Аргуния апайдың атақты алашордашы Жақып Ақбаевтың туған қызы екенін ол кезде қайда-а-ан білейік...


Ал енді, осы кластағылардың бәрі «бозкөздер» емес, Аргуния апайдың ықыласы түсіп, жақсы көретін оқушылары да бар еді. Уәли Данаев, Ертай Естаев, Ақтай Тұраров есепке жүйрік. Есепке жүйрік бала физиканы да, химияны да, геометрияны, тригонометрия деген біздің тісіміз онша бата бермейтін пәндерді жаңғақша шағады.

Математикадан сабақ беретін Хабибат Абубакировна, осы Аргуния апай әсіресе Ақтай деген баланы мәпелейді. Өзі тырыли арық, бойы да кішкентай, мұрнын үнемі тартып қойып жүретін, көзі бақырайғандау, сүйкімді бала. Ал есепке ағып тұр-ау, ағып тұр. Оны Аргуния апай еркелетіп, «Қодығам менің» деп қоюшы еді. «Қодыға» деген құланның баласы екенін біз біле бермейміз. Біздің білетініміз есектің баласын «қодық» дейді. Содан ол интернатта «қодыға» емес, «қодық» атанып кетті.

Жалпы, жан-жануардың баласы кішкентай күнінде бәрі сүйкімді ғой. Жылқының құлыншағы, түйенің ботақаны, сиырдық бұзауқаны, ешкінің лағы... Ал мәштің қодығы да жаңа туғанда әп-әдемі. Кейін есейгенде ғой, дүрдиіп кететіні.

Ал мен үшін Айсұлу апайдың сабағы мереке. Татьянаның әнін салғанда неге сонша тебіренеді? Неге жүрегіңді елжіретеді? Және кей-кейде неге жылап жібереді?

Осы арасы жұмбақ.



Күйеуі Шерғазы ағай, о да мұғалім. Осы мектепте. Аласа бойлы, ажарсыздау, қартаң кісі. Айсұлу екеуі қатар келе жатқанда, айдай апайымыздың әкесі сияқты көрінер еді.

Шыннан сүйіп қосылған ба? Әлде Татьяна айтқандай, – мұның басқа «жаралы жолбарысы» болды ма екен? Сол «жаралы жолбарыс өзге жұрттан қамшы жеп», «ғашығынан шошыған» соң, Айсұлу да:

Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім алшы деп» –

деді ме екен?

Татьяна деген біз білмейтін арманы, өкініші көп адам осы Айсұлудың өзі шығар. Кім білген?

Міне, осы апайымыз бір күні класқа бөтен кісіні ертіп келді. Қоладан құйылғандай шомбал денелі, түр-түсі тотыққан, дидары мейлінше пейілді, көзқарасы ибалы, жұмсақ кісі екен. Класқа кіргенде басындағы жасыл-көк қалпағын алып еді, толқын-толқын қара шашы көрінді.

– Ал балалар, – деді Айсұлу апай, – бүгіннен бастап сендерге әдебиет сабағын мына ағайларың – Мұхаң, Мұхамеджан Қаратаев жүргізеді. Келген кісі басын иді. Қолындағы көк қалпағын қайда ілерін білмей, ары-бері қарады да, терезенің алдына қоя салды.

Айсұлу апай қолындағы журналды жаңа мұғалімге ұстатты.

– Ісіңіз сәтті болсын, Мұха, – деп, қолын алды. Содан соң бізге қарап:

– Сау болыңдар, балалар! – деді.

Есіктен шығып бара жатып, класқа тағы бұрылып қарады. Қимаған сияқты.

Біз де қия алмадық. Айсұлумен бірге әдемі, сұлу әлем, әсем ән кетіп бара жатқандай, кәдімгідей көңіліміз босады. Неге әнмен қоштаспады екен?

Ғашық-ақпын еш күмәнсіз,
Ырыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айырылалық сол үшін, –

деп, неге айырылысу әнін шырқамады екен?

Бірақ біз Татьянаны танымадық. Қайдағы адам? Кімге ғашық? Неге сонша өкініште? Біле алмадық. Тек ән қалды. Соны қайталап айтатын болдық. Жаңа мұғалім. Бұрын көрмеген, танымаған адам. Шәкірттерге жұмбақ жан. Соғыстан сүлдесі шыққан ауыл балаларына не береді?



Айсұлу «Тәңірі қосқан жар едіңді» берді. Әнін. Бәріміздің жүрегімізде жатталған ән қалды Айсұлудан.

Бәріміздің ауызымыз аңқайып, мынау адамнан не күтіп отырмыз? Ағай бәрімізбен сыпайы амандасты. Өте сыпайы. Үні жұмсақ. Жүзі жылы. Хабибат апайдай ашушаң емес. «Құрлық бала» деп төбеңді тесе жаздайды ғой. Төбе тесілсе, миың ағып кетеді ғой.

Мынау ер кісі бола тұра, биязы. Дауыс көтермейді. Журналға қарап алып:

– Әңгіме Абай туралы екен ғой, – деді. – Онда кәні, Абай туралы кім, не біледі?

Класқа қарады. Класс мұғалімге қарады. Үн жоқ. «Мен білемін», – деп ешкім жұлқынып шыға қоймады. Журналға қарап:

– Ахметов. Бар ма? – деді.

Манап Ахметов орнынан бүрісіп түрегелді. Көзі жыпылықтап, еті өскен ерні ыржиып, партаның қақпағын шұқылап тұрды да қалды. Өзінің соры қалың. Журналдың ең басында тұрады. Алфавит бойынша ғой. «А»-дан басталады.

– Абай – Татьяна деген қызға хат жазған кісі, – деді.

Гүлнәр Тасымбекова деген қыз шықылықтап күліп жіберді. Оны көріп, басқалары да күлді. Жаңа мұғалім жымиды. Манап күлгендерге алақ-жұлақ қарап, қайда кіріп кетерін білмей қысылды.

– Ал, балалар, бәрің де осылай ойлайсыңдар ма? – деді мұғалім сәл күлімсіреген қалпы. Кірпі шашы тікірейіп, сойдақ тісі сорайып, дәу қара Ертай қол көтерді.

Бұл – Ертай Естаев. Екі ұры тісі басқа тістерінен оқшауланып, ернінен шығып тұрады. Саптан шығып кеткен тәртіпсіз солдаттар сияқты. Содан бүкіл интернат оны «Сойдақтіс» дейді. Кластағы озық оқушылардың біреуі осы.

– Абай жақшаның ішінде (Ибраһим), Құнанбаев 1845 жылы, қазіргі Семей облысы, Шыңғыстау деген жерде туған...


Оқулықта не жазылған, соны үтіріне, нүктесіне, жақшасына дейін қалдырмай, қырдан ойға қарай құлаған арба сияқты салдырлатып айдап шықты. Мұғалім:

– Болды ма? – деді.

– Болды, – деді Ертай кеудесін көріктей керіп.

– Е-е-е,– деді мұғалім. – Отыр.

Жақсы деп те айтпайды, жаман деп те айтпады. Ертай бірнәрсе дәметіп тұрғандай қауқиып, отыра қоймады. Айсұлу апай болса:



«Жарайсың қалқам, «бес!» – дер еді. Соған үйреніп қалған Ертай жан-жағына «бұл қалай?» – дегендей алақ-жұлақ қарап, ақыры отырды-ау... Отырып болған соң да Гүлнәр жаққа жаутаң-жаутаң бұрылып, сол қыз менің жауабымды қалай бағалады екен дегендей телміре берді. Гүлнәр бірақ оған селт еткен жоқ.

– Ал енді... – деп мұғалім журналға бір қарап. – Иә, жаңағы Естаевтің айтқанына қосымша кім, не айта алар еді? – деді.

Класс жым-жырт. Кітапта жазылғаннан басқа кім, не айта алады?

Оқулықтағыны Ертай түп-түгел айтып қойды.

Осы сәтте есік ашылып, жылтың етіп бұйра шашты біреу басын сұғып қарады. Себепсіз, әдепсіз күлгендей болды. Алтын тісі жарқ етті де жоқ болды. Есік қайта жабылды. Кім екенін танымадық.

Тек жаңа мұғалімнің түсі қарауытыңқырап, қабағына кірбің тұрып қалғандай сезілді. Жаңа ғана не айтып тұрғанын есіне түсіргендей, дөңестеу келген маңдайын сипалады.

Иә, сонымен Абай... Иә, ол туралы кім, не жазды?

Мұғалім класқа қарады. Фамилияң кім деп сұрамайды. Аты-жөнің, ата-тегіңде шаруасы жоқ. Тек класты көзбен сыдырып өтпей, әр балаға ойлана, зерделей көз салады. Кімнің кім екенін айтпай-ақ біліп тұрған сияқты.

Абай туралы кім, не жазғанын баяндайтын талапкер табыла қоймаған заман.

Оны мен білемін. Бірақ басқалардан бөлектеніп, шошаңдамайын деп өзімді-өзім тежеп отырмын. Сәл-пәл тыпыршысам керек, мұғалім маған қолын созды:

– Қане, қане, сен білесің. Айта қойшы, шырағым.

Ыңғайсызданып қалдым. Менің білетінімді қайдан біледі? Менің де жұрттан асып бара жатқан білімім шамалы. Тек кездейсоқ кезең ғой көмектескен... Сол қырық бесінші жылдың қызыл су жүрген көктемінде... Шолақтаудың шойын жолымен Жұма бекетінен жаяу қайтқанымда... Молотов мектебінің директоры Досмырза ақсақалмен кездесіп қалып, ол үйіне ертіп барып, сырты газетпен қапталған сары алтындай салмақты кітапты қолыма ұстатып, «Жоғалтып алма», – дегенде... Мырзагелді жездемнің қойларын Сеңгірбай көлі жаққа айдап тастап, бір қойдың туып қалғанын байқамай, қозысын өлтіріп алғанымда... Сонда оқыған кітап қой.

Содан бері де талай уақыт өтіп кетті. Арада бір жыл ауырып қалып бос өтті. Ал оқығаным миымда жатталып қалыпты.

– Мұхтар Әуезов, – дедім. – Осылай да осылай, Абайдың әкесі



Құнанбай, Құнанбайдың інісі Майбасар, Абайдың інісі Оспан тентек, анасы Ұлжан, әжесі Зере... Тоғжан деген қыз, Ербол деген бозым жігіт...

Қоңырау соғылды. Аңдамай қалыппын. Сөзді ұзартып жіберіппін. Мұғалім тоқта деген жоқ. Балалар қиқ-шиқ етіп күлген жоқ. Қайдан білейін...

Үзіліске шыға салысымен мектеп сыртындағы дәретханаға жүгіріп бара жатыр едім, біреу:

– Әй, бала, тоқта, – деді.

Әлгінде кластың есігін жартылай ашып, жылмиып сығалаған кісі. Сол алтын тісі езуінен көрініп тұр.

– Жаңа Қаратаевтың сабағында сөйлеген сен бе?

–Иә. (Қайдан көріп қойған?)

Жылмиып жаныма келді. Иығымнан құшақтады.

– Фамилияң кім?

– М-Мұртаза-е-ев.

– Ы-ы. Сірә, жақсы оқисың, ә?

– Білмеймін.

– Жаңа мұғалім қалай екен? Не айтты?

– Ештеңке.

– Қалай? Ештеңе айтпады ма? Шәкәрім, Мағжан туралы айтпады ма?

– Олар кім?

– Жай әншейін...

– Жаңа келді ғой. Енді айтатын шығар.

– Ал, енді былай... Атың кім?

– Барсхан.


– Барсхан, айналайын, жақсы бала екенсің. Жалпы, сені білемін, сен Төленнің жиенісің ғой? Ендеше, Төлен – менің жан жолдасым. Анда-санда жолығып тұрайық. Жарай ма?

Не дерімді білмей аңқиып тұрмын.

– Менің атым – Жора. Ал жақсы. Сау бол.

Бұрылып кетіп қалды. Жүрісі кербез. Киімі таза. Қытай жібегінен тігілген ақсары костюм. Жеп-жеңіл. Судырап тұр. «Чешунша» дей ме, тілім де келмейді. «Шіркін, осындай костюмім болар ма еді» деп қойдым. Сонда ана Гүлнәр... Бүкіл кластағы үш қыздың ең әдемісі...

Қазір Әулиеатада ең мықты адамдар «чешунша» киеді. Әуелі әдемі костюмнің әсерімен тұрып, әлгі әңгіменің түп-төркінін аңғармаппын.



Төлен нағашымды біледі екен. «Осында жиенім оқиды», – деп сол айтқан шығар. Әйтпесе, менде несі бар? Ар жағын ойланбастан, балалармен алысып-жұлысып ойнап кеттім. «Чешунша» костюмді табанда ұмыттым.

Демалыс күні Мүсілім Қонақовичтен сұранып, Ауагүл әпкемнің үйіне бардым. Төлен нағашымды көрдім. Төлен Иза деген қызға үйленіп, осы Ауагүл үйінің бір жағында тұрып жатқан. Облисполкомда Шамұхан Қалкенов деген бастықтың көмекшісі. Не көмек көрсететінін қайдан білейін, әйтеуір облисполком деген аты зор. Сөйте тұра, өзі үйі жоқ, әпкесінің қолтығына тығылып отыр.

Әуелі, сонау соғысқа дейін, детдомда жүргенде көрген екен осы Изаны... Соғыста хат жазысып тұрыпты. Иза Алматыдағы консерваторияда оқыпты. Оны Зиба әпкем біледі екен, Изаға: «Әулиеатаға кел, Төлен майданнан қайтқанша менің қолымда бол» деп хат жазыпты. Ай, бауырмалым-ай, бұрын көрмеген Изаны бауыр тұтып, келінім деп түсініп, жанына шақырғанда қаншама қасиет жатыр...

Енді Зиба жоқ, Иза келін боп түсіп, Ауагүлдің үйіне кірді. Толықша келген, ақсары келіншек екен.

Ауагүлдің үлкен қызы Айымжамал маған:

– Әй, Барсхан, көрімдік бер. Мына Иза жеңгең болады, – деп жайраңдады.

Мен қысылып қалдым. Немді беремін? Өзім қайта осы үйден бірдеңе дәметіп келемін.

Төлен нағашым жағдай сұрап:

– Оқуың қалай? – деп қойды.

– Жаман емес сияқты. Айтпақшы, аға, сіздің Жора деген жолдасыңыз бар ма?

– Иә. Оны қайдан білесің?

– Ылғи мектепке келіп, менен Қаратаев не айтты, не деді? – деп сұңқылдап сұрап, соңымнан қалмайды.

– Сен не дедің?

– Не деймін. Сабақ өткізді. Махамбетті, Абайды оқытты деймін.

– Oh, оңбаған иісшіл ит. Титтей балада несі бар-ей. Ал, былай, Барсхан. Енді келсе, айт: ештеңе білмеймін, сабақтан басқа ештеңе айтқан жоқ де.

– Е, өзі де солай.

Төлен нағашым қабағы түсіп, шықшыты бұлтыңдап, түнеріп қалды.



Құдайдың ашық күнін Жора сияқтылар қолымен көлегейлеп, әлемді қараңғы түнекке қамап қойғысы келетінін сонда барып шамалағандай болдым.

Класта киімілгіш жоқ. Көк қалпақ сол баяғы терезенің алдында жатады. Көк қалпақ осы кластың бір мүшесіндей, үйреншікті болып кетті. Ағайымызға да бауыр басып қалдық. Әдебиет деген таңғажайып әлемнің сәулесіне шомылғандай, шетімізден өлең жазғыш боп кеттік. Уәли Данаев қабырға газетінің редакторы. Мен өлең жазамын. Ол жариялайды.

«Абай» романын Сәбит Мұқанов жазған деп соққан Әлтайдың өзі де бірдеңелерді шатпақтайды.

Аға бізді театрға алып барады. Біз пір тұтатын Шәріп Сәкиев, Күләш Сәкиева сияқты әртістермен кездестіріп, әңгімелерін тыңдатады.

Күләш Сәкиева тіпті интернатқа өзі келіп, асханада бізбен бірге отырып тамақ та ішті. Ән салды. Даусы жап-жақсы еді. Өзі сүйкімді-ақ.

Осылайша енді-енді көзіміз ашылып келе жатқанда... Тағы да бір көктем еді. Кластың есігін біреуептеп тықылдатты. «Ағай: «да», – деп айтып үлгергенше, баяғы сол алтын тісті, жылмақай Жора босағада тұрып, ағайды ымдап шақырды. Табалдырықта бірдеңе-бірдеңе деп сөйлесті.

Ағай қайта оралып, журналды ала беріп еді, қолынан түсіп кетті. Еденнен еңкейіп қайта алды.

– Ал, балалар, сау болыңдар... – Есікке қарай беттегенде, аяғы кібіртіктеп, қайта бұрылып:

– Мені біреу жамандаса сенбеңдер, – деді. Ішім бір пәлені сезді. Ал балалар аң-таң, бәрі аңқиды да қалды. Тек Ертай ғана гүрілдеп, сойдақ тістері ақсиып:

– Халық жауы, – деді.

– Оттама! – деді Ақтай. Кішкентай болса да, дәуден қорықпайды.

– Қайдағыны айтады екен осы да, – деп Гүлнәр бұртиды.

«Халық жауы». Қандай қаһар соққан зәрлі сөз. Ертай сонда маған қарап айтқан сияқты көрінді. Ертайдан қорқатын болдым. Түсіме кірмесе неғылсын.

Терезе алдында көк қалпақ қалып қойды. Мен көк қалпақты ала салып, әлгілердің артынан жүгірдім. Көшеге шығып қалған екен. Ағайдың екі қолы кісендеулі. Өзі кие алмайды. Өкшемді көтеріп, басына кигіздім.

– Рахмет, қарағым,– деді ағай.– Менің күнімді сендерге бермесін.

Жора маған жыланша жиырылып:

– Жолама. Кет! – деді.

Тағдыр екен, арада алты жыл өткен соң мен Мұхамеджан Қаратаевпен Алматыда жолықтым.

АРИГАТО!

Қарашаның соңы еді. Түнімен түнеріп тұрған бұлт толғағы жетіп, таңертең қар жауды. Жаңа жауған қар – о да перзент. Күнәдан пәк. Аппақ.

Адамдар да сондай. Жаңа туғанда бәрі періште. Өсе келе, араларынан неше түрлі шығады. Ақылды да, ақымақ та. Адал да, арам да...

Әйтсе де ақымақтары басым ба деп қаласың. Өйткені төбелесе береді. Соғыса береді. Соғыса береді.

Біз интернаттан шығып, Қарахан күмбезінің айналасындағы кішкентай төмпешіктерді аралап өтетін жіңішке жалғызаяқ жолмен жүреміз. Төмпешіктер жермен-жексен болып кеткендей. Әр төмпешік бір-бір адам екенін біле бермейміз. Арасында атан жілік Мәмбет батыр жатқанын да сезбейміз. Иманнан жырақ, жабайы өстік қой. Атшабар базарын жанап, Абай көшесіне түсіп, мектепке кетіп бара жатқанда, алдымыздан кескін-келбеті бөтен бір сап көрінді.

Мен бірден танылым: жапондық тұтқындар! Бұрын мұндайларды Шолақтауда көргенмін. Соғыстың құрбандары. Мылтықты қарауылдар оларды айдап өткенше қарап тұрдық. Бастарында күнқағары бар жапырма кепке. Үстерінде сұр күртке, сондай сұр шалбар. Ал аяқтарында – ағаш таға. Кейбіреуінің шұлығы бар, кейбіреуінде о да жоқ. Тек тақтай табан. Жіппен байлап қойған. Соғыстың құрбандары. Қанша айтқанмен, қар жауып тұр. Башпайлары барбиып, үсіген картошкадай домбыққан.

Ал айдауылдардың кигені қарағайдай қара етік. Үстерінде – шинелі, бастарында қызыл жұлдызды құлақшын. Яғни, қысқы әскери форма.

Бірақ жазда да, қыста да өзгермейтіні – қолдарындағы автомат. Тұтқындар түксиген. Айдауылдар сұсты.

Тек тұтқындардың біреуі ғана бізге ыржиып күле қарады. Қайдан көрдім? Бізге ымдап, шылым сұрады. Есіме түсе кетті: Шолақтауда, станса басында платформадан қарағай түсіріп жатқан жапондық



тұтқындар ше?! Осы байғұс сонда да айдауылдан папирос сұраймын деп оңбай таяқ жеген.

Дәл сол. Сонда да өстіп ыржиып күлген. Таяқ жесе де. «Аузың қанап, қан түкіріп тұрғанда, біреу: «не болды?» – деп сұраса: «Шие жеп едім», – деп жауап бер» деген өсиет, сірә, жапондарда да бар шығар. Мынау сондай. Таяқ жесе де күледі.

Басқа балалар кетіп бара жатса да, мен қалшиып тұрып қалыппын. Әлгі жапон соны сезгендей маған бұрылып қарады. Әлдене дегендей, қолымен аспанды сызып көрсетті. Оған тоқтауға болмайды. Ымдап та болса сөйлеуге рұқсат жоқ.

Абай көшесінің бойында, Атшабардың астында жаңа үй салынып жатыр екен. Тұтқындар сонда барып тоқтады.

Кейін білдім: ол сол кезде МГБ, соңынан КГБ деп аталған мекеменің үйі екен.

Сабақ үстінде де әлгі жапон көз алдымда көлбеңдеп тұрып алды. Не деді өзі? Аспанды күншығыстан күнбатысқа дейін саусағымен сызғылап, аузынан түтін шығарғандай белгі берді. Аузынан түтін шығарғандайы түсінікті: темекі сұрағаны. Ал аспанды сызғылағаны... Ертең күн айналып шыққанда дегені шығар...

Байқамай қалыппын, қасыма Аргуния апай келіп тұр екен. Сүп-сүйрік сұқ саусағымен иегімді көтеріп, көзіме үңіле қарады. Саусағы жып-жылы екен, тұлабойым ду ете қалды.

– Көзің тұнып тұрған мұң ғой, байғұс бала, не ойлап отырсың? Әлде біреуді сағындың ба?

– Иә, апай...

– Кімді? Әлде біреуге ғашық болып қалдың ба?

– Әкемді, апай.

– Әкең қайда?

– Білмеймін, апай.

Аргуния басымнан сипап тұрып:

– Сағынған жүрек жаман болмайды, – деп бұрыла берді. – Бірақ сабақты да тыңда. Біз қазір ғана катод жөнінде әңгімеледік. Ал сенің ойың алыс-алыста, әкеңді іздеп жүрді. Оны ойлай бергенше, сабақты ықыласпен тыңдасаң, сағынышың жеңілдейді. Әйтпесе, жүдеп кетесің. Мен де... сағынамын. Тек сендерге оқу үйретумен ғана, оны уақытша ұмытамын.

Жан-жағалай жұмбақ. Жапон тұтқын ымдайды. Мұғалім апай тұспалдайды. Мен де сағынамын дейді. Кімді? «Оны» деді ғой. Ол кім?



Әлде күйеуі ме? Бірақ күйеуі осы қалада әжептәуір қызметкер деген. Бек Абдуллаев деген. Оны мен көшеде, Төлен нағашыммен бірге келе жатқанда көрдім-ау, сірә. Аққұбаша келген, көркем, кербез жігіт екен. Сондай жары жанында болса, сонда бұл тағы кімді сағынады? Оны мен кейін-кейін білдім ғой. Әкесі Алашорда көсемдерінің бірі Жақып Ақбаев екен да. Оны ешкімге, тіпті қасындағы күйеуіне де айтпаған шығар. Әйтпесе, неге Ақбаева емес, неге Жақыпова? Апайдың небір қылуетте жатқан құпияңды біліп қоятын сиқыры бар екен «Әлде біреуді сағындың ба?» – деді-ау.

Әлгі жапон тұтқын көз алдымнан кетпей қойғанда әкемді ойлағаным рас. Әкем де сондай тұтқын болды-ау дедім. Бірақ ол темекі тартпаушы еді. Абақты үйретпесе. Қорғансыз Айшаны, үрпекбас үш балапанды ойлай-ойлай, құсадан шылым шегіп кетпесе. Сонда әркімнен темекі сұрап телмірмесе. Олай да болуы мүмкін ғой. Енді жапон-тұтқынға шын жаным ашыды. Ертең жолыға қалса, қалайда бір уыс темекі тауып беруім керек. Егер айдауыл алдырса... Мектептен қайтар жолда Көк базарға бұрылдым. Базарда Ержан бөлемнің немере ағасы, баяғы Төлек болыстың баласы Ұлан бар. Темекі сатады. Екі көзі шоқтай жанып тұрған, төртпақ келген, балуан тектес, жалынды жан. Бауырмал. Бірақ бірі кем дүние. Құдай оған тіл бермеген. Темекі сатады. Қалталары толған бір сомдық болады. Өйткені бір стақан темекі – бір сом. Кейде қасына барып сәлемдескенде маған ылғи бір сом ұстатады. Оған мен бір стақан шекілдеуік сатып аламын. Осы жолы да мыж-мыжы шыққан бір сомдық ұсынды.

Басымды шайқап, алмаймын дедім. Қапшықтағы темекіні көрсеттім. Содан бер деп ымдадым. Көздері шақшиып кетті. Бетінің түктері тікірейіп кетті. Қолдарын, саусақтарын көз ілеспес жылдамдықпен қимылдатып: «Сен темекі шегуші ме едің? Мойныңды жұлып аламын!» – деді. Шыннан жұлып алады екен деп зәрем кетті. «Жо-жоқ, мен шекпеймін», – деп білгенше ымдап-ақ жатырмын.

Маған емес, тұтқын жапонға керек деп қалай түсіндіремін? Мылтық ұстаған айдауылды ыммен бейнелеген болдым. Оның алдында бүрсеңдеп бара жатқан жапонды салған болдым. Түсіндіре алмадым. Болмаған соң дәптерімнің бір бетіне: «Япон. Плен» – деп, бадырайтып, ірі-ірі етіп жазып көрсеттім.

Қарап-қарап тұрды да, «А-а-а!» – деп айқайлап жіберді.

Екі көзін құйрығынан тартып сықситып, тісін ақсита күлген болып, өзі жапонға ұқсады да қалды. Мен қуанып кетіп: «Иә, иә», – деп басымды шұлғи беріппін.



Әлгі ұрысқаныма ренжіме дегендей, арқамнан қақты. Әдетте бір стақан темекі сиятын газет қиындысына емес, облыстық «Сталин жолы» газетінің тұтас бір парағын жыртып жіберіп, қос қабаттап, қалталап, түбін түйіндеп, уыстап-уыстап, темекіге толтырды да, аузын мықтап бүктеп, қолыма ұстата салды.

Рахмет ишаратын жасап, кете берейін дегенімде: «А-а-а!» – деп айқайлады. Жалт қарап едім: «Өзің шегіп қойсаң, мойныңды жұлып аламын!» – деп ымдағанын бірден түсіне қойып: «Жоқ, жоқ, оллаһи-биллаһи», – дегенді бірдеңе етіп жеткізгендей болдым-ау деймін. Аңқылдап күлді. Мылқаулар күлсе – шын күледі. Қулығы жоқ. Қостөбе Жаныстағы Төлек болыстың баласы. «Ақыр байдың баласы аштан өлген» деген заман.

Темекі сатады.

Қар алдымен жапалақтап жауды да, соңынан майдалап, ұлпа ұндай себеледі. Бұл енді ұзаққа сілтеудің серті еді.

Бөлмедегілер қолымдағы қомақты газет орамасын көріп:

– Ой, бүгін шекілдеуікті оңдырмай алыпсың ғой.

– Әй, бізге де берсеңші.

– Соның бәрін жалғыз өзің қалай тауысасың? – десіп қылқылдады-ай шетінен. Шынымды айтып:

– Бұл шекілдеуік емес, – деймін.

Сенбеді.

– Енді не?

– Не де болса бөліссеңші.

Арамызға кейінірек келіп қосылған Балтабай деген ересек жігіт бар еді. Сол байқап қойды. Ораманы сыртынан иіскеп:

– Темекі ғой, – деді.

– Бұл Барсхан енді темекі шегетін болған ба? – деп қарашай Хасболат гүрілдеді. Аюдай төңкеріліп, төсегінің үстінен маған алара қарады. Көзі жаман. Шаршаған өгіздің әлемді жеккөре қарағанындай.


– Ауылдан ағам сұратқан екен, сонікі, – дедім. Балтабай газеттің орамасын ашып, темекіден бір шөкім шымшылап алып:

– Дәмі қандай екен, – деді.

Қалтасынан дайын газет қиындысын шығарып, темекіні орап, шишақпақ тұтатып, ащы түтінді бұрқырата бастады.

– Комнатада тартуға болмайды! – деп гүж ете қалды Хасболат.

– Далада қар жауып тұр, – деді Балтабай. Хасболаттың койкасынан ары, Сойдақтістің іргесіндегі дәу қара пештің қақпағын ашып, шоқиып отырып, түтінді пештің ішіне жіберді.



– Енді ұрыспайсыз, басеке, – деп Хасболатқа қарап күліп қойды.

– Сен өзің темекіні бұрыннан тартатын қу екенсің. Мыналарға үйретететін болдың ғой, – деп Хасболат біз жақты меңзеді.

– Нағыз еркек темекі шегеді. Әйтпесе, қыздар қарамайды,– деп тойтарды Балтабай.

– Онда әкелші, мен де бір сорайын, – деп Сойдақтіс орнынан сүйретіліп түрегелді.

– Қыздан аузыңның салуы болмай жүр еді, тарт, байғұс, тарт, – деп Сайыпқожа сарт ете қалды.

Сойдақтіс қомағайлығына басып, түтінді ішіне көбірек сіміріп жіберсе керек, жөтеліп, қақалып-шашалып, көгеріп, өліп қала жаздады.

Сайыпқожаға Құдай берді:

– О, сорлы, енді саған қырық жерден айттырсаң да қыз жоқ, – деп көзінен жас аққанша күлді дейсің.

– Мықты болсаң, өзің шегіп көрші, – деп ақсиды Сойдақтіс.

– Е, шексе несі бар, сен сияқты кеуек дейсің бе, – деп Сайыпқожа Балтабайдан шылымды алып, бір сорып, жайлап қана түтінін сыздықтатып шығарып жіберді.

– Әне, қақалған да жоқпын, сен құсап шашалған да жоқпын.

– О, арам, ішіңе тартқан жоқсың, – деп Сойдақтіс бой бермейді.

– Ішке тартып, сен сияқты қомағай, обыр дейсің бе, қыздарға қырындау үшін, әшейін аузыңнан түтін шығарсаң болды.

– Трубка мира! – деді. – Білесіңдер ғой, кинода үндістер трубка мира тартады. Ол айнымас достықтың белгісі. Кәне, достығымыз үшін, – деп Хасболатқа да ұсынып еді. Ол көнбей қойды.

– Темекі – сайтанның сідігінен шығады. Жоғалт әрі! – деп өгіз көзін алартты.

Осындай гу-гу, ду-думен байқамаппыз, қарашаның қысқа күні әлдеқашан батып, қараңғылық түсіп қалған екен.

Есік ашылып, кешкі суықтың буымен бірге серейіп, бөлмеге біреу кіріп келді. Завинтернаттың өзі! Сілейдік те қалдық.

Қасқа маңдай. Бұйра шаш. Иығында – венгерка, галифе шалбардың қалтасында қос қолы. Қырым етік. Ертектегі жалғыз көзді дәу сияқты. Бұтымызға тышып қоя жаздадық.

– Топор можно вешать! – деп саңқ етті. – Айда, тез далаға шық!

Біреулер тұқшыңдап, койканың астынан бәтіңкелерін іздей бастап еді:

– Киме! Қалай тұрсаң – солай шық!

Көйлекшең, кейбірі жалаңаяқ, кейбірі дамбалшаң сүмірейіп-сүмірейіп далаға шықтық.



Қар тобықтан асып кетіпті. Асхананың алдында тізіліп тұрмыз.

– Кәне, айтыңдар: кім шекті шылымды?

Үн жоқ. Қар жауып тұр. Оның бетімізді аймалап, жабыса түскенін байқаймыз. Сүйіскен сияқты.

– Айтпасаңдар, тұрыңдар! – деді де, өз үйіне кірді де кетті .

– Ей, Барсхан, айтсаңызшы, бәрін бүлдірген сен! – деп гүжілдеді Бегомот.

Хасболат. Дәл қазір әсіресе бегомотқа өте-мөте ұқсайды. Іш-киіммен, жейде-дамбалшаң тұр. – Саған бола, бәріміз үсіп өлеміз бе?

– Мен емес шеккен. Темекі ағамның аманаты.

– Барсханда кінә жоқ, – деді Сайыпқожа. – Жаңа ғана Трубка мира деп келіскенбіз. Бір-бірімізді сатпаймыз.

– Трубкаң құрып кетсін, мен трубка тартқан жоқпын, – деп ашуланды Бегомот-Хасболат. Үйден қақырынып өзі шықты.

– Айтасыңдар ма? Кім шекті?

Үн жоқ.

Өзі қайтадан бұрылып, үйіне қарай беттей бергенде, Бегомот-Хасболат:

– Ағай, ағай, – деп қалды.

Ақыры жеңіске жеткеніне масаттанғандай, өзі паңдана кері бұрылды.

– Ал, айт.

Бегомот-Хасболат оң қолын ербеңдетіп, тұтығып, сөйлей алмай булықты да қалды. Біреу буындырғандай бет-аузы долырып кетті.

– Не болды? Айт. Тілің күрмеліп қалды ма?

– Ағай, ол, ол, ол... Ба-ба... Барсхан.

«Енді құрыдым. Интернаттан шығарып жіберетін болды», – дедім. Ай, ит-ай, бегомот-ай, сатқын екенсің ғой.

Жаланаяқ қар үстінде тұрсам да табаным қызып, тұлабойым өртеніп бара жатқандай болды. Бегомоттың дәлелі бар: газетке ораулы темекі қобдишаның ішінде жатыр.

Бегомот айтса, завинтернат қазір барып тауып алады. Құрыды деген сол!

– Ағай, – деген дауысқа жалт қарасам, Балтабай екен, – Ағай, шылым шеккен мен, мен едім.

– Бәсе, өзім де солай ойлап едім. Кейін келсең де кесірлі ала тай екенсің ғой. Сен қал, – Сапқа қарап. – Баскаларың – разойдись! – деді завинтернат.



* * *

Таңғы аяз кәдімгідей зәрлі екен. Аяғымыздың асты қаршылдайды. Көп баланың аяғынан шыққан қардан Қарахан әулие күмбезі жаңғырығып тұрғандай.

Атшабардың тұсынан өте бере, басқалардан қалыңқырап, жан-жағыма қарап келемін. Тұтқын жапондар жолықпаса, қойныма тыққан ку темекіні қайда тастаймын? Мектепке алып кіруге болмайды ғой. Жаздағы жасыл жапырақтарынан айырылып, түндегі біз құсап, тыр жалаңаш қалған теректің түбіне газетке ораулы темекіні тастай салмақшы едім...

Билікөл көшесі жақтан көп қаршылдың дыбысы естілді. Айдаудағы тұтқындар екен. Ауыздарынан бу бұрқырайды. Балалардан қалып қойып, әлгі жалаңаш теректің тасасында күтіп тұрдым.

Жалаңаяқ жапондар бастарын кегжитіп, аспаннан ғана жақсылық күткендей көкке қарап, тұсымнан өте берді. Менің келетінімді, тосатынымды сезгендей, кешегі күлекеш жапон саптан сәл шығыңқырап, маған қол созды. Қойнымдағы ораманы ұсына бергенім сол еді, айдауылдың аждаһадай даусы шаңқ ете қалды.

Бере салып, тұра кеп қаштым.

Алыстан аңғарғаным: айдауыл ораманы жапоннан тартып алып, ішіндегі темекіні теректің түбіне шашып-шашып жіберді.

«Есіл еңбегім-ай», – дедім. Жапон байғұс тоңқаңдап, қар үстінен бір уысын қармап ала бергенде, айдауыл оны автоматтың дүмімен түйіп кеп қалды. Тұтқын бір домалап барып орнынан тұрып, мен кеткен жаққа қарап:

– Аригато! Аригато! Аригато! – деп үш қайтара айқай салды.

– Аригато-о-о! – деп қарға шоқиып отыра кетіп, қыламық ақ ұлпа себелеп тұрған тұнжыр аспанға қолдарын жайып жіберді.

Аспаннан не тіледі?

Шоқиып отырып, аспанға қарап ұлыған Көк бөрі...

Не дегенін түсінбесем де, сол Аригато миымда жатталып қалды.

Жапондарға жақын ғой деп кейін бір кәрістен сұрасам:

– Рахмет дегені, – деді.

Рахмет кімге? Маған ба? Әлде қандай қорлық көрсетсе де Көк Тәңірден күдер үзбегені ме?

Осыны өмір бойы ойлап келемін.



ТӨРТ КҮРЕК ТІС

Тәңірдің құдіретіне таң қаласың. Ойласаң – ойың, қиялдасаң – қиялың жетпейді. Көңіл қанша «көк дөнен» болса да, о да жетпейді.

Құдірет шетсіз-шексіз әлемді әділ сағат тетіктеріндей мінсіз жаратты. «Галактика, – дейді бізге астрономиядан сабақ беретін Хабибат Әбубакировна. – Галактикада бірнеше Күн системалары бар, – дейді. – Бірақ Галактика біреу-ақ емес. Көп.

Сонда мен ойлаймын: көп болғанда – қанша? Көптің де шегі бар ғой?

Осылай деп сұрайын десем – қорқамын. Апай ашуланшақ. Дереу «Құрлық бала» дейді. «Құрығыр» дегені ғой. Мен құрығаннан не пайда? Менің орныма сарымсақ еге ме?

Демек галактикалар көп. Ендеше, күндер олардан да көп. Сол көптер қайда барып тоқтайды? Жарайды, әйтеуір бір араға барып тоқтайды.

Ал енді сол «бір араның» арғы жағында не бар?

Оны мұғалім айтпайды. Мен білмеймін. Білейін деп ары-бері ойлансам, миым айнала бастайды.

Енді әлгі астрономия ғылымының күші жетпеген кітапқа жазған әлемнің өзін Құдірет шебер жаратқан. (Мұғалім «Құдірет» деп айтпайды) Шебер жаратқаны сонша – бәрі тәртіпті. Күн де, Ай да, Жер де өз жолымен, тек қана өз жолымен жүреді. Қатып, сіресіп қалған ешқайсысы жоқ, бәрі қимылдайды. Егер, әлдекалай біреуі жолдан тайып кетсе, ақырзаман сонда болмақ. Күл-талқаны шығады. Оның бетін Құдай аулақ қылсын.

Құдірет, шексіз шебер Құдірет адамды да керемет жаратты. Қаншалықты шебер жаратылғанын адам өзі әлі түсініп болған жоқ. Қой дейтін малды күнде сояды. Адам сол сойылған қойды қайтадан қалпына келтіріп, тірілте ала ма?


О, Құдірет! Шексіз шеберлігіңе құлдық сенің!

Ал әлгі соншалықты керемет жаратылған адам Күн сияқты, Ай сияқты, басқа жұлдыздар сияқты әркім өз тура жолымен жүре ала ма?

Жоқ. Қисаландай береді.

Құдірет оған ақыл-ой берді. Сана-сезім берді. Тура жолмен жүр деді.

Жоқ. Қисаландай береді. Қисаландай берсе, бір машина бір машинамен соғысып күл-талқаны шықпай ма?



Адамдарға ұқсап, өз орындарынан, жолдарынан шығып кетіп, тау-таумен, жұлдыз-жұлдызбен соғыса берсе не болар еді?!

Жоқ, таулар да, жұлдыздар да, барлық жаратылыс Құдіреттің Заңымен жүреді.

Ал адамдар Құдіреттің Заңын менсінбей, өздері заң шығарып алған. Заңы дұрыс-ақ делік. Бірақ өздері шығарған заңды өздері бұзады. Неге?

Қисаландай береді.

Аргуния апайдың айтуы бойынша, Ньютон деген кісі ойлап тауыпты: Жерді ары-бері қисаландатпай, бір ізбен жүргізіп отыратын басқа планеталардың күші көрінеді. Тартылыс күші болады екен. Мысалы, құдыққа құлап бара жатқан адамды қолынан тартып ұстап қалсаң құтқарасың ғой. Сол сияқты.

Ал адамдар жұлдыздардан үйренбейді. Көбінесе біріне-бірі қолын беріп құдықтан құтқарып қалмайды, қайта итеріп жібереді.

Сондықтан да адамдарда қуаныштан гөрі қасірет көп.

Өзі Жаратқан Әлем деген арғымақтың екі тізгін, бір шылбырын уысында ұстап отырған Құдірет, сонда деймін-ау, адамдарды неге ауыздықтамайды?

Әлде Құдірет жоқ па?

Онда Әлемдегі әдемі үйлесімді кім орнатты? Ешнәрсе өзінен-өзі рет-ретімен, кескін-келбет суретімен орнай қалмайды ғой.

Аласапыранды Хаос дейді екен. Тәртіпсіз бәле ғой. Хаосты жібектей етіп, жөн-жүйеге салған кім? Не? Ақылың жетсе – ойланып көр.

Асханадан түскі тамақты ішіп-жеп болып, аулада өріп жүрген кезіміз. Дарбазадан басында шаңырақтай сеңсең қара бөркі бар, астында қаба қара есегі бар, сақал-шашы, тіпті қасына дейін аппақ құдай бір ақсақал кіріп келді.

РУ-дың бұзық балалары ақсақалдың есек мініп келе жатқанын көріп, өзге планетаның адамын көргендей, улап-шулап, ыржаландай күліп, есектің құйрығына шыбық жүгіртіп, мазаққа айналдыра бастап еді, қария: «Әй, найсап, тәйт!» – деп, қолындағы қамшымен тартып-тартып жіберіп еді, әлгі шәуілдектер қынсылай қашты. Біз, жүз бала бата алмай жүрген жүгірмектерді жалғыз шал жайрата жаздағанын көріп, таң қалдым да ойладым: «Олар да қорқады екен ғой».

– Әй, балам, – деді қарт таң қалып тұрған маған. – Осында Тұраров деген жәутік бала бар ма? Шақырып жіберші.

Ой, Ақтай ғой! Сүйінші сұрайын деп бөлмеге тұра жүгірдім. Ақтай койканың жиегінде шоқиып, кітап оқып отыр екен.



– Ақтай! Атаң келді! – деп, өз әкем келгендей айқайлап жіберіппін.

Артынан әкесі, атасы іздеп келгендер қандай бақытты!

Мені іздеп келер әке жоқ, ата да жоқ. Анда-санда Айша келеді. Нан, қуырған жүгері әкеледі.

– Несіне әкелесің? Мұнда тамақ жетеді, – деймін.

– Құрқол қалай келемін? – дейді Айша басымнан сипап тұрып. Мұнда ата-аналар құрқол келмейді.


Әне, Ақтайдың атасы баласының қолына бір дорба ұстатты. Не болды екен? Оны қазір бөлмеге барған соң көреміз.

Онымен қоймай, қойнынан тағы бірдеңе шығарды. Бір бума ақша екен деп қалдық. Орама қағазын жазып жіберіп еді: кепка екен! Мұндай әдемі кепканы мен әлі көрген жоқпын. Менен басқалар да аңқиып қарап қалды. Сегіз сайлы, түрлі-түсті кепка екен. Қызыл-жасыл, сарысы да бар ғой деймін. Баласының басына кепка емес, шұғыла кигізгендей, нұрландырып жіберді. Ақсақал баласының басына кептеп кигізіп, милығына дейін түсіріп жіберді. Бәріміз күлдік. Ақтай мұрнын бір тартып қойып, жөндеп, түзетіп киді.

– Шақ па екен-ей, Ақтайжан, – деп атасы да қуанып қалды. Баланы қуанту не үшін керек? Қуантушы адамның өзі үшін керек. Алдымен, егер дүниеде қанша миллион бала бар, біреуі жыламай, бәрі қуанып жүрсе, осы дүниенің өзінде-ақ жұмақ орнар еді. Сор болғанда, көп бала жылайды.

Атай кеткен соң Ақтайдың кепкасын кезек-кезек киіп қуансақ та, кейін-кейін осы әдемі телпекке бола, әжептәуір, атышулы жанжал шықты.

Ақтай бөлмеге жылап кірді. Мектептен қайтқан беті ғой. Әдетте мектептен қайтқанда интернаттың балалары топтанып жүретін. Бұл жолы Ақтай Көк базардың іргесіндегі өзбек даршыларының ойынын көремін деп, топтан қалып қалса керек. Даршы дегеніңіз – «канатоходец», яғни биікке керілген арқанның үстімен жүретін жанкештілер. Жан кешкені сол, сонау биіктіктегі жеңді білектен жіңішке арқанмен адам қалай жүреді? Әне құлайды, міне құлайды деп, айдалада тұрып сенің үрейің ұшады. Даршының қолында ұзын сырығы болады. Қылкөпірдің үстімен жүріп бара жатып, бір жағына ауып, жығылып бара жатса, әлгі сырықты келесі жағына қисайта қояды да түзеліп кетеді. Онысымен қоймай: «О, дат! О, дат!» – деп айқайлайды. Біз түсінбейміз. Бәлкім, әлдебір құдіретке сыйынғаны шығар. Әлде өзіне-өзі қуат берер ұраны шығар.



Біз қарнымыз ашқан соң ойынның аяғына дейін шыдамай, интернатқа асыққанбыз. Ал Ақтай, бала неме, аузы аңқайып, қалып қойыпты.

Енді міне, бөлмеге жылап кірді. Түскі тамақты ішіп алып, қарнымызды сипалап жатқанбыз. Әуелі менің ойыма келгені: «Ақтай кешігіп келіп, асхана жабылып қалып, тамақсыз қалған ба?» – дедім. Соған да жылай ма екен?

– Не болды-ей?

– Кепкемді тартып алды, – деп өксіді Ақтай...

– Кім?

– Аналар, – деп РУ жақты нұсқады.

– Тұрыңдар! – деп айқайлап жіберіппін демалып жатқандарға.

Бір-екеуі ғана еріне тұрып, койкаларының үстінде шоқиып отырып қалды.

– Тұрыңдар!

– Тұрғанда не бітіреміз, байғұс-ау? – деп ыржиды Сайыпқожа.

– Бұға берсең, сұға береді. Тұр!

– Ал тұрдық, қиратсаң, – деп Сайыпқожа қиреленді көтерілді.

– Мен бұл шатаққа араласпаймын, – деді Хасболат.

– Шатақсыз келісуге болатын шығар, – деді Сойдақтіс-Ертай.

– Көп болса, бас жарылар, көз шығар, әйтеуір өлтіре қоймас. Қоян ғұрлы жоқпыз ба, сояйын деп жатқанда о да аяғын серпеді ғой.

Осылай деп айтуын айтып салсам да, өзім де жасқанып тұрмын. Оның үстіне мына Хасболат-Бегомот пен Сойдақтістің солқылдақтығы әуелгі аптығымды басып тастағандай болды. Тағы да болса, Әлтай қажырлы екен. Кәдімгі қомағай Әлтай.

– Айда, кеттік! – деді даусы шіңкілдеп.

– Құрқол қайтіп соғысамыз. Олардың темірі бар, – деп Сайыпқожа тағы күдік айтты.

– Міне қару, – деп Әлтай өз кереуетінің шабақ шыбығын суырып алды.

– Қазынаның мүлкін бүлдіруге болмайды, – деп қорқытты тоңмойын Хасболат.

– Ештеңе қылмайды. Қайтып орнына салып қоямыз. Темір шыбықпен қаруланып алып, басқа бөлмелердегі балаларға бардық.

– Жүріңдер. Ақтайдың кепкасын РУ тартып алды. Соны қайтарып аламыз.

– Ойбай, байғұс-ау, РУ күшті ғой. Таяқ жеп қаласыңдар. Қой



барма, – деді онынші кластың озығы, біздің кластағы Гүлнәрдің ғашығы Тілепалды ыздиып, бетіне крем жағып, айнаға қарап тұрып.

– Бармасаң бармай-ақ қой, тауықсыз да таң атқан.

– Мен госэкзаменге дайындаламын, уақытым жоқ, – деді Тілепалды.

Не керек, әр бөлмеден жинала келе, он бес бала болдық.

Әрине, аз. Интернатта жүз бала бар. Оның бес-алтауы қыздар. Қайта қыздар мықты ма деп қалдым.

– Төбелеске қатыспасақ та жараланғандарыңды емдеуге жараймыз, – деді.

– Намыстарың қайда? – деп, ер балаларға ұрысты. Қыздардан ұялып, тағы бес бала қосылды. Жиырмамыз жиналып, РУ-ға қарай беттедік.

– Интерники идут! – деп шыңғырып жіберді РУ-дағы жүзден астам қара көйлектердің ішіндегі жалғыз қазақ. Аласа бойлы неме құлдыраңдап, бөлмесіне қашып кірді.

Сол-сол екен, кілең қара көйлектілер сыртқа атып-атып шықты.

– Сендерге не керек, барандар? – деп екі қолымен екі мықынын тіреп, Леха дәу тепкішектің үстінде шіреніп тұр.

– Кепка керек. Қайтарыңдар!

– Қойлардың қасқырларға қарсы шыққанын көріп пе едіңдер? Сендер барансыңдар. Тамақтарыңды қасқырлардың тісі бауыздап тастамай тұрғанда қайқайыңдар!

– Кепканы беріңдер. Онсыз кетпейміз!

Леха ағаш басқышты сықырлатып, шайқала басып, аузынан тұздалған қиярдың иісі мұнқ етіп, мені дәу қолымен кеудемнен итеріп жіберді. Шалқалап барып, құлап қала жаздап, бойымды қайта түзеп, қолымдағы темір шыбықпен бастан ала салып кеп қалдым. Ашу ғой. Әйтпесе, ұрмай тұра тұрғанда да болатын ба еді...

Бірақ кеудемнен итергені өтіп кетті. Кеудеден итергені – қорлағаны. Онан да ұрғаны жақсы еді. Айша айтқан:

«Кеудеңді бастырма!» – деп.

Сол-сол екен, алқын-жұлқын алапат төбелес басталды да кетті. Леханың басы шойын ба, немене, менің ұрғанымды шыбын шаққан ғұрлы көрген жоқ, басын бір сипап алды да, маған қарай ұмтылды. Интернат койкасының темір шыбығымен тағы бір тартып жібердім. Бірақ дәу одан сескенбей, қолақпандай жұдырықпен періп кеп қалғанда мұрттай ұшып, қақпаның алдына барып құлаппын. Иттің қара күші қатерлі екен, есім ауып қалғандай болды.



Қолтығымнан біреу сүйеп тұрғызды. Қарасам, Ұлан мылқау. Сірә, базардан үйіне қайтып бара жатқан болуы керек. Ымдап: «Не болды?» – деді. Мен де ымдап, РУ жақты, қып-қызыл төбелесті көрсеттім. Бұл кезде біздің жігіттер шегіне бастаған екен. Ұлан мылқау менен: «Сені ұрған қайсысы?» – деп ымдады. Мен Леханы көрсеттім.

Ұланның түрі өзгерді. Бетінің түктері тікірейіп, көзі қанталап шыға келді. Мылқаудың ақырған үні қандай үрейлі: арыстанның ақырғанындай. Бара, Леханы қара көйлегінің омырауын қос қолымен бүріп ұстап, Леханы өзіне қарай сілкіп-сілкіп тартып, баспен тұмсықтан, тұмсықтан қайта-қайта, былш-былш соққанда, Леха байғұс, дәу жұдырықтарын жұмсауға да шамасы келмей, басы кегжең-кегжең етіп барып, гүрс етіп құлады.

– Леху убили! – деп шырылдады РУ-дағы қортық қазақ бала баспалдаққа шығып алып.

«Леханы да өлтіруге бола ма екен?» дегендей, РУ-шылдар состиып-состиып қалды. Айтса-айтқандай, Леха шыннан серейіп, жерде әлі жатыр. Ұлан мылқаудың баспен ұрғанына төтеп бере алмаған бөкен кеңсірік жападай қызыл етке айналып кеткен екен. Орнынан тұра алмай, ұмтылып жатып, Леха өзінің «сарбаздарына»:

– Отдайте им эту проклятую, дьявольскую кепку! – деп айқайлады да, қақырына қан түкіріп, қара көйлектің жеңімен аузын сүртті.

«Қара көйлектілер» Леханы жабыла көтеріп, ағаш баспалдақты бажылдата басып, үйлеріне кіріп кетті.

РУ-дағы қортық қазақ бала Ақтайдың сегіз сайлы, түрлі-түсті кепкасын алып шықты.

– Сендер кешириңдер, – деді ол кепканы бізге беріп тұрып.

Жау қолында кеткен алтын Көк бөрі басты байрағымыз биікке қайта көтерілгендей, Интернат пен РУ қорасын жаңғырықтыра:

– Ура!

– Ура!

– Ура! – деп айқай салдық.

Ұлан мылқау маған ымдап, РУ жақты көрсетіп, енді бұлар сендерге тағы тиісетін болса, маған айт, – деді де, темекі салған дорбасын көтеріп кетіп қалды.

Біз жақтан қатты жараланған бір-ақ адам болды. Ол – Тілепалды екен. Біз РУ-мен соғысып жатқанда, ол асхананың күншуақ жағына шығып алып, кітап оқып тұр екен. РУ-дың екі баласы келіп:

– Сен неғып тұрсың? – деді.



– Экзаменге дайындалып тұрмын, – депті Тілепалды.

– Мә саған экзамен! Міне – «бес» алдың, – депті де біреуі кәдімгі болт, гайка бұрайтын қара кілтпен періп кеп жіберіп, алдыңғы төрт күрек тісін бірден қағып түсіріпті. Аузы көртышқанның ініндей болып үңірейіп қалыпты. Енді біздің кластың сұлуы Гүлнәрмен қайтіп сүйісер екен?

Бәрінен де – сол қайғы. Сойдақтіс санын шапаттап қуанды.

Әлгі төбелесті завинтернат есігінің алдына шығып, венгеркасын иығына жамылып, екі қолын галифе шалбардың қалтасына салып, қасқайып қарапты да тұрыпты. Құдды Наполеон сияқты. Оны мен байқаған да жоқпын.

Бір аптадан кейін РУ-ды біздің қорамыздан көшіріп жіберді.

ТАНГО – САҒЫНЫШ САЗЫ


Ай-хай көктем! Әулиеатаның көктемі әдемі. Зипа теректер бой таластырып әуелеп тұр. Бізге зипа теректер қолайлы емес. Оған маймылша өрмелеп шыққаныңмен бұтақтары осал, сынып кетсе, күл-талқаның шығады. Бізге жайлысы кәдімгі қарағаш. Бұтақтары тарбақ, әрі жуан. Арғымақ атқа мінгендей болып отырасың.

Әулиеатаның паркі қаланың қақ ортасында. Атшабардың астында. Балпық керуен-сарайының қапталында. Парктің қарсы жағы – МГБ дегенің жапон тұтқындары салған үй. Жапсарлас – монша. Мүсілім Қонақович апта сайын бір рет бізді қойша айдап әкеліп, тоғытады.

Парк пен моншаның екі арасын Абай көшесі бөліп жатады, жарықтық.

Демалыс күні кешке паркке келеміз. Топтанып келеміз. Әйтпесе, паркте неше түрлі бұзықтар бар. Біздің көне қаламыздың бір мақтанышы – жазғы кинотеатр. Басқалар мақтанбаса – мақтанбас. Мен үшін бұл кинотеатрға жетер өнер орны жоқ. Жан-жағы биік дуалмен қоршалған. Төбесі жабылмаған. Жабылмағаны жақсы. Бізге жақсы. Өйткені бізде билет алатын ақша болмайды.

Қарағаштың басына шығамыз. Құдды қарғалар сияқтымыз. Кешке қарай қарғалар ағаш басына қонақтайды ғой. Ағаш басынан экран анық көрінеді.



Төбесі жабылмағаны қандай жақсы. Ақшасы барлар билет алып, дуалдың ішіндегі қатар-қатар скамейкаларға барып, қаздай тізіліп, кісімсіп отырады. Ал біз олардың төбесінен қараймыз.

Жұлдыздарға да рахат. Олар да ақша төлемей, киноны тегін көреді. Жұлдыздарға кино не керек деп күлерсіздер. Жұлдыздарда жан жоқ, көз жоқ, ой жоқ деп түсінетіндердің өздерінде ой жоқ. Жұлдыздар біздің марқұм ұлы ата-бабаларымыздың, ұлы аналарымыздың мекені.

Киноны кейде мұңайып тұрып Ай да көреді. Айда ой жоқ, ми жоқ, көз жоқ дегендер де қатты қателеседі. Айдың бетінде қара дақ бар. Ол диюлардың мекені. Ал жарық жағы – періштелер отаны. Алыстағы Айдың өзінде де дүлейлер мен тазалардың арпалысы болып жатады.

Фильмнің аты «Ватерлоо көпірі». Тілі орысша болса да бәрі түсінікті. Әсіресе музыкасы ғажайып. Әлгі музыканың жүрегіңді ерітіп, елжіретері соншалықты, қарағаштың басында қарға сияқты шоқиып отырғаныңды да ұмытып, кейде бұтақтан қатып ұстаған қолың босап кетіп, құлап қала жаздайсың.

Гүлнәрға өлердей ғашық Сойдақтіске әсіресе әсер еткен болуы керек, қопаңдап, қозғалақтай беремін деп, отырған бұтағы қарш етіп сынып кетіп, астындағы келесі бұтаққа ілініп қалып, ажалы жоқ екен, әрең құламады. Егер терекке шығып отырсақ қой, сөз жоқ құлайтын еді.

«Ватерлоо көпірі» сойқан соғыстан кейінгі шыққан фильм. Жас жігіт пен бойжеткен қыздың хикаясы. Әрине, мұны көрген Сойдақтістің тұлабойы балқып кетеді.

Фильм бітіп, біз жерге түсе бергенде, кинотеатрмен қабаттас би алаңында оркестр гүрс ете қалады да, біз енді топтанып алып солай қарай жылжимыз. Оркестр алғашқы арқырағанын қойып, енді баяулата ыңырсиды. Темір шарбақтың ішіне билет алып кіргендер – Құдайдың сүйген құлдары. Қыздар мен бозбалалар, тіпті бурыл шаш егделер мен кексе әйелдер құшақтасып билеп жүреді. Би алаңын асфальттап тастаған. Бишілердің аяғынан асфальт алаң сыр-сыр етеді. Оркестрге өздерінше үн қосқан сияқты.

Біз, колхозбайлар, би білмейміз. Биден сәл-пәл хабары бар Сайыпқожа сияқтылар ақша жоқтан кіре алмайды. Құр қарап, қызықтап тұрамыз. Бір жақсысы – темір тордан бәрі көрінеді.

Адамдар бақыт құшағында жүрген бейбіт заман. Күні кеше алапат соғыс болмағандай, адамдар аш-жалаңаш жүрмегендей, мамыражай, дүн-дүние дін-аман.

– «Танго», – деді Сайыпқожа би білетінін сездіріп.



– Танго? Ол не? – дедім мен түсінбей.

– Бидің аты. Мысалы, «вальс» деген сияқты.

Музыка сыңсиды. Бұл қай сыңсу? Түсінбеймін. Темір шарбақтың сыртында тұрып, сол сыңсудан менің жүрегім сыздайды. Ал билеп жүргендердің, темір шарбақтың ар жағына өтуге қолы жеткендердің де жүректері менікіндей сыздап, көздерінен еріксіз жас жылжып аға ма екен?

Қараймын, ондайлар байқалмайды. Аяқтары асфальтты тырп-тырп сыпырып, бірін-бірі құшақтап алып, кейбіреулері қабыса-жабыса сүйісіп (ұят-ай!), сықылықтап күліп, мәз-мәйрам болып жүр. Тек гимнастеркелерінің омырауы медальге толы ерте егде тартқандар мен сарықарын қатындар ғана онша жабыспай, қабыспай, сабыр сақтап қимылдайды. Ал менің жүрегім сыздайды.

Сөйтсем, бұл Танго дегеніңіз сағыныш сазы екен. Аргентина деген елде туған сарын. Аргентина Атлант мұхитының ар жағында екенін жағрафия сабағынан жақсы білемін. Жағрафиядан сабақты бізге Жақыпбек деген кісі оқытады. Басы қасқа, өңі ашаң, көздері мейірлі, сұңғақ бойлы, бойын тік ұстап жүретін, заты ақсүйектеу кісі еді. Жағрафия сабағынан үйге тапсырма береді. Әр оқушы бір-бір мемлекеттің картасын суретке салып әкелуі керек. Оны әдемілеп бояуы керек. Менің сыбағама Италия деген ел тиді. Интернатта соның суретін салып отырғанымда, Сайыпқожа жаныма келіп:

– Өй, мынауың саптама етік қой, – деп мазақтаған.


Өзі етік сияқты болса, мен қайтейін. Етікке ұқсамасын деп не дөңгелетіп, не төртбұрышты етіп салсам, шатақ шықпай ма? Онда Италияға Австрияның, не Францияның, яки Швейцарияның жерін қосып аласың, онсыз да жер үшін жан берісіп, жан алысып жататын Еуропада қып-қызыл жанжал шықпай ма?

Маған бола Еуропа соғыса қоймас, бірақ Қасымбеков мұғалім оны кешірмейді. Баттитып «2» қояды.

Аргентина картасын кім салғаны есімде жоқ. Сол елді бір кезде испандықтар жаулап алған көрінеді. Жаулап алушылардың ішінде бақыттылары да, мұндылары да болатын сияқты.

Байлық іздеп, бақыт іздеп, Испанияны тастап, Аргентинаға қоныс тепкенімен, өзінің бұрынғы Отанын, туған жерін сағынатын нәзік жүректілер де болса керек. «Танго» сарынын шығарған солар деседі.

Мен айтар едім: «Танго» – көктем музыкасы. Көктем жыры. Көктемде адамдар әсіресе әсершіл. Көктемде Самарқанның көк тасы да



жібиді дейді. Ал адам жаны тас емес қой. Жаның жібігенде қараптан-қарап келе жатып ән салғың келеді. Өзіңнен-өзің ыңылдайсың, көкіректі бір үн кернеп ызың салады. Терезенің қос әйнегінің арасында қамалып қалған шыбындай аласұрып ызыңдап, шығарға саңылау іздейді.

Ал сол саңылауы барлар – жап-жақсы композиторлар. Композиторға тілдің, сөздің керегі жоқ.

Енді мынау – «Танго». Сөзі жоқ. Сөзсіз-ақ түсінемін. Сеземін.

Адамның бір қымбат қасиеті сезім шығар.

«Танго» сыңсиды. «Танго» алысқа-алысқа, туған елге шақырады. Би алаңының темір шарбағына сүйеніп тұрып, мен сонда Жуалыны, Мыңбұлақты өлердей сағынғанымды сездім.

Мыңбұлақтан басқа тағы да әлдене бар... Атын, затын біле бермейтін. Көзге көрінбейтін, бірақ көкірегіңнен кетпейтін. Әлде өң, әлде түс сияқты бір елес ақыл-есіңді арбай береді. Әлдене іздеп алаң боласың. Себепсізден себепсіз алаң бола бергеннің несі жақсы? Бірақ тәтті алаң. Жұмбақ болған сайын тәтті сияқты көрінеді.

О, «Танго!» Мен оны билеп жүргендердің ішінен көріп қалғандай болдым. Темір шарбақтың жуан шыбықтарынан қатып ұстап, қарап қалдым. Иә, сол! Құдаша ғой, Құдаша! Семіздеу бір жігітпен билеп жүр. Ержан бөлемнің үйінен көрген Құдаша!

Адам айтса сенбейтін, түсіңде ғана кездесетін шартта-шұрт, қым-қиғаш, одағай оқиға. Әйтпесе...

Өзім темір шарбақтың жуан шыбығынан қатып ұстап тұрмын. Орнымнан қозғалған жоқпын. Қозғалсам қасымдағы жолдастарымнан: Сайыпқожадан, Сойдақтістен, Ақтайдан, Тұмсықтан сұраңдар. Құдайақы, қозғалған жоқпын.

Ал сонда Құдашамен билеп жүрген Бейтаныс Семіздің жағасынан шап етіп ала түскен кім? Теңбіл барысша атылып барып ала түсті! Мен ғой! Мен! Барсхан! Танымайтын, білмейтін Бейтаныс Семізде нем бар?! Не түлен түртті?

Бірақ мен орнымнан қозғалған жоқпын. Темір шарбақты қатты қысқаннан саусақтарым қарысып қалды. Оллаһи, қозғалған жоқпын. Куәлерім бар: Жантық-Сайыпқожа, Сойдақтіс-Ертай, Қодық-Ақтай, Тұмсық-Мақан...

Сонда... ана Бейтаныс Семізбен алысып жатқан кім? Құдаша шыр-шыр етеді. Билеп жүргендер үрке жөнелді. Алысып жатқан – өзім. Мен! Барсхан! Бейтаныс Семіз шалбарының қалтасынан пистолет суырып алып, маған оқтала бергенде, қолынан шап етіп ұстағанымда,



пистолет аспанға қарай атылып кетті. Халық жан-жаққа жанталаса қашып, темір шарбаққа кептеліп, бірін-бірі таптап кетті. Оркестрдің үні өшті. «Танго» тыйылды.

Енді бір қарасам: «Танго» бұрынғысынша сыңсиды, билеген адамдардың аяқтары асфальт алаңды тырп-тырп сыпырады. Құдаша сол кәдімгі Бейтаныс Семіздің құшағында. Өзім сол орында тұрмын. Темір шарбақты қыса-қыса саусақтарым қарысып қалды. Жолдастарым да орнында. Жантық-Сайып-қожадан:

– Жаңа не болды? – деп сұрадым сыбырлап.

– Ештеңе де.

– Пистолет атылды ғой.

Сайыпқожа маған ажырая қарап:

– Саған қос көрінген шығар, байғұс, – деді.

– Әне, анау, – деймін Құдашаны құшақтап, қалың топтан шеттеу шыққан Бейтаныс Семізді сұқ саусағыммен оқтап. (Саусақтарымды шабақтан әрең ажыратып алдым).

– Өй, ол редактордың баласы ғой, – деп таң қалды Жантық-Сайыпқожа. – Оның шыннан пистолеті бар болуы мүмкін. Әкесінің пистолетін алып жүреді екен деп естігем. Бірақ әзір пистолет атылған жоқ қой.

– Мен жаңа онымен төбелескен сияқтымын...

Енді Сайыпқожа менің иығымды сығымдап ұстап, бетімді өзіне қарата бұрып алып, көзіме үңіле, сезіктене қарады.

– Не үшін төбелестің?

– Құдаша үшін.

– Ана билеп жүрген құдашаң ба?

– Иә.

– Қайдағы құдашаң?

– Ержан бөлемнің балдызы.

– Е, ол Ленин мектебінде оқитын қыз ғой. Ана жігіт те сол мектепте оқиды. Құдашаң орысша оқиды екен да. Ә, арам, жақсы көріп қалыпсың, ә! Бізге ғой айтпайсың, – Сайыпқожа шықылықтап кеп күлді.


– Бірақ пистолет атылды, – деймін мен әлі сенбей.

– Әлгі кинодан көргенің ғой. Соның әсері ғой.

– Кино-кино. Ол – «Ватерлоо». Ал мынау...

– Бұл – «Танго», – деді пысықай Сайыпқожа.

«Танго». Сыңсиды. Емен шулап, қайыңдар билеп, тұт ағаштан ақ



бүлдірген сияқты жеміс төгіледі. Музыканы ағаш екеш ағаш та сезініп, елжірейді. Ұйқысы бұзылған қарғалар қарқ-қарқ етіп қойып, Ай сәулесінен алакөбең аспанда арлы-берлі сапырылысып ұшып жүр. А, бәлкім, олардың да билеген сықпыты сол шығар. Би білмегенің қандай қорлық. Әйтпесе, қазір темір шарбақтан секіріп түсіп, Құдашаны биге шақырсам. Бірақ Бейтаныс Семіз. Пистолет... Ну что ж!

Ай да, Құдаша! Ақсары жүзі жарқылдап күледі. Бейтаныс Семіз оның бетіне бетін тақап, құлағына бірдеңе деп сыбырлайды. Құдаша сықылықтап күледі.

Неге күледі? Мүмкін, шарбақ сыртындағы мені көріп қалып, мен туралы әлдене айтысып күлетін шығар.

Күшәла жалаған күшіктей ішім удай ашып, қараптан-қарап тұрып, тістерім шықырлайды. Жаңағы елес... Шыннан елес пе, әлде шыннан төбелестім бе? Егер шыннан төбелессем, неге мына жұрт мамыражай, мамырлап билеп жүр? Пистолет атылса, ана милициялар неге маңқиысып босқа қарап тұр? Неге менің жолдастарым түк білмегендей, ештеңе сезбегендей?

Адам да тікесінен тік тұрып, ұйықтамай-ақ түс көре ме? Жылқы емеспін ғой, түрегеп тұрып ұйықтап, түс көретін!

Ал сол соғыстың болғаны рас. Әлгінің жағасынан алғаным рас. Пистолет атылғаны рас. Ал Жантық-Сайыпқожа ештеңе де болған жоқ дейді. Басқалары да түк сезбеген.

Ауырып қалмасам жарар еді. Ненің ауруы, тапа-тәннен жабысқан қандай сырқат?

«Танго». Сөзсіз, тілсіз әуен. Неге сөзсіз, неге тілсіз? Сөз болмаса, тіл болмаса жүрек сыздай ма?

«Танго». Оның да сөзі, тілі бар. Оны есту үшін мына қалқайған екі құлақтан басқа, тіптен басқа, мүлде басқа, көзге көрінбейтін, он екі мүшеңде жоқ ерекше құлақ керек!

«Танго». Сағыныш сазы. Сонда нені, кімді сағындым? Әрине, Мыңбұлақты, Тәңіртауды, Ақсу-Жабағылыны...

Құдашаның аты – Ақ-Шолпан еді...



АЙ МЕН АЙШАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Интернатқа Айша келді.

Турникке асылып тұр едім. Көзім шалып қалды. Қақпадан кіріп келе жатқанынан танидым.

Турникте шыр айналып тұрғанда-ақ танидым.

Қолында бұл жолы бұрынғыдай түйіншегі жоқ. Бұрындары ылғи да түйіншегі болатын. Жүгері нан. Жүгері талқан.

Бұл жолы түйіншегі жоқ.

Көктем ғой. Жүгері таусылған шығар.

Айшаның көк көйлегі тозыңқыраған ба, оңып кетіпті. Ана жылы, ол жүн түтіп, жіп иіріп, мен оны жүн фабрикаға апарып өткізіп, нанға айырбастап, ол нанның жартысын Атшабардың базарына апарып сатып, сол ақшаға алған көк мата... Айша өзі тігіп киген көк көйлек. Әдемі еді. Айша сонда Сібірден Мұртаза қайтып келгендей қуанып еді. Енді сол көк көйлек бозаң тартып, оңып кетіпті.

– Барсхан, – деді мені басымнан сипап тұрып, – мен саған бұл жолы ештеңе әкелмедім. Нанды үйден барып жейсің.

– Неге?

– Сен бір күнге сұран. Бүрсігүні бәрібір демалыс қой. Ертеңге сұран. Дүйсенбіде қайтып келесің.

– Не боп қалды?

– Ауылдан Оңғарбай атаң келді. Бізді көшіріп әкетпекші.

– Қай ауылдан? – деппін түсінбей.

– Қай ауылы несі? Сенің ауылың біреу-ақ емес пе? Мыңбұлақ ше?

– Рас па? Шыннан көшеміз бе?


– Шын, Барсхан. Бұйырса, елге қайтамыз. Қуанбайсың ғой, әлде Мыңбұлақты сағынғанды қойғансың ба? Ұдайы сағынушы едің ғой.

– Сағыныш та сенің көйлегің сияқты тозған шығар.

Айша оңған көйлектің жеңін сабаудай ұзын саусақтарымен: «Шыннан тозған ба?» дегендей шымшылап қойды.

– Кебенек деген осы, Барсхан. Елге қайтамыз. Кебін кимей, кебенек киіп қайтқанымызға да мың тәубә, мың да бір шүкір Құдайға. Сендерді жат қылмай, отанына жеткізіп, өз үйіріне қоссам деуші едім. Сол тілегіме жетсем болды. Әйтпесе, саяқ болып, бөтен болып кететін түрлерің бар.

– Мына көйлекпен қалай...



– Ай, байғұс балам-ай! Мұртазаның намысшылдығы аумай тартқан-ау саған. Мен торқа кимеппін бе?! Зерлі тон, торқа көйлек – бәрі де тозады. Өсіп қалдың ғой. Жаңасын сатып әперерсің. Сенің өмірің тозбасын. Бар бастығыңа! Бір күнге сұран!

Соңғы сөздерін Айша бұйыра дауыстады.

* * *

Бұл жолы да ұрланып көштік. Сонау мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың жаңбырлы күзіндегідей. Тек онда Мыңбұлақтан Әулиеатаға көшкен болатынбыз. Таң атар-атпаста. Жалғыз есек арбамен көшкенімізді ел көрмесін деп...

Бұл жолы да есек арба. Бірақ бұл жолы арбаға екі есек жегілген. Оңғарбай атамның көк әңгісі. Біреуі мен білмейтін қара. Көк әңгі мені танығандай оқшия қарап, пысқырып қойды.

Оңғарбай атам менің сәлемімді алып:

– О, балам, үлкейіп қалыпсың ғой, – деді. Басқа түк айтпады. Көп сөйлемейтін кісі еді.

Сәли атамның үйі шақырып шәй беріпті. Сол үйде Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай аталарым, Шолпан, Қалатай, Үміт, Адас, Зүбәйда апаларым түнімен ет асып, Айша, Құрмаш, Батырхан және маған «жолаяқ» деп қонақ қылды. Түнімен неше түрлі әңгіме айтылды да, таң ата бізді жолға шығарып салды.

Айша нағашыларымен құшақтасып қоштасты.

– Арып-ашып келгенде, торғай паналатқан бәйтеректерім, рахмет сендерге, аман болыңдар. Құдай қуанышта жолықтырсын...

Оңғарбай атам да қызық. Сонау Жуалыдан екі есек жеккені несі кішкентай арбаға? Сірә, біздің жүгімізді жалғыз есек тарта алмайды деді ме екен? Байып қайтады дегені ме?

Оңғарбай атам Күйіктің жолымен жүрмей, неге екенін білмеймін, Маймақтың жолымен тартты. Әлде біздің «байлығымызды» Күйіктің асуынан алып шығу қиын болады деді ме? Ал негізінде алтын артқан есек биік таудың шыңына да шыға алады. Бірақ бізде алтын жоқ қой?!

Асаның бойын бойлап, Айша-Бибінің тұсынан, шөл даланың тұсынан пойыз жолды кесіп өтіп, Қызыладыр қыратымен қиялай тарттық.



Арт жаққа бұрылып қарап едім, алыста Айша бибі күмбезі қалып бара жатты. «Бекер Күйіктің жолымен жүрмедік-ау» деп қойдым. Айша-Бибіге дұға оқып, ақ жол тілеу керек еді.

Сұлу Маймақтың Қызыладырынан қарасаң, артта нағашылар ауылы, Бектөбе, Үлкен Бурыл, Кіші Бурыл, Әулиеата шаһары, Текτұрмас тауы қалып бара жатыр.

Қалып бара жатыр. Бәрі де осылай қала береді. Қайтып оралуын айт. Айша айтқандай, тәуба, енді біз ұшқан ұямызға оралған жолда келе жатырмыз.

Айтпақшы, Сұлу Маймақтың үстінен тыраулап тырналар тізбегі көрінді. Олар солтүстік-шығысқа, біз керісінше, онтүстік-батысқа көшіп барамыз. Біз де – бір қайтқан қаздармыз.

Сұлу Маймақ – қырғыздардың жері. Енді осыдан Күркіреусуға жеткенше қырғыз жерімен өтеміз. Түс әлетінде, жол бойында киіз үй тігіп отырған қойшыға тап болдық. Жалпылдаған жақсы қырғыз екен:

– О, қағылайын қазақ туғандар, – деп жаны қалмай, қатыны да, өзі де асты-үстімізге түсіп, самауырға шай қайнатып берді. Қойлары мәліш екен, шетінен қоздап қалыпты. Күн жылы. Көк шығып, желкен желбірейді. Қошақандар мәз. Секіріп ойнап, ит құйрықтары селтең-селтең етеді.

Шайдан кейін Оңғарбай атам керегеге сүйеніп сәл мызғып алды да, кенет көзін ашып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап:

– Қой, біз жүрелік, – деді.


Қызыладырдан асқанда алдымыздан жарқ етіп Тәңіртау көрінді. Көк аспанға найзадай шаншылып, аспан жерге құлап кетпесін деп тіреп тұрған Манас шыңы екен.

Жүрегім бүлк ете қалды. О, қасиетіңнен айналайын, Тәңіртау!

Ылғи өрге қарай жаяу келе жатқаннан болар, аяғыма тас байлағандай тұлабойым ауырлап, көктің үстіне жата кетсем бе екен деп келе жатқанмын. Кенет шаршағаным ұмытылып, әлдеқалай аспандағы сарыала қаздардың қанаты маған біткендей, ана сеңгір тауларға, Манастың батысындағы Көксай, Ақсай аңғарларына ұша кеп жөнелгім келді. Аяғым өзінен-өзі жеңілденіп, желе-жортып, жүгіріп-жүгіріп қоямын. Сонда Айша:

– Әй, Барсхан, әне Ақсай көрінді ғой, Ақсай! Біздің ауыл сол Ақсайдың ауызында ғой, – деді даусы жарқын-жарқын шығып.

– Жақындап қалдық па? – деді шаршаған Құрмаш. Жол бойы басы төмен салбырап, ләм демей келе жатқан Оңғарбай атам:



– Шаршасаң, арбаның үстіне шығып отыра ғой. Әлі қайда-а-а, – деп қайтадан үндемей қалды.

Айтса-айтқандай, әлі жол ұзақ екен, күн батар әлетінде Күркіреусудан әрең өттік-ау...

Күркіреусудың арғы беті – Қазақстан. Жуалы. Байзақ жазығы. Жаңабай жері. Баяғыда Байзақ деген датқа болыпты. Қоқан хандығына қарсы шығып, зеңбірек аузына таңылып, атылып кетіпті.

Күні бойы басы салбырап, жаяу жүрістен бір танбаған сексендегі Оңғарбай қарт сонда:

– Тоқтаңдар, – деді. – Қараңғы түсіп қалды. Мына балдар шаршады. Осында біраз дамылдап, таң қылаң бере жүрсек, құдай қаласа, түске дейін ауылға да жетіп қаламыз.

Тәңіртау сұлбасы бозараңдап әрең білінеді. Оның есесіне қол созым жерде тұрғандай жартыкеш Ай көрінді.

Жарықтық, жартыкеш Ай! «Ай болмаса аспанда, адасады» деуші еді баяғыда, күйеулері соғысқа кеткен келіншектер.

Арбадан жүктерімізді түсіріп, есектердің аяғын тұсап, отқа қоя бердік.

– Әй, Барсхан, отын жина, от жақпасақ түн салқын, – деді Айша.

Көк жаңа көтеріліп, құрай табыла қоймайтын кез. Отынды қайдан іздеймін?

Аулақта бұзылған қора бар екен. Жүрексінсем де солай қарай жүрдім. Бір қабырғасы құлап, төбесіндегі қамысы салбырап қалған екен. Топырақ басқан қамысты суырып алу оңай бола қоймады. Қияғы алақанымды тіліп кетті. Ары-бері үңіліп қарасам, қамыс арасынан бұғат ағаштардың ұшы көрінеді. Ырғап-ырғап, әрең дегенде үшеуін суырып алдым.

Оттыққа қу қамыс, отынға бұғат ағаш жараса кетті. Түнімен маздатып жағуға жарады. Шәугімде шай да қайнады. Шай ішіп алған соң Оңғарбай атам астына текемет төсеніп, үстіндегі шапанын да шешпей, көрпе жамылып, ұйқыға кетті. Батырхан мен Құрмаш та ұйықтап қалды.

От басында – Айша екеуміз.

– Сен де қисайып, ұйықтап алсаңшы, – деді Айша.

– Ұйқым келмейді.

Айша жартыкеш Айға қарап:

– Ұйқың келмесе – қуанғаның шығар. Туған жердің топырағына табаның тиді ғой. Қуат– топырақтан. Қарашы, Барсхан, туған жердің Айы да бөлекше.



– Несі бөлек, барлық жерде осындай.

Екеуміз де Айға қарап қалдық.

«Несі бөлек?» – дедім тағы да ішімнен.

– Өзге елдің оты өз еліңнің түтініне татымас, Барсхан. Дұрыстап қара, мына жарықтық Ай бізге мейірін төгіп тұр ғой.

– Өзге ел емес, өзіңнің төркін жағыңнан көшіп келе жатырмыз ғой. Неге өзге? – деп өзеуредім мен де. Айша күрсініп алды.

– Оның рас. Жаманатқа қалмадық. Сүрінгенде сүйеді. Бірақ біз кірме болдық қой, балам.

«Кірме» деген сөзді талай естісем де аса мән бермей келіппін. Санама енді жеткендей болды. Өз үйің өлең төсегің жоқ. Әркімнің босағасында босқын сияқты болу – қорлық. Соғыс басталған жылы жер аударылған бір немістің отбасы біздің Мыңбұлақтағы үйдің бір бұрышына келіп паналап еді. Сол халді төрт жыл бойы өзіміз де басымыздан кештік. Жаманын да көрдік, жақсысын да көрдік. Айшанікі дұрыс. «Кірме» деген ат жаман.

– Сенікі рас. Ай мейірленіп барады, – дедім мен.

– Адамдар Ай сияқты мейірлі болса, елден көшіп неміз бар еді, Барсхан. Тасбеттер әлі алдымыздан шығар. Бірақ сен енді бала Барсхан емессің, Құдай аман болса, енді ешкімге есеңді жібермессің.

– Ай туралы бір ақынның жазғанын айтып берейін бе?

– Айт, айта ғой, Барсхан. Сен көп оқисың ғой.

– Баяғыда Күн мен Ай ерлі-зайыпты екен. Тату-тәтті өмір кешіпті. Көп балалы болыпты. Ана жұлдыздардың бәрі сол екеуінің перзенттері екен. Мұншама бақытты көре алмаған қараулар Күн мен Айдың арасын өсек сөзбен бұзып, екеуін ажыратып тыныпты. Содан бері Ай-ханым тірі жетім қалған жұлдыз-балаларын ертіп, Күннің соңынан қуып жетпек болады. Мың-миллион жыл өтсе де жете алмайды. «Тоқта»,– деп жалынса да Күн тоқтамайды. Ай туса, Күн батып кетеді. Күн шықса, Ай батып кетеді. Ай содан әлі үміткер. Зарыққаннан кейде кеміп, арып-ашып аруаққа айналады. Кейде үміт оты тұтанып, қайта толады...

Осыны айтып, Айшаға қарасам: көзінен жас парлап отыр екен. Ай сәулесіне шағылысып, жылт-жылт етіп, жылғалана аққан көз жасын көрдім.

– Неге жылайсың?

– Үш үрпек балапанын қырға да сүйреп, ойға да сүйреп, Мұртазаны күткен Мен сияқты екен де, жарықтық, о, пірім менің, – деп Айға алақан жайып жіберіп:

– Қолдай гөр, сенің мұңайғаның – менің мұңайғаным. Менің жанымды сен ғана ұғасың.

Айша бетін сипап, көзінің жасын сүртті.

Бұғат ағаштар жанып болып, шоқ елегізіп барып көзін жұмған кезде, менің де көзім ілініп кеткен екен.

Қараторғайлардың құйқылжыта салған әнінен оянып кеттім. Жаңабайлардың сайындағы сәмбі талдарда шырқалған ән. Кезек-кезек айтысады. Бірі – күйеу, бірі – қалыңдық. Бір-бірін қысқа түнде сағынып қалғандай үзіліп-үзіліп жырлайды.

Құстардың тілін түсінбейміз. Түсінбесек те бұл дүниеге махаббат туралы ең ыстық, ең ынтызар әнді тек осы қараторғайлар ғана айтады-ау деп шамалайсың.

Күні әлі шықпаса да Тәңіртау басындағы бұйра бұлттар қызғылтым тартып, Күн нұрымен сүйісіп, бұлт екеш бұлтқа шейін, тау шыңындағы тас екеш тасқа дейін махаббат ләззатынан алауға бөленді.

Ақ бақытқа бөлену деген осы шығар.

Осы бақыттан маған да бірер тамшы бұйырған шығар: жүрегім кеудеме симай, алқынған асау аттай тыпыршыды-ай дейсің.

Тәңіртаудан аққан күміс бұлақ, киелі суға кеудемді жалаңаштап тұрып батырып-батырып алдым.

Айша:

– Суық тиіп қалмасын-ей, құтырма, – деді.

Күміс судан да суық тие ме екен. Қайта бүкіл денемді қыздырып, дуылдатып ала жөнелді.

Күн шыға бере, зүміреттей көк шөптің басына мың-миллион асыл моншақ тағылғандай, шұғыла шық сан құлпырып жалт-жұлт етті.

– Шық қалың түсіпті ғой, – дедім. Айша ойланып тұрып:

– Шық емес ол, – деді.

– Енді не?

– Бұл түндегі Айдың көз жасы. Біз пақырларды көріп, аяныштан жылап жіберсе керек.

– Сен де жыладың ғой. Бұл таңғы шық сенің де көз жасың. Ай мен Айшаның көз жасы.

– Біз сияқты жетім-жесірлерді Ай жарықтық аяйды. Ал адамдар байқамайды.

– Сәлден кейін кеуіп кетеді. Сенің көз жасың да құрғайды. Енді сен жыламайсың.

– Айтқаның келсін, ұлым! – деп Айша мені аймалап, бетімнен сүйді.



ШАҚПАҚТЫҢ ЖЕЛІ

Қалжырағаң, қанаттары талған бір топ қаз желге қарсы ұшып келеді.

Тескентауды айналып, Маймақтаудың сыртынан шығып, Манас шыңын бөктерлей, Ақсай арнасын, Ақсу-Жабағылыны бетке алып, баяу қалықтайды. Тез ұшар еді, жел бар.

Құстар отаншыл. Жұмыртқа жарып, үрпек балапан болып дүниеге келген жерін ұмытпайды. Көктем шыға, сол туған жерге жеткенше асығады. Жол-жөнекей қанша қасірет шексе де, сол былтырғы ұясына жетіп жығылу зор арман.

Құстар арманшыл. Арманы болмаса, несі бар осынша жол азабын шегіп? Жүре бермей ме жылы жақта, тойған жерінде.

Қанаттарын қасарыса қағады. Қарсы алдынан Шақпақтың желі қатайды. Қаздар қатайған желден жасымай, қайта одан қуат алғандай.

– Аймала бізді, Шақпақ желі, сені сағындық қой, – дегендей қанаттарын кең құлаштап, салқын самалға сүйсіне сүңгиді.

Жел – құдірет.

Мақтымқұлы айтты: «Ей, телегей теңіз, тәкаппарланба, күнің жетсе сен де құрғап, тақырға айналарсың. Ей, биік таулар, асқақтама, күнің жетсе сен де жермен-жексен боларсың», – деді.

Дүниеде өзгермейтін, тозбайтын, топан-тозаңға айналмайтын зат жоқ.

Тіпті ғарыштағы жұлдыздар да тозады.

Тозбайтын, өзгермейтін, өлмейтін бір ғана Құдай!

Содан кейін – Жел!

Дүн-дүние түп-түгел жойылып кетсе де жойылмайтын тек осы Жел.

Жел жойылмайды. Жел өлмейді. Бәрі өледі. Жел өлмейді.

Өйткені дүн-дүние түп-түгел кеуек, бос қуыс болып қалса да сол кеуекті тек жел ғана кезіп жүреді.


Жел мәңгілік.

Жел қаздардың досы. Қарсы алдынан соқса да қанаттарын көтереді. Жел қатайған сайын қаздар биіктей түседі.

Қаздар мен қазақтар қанат аңсағандар.

Қазақ:

– Ах-ау, гүлдерайым, Күн мен Айым, Ұшарға қанатым жоқ, неғылайын, – деп армандайды. Ал қаздар қанатсыз өмір сүре алмайды.



Әулиеатадан қайтқан қаздар Мыңбұлақтың қатар-қатар терең сайларының үстінен ұшып барады.

– Ұмытқан жоқсыңдар ма, – деді алдағы Ана қаз мойнын артқа бұрып балаларына, – мынау Ыбырай сайы; мынау Оспанқұл сайы; мынау Таласбай бұлақ; әне анау бозаңдау болып жатқан төбе Мүрделі сай. Онда сендердің бабаларың Тоқсанбай, Үкібас, Шоқыбас, Үсіп, Жылтыр, Бердімбет жатыр. Ұлы анамыз Күнікей ханым жатыр. Міне, міне... мынау біздің Бердімбет сайы!

Бердімбет сайының батыс жақ қабағындағы баяғы ақ үй әлі аман тұр екен! Әгі кетіп, тозыңқырап қалыпты. Қайран да біздің аппақ үй...

Ақ үйдің төбесінде шоқиып мүлгіп отырған күрең бүркіт кенет қанат қағып, тік көтеріліп:

– Келдіңдер ме? Көп жүріп қалдыңдар ғой. Мен ошақты бағып отырдым. Бұдан былай ошақты тастап кетпеңдер, – деді. – Ал менің мекенім алыста. Соған жетуім керек, – деді де ғайып болды.

Тек Ана қаз:

– Тоқта, тоқта! – деп еді, зым-зыя, ешкім үн қатпайды.

* * *

Әулиеатаға қайтар жолда Қамқа анаға сәлем бердім. Ол Бердімбет сайдың шығыс жағындағы жатаған үйдің күншуағында, биік бөстектің үстінде әлі отыр екен.

– Барсханбысың? – деді жүзден асып кеткен Қамқа.

– Иә, Барсханның өзімін, қасиетті Ана. Қалайсыз?

– Отырмын, шырағым. Аяғым жоқ, – деп шапан жапқан тізесін шидей саусақтармен сипалап қойды.

– Дәу жігіт болыпсың ғой, Барсхан. Сендер қайтып келгенше ана үйлеріңді Мұртаза қорыды да отырды. Ол да қозғалмай отырады. Мен де қозғалмай отырамын... Енді қайда барасың?

– Әулиеатаға, оқуым бар ғой. Кешіксем – ұрсады.

– Төрт жыл көрмеген ұяңда бір-ақ түнегенің бе?

– Тағы да келемін ғой. Жазда. Демалыста.

– Баяғыда, есіңде ме, Барсхан, қара ешкі жоғалып кеткенде, сонау Төстегі тобылғының түбінен тауып алғаның?

– Есімде, қасиетті Ана. Сіз ғой оны айтқан. Сонда көз ұшындағы тобылғы түбінде лақтап қалған қара ешкіні қалай көріп қойдыңыз?



Осыны айтып, жүзден асып кеткен Қамқаның көзіне қарап едім, кірпіктері түсіп қалған қабыршық қабақтың астынан түпсіз тұңғиық, қап-қараңғы екі нүкте көрінеді.

– Мен бәрін көріп отырамын, Барсхан. Анау Манас шыңының ұшар басында не болып жатқанын да байқаймын. Сірә, Манастың аруағы болар: анда-санда шың басынан салт атты адам көрінеді. Алысқа-алысқа қарап тұрып-тұрып, басын шайқап, қайтадан аспанға ұшып, зым-зия болады.

Мен ойланып қалдым: «Аққұла» деген күлікке мінген Манас шың басына шығып алып, төмендегі қыбыр-жыбыр, күйбің тіршілікті шолып тұрып, неге басын шайқайды екен?» Қамқа өтірік айтпайды. Манас басын шайқайды дейді. Манастың онысы несі? Себебін түсінбеймін.

– Сенің әкең Мұртаза да ана үйлеріңнің түтін шықпай қалған мұржасына қонақтап отырып-отырып, төрт жыл тапжылмай отырып-отырып, кеше сендер қайтып келгенде ғана ұшып кетті ғой, – деп қойды тағы да Қамқа.

– Неге? Неге бізбен бірге қала бермеді?

– Е, Барсхан, аруақтардың да өз жұмысы, өз тіршілігі бар да.

– Қайда? Қай жерде оның тіршілігі?

– Түнде көп жұлдыздарды көресің бе?

– Иә, көремін.

– Е, әкең солардың бірінде.

– Сіз жұлдыздағыларды да көре аласыз ба?

– Жоқ. Оларға көзім жетпейді. Барғанда бір-ақ көремін.

– Сонда, сіз де жұлдызға барасыз ба?

– Е, бармағанда ше. Мені өлмейтін шайтан деп пе едің!


– Қайсысына?

– Оны бір Алла өзі біледі. Күнәсіздер жұлдызы бар. Күнәкарлар жұлдызы бар. Қайсысы мекен болады – бұйрық біледі.

– Әжетай, онда неге өлген адамдарды жерге көмеді? Ешкімді де жұлдыздарға апарып көмген жоқ қой?

– Ой, Барсхан, мен сені дәу жігіт болған екен десем, әлі бала екенсің ғой. Жерге көметін адамның тәні, мына қу денесі, – деп жүзден асқан әулие кемпір өз қолының шандыр терісін келесі қолымен шымшылап қойды. – Ал жақсы адамның жанын періштелер аспанға, жұлдыздарға алып ұшады. Ал аса жаман адамның жанын әзірейілдер жеті қат жердің астына тастап жібереді. Немесе күнәкарлар жұлдызына лақтырады.

Сенерімді де, сенбесімді де білмей, аңырайып тұрып-тұрып:



– Әжетай, мен кетейін. Пойызға жетуім керек, – дедім.

– Аман жүр, Барсхан, – Қамқа сексеуілдің бұтағындай қисық-қыңыр саусақтарын жайды. – Тәңіртауды ұмытпа. Тәңіртаудың басындай болмасаң да, бауырындағы тасындай бол! Енді сен қайтып келгенше мен бармын ба, жоқпын ба – Құдай біледі. Мен кеткен соң жұлдыздарға қарай жүр. Кім біледі, менің мекен жұлдызымды табарсың, танырсың. Сонда аспанға қол жайып, «Е, Алла, Қамқа апамның иманын бере гөр!» – деп тілесең болды. Ал мен сол алыстағы жұлдыздан жерге қарап, құмырсқаша қыбырлаған адамдардың арасынан сені іздеп, рухыммен желеп-жебеп, тілеулес болармын...

Өрдегі ауылдан ылдиға қарай домалап келемін. Бекетке дейін тура жол жоқ. Төтесінен тарттым. Төте болғанмен кедергі көп. «Бір жол бар – алыс, алыс та болса жақын; бір жол бар – жақын, жақын да болса алыс», – деген екен бір дана баба.

Мына жол да сондай. Түркістан – Сібір темір жолының біздің ауыл тұсындағы Теріс бекеттің жалғыз ақ үйі жап-жақын сияқты көрінгенімен талай жер. Екі ара айдалған сүдігер; былтырдан бытысып қалған жыныс құрай; жаңадан көтерілген көк – бәрі-бәрі аяқтан шалып жүргізбейді. Интернат берген шалбардың балағын шеттік тікен жырып, кәріқыз тікен жабысып, тұтып қалды. Түймебас ошаған көйлегімнің етегіне дейін жабысты. Қалың ғой.

Көктемде Ақсай тасып, жойқын сел жердің бетін ырсита тілгілеп, атан түйе шыға алмайтын ор қазып кетеді. Одан аттап өте алмайсың. Амал жоқ, сол ордың бұралаңымен сен де қисалаңдай бересің.

Жол қиын. Бірақ асықпаған адамға қызығы да көп: енді-енді ұя салып, ұясын аспанда тұрып шырылдап қоритын бозторғай; қыстай жер астында жатып, мұздаған денесін күннің көзіне қыздырып, рақаттанып жатқан сарыбауыр семіз жылан; алқымы бүлкілдеген ақтамақ кесірткелер; бүршігі енді-енді қызарып, әлі өсе қоймаған қыздың емшегіндей теңбілкөк жауқазыннан енді бүртиіп шығып, әлі ашыла қоймаған қызғалдақты аймалап ызыңдаған ара; аяғының астынан абайсызда пар-р-р етіп ұшқан бұлдырық; қыстан қысылып шығып жүдеген, жүні сабалақтанып, әлі түлемеген жүдеу түлкі; сенің қуып жете алмайтыныңды біліп, сонандай жерге барып, артына бұрылып қарап, сені мазақтағандай, ыржия күлгендей болады.

Бірақ мен асығамын. Тас лақтырсаң тиетін жерде сияқты көрінгенмен, мен темір жолдың бойындағы ақ бекетке әлі тырбанып, тер төгіп жетуім керек.



Бүршік жармаған теңбілкөк жауқазынды түбіндегі түйінімен қоса қазып алып, төс қалтама салып қойдым.

Жалғыз үйлі бекеттің жан-жағында жайдақ қора-қопсы. Қара май сіңген ескі шпалдарды текшелеп жиып қойыпты. Иісі қолқаңды атады. Үйіндінің түбінде екі-үш тауық жер шұқылап, құрт көрінсе ішек тарта қақылықтайды-ай кеп...

Жаңа бұзаулаған қара сиыр маған ала көзімен қарап қойды. Қыстан шыққан жұлма маяның түбінде жатқан сары ит мыңқ етті де, тұмсығын қайтадан бауырына тыға салды.

Жолаушылар бұл бекеттен пойызға міне бермейді. Мінсе, тек батыс жақтағы Боранды бекеттен, не шығыс жақтағы Сұрым бекетінен мінеді.

Теріс бекетін таңдаған жалғыз мен. Вокзалсымақтың ішіне кіріп, кестеге қарасам: «Ташкент – Новосибирск» пойызы енді, шамада бір сағаттан кейін келеді екен. Касса жабық.

Далаға шығып, ауыл жаққа қарадым. Ауылым Тәңіртаудың Ақсай аңғарынан асқақтап көрінді.

Ауылдағылар мені көрмейді. Көрсе, Қамқа көрер еді, бірақ ол ылғи тау жаққа қарап отырады. Ылдиға, Теріс жаққа бұрылмайды. Бұрылар еді, тұра алмайды. Екі аяғы семіп қалған. Мен ес білгелі солай.


Қамқа жүзден асып кетті. Онымен жасты адамдардан ауылда ешкім қалған жоқ. Сірә, бір орыннан қозғалмай отыра берген адам көп жасайтын шығар, а бәлкім, өлмейтін де шығар. Мына біз жүгіре береміз, тыным таппаймыз, сонда не іздейміз? Бәрібір Қамқаның жасына жетпейміз. Сондағы тыпыр не тыпыр?

Ақыры пойыз келді. Терісті бекет екен-ау деп елеген ешкім жоқ. Вагондардың есігі де ашылмады. Бір-екі минут өтті ме, өтпеді ме, пойыз бір сілкініп алып, вагондары сақыр-сұқыр етіп жылжи бастады. Кірерге есік таппай, ақыры бір сыртқы тепкішекке аяғымды салып, тұтқасынан ұстап, салбырап кете бардым.

Екі вагонның арасына қарай жылжи-жылжи, вагондарды жалғастырған омыртқа сияқты дәу темірге ілініп, сатыдан ұстап, ақыры вагонның үстіне шығып кеттім.

Кәпірлер есіктерін ашпаса, ашпай-ақ қойсын. Бәрінің төбесіне шығып алдым. Рахат. Вагонның ішінде пысынап, темекінің түтініне, адамдардың терлеген қоңырсық иісіне тұншығып отырғаннан гөрі, мынауым – жұмақ.

Дүн-дүние түгел көрінеді. Ауылым мені байқап қалған ба, қуанғаннан тал-дарағына дейін секеңдеп, билеп ала жөнелді. Шіркін, пойыздың төбесіне шығып кеткенімді Қамқа көрсе ғой!



Көрсе, таң қалып, таңдай қақсын дегендей, мақтанып, Шақпақтың желіне кеудемді тосып, түрегеп тұрмын. Шақпақтың желі мені ұшырып жібергісі келмей, аяғансып, аймалайды. Шақпақ желінің ұясын көріп келемін. Ұясы – Шақпақ тау мен Жабағылы таудың арасындағы қысталаңда. Аңқылдап жел соғатын аңғар сонда.

Желдің арнасы. Құс жолы. Көктемде құстар келгенде, күзде құстар қайтқанда, тек осы арнадан өтеді. Құстарға басқа жол жоқ. Жан-жақ – биік таулар. Олардан құстар асып ұша алмайды.

Шақпақтың желіне кеудемді тосамын. Арқамды тоссам итеріп жіберіп, құлататын сияқты. Оң қол жақта Қос Тұра, Қошқар-ата; бет алдымда – Құлантау, Шақпақтау, Жабағылы; сол қол жақта – Тәңіртау қалып барады. Манас қалып барады.

Төс қалтамда – әлі ашылмаған жауқазын қызғалдақ. Сәтін салса, солып қалмаса, Құдашаға апарып бермекшімін. Сабағы сынып қалмасын деп сипалап қоямын. Сүтке тойып, асыр салған құлыншақтай Құдашаны жақсы көремін. Онымды ешкім де білмейді. Әлі бүршік жармаған қызғалдақты жауқазын жапырағымен қоса ұсынсам, Құдаша өзі де сонда сезетін шығар.

Құдашамның аты – Ақ-Шолпан.

Осыдан интернатқа жетісімен би үйретететін үйірмеге жазыламын. Ақ-Шолпанды биге шақырамын. Ана жолы көргенім өң бе, түс пе? Құдашаның Семіз сарымен билегені. Оны жағасынан алғаным. Пистолеттің атылғаны.

Жоқ. Ол болмайды. Құдашамен енді өзім билеймін.

Шақпақ желі шалқиды. Менің көңілім де телегей. Тікемнен тік тұрып келемін. Кенет пойыз өкіріп жіберді.

Әлдене мені қанатымен қағып өтіп:

– Жат! – деді.

Етпетімнен түстім. Вагонның жонарқасына жабыса қалдым. Қап-қараңғы үңгірге пойыз сүңгіді де кетті. Паровоздың түтіні бұрқ етіп, туннелдің ішін кеулеп, тұншықтырып барады. Демім бітіп, қақалып-шашалып, көзім түк көрмей, көрде қалғандай үрейден жаным шыға жаздаған шақта, дүние қайтадан жарқ ете қалды.

Пойыз туннелден, үңгірден ақырып атылған айдаһардай қайқаң етіп шыға келген екен.

Тағы да тірі қалдым. Сонау бір қыста, Айша екеуіміз Әдия әпкемнің үйінен «Zinger» машинасын арқалап, онда да вагонның ішіне

кіре алмай, сыртқы тепкішекке ілініп, салбырап келе жатқан да осы Тескентаудың туннелінде...

Есіме түссе, әлі күнге дейін жүрегім зу-зу ете қалады.

Тескентаудың туннелі барын білемін. Біле тұра, қалай ұмытып кеткенмін. Өзім вагонның ішінде де емес, төбесіндемін. Сырттамын. Тағы да Шақпақ желге төсімді ашып қойып, тікемнен тік тұрып келемін.

Ол қай жетіскенім? Сәл болмағанда, туннелге пойыз кіре бергенде менің басымды Ажал жарықтық қағып түсетін еді-ау!

Сақтады.

Кім сақтады? Құдай сақтады.

Сонда қанатымен қағып өтіп:

– Жат! – деп ышқынған кім? Кім? Кім? Кім?

Төс қалтамды сипалап қарасам, жауқазын қызғалдақ орнында екен. Ол да қорқып кеткен бе, бүршігі ашылыңқырап, қып-қызыл алау шоқ лағыл тастай жарқ етті.

Алдымда – Әулиеата...

19.04.1999 жыл.



«Ай мен Айша» романы көптеген тілдерге аударылуда

АЙҚАЙЛАП АЙТҚАН СӨЗ

Бұл сөзді мен Парижге барып айтпақшы едім...

Біздің Жазушылар одағымыздың бірінші бастығы Нұрлан Мырқасымұлы Оразалин айтты:

– Шераға, жолға дайындалыңыз, Парижге барасыз, – деді.

– Е, онда не болады екен?

– Шыңғыс Айтматовтың жетпіс жасқа толуына байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында, ЮНЕСКО үлкен салтанатты симпозиум өткізеді. Соған барамыз. Қазақстаннан үш адам. Мен, Сіз және Қадыр Мырза Әли. Сонда бес-жеті минөттік сөз сөйлейсіз. Бірақ орысша дайындаңыз.

– Е, неге?

– Өйткені Парижде қазақшадан французшаға аударатын тәржімашы жоқ.

Уақыты тым аз. Наурыз мейрамы өте салысымен, жиырма төртінде ұшуымыз керек.

– Тез құжаттарыңызды, екі суретіңізді өткізіңіз, – деп нығыздады Нұрлан мырза.

Айтты болды – орындау керек.

Құжат тапсыру қиын емес, ал сөзді қайттім? Өзіміздің Жазушылар одағының мінбесінен айта салатын сөз емес. Көз алдыма елестеттім: Париж. Салтанатты сарай. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жиналған марқасқа жазушылар. Қарасы бар, ағы бар, сарысы бар. Шетінен сайрап тұр. Ал мен не айтамын? Және орысша.

Қиналған жерім осы болды. Бес-он минуттік сөзді бес толғап әрең жаздым. Орысшадан соншалықты сорлы да емеспін. Бірақ өмір бойы қазақша жазып дағдыланған басым, орысшаға тосырқап қаламын.

Айтматов туралы айтатын сөз көп. Көкірегімде сайрап тұр. Талас Алатауының шыңдарынан құлап аққан Күркіреусу өзенінің шығыс жақ беті – Қырғызстан, батыс жақ беті – Қазақстан. Арғы бетінде Шыңғыс айылы, бергі бетінде менің ауылым.

О, айтатын ой мол. Бірақ соның бәрін орысша жеткізу, дәні ірі, дәмді шырын сөз табу оңай емес.

Қиқалап, түн жарымға дейін отырып жазып болдым-ау.

Ертең жолға шығамыз.

Бірақ адамның айтқаны болмайды, Алланың дегені болады. Жазушылар одағынан телефон:

– Парижге бармайтын болдыңдар, – деді.

– Е, неге?

– Сыртқы істер министрлігінде ақша жоқ, жол қаражат таппады.

Орысша жазылған екі парақ қағазды қолыма алып балконға шықтым. Күн арайлап шығып келе жатқан кез еді. Париж осы тұста-ау деп, батыс жаққа қарап тұрып тамағымды жөткіріне тазалап алып, барынша бақыра айқай салып, әлгі сөзімді құлшына оқып шықтым.

Біздің Парламентте түпнұсқаны орысша даярлап, қазақшаға соңынан олпы-солпы аударатыны сияқты, мен де әлгі сөзімді қазақшаға аударғанда былай болып шықты:

«Ол (яғни Шыңғыс) қытайша Тянь-Шань деп аталатын Тәңіртаудың Манас дейтін шыңының дәл етегінде осыдан жетпіс жыл бұрын дүниеге келді.

Египеттегі перғауындардың пирамидалары Манас шыңына ұқсайды. Бірақ Манас шыңы пирамидалардан мың есе биік. Құдайдың өзі солай жаратқан.


Бұрын өткен бабалардың айтуынша, Манастың ұлы рухы араға көп жылдар салып, оқта-текте өзі аттас шыңның басына келіп қонады екен.

Сондай бір кезекте шың етегінде дүниеге жаңа келген нәрестеге көзі түсіп, ақ батасын берген екен.

«Ей, бейкүнә ұрпағым, – деген екен сонда Манас, – әлемдегі тіршілік иесі тек Жер екен деп қалма. Алла құдіретімен жаралған осы Жерден де басқа тіршілік иелері мекендейтін жұлдыздар көп. Мен солардың бірінен келіп тұрмын. Әлемде мәңгі-бақи арпалысып жатқан екі күш бар: ізгілер мен зұлымдар. Ізгілер адал Адам сипатты, зұлымдар Дәу дию бастаған сайтан сияқты. Сен, үрім-бұтағым, ізгі бол. Зұлымдықпен айқаса бер. Әумин!»

Сол ақ бата дарыған Шыңғыс Айтматов енді орасан дарынның, бай ақыл-ойдың адамы болды.

«Манас» деген сөз Гималай-Бұланай тауын мекендейтін махатма-әулиелердің тілінде: «әлемдік-космостық ақыл-ой» деген мағынаны білдіреді екен.



Сондықтан Айтматовта Манастан қалған, Манастың ақ батасынан алған зор қасиет бар.

Бұл артық айтылған қолпаш емес. Жалпаңдап жағымпазданатын жастан өтіп кеттім.

Сонау жас кезімнен бастап Шыңғыстың барлық шығармаларын дерлік қазақшаға аудардым. Бірақ одан бір ауыз жылы сөз естіген емеспін. Ендігі дәметкенім не жорық?

Менің бұл сөзімді Шыңғыстың өз шығармалары дәлелдейді. Айтматов аса дарынды жазушы ғана емес, көріпкел жазушы. Мысалы, «Қош, Гүлсары» романын алыңыз. Сондағы бас тұлға Танабайдың басқа іс-әрекеттерін былай қойғанда, тек бір қимылын ғана еске алып көріңіз. Қой бағады. Қыс созалаңдап, жем-шөп таусылып, мал төлдеп жатқан кез. Қора аңғал-саңғал. Белуардан садыра.

Осы тозақтың ішінде күндіз-түні күйіп-пісіп жүрген Танабайды ауданнан келген қара қайыс пальтолы прокурор мен уәкіл әй келіп алқымнан алады: «Қошақандар неге өледі? Неге малың жүдеу?»

Бұл қорлыққа шыдай алмаған Танабай шөп шаншитын айырды ала салып, әлгі дәулерге тұра ұмтылады. Дәулер зәресі қалмай, аттарына мініп безіп береді.

Бұл компартияның дәуірлеп тұрған кезі. Оның өкілдеріне айыр сілтемек тұрмақ, бетіне тіке қараудың өзі ажалдан бұрын өлгенмен тең.

Бұл алдағы болашақтағы болатын зор төңкерістің нышаны. Жазушы оны күні бұрын көре білді.

Арада жиырма шақты жыл өткеннен кейін КСРО атты ұлы империя құлап, сатанакратия күйреді. Сатанакратияны демократия жеңген сияқты болды. Бірақ сол сатанакратия мен демократия соғысы әлі жүріп жатыр. Империя кірпіштерінің астында қалған сатана-сайтандардың жаны сірі, қоғамды әлі де билегісі келеді.

Сөйтіп, бұл романда Айтматов аспан ақиқатын айтты.

Аспанда Жер бетіндегі адамдардың жанын, ақыл-ойын, іс-әрекетін билеп алу үшін диюлар мен періштелердің күресі үздіксіз жүріп жатады. Жетпіс жылдан астам уақыт КСРО үстемдік құрғанда ақ періштелерді қара диюлар жеңіп тұрған кезең екен. Айтматов енді сол диюлардың жеңілетінін күні бұрын білді.

Енді «Боранды бекетті» алыңыз. Космодром. Байқоңыр. Қайтыс болған Қазанғап қарт. Едіге оны бабалар бейітіне апарып қояйын десе, өте алмайды. Космодром. Амалы таусылып, енді не істерін білмей аңырып тұрған шақта аспанға шаншылып ракета ұшады. Аспан аясы



от-жалын құшады. Ауа, адамзат, жан-жануар, өсімдік атаулы тұншығып бара жатады. Өйткені от-жалын оттегін шыжғырып күйдіріп жібереді. Өртенген Аспан аузын арандай ашып, оттегін, ылғалды іздейді. Айнала төңіректі, жер бетіндегі ылғалды қомағайлана сорып алады. Аспан да ажалдан үрейленеді. Ол да өмір сүргісі келеді.

Байқоңыр космодромы салынғанға дейін Арал теңізі шалқып жатар еді. Қалай космодром жұмысқа кірісті, солай Арал тартыла бастады.

Ғалымдар айтпағанды Айтматов айтты.

Немесе «Жан пиданы» алыңыз. Бетпақдала мен Мойынқұмда, Торғай даласында, Ұлытау өңірінде ақбөкен деген жануар мың-мыңдап жортып жүретін. Оның тұқымы үзілетінін Айтматов осыдан жиырма жыл бұрын айтты. Әуеден вертолетпен ұшып жүріп қырғаннан кейін, етін сасытып, мүйізін Қытайға сатқаннан кейін не тамтық қалады?! «Қош, Гүлсарыдан» кейін «Қош, Ақбөкен!»

Бұл біздің Әлем алдындағы масқаралығымыз.

Вертолетпен аңшылық жасау кімнің қолынан келетіні таяуда ғана айдай әлемге белгілі болды. Олар тайраңдайды, тасыраңдайды. Бірақ ғылым тілінде «карма» деген бар. Қазақша айтқанда, қарғысқа таяу. Әсіресе бейкүнә ақбөкеннің, аң атаулының қарғысы жібермейді.

Регламент берілетін жеті минуттен асып кетті, білемін. Айтматов жеті минутке сыймады. «Адамзаттың Айтматовы» деп қазақ баспасөзі баяғыда-ақ айтқан. Оны біреулер, әсіресе арамыздағы кейбір жазушылар көп көреді. Соншалықты аспандатып, о несі ол, – дейді.

Тәңіртаудың бір қуысындағы Шекер айылында дүниеге келген Айтматовтың тойы Жер шарының арғы бір шетінде өтіп жатса, оған сол Жер шарының түкпір-түкпірінен әдебиеттің арқарлары жиналып жатса, ол адамзаттың Айтматовы болмағанда, кім болады?!

Сол мәртебелі жиынға қатыса алмай, қанаты қырқылғандар – Қазақстан жазушыларының өкілдері ғана. Өкімет қаржы жоқ депті. Мейлі. Бірақ...

– Президенттер мен президенттер;

– Премьер-министрлер мен премьер-министрлер;

– Министрлер мен министрлер;

– Тағы басқа дөкейлер –

Алматы мен Париж арасында немесе Астана мен Лондон арасында мына мен сияқты өз үйлерінің балкондарына шығып алып, ышқына айқайлап сөйлесе, о шіркін, қанша қаржы үнемделер еді, а?!

Сол үнемнен зейнетақы да, жалақы да, көп балалылардың ақысы да, тағы-тағы көп қажеттер өтелер еді.

САРЫ БАЛА

Телестудияның тілшісі Бақтыбай Айнабеков деген жігіт телефон соқты.

– Аға, Тұрар Рысқұлов туралы жарты сағаттық хабар ұйымдастырсам ба деп едім. Бұл – телебасшылардың ұйғарымы. Соған сіз өзіңіз және Тұрекеңді білетін кісілер қатысса... Тұрекеңді білетін кісілерді сіз білесіз ғой. Өзіңіз айтсаңыз.

Бұл 1984 жылдың желтоқсаны еді.

Хабарға өзім қатысуын қатысармын-ау. Білгенімді айтып бағармын-ау, ал Рысқұловты көрген-білген адамды қайдан табамын? Рысқұловты көрген, қиын-қыстау заманның өзінде қызғыштай қорғаған бір азамат бар еді, о да дүниеден өтіп кетті. Қарт журналист Рахмалы Байжасаров еді. 1937 жылы «халық жауы» болып ұсталып, 1955 жылы босанып еді. 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне «Тұрар Рысқұлов» атты көлемді мақала жазып еді. Жазбақ тұрмақ, атын сыбырлап айтуға бата алмаған кез болатын. Ал Рахмалы сол соншалықты «қорқынышты» есімді қорғап, ақтап жазады. Оған бас редактор Қасым Шәріпов қол қойып, жарыққа шығарады. Сөйтіп, Тұрар Рысқұлов қайта тіріліп келгендей болады. Адамдар бір-бірінен сүйінші сұрап, қуанып қалады.

Бірақ бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Нұрымбек Жанділдин қаһарына қатты мінеді. Оның тапсырмасымен Рысқұлов туралы қайтадан редакциялық мақала жазылады. Бұл мақалада Тұрар Рысқұлов «буржуазиялық ұлтшыл», «ұлтшыл уклонист», «пантюркист» болып айтылып, қайтадан қапаска құлайды. Бас редактор Қасым Шәріпов қызметінен босатылады. Оның орынбасары Әлім Тұяқбаев та «рысқұловшина» ретінде орнынан түседі. «Ау, бұл қалай?» – деп ешкім үн шығара алмады.

Жалғыз Рахмалы Байжасаров аяусыз күреске бел байлады. КОКП Орталық Комитетінен комиссия шығаруды талап етіп, хат жазады. Нұрымбек Жанділдинге кіріп, айтысқа түседі. Ақыры Жанділдин:



– Сендерді 1937 жылы ұстауын дұрыс ұстаған, ал 1955 жылы босатуын дұрыс босатпаған, – деп салады. Мұндай қорлыққа шыдамаған Байжасаров астындағы орындығын алып Жанділдинге тұра ұмтылады. Абырой болғанда, Жанділдиннің көмекшісі дер кезінде кіріп келіп, хатшы аман қалады.

Бірақ содан инфарктіге ұшыраған Рахмалы Байжасаров көп ұзамай ауруханада кіжініп жатып көз жұмады.

Тұрар Рысқұловтың көзін көрген, ол туралы теледидардан сөз айта алатын енді кім бар? Кенет Ғабиден, кәдімгі Ғабекем, Мұстафин есіме сарт етіп түсе кетті...

Шамасы, «Жұлдыз» журналының бас редакторы кезім-ау деймін, кабинетке бір күні Ғабекем кіріп келді. Сол баяғы жағасыз сұр пиджагі, басында түрікше феска, қолында келте таяқ, көзінде қара көзілдірік.

– Партвзнос төлеуге келіп едім, саған жай жолыға кетейін деп кірдім, – деді Ғабекем.

Қос Ғабең – Мүсірепов те, Мұстафин де журнал редакциялық алқасының мүшелері болатын.

– Келесі мәжіліс қашан? – деді Ғабекем. Мен мерзімін айттым-ау деймін.

– Бір отырысты тіл мәселесіне арнау керек сияқты, – деді Ғабекем.

– Өте орынды, – деймін мен.

– Ана еріншек ағаңмен ақылдас, мүмкін сол баяндама жасар, – дейді Ғабекем.

– Жарайды, айтып көрейін, – деймін мен.

«Еріншек ағаң» деп отырғаны – Ғабит Мүсірепов.

Журналдың тілі туралы, қазіргі жастардың тілі туралы көп ойлар айтты.

– Тіл құрып барады. Тіл кетсе – халық та кетеді. Қазақ нәсілімен қоштаса бер, – деді Ғабиден Мұстафин. Пайғамбардың сөзіндей. Әңгіме бір мезгіл денсаулық ауылына қарай ойысып кетті.

– Денсаулығым жақсы-ақ еді, – деді Ғабекем, – менің әкем де, шешем де өте көп жасаған кісілер. Соларға тартсам, мен әлі ұзақ жасауға тиіспін.

– Лайым солай болсын, Ғабекем.

– Бірақ екі нәрсе кесір болды. Бір рет бала күнімде, сонау Нұраның бойында тай теуіп, бүйрегім жарақаттанған. Оны елемей жүре бергенмін. Кейін-кейін сол бүйрек жанды қинаған соң Новосібір қаласында операция жасатып, алдырып тастап едім. Бұл бір. Екінші



тебіс тайдан да емес, құдайдан да емес, адамнан болды. Менің «Көз көрген» деген романымды оқыған шығарсың. Міне, сол романға нақақтан жала жабылып, «Социалистік Қазақстанға» көлдей мақала жарияланды. Жан-жаққа астыртын арыздар түсе бастады. Өзімді өзім қорғамасам, мені кім қорғайды. Сол әділет, шындық іздеймін деп жүріп, бірінші рет инфаркт болып, емханаға түстім... Міне, осы екі сойқан соққы болмаса... – деп Ғабекем сәл езу тартып, келте таяғымен үстелдің үстін ұрғылап қойды.

– Сол «Көз көргендегі» Сарыбала өзіңіз-ау, сірә?

– О, – деп Ғабекең енді рақаттана күліп жіберді. – Дұрыс айтасың. Айтпақшы мені алғаш рет Сарыбала деп атаған кім екенін білесің бе? Білмейсің. Маған «Сарыбала» деп ат қойған сенің геройың! Иә, иә, сол Тұрар Рысқұловтың дәл өзі!

– Апырай-ә, мынау бір сәті түскен әңгіме болды-ау өзі...

Тұрар Рысқұлов туралы жылдар бойы тірнектеп, бір-бір мысқалдан дерек жинаған мен байғұс қуанып кеттім. Енді-енді кетуге оқталып отырған Ғабекем де келесі бір әңгіменің желісіне түсіп алып, алысқа, сонау 1926 жылға ойша сапар шегіп, Тұрар Рысқұлов туралы бір әңгімені бастады...

Коминтерннің жолдамасымен бір жыл Моңғолияда қызмет істеп қайтқан Тұрар Рысқұлов енді Қазақстан Совнаркомының Төрағасы деген мандатпен Қызылордаға келсе, Голощекин «досы» алдынан шығып, азар да безер болып, Төрағалыққа өткізбейді. Тұрекем уақытша Крайкомда істеп жүрген кезі екен. Ғабиден Мұстафин оған сол кезде жолыққан болды.

* * *

Міне, арада біраз жыл өткенде барып, теледидардағы жігіт Айнабековтің айтуымен, Ғабекемнің сол әңгімесі есіме түсіп еді ғой. Дереу телефонды алып Ғабекеммен хабарласайын, Ғабекемнің үйі қаланың шетінде, Қарғалы жақта. Ғабекем, осылай да осылай, сонау бір жылғы әңгіменізді енді теледидардан айтып берсеңіз жақсы болар еді деймін... Ғабекем денсаулығы болыңқырамай жүргенін айтты. «Өзің білесің ғой, мен қазір ешнәрсе жазбаймын, жұрт алдына да шыға бермеймін... Бірақ Тұрардың аруағы үшін барсам барайын», – деді.



Мен күнін, сағатын, кездесетін жерді айттым. Жазушылардың шығармашылық үйінде кездесетін болдық.

– Тағы кім бар? – деді Ғабекем.

– Академик Серікбай Бейсембаев. Сіз, үшеуіміз.

– Онда мақұл, – деді Ғабекем.

* * *

Уағдаласқан күнге, сол сағатында «Горный Гиганттағы» жазушылар шығармашылық үйіне жиналдық. Теледидаршылар асай-мүсейін орнатып, прожекторлар жарқ-жұрқ етті. Камера көзі ең алдымен Ғабекеме қарай бұрылды да, Мұстафин сөзін бастады:

– Өмірде көрген-білгеніміз көп, бірақ соның бәрі есіңде қала бермейді. Қалатындары ғана қалады. Соның бірі – Тұрарды көруім. Сонау Қызылорда қаласы, Крайком. Сондағы бір кішкентай бөлме. Төрде –Тұрар Рысқұлов. Дәл қазір оны көріп отырғандаймын... Қызылорда онда астанамыз. Жаңадан қосылған келіншегімді қолынан жетектеп, жалғыз шамаданды көтеріп, сонау Аркадан бәленбай күн жүріп, сол астанамызға әрең жеттік-ау, әйтеуір...

Оқу іздеп келіп едім, оқуға қабылдайтын уақыт бітіп кетіпті. Не үй жоқ, не жұмыс жоқ, айдалада қалғандай болдым. Крайкомнан қайыр болмады. Содан біреу айтты: осында Тұрар Рысқұлов деген кісі бар. Өзі өте әділетті кісі, бір жәрдем болса, саған сол кісіден болады деді. Бардым. Барсам – төрде Рысқұлов екенін бірден шамаладым. Ал қасында бір кісі ары-бері теңселіп жүр. Екі көзі қып-қызыл. Белінде наганы бар.

– Сонда коммунизмге анау алаштар да бара ма? – дейді ашуланып.


– Егер адал қызмет етсе барады, неге бармайды, – дейді Рысқұлов.

– Онда олар барған коммунизмге мен бармаймын, – деп наганының қабын қолымен қаққылап, әлгі кісі шығып кетті. Артынан білдім – атақты революционер Угар Жәнібеков екен.

Рысқұловтың назары енді маған ауды.

– Иә, бала, шаруаңды айт.

Не керек, Ғабиден Мұстафин сонда Рысқұловқа бар сырын ашады. Оқуға түсе алмай қалғанын, қызметке ешкім алмайтынын арыз етеді. Тұрар Рысқұлов оны асықпай отырып тыңдап болып, жазғандарын оқып көріп:



– Сарыбала, сенен бірдеңе шығады. Жазуыңды жетілдіріп, шыңдай бер. Оқуыңды өз бетіңше оқи бер. Горькийді білесің бе? Соның ешқандай оқуы жоқ. Оның оқуы өмірдің өзі. Сол сияқты өмірдің қыр-сырын үйреніп, жаза бер. Мен Бейімбетке айтайын, сенің жазғандарыңның жарық көруіне жәрдем етер, – дейді.

– Әне, сөйтіп, көңілім ортайып, жағдайсыз жүргенімде Тұрар Рысқұлов үмітімді жандырып, жазуға құлшындырып, қолтығымнан сүйеп жіберді. Жақынымнан көрмеген жақсылықты мен сөйтіп тұңғыш рет жолыққан Тұрардан көрдім. Мұны қалай ұмытарсың. Ал «Сарыбала» дегені кейін кітап кейіпкері болып кетті.

Ғабекем шамамен жиырма минуттай сөйледі. Теледидар дегенің минутына дейін шектеулі болатын. Бірақ оны ешкім асықтырған жоқ. Қайта айта түссе екен деп отырдық. Сөйлейтін Ғабекем сол аз уақыттың ішіне көп нәрсені сыйғызып, ақырында:

– Тұрар – аса ірі тұлға, халықтың аяулы азаматы, ол қандай құрметке болса да лайықты қайраткер. Оны келер ұрпақ білуге, үлгі тұтуға тиіс, – деп аяқтады.

Сол Ғабекем қайтқалы да бірталай жыл өте шықты. Ал теледидар Тұрар Рысқұлов туралы сирек те болса ара-тұра әлгі қысқа фильмді көрсетіп қояды. Жарқ етіп Ғабиден Мұстафин шығады. Сөйлеп отыр, қимылдап отыр, күліп те қояды. Құдіретті қоңыр дауысы күмбірлеп шығады. Мұстафин өлген жоқ, тірі екен деп қаласың.

Ал мен сол жолы теледидарға Ғабекемді шақырып, ол көніп, бірге әңгіме-дүкен құрғанымызға қуанамын. Мұндай әңгіме болмаса, оны теледидар түсірмесе, қаншама қазына беті ашылмай көмулі қалар еді. Бұл да бір сабақ. Үлкен сабақ. Тұрардың көзін көрген, шарапатын сезген ардақты асыл ағаның айтқандары ұрпақтан-ұрпаққа қала береді. Ұлттық рухани қазына осындайдан құралады. Өмір таусылмайтындай, ешкім өлмейтіндей көреміз де, дер кезінде жазып алмай қаншама дүниеден айырылдық. Ғабиден жөнінде сондай өкініште қалмағанымызға құдайға мың да бір шүкіршілік.



ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

Емханада, палатада жалғыз өзің жатқанда басыңа неше алуан ойлар келеді. Ұйықтасаң – әртүрлі түс көресің.

Таң алдында осы Орталық емханада Нұрғиса көз жұмды.

Бұл түс емес. Көз көргендер, көңілдес, доспейіл азаматтар дүниеден өткен сайын, әсіресе емханада, палатада жалғыз жатқанда өзіңнің де бұл фәниге небәрі бес күн қонақ екеніңді ойлайсың.

Алдымда – түрлі газеттер, теледидар сайрап тұр. Газеттерді ашып қалсаң да, теледидарды басып қалсаң да – қым-қуыт қиыншылық. Әсіресе КТК құтыртады. Бір жерде газ жарылып, үй өртеніп кетіпті, бір жерде – біреуді-біреу өлтіріп кетіпті. Қажыгелдинге «қастандық» жасалыпты. Ұрылар үйді тонап кетіпті. Әйелдерді былай қойғанда, еркектер де тәнін сататын болыпты...

Сұмдықтардан сүрініп, аяқ алып жүре алмайсың.

Жылт еткен жақсылық хабар бар ма? Үлкен қаланың түнгі аспанындағы жұлдыздардай жыламсырап әрең-мәрең көрінеді.

Сонда бұл дүние – өзің бес-ақ күн қонақ болсаң – несі қызық?

Қызық ету, сірә, сирек адамдардың ғана қолынан келетін болар. Мысалы, мына Нұрғиса сияқты жарқылдап өтсең дүниеден.

Бірақ ол қиыншылық көрмеп пе? Тағдыр қиыншылығының көкесін көрген шығар. Оған мойымаған. Қайғысыз, мұңсыз адамнан анадай сұрапыл да сұлу күйлер, әуендер төгілер ме еді.

Таланттар – раушан гүлі сияқты: жан-жағына жұпар шашады, көңіл ашады. Тікені – азабы өзіне.

Талантсыздар шошқатікен сияқты. Гүлдемейді. Азабы – өзгеге. Жамандық солардан.

Бес күн қонақ өмірде жарқылдап өткендердің бірі – Тахауи Ахтанов еді. Оның да азабы аз болмаған. Бірақ жаймашуақ жаралған.

Әдебиет әлемінің табалдырығын аттар-аттамас Мұхтар Әуезовтей алыптың оң назарына іліккен жігіт жаман болмас.

Кейде түсіме кіреді. Жазушылар одағының ғұмырындағы бір жылымық кезең еді. «Горный Гигантта» жазушыларға арналып шығармашылық үй салынды. Кереметтей емес. Бірақ сонда Ғабит Мүсірепов жатып, «Ұлпанды», «Жат қолынданы» жазды.

Тахауи Ахтанов «Шырағың сөнбесінді» жазды. Мен «Қызыл жебенің» соңғы кітабы «Тамұқты» жаздым.

Алмай-бермей, Тахаң мені іштартты. Інісіндей сырласты. Мен оның 60 жылдық мерейтойына арнап «Айға шағылған найза» деген эссе жаздым.

Әңгімеқұмар кісі еді жарықтық. «Ант» атты атақты пьесасын жазғанда тарихты қалай қопарғанын айтады.

Жалаң тарих көркем пьеса болмайды ғой. Тарихқа жан бітіру керек. Бұл дүниеде әлдеқашан өтіп кеткен адамдарды қабірлерінен «қайта қазып алып», оларды тірілту керек. Оларды бір кездегідей жүргізіп, тұрғызып, сөйлету керек. Күлдіру керек, жылату керек.

Олардың тірі екеніне, Әбілқайырдың – Әбілқайыр екеніне, Фатиманың – Фатима екеніне көрермен, оқырман шынынан сену керек.

Олардың бұл жалғаннан баяғыда-ақ өтіп кеткенін көрермен де, оқырман да мүлде ұмытуы керек. Театр залында көрермен өзін сол XVIII ғасырда жүргендей сезінуі керек.

Ал бұл қойторының қолынан келмейді. Бұл хас таланттың ғана қолынан келеді.

– Әбілқайыр – трагическое лицо, – дейді Тахаң. – Ақылды, нағыз қолбасшы. Бірақ заман – трагедия. Тағдыр оны орыс патша қатынға тәуелді етті. Ал Әбілқайыр ханның баласы – Нұралы, міне, бұл дундук, – дейді Тахаң. – Дундуктың қайдан шыққанын білесің бе?

– Жоқ, – деймін мен, – әйтеуір орыстар дундук деп жатады ғой.

– Ол қызық, – дейді Тахаң қыза түсіп. Қасы кейде керіліп, кейде екі қастың арасы жиырылып кетеді. – Ол былай. Анау Еділдің ар жағындағы қалмақ бар ғой. Сол қалмақтың Аюке деген ханы болған. Кәдімгі қиссалардағы Аюке ше?

– Иә.

–О, Аюке – коварный. Біресе орыстармен дос болады. Біресе башқұрттарға жақтасады. Енді бірде башқұрттарды орыстармен бірге шабады. Қырым хандығымен де дос болады, тіпті Осман-түрік сұлтандарымен де септеседі.

Сол Аюке өлгеннен кейін оның ұрпақтарының бірі – Дундук таққа отырып, Еділ қалмақтарын Түркияның қоластына қаратпақ болады. Ондайды орыстар оңдыра ма? Содан кейін орыстар есалаң шатыстың бәрін «дундук» деп атап кеткен.

Тахаң сигарет тұтатады. Оймақтай рөмкелерді қағыстырып, аздап-аздап коньяк ұрттап қоямыз.

– Нұралы хан, оның туысы Айшуақ сұлтан орыстардың шен-шекпеніне, сыйлықтарына мәз болып естектерге көп обал жасады.



– Естек кім?

– Біздің жақта башқұрттарды естек дейді. Башқұрттарда Қарасақал, Батырша деген көсемдер болған. Орыс патшасына қарсы көтерілістің көсемдері.

– Салауат, – деп қаламын мен де бір нәрсе білгендей болып.

–Ол кейін, – дейді Тахаң сөзді бөлме дегендей тыжырынып. – Патша аясын ба, естектерді қырып жіберді. Естектер бас сауғалап қазақ даласына қашпай ма? Орыстың айдап салуымен Нұралы хан, Айшуақ сұлтан босқын башқұрттарды әбден азаптады...

Әңгіме «Анттың» қалай жазылуынан басталып, аяғы Аюке, Айшуақтарға жалғасып кеткенін байқамай да қалыппыз.

– Апыр-ой, Таха, мұның бәрін мына университет бітірген біз білмейміз, тіпті оныншыны да бітірмеген сіз қайдан білесіз? – деймін мен. (Мүмкін коньяктың әсері шығар. Кейін ойласам қолапайсыз сұрақ).

– Е, сендер университетте Маркстің «Капиталын», Лениннің «Эмприокритицизмін» оқыдыңдар. Ал мен өзімше өзіме керегін оқыдым. – Тахаң риясыз аңқылдап күліп алды. – Мені қойшы, менікі біршама ғой. Ал ана Ғабиден Мұстафин ағаң ше? Үш-ақ сыныптық білімімен классик болып отыр ғой. Сен өзің жылдар бойы жазып жүрген Тұрар Рысқұлов небәрі орман-тоғай техникумын бітірген. Мемлекет басқарды. Немесе, өзіміздің Баукеңді ал. Рас, кейін ол военный академияда оқыды. Және военный академияда генералдарды оқытты.

Содан әңгіме енді Баукеңе қарай ауысты. Оның таяуда өткен жетпіс жылдық тойы еске алынды. Жиырма сегіз гвардияшы-панфиловшылар паркінде Ұлы Отан соғысының отыз жылдығына арнайы мемориал ашылғандағы салтанатта Баукеңнің «қылығын» мәз болып әңгімелейміз.

– Өзің де көрдің ғой, – деп Тахаң мені шынтағымен түртіп қояды. – Шыжандай халық. Қонаев бастаған бюро мүшелері төрде тізіліп тұр. Әскери парад өтпекші. Жай халық о жаққа жолай алмай анталап тұр. Алдында қабат-қабат әскери қарауыл. Бір кезде сол қамалды бұзып, біреу алға шықты. Баукең! Басындағы дөңгелек қазақы бөркі, қолында таяғы. Тура бюро төрелеріне қарай тартты-ау сабаз! Ту сыртынан келіп, Қонаев пен Ниязбековтің аяқтарының арасына таяғын сұғып тұрып, ары-бері ырғап-ырғап жіберіп еді, ана екеуі шошып қалып, аралары ажырап қалды. Сол екі араға Бауыржан өзі қасқайып тұра қалды да, оң қолын шекесіне апарып, честь беріп, парадты өзі қабылдады ғой, қайран ағам!

Тахаң көзі жасаурап кеткендей болды.

– Сөйтсе, – деді Тахаң сәл тыныстан кейін, – сорлылар Баукеңді әлгі салтанатқа шақыруды да ұмытып кетіпті. Әлде әдейі... Жеңістің отыз жылдығы, Панфилов... Оу, мұндай да жетесіздік болады екен-ау! Әйтпесе Бауыржан әдепсіз емес еді ғой. Өз орнын біледі. Сыйлап шақырса, тұрар еді ғой басқа бір жерде-ақ. Әй, айызымның қанғаны-ай сонда. Сирақтарының арасына асатаяғын сұғып жіберіп...

Тахаң шығармашылық үйді басына көтере қарқылдап, жарқылдап бір күлді дейсің.

Сол найзағайлы шақ менің есімнен кетпейді-ақ. Баукеңе жағымпаздар, екіжүзділер, мақтаншақтар ұнай бермейді. Ал Тахауи десе:

– О, ол батырларың Көтібар көкеңнің тұқымы ғой. Ұқсайды бабасына, – деп қоятын.

Шынында да аты қиын бабамыздың батырлығы, адалдығы, аңғалдығы, турашылдығы Тахаңның тұла бойында тұнып тұрғандай еді.

Тағы да Баукең:

– Осы күні: «Менің бабам батыр болған. Менің бабам пәлен болған, түген болған» дейтін дуайпаттар көбейді. Жарайды, болса болған шығар. Ал сол ұлының ұрпағы бабасының тырнағына тати ма? Енді оның келер ұрпағы онымен мақтана ала ма? Соны неге ойламайды?! – деп қаһарланады, – ал ұрпақтары ұялмай, Тахауимен мақтануына болады.

Бауыржан Момышұлы дүниеден қайтқанда Тахауи қабір басында жан дүниесін ақтара хас шешендігі еселей ашылып:

– Бауыржан Момышұлы – мына ноқталы дүниеде ноқтаға басы сыймай кеткен адам! – деді.

Тахауи өзі де сондай еді-ау.

Қайтыс боларынан біраз бұрын көңілін сұрап үйіне бардым.

– Мына жүрекке жәрдем беретін стимулятор Германияда бар екен. Әттең, жете алмаймын. Қаржы керек. Терещенкоға хат жаздым. Жауап жоқ, – деді.

Дәл осы тұста Терещенко үкіметі Қазақстан қазынасын талапайға салуды бастап жатқан шақ.

Қазақ әдебиетінің бір бәйтерегі құлайын деп тұрғанда соған тіреу болуға жарамаған сондай үкімет кімге опа береді?! Келді – кетті.

Тура келген ажалға амал жоқ. Ал көпе-көрінеу көмекпен сол ажалды тежей тұруға болатын сәтте қол ұшын бермеу – тасқұдайлық.



Тірі болса Тахауи Ахтан бүгін 75-ке толатын еді.
Бетеге кетіп, бел қалар,
Бектер кетіп, ел қалар.
Ел аман болса, Тахауи естен кетпес.

ОРАЛХАН

О. Бөкей еске түскендегі елес пен ойлар

Өр Алтайдың Қатонқарағайына бардым. Бірінші рет барсам да бәрі маған бұрыннан таныс сияқты көрінді: асқар таулар, жан-жағын қоршаған ойпаңды қақ жарып, ақ көбік шашып, арқырап асау өзен ағып жатыр. Биіктен биікке өрмелеген самырсық, балқарағайлар.

«Сен кімсің, қайдан жүрсің?» – дегендей, төбеден қайта-қайта айналып ұшқан тастүлек қыран.

Қарағайлардың арасын сатырлатып, үрке қашқан бұғылар.

Қия бетте текшеленген пішен маялар.

Мұның бәрі маған бұрыннан таныс. Бірақ көріп тұрғаным тұңғыш рет.


Басына сәлде ораған Мұстау. Алыстан сұсты көрінеді. Ол кейде адамға ұқсайды. Әлдекімге, маған таныс адамға ұқсайды. Мұстау қимылдағандай, басын кекжиткендей болады. Кесірлене, кекірейе қалады. Кейде шалқып, шалқалап, сақ-сақ күледі.

Лезде жаңбыр жауып, лезде ашылады.

Дүркірей өскен зүмірет шөп біткен, қарағай қылқандары гауһар тамшыдан моншақ тағып, бұлт арасынан шыға келген күн нұрына шағылысқан тамшы-моншақтар сансыз түрлі бояумен құлпырып, құбылып, сәулелі музыка сыңсып тұрады.

Осыдан кейін ақыл-ойың қалыпты әдетінен өзгеріп, өзің-өзің емес, өзге адамға айналып кеткендей шалық сезімге бөленесің. Сонда Хақтағала, Шын Құдірет мекені осы екен деп қаласың.

Ал әлгі Қыран әрі-сәрі болып тұрған сенің төбеңнен зау биікте асықпай айналып ұшып, ар жағыңнан бір қарап, бер жағыңнан бір қарап: «Сен қайдан жүрсің? Не іздеп жүрсің?» – дегендей, жалықпай қалықтайды.



– Оралханның елу жасқа толған торқалы тойына келдім, – дедім аспанға қарап.

– Оралханға арнап ас беріледі. Ол елуге сәл-пәл жеткен жоқ, – деді аспан.

* * *

Өзім басқаратын газетте оқта-текте «О. Бөкеев» деп қол қойған очерктер жарияланады. Ә дегеннен назар аудардым. Автор аз ба, тәйірі. Қазақстанның түкпір-түкпірінен, тіпті басқа республикалардан, тіпті шет елдерден жазып жататын қаптаған авторлар.

Кейде бөлімге айтып, поштаны өзім шолып шығамын. «О. Бөкеев» деген қолы бар семіздеу конвертті бөлек алып, ішіндегіні оқып шықтым.

Қолы қисықтау, қияңқылау көрінеді. Жазуын айтамын. Адамның жазуында мінез бар. Жазуына қарап, сөзіне, сөйлеміне қарап, бұл хаттың авторын көз алдыма келтірмекші болдым.

Алдымен өзім бұрын бірде-бір рет көрмеген Алтай тауы келді көз алдыма. Бұрын көрмеген дүние көз алдыңа қалай елестейді? Сөйтсем, аты, даңқы жер жарған Алтай тауын автор мына конверттің ішіне сыйдырып жіберген екен.

Бірақ автордың өзін елестете алмадым. Көрейін дедім. Орынбасарым Тельман Жанұзақты шақырып алып, конвертті ұсындым:

– Мынау адамды шақырт. Келсін. Командировка редакцияның есебінен, – дедім.

Тельман көркем жігіт еді. Ентігіп демалатын. Сұлулана жымиды.

– Байқаған екенсің ғой, – деді.

Арада шамасы жарты ай өткенде Тельман қабинетке бір жап-жас жігітті ертіп келді. Сұлулана жымиып:

– Мынау өзің айтқан... – дей бергенде,

– Айтпай-ақ қой, таныдым, – деппін.

Әлгі жігіт босаға жақта сазарыңқырап, басын бір кегжең еткізген кезде толқын-толқын болып, иығына дейін төгілген қара шашы желп-желп ете қалды. Көзі аш қасқырдың көзіндей екен.

Мен қашан:

– Отыр, – дегенше, кекірейіп тұрды да қойды.

* * *



Мойынқұмда мен де болғанмын. Малшылардың арасында апталап жүргенім бар. Әсіресе бір көрініс көз алдымнан кетпейді. Қойшының үйіне бір «Уазик» жын қаққандай құтырына келіп, үйдің көлеңкесінде жатқан ақ ешкі қашып үлгергенше басты да кетті. Жамбасы қираған ешкі пышаққа ілінді. Жаңа туған лағы жылады да қалды.

Келген ферма бастық екен. Управляющий. Удай мас. Рульде өзі.

Осы оқиғадан бастап, қойшы тұрмысынан, құм өмірінен бір повесть жазбақшы болдым. Бастадым да...

«Лениншіл жасқа» қызметке жаңадан келген Оралханды Мойынқұмға командировкаға жібердім.

Газет жұмысы– бір жағынан жазушының досы. Ел көресің, жер көресің, сан түрлі адамдармен кездесесің. Шығармаға жем табылады.

Газет– бір жағынан жазушының жауы. Ойында жүрген, көкірегіңді кернеген дүниені алаңсыз отырып жаза алмайсың. Ұдайы оттың ішінде жүресің. Түнде де тыным жоқ. Газет кеш шығады. Халыққа бір тиын пайдасы жоқ, күнде бас қосқан жиын болады. Өл-тіріл, сондағы баяндаманы, бастықтардың көпірме сөздері таңертең газеттің бетінде болуы керек. Әйтпесе басың кетеді. Сөйтіп жүріп, мен бастап қойған повесімді аяқтай алмадым.


Ал, Оралхан сол сапардан біраз жыл кейін «Құм мінезі» деген повесть жазды. Міне, жазу! Жазсаң – осылай жаз. Әйтпесе, кінәсі жоқ ақ қағазды шимайлап былғама. Он күндік сапарда бұрын өзі көріп-білмеген жердің тамырын басып танып, сол құмдағы адамдардың мінез-құлқын, психологиясын, тұрмысын, жүріс-тұрысын, ең бастысы – жанын ұғып-білу – жаратылыстан дарын иесіне ғана дарыған.

Әйтпесе сол құмда мен де талай рет болдым ғой. Иә, кәдімгі бұйығы бұғып жатқан бұйра құм. Сексеуілі, шөбі, қояны, қырғауылы, шопан үйі, қойы, иті т.б.

Ал Оралханның көзімен қарағанда, мен бұл құмды өлкені тұңғыш рет көргендеймін. Құмға жан біткен. Құмға мінез біткен. Құм момақан екен. Құм дүлей екен. Құм әнші екен. Құм күйші екен. Құмда да қуаныш, құмда да мұң болады екен.

Әдебиет пен әуен – егіз. Әуені жоқ, жүрегінде жыры жоқ, музыкасы жоқ әдебиет – көркем әдебиет емес.

Әттең, мен қалай байқамағанмын. Ауданнан, совхоз орталығынан ілесе келген үлкен-кіші бастықтармен ет жеп, коньяк ішіп, карта ойнап, қырғауыл атып жүріп, қалай байқамағанмын.



Сөйтсем, құмның іші жақсылыққа да, жамандыққа да, адалдыққа да, арамдыққа да толы екен.

Оралханның Барханы (қойшы) өмір бойы әділетсіздікке ұшырап, өз ісіне пәруана берілген өлермендігімен совхоз малын бір қылшығын түсірмей, жылда-жылда өсірген үстіне өсіре берсе де, тым болмаса аудандық газетте аты бір аталмапты ғой. Бір жайдақ медаль де бұйырмапты.

Ал Сейтқұл (қоңсы қойшы) жылда бұдан жылу сұрап, қозысына қозы қосып алады да, озат шопан атанып, республикалық газеттердің бетінен түспейді. Желқұйын журналистер кімнің кім екенінің парқын білмей, бастық кімді мақта десе, көбік сөзді көпіртеді-ай келіп.

Сонда Бархан есі ауысқан біреу емес, есі-басы бәрі сау. Қанағатшыл. Адал. Тәубешіл. Бірақ әділдік бар емес пе? Ол қайда? Шортанбай бабасы айтқан жоқ па:

Сұғанақ болып ұрынба,
Сыбағаң болса – тұрып ал! –

деп.

Сыбаға қайда?! Ол мұны біледі. Кейде кеудесін ыза кернеп, тіпті құмның үстінен зау биікте ұшып бара жатқан зымыран ұшаққа тас лақтырғысы келеді.

Аспанда ұшып бара жатқан ұшаққа ызадан тас лақтыру тек Оралханның ғана ойына келуі мүмкін.

Он мың метр биіктікте кетіп бара жатқан ұшаққа дені дұрыс кісі тас лақтыра ма.

Сөйтсе, мұнда мән бар екен. Бархан үшін упрдан (управляющий) бастап, зоотехник, директор, парторг, аудан, облыс, Республика, Одақ басшыларының бәрі биік. Бәрі зау биікте.

Оралхан:

«Биіктен қараса не нәрсе де кемшіліксіз, әдемі болып көрінеді білем. Сондықтан да мені байқамайды екен-ау». («Құм мінезі»). Барханның аузына осы сөзді салады.

Міне, мәселе қайда жатыр. Басшы болсаң, әділ болсаң, нағыз еңбекшінің жанында жүр. Көр өз көзіңмен: кім пәруана, кім жалқау. Кім ауырдың үстімен, кім жеңілдің астымен жүретінін. Көр. Біл. Әділеттілік сонда орнайды. Әйтпесе Сейтқұл қойшы сияқты бастық атаулыға қой сойып, арақ беріп, пара беріп, өтірік өсіп жатқандар аз ба?!

Ал бұл арамдық Барханның мінезінде жоқ. Болмайды да. Ондайды басшылар жақтырмайды, қаламайды, өсірмейді.

Оралханның осыны жазғанына отыз жылға таяп қалса да, бұл сұмдық дәл қазір де бар емес пе? Қайта дами түскен жоқ па? Өлмейтін сөз осылай өрбиді.


Жазушы – халықтың ар-ожданы дегенде, міне, осындай жазушыны айтады. Жата қалып, жанталасып көсемдерді мақтай беретін жазушы – жазушы емес, күнбағар. Ертең көсемдер тағынан тайған кезде сол күнбағар олардың артынан тас лақтырып, жамандап шыға келеді. Ақылды басшы осыны ойлайды, құр мақтауға күмпие бермейді. Ақылды басшы көпшілікті соңымнан ертем десе, көпшіліктің арасында, күнбағардан аулақ жүреді.

Қайран, Орекем осы философияны айтып отыр. Әттең, дәл осы заманда тірі болса, жанға дәру сөздердің көкесін енді айтар еді. Шындықты жазған жазушының шығармасы – қоғамның шипагері. Маман дәрігер жеке-жеке адамды аурудан сауықтырса, шын жазушы қоғам ауруын таниды. Жазады, таниды дегенде қолма қол емес, адамдардың жүрегіне – жігер, көзіне – нұр, көкірегіне – сәуле қосу арқылы әсер етеді. Оралхан бұл жағынан шебер еді.

* * *

Алматыдан сонау Қатонқарағайдың Шыңғыстай ауылына жетудің қаншалықты машақат екенін өзім көрдім. Екі-үш жеңіл машинамен, Лепсі асып, Аягөз асып, Бұқтырманың теңізінен пароммен өтіп, Үлкен Нарынды аралап, Шыңғыстайға әрең жеткенбіз. Тағы да болса, бір қора жанбыз. Оралханмен тұстас, туыстас, бауыр болып кеткен, «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») бірге қызметтес болған, бір кездегі кілең жас өрім, қазіргі белді-белсенді жазушылар: Кәрібай Ахметбек, Бексұлтан Нұржеке, Ақселеу Сейдімбек, Кәдірбек Сегізбай, Қуанышбай Құрманғали, Серік Әбдірайым, Әлібек Асқар, Дидахмет Әшімхан, кекселерден кәдімгі Қалихан Ысқақ және мен. Ептесіп-септесіп жеткенбіз. 1994 жылы жазда. Сапар себебі: бір жағы – Оралханның 50 жылдығы, бір жағы – ас.

Ал енді жалғыз ұлдың, зарығып жүріп, төрт қыздан кейін көрген жалғыз ұлдың ат жалын тартып мініп, Алматыда қызмет етіп, атақты жазушының үйі атанған мекеніне бір бару – әке мен шешеге бір арман



еді. Сол арманға әке жетті, анасы жете алмады. Себебі жол – ахирет, ұшақпен ұша алмайды...

Әкесі Бөкейді мен Оралханның Алматыдағы үйінен көрдім. Сәлемдесуге бардым. Шап-шағын шақар кісі екен. Көп сөйлемейді, ал сөйлесе сөзі алтын жалатқан қорғасындай: әрі сұлу, әрі салмақты. Сөйлемінде қауыз қылпық жоқ.

Ал анасы Гүлия одан да шешен көрінеді. Бірақ өзім кездесе алмадым.

Міне, осындай дүлдүлдерден туған Орекем нағыз оратор еді. Бойында баяғы би-шешендерден қалған аруақты, арқалы болмыс бар еді.

Бөкей қарт «трудармия» дегенде болған екен. Әрине, соғыс жылдарында. Оралтау бойында болыпты. Ал «трудармияға» алынғаннан гөрі қан майданда қарша жауған оқтың өтінде жүрген әлдеқайда артық болған деседі. Мұнда да адамдар тозақтың төрінде жүреді екен. Бұл туралы О. Бөкей өзінің «Бәрі де майдан» атты повесінде айтқан-ақ. Соғыста болғандар, сөз жоқ, аса ардақты. Ал тылдағылар өліп-тіріліп жанкешті жұмыс істемесе Жеңіс қайдан келер еді?!

Міне, осы арада үлкен әділетсіздік бар.

«Трудармияны» көрмесек те, соғыс жылдарындағы ауылды көрдік. Ауыл ысырат көпірінен кем болған жоқ. Ер-азаматы соғыстағы оқтың ортасында жүрсе, жап-жас әйелі ауылдағы оттың ортасында жүріп, ерте қартаяды. Әлі бұғанасы қатпаған жас баланың енді-енді үрпектеніп келе жатқан қанатын жалын шарпып, ерте есейді. Ал бірақ олар соғысқа қатыспаған. Еңбек ше? Еленбейді.

Міне, шындықтың бар тұрпаты «Бәрі де майдан» хикаясында раушан гүліндей әдемі жазылған. Раушан гүлдің барқыттай жұмсақ жапырағын рақаттана иіскей берсең, қолыңды кірш етіп тікен теседі.

Алақанның ауырғаны жүрегіңді сыздатады. Сиқырлы сөз, ауруларды жазатын сөз. Қоғам дерті осындай сөзден емделеді.

Оралханның Мәншүк есімді қарындасы бар еді. Алматыдағы ЖенПИ-ді бітіріп, ауылға барып мұғалім болған. Ал енді сол Мәншүк қазақтың қасиетті қара сөзіне келгенде Оралханның өзін он орап алғандай еді. Ұмыры қысқа екен. Орекеме көңіл айтуға сонда бір бардық. Артынша Айман атты әпкесі қайтыс болды. Тағы бардық. Тағдыр шіркін бір айналдырғанды шыр айналдырады. Әкесі, одан кейін анасы...

Қара дауыл дүлейленіп тұрып алды.



Оралханның оқуы да өзгеше. Университетті сырттай оқып бітірді-ау деймін. Сырттай оқитындардың, құдай ықыласын салған Оралхан сияқты бірен-сараны болмаса, көбінің сырын білеміз ғой. Көбі мұғалім ағайлардың жемі ғой. Дипломды білімсіздер көбінесе солар.

Ал Оралханның білімі «қызыл дипломмен» бітіргендерден көп ілгері тұратын. Бір әңгімеде Лермонтовты жақсы көретінін айтып еді: өйткені өзі соған ұқсайтын.

Что без страданий жизнь поэта?
И что без бури океан? –

деп тақпақтағанда орыстың майталман әртістерінше, бірақ өзінше, ерекше акцентпен, шабытпен саңқылдар еді.

Ол мұхиттағы дауылға көп ұшырады. Майысса да сынбауға тырысты. Бірақ қайғыдан ауыр зілмауыр жоқ. Дімкәсі болушы еді, сол үдеп өкпе ауруханасында жатқанда Әбіш Кекілбай екеуіміз барып, сүйінші сұрадық: Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болғаны үшін. Әбіш екеуіміз Сыйлық Комитетінің мүшесі едік.

Хабарды алғаш бізден естіді.

* * *

Атақ-данқ Оралханның ауылын жағалап жүрді. Кітаптары, пьесалары орысшаға аударылып, Мәскеуден де, шетелдерден де шыға бастады.

Қуанбай ма? Әрине, қуанады. Дос-жарандары, құрбы-құрдастары сондайда Оралханның үйіне жиналып, аяулы жары Айман жасаған мол дастарқанның басында отырады. Орекем сондайда шешіліп, көсіліп, түйдек-түйдегімен сан алуан әңгіме тиегін ағытады.

Шағын ғана кабинеттің іші – музей. Неше түрлі ескі қанжар, қылыш, әр жерден алған сыйлық ескерткіштер, баяғы бабалар дулығасы мен сауыты... Төрде керіскедей болып Алтай аюының терісі жатады.

«Лениншіл жаста» («Жас Алашта») тек қалам ұстағандар ғана емес, домбыра ұстағандар да, тәп-тәуір ән салатындар да бар. Ақселеу – домбырашы, күйші, Кәдірбек – әнші. Өзгелер де құралақан емес.

Оралхан да ән салады. Бірақ әні көбінесе мұң сарындас болып



келеді. Ал енді көркемсөз айтқанда жандырады. Бейімбет Майлиннің «Шұғасын» оқығанда арқасы ұстап, аруақ қысқандай, орнынан атып тұрып, диванның үстіне шығып кетер еді:

«... Әуре боп неге біткен ажар-көрік...» – деп сыңсыта, баяулата бастап:

– Әне, – деді жолдасым, – әне, Шұғаның белгісі көрінді. Шұғаның белгісі! – деп оң қолын қамшы ұстағандай алысқа-алысқа, қиянға сермеп, түр-түсі бұзылып: «Әй, өзі де Шұға десе – шұға еді-ау!.. – деп аяғын мұңды сазбен, өкінішпен, өксігендей болып барып бітіретін.

Әуелде Оралхан театр институтына түспекші екен, кейін ауылдағы жағдайға байланысты ма, әйтеуір, сәті түспеген. Егер әртіс болғанда да, ол сол ортаны да жанартаудай жарып шығар еді-ау деп ойлаймын ғой, оның мына «Шұғадағы» кескінін көріп.

Ән-күйлі, әңгіме-дүкенді әдемі отырыс та аяқталады. Қуанышқа жиналғандар үйді-үйіне тарайды.

Сонда ол Айман екеуі ғана қалады. Екеуі ғана. Отасқалы қанша жыл болды: екеуден-екеу. Бала жоқ. Әлгінде ғана театрдағыдай жаз жайнаған үй енді жадау тартады. Сондайда Оралхан әлгінде аздап қана ұрттаған коньяктің әсерінен бе екен, әлде үйдің қоңылтақсып қалғанынан ба екен:

Жалғыз ұлы бардың,
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі ұлы бардың,
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш ұлы бардың,
Бұхарада малы бар.
Төрт ұлы бардың,
Аспанға салған жолы бар, –

дейді де, алақандарын аспанға жайып жіберіп:

– Құдай-ау, мен саған төрт ұл, үш ұл, тіпті екі ұл бер деген жоқпын ғой. Жалғыз ұлды да аядың ба? Жалғыз ұлым болып, соның тілеуін тілеп, жолында садағасы кетіп, шығар-шықпас жаным жүрсе болмас па еді, Құдай! – дегенде, Айман үн-түнсіз жылайды екен. Ашуланбайды, айқайламайды. Оның Құдайға айтар арызы – тек көз жасы.

Ақыры опат болды. Жайын жанаттан берсін.



Оралханның әкесі мен шешесі де төрт қыз өсіріп отырса да, жалғыз ұлды армандайды екен. «Бәрі де майданды» оқыған адам мұны түсінеді.

Бір кезде «за бездетность» деген салық болды. Әрине, ондай дуайпат салықты Оралханнан ұстайды. Сонда Оралхан салықтан қалған ақшаны ұстап тұрып: «О, сығыр үкімет! Баласын қоқысқа лақтырып тастайтындарды жазаламай, мені жазалағаның неткенің? Мен балалы болмайын деп жүр ме екенмін!» – деп ызаланушы еді.

– Жылда-жылда кітаптарың шығады, әрбір кітабың бір-бір бала емес пе, – деп жұбатқысы келеді сырлас досы Оралханды.

– Кітапты менің ақыл-ойым, сезімім, еңбегім береді. Ал баланы Құдай береді. Құдайдың құр қалдырғаны қиянат емес пе? – дейді екен Оралхан.

Ақыры Құдай оның наласына назар салып, аяса керек, кейін қосылған әйелінен бір ұл, бір қыз сүйді: Айхан, Айжан. Алла аман қойса, олар да өсіп қалды. Алды мектепке барды. Әттең, не керек, бала аңсап армандаған Оралхан олардың өзін көрді, қызығын көре алмады.

* * *

Адамды арманына қарап тануға болады. Армансыз адам – мелшиген есек сияқты. Біреулер бай болғанды армандайды. Біреулер бастық болсам деп армандайды. Көп қой. Біреу бар: бір үзім нанды армандайды.


Ал Оралханның арманына көз салыңыз:

«Жұмыр жердің бетін төрт миллиардтан астам адамның аяғы таптап, дүниені өз айқайларымен күңірентіп жүр.

Тек жердің астындағыларда үн жоқ. Егер Құдайдың құдіретімен сол өлілер қайтып оралса, бұл жалғаннан үн-түнсіз жым-жырт өтуді тірілерге үйретер ме еді...

Бір-біріне қатты сөз айтпай, бірінің тыныштығын екіншісі бұзбай, жылқының жусағанындай, бейбіт те берекелі өмір орнатар ма еді, қайтер еді, егер аруақтар зәуде қайтып оралса... (шіркін-ай, қайтып оралса). Дүниедегі сансыз сұмдықтың бет пердесі ашылып, БІЗДЕР ұяттың отына өртеніп кетер едік-ау... («Сайтан көпір»).

Біздер, тірілер, қазір: «О, Сартр! О, Камю! О, ФрейдЮ, Кафка! О! О!» – деп қалпағымызды бүктеп ұстап, бүк түсе қаламыз. Қазақтың кез



келген қасиетті қара өлеңінде терең философия жатыр. Сол қазақтан туған Оралхан ой тұңғиығына сүңгігенде інжу-маржанды уыстап-уыстап алып шығады. Шетелдік саңлақтарды сыйлау керек. Ал табыну артық.

Ал біз барымызды бағалай алмаймыз.

Оралхан дүниеден озғалы, міне, тура бес жыл болды. Кітаптары өмір сүріп келеді, өмір сүре береді. Олар: жасқа – ақыл, кәріге – қуат береді. Бақытқа бақыт қосады. Бақытсызға медет болады.

Оралхан өлгеннен кейін таңдамалы екі томдығы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Соны қолға алып, зер сала оқып, саралап, әлгі жатқан інжу-маржанды кітап бетінен іздеген бір ғалым, бір сыншы бар ма? Егер, өзі жазып кеткендей, о дүниеден Оралхан ғайыптан оралар болса, «ұяттың отына өртеніп кетер» жеріміз осы.

Обалы нешік, там-тұм, тиіп-қашып жазғандар бар. Мен бұл жерде академиялық, әдеби-философиялық терең зерттеуді айтып отырмын.

Әне-міне дегенше, енді төрт жылдан соң Оралхан Бөкейдің туғанына 60 жыл толады. «Жазушы» баспасының таңдамалы екі томдығын мына қиыншылықта шығарғаны имандылық. Ал бірақ, мұның сыртында Оралхан қаламынан туған талай дүниелер жатыр. Олар да таңдамалы. Мысалы, «Қамшыгер» қайда, «Қасқа құлын» т.б. қайда; пьесалары, от-найзағайлы публицистикасы, очерктері қайда? Мына екі томдықты жалғастырса, әлі екі том болар.

Оралхан ылғи күңіреніп өткен жоқ. Жайма-шуақ жарқылдап жүретін күндері де болатын. Бірақ тағдыр тараңдығын, жарық дүние сараңдығын әлдеқалай сезетін сияқты, кейде ән салатын. Оны мен басқа ешкімнен, не радиодан, не концерттерден естіген емеспін. Тек Оралхан ғана айтар еді:

Дүние ойлап тұрсам-о-о-у, шолақ екен-а-а-й,
Қарағай басын кессе-е-е-ей, молақ екен, ахау, аха-хай.
Он бес пен жиырма бес-о-о-у, қайран отыз-а-а-ай,
Үшеуі-үш күн қонған -е-е-ей, қонақ екен-ахау, аха-ха-ай.
Елімнің бір жайлауы-о-о-оу, Құрымбай саз-а-а-ай,
Жайлаған алты-ай жазға-е-е-ей, Сарыала қаз, ахау, аха-ха-ай.
Шолпандай таң алдында-о-ооу, туып-батқан-а-а-ай,
Қайтейін, о дариға-е-е-ей, ҒҰМЫРЫМ аз, ахау, аха-ха-ха-а-ай.



* * *

Оралханның өлі денесін мырыш саркофагқа салып, сонау алыстағы Үндістаннан Алматыға алып келгелі бері, міне, тура бес жыл да зулап өте шықты. Сол аруаққа арнап оқыған дұғам осы. Басқа не дейін.

* * *

Мен алпысқа толғанда Оралхан маған арнап екі-ақ абзац сөз жазды. Бірақ сол екі ауыз сөзге ол ширек ғасыр бірге болған ғұмырымызды сыйдырып жіберді.

«Аға! Мен Сізді ешқашан да аты-жөніңізбен атаған емеспін. Ең алғаш көргеннен бастап «Аға» деп амандастым және сол 1967 жылдан бері туған ағадай шыншыл көңілмен сыйлап, құрмет тұтып келемін. Бәлкім, осынау алды мен арты айырбастала беретін алдамшы өмірде, сынаптай толқыған әрі айнығыш заманда туған ағайындармен де ат құйрығын кесісердей дүрдараздық болар да; бірақ Сіз бен біздің арамызда ширек ғасырдан бері ағалық-інілік жарастыққа жарықшақ түскен жоқ (тіл-көзден сақтасын). Мен Сізді, аға, жаһандағы жалғыз ұстазым деп, жар сала айтудан ұялмас едім, әрі осының өзін мақтан тұтар едім. Қарғадай кезімде «Лениншіл жас» газетінде жарияланған үш-төрт очеркімді оқып, ауылда қаперсіз жүрген кезімде республикалық басылымға жұмысқа шақырдыңыз.

Университеттің үшінші-ақ курсында сырттай оқып жүргеніме қарамастан, ең бір қиын да жауапкершілігі үлкен бөлімдерді сеніп тапсырдыңыз. Бұдан кейін де әдебиет пен журналистикадағы соқпағы соқтырмалы кезеңдерді бірге өткізіп келе жатырмыз. Мен кейде туған айымыз бен күніміздің де (28-қыркүйек) дәл келуін ырымдап, жақсылықтың нышанына балаймын. Міне, Сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екем?» (1992 ж.)

Соңғы сөйлем... Сұрапыл сұмдық сұрақ. Төменге қараймын: енді Оралхан көрінбейді. «Шолпандай таң алдында туып-батты».

Сонда... Қатонқарағайға, Шыңғыстайға барғанда, алқаракөк аспанда бір қыран биіктен төменге қарап, баяу қалықтап жүрді де қойды. Енді биіктеп кеткен Оралхан шығар...

ҚАҢТАРУЛЫ ҚАЗАНАТ

(эссе-естелік)

Жазушы Ғабит Мүсіреповтің кабинеті бір жылдан бері жабық тұр. Құлыптаулы.

Оқта-текте телефон шырылдайды. Сонда төрт қабырға, қабырға сірескен кітаптар... елең еткендей болады да... кабинет қайта мүлгиді. Егіз телефонның сыңарын басқа бөлмеден жазушының жұбайы, кабинеттің «шырақшысы» Ғазиза Бисенқызы көтереді. Ал кабинеттегі телефонның трубкасын ешкім алмайды.

– Алло-о-у-у, – дейтін кербез, такаппар дауыс естілмейді.

Соңғы жиырма жылғы жуық уақыттың көп күндерін сан сағаттарын ол осы кабинетте өткізді. Үстіне қалың картон қағаз төселген жалпақ стол, көнетоз мығым кресло, жалпақ столдың үстінде жасыл қалпақты шырағдан, жанында хрусталь күлдеуіш, инедей өткір ұшталған қарындаш, бір десте аппақ қағаз... және «Жат қолында» романының орысша шыққан кітабы қақ ортасынан айқара ашық жатыр. «Жат қолында» кітабы орысша жарық көргеніне көп те болмаған. Жазушы сол кітапты бірінші бетінен бастап шұқшия оқып, өткір қарындашпен түзетіп келе жатыр екен. Бірақ аяғына дейін жете алмапты. Орысшасында «три года» деген екен аудармашы. Оны автор: «третий год» деп түзетіпті. «И тут произошло то, чего Кенжегара больше всего боялся» – депті орысшасында, Автор «боялся» дегенді сызып тастап, үстінен «опасался» деп түзетіпті, «Не чужая вы мне, а сноха с дядиной стороны» дегендегі «сноханы» үстінен сызып, жанына «тетя» деп жазыпты.

Ол қазақтың көркемсөзінің хас шебері болғанда, орысшасы да өте озық еді. Өзі айта беретін «қос қанат» онда пара-пара болатын.

Қазақтың қыран сияқты қос қанаты бар бірі – қазақ тілі, екіншісі – орыс тілі. Сыңар қанатпен ұша алмас болар».

Ол осылай дейтін. Сөйтсе де оның шығармаларының аудармасы бұрындары онша сәтті бола қойған жоқ. «Оянған өлке» – «Пробужденный край» болғанда, «Оянған өлкенің» сөз сиқыры солғындап, бояуы өңіп кеткендей болды. «Кезінде онша мән бермей, аударманы бастан-аяқ өзім оқымай опынып қалдым» дер еді ол. Сол өкініш ұмытылмаған да сексеннен асқан шағында әрбір сағаты қымбат уақытын «Жат қолындағының» аудармасын мұқият қарауға амалсыз қиған ғой.



Иесіз кабинетте тұрғанда «өткен күнде белгі жоқ» деген сөз өтірік пе деп қаласың. Көңілде бәрі сайрап тұр. Әне, анау босағаға ілулі шоқпар... Жазушыға шоқпар неге керек? Осы шоқпар Игілік пен Жұман бай ауылдарының қақтығысында «кейіпкер» ретінде қатысатын болар.

Темекі түтінінің исі сезілгендей болды. Бір жылдан бері бұл кабинетте ешкім темекі шеккен емес. Ал Ғабең.

«Глория» дейтін хош иісті сигарет тартып отырар еді.

«Глория» болмай қалса – «Космос».

– Бұл темекіні қай кезден бері тартасыз? – деп қалдық бұрыңғы бір жақсы, жайдары кездесу үстінде.

Ғабең: «Ehe-he-he» деп кеңк-кеңк күліп алды, сигареттің бозарған күлін хрусталь күлдеуішке мұқият қақты:

– Ертеде мұғалім болып жүргенімде бір қыз маған моншақпен әдіптеген темекі қалта сыйлады. Өзі сәнді, әдемі қалта. Оны қалай бос ұстап жүресің. Махорка сатып алып, ішіне соны салып, әлгі қыздың алдында түтінді ширата шығаратын болдым. Әне, содан осы антұрғанға үйреніп кеттім. Қызға қырындаудан басталған кәрі қырсық әлі қалмай келеді. Енді тастайын десем, біртүрлі қимаймын. Обал сияқты, опасыздық сияқты көріне ме, немене...

Бұл әңгіме ойға оралар ма еді, оралмас па еді, хрусталь күлдеуіш «ұмытпа!» дегендей болады. Жазушыдан қалған әрбір зат иесін ұмыттырғысы келмей, есіңе әйтеуір бір елесті әкеледі.


«...Дұшпанды қырған сол Салауат.

Аты қайтты, өзі жоқ», – деген өлең ызыңында көп сұмдық жатыр. Анда-санда Карл Маркс көшесімен өткен трамвайдың талып жеткен даусы болмаса, шыбын ызың етпейтін мына кабинет – қаңтарулы қазанат сияқты.

Кабинеттегі әр зат қымбат, қастерлі, Ғабит Мүсіреповтің көзіндей аяулы. Әне, анау жасыл блокнот... Өзінің көзі жоқ жазушының блокнотына үңілу әдепсіздік аталуы мүмкін. Өйткені жазушының блокноты – жазушының жан сыры. Тіпті ол өзінің ғана құпиясы. Басқа бір адам білуге тиісті емес құпиялар болуы ықтимал. Тек, Ғабеңнің жұбайы, әрі Ғабит Мүсірепов әдеби мұралары жөніндегі комиссияның мүшесі (мен де сол комиссияның мүшесімін – Ш. М.) Ғазиза Бисенқызының ризашылығымен сол жасыл блокноттан оқырманға бірер сыр ұсынуды жөн кердік.

Беташарында:

«Январь, 1970 жыл», – делінген. Қазақта ар-ұят ең жоғары саналады.



«Малым – жаным садағасы».

«Жаным – арым садағасы» – дейді қазақ халқы...

«Өлімнен ұят күшті».

Біздің пайымдауда, жазушы бұл белгілі мақалдарды блокнотқа тегін түсірмеген. Ар-ұят жөнінде бір толғам үшін, болашақ бір туындының желісі, өзегі ету үшін әдейі есіне берік сақтап отыр.

Келесі бір бетте:

«Абайдың философиялық ойларының тереңі, әрі философияға қосқан жаңалығы мына екі жолда болуы керек:

Кірленген көңіл өз үшін
Тұра алмас әсте жуынбай»...

Саналы адам біреуге жәбір-жапа көрсетіп, өз көңіліне өзі дақ салған болса, ол сол дақты жақсылық істеу арқылы кетірмей тыншыға алмайды, көңілі дауаланбайды, – дейді...».

Абайдың әр өлеңінде, әр сөзінде шындықтың шыңырау тереңі жатқанын Мүсірепов әдейі бөлектеп отыр. Біздің көбіміз-ақ Абай өлеңдерін оқимыз, тіпті жаттап аламыз. Ал сол әр сөздің ар жағында не жатқанына назар сала бермейміз. Тіпті, мектепте де терең, ойлы талдау бола бермейді. Ғабит Мүсірепов Абайды жақсылап таныңдар, тереңнен тартып түсініңдер, – дегісі келеді.

«Жаны аласаны үлкейткенмен ол өспейді».

Бұл – Ғабит Мүсіреповтің өз афоризмі. Күнбе-күнгі өмірімізде кездесіп қалатын жаман әдет. Қолынан іс келместі, өресі жетпесті қоқырайтып қоятындар ара-тұра көрініс беріп қалмай ма? Ғабит Мүсірепов соны меңзеп отыр. Партияның кадр таңдау саясатымен үндес. Кадрды біліміне, іскерлігіне, парасатына, адалдығына, шыншылдығына қарап таңдамай, тамыр-таныстық, туыстық, жерлестік нышандарына қарай таңдаған жерде береке болмайды. Ол – ортаны, түптің түбінде сол қолдаушының өзін ұятқа қалдырады. Дарынсызды, парасатсызды қолдаушының өзі мұндайда екі есе кінәлі.

«Қай халықтың болса да мәдениетін, көркемсөз, көркемөнерін жоғары көтеріп, жалындатып жіберуге жүз талант көптік етпейді, он талант аздық етпейді».

Осында күрделі ой жатыр. «Жүз талант көптік етпейді». Әрине, шын талантты айтып отыр. «Он талант аздық етпейді». Біздің республикалық одақта, мысалы, бес жүздің үстінде СССР Жазушылар одағының мүшесі



бар. Бәрі бірдей сол биік атаққа лайық па? Көркемсөзді жалындатып жіберуге бәрі бірдей жарай ма? Сұңғыла сұрақ түйіні осында. Жер бетінде не көп – тас көп, алтын аз.

Сондықтан Ғабит Мүсірепов жасыл блокноттың тағы бір жерінде былай дейді:

«Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз?!».

Бұл талапты Ғабит Мүсірепов ең алдымен өзіне қойғаны зайыр ақиқат. Осындайда ойға оралады, ол осылайша бір әңгімесінде: «Газетінде кейде марапатшылдық бар. Тым әсіре мақтау ұшырасады, «Көркемсөз шебері», «Сөз зергері» деп жатасыңдар. Маған да әсірелеу жарамас болар. Зергер деген не? Егер сен сөзіңмен, сөздің құдіретімен қурап қалған ағашқа жасыл жапырақ бітіре алсаң – әне сонда зергерсің. Егер сен сөз құдіретімен үмітсіз ауру адамды аяғынан тік тұрғыза алсаң, әне сонда зергерсің... Егер әлдекімнің жүрегіне мұз қатып қалса, сенің кітабың соны жібітер болсын. Әне, сол зергер...» – дегені бар. Ол осы талапты ең алдымен өзіне қоя отырып, өзге қаламдас бауырларына да арнаған ғой.

Соның анық куәсіндей мына бір жолдар бар:

«Сәбит-ау!

Біз, шалдар, жазбай отыра алмаймыз ғой. Тек бір ғана тілек айтқым келеді – жаман жазбасақ екен. Біздің жаман үлгіміз жастар үшін жақсы үлгі болып көрініп жүрсе, бізге бұдан ауыр кінә болмауы керек...»

Шіркін-ай, – дейсің бұл жолдарды оқып, – біз, қазіргі қартаң буын, орта буын, бір-бірімізге осылай ағынан жарылып, наз-тілек айта алар ма екенбіз? Айтып алып, арылмас дауға қалмаймыз ба деген күдіктен айыға алар ма екенбіз?

Жасыл блокнот, мінеки, осындай бір зіл батпан ойларға қалдырады.

Хас қаламгер заман, уақыт тамыршысындай.

«Баяғыны көксей берген елде бүгінгі өмірге үйлесе алмаушылық болады.

Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ та жоқ.

Көксеу мен құрмет екі текті түсінік.

Түсінік беріп жатудың өзі күнә. Диалектиканы бір тарының қауызына сыйдырып айту үшін осындай құдірет керек.

Жасыл блокноттын жазуы кейде арапша әріппен тізіліп кетеді екен. Ондай жерін Ғазиза Бисенқызы оқып береді. Оқыр алдында:

– Қарай гөр өзін. Әйел туралы жазғанда жанып кетеді, – деп шалы алдында отырғандай жорта бұрқылдап қояды.



«Әйел ашуланса – жеңіледі,
еркелесе – жеңеді».
«Әйел шынын айтса да себебі бар,
өтірік айтса да себебі бар».
«Менің байқауымша, сұлу әйелді ит қаппайды.
Олай болса, сұлулықты ит те сезінеді».

Әйел, Ана туралы неше алуан көркем дүние жазған Ғабеңнің әйел психологиясын, мінезін, жүріс-тұрысын суреткерлікпен зерттеп, терең білуі әбден заңды.

«Адам атаққа құмартса – қорлығы.
Адамгершілікке құмартса – зорлығы».

Осы бір ойын жасыл блокнотка түсірген Ғабит Махмұтұлы өзі қалай еді? Осы қағиданы өмірде өзі ұстайды ма деген сұрақ тұрар көмейде.

«Ұлпан» романының кітап болып жарыққа жаңа шыққан кезі. «Ұлпанның» он шақтысын көтеріп, «Жазушы» баспасының сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаев екеуміз Ғабеңнен сүйінші сұрай бардық.

– Бәрекелде-е-е! Жақсы жігіттер осылай болса керек, – деп ол шын қуанды. «Ұлпанды» балдай сипалап, мәпелеп отырып сонда бір сыр айтты.

– Мансапқа менің өкпем жоқ. Кәдімгідей лауазымды қызметтерде де болдым. Мүшелік, депутаттық дегеннен кенде емес едім. Атақ та бар. Бірақ соның бәрі өткінші. Өткінші емес бір нәрсе – ол жазу. Жазушы қай күні қаламы тоқтаса – оның өлген күні сол.

Ол өзі өмірінің ақырғы күндеріне дейін қолынан қаламы түспегеніне мына үнсіз кабинет куә.

«Минем һәр минутым бөтен дәнья бәһасенә то-ра» – деп Тоқай айтса, Ғабит Мүсірепов те әсіресе өмірінің соңғы жылдары әр минутін бүтін дүниеге балап ғұмыр кешті. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем тіл туралы болған конференцияда (1985 ж.) жасаған екі сағаттық баяндама, Қазақстан Жазушылар одағы партия жиналысына берген шығармашылық есебі (1985 ж.), мақалалар, интервьюлер, «Жат қолындағының» жаңа редакциясы т. б. көптеген жұмыс сексеннің үшеуіндегі жазушының әр күнді, әр сағатты алтындай бағалағаны ғой.

Жасыл блокноттың жанында Ғабеңнің қолымен жазылған хаттар... Эпистолярлық мұра. Соның бірінде Ғабит Махмұтұлы 1967 жылы 12 ноябрьде өзінің болашақ жұбайы, әрі жазушының «жалғыздығына» жәрдемші Ғазиза Бисенқызына былай деп жазыпты:



«Ғазизажан»!

Сіз бұл жіберген беттерді «36» беттен бастап басарсыз. (Бұрынғыдан бір-екі бетті өзгертуге тура келді).

Осымен Жібек апаңыз да аяқталды.

Аса ұқыпты басады екенсіз, көп рақмет. Шашымды ағартьш жүрген бір жай осы еді, бұдан былай сізбен байланысты болсам, ол бәледен құтылатын шығармын, тағы да рақмет. Сәлеммен Ғабит Мүсірепов.

Бұл кезде Ғазиза Бисенқызы «Үгітші блокнотында» машинистка еді. Ал Ғабеңнің арапшасын кез келген машинистка баса алмас-ты.

«Жібек апаның» қалай біткенінен біз де біршама хабардар едік. Өйткені «Қыз Жібек» киносценарийі тұңғыш рет «Лениншіл жас» газетінде жарық көрді. Фильм болып кейін шықты. «Қыз Жібекті» жариялаған газет қызметкерлерінің мақтанышы мен қуанышы әлі есімде. Сол «Қыз Жібек» кейінірек экран арқылы бүкіл дүниежүзін аралап шықты. Еңбегі осынша жанған жазушыда арман мұң атаулы бола ма екен?

Болады екен.

Ұмытпасам, 1974 жыл еді. «Жұлдыз» журналына оңды шолумен «Правда» газетінде көлемді мақала шықты. Сол мақаланы талқылап, редакция жұмысын жақсарта түсу мақсатында редколлегия шақырылды, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Хамза Есенжанов, Мұхаметжан Қаратаев, Рахманқұл Бердібаев, жастардан Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев т. б. редколлегия мүшелері.

Ғабиден Мұстафин қала сыртындағы үйінен біраз кешігіп келді.

– Е, көк базарға барып, малина сатып кешігіп қалдың ба? – деді Ғабит Махмұтұлы. Онысы «бау-бақшаң бар» дегені. Мәжіліс ортасында Ғабит Махмұтұлы сыртқа шығып келем деп кетті.

– Немене, қуығың шыдамай бара ма? – деп «есесін қайтарды» Ғабиден Мұстафаұлы.

Басқалар мәз. Жарасымды әзіл, қалжың. Сағынасың сол шақты. Кейін-кейін Ғабиден Мұстафаұлы дүниеден қайтқан соң, бір күні Ғабит Махмұтұлы дәл осы кабинетте көңілсіздеу отыр екен. Себебін сұрамай-ақ өзі айтты:

– Жалғызсырай беремін. Қалжыңдасып, карта ойнап отыратын Ғабиден жоқ, – деп мұңайды. Тағы бір хат:

«Тәтесі! (Ғазиза Бисенқызын айтқаны – Ш. М.) Мына бес бет «Екі Мұхтар» көңіліне ұнай қалса, тезірек басып, «Қазақ әдебиетіне»

тапсырарсың. Шерхан жоқ болар, Оралханға телефон соқсаң, өзі алдырар. Телефоны 62-52-23. Одан бұрын өз пікіріңді маған да білдіргенің дұрыс болар еді; мүмкін артық-кемін табарсың. Көкесі. (яғни, Ғабит Мүсірепов – Ш. М.) 19.VII.84».

Иә, бұл мақала «Қазақ әдебиетінде» жарияланды. Санаторийде жатқанда жазылған Ғабит Махмұтұлы талантты жастарды осылай іздеп жүрер еді. Әдебиетке келген әрбір елеулі талант ол үшін қуаныш. Бірақ ол да пенде. Кейде әдебиет айналасындағы кейбір пысықайлар оның көңілшек осалдығын пайдаланып, кітапсымақтарына алғы сөз, «бата» сөз жаздырып алып, Ғабит Мүсірепов атын малданып та жүрді. Бірақ кейін ол әбден қауым алдында бұл «осалдығын» азаматтықпен мойындады да. Енді ойлап тұрсаң – мұнысы да ерлік.

Бұл келтірілген жазулар үнсіз кабинет байлығының бір тамшысы ғана. Әлі сыр шашпаған, «ауыз ашпаған» жазулар қаншама!

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1985 жылы 31 декабрьде дүние салды. Содан бері бір жыл өте шықты. Содан бері бұл кабинет жабық. Иесі майдан даласында мерт болған қаңтарулы қазанат сияқты...

1986 ж.



Түркияның астанасы Анкара қаласында ай сайын шығатын «Кардеш калемлер» (Бауырлас қаламдар) әдеби журналының жаңа саны Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаға арналды.

ТАБЫЛҒАН ТЕҢІЗ

Ұшақ Арқалыққа кешігіп келді. Ол қаудырақ ақ селеу басқан аэродромға келіп қонған кезде күн кешкіріп қалған еді. Енді жарты сағаттан кейін мекемелер жабылады. Жұмысым ертеңге қалды. Көңілімде «бір күн бос кетті-ау» деген өкініш бар.

Арқалықтың мейманханасынан маған да бір койка тиді. Жата кетуге әлі күн ерте. Қаланы аралап біраз жүріп қайтқым келді.

Ал қызыл бояулы кешкі аспан. Қызғылтым қанатты ақша бұлттар тізбегі батып бара жатқан күнді қимай мұңайып қалған. Кешкі нұрдың аясындағы Арқалықтың жаңа үйлері асқақ көрінеді.

Көктемде егілген ағаштардың жапырақтары сарғайып, олар да кешкі самалмен сыбырласа бастаған. Жаздың тез өте шыққанын, ақырған ақ боранды күндердің келе жатқанын күрсіне түсіп әңгімелей ме дерсің.


Арқалықта әлі жасыл парк жоқ. Қала жаңа. Қаланың жаңалығы сонша, оның дәл ортасында тұрсаң да мұрныңа дала жусанының аңқыған иісі келеді. Қала ішінде жусан өспесе де, оның иісі Арқалықты аралап жүреді.

Арқалық даламен айқара құшақтасып жатады. Жастардың серуен салатын арнаулы орны әлі жоқ. Сондықтан бұл қаланың жастары кешке жақын Арқалық өндірістік басқармасы орналасқан үлкен үйдің алдындағы алаңға жиналады. Алаңның аядай жері асфальтталған. Оны «пятачок» дейді. Осы «пятачокта» жастар би билейді.

Бұған Арқалық жастарының бәрі сыя бермейді. Сыйғанынша билеп, сыймағаны сырттан қарап тұрады. Сол сырттан қараушылардың қатарына мен де қосылдым.

Музыка сиқырына қара көк аспаннан жұлдыздар сығалай қарайды. Именшек балалар сияқты «Тәйт, қарама!» деп біреу зекіп тастайтындай, жаутаң-жаутаң етеді. «Жердегі жандар неткен көңілді, неткен тамаша», – деп көздері қызып, таң боп жыпылықтайды.

Арқалықтың шамдары да жарқ-жұрқ ете қалды. Аспан жұлдыздарының көзі ұялып, бұрынғыдай емес күңгірт тартты. Би алаңының алакөлеңкесі сейілді.



Сонда маған көпшіліктің ішінен өзіме таныс бір адам көрінгендей болды. «Сол ма, ол емес пе?» дедім ішімнен.

Ол менен бірер адым алда тұр еді. Беті бір қырынан көрінеді. Жайлап алға шығып, артыма бұрылып қарадым. Жоқ, ол емес.

Рас, көзі соның көзінен айнымайды. Ұшқын шашып тұратын қаршыға қара көз. Бірақ оның бет ажары мүлде мұндай емес еді. Жүзі қараторы, қыздың бетіндей үлбірек еді. Мен соңғы рет көргенде иегіне үрпек жүн енді ғана тебіндеп келе жатқан. Мұрны тәмпектеу, бірақ сүйкімді болатын.

Ал мынаның бет-ажары тіпті біртүрлі: көп тыртық, бетке жапсырған көп терінің құрағы сияқты. Оң жақ шекесі қызылшақа балапанның терісіндей қызғылттанып барады да, самайға жете бере көкшіл тартады. Маңдай тұсынан әлдебіреу электр пісіргішін жүргізіп өткендей қиғашынан шодырайып белдеу сызық қалыпты. Оң жақ қасының тек құйрық жағы ғана бар.

«Ол емес!» Иә, ол мұндай емес. Онымен біз интернатта Күншуақ қаласында бірге болғанбыз. Менен біраз жас кіші. Соңғы рет бұрнағы жылы көргенмін. «Аға, сіз құсап журналист болғым келеді. Журналистика оқуына түсуді көздеп жүрмін», – деп еді. Мүмкін емес. Оның Арқалыққа келетін жөні жоқ.

Дегенмен артыма тағы бұрылдым. Сол сәтте ол да маған қадала қалды. Қызыл тыртықтар арасындағы екі көз өңменімнен өтіп барады. Мен тайқақсып кеттім. «Көзі неткен зәрлі еді!»

Бейне бір магнит тартқандай басым өзінен-өзі тағы бұрылды. Тағы да сол сұсты көздер. Сәл езу тартқандай болды. Сонда бетіндегі сіреskен тыртықтар тіріліп, қимылдап, бірінің үстіне бірі мініп алғандай болды. Оның езу тартқаны: «Әй, бәлем, танымадың ба? Тани алмассың!» – дегендей еді.

– Саламатсыз ба, аға! Танымадыңыз-ау деймін?

– Сені... Оралмысың?

– Дәл өзімін...

Мен қолымды ұсына бердім. Ол мұнымды қаламағандай өз қолын баяу созды. Қол емес, кедір-бұдыр келтек ұстағандай болдым. Осыны өзі де сезгендей, жылдам тартып ала қойды.

– Танымадыңыз ғой, аға, – деді тағы да езу тартып.

– О не дегенің, Орал! Мен сені бірден танидым. Бірақ ұқсас біреу ме деп...

– Жарар, аға, жұбатпаңыз. Онан да қайдан жүрсіз, ел-жұрт аман ба? Соны айтыңыз. Сізді мен анда-санда газеттен оқып тұрамын. Мұнда қашан келіп қалдыңыз? Командировкаға ғой шамасы?

– Иә, иә. Командировкаға. Ал, өзің қайдан жүрсің?

Мен оны қолтықтап, би тобынан алып шықтым.

– Ертең комсомол комитетінің бюросы болады екен. Соған шақырған екен.



Арқалықтың түнгі аспанын ауыр бұлттар торлай бастады. Толықсыған ай сол бұлттардың арасынан әлсін-әлсін көрініп қалады. Салқын леп денені түршіктіреді. Оны елейтін жастар жоқ. «Пятачоктан» араб тангосы сызыла шықты.

– Күз түсті, – деді Орал аспанға қарап қойып. – Мен мұнда алғаш келгенде көктем еді.

* * *

...Бөлме іші алакөлеңке еді. Мен шам жақпақшы болдым.

– Соны жақпай-ақ қойсаңыз, аға.

– Неге? Қараңғыда отырамыз ба?

– Көше шамдарының жарығы түсіп тұр ғой, жетер со да.

Өзі тұрып барып, терезенің желкөзін ашып қойды. Папирос тұтатты.

Вокзал жақтан паровоз айқайлады. Орал соны тыңдағандай, папирос тартып біраз үнсіз отырды.

– Осы дауыс сізге әсер ете ме?

– Соны байқамаппын, – дедім мен.

– Паровоздың даусы. Бірақ оны біз совхоздан есіте алмаймыз. Мен тұратын «Сарбаздар» совхозы Арқалықтан алпыс километр жерде. Теміржолдан жырақ.

– Онда қалай барып жүрсің, Орал?

Ол папиросты сөндіріп, желкөзден лақтырып жіберді.


* * *

...Пойыз шеті жоқ бір туннельдің ішіне сүңгіп кеткен сияқты. Бұл туннель емес, түн еді. Купедегі көршілерім ұйқыға кірісті. Пойыз жолаушыны жақсы әлдилейді. Пойыз жолаушыны дітте-ген жеріне жылдам жеткізіп қана қоймайды, қамқор анадай тер-бетіп ұйықтатады.

Оның әлдиіне мен ғана алданбай отырмын. Терезеден қарасам, сырт қараңғы. Сол қараңғылықпен пойыз зымырап келеді.

Терезе сыртының қараңғылығына қарап отырып, мен өзімнің жанашыр жақындарымды көремін. Түн қараңғысы тек маған ғана арналған алып экран сияқты. Сол экраннан түрлі-түрлі көріністер жүгіріп өтіп жатыр.

Міне, мынау бурыл шашты, ақ кимешекті, қара шибарқыт бешпенті бар қария менің қарт әжем. Ол менің әкемнің шешесі. Мен соның ақ төсін еміп өскенмін. Өз анамды білмеймін. Қырық үшінші жылы қақаған қарлы қыста әкемнен «қарақағаз» келіпті. Шешем келесі жылдың қысына дейін отырып, әкемнің жылын беріп, әжемнен рұқсат алып, басқа жаққа кетіп қалыпты.



Оны маған әжем айтады: басқа бір ауылға кетіп қалды дейді. Басқа күйеуге тиіп кетті демейді. Өзі осыны айтып күрсінеді.

«Өзің есік көрген әйелсің, оның үстіне артыңнан ілескен балаң болса, күнкөрісің қараң болады, қарағым. Оралды тастап кет. Басың болса әлі жас. Талай бала табасың, құдай берсе. Ал маған құдайдың осы Оралдан басқа берері жоқ. Оны да алып кетіп, аңыратпа. Аңырағаным аз емес», – деп мені алып қалыпты. Сөйтіп Күншуақ қаласының қасындағы «Қуаныш» колхозындағы Заһира атты қызының қолына барып тұрыпты. Әжем әлі сол Күншуақта.

Қайран әжем, қазір не істеп отыр екен. Әлде ұйықтап жатыр ма екен. Қайдан ұйықтаушы еді. Мені ойлап жатыр ғой. Тіпті ұйықтаған күнде де түсінде мені көріп жатқан шығар. Мен де бір тауфықсыз баламын ғой. Әжем итшілеп өсірді. Өзі айтқандай «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» өсірді. Тіпті соғыстан кейінгі ауыр жылдың өзінде қызының жалғыз сиырының майын сатқызып, тапқан-таянғанын менің үстіме жапсырды. «Жақсыдан қалған жәдігерім» деп мені алдына алып, басымды төсінің астына басып, ыңылдап көп отырар еді.

Өткен жылы Алматының сурет галереясында Ленинград Эрмитажының көшпелі көрмесі болды. Сонда мен залды аралап жүріп, бір ақ мәрмәрдан қашалған бюстке көзім түсіп кетіп, жүрегім ойда жоқтан лүп-лүп етіп соғып қоя берді. Менің көз алдымда әжем тұрған сияқты еді. Әттең, кимешек кигізіп қояр ма еді, аумаған әжем.

Сөйтсем, ол Вольтер екен. Кәдімгі «Жаңа тарихта» жазылған Вольтер. Тісі түсуден пайда болған кемиектігі, мысқылды күлкісі, күлімдеген әжімді көзі – бәрі әжемнен аумайды. Бірақ менің әжемді өзімнен басқа ешкім білмейді. Ал Вольтер болса, мәңгілiктің үлесіне тиген адам. Тіпті ол туралы біздің бір қазақ ақыны: «Уа, Вольтер, аруағыңа иемін бас» деп толғау да жазған.

...Пойыз зымырап келеді. Жолаушылар ұйқыда. Вагон ішіндегі абыр-сабыр басылып, жас балалар жылағанын қойып, радио «қайырлы түн» айтқан соң пойыз дөңгелегінің әні құлаққа анық келеді. Пойыздың толып жатқан дөңгелегі қос рельспен қосылып, мына түнде «Сарыарқа» күйін арындата тартып келе жатқан сияқты.

Бұл көңілге солай. Әйтпесе, дөңгелек дүрсілін басқа бір әуендерге де ұқсатуға болады. Бұл сарын Пахмутованың «Геологтар» әніне де келе береді. Есіңізде ме, осы бір жан тебірентетін ән? Күн батқанда қырқадан асып бара жатқан бір топ геологтың бейнесін көз алдыңа әкеліп, алысқа-алысқа, ерлік қиырына шақыратын осы ән менің кеудемде күмбірлеп тұрады.

Мүмкін, қазір менің пойыз үстінде түн қатып, бейтаныс жерлермен жортып келе жатқаныма себепкердің бірі осы ән шығар...

Түнді жарып, жымың қағып, анда-санда шоғыр-шоғыр оттар көрінеді.



Күй тартқан, ән салған ұзақ жол! Сен бір кезде осы күйіңмен, осы алуан сарынды әніңмен алысқа-алысқа менің әкемді де ұзатып салдың ғой.

Мен әкемді суретінен білемін. Майданнан жіберген сол сурет әжемнің төс қалтасында жүре-жүре біртүрлі сарғайып кеткен. Қағаз атаулы күн тиіп, не су тиіп сарғаюшы еді. Әкемнің суретіне әжем шаң жуытпаған. Таза ақ шүберекке орап, кеудесіне тұмардай тағып жүрген екен. Мен әжемнің сағынышы сурет қағазына жұққан ғой деп ойлаймын. Қалай болғанда да, сурет сарғайып кеткен. Ал онжылдықты бітірер жылы әжем оны маған беріп: «Жоғалтып алма, жоғалтып алма!» деп қатты тапсырып еді.

– Жақсыдан қалған жәдігерім. Сенің әкең жақсы еді. Сен де жақсы бол! – дей беретін әжем.

Сірә, осы айтқанымды ұмытып кетпесін түзде жүргенде деп әдейі берген шығар. Ал жақсы болу дегеннің не екенін ол кезде мен түсіне бермеуші едім.

Сурет қазір менің төс қалтамда, жүрегімнің тұсында келе жатыр. Бұрын ол комсомол билетімнің ішінде тұрушы еді. Бірақ райкомда билетімді талап еткен кезде, суретті шығарып алдым. Сонда әлдебір ыза ішімде бұрқылдап қайнап, соның буы көзімнен жас болып шыға жаздаған. Суреттегі әкемнің көзіне көзім түсіп кетті. «Жылама! Берік бол!» – дегендей еді ол маған. Мен жыламадым.

Әжем, мүмкін, оны маған осындайдың өмірде боларын біліп берген-ау.

Суретте әкем әскери форма киіп, автоматын серт ұстап түскен. Бір қасы бір қасынан гөрі сәл көтеріңкі, ұшуға ұмтылған қыранның қанатындай. Ал көзі сұсты.

Бұл менің әкем. Маған нағыз батырдың өзі сияқты көрінеді. Оны мен әжем айтқан қиссалардағы Алпамысқа да, Қобыландыға да, Ер Төстікке де, тіпті бертіндегі Амангелдіге де ұқсата берем. Ол менің әкемнен гөрі кітаптағы батырларға көп ұқсайды.

Суреттің аты сурет қой. Ол адамның бір сәттік, қас қағым арасындағы, фотоаппараттың кнопкасы басылған заматтағы өмірін ғана қамтып қалған бейне. Әкемнің суреті бір қалыптан өзгермейді. Бірақ ол да күлген шығар, ол да қапаланып ашуланған шығар. Талай рет қуанған да шығар. Сол шақтардағы түрін көзіме елестете алмаймын. Ол менің көз алдыма автоматын серт ұстаған сұсты батыр күйінде тұрады да кояды.

Даладан ұйқысыраған бір-екі от көрінді. Пойыз сол оттардың тұсына сәл аялдап тұрды да, жұлқа тартып жүріп кетті. Әлдеқайдан үшінші сөреден біреудің керзі етігі ұшып түсті. Менің қарсы алдымдағы сөредегі қыз бағанадан бері ірге жаққа қарап ұйықтап жатыр еді. Енді оң жамбасына аунады. Қостанай облысының бір ауданына практикаға бара жатқан студент қыз өз ыстығына өзі шыдамай, ақ простыняны аш беліне қарай ұйқысырап ысырып тастаған. Пойыз дөңгелегінің

ырғағымен қыздың шығыңқы төсі дір-дір етеді. Қолы төсінен төмен қарай сырғып түсіп, полкадан салбырап асылып қалды. Ашық иығы жарқырап, алакөлеңкеде адамның басын алтынның буындай айналдырып, екі көзді арбап алды.

Ұйқыда жатқан қыздың денесіне мұншама өзеурей қарағанымды өзім кейіннен барып байқадым да: «Мен де ұятсыз екенмін-ау», – дедім. Практиканттың балқыған денесінен көзім тайқып, тағы да терезеге қарап отырып: «Нэллиден басқа әйел баласын көргенде де жүрегім мұнша қатты соға алады екен-ау, сұмдық-ай!» – деймін.

Неге бұлай, әрдайым-ақ адамға ақыл патша бола бермейді екен. Верещагин салған суреттегі Ақсақ Темірдің босағасын қорыған сақшылардай, ақыл шіркін, ұдайы адам мінезіне қарауыл қарап тұрса ғой. Сонда мен университеттен де қуылмас едім, комсомолдан да шығарылмас едім. Кім біледі, сонда Нэллиден де мүлде айрылмас едім. Көзді жұмып, ойлап кеттім.

...«Есіл! Есіл!» деген үн маған алыстан талып естілгендей болады. Әлдекім: «Есіл! Есіл!» – деп түрткілейді. Көзімді ашып алсам, жолсерік екен.

– Есіл станциясы!

* * *

Сары шабаданды көтеріп тысқа шықсам, станция басы тым-тырыс. Вагон жағалап, дөңгелектерге үңіле қарап жүрген бірер адамның ғана панарлары жылтылдайды.

Станция басы қараңғы. Аспанда жұлдыздар көрінбейді. Өңменнен өткен суық жел панарлы адамдардың қара шинельдерінің етегін желпілдетеді.

Тепловоз іңгенше боздап түн тыныштығын бұзды. Вагондар бір сәтке қалғып кеткендей еді, енді бірін-бірі түрткілеп оятып, қозғала бастады.

Вокзалда жолаушылар отыратын жалғыз бөлменің іші лық толы екен. Жағалай еденге жатып ұйықтағандар да, жауырынын қабырғаға сүйеп отырып ұйықтағандар да бар. Әлдекімдер ұйықтап жатып тісін шықырлатады. Біреулер түсінде сөйлеп жатыр. Бөлме іші қапырық. Сақалы өскен бір жігіт бұрышта теріс қарап темекі шегіп отыр.

Далаға шығып кетейін дедім. Бірақ даланың қара суығы бәрібір қайта қуып тығарын біліп, іркіліп қалып едім.

Темір пеш жақтан оқыс дауыс шықты:

– Неғып тұрсың, отыр!

Бұрылып қарадым. Ақ сары шашы ұйпаланып маңдайына түскен, шабаданының қыры батып беті езіліп қалған жас жігіт бір көзін жұмып, бір



көзін сығырайтып ашып жатыр екен. Ол сығылысып, еденнен орын бергісі келді. Мен қозғала қоймадым. Бейтаныс қой. Қалтамда азын-аулақ тиын-тебен бар еді.

– Таң атқанша қақшиып тұрасың ба! – деді де ол қара пәлтесінің жағасын көтеріп, қайтадан ұйықтауға бет қойды.

– Қайда барасың?

– Арқалыққа, – деймін мен сыбырлап, ұйықтап жатқандарды оятып алмайын деп.

– А-а, Арқалыққа ма.

Бұрыштағы қабасақал жөтелден булығып, демі таусылып қала жаздады. Темекі тартып еді, қоя қойды.

Әлдеқайдан әтеш әндетті. Сол – сол-ақ екен, Есілдегі қораз біткеннің бәрі бірін-бірі түгендесіп шықты.

– Көп кешікпей таң атады. Ұйықтап алайық, – деді жанымдағы жігіт көзі жұмулы жатып.

– Ұйықта, ұйықта.

– Сен қысылма, басыңды менің иығыма қоя бер, – деді жігіт маған қарай аунап түсіп.

Мен оның иығын жастана қисайған болдым. Иығы биікте, жайсыз болды. Жауырыны қақпақтай екен. Менің басым бірте-бірте сырғанап оның кеудесіне түсті. Сірә, ағалы-інілі адамдар осылайша бірінің кеудесіне бірі басын қойып ұйықтайтын шығар. Менде бірге туған аға да, іні де жоқ. Тек, өзімше ойлаймын, ағалы-інілі балалар құшақтасып жатып ұйықтайтын шығар деп.

Жігіттің қара пальтосының астынан, дәл менің құлағымның түбінен жүрек дүрсілдейді. Ол маған әлденелерді сыбырлап айтып жатқан сияқты. Жігіттің өзі ұйқыда, ал жүрегі менімен сырласқысы келетін сияқты. Ол сірә: «Адамдар бірінің кеудесіне бірі басын қойып жатқанда, жүрек атаулы да жайраңдай түседі, көрдің бе менің қалай соққанымды», – дегендей болады.

Бұрышта отырған қабасақал біреу буындырғандай ышқынып барып тағы жөтеліп жіберді. Жанымдағы жігіт оянып кетті.


– Атың кім сенің?

– Орал.

– Орал? Ол не деген сөз?

– Қайтып кел, вернись деген сөз. Мен соғыс жылында туыппын. Мен туғанда әкем майданға аттанып бара жатыпты. Әкем жеңіспен аман оралсын деген тілекпен қоя салған ғой.

– А-а! Менің атым – Виктор. Мен де соғыс басталған 1941 жылы туғанмын. Содан менің папам Василий майданға кетіп бара жатып, Виктор деп ат қойыпты. «Виктор» латынша «жеңімпаз» деген сөз. Жеңіске жетейік, жеңіспен оралайық деп қойыпты. Қызық-ай, екеуміздің атымыз ұқсастау



екен. Жарайды, ұйықтайық. Сен неге ұйықтамай жатырсың? Жайсыз ба? Басыңды былай қойып ұйықтай бер. Біраздан соң тұрамыз. Таңертең Арқалыққа пойыз жүреді. Мен де солай барамын.

Виктор тағы да қор ете түсті. Менің кірпігім ілінер емес. Жат жер, жаныңда бөтен адам. Үйренбеген жерді ұйқы да жатырқайды. Түрлі ойлар келе береді. Ешнәрсе ойламаймын десең де болмайды.

Дәл құлағымның түбінен Виктордың жүрегі дүрс-дүрс соғады. Виктор – жеңімпаз деген сөз екен. Мұның да әкесі майданға кеткен екен. Оралды ма екен? Сұрасам қайтеді? Жоқ, ұйқысын бұзбай-ақ қояйын.

Қызық-ау өзі. Адам ұйықтап жатыр, жүрегі ұйықтамайды. Жүрек бір сәтке де ұйықтамайды. Оның тоқтамағаны, ұйықтамағаны жақсы. Оның талмай, талай-талай жыл ұзақ соққаны жақсы. Жүректің тоқтағаны жаман. Адамның да тоқтағаны, тоқырағаны жаман. Адам да тынбау керек. Жүрекке ілесе білген жөн.

Осыны ойлаймын да тезірек тұрып кеткім келеді. Бара жатқан жеріме тезірек жеткім келеді. Тезірек бірнәрсе істесем деймін. Сонда жүректің соғуы тегін кетпес еді.

Дәл құлағымның түбінен Виктордың жүрегі дүрсілдейді. Мен абайлап басымды сырғытамын. Кеудесіне салмақ түспесін. Жүрегі еркін соқсын. Басымды Виктордың сол қолтығының арасына қойып көзімді жұмдым. Виктор мені құшақтап жатты.

Менің ағам да, інім де жоқ. Ағалы-інілі балалар дәл осылайша құшақтасып жататын болар деп ойлаймын. Кім біледі. Ағалы-інілі болған жақсы ғой.

Оқтын-оқтын ышқына айқайлап, ұзын составты пойыздар Есілге тоқтамай заулап өтеді. Қалғып кеткен адамдар ащы дауыстан көздерін бағжаң-бағжаң еткізіп ашып алады. Біреу екінші жамбасына аунап түседі, біреу басындағы шабаданын сипалап қояды, біреу көзі қызарып: «Қай пойыз?» – деп сұрайды. «Жүк пойызы» дегенді естісімен қайтадан бүк түседі, қабасақал қауырт бір ісін ұмытып кеткендей қалтасындағы темекіге жармасады. Жұртпен бірге біз жатқан бөлме де ұйқысынан шошып оянады. Қабырғасының сай-сүйегі сырқырап, едені де дірілдейді. Болат дөңгелектер болат жолды солқылдатып, бірте-бірте алыстап, дүрсілі де бәсеңдей береді. Жұрт қайта қалғиды. Еден де дірілдегенін қояды. Дала да мүлгіп кетеді. Тек анда-санда түн түнегінен ұйқысыраған әлдебір дыбыстарды естиісің.

Жамбасым ашып ауыра бастады. Еден батып кетті. Ойыма тағы да әжем, университет, Нэлли түсіп, соның бәрінен айырылып, енді алыста, ағаш еденнің үстінде жамбасым сырқырап жатқанымма қорланып, өзімнен өзім жылағым келді. Өзімді-өзім аяп, көңілім босады.



* * *

Біз далаға шыққанда аспандағы соңғы жұлдыздар бозарып, түнгі суықтан олар да тоңғандай қалтырап тұр екен. Түндегі түйдек-түйдек бұлттарды біреу сыпырып тастағандай, жым-жылас.

Қыс пен көктемнің арасын қара қылдай қақ бөліп тұратын белгі жоқ. Аспан жас баланың көзіндей кіршіксіз. Бірақ ауа салқын. Ауада көзге көрінбес дария толқып жатқандай. Таңның атып, күннің шығып келе жатқанына ауа да шаттанғандай, миллион толқын көзге көрінбей тебіренеді. Жан дүниең сол толқынға сүңгіп-сүңгіп шыққандай сергіп, бір дүлей күш сені алақанына салып, жас балаша секірткендей болады. Сонда жер бетінде жорғалау үшін емес, алысқа самғап ұшу үшін жаратылған жандай сезімге бөленесің.

Бұл сенің өміріңдегі нешінші көктем?

Жиырмасыншы екен-ау! Көктемді көрген қандай жақсы! Ұмытпа, Орал, сен өз өміріңнің жиырмасыншы көктемін Есіл деген станцияда, тың төрінде қарсы алдың.

Ашық аспанда ақ шәйідей үлбіреп, ұзыннан ұзақ, бір шұбалаң із қалды. Ол ізді қалдырып бара жатқан ақ күміс ұшақ шырқау биікке шаншыла шықты. Аспан тыныштығын селт еткізген зор дауыс ұшақ жылдамдығынан қалып барып естілді. Ұшқыр ұшақ дәуір сипатының нышанындай таң атқанда әдейі ұшқан сияқты.

Күн ұшқырлықтан басталды.

Таңның атқанын атырапқа қуана жария еткендей ескі паровоз айқайлап-айқайлап жіберді.

Кетіп бара жатқан қысты қимай қисық ағаш басынан ала қарға қарқ-қарқ етті.

Кейде осылайша жақсы мен жаман жарыса жүреді.

Виктор менен сұңғақтау көрінді. Көкшіл көзі аспан түстес. Қара пальто өзіне қысқа сияқты. Тірсегін қағып тұр. Ол мұрнының ұшына шығып келе жатқан безеуді сипалап біраз тұрды.

– Арқалыққа барамыз ғой сөйтіп?

– Арқалыққа барамыз.


Виктор екі қолын көкке көтере керіліп алды. Сірә, тақтайлы еден оған да батып, тұла бойын сірестіріп тастаса керек.

– Арқалықты бұрыннан білуші ме едің?

– Жоқ, бірінші рет келе жатқан бетім.

– Онда жақындарыңа қонаққа барасың ба?

– Менің жақындарым Күншуақта. Мұнда Торғай тыңына келе жатырмын.



– Онда пойыз жүргенше бір жерден тамақтанып алсақ қайтеді, екеуміздің жолымыз бір екен.

Күн әлі ерте болса да асханаға адам толып қалыпты. Мен кезекке тұрдым. Виктор азық-түлік дүкеніне жүгіріп кетті.

Қалт-құлт еткен үстелге отыра бере қабырғадағы: «Мұнда спиртті ішімдік әкеліп ішуге тыйым салынады» – деген жазуға көзім түсті.

Ашқарынға ішкен қызыл арақ ішті қуырып, ішекке біреу шоқ тастап жібергендей қыздырып ала жөнелді. Қарынның шұрылдап ашқаны да, тақтайдың жамбасқа батқаны да естен шықты. Бір жапырақ көңіл күн көзін көрген жауқазындай жайраңдай бастады.

Мен өлең айтқым келеді. «Хорланды» айтқым келді. Өйткені оны айта бастасам-ақ, Нэллиді – Несібеліні көргендей боламын. Нэллидің шын аты Несібелі ғой, жора-жолдастары Нэлли деп кеткен.

– Тамақ ал, – деді Виктор менің нендей ойға шомып кеткенімді байқап. Оның бет-аузы қызара бастапты. Әсіресе безеу шыққан мұрнының ұшы шиқандай. – Тамақ алысың нашар ғой. Жеп ал. Аристотель айтқан: «Кейбіреулер ішіп-жеу үшін өмір сүреді, ал мен өмір сүру үшін ішіп-жеймін» деп.

– Сен философсың, Виктор.

– Мен философтың айтқанын қайталаушы ғанамын.

Мен оның қасық ұстаған қолына қарадым. Тоқпақтай жұдырығында қарамай дағының табы бар сияқты. Сол қолының бас бармағындағы тырнақ қап-қара. «Балғамен ұрып алған-ау», – дедім ішімнен.

– Сен тракторшысың ба, Виктор?

– Танкішінің баласымын ғой, тракторшымын.

Мен күрсініп салдым.

Мен онжылдықты оқып жүргенде мектеп ауласында баяғыдан қалған бір ХТЗ-ның қаңқасы жататын. Практикум сабағында балалар жақ-жақ болып, соғыс ойнап, трактор қаңқасын танк етіп алушы едік. Тракторды біз оқыған емеспіз.

– Мектепте оқып үйрендің бе, Виктор?

– Иә.

– Қайда оқыдың?

– Крюковода. Мәскеуден ары.

– Сенің папаң бар ма қазір, Виктор?

– Жоқ, Крюково түбінде 1941 жылы күзде-ақ оқ тиіп, қаза болған. Крюковода туысқандар зираты бар. Ол сонда.

– Ал менің әкем Курск доғасында... 1943 жылы.

– Да-а-а, – Виктор да күрсінді. – Орал. «Вернись» деген сөз. Оқасы жоқ, туысқан. Амал бар ма. Өзіміз адам болдық.

Енді дүкенге мен жүгірдім. Жолдасымның алдында қарыздар болып калмайын дедім.



Сөйтіп, тағы бір жарты қызылды бөліп ішкеннен кейін, біз жолға шықтық.

– Қош бол, Есіл! – дедім мен пойыздың тамбурында тұрып. – Сен туралы мектепте бізге «география ағай» Мұстафа ештеңе айтқан емес. Арқалық туралы да ештеңе айтқан емес. Бірақ әлі-ақ жазыларсың география оқулығына.

Бұл айтқанымды құптағандай Есілдің ескі паровозы шыңғырып-шыңғырып жіберді.

– Торғай ойпаты, – деді Виктор «Есіл – Арқалық» пойызы еркін құлаш сермеп ен дала құшағына енген кезде.

Виктор кішкентай қызыл атлас кітапшасына үңілді. Атласта Торғай даласын сары бояумен бояпты. Ал пойыздың тамбурынан бізге көгі жаңадан тебіндеп келе жатқан жап-жасыл дала көрінеді.

«Ой, ты, зима, морозная», – дейді паровоздың айқайымен араласа шыққан ән.

«Ноченька яснозвездная», – деп үдере қостап әкетеді әлденеше үн.

«Шағырмақ жұлдыз, шарт аяз» емес, көгілдір көктем қазір. Бірақ ән уақыт таңдамайды. Ән адам көңілінің жаршысына айналған кезде уақыт талғамайды.

Бүгін аспан ашық. Тізіліп ұшқан қарала қаздар көрінеді. Сірә, Арқалықты іздеп келе жатқандай. Алыстан келе жатқан түрі бар.

Тамбурдан аяғымды салбыратып жіберіп, тұтқадан мықтап ұстап аспан түкпіріне үңіле түсемін. Виктор түрегеп тұрып, қызыл атластан бас алмайды. Бұл аспанның аясы құтты. Бұл жерде дүниеде өте сирек кездесетін қызғылтым қоқиқаздар мен аққулар ұшады.

Ғарышқа тұңғыш адам да осы маңнан ұшқан. Байқоңыр осы арадан онша алыс болмас деп шамалаймын.

«Шіркін, – деймін сонда өзіме өзім. – Пойыз қазір бізді тіке сол Байқоңырға қарай алып зымырар ма еді. Оған жете бергенде пойыздың бірінші вагонынан авиация генералы шығып, байқоңырлықтарға:

– Жолдастар! Мен мұнда жаңа ғарышкерлерді алып келдім. Бұлар көп кешікпей айға ұшады! – десе ғой. – Таныс болыңыздар: Орал Сауранов, Виктор Черногоров...»

Ойымның соңы түске айналып кеткенін де байқамаппын. Өң мен түстің арасын айырып болғысыз. «Мың бір түндегі» Абдрахман ибн Хаттабтың қондырғы мотор орнатқан тақыр кілемі бір жоғары көтеріліп, бір төмен түсіп, ауа шұңқырына ұрынған ұшақтай бұлталақтап келе жатыр. Мен кілемнің шетіндегі шашақтан ұстап ұшып келемін. Шашақ қолымнан сусып шығып кете жаздайды. Кілемнен қолым шығып құлап түсіп, өз орбитамнан шығып, ұсақ-түйек кометалар құсап лағып кетемін-ау», – деп зәрем жоқ.

Иығымнан генерал жұлқып-жұлқып жібергендей болды. Не болып қалғанын әлі түсіне алмай, сасқалақтап көзімді уқалап ашсам, Виктор мені тамбурдың ортасына дырылдатып сүйреп апарған екен.

– Сен қой ондай қиқаңыңды. Өмірмен қоштасуға әлі ерте, – деді Виктор басын шайқап. Мұрнының ұшындағы безеуге дейін бозарып кетіпті. – Құлап кетсең ғой, сүйегің де табылмайды.

– Әй, құрысын, аузыма бірдеңе тисе – дереу ұйқым келетін әдетім, – дедім мен әлденеге ақталмақ боп.

Көзім алақандай болды. Мына жылдамдықтан құласам сүйегімнің табылмайтыны рас. Темір жол жағасында бағаналар көз ілеспей бұлдырап қалып жатты.

Виктор маған біртүрлі ұзақ қарады.

– Орал – вернись деген сөз.

– Түнде ұйқым шала болғандікі де шығар. – Мен әлгі үрейден әлі айыға алмай тұрмын.

– Жарайды. Ұмытуға тырыс, – деді Виктор.

Мен ұмытпақ болдым. Бізді космодромға алып баратын авиация генералы көз алдымнан көлбеңдеп кетпей қойды.

Бірақ арқыраған пойыз бізді алыстағы космодромға емес, астық пен алюминий астанасы Арқалыққа алып келіп тоқтады да, одан әрі жүрмей қойды.

Сәлем саған, Арқалық! Біз пойыздан түстік.

Алқынған ала қарғалар үні бітіп, қыр-қыр етеді. Көктем олардың алқымына тұзақ тастаған сияқты.

* * *

– Ал енді мынау ілік муфтасы болады. Оның рычагы мынау. Көріп тұрсың ба?

– Көріп тұрмын, көріп тұрмын.

– Мотор жұмыс істеп тұрғанда ілік муфтасының рычагын басуға болмайды. Есіңде болсын.

Одан әрі қарай ілік муфтасының қорабы, маховигі, подшипнигі, тағысын тағылар тізіліп келе береді. Виктор мұның бәрін есіне қалай сақтап жүр деп таң қаламын. «ДТ-54» деген мына трактордың сан алуан бөлшегі бар, бәрін біле беру қиын-ақ. Әйтсе де қазір мен тракторды жүргізе аламын.

Далаға алғаш шыққан күн-ақ Виктор мені рульге отырғызды. Ә дегенде трактор удай мас адамға ұқсап, бұлталақтап кете барды. Мен рульге ие болмай қалдым. Тежегішке жармасып едім, біреу қақ маңдайдан салып



қалғандай трактор кілт тоқтап, арттағы сеялкалардың тіркеулері салдыр-гүлдір соғысып қалды. Педальді басып едім, оқалақ тиген сиырдай темір тұлға шошып кетіп, ыршып түсті.

Осының бәрін алыстан байқап келе жатқан бригадир Карл Казимирович менің трактор жүргізуіме тыйым салды. Оның бойы төртбақ, шәушиген кішкене беті арақ ішіп алған адамдай ұдайы қызара бөртіп жүреді. Бірақ жұмыс уақытында аузына арақ алғанын ешкім көрген емес.

– Сауранов! Марш, орныңа бар!

– Үйренейін деп едім, Карл Казимирович.

– Кейін, кейін. Қазір бір минут қымбат. Жер құрғап барады. Жауын тамбай қойды. Кідірмей жүріңдер.

– Бір кезде ұлы теңіз алып жатқан жер енді бір тамшы жаңбырға зар, – деді Виктор тракторға өзі отырып жатып.

– Қайдағы теңіз? Неғылған теңіз? – деді Карл Казимирович.

– Біз қазір бір кездегі орасан мұхиттың түбінде тұрмыз. Бір кезде бүкіл Торғай ойпатын шалқыған теңіз алып жатқан.

– Қой, қой, жоқты соқпа. Ол қай кез? – деп қоймады Карл Казимирович қызарған көзін қайта-қайта уқалап.

– Кайнозой дәуірі.

– Ай, Кайнозой-майнозой. Соқ әжеңнің ертегін.

– Ешқандай ертек емес. Оның суы Арал, Каспий, тіпті Қара теңіз, Жерорта теңіздерімен жалғасып жатқан.

Карл Казимирович: «Болса болған шығар», – дегендей үндемей қалды. Көз жетпей көлбеп жатқан кең далаға қарады. Көп күннен бері шала ұйқы боп, қанталаған көзін уқалап қойып қарады.


– Айта берсеңіз, әуелі бір кезде Ертіс пен Обь өзендері осы Торғай арқылы аққан, – деді Виктор бригадирге май-май қораптан папирос ұсынып.

– Оның бәрін біз біле бермейміз. Сендер білесіңдер, жассыңдар. Мен төрт кластық біліммен қалған адаммын, – деп бригадир мұңайғандай болды. – Сол ағыл-тегіл судың біразы қазір тым құрыса жаңбыр болып, бір сіркіреп өтер ме еді... Мына жер тұнып қалар еді. Жаңбыр жоқ, шайтан алғыр. Тұқым жерге түскеннен кейін жауын бір жауып өтсе құдай берер еді. Жер кеуіп барады. Кәні, тұрмаңдар, кайнозой-майнозойлар...

Бригадир шаң басқан сары мотоциклді теуіп-теуіп оталдырып, келесі агрегатқа қарай шоқырақтата жөнелді.

«Сарбаздар» совхозының екінші бригадасында жұмыс істеп жүргенімізге үш күн болды. Бұл Арқалықтан алпыс шақырымдай жер. Совхоз орталығы да алыста. Күні бойы егіс басында боламыз да, жатар орынға ғана қос басына барып, палаткада жатамыз.

Үш күн деген маған үш айдай көрінеді. Біз түнде де трактордың жарығымен тұқым себеміз. Ұйқы аз.



Бірақ сеялканың үстінде келе жатып, анда-санда жан-жағыңа қарасаң, жасылмен көмкерілген қара барқыт бұйра толқындарды көріп, көзің демалғандай болады. Көңіл де көтеріле береді. Көкпеңбек боп төңкерілген аспан күмбезі көз жетпес жерде Торғайдың сағым ойнаған бел-белестерімен құшақтасады.

Гүлден гүлге қалқып ұшып көбелектер көлбеңдейді. Қара-торғайлар қаптай көтеріліп, трактормен жарыса ұшып, бізбен ойнағысы келеді. Бірақ біздің зәру жұмыстан бас бұра алмай келе жатқанымызды көріп, аспан айдынына сүңгіп кетіп көзден тасаланады.

Елу-алпыс метрдей алыстықта інінен шығып, күнге қыздырынып суырлар жатады. Оқтын-оқтын біз жаққа қарап қояды. Менсінбегендей қара тұмсықтарын шүйіреді. Айқайлап, кесек лақтырсаң, лаждың жоғынан сүйретіліп барып, сөлең етіп ініне түсіп кетеді.

Бір күні мен Карл Казимировичке:

– Қарақұрымдай қаптаған бәлені құрту керек қой, егіннен не қояды? – деп едім.

Карл Казимирович тарғыл үнмен қарқ-қарқ күлді.

– Ол зиянсыз хайуан. Бидай жемейді, қорықпа. Мұндағы жау суыр емес, саршұнақ қой. Біздің бағымызға, мұнда саршұнақ жоқ.

– Әй, білмеймін, суырыңыз нағыз арамтамақ сияқты. Қыс бойы қимылдамай інінде жатып-жатып, жазда шығып, күншуақта көсілісі мынау. Тіршілік қамы жоқ, жалқау жәндік қой.

– Үндеме, – деді Карл Казимирович сонадай жерде бізге маңқиып қарап тұрған суырдан көз алмай. Бұл арамтамақты әлі-ақ басқа бір арамтамақ құртады. Суыр семіріп, әлі мамырлайды. Сол кезде еш жерде жұмыс істемейтін пайдакүнем арамтамақтар келіп аулайды.

Арамтамақты арамтамақ аулайды екен. Мен түсінбедім. Трактор загон басына шығып, кері қарай қайта оралады. Келесі загонда Қадыр Әшкеевтің бригадасы жүр. Оның сеялкашысы – Толя деген жігіт. Демалмайды-ау сабаздар. Сірә, қалайда осы бескүндікте ауыспалы қызыл ту мен ақшалай сыйлыққа ие болуға бел байлап, іштей тынған адамдар сияқты.

Бәйгеден біз де үміткерміз. Совхоз директоры Сардар ә дегенде-ақ айтқан.

– Ал, жігіттер, әрбір бес күнде жарыс қорытындысын шығарып отырамыз. Озғаныңа қызыл ту және елу сомнан ақша!

Бескүндіктің енді екі-ақ күні қалды. Басқаларды білмейміз, бірақ мына көршілерден қалыспай-ақ келе жатқан сияқтымыз. Біз загонның шығыс жағына жеткенде, Әшкеев агрегаты көрші загонның батыс шебіне барып қайтты. Біраз тоқтап, сеялкаларға тұқым толтырып алдық. Күн төбеден төніп тұр. Жомарт күннің шамадан тыс сәулесінен загонның арғы басында сағым ойнайды.



– Әне, Виктор, «Торғай мұхиты», – деймін мен сағымды көрсетіп. – Әшкеевтің агрегатын қарашы, қазір желкенді кеме сияқты емес пе?

– Тіпті де Торғай мұхиты емес, – деді Виктор кабинаға мінгелі жатып. – Ертеде ол Торғай емес, «Тэтис теңіз» деп аталған.

Трактор шеңбер-шеңбер көк түтін атқылап жүре береді. Алдымыздан қалбаңдап, бөксе жағы салбырап суыр қашады. Інінің аузына жеткен кезде барып, бізге тұнжырай қарап қалады. Ұнатпайды бізді. «Неткен тынымсыз жандар, жай тауып, жанның рахатын көріп жатса қайтеді!» – деп, бізді трактор, сеялкамызбен қоса балағаттап тұрған сияқты.

Сеялканың үстінде кетіп бара жатып мен оларға жерден жиып алған кесектерді лақтырам. Жетпейді. Оған суырлар аса сескенбейді. Жақтырмай қарап қалады.

«Саған не жоқ, тентіреген неме. Қайдан келген немесің! Жерді қопарып, айырып... Шығар саған егін! Қабыңның аузын аша бер! Жаңбыр тамбай тұрғаны мынау, қарық боларсың!» – деп табалағандай болады суырлар.

Жаңбыр тамбай тұрғаны рас. Аспанда әзір шөкімдей бұлт жоқ. Аспанда қырандар мен қарақұстар қалықтап жүр. Мен сеялкадан түсе салып, келесі сеялкаға секіріп мініп, қораптағы бидайды көсіп-көсіп, тегістеп қоям. Ақсары дән баданадай бөртіп, алақаныңды қытықтағысы келеді. Күнмен шағылысып жалтылдайды. Сонда бидайды ақындардың алтынға теңейтіні есіме түседі. Сәл-сәл бусаңқыраған қара топырақ беті кеберсіп, асты ширатылып жатыр. Мына алтын сол топыраққа себіліп келеді.

Алтын дегеннен шығады-ау... Алыста бұлдырап қалып қойған балалық шақтың балғын бір күндерінде мұны маған әжем айтып еді. Енді айтса қызық болмас па еді, кім біледі, ал сонау бір кезде оның құлағыма қатты сіңгені сонша, әлі күнге дейін ұмытпаппын.

Әлі карточкамен азық-түлік алатын кез болу керек, әжем маған дәп-дәмді сүт көжеден кейін, бір уыс бидай қуырып, қалтама салып беруші еді. Мен қап-қап ақ бидайды үйден кейін көрдім. Ә деп ес білгенде жұрттың бидайды уыстап, қалталап алып жүргенін ғана көргенмін.

Бір күні әжем, қалтама бидай салып беріп тұрып:

– Шашпай же, ботам, – деді. Қалтамның аузын тігіп қоятындай-ақ, арық қолымен қайта-қайта сипалады, – бидайды шашпас болар.


– Шашылса қайтеді, әже? – деймін мен бір-екі түйірін әдейі лақтырмақ болып.

– Қой, қой, Орал, жаман болады, шашпа!

– Неге жаман болады, әже? – деймін түсінбей.

– Ерте-ертеде, ешкі жүні бөртеде бір қойшы болыпты...

– Иә, алдайсың, шашамын, – деймін мен, ертегілердің бәрі «ерте-ертеде, ешкі жүні бөртеде» деп басталатынын біліп. Бұл ертек қой.



– Ойбай, жаным, ертек емес, шын. Әлгі қойшы бір күні өрісте қой бағып жүріп, бір уыс қуырған бидай жеп жүрек жалғапты. Бір уыс бидайды біртіндеп қытырлатып жеп отырып, үйіндегі шиеттей балаларын ойлапты. Қайтсем тамағын асыраймын, қайтсем киімін бүтіндеймін деп, салы суға кетіп отырып әлгі байғұс абайсызда бидайының бір дәнін қалың шөптің арасына түсіріп алыпты. Ары іздеп, бері іздеп таба алмайды. Бидай түскен жердің шөп-шаламын біреулеп қарап іздейді. Табылмайды. Байдың малын да, үйіндегі бала-шағасын да, дүниенің бәрін ұмытып жылап отырып, әлгі жерді айналдырып қарай береді.

Ымырт жабылып, көз байланған соң, енді таба алмайтынын білген қойшы сол жерге үлкен ақ таяғын шаншып кетіпті. «Ертең ерте таңсәріден қой өргізіп, қайтып келіп іздеймін», – деп қойған белгісі екен.

Түнімен кірпік қақпай шығыпты әлгі бишара. Түнімен бір түйір бидайдың обалын ойлап жылапты. Таң бозара қойын өргізіп, өріске бет алған екен. Кешегі жерге жақындай бере алдынан бір-нәрсе жарқылдап көрінеді. Көзді ұялтады. Құбылып ойнайды. Қойшы: «Бұл не болды екен» деп аң-таң.

Сөйтсе, кешегі өзі шаншып кеткен ақ таяғы екен. Сол күйімен сап-сары сап алтын болып қалыпты. О, құданың құдіреті! Жылағанның көз жасын көргенін қарашы! Шын пейілімен жылағанда көз жасы қабыл болып, бір бидайдың орнына бір тайпа елді асырауға жететін алтын алып қайтыпты.

Мұны естіген ашқарақ алаңкөз бай, атқа мініп, өріске шауып барып, қалың қаудың арасына әдейілеп бидай шашып, өтіріктен соны іздеген болыпты. Қарны иікпей біраз қорбаңдап, ақыры бидайды іздеп таппағансып, өтірік өкініп, үһылап-үһілеп, жұп-жуан бақандай таяқ шаншып кетіпті. Мұнда да мешкейлігі қалмайды кәпірдің, таяқтың жуанын қадапты. Соның бәрі алтын бола қалады деген, қорқау неме.

– Соның бәрі алтын болып па, әже?

– Жоқ, жаным, бай түнімен дөңбекшіп, алтын таяқты алмақ болып, таң ертемен аптығып жетіп барса, кешегі жерде, өзі шаншып кеткен бақаны ысылдап шыршық атып, бір иіріліп, бір жазылып жаландап тұр дейді. Байдың зәре-құты қалмапты. Алтын болад деген бақаны қарашұбар айдаһар болып, қос айыр қара тілін сумаңдатып тап-тап беріпті.

– Айтпа, әже, айтпа, қорқам, – дедім мен әжемнің кимешегінің астына тығылып.

– Қорықпа, ботам. Жылан деген ниеті жаман адамды табады. Әне, сөйтіп, бір бидайдың қасиеті адалдық пен арамдықтың арасын қара қылдай қақ бөлген екен, – деп әжем менің басымды сипалайды.

Содан кейін көпке дейін мен біздің көшенің қой-ешкісін жаятын Қауға атайдың таяғына күнде-күнде қарап жүретін болдым. «Осы атай таяғын неге алтынға айналдырып алмайды екен, әлде оның әдісін білмей ме екен,



айтсам қайтеді!» –деп жүрдім. Бір күні айттым да. Қауға атайдың шақшиған көзі жасаурап, тісі жоқ қызыл иегі сақал-мұртының арасынан қызара көрініп көпке дейін күлді.

– Әй, Орал, әкебай-ай. Баламысың деген. Әжең айтты ма бұл ертекті? – деді.

Содан кейін бұл атайды жек көріп кеттім. Сөйтсем, оным бекер екен. Әжем маған ертек айтқан екен ғой.

Қазір сол есіме түседі. Түседі де, ойға қалам. Шынында, бидай дәнінен алтын сабақ өсіп шықпай ма. Ендеше, мына мен қазір Торғай ойпатының шығысына «Сарбаздар» совхозының 245 клеткасына күні ертең алтын боп шығатын тұқым сеуіп келе жатқан жоқпын ба!

Кеудемді керіңкіреп, еңсемді көтерем. Күні кеше артта қалған опықты күндерді ұмытқандай боламын. Өксігім басылғандай, терең дем алып, көз алдыма алтын дариясын елестетем.

Трактор бір сарынды үнмен алға тартады.

Қалт еткенде комбинезонның қалтасынан кішкентай айнаны алып бет-аузыма қараймын. Қара май мен ұлпа тозаңнан көзім ғана жылтырайды. Апырау, осы бетімнен, мына қарамай жұққан ернімнен бір кезде Нэлли сүйіп еді-ау!

Дәл осы күйімде қазір бір кереметтің күшімен Алматыға жетіп барсам. Көшеде келе жатқанымда қарсы алдымнан Нэлли шыға келсе... Қайтер еді?

– Е, бишара, тым титықтап болған екенсің ғой, – дер ме еді.

Жо-жоқ, менің түрім титықтаған адамның түріне ұқсамайтын болады. Мен онда басымды өр ұстап, бет-аузымның қарамайы мен топырақ-тозаңын да жумастан:

– Міне, көріңдер мені! Мен – арамтамақ емеспін! Мен ақсаусақ та емеспін! Мен тың жердің төсіне тер төктім. Менің әрбір тамшы терім алтын болып өніп шығады. Ей, жарандар! Сендер қойшының алтын таяғы туралы не білесіңдер!? – дер едім.


Сонда Нэлли маған жақындап келіп:

– Кешір, Орал... Оралым менің! Өткен-кеткен реніштің бәрін ұмытайық, – деп, танадай көзінен мөлт-мөлт етіп жас тамшылап тұрады.

Айнаны қалтама сала салып, сеялка қорабының ауыр қақпағын ашып, бидайды қос қолдап тегістеп, қораптың шүмекке дән түсетін саңылауларын тағы қарап шығамын.

Күн төбеден шақшиып тұр. Егістіктен көтерілген шаң көзге, тыныска тығылады. Шаң иісі ащылау сезіледі, бір-екі рет түшкіртеді. Оны мен елемей, сусылдаған бидайға қолымды көміп, сапырылыстыра беремін.

Әлден уақытта жүрегім қобалжып, басым айналғандай болды. Сірә, күн өткен болар деп, кепкамды көзіме түсіріңкіреп киемін. Бір орында



шыркөбелек айналып-айналып барып, буын-буыннан айрылып тәлтіректеп қалған сияқтымын. Аспан ары-бері шайқалғандай болды. Аспан әткеншектің астауындай аударылып-төңкеріліп, бір жоғары ұшып шығып, бір төмен құлдилады.

Одан әрісі есімде жоқ, сеялка басқышынан қалай құлап түскенімді білмеймін. Мен құлап түскелі қанша уақыт өткенін де білмеймін. Көзімді ашып алсам, істік тісті тырманың алқымына кептеліп, сүйретіліп келеді екенмін. Сеялка мен тырманың арасындағы тіркеуіш темірдің астында, дәл тырманың алқымында кептеліп келемін.

Виктор ешнәрсе сезбейді. Трактор сол бір сарынды үнін айтып қаннен-қаперсіз кетіп барады. Айқайлайын деп едім, үнім шықпады. Ауызға, мұрынға топырақ тығылды.

Топырақ толқындай төңкеріліп, үстімнен асып түсіп, мені көміп тастағысы келеді. Ақсиған сояу тісті темір тырма мені астына бүктеп алып, мыжып өткісі келеді.

Тұншығып барып, сәл уақыт тыныс тапқанда айқай салдым. Оным трактор гүрілінен естілмей қалып, Виктор ешнәрседен қаперсіз алға тарта берді.

«Ей, қара жер, саған алтын сеуіп келе жатыр едім ғой. Риза емессің бе! Сен жер болып жаралғалы қойныңа мұндай алтынды кім сеуіп еді, қанағат қайда!»

«Мені жұтып қайтесің! Қойныңа адам денесі аз кіріп пе еді? Топырағыңа ата-бабалар қаны аз төгіліп пе еді?!»

«Мен сенің бетіңді гүл жайнатып, дүниеде бұрын болмаған байлыққа тұндырғым келеді. Мен сенің үстіңе алтыннан таулар тұрғызғым келеді. Мен сенің бетіңде бір кезде шалқыған теңіз орнына теңіз орнатқым келеді! Тартпа мені, қара жер!»

Топырақ адам жанын, оның арманын түсінбейді. Өмір сүргісі келетінімен ісі жоқ, денені зілдей басып, ауызға, мұрынға тығылады. Адам бұл жаста өліп кетуіне болмайды ғой. Жиырмаға жетіп өле салу масқара ғой. Апырау, мен әлі жер бетінде ешнәрсе тындырған жоқпын. Енді-енді жолға шыққан бетім еді. Еңбегімді жер бетіне алтын себуден бастап едім. Бұл әділеттік емес қой.

«Өлгенім бе?» – деген үрейлі бір ой жан дүниемді оқтай қарып өтті. Жанталасқан осы бір сәтте топырақ тұтқан кірпік арасынан аспан шалғайы жарқ ете қалды.

«Көгілдір аспан. Дүниенің басқа рақатының бәрінен айрылсам да, тек сені ғана көріп тірі жүрудің өзі қандай бақыт. О, шіркін, аспан!»

Аспанды көзден тасалап топырақ басымды тағы көміп кеткенде, тұншығып барып, жан даусыммен тағы айқайлап жібергенімді білемін. Одан ары көзімнің алдына күлгін көк бояу тұнып қалды да, бұршақтың



үлкендігіндей бір от бұлдырап ұшып, тұңғиық түбіне самғап бара жатты. Ол сананың соңғы сәулесі болса керек. Ескі қазақтардың «шыбын жан» дейтіні сол емес пе екен...

Түнде ұшқан ұшақтың қызыл көзіндей қалқыған әлгі бір түйір от бұлдырап қайта көрінді. Мен көзімді ашсам, үстіме бірнеше адам төніп тұр екен. Өңінен өң қалмаған Виктор менің бетімді сүртіп отыр. Ол мүлде қартайып қалған сияқты, маңдайынан бір-екі сызық әжім де көрінді. Мен көзімді ашқаннан кейін барып, сол сызықтар жазыла берді. Ол езу тартты.

– Батыр-ау, мұның не? – деді маған төніп тұрғандардың бірі. Қарасам, Сардар ағай екен.

Клеткааралық жолмен келе жатып, мені көріп қалып, трактордыдереу тоқтатқан сол екен.

– Қалай құладың?

Мен оның бетіне қарай алмадым. Бұл қорлықтан гөрі жаңа тұншығып өліп кеткенде болатын еді. «Ұят-ай! Мас екен деп ойлай ма, кім білсін».

– Білмеймін, басым айналды, құсқым келді, онан кейін құлап қалыппын.

– Сеялка қорабының қақпағын ашып қойып па ең?

– Иә...

– Ай, бала, бала! Улап қалған екенсің ғой. Бидай – дәріленген бидай ғой, неге абайламайсың? Қақпақты ашып қоюға бола ма?

– Ол маған алтын сияқты көрінді.

– Не алтын сияқты?

– Бидай.

– Оның алтын екені алтын. Бәріміздің шабуылдап жүргеніміз осы алтын үшін. Бірақ байқа, шырағым.

Ол маған біртүрлі күмәндана қарағандай болды. Тотияйынмен дәріленген ащы бидай көзіне алтын болып көрінген қандай адам деді ме, кім білсін. Қалайда, мен оның көзіне бұлайша түспеуім керек еді. Өте ыңғайсыз болды. Тым ебдейсіз жағдай болды. Енді удан емес, өкініш қысып, ұялғаннан жүрегім лоблыды.

– Черногоров! Сен неге жолдасыңды улатып қойып жүрсің? – Директордың қабағы қатуланғандай болды. – Сен тәжірибелі механизаторсың. Дәріленген бидайдың қақпағын ашып қойып, иіскеп тұруға болмайтынын білесің. Неге ескертпедің Саурановты?

– Виктор кінәлі емес, – деймін мен ара түсіп. – Менің өзімнен. Маған агроном Мұхамедияров айтқан болатын. Есімнен шығып кетіпті.

– Ондай нәрсені естен шығармау керек. Ал, тұра ғой, машинамен орталыққа жеткізіп тастайын. Дәрігерге дейін.

Күн еңкейіп қалыпты. Тіпті ештеңе бола қоймағандай, айнала дәл баяғыдай. Қадыр мен Толяның агрегаты бұрынғыша жортып жүр. Қалайда бас бәйгені алуға барын қарыштаған екен. Одан әрі тағы бір трактор, оның

ар жағында және біреуі – айнала әлемнің жүзінде тракторлар жойқын шабуылға шыққандай жиі-жиі кездесті. Тоқтап тұрған жалғыз біздікі.

– Ағатай, тоқтатыңызшы, – дедім мен, «Газиктің» шопырымен қатар отырған Сардарға.

– Не боп қалды? Бір жерің ауырды ма?

– Совхоз орталығына бармай-ақ қояйын, ағатай.

– Ой, бала болма! Жарақатыңды таңдырып қайтасың.

– Өзімізде де аптечка бар, мен ұмытып кетіппін.

Бастықтың қызылшырайлы жүзі жайраңдай берді, қоңырқай көзі күлімсіреді.

Мен тракторға қарай сылти басып бара жатып, артыма бұрылып қарап едім, бастық шопырына бірдеңе айтып, басын шайқады.

Тым ұят болды. Қазір барып директорға айтар, агроном Мұхамедияровқа, Карл Казимировичке айтуы мүмкін. Енді бәрі де: «Е, Сауранов па? Соны қойшы! Не оқып жарытпаған, не жұмыс істеп мандырмайды, не ет емес, не балық емес, бір дүмбілез», – деседі ғой. Ұят-ай! Осы бір ой қинайды.

Оның үстіне ажал деген ақымақ аяқастынан алыса түскенін көрдіңіз бе. Жаңағы жерде енді болмаса бітіп едім-ау. Виктор жылап жібере жаздады. Ол жылайды. Бірақ жылап-жылап қояр еді де. Басқалар да аяп, «апырмай, қыршын жас-ау» деп өкініп кете барар еді.

Нэлли естір еді. Маған опасыздық еткеніне опық жер ме еді. Ар-ұяты маза бермей, менің суретім көз алдында тұрып алар еді. Мен білемін, бір күні Нэлли екеуіміз бір-бірімізге қарап, тым жақын тұрғанда, оның көз қарашығынан мен өз суретімді көргенмін. Менің мың-миллион есе кішірейтілген қалпым Нэллидің көз жанарында тұрды. Сірә, оның да суреті сол сәтте менің көзімнің қарасынан көрінген болар. Сол сурет сол күйінде сақталып қалғандықтан да, мен әлі Нэллидің түрін, күлкісін, көзін, қолаң шашын – бәрін ұмытпаймын.

Әйткенмен, менің мерт болғанымды естіп, көп болса бір-екі күрсініп, мені о да ұмытар еді.

Ал әжем ше? Ой, қайран әжем! Оны ойласам, қазір өзегіме өрт түскендей, ішім алаулап ала жөнеледі. Қатты сағынып жүрмін. Адамның қадірі алыста жүргенде айқынырақ білінер-ау деймін. Мен бұрын әжеме бірауыз жылы сөз айтпаған сияқтымын. Оған ешқандай жақсылық істемеген сияқтымын. Бірақ о да жылы сөз есіткісі келеді, о да біреудің аймалағанын жақсы көреді-ау. Мен ақымақ оның қасында жүргенде тоңқылдап, анағанмынаған араз болғаннан басқа, сол асыл адамға бір мейірім көрсетіп, еміренбесем керек, енді есіме түседі мұның бәрі.

Осыған орай әжемнің маған деген мейірімі қаңтарда қатқан мұздай болып қалса керек еді ғой. Жоқ!



Күншуақ қаласының жанындағы «Қуаныш» колхозында ана бір жылы маскүнем бір трактортшы Рысалды дейтін бір қарт кісінің өрімдей жалғыз баласын трактормен басып кетіп өлтірді. Рысалды жылағанда ұзын бурыл сақалынан тарам-тарам жас ағатын. Кейіннен екі көзі суқараңғы болып көрмей қалды. Сонда да баласының қабіріне ертең ерте жол сипалап, еңбектеп баратын. Жолды көзбен емес, әке сорлының қайғыдан парша-парша боп кеткен жүрегінен шыққан зәрлі жалынның сәулесімен көріп тауып баратын.

Әлгінде Сардар болмағанда, менің қарт әжем де сол Рысалдының кебін киетін еді. Бірақ соқыр шалдың баласының қабірі ауылдың іргесінде жатыр. Жаңа мен әлдеқалай болғанда, әжем өз ботасының, «жақсыдан қалған жәдігерінің» қабірін туған ауылдан тым алыстан іздейтін еді. Ал ана жүрегі баласын дүниенің қай бұрышынан болса да іздеп табады.

Неткен үрейлі ойлар. Құрысын, енді бұл жексұрын жайды ойламауға тырыспақ боламын.

* * *

– Неге келдің, Орал? – деді Виктор менің сылти басып жеткенімді көріп.


Виктор анаукүнгідей емес, біртүрлі азыңқырап кетті. Ақсары шашы күреңітіп, селдір сақал-мұрты өсіп, ат жағы сопайыңқырап, қыр мұрны үшкірлене түсті. Жиырма бірде дейтіндей емес, ересектенген сияқты. Екеуміз бір алған комбинезоны менікінен гөрі майға көбірек бөккен. Менікі де оңып тұрған жоқ.

– Трактор тоқтап қалмасын деп келдім.

– Тым болмаса жуынып, ісіктеріңді таңсаңшы, – Виктор балағымды түріп, талаурап кеткен жараны шұқылап көрді.

Загонның арғы басынан Құлан өзені жанай өтеді. Соған бармақ болдық. Трактор түтінінің көк шеңберін бірінен соң бірін лақтырып, жүріп кетті. Мен сеялканың басқышында тұрып, әлгінде ғана өзім кептеліп қалған тырманың алқымына қарадым. Қара темір қара топырақты саусақпен салалағандай майдалап сызып келеді. Залымдық ойлайтын түрі жоқ, момақан ғана керегекөз тырмалар сеялка соңынан томпаңдап жүгірген балалар сияқты. Олар маған: «Үп-үлкен боп сонша қорыққаның қалай? Біз әшейін сенімен біраз ойнайық деп едік», – деп булыға күлгендей, күдіс белі бүлк-бүлк етеді.

Құлан көктемде шалқып ағады екен. Бір жағы жатағандау, бір жағы жарқабақ. Сол арнасынан аса тасып кетеді.



Қияқ қамыс пен қалың шіліктің арасындағы жалғызаяқ жолмен төмен түстік. Иірімдеу бір жерді таңдап, отырдық. Иірім шым-шым қайнап жатыр. Су сыбдырлап, сылқ-сылқ күлгендей болады.

Еңкейген күннің сәулесімен жалтырап жатқан айдынына қарасаң, кеудедегі жүрегің тыпыр-тыпыр еткендей болады. Айдын түбінен қызғылтым ақша бұлттар мен көгілдір аспан көрінеді. Соның бәрі қимылдап, соның бәрі әлдеқайда толғана көшіп, толқынмен құшақтасып билеп бара жатады.

Біреу жүрегіңді шербет шырынына малып-малып алғандай болады. Арнасынан асқан өзен бетінен көзге көрінбес бір керемет жандар сиқырлы ән салып, мына ғажайып дүниеге гимн айтып бара жатқандай. Кейде ол ән құлаққа бұрыннан таныс әнге ұқсап, өзен бетінде, толқындар үстінде сансыз Күләштар «Толқыма» әнін қосылып айтқанда, аспан мен жер сол теңдессіз үнге еліте мас боп тұрған сияқтанады.

Мүмкін, «Толқыманың» авторы осы өзеннің өзі шығар. Адамдар тек толқын әнін естіп алып, қайталап айтып, елге таратып жіберген шығар.

Виктор мені көгалға жатқызып қойып, аяғымның, арқамның, қолымның қанталап қалған жерлеріне йод жағып отыр.

– Виктор, осы сенің папаң Курск түбінде соғысқан жоқ па? – деймін кенет басыма бір ой келіп.

– Курск? Жоқ, Крюковода. Айтып ем ғой мен саған Крюковода деп. Оны неге сұрадың?

– Мүмкін, менің әкем оқ тиіп құлағанда, сенің папаң оның қолтығынан сүйеп, жарасын таңған шығар... деп ойлап едім. Солай болуы да мүмкін ғой, соғыста не болмайды.

– Жоқ, мүмкін емес. Папам Крюковода 1941 жылы күзде...

Оның бұл жауабы маған ұнамайды. Иә, екеуміздің әкелеріміз бір болған шығар дей салса қайтеді.

Өзеннің арғы бетіндегі қамыс арасынан қос қасқалдақ шыға беріп, бізді көріп, сүңгіп-сүңгіп кетті. Алыстан барып бір-ақ шықты. Екеуі қатарласып, тербетіліп бара жатты.

– Виктор, өзен қандай жақсы.

– Тамаша! Біздің Волга сияқты. Бірақ жазда тартылып қалатыны өкінішті. Ал қазір салқын, көсіліп шомыла алмайсың.

– А, Виктор, бұл өзеннен бір кезде Амангелді талай рет жүзіп өткен де шығар.

– Апыр-ай десеңші. Кім біледі, дәл осы жер өткел-ау. Өзеннің тілі жоқ. Әйтпесе айтар еді-ау.

Байып бара жатқан күннен өзенге өрт тарағандай болады. Күннің өзі де бет қаратпай алаулап барып, дәл Құланның алыстағы айдынына қонады. Оған қарай аққан толқындар лықсып, бірін-бірі итермелейді.



Күн құшағына жеке-жарым барып кіруге қымсынатындай бірін-бірі итермелейді. Ал осы кезде күн қызылы толқындардың шоқтығын шалып, жалына жармасып, судың сусыған денесін қытықтап ойнағандай болады. Бұған шыдай алмаған толқындар сықылықтап күліп, қытығы келіп, мың бүктеледі.

Құланның жағасына тұтасып өскен сәмбі тал мен шіліктер су түбіндегі өз суретіне үңіліп, үнсіз, ойға шомып қалған. Сонда аспанның қызғылт, көгілдір түсі, өзеннің қызыл сәулеге шомылған көкшіл түсі, аспанның қазбауыр ақ бұлты, жағадағы жасыл жапырақ бәрі араласып, су ағымымен ойнап, түрлі түсті бояудың бақталас жарысы басталғандай болды.

Осы сурет рентген сәулесіндей менің көкірегімнен өтіп, жүрегіме шағылысып, сонда мәңгі ұялап қалады. Менің кішкентай жүрегім де нендей бір қызғылт бояуға боялғандай болады. Ол күннің маған берген сыйы еді.

Күн маған:

«Ақымақ болып, тағы да тырманың астына түсіп кетіп жүрме! Бұл дүние тамаша! Бұл ғажайып дүние! Мұның ғажайыбына өзім де таңғаламын. Сондықтан да оны қия алмай, күнде таңертең қайта ораламын», – дегендей болады.

Күн өзінің ағыл-тегіл сәулесінен әдейілеп сыбаға бөліп, бір тамшы қызғылтым бояуын менің жүрегіме тамызып жібергендей болады.

Мен сонда мына дүниеде адам болып өмір сүргеніме ғана бақыттылықтан жылап жібергім келеді.

Құлан толқындарының қойнына күн кіріп кеткен жерге қарай әуелеп қара ала қаздар ұшып барады. Қанаттарын сылқым қағып, күн соңынан қалмауға серттескендей ентелейді.

Біз тракторға қайта оралдық. Ел жатқанша шаммен жүріп, жұмысты біраз өндіріп тастайық дедік. Ертең бескүндіктің соңғы күні. Артта қалсақ ұят-ты. Ымырт жабылса да, біздің «ДТ-54» даланы сарнатты. Жанында жалғыз жұлдызы бар жаңа туған Ай шықты. Ол жойқын жорықта Амангелді арғымағының артқы аяғынан ұшып кетіп, аспанға ілініп қалған жұқа таға сияқты.

Енді анда-санда Виктор трактордың кабинасынан басын шығарып:

– Орал! – дейді.

– Ау, – деймін.

Ол менің құлап қалмағаныма көзі жеткендей, кабинаға қайта кіріп кетеді.



* * *

Түнде қос басына кеш қайтып, қатты ұйықтап қалған екенмін. Виктор оятты. Тұрғым келмей, бойым ауырлады. Палатканың сыртынан адамдардың жуынған-шайынған дыбысы, табақ пен қасықтардың шықыры естіледі.

– Oho, алда Әшкеевтің агрегаты келе жатыр екен ғой! – деді әлдекім. Сірә, көрсеткіш тақтасына жазылған жаңа ақпарды оқып тұрса керек. Сонда ұйқым шайдай ашылды. Атып тұрып далаға шықтым.

Далаға шыға келіп, Арқалық атырабынан көтерілген Күнді көрдім. Мені бірінші қарсы алған сол болды.

– Міне, көрдің бе, Орал, – дегендей еді Күн. – Мен қайтып келдім. Бұл тамаша жерге қайтып келмеуге бола ма! Мені көріп, қуанышы кішкентай кеудесіне сыймай шырылдағанын көрдің бе бозторғайдың. Мен түнімен осы даланы, мына нәзік гүлдерді, тіпті ұйқышыл маубас суырларды да сағынып қаламын. Қарашы, қарашы, мына дүниенің қуануын. Гүлдерді қарашы күлімдеуін. Бұл Торғайдың атақты қызғалдағы ғой. Ағын қара, қызылын қара, көгін қара, сарысы да бар. Бәрі маған талпынып қалыпты. Осындай жерге қайтып келмеуге бола ма, Орал-ау!

Күн менімен осылайша сөйлеседі.

– О, Кайнозой-майнозой, амансыңдар ма! – Карл Казимирович сары мотоциклді бір жағына жантайтып қоя салып жақындап келді. – Түнде жақсы істепсіздер, қазір барып аралап көріп қайттым. Түнгі ылғалмен сепкендерің жақсы болған. Ал енді бүгін де ә деңдер. Ай, шайтан, әлі бір тамшы жаңбыр жоқ...

Таң азаннан арақ ішіп алған сияқты бет-аузы қып-қызыл, көзі де қызарыңқы. Бірақ ол арақ татпаған. Түннен тұрып барып, егістікті аралап қайтса, ұйқысы қанбаған ғой. Айналшақтап аспанға қарай береді. Жауын тілейді.

Палаталар ортасындағы ұп-ұзын үстелге отыра қалып, аспазымыз Нюра әкелген ботқаны апыл-ғұпыл асап, алюмин күреш-кедегі ыстық шайды тәрелкеге құйып суытып, сіміріп, асығыс аттанамыз.

Загонға біз жолсызбен тарттық. Жапырағына шық тұрған қызғалдақтар бізге ақырын-ақырын бас изегендей болады. Ақ қызғалдақ, ашаң қызыл қызғалдақ, сары қызғалдақ, күлгін көк қызғалдақ, қара қоңыр қызғалдақ, шиқан қызыл қызғалдақ... Дүниеде неше бояу болса, соның бәрін бір құдірет мына далаға үйіп-төгіп бере салған сияқты.

– Қалада осының бесеуін он тиыннан сатып тұрады, – дейді Виктор, қызғалдақтың әдемі күлгін көгін жұлып алып иіскеп. – Ал мұнда гүлдер теңізі жатыр, менімше, бұлар бір кезде Тэтис теңізінің түбінде өскен ләлә гүлдердің ұрпақтары болуы керек.



Виктор бұдан мың жылдар бұрын тартылып қалған Торғай – Тэтис теңізінсіз сөз сөйлемейді. Сол ерте дүние теңізін түсінде де көрер-ау деймін.

Виктордың сөзін растағандай болып, көктем гүлдері теңіз балдырларынан табылатын маржанша сан сәуле шашып ойнайды.

Гүлдер, гүлдер! Жауқазын жарып шыққан гүлдер. Сендерге сәуле берген, сендерді түнімен сағынып қалған күннен айналып, сендерге нәр берген жерден айналып, сені туған топырақты жата қалып қайта-қайта құшып сүйсем де аз-ау деп ойлаймын.

Түн ортасы ауа тыныққан трактор қатты ұйықтап қалғандай қалт етпей тұр еді, Виктордың оны кенет оталдырғаны сонша, анадай жерде таңғы салқынмен жайылып жүрген суырлар қорыққаннан жүгіре алмай, індерінің қайда екенін ұмытып қорбаңдасты да қалды.

Біз сол жүргеннен кешке дейін жүріп бердік. Кешке бізге «Сарбаздар» совхозы комсомол комитетінің хатшысы Қуан Әлбеков келді. Ол тұқым тасыған машинаның кабинасынан секіріп түсіп, бокспен қойған қысқа шашын қайта-қайта қайырып:

– Комсомол ұйымының атынан құттықтаймын сендерді. Бұл бескүндікте Әшкеев агрегатынан кейінгі екінші орынға ие болдыңдар! – деп, қолын ұсынды. Біз май-май қолымызды беруге ыңғайсызданып едік, Қуан мұны елемегендей, өз алақанына май дағы түскенін көргісі келгендей саусағымызды қатты қысты.

– Ту, бірінші болмаған соң қызық емес, – дедім мен екінші бәйгені қомсынып.

– Вот как! – деді Қуан ақсиып. Аппақ тісі тізіліп, түтіккен қара түрінен оқшауланып көрінді. Бейне бір Қуанды біреу күрең қоңыр сырмен майлап-майлап, тісін майлауды ұмытып кеткен сияқты. Совхозда қазір тұқым сеуіп жүрген 55 агрегат бар. Солардың ішінен екінші орын алу деген...

– Жақсы хабарың үшін рақмет! – деді Виктор хатшының жалтырауық портсигарынан бір папирос алып.

– Айтпақшы, айтуды ұмытып бара жатыр екенмін, – деді Қуан, кенет жоғалғанын тауып алған адамдай. – Есепке тұрыңдар, жолдастар. Комсомолдық есеп карточкаларың өздеріңде ғой?

– Өзімізде, – деді Виктор.

– Мен комсомолда жоқпын, – дедім мен.

– Жоқ болсаң, арыз бер... – дей бергені сол еді, тұқым бидай толы қапшықтарды түсіріп болған шопыр:


– Қуан, кеттік! – деді.

– Машинадан қалып қалмайын, жігіттер. Ал, жақсы...

Қуан кетіп қалды. Виктор маған қарап:

– Қалайша, Орал? – деді.

– Ұзақ әңгіме.



– Мүмкін емес қой, комсомолда болмауың.

– Мүмкін болды ғой.

– Әлдеқандай түсініспеушілік болған шығар?

– Жоқ. Бәрі орынды. Мені комсомолдан әділ шығарған.

– Бұрын неге айтпадың?

– Айтқанда, мені сеялкашы етіп алмайтын ба едің?

– Жо-оқ, сен мені түсін. Айтшы өзі, қалай болған жағдай бұл. Сені шығарды дегенге сенгім келмейді.

Мен оған не дейін.

* * *

Күншуақ қаласында мамыр айында алма ағаштар ұзатылатын қыздай бой жасайды. Жастар соның түбінен кездесетіні кездейсоқ емес қой деймін. Жастар мен мәуе ағаштарында бірінің сырын бірі тілсіз ұғынатын бір қасиет бар секілді.

Бұл жайды бастан біз де кешірдік. «Біз» деп отырғаным: мен және Несібелі. Оны біз Несібелі деп айтпай, Нэлли деп еркелетіп айтатынбыз.

Балалар кеше облыстық драма театрынан көріп қайтқан «Қобыланды батыр» спектаклінің әсерінен әлі айыға алмай, рөлдерді бөліп алып, ойынды енді өздері қайталап жатады. Бөлмелердің есігі сарт-сарт жабылып-ашылады, дабыр-дүбір шу арасынан әлдекімнің: «Гекке! Шық жекпе-жекке!» – деп кешегі театрдағы дәуге еліктеп айқайлағаны естіледі.

Сабақ пысықтаудан қол босаған, ұйқыға жатудың да мезгілі келе қоймаған осы бір елең-алаң кезді пайдаланып, интернаттың сақ тәрбиешілерінің көзін ала беріп алма ағаштар арасына жүгіріп барам. Бұтақтары тармақтанып кеткен үлкен алма ағаштың тасасына тұра қалып, интернаттың ұзыннан-ұзақ ақ үйінің қақпасына қадаламын.

Сол қақпадан көлбең еткен қызылала халаттың шалғайы көрінгенше, төзім де таусылып бітеді. Әлден уақыттан кейін мысықша білдірмей басып Нэлли келе жатады. Киім ауыстырса, біреу-міреу сезіп қояды, сонан соң үй халатымен шыға береді, онысы елеусіз болады. Екеуміздің кездескен сәтімізді бағып тұрғандай кенереден Ай шыға келеді. Біз ағаш түбіне ығысамыз. Нэлли менің құшағыма тығылады.

Ай сәулесінен оның оң жақ көзінің астындағы ноқат меңі әрең көрінеді. Ал танадай көзі сол нәзік сәулемен шағылысып, жалт-жалт етеді. Жібектей майда шашын сипалаймын. Осылай мәңгілік тұра бергің келеді. Саусағыма шаш арасынан шашқыстырғыш темірлері қатты тиеді. Оларды суырып алып тастағым келеді. Олардың қатаңдығы ұнамайды.

Күншуақтың сырт жағындағы жалпақ саздан көлбақалардың



құрылдағаны құлаққа жетеді. Дәл жанымыздан ұйықтап жатып, түсінде сөйлегендей шегіртке шырылдап қояды.

Ал жапырақтар естілер-естілмес қана сыбырлап, ұйқы көрмей, кірпік ілмей, түн қараңғысының ғажайыптарымен сөйлескендей анда-санда ақырын-ақырын күрсінеді.

Сонда олар, мүмкін, біздің бақытымызға қызыққан шығар.

Жапырақтар адамдар сияқты бірімен-бірі сүйісе алмайтынына, адамдар сияқты бірінен-бірі айнала алмайтынына өкіне ме деймін.

Нэлли сүйгенде жеңіл шарап ішкендей аздап басым айналады. Менімше, мастықтың бәрі бірдей. Арақ ішіп мас болсаң да, сүйісіп мас болсаң да, есіңнен айырылып қаласың ба деймін. Нэлли менің ернімнен сүйгенде демім тарыла берді. Қолым дір-дір етіп, оның халатының түймелерін қалай ағыта бергенімді өзім де білмей қалдым.

Түймелер, түймелер... Бойжеткен қыздың халатында қанша түйме болады? Біреу, екеу...

Тепсініп тұрған төсі жиі көтеріліп, қалшылдаған бишара қолымды қарып кете жаздайды.

Үшеу... Халаттың омырауы ашылған сайын, шеке тамырларым зырқ-зырқ соққаны өзіме естіледі.

Ол екі қолымен менің мойнымды қапсыра құшақтап алып еді. Ұзын кірпігі бетімді қытықтады.

Төртеу... Құдайым-ау , таусылмайтын не керемет!

Біріне-бірі жақындағанда жиілейтін демі жоқтығына, бірімен- бірі құшақтасқанда ыршып шығып кете жаздайтын жүрек атты жұдырықтай кереметтің өздерінде жоқтығына налып, жапырақтар жамырап, күңіреніп, күрсінуін көбейтті. Самал жел күшейгендей еді. Самал жел менің көзсіз қызбалығымды суындырып, ақылға жол бергісі келгендей еді.

Бірақ ақыл-сана қайда кеткен? Ар-ұят қайда кеткен? Оның бәрі мені тастап басқа бір жаққа қаңғып кеткен сияқты. Одан әрі не болғанын біле алмаймын, түймелері таусылмаған халатты екі омырауынан алып, қақ айырып жыртып жіберіппін.

Жаңа ғана мойнымда оралып жатқан қос білек енді темірдей боп кеудемнен тіреп тұра қалды. Оның реңі бұзылып, бетіме ажырая қарап қалды да, мені қатты итеріп жіберді. Жүгіріп лезде кетіп қалды.

«Ах, шайтан, ақырғы түймесіне дейін асықпай ақырын ағыта беру керек еді». Бұл, әрине, қараниет ой еді. Мен өзімнің жаман пиғылға да бейім екенімді сонда аңғардым.

Кенет әлемнің бәрі әрсіз, дүние күңгірт, көріксіз көрінді. Үлкен қақпаның ар жағынан әлі де: «Гекке! Шық жекпе-жекке!» деген дауыс естіліп тұрды. «Шықсаң шық!» – деп біреу шаңқ ете түседі. «Талай жастықтың тысы жыртылған шығар, – деймін ішім-

нен. – Өйткені балалар мұндай сайыста жастықты қалқан етіп алады. Жастық жыртқандарың үшін тәрбиеші ұрсар да қояр. Ал ақымақ болып халат жыртқаным үшін Нэлли мені кешірер ме екен? Енді қайтып, бұрынғыдай, алма ағаш түбінде кездесе алар ма екенбіз?»

Интернат үйінің сыртында Күншуақ қаласын қақ жарып, лайсаң өзен ағып жатады. Енді өзімнен өзім жүдеп, соның жағасында тұрмын. Кеткім келеді су түбіне. Әлгі машақаттан кейін тірі жүрген қызық емес сияқты. Нэллиден өш алғым келеді. Жаңа мені көкірегімнен итеріп тастап кеткені үшін өзін өмірлік өкініште қалдырмақшымын.

Несі бар, суға кетем! Ертең мені бүкіл интернат болып іздеп жүріп, өзен түбінен тауып алады. Жұрттың бәрі үнсіз жылайды.

– Әй, шіркін-ай, қандай бозым жігіт еді!

– Озат оқушы еді.

– Алтын медальға кандидат еді!

– Талант еді ғой! Қайранның жазған өлеңдерін айтсаңшы!

– Жаманға өлім жоқ, жақсыға тұру жоқ деген осы да!

– Құйрықты жұлдыз сияқты!

Менің мұғалімдерім мені осылайша аяп, көздерінің жасын сүртеді.

Бір кезде шырылдаған дауыс естіледі. Ол – Нэлли. Жүгіріп келіп менің үстіме құлайды.

– Оралым менің, бір көтерші басыңды! – деп жалбарынады. Құралай көзінен жас парлайды.

Ах, шіркін дүние-ай десеңші!

Тасты-құзды бұзып-жарып, таудан құлап аққан асау өзен:

«Келсең кел!» – дегендей жағаға тап-тап береді. Мен қиялымда оның түбіне батып, Нэллиден кек алып, оның әдемі көзінен өкініш жасын ағызып қойып тұра берем.

– Сауранов! Сірә, енді жатақханаға қайтарсың? Әлде түнейсің бе осында?

Жалт қарасам, тәрбиешіміз Мұса Шафхатович екен.

«Тіпті аздап қиялдауға да мүмкіндік бермейді». Оның соңынан үнсіз ілесе беремін.

* * *

Көп ұзамай мемлекеттік емтихан да аяқталды. Маған медаль берген жоқ. Әйткенмен, оңай бітірдім онжылдықты. Менің медаль ала алмағаныма менен гөрі Нэлли көбірек ренжіді. Ол екеуміз татуласып кеткенбіз. Татуласпасқа дәтіміз жоқ еді.



Медальдың есесіне интернат маған бір матрос көйлек, мақталы шолақ пальто, елу сом ақша берді. Жолға деп берді. Интернат біздің анамыз еді. Анасы баласын алыс жолға құрқол аттандырмайды.

Мұса Шафхатович қоштасарда:

– Албыртсың, ашушаңсың. Ашуыңды әрдайым ақылыңа жеңгіз. Енді саған интернат жоқ. Оны біліп қой. Және бейтаныс жердің өзені әрдайым терең болады. Ол саған интернаттың артында ағып жатқан арық емес. Аямайды. Ақымақтық істеп қоя ма деп аңдып жүретін тәрбиеші де болмайды жанында! – деп иығымнан сілкіледі.

Онысы «айтқаным есіңде қалсын» дегені еді, онысы өзінше мені аяп есіркегені еді.

– Және бір айтарым, – медаль алмадым деп қапаланба. Алдыңда әлі неше сын бар. Сол сындардан сүрінбей өтсең медальға омырауыңнан орын жетпес.

Медаль алмадым деп мен қапаланбаймын. Нэлли ғой ренжіп жүрген. Мен үшін медальдан қымбат нәрсе бар еді. Ол Нэллидің махаббаты еді.

Сіз Проспьер Мерименің «Карменін» оқыдыңыз ғой, әрине, Нэлли мінезінде Кармен қылығына ұқсас бірдеңе бар еді. Мүмкін, ол көркемөнерпаздар үйірмесінде Бизенің «Кармен» операсынан Кармен каверьясын орындағандықтан маған солай көрінетін шығар.

Кармен болып ән салу үшін оны сығандардың атақты сұлу қызына ұқсатып грим жасап жатудың қажеті жоқ еді. Нэллидің түрінде де Карменге ұқсас бірдеңе бар болатын. Ол әлі Кармен дегеннің кім екенін білмейтін кездің өзінде құлағына үлкен дөңгелек сырға тағып, самай шашы өзінен-өзі шиыршықталып жүретін.


Интернаттың шағын залының сахнасына Нэлли шығып, пластинкадан үйреніп алған Кармен каверьясын шырқап, «Любовь! Любовь!» – деп шырылдата созған кезде бұл ән дәл маған арналып тұрғандай, мен өзімді батыр Тореодордай сезінуші едім.

Дегенмен Нэлли мінезінде Кармен қылықтарына ұқсас бірдеңе бар сияқты еді-ау. Ол мінез біз Алматыға келген соң көп көріне берді. Нэлли өзі бұрыннан айтып жүретін ЖенПИ-іне түсті. Мен баяғы журналистикаға бардым. Оқуға орналасудың сәті түсіп, тілектің бәрі де тапсырыспен орындалғандай болып келе жатыр еді.

...Оны Нэлли көпке дейін «ағам» деп жүрді. «Шәкен ағамен бүгін киноға барайық деп ек», «Шәкен аға мені операға шақырып еді», «Шәкен аға анау», «Шәкен аға мынау», – деп күнде бір жаңалық айтатынды шығарды.

Ол аспиранттың Нэллидің ауылынан екені рас еді. «Жерлесім, қарындасым» деп Нэллиге желімдей жабысады да жүреді.

Ә дегенде әдеп сақтап жүрсем де, кейін-кейін өкпем қабынып, өтім жарылуға айналды. Ол бұрын Нэллимен бір бөлмеде бірге тұратын Сара



дейтін қызға үйір сияқты болатын. Бірақ кейін Сара жайына қала берді. «Жерлес қарындасына» көп келгіштеп кетті.

Мұндайда үшінші адамның көзге шыққан сүйелдей болып тұратыны белгілі ғой. Ол «сүйел» сұңғақ бойлы, көзі ұдайы күлімдеп тұратын қоңыр қой көз, қыр мұрынды, аққұбаша жігіт еді. Ұдайы сәнмен киінеді. Сүліктей сүйрік, иненің көзінен өтіп кетердей жұтынып тұрады. Ол сенімен сөйлескенде әуелі екі аяғының ұшын түйістіріп, басын иіп жіберіп амандасады. Қолыңды қыспайды, сипалағандай болады. Қоңырша қой көзін төңкеріп, төмен қарай қалғанда, ұзын кірпіктері қабағының астынан сабаудай болып шыға келеді.

Оның жүріс-тұрысына, сөз сөйлеу мәнеріне қарайсың да, өзіңді бір топас сезінесің. Оның мысы басып тұрады. «Құдай маған тым болмаса бойды да жарытып бермеген екен, әлі өсер ме екенмін» деп налисың. Өйткені Нэлли менімен қатар жүргенде өкшесін көтеріп, бой теңдестіріп көруші еді. «Еркек адам жиырма бес жасқа дейін өседі» дегенді естігенім бар. Көңілге сол жұбаныш. Мүмкін мен де аспиранттай сұңғақ бойлы болармын әлі...

Сөйтсе де бірі кем дүние ғой. Нэллидің аспирант «ағасы» басын иіп жіберіп амандасқанда, түбітін жұлып, қылын қалдырған ешкінің бөстегіндей селдір шашының арасынан жылтырап қайызғақ төбесі көрінетін.

Бір күні ЖенПИ жатақханасына келе жатсам, қақпа алдында Шәкен аспирант тұр.

– Ағасы, сіз Нэллиді әурелемесеңізші, – дедім оған қаным қайнап.

Ол ыржиып күлді. Алтын тісі көрінді. «Сірә, ұялған шығар, енді қоятын шығар», – дедім ішімнен. Кенет күлім көзін сығырайтып, шықшыты шодырайып, тісін қайрап, сұр жыландай ысылдап қоя берді. Ішіне ақ қырау қатып қалған адамдай түсі тым суық, мейірімсіз көрінді.

– Боқмұрын! Нэлли менің қалыңдығым болады. Біліп қой оны!

Мен сілейгеннен сілейіп қалдым. Төбемнен жай түскендей. Сөйлерге сөз таба алмаймын. Мына хабардың соққысы соншама, тұла бойым талықсып, денем суып бара жатқандай болды. Ар жақтан Нэлли шыға келді. Ол маған жалт қарап, бейне бір шала таныс адамдай болар-болмас бас изеді де, «ағасының» қолтығында кете барды.

Мен шыдай алмай, көктайғақ болып жатқан тротуарды теуіп-теуіп жібердім. Дәл бір осы асфальт кінәлідей. Сонау Күншуақ интернаты берген бәтеңкенің жұлығы қақырап ала жөнелді.

«Шын екен ғой. Құрыған екенмін ғой».

Құрыған соң біржолата құриын. Тым болмаса, есіне ала жүрсін, көңілін бір жаман етейін дедім. Батылырақ болу үшін біраз арақ ішіп алдым. Екеуінің кинодан қайтар жолын күтіп тұрып, қалтарыста рингке шығатын адамша өзімнен өзім құржың-құржың етіп, жаттығу жасап қойдым. Қобыландының



аруағы қонған батырдай күшім тасып барады. Бокстен аздап хабарым бар. Мектепте жүргенде бір-екі рет секцияға қатысып едім.

Мен оларды көшенің елсіздеу жерінде тосып алдым. Алматыға көктем келмек ойы бар еді. Жер еріп, қыстың күні тарылса да, әлі ызғары кетпей, қыбыжықтап қар жауып тұрған.

Үлкен еменнің тасасынан шыға келіп, аспиранттың алдын кескестедім. Ол сескеніп қалды. Сескенгені мені батылдандырып жіберді.

«Фукпен ұрайын ба, әлде аперкот дұрыс па?» – дедім өзіме өзім. Бірақ қимылдар шақ туғанда менде бокс өнерінің тұлдыры да қалмастан, қара дүрсін жұдырықты құлаштай сермеп, дүрсе қоя бердім. Көкірекке қан боп қатқан ыза менің аяғымның астына қойған серіппе сияқты еді. Сол серіппенің серпіні мені қас жауыма қарсы лақтырып жіберді.

Ә дегеннен жұлырыққа өзім түсіп қалдым. Көзсіз ұмтылған мені аспирант «ағай» дәлдеп тұрып, жұдырығын тоса қалып қарсы алды. Көзімнің оты жарқ етті. Жанарымның алдынан жасыл, қызыл, сары оттар дөңгеленіп өтті.

Ол түнгі тротуардың жағасындағы сылпылдақ балшықтан тайып жығылып, мені сүйрей құлады.

Сонда біз көптен көріспей бір-бірімізді сарғая сағынып қалған адамдарша құшақтасып жаттық. Сонда біз бірімізді біріміз қимастай қысып жатқанымыз сонша, жасақшылар менің қолымды аспиранттың алқымынан әрең босатып алды. Ал менің біруыс шашым «ағайдың» қолында кетті.

«О, сорлы Тореодор!» – дедім өзіме өзім.

Ә дегенде-ақ бәрі мені айыптады. «Батылырақ болу үшін» жұтқан арақтың иісі аузымда әлі бар екен. Мені айыптағаны орынды, әрине. Алдымен тиіскен өзім ғой. Жатсам-тұрсам көз алдымда Нэлли тұратынын, менің Нэллиімді мынау адамның тартып алғанын милиция не қылсын.

Ол аз болса, жауап алу үстінде әлгі аспирант:

– Бұл бандит, менің сағатымды шешіп алмақшы болды, алтын тісімді қағып алмақшы болды, – деп күйдірді ғой.


Милиция оған сенген жоқ, рас. Бұдан бұрын біреудің сабақты инесін алмағаным аян еді. Әйтсе де, он бес тәулік отырғызып, болған жайды университетке хабарлап босатып қоя берді.

Райкомда хатшы менің комсомолдық билетімді алып тұрып:

– Устав бойынша, әлі де арыз беріп, ізденуіңе болады, – деді.

Мен билеттің босап қалған қызыл мұқабасына қарадым. Жылағалы тұрмын. Әкемнің суреті ғана қалды мұқабада. Мен жылаған жоқпын. Суретті хатшы да байқап қалды.

– Әкең сенің бақытың үшін жанын қиды. (Бәрі өмірбаянда жазулы ғой). Ал сен болсаң сол бақыттың басына теуіп жүрсің! Ұят, Сауранов! Әлі



жассың. Мүмкін біздің қатарымызға қайтып ораларсың да! Ол тек өзіңе байланысты. Бара беруіңе болады! Келесі кім бар онда?

Артынша мені университеттен шығару туралы ректордың бұйрығы да қабырғаға ілінді. Группа болып ректорға кіріп, араға деканды салып, мені алып қалмақшы еді жолдастарым, өзім көнбедім.

Ойлап қарасам, әлі бала екенмін. Мүмкін, университетке қайтып оралармын. Ал әзірше бір нәрсеге берік бел байладым. Осының алдында ғана газеттен Торғай тыңы туралы үлкен мақала оқығам. Жұмыс істейін, өмір көрейін, болашақ журналистке керек қой. Бәлкім, бір нәрсе жазармын да кейін. Бәлкім, оны Нэлли оқыр...

Осы түріммен қазір ауылға, әжеме барайын десем, батылым жетпейді. Не деп барам? Біреулер түсінер, ал біреулер түсінбей, етегін ашып күледі ғой. «Тұлпардан қалған бір тұяқ деп жүрсек, әшейін-ақ әңгі біреу болып шықты ғой. Шешесіне тартқан ғой, әңгүдік неме. Тәрбие-тәлім көрмеген. Әке-шешенің тәрбиесін көрмеген сол болады», – деп шешенситіндер табылады. Өйтіп әке атына, интернат атына таңба түсіргенше, елге көрінбегенім жақсы.

«Ай-ай-ай, Сауранов! Айтпап па едім, ашуды ақылға жеңдір деп! – деген сыбыр естілгендей болады ұдайы. – Қайран интернат, өз балапандарының жанына неге бір-бір тәрбиеші қосып беріп аттандырмайды екен!»

Көзімнің алдындағы көгерген дақ кетейін деп қалды. Көгерген дақ көзден кетер-ау, бірақ көңілден кетер ме? Күншуаққа қарай жол жабық. Жабық семафор көзімнің алдында, көңілімнің түкпірінде қалған таңбалар. Семафор жабық!

– Міне, Виктор Васильевич, осылайша мен сенің сеялкашың болдым.

– Нэллиді әлі сүйесің бе?

– Менің сезімім тек «сүю» деген сөздің мағынасына сыйып қана қоймайды.

– Орал, қазақша «я тебя люблю» дегенді не дейді?

– Қазақша «мен сені сүйемін» дейді. Бірақ бұл дәлме-дәл аудармасы. Жалпы «люблю» деген сөздің мағнасын «сүйемін» бере алмайды. Қазақтар ғашығына «мен сені сүйемін» деп жатпайды.

– Енді не дейді?

– Сережа Есенин айтқандай:
О любви в словах не говорят,
О любви вздыхают лишь украдкой,
Да глаза, как яхонты, горят.

– Сенің түнде жатқанда жиі-жиі күрсінетінің сол екен ғой, Орал.

Викторға қараймын. Ол маған бір жұбаныш айта ма деймін. Ешнәрсе айтпайды. Айтпағаны жақсы. Есіркемегені жақсы.



Ол арықтап барады. Жағы қушиып, сопақтала берді. Екі ұртына әжім сызығы түскендей. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілген кезіндегі өлі жүнді жабағыдай жақ жүні үрпиіп тұр. Мен кішкентай айнамды алып қарап ем; өзім де сондай екенмін.

Біздің жұмысымыз жеңіл-желпі болмағаны ендеше.

Арқалықтан анаукүні ұн артқан машинаның үстінде ақ сақалы селеудей желпілдеген бір қарт кісі бізбен бірге келген. Сол қарт айтып еді:

«Бұл өңірде ертеде Қыпшақ Сейтқұл деген кісі өткен. Оқыған баласыңдар ғой, ол туралы аталарың Ыбырай Алтынсарин жазған. Әне, сол Қыпшақ Сейтқұл осы өлкеде Қабырға дейтін өзеннің бойына тұңғыш рет егін салып: «Тізеден тер, белуардан май екенсің депті» дейді.

Мына дала белуардан алтын берсе, біз тізеден тер төгуге дайынбыз. Қыпшақ Сейтқұлдың түсіне де кірмеген трактор бозторғайлы аспанды жаңғырықтырып жүріп кетті.

Бұл алтыншы күн еді.

* * *

Қара бұйра топырақ бағлан қозының сеңсеңіндей. Бірақ трактор жүріп бара жатқанда шаң көтерілетіні жаман. Әсіресе желге қарсы жүргенде, көз аштырмай, аузы-мұрныңа топырақ толады. Тіс шықырлайды. Тістің арасына қиыршық тұрып қалады.

Біз жаңа клеткаға көшкенбіз. Қадыр Әшкеев пен Толяның агрегаты тағы да бізбен көрші клеткада. Өткен бескүндікте олар бірінші орынға шықты. Осы бескүндікте де бас бәйгені бермеуге белді бекем буған сияқты.


Мен оларға қараймын да таң қаламын. Загонда үш сеялка тіркелген «ДТ-54» емес, сағатына елу-алпыс километр алатын автомобиль жүйткіп жүргендей болады. Қазір бізбен қатарласып бара жатса, енді бір сәттен кейін бізбен катар олардың шаңы ғана калады.

Тіпті шаңы да озып кетеді. Олардың мінгені Кендебайдың керқұла атындай, ал біздің мінгеніміз мәстек сияқты. Біздің «ДТ-54»-тің айырмашылығы бар ма?! Екеуінің де двигателі дизельді: «Д-54», шатундары да бірдей.

Әлде Виктор жөндеп жүргізе алмай ма? Қой, олай болмас. Сірә, ауыр болар. Үш сеялка, тырмалары және бар, ауыр ғой. Сеялканың дискілері топырақтан әрең көрінеді, әрине ауыр.

Кішкене жөндесе қайтер еді? Дискілерді сәл көтеріп қойса?

Сегіз-он сантиметр емес, бес-алты сантиметрге түсірсе дискілерді? Бірақ дән тайызға түседі-ау бәле болып. Жер құрғақтау, тайызға түскен соң өнбей қалып жүрсе...



Өнер, бәлкім. Кешегідей емес, күн бұлттанып келе жатыр ғой. Жауар сол. Аздап көтерсе не қылушы еді. Оның есесіне, біздің жүрісіміз өнеді. Бәлкім сонда біз бірінші орынға шығып кетерміз. Қайткенмен, бірінші орынның аты бірінші орын ғой. Ауыспалы ту. Елу сом ақша. Абырой-атағы тағы бар. Көрсеткіш тақтасының бірінші жолында жазулы тұрады фамилияң. Мүмкін, «Молнияға» шығаруы. Тіпті газеттерден тілшілер іздеп келер. Бәрінен де республикалық газеттерге шықсаң ғой. «Осындай да осындай... Торғай тыңын игерген «Сарбаздар» совхозының жас механизаторлары Виктор Черногоров пен Орал Сауановтың агрегаты тұқым себу науқанын тамаша аяқтады. Олар...»

О, шіркін-ай десеңші! Кешегі курстас жолдастарым, райкомдағылар оқып: «Е, бәсе, ол Сауанов бар ғой... Ол тегінде жаман жігіт емес, тек бір ақымақтық өткен ғой басынан».

«Ол ма, ол әлі көрсетеді өзін. Мына бізден емес, нағыз журналист содан шығады».

«Комсомолдан бекер шығарылды, сөгіс беріп қою керек еді!» деседі.

О, дүние-ай десеңші. Сондай атты күн болар ма еді. Нәлли оқыр еді. Қайтер еді? Қуанар ма еді? Іші маған аздап болса да бұратын шығар... ҚазГУ-дің жатақханасында өзіммен бір бөлмеде бірге жатқан Майлыбай дейтін жігітпен хат жазысып тұрамын. Сол жақында жазып еді: «Сенің Нәллиің әлгі аспирантпен араздасқан түрі бар. ЖенПИ-дің бір қыздары айтты», – деп.

Кім біледі, бәлкім, бәрі жоғалмаған шығар. Бақыттың да адам құсап адасып қалуы мүмкін ғой. Адасып барып бақыт деген басыма келіп қайта қонар. Кім білген...

Газетті оқыса. Ол үшін газетке шығу керек қой.

Қайтуші еді дискілерді біраз көтерсем? Осы клетканы бір-екі айналғанша, көп емес. Жер – тың жер ғой. Оның топырағына, әйтеуір түскен тұқым өнбей қалмас. Екі-үш сантиметр тереңі не, таязы не. Оның есесіне трактор жеңілдеп, тезірек жүрер еді. Бас бәйге алып кетсек ғажап емес қой.

Кілт қолымда. Кілт құлақкесті құл сияқты. Ешнәрседен бас тартпайды. Қазір бұрандаға салып, бұрасам болғаны, мына жүктің бәрін сеялка, дискілерімен қоса жоғары көтереді. Оп-оңай. Еш ауырлық жоқ.

Темірмен алысқан ауыр емес, адамның өзімен-өзі алысқаны жаман. Менің бір өзім екі адам болып алысқаным жаман. Біреуі: «бұра, көтер», – дейді. Біреуі: «бұрама, көтерме», – дейді.

Қара кілт: «Қай жеңгенің менікі!» – дегендей болады.

Ал бір өзімнен бөлінген екі адам бір-бірімен бурадай шайнасады. Екеуінің арасы ылди мен зәулім асқардай. Бұл қалай? Менің бір өзімде жақсы да бар, жаман да бар. Жаман бар ма? Жаманшылық ойламаймын ғой. Әшейін дискілерді біраз көтергеннен адам жаман бола ма?



Осылайша өзіммен өзім алысып келе жатқанымда, сонадайдан шаңы шұбалаң еткен жүк машинасын көзім шалып қалды. Заулағаннан заулап барып әлгі машина Әшкеев агрегатының алдын көлденеңдеп тұра қалды. Кабинадан директор Сардар Оспановтың өзі шықты.

Кабинаға қалай сыйып отырған деп таңырқайсың. Директор төңкерілген төбедей үлкен. Бірақ іркілдеп қалған семіз емес, шымыр, қоладан құйған мүсіндей.

Таңырқап қарайсың, қарайсың да:

«Апыр-ау, бұл директор болғанша, спортшы балуан болсашы, әлемге аты кетер еді» деп ойлайсың.

Юрий Власовты көр де, «Сарбаздар» совхозының директорын көр.

Анадайдан директордың әлденеге айқайлап, қолын қатты-қатты сермеп, жерге қайта-қайта еңкейгенін көріп келеміз. Ол еңкейіп тұрып, қолымен топырақты тарпып қазып, лақтырып жатыр. Алдыңғы аяғымен жерді тарпып, гүжілдеген зор бұқа көзіңе елестейді. Әрине, бұқаға теңеу дұрыс емес. Бірақ оның кескін-кейпі, қимылы – бас жібін үзіп босанып кетіп, айналасындағыларға үрей тудырған сүзеген бұқа сияқты еді қазір.

Тұсынан өте бергенде, директор белгі беріп бізді де тоқтатты. Көзі қанталап кетіпті. Келе, сеялканың дискілерін көре бастады. Тұқым сеуіп өткен жердің топырағын шұқылап көрді, алысқа ұзаңқырап барып, тізерлеп отыра қалып, топырақты тағы қазды.

Осылайша біздің кешегі тұқым сеуіп кеткен клеткамызды да барып көрді. Қайтып келді.

– Осы бағыттарыңнан таймаңдар! Анау иттер құсап ақымақ болып жүрмеңдер! – деді.

Галифелі сары шалбарының қалтасынан «Шипр» әтірінен босаған шишаны алып, алақанына көк бұйра насыбайды үйе толтырды. Астыңғы ерніне төңкере салды.

Насыбайдың ащысы етіне өткен сайын ернін қымқыра түсіп, көзі уыттана берді. Күнге күйген сарғыш қасын кезек-кезек қағып тастағанда басындағы сегіз сайлы сұр кепкасы қимылдап кетті.

Ол Қадыр мен Толяға жақындап барды.


– Сендерді сотқа беріп, түрмеге жаптырып жүруге қазір уақытым жоқ! – деді.

Ана екеуі төмен қарады.

– Екеуің де жап-жассыңдар. Сендерді де комсомол дейді, комсомолдан садаға кетіңдер!

– Не боп қалды, жолдас директор? – деді Виктор. Біз Сардардың мұнша ашуланғанын аздап сезсек те, әлі түсінбей тұрғанбыз.

– Не болушы еді! Тұқымның жүзін жасырмаған тым құрыса! Жердің бетіне сеуіп барады. Біз біруыс таза тұқымға зар болып, малымызды сатып



борыштанып, бидайды сонау Қостанайдан тасып жүрсек, мыналар оны жерге емес, желге шашып барады.

Директор насыбай суын сыздықтата түкірді.

– Тағы да бәйге алмақшы, бәйгеде бастарың қалғырлар! Атаңның басын аласың енді! Тайып тұрыңдар совхоз аумағынан!

Ана екеуі үндемейді. Қозғалмайды. Төмен қарайды. Екеуі де Виктор мен мен сияқты. Жақ жүндері үрпиіп өскен. Көздері шүңірейген. Аяғың келеді. Қимайсың.

– Япыр-ау, бәсе, байқаймын. Тракторы ракеташа самғайды-ау! Жоқ, жолдас, мені алдай алмайсың. Жалтыратыңдар табандарыңды! Жау да бұлай істемес. Жаудан жамансыңдар сендер!

«Құдайым-ау, маған да арнап айтып тұрған жоқ па?» – деймін мен ішімнен. – Мен де дискілерді көтеріп қоймақшы болдым-ау. Мен де жаудан жаман болғаным ба?!.

– Ау, шырақтарым, кімді алдайсыңдар? – дейді күйінгеннен сөз таба алмай тұтыққан директор. – Мені алдайсыңдар ма? Жә, бұл менің егінім емес, елдікі ғой, сендердікі ғой! Ертең енді мына жерге не шығады.

«Апыр-ай, енді болмағанда мен де масқара бола жаздадым-ау. Менде де әлі түк ақыл жоқ екен ғой».

– Мұнша жерге егін шықпай қалатын болды ғой. Комиссия шығарып, сендердің бұдан бұрынғы клеткаларыңды да тексеру керек.

– Бұрынғылар мұндай емес, бүгін ғана... – дейді Толя.

– Кеше бәйгеге елу сом алып, арақ-шарап ішіңкіреп, қара басып... – дейді Қадыр.

– Атауыңды іш арақ ішпей! – Директордың сегіз сайлы сұр кепкасы астынан бөдене түрткендей қимылдап кетті. Ал сұр кепка жаппаған желке шашы күдірейіп, магнит тартқан шегелердей көтеріліп барып, қайта жапырылды.

– Жерге алтын сеуіп, тақырды сипалап қалатын болдық. Бұл қалай? Қайтып дәті шыдайды бұлардың? Сендерге несін айтып тұрмын? Айда! Марш! Тракторға тимеңдер. Тайып тұрыңдар! Жұлындарың жұлынып кетпей тұрғанда.

Қадыр бөдененің құйрығындай қысқа кекілін ұйпалайды. Толя мұрнын жиі-жиі тартады. Екеуі де жерден көз алмайды.

– Кетіңдер, кет деген соң!

Оларда үн жоқ. Олар қимылдар емес. Оларды жаманшылығы үшін жер-ақ жазалап, қара топыраққа екеуін қимылдатпай қадап қойған сияқты.

– Кет! Мен сендерді көріп тұра алмаймын! – Директордың ақырған даусы менің ойымды бөліп жіберді.

– Мен кімге айтып тұрмын! – Директор құрым етік киген оң аяғымен жерді теуіп-теуіп қалды. Оның бұл қаһарынан бір сәтке жер де сескеніп,



өзінің тұтқындарын абайсызда босатып алған сияқты еді. Өйткені анау екеуі селк-селк етіп, орындарынан ыршып түсіп, шегіншектей берді.

– Құдайдан қорқып, адамнан ұялмаған, түге! Сендерге ұят бұйырмаған! Бас жылдам! – деп Сардар айдаланы нұсқап, оң қолын сермеп қалғанда, қара көк кителінің қолтығы тігісінен дар-р-р етіп қақырады да кетті.

– Тіфу, безобразие! Бүкіл Арқалықтан шақ кәстөм табылмайды, – деді директор лезде бала құсап құлағына дейін қызарып, еңгезердей денесінің ебедейсіздігіне өзі ыңғайсызданып.

Бірте-бірте көзінің уыты тарағандай болды. Ақсары жүзі өзінің бұрынғы реңіне келді. «Шипрдан» босаған шишаны галифеден тағы суырып алды. Бұл жолы көк бұйра насыбайды алақанына үйіп салған жоқ. Бір шымшым салып, саусағымен мытып-мытып, қос танауына апарып құшырлана тартып-тартып жіберді. Жасаураған қоңырша көзін тарс жұмып, танауы делдиіп, аузымен ауа жұта алмай біраз ашып тұрды да, айналаны жаңғырықтыра түшкіріп-түшкіріп алды. Анадай жерде жолдың жағасында, былтырғыдан қалған бір шөмеле шөптің үстінде қалғып отырған қарақұс сонда қалбаң етіп қанатын қағып барып қайта отырды.

Қызғыш құстардың қикулағаны естіледі. Жол жағасында қалған қызғалдақтардың басы иіле берді. Маубас суырлар қара тұмсықтарын көтеріп ауаны иіскелейді. Аспанды ауыр бұлт торлай бастады. Түйдек-түйдек бұлттар сапырылысып, дөңбекшіп, аунап түсіп келеді. Формасыз қара дәулер бірін-бірі сығымдап, бірін-бірі сазбалшыққа илеп бара жатқан сияқты.

Дәулер бірін-бірі ұрғанда аспанда алты батпан тротил жарылғандай шатыр-шұтыр ете қалды. Күн күркіреді.

Директор Қадыр мен Толяға:

– Айда! Трактордыі жүргіз! Сендермен кейін басқаша сөйлесем. Комсомол жиналысында сөйлесем. Ал әзір тоқтама, – деді.

Бұлттар алдамай ма дегендей аспанға тағы қарады.


Сардар машинаның кабинасына отыра беріп:

– Енді ақымақтық жасамаңдар! – деді.

Қадыр мен Толя сеялкалардың дискілерін түсірді.

Алғашқы тамшылар келіп жетті. Қызғалдақтар қуанғаннан секіргісі келгендей тынымсыз тербелді.

Директордың неге тез өзгергеніне түсіне алмай келемін. Қумақшы болып еді. Қуған жоқ. Ашуы ақырған ақ борандай айбарлы еді, тез басылды. Ғажап адам. Карл Казимирович айтып еді: мен соғыс-теңіз флотының теңізшісімін, ал Сардар Оспанович гвардия лейтенанты деп. Сардар Оспанов өз батальонымен Днепрден өтіп арғы жағаға шыққанда бірден үш жерінен оқ тиіпті. Бірі басынан, бірі қолының бұлшық етінен. Ал үшінші оқ офицер белдігінен өтіп барып омыртқасының арасына тұрып



қалыпты. Мұның бәрін бізге түнде палаткада жатқанда Карл Казимирович айтты.

Сонда гвардия лейтенанты өз қанына шыланған қара топырақты уыстап жатып:

– Әттең, асыл жер! Сені адамның қызыл қанымен емес, адамның маңдай терімен суарар ма еді! – деген екен дейді.

Сардар Оспанов сол арманына енді жеткен адам.

Директордың алдында ыңғайсыз болды. Сондай адамды алдау – оңбағандық. Мені де түлен түрте жаздады. Япыр-ай, кеше ғана Қадыр мен Толя бүкіл совхоздың мақтанышы еді. Ағашты өсіру үшін он жыл керек, кесу үшін бес-ақ минут керек дейді. Абыройға ие болу үшін көп еңбек керек, ал оны төгіп алу үшін бір сәске жетіп жатыр екен.

* * *

Адам, сірә, бір минут та ойланбай тұра алмайды ғой деймін. Сен ешнәрсе ойламайын десең де, сананың әйтеуір бір түкпірінен әлдеқандай бір бейнелер, небір сөздер, небір әуендер қалқып шыға келеді. Ештеңені ойламайын деп көзіңді тарс жұмып алсаң да, көңіліңде кемпірқосақтың сан алуан бояулары, өмірде болмайтын қандай бір ғажап суреттер тұрады.

Қазір де солай. Мен комбайнның үстінде келемін. Ештеңе, ештеңе ойламайыншы дедім өзіме өзім. Қайтер екен деймін. Бірақ орақ жер қауып, кедір-бұдырға қадалып қалмасын деген бір күдік басымнан шықпай қойды. Шөмелелер қатарынан өте бергенде сабан тастағыш педальды аяқпен басып қалмасаң болмас деп тұрады тағы бір ой.

Соның өзінде ішімнен «симфония», «симфония» деп айтып келе жатқанымды аңдамай қаламын. Симфония... Вагнер... Аты кім еді? Ричард. Жоқ, Рихард. Рихард Вагнер. Немістің ұлы композиторы...

Е-е, несін айтайын, университетте жүргенде біраз нәрсе біліп қалып едім-ау. Кей күндері оқу залынан шықпай, Бетховен, Бах, Чайковский жөнінде жазылған кітаптарды оқып, ұнаған жерлерін көшіріп жазып алушы едім.

Қайран университет! Ертедегі студенттер университетті «alma ma der» дейді екен. Онысы «ақ сүтін берген ана» дегені болса керек. Ана болмады ғой маған ол.

Симфония... Вагнер... Бұл неге қайта-қайта ойға орала береді екен? Тоқта, тоқта. Кім еді? Кім айтып еді? Әйтеуір ұлылардың біреуі «Вагнердің симфониясы – ішуге болатын алтын» деген.

Симфония... Алтын... Е-е, енді түсіндім. Өзімнен өзім мырс етіп күліп жібердім. Айдалада жүргенде симфонияның, Вагнердің есіме түскені несі



десем, әңгіменің бәрі алтында екен ғой. Мен алтын дариясының кемесімен дүниенің дәл төбесінде келе жатқан жоқпын ба қазір! Алтын дария. Симфония – ішуге болатын алтын.

Мен алтын дариясының төсінде жүзіп келеді екенмін. Осынау көктемде өзіміз тұқым сепкен жердің дариясы. Толқиды ол, тебіренеді ылғи. Жал-жал болып, жапырылып барып қайта көтерілгенде, сары алтын жалт-жалт ете қалып, жасылданып кетеді де күреңіте береді. Сол күреңіткен күйінде жүгірген толқын загон шетіне жетеді. Ол шетте ұдайы суыр аулаған біреу жүреді. Суырлар қазір інінен сирек шыға бастады. Бұдан былай мүлде шықпай інінде жатып алады.

Суыр аулаған адамды жақыннан бірнеше рет көрдім. Қаудай боп өскен ұйпалақ шашы мен қабасақалдың арасынан ашулы көзі қосауыз мылтықтың аузындай суық қарайды. Жаздың ыстық күнінде де аяғына жамаулы пима киіп алып, әр жерге қақпан құрып, суырлардың майы шыққан терісін күнге жайып, өзімен-өзі болады да жүреді. Оны көрген сайын көктемде Карл Казимировичтің айтқаны есіме түседі: «Асықпа, әлі-ақ арамтамақты арамтамақ аулайды», – деп еді ол.

Біз алғаш екі жүз бесінші клетканы ора бастағанда, осы суыр аулаушы қабасақал анандай жерде тұрып айқайлап, менен:

– Ей, жолдас, орталықтағы дүкенде «тройной одеколон» бар ма екен, білдің бе? – деп сұрады.

– Жоқ, білмеймін, – дедім.


«Тройной одеколон» бар ма, жоқ па деп іздеп көрген кім бар оны. Тек Виктордан бір рет көргенім бар. Оның бетінің безеуі көбейе берді. Соған жағып жүргенін байқап едім.

Суыр аулаушы маған суық қарап, кете барды. «Жолдас» дейді. Неғылған жолдаспын мен оған. Қырманда адам жетпей, бидай қыза бастады. Мұның жүрісі мынау. Тағы да «тройной» сұрайды. Оны қайтеді екен? Айдалада жүріп, үстіне иіссу құйып ала ма?

Рас болса, осы суырларды бір замандағы Қарынбайдың малы деседі. Дүниеге тоймаған сараң бай қара жерге бойлай-бойлай кіріп жоқ болған соң, оның жер бетіне шымалдай қаптаған малы суырға айналып кеткен деседі ғой. Әйтеуір анау қақпан қойып жүрген қабасақалды көргенде, қайта тіріліп келген Қарынбайды көргендей боламын.

Орақ басталғалы он күн өтті. Виктор екеуміздің еншімізге өзіміз жоқтан бар ғып жөндеп алған «СК-3» тиген. Көктемде тұқым сеуіп болғаннан кейін, біз бір айдай шабындықта жүріп, шөп шаптық. Орталыққа қайтып келген соң, директорға кіріп комбайн сұрадық.

– Сұңқарларым, комбайн жоқ қазір, – деді Сардар Оспанович графин толы қызыл шайдан бір стақанын құйып ішіп. – Комбайнның бәрі жолда. Бізге жүз елу комбайн келуге тиіс еді. Бәрі де зауыттан жаңа шыққан.



Директор үлкен үстелге өңгеріле түсіп басын тұқырайтып көп отырды. Кабинет қабырғасынан бізге бұршақ өсірудің шеберлері Кавун мен Чеканова қарап тұрды.

– Аулада елу-ақ комбайн тұр, – деді Сардар Оспанович қалғып кетіп қайта оянғандай, басын көтеріп алып. – Оның бәрінің иесі бар. Олардан алып бере алмаймын. Жаңасын күтуге тура келеді. Жаңасы қашан келеді, әлі белгісіз.

– Ал сол ауладағы елу комбайннан өзге комбайн тауып алсақ, бересіз бе? – деді Виктор. Көкшіл көзі қулана күлімсіреді. Безеуі кете бастаған бетінде қан толқып ойнады.

– Өзге қандай комбайн болушы еді? Не деп тұрсың, шырағым?

Директор жайлаудай жазық маңдайын жиырып қалып еді, желке шашы күдірейіп көтеріліп барып, қайтадан жапырыла берді. Магнит тартқан етікшінің шегелері сияқты.

– Уәде болсын, – деді Виктор ақсия түсіп, директорға қолын ұсынып.

Директор түсіне алмай, аңырып біраз отырды.

– Ал, болсын-ақ делік. Мен білмеген комбайнды сендер тапсаңдар, жарайды.

Сардар Оспановичтің күректей алақанынан Виктордың әлеуетті қолы да көрінбей кетті.

«Япыр-ау, бұл неге Қажымұқан болмаған», – деймін ішімнен.

«Спортпен неге айналыспайсыз?» – деп сұрағым да келді.

Бірақ оның орнына:

– Сардар Оспанович, соғыста сізбен Бақтияров Сауран деген кісі бірге болған жоқ па? – деп сұрағанымды өзім де білмей қалдым.

– Бақтияров Сауран дейсің бе? Бақтияров... Бақтияров... Жоқ, білмеймін. Есімде жоқ. Болса болған шығар... білмеймін. Әкең бе еді? Курск доғасында дейсің бе? Есімде жоқ.

Сол сәтте ол маған қарауға жасқанғандай, көзі тайқақсып терезеге қарады. Көзі жасаурап қалғандай көрінді. Ал менің көз алдыма Днепрдің арғы жағасына батальонды бастап өтіп, бірден үш оқ тиіп құлаған лейтенант келе қалды. Жас қазақ офицері өзінің ыстық қанына шыланған топырақты уыстап жатқанын көремін. «Уа, дүние! Осы жерді снаряд тілгілемей, кәдімгі соқа тісі тілгілесе ғой... Уа, жер-ана, сені қанға бөктірмей, дәнге бөктірер ме еді. Сені адамның қанымен емес, адамның ащы терімен суарар ма еді!» – деген сөзін естимін.

Кім біледі, менің әкем Сауран да осылай деген шығар.

– Ал, сұңқарлар, кәне, жұмыстарыңа барыңдар! – деді Сардар графиннен қою қызыл шай құйып ішіп. Ол енді жаңағы бір терезеге қарап, көзі жасаурап отырған адамға ұқсамай қалды. – Мені күтіп отырған адамдар көп...

Темір. Әлі бояуы кетпеген темір. Енді-енді тоттана бастаған темір. Тот



басып, шіри бастаған темір. Темір де адам сияқты. Оның да жас кезі болады. Оның да құрыш қайратты кезі болады. О да қартаяды.

Темір де адам баласы сияқты жердің перзенті. Оның анасы – жер қойнындағы кәдімгі қара тас болады. Тасты меңіреу, мылқау, жансыз деген адам қателеседі. Тас та толғанып, толғатады. Тастан сонда темір туады. Темір де сөйтіп адаммен бірге тыңды көтеруге аттанады.

Темірлердің де зираты болады. Олар да өледі ғой. Темірлер өлген кезде адамдар оларды ауыл сыртындағы арнаулы зиратқа апарып тастайды. Олардың ішінде қартайып қаусап біткені де бар, өмірі қысқа болып, қыршынынан қиылғаны да бар.

Виктор ауыл сыртында жатқан темір үйінділеріне қарап көп тұрды. Астыңғы ернін тістелеп, басын шайқай берді.

– «СК-3» 1960 жылы шыққан зауыттан. Бірақ қаңқасы ғана қалыпты. Кәне, осыған жан бітірейік, Орал, – деді.

Арада бірнеше апта өтіп, егін орағы басталар шақта, біз өзіміз құрап жүргізген комбайнға мініп, теңіз төсіне қарай жүзіп кете бардық. Ал кеше Виктор тобығын шығарып алды...

Комбайн мотор гүрілінің ырғағына сай бір орында бүлкілдеп билеп тұрған сияқты еді. Шнехтан лақылдап аққан бидайға толып болған машина жылжи бергені де сол болатын. Жанармай құйған бакты ашып көріп, Виктор комбайнның үстінен жерге секіріп түсті. Тізерлеп барып құлап, орнынан тұра берді де, оң аяғын құшақтап қайтадан отыра кетті.

Упияз шайнап алғандай бет-аузы бұзылып, өңі қуқыл тартты. Май-май болған қос қолымен тобығын ұстап қалды.

– О не? Не болды? – деп жанына жетіп барып, тобығына жармасып ем, қол тигізбей шыр-шыр етті.

– Шынымен шығып кеткені ме!

Виктор тағы тұрмақшы болды, шыдай алмай қайта отырды.

– Сынық емес, әйтеуір, – деді.


– Қап, машина да кетіп қалды-ау, медпунктке жету керек, – дедім мен загон басына қарап.

– Мен медпунктке бара алмаспын. Онда барып, дәрігердің зорлауымен бірнеше күн ауруханаңың төбесіне түкіріп жатар жайым жоқ.

– Сонда не істемекшісің? Шыққан аяқпен жұмыс істей бересің бе?

– Жоқ, аяқты орнына қайта салу керек. Кәне, Орал, мен шалқамнан жатайын, сен бір қолыңмен өкшемнен, бір қолыңмен аяқтың басынан ұстап тартып қал. Бірақ бірден тарт!

Виктордың айтқанын істеп, табанымды борпылдақ жерге тіреп тұрып, ауру аяқты тартып қалып едім! Виктордың құлындай шыңғырған даусы бірақ шықты.



Мен бұрын оны етінен ет кесіп алса мыңқ етпейтін жігіт шығар деп жүрсем, қайдағы бір шыққан тобыққа шыдай алмай, шыр-шыр етеді.

Не істерімді білмей, оның ауырған тобығын сипаламақ болып қолымды соза берсем, Виктор бұрынғыдан бетер бебеулетті.

– Қиналма, Виктор, мен машина тауып келейін, дәрігерге жетейік! – дедім.

Ол астыңғы ернін көгергенше тістеп, көзін тарс жұмған күйі басын шайқады.

– Ешқайда да барма!

Екі қолымен жер тіреп, аяғын созып жіберіп, шалқалап біраз отырды. Жұқалаң өңі аспанға қарады. Аспанды бұлт торлап келе жатыр еді. Бұлттар алыстан артынып-тартынып арып-ашып жетіп:

– Ал енді осы жерге біраз тыныстап алайық! – дегендей кезбе-керуен тоқтап, шудалы кереметтер шөгеріле берді. Жаңбыр жауар, сірә. Оның жауғаны қазір қып-қызыл зиян. Көктемде тілеп жаудыра алмаған жарықтық енді емірене қалыпты.

Виктор түрегеп отырды, тобығы шығып кеткен аяғын абайлап бауырына жиып алды. Аяғының басын жерге нықтаңқырап төсей берді. Тісі шықырлап, көзі жалт-жалт етті. Оң қолының жұдырығын түйіп жоғары көтере берді. Мен оның неге бекінгенін енді аңғарып, қолын ұстай алмақшы болғаным сол еді, балғадай жұдырығы сол аяғының шығып кеткен тобығына барып солқ ете соғылды. Сол күйінде екі бүктеліп отырып, қос қолымен жер тіреп түрегеле берді. Тұрып барып, қайта құлап кетердей тәлтіректеңкіреп қалды. Сол аяғын сылти басып барып, жүріп кетті.

Жүгіріп жетіп, қолтығынан ұстадым. Маңдайынан бұрқ ете түскен тер бетіндегі тозаңмен шыланып, атызданып аға берді.

– Түсті, – деді Виктор. Комбинезонды шешіп жіберіп, жалаңаш етіндегі көк майканы сыпырып алып, ортасынан дар еткізіп қақ айырып маған ұстатты.

– Қатты қысып байла! – деп аяғын тосты.

Тұла бойы дір-дір етті. Шып-шып шыққан тер әлі басылмады. Түрі қуқыл тартса да, ашық аспанның бір пұшпағынан қиып салғандай көкшіл көзі жайнады, жауыннан соң жол жағасында жәудіреп тұратын шашыратқының көкшіл гүлі сияқты.

Бәрі көңілден ғой деймін. Оның көзіне мұнша сәуле беріп тұрған көңіл ғой. Жаңағы бір жазатайыммен күресте өзі жеңіп шыққан соң, көңілі гүлденген сияқты. Онысы көзінен көрініп тұр.

– Жаңбыр жауып кетпесе жарар еді, – деді Виктор түнере түскен аспанға қарап.

– Сен рульге отырмақшымысың, Виктор?

– Енді қалай ойлап едің?



Мен үндемедім. Виктор түнгі сменада, күндіз – мен күні бойы комбайн үстінен түспей қалжырағаным рас. Бірақ мына жағдайдан кейін Викторды жалғыз тастап кету орынсыз сияқты көрінді.

– Мен жүргізе тұрсам қайтеді? Аяғыңның ауруын асқындырып аласың ғой.

– Мен бе? Неғылған ауру! Міне, қара! – деп Виктор анандай жерде жатқан қара шелекті әлгіде шығып кеткен аяғымен қаңқ дегізіп теуіп кеп жіберді. Қара шелек он шақты адым жердегі сабан шөмелесінің үстіне барып топ етті.

– Гол!

Виктор мені қапсыра құшақтап алып, шыркөбелек айналдырып-айналдырып жіберді.

– Ах, Орал, Орал! «Вернись!»

Ұйықтайын десем дағы, көпке дейін көз алдымнан Виктордың өз аяғын өзі ұрғаны кетпей қойды. Шатыр палатканың алақандай жерінен жамырап жұлдыздар көрінді. Кешкі бұлттар көшіп кеткен. Менің жанымды жұлдыздар мазалап, ұйықтап бара жатқанда түрткілеп оята беретін сияқты. Алақандай тесік – киіз үйдің түндігі тәріздес.

Сол түндіктен қарап жатырмын. Блез Паскальдың бейшаралығы ойыма түседі. Өз заманының ұлы ғалымы, ірі философы ғой ол. Сөйте тұра аспанға қайта-қайта қарап алып: «Осы аспанның үнсіздігі мені үрейлендіреді!» – деген екен.

Аспанды үндемейді деп қалай қателескен. Жұлдыздар ше? Олар аспанға іліп қойған сансыз жез қоңыраулардай емес пе? Олар бірін-бірі тербетіп сыңғырлағанда аспан асты таңғажайып үндерге толып, жер бетіне айдың әлсіз шұғыласымен бірге музыка да төгіліп тұрмай ма! Бәлкім Паскаль заманында жұлдыздар қоңыраудай сыңғырламаған шығар. Ол кезде үнсіз-тілсіз, үрейлі меңіреу болғаны рас шығар.

«Вагнердің симфониясы ішуге болатын алтын» деген-ау. Жұлдыздар симфониясы шығар сол Вагнердің музыкасы. Бір кезде Вагнер де осылайша айлы түнде аспанға қарап жатып, жұлдыздар қоңырауының күйін тыңдап, соны жанталаса нотаға түсірген шығар.

Жұлдыздар алыстап, бұлдырап кете береді, көз алдымда тағы да өз аяғын өзі ұрған Виктор тұрады. Жұлдыздар симфониясы тән ауруын елемеген көзсіз, өр ерліктің гимніндей түн тыныштығын бұзып асқақтай шыққан комбайн сарынымен үндесіп жатты.

Осы бір ғажайып суреттердің арты шым-шытырық түске айналып бұзылып кетті. Жұлдыздар жұлдыз емес, сары суырларға ұқсап, аспанмен тым-тырақай қашып жүр екен. Үсті-басы кір-кір қабасақал, сабалақ шаш адам суырларды қуып барады. Суырлардың әрқайсысының соңынан: «Тройной одеколон бер! Тройной одеколон бер!» – деп жүгіреді.



Таңертең ұйқыдан тұрып, біраз жатып:

– Осындай да түс болады екен-ау, – деп өзімнен өзім таңқалдым да комбайнға жүгіріп жеттім. Виктор таң алдында ғана келіп төсегіне жатқан екен, менің кеткенімді сезген жоқ.

Күн шыққаннан қайнай шықты. Таң азаннан шырылдап тұрған бозторғайлар көрінбей кетті. Көз ұшында, зау биікте бұлдырап, баяу қалқып қырандар ғана жүрді. Клетканың солтүстік жағындағы ашық алқаптан анда-санда суыр аулаған қабасақалдың қарасы көрініп қалады.

Қырман жақтан заулаған машиналардың соңынан шұбатылған шаң солтүстіктен соққан баяу желді ықтап барады. Машиналар үлгірмей жатыр. Соңғы күндері көмекке тіпті Арқалықтан, боксит рудниктерінен «Татра», «КРАЗ», «МАЗ» деген алып машиналар да келіп тұр. Руда тасуға бейімделген дәулер енді ақ бидай тасып, үлгіре алмай аптығып жүр. Алып экскаваторлардың тонналап салған жүгіне үйреніп қалған «МАЗ»-дар комбайндағы шнехтен саулап аққан ақ бидайды әуелі азсынған сияқты еді. Енді тасып үлгіре алмай әуре.

Осыны көріп мен: «Жаса, Торғай!» – деймін. Өзімнен өзім өлең айтқым келеді. Көз алдымда көсіліп, Виктор іздеген Тэтис Торғай теңізі жатқандай болады. Сонда барып: «Япыр-ау, шынында да бұдан миллион жыл бұрын осы жерде Торғай теңізі дәл осылай толқын атып шалқып жатқан шығар, ә!» – деймін.

Бұл ойымды комбайнмен «ГАЗ-69» машинасын қаптайластыра келіп тоқтаған Сардар Оспанович бөліп жіберді.

– Иә, Сауранов, аман ба? Комбайының бұзылмай жүріп тұр ма?

– Бұзылған жоқ, Сәке. Бірақ аккумулятордың қышқылы тауысылатын түрі бар.

– Сол қырсық қышқылдың әуре-сарсаңында шапқылап жүрмін мен де. Қышқыл жетпей қазір үшінші бөлімшеде бес комбайн тоқтап тұр. Түннен тұрып Арқалыққа бардым. «Сельхозтехника» қос қолын мұрнына тығып отыр. Қышқыл жоқ. Құдайдың зарын қылдым. Ол облыспен сөйлесіп жатыр. Қайткенмен келіп қалар күткен қышқыл.

Директордың сегіз сайлы кепкасының астынан тер саулады. Қаракөк диагональ галифенің делдиген қос өркешін шаң тұтыпты. Директор еңкейіп соны қақты. Кителін шешіп алып қағып жатқанда, тер сіңіп су болған ақ майканың омырауына кәдімгі «аулың қайда, суың қайда» атты қызыл қоңыз қонғандай болды. Директор әлгі қоңызды саусағымен шертіп жібермекші еді, бірінен соң бірі тағы бірнеше қызыл қоңыз қатар-қатар келіп қона қалды.

Сонда барып директор өз мұрнын ұстай алды. Саусағы қызыл қанға боялып шыға келді. Басын шалқайтып жіберіп біраз тұрды. Оған қан тыйыла қоймаған соң, жүресінен отыра қалып, жерге тамшылатты. Бидайдың сары



сабағына тырс-тырс тамған қан шақшиған күн сәулесімен шағылысып алқызыл лағыл тастай жалт-жұлт етті.

– Өмірі мұрным қанап көрмеген адам едім, – деді директор тайдың жалындай күзелген бидай сабағына қарап отырып.

Сонда мен Сардар Оспановичтің Днепр жағасында үш жерінен оқ тиіп қансырап жатқан шағын көзге елестеттім.

«Днепр жағасы есіне түсті ме екен қазір?»

Украина жерінің топырағына қаны сіңіп жатқан сол бір сұрапыл кез есіне түспеді-ау, сірә. Өйткені галифенің қалтасынан дастарқандай ақ орамалын суырып алып, танауына қарайып қан қатып үлгірген мұрнын сүртіп тұрып:

– Мына күннің ыстығы-ай! Ау, Сауранов, сенің комбайныңда шатыр жоқ екен ғой. Күн өтіп кетіп өлесің ғой! – деді.

– Ештеңе етпейді, үйреніп кеттік ғой, Сәке.

– Жоқ, бұлай болмайды. Мен қазір Карл Казимировичке айта барайын, басыңа көлеңке орнатып берсін. Айтпақшы, анау көрші клетканың айналасы соқамен айдалмаған екен-ау. Тез жыртып тастау керек. Айтқан жерден аулақ, өрт шығып жүрсе қиын болады. Карл Казимировичқа тапсырамын. Ал сен тоқтама, Сауранов. Мен ұстап қалдым ғой сені. Әкеңнің фамилиясы кім еді сенің?

– Бахтияров. Сауран Бахтияров.


– Сауран Бахтияров. Сауран Бахтияров... Жоқ, есімде жоқ. Кім біледі, мүмкін бірге де болған шығармыз. Көп уақыт өтті ғой. Сонда туған бала міне, енді өзімізбен бірдей болып тұрсың. Ал жақсы, Сауранов.

Директор кете барды. Жаңа мұрны қанағанда Днепр жағасын есіне алмағаны маған ұнаған жоқ. Несі кетеді, біраз уақыт өткенді еске алып, әңгіме айтып отырса! Зорығып, мұрнынан қан кетіп жүргені де осы асығудың кесірі де.

Айтпақшы, асықпаса болмайды екен ғой. Мұндай мына шыжыған ыстықтың арты жауын-шашынға айналып кетуі мүмкін. Оқтын-оқтын бұлт торлап қалып жүр. Әнебір күні нөсерлетіп өтіп еді, содан бітік бидай жығылыңқырап та қалды.

Бұлттар жауамын десе де, жаумаймын десе де өздері біледі. Оларға әзірше құдіретті адамнан әмір жоқ. Кеше кешке Виктордың аяғы шығып кеткенде де жауайын-жауайын деп тұрып-ақ жаумай кетті ғой. Ал Виктор болса күн жауып кетеді екен деп сонша асығып еді.

Бұлттар әзірге есіріп тұр. Көктемде жалынсаң да жаумайды. Енді керексіз кезде кесірі тиеді. Бірақ бұлт та адамның ашса алақанында, жұмса жұдырығында тұратын кез келер-ау деймін. Адам асау өзендерді ауыздықтады, адамның алдында асқар таулар да тәк тұрады. Адам алыстағы Айға жол салып жатыр. Бір кезде бұлттар да бұғалықталады. Адам қаласа ғана жауып, қаламаса жайымен жүретін болады...



Кенет көрші клетканың теріскей жағасынан ашық алқаптан көк түтін көрінбегенде, мен бейтәртіп бұлттарға кіжіне берер ме едім, кім білсін. Неғылған түтін? Бәлкім, сағым шығар. Күн өте ыстықта өстіп бір сағым ойнайтыны болады.

Жоқ, түтін қоюланып, аспанға көтерілді. Шаңқай түс. Бұл уақытта жұрт тамақтанушы еді, ары-бері жүріп жатқан машиналар да көрінбейді. Өрт болмаса игі еді! Апыр-ау, мына бидайға тисе тажал ғой. Әлгіде сол жерде суыр аулағыш қабасақал жүрген сияқты еді. Көрінбейді.

Өрт қой! Шаңқай түсте қып-қызыл оттар түсін өзгертіп, сары жездей боп көрінеді. Көкке көтерілген түтіні де сағымдай ойнап, ә дегенде адамды алдайды. Бірақ от шалған жер қап-қара болып қалып жатыр. Сол қара тақыр ғана бар шындықты ашып салып, бір сұмдықтың болғанын аңғартады.

Комбайннан түсіп тұра жүгіргенімді өзім де білмей қалдым. Сасқанда қолыма ештеңе де ілікпеді. Клетканың арғы шетіне шыға келсем, едәуір жер аумақтанып қарауытып қалыпты. Бой жасырған бозғылт от кемпіршаш қау шөпті лезде жалмап жан-жаққа жайылып барады.

Жан ұшырып кері жүгіріп, комбайнның бүйіріне құрсаулап қойған балонға жармастым. Жуан болтпен бекітілген балонды тұтқасынан тартқылап ем, шыға қоймады. «Өрт болса қайтейін» дегендей, былқ етпеді. Сірә, шаң-тозаң толып, қатты кептеліп қалған болар. Шықпады. Ключпен бұрап жатуға көп уақыт керек. Қайтсем екен? Қырман жақтан ешбір жан көрінбейді. Түтінді ешқайсысы байқамағаны ма? Апыр-ау, енді кешіксе, от бидайға, клеткаға тиетін болды-ау.

Қолыма ұзын шыбықтардан жасаған сыпыртқы мен жаман күпәйке түсті. Оттың шетіне ұшып жеткенім сол еді, ащы түтін қолқамды атты. Аптаған ыстық лептің табы білінді.

«Арсаландап келе қойыпсың ғой. Не жоқ саған!» – дегендей еді селеу басын шалып, шапшып сумаңдаған от.

– Не жоқты көрсетейін саған! – деп май-май күпәйкемен ирелеңдеген отты салып-салып қалдым. Ол өшіп, орны бықсып қала берді. Бірақ ол мен ұрғанда жалт беріп, басқа жаққа ыршып түскендей, алдыңнан тағы шыға келеді.

Өрттің де өз әдісі, өз шабуыл тактикасы бар сияқты. Қау шөп, кемпіршаш селеулі алаң аумақтана жанып барып, үшкірлене түсті де, бидай тақтасына қарай үшбұрыштанып жылжыды.

Жел жоқ, сонда да бидай клеткасына қарай лап қойды. Бұл не? Ары қарай, ашық далаға қарай кетсе қайтеді? Қас жау ма, не бәле бұл? Үшкірленген жерін барып сабалап жатырмын. Екі жағымды орап алып, қақ жарылып жүре береді. Ертегілердегі айдаһарлар сияқты, бір басын шауып тастасаң, бір басы өсіп шыға келетін кереметтің өзі тәрізді.

Етқызумен байқамаппын, сүйретпеден қызу өтіп, табаным күйе



бастады. Соққыға жығылған от жанталасып майлы күпәйкеге жармасты. Жерге тоқпақтап жатып, сөндіріп алған сияқты едім, май сіңген мақталы күпәйке лезде қайта тұтанды.

Жанып кеткен күпәйкені тастай беріп, жан ұшырып сыпырғышты іздедім. Жаңа комбайннан ала келгенім анық еді ғой. Қайда қалды? Әнебір күні оны сары мотоцикліне өңгеріп Карл Казимирович әкеліп беріп еді.

Шыбықтан жасалған ұзын сыпырғышты ала бергенімде, көзімнің алды бұлдырағандай болды. Қаудырақ ақ селеуді май тамызықша жалап жеп бара жатқан жалқын сары от емес, сансыз суырлар сияқты. Менің ұзын сыпыртқымды көріп, жан-жаққа тым-тырақай қаша жөнелді.

Көзімнің мұнша бұлдырағаны несі! Ойпырмай, мына сасық сары суырлар жүз-жүзден жүгіріп барады ғой бидайға қарай! Оларды әлі бидай жемейді дейтіні қайда?

Мен не, сандырақтап барамын ба? Неғылған суыр? Өрт қой бұл! Әне, анау үшкір шеті егінге жақындап қалды. Бірер қарғыса бидайға тиеді.

Оған қалай жеткенімді білмеймін. Құлаштап сабалап жатырмын. От шегінгендей болады. Шала-жансарланып жатып қайта тіріліп кетеді. Түбір-түбір кемпіршаш лап деп лезде жанып, күлі үлпілдеп ағарып барып, ақыр түбі қап-қара көмірдей боп шыға келеді. Қара түтін бықсып жатады.

Өрттің бір пұшпағы менен он метрдей жерден бидай клеткасына қарай жұлқа тартты. Тұра ұмтылдым. От пұшпақ сескенгендей еді, бірақ бұрынғы келген жерінің сары жалыны шапши түсті. Оны барып сабалап жатқанда, ар жақтан тағы бір от ойнақтап бүйірленіп шыға берді. Өрт енді бұрынғы тактикасын өзгертіп, бір жерден емес, бірнеше жерден жұлқынып қасарысып қаптап келеді.

Тілім тіл емес, ауызға сыймай тыныстыбітеп, ісініп барады. Бір жұтым су-ай шіркін! Толқынын көріп жан дүнием тебіренген Құлан өзені қайдасың? Алыста да емес, әнеу бір жерде ағып жатырсың ғой. Бұрылсаң қайтті бері қарай!

Жанталасып олай бір, бұлай бір жүгіре-жүгіре басым айналайын деді. Көз алдыма үп-үлкен сап-сары шар тұрды да алды. Жанған от, лаулаған өрт жан-жағынан қамалап әлгі шарға жақындап қалды. Шарға от тисе, ғаламат бомбадай жарылмақшы. Мына жердің топырағымен бірге менің де сүйегім аспанға ұшпақшы.

Ай, атаңа нәлет тілсіз жау! Ақыры жеттің бе тұнып тұрған бидайға! Сол жерге қарай оқша атылыппын! Шыбық сыпыртқының қалдығы селдіреп, тарқатылып кетті. От тиген бидай ғаламат қазанға түскендей шатыр-шұтыр атыла берді. Балақ жағы балауса, көктеу болған соң ба, от жалындай шапшып бидайдың масағына қарғыды. Сары мұрттар спирт тамызып қойғандай тыз-тыз жанды.



Қос қолыммен жердің топырағын қарпып алып лақтырамын. Қолым қол емес, күрек сияқты. Қатып, қабыршықтанып қалған топырақ, тырнақ көбелерін лезде алып түсті. Қос қолымнан қан саулап кетті.

Апырау, баяғыдан бері қалай еске түспеген, үстімде комбинезон бар екен ғой. Қырсық қылғанда түймесінің көбін қарашы! Осындай түймесі көп киімді қайдан көріп ем. Е-е, Нэллидің қызыл ала бомази халаты ғой.

Лағнат атқан комбинезон! Бар күшіммен омыраудан алып тартып қалыппын. Комбинезонмен сабалаған от ұсқынсыз сарыала төбет сияқты, арс-арс етеді. Ұрған сайын қаңсылап, қарсы шабады. Балақтан алып, төске шабады. Жоқ, бұл от емес, бұл жаны бар бір керемет болса керек. Шалқалап құлап барып, қалың бидайға аяғым оралып, қайта тұрдым. Елес екенін, шын екенін білмеймін, су тасушы машина дөңгелегі жерге анда-санда бір тиіп ауамен ұшып келе жатқан сияқты көрінді. Әлдекандай адамдардың айқайы, машиналардың азынаған ащы даусы естілгендей болды.

Балақтан тиіп басқа шапшыған от Лермонтовтың «Мцыриіндегі» жас балаға шапшиын деп жатқан тарғыл сары жолбарыс сияқты еді. Мен шегіншектеп, аяғым шытырша жанған бидайға шалынып құлап бара жатып, ана бүйірден дәл мынадай тарғыл сары жолбарыстармен жанталасып жүрген екі адамды көріп қалдым. Апыр-ау, мыналар Қадыр мен Толя ғой. Жеткен екен ғой. Олар бізбен көрші клеткада ғой. Енді бой бермеспіз. Енді жеңілерсің, тілсіз ит. Оларды сонау көктемде Сардар Оспанович қылмыс үстінде ұстап алып, совхоздан қуып жібермекші болды-ау. Артынан ашуы тарқап, оның бәрін ұмытып кеткен. Ұмытып кеткені қандай жақсы болған!

Қолымдағы комбинезонның тұлдыры жанып бара жатқанын көріп, кеудемді ұстай алыппын. Жалаңаш етімде терге малшынған, от шарпыған майкадан басқа ешнәрсе жоқ. О, құдайдың ұрғаны-ай! Комбинезонның төс қалтасында комсомол билеті қабының ішінде әкемнің жалғыз суреті бар еді ғой!

Жоқ, жоқ! Қазір сурет іздейтін уақыт па, тәйірі! Мына, жалқын сары, көк түтінді жалмауыз белең алып барады. Ұмтыла түспесең, несіне әуре болдың манадан бері! Өзімнен оза шапқан ойран отына тап беріп, үстіне жата қалып, аунай беріппін. Бұл менің ақырғы амалым еді. Одан арғысын білмеймін. Көз алдымда тұрған үлкен қызылсары шар домаланып ұша-ұша алыстап, алыстап кете барды. «Жарылмады, жарылған жоқ» деген жалғыз сенімнен менің отқа күйген жаным жай тапқандай еді.

Қазір ойласам, тіпті ақылға қонымсыз сияқты. Жаны бар адам қалайша жалаңаш етімен жанған оттың үстінде аунай алады. Бірақ мен онда ойлап жатуға мүмкіндігім болған жоқ. Солай ету керек болғаны ғой. Мен от үстінде аунаған жердің өрті сәл де болса баяулаған шығар. Қайткенмен ол әлі, клетканың ең шеті, шексіз бидай алқабына кіреберістегі қақпа тәрізді болатын. Кім біледі, сол қақпа алдында жанталасқаным зая кетпеген шығар.



* * *

– Апыр-ау, содан бері де зымырап үш ай өтіп кетіпті, ә? – деді Виктор мені тани алмағандай бетіме қайта-қайта қарап.

– Иә, үш ай, Виктор.

Арада үш ай өткеннен кейін мені Арқалық ауруханасының қақпасынан Виктор күтіп алды. Ол «Сарбаздар» совхозынан директордың «Газигіне» мініп келіпті. Енді Арқалықтан шығып, совхозға қайтып келеміз.

Күз келсе де, әлі күн жылы. Бірақ жаздағыдай сарын жоқ. Жан-жақтың бәрі жым-жырт. Айналада қатар-қатар маялар тізбегі көрінеді.

– Сені қайтып қатарға қосылады деп ешкім ойламаған еді. Сенің тірі қалғаныңа жұрттың бәрі таңғалады.

– Менің Нэллиді көргім келгенін олар білмейді ғой, Виктор.

– Әжеңді сағынған жоқсың ба?

– Әжемді де қатты сағындым. Бірақ оған көрінуден енді қорқамын.

– Олай деме, Орал. Ана – қашанда ана. Оған сенің жылтыраған жүзің емес, жүрегің керек...

– Жоқ, Виктор, сен басқаша түсіндің. Мен әжемнің маған берген аманатын өртке тастап кетіппін ғой. Әкемнің жалғыз суреті комбинезонмен бірге жанып кеткен жоқ па. Енді ауылға барғанда әжем сұрай қалса не деймін? Ол өзінің сонау соғыста оққа ұшқан баласын сағынып жүрген шығар, енді оның өзін тірідей көруден әлсін-әлсін түңіліп, тым болмаса суретін бір көрсем деп армандайтын шығар. Оған не деймін?

– Сен әлі бала сияқтысың, Орал. Әжеңе сенің тірі қалғаның керек. Өз баласынан қалған тірі сурет аман тұрғанда, жанып кеткен қағаз суретке өкіне қоймас. Онан да тезірек Күншуаққа жет, әжеңе бар. Көнсе, Арқалыққа алып кел. Жақында мен де Крюковоға барып, мамамды алып келемін. Үй туралы Сардар Оспановичпен келістім, – деді Виктор.


Аз жолдың өзі мені шаршатқан сияқты. Виктордың койкасына қисайып жатып көзім ілініп кетіпті. Түсімде әжеммен кездесіп жүр екенмін. Мен бұрынғы Орал емеспін ғой. Әжем танымай қалды. Босағаны аттай бере мен оған:

– Апа! – дедім.

– Бұ қайсың? – деп әжем бетіме үңіле қарап қалыпты.

– Мен ғой, апа!

– Сауранбысың? – деп әжем жаныма жақындады. – Сауран күнім! Аман-есен келдің бе? Әбден зарықтырып келдің ғой, күнім!



Әжем кемсеңдеп, кимешегінің ұшымен көзін сүртті. Көзі бұлдырап, алдындағы адамды әрең-әрең көретін сияқты. Арық қолы дірілдеп арқамнан сипалайды. Бетіме қайта-қайта үңіледі.

– Алда қу соғыс-ай! Ай мен күндей Сауранымның бетін оқпен тілгілеп тастапты-ау! – дейді әжем.

Мен ішімнен: «Қайран әже, әбден қартайғансың-ау», – деймін.

– Сені күте-күте күн де батты, – дейді әжем арқамнан әлі сипалап. – Әлгі Седеп кемпір ауызашарға шақырған екен, енді болмағанда сол үйге кетейін деп отыр едім. Келгенің жақсы болды ғой, Саурашым.

«Арада өткен жиырма жылды өз өмірінен мүлде сызып тастап тұр ма, сірә? Шынымен, осындай болып қалғаның ба, қайран апам?» – деп, мен де оған таңдана қараймын. Менің алдымда тірі Вольтер тұр. Сонау бір жылы Алматы сурет галереясынан көрген Вольтердің бас мүсіні. Тіссіз кемиектігі, жымиып күлгені, көзінің айналасындағы әжімдер, қырлы мұрын – бәрі де Вольтердің көшірмесі. Бірақ бар айырмашылығы – менің әжем кимешек киіп алған. Бар айырмашылығы – Вольтерді дүние жүзі таниды, ал менің әжемді менен басқа, анау ауызашарға шақырған Седеп көршіден басқа ешкім біле бермейді.

– Айтпақшы, Сауранжан-ай, – деп әжем төрге көрпе төсеп, жастық тастап жүріп саңқылдап сөйлей берді. – Әлгі, біздің Орал тентек болды ғой. Алматыға оқуға кетіп еді. Мен сонда ғой деп жүрсем, баяғы Амангелдінің ауылынан бір-ақ шығыпты. Кәдімгі өзің оқып отыратын батыр Амангелді ше? Торғай деген жер соның ауылы ма? Соған кетіпті, айналайындар-ау, біздің Орал! Әй, өзіңе тартқан ғой балаң да. Кішкентай күнінде сен де аумаған Орал едің ғой, Саурашым...

Үйдің ортасындағы тіреуге сүйеніп үнсіз тұрмын. Әжем ақ самауырға су құйып жатыр.

– Әлгі Седептің үйі ауызашарға шақырып қойған соң, самауыр қайнатпап едім. Сені күте-күте күннің батқанын білмей қалыппын. Заһира Күншуаққа кетіп еді. Қылшаны көп өсіріп, депутат болды ғой қарындасың. Оны кеше Күншуаққа шақырып кеткен...

«Апатайым, мен Оралмын ғой! Шынымен танымадың ба?! – деп айқай салғым келді. – Есіл ана, түс көргендей... Өң мен түстің арасында жүргендей. Қой, шошытып алмайын, үндемейін».

– Сол тентек Орал сенің соғыстан жіберген жалғыз суретіңді әкетіп қалмасы бар ма, – деді әжем самаурынды ауыз үйге шығарып қайтып оралып.

Менің тұла бойым қалш-қалш етті. Суретті айтқан кезде алқынған жүрегім аузыма тығыла жаздады.

– Сорлы басым, ала ғой деп өзім беріп едім. Енді балалық қылып жоғалтып ала ма деп қорқып жүр едім. Сөйтіп жүргенде өзін келдің, Сауран. Бұған да шүкір!



«Уақыт бұл кісі үшін мәнін жойған-ау, сірә. Дәл бір баласы соғысқа кеше кетіп, бүгін оралғандай».

– Алда қураған қу соғыс-ай! – деді тағы да әжем пештің үстін сипалап шырпы іздеп жүріп. – Ай маңдайлы алтынымның дидарын оқпен тілгілеп тастапты ғой! Оның да оқасы жоқ, Сауран. Айта берсең, ана Жабағының бір аяғын тұтас алып қалды ғой сол соғыс. Кәдімгі екеуің асық ойнайтын Жабағы ше. Қазір колхоздың қойын бағып жүр ғой. Атқа жайдақ жерде міне алмай, ылғи бір биіктеу жер іздеп жетектеп-ақ жүргені, алда айналайын-ай десеңші.

– Апа, апатайым, мен Оралмын ғой, шынымен танымай қалдың ба? – дедім мен одан әрі үндемеуге дәтім шыдамай.

– Тек! Не дейді!

Әжемнің қолынан шырпысы түсіп кетіп, маған алара қарады, бүкшиген белі бұрынғыдан бетер бүгіле берді. Көз алдымда бөтен, басқа бір ашушаң кәрлі кемпір тұрған сияқты.

– Апа...

Бірте-бірте оның жүзі қайта жұмсарды. Әлденеге кінәлі адамдай екі қолымен қайта-қайта кимешегін жөндеп, пештің ернеуін сипалай берді.

– Алжыдым ғой, Орал. Алдақашан сүйегі қурап кеткен Сауранмен сені шатастырып, мені не қара басты? Әй, сірә, тірі болар-ау, сенің әкең, Орал. Әйтпесе маған сонша не болды. Шыннан алжыппын-ау! – деп ол мені құшақтай алды. Мен емес, ол менің бауырыма аппақ шашты басын тығып, жас балаша өксіп-өксіп жылады!

– Не заман өтті. Сонда да көз алдымнан кетпейді. Соғысқа кеткенде тура қазіргі сен сияқты еді.


– Жылама, апа, жылама, – дедім.

– Жыламайын, Орал, жыламайын. Алыстан аңсаулым, Оралжаным келгенде менің мұнша егілгенім не, қара басыма көрінгір!

Әжем қара құманмен беті-қолын шайып, жалма-жан ақ самауырға сексеуіл салып, от қойды... Самауыр оттығының кішкене тесіктерінен лағыл тастай сексеуіл шоктары қызарып көрінді. Бір сәтке үйдің ішін лапылдап өрт алып кеткендей елестеді. Төс калтасында әкемнің суреті бар қара комбинезон калбаңдағандай болды. Ол ауыз үйдің қабырғасына самауыр отының сәулесінен түскен әжемнің көлеңкесі еді. Мен айқайлап жіберіп, оянып кеттім.

* * *

Ертеңіне ертемен мен өз жұмысыммен трестке кеттім. Оралмен коштаскан жокпын. Түсте тағы кездеспек болып келістік. Бірақ менің трестегі жұмысым ерте бітті де, өндірістік басқарманың үйіне бардым.



Комсомол комитетінің бюросы өтіп жатқан кабинеттің алдынан Оралды күттім. Әлден уақыттан кейін кабинеттің есігі айқара ашылды да, ар жағынан Орал шыға келді. Ол мен кеше кешке көрген Оралдан гөрі баяғы бала қалпындағы Оралға көп ұқсап кетті. Бетіндегі жараның орындары да ақ сияқты көрінді. Бұрынғыдай қырық құрақ емес сияқты. Бір сағаттың ішінде адам осынша өзгереді екен-ау деп таң қалдым.

– Міне, қайтып берді, – деді Орал өз қуанышына іштей толқып. Сыртына Лениннің силуэті басылған қызыл билетке мен де үңілдім. Билет ішіндегі мөр басылған сурет Оралдың оныншы класта жүрген кезіндегі суреті болса керек, бізге билеттен жап-жас бала қарап тұрды.

* * *

Арқалық атырабына күздің қысқа күні елжірей қарап қалыпты... Қаздар қайтып бара жатты. Оңтүстікке, Арқалықтан қайтып барады. Мен жоғалып табылған Тэтис-Торғай теңізі туралы ойладым. Мүмкін, олар сол теңізді іздеп келген болар. Орал да сол теңізді іздеп келген. Оны жыл құсы емес, адам да миллион жылдардан кейін тауып алыпты. Ол – Торғай теңізі. 1962 жылдың теңізі. Теңіз жайлы, мынау қасымда тұрған Орал жайлы хикаяны елге тезірек жеткізгім келді. Бәлкім оны Нэлли оқыр, ойға қалар, бәлкім карт әжесі қуанышпен тағы да бір көзіне жас алар дедім.



БҰЛТСЫЗ КҮНГІ НАЙЗАҒАЙ

Кен инженері Нұрахан Оразбаев, саған арнадым.
Автор

I

– Ата сақалың аузыңа біткенше баланың сөзін айтасың. Несі ерлік соның! – деді Сембай. Қабырғаға қарап, оң жамбасына аунап түсті. Төсегінің тұсына іліп қойған әртіс Лалаға көзін бір қысып, өз қолын өзі шөп еткізіп сүйіп алды.

Менің де құдай сүйер қылығым жоқ. Нем бар осы Сембайға сыр шертіп? О да адам түсініп, жөн сөз айтар ма еді! «Аузыңа ата сақал біткенше» дейді. Сақал шыққаны рас, міне, қазір де электр ұстараны ызыңдатып, иегімді ысқылап жатырмын. Күнде қырынамын. Бірақ ата тұрмақ, әлі әке де болған жоқпын. Сүрбойдақ атанғанның бірі менмін. Әйелім болса, үй-жайым болса, нем бар мына жатақханада жамбас сарғайтып, Сембай сияқтылармен келісе алмай, күнде керілдесіп. Екеумізге бір бөлме тигенін көрдің бе!

Барлығып ісінген көзін сұлудан алмай біраз жатты.


– О, шіркін, әйелің осындай болар ма еді! – деп ауыр күрсініп, бері қарай қайта аунап түсті.

Сембай осы арманын дауыстап тұрып күнде айтады. Алғашқыда құлағыма қалжың сияқты естілуші еді, енді ол әрбір күрсінген сайын, осы бейшаранықі шыннан дерт болып жүрмесін деп күдіктенемін. Сөйтіп, ойша суреттегі сияқты сұлу мен Сембайды қатар тұрғызып көз алдыма елестетем. Қанша қиялдасам да үйлеспейді-ау, құрғыр.

Сембай тіліне кәмпит жабысып қалғандай тамсанып, ыңыранып орнынан тұрды. Темір койка оның ауырлығынан шыдай алмай жылап жібере жаздады. Трусишең тұрып, шыны графиндегі суды ернеуінен көтере сіміргенде, жүні желкілдеген түйе саны дір-дір етті.

– Тағы ішіпсің ғой, – дедім мен де қарап отырмай.

– Ішсем өз ақшама іштім, сенің нең кетті, басеке, – деп үні жарықшақтана тарғылданып шықты. – Жұмысыңнан қалмасам болды ма. Біз басекең құсап ерлік іздемейміз. Біз бульдозершіміз.



Айтарымды айтып алып, бәлеге қалғанымды көрдің бе. Ерлік жайында Сембайға сыр шерткенім неғылған.

Кеше жер көктайғақ болды. Дүниенің жүзін көк мұз сіресті-ріп құрсап қалған, мен карьерге күнде түсіп жүрген сатымен жү-руге қорықтым. Ағаш сатыны біреу шыңылтыр көк шынымен бір түнде қаптап тастағандай. Жазатайым ұшып кетсем, сүйегім-нің де табылмайтынын білдім, сосын бұрылып ап орама жолмен тарттым. Тізілген машина, кәдімгі «МАЗ»-дар. Өрге шыға алмай өкіреді. Таудай төңкеріліп азынаған алыптар төрттағандап тырмысады. Жол шаруашылығының адамдарын шопырлар сыбап жатқан болар-ау. Мен де боқтап келемін. Мына дозақ жолына әлі құм септепті.

Алатаудың асуларындай мына жолда әсіресе осындай күнде-рі машиналар қатты қиналады. Дүлей күштің иелері мына көктай-ғақта дәрменсіз қалғанына шыдай адмай, ыза буып ақырады. Үйдей тұлғасы қалшылдап, артқы дөңгелектері шыр айналады.

Терең карьерден шығар жол қиын. Үлкен үйдің бұранда сатысы сияқты. Теміржол болса ғой, шіркін. Мұншама машақат көрмес едік.

Міне, машақат! Жиырма бесінші нөмірлі «МАЗ» жанталасып жатыр. «МАЗ» алға ұмтылады, бірақ оны көзге көрінбес керемет күш кері сүйрегендей болады. Киіз үйдің үлкендігіндей дөңге-лектері мына жалтыраған көк мұздан бір бедер таппай тайғанап барады. Мұз емес, мәрмәр сияқты. Осы карьерден жұрт темір рудасын емес, мәрмәр қазып жатыр ма деп ойлайсың.

Жиырма бесінші «МАЗ» мен тұсынан өте бергенде қатты ышқынып, жұлқынып көріп еді, газ бәсеңдеген кезде артқы екі дөңгелегі горизонттың құлама жарына қарай сырғанап жүре бергені! Енді сәл сәт өтсе, он метрлік жарқабақтан бір-ақ ұшады. Құлап бара жатқан «МАЗ» емес, өзім сияқтымын. Кабинаның есігі ашылып кеп кетті де, шопырдың басы көрінді. Бетінде сөл жоқ, кіршең тартқан ақ қардай құп-қу екен. Тежегішке қанша жармасса да сырғанаған дөңгелектер тоқтар емес. Бейне бір құздан құлап түскен жартастай, ешбір тосқауыл бөгет бола алмайтындай.

Ә дегенде абыржып тұрдым да қалдым. Шопыр жан түршігер-лік дауыспен айқайлап жібергенде, жүрегіме біреу қанжар сұғып алғандай шошып түстім. Жалма-жан үстімдегі қара тонды ала салып, жар ернеуіне жақындап қалған дөңгелектің астына лақтырып-ақ жібердім.

Бұл жандалбаса қайдан есіме түскенін білмеймін. Әйтеуір ойланып жатпағаным анық. Мүмкін, бабадан қалған инстинкт шығар. Менің бабам қойшы болған. Жазда тау асып, Алатаудағы Мыңжылқының жайлауына шыққанда, бабам байдың малы қырылмасын деп, осындай мұз басқан асу соқпақтарына киіз төсеп тастап, қойды, көшті соның үстімен айдап өткізеді екен.



Он метрлік жардан жапалақтай ұшайын деп қалған «МАЗ»-ды ойламаған жерден тон тоқтатты. Астыңғы жақтан айналып, бульдозер келіп, «МАЗ»-ды сүйретіп әкеткеннен кейін тонымды мұздан ажыратып ала алсамшы. Қылшылдаған суық лезде бойымды қарып өтті. Мұзға сіресе жабысқан жүнін жұлып жатып, қара тонды қағып-сілкіп қайтадан киіп алдым.

Үстіме кигенім бұрынғы өзімнің тоным емес, әлдебір ерліктің эталоны сияқты бірнәрсе еді. Өзімнен өзім ұшатын жанша қомданып қойып, әлдебір асқақ сезімдер толқынында тербетіліп келе жатқан сияқты болдым.

Міне, осы бір жайды түнде жатар алдында да көп ойланып едім. Жаңа ұйқыдан тұра сала, шыдай алмай Сембайға ақтарыла салып едім, айтқан жауабы әлгіндей ғой:

– Несі ерлік! – деп еңсемді басып тастады.

Сембай пальтосын жамылып сыртқа шығып келді. Шалбар кимей трусимен шыққаны ма, түйе санын жүнін жұлған тауықтың етіндей боп майда бүршік басып кетіпті. Қайтадан койкаға құлай кетті. Енді осыдан екі-үшке дейін жатады. Сағат төрттегі сменаға барады. Басы ауырып тұрады.

– О, ерлігіңе болайын, е, – деді Сембай үрпек шашты қазандай басын одеялмен бүркеп жатып.

– Жә, Секе, ерлік болмаса болмай кетсін. Бәрінен де машинаның, соның ішіндегі адамның аман қалғанын айтсаңшы, – дедім мен кешегі қара тонның түймелерін салып тұрып.

– Бір машина қираса қирар еді де, одан кедей боп қалмаймыз. Оның есесіне бастықтар жанталасып жолды жөндер еді. Қайтып авария болмас еді.

– Сенікі дұрыс, – дедім мен айтарға сөз таппай.


Асықпаса, Сембаймен салғыласып тұрғанда автобустар кетіп қалатын болды. Босағадан аттай бергенімде, көз алдыма амбразураға қарай атылған батыр тұлға келе қалды.

«Эх, ертерек тумаған екенмін!»

* * *

Мен үйден шыққанда подъезд баспалдағының қуысында жатқан тарғыл мысықтың көздері жасыл фосфордай жалтырап көрінді. Әлі қараңғы.

Далаға шыға келгенде, әуелі дем ала алмай қалдым. Таңғы аяз бүгін ақырып тұр екен. Үйлер бұл мезгілде оттан моншақ тағынғандай болады. Шамы жанбаған үй кемде-кем шығар. Жұрттың бәрі жұмысқа асығулы. Қала бір жаққа түгел көшіп бара жатқандай, адамдар қаптап көшеге шықты. Сықыр-сықыр, қарш-қарш! Адамдар аяқ басқан сайын ақ қар астынан пистон жарылып жатқандай қарш-қарш, сықыр-сықыр, қарш-қарш етеді.



«Тобыл» ресторанының алдындағы алаңнан аттанған автобустар Сарыбайға тура тартты да кетті. Кеңседен наряд алып, карьерге келе жатқанда кешегі «МАЗ» ойыма түсті. Сол кешегі «МАЗ» құлай жаздаған горизонтқа қарадым.

Карьердің шет-шетіне түнімен бір жақтан ауып келіп, аққулар қонақтап қалған сияқты. Ақ қырау басқан тобылғы түбіртіктері әсем аққулардан айнымайды. Карьердің түбінен түйетастарды түйгіштеген перфараторлардың даусы шығады. Ертелі-кеш тынбастан бір-екі дәу кезектесіп келі түйіп жатқандай. Бурмашиналардың діңгектей келсаптары аспанға кезек-кезек шоршып атылып, тасы сірескен жерді гүрс-гүрс соққылайды.

Алтыншы горизонтта стреласын көкке көтеріп «ЭШ» тұр. Жүруінен тұрысы көп. Бірақ бір жүріп берсе, бір күнде асқар тауды бір жерден екінші жерге көшіре салуға жарайды. «ЭКГ-4» экскаваторлары «ЭШ»-тің балапандарындай. Соған қарамай бейнетқор. Тынбай томпаңдап жұмыс істей береді. Бірақ олардың халі қазір мүшкіл...

Айналасы атшаптырым алып карьердің үстінен алтын толқын жосып өткендей болды. Шығыс жаққа қып-қызыл шымылдық тұтып қойғандай алаулап кеткен екен.

Аспан қызыл, жер аппақ. Қайталанбас ғажап сурет. Кішкентай жүрегім сонау шығып келе жатқан күнге қарай ұшқысы келгендей тыпыр-тыпыр еткенде, мына карьердің үстінен қырандай қалықтап өтер қанат біткендей болдым-ау деймін. Бірақ бұл сәт көпке ұзамады. Аспан қызылы ыдырап, әлгібір реңі тайды. Жүректі шымырлатқан бірер сәт қой. Бірақ кейбір жылдарға бергісіз осындай бір минуттер болады өміріңде.

Осындай бір сәттерде мен де Күнге ұқсағым келеді. Тым құрыса Күннің тәнінен шыққан бір түйірі болғым келеді. Күн жер үстіне жақсылығын арқалай көтерілді. Мен де мына жердің бетіне жақсылықтан шашу шашсам деймін. Мен күнге ұқсағым келеді. Бірақ смена мастерінің қаншалықты Күн болып жарылқарын анық болжай бермеймін.

Күн көтеріліп, көкке өрледі. Мен карьерге түстім. Оперативтік штабқа кіре кетейін деп, жарқабақтың ернеуінде тұрған көк вагонға бұрылдым. Қарсы алдымнан теодолит көтерген екі қыз шыға келді. Аяқтарында пима, үстінде бушлат. Бұрын көрмегендіктен аңырайып қарап келе жатып, аяғым тайып-ақ кеткені. Екі қолым ауа қармап ербең-ербең етіп, шалқалап барып кескен теректей гүрс ете түстім. Басым дыңылдап, аспан ары-бері айналып барып, өз орнына тұра қалды. Бойымды әрең жиып алсам, аяқ жағымда әлгі қыздардың біреуі жерден тұрып, үсті-басын қағып-сілкіп, әлдене деп ренжіп тұр екен. Екіншісі ішек-сілесі қатып, ішін басып қалыпты.

– Хулиган! – деді құлаған қыз маған ызалана қарап. Қызылшырайлы жүзі түтігіп, қызылкүрең тартып кетіпті. Көзіне түскен қап-қара шашын



жинап шәлінің ішіне ысырды. Көзі жасаурап тұр. Қатты жығылса керек, шынтағын уқалайды. Жас тамшысы сабаудай кірпігіне ілініп тұр. Ал қасындағы қыз күлкіден талып қала жаздады. Ақсары жүзі нарттай болып, аппақ тісі қасқайып, ойнақтаған құлыншақтың мойнындағы қоңыраудай сабырсыз сыңғырлап күлгенде, ақылыңнан адасасың.

– Тағы да бедірейіп, кешірім де сұрамайды, – деді жылайын деп тұрған қыз.

– Кешіріңіз, абайламай тайып жығылып, аяғым тиіп кеткені, – дедім мен орнымнан сүйретіліп тұра беріп.

– Жә, жарайды, сіз емес, мұз кінәлі, қолыңызды әкеліңіз, – деп, күлегеш ақсары қыз қызу алақанымен қолымнан тартып қалды. Қолы қандай жұмсақ. Тағы тартып тұрғызса, тағы құлар едім.

Есім кеткені сонша, қызылшырайлы қыздың иығынан ұшып түскен теодолитін алып беру де ойыма келмепті.

– Әдепсіз! – деді әлгі қыз.

– Жә, Шолпанка, жетер, бишараны жерлей бермесеңші, – деді ақсары қыз күлкісін біраз тыйып.

Мен қасқыр көрген көжектей көзім жыпылықтап, тілім күрмеліп тұрғанда, екеуі жолға түсіп кете берді. Арттарына бұрылып қарады. Ақсары қыздың көмейіндегі қоңырауы сыңғырлап қоя берді. Шолпанкасы оны:

– Ну, Наташа! –деп иығынан қойып қалып, өзі де сықылықтап күліп жіберді. Олар горизонтпен айналып көрінбей кеткенше күлкілері естіліп тұрды.

Құтұяқ маркшейдер құтыруын! Жаңа келген ғой, сірә. Бәлем, тұра тұрыңдар. Әлі-ақ күлуге шамаларың келмей, титықтап қаларсыңдар. Сонда сендерге қарап мен күлермін. Мына карьер сендерден асаулардың да желігін басқан.

Астыңғы горизонтты айналып, өзіміздің участокке жете көңілім бұзылып қоя берді. Үйге берген тапсырманы орындамай мектепке келген баладай мына лайдың шетін басуға именіп тұрмын. Жерді жайлап жатқан қоймалжың лайды көріп, көңілім де лайланып кеткендей болды.

Үстіңгі жақтағы ақ қар, көк мұз мұнда жоқ. Мұнда боза түстес, ботана батпақ бар. Жердің миы шығып жатыр.


Қалтарыста экскаватор тұр. Батпаққа шөккен пілдің басы сияқты.

– Аман ба, Нариман, – деді машинист Захар.

– Бұл не? – дедім мен амандықтың орнына.

– Күншуақтап тұрмыз.

Захар желедей дірілдеген оппаның шетінде тілерсегінен батқан. Аузынан ақ бу бұрқырайды. Майдан жылтыраған қара тонның жағасын да көтермепті. Шой желкесі қып-қызыл. Малақайдың құлағын түсірмеген.



Құлағының үсті тойып алған масаның қарнындай. Шертіп жіберсең қаны шапшып кеткелі тұр. Бірақ оны Захар күректей қолғабымен қағып-қағып қояды.

Карьердің ана шетінен мына шетіне бір сотқар бала лақтырып жіберген тұмақ құсап, сауысқан ұшып өтті.

– Тұрысымыз осы, – деді Захар. Тілерсектен батқан аяғын шығармақшы боп жай тартып көріп еді, батпақтың ішінен оны біреу қос қолдап ұстап жатқандай, босата қоймады.

Жүз тонналық экскаватор тілсіз тартпаға мойынсұнып қойғандай баяу бата берді. Жыланбауырының астына көлденең тасталған шпалдар көрінбей кетті.

– Ғаббас жаңа бульдозерге кетіп еді, әлі жоқ, понтон тастамаса мынадан мүлде айырыламыз, – деп Захар экскаваторды көрсетті.

– Сірә, батып жатқан машиналар аз болмаса керек, бульдозер дегеніңіз қаны жерге тимейді, – Захар төбеден төнген жарқабаққа қарады.

Жарқабаққа мен де қарадым. Екі күн бұрын соққан боран сол жаққа қар тықпалап тастапты. Жарқабақ жараланған алып сияқты. Ақ қардың әр жерін тесіп қызыл су шып-шып шығып тұр. Жарқабақтың үлкен жарасын ақ дәкемен таңған тәрізді. Мына шып-шып шыққан қызыл су сол дәкеден өтіп кеткен қан сияқты.

Иә, бәленің бәрі сол андыздаған қызыл судан! Әйтпесе мынандай сойқан болмас еді. Экскаваторды жұтып әкететін жалмауыз болмас еді.

– Эх, Нариман, Нариман! – деді Захар осының бәріне бір мен кінәлідей. – Институт бітірген кен инженерісің, сырттай аспирантурада оқисың. Күні ертең кандидат, мүмкін, доктор боларсың. Оныңнан не пайда маған. Мына суды тоқтатып берсеңші, бес минутсіз кандидат-ау!

Аспирантурада оқитыным өзіме бәле болды. Менің диссертациямның тақырыбы карьерді судан тазарту емес, шаң-тозаңнан тазарту еді. Бірақ Сарыбайға қазір тозаңнан гөрі су тозақ боп тұр. Диссертацияның талабы бір басқа, өмірдің талабы бір басқа. Шіркін, Сарыбай, жалғыз ақауың бар, ол суың ғой. Кенге тұнып-ақ тұрсың-ау, бірақ топан су қаптап, оппа батпақ түйені түгімен жұтып жатса, амал қайсы.

Карьердің түбіне елу насос қойылып, кезекпе-кезек, қақалып-шашалып, мына лайсаңды тартып-ақ жатыр. Қайдан болсын. Бой берер емес. Насостардың өзі қазір тоғытқан қойдай басын анда-санда бір қылтыңдатып, әрең-әрең көрінеді.

– Мен смена мастерімін, – дедім Захарға. – Карьерді құрғатуды бас инженерлер ойласын. Менің міндетіме бұл жатпайды.

– Эх, Нариман! – деп Захар ашуланып аяғын батпақтан қорқ еткізіп суырып алды. Керзі етіктің басы қоймалжыңнан көрінбейді. Менің жаныма, қатқаққа шықты. – Мына мен экскаваторшылар курсын



ғана бітіргенмін, өзің білесің. Бес кластық білімім бар. Сонда да осы суды құрғатсам деймін. Әттең, тау-кен ғылымынан хабарым жоқ, әйтпесе айқасып көрер едім. Мына суды тоқтатуға амал жоқ дегенге сенбеймін. Соны шын іздеп жүрген адам жоқ десе сенемін.

Сабалақ сары қастың астынан көкшіл сары көзін өңменімнен өткізе бір қарады. Шын ашуланса, мына экскаваторды бір өзі тартып шығаратындай айбарлы. Танауынан атқылаған бу ақ сорпа болған аттың танауынан шыққандай. Бу батпақтың бетінен де көтеріліп жатыр. Аяз ғой, қанша дегенмен. Экскаваторға жалғанған қара кабельге де аяздан аппақ қырау тұрыпты. Подстанцияда тартылған сымдарды да қырау тұтқан: түтілген кендір арқан сияқты.

Бұрынғыша перфараторлар тырылдайды. Бурмашиналар көктасты солқылдата соққылап жатыр. Алыстан электровоздың іңгенше боздаған аянышты даусы естіледі. Күн аспанды бір қиялап кетіп барады. Ал алдымызда былқылдаған піл сауырлы жалмауыз жатыр.

– Күншуақтап тұрмыз, – деп, Захар аузындағы сигареттің ұштығын түкіріп кеп жіберді. Ұштық, от жағымен батпаққа барып быж етіп шаншылып қалды. Бегемот сияқты іркілдек батпақ шіркей шаққандай болар-болмас дір етті.

Сонда маған қарсы алдымда жалпиып қарасұр жалмауыз жатқандай көрінді. Формасы жоқ, тұлғасы жоқ, жайылып жатқан былқылдақ тажалдың әр жері арандай ашылған ауыз сияқты.

– Күншуақтап тұрмыз, – деді тағы да Захар. Мен ұйқыдан оянғандай селк ете қалдым. Захар ешкімнің адресін айтпастан мықтап тұрып шешеден бір боқтады да, батпаққа бір түкірді.


Әлдекімнің өлімін тілегендей, жемтік іздегендей карьердің үстінде, аспан астында бір құзғын қалықтап жүрді.

Экскаватор баяу батып бара жатты.

II

Есікті ашып жібергенде, бу бұрқ ете қалды. Жылы леп бет-ауызды шымшым аймалады. Ас иісімен аралас май сіңген қара тондардың қоңырсық иісі танауға тап берді. Бір-бір поднос ұстаған адамдар көзіме оттай басылды. Ойламаған жерден кеудемде әлдене бүлк-бүлк етті де сап болды. Олар да маған қарады. Қолдарымен беттерін көлегейлеп мырс-мырс күліп жіберді. Қызылшырайлысы тіпті пысқырып жібере жаздады.

Түбіт орамалдары мен бушлаттарын шешіп орындықтың арқалығына артып қойыпты. Теодолиттері қабырғаға сүйеулі тұр. Жылы жерге келгеннен шығар, беттері албырап кетіпті. Тіпті бір-екі жүз грамнан тастап алған



ба деп те ойлайсың. Екеуінің де көк жүн свитерлері бар екен. Томпайған төстері көрінеді.

Кассаға бардым. Ақбілекпен амандасып, мәзірге қарадым. Мәзірден көз алмасам да, Ақбілектің маған қадала қалғанын сезіп тұрмын. Көз алдыма ұстаған қағаздың жыртығы жоқ болса да, Ақбілекті көріп тұрмын. Иегінің астына қолын қойып, менен көз алмайды. Иегін таянған сол қолындағы кішкентай алтын сағатын да көріп тұрмын. «Бабетта» модалы орама қоңырқай шашының маңдай тұсы кекілді. Оң жақ көзінің алдындағы жасанды меңін де көріп тұрмын.

– Не аласың, Нариман? – деді Ақбілек. Не аларымды әлі ойланбаппын.

– Не алайын, Ақбілек?

«Біршама сұлусың-ау сен қыз да. Бірақ осы сұлулықтың бәрін күңгірттендіріп, тасалай беретін бірдеңе бар өзіңде. Ол не болды екен?»

– Біреуге ғашық боп қалғаннан саусың ба бүгін? Күнде не тамақ алатыныңды өзің айтушы едің ғой.

«Есіктен кіргеннен аңдып отыр екенсің ғой. Бірден саған көзім түспегеніне шамданып қалған екенсің ғой. Қайтейін, қалқам, сонау бұрышта да екі періште отыр. Жас періштелер. Бүгін ғана ұшып келген сияқты. Әуелі, айта берсең, таңертең бір қақтығысып қалып, авария бола жаздағанымыз да бар. Абайсызда тайып жығылып аяғым тиіп кетіп, әне анау отырған қызылшырайлысын қоса құлатып алғанымды қайтесің».

– Не аларымды білмей тұрмын, Ақбілек, біздің асхананың тамағы күнде біркелкі, адам жалығады екен. Күнде ашыған капустадан щи, күнде ашыған капуста мен гуляш...

– Әрине, біркелкілеу екені рас. Қайран, үйдің тамағына не жетсін! – деді Ақбілек. Ол тағы да: «Ақымақ жігіт болмасаң, күніне үш мезгіл асханаға жүгіріп жүрер ме едің. Сендей инженер ішпегені алдында, ішкені артында болып, ақ май асап отырмай ма. Өзіңнен көр осы күнге дейін қу тізеңді құшақтап жатқаныңды. Рас, мен де тіземді құшақтап жатамын. Жас болса бәйше-шектің дәуреніндей өтіп барады. Қыз бала үшін жиырма бес аз жас емес. Нариман-ау, қайтіп айтам саған, қайтсем түсінесің...» – дегісі келген сияқты. Көзқарасынан аңғарамын. Бірақ ыңғай бермеймін, білмеген боламын. Ақбілек жаман қыз емес, жарқылдап-ақ тұр-ау. Бірақ әлденесі ұнамайды. Не екенін өзім де білмеймін. Мүмкін, асханаға кассир болғаны ұнамайтын шығар. Мүмкін...

«Ақбілек десе ақбілек-ау, ақ сазандай сабазың. Жаман әйел болмайды. Пысық. Кассир болып істейді. Несі бар істесе. Өзім әлі күнге дейін асханалардан бірде-бір еркек кассир көрген емеспін. Бірақ Ақбілектің технология институтының үшінші курсынан кетіп қалғаны несі? Сондағы іздегені осы кассирлік пе?»



Алюминий подноска буы бұрқыраған щи мен гуляшты салып алып, отыратын орын іздеп тұрмын. Бос орын көрінбейді. Тек маркшейдер қыздардың жанында бір орын тұр. Имене басып амалсыз бардым.

– Бос па екен мына орын?

– Құлап қалып жүрмесеңіз, отырыңыз! – деді ақсары. Шолпанка дегені аузы-мұрнын басып булыға күліп, теріс айналды.

– Кешіріңіз, қарындас, абайсызда аяғым тиіп кетіп... – дедім міңгірлеп.

Қыз күлгенін қоя қойып, көзін кең ашып, маған аңырая қарап қалды. Таңертең жас тамшысы ілінген сабаудай кірпігі бір төмен, бір жоғары, бір төмен, бір жоғары қимылдайды.

– Наташенька, кешірейік пе, жоқ па? – деді қыз.

– Жарайды, Шолпан, жас жігітті ұялта бермейік, – деп байсалдана қалды Наташа.

Қыздар кофелерін ішіп болып, қағаз салфеткамен ауыздарын сүртті. Қызылшырайлы қыздың ерніне көзім түсті. Қып-қызыл шиедей албырап тұр екен. Маңдайыма шып-шып тер шыға берді. Мен тамақ ішіп отырғалы бері бір сағат өтіп кеткендей болды.

Асхананың есігі тынымсыз ашылып-жабылады. Табалдырықты әркім аттап басқан сайын кішігірім бомба жарылғандай есік сақыр-сұқыр етіп, ақ бу бұрқ-бұрқ көтеріледі.

– Сіз Рудныйда көптен бері істейсіз бе? – деді Наташа деп атаған қыз.

– Бір жарым жылдай болды, – дедім мен.

Байқаймын, қызылшырайлы қыз маған әлі қарап отыр. Ыстықтадым, тезірек далаға, анау ақырған аязға шығып кетсем деймін. Терлей беремін. Кеуілжірігім иіп кеткендей, мұрнымнан да су аға береді. Асхана толы тарелкалар мен қасықтардың шақыр-шұқыры әлдеқайда алыстан талып естілгендей болады. Қасық ұстаған қолымның дірілін сезем.

«Неге маған қадала қарайсың, қызылшырайлы қыз? Айтпақшы, дәл сендей қызды қайдан көрдім. Е, өзіміздің кен институтында екен-ау. Мен екінші курста жүргенде ол бірінші курста еді. Валя ғой. Дәл сен сияқты қызылшырайлы, қыр мұрынды, шиедей қызыл ерні бар еді. Қиғаш қас еді. Алғаш дәлізде қабырға газетін оқып тұрғанда кездесіп қалып, қазақшалап:

– Қарындас, сіз қайдан боласыз? – деп сұрадым. Жымиып күлді. Қазақ қызы екенінде күмәнім жоқ. Аумаған сен сияқты еді.


– Неге күлдіңіз, неге жауап бермейсіз? – дедім енді орысшалап.

– Мені кім деп ойладыңыз? – деді орысша.

– Қазақ қызы...

– Жоқ, мен бурят қызымын. Көгілдір Байқалды білесіз бе? Мен соның жағасынанмын.

– Кешіріңіз...



– Оқасы жоқ. Сіздің атыңыз кім?

– Нариман.

– Менің атым – Валя.

Екеуміз осылайша достасып кеттік. Мәскеу шетіне шығып, Лось орманында шаңғы тепкен күндер-ай! Кейінірек Валя Ленинградтағы театр институтына ауысып кетті. Кенші болғысы келмейді. Хат алысып тұрдық. Бірте-бірте көңілден де тасалана берді. Хабарсыз қалдым. Балалық қой, әйтпесе адаспауға да болатын еді. Сен Валяны еске салдың, қызылшырайлы қыз. Көрдің бе қандай екенімді? Жылпос жігіт болсам, Валядан айырыламын ба? Жиырма жетіге келгенше біреудің түп етегінен мықтап ұстамай жүрер ме едім сүрбойдақ атанып. Қазір екінің бірі келемеждейді. Қалжыңдайды, әрине. Бірақ қалжыңына шынын да араластырып қояды. Осы кешегі өткен жаңа жылда рудниктің қабырға газеті «Достық әзіл» деп суретімді салып, жон арқама үлкен қаратас артып та қойды. Таста «үйлену проблемасы» деген жазу бар еді. Осы жүктен мықшиып әрең тұрған өзімді-өзім көргенде, енді осы жылдың ішінде үйленбесем бе, қап бәлем деп едім. Бірақ үйлену дегеніміз дүкеннен барып калош сатып алғанмен бірдей емес көрінеді. Жас болса жиырма жетіге кеп қалды, әлі мандытып тастаған жұмысым да жоқ.

«Жиырма үшке келдік, мәңгілік үшін әлі ештеңе істегеміз жоқпыз!» – деп Шиллердің Дон Карлосы айтпақшы, жиырма жетіге келсек те жетістірген ештеңеміз жоқ. Керек десе, карьердің суын қалай кептірудің де амалын таппай жүрміз.

Әне, қызылшырайлы қарындас, хал солай. Ал сен болсаң осының бәрін де білместен сылқ-сылқ күлесің».

Менің осы ойымды оқып отырғандай, қыз маған біртүрлі аянышпен қарағандай болды.

– Біз практикант маркшейдерлерміз, – деді ақсары қыз бушлатын киіп жатып.

– Маркшейдер екендеріңіз көрініп тұр. Қай институттансыздар?

– Алматы политехникасы.

– Жылы жақтан екенсіздер ғой. Мұнда тоңып жүрген жоқсыздар ма? Бүгін радио Алматыда он градус жылы деп берді. Ал мұнда отыз градус суық.

– Суықтан біз қорықпаймыз. Мен осы Қостанайлықпын, Шолпан болса Қарағандыда өскен. Суық бізге қорқынышты емес. Айтпақшы, таныспаймыз ба, сөйлесіп жатырмыз, сөйлесіп жатырмыз, ал бір-біріміздің атымызды да білмейміз. Менің атым Наташа, ал мынау – Шолпан.

– Таңшолпан, – деп түзетті қызылшырайлы қыз.

– Нариман, – дедім мен.

– Татар емессіз бе? – деді Наташа.

– Жоқ.



– Мына Қостанайда мен туған Наримановка – қаланың бір бөлегі. Татарлар тұрады. Содан сұрап жатқаным ғой.

– Мен татарға ұқсаймын ба? – дедім мен.

– Жоқ, башқұртқа ұқсайсыз. Кинода Салауат Юлаевтың рөлін ойнаған әртіске ұқсайсыз, – деді Наташа. Бұл уақытта Шолпан үнсіз отырды. Есік сарт-сұрт ашылып, жабылды. Әрбір ашылып-жабылған сайын кішігірім бомба жарылғандай ақ бу бұрқ-бұрқ ете қалады. Адамдар өрт арасынан шыға келгендей болады. «Ә, Салауат па? Көргем ол фильмді. Салауаттың бір орыс қызын қапсыра құшақтап сүйгені есімде қалыпты. Осындай қыстың күні, омбы қар сияқты еді. Пима киген қызбен қар атысып ойнағаны есімде. Бізге ондай болу қайда? Әлі күнге дейін құмар қанып қыз ернінен бір сүйіп көрген жоқпын. Сол Салауат сияқты қазір қарға аунатып мыжғылап сүйер ме еді өзіңді ақсары қыз! Бірақ ондай атты күн қайда? Киноға еліктеп, ондағы ерлікті өмірде қайталаудың сәті түсе бермейді. Өмірде кинодағыдан да гөрі күрделі».

«МАЗ»-ды құтқарған қара тонымды киіп сыртқа беттедім. Ақбілек маған алара қарады.

Сыртқа шыға келсем, Наташа мен Шолпан далада тұр екен. Бейнебір шаңғы тебуге жиналғандай теодолиттерін иықтарына салып алыпты.

– Сіз қарға ғана емес, балшыққа да құлай береді екенсіз ғой, – деп саңқ етті Шолпан.

Әлгіде экскаватордың астына понтан төсейміз деп жүргенде үсті-басым лайланып біткен екен. Суық сорып, қарын ашқан соң, үстімді қағып-сілкуге де шама келмей, асханаға асығып жетіп едім.


– Карьердің түбін су алып кетіп, адам тұрмақ, экскаваторлар да батып жатыр, – дедім мен.

– А-а, солай ма, – деді Шолпан.

Практикант қыздар терiскейден соққан ызғарлы желге тура қарай алмай, баяу басып кете берді. Бушлаттарының етегін жел жұлмалап ойнағысы келгендей болды.

Ал менің көңілімнен той тарқағандай құлазып қалды. Осындай сәті түсіп тұрғанда ылдым-жылдым қимылдап, қыздың іші-бауырына кіріп, жарқ етіп жақсы көрініп қалу керек емес пе! Мен болсам, есуастарша тілім күрмеліп, терлеп-тепшуден басқа түк бітірмедім. Бәлкім, менің мәңгі бақытым, жарқыраған жалғыз жұлдызым осы шығар. Сол жұлдыз жоғарыдан түсіп жаныма келіп тұрғанда құшақ жайып, қол созбағаным қалай, құдай-ау! Тым болмаса аты-жөнін алдымен өзім сұрап, адресін алып қалмағаным қалай? Киноға шақырсам ше! Өз сорлылығымнан соққы жеуден шекем іскен жоқ па менің. Баяғы Валядан айырылып қалғаным да осы босаңдығымнан ғой.

Ах, Валя, Валя! Қайран, студенттік шақ-ай!



Сол сәтте кеуде кернеген әлдебір сағыныштан жүрегім сыздап тұрғанын сездім. Кімді сағынамын – оны да білмеймін. Әлдеқашан көкжиек асып кеткен топ үйректің сонынан адасып ұшқан шүрегей құсап, көңіл шіркін көзсіз тентірейді. Біресе бірге оқыған достардың, біресе мені баяғыда ұмытып кеткен Валяның, біресе жаңағы Шолпанның, Наташаның тұлғалары көз алдымда тұрады.

Кімді сағынамын? Жүрегім кімге деген сағыныштан сыздайды? Ауылда қалған апашымды екен ғой. Оны да көрмегелі көп болды. Жерден өніп, көтерілген көк шыбық сияқтымыз ғой біз де. Қара жерге тамыр байлап, сонау күнге қарай талпына беріп, өзін өсірген жерді ұмытып кететін тал шыбық сияқтымыз. Ана бауырынан ақ сүт еміп өсіп, кейін осы күйімізде аспаннан салбырап түсе қалғандай боламыз.

Ал әке ше? Әке байғұстың сүйегі Сібірдің қай қарағайының түбінде қалғанын да білмеймін.

Қай-қайдағының бәрі бүгін ойға түсіп маған не болған? Жұмыс қызбағандықтың әлегі ғой. Жұмыс қызып жатса мұндай қамкөңіл болуға уақыт та табылмас еді, қай-қайдағы жиылып кеуде кернемес еді.

* * *

Рудниктің бастығына келдік. Захар екеуміз келіп едік. Захардың экскаваторы батып кетті. Қарасұр жалмауыз тартып кетті. Захар қоярда-қоймай жүріп, бастықтарға қайта-қайта барып, бір дралгайн алып, экскаватор батқан горизонттың астыңғы жиегін айналдыра ор қазды. Бірақ ор қызыл суға лезде толып кетті. Горизонттардың жарқабағы әлі де жараланған алыптай еді. Астына мақта салып ақ дәкемен таңғандай еді. Сол ақ қар ақ дәкенің әр жерінен шылқылдап қып-қызыл қан шығып тұр.

Захар қоярда-қоймастан драглайнмен ор қазғанда, онысы қып-қызыл қанға толып шыға келді.

Су тартылмады. Қайдан тартылсын! Бірақ Захардың әрекеті маған бір ой салды. Сол ойдың толғағымен бір апта мең-зең болып жүрдім. Ақыры бір нәрсе тапқандай болып едім. Захарға айтып едім, ол әуелі басын шайқады да, кейін есебін көрсетіп бергенімде қуанғаннан үстелді қойып қалды. Мені сүйрелеп отырып рудниктің бастығына алып келіп отырғаны мынау.

– Бастық қазір кісі қабылдамайды, – деді хатшы әйел. Бояуы көшіп түсе бастаған жуантық саусақтары көз ілеспей машинкада ойнайды. Қайқайтыңқырап қойған кірпігінен туштың табы білінеді. Үп-үлкен қоңыр көзінің алды шалбарланып тұр. Опаны қалың жақса да тереңдеп бара жатқан әжімді жасыра алмапты. Әйел мен әжімді алыстырып



қойған құдайым-ай десеңші. Әжім құрғыр аласапырандағы селден кейін қазылып қалған ор сияқты мұжыла бермесе, бітелмейді.

– Күншуақтайды екенбіз ғой онда, – деді Захар.

– Иә, онда мәжіліс болып жатыр, күтем десеңіздер күте тұрыңыздар.

Дермантинмен қапталған есіктің маңдайшасындағы қоңырау шылдыр етті. Әйел сирек тоқылған ақ шәлісін иығына тарта жамылып кабинетке кіріп кетті.

Қызыл қарындашпен сызылған қағаз алып қайта шықты. Орындыққа отыра беріп, ернін тістелеп, басын шайқады. Көз алдындағы қатпар сонда дір-дір еткендей болды.

– Өстіп кейде алжып қалатыным-ай!

– Қате ме?

– Иә, қате кетіп қалыпты, құрғыр.

– Ештеңе етпес. Ондай-ондай кімнен кетпейді. Бірен-саран қате не қылушы еді, – деді Захар.

– Бір қате жіберсем, зәрем зәр түбіне кетеді. Қорқып қалған жайым бар. Ширек ғасыр өтті. Сонда да әлі ойласам, жүрегім ойран болады. Өкініш өзегімді өртеп жібере жаздайды.

– Сондай-ақ не болып еді? – деді Захар.

– Ол кезде НКВД-де машинистка-хатшы болып істеуші едім. Ол кезде мұндай емеспін ғой, әрине. Бұдан жиырма бес жыл бұрын мен жиырмадағы уылжыған келіншек едім.

Эльенора Наумовна сол бір кез көз алдына келгендей, алдындағы машинкаға шынтағын қойып, терісі салбыраңқырап қалған жағын таянды. Аузындағы алтын тістен бояуы көшкен сөлсіз ерініне көмескі сәуле түсті.

– Ах, жас едім ғой ол кезде. Жастықтың есі кіресі-шығасылы ғой. Бір күні бастығым шақырып алып қолыма қағаз берді. Тез басып бер деді. Ол үкім екен. Тройканың үкімі. Біреуді он жылға кесіпті. Мұндай үкім басуға ет үйреніп кеткен. Ешнәрсесіне таңданғаным жоқ. Тез басып, бастығыма апарып бердім. Бастық үш данасына қол қойып, біреуін іске тігіп қоюға маған берді. Әлден уақыттан соң әлгі қағазды папкаға тігіп бола беріп, ойда жоқта «атуға» деген сөзге көзім түсіп кетті. Апырау, бұл «атуға» емес сияқты еді ғой. Бұл қалай, сірә, «атуға» деп көп жазып, көз үйреніп кеткеннен ғой құдай ұрып.

Жүгіріп бастыққа кірдім.

– Кешіре көріңіз, қате кетіпті! – деп қалшылдап тұрмын.


– Қандай қате! – деп атып тұрды.

– Он жылдың орнына атуға боп кетіпті!

– Ха-ха! – деп күлді бастық. Зәрем зәр түбіне кетті.

– Бикеш, одан қорықпа. Бара берсін!

– Қалайша...



– Ештеңе етпейді, бара берсін! Қайта қол қойып жүрер жайым жоқ.

Бастық солай деді. Ал менің жатсам-тұрсам әлгі адам ойымнан кетпеді. Он жыл мен өлім. Онда он жыл алған құдайына қой айтады. Өлім ше... Менің болмашы бір қатемнен бір адамның өмірі өшпек. Анасы бар шығар, әуелі, баласы бар шығар... О құдай! Бастыққа қайта барғым келді. Бірақ... қорықтым. Бара алмадым.

III

Біздің ауыл таудың шатқалында еді. Ақбас құздар төбеден төніп асқақтап тұратын. Күн кеш шығып, ерте батушы еді. Ақ көбік атқылап, асау өзен азынап жататын. Колхозымыз «Жаңажол» деп аталған. Ол кезден менің есімде қалғаны: әкем осы колхоздың мектеп үйін салғанын білемін. Сол мектепте кейін мен оқыдым. Ал менің қолыма әліппе ұстап мектепке барғанымды әкем көре алған жоқ...

Тау жаққа қараған терезені біреу ұзақ қақты. Түннің қай мезгілі екені белгісіз. Тау құлап келе жатқандай сабырсыз қағады. Мен әкем мен шешемнің булыға сыбырлап сөйлескенін естимін.

– Сорлы-ау, кеше Жапар қайнағаны, алдыңғы күні Қарамұрт қайнағаны алып кетпеді ме? Бүгін кезек саған келмесін. Мынау тегін емес, ойбай, мынау жай емес, – дейді шешем.

– Өй, сені жын соққан ба, менде несі бар жұрттың. Ешкімнің ешнәрсесін алмасам, ешкімге тиіспесем, жазықсыздан жазықсыз қамап, ермек таба алмай жүр дейсің бе? – дейді әкем. – Шамды жақ, о несі-ей!

Керосин шамның ұйқысыраған сәулесінен үйдің іші ала-құла болып кетті. Ағаш тіреудің көлеңкесі күндегіден зор көрінді. Пештің арты қаракөлеңке – қасқырдың апанындай қараңдайды.

Сырттан Жапар атайдың төрткөз төбетінің ұлығаны естіледі. Мелшиген құздарға, құз басынан қоршаланған айға қарап аңырап ұлығанда, мен қызыл шыт көрпенің астына тығыла түсем. Менімен қатар жатқан інім Нұрлан ұйқышыл-ақ, пыр-пыр етіп түкті сезер емес.

Түнгі дүрбелеңнің түгіне түсінбесем де, сәби жүрегім әлдеқандай бақытсыздықты сезгендей дірілдеп, үрейленіп жаттым.

Үйге аяқ басқан жері сықырлап екеу кіріп келді. Екеуі де бейтаныс. Менің көзім ең алдымен белдікке ілген кобураларға түсті. Қайыс кабурдан наганның шүйдесі көрініп тұрды. Бар арманым – бір пистолет болушы еді. Алтайға ағасы қаладан ойыншық пистолет әкеліп бергеннен бері бала біткен соған көзіміз қызығып, аузымыздың суы құритын болды. Ағаштан жонып пистолет жасап, әлекке түсіп жүрміз. Шіркін, нағыз пистолет қол жетпейтін күндей алыс арман ғой.



Міне, сол нағыз наганды көріп, содан көз алмай жатырмын. Сұрасам, мына бөтен ағайлар берер ме екен деймін. Тым құрыса, бір күнге бере тұрса ғой. Балаларға көрсетіп қана қайтып берер едім. Әсіресе мұрнын көкке көтерген мақтаншақ Алтайға көрсетіп қана қойсам. Ой, шіркін-ай, ә, жаман қаңылтыр пистолетін де әлдеқандай қылып, қолыңа бір ұстатпайды ғой сол Алтай.

– Сорлы-ау, шақалақ балапандай мына екі баламен қайтіп күн көрерміз енді! – деп шешем жылап жіберді.

Әкем тіреуге арқасын сүйеп, етігін киіп отыр. Оң аяғынікін оңай киді. Сол аяғына шұлғау орап етіктің қонышына сұқты. Ары тартқылады, бері тартқылады – аяғы батпады.

Жапар атайдың төрткөз төбеті адамның жанын түршіктіріп, ішін тарта ұлып алды.

Тікесінен тік тұрған екі адамның көлеңкесі үйдің қабырғасына сыймай, төбесіне шығып кетті. Түсінде әлдекіммен төбелесіп жатқан інім, айқайлап жылап, аяғымен мені іштен теуіп қалды. Онан соң қайтадан тыншып, басын менің бауырыма тығып, мысық құсап пыр-пыр етті.

Әкей етіктің қонышынан қос қолдап тартып тұрып, аяғын жерге тепкіледі. Өкшесі етіктің сірісіне тіреліп, томпайып тұрды да алды.

– Әкесі-ау, айтсаңшы, ана құнажынды сатамын ба, неғыламын, – деді шешей жылағанын қоя қойып.

– Мен келемін ғой, – деп күңк еткендей болды әкей. Қып-қызыл боп қызарып, тершіп барады. Жерді теуіп-теуіп жіберді. Жер еденге өкшесінің ізі терең түсті.

Кобурадан наганның шүйдесі сұрғылт көрінді. Кобурадан ыршып шығып, менің қойныма топ ете қалатындай өзінен-өзі қимыл-қимыл еткендей болды.


Үйдің қабырғасына симай тұрған көлеңкенің біреуі сәл шайқалды. «Шұлғауыңызды қайта ораңыз!» – деген дауыс күбінің түбіне біреу тас лақтырғандай күңгірлеп шықты. Пештің үстінде жатқан қара мысық көзін бағжаң еткізіп ашып алды. Адамдардың жеті түнде де абыр-сабыр тыным таппайтынын қаламағандай тыржиыңқырап, жасыл көзін қайта жұмды.

Әкей етіктен сол аяғын суырып алып, бас көтермей көзінің астымен біз жаққа қарады. Шұлғауын қайта орап отырып тағы қарады. Бұл жолы аяғы етікке зып ете қалды. Әкей біз жаққа қарады. Сары тонын кие беріп тағы қарады. Қабырғада ілуі тұрған тымағын ала беріп бізге қарады.

Қабырғаға сыймай міз бақпай тұрған көлеңкелер шайқалып кетті.

– Жүріңіз! – деп күбі күңгір ете қалғандай болды.

Нұрлан кішкентай ғой, пырылдап ұйықтап, түк те сезген жоқ. Мен бәрін көріп жатырмын. Осының бәрі әлі көз алдымда. Әсіресе апамның шырылдап жылағанын, пештің үстіндегі қара мысықтың мүлгіп, жасыл көзін бір ашып,



бір жұмғанын, Жапар атайдың төрткөз төбетінің ішін тарта ұлығанын әлі ұмытпаймын.

– Жылама, балаларды шошытасың, мен қайтып келем ғой, – деді әкей.

«Қайтып келем» дегені миыма жазылғандай боп қалыпты. Осы сөздің алдаусыратуымен қанша жыл өтті десеңші!

Қабырғаға сыймай тұрған көлеңкелер ғайып болды. Ішкі есік жабылды, сонан соң шыңғыра шиқылдап сыртқы есік жабылды. Мен ақырын түрегеліп терезеден сығалап қарадым. Ай сәулесі төгілген аппақ қардың жалғызаяқ жолымен тізіліп төртеу кетіп бара жатты. Ең алдындағы әкемді таныдым. Алыстағанша артына екі-үш рет бұрылып қарады. Одан кейін бөтен екі кісі кетіп барады. Едәуір артта апам кетіп барады. Әкейді қай жерге дейін шығарып салмақшы.

«Сықыр-сықыр, қарш-қарш», «сықыр-сықыр, қарш-қарш» тізіліп кетіп бара жатқан төртеудің аяқ басысынан шатқал іші жаңғырықты-ау деймін. Шәуілдеп, арсылдап ит біткеннің бәрі үріп жатыр. Солардың бәрінің арасынан алабөтен азынап Жапар атайдың төрткөзі ұлығаны естіледі. «Сықыр-сықыр, қарш-қарш!» Қардың қарш-қарш еткені әлдененің баж-баж еткеніндей естіледі. Аяқ басқан сайын адамдар жаны бар әлдененің үстін басып өткендей болады. Бетінде меңі бар дөңгелек ай қоршаланып қалыпты. Жанынан шықпайтын жарқырауық жалғыз жұлдыз сол бір құрсаудың сыртында, айдан алыста қалыпты.

Өзеннің ағаш көпірінің үстінде көкпаршылар додаласып жатқандай дүңкіл шықты. Содан қардың даусы баяғы қаршылдаған қалпына қайта келді. Сол үн бірте-бірте алыстай берді. Қардың беті ай сәулесінен көгілдір тартып, жылт-жылт етті. Жердің бетін жылтырауық жауып кеткендей еді.

Иттердің абалаған, шәуілдеген үні өшті. Ақыр соңында біреуі шаңқ-шаңқ етіп бір-екі үрді де, аяқ жағын қыңсылап барып қайырып жым болды. Тек қана төрткөздің аза бойыңды қаза қылып жан түршіктірген даусы тағы шыққанда, мені шын үрей қамалап, түн ішінде жалғыз қалғанымды енді сезіп, бар даусыммен бақырып жіберіппін.

Есік сықырлағанда жылағанымды жым қоя қойдым. Көрші үйдегі Сәлима апай кірді. Келіп басымнан сипады. Нұрланның ашылып қалған көрпесін қымтап жапты.

– Жылама, апаң қазір келеді, – деді.

* * *

Арада бір аптадай өткен соң, апам мені бір күні таңертеңнен оятып, киіндіріп, үйден ертіп алып шықты. Кішкентай Нұрланды Сәлима апайдың үйіне апарып тастады.



Өмірі ондай ұзақ жол көрген жоқпын. Көп жүрдік. Апам алға озып кетіп, артта қалып қалған мені тосып алып қарап тұрады. Тағы жүреміз. Тағы озып кетеді. Мен сонда алғаш рет пойызды көрдім. Екі қатарлы зәулім үйлерді де сонда көрдім.

Ақыры жан-жағын биік дуалмен қоршаған бір үйдің қақпасының алдына кеп тоқтадық. Дуалдың үстінен тікенек сым созылыпты. Есіктің алдында әнеукүні түнде біздің үйге келген наганды адамдар сияқты бір кісі жүр. Есікке ешкімді жақындатпайды.

Шөлдегенім есімде. Теректің түбінде көп отырдық. Бір уақытта күткен кісілер есікке біртіндеп бара бастады. Апам да барды. Есіктің көздей тесігінен айқайлап сөйлесті. Мені көтеріп тұрып:

– Көкеңмен сөйлес, қалқам, – деді.

Тесіктен сығалағанмен ешкімді көре алмадым.

– Нариман, әрірек барып тұршы, сені сонда анық көретін сияқтымын, – деді есіктің ар жағынан әкем. Апам жылап жіберді.

– Не үшін, құдай-ау, не үшін! – деді.

Дуалға жағалай жапсырып тастаған суреттерге қарай беремін. Үлкен адамның дәу жұдырығында кішкентай адам сығымдалып тұр. Астындағы жазуын оқи алмаймын. Өзімше байқаймын, үлкен адам уысындағы кішкентай адамға қатты ашуланған сияқты.

– Апа, бұл кім? – деп сұрай бердім.

– Ежов дегеннің қанды шеңгелі дейді ғой, қарағым.

Наганды кісі бізді кейін шегіндіріп жіберді.

* * *

Сірә, жаздыгүні болса керек, өйткені жолда топырақ бұрқылдатып, жалаңаяқ шауып жүргенім есімде. Сәлима апай шақырып алды. Топыраққа толы шашымды сипады.

– Жүр, Нариман, – деді. Мен жүре бердім.

– Енді сен оқисың, Нариман, – деді апай. Мен үндемедім.

– Сен инженер боласың, Нариман. Мына біздің тауда алтын бар, соны табасың, – деді апай.

Мен тауға қарадым.

Апай мені біздің колхоздағы ең үлкен ақ үйге алып келді. Сонда бұл үйді менің әкем тұрғызғаны есіме түсті. Әкемді сағынғанымды сонда тұңғыш рет сезіп едім.

IV

– Оһо, сіз де осында тұрушы ма едіңіз, Нариман? Саламатсыз ба!

Табаға картоп турап тұр едім – жалт қарадым. Өн бойым лап етіп жанып бара жатқандай болды. Қолына таба ұстап Таң-Шолпан кіріп келе жатыр екен. Үстіне судыраған алашұбар атластан халат киіп алыпты. Шашын төбесіне үйіңкіреп орап-орап шарт түйіп тастаған.

– Саламатсыз ба, – деген болдым, даусым шықпай қалды.

Қарғыс атқыр жатақхананы да, оның кухнясын да ішімнен сыбап тұрмын. Қайдан бүгін картоп қуыра қалып едім. Жаңа асханаға баруға ерініп, картоп қуыра салайын деп едім. Асхана да адамды жалықтырып болды. Жұмыстан шаршап келіп, тез шәй іше сап, ұйықтасам деп едім. Мына қыздан ыңғайсыз болды-ау. Қайдағы бір практиканттың көзінше смена мастерінің жатақхана кухнясында картоп қуырып тұрғаны жараспайды-ақ. Әй, қу бойдақтық-ай, құм қылдың-ау жігерімді! Табаға салған тоң майым шыжылдап, пияз күйіп барады. Қоңырсық иіс кухняны алып кетті. Қалған картопты тез-тез ірі-ірі турап салдым да, тарелкамен табаның бетін жаптым.

Шолпан жеңін түріп жіберіп, аршылған картопты кранның астына жуып алды. Шырпы тұтатып газға от қойды. Көгілдір от ойнады. Кухняға адамдар кіріп-шығып жатыр. Титаннан қайнаған су құйып алып жатыр. Кімнің келіп, кімнің кетіп жатқанын да білмеймін.

Көгілдір жалын менің кеудемде де тұтанғандай, ыстықтан терлеп те кеттім. Әйтсе де осы ыстықта, көгілдір жалынның ортасында тұра бергім келеді. Қиялға кетемін. Әттең, осы кухня менің пәтерімде болса. Шолпан сонда келетін қонақтарға арнап ең дәмді тамақ пісіріп жатса, оның мұнысына мен көмектессем, балаларымыз аяқтың астына оралып томпаңдап жүгіріп жүрсе...

Ah, шіркін дүние! Бақыттың содан асқан шегі жоқ сияқты маған. Ұжмақтың жаннаты да, әлемнің рахаты да одан аспас деп ойлаймын. От басы, ошақ қасын аңсағаным сонша, осыдан басқа мұрат, мүдде жоқ сияқты.

– Сіз де осында тұрады екенсіз ғой, – дедім ақыры. Әлгі арманға жету жолындағы алғашқы жасаған адымымның сиқы осы.

Шолпан жалт қарады. Пияз уы ашытқан көзін пышақ ұстаған қолының жеңімен сүртті. Көзі жасаурайды, өзі күлімсірейді.

– Иә, көрші боп шықтық қой.

«Онда ерулік менің мойнымда екен ғой», – дей жаздап барып қалдым.

– Практикаңыз қанша уақыт?

– Үш ай.

«Әттең үш айдан көп бола түссеші! Біздің институттардың практикаға көңілді әлі аз бөлетіні-ай, осы!»



Практикасы үш айдан көп болғанда не бітіретінімді білмеймін, бірақ осы бір адам Рудныйда ұзағырақ болса екен деген бір тілсіз тілек менде өзінен-өзі пайда болып, қанның ағысындай, жүректің соғысындай тынымсыз белгі бере бастады.

– Айтыңызшы, Нариман, рудникте жұмыс істеу өте қиын ба? – деді Шолпан.

Көгілдір жалын жел желбіреткен көгілдір орамалдай шалқыды. Кенет басыма «осы қыз басына көгілдір орамал тартып алса жарасар ма еді» деген ой келді. «Не дейін саған, Таңшолпан, өте қиын ба біздің жұмысымыз? Иә, өте қиын. Карьерді су алып кетті. Батпақ деген жау шықты. Экскаваторларды түйені түгімен жұтқандай жұтып жатыр. Өте қиын ғой...»

– Қиыны да бар, қиын емесі де бар, – дедім. – Сізге қайсысы керек соның?

«Әй, байғұс басым-ай, осындай да оспадарсыз сұрақ бола ма!»

– Қи-ы-ны керек! – деп Таңшолпан сақ-сақ күлді. Сол күлкі сонда пианинoның аппақ клавишасындай тізілген ақық тістерінен шығып жатқандай болды.

– Oho, онда жаман емес екен. Романтика. Дұрыс-дұрыс, – дедім мен.

– Ал сіз өзіңіз де романтиканы жек көрмейтін боларсыз? Кенші болуды қалаудың өзі романтика ғой. Кенші мамандығын сүйесіз бе?

Сүйемін бе екенмін кенші мамандығын? Мен онда сегіз жаста едім. Әкей кеткеннен кейін екі жылдан соң бір күні топырағы бұрқылдаған жол үстінде Сәлима апай мені шақырып алып:

– Енді сен оқисын, Нариман, – деді.

– Сен инженер боласың, Нариман, – деді.

– Мына біздің тауда алтын бар, соны табасың, – деді. Мен сонда тауға қарадым. Құс бөтегелі бөктерлер сыр сақтап мелшиіп жатты. Маған олардың ішінен алтын жылтылдағандай көрінді. Мен мектепте отырғанда да тауға қарап отыратын болдым. Терезе алдындағы орынға таласатын болдым.

Жаңа Таңшолпан:

– Кенші мамандығын сүйесіз бе? – дегенде, көз алдыма осы жайлар елес беріп өтіп еді.

Бірақ мен:

– Жұмыстың бәрі – жұмыс қой, – дедім.


– Шын айтпай тұрсыз, – деді Таңшолпан.

– Шын айтпай тұрғанымды қайдан біліп қойдыңыз? – дедім мен.

– Өтірік айтқаныңыз көзіңізден көрініп тұрады екен. Сіз сыр жасыра алмайсыз. Ю-л-л-а-е-в! – деп созып айтты.

– Мен Нариман Данаевпын.

– Оу, міне қызық, менің Әбдуәли Данаев деген жездем бар, бір жақындықтарыңыз жоқ па? – деді Таңшолпан.



– Әбдуәли Данаев?

– Иә, теміржол инженері, мектепті күміс медальмен бітірген...

– Жо-жоқ. Білмеймін, хабарым жоқ. «Апаң Данаева болған екен, өзің де Данаева болар ма едің, Таңшолпан!»

– Шолпанка, Шолпанка! Қайда жүрсің сен?

Кухняға Наташа кіріп келді. Бигуди қамы болса керек, басын ақ сүлгімен сәлдеше орап алыпты. Кіріп келіп Таңшолпанға бір қарады, маған бір қарады.

– Aha, осында екенсіздер ғой. Саламатсыз ба... атыңызды ұмытып қалдым, кешіріңіз....

– Нариман.

– Иә, Нариман. Сені әрі күтем, бері күтем, Шолпанка, жоғалып кеттің ғой. Сөйтсем... Мәссаған, біреуіңіздің картоптарыңыз күйіп бара жатыр. Тіпті, дүниені ұмытып кеткеннен саусыздар ма! Әй, бәсе, әнеугүні қақтығысып қалып, катастрофаға ұшырай жаздағандарыңыздан шошып едім-ау!

Күйіп бара жатқан менің табам екенін сезе қойып, тұтқасынан ұстап алып, кухнядан атып шықтым. Сембайым әлі ұйықтап жатыр екен. Түнгі сменада болып, бүгін сәске түстен бері қорылдап жатыр.

Түртіп оятып, тамаққа шақырдым. Жуынып келіп, тумбочкадан бөтелкесін суырып алды. Сембайдың тумбочкасында арақ тұрмаса, Сембай ол күні ұйықтай алмайды. Менің ішпейтінімді біліп, қырлы стақанға орталап құйып, төсегінің тұсында ілулі тұрған Лалаға қарады.

– Жаным, сенің денсаулығың үшін! – деді.

Лаланың суреті Сембайдың шоқынатын иконы сияқты. Ертелі-кеш оған арнап сөз айтпай іс бастамайды.

Арақты тартып жіберіп, тұншығып біраз отырды да табадағы картопты сипалап тапқандай, шанышқыны салып жіберді.

– Ау, басеке, – деді Сембай көзі аларып, асап жіберген картопты иә жұтарын, иә аузынан алып тастарын білмеген адамша. – Мынау қалай? Шіп-шикі ғой. Тұз салмағансың ба!

Өзім татып қарасам, үсті шикі, асты күйік, әрі тұз салуды тарс ұмытып кетіппін.

– Ай, басекесі-ай, он бес жыл оқысаң да оңдырған түрің жоқ, – деді Сембай бөтелкені стаканға сарқып құйып, Лалаға қарап тұрып:

– Жаным, сенің денсаулығың үшін! – деді.

Ала көзі жасаурап, еміреніп кеткен сияқты. Үрпек шаш үлкен басын шайқап-шайқап қойды. Қан теуіп албыртқан беті дір-дір етті.

Аш қалмайын деп, ақыры асханаға бармақшы болдым. Дала суық. Асханада кезекте қазір адам да көп...



* * *

Қайтып келсем, Сембай түнгі сменаға кетіп қалған екен. Дегенмен денсаулығы мықты жігіт. Жартылықты сіміріп салып, ыстық тамақ та ішпей жұмысқа кетті. Түні бойы бульдозердің рулінде отырады. Сонда да мыңқ етпей жүре береді.

Түнде ол жұмысқа кеткенде, мен жалғыз қаламын. Қараңғы үйге көшеден өткен машиналардың жарығы түседі. Көшедегі ағаштардың көлеңкесі мен жатқан бөлме қабырғасына түсіп, нелер кереметтер арбаңдап билеп ала жөнелгендей болады.

Бір кез машиналар тасқыны тиылып, айнала жым-жырт тыныштық орнайды. Өз жүрегімнің дүрсілі өзіме естілгендей болады. Есіктен біреу кіріп, қолын созғандай елестейді, шақырғандай болады. Таң-Шолпан ғой деймін. Шіркін, қазір қасымда болар ма еді. Үйде Сембай да жоқ. Екеуміз ғана оңаша отырамыз.

Таңертең ерте тұру керек екені есіме түскенде, тұлабойым түршіккендей болды. Тағы да сол бір сүйкімсіз аяз болады. Тағы да бір сор батпақ аяқтан тартпақ. Карьерді басқан топан суымен айқаспақ ойымда көптен жүр-ау. Әттең, әлі жарытып ештеңе бітіргем жоқ. Захар драглайнмен горизонт түбінен арық тартқаннан кейін мені бір ой тынымсыз мазалай берді. Бір апта бойы қиналып жүрдім. Ақыры жалғыз өзім шамам келмейтін болған соң Захарға айттым ойымды.

Сойқанды суды тоқтату үшін оны карьердің ішінен емес, сыртынан буу керек. Карьер сыртын айналдыра өте терең ор қазу керек. Сонда сыртқы су да, ішкі су да соған сарқылып құйылады. Ғылым тілімен айтқанда, бұл кәдуілгі дренаж. Сонда жер қыртысындағы су сонау кен шығарып жатқан алып қазанға ағуын қояр еді.

Захар жерден жеті қоян тапқандай айқайлап жіберді. Бірақ артынша:

– Ау, тереңдігі жиырма метр орды он километр бойына қалай қазамыз? Күш қайда? – деді.

– «ЭШ» үшін оның ешқандай қиындығы жоқ, Захар.

Сонымен, рудниктің бастығына кірдік қой. Ойымызды, чертеждерімізді көрсеттік. Бастық ол күні ләм деген жоқ. Екі күннен кейін келіңдер деді.

Жүрек лүпілдеткен күдік пен үміт арпалысқан екі күн де өтті. Үшінші күні жетіп бардық. Бұрынғыша шәлісін иығына жамылып, машинкасын тықылдатып Эльенора отыр екен. Ашаң қызыл бояулы ернінен алтын тісінің сәулесі көмескі көрінеді. Менің көз алдыма он жыл орнына атылу жазасын алған адам келе қалды. Ол бет-бейнесі жоқ, маска киген адам сияқты еді. Көзін таңып, басына қап кигізген адам сияқты еді. Кенет сол адам шар-р-р ете қалғандай болды.

Ол бастықтың қоңырауы еді. Эльенора ішке кіріп кетті. Қызыл қарындашпен белгі соғылған қағаз ұстап қайта шықты.

– Кіріңіздер, сіздерді бастық күтіп отыр, – деді.

Студенттік күндерім қайта оралғандай, емтихан тапсыруға кіріп бара жатқандай болдым. Әлдене дер екен? Шимай-шатпақ әурелеріңмен басымды қатырмаңдар дер ме екен?..

Босағадан аттап кіргеннен-ақ күдікті үміт алып ұрғандай болды. Валерий Сергеевич екі езуі құлағына жете жымиып тұр екен.

– Келіңдер, келіңдер, өнертапқыштар! Төрлетіңдер, – деп үлкен көзілдірігін ырғап-ырғап, қолымызды қысты.

– Қуантсаңыз екен, Валерий Сергеевич, – деді Захар.

– Сендер мені қуанттыңдар, – деді бастық, көк мауытымен жабылған үлкен үстелдің басына отыра беріп.

– Қуанттыңдар, бауырларым. Батыл ұсыныс! Ұсыныс емес-ау, кен ісіндегі ірі жаңалық! Біздің Сарыбайдай темірге бай рудниктер кемде-кем. Оны өздерің білесіңдер. Пайыз жағынан алып қарасаң да, қоры жағынан алып қарасаң да, жер бетіне жақын жатқанын алып қарасаң да – қандай тамаша! Жағалай металлургия зауыттарына да жақын. Анау Оралдың заводтары, мына жақта Қазақстан Магниткасы. Екі жағына бірдей жақын. Бірақ Сарыбайдың бір осал жері бар. Ол не? Иә, дұрыс, дұрыс – су ғой. Суы болмаса, біз осы күнге дейін әлдеқашан кен қабатына жетіп, зауыттарға руданы жөнелтіп жатар едік. Соған су мүмкіндік бермей, қол-аяғымызды матап отыр ғой...

Валерий Сергеевич кенет тоқтады да, қолын жайып:

– Ау, мұның бәрін сендерге несіне айтып отырмын. Мұны сендер жақсы білесіңдер ғой, – деп өзі қарқ-қарқ күлді. Шеті күйген қарақошқыл трубканы қағып-қағып темекіге толтырды.

«Япыр-ау десеңші. Оның бәрін білеміз ғой. Несіне айдаланы айтып отырсыз. Бізге керегі басқа ғой. Не болды біздің жобамыз? Бүк пе, шік пе? Жарай ма, жарамай ма? Соның тоқетерін айтса қайтеді, зарықтырып қойғанша!»

Менің осы ойымды естіп қойғандай, Валерий Сергеевич:

– Жобаларыңызбен таныстым. Маған ұнады, – деді. Арқамнан алты батпан зіл қаратас түскендей, тұла бойым жеңілейіп сала берді.

– Идея тамаша. Әйткенмен, ақаусыз емес. Сойталдай, сойталдай бір-екі кемшілік бар. Біріншіден, канал қазумен ғана қойғансыздар да, ал оған сарқылып жиналған суды қайда жіберу керек екенін ойланбағансыздар. Ойлап қараңдаршы, тереңдігі жиырма метрлік, көлденеңі он бес метрлік ор тола су көлкіп жатады. Оны қайда шығарып жібереміз. Тобылға апарып ағызамыз ба? Оның реті келмейді: Тобыл біршама жерде жатыр, әрі десе тотықты суды өзенге ағызуға болмайтынын білесіздер.



Бұл бір. Екіншіден, осы орасан жұмыстың толық шығарылған есебі жоқ. Бізге есеп керек, жолдастар. Осы еңбек қанша тиынға түседі. Тиімді ме, тиімді емес пе? Міне, осыны анықтап алсақ, сөз біздікі.

Әдепкі көңілім, білтесін басыңқырап қойған шамдай, бәсеңсіп қалды. Үміт шіркін, мидай далада қараңғы түнде жылт еткен от сияқты, дәл алдымнан бір шыға келіп, лезде алыстап кеткендей болды.

– Сонда не болғаны, Валерий Сергеевич, – дедім шыдай алмай.

Ол маған қарап жымиды. Көзінен жақсылықтың жасуындай бір нәрсе көрінді.

– Еңбектену керек, әлі де тер төгу керек, Данаев.

– Тер төгуге біз дайын, жөн сілтесеңіз...

– Ішінен бірнеше жерден терең зумпқұдықтар қазу керек. Менімше, канал ішінен су көлкіп сол құдықтарға сарқылады. Ал одан насос арқылы ұдайы сыртқа тартып отырамыз.

– Гениально! – дедім мен ұшып тұрып. – Апыр-ау, бұрын қалай ойымызға келмеген!

– Сабыр ет, Данаев, – деді Валерий Сергеевич. – Сабыр ет, шырақ. Алдымызда әлі комбинаттың техотделі бар, ВОИР бар. Олар не дейді әлі? Бәлкім жаратар, бәлкім жаратпас.

– Ал өзіңіз шыныңызды айтыңызшы, жарай ма, жарамай ма жоба?

– Жарайды!

Қазір жатақхананың бөлмесінде жападан-жалғыз жатқанымда осы бір әңгіме ойға оралады. Бұл – бірінші жеңіс. Әйтсе де алда талай асу бар көрінеді. Валерий Сергеевичтің ұсыныстарын қосып, чертежді қайта жасадым. Захар, Шәкен үшеуміз отырып бұл жобаның есебін де шығардық. Алдын ала есеп бойынша, бұл жоба іске асса, үш миллион сом қаржы үнемделмек!

Осыны ойласам-ақ, өзім әжептәуір көтеріліп, қанаттанып қаламын. Менің де қолымнан бірдеңе келетінін сезіп, құлшына түсемін. Алда не күтіп тұрғанын кім білсін, бірақ қазір талабым таудай. О, Дон Карлос, Дон Карлос! Жиырма үшке келсек те мәңгілікке қалатын түк істемедім деп, сан соқтың-ау сен де. Мен болсам жиырма жетіге келдім, мәңгілік тұрмақ, өз өмірімде айта-айта жүретін ісім шамалы. Керек десе, үй де жоқ, күй де жоқ, жатақханада жатыс мынау...

Көшеден «Татра» гүрілдеп өтті. Жарығы терезеден қарғып өтіп қабырғаға түсті. Бір-екі қыз екінші қабатқа сықылықтай түсіп көтерілгендей болды. «Таңшолпан мен Наташа-ау. Кинодан келе жатқан болар. Өзімнің де құдай сүйер қылығым жоқ, бағана кухнядан бала құсап қаша жөнелгенше, жөндеп сөйлесіп, киноға шақырсамшы! Қап-қап!»

V

Бұлт та толғатады-ау деймін. Қар жауу бұлтқа да оңай тимейтін сияқты. Аспанды торлаған ауыр бұлт қиналып дөңбекшіп жатқанға ұқсайды. Қар да бұлттың перзенті сияқты. Қар жауатын түрі бар.

Горизонтта «козырек» қалмады ма екен деп участокті аралап шықтым. Горизонтты экскаватормен кеміріп алған жерде кемерлер қалып қояды. Соны біз «козырек» дейміз. Кепканың күнқағары сияқты төбеден төніп құлайын деп тұрады. Участокте «козырек» қалса, басшылар алдында ең алдымен мен жауап беремін.

Секем алатын ешнәрсе жоқ сияқты. «Қой, барып тамақтанайын» дедім. Бәлкім, асханадан әнеугүнгідей Таң-Шолпанды көріп қаламын ба деген де үмітім бар.

Кіріп келгенде, ең алдымен Ақбілекке көзім түсті. Мені аңдып отырғандай екен. Жымиып басын изеді. Лезде асхана ішін шолып өтіп едім, іздеген адам жоқ екен. Бұл ортада Ақбілек алдындағы тартпадан көз айнасын ала салып, екі қасын, басындағы «бабеттасын» сылап-сипап үлгірді.

Мен бірнәрсе жоғалтқандай құлазып қалсам, ол бірнәрсе тапқандай қылмыңдап қалды.

– Не аласың, Нариман? – деді Ақбілек.

– Не алайын, Ақбілек?

– Соңғы кезде біреуге ғашық болғаннан саусың ба, өзгердің ғой? – деді Ақбілек.

Күлім көзінің алдына қолмен қойған ноқат меңі, неге екенін білмеймін, реңін бүлдіріп тұрған сияқты көрінді.

– Неғылған ғашық. Әншейін сендердің тамақтарың күнде біртүрлі, жалықтырып болды, не аларымды білмей тұрмын, – дедім мен.

– Оның рас-ау. Қайран үйдің тамағына не жетсін! – деді Ақбілек. Қолымен ителгі иегін таянып маған мүләйім қарап қалды. Іші-бауыры елжіреп аяп отырғандай.

– Нариман, осы сен үлкен бір жаңалық аштың деді ме жұрт?

– Жай дақпырт қой, Ақбілек?

– Әй, қайдам, жұрт бекер айтпайды ғой.

– Әлі тағдыры шешілмеген дүние ғой.

– Неге шешілмейді? Ол кімнің қолында?

– Кімнің қолында болушы еді, техотделдің.

– Е, құдай-ай, өзіміздің Жәкең басқаратын техотдел ме?

– Жәкеңі кім?

– Жарас Хамзин ше?

– Иә, иә. Жарас Хамзин!

– Ол біздің ағай ғой, – деп сызылды Ақбілек.



– А-а-а!

– Мен бірауыз айтайын Жәкеңе, – деді Ақбілек.

– Жо-жоқ, рақмет, о кісі өзі де бір жауабын берер...

– Өзің біл, өкініп жүрме, – деді Ақбілек.

«Несі бар, бірауыз айтса айтсын», Хамзинге екі-үш рет кіріп те шықтым. Ертең кел, ертең келмен біраз күн өтіп те кетті. Хамзин маған бірнәрсе айтайын деп оқтала беретін сияқты. Айта алмай, сөзінің аяғын жұтып, жұмбақтай ма, немене... бір барғанымда чертежді көріп, салған жерден:

– Сауатсыз сызасың, – деп бір тастады. «Ағай, мен институтта сызу сабағынан бестен кем баға алмаған адаммын» деп айтайын деп тұрдым да, қоя қойдым.

– Шындықтан гөрі қиялға жақын, – деп бір қойды. Абаландырып алмайын деп көп үндемеймін. Әттең, Захар мен Шәкеңді ерте келмеген екенмін деп өкіндім.

– Ештеңе шыға ма, ағай? – дедім ақыры.

– Шығуын шығады ғой. Тәуір-тәуір пікірлерің бар. Бірақ жастықтың аты жастық қой, тәжірибелі адамның көмегінсіз жүзеге асуы қиын, қиын...

– Валерий Сергеевич көмектесті.

– Валерий Сергеевичтің көмегін білеміз. Ол бесіктен белі шықпаған баланың білетіні. Мұнда квалифицированный көмек керек, – деп, Хамзин саусағын шошайтты.

– Әлі жап-жас баласыңдар ғой. Институт, институт, немене институт деген. Өндірісте жиырма жыл бойы істеп жүрген мына біз де бәрін білеміз дей алмаймыз, – деп, Хамзин көмірдей қара шашын салалады. Жасы егде тартса да шашында бір қылау жоқ. Толқын қара. Домалақ беті топ-толық. Күнде ұстара тиген сақал-мұртының орны көгілдір тартып тұрады. Қараторы жүзінде қажығандық, бейнет тартқан белгі жоқ. Қаны тасып тұр. Кішкене пісте мұрын, үлкен қоңыр қой көз – бәрі Хамзинге көрік беріп-ақ тұр.

– Кемшілік неде, дәлірек айтсаңыз, жөндеп көрер едік, – дедім.


Хамзиннің жайшылықта әдемі аласыз қоңыр көзі ақшиыңқырап кетті. Қипақтап қалған тәрізді. «Осының өзі кемшіліктің неде екенін білмей масқара боп жүрмесін» деген бір жаман ой басыма сап ете қалды. Хамзиннің іші қалтырап отырған сияқты көрінді.

– Оны айтқанмен, сен жөндей алмайсың, – деді. Көзін төмен төңкеріп әкетті.

– Өзім болмасам, жолдастарым бар, – дедім мен.

– Мен саған тек қана жақсылық тілеймін, Нариман, – деді Хамзин лезде жібіп. – Мен саған көмектесер едім... Ессіз бала емессің, өзің де түсінерсің...

«Құдай-ау, бұл не айтпақшы. Мен өзім де түсіне алатын неғылған жұмбақ? Не тілейді бұл менен, пара сұрамайтын шығар-ау».



– Бар, бала, ойланып кел, – деді Хамзин.

– Жарайды, – дедім мен. Содан бері ойланып, ой түбіне жете алмай жүрмін. Захарға шет жағасын айтып көріп едім, ол бірден:

– Сол Хамзиннің өзі сол еңбектің авторы болғысы келіп жүрген жоқ па екен, байқа, – деді.

Апыр-ай, сондай емес пе екен? Мұндаймен бұрын кім істес болып көріпті.

Міне, сөйткен Хамзин мына Ақбілектің ағайы екен. Ақбілек бірауыз айтса болды, қасарысқан Хамзин қардай еритін көрінеді. Істің мүддесі үшін Ақбілекті араға салып көрсе, айып болмай ма? «Өзің біл, өкініп жүрме», – деді Ақбілек. Техсоветтің өзі де Хамзин қалай бұрса, солай жүреді деп естимін. Ақыры Хамзинсіз хал мүшкіл болған соң, Ақбілекке бірауыз айтқызған да жөн-ау.

Асхананың есігі сарт-сұрт ашылып-жабылып, ақ бу бұрқ-бұрқ етіп қалып жатыр. Бірақ оған бұ жолы назар аударып отырған мен жоқ. Енді бір кез селт етіп ойым бөлініп, алдыма қарасам, арық котлет шанышқы тимеген күйінде әлі тұр екен.

«Сонда қалай болғаны? Бізге карьерді тез іске қосу керек, ол үшін оны судан тазартып, кен бетінде жатқан қалың қыртысты аршып алу керек. Оны істейтін экскаваторлар батпаққа батып жатыр. Осы бір кесапаттан құтылатын жолды іздеп сандалумен түн ұйқы, күндіз күлкіден айырылдық. Сонда қалай? Істің тағдыры Ақбілек арқылы шешілмек пе? Неге олай, құдай-ау, неге олай? Тамыр-таныссыз, арадағы делдалсыз іс өндірсек ішіміз ауыра ма!»

Суып қалған котлетті жай жей салу обал сияқты көрінді. Буфеттен барып жарты стакан арақ құйғызып алдым.

Қатқақсыған іші-бауырым елжіреп бара жатқандай болды. Құрысын бәрі, әрі-беріден соң, карьерді құрғату менің міндетім емес. Мен де бір жүрген ефрейтор есепті адаммын. Жұмыс істеп жүргелі біраз жыл өтті, әлі бар болғаны смена мастері ғанамын. Тым болмаса участок бастығы да емеспін. Мен шыр-пыр болатын не бар, бәрібір сені бағалап жатқан жоқ.

Котлет жеп отырып, Ақбілекке көзім түсіп кетті. Жымиып күлді. Ақбілекте де айып жоқ, оны кінәлайтын да дәнеңе жоқ. Ах, шайтан, күлімдеуін қарашы. Бағы байлаулы тұрған байғұс қой бұ да. Сұлу десең сұлу. Қолдан қондырған меңсіз-ақ әдемісің, Ақбілек. Бірақ сен дегенде жүрек неге дір етпейді? Адам сені ойлап аңсамайтыны несі? Қызық-ау адам деген, Ақбілектің тәп-тәуір екенін білемін, өзі де маған кетәрі емес, ендеше неге айландырмасқа? Бірақ жүрек дір етпейді. Осы жері жұмбақ. Жалпы өзіме өзім жұмбақ сияқтымын. Мені билейтін мен емес, көзге көрінбес басқа біреу сияқты.



* * *

Бұлт қиналғанын қойып, толғағы тоқтап, маужырап, жаны жай тапқан сияқты. Торғайбас қар жапалақтап жауып тұр екен. Техника қауіпсіздендіру бөлімінің бастығы Диденкомен айтысып едәуір отырып қалған екенбіз. Участокте жарты «козырек» қалып қойған екен, соны көріп, айқайға басып, есімізді алды. Керілдесіп отырғанда сағат төрт боп қалыпты. Күндізгі сменадағыларды таситын автобустар Рудныйға жүріп кете жаздапты.

Асығып, автобустар тоқтайтын алаңға жүгіріп келсем, үсті брезентпен жабылған жалғыз машина ғана қалған екен. «Автобустан қалып қалғаным-ай, қап» дедім. Арт жағындағы темір басқышпен, машинаға міндім. Кузов толып қалған екен. Көлденең скамейкаларға ерсілі-қарсылы тізе тіресіп, сығылысып жұрт отырып қалыпты. Брезент жабылған кузов іші алагеуім кеш кезінде-гідей. Адамдар машинаның қозғалуын күтіп, нөсер алдындағы торғайлардай қыбыр етпей қалыпты. Тек темекі түтіні ғана шығарға тесік таппағандай адамдардың басын ала қалықтап тұр.

Арт жақтағы скамейкадан сығылысып жатып әрең орын таптым. Жоқ жерден жармасып, салғыласып отырып алған Диденконы ішімнен балағаттап қоямын. Сол болмағанда былқылдақ автобуспен кететін едім.

Басымды көтеріп алсам, қарсы алдымда бушлатының башлығын тұмшалай киіп Таңшолпан отыр. Екі бетім ду еткенін байқадым.

– Саламатсыз ба, Таңшолпан!

– Саламатсыз ба, Нариман!

Одан әрі не айтарым аузыма түспей, аңтарылып отырмын. Қыз кузовтың бортына иығын сүйеп, басын мойнына тығып, маған күлімсірей қарап қалыпты.

– Жолдасыңыз қайда? – дедім әйтеуір үн қатайын деп.

– А, Наташа ма? Өзінің Наримановкасына, Қостанайға кетіп еді.

– Жалғыз қалыпсыз ғой, – дедім абайламай.


– Неге жалғыз қалайын, сіз отырсыз ғой, – деді Таңшолпан.

Не дерімді білмей қалдым. Әлі күлімсіреп отыр. Баяғы Валяның күлкісі сияқты. Байкал еркесінің күлімсірегені сияқты. Қайда екен қазір Валя? Қандай болды екен? Асқар таудың қойнауларын қопаруды армандаған қазақ жігіті есінде ме екен? Адамдардың бір-бірінен адасып қалатыны жаман.

Алдымда сол Валяның өзі отырған сияқты. Мың да бір рақмет саған, Диденко! Тәртіп талап етіп, айқайласқаныңа рақмет! Сен болмасаң автобуска мініп кетіп, мынадай бақыт сәтінен құр қалар едім. Рақмет саған, дәукес Диденко!

– Алматыны сағынып жүрген жоқсыз ба? – дедім ойланбастан.

– Дәл таптыңыз, Нариман, сағынып жүрмін, – деп Таңшолпан борттан иығын жұлып алды.



– Онда жылы ғой қазір.

– Иә бүгін жиырма бес градус жылы деп хабарлады.

– Мұнда бүгін бес градус суық болды.

«Иттің ғана баласы-ау, Алматының ауа райында, Рудныйдың аязында не шаруаң бар! Бұл қызға оның несі қызық? Жанына жағатын, жүрегіне жол табатын жылы-жылы бірнәрсе айтсаңшы осындайда!»

Қызыл асық, жаным-ау, қызыл асық,
Қыздар суға барады бір-бір басып,
Осындай құдай айдап бас қосқанда.
Біразырақ кетелік көңіл ашып, –

деуші еді біздің ауылда бозаның айтысында Мұсақұл атай. Сол айтпақшы, осындай құдай айдап, бетпе-бет отырғанда қарманбасаң, кейін мұндай сәттер бола бере ме?!

Машина кілт лықсып тоқтады. Таңшолпан маған қарай құлап барып, кері серпіліп кетті. Машинаның Сарыбайдан алдақашан шығып кеткенін сонда барып бір-ақ сездім.

– Тағы да!

– Ай, осы жол-ай!– деген дауыстар шықты.

– Күншуақтап отырмыз, – деп қалды бір жерден Захар.

Бізді шлагбаум тоқтатқанын сонда барып білдім. Апыр-ай, десеңізші, күні бойы жираф құсап аспанға қарап тұратын ала бақан дәл біздің мұрнымыздың астынан жабылды да қалды. Енді руда тиеген думпкарларды сүйреп электровоздар мөңіреп өтіп болғанша жол жабық.

Арт жағымыздан бір «МАЗ» бізді таптап өтетіндей ақырып келіп, алқынған аттай пысқырынып тұра қалды. Алдыңғы дөңгелегі біздің машинаның кузовынан асып тұрды.

– Болды енді, жарты сағатсыз қозғалмайды, – деді біреу.

– Күншуақтап отырмыз, – деп қалды бір жерден Захар. Апыр-ай, күнде осылай, осы бір жолдың дауасы табылмай-ақ қойды. Талай жиналыстарда айқай болды. Әлі оңалған түк жоқ.

«Оу, мен несіне күйінем. Жарты сағат емес, бір сағат жабулы тұрса жақсы болар еді. Күнде мұндай кездесу бола бере ме, құдай-ау!»

Жаңа машина лықсып барып тоқтағанда, Таңшолпан еріксіз екі қолымен менің иығымнан тіреп қалды.

– Кешіріңіз, – деді.

– Ештеңе етпейді.

Енді машина тағы сөйтіп жүріп бара жатып кілт тоқтап қала берсе деген ой ұрланып келе беретін болды.



Торғайбас қар жапалақтап жауып тұр. Айнала ақ буалдыр. Ақ буалдырдың ар жағынан, біз өте алмай тұрған жолдың да ар жағынан толқын-толқын ән естілді.

Меня мое сердце
В тревожную даль зовет...

Ақ буалдырдың ар жағы жұмбақ сияқты. Беймәлім қиын, қиқар қиыр осы жерден басталып жатқан сияқты. Ал ән салғандар сол қиырға сүңгіп бара жатқандай.

– Жақсы ән, ә, осы, – деді Таңшолпан.

– Жақсы ән. Сірә, соколовтықтар ғой.

– Соколовтықтар сіздерге қарағанда сауықшыл-ау, – деді Таңшолпан.

– Иә, о жағы бар, – дедім мен амалсыз.

– Сіздерге неге ұйымдастырмасқа? Вот, өзіңізден бастайық, мысалы. Өзіңіз рудник комсомол комитетінің мүшесі екенсіз. Неге ұйтқы болмайсыз?

– Талант жоқ, – дедім мен.

«Балшыққа батып жүріп, ән немізді алған», – деп айта жаздап қалдым.

– Бүкіл Сарыбайдан таланттар табылмайды дегенге сенбеймін, – деді Таңшолпан. Бортқа қайта сүйеніп, басын мойнына тығып.


– Ал, онда өзіңізден бастайық, ән саласыз ба? –дедім мен алға еңкейе түсіп.

– «Тоқпақтай берсе құдай да өледі» дегендей, өзімізді өзіміз қинасақ, ауылдың алты ауызы шығар тым болмаса. Бірақ одан сіздерге не пайда, енді Сарыбайда екі-ақ айдай ғана боламыз.

Әлдекім жүрегімді жай қысқандай шым-шым ауырып қалды. «Апыр-ау, бұл әлі кетіп қалады екен-ау. Әй, біздің институттар да қызық осы, екі-үш айға адамды практикаға жібере ме! Жарты жыл, бір жыл болмас па практика деген».

Меня мое сердце
В тревожную даль зовет...

Алыста ән, айнала ақ буалдыр, алдымызда шлагбаум, қарама-қарсы – қарындас... Екі айдан кейін жүріп кетпекші. Қайтып көрісеміз бе, жоқ па? Кім білген. Ол мына менің өзіме де байланысты шығар. Ақ сеңсең арасынан қызылшырайлы дөңгелек жүзі, кейде ойлы, кейде күлім көзі бірде алыстап, кейде жақыннан көрінгендей болады. Кейде сол көз өрттен шыққан ұшқындай көрінеді. Жан дүниеңді әлдене шарпып өткендей болады. Әнебір күнгі күннің шыққанындай.



Бұл дүние бұдан бір сағат бұрынғы еңбегіміз еш, тұзымыз сор боп кетпесе игі еді деген үміт пен күдік аралас дүниеден бір басқа, кейбір жылдарға бергісіз осындай бір минуттар болады. Оның аты – Бақыт емес пе екен?

Алыстан, карьер жақтан ботасы өлген іңгендей электровоз боздап қоя берді.

– Сайтан, осы уақытқа дейін тұрғызып қойды. Электричка енді келе жатыр.

– Алдақашан өтіп кететін едік.

– Шлагбаумды бір сағат бұрын жабады!

– Қашанғы осылай бола бермек!

Кузовтың іші кенет гу-гу болды да кетті. Көптен бері талай көкіректі кернеген ыза бір сызат тауып атқылай жөнелген сияқты. Күнде осындайда елдің алдымен өзім сөйлеп қалушы едім. Бүгін үндемедім. Электровоздың үні маған жамандық әкеле жатқандай көрінді. Мен сол сәтте мәңгі осылай қозғалмай отыра берсек деп едім.

Электр сымдарынан сауылдап қар төгілді. Думпкарларды сүйреп электровоз өте шықты. Біздің машина қозғалып кеп қалғанда скамейкаларда отырған адамдар тағы да жапырылып барып қайта түзелді. Ойда жоқта Таңшолпан тағы менің кеудеме құлады. Абайсызда тізесіне қолым тиіп кетті. «Пима киіп жүрсе де, жалаңқабат шұлықпен тізесі қалай үсіп кетпейді».

Өз ойымнан өзім ұялып қалдым. О да ыңғайсызданып, шолақ бушлаттың етегін тізесіне қайта-қайта тарта берді. Ұясын аю бұзған арадай ақ қар қиқы-жиқы үймелеп арт жағымыздан қуалай соқты. Теміржолдан өте бергенде, шлагбаумның лебедкасын ұстап үстіне тон, тонның сыртынан плащ, аяғына пима киген әйел тұрды. Қар жауғалы бері тапжылмай тұрған сияқты.

– Ух, снежная баба! Сен ғой бізді бір сағат ұстаған! – деп кіжінді төртінші экскаватордың машиниісі Жора дейтін жігіт.

– Күншуақтап тұр, – деген Захардың даусын таныдым. Біраз адам күлген болды.

Бауырының астынан түтін будақтап, тау шайқалғандай теңселіп «МАЗ» бізді басып озды. Жолдың жағасында «ГАИ» қадап кеткен қалқанда:

«Шопыр! Сенімсіз болсаң басып озба!» – деген жазу ағараңдайды. «МАЗ»-дың шопыры сенімді болса керек, басып озды.

Рудныйға кіреберісте «ГАИ» қадап қойған тағы бір қалқан қалды. Онда не жазулы екенін мен бұрыннан білемін. Оның: «Шараптан шатақ шығады!» – деген жазуын бұ жолы қар басып қалыпты.

Кенет алдыңғы жақтан әлдекім шырқап қоя берді. Жұрт елең ете қалды. Оның жанынан бір дауыс шықты:

– Үйіне жақындаған соң жан бітейін деді-ау деймін.



Оған ешкім күлген жоқ. Оған жауап ретінде бір кез көп дауыс:

Меня мое сердце
В тревожную даль зовет! –

деп қостап ала жөнелді.

Адамдардың киімі май-май, қара майды сырлап жаққандай. Қолғаптары күректей. Пималары түйетабан. Бірақ солардың да жаны нәзік тартатын шақтар болады. Көкірегі күмбірлеп, өлең айтқысы келетін шақтар болады.

– Міне, сізге талант керек болса, – деді Таңшолпан. Сөйтті де, әнге өзі де қосылып ала жөнелді. Көп контрабастың арасында жалғыз скрипка тамылжығандай, даусы жанға жағып, сызыла шықты.

Маған да қоста дегендей белгі берді. Бірақ мен әнге қосылмай, Таң-Шолпанға қарадым да қалдым. Әнге мен ішімнен қосылдым. Таң-Шолпан екеуміз қол ұстасып, түнімен қыдырып, таң алдында қиялымдағы ғажайып қаланың көшелерімен ән салып, қайтып келе жатамыз. Біздің әнімізге бүкіл қала ұйқысынан оянып қосылады. Адамдар Таңшолпан екеумізді ортаға алып, өмірде болып көрмеген шаттық биі басталады.

Қала ортасындағы алаң бұрын-соңды болып көрмеген той-думан, кәрі-жас бақыт толқынында тербетіліп ән салғандай, сол ән көкке өрлеп, күнге естілгендей елестер көз алдымнан бір сәтте өте шықты.


Сөйтсек, біз «Тобыл» ресторанының алдындағы алаңға кеп тоқтап, алдақашан машинадан түсіп кеткен екенбіз. Жұмыстан қайтқан адамдардың алаңғақаптап кеткені дерасекен. Таңшолпан екеуміздің қатар келе жатқанымыз да рас екен. Бірақ қол ұстаспай келеді екенбіз. Алаңдағы репродуктордан «Құдаша» күйі төгіліп тұрекен. Менің кеудемде күмбірлеп айтылмай келе жатқан армандар тілегін мына қызға репродуктор жеткізгісі келгендей, көкірегінде жаны бар адамды селт еткізбей қоймайтын сияқты.

О, шіркін, құдаша! Қазақтың қасиетті сөзі! Осы сөзде наз бен тілек, алысқан қол, айтысқан серт, діріл қаққан жүрек, деміккен ыстық леп бар сияқты. Ал осы сөзбен аталған күйде ше? Құдайым-ау, ол менің Таңшолпанға айта алмай келе жатқан ақ тілегімнің музыка тіліне аударылған варианты емес пе!

– Ал жақсы, Нариман, сау болыңыз, – деді Таңшолпан.

Біз жатақханаға келіп кірген екенбіз. Таңшолпан баспалдақпен жоғары қабатқа көтеріліп бара жатты. Қыздар екінші қабатта тұратын. Мен лезде мастығы тарқаған адамдай ес жиып, қымбаттым қасымнан қашықтап бара жатқандай көрінді. Таңшолпанның екі айдан соң Рудныйдан кетіп қалатыны ойыма сап ете қалды.

– Үйде не істейсіз? – дедім мен. Айтайын дегенім бұл емес еді. Әдемі ойым сиырдың бұзауына мөңірегеніндей ожар естілді.



– Әйел баласының үй тіршілігі көп қой, Нариман.

– Киноға барайық, – дедім мен.

– Жұмыс көп қой, Нариман. Рақмет.

Ол баспалдақтың жақтауына сүйеніп тұрып, жоғарыдан төмен қарады. Мен төменнен жоғары қарадым. Беті атқан таңның қызылындай шырайланып кетіпті. Ағашынан жаңа үзіліп түскен алмадай. Ернінен қазір төмен қарай қан тамып кететіндей алаулап тұр. Мен жұтына бердім.

– Жүріңіз, – дедім мен. – «Марс» жақын ғой.

– Жақыныңыз Марс болса, алысыңыз Галактиканың қай жағында болмақ? – деп күлді Таңшолпан.

Баспалдақтың екінші қабатқа бұрыла беріс қуысынан екі түйір жасыл сары фосфор жарқырап бір жоғары, бір төмен төңкерілді. Тарғыл мысық әлгі бір әсем күлкіге таңданғандай, жасыл көзін жаутаңдатты.

– Алысым – Венера, – дедім мен күрсініп.

– Неге, ол Марстан алыс па еді?

– Тым құрыса бір тілекті бермей, киноға шақырсам, бармай тұрса, алыс болмағанда не?

Таңшолпан енді сықылықтап тұрып күлді. Тіпті шашын қырық жерден ақ шүберекпен түйіп тастаған бір қыз екінші қабаттың бір бөлмесінен атып шығып, бізге қадала қарап та қалды.

– Мен сізді сөзге шорқақ қой деп жүрсем, ақындарша сайрап тұрсыз ғой, – деді Таңшолпан күлкісін жиып. – Шынында да, Венераның қазақшасы Шолпан екен-ау... Бірақ мен Таңшолпанмын ғой!

– Таң-Шолпан – жарық жұлдыз. «Марсқа» барайық.

– Онда бүгін не бар екен?

– Онысын білмедім, – дедім мен сасқалақтап.

– Баратын уақытта хабарлай саларсыз, – деді де, Таң-Шолпан жоғары қарай тез-тез басып жүріп кетті.

* * *

Асығып бөлмеге кіріп келсем, үйдің ішіне көкала түтін қамалып қалыпты. Желкөз жабық тұр. Түнгі сменаға баратын Сембай осы қапырықта бауыздаған жылқыдай қор-қор етіп, трусишең ұйықтап жатыр. Одеялды аяқ жағына ысырып жіберіпті.

Үстімдегі жұмыс киімнің бәрін лақтырып, электр ұстараны дырылдатып қырына бастадым.

Ол үрпекшаш қазандай басын жастықтан жұлып алды. Қарға қарыққандай барлыққан көзін бағжаң еткізіп:



– Әй, өлген әкең тіріліп келді ме, неге елпілдеп жүрсің! – деді.

– Оңбаған-ау, сен менің әкемнің өлі-тірісін білмейсің ғой, не сандырақтайсың!

Сембай не айтарын білмей қалды. Теріс қарап, гүрс етіп жата кетті. Әкемнің бар-жоғын өзім де білмеймін. Он жылға кетті деп еді, жиырма жыл өтті – әлі жоқ. Эльенора айтқан әңгіме есіме түсті.

– Басеке, осы сен қашан үйленесің? – деді ұйқысы бұзылған Сембай теріс қарап жатып.

– Оны қайтесің? Енші бөліп бересің бе?

– Артыңнан топырақ шашар едім.

– О, сорлы Сембай, асықпа, осының бәрі үйленудің қамы.

Сембай төбедей төңкеріліп түсіп маған қарады. Астындағы койка баж-баж етті.

– Рас па-ей? – деді.

* * *

«Марс» кинотеатрында көптен бері жұрт қырғын кезекке тұрған фильм болып көрген жоқ. Бүгін де адам көп емес екен. Фильм қызықтырмады. Жаңа үйленген жас жұбайлардың жараспаушылығы, жас келін – озық адам, күйеуі – санасыздау, екеуінің арасындағы тартыс, ақыры – табысу.

«Ердей ертіп келгенімде кино да қырсықты-ау» деп қысылдым. Кең залда адамдар шашырап отыр. Экраннан түскен сәуленің алаңғыт жарығымен ұрланып Таңшолпанға қарай беремін. Байқаймын, оның да картинаға қадалып қалғаны шамалы. Бір кез о да ұрлана қарады.


– Сен өзің үшін ғана өмір сүруді қалайсың, өзгемен ісің жоқ, мұндайыңды бұрын білсемші! – дейді экраннан саналы жас келін көзіне жас алып санасыздау жас күйеуіне.

– Мұның бәрі сенің бақытың үшін ғой, көгершінім, екеуіміздің бақытымыз үшін, – деді санасыздау жас күйеу саналы келіншегіне.

– Жоқ, біз көпшілік бақытты болғанда ғана бақытты бола аламыз, – деп айқайлайды келіншек. Күйеуі оның шашын сипайды. Келіншек оның кеудесіне басын тығып өксіп-өксіп жылайды.

«Таңшолпан екеуміз қосылсақ, арамызда осындай жанжал болуы мүмкін бе?»

Өз ойымнан өзім сескеніп қалдым. Менің ойымды естіп қойғандай Таңшолпан көзінің қиығымен маған қарады. Екеуміз бір-бірімізге қарап жымиып қойдық. Таңшолпан басын менің иығыма сүйегендей болды. Қолын ұстадым. Ақырын кейін тартты. Осыдан айрылсам, енді қайтып өмірі ұстамайтындай, сол қолды қатты қыстым. Ол қолын тартпады. Иығы кеудеме



тірелді. Шашы бетіме тиді. Кеудем дүрсілдеп ала жөнелді. Мен оны ебедейсіз қапсыра құшақтап, қараңғыда ернін іздедім...

...Бүкіл дүние – толқын, толқын. «Марс» кинотеатры небары қалтылдақ қайық. Толқын, толқын. Толқын үсті лаулаған от. Аспан астының бәрі толқын, аспан астының бәрі от. Қос еріннен тараған от. Аспан асты толқын мен от. «Марс» – қалтылдақ қайық.. Толқын жалынан күнге дейін лаулаған от. Күннің өзі от ортасында қалқып жүрген апельсиндей сары шар. Бұл жалынға күннің өзі күйіп кететіндей бар...

...Ауыл үстінен төніп тұратын асқар тау бар ма еді, жоқ па еді? Төрткөз төбет ұлыды ма, жоқ па... Сары тон киген шоқша сақал кішкене адам тіреудің түбінде тұрып етігін тепкілегені несі? Етігін сіңірінен басып бара жатқаны несі? Аяз қысқан ақ қардың жылағаны рас па, жоқ па? Сол түні қара сиыр бұзаулап еді-ау... Әсила жылап жүріп соның уызын пісіріп беріп еді-ау... Түрменің темір есігінде көздей тесік бар ма еді, жоқ па еді? Экскаваторлардың батпаққа батып жатқаны шын ба өзі? Хамзиннің қытымыр екені шын ба өзі? Шлагбаум... Сонда естілген ән «Сольвейг» болар... Ақбілектің алтын тісі бар-ау, осы...

Толқын, толқын. Лаулаған от. Өң де емес, түс те емес... Өң мен түстің арасында біз білмейтін тағы бір құпия минуттар бар, сірә... «Сольвейг», сені Валя айтушы еді-ау. Эдвар Григ бурят шығар деп ойлаушы едім...

«Фильмнің соңы» деген жазу көрінді-ау деймін. Залдың іші жарқ ете қалды. Таңшолпан бетін бұрып әкетті.

Далаға шыға келсек, жұлдыздар шүпірлеп тұр екен. Бұлт тарап кетіпті. Бұлт та көбелек сияқты ма дедім. Жұмыртқасын туар-тумастан өліп қалатын бір көбелек болушы еді. Аппақ қарын жерге жауып болып, бұлт та ғайып болыпты.

Апыр-ай, деймін. Әлгі бір өң мен түстің арасындағы минуттерден кейін аспанның аспан болып, жұлдыздың жұлдыз болып, үйлердің үйлер болып бұрынғыша қала беретіні ғажап екен. Осындайда ана жұлдыздар неге қызыл, сары, жасыл, көк – түрлі-түсті болып кетпейді. Неге мереке күндері республика астаналарында, қаһарман қалаларда берілетін салтанатты салюттің ракеталарындай – түрлі-түсті болып тұрмайды мына жұлдыздар! Айдың әлсіз сәулесі төгілген аппақ қарға неге қып-қызыл қызғалдақтар өспейді!

Мына дүние тіпті жайбарақат. Мүлде ештеңе болмағандай. Ай да бұрынғыдай. Ау, ай бұрынғыдай ма? Ай өзгерген сияқты ғой. Оның бетіне ләлә гүл өсіп кеткен сияқты ғой. Оның бетіндегі меңді баяғыда бала күнімізде жалмауыз кемпір екен деуші еді. Жалмауыз кемпір айдың бетінде бір қап құмды біртіндеп санап отыр деуші еді. Бір қап құмды санап болған күні ақырзаман болады екен деуші еді. Бір қап құмды санап бола берген



кезде қарлығаш ұшып барып құмын қайтадан шашып кетеді екен, жалмауыз кемпір онда бір қап құмды басынан бастап қайтадан санауға кіріседі екен деуші еді...

Қазір айдың бетіндегі мең жалмауыз кемпірге мүлде ұқсамайды. Айдың бетіне ләлә гүл өсіп тұрған сияқты. Таңшолпан екеумізге аспандағы ай бір уыс ләлә гүлін үстімізден лақтырып жібермекші боп тұрған сияқты...

Баспалдақтың екінші қабатқа бұрыла беріс жеріндегі тас қараңғы қуыстан екі жасыл фосфор жылт-жылт етті.

– Қой енді, жаным, – деді Таң-Шолпан. Жасыл фосфор бір өшіп, бір жанды. Тарғыл мысық қарауға ұялғандай, қарамауға дәті тағы шыдамайтындай.

– Қой енді, жаным, – деді Таңшолпан.

Тарғыл мысықтың осы өткен жазда ғана басқа бір мысықпен қосылып алып, терезенің алдында балаша жылап, түнде ұйқы бермегені есіме түсті.

– Қой енді, жаным, – деді Таңшолпан. «Адамдардың сүйіскенін мысық түсіне ме екен?»

– Қойшы, жаным! – деді Таңшолпан.

Менің құлағымда «Құдаша» күйі тұрды. Бұл күй армандар ағысы ғой. Дәулеткерей арманына жетті ме екен... Құдашасын құшты ма екен?..

– Қойшы, жаным! – деді Таңшолпан.

* * *


Кайнозой көмулі жатыр. Белдеу-белдеу топырақтың астында жатыр. Мың-мың жылдың ауырлығы мәңгілік деген осы деп Кайнозойды жетіқабат белдеу-белдеу қыртыстың астына тығып жіберіпті.

Ол кезде менің бабам да жоқ еді, бабамның бабасы да жоқ еді. Дәуір – Кайнозой деп аталыпты. Ол сілем-сілем таулар болса керек, папоротниктің ну орманы болса керек, онда мамонттар жайылып жүрген деседі...

Горизонттардың жарқабағынан аққан қызыл су – мамонттардың қаны сияқты. Карьердің топырағын тонналап тасысаң да мұхит суын қасықтап төккенмен бірдей. Кайнозой терең жатыр.

Жердің де жаны бар сияқты. Мамонттардың тұқымы үзіліп кеткен деп бекер айтады. Жердің тәні – мамонттың сауыры сияқты. Экскаваторлар азу салғанда сауырдан сауылдап қызыл қан аққандай болады.

Диденко екеуміз карьердің ернеуінде тұрмыз. Дәл жанымыздан «Қауіпті зона» деген жазу ағараңдайды. Төменнен жоғарыға тау тізбегі жылжып келе жатқандай. Жойқындата «МАЗ»-дар азынап, арқырап келеді. Ал карьер түбіне қарасақ, сол алып машиналардың өзі керемет қазан түбінде жорғалап жүрген қара шыбындардай-ақ көрінеді.



Карьердің күншығыс жағында, бесінші горизонтта электровоздар думпкарлар тізбегін сүйретіп жүр. Алыстан қарағанда олар да бейнебір әрең жылжыған жауын құрты сияқты. Белдеу-белдеу горизонттардың қияларына ілініп «ЭШ» экскаваторлар тұр. Карьердің ернеуінде тұрып қарағанда олар да көккұтандардың үлкендігіндей-ақ.

Бұрынғыша перфераторлар тырылдайды, бұрынғыша бурмашиналар жер тоқпақтап жатыр. Бұрынғыша сауысқандар ұшып жүр. Бұрынғыша карьердің теріскейінен ары қарай ақ мұнар айқара көсіліп кетеді. Одан әрі қалалар, одан әрі ел мекені жоқтай. Одан әрі Мұзды мұхит басталатындай жым-жырт. Кенет Диденко:

– Көрдің бе, жүз төртінші батып жатыр! – деді. Алыста, астыңғы горизонтта мелшиіп тұрған экскаватордың ар жақ, бер жағына шығып бір адам зыр жүгіріп жүр.

– Отырып қалды, – деді Диденко.

– Отырып қалды, – дедім мен.

Тағы бір экскаватор істен шықты.

Кайнозой көмулі жатыр.

Мамонттардың суық қаны жылап ағады.

Алыстан дуадақ құстай-ақ көрінген экскаватор жанына барсаң үлкен үйдей асқақтап тұрады. Екі жүз тонна салмағы бар сол алып қазір жайлап қана батып бара жатты. Әне, оның жыланбауыр табаны көрінбей кетті. Енді тіпті сазбалшық оның белуарынан кеп қалды.

– Жанпейісов, бұл не масқара! Қайда қарағансың алдыңдағы апанды көрмей! – деп айқай салды Диденко.

Жанпейісов үндемеді. Ол тіпті келген адамдарға бұрылып та қарамайды. Темір күректі қос қолдап ұстап, аласұрып сазбалшықты аршып жатыр.

– Ау, есің дұрыс па-ей! – дейді Диденко мұны көріп одан бетер күйініп. – Ау, карьерді жалғыз қазбақпысың? Онда бәріміз сабылып неміз бар?

Жанпейісов оның бұл шымшымасын естімегендей оппа балшықпен арпалыса берді. Өзінде де өгіздің күші бар көрінеді, опырып барады. Балшық шашыраған бетінен лайсаң тер тамшылайды.

– Бульдозер қайда, бульдозер! – деп мен де айқайлап жүрмін.

– Әне! – деп Жанпейісов төменгі горизонтты нұсқады.

Бульдозер әлдеқайда алыста, алтыншы горизонтта әрең келеді. Бульдозер бар жылдамдыққа салып бақса да өрге қарай жүрісі өнбейді.

Диденко да сасайын десе керек:

– Понтон қайда, понтон? – деп айқайлап жүр. Дәл бір-екі жүз тонналық темір тұлғаны апаннан жалғыз өзі суырып алғысы келгендей әр жерінен жалма-жан қармап қалады.



– Понтонды бульдозер сүйретіп келе жатқан жоқ па! – дейді Жанпейісов карьер ішінен тағы бір карьер қазғысы келгендей саз батпақты қасарыса лақтырып. Аяздан іркілдек батпақтың беті қабыршықтанып қатайын десе де, жылы жер қабатынан ағып жатқан жылауық жылғалар қатырмайды.

– Жақан-ау, жалғыз күрекпен экскаваторды бәрібір аршып ала алмайсың. Бульдозер келсін, – деп, Диденко алғашқы қаһарынан қайтқандай болды.

– Тарас, айтшы өзің, бұрын біреуден Жанпейісов жұмыс істей алмады, Жанпейісов машина сындырады дегенді естіп пе едің, айтшы, – деді өзіне жаны ашыған сөз естіп көңілі босаңқыраған Жақан.

– Апыр-ау, жазым болса, быламыққа тіс сынады деген осы екен-ау, қарсы алдымнан көз жазбай-ақ келе жатыр едім, менің көзімді сықырлап қойды ма мына оппа! – деп, Жақан бейнебір жаман түс көргендей, мына апат өңінде емес, түсінде болғандай, өзіне-өзі сенбей сөйлейді. Дөңестеу мұрнының танаулары делдиіп жиі-жиі дем алады, жұқалаң ерніне насыбайды әдеттегіден көбірек салады. Аққұба ашаң жүзі бір қызарып, бір бозарып, қас қағым арасында бетіне сан түрлі бояу шапшиды. Жайшылықтағы уытсыз қой көзі енді өзіне-өзі ыза болғаннан кейін, момын адамның томырық ашуымен айбар шегеді.


– Мен қанша айтамын осы кабельді резинка қолғапсыз, қысқашсыз ұстамаңдар деп!

Диденко бұл жолы маған ренжіп жатыр. Амал нешік, техника қауіпсіздігі! Экскаватордың шұбатылған шегі сияқты қара кабельді анау келе жатқан бульдозердің жолынан алып тастамақ болып, жалаңаш қолыммен ұстай салып едім.

– Сен түсінсеңші, шырағым-ау, – дейді Диденко техника қауіпсіздігі жөніндегі лекциясын бастап. – Міне, мына көз алдымызда екі жүз тонналық машина батып бара жатыр. Әрине, бұл ұнамсыз жағдай. Әйткенмен, экскаватор табылады, кабель үзілсе, кабель де табылады. Бірақ бейқамдықпен кабельді резинка қолғапсыз ұстаймын деп, сен жазатайым болсаң, сені қайдан табамыз. Тым құрыса, артыңда ұрпағың да жоқ. Әй, бойдағым-ай, бойдақтың түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ деген осы-ау.

Диденкоға мен де дүрсе қоя берейін деп ем, көз алдыма Таңшолпан келе қалды. Лезде соны сағынғандай, сонау ақ меңіреу даламен астасып жатқан арғы шетке қарадым. Маркшейдерлер, сірә, сол жақта жүрген болар деген жорамалым.

Диденкомен тістесе кетейін деп едім, қоя қойдым. Өзімнен де бар. Кабельді жалаңаш қолмен ұстауға болмайтынын өзім де білемін. Бірақ кейде адам біле тұра өзіне-өзі қаскүнемдік жасағандай болады ғой. Бойымен алты мың вольт ток жүгіріп жатқан пәлені ұстап нем бар. Жазатайым, әлгі кабельдің резинкасы жыртық болса, жалаңаш сымға қол тисе – бітті ғой!



Дәл иектің астынан азынап «МАЗ»-дар әлі өтіп жатыр. Олардың әрқайсысы жиырма бес тоннадан жүк тартса да, дәл қазір бәрі жиылып мына экскаваторды апаннан алып шыға алмас еді. Сондықтан олар орасан машинаның оппаға кетіп бара жатқанын көрсе де бұрылмайды. Тек қиыншылыққа ұшырағандарға қабырғасы қайысып, жаны ашығанын білдіргісі келгендей, зор даусымен ұзақ азынап, құлақ тұндыра айқайлап өтеді.

Ашуланып бұрқылдап бульдозер де жетті. Сүйретіп әкелген жалпақ понтондарды ағытып тастап, экскаватордың алды-артын сүзгілеп арши бастады. Саңлау-саңлауына дейін сағыз сары балшық кіріп кеткен жыланбауыр жалпақ табан көрінейін деді. Бульдозер экскаватордың алды-артын аршып болған соң, оның табанының астына понтондарды әкеліп төседі. Кабинаға ырғып мінген Жақан қос қолымен рычагқа жармасты. Тұла бойына тоқтап қалған қан қайта жүгіргендей алып тұлға дір-дір етті. Ауыр қозғалып барып понтон үстімен абайлап-абайлап жылжи берді...

Кайнозой көмулі жатты.

VII

Аспанға арыстандардың терісін кептіріп керіп тастағандай, жез түстес бұлттардың пұшпағы жалбырайды. Күн батып кетсе де сәулесі сөнбеген. Адамдар топ-тобымен карьер бастығының кабинетіне жиналып жатыр.

– Жаңа ғана жүз төртінші батып кете жаздады, – деді техникалық қауіпсіздендіру инженері Диденко соңғы кездегі жалпы жағдайды баяндап тұрып. – Жүз екінші батып жатыр, жүз алтыншы батып жатыр, жүз тоғызыншы батып жатыр...

– Күншуақтап жатырмыз, – деді жүз екіншінің машиниісі Захар.

Жұрт ду күлді. Карьер бастығы қарындашпен графинді тықылдатты.

– Тыныштальщыздар, жолдастар. Күлу керек емес, жылау керек. Күлетін түк жоқ. Жаппай жайрап жатырмыз. Диденко, айта бер!

Кабинет іші қарамай сасиды. Қарамай сіңген қара тондардың қоңырсық иісі шығады. Бастықтың оң жағында стенограмма жүргізіп отырған Эльенора орамалымен аузын басыңқырап алыпты.

Диденко сөйлеп тұр. Менің көз алдымнан бұлдыр адам көлбеңдейді. Кабинет іші лезде көк түтінге толды. Эльенора тыжырынып түтінді қолымен қуған болды.

Диденко сөйлеп тұр. Адамдар аузын арандай ашып есінейді. Бірі жөтелсе, бәрі жөтеле кетеді. Жөтел жөтелді шақыратын сияқты. Бастық графинді тықылдатады. Рашид Ярулиннің басы ақ дәкемен шандулы. Оны жұрт «шойынбас» деседі. Ол былай болды. Рашид «МАЗ»-дың шопыры.



Экскаватор «МАЗ»-ға топырақ тиеген кезде абайсызда экскаватордың ожауы «МАЗ»-дың кабинасын қағып өтеді. Кабина қамырдай иленіп кетеді. Ал оның ішінде отырған Ярулиннің басы жарақаттанады. Жұрт бастың иленіп кетпегеніне таң қалады. Өзінен де пәле бар. Экскаватор топырақ тиеп жатқан кезде ішінде адам отырмау керек. Жерге түсіп аулақ тұру керек.

Диденко сөйлеп тұр.

– Екінің бірінде авария. Карьерге кабель шақ келмейді. Кейбіреулер көрсе де көрмегендей кабельді бульдозермен, скрепермен басып өте береді...

Кейбіреулер қалғи бастайды. Эльенора есінеп, қолымен аузын қақпалайды. Адамды ұйқы жеңгенде ескексіз қайықтай. Бас омырауға домалайды. Көз өзінен-өзі жұмылады. Ұйықтап бара жатқан тауықтың көзі елестейді. Аслан ұйықтап отыр еді, Захар оның Багратионның мұрнындай ұзын мұрнының ұшынан шертіп жіберді. Жұрт ду күлді. Бастықтың өзі де мырс етті. Ұйқы тұмандай сейілді. Күлсең үстіңнен жүк түскендей болады. Бойың жеңілейеді. Адамдар мейірімді бола түседі. Ашулы қабақтар жазылады.

Бірақ Аслан Хетагуров ашуланып қалды. Әттең, қанжар жетпейді. Өтірік-расын кім білсін, өзі:

– Мен осетин классигі Коста Хетагуровпен аталаспын! – деп ойдай мақтанады. Ашыққан балаларын қазанға тас қайнатып алдауратқан жесір ана туралы Костаның өлеңін жаттап алып, қайта-қайта айтып қоймайды. Әсіресе жүз тоғызыншыны оппа тартқалы бері көп айтқыштайды. Ол сонда машинистің көмекшісі. Мені көрсе болды-ақ:

– Нариман, ари тамако! – деп сәлемдеседі. Онысы: темекіңнен әкел дегендегісі. Біздің карттардың «шақшаңды бере тұр» дегені сияқты.

Диденко отыра кетті. Жұмыртқаны жаңа жарып шыққан балапанның жүніндей сап-сары шашын қолымен қайта-қайта қайырып, терін сүртті.


Бастық орнынан тұрғанда кабинет іші тынши қалды. Екі қолымен үлкен үстелдің ернеуін тіреп тұрып бастық:

– Авариядан көз ашпадық қой. Не болды бізге?! – деді. Сұрақтан гөрі жалыну, көптен іште шемен боп жүрген наласын айтайын деген сарын бар.

– Не болды бізге?! – деді.

Не болғанын өзі де білетін сияқты. Бірақ апаттан құтылудың амалы қандай? – дегісі кеп тұрғандай. Үлкен басындағы шашы шетіне мал тиген бітік егін сияқты, жазық маңдайынан түріліп түсе бастаған қалпы бар. Шып-шып шыққан тер жылт-жылт етеді.

– Машинаны күтпейміз. Жаудың мүлкінен жаман ұстаймыз. Темір де тозады. Дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ. Әсіресе темірді темір қазып жатқанда, әрине, тозады. Бірақ біз өз ажалынан әлдеқашан бұрын қиратамыз, сол жаман.



Бұл бұрын да талай айтылған сөз. Жұрттың құлағын сасытқан сөз. Отырғандар жөтелді көбейтті. Кенет бәріміздің тамағымызға шыбын жорғалап кеткендей болды. Бастық осыны сезе қойды.

– Бізді құртқан – су! – деді.

Ешкімге бағынбайтын сағаттың ғана сырт-сырт соққаны естіліп тұрды.

– Суды құртпасақ – ол бізді құртады.

– Сонда не істемекпіз?

– Құртсақ, қайда жүрміз?

– Бос сөз! Құрта алмайсың! Жер астын кептіретін күш жоқ!

– Тиш-ш! Шуламаңыздар! Суды қалай құрғату керек екенін бізге қазір жолдас Данаев айтып береді. Қане, Данаев...

Күтпеп едім. Оң жақ тізем дір-дір етті. Не айтарымды білмей қысылғанда дірілдейтін әдеті.

– Одақта Сарыбай сияқты сулы карьерлер бар, – дедім сәлден соң. Қаншама көздің жалғыз сағаң қадалғаны жаман. – Мысалы, Башқұрстандағы Сыйбай руднигін алыңыз. Онда да су көп. Онда суды жер астына сарқып алып, насоспен тартып құрғату әдісі бар. Карьер түбінен бірнеше ствол қазып, оның астынан тереңнен штрех жүргізіп, суды соған сарқып, насоспен тартады. Бірақ бұл өте ауыр, кымбатка түседі.

«Ал, сонда не айтпақсың?» дегендей кейіп танимын қадалған көздерден.

– Карьерді айналдыра канал қазу керек. Тереңдігі жиырма метр. Каналдың бірнеше жерінен зумпқұдықтар қазып, оған насостар орнату керек. Сонда, мүмкін, іс оңалар. Мен болдым.

Осыны айтып отыра кеттім. Алғашқыда жұрт аң-таң қалған сияқты. «Сол-ақ па?» деген сияқты. Күні-түні не күлкі, не ұйқы көрмегеніммен ісі жоқ.

– Бұрын еш жерде қолданылмаған әдіс, – деді бастық, отырғандарға қарап. – Қолдануға тұратын әдіс.

– Ендеше, қолданбайсыңдар ма?! – деп, босаға жақтан жүз тоғызыншының экскаваторшысы Гросс ұшып тұрды.

– Қолдану біздің ғана қолымызда тұрған жоқ, – деді бастық баяу ғана. Тіпті мұңайып тұрған сияқты.

– Енді кімнің қолында?

– Жаңаның іске асып кете беруі оңай емес. Бұл көптеген күш пен қаржыға байланысты. Оны комбинат қана шеше алады. Ал ондағы кейбір жолдастар бұл бағалы істі басып қоюға да тырысады.

– Сонда оның кім болғаны, жау ма? – деді Гросс немісше акцентпен.

– Жау емес, өзіміздің комбинаттың техникалық бөлімінің-ақ азаматтары.

– Не дейді сонда?

– Жарамайтын шығар?

– Кемшілігі бар шығар?



– Жоқ, жолдастар, жобада кемшілік жоқ. Тек, әр адамның өзінің бір әлсіз жері болады. Техника бөлімі бастығының да сондай бір әлсіздігі бар ғой, сірә, – деді бастық.

«Өзі автор болғысы келеді», – деп айтайын дедім де, тағы да ертең естіп қойса пәлеге қалам ба деп қоя қойдым. Сонда өзім бір сорлы адам сияқты, өзімді кем сезініп қалдым да, соған шыдай алмай:

– Хамзин өзі автор болғысы келеді, – дедім.

– Қалайша?

– Қалайша?

– Не қалайы бар, ақшасын сен ал, атағын маған бер дейді. Көнейін бе осыған, көнбейін бе, жолдастар?

– Позор! Позор!

– Өлім екен!

– Қара жер қалай көтеріп жүреді сондайларды!

– Аластау керек!

Графин сыңғырлады.

– Шуламаңдар, жолдастар, онан да біздің жиналысымыз атынан совнархоз басшыларына хат жазайық, – деді бастық.

Май-май қолдар жауға шапқан қалың сарбаздың найзасындай аспанға шаншыла көтерілді.

Тысқа шықсақ, аяз зікір салып тұр екен. Жан-жағын жұлдыздар қоршаған ай, сары балапандарын ерткен ақ мекиендей құрқылдап бара жатқан сияқты. Солардың әлсіз сәулесімен шағылысқан ақ қар нәзік қана жылт-жылт етеді. Жер бетіне сансыз алмас қиыршығы шашылып жатқандай, қолмен уыстап алғың келеді.

Ал Кайнозой алыста.

VIII


«Таңертең сүйіп оят мені, сәулем...»

Үстіңгі қабаттан радиола қайта-қайта әлдекімнен: «Таңертең мені сүйіп оят» деп өтінеді де тұрады.

Ымырт жабыла Рудныйдың биік үйлері шам сәулесінен алқа тағынады. Бір кез бүкіл қала:

«Меня мое сердце

В тревожную даль зовет», – деп, алып хорға айналғандай болады. Өзіңнен өзің әлдеқайда ұшқың келеді. Адам қуанғаннан солай ғой деймін. Адам ашық аспан, алтын күннің арайлы шапағы құсап ақтарыла қуанса ғой. Бірақ шын қуаныш та қалың бұлт арасынан анда-санда бір жылт еткен



күн сияқты, құмды суға жуып арасынан әрең тауып алатын бір түйір алтын сияқты сирек нәрсе-ау.

Көшенің шамдары қыс ортасында пісіп тұрған алтын апельсиндер сияқты мәуелеп тұрады. Төбеңнен төгіліп тұрған ғажап әуендердің әсем әсерінен үйге келсең, әлгінің бәрі елестей болады да қалады. Табанына тас байлап алғандай тарсылдатып Сембай жүреді. Жатып бір рахаттанып ұйықтайын десең, бажырайтып шамды жағып қояды. Қашаннан қатып қалған қара нанды суға жібітіп, аузын жалпылдатып жей бастайды.

– Басеке-ау, асханаға үлгірмей қалдым, аштан өл дейсің бе, – деп, суық суды сіміреді.

Ұйқы қысады, ұйықтай алмаймын. Сембай бұрқыратып темекі тартады, жатып алып кітап оқуға кіріседі.

– Кітап оқыған неңді алған, өшір шамды! – деймін шыдай алмай.

– Сенен де құдай құтқармады-ау, – деп, шамды өшіріп, өзінің ұзын қытай фонарын жағып, кітаптың бетіне қойып оқиды. Күбірлеп оқиды, кейде кеңк-кеңк етіп күледі.

– Өмір-өмір емес бүйткен, – деп аунап түсемін. «Өз үйім, өз бала-шағам болып, өз алдыма үй-жай болар күн болар ма!»

– Сембай, сен қашан қатын аласың? – деймін.

– Оны не қыласың? – деп үрпекшаш қазан басын жұлып алады жастықтан.

– Қатын алып, бөлек шығып кетсең болар еді.

– Ендеше мен принципиально үйленбеймін! Сен мені жек көресің, соның үшін кетпеймін қасыңнан!

Сембай қолын созып папирос тұқылын ағаш астауда тұрған қытай розасының топырағына мыжып өшіреді.

– Тыңайтқышың ба ол! Онсызда ыстап болдың ғой. Көрмейсің бе, адам тұрмақ, гүл де сарғайып кетті сенің түтініңнен!

Жасыл жапырақты қытай розасы әлі гүл ашқан жоқ. Қызыл гүл ашатын күнін күтіп жүрмін. Бірақ үстіңгі жапырақтары қурап түсе бастады.

– Мен сені аямайды дейсің бе. Тарсыл-дүрсілден, шам жарығынан ұйқың бұзылатынын білем. Білгенде не істеймін... Темекі тартпай тұра алмайсың, кітап оқымасаң қарайып қаласың.

– Ах, Сембай, Сембай, чудаксың сен...

– Мир без чудаков станет скучным, – дейді Сембай. Көрші бөлмеден біреу қабырғаны тоқылдатады.

– Күңкілдеуді қоясыңдар ма, жоқ па? – дейді.

«Таңертең сүйіп оят мені, сәулем...»

Радионың аузын біреу басып қалғанда, ән булығып естіледі.

Рудный ұйықтамайды. Рудный – ғашықтар қаласы, Рудныйда мың-мың бойдақ жігіт, мың-мың бойжеткен қыз бар. Ол қалай ұйықтасын.



Мен әлгіде ғана баспалдақта тұрып қоштасқан Таңшолпанды сағынып қалғанымды сездім. Жастықты умаждап-умаждап бауырыма бастым...

* * *

Бәрін бастаған Захар болды. «Әділеттік үшін алайық! – деп қоймады. – Біздің жобамызды совнархоздағылар жақтапты. Хамзин қалды айдалада, әділеттік жеңбей қоймайды ғой қашанда».

Мен жылағым келді. Көңілім босап, көкірегім елжіреп, көзіме жас келді. Іште көптен қатқан бір мұз жібіп жөнелгендей. «Осындай бір сезім бойымды қай кез билеп еді? Е, бұдан жиырма жыл бұрын Сәлима апай мені қолымнан жетектеп, мектепке алып келгенде екен ғой...»

– Мұндай жеңіс үшін алып жіберуге болады, – деді Захар.

– Алсақ алайық, – дедім.

Едәуір қызып қалсам да, үйге жақсы жеттім. Есік жабық тұр екен. «Сембай үйде жоқ-ау, сірә» деп кілт іздедім. Шам жақпақ болып, кнопканы сипалап тауып басып қалдым. Шам жанбады. Шырт-шырт дегізіп тағы бір-екі бастым – жанбады. «Лампочканың қылы күйіп кеткен ғой» деп үстелге шығып, патронға қол соза бердім. Қолыма лампочка ілінбеді. Қара патронның өзі үңірейіп тұр екен. Аң-таңмын. Ұйықтап жатқан адамның пысылдаған демі естілді. Қараңғы түпкірге үңіліп, Сембайдың койкасын сипаладым. Қолым аяғына тиді. Екеу емес, төрт аяқ сипалап өттім...


Лампочканы әдейі бұрап алып қойған екен ғой. Шатақ шығарайын деп бір тұрдым да, қойшы деп коридорға шықтым. Ескі креслоға қисайып ұйықтап қалған вахтер қарт:

– Түн ішінде не жүріс бұл? – деп қызыл көзін ашып алды.

О да жақтырмайды. Жалғыздығың есіңе түседі. Терезеден жұлдыз көрінді. «Міне, мен де жалғызбын, – дедім оған мен. – Сен де жалғызсың. Мүмкін, менің іздеген жұлдызым сен шығарсың». Жұлдыз дірілдейді. Суықтан көгеріп кеткен сияқты, тілсіз сұлу сияқты. Үн қатпайды, дір-дір етеді.

Анадайдан ай көрінді. Соғыстың тапшылық жылдарында апай «бала-шағаның қолы жетпесін» деп үйдің төбесіне іліп қойған бетін шала-пұла күйік қарыған жарты таба нан сияқты. Тонның жағасын көтеріп алып тысқа шықтым. Көше шамдарынан алтын кірпік сәулелер шашырайды. Суықтан шам да шақшиып кетіпті. Жарты таба нан сияқты айдың жанынан дірілдеген жұлдыз тағы көрінді. Көз алдыма Таңшолпан көлбеңдейді. Бір сәтке екі бетім ду ете қалды. Аяз емес, жылы леп есіп өткендей болды.

Көше шамдары шақшиып көздерін бажырайта түсті. Жүрек дүрсіл қақты. Бір сағыныш іші-бауырымды баурап әкетті. Мен оған шын сырды,



бар мұңды, мына сағынышты айтып жеткізгім келеді. Қазір айтпасам болмайтындай көрінді. Қазір айтпасам, кешігіп қалатын сияқтымын.

Жүгіріп жатақханаға қайта кіріп, екінші қабатқа жетіп бардым. Таңшолпан есігін қақтым. Көпке дейін жауап болмады. Ақыры шам жағылды. Іш жақтан есікке жай-жай басып келген адам:

– Бұл кім? – деп сұрады.

– Мен Нариман ғой, Таңшолпан.

Үн жоқ. Онан соң:

– Шолпанка жоқ үйде, – деді.

– Қайда кетті, Наташа?

– Білмеймін.

– Алдамаңыз, үйде жатыр, мен білемін. Үн жоқ. Сыбырласқан сияқты. Ақыры біреу есікке жақындады.

– Нариман, бейуақытта жүргеніңіз қалай? Тым болмаса арақ ішпей, сау жүрген уағыңызда келсеңізші! Қазір барып демалыңыз. Шаруа дейсіз бе? Шаруаңыз болса, әлі уақыт бар ғой...

– Таңшолпан!

– Қойыңыз, ағай, ұят мұныңыз! Көршілерден ұят. Өтінемін сізден, барыңыз...

– Таңшолпан!

– Естияр адам, қалай түсінбейсіз! Сіз осындай ма едіңіз!

«Қарай гөр мұның тәкаппарын сонша! Әлдекандай бола қалуын шіркіннің. Кеше ғана емес пе еді мойныма оралғаның...»

Осы ызамен келіп Сембайды бас салып, жанындағы жәлебімен қоса қуып шығайын дегенім. Асүйдің лампочкасын шығарып алып салып, шамды жарқ еткізіп жағып жібердім...

Бір тайды жарып жеген арландай болып көсіліп жатыр Сембай. Қос ұрты көріктей боп бір көтеріліп, бір басылады. Жатысынан тоқшылық белгісі білінеді.

Жанында ешкім жоқ. Тек еденде папиростың қызыл бояу жұққан ұштықтары ғана жатыр.

Тұман жайлаған басыма сумаң етіп бір ой жетіп келді, тіпті қуанып та қалдым. Көз алдымда күлімсіреп, көзі төңкеріліп, төсі томпайып Ақбілек тұр еді. Қайран Ақбілек! Қадіріңді қалай білмегем! Сен ғана мені түсінетін. Сен ғана мені кеудемнен итермейтін! Сұлу сенсің, Ақбілек!

Ауылдағы Мұсақұл атай жылқы қайырып жүріп:

«Жақсының көңілі жұмсақ сарымайдан» деп өлең айтушы еді. О, аруағыңнан айналайын атам-ай, талай рет тайға мінгізіп едің-ау.

«Жақсының көңілі жұмсақ сарымайдан» деуші еді. Таңсық боп жүрген Таңшолпан қара тастай қатты ғой, қарағым-ау. Көкі-



регімнен итергендей болды-ау. Жақсы болса, жұмсақ болмай ма! Көңілі сарымайдай жұмсақ Ақбілек қой, шіркін! Жетекшіл тайлақ секілді. Асығам саған, Ақбілек! Күлгенде алтын тісі арайланған Ақбілек!

Ақбілек салт басы жеке пәтерде тұрушы еді. Бақандай инженер басыммен мен жеке пәтерге жете алмай жүргенде, осы жұрт епті, әйтеуір... Ақбілек бұрыннан үйіне мені қонаққа шақырып жүруші еді. Мен асханаға тамақтануға барған сайын:

– Үйдің тамағына не жетсін! Кел, қонақ бол, пельмен жасайық, – деуші еді. Онысы ұнамайтын. Әлдене арамызда өткел бермес апандай алшақ жатқандай болатын. Ақ сазандай қыз шақырғанда бұлаңдамайтын, құламайтын жігіт бола ма, тәйірі! Мені айтсайшы осы күнге дейін сіресіп жүрген. Менен басқа біреу болса осы күнге дейін қасарысқан Хамзиннің қас-қабағын жібітіп алар еді. Апыр-ау, Ақбілекті салсамшы араға баяғыдан бері. Хамзин сияқты бір ала алмас қамалдарды қу сирақтан ұрып құлататын Ақбілек қой ол!

Аяз қысқан ақ қарды қарш-қарш басып, ентелеп келе жатқаным сонша, көшенің көздері жыпылықтады. Биік бағаналар басындағы лампалар менің екпінімнен ығысқандай еді, Ақбілек қазір құшағын айқара ашып, ақ мамықтың үстіне құшақтап құлай кететіндей, аңсар айдап, арсаландап асыға басып келемін. Қар қарш-қарш етеді. Қар әлдене айтқысы келеді.


Төрт қабатты үлкен сары үйді айнала беріп, ауласына кіре келсем, бірінші қабаттағы Ақбілектің терезесінде жарық тұр.

«Әлі ұйықтамаған ба?» Терезенің ақ пердесі шетінен сәл қайырылып қалған екен. Бір көзіммен сол жерге жабыса қалдым.

Арақ араласып алқына аққан қан тамыр-тамырымда табан астында мұз болып қатып қалғандай, тұла бойымды суық қыстап, қалш-қалш еткенімді сездім. Үйдің ортасында ішкөйлекті Ақбілек еңгезердей еркектің тізесін құшақтап, ағыл-тегіл жасы ағып, тізерлеп тұр екен. Еркек аяғымен Ақбілекті итеріп тастап бері бұрылғанда, Хамзин мені көріп қалғандай болды. Тұра кеп қаштым. Қалың қол қаптап қуып келе жатқандай болды. Қаршылдаған қардың жаңғырығы бүкіл қалаға естіліп тұрғандай еді.

«Құдайым-ау, ертең Таңшолпанның бетін қайтіп көремін! Мені қандай әзәзіл айналдырды! Өзімше, ел қамын жеп еңіреген ердің бірімін десем, есектің айғырындай есі кетіп, түн сүзгілеген есірік екенмін ғой!»

Жоғарыдан қалтырап жалғыз жұлдыз көрінді. О да әлдеқайда секіріп қашып бара жатқан секілді. Түн іші, көшені жаңғырықтырып жүгіріп келе жатқан жалғыз мен. Жалтылдап жатқан жұлдызды қардан жүз шайтан шапшып тұрып, өкшелей қуып келе жатқандай мені шыннан-ақ үрей билеп әкетті.



Жүгіріп жатақхананың есігіне кіріп келгенде жоғарғы қуыстан екі жасыл бірдеңе ағып түсті. Тарғыл мысық менің мұнша оқыс кіргенімнен шошып кетсе керек.

Үйге кіріп «уһ» дедім.

Өңімнің өзінде шым-шытырық, құбыжық түс көрген сияқтымын.

IX

Жер астынан өкіріп-бақырып, азынап айқайлап Кайнозойдың өзі шығып келе жатқандай еді. Мына ақ түнек соның солқылдата шапқан шабысынан шыққан ақ будақ сияқты.

Машиналар фарларын жағып жүреді. Жер астынан отты көз кайнозой дүниесі көшіп келеді. Ихтиозавр, динозавр, тағы да қандай «заврлар» бар, үдере тұрып келеді.

Сарыбайға мұндай түнек тұман көптен бері түскен емес. Перфараторлар қазір тарғыл тасты емес, ақ тұманды тесіп жатқандай. Бурмашиналар дию дуалап қойған дәулердей қара жерді тоқпақтайды да жатады. Ал адасып қалған электровозды әлдекім алқымынан алып буындырғандай ақ тұман арасынан даусы әлсін-әлсін еңіреп-еңіреп естіледі.

Осы айқай-шу, дүрсіл-гүрсіл дыбыстар болмаса, мына ақ меңіреу ортасында жалғыз тұрып жынданып кетер ме едім деп ойлаймын. Ақ түнек басты айналдырып, адамның кеудесіндегі отын өшіріп, самарқау, салғырт бір сарсаң сәтке ұшыратады.

Алдымнан от көрінді. Жақындап барсам, жанып жатқан үйдей домбаз кесек екен. Лаулаған отқа оқтын-оқтын жермай құйып қойып Захар тұр.

– Мұның не, Захар?

– Күншуақтап тұрмыз.

Батып кеткен экскаваторын жер астынан аршып алған түрі. Экскаватор емес, үйдей тоң балшық. Енді Захар соның тоңын жібітіп, өртеп жатыр. Сүйменмен соққылап тоңын аршиды. Қашан аршып болады құдай білсін.

Оттың қызуы күшті еді. Сүймен соққан Захардың беті жіпсіп кетіпті. Мен отқа алақанымды тостым. Кеудемде жүрек емес, мұп-мұздай зіл қара тас жатқандай – жылынар ма екен деймін. Әнеугүнгі масқара түннен кейін өз бармағымды шайнай берем. Есіме алсам, тұла бойым қалшылдап, басымды шайқай берем.

– Захар, әнеугүні арақты бекер іштік.

– Бекерден бекер ішілмейді.

– Содан бері аурумын.

– Жазыласың. Дерттің бәрі жазылады әлі.

– Жаман болды.

– Жақсылық та болады.



Захар жарым шелек жермайды тоңның үстіне шашып кеп жіберді. Үлкен шардай қызыл жалын лап ете қалды. Экскаватордың қара кесек кебіні жіпсіп жыланбауырдан қоймалжың су жылап ақты. Захар мен Үсен екі жақтап жіпсіген тоңды сүйменмен тоқпақтады. Сонда экскаватор бүгін көрінбей қалған күн орнына күн болғысы келгендей алаулады.

«Таңшолпандар карьердің терістігіндегі беткейде жүруші еді. Қалың тұман арасынан мына жалын оған көрінер ме екен. Саған жолдаған жалынды сәлемім болсын, сәулем! Менің жанымның күйзелісін білер ме едің, сәулем! Қарғыс атқыр әнеубір түнде сен мені түсінбедің. Түн ішінде есігіңді тоқпақтаған менікі де иттік енді, бірақ саған сонда айта алмай жүрген арманымды айтам десем керек. Оны сен түсінбедің. Ал сенен шыға салысымен Ақбілекке жүгіргенім ақымақтық, әрине. Сол бір ағат баскан адым арым мен жанымды жегідей жеп барады. Қападан қысылғаным сонша, мені көрген адамдар: «Ауырып жүрсің бе?» – деп сұрайды. Тәңірім-ау, аурумын ба мен! Мына елу экскаватор қазып бола алмай жатқан Кайнозой қыртыстарын бір өзім аршып тастайтын күш табылар менен, тек адам деші мені, Таңшолпан! Сүйем деші!»

Ақ тұман азапқа салып қысқандай болып, алып автомашиналардың үні өршіді. Жылан сорған бақаның жанұшырған даусындай.

– «Буйволдар» ма, қайран, – деді Захар.

– «Буйволдар», – деді Үсен сүйменге сүйеніп тұрған ақ түнектің арасына көз тігіп. – Ferrit тасып жатыр.

– Ferrit – Менделеев жүйесіндегі сегізінші топқа жататын элемент. Реттік нөмірі – 26. Атомдық салмағы – 55,85, – деді Захар.

–Біздің комсомол ұйымының хатшысы химияға қиын, – деді Үсен өз машинисін қағытып.

– Күл, күлме – қоғамдық университет талай пайда беріп жүр ғой, – деді Захар.

– Біздің экскаватор Ferrit-ке батпақ арқылы жетіп қайтты, – деді Үсен.


– Асықпа, бұл әлі азуын салар Ferrit-ыңа, солай ма, Нариман? Немене, өңің сынық қой, – деді Захар.

– Әкеугүні арақты бекер ішіп қойдық, – дедім мен.

– Ештеңе бүлінген жоқ қой одан. Оқта-текте комсомолдарға татып қоюға болады. Мұны мына хатшы мен айтып тұрмын. Әлде бірдеңе бүлдірдің бе?

– Жоқ, жай ауырып жүрмін.

Ақ тұманның арасын азынатып айналма жолмен «МАЗ»-дар көтеріле берді. Мойындарын тұқыртып, шіреніп тұрған буйволдары бар тұмсықтарында. Бұл «МАЗ»-дың эмблемасы. Шынында да, өкіріп-бақырып өрге шығып келе жатқан керемет өгіздердей. Өлген сиырдың сүйегін көріп өкірген өгіздердей.



Жер солқылдағандай болады. Тізіле шыққан «буйволдардан» жер тітіренгендей еді. Қызыл жалын лап ете қалды. Захар жарым шелек керосинді тоңның үстіне тағы шашып жіберіп еді. Жоғары горизонттан әлдене гүрс еткендей болды. Жүрегім су ете қалды. Жоқ, жай дыбыс шығар. «Козырек» жоқ сияқты еді ғой.

Захар мен Үсен де құлақ түре қалды. Екеуі де маған қарады. Ақтұман тымпи ойнағандай міз бақпады.

Айналма жолмен жоғары қарай тұра кеп жүгірдім. Жүрегім алқынып, үстім алаулап, өртеніп бара жатқандай едім. Қара тонды жүгіріп бара жатып шешіп алып, лақтырып жібердім. Алдымнан дабыр-дұбыр дауыстар, айқай-шу естілді.

– Рацияға жүгіріңдер, рацияға! – деді әлдекім.

– Жүз бесінші жақын, сондағы рацияға жетіңдер!

– Тез, тез!

Менің буын-буыным былқ-сылқ етіп, аяғым денемді көтере алмай екі-үш рет етпетімнен құлап тұрдым. Ақыры алдымнан шоғыр көрінді. Бір жағына қисая құлаған бульдозердің едәуір жерін топырақ басып қалыпты. «Сембай! Соның бульдозері ғой!»

Алқынып жетіп барғанымда, адамдар маған қарады. Мен оларға қарай алмадым. Орталарында шалқасынан түсіп Сембай жатыр. Аузы-мұрнынан жылжып қан ағады.

Адамдар менен бұрылып кетті. Мені елемегендей. Бар-жоғыммен ісі жоқ. «МАЗ»-дардың шопырлары. Біреу иығымнан тартты. Анада менің тонымммен жаны қалған «МАЗ»-дың иесі екен.

– Тоның қайда, тер қатып өлесің ғой, – деді.

– Өлмегенде не қалды, – дедім мен.

– «Козыректі» байқамаған екенсің ғой. Байқайтын да күн емес, қалың тұман.

– Удай мас екен. Бульдозердің ішіне кіріп, «козыректің» астында тұрып ұйықтап қалыпты.

– Жанында бөтелкесі де жатыр.

– Тірі ме өзі? – деп айқайлап жібердім.

– Тірі, тірі!

«КРАЗ»-бен салып ұрып Диденко жетіп келді.

– Құрыдық енді! – деді.

«КРАЗ»-дың бортын ашып, адамдар Сембайды кузовқа көтеріп салды. «Қаладан жедел көмек машинасы жеткенше күтіп тұру болмас», – деді Диденко.

Опырылған жарқабақтан бу шығып жатқан сияқты. Бульдозерді көмгісі келгендей үйіле құлаған топырақтың бойында жылылық қайдан пайда болған деймін-ау.



«Қош бол, Сарыбай. Қош бол, армандарым. Күндіз-түні ұйқысыз өтіп, сызу сызып, толғақпен кеткен кездер, сендер де қош болыңдар. Сарыбайды судан арылтамын деген арманым, сен де қош бол. Енді ол іс өзінен-өзі өшеді. Қош бол, Таңшолпан. Менің аз күнгі қуанышым. Қош бол, менің бақытты минуттарым. Нариман енді түрмеден бір-ақ шығады».

Захар мен Үсен келді. Захар менің жолда қалған тонымды ала келіпті. Үстіме жапты.

– Көтер басыңды! – деді. Даусы қатты шықты.

– Сен еркексің ғой! – деді тағы да.

Төменнен сарғыш бір нәрсе көрінді. Захардың экскаваторы ғой. Осы жатысында отқа оранып жатыр. Тұманнан сәл-сәл ғана көрінеді. Менің де тұлабойым қазір тоң болып қатып қалған сияқты. Мына тұрған екі адам сол тоңды жібіткісі келгендей.

– Еңсеңді түсірме! – дейді Захар.

– Сембайдың ішкіш екені әлемге аян, – дейді Үсен.

Оның ішкіштігінде ме қазір мәселе. Мен смена мастерімін. Бұл ойранның бәрі менің участогімде, менің кезегімде болды ғой. Апыр-ай, көзім көрмейтін боп қалған ба, «козырек» жоқ еді ғой. Сембайдың бульдозері жүз бесіншінің жанында жүрген. Осы арадан өткенімде «козырек» жоқ сияқты болатын!

– Тұман ғой, – дейді Захар.


Карьердің шығыс жағынан электровоз айқайлады. Маған Жаббас атайдың төрткөз төбеті ұлығандай боп естілді.

* * *

«З-э-э-э». Тағы да «З-э-э-э». Бөлме ішінде басқа дыбыс жоқ. Сембай ауруханада. Оның төсегінің тұсындағы Лала сөйлемейді. Сембайдың баржоғы оған бәрібір сияқты. Әлі ақсия күліп тұр. Сембайдың мертіккеніне өкінбейтін сияқты.

«З-э-э-э». Апыр-ай, осы уақытта да шыбын болады екен-ау. Әлде көктем шығайын дегені ме? Бүгін терезе алдынан осы бір «З-э-э-э» кетпей қойды. Тұрып барып үнін өшірейін десем, бойым біртүрлі езіліп дел-сал, тұрғым келмейді. Бірақ мына бір сұңқылдақ ызың маза да бермейді. Дүниенің бәрін ұмытып, осылай бір жатсам деп едім. Не бар енді, бітті ғой бәрі. Ертең бе, бүрсігүні ме, комсомол жиналысы болады. Бәлкім, комсомолдан шығарып жіберер. Әрине. Түрмеге отырғызар болса, комсомолдық билетті алып қалып отырғызады ғой.

Не бар енді, бітті ғой бәрі. Жалғыз-ақ анамды сағынамын. Осы жаз демалыс алып барамын ғой деп жүруші едім. Енді көрісе алмайтын болдық қой... Ана байғұстікі сол ғой. Азаптан арылмағанын айтсаңшы. Ананың



аппақ ақ сүтін, балдан тәтті сүтін еміп өсіп, өскен соң оған қап-қара қайғы мен ап-ащы күйік жасын бергеннен артық нәлеттілік бар ма?

«З-э-э-э». Шыдай алмай атып тұрдым. Жазда, жалғыз апаңнан туған жиендерің құсап, асыр салып, аузы-мұрныңа қонып маза бермей талтаңдаған шыбындарды шиыршықталған газетпен сарт-сарт сабап қырушы едім. Бұ жолы да: «Сені құртайын» деп тұра ұмтылдым.

Жалғыз шыбын көзі кіртиіп, кірпігі әрең қимылдайды. Іші ауырғанда әжетке отырған адам құсап, бір қонған жерінде анда-санда бір күшеніп қойып тапжылмай отыр. Қалтылдап отырғанын көрген соң ұра алмадым. Қара шыбын анда-санда артқы екі аяғын қимылдатып желсізде жатып қалған желкендей мөлдір қанатын сипалап жуғандай болады. Шыбындар суықтан қырылар алдында өздерін өздері арулайды. Олар бірінің аузына бірі су тамызғанды білмейді.

Есік тықылдады.

– Да-а-а! – дедім мен койкада жатқан күйі.

– Саламатсыз ба, Нариман, – деді таныс дауыс.

Ұшып тұрдым. Аяғымда пимам, үстімде тоным шешілмегенін сонда бір-ақ байқап, жерге кіріп кете жаздадым.

Таңшолпан маған таңдана қарап қалыпты. Жақындап келіп, жуынбаған, қырынбаған түріме қарап тұрып, үндеместен қара тонның екі жағасынан алып, шеш дегендей ишарат білдірді. Апарып іліп қойды. Жұп-жұмсақ қолымен, дүрдиген шашымды салалап сипады. Шашым қайратты еді: апыр-ау, жібектей қолына түрпідей тиді-ау деп тұрмын.

– Сен маған өкпелеп жүрсің бе, Нариман?

– Не үшін?

– Әнеугүні түні есік ашпай қойғаным үшін.

– Кешір, Таңшолпан, менікі білместік болды.

– Ештеңе етпейді.

– Менің басымда жағымсыз жағдайлар болып тұр.

– Аварияны айтасың ба?

– Иә.

Таңшолпан Сембайдың койкасына қарады. Лалаға қарады. Лала қылымсып күлгенін қояр емес. Сембайды жоқтайтын ол жоқ.

– Жүнжіме, – деді Таңшолпан. Тұп-тұнық көзі көзіме тура қарады. – Сен кінәлі емессің Нариман.

– О, елдің бәрі сен сияқты ойласа...

– Бәрі болмаса да, көбі солай ойлайды. Мен бүгін комсомол комитетінде болдым. Бәрінің аузында бір-ақ сөз: авария. Ондағылар сені ақтап алуға келісіп отыр. Қорықпа.

Таңшолпан терезе алдындағы қытай розасын ұстап көрді. Жапырағы бүрісіп, сарғыш тартып барады екен. Су құюды да ұмытып кеткен



екенбіз. Таңшолпан оның топырағына Сембай шаншып тастаған папирос ұштықтарын теріп алды. Топырағын пышақпен қопсытты.

– Кухнядан су әкеле ғой, Нариман.

Ұша кеп жөнелдім. Кухнядан кәстрөл көтеріп келе жатқан біреуді қағып кете жаздадым. «Авариясыз жүре алмайсың-ау», – дедім өзіме өзім.

X

Совнархоздан бұйрық келгелі бері Захар екеуміз карьер сыртынан канал қазуға кірістік. Канал қазуға бізден басқа алты экскаватор тұрды, эксперимент басталды.

Хамзин шапқылап жүр. Арызы Мәскеуге да кетіп жатқан көрінеді. «Данаевтың жаңалық ашуы деген қып-қызыл зиян. Оның өзі авария жасаған, сотталатын адам. Бірақ мұндағы кейбіреулердің либералдығынан экскаваторшының көмекшісі боп қалдырылды. Сондай адамның сандырағына бола қыруар күш текке арамтер», – деп жазбаған жері жоқ.

Әйтсе де совнархоздан бұйрық келді.

Бүгін таңертеңнен бері карьер түбіне «ЗИЛ»-дер ағылуда. Қаттырақ жүрсе апатқа ұшырайтындай, өте ақырын жылжиды. Олар «ВВ» тасып барады. «ВВ» – жарылғыш заттар. Кузовтар тола динамит, тротил...

Мен Таңшолпан кеткен Қостанай жаққа қарай беремін.

Кеше пойызға шығарып салдым. Практикасы өте шықты. Институт та қызық-ау. Практиканы да жарымағандай етіп береді. Мейлі, оған өкінбеймін. Енді қалған мемлекеттік емтиханы тезірек бітсе екен деп тілеймін. Рудник оған шақырту қағаз жіберетін болып келісті. Жұмысқа осында жолдама алатын болды.


Таңшолпан кеткен шығыс жақты көгілдір тау көлегейлеп тұр. Кайнозой дәуірінде осы өңірде қарт Оралдың сілемдері бар екен деседі. Бірақ мұз тасқыны заманында жермен-жексен жоғалып кеткен ғой. Сол жоғалған тау жер бетіне қайта оралғандай. Кайнозой қайта шыққандай.

Сарыбай карьерінен шыққан жыныс көгілдір тау болып көлбеп жатыр.

Бүгін аспан ерекше ашық. Жерде әлі қар жатса да, аспан түріне қарап, осы көктем алыс емес-ау деп қаласың.

Әлден уақыттан кейін сирена айқайлады. Бәріміз жұмысты тоқтатып, карьерден шықтық. Карьердің ендігі қожалары – дәрі жарғыштар. Бүгін сериялық жарылыс. Сирена да сондықтан созып-созып қайта-қайта боздап тұр.

Карьерде біреу-міреу қалып қоймады ма екен дегендей, қолға іліккен самосвалға міне салып, Диденко горизонт-горизонттың бәрін тінткілеп жүр.



Сирена боздайды. Бұ жолы әдеттегіден өзгеше, әлдебір ұлы оқиға күткендей ұзақ күңіренді.

Аспан – көкпеңбек, жер – аппақ. Ұдайы жаманшылық тілейтін алақарғалардың өзі де мына маужыраған дүниеге қуанғандай, бірін-бірі қуалап ойнайды. Тек сирена боздағанда ғана, әлденеден сескенгендей алыстай ұшады.

– Сен қамықпа, Нариман, – деді Захар. Мына әлжуаз әсем дүниеге менің әуестене қарай қалғанымды ол өзінше түсінсе керек.

– Қамықпа, смена мастері болмаған адам өледі ғой дейсің бе. Бәрі де уақытша. Экскаваторшының көмекшісі болып қалдым деп шамданба. Оңай емес, әрине, мен түсінемін.

– Қамығып жүрген жоқпын.

– Соның дұрыс. Әлі-ақ жақсылық жақын. Карьер құрғату жобасы жеңді деп есептей бер. Мына қазір жарылатын сериялы қопарылыс тегіннен-тегін емес. Енді карьер судан тазаратынына комбинаттың көзі жетті. Сондықтан руда қабатына батыл шабуылға көшкелі отыр.

– Мен шамданып та жүрген жоқпын.

– Соның дұрыс. Азын-аулақ қиыншылық өтті басыңнан. Ол мына қазір бұлтсыз күннің күркіреуі сияқты неме ғой. Қазір қарап тұршы: күн күркірейді, найзағай жарқылдайды. Ал аспан болса ашық.

Карьер жағасы толған адам. Қазаншұңқырдан бәрі қашып шықты. Машина өтіп, адам жүрген жусаны жалаңаштанып, қары қағылып қалып жатыр. Лезде әлдеқайдан шоқыбас торғайлар ұшып келіп, ақ дастарқанға саулап түскен жусанның былбыраған қауызын жабыла шоқып, шоқандасып жүр. Ал шығыстағы көгілдір тау үстінен қалқып ұшқан мұзбалақ бүркіт – алып мұхиттардың ақжал толқындарымен ойнайтын альбатрос сияқты қанатын көпке дейін қақпай, ауаны қарасұр қанжармен қақ жарып келе жатқанда қалықтайды.

Мойынтұрық қажаған жауырына шыбын қонған өгіздің арқасындай жер дір-дір ете қалды. Оны анық сездік. Аспанда қалықтаған әлгі қыран әлдебір дауыл соққандай көгілдір таудан әрі шүйіліп барып жоқ болды. Әлгіде ғана той-тойлап жатқан шоқыбас торғайлар уыстап алып шашып кеп жіберген кесектей тым-тырақай ұша жөнелді.

Жер тағы дір-дір етті де, карьер түбі гүрс-гүрс ете қалды. Құлақ тұнғандай болды. Зау аспанға ақ түтін атып-атып шықты. Әлдебір дәу карьер түбінде гүрс-гүрс жүн сабап жатқандай, мына будақ сол дәудің сабауының ұшына іліне ұшқан түтілме жібек сияқты.

Ендігі гүріл бір-біріне ұласып, аспан астын күңірентіп әкетті. Сәуірде аспанның о шеті мен бұ шетіне дейін күркіреп өткен күн сияқты. Карьер үстін ақ тұман басып, арасынан анда-санда от жарқ-жұрқ етті. Жердің қарны жарылып, ар жағынан орасан от лап-лап



бергендей болды. Тайқазандай тастар аспанға атылды. От ойнап жарқ-жұрқ етті.

– Көрдің бе, – деді Захар. – Дүние бұлқан-талқан боп жатыр, ал аспан ашық...

– Сарыбай осы сәтті миллион жыл күтіп жатты-ау, – дедім мен.

– Смена мастерлігінен экскаваторшы көмекшісіне дейін төмендетілген бір инженердің инициативасы болмағанда тағы біраз күтіп жататын еді, – деді Захар.

– Әділеттік керек, Захар. Инициатива сенікі.

– Жарайды, инициативаға ортақ болайық, ал еңбек сенікі, Нариман.

Динамит пен тротилдің соңғы сериялары гүрілдеп өтті. Сирена отбой берді.

СТАЛИНГЕ ХАТ

Екі бөлімді тарихи диалог

Қатынасушылар:

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – РСФСР Совнарком төрағасының орынбасары
СТАЛИН – генсек
ТҮЙМЕТАЙ – Рысқұловтың қарындасы
ӘЗИЗА – Рысқұловтың әйелі
ӘРИФА – Рысқұловтың енесі, Әзизаның шешесі
НҰРБЕДЕЛ – Түйметайдың үлкен баласы, 12 жаста
ЕСКЕНДІР – Рысқұловтың баласы, 12 жаста
РАШИД,ШӘМІЛ – Әрифаның балалары, 14 – 12 жаста
ИМАН – колхоз бастығы
УӘКІЛ
ЖҮКШІ
ҚЫЗЫЛ ФУРАЖКЕЛІ
ХАТШЫ

«Действовать здесь насильем – значит погубить все дело. Здесь нужна работа длительного воспитания... Задача здесь сводится не к экспроприации среднего крестьянина, а к тому, чтобы учесть особенные условия жизни крестьянина, к тому, чтобы учиться у крестьян способом перехода к лучшему строго и не сметь командовать!»

В. И. Ленин. т. 38. с. 200-201.

«Лучше пересолить, чем недосолить».

Ф. И. Голощекин, Қазкрайкомның V пленумында жасаған баяндамасынан

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сурет

Кремль. Сталиннің кабинеті. Сталин терезеден сыртқа қарап, трубкасын әлдеқалай қалт ұстап, тың тыңдап қалғандай. Алыстан талып күй естілді – «Көбік шашқан» әлде «Ақбай». Күй дауылдап барып басыла бере – хор даусы шығады. Бейтаныс қаһарлы әрі зарлы әуенге Сталин аң-таң болып тұрған кезде еңселі, ауыр есік ашылып, ішке Рысқұлов кіреді.

Р ы с қ ұ л о в. Сәлеметсіз бе, Иосиф Виссарионович!

С т а л и н *(сөйлеме дегендей қолымен жасқап, әлі тың тыңдап тұрады. Хор баяулап бара жатады. Сталин сонда ғана бұрылып).* Естідің бе, Тұрар Рысқұлович? Әне!

Р ы с қ ұ л о в *(түсінбей).* Ол не, Иосиф Виссарионович?

С т а л и н *(үндемей түнеріп, баяулап бара жатқан хорды тыңдап).* Ғажап! Демек сен естіп тұрған жоқсың?

Р ы с қ ұ л о в. Нені, Иосиф Виссарионович?

С т а л и н *(енді Рысқұловқа үнсіз ұзақ қарап).* Әлде радио ма? Жоқ, радио сөйлеп тұрған жоқ. Қаһарлы, зарлы музыка. *(Рысқұловқа тағы тесіле қарап.)* Сенімен ілесе келген сияқты әлгі бір ғажап үн...

Р ы с қ ұ л о в *(таңырқағандай).* Мен жалғызбын. Менде қандай музыка болушы еді? Шаршағандікі шығар, Иосиф Виссарионович.

С т а л и н *(жақтырмай).* Немене, маған қос көрінді деп тұрсың ба? Сталиннің денсаулығы, құдайға шүкір, мықты. Сталин – Сталин болуға тиіс. Егер ол қажыса – не болады? А?!

Р ы с қ ұ л о в. Деніңіз әмәнда сау болсын, Иосиф Виссарионович! Бірақ бәріміз де өзекті жанбыз. Жұмыс ауыр дегенім ғой.

С т а л и н *(сәл жұмсарғандай).* Оның рас. Жұмыстың шегі жоқ. КСРО – ұлы мемлекет, Рысқұлов. Және оның жауы көп. Сыртта да, іште де. *(Рысқұловқа қара трубкасын кезеп).* Сен ғой кезінде Түркістанды басқардың. Айтыстың, тартыстың, арпалыстың. Кімдермен?

Р ы с қ ұ л о в. Лениндік қағидаларды бұрмалаушылармен, солшыл-эсэрлер, максималистер, жергілікті байлармен, басмашылармен, көп қой...

С т а л и н. Ә, көрдің бе? Бір ғана Түркістанда. Ал КСРО-да ше?

Р ы с қ ұ л о в. Түсінемін, жолдас Сталин.

С т а л и н *(бұрқ етіп)*. Түсінемін. Түсінбейсіңдер. Ұлы мақсат жолында кесе-көлденең тұрғандарды ысырып тастағаны үшін Сталинді қатал дейсіңдер!

Р ы с қ ұ л о в. Әрине, қатал тәртіп өте керек. Бірақ сол қаталдықтың қаһарында әділетсіздік қайқаңдамаса болғаны ғой.

С т а л и н. Онымен не айтқың келеді? Қай әділетсіздік айтып тұрғаның?

Р ы с қ ұ л о в *(о да ширығып)*. Қазақстандағы дәл қазіргі жағдай, жолдас Сталин. Осыдан екі апта бұрын сол жағдайды айтып, мен Сіздің атыңызға екінші рет хат тапсырғанмын. Қазір де келіп тұрғаным – сол хаттың тағдырын білу.

Екінші сурет

Мәскеу. 1932 жыл. Желтоқсан. Қазан вокзалы. Ығы-жығы шыжандай халық. Еуропаша киінген адамдар. Солардың арасында жүдеу реңді азаматтар. Көбісі қазақтарға ұқсайды. «Алматы – Мәскеу» пойызы келіп тоқтайды. Бір вагоннан басын қалың қоңыр орамалмен шандыған, қара шапанды белбеумен буған, иығында қоржыны, кеудесінде емізулі бала, қолында жетектеген бір бала, артынан еріп, етегінен ұстаған үйелмелі-сүйелмелі үш бала вагоннан ұбап-шұбап түседі. Қайда барарын білмей биік үйлерге, ығы-жығы халыққа, азынаған паровоздарға аңыра қарап тұрған Түйметайға қоларбасы бар жүкші жақындап келеді.

Ж ү к ш і. Әни, қайда барыйсыз? Куда?

Т ү й м е т а й. Е, айналайын, мұсылман екенсің. Қазір. *(Емшектегі баланы ересек ұлына ұстата салып, қойнынан шүберек алып, түйінін шешіп, бүктеулі қағаз ұсынады.)* Міне!

Ж ү к ш і *(оқиды)*. Сов-нар-ком. Тұрар Рыс-құл-ов. *(Түйметайға, одан балаларға таңдана қарап.)* Тігінен Совнаркомға! Oh-o! Знакомый что-ли? Сен сияқты шұбырғандар бәрі Совнаркомға бара берсе не болады?



Т ү й м е т а й *(емшектегі жылаған баланы қолына қайта алып).* Жөн сілтеп жібер, айналайын. Мұсылман екенсің. Құдай тілеуіңді берсін.

Ж ү к ш і. Eh-e, сенімен мылжыңдасып тұрамын деп жұмыстан қалдым. Жолаушылар бәрі кетіп қалды. Шәй-пұлдан қалдым. Совнарком диларлар, еще чего не хватало! *(Қоларбасын итеріп кете барады.)* Кімге жәрдем керек? Кімге көмек керек?

Т ү й м е т а й. Енді қайттім?

Паровоздар айқайлайды. Радио сампылдайды: «Оныншы жолға «Ташкент – Мәскеу» пойызы келіп тоқтады. Жолдастар, пойыздан сақ болыңыздар!» Жүкші қайтып келеді. Қоларбасы бос.

Ж ү к ш і. Сиңә суйләшкаш, акчадан айырылған мин, бит. Барысы да киткән. Әкел ана қоржыныңды, ұтырғыз малайларны арбаға. Начальник белә Совнаркомды. Әйда, китәбез.

Вокзал бастығы қызыл фуражкелі орыс. Хатты оқиды, Түйметайға, балаларға біраз қарап тұрады да, қиналған кейіппен, орысшалап әлденені бір боқтап, телефонға қол созады.

Қ ы з ы л ф у р а ж к е л і. Алло, алло! Совнарком кезекшісі ме? Иә? Бұл Қазан вокзалынан. Мұнда бір киргиздар келіп тұр. Рысқұлов жолдасты сұрайды. Қалай? Қалай? Иә, Рысқұлов жолдасты. *(Телефон тұтқасын қолымен басып тұрып, Түйметайға бұрылып.)* Как звать? Как фамилия?

Т ү й м е т а й *(жүкшіге қарап).* Не дейді?

Ж ү к ш і. Исемең ким диларлер. Исемең?

Т ү й м е т а й. Менің атым Түйметай...

Ж ү к ш і. Түй-ме-тай, товарищ начальник!

Қ ы з ы л ф у р а ж к е л і *(телефонмен).* Тюй... Тюй-метай. *(Тұтқаны құлағына ұстап, күтіп тұрады.)*

Жарық Рысқұловтың кабинетіне түседі. Хатшы кіреді.

Х а т ш ы. Тұрар Рысқұлович, сізбен совнарком кезекшісі сөйлеспек.

Р ы с қ ұ л о в. Тыңдап тұрмын.

К е з е к ш і. Сізбен Қазан вокзалының бастығы сөйлеспек.

Қ ы з ы л ф у р а ж к е л і. Жолдас Рысқұлов. Кешіріңіз. Мен Қазан вокзалының начальнигі. Мұнда сізді бір әйел сұрайды. Тюй-метай.

Р ы с қ ұ л о в. Кім, кім?

Қ ы з ы л ф у р а ж к е л і. Тюй-ме-тай.

Р ы с қ ұ л о в *(аң-таң).* Сол кісіге тұтқаны беріңіз.

Қ ы з ы л ф у р а ж к е л і *(Түйметайға).* Сөйлес. Бірақ көп ұстама. Телефон служебный.

Т ү й м е т а й. Иә, иә. Мен, мен Түйметаймын ғой. Тұрарсың ба? Мен жалғыз бауырың Түйметаймын ғой. О, қу құдай! *(Аңырап жылап жібереді.)*

Р ы с қ ұ л о в *(аңырып тұрып қалады).* Жылама. Не боп қалды?

Т ү й м е т а й. Күйеу балаң өлді. Ұбап-шұбап, қаңғырып қалдық. Ұбап-шұбап жеттік, шықпаған жан...

Р ы с қ ұ л о в *(күрсініп).* Болды, айқайлап жылай берме. Ауыл емес бұл. Мен қазір барамын. Сол жерден шықпай отыр. Адасып кетесің. Телефонды бастыққа бер. *(Қызыл фуражкеге.)* Никуда не отпускайте их. Я сейчас приеду.

Қ ы з ы л ф у р а ж к е л і. Есть, товарищ Рыскулов!

Үшінші сурет

Мәскеу. Неглинная көшесі. Рысқұловтың пәтері. Кең залдың іші у-шу. Шақыр-шұқыр қасық-тәрелкелер дыбысы. Үлкен үстел басында Түйметайдың балалары тамаққа бас қойған.

Ә р и ф а. Е, құдайым, бұл елге не болған? Алматыдан біз кеткенде ел аман, жұрт тыныш, халық тоқшылық еді ғой? Не болды, құдаша, айтсаңшы...

Т ү й м е т а й. Құдағи, несін айтайын, былтырдан бері бір ызғар соғып тұр ғой. *(Үстел басында шарт-шұрт бола қалады.)* Нұрбедел, жүгермек, не бүлдіріп қойдың? Тыныш отыр, ойбай!

Р а ш и д. Мына бала менің самсамды тартып алды. *(Жыламсырайды.)*

Н ұ р б е д е л. Иә, өтірік айтады.

Ә р и ф а. Ух, қаһар сұққан! Бұлар келмей жатып сойқан шығарса, күніміз не болады? Әзиза... *(Асүй жақтан Әзиза шығады.)*

Ә з и з а. Не, мама?

Ә р и ф а. Тағын самса келтір бұл қазақларға. *(Әзиза состиып тұрып, бұрылып кетеді.)*

Т ү й м е т а й. Құдағи, ренжімеңіз. Пойызда он күн жүрдік. Жолда ашыққан ғой. *(Нұрбеделге.)* Көп жей берме, Нұрбедел, желкең қиылғыр!

Әзиза бір табақ бәліш алып келіп, балалардың ортасына қояды.

Ә р и ф а. Алматыда нан, ет, алма – бәрісі толып тұрушы еді.

Т ү й м е т а й. Алматыны қайдам, Жасыл-Атада аштық.

Ә р и ф а. Аштық ұдайы бола бермес, ұбап-шұбап бес баламен Мәскеуге жетіп келген де жарами. Хат жазғанда Тұрар ақша жіберер еді.

Т ү й м е т а й. Ақша тұрмақ, алтынға ауқат табылмайды, құдағи. Бұрынғылар «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деп отырар еді, сол рас болды. *(Үстел басы тағы шаң-шұң.)*

Ш ә м і л. Әни, бұл бала менің бәлішімді тартып алды. *(Нұрбеделді көрсетеді.)*

Ә р и ф а. Е, құдайым, қаһар сұққаннар...

Рашид, Шәміл екеуі Нұрбеделді екі жақтап түйгіштей бастайды. Көптен үндемей отырған Ескендір Нұрбеделге болысып, Рашид пен Шәмілді итеріп-итеріп жібереді. Нұрбеделді ұрғанын көріп, Түйметайдың қыздары қосылып жылайды.

Ә р и ф а. Ей, қаһар сұққаннар! Қыратын болды бұлар! Әзиза! *(Әзиза келеді.)* Бәліш келтір тағын! И-и құдаем, ни ишлим инде! Син қара инде. Бұл Искандер қазақларға яклаша!

Ә з и з а. Қойыңыз, мама! Қазақ, татар деп бөлетін түгі жоқ. Сіздің күйеуіңіз, менің әкем Түбек қазақ емес пе еді. Одан туған мен, Рашид, Шәміл кімбіз? Өйтіп бөлмеңіз.

Ә р и ф а. Искандер сонда да бір көрген балаға болысып, неге Рашид пен Шәмілден бөлініп шыға келді?

Ә з и з а. Ескендір – әділетті бала. Әлсіз жаққа болысып жатыр.

Ә р и ф а. Е, тоқта әлі, мына Нұрбедел әлденіп алса – бәріміздің аяғымызды бір етікке тығады.

Ә з и з а. Қойыңыз енді, мама, Нұрбедел де жаман бала емес. Көрмейсіз бе, Ескендірге ұқсайды. Туысқан ғой. Бірі – ұлдан, бірі – қыздан.

Т ү й м е т а й. Нағашы – жиен де. Ренжімеңіз, құдағи.

Ә р и ф а. Искандернең әниі рус булса да оқши қазақларға, и-и-и, қодаем.

Ә з и з а. Ескендірдің әниі меннін ғой. Бөлектеп, жік салмаңызшы. Ескендір мені мама дегенде, мен шыннан елжіреп қуанып қаламын.

Ә р и ф а. И-и-и, қызым, мин қаршық кише. Миңә уз уныҡ кирәк.

Т ү й м е т а й. Мына құдағи не дейді? *(Әзизаға қарайды.)*

Ә з и з а. Ескендір Тұрардың бұрынғы орыс әйелінен туған! Маған өз немерем керек дейді. *(Күрсініп.)* Тұрар неге кешікті? Тамағы суып қалатын болды. *(Терезеден телміре қарап.)* Далада қар жауып тұр. *(Түйметайға бұрылып.)* Мен ваннаға су толтырайын. Балаларыңызды шомылдырайық. Киімдерін ауыстырайық...

Төртінші сурет

Кремль. Сталиннің кабинеті. Сталин Рысқұловтың көп парақты хатын оқып отырғанда, кенет музыка үні алыстан талып естіліп, бірте-бірте жақындай береді. «Көбік шашқан» яки «Ақбай». Сталин оң қолында бір парақ қағаз ұстаған қалпы, үлкен кабинеттің түкпір-түкпіріне баяу көз тастайды. Күй үдеп барып, қайта баяулап, аяғы хорға айналып кетеді. Қарсысында түрегеп тұрған Рысқұлов.

Х о р. Ашық күнде найзағай кімнің күші?

С т а л и н *(өзіне-өзі)*. Мынау тағы қайталады ғой. *(Рысқұловқа.)* Сен естідің бе?

Р ы с қ ұ л о в. Кешіріңіз, нені айтасыз?

С т а л и н *(біраз үндемей, әлдеқайда құлақ түріп отырып, ақыры жай ғана креслодан тұрады)*. Тағы да әлгі музыка, әлгі қаһарлы, зарлы ән.

Р ы с қ ұ л о в. Кейде сөйтіп, кеудеден бір күй, яки ән естілетіні болады. Ондай жағдай менде де кездеседі. Жұмыс істеп, басым қатып отырғанда, өзімнен өзі «Полонезді» қалай ыңылдап айтып отырғанымды байқамай қаламын.

С т а л и н. Қай полонез? Огинский ме?

Р ы с қ ұ л о в. Иә.

С т а л и н. Е, ол белгілі музыка ғой. Ал мынау мен мүлде естімеген бөтен дүние. *(Сәл ойланып)*. Әлде Бородиннің «Князь Игоріндегі» көшпенділер хорына ұқсай ма?

Р ы с қ ұ л о в. Ол да мүмкін.

С т а л и н. Осы музыка сенен шығатын сияқты.

Р ы с қ ұ л о в. Мүмкін алдыңыздағы хаттың әсері шығар.

С т а л и н *(ойланып)*. Мүмкін. Жә, жарайды. Сонымен хатыңды оқып шықтым, Тұрар. *(Қолында трубкасы. Бір көзін сығырайтып, Рысқұловқа сынай қарап қалған. Рысқұлов елпеңдей қоймады. Былқ*



етпей, жауап күтіп тұр.) Шынын айтсам, өте ауыр хат. Ол – ол ма, жантүршігерлік. Айтшы, Тұрар, осының бәрін көзіңмен көргендей етіп жазыпсың, қайдан алдың бұл деректерді?

Р ы с қ ұ л о в. Совнаркомның бөлімдері жұмыс істеді. Көп адам командировкаға шықты. Оның үстіне Мәскеу, Ленинградта оқып жүрген қазақ студенттері жер-жерге командировкаға жіберілді.

С т а л и н. Оқу қайда? Олар мұнда оқу үшін келді ме, әлде Рысқұловтың тапсырмасымен, өкіметтің ақшасымен ел аралап жүруге келді ме?

Р ы с қ ұ л о в. Каникул айлары пайдаланылды. Халқы қырылып қалса, олардың оқуы кімге керек?

С т а л и н *(қасын көтеріп, сұстана қарап).* Солай де, сонда қалай болды? Сол студенттердің дерегіне сенеміз бе, жоқ әлде Қазақстанның Крайкомына, оның бірінші хатшысы Голощекинге сенеміз бе?

Р ы с қ ұ л о в. Голощекин не дейді?

С т а л и н *(Рысқұловтың қарсы сұрақ қойғанын жақтырмай).* Жағдай жақсы дейді. Ұжымдастыру науқаны дұрыс қарқынмен жүріп жатыр дейді. Сен айтқандай ашаршылық жоқ, ел тоқ дейді.

Р ы с қ ұ л о в *(ызалана мырс етіп).* Біздің халықта: «Арқа тыныш болса, арқар ауып несі бар» деген мақал бар. Қазақстан тоқшылық болса, халық арысы – Қытай, берісі – Орал, тіпті Қиыр Терістікке дейін ауып несі бар?

С т а л и н. Көшпенді ел ғой. Көшіп жүруге құмарлық қалмайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет.

Р ы с қ ұ л о в *(шыдай алмай).* Ендеше сол ғасырлар бойы қалыптасқан әдетті бір жылда, тіпті бір айда түп-түбірімен күйретіп, көшпенділерді бір күнде отырықшыландырған, малын тартып алған қалай болады?

С т а л и н. Оны тірі болғанда Маяковскийден сұраған жөн еді. Есіңде ме: «Довольно жить законом Адама и Евы».

Р ы с қ ұ л о в. Маяковскийдікі жөн-ақ болсын. Ал бірақ қазақтар Қытай мен Қиыр Терістікке, Орал тауына, Сібірге, ішкі Ресейге еріккеннен көшіп жатқан жоқ қой! Осы көштің кезінде жол-жөнекей қырылғаны қаншама? Көшіп-қонуға Қазақстанның өз жері де жетуші еді ғой!

С т а л и н *(трубкасымен үстелдің шетін тықылдатып тұрып қалады).* Иә, Тұрар, бұл айтқандарыңның бәрі мына хатыңның ішінде бар. Бірақ... *(ары-бері жүріп кетеді)* неге Қазақстан үкіметі үнсіз отыр? Олар сен сияқты «SOS» сигналын ышқына айтып, өрт шыққандай шырылдап жатқан жоқ қой.

Р ы с қ ұ л о в *(Сталинге бетпе-бет таяп келіп, көзіне көзін тігіп).* Бұл не? Маған сенімсіздік пе? Мен сонда жалған айтып тұрмын ба? Маған сенетін уақыт болған жоқ па? Жоқ әлде әлі «сынақта» жүрген адаммын ба?

Сталин есіне әлдене түсіргендей ойланып тұрып қалады. Ол 1923 жыл еді. Ол кезде екеуі де қазіргіден жасырақ еді. Әсіресе Рысқұлов тым жас болатын. Үлкен жиналыстың үсті. Сталин Рысқұловты ұлтшыл Сұлтан-Ғалиевпен сыбайлассың деп айыптайды. Сахна күңгірттеніп, он жыл бұрынғы оқиғаның елесі келеді.

С т а л и н. Рысқұлов дипломатиялық бұлаңқұйрыққа салып кетті. Жаңа сөйлеген сөзінде шындықты жасырып қалды. Ұлтшыл Сұлтан-Ғалиевпен сыбайлас, пікірлес болғанын айтпай қойды. Біз мұны Рысқұловтан күтпеп едік.

Р ы с қ ұ л о в *(орнынан атып тұрып).* Қате! Сталин қателеседі! Мен Сұлтан-Ғалиевтің жетегінде жүретін тайлағы емеспін. Сұлтан-Ғалиевтің ноқтасы менің басыма сыймайды. Сталин қателеседі!

С т а л и н. Дай бог!

Сахна қайтадан жарық болады да, Сталин мен Рысқұлов бұрынғы орындарында тұрады.

С т а л и н. Сенім жөнінде, ұмытпасам, екеуміздің арамызда үлкен әңгіме 1923 жылы, Төртінші Кеңесте болған. Саған сенбесек, содан бері сенімен біржолата ат құйрығын кесісетін уақыт жетіп еді ғой. Демек, сенгеніміз. *(Сәл ойланып, трубкалы қолын шошайтып.)* Ол – ол ма, сен 1925 жылы Моңғолиядан қайтқанда, Қазақстан Совнаркомының төрағалығына бекітіп жіберген жоқпыз ба? Сенбесек...

Р ы с қ ұ л о в. Бірақ Сталин қол қойған мандатты Қазақстан Крайкомы, Голощекин мойындамай қойғаны тағы бар ғой. Сөйтіп Рысқұлов жарты жылдай әрі-сәрі жағдайда қалған жоқ па?

С т а л и н *(бет-жүзі түтігіп).* Оған кінәлі – өзің. Голощекинмен сонау Түркістан кезеңінен жұлдызың жараспаған. Голощекин қарсы болды. «Қазақстанда не мен, не Рысқұлов тұрсын» деп қасарысты. Әрине, партияның байырғы қайраткері Голощекинді ренжіту бізге қиынға соқты. *(Кенет кілт тоқтап, көздерін оқтап, трубкалы*

қолын Рысқұловтың бетіне таяп.) Оның есесіне Рысқұлов РСФСР Совнаркомы төрағасының орынбасары. Ал Қазақстан – РСФСР-дің бір пұшпағы ғана. *(Мысқылмен.)* Мүмкін, бұл қызметті азырқанатын шығарсың? Мүмкін, саған кезінде Рыковтың орнын алып беру керек пе еді? Рыков – Рысқұлов. Рысқұлов – Рыков. Несі бар, а? Рыков – төраға, Рысқұлов – орынбасар. Рысқұлов – төраға, Рыков...

Р ы с қ ұ л о в. Рыковтың кебін киесің дегіңіз келеді ғой. Тұспалдамай, айта салмайсыз ба.

С т а л и н *(сирек күлетін кісі, кенет мырс-мырс күледі).* Қателесесің. Рысқұлов қателеседі! Есіңде ме: «Сталин қателеседі!» дегенің?

Р ы с қ ұ л о в *(ол да күліп).* Дай бог!

Бесінші сурет

Біріне-бірі жалғастырыла қаз-қатар тігілген үйлер. Бұл мал қора. Елден жинап алған колхоз малы. Боран ұлып тұр. Сиырлар мөңіреп, қой-ешкі маңырап, иттер ұлиды. Қараң-құраң қасқырлар елес береді. Ортасына от жағылған киіз үйде Иман мен Уәкіл.

И м а н *(ауданнан уәкіл алып келген нұсқауды дауыстап, ежіктеп оқиды).* «Бірлік» колхозы алдағы бір айдың ішінде мемлекетке 5 тонна мүйіз, 5 тонна тұяқ өткізсін». *(Соқыр шырағданның түбіне қағазды тақаңқырап, тағы қайталап оқиды). 5* тонна мүйіз, 5 тонна тұяқ! О, тоба! Ет, сүт, жүн, жұмыртқа дегені бір сәрі. Ол түсінікті. Ал мүйіз не керек? Бәрі шетінен Зұлхарнайын болмақшы ма?

У ә к і л. Ей, оның кім тағы да? Бай ма? Кәмпескеленіп пе еді өзі?

И м а н *(Уәкілге мүсіркей қарап).* Зұлхарнайынды білмейсің бе? Аспан асты, жердің үсті – күллі ғаламды жаулап алған Ескендір Зұлхарнайынды білмейсің бе? Соның қос мүйізі болған деседі.

У ә к і л. Не оттап тұрсың-ей! Сонда Голощекин жолдасты қайдағы бір қарақшы Зұлхарнайынға теңейсің бе-ей? Бұл үшін ана ақымақ басың қайда шіріпті білесің бе? *(Сыбырлап.)* Мен мұны ешкімге айтпай-ақ қояйын. *(Даусын көтеріп.)* Қайдан тапсаң, одан тап! 5 тонна мүйіз, 5 тонна тұяқ!

И м а н. Былтыр да, өзің білесің, көп мал қырылған. Әттең, осы мүйіз-тұяқ салығыңды жазда неге айтпадың? Тау-тау қылып үйіп беретін едім. Қазір бәрі қардың астында қалды ғой.

У ә к і л *(еңіреніп).* Ендеше, сол қардың астынан аршып ал!



И м а н. Ол мүмкін емес қой, уәкіл-ау. Одан да қар кеткенше, алтынкүрекке дейін шыдай тұр. Мүйізден қала тұрғызсаң да жетеді. Айтпақшы, сол мүйіз бен қу тұяқтан не істейсіңдер? Неге жарайды?

У ә к і л *(ақиланып)*. И, оны мен қайдан білейін. Өкімет айтты – болды! Орында.

И м а н. Құданың құдіреті, осы ауылда баяғыда бір ұста мүйізді балқытып, тарақ жасаушы еді. Сонда өкімет тараққа зәру болғаны ма?

У ә к і л *(күйіп-пісіп)*. Әй, онда сенің шаруаң қанша!

И м а н. Тұяқты қойшылар таудағы жайлауға шығарда шоқайларына байлайтын. Оның өзі жылқының тұяғы.

У ә к і л. Оттама! Ол баяғы байлардың қойшылары ғой шоқай киетін. Колхоздың қойшысы ондай болмайды.

И м а н. Колхоздың қойшылары қырым етік киіп, шікірейіп жүргенін көрмедім. Әлі сол шоқай...

У ә к і л. Енді тым асқындың, батыр. Өлер жерің осы! Бірақ айтпады деме, егер тапсырма орындалмаса – әлгі өкіметке қарсы айтқан сөздеріңнің бәрі алдыңнан шығады. Осымен сөз бітті!

Сиырлар мөңірейді. Қой-ешкі маңырайды. Жылқы кісінеп, түйе боздайды. Есек ақырады. Әтеш шақырады. Мал да, құс та аш. У да шу. Боран үдейді. Қасқыр ұлиды.

Алтыншы сурет

Сталиннің кабинеті. Тағы да талмаусырап тұрған музыка. Сталин тың тыңдайды. Рысқұловтың хатын сау қолымен парақтап, кем қолымен трубкасын ұстап тұрады.

С т а л и н. Сонымен, Қазақстан басшылығы дүние түп-түгел, жағдайымыз жақсы дейді. Ал сен болсаң – Қазақстан ажал аузында, халық қырылып жатыр дейсің. *(Кенет трубкалы кем қолын Рысқұловтың иығына салып)*. Шыныңды айтшы, қазақтардың қырылып, көшіп, босып жатқаны осы сен жазғандай ма?

Р ы с қ ұ л о в *(күрсініп)*. Кеше елден туған қарындасым келді. Үйелмелі-сүйелмелі бес баласымен келді. Мені сағынса, үдере көшіп бес баламен келмейді ғой. Аштықтан қашқан. Күйеуі жалғыз атын, жүйрік атын белсенділерге бермей қарсыласқанда соққыға жығылып, тұра алмай төсек тартып, ақыры аштан өлген.

С т а л и н. Мүмкін емес. Рысқұловтың туысын белсенділер соққыға жығып, аштан өлтіріп, отбасын қаңғыртып жібере ме? Рысқұловтың туыстарын! Ау, онда Қазақстандағылар сенің кім екеніңді білмейтін шығар?

Р ы с қ ұ л о в. Мүмкін...

С т а л и н. Мүмкін емес! Қазақстаннан қол үзіп қалған жоқсың. Күні кеше Қазақстан жері арқылы Түрксібті салып бердің. Өйтіп шатастырма! Сонда не, өз туыстарыңды белсенділердің озбырлығынан, аштықтан құтқарып қалу колыңнан келмеді ме?

Р ы с қ ұ л о в. Халықты құтқарып қалу керек, Иосиф Виссарионович. Менің туыстарым – біреу, екеу. Халық, көшпенді халық 6 миллион. Соның қазір жартысынан айрылдық. Күн өткен сайын құрып барады. Жедел көмек көрсетпесек, мүлдем құрып кетеді, Иосиф Виссарионович...

С т а л и н *(қасын керіп)*. Сенің де төменшіктеп, жалынуға дәтің барады екен-ау.

Р ы с қ ұ л о в. Халықтан үлкен емеспін. Халық қырылып жатқанда менің тәкаппарлығымды лағнат атсын!

С т а л и н *(Рысқұловтың хатын парақтап дауыстап оқиды)*. Торғай сияқты аудандарды аштық жайлап, індет ауруы тарады. Ит, мысық, суыр, тышқан жеп... кісі етін жеп... Тек Торғай орталығында 2500 адамның жартысы қара шешектен қырылды. Қазақстан Денсаулық сақтау комиссариаты індет ауруының есебін ала алмай... Ақтөбе облысында 1930 жылы 1.102.500 адам болса, 1932 жылы 725.800 адам қалды. Қызылордада халықтың 15 – 20 пайызы қалды. Балқаш ауданында 60 мың адамның 12 мыңы қалды. Қарқаралыда 1932 жылдың бірінші айында 50.400 адам бар еді, ал қарашада 15.900 адам қалды... *(Хатты жауып, ысыра салады. Әрі қарай оқуға дәті шыдамағандай.)* Ал Голощекин келген сайын сені жамандайды. Байларды конфискациялауға қарсы болып, ВЦИК-тің сессиясында сөз сөйлепсің ғой.

Р ы с қ ұ л о в. Жала! Мен байларды конфискациялауға қарсы болған жоқпын. Ірі байларды жер аударуға қарсы болдым. Стенограммада бәрі жазулы.

С т а л и н *(қатуланып)*. Жер аударуға неге қарсы болдың?

Р ы с қ ұ л о в. Бұл мыңжылдық психологияға байланысты. Байдың төңірегінде ағайын-туыс, руластары бар. Рулық аурудан халық бір күнде арыла алмайды. Бай кетсе – олар бірге кетеді. Көшпенді кедейдің санасын орыс пролетариатының санасымен салыстыруға болмайды.

С т а л и н. Қызық екен, Голощекинмен айтыста ұлтшыл-уклонист Сәдуақасов та осылай десе керек. Тіпті кулактың өзін социализмге бейбітшілік жолмен алып бару керек деген Бухариннің ұраны ғой. Сенде Садуақасовпен, Бухаринмен үндестік жоқ па?

Р ы с қ ұ л о в. Жоқ! Байларға, кулактарға менің бүйрегім бұрып тұрған жоқ. Конфискациялауды мен де жақтадым. Бірақ жер аударып, елден аластап жіберудің өзге ұлт өкілдері біле бермейтін нәзік психологиялық моменттері бар.

С т а л и н. Солай де...

Жетінші сурет

Киіз үйлер көшесі. Қамаулы мал азынап тұр. Боран толастамайды. Сиыр мөңірейді, қой-ешкі маңырайды... Шеткі үйде Уәкіл мен Иман.

У ә к і л. Ал, жолдас бастық, әнекүнгі тапсырманың орындалуы қалай?

И м а н. Қай тапсырма, жолдас уәкіл? Тапсырма көп қой.

У ә к і л *(таңдана)*. Қай тапсырмаң қалай? Мүйіз бен тұяқ ше?

И м а н. Асықпа, әлі мүйіз бен тұяқтың астында қаламыз. Онанда малды қалай сақтаймыз – соны айтпайсың ба? Жұрттың малын тігерге тұяқ қалдырмай жиып ал деп күзде келдің. Айтқаның орындалды. Бәрін жиып алдық. Малдың қорасы жоқ. Міне, киіз үйге қамалды. Малдың азығы жоқ. Амалдап жиған-тергеніміз таусылды.

У ә к і л. Тоқта, тоқта! Как таусылды? Колхозшылардан жинап ал.

И м а н. Ау, көкем, колхозшыларда шөп жоқ.

У ә к і л. Онда астығын ал. Малға жем бер.

И м а н. Астығын да жинап алғанбыз. Жасырып тыққан ұрасына дейін қалдырған жоқпыз. Бірақ оның бәрін өз көзіңше өкіметке өткізгеніміз қайда?

У ә к і л. Мынау контраның сөзі! Абайлап сөйле! Қалған-құтқанын тағы жинап ал. Колхоздың мүддесі бәрінен де жоғары! *(Саусағын шошайтып қояды.)*

И м а н. Ал колхозшының мүддесі ше? Аштан өлсе ше?

У ә к і л. Олай болуы мүмкін емес! Голощекин жолдас басқарған республикада мұндай болады деп айтудың өзі айып.

И м а н. Ал шындық оған қарамайды ғой. Қазірдің өзінде ауадан басқа жұтары жоқ, үп деп отырған ел көп. Көктемге қарай не боларын болжап болмас. Қорқамын...



У ә к і л. Сен ақырзаманды орнатпа, білдің бе? Ел басқарады, Голощекин жолдастың саясатын түсіндіреді деп саған сеніп жүргенімізде, сен қайта елге іріткі салып, сарыуайым таратып жүрген шығарсың?

И м а н. Жоқ, ойбай. Мен өкіметтің ісіне адал адаммын.

У ә к і л. Оны іспен дәлелде. Әнеукүнгі мүйіз бен тұяқ салығының үстіне, міне, жоғарыдан жүн салығы келді. Таяу күннің ішінде «Бірлік» мемлекетке 5 тонна жүн тапсыруы керек. *(Папкасынан нұсқау қағазды алады да, Иманның алдына қояды. Ол қағазды қолына ұстап ұзақ үнсіз қалады.)* Ау, өкіметтің қағазын жатырқап тұрсың ба? Неге үндемейсің?

И м а н. А-а, не дейді? Оқып тұрмын, бірақ түсінбей тұрмын.

У ә к і л. Түсінесің. Түсінбейтін түк те жоқ. Тек Голощекин жолдас сілтеген жолдан теріс кетпесең болды. Сонымен – бес күн срок. 5 тонна жүн!

И м а н *(бұл сөзді жаңа естігендей шошып кетіп)*. Шын айтып тұрсың ба, шырағым, әлде қалжыңың ба?

У ә к і л *(қағазды сілкілеп)*. Немене, өкіметтің нұсқауы саған қалжың ба?!

И м а н. Ау, көкем, қыстың желтоқсанында жүн болмайды ғой. Жүнді мамыр айында қырқады. Одан кейін күзеу деген болады. Ол күзге салым. Ал қақаған қыста да жүн бола ма, тоба!

У ә к і л. Осы, жолдас бастық, аузыңнан тобаң түспейді. Мешітке барып, намаз оқып жүргеннен саумысың?

И м а н. Мен мешітті өз қолыммен бұзғалы қашан.

У ә к і л. Мейлі, аузың қалып алып кеткен шығар. Дегенмен ол сөзді ұмыт. Енді естімейтін болайын. Ал жүн планын орында.

И м а н. Ау, шырағым! Сақал-мұртымды қырып бермесем – мына қыста басқа беретін жүнім жоқ. Шашымды қырқып берер едім, шаштың өзі нелеу... *(Тымағын алып, тақыр басын сипайды)*.

У ә к і л. Тоқтат келемежді. Жина халқыңды! Қырыққыз ана маңырап тұрған қойларыңды!

И м а н. Шырағым, өзің былай қарасам, оқыған азамат сияқтысың. Ақыл-есің дұрыс сияқты. Ал айтып тұрған сөзің...

У ә к і л. Менің сөзім емес. Міне бұйрық! *(Қағазды сілкілейді.)*

И м а н. Оны шаруаның жайын білмейтін біреу жаза салған шығар...

У ә к і л. Ей, саған кім право берді біздің басшылыққа, яғни жолдас Голощекинге сенбеуге?!

И м а н. Кәләшөкен жолдас қойды қыстың қақ ортасында қырық

деп бұйрық бермеген шығар. Жолдан біреулердің бүлдіріп жүргені болмасын.

У ә к і л. Сонда «біреулерің» кім?

И м а н. Айтып жүрсіңдер ғой, әлгі тап жаулары деп.

У ә к і л. Айтсаң – біліп айт, әйтпесе жалпы даттама. *(Кенет шошығандай.)* Мүмкін, сен мені айтып тұрған шығарсың, а? Маған ылғи күмәндана қарайсың.

И м а н. Білмеймін, шырағым. Сені де біреу жұмсап отырған болар. Сені жұмсағанды тағы біреу жұмсап отырған шығар. Қайдан білейін түйнектің қай түйіннен шығып жатқанын.

У ә к і л. Білмесең – айтпа!

И м а н. Айтпайын десем – хайуаннан айырмашылығың жоқ. Хайуаннан да жамансың. Өйткені хайуан наразылығын білдіреді. Әне, тыңда! *(Сиырлар мөңіреп, қой маңырап, түйе боздағанда – әлем күйзелгендей.)* Ал мен адаммын ғой. Мен неге өз күдігімді айта алмаймын? Мәселен, мен тақыр кедей едім. Өкімет – кедейдікі. Байларды кәмпіскеледі, малын там-тұмдап кедейлерге бөліп берді. Рақмет онысына өкіметтің!

У ә к і л. Неге там-тұмдап?

И м а н. Там-тұмдап емей немене? Осында Сарман деген бай болды, естігенің бар шығар. Бес мың жылқы, он мың қойы бар еді. Соның бәрін кәмпіскелеп, Сарманды жер айдағанда, малын кедейлерге таратқан болды. Маған бір тай, бес қой тиді. Хош. Рақмет өкіметтің мұнысына.

У ә к і л. Ал оның несі жаман? Сарманға бүйрегің бұрып тұр ма?

И м а н. Жоқ, бұрып тұрған жоқ. Ау, онан да әлгі Сарманнан тиген малың қайда деп неге сұрамайсың?

У ә к і л. Иә, қайда?

И м а н *(қора жақты нұсқап)*. Әне, аңырап тұр. Өзгелерге үлгі көрсету үшін алғаш әкеліп қостым колхозға. Осы колхозды ұйымдастырғанда жүз елу жылқы, бес жүз қой, жүз сиыр бар еді. Ал сонда Сарманның мыңғырған малы қайда кетті? Сарман жер ауған жағына айдап кеткен жоқ қой.

У ә к і л. Бәсе, қайда кетті?

И м а н. Әлгі «біреулердің» қолында кетті ме деп қорқамын.

У ә к і л. Сен «біреу-міреуді» қой! Қолыңдағы малға ие бол. Жә, менің келген шаруамды ұмыттырып жібердің ғой. Жүн! Давай, жүн! Халқыңды жина. Жүн қырыққыз. Жетпегенін үй-үйден жина. Одан



жетпесе, көрпелерін, шапандарын сөк. Солардың жүнін де қос.

И м а н. Ау, шырағым, қыстың күні өзі үп деп тұрған қойды қырықсаң, қой қырылады. Мал қырылған соң – ел де қырылады. Сонда көрпе де, шапан да иесіз қалады. Әне, сонда жиып алу оп-оңай.

У ә к і л. Контра! Сен бастық емессің, контрасың! Айда, алдыма түс! Ауданға барып, сонда сайрайсың. *(Қабынан наганын суырады.)* Айда, түс алдыма!

И м а н *(наганды көріп қалшылдап)*. Қой, шырағым, мұныңды қой, шиеттей бала-шағам бар. Обал-сауап деген болады. Жә-жә, қалжындағаның шығар. Айтқанынды істеймін; жүнді қырық десең қырыққызайын. *(Сәл ойланып.)* Бірақ кім қырқады? Кімнің қолы барады? Мені ел қарғайды. Ел қарғаған адам бәрібір оңбайды. *(Қолын бір сілтеп.)* Айдасаң айда! Жүр ауданына. *(Қос қолын төбесіне көтеріп жүре беріп, қайта бұрылып.)* Осы «көнтірә» мен бе, сен бе?

Сегізінші сурет

Сталиннің кабинеті. Музыка баяу ыңыранады. Сталин, Рысқұлов.

С т а л и н. Сонымен қандай қорытындыға келеміз? Қазақстан басшылары Қазақстанда жағдай жақсы дейді. Рысқұлов жағдай ө-ө-өте нашар дейді. *(Кабинеттің ортасында тұра қалып, Рысқұловқа тек мойнын бұрып.)* Егер сен алданып қалсаң ше?

Р ы с қ ұ л о в. Қалайша?

С т а л и н. Оп-оңай. Саған дұрыс дерек бермей отырса ше? Айталық, Совнаркомдағы сенің көмекшілерің. Жер-жерге өзің жіберген уәкілдерің. Сонда қалай? Мүмкін, провокация шығар?

Р ы с қ ұ л о в. Мүмкін емес... Мен сізге Қазақстандағы қатерлі жағдайды айтып, осыдан алты ай бұрын записка бергенмін. Онда да күмәнданғансыз. Енді мына екінші хаттың алдыңызда жатқанына екі апта болды. Анық-қанығын тексертуге болады ғой.

С т а л и н *(зілдене қарап)*. Сонда не, мені кінәламақшысың ба? Партияда қай жылдансың?

Р ы с қ ұ л о в. 1917 жылдың қыркүйегінен.

С т а л и н. Ал Голощекин жолдас 1903 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Оған сенуге бола ма, болмай ма?

Р ы с қ ұ л о в. Коммунистке стажына қарап емес, ісіне қарап сенген жөн сияқты.

С т а л и н *(трубкалы қолын Рысқұловқа созып)*. Дұрыс. Ө-өте дұрыс! Троцкий де «ескі марксшіл» болатын. Ал Голощекиннің жөні басқа. Сен онымен Түркістан кезеңінен «доссың» ғой. Айтшы, оның мінезінен сен қандай сызат байқадың?

Р ы с қ ұ л о в. Максимализм басым сияқты. Оның Қазақстан Компартиясы V конференциясында: «Лучше пересолить, чем недосолить» дегені қанатты сөзге айналып кетті. Оған қазақтар: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген балама тауып алған.

С т а л и н. Дегенмен дұрыс баға бергендейсің. Голощекин жолдас максималист болмаса, Екатеринбург губкомында хатшы кезінде тұтқындаған Екінші Николай патшаны отбасымен қоса түп-түгел атып тастар ма еді?

Р ы с қ ұ л о в. Атып тастап, сүйектерін үйіп қойып өртеп жіберер ме еді?

С т а л и н *(таңдана қасын керіп, бір көзін сығырайтып)*. Сен оны да біледі екенсің ғой. Неге өртеді, соны білесің бе?

Р ы с қ ұ л о в. Оққа сенбей, отқа сенген шығар.

С т а л и н. Патша – зұлымдық. Ертеде Шығыста зұлымдықты отпен аластаған, яғни тіршілікті отпен тазалаған.

Р ы с қ ұ л о в. Шығыста ғана емес, Батыста да болған шығар, мысалы, инквизиция. Жанна д Арк, Бруно, Коперник... Айырмашылық – зұлымдықты емес, ізгілікті өртеген.

С т а л и н *(қабағын шытып)*. Иә, Рысқұлов жолдас, енді екеуміздің әңгімеміз насырға шауып кетпесін.

Р ы с қ ұ л о в. Кешіріңіз, Иосиф Виссарионович, мұндай әңгімеге менің де зауқым шауып тұрған жоқ еді, тек сөздің реті солай шықты.

С т а л и н. Білемін, сенің көкейіңде басқа әңгіме тұр. Сталиннен күтерің бір-ақ сөз. Айтпақшы, сөз де от сияқты. Дүниені сөзбен де тазартуға болады.

Р ы с қ ұ л о в. Сізден зарыға күткен бір ғана сөз – бүкіл бір халықтың тағдырын шешпек.

С т а л и н. Сенің хатыңмен Молотов, Каганович танысты.

Р ы с қ ұ л о в. Олар...

С т а л и н *(сөзді бөліп)*. Олар не дейді? Сеніңше, олар не деуі мүмкін?

Р ы с қ ұ л о в. Тексерейік деуі мүмкін.

С т а л и н. Дұрыс.



Р ы с қ ұ л о в *(лап ете қалып)*. Рақмет, Иосиф Виссарионович!

С т а л и н *(ұзақ қарап)*. Дегенмен сенікі – шындық. Тексеруден қорықпайсың. Ал тексеру сенің пайдаңа шешілмесе ше? Тексеру теріс нәтиже берсе ше?

Р ы с қ ұ л о в *(қатуланып)*. Жазаға басым дайын.

С т а л и н *(ары-бері жүріп)*. Жаза. Бір сәтке мына халды көзіңе елестетші. Айталық, сенің хатың жала болып шықты. Демек ол Қазақстан басшылығына, Голощекинге ғана жапқан жала емес, Голощекинді Қазақстанға жіберген мына бізге де жала. Солай ғой. *(Рысқұлов құп-қу тарта бастайды)*. Жо-оқ, бір сәтке көзге елестету ғой. Сен шошынба, сен қорқақтардан емессің ғой, қорқақ болсаң, мынадай хат жазар ма едің. Бір емес, екі рет. Сонымен...

Р ы с қ ұ л о в *(шыдамсыздана)*. Сонымен?

С т а л и н. Жүйкең жұқара бастаған, Тұрар. Әншейін жорамал жасап көрейік. Сен істі болдың делік. ОГПУ-дің бастығы Менжинский, жоқ, Менжинский науқас қой, жарайды, оның орынбасары Ягода сені тергеуге алды делік. Немесе, Вышинский.

Р ы с қ ұ л о в *(күліп)*. Мейлі, солай-ақ болсын.

С т а л и н. Енді бұдан былай сұрақты саған Сталин емес, Ягода қояды. Келістік қой? Немесе Вышинский.

Р ы с қ ұ л о в. Қызық екен, иә, келістік.

С т а л и н *(күліп)*. Сен ойлап қалма, бұл жәй жорамал, бір сәтке біз де бала болайық. Бұл ойын. Сұрақты Сталин емес, тағы да ескертемін, Ягода қояды. Немесе Вышинский.

Р ы с қ ұ л о в. Түсінікті.

С т а л и н. Айыпкер Рысқұлов, туған жеріңіз, жылыңыз, тегіңіз?


Р ы с қ ұ л о в. 26-желтоқсан, 1894 жыл. Шығыс Талғар болысы, Верный уезі, Жетісу губерниясы.

С т а л и н. Біліміңіз?

Р ы с қ ұ л о в. Түрмеде бір жыл әкеммен бір отырдым. Сонда бізбен бір камерада Петербург большевигі Александр Бронников бірге отырды. Маған әліппе танытқан – сол. Одан кейін Меркедегі орыс-қазақ мектебі. Одан соң Пішпектегі ауылшаруашылық техникумі, Ташкенттің мұғалімдер институты...

С т а л и н. Большевиктер партиясынан басқа қандай партияда болдыңыз?

Р ы с қ ұ л о в. 1917 жылдың қыркүйегінен, яғни Ұлы Октябрь



революциясынан екі ай бұрын коммунистер партиясындамын. Басқа партияда болған емеспін.

С т а л и н. Стоп! Демек басқа партияда болған жоқсыз?

Р ы с қ ұ л о в. Жоқ.

С т а л и н. Сұрақты қойып отырған Ягода, немесе Вышинский. Ал олармен ойнауға болмайды.

Р ы с қ ұ л о в. Түсінікті.

С т а л и н. Жантоқов дегенді білесіз бе?

Р ы с қ ұ л о в. Білемін. Голощекиннің оң қолы.

С т а л и н. Ендеше сол жазады: Рысқұлов «Шуро-и-исламия» партиясының мүшесі болған дейді.

Р ы с қ ұ л о в. Жалған. Жала.

С т а л и н *(күліп)*. Тұрар, сен тым қызбаланба. Ягода қызбалықты ұнатпайды. Вышинский де. Сонымен, әрі кеттік. 1918 жылдан бастап Орта Азия пантюркистік ұйымын басқарғаныңыз рас па?

Р ы с қ ұ л о в. Орта Азияда мен басқарған ондай ұйым болған емес. Пантюркизм идеясымен шалықтаған бірен-саран адамдар болса болар. Ал ұйым дегенді естіп-білген емеспін.

С т а л и н. Ал 1920 жылы Түрік республикасы, Түрік Компартиясы дегенді жариялаған өзіңіз емес пе едіңіз?

Р ы с қ ұ л о в. Бұрмаламай, дәл өз атымен атасам: Түрік Советтік Социалистік республикасы, РК (б)П-ның бір бөлігі – Түрік Компартиясы. Бұл ұсыныс, идея. Бірақ мұндай атаулар іс жүзіне асқан жоқ. Ленин, Орталық Комитет дер кезінде бізді түзеткен. Біз қатемізді мойындағанбыз.

С т а л и н. Қатенің аты – қате. Демек пиғылда бір сұмдық болған. Ленин дер кезінде түзетпесе, кім білсін, қандай қатерге ұрындырарын.

Р ы с қ ұ л о в. Пиғыл таза, Иосиф Виссарионович...

С т а л и н. Сен ойын шартына әлі түсінбедің бе? Сұрақ қойып отырған мен емес, Ягода. Немесе Вышинский.

Р ы с қ ұ л о в. Дегенмен қорқыныштылау ойын. Сіз бен біз пір тұтатын Лениннің өзі: түзелген қатені қажетсіз еске сала берген дұрыс емес демеп пе еді?

С т а л и н *(тұксиіп)*. Ленинизм туралы еңбек жазған мына маған Лениннен цитата келтіргенің қалай болар екен?

Р ы с қ ұ л о в. Сұрақ қойып тұрған Сіз емес, Ягода ғой! Немесе Вышинский.

С т а л и н *(тұңғыш рет дауыстап күліп)*. Дұрыс, дұрыс. Онда



сол Ягоданы ойыннан шығарып тастайық. Вышинскийді де. Оларға Рысқұловтан басқа да шаруа табылар.

Р ы с қ ұ л о в. Мен келген шаруа – Ягоданың, немесе Вышинскийдің ойыны емес, халықтың трагедиясы, жолдас Сталин.

С т а л и н *(қабағын қайтадан көтеріп)*. Халық трагедиясы... Социализмде халық трагедиясы болмайды, жолдас Рысқұлов. Жекелеген адамдардың қайғысы болуы әбден ықтимал. Ал тұтас халық...

Р ы с қ ұ л о в *(даусы ащы шығып)*. Иә, тұтас халық, жолдас Сталин!

С т а л и н *(бетпе-бет келіп, трубкасын кезеп)*. Сен 1923 жылы барлық республикалар басшыларының алдында: СТАЛИН ҚАТЕЛЕСЕДІ деп айқайладың. Қазір де айқайлап тұрсың, 1923 жыл мен 1933 жылдың арасы жер мен көктей. Осыдан он жыл бұрын мен сенің сол айқайыңды кешірдім. Сталин жолдасқа қарсы келген мүйіздері қарағайдай-қарағайдай алыптар болған. Қайда солар қазір? Мүмкін олар әлі де бар шығар. Әбден мүмкін. Мүмкін, сен де солардың бірі шығарсың?! *(Сарғыш көздер оқша қадалады. Рысқұлов көзін тайдырмайды, тура қарайды. Сталин бұрылып кетіп.)* Жоқ, сен адалсың. Сенің аман жүргенің – адалдығың.

Р ы с қ ұ л о в. Рақмет. Бірақ тұтас бір халық құрып кетуге таяу. Әр сағат, әрбір күн қатерлі. Атқамінерлер бәйгеден озып шығып, олжа алғысы келгендей, өз мансабы үшін республиканы өртеп жіберуден тайынбайтын сияқты.

С т а л и н. Тоқта, тоқта. Дәл осындай сөзді қайдан оқыдым? *(Маңдайын сипап.)* Қайдан оқыдым?.. *(Ары-бері жүреді)*. Ә! Таптым. Робеспьер! Максимилиан Робеспьер. Ұлы коммунар. Жирондистер өз мансабын қанағаттандыру үшін бүкіл Францияны өртеп жіберуге дайын дейтін сол.

Р ы с қ ұ л о в. Мен Робеспьерді ептеп білемін, бірақ мына сөзін оқыған жоқпын...

С т а л и н. Жөн, жөн. Демек, сеніңше, Голощекин және оның сыбайластары Қазақстанды өртеп жіберіп, ұлан-ғайыр өрттің отына өздері бәліш пісірмекші екен ғой.

Р ы с қ ұ л о в. Пісіріп жатыр!

С т а л и н *(басын көтеріп алып, трубкасын шошайтып)*. Міне, бұл трагедия!

Тоғызыншы сурет

Рысқұловтың үйі. Ұзыннан-ұзақ үстел басы. Әрифа, оның балалары. Түйметай, оның балалары. Ескендір, Әзиза. Үлкен подноспен үйме самса алып Әзиза кіреді. Тамақты ортаға қоя бере, Нұрбедел алақ-жұлақ қол салады.

Т ү й м е т а й. Нұрбедел! Қоя тұр, жүгермек!

Ә р и ф а *(жақтырмай)*. Қаһар сұққан малай шул.

Р а ш и д. Әни, ол самсаларды қалтасына да салып жатыр.

Ә р и ф а. Қалтасына?! Оны қайтеді? Ау, құдаша *(Түйметайға)*, балаңыз жегені былай тұрсын, қалтасына тыққаны қалай?

Т ү й м е т а й. Әй, жүгермек, оның қалай, енді аштан өлмейсің, әй! Қой, ойбай, ондай пәленді. Шығар былай!

Н ұ р б е д е л *(бұртиып)*. Иә, көкеме апарып берем.

Т ү й м е т а й. Ойбу, сорлатқан сорлы құдай! Енді сенің көкеңе тамақ керегі жоқ. Оның тамағы тоқ. О-о-о-ой! *(Дауыстап жылайды. Балалар үрпиісіп қалады)*.

Ә р и ф а *(шошып)*. Қой, құдаша, жылама, дауыс қылма. Жамандық шақырма. Ол бала керексе, самсаның бәрін алсын. Мне не жалко. Тек ауырып қалмасын деп едім.

Т ү й м е т а й. Аштан өлген әкесін әлі тірі деп ойлайды екен ғой, сорлы Нұрбедел!

Айқай-шуға асүйден Әзиза келіп, абыржып тұрады. Қабырғадағы сағатқа қарайды.

Ә з и з а. Тұрар неге кешікті?

Ә р и ф а. Қызметтен қайтатын уақыты әлдеқашан болды. Өмірі кешікпеуші еді ғой.

Ә з и з а. Сталинде прием деп еді...

Ә р и ф а. Құдай-ем жар болсын.

Т ү й м е т а й *(көзін сүртіп)*. Сталинге барса, біз сияқты бейбақтардың жайын айтатын шығар.

Ә р и ф а. Құдаем сақласын.

Т ү й м е т а й. Құдай, құдай дейсіз, құдағи. Сол құдай бір адамның, он адамның, мейлі мың адамның арызын естімес. Ал енді күллі бір халықтың мінәжатын қалай естімейді? Мүлде таскерең бе?

Ә р и ф а. Қой, құдаша, құдайға тіл тигізіп бұлми. Күнәға батмаңыз.

Т ү й м е т а й *(мұңайып)*. Тіл тигізіп неғыламын. Әншейін қатыгездігін айтамын да. Қарапайым халықтың не күнәсі бар?

Ә р и ф а. Қазақтар тым момын ғой. Әйтпесе, қаладан қайыр сұраса да өлмеуге болады ғой.

Т ү й м е т а й. Сорлы болса да арлы ғой, құдағи. Қазақ қайыр сұрай білмейді. Аштан өліп бара жатса да алақан жаюға арланады. Не тапса да еңбегімен табады. Ал еңбек етейін десе – бағатын малы жоқ. Жер жыртуға – көлігі жоқ. Өкімет әуелі малсыздарға мал таратып беріп еді, артынша қайтадан жиып алды. Колхоз боламыз деді.

Ә з и з а *(сағатқа қарап)*. Тұрар неге мұнша кешікті?

Ә р и ф а. Е, қодае-ем, сақтай гөр.

Т ү й м е т а й. Мінезі тіктеу еді, аруақтар қолдасын. Аруаққа айналып кеткендер тым көп біздің елде, құдағи...

Оныншы сурет

Сталиннің кабинеті. Сталин қарсы қабырғаға барып жібек бауды тартып қалғанда шымылдық сырылып, ар жағынан КСРО картасы көрінеді.

С т а л и н *(Рысқұловқа)*. Сенің хатыңда жазуыңа қарағанда, қазақтар Ташкент, Сібір, Златоуст темір жолдарымен республикадан тысқары кетіп жатыр.

Р ы с қ ұ л о в. Темір жолға жеткендері, ал жете алмай жолда қалғандары қанша.

С т а л и н. Демек темір жол көшпенділер өміріне жеңілдік әкелген ғой. Түрксібті ғой өзің басқарып салдырдың. Түрксібті сен тіпті белгіленген мерзімнен бір жыл бұрын бітірттің-ау. *(Трубкасымен Түрксібті бойлай көрсетіп.)* Ол қызметіңді ұмыта алмаймыз. Қайла, күрек, кетпен, ат-арба, түйе... күшімен... Міне, бұл нағыз кеңестік патриоттық рухтың жеңісі.

Р ы с қ ұ л о в. Түрксібтің темір жолын мойнына салып сүйреген, тек қара күшпен салған халық қазір аштан қырылып жатыр.

С т а л и н *(қабағын шытып)*. Аштық, аштық... аштық деген сөз сенің миыңа қадалып қалған шөңге сияқты. Аштықтан басқа айтарың жоқ.

Р ы с қ ұ л о в. Сол шөңге миыма ғана емес, жүрегіме қадалып тұр, жолдас Сталин.

С т а л и н. Өстіп бір өзеурегеніңе қарап, сені ұлтшыл дегендердің сөзі рас па деп те қаламын.

Р ы с қ ұ л о в. Мен ұлтшыл емеспін, ұлтжандымын, жолдас Сталин. Айырмашылық жер мен көктей. Өз ұлтын сүю айып па?

С т а л и н. Айталық, Қазақстандағы қазіргі жағдай Одақтың басқа бір жерінде, айталық, Тамбов губерниясында болып жатса, сен өстіп шырылдар ма едің?

Р ы с қ ұ л о в. 1922 жылы Еділ бойын аштық жайлағанда, сондағы аштарға көмек көрсету үшін екі ай солардың арасында жүремін деп, сүзек жұқтырып алып, өлім аузынан әрең қалдым. Қазақстан сонда Еділ бойындағыларға өз аузындағы там-тұм тамағынан жырып беріп, көмегін аяған жоқ.

С т а л и н. Еділ бойы демекші, сен сол Еділ бойына осыдан бір-екі жыл бұрын комиссия басқарып барып, ол жерлерде ұжымдастыруды жедел қарқынмен жүргізуге болады деп Саяси Бюроға ұсыныс қойғаның есіңде ме?

Р ы с қ ұ л о в. Есімде.

С т а л и н. Ендеше, ұжымдастыруды Қазақстанда жеделдетуге неге қарсысың?

Р ы с қ ұ л о в *(күрсініп)*. Бұл – диалектика һәм тарих, жолдас Сталин. Еділ бойындағы ежелден отырықшы елдер. Жер сауып үйренген. Ал қазақтар, оның дені ежелден көшпенді. Олар мал сауып үйренген. Мыңдаған жылдар бойы көшіп-қонып жүрген елді бір жылдың ішінде, тіпті жарты жылдың ішінде ұжымдастырып, отырықшы етудің қандай екенін түсінесіз бе? Экономикалық, тіпті психологиялық тұрғыдан келгенде. Отырықшыландыру керек, әрине, ұжымдастыру керек. Бірақ бір сәтте емес қой. Бірте-бірте...

С т а л и н. Социализм құрылысын, экономиканы нығайту саясаты жайбарақаттықты көтермейді.

Р ы с қ ұ л о в. Өзіңізге мәлім, 1918 – 1919 жылдары Түркістан мен Қазақстанды қалың аштық жайлады. Ол жолы да көшпенділер қатты қырғынға ұшырады. Мен аштықпен күрес комиссиясының төрағасы едім. Түркістанның сол кездегі максималист басшылары бар қаржыны, бар азық-түлікті армияға берейік деді. Мен аштарға да бөлісейік дедім. Максималист Кушекин: көшпенділер марксизм ілімі бойынша, жер бетінен жойылып кетуге тиіс, оларға өзі аз қаржыны бөліп әуре болмай, армияны күшейтейік, армия социализмді қорғап қалу үшін керек деді. Мен: «Тып-типыл болып



қырылған халықтың сүйегінің үстіне құрылған социализм кімге керек?» – дедім.

С т а л и н. Көшпенділер – адам қоғамындағы масылдар деген теория маркстік теория емес, буржуазиялық теория.

Р ы с қ ұ л о в. Дұрыс айтасыз. Ай, максималистер марксизмді бұрмалады ғой.

С т а л и н. Максималистерді соққан қарумен маған да шүйіліп тұрған жоқсың ба?

Р ы с қ ұ л о в. Мен Сталин жолдасқа қарсы емеспін. Сталин жолдастың нұсқауын, яғни Саяси Бюроның нұсқауын бұрмалаушыларға қарсымын. Сталин жолдастың «Табыстан бас айналу» атты еңбегі дер кезінде жарияланды. Ал содан кейін қателесудің реті жоқ қой. Бірақ Қазақстанда ұжымдастыру саясаты Сіздің нұсқауыңыздан кейін де өрескел бұрмаланды. Әне, анау менің хатымда көрсетілген жантүршігерлік фактілер сол бұрмалаудың нәтижесі.

С т а л и н. Сонда қалай ойлайсың, Тұрар, Қазақстан басшылары ЦК саясатын әдейі бұрмалап отыр ма?


Р ы с қ ұ л о в. Қазақстан басшылары ЦК саясатын әдейі бұрмалап отыр деп айту қиын. Бірақ олардың бұрмалауға жол беріп отырғаны ақиқат. Демек Қазақстанда ұжымдастыру саясатының өрескел бұзылғанына жаңағы басшылар да кінәлі. Ең алдымен кінәлі. Мұны бір сөзінде Голощекин де мойындайды. «Біз басшы қызметтегі жікшілдерді төңкеріп тастадық, – дейді Голощекин, – ал ауылдағы байлармен, тап жауларымен күресуде дәрменсіздік танытып отырмыз». – Бұл Голощекиннің сөзі.

С т а л и н. Демек жер-жерде зиянкестер бар. Олар кеңестік ұжымдастыру ісіне іріткі салып, елді күйзеліске ұшыратып, кеңестерді халыққа жеккөрінішті етіп көрсетуге тырысады. Солай ма?

Р ы с қ ұ л о в. Ол да бар. Сумаңдаған суық қолдың бар екені даусыз. Сонымен бірге басшылық тарапынан да асығыстық күшті. Опырып-жапырып, істі тез аяқтап, көзге көрініп қалу ниеті басым. Мұның атын асыра сілтеу дейді.

С т а л и н *(трубкамен үстелді тықылдатып. Өзіне-өзі).* Ал біз Голощекин жолдасқа сендік... Ол болса, жағдайды білмейді.

Р ы с қ ұ л о в. Біледі. Неге білмесін, біледі. Крайкомның пленумында сөйлеген сөзінде: «Ұжымдастыруда асыра сілтеуге жол берілді, – дейді. – Бұл істе облыс пен облыс, аудан мен аудан жарысқа түсіп, іс насырға шапты, – дейді. – Егер еңбекші халық өзі бір-бірімен жарысқа



түссе бір сәрі, басшылар өзді-өзімен жарысқа түсіп пәле болды», – дейді. Демек біліп отыр ғой.

С т а л и н. Онда жағдайды бізден неге жасырып отыр? Неге біз жағдайды Қазақстандағы Голощекиннен емес, Мәскеуде отырған Рысқұловтан білеміз?

Р ы с қ ұ л о в. Голощекин үшін жауап беру маған қиын.

С т а л и н. Неге сенен басқа ешкім ләм демейді?

Р ы с қ ұ л о в. Менен басқалар да Қазақстандағы өрескел бұрмалаушылықты Сізге жеткізуге тырысқан. Бірақ олардың даусы Сізге жетпей жатыр.

С т а л и н. Қалайша?

Р ы с қ ұ л о в. Мысалы, жазушы Ғабит Мүсірепов бастаған бес адам Сізге хат жазған. Бірақ бесеудің біреуі бұны Голощекинге айтып қойып, хат ұсталған. Ал хаттың авторлары жан-жаққа «командировкаға» аттандырылған. Мүсіреповтың өзі қазір Торғайда, Батпаққара дейтін жерде жүр.

С т а л и н *(картаға таяп барып)*. Торғай, Қостанай. Сірә, Зиновьев те сол жақта жүр-ау деймін. Қалай ойлайсың, әлгі жазушы Зиновьевпен кездесіп те қалар?

Р ы с қ ұ л о в. Білмедім.

С т а л и н *(Рысқұловқа үнсіз тесіле қарап біраз тұрады)*. Осы сен, Тұрар, жазушыларға қалай қарайсың?

Р ы с қ ұ л о в. Шын жазушыны әулие тұтамын. Мысалы, Горькийдің «Менің университеттерімі» менің құраным, менің библиям. Мен бір сәттік жазушылардан қорқамын. Олар уақыттың сырын, қырын бұрмалайды, демек, тарихты бұрмалайды. Ал Горький менің өмірімді көріп отырғандай жазады. Горькийді оқып, өз балалық шағым есіме түсіп, кейде, сенсеңіз, жылағым да келеді.

С т а л и н. Демек балалық шағың қиын болған ғой. Білемін. Осы сен туралы біреу роман жазды деп жүр ғой, рас па?

Р ы с қ ұ л о в *(лап етіп, басылып)*. Мен туралы емес, әкем туралы. Мұхтар Әуезов деген жазушы.

С т а л и н *(ойланып)*. А, әкең туралы ма? Әкең, ұмытпасам, каторжанин. Сібір. Иә, Сібір. *(Басын изеп қояды)*. Мен де болғанмын. Ал бірақ мен туралы әлі роман жоқ. Қалай ойлайсың, мен туралы не деп жазуы мүмкін?

Р ы с қ ұ л о в *(қинала ойланып)*. Қазір жазса, қызық та болмас. Кейін жазса – оны келер ұрпақ оқиды.

С т а л и н *(мырс етіп).* Қазір жазса неге қызық емес?

Р ы с қ ұ л о в. Сізге көлгірсуім керек емес қой?

С т а л и н. Әрине.

Р ы с қ ұ л о в. Қазір Сіз туралы шындықты жазу мүмкін емес. Бастан-аяқ мақтау, ода болар. Оны сіз қаламайсыз.

С т а л и н. Міне, мұның дұрыс. Қазір мен туралы шындықты жазу мүмкін емес.

Р ы с қ ұ л о в. Ал Иосиф туралы тамаша қиссалар ежелден бар. Сіздің атыңызды Иосиф деп бекер қоймаған.

С т а л и н *(мырс етіп).* Иосиф Прекрасный. Ол кенен сұлу. Мен оған ұқсамаймын ғой. Міне, бұл жерде көлгірсідің, Рысқұлов. Саған көлгірсу жарамайды. Алдында ғана ащы шындықты айттың. Ал мынауың...

Р ы с қ ұ л о в. Иосиф Египеттің перғауыны болып тұрған кезде тұтас бір халықты аштық ажалынан сақтап қалған.

С т а л и н *(қасын жоғары сілкіп тастап, бір көзін сығырайтып).* Ә, бәлем, әңгімені қайда алып келдің! Демек бұл Иосиф та *(трубкамен өз кеудесін түрткілеп)* тұтас бір халықты аштық ажал тырнағынан ажыратып алуы керек қой? Сол ма айтайын дегенің?

Р ы с қ ұ л о в *(нық).* Сол!

С т а л и н. Ал сен, әрине, сол Иосифтің туған ағалары оны ұрып-ұрып, өлімші етіп, қол-аяғын байлап, құдыққа тастап кеткенін білесің.

Р ы с қ ұ л о в. Білемін.

С т а л и н. Не үшін?

Р ы с қ ұ л о в. Қызғаныш. Қызылкөз қызғаныш.

С т а л и н. Адам ата, Хауа ана – Абыл мен Қабыл заманынан бері келе жатқан қызылкөз қызғаныш. Молодец! *(Трубкалы қолын көтеріп).* Ал сондай «ағалар» мына менде жоқ деп ойлайсың ба?

Р ы с қ ұ л о в. Бар да шығар...

С т а л и н *(қатқыл).* «Шығар» емес, бар. Ендеше, оларға не істеу керек?

Р ы с қ ұ л о в. Кейін Иосиф Египеттің перғауыны болғанда ағаларынан кек алмаған, қан төкпеген.

С т а л и н *(қабағы түйіліп, ары-бері теңселіп жүріп).* Филантропия! Библиялық философия. Мен ғой діни семинарияда оқыдым. Ал сен библияны қайдан білесің? Әлде құранда да солай ма?

Р ы с қ ұ л о в. Менің қожам, Алматы түрмесінің бастығы Приходько деген өте діндар кісі еді. Мен оның атқосшысы болып, оны ұдайы

шіркеуге алып баратынмын. Ол мені діни семинарияға бермекші болып еді, қашып құтылдым.

С т а л и н. Демек Иосиф Прекрасный қаскөй ағаларын жазаламаған. Ал маған қаскөйлік ойлаған адамдарды мен маңдайынан сипауым керек, солай ма?

Р ы с қ ұ л о в. Сіздің қолыңызда ұлан-ғайыр билік бар. Күшті адам қайырымды болар. Қайырымсыздық, қаталдық ақылдың серігі емес. Ақылдылар ақырын ойлайды, болашақты ойлайды. Сіз Лениннің мұрагерісіз ғой...

С т а л и н. Ленин – қайырымды болған, қатыгездікке бармаған. Тіпті өзімен тайталасқан Троцкий, Зиновьев, Каменев, Рыковтарды тайраңдатып қойған. Бухарин еркетайы сияқты еді. Осы ғой айтпағың?

Р ы с қ ұ л о в. Принципті, саяси күрестерде Ленин оларды аямаған. Бірақ құрбандыққа шалмаған. Марксизмнің, демек ленинизмнің ымырасыз қас жауы Бакуниннің атын мәңгілік даңқ обелискісіне жаздырған Ленин ғой. Ал Плеханов Лениннің осал жауы ма еді? Бірақ Ленин Плехановты пайғамбардай сыйлап өтті.

С т а л и н. Күндердің күнінде басыңа іс түссе, ондай күн тумай-ақ қойсын, әрине, бірақ әлдеқалай іс түссе, сені троцкист деп айыптамас. Троцкийге ішің бұрмайтынын білемін. Сондықтан да мына бүкпесіз, ашық әңгімең үшін кейбір кердеңдігіңді, кесапаттау сөздеріңді кешіремін. Күндердің күнінде басыңа іс түссе, сені сол баяғы ПАНТЮРКИСТ деген таңбамен айыптар-ау, жә, бұл әңгімені осымен доғарайық.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші сурет

Киіз үйлі көше. Айнала жым-жырт. Тек ала қарғалар қарқылдайды. Алдыңғы планда тау-тау болып үйілген мүйіздер мен тұяқтар. Кенет сахна түкпірінен күн күркірегендей аспанды қақыратқан хор даусы естіледі.



Х о р. *Ашық күнде – найзағай! Кімнің күші?*
Өрт шалғандай мал мен жай. Кімнің ісі?
Жоңғар соқпай, жау шаппай жайрап жатыр
Қазақтың даласында мың-мың кісі!

Сахна шұбырған ел, пойыз даусы естіледі. Босқындар толастамайды, әр жерде қарайып жатқан адамдар.

Х о р. *«Ақтабан» тағы соқты ма? Елің қайда?*
Кешегі мал мыңғырған жерің қайда?
Судың да сұрауы бар, бір халықтың
Обалын сұрайтұғын ерің қайда?

Сахна айналып барып, Сталиннің кабинеті көрінеді. Қалшиған позада – Рысқұлов. Сталин анда-санда оған көз қиығын тастап қойып, трубкасын сорып, ары-бері жүріп алады.

С т а л и н. Қаһарлы ән естілгендей болады. Сен есіттің бе, Тұрар?

Р ы с қ ұ л о в. Есіттім. Иә, енді есіттім. Мен бұл әнді ұдайы есітемін. Тіпті түсімде де есітемін.

С т а л и н. Ғажап. Біздің таулықтар осылай бір аспан астын күңірентіп ән салушы еді. Шіркеуде хор даусы осылай шарықтар еді. Сен шіркеу әнін естігенің бар ма, Тұрар?

Р ы с қ ұ л о в. Бала күнімде. Түрме бастық Приходько мырзаны шіркеуге алып барғанда.

С т а л и н. Шіркеу хорына қосылып, мен де ән салғаным бар. Хор құдайға жалбарынатын, арыз айтатын.

Р ы с қ ұ л о в. Ал әлгі естілген ән... ән...

(Алыстан хор үні естіледі).

Х о р. *Ашық күнде – найзағай! Кімнің күші?*
Өрт шалғандай мал мен жай. Кімнің ісі?

Р ы с қ ұ л о в. Әне, бұл Сізге арыз айтып жатқандар, жолдас Сталин.

С т а л и н *(үлкен үстел басындағы телефонның тұтқасын көтеріп).* Жолдас Молотов, Рысқұловтың хаты бойынша не істеліп жатыр?

Д а у ы с. Тексеріп жатырмыз, жолдас Сталин. Омбы, Новосибирск,

Кемерово басшылары Рысқұловтың хатында көрсетілген фактілерді растайды. Саратов, Рязань, тіпті Мәскеу облыстарында да босқын қазақтар көбейіп кеткен. Ең қиыны – олар вокзалдар басында шоғырланған. Эпидемия тарайтын қауіп күшті.

С т а л и н. Жолдас Молотов! Голощекин мұны не деп түсіндіреді?

Д а у ы с. Қазақтар ежелден көшпенділікті ұнатады. Сол әдет бойынша көшіп жатыр дейді.

С т а л и н *(картаға трубкалы қолын сілтеп).* Қазақтар көшіп-қону үшін Қазақстан жері жетіп жатыр ғой. Картаға қараңызшы. Сібірден, ішкі Ресейден қоныс іздеп несі бар?! Тіпті Қытайға ауып несі бар?!

Д а у ы с. Рысқұлов жолдастың жазғаны толығынан анықталып жатыр. Одақтың басқа жерлеріне Қазақстаннан ауғандарды орналастыру, жұмыс беру, тамақтандыру жағы мүлдем іске алғысыз, жолдас Сталин.

С т а л и н. Тағы да анықтай түсіңіз. *(Телефон тұтқасын сарт еткізіп тастай салады.)*

Екінші сурет

Рысқұловтың үйі. Шағын бөлмеде Әрифа мен Түйметай. Ортада сары самауыр. Екеуі шәй ішіп отыр.

Ә р и ф а. Ал, құдаша, шәй ал. Әлгінде бала-шаға шулап, шәйді қанып іше алмадың ғой.

Т ү й м е т а й. Алып отырмын, құдағи, әуре болмаңыз. Мұндай пәмлі шәй аузымызға тимегелі қашан, әбден сағынып қалыппын. Шәй жарықтықтың дәмі қандай болатынын да ұмытқалы қашан. *(Қабырғада ілулі тұрған суреттерге аңыра қарап).* Құдағи, мыналарыңыз кімдер? Төрелер ме?

Ә р и ф а. Төре де емес, төреден төмен де емес. Немене, танымай отырсың ба, құдаша? Ана ақ желеңді келіншек, міне мына алдыңда отырған кемпір. Кәрілік ажарыңды алады, базарыңды тарқатады. Біз базардан қайтқан адамбыз. *(Үнілеп.)* Ал анау сұлу мұртты жігіт құдаң болады. Менің күйеуім, шапырашты дейтін елдің қазағы. Кезінде Қазанда оқыған. Қазақтан шыққан тұңғыш оқымыстылардың бірі. Осыдан екі жыл бұрын қайтыс болды. Жатқан жері жаннат болсын марқұмның. *(Қолын жайып, бетін сипайды.)*



Т ү й м е т а й. Құдай иманын берсін. Араласпаған соң біле бермейміз ғой, құдағи.

Ә р и ф а. Құдаларымызды біз де біле бермейміз. Бұл Тұрардың туған-туысқандары кім – бірісін де біліп бұлми. Алақанымызға салып аялап отырған Әзизамыз, тағдыр екен, әйтеуір, осы кісіге тап болды.

Т ү й м е т а й *(шамданыңқырап)*. Немене, құдағи, теңі емес демекшісіз бе сонда? Тұрарға тиген қазақтың қызының маңдайының ырысы бес елі шығар.

Ә р и ф а. Әйтеуір, зор өкімет деген аты бар. *(Үйдің жұпыны қалпын меңзегендей айнала қарап.)* Әйтпесе нағыз кедейдің өзі. Үйінде жөнді бір кілемі де жоқ.

Т ү й м е т а й. Байлық деген қолдың кірі дейді ғой, құдағи. Біздің елде Бектен деген бай болды. Он мың қой айдады. Ақыр байдың баласы аштан өлген демекші, қазір үрерге иті, сығарға биті жоқ. Балалары қос қолдарын төбелеріне қойып, қоңыз теріп кетті. Қызыңыз өз ықтиярымен тиген шығар Тұрарға. Қазір қызды байға зорлап беретін заман емес қой.

Ә р и ф а *(кербездене қасын керіп)*. Кім біледі, әйтеуір соңынан қалмады ғой Әзизамның. Бүкіл Алматы бойынша оған жетер сұлу қыз жоқ еді. Жуырда бір мейрамда Кремльде Әзизаны Ворошиловтың өзі биге шақырған. Әне, көрдіңіз бе, құдаша. Ал сол Әзизаның мейрамға, Кремльге киіп баратын жөнді көйлегі де жоқ.

Т ү й м е т а й. Шын асыл – бөз көйлектің ішінде де асыл, құдағи. Ерді кебенек ішінде таны деген. Елі есі кетіп, аштықтан сансырап жатқанда, мұндағы өкіметтің қатыны үлде мен бүлдеге оранып отырғаны да жараспайтын шығар, кім біледі. Әйтпесе Тұрар өз қатынына қымбат көйлек алып беруге шамасы келмейді дейсіз бе?..

Ә р и ф а. Тұрардың ақшасы өзімізге жетер еді-ау, құдаша. Бірақ *(көзін жұмып, басын шайқап)* о-о-ой, құнақлар бик куп, қазақлар киләлар, киләлар... Көбі көмек сұрап келеді, қаһар сұққаннар. Стүдентләр куп килә. Тұрар оларды гостиницаға бар демей, үйде қондырады. Бір-екі мейманға мейлі дерсің, ал бүкіл халықты қалай асырайсыз?

Т ү й м е т а й. Бір-екі туысқанын ғана танып қойса, ол Тұрар бола ма, құдағи. Тұрар халықты асырау үшін туған адам. Одан жамандық көрмейсіз. Налымаңыз. Қарға-құзғын жемін басып жейді. Ақсұңқар жемін шашып жейді.

Қоңырау шылдырайды. Асүйде жүрген Әзиза, балалар бөлмесінде отырған Ескендір есікке қарай жарыса жүгіреді. Әрифа да, Түйметай да, балалар да дәлізге шығады. Әзиза мен Ескендір таласа-тармаса ашқан есіктен Рысқұлов кіреді. Дәліз толы жұртқа Рысқұлов аңтарыла қарап қалады.

Ә з и з а *(күйеуінің омырауын, иығын сипалап).* Өте кешіктің ғой, Тұрар. Тыныштық па?

Е с к е н д і р *(әкесін құшақтап).* Папа, что так поздно?

Ә р и ф а. Без барысы да құрқып утырабыз инде.

Р ы с қ ұ л о в *(әйелін бетінен сүйіп, баласын басынан сипап).* Неменеге үрпиісе қалдыңдар? Кәдімгі жұмыс.

Т ү й м е т а й. Біздің ауылдың атқамінерлері түске дейін ұйықтап, түстен кейін ел қыдырып, қымыз ішіп, ет жеп жүруші еді, сендердікі сұмдық қой: таң атпай кетіп, түн ортасында келетін.

Р ы с қ ұ л о в. Сол атқамінерлердің қыдырымпаздығы қандай насырға шапқанын өз көзіңмен көріп келдің ғой. *(Өзіне қадала қарап тұрған Нұрбеделді бауырына тартып, басынан сипап).* Қалай, батыр, үйрене бастадың ба? Ойнадың ба? Рашид, Шәміл, Ескендір! Нұрбеделмен ойнадыңдар ма?

Ә р и ф а. Ұлар түбеласқаннар, қаһар сұққаннар.

Р ы с қ ұ л о в *(күліп).* Е, ер шекіспей, бекіспейді деген, мама. *(Рашид, Шәміл, Ескендірге қарап).* Оларың қалай? Мейманды осылайша күтіп ала ма екен? Ол туысқан ғой. Нұрбедел жақсы бала, солай ма, Нұрбедел? *(Нұрбедел басқа балаларға жауыға қарап, мұрнын тартып қояды).*

Р а ш и д. Иә, Тұрар аға, ол үйдегі тамақты тасып жатыр, тасып жатыр.

Р ы с қ ұ л о в. Тасып жатқаны қалай? Ауылына тасып жатыр ма? Оның ауылы алыс қой.

Ш ә м і л. Бері жүріңізші, Тұрар аға! Міне, қызық. *(Рысқұловты қолынан тартып, балалар бөлмесіне алып кіреді. Ала қоржынды көрсетіп).* Міне! Нан, сухари, печенье, қант, тіпті картопқа дейін салып жатыр, салып жатыр. Ол ұры. *(Бәрі де ала қоржынға аңырып қарап қалған. Біразға дейін ешқайсысында үн жоқ. Сол құлаққа ұрған танадай тыныштықта булыға жылаған үн естіледі. Нұрбедел тұқшиып, мұрнын жеңімен сүртіп, теріс қарап жылап тұр.)*

Т ү й м е т а й. Ойбой, тумай жатып пәле көрген жүгермек! Бұл тағы не сұмдығың, ойбай! Бүйтіп мені масқара қылып күйдір-



генше, бір жерде неге қылжия қалмадың, күйдіргі! Шыбындай қырылып жатқан көп қазақтан сенің жаның артық па, ей! *(Баласына тұра ұмтылады. Рысқұлов ара түсіп, қарындасын итеріңкіреп жібереді. Түйметайдың кішкентай қыздары жылайды.)*

Р ы с қ ұ л о в *(кішкентай екі қызды екі қолына көтеріп).* Жыламаңдар, айналайын, жыламашы. *(Түйметайға.)* Ауылдың ойбайын қой, ұят болады.

Т ү й м е т а й. Ұят менің не теңім. Ұятты адам албастыдай боп, бір қора баласын шұбыртып сенің үйіңе келер ме еді?! Келгенімен қоймай, мына қыршыныңнан қиылғырды ұры атандырып қояр ма еді! Жетпей, желкең қиылып, жер жастанғыр Нұрбедел!

Е с к е н д і р. Ол ұры емес, папа. Ол тек картоп қана алды. Мен: «Оны қайтесің?» – дедім. Ол айтты: «Көкеме апарып беремін», – дейді. Мен: «Онда мынаны да ал», – деп, печенье, қант, сухари әкеліп бердім.

Т ү й м е т а й *(Нұрбеделге).* Әй, көктүйнек келгір, мен саған айтпап па едім: әкеңнің қарны тоқ, құдайдың құтты қонағы болып, шалқайып жатыр деп!

Р ы с қ ұ л о в *(залға қарап).* Қайран Қайсар бауырым! Алақан жайып, қайыр сұрауға қорланған ар-ожданның құрбаны. Әкіреңдеген атқамінерлердің асыра сілтеп, аша тұяқ қалдырмаған озбырлығының құрбаны. Жалпақсаз станциясынан біз Түрксібті ары қарай жалғастырғанда, Қайсар, сен Совнарком төрағасы орынбасарының күйеу баласымын деп шіренбей, қолыңа қайла алып, Шоқпар тауын жарып, тасты бұзып, темір жол салып едің. Ударник атанып, менің қолымнан грамота алып едің. Сонда қысылып: «Тұрар күйеу баласына жақын тартып беріп жатыр дер мына жұрт, маған осыны бермей-ақ қойсаң қайтеді», – деп едің. О, арлы арыстаным! Маған арыздар жер-жерден кеп түсіп жатыр. Қиянат құрбанының бірі сенсің, Қайсар! Кешір, бауырым, мен кешіктім. Бірақ мына балаларыңды алақаныма салып аялап өсіруге ант етемін. *(Рашидке, Шәмілге, Ескендірге қарап).* Нұрбедел ұры емес, қорламаңдар оны. Ол өзі үшін емес, әкесі үшін алды мыналарды *(Қоржынды көрсетеді.)*

Р а ш и д. Иә, оның әкесі өліп қалса, өлген адамға ауқат неге керек?

Н ұ р б е д е л. Иә, Дүйсенбай, Қорғанбай, Боранбайлар ше? Олардың жейтін түгі жоқ. Уәкіл олардың бұзауларын да тартып алды.



Р ы с қ ұ л о в. Естідің бе, Рашид? Ол жалғыз әкесін ғана емес, бүкіл ауылдың балаларын ойлайды. Естідің бе, Түйметай? Сенің «жуадай солғырың» тумай жатып өзі ғана емес, өзгелердің де өлмеуін тілейді. Бұл бесіктен белі шықпаған бала тұрмақ, атқа мінгендердің қолынан келмей жатқан ұлы жақсылық емес пе?! *(Тістеніп.)* Тіпті мына біздің де...

Ә з и з а. Сонда қалай, Тұрар, Сталин сенің хатыңа дұрыс жауап бермеді ме?

Бәрі де Рысқұловтың жалғыз ауыз сөзін тосып, телміре қарап қалады.

Р ы с қ ұ л о в *(ойланып, алысқа қарап).* Дұрыс шешетін сияқты. Ертең кел деді.

Ә з и з а. Ә р и ф а. Т ү й м е т а й *(қосыла жамырап).* Айтқаның келсін!

Ә з и з а. Сені күте-күте тамағың да суып қалды. Шәйді қыздырайын. Жүре ғой енді. Әбден ашыққан шығарсың.

Т ү й м е т а й. Немене, Сталиннің үйінде де ауқат жоқ па? Сол үйден бірге отырып тамақтанған шығар.

Ә р и ф а *(ернін тістеп, басын шайқап).* Жарами, құдаша, олай айтырға бұлми.

Т ү й м е т а й *(аңтарылып).* А, қайдан білейін...

Р ы с қ ұ л о в *(Нұрбеделді мойнынан құшақтап).* Жүр, менімен бірге шәй ішесің бе?

Н ұ р б е д е л. Жоқ, көке. Біз әбден тойып алдық.

Р ы с қ ұ л о в. Әб-бәрекелде-е-е! Бәрің де тойынасың. Енді сенің оқуыңды не істейміз? Ауылда қай класта едің?

Н ұ р б е д е л. Үшінші.

Р ы с қ ұ л о в. Е, дұрыс. Бірақ енді мұнда орысша оқуың керек. Оны қайтеміз? *(Рашид, Шәміл, Ескендірге қарап.)* Сендер көмектесесіңдер. Орысша үйретіңдер.

Е с к е н д і р. Ал ол бізге қазақша үйретеді. Мен онымен уже қазақша сөйлесе аламын.

Р ы с қ ұ л о в. Молодец! Сөйтіп бір-біріңе үйретіңдер. Жарай ма?

Р а ш и д. Ш ә м і л. Е с к е н д і р *(қосылып).* Жарайды.

Н ұ р б е д е л *(иықтанып).* Иә, мен тақпақ та айта аламын.

Р ы с қ ұ л о в. Кәне, кәне, айтшы тақпағыңды.

Н ұ р б е д е л *(қоқиланып, қолын сермеп).*



Ленин біздің атамыз,
Саясында жатамыз,
Қарсы келген дұшпанды
Қақ жүректен атамыз!

Қолын түсіріп, қалай дегендей жан-жағына қарайды. Бәрі де қол шапалақтайды.

Р ы с қ ұ л о в. Өте дұрыс айтасың, Нұрбедел. О, айналайын, сенің ақылың көп екен ғой. *(Залға бұрылып).* Ленин бүкіл халықтың атасы. Ол – пайғамбар. Гималайдағы үнділер Ленинді бекер «Махатма» деп атамаған. Махатма – пайғамбар. Ленинді жүрегіңде сақта, Нұрбедел! Әлі өсерсің, жетімек. Әлі тағдырдың талай теңізін кешерсің. Не көрсең де – бақыттан қанат байлап, ұшпаққа шықсаң да; аяқ-қолың кісенделіп зынданға түссең де – Ленинді ұмытпа! Ленинді сәл сәтке ұмытқан жерде – ісің ілгері баспай, кері кетеді. Ленинніңөсиетін өрескел бұрмалаған Қазақстанға қазір қарақұстың көлеңкесі түсіп тұр. Мен Моңғолияда болғанда көрдім: моңғолдар аспаннан қарақұс көрсе, баласын үйге қарай ала қашады. Қарақұстың көлеңкесі түседі деп қорқады.

Н ұ р б е д е л. Ол қарақұс қашан кетеді, көке? Атып тастасаң қайтеді?

Р ы с қ ұ л о в *(баланы басынан сипап, залға қарап).* Кетеді, Нұрбедел, Лениннің сәулесін қарақұс жасыра алмайды.

Үшінші сурет

Сталиннің кабинеті. Алакөлеңке. Алыстан музыка естіледі. «Көбік шашқан» немесе «Ақбай». Сталин басын бір жағына қисайтып тыңдап тұр. Рысқұлов үнсіз. Музыка аяғы – қаһарлы хор.

Х о р. *Ашық күнде – найзағай. Кімнің күші?*
Өрт алғандай мал мен жай. Кімнің ісі?

С т а л и н. Мен естіп тұрмын, Рысқұлов. Ал сен ше?

Р ы с қ ұ л о в. Тып-тыныш қой. Әне, Кремльдің куранттары соқты. *(Сағатына қарап).* Иә, сағат кешкі онды соқты.

С т а л и н *(Рысқұловқа күмәндана қарап.)* Сен естімеуің қалай?

Музыка... Сірә, сенің еліңдікі болар? Хор... қаһарлы, жан түршігеді... Әлде... осының бәрін бір сиқырмен сен айтып тұрсың ба?! *(Зәрлене қарайды.)*

Р ы с қ ұ л о в *(басын кегжитіңкіреп, бойын тіктеп).* Менде қандай сиқыр болуы мүмкін, жолдас Сталин?

С т а л и н *(басын шайқап).* Білмеймін. Ұмытпасам, Голощекин айтты-ау деймін, Рысқұловтың адамды арбап алатын бір сиқыры бар деп...

Р ы с қ ұ л о в. Асырып айтады. Есіңізде ме, Голощекиннің ең жақсы көретін сөзі: «Лучше пересолить, чем недосолить».

С т а л и н. Иә, ол максималист... Мак-си-ма-лист! Маған жазған бір хатында ол былай дейді: Қазақстанға Октябрь рухы әлі жетпеген сияқты дейді. Мен келгенге дейін Қазақстанда шын мәніндегі коммунистік партия да болмаған. Сондықтан менің бірінші міндетім,– дейді Голощекин, – Қазақстанда «Кіші Октябрь» жүргізу. Халық әлі жабайы дейді. «Культуртрегерство» дегенмен шұғылданып, жергілікті халыққа қасықты, шанышқыны қалай ұстатуды үйретемін депті.

Р ы с қ ұ л о в *(ыза буып, әрең шыдап).* Ал сіз не дедіңіз?

С т а л и н *(жақтырмай, суық қарап).* Енді мені сұраққа алайын дедің бе?

Р ы с қ ұ л о в *(сәл кідіріп).* Жоқ, жолдас Сталин. Әңгімені бастаған өзіңіз. Голощекин айтқан екен, ал енді Сталиннің оған көзқарасы қалай – соны білу де айып па?

С т а л и н *(сәл жұмсарып).* Ал сен не дер едің? Голощекин әлгі хатын саған жазса – не дер едің?

Р ы с қ ұ л о в *(ширығып).* Мен айтар едім: жолдас Голощекин, өйтіп тарихқа да, халыққа да жала жаппаңыз дер едім. Қазақстанда Сіз келгенге дейін, тіпті Ұлы Октябрьге дейін большевиктер партиясы болған. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатқан да солар дер едім.

С т а л и н *(жөткірініп).* «Культуртрегерство» дегені ше?

Р ы с қ ұ л о в *(мырс етіп).* Жолдас Голощекин, Сіз алдымен ашыққан халыққа тамақ тауып беріңіз, қасық пен шанышқының бір амалы болады дер едім.

С т а л и н *(ары-бері баяу басып жүріп алады).* Ал мен, Тұрар, бұлай дей алмадым. Неге? Неге деп тұрмын ғой?

Р ы с қ ұ л о в *(не айтарын білмей, қолын жайып).* Білмеймін.

С т а л и н *(Рысқұловқа бетпе-бет жақындап, сыбырлағандай болып).* Мен Голощекинге сеніп қалдым. Түсінесің бе, се-н-іп қалдым!

Р ы с қ ұ л о в *(ойланып)*. Онда Голощекиннің хатын құптаған болдыңыз ғой?

Сталин үндемей, басын салбыратып, ары-бері жүріп алады. Саңқ етіп, хор даусы кернеп кетеді.

Х о р. Ашық күнде найзағай! Кімнің күші?
Өрт алғандай мал мен жай. Кімнің ісі?

Р ы с қ ұ л о в. Сөйтіп, Сіз Голощекиннің хатын құптаған болдыңыз ғой?
Сталин оны қолымен жасқап, сөйлеме дегендей болады. Музыка мен хор алыстап бара жатады.

Р ы с қ ұ л о в *(алысқа көз тігіп)*. Біреуінің – сенімі, біреуінің әрекеті. Екеудің ісі – миллионның тағдыры. Әділет деген ақ күшік қайда қаңғырып жүр екен? Біреуді шекесінен шертіп қалсаң – сотқа тартатын заң бар. Ал миллионды топалаң тигендей етсең – сотқа тартатын заң жоқ. Басшының Бекежандарға сенуі – топалаң.

С т а л и н *(ойы алыстан оралғандай)*. Олар кім?

Р ы с қ ұ л о в. Жәй, біздің бір қиссада Бекежан деген қарақшы бар. Төлеген деген бозым соған сеніп қалып мерт болады.

С т а л и н. Сондықтан да мен күдікшіл болып барамын.

Р ы с қ ұ л о в. Күдік деген таудай сұрақ. Сұрақтың шешуі – ақиқат. Шындыққа жетсеңіз – күдіктен арыласыз.

С т а л и н. Демек сенімді деген Голощекиннің өзіне де қарауыл керек.

Р ы с қ ұ л о в. Әсіресе Голощекин сияқтыларға үлкен қарауыл керек.

С т а л и н *(трубкамен үстелді тарс еткізіп)*. Болды! Тым ақылгөйсігенің жетті! «Сталиннің сүйіктісі!» Тайтаңдай берме!

Төртінші сурет

Ақ боран түтеп тұр. Айнала ештеңе көрінбейді. Айдаладағы жартыкеш мазар тұр. Иман мен Уәкіл соның ішіне кіріп паналаған.

У ә к і л. Ух! Контра! Саған бола енді мына қарғыс атқыр боранға тап болдым.



И м а н. Сен өйтіп маған кіжінбе, сорлы. Мен болмағанда айдалада адасып өлетін едің. Пана тауып берген мен ғой. *(Мазардың ішін көзбен шолып қояды.)*

У ә к і л. Пана, пана! Екі күн, екі түн болды мұнда жатқанымызға. Мына қарғыс атқыр боранның басылатын түрі жоқ.

И м а н. Мен білетін «ақмылтық» болатын болса, ол қатарынан жеті күн соғады. Көресің әлі алда.

У ә к і л. Аштан өлетін болдым. Екі күн нәр татпағаныма.

И м а н. Ашыққан қандай болады екен, мырза?

У ә к і л *(жыламсырап)*. Сен өйтіп мені табалама. Елді ашықтырған мен емес. Жоғарыдан нұсқау солай болды.

И м а н. Нұсқау солай болса, сен де сол нұсқаудың құрбаны бол.

У ә к і л. Ол – өл дегенің ғой! Контра екеніңді білгенмін. Әттең, ауданға жете алмай, жолда қалдық. Әйтпесе сені аттырар едім. *(Беліндегі наганын сипалап)*. Сотсыз, өзім-ақ жайрата салайын ба осы!

И м а н. Мені жайратарсың. Сонда өзің не боласың?

У ә к і л. Мына қарғыс атқыр түнек сәл ашылса, астымда атым бар, ауданға жетемін.

И м а н *(мырс етіп)*. Сен ашыққанда, атқа біреу сыртта жем беріп отыр деп пе едің? О да өледі.

У ә к і л. Жағың қарыссын! *(Түрегеп, сыртқа шығып, атын көрмек болады. Ақ түтек бұрқ ете қалғанда кейін шегініп кетеді.)* Ойбай, енді қайттім?

И м а н *(ызалана мырс етіп)*. Қайтуші едің? Иманыңды үйіре бер! Бұл – зауал! Елдің көз жасы, обалы жібермейді.

У ә к і л *(бажылдап)*. Ойбай, мен емес қой! Мен байғұс тек тапсырманы орындаушы. *(Ыңырсып жылайды.)*

И м а н *(қатуланып)*. Бұралқы иттей қыңсылама, сорлы. Өлсең де – адам құсап өл!

У ә к і л *(кемсеңдеп)*. Үйде жап-жас балаларым бар еді...

И м а н. Жетім қалған балалардан жер қайысады.

У ә к і л. Жоқ, мен оларға жетуім керек. *(Иманға түсін суыта қарап, наганын суырып.)* Үстіндегі тоныңды шеш! Мен атқа мініп кетуім керек.

И м а н *(уәкілдің қолын қағып жібереді, наган ұшып түседі)*. Шошаңдатпа бәлеңді! Қан төккенің аз емес.

У ә к і л *(жуасып)*. Мен қан төккем жоқ. Голощекин айтты – мен істедім. «Кіші Октябрь» деді. Революция шығынсыз болмайды деді...



И м а н. Ленин бастаған ұлы революция әлдеқашан болған. Енді сол ұлы революцияны Голощекин жұлмалап «Кіші Октябрь» дегенді шығарды. Лениннің ақ жолынан тайған, ұлы жолды бұрмалаған азғынсыңдар. Ұлы жолдан тайған, міне, осылайша адасып өледі.

У ә к і л *(жалбарынып)*. Енді адаспауға ант берейін. Мені бірдеңе етіп ауданға жеткіз, жалынамын.

И м а н. Есуас неме, ауданға жете алмайсың. Қазір бұл жерден аттап бассаң, ақтүтектен тұншығып арам өлесің. Маған жалынба, аруақтарға жалын. *(Басын шайқап)*. Әй, бірақ аруақтар кеше қоймас. Күнәларың мың батпан!

У ә к і л *(мөлиіп)*. Өлген – өлді, тірі тіршілігін істеу керек қой. Жеткіз мені ауданға.

И м а н. Сен сияқтылар, өлген – өлді деп, ертең қарны тойса, осыншама сұрапыл сұмдықты ұмытып шыға келмекші ғой?!

У ә к і л *(сықсыңдап)*. Ұмыт-пай-мын...

И м а н *(қаһарланып)*. Сен сияқтылар осындай сұрапыл сұмдық істегенін кейін келешек ұрпақтан жасырып, күнәға екі есе батады ғой!

У ә к і л. Келешек ұрпаққа мұның несі қызық?

И м а н. Ә, бәсе, айттым ғой! Несі қызық емес, найсап! Бұл – сабақ! Теңдессіз сабақ. Кейінгі ұрпақ осындай жәһилді тағы қайталамас үшін сабақ!

Алыстан талықсып қасқырлардың ұлығаны естіледі. Бірте-бірте үдей береді. Бір бәлені сезіп, сыртта байлаулы тұрған ат кісінейді. Боранмен қасқырдың ұлығаны қосыла азынайды. Бір сәт аттың жанұшыра шыңғырған даусы шығады. Сәлден соң тына қалады. Уәкіл мазардың бұрышына бүрісіп тығылады. Иман сәлден соң сыртқа шығып, біраздан кейін екі қолына төрт тұяқ ұстап қайта кіреді.

У ә к і л. О не, ойбай?

И м а н. Тұяқ! Тұяқ жоспары орындалды, Уәкіл! Енді мүйіз бен жүн қалды. Шәниіп жата бер. Аман болсақ, мүйіз бен жүн жоспарын да орындаймыз!

Ескі күмбездің іші. Сыртта боран ақырып тұр. Іште Уәкіл мен Иман. Жерде төрт тұяқ жатыр. Уәкіл жанын қоярға жер таппай тәлтіректеп түрегеліп, төмпешікке сүрініп құлайды.



У ә к і л *(үрейлі үнмен)*. Ойбай, мынау не тағы? *(Төмпешікті қолымен сипалап)*. Е, мынау шапан ба-ей?

И м а н *(ығарлап, баяу үнмен)*. Е, бейбақ, тиіспе оған. Ол – мола.

У ә к і л *(қолын шапаннан шошына тартып алып)*. Е, мына күмбезді осыған бола соққан екен ғой. Қашан қайтқан? Бұл да аштан өлген бе?

И м а н *(баяу ыңырсып)*. Мың жыл бұрын. Осы кезде аштан өлгенге күмбез соғылар ма еді, ақымақ! Қазір аштан өлгендер көмусіз қалып жатқан жоқ па?!

У ә к і л *(аңырып, алақтап)*. Мың жыл бұрын? Онда оған шапан жауып не керек?

И м а н *(бұрынғыша баяу)*. Оның денесі әлдеқашан топырақ болған. Рас-ау, топыраққа шапан не үшін керек? Сірә, тірілер тұрмақ, аруақтар да адамнан бір мейірім, бір жылы қайыр күтетін шығар. Мен қайдан білейін.

У ә к і л *(бейшаралығын ұмытып кетіп)*. Сандырақ! Дінге сенетіндердің сандырағы! *(Иманға қарап)*. Ау, айтпақшы, бұл шапанды мен неге жамылмаймын? Қалтырап өліп барамын... *(Төмпешікке сіресе мұз болып қатып қалған шапанды сыдыра жұлмалай бастайды)*. Мен тоңып... өліп барамын...

И м а н *(кенет күш бітіп, қаһарланып)*. Тәйт, найсап! Тиме! Тіріні тонағаның жетер! Аруаққа тыныштық бер!

У ә к і л *(шіңкілдеп, жыламсырап)*. Оу, өзің айттың ғой, топыраққа шапан не керек?

И м а н *(ыңырсып)*. Сорлы, сен де топырақ боласың. Әй, бірақ сен топырақ болып та жарытпассың. Сенің топырағыңа шыққа тек зәрлі тікен ғана шығар...

У ә к і л *(шыңғыра жаздап)*. Айтпа қайдағыны! Мен өлгім келмейді. Үйде жас қатын, бала-шағам бар...

И м а н. Ендігі сенің құшақтап жататын сүйікті жарың – қара жер.

У ә к і л. Иә, жағың қарыссын! Қара жерді қалай құшақтаймын. Ол суық қой!

И м а н *(күрсініп)*. Иә, Уәкіл, ол суық. *(Ыңылдап.)*

Жиырмаға жиырма жуық дейді,
Шаңырақты көтерген уық дейді.
Оралыңның барында ойна да күл –
Өлгеннен соң қара жер суық дейді,
ғашық жар...

Ғашық та болған құрбыңды
амалда да, қасыңа ал...

У ә к і л. Кім бар амалдап қасына алатын? Шынымен бізді ешкім іздемей ме?

И м а н. Ешкім іздемейді. Кімге керекпіз біз? Мың батпан күнә арқалаған арсыздар кімге керек? Бізді тамұқ та қабылдамас. О дүниеде де қорлық көріп, кілең жалаңаяқ, қызыл тікен кешіп жүреміз.

У ә к і л *(күрсініп)*. Сен сияқты жауыздардың айтқанына көніп, айдауында жүріп, елдің малын тартып алдым.

И м а н. Жоқ, кешірілмейді. Біреудің ала жібін аттаған жан күнәлі. Ал біздікі... Аруақ бары шын болса, екеуміздің кеңірдегімізге мыңдаған қол жармасар әлі...

У ә к і л *(сықсыңдап)*. Қорқамын...

И м а н. Қорықпа. Шыбын жаның шырылдап қап-қара кеудеңнен ұшқанша ғана қорқынышты. Ар жағы... ар жағы қап-қараңғы. Түкті де сезбейсің. Сен сорлы, мәселен, анаңнан туғанға дейінгі күніңді түк білмейсің ғой. Өлгеннен кейін де солай – түк сезбейсің.

У ә к і л *(жынданған сияқты)*. Жоқ! Өлгім келмейді! *(Бесік моладағы шапанды жұлмалайды)*. Өлгім келмейді!

И м а н. Ол сенің ықтиярыңда е-ме-е-с. Өзің өлтірген жандардың соңынан қуалап же-те-сің. Жендет біткеннің ақыры біреу: өз құрбандығынан алысқа ұзап қалмайды. Құрбандық барған жерге жендет те барып құлайды.

У ә к і л *(аңтарылып)*. Сонда қалай? Голощекин жолдас та...

И м а н. Иә, Голощекин жолдас та, оның қолшоқпарлары да... Көп жасаса – он жыл, жиырма жыл... тіпті елу жыл... Ал аштан өлгендер енді асықпайды. Олар шыдамды. Олар күте біледі. Ең қиыны – олармен бет көрісу. Бет көріспеске тағы амал жоқ. Барар жер – біреу-ақ!

Күңгірт. Уәкіл ырылдап, құрысып-тырысып, қасқырлардан қалған тұяқтың қызыл қанды шідерлігін мүжіп, ақсиып жатыр, қол-аяғы серең-серең етеді. Иман әлдеқайда алысқа қарап, тас мүсіндей сіресіп қалған.

Бесінші сурет

Шілтерлі шымылдықтың ар жағында – ағылған халық. Дүниені дүр сілкіндірердей құдіретті хор даусы.

Ашық күнде найзағай! Кімнің күші?
Өрт алғандай мал мен жай. Кімнің ісі?..

* * *

Кремль. Сталиннің кабинеті. Төрде – Сталин. Босағада – Рысқұлов.

С т а л и н. А-а, Түркістанның Шыңғысханы! Төрлет! *(Күледі.)*

Р ы с қ ұ л о в. Осыдан он жыл бұрын Сіздің дәл осы әзіліңізге әзілмен жауап берем деп өкіне жаздағанмын. Сондықтан қайталағым келмейді.

С т а л и н. Осыдан он жыл бұрын барлық одақтас, автономиялы республикалар басшыларының алдында әзілге «әзілмен» жауап беріп, мені бір сүріндіргенің бар. Не деп едің сонда: «Төрге грузиннің князі отырып қалған екен, маған осы жер де жетеді», – деп қағып тастағаның есімде.

Р ы с қ ұ л о в. Ол бір арыны басылмаған есерлеу шақтың әсері шығар. Бірақ, әйтеуір, ұмытпайсыз.

С т а л и н. Кекшілсің демекшісің ғой.

Р ы с қ ұ л о в. Кекшіл болсаңыз, осы уақытқа дейін Рысқұловпен есеп айырысатын уақыт болды ғой. Ондай ойдан аулақпын.

С т а л и н. Кекшіл емес-ақ болайын, бірақ сенің сол сөзіңді осы уақытқа дейін неге ұмыта алмаймын? Мың-мың сөздер ұмытылып қалып жатады. Ал сенің сол айтқаның қайта-қайта есіме түсе береді. Ал сен ұмытып кеткен сияқтысың. Оның жақсы қасиет.

Р ы с қ ұ л о в. Біздің халық: «Жақсының кегі шәйі орамал кепкенше, жаманның кегі – басы жерге жеткенше» дейді.

С т а л и н *(басын шайқап қойып, ары-бері жүре бастайды).* Жарайды, таңғы сәлеміміз баяғыдай тағы да шарт-шұртқа айналып кетпес үшін, бұл әңгімені осымен доғарайық. Каганович, Молотов жолдастар сенің хатыңдағы фактілерді растап-ақ жатыр. *(Үстелде жатқан Рысқұловтың хатын алып, асты сызулы жерін дауыстап оқиды).* Қырғызстанға ауып барған қазақтардың панасыз қалған бір мыңдай балаларын Алматыға алып кету туралы Қырғызстан басшылары Қазақстан басшыларына хабарлайды. Қырғыздар қазақтардың панасыз балаларын Алматыға жеткізген кезде Алматы оларды қабылдамай, Қырғызстанға кері қайтарып жіберген.

Р ы с қ ұ л о в. Дәл солай, жолдас Сталин.

С т а л и н. Солай екені анықталды. *(Хатты үстелге қойып, Рысқұловқа таяп келіп.)* Жарайды, Голощекин қатыгез, рахымсыз. Ал Голощекиннен басқа басшылар қайда? Исаев, Құрамысов, тағы кімдер, әлгі жікшілдердің белсендісі, Са...

Р ы с қ ұ л о в. Садуақасов.

С т а л и н. Иә, Садуақасов. Садуақасовтар екеу ғой?

Р ы с қ ұ л о в. Смағұл Садуақасов.

С т а л и н. Иә. Содан соң әлгі сені «пантюркист» деп жаза беретін Жантоқов... Олар неге көрмейді бұл сұмдықты? Көрсе, неге үндемейді?

Р ы с қ ұ л о в. Көріп те, өз араларында айтып та жүрген шығар. Маған ол жағы белгісіз. Бірақ олардың барлығын Голощекиннің мысы басып кетеді ғой. Соның қас-қабағына қарайды ғой.

С т а л и н. Қалайша? Голощекин Қытайдың шекарасына жақындаған соң Будда болған ба сонда?

Р ы с қ ұ л о в *(сөз айтуға оқталып, тежеліп қалады).*

С т а л и н. Айт. Неге іркілесің? Сен осы Рысқұловқа ұқсамай бара жатқан сияқтысың.

Р ы с қ ұ л о в. Біздің халықта «Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ» деген сөз бар. Бірақ «Басқа пәле тілден» деген де бар.

С т а л и н. Қорықпа. Сенің жөнің бөлек. Жазыпты ғой анау азғын Мұстафа Шоқаев: «Рысқұлов Сталиннің фавориті, сүйіктісі» деп.

Р ы с қ ұ л о в. Фаворит – аса жақсы сөз емес. Сүйіктіден – сүйкімсіз бола салу да қиын емес. Бізде бір ақын:

Әуелікке жаралған фани адам,
Бақ пен сордың арасы – бір-ақ қадам, –

деген екен.

С т а л и н. Қалай-қалай? Бақ пен сордың арасы – бір-ақ қадам. Мұны, сірә, ол ақын Наполеоннан бұрын айтқан болар. Наполеон императорлықтан түскенде: «От великого до смешного – один шаг» дегенін білесің ғой?

Р ы с қ ұ л о в. Оқығанмын.

С т а л и н. Сонымен, «Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ». Айта бер.

Р ы с қ ұ л о в. Айтсам, Одақта жолдас Сталинсіз күрделі бір мәселе де шешілмейді ғой. Ол шындық. Ал Қазақстан үшін Голощекин де солай. Басқалар оның бетіне қарсы келе алмайды.

С т а л и н *(ары-бері теңселіп, түнеріп жүріп алады).* Сонда демократияның аузы буылып, аяғы кісенделгені ғой. Сол ма айтпағың?

Р ы с қ ұ л о в. Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады деген бар. Көлгірсіме деген өзіңіз едіңіз ғой.

С т а л и н. Тым ащы айтасың. Сенің тек шындықты ғана айтатыныңды білмесем, сенімен басқаша сөйлесер едім. Бірақ сенікі де шындық. Социализм аяғына нық тұрған кезде нағыз демократияға даңғыл жол ашық. Ал қазір... кейде осылай... жеке басшылық та керек. Бірақ неге жеке басшылық? Бізде партиялық демократиялық централизм. Сен маған болмаған кінәні мойындатпақсың, ә?

Р ы с қ ұ л о в. Жолдас Сталинге болмаған кінәні тағып, арыстанның аузына басымды тығар жайым жоқ. Өзіңіз шындық дедіңіз ғой.

С т а л и н. Айтшы, Тұрар, республикада апатқа ұшыраған халықтың жалпы саны қанша?

Р ы с қ ұ л о в. Бүкіл Қазақстандағы жағдай Қарқаралы ауданындағыдай. Қарқаралыда 1932 жылдың мамыр айында 50 мың 300 адам бар еді. Ал 1932 жылдың қарашасында содан 15 мың 900 адам ғана қалды. Айттым ғой, бұл жағдай барлық аудандарға тән.

С т а л и н. Үштен екісі. Одан да артықтау. Яғни, үш үйдің екі үйі жоқ. Обал! Озбырлық, әрине! Демократия! Социализм дейміз. Не деген сұмдық! Қазақстан тарихында мұндай сойқан бұрын болып па еді?

Р ы с қ ұ л о в. Қазақстан – феникс құс сияқты, жолдас Сталин. Көп өліп, көп тірілген. Феникс, өзіңіз білесіз, өртеп жіберсе, өртенген дененің күлінен қайта тіріле беретін көрінеді ғой. Ғұндар селі қаптады. Қазақстанды Қытай талай рет қырды. Шыңғыс хан таптап өтті. Жоңғар шапқыншылығынан «Ақтабан шұбырынды» деген ат қалды. Әне, «Ақтабан шұбырындыда» халық дәл қазіргідей қырылған.

С т а л и н. Ол жоңғарлар. Ал қазір Голощекин бастаған атқамінерлер бір жағынан, зиянкес бай-кулактар екінші жағынан шапқан ғой.

Р ы с қ ұ л о в. Логикаңыз шарболаттай, жолдас Сталин.

С т а л и н. Жағымпаздық саған жараспайды, Рысқұлов өз мінезінен сәл ауытқыса – ол Рысқұлов емес. Логика менікі емес, сенікі. Мен тек тұжырымдап тұрмын. Сонымен, сөзді сағыздай соза бергеннен не береке. Екеуміз де сөзге сараң едік, осы жолы біраз созып алдық. Тоқетері – сенің нақты ұсыныстарың қандай?



Р ы с қ ұ л о в. Нақты ұсыныстарым хатта жазылған, жолдас Сталин. Мен Сізге айтып едім ғой, елден бір топ балаларымен қарындасымның келгенін. Сол балалардың үлкені – Нұрбедел деген – біздің үйге келе салып, жеуге жарайтын тамақ көрінсе болды – қоржынға сала беріпті: нан, сухари, печенье, қант, тіпті шикі картопқа дейін...

С т а л и н. Айта бер.

Р ы с қ ұ л о в. «Оны қайтесің?» – деймін ғой. Сөйтсем, көкеме, Дүйсенбайға, Қорғанбайға, Боранбайға апарып беремін дейді. Көкесі аштан өлген.

С т а л и н. Ымға түсінбеген дымға түсінбейді. Демек Қазақстанға азық-түлік жеткізу керек. Бүкіл КСРО жабылып, Қазақстанға азық-түлік бөлісуге шамасы келеді.

Р ы с қ ұ л о в. Қазақстан қарыз боп қалмайды, жолдас Сталин. Қазір басқа республикалардың жеп отырған нанына ортақтасса – ол масылдығы емес. Қазақстан миллиардтаған тонна көмір, темір, қорғасын, мыс, алтын, күміс, тағы басқа толып жатқан байлығын Одақтан аямайды.

С т а л и н. Тағы не керек?

Р ы с қ ұ л о в. Миллионға жуық қазақтар Қазақстаннан тыс республикаларға ауды. Соларды жатсынбай, жатырқамай, ұрмай-соқпай, үй-жай, жұмыс тауып беру керек.

С т а л и н. Тағы?

Р ы с қ ұ л о в. Қытайға кеткендерді кері қайтарып, есін кіргізіп, етегін жапқызу керек.

С т а л и н. Тағы?

Р ы с қ ұ л о в. Казақстан Крайкомы мен үкіметі қазақтардың тысқарыға көшіп кетуіне тез арада тыйым салсын. Сөйтіп, оларды тамақпен, үй-жаймен, жұмыспен қамтамасыз етсін.

С т а л и н *(қатқыл үнмен)*. Тағы?!

Р ы с қ ұ л о в. Казкрайком мен Казсовнарком халықтың жағдайын қалпына келтіру үшін істелетін шаралардың толық жоспарын тез арада жасап, Орталық ЦК-ға табыстасын.

С т а л и н *(жекіп)*. Тағы?!

Р ы с қ ұ л о в. Көктемгі науқан таяу. Қазақстан алдағы уақытта тағы да ашықпас үшін, көктемгі егіс науқаны тез арада ұйымшылдықпен өткізілсін. Республикада тұқым да жоқ. Одақ тұқымдық қордан көмектессін.

С т а л и н *(жұмсарыңқырап)*. Тағы?

Р ы с қ ұ л о в. 1932 жылдың ақпанында Қазақстанда 40 миллион мал бар еді. Содан небары 5-ақ миллион қалды. Мал басын өсіруді жедел қолға алу керек.

С т а л и н. Болды ма?

Р ы с қ ұ л о в. Мен мәдениет, оқу-ағарту саласын ауызға алған жоқпын. Ең алдымен – нан. Қалғаны содан кейін.

Сталин. Халқы үшін шырылдап отқа түсе жаздаған пәруана. *(Жақындап келіп, Рысқұловты бір қолымен иығынан қапсыра құшақтайды).* Сен сөйтіп қарлығаштай қанатыңмен су себелеген халық саған не жақсылық көрсетер екен? Күндердің күнінде атыңды да ұмытып кетпес пе екен? Білесің бе, аш бала қарны тойған соң жаңа ғана жылағанын ұмытып кетеді.

Р ы с қ ұ л о в. Еңбегім үшін ақы тілемеймін. Ұмытса, несі бар, ұмыта берсін. Тек қарғамаса болғаны, дүниеде бір-ақ нәрседен қорқамын.

С т а л и н. Ол не?

Р ы с қ ұ л о в. Қарғыс.

С т а л и н *(қасын таңдана керіп).* Қарғыс? Не үшін? Халық алдында қылмыскер емессің ғой?

Р ы с қ ұ л о в *(күрсініп).* Жала деген бар, жолдас Сталин. Өзіңіз айтқан жоқсыз ба, менің үстімнен арыз түсіп жатады деп. Сол Жантоқовтар «Рысқұлов – пантюркист» деп қақсай берсе, кім біледі, Ягода немесе Вышинский бір күні алқымнан алар. Содан соң Рысқұловты қара есекке теріс мінгізіп, бетіне күйе жағa салып, халыққа: «Әне, анау оңбаған! Тас лақтырыңдар!» – десе, кім біледі, сеніп қалуы да мүмкін ғой.

С т а л и н. Алғыс пен қарғыстың таразысы бар.

Р ы с қ ұ л о в. Мәселе таразыда емес, таразышыда. Тасбақа о басында адам болған деседі. Таразыдан жеп қойып, қарғыс атып, тасбақаға айналып кеткен.

С т а л и н. Демек таразыдан жеген тасбақаға айналады.

Р ы с қ ұ л о в. Иә, Иосиф Виссарионович, таразыдан жемеу керек. Таразыдан жегенді тарих бәрібір табады.

С т а л и н. Ал тарихтың өзін тасбақа жазса ше?

Р ы с қ ұ л о в. Шындық шірімейді. Шындықтың бетін қанша бүркемелегенмен, бүркеніштің ар жағынан сәуле шашырап тұрады. Шын тарих та сондай. Шын таразышы – тарих.

С т а л и н *(қолын бір сілтеп).* Ендеше, біздің ісіміз тарихқа аманат. Бірақ есіңде болсын, Тұрар, ұжымдастыру ісін жеделдету – социализм мүддесі үшін. Бұл істі оңынан аяқтамасақ – болашақ қандай болады? Біз империалистер қоршауында екенімізді естен бір минут

те шығармауымыз керек. Одан қорғану жолында кейбір бұрмалау да болуы мүмкін. Ол қате болса, тарихқа аманат. Болашақ ақ-қарасын шешіп алсын.

Р ы с қ ұ л о в. Тарих бәрін де орын-орынына қояды. Бірақ сонда төбемізден төмен қарап салбырап тұрмасақ болғаны.

Музыка талып естіледі. «Көбік шашқан» яки «Ақбай». Арты хорға айна-лады.

Х о р. Ашық күнде – найзағай! Кімнің күші?
Өрт шалғандай мал мен жай. Кімнің ісі?

Хор арындап барып басылады. Сталин бір-бір басып, телефонға барады. Тұтқаны көтереді.

С т а л и н. Жолдас Молотов!

Д а у ы с. Иә, тыңдап тұрмын, Иосиф Виссарионович.

С т а л и н *(екінші телефонмен)*. Жолдас Каганович!

Д а у ы с. Тыңдап тұрмын, Иосиф Виссарионович.

С т а л и н. Тез арада Рысқұлов жолдастың ұсыныстары негізге алынсын. Түсінікті ме?

Д а у ы с т а р. Түсінікті. Түсінікті.

С т а л и н. Иә, ұмытып барады екенмін, Голощекин Мәскеуге тез шақырылсын!

Д а у ы с. Командировкаға ма?

С т а л и н (дауыс көтеріп, қатал). Жоқ! Мүлде! *(Тұтқаны тарс еткізіп тастай салады. Рысқұловқа баяу бұрылып.)* Сен дәмеленіп қалма! Қазақстанға қайтпайсың!

Р ы с қ ұ л о в. Өмірбақи қайтпауға пейілмін. Қазақстан аман болса, халқым аман болса, соған өле-өлгенше ризамын. *(Көзінен жас тамшылап кетеді. Залға қарап.)* Халқым, сен аман бол! Құрбаның болуға мен дайын. Ал зор қатенің құрбаны болғандар! Сендер кешіріңдер. Сендердің рухтарыңды қарны тойған күні ұмытып шыға келетіндерден сақтасын тағдыр!

Сахнаның екі жағынан қара киінген екі адам шығып Рысқұловқа жақындай береді. Халық үні – хор толастар емес.

Шымылдық.

ЕСЕК САУДАСЫ

Осы заман драмасы

Қатысушылар:

СЕРКЕШ – жиен, 30 жаста, бизнесмен
ЗОРМАН – нағашы, 50 жаста, банкир
СӘЛИМА – Зорманның әйелі, сарықарын
ХАЛИМА – Сәлиманың сіңлісі, Зорманға балдыз
ҚОРҒАН – Зорманның елдегі інісі
ЕЛЕМЕС – елдегі шопан
ЗООПАРК КҮТУШІСІ
ЛЕЙТЕНАНТ
ӨСЕР
МИЛИЦИОНЕР
ЖАПАР
Машинист
Жүкшілер
Жігіттер

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Оқиға осы заманда өтіп жатыр. Алматының хайуанаттар паркі. Хайуанаттар қалашығы. Темір торда маймыл, аю, түлкі, қасқыр, жолбарыс, арыстан... Бәрі де жалаңдаған аш. Әсіресе қорбаңдаған қоңыр аю жаман күңіренеді. Анда-санда арыстан ақырғанда бүкіл парк қалтырап, жер сілкініп, зілзала соққандай болады. Хайуанаттар паркінде аңдарды көріп, қызықтаушылар да аз. Солардың бірі – Серкеш. Қолында шелегі бар күтуші әйел арыстанға ұрсып жүр.

К ү т у ш і ә й е л. Азынама! Қанша ақырсаң да, саған берер ештеңем жоқ.

С е р к е ш. Кешіріңіз, бұл арыстанды немен асырайсыздар?

К ү т у ш і ә й е л. Немен болушы еді? Етпен. Құдай солай жаратқан. Еттен басқаны жемейді. Әне, анау пілге талдың бұтағын берсең де – қанағат. Ал арыстан шөп жемейді. Құдай солай жаратқан.

С е р к е ш. Сонда күнде-күнде етті қайдан тауып бересіздер? Қазір ет қымбат емес пе?

К ү т у ш і ә й е л. Е, шырағым, қазір не қымбат емес, бәрі қымбат. Бұрын ең арзаны есектің еті еді, енді о да табылмайды.

С е р к е ш *(таңданғандай.)* Сонда қалай, арыстан есектің етін жей ме?

К ү т у ш і ә й е л. Жегенде қандай! Атауындай жейді. Қасқыр да, жолбарыс та жейді. Әрине, есектің еті. Қойдың еті адамдарға табылмай тұрғанда, бұлар батпан құйрық асайды деп пе ең! Мейлі, есек те болса, жедел жәрдем керек.

С е р к е ш *(кенет құшырланып).* Ал есек табылса, сатып аласыздар ма?

К ү т у ш і ә й е л *(сампылдап).* Е, сатып алмағанда ше. Біздің зоопарктің бастығы ел-елді кезіп, есек іздеп қаңғырып кеткен жоқ па?! Жедел жәрдем керек.

С е р к е ш *(желіге түсіп).* Оны кіммен келісуге болады?

К ү т у ш і ә й е л. Нені? Жедел жәрдемді ме?

С е р к е ш *(соны да түсінбейсің бе дегендей).* Есек сатуды.

К ү т у ш і ә й е л. А-а, оны ана контордағылар біледі. *(Кішкентай көк үйді көрсетеді. Серкеш қарап тұрып, тұрып, солай беттейді.)*

Екінші көрініс

Емен есіктің төсінде: «Асау» банк бастығы Зорман мырза» деген жазу бадыраяды. Хатшы қыз кабинеттен ыздия шығып, Серкешке: «Кіріңіз, Сізді Зорман мырза күтіп отыр», – дейді. Серкеш бір аяғын сылти басып, ішке кіреді. Кең кабинет. Айнала қымбат жиһаз. Теледидар. Түрлі-түсті телефондар. Дәу үстелдің қақ басында сол үстелге лайық мол денелі Зорман терлеп-тепшіп отыр. Орнынан қозғалған жоқ. Елпеңдеп жеткен Серкешке барбық саусақтарының ұшын ғана ұсынды.

З о р м а н. Ал, жиен, қайдан жүрсің? Көптен бері көрінбей кетіп ең, кенеттен кенедей қадалып: «Қабылдаңыз, қабылдаңыз!» – деп жан қоймадың. Не айтайын деп едің сонда?

С е р к е ш. Ойбай, нағашы, үлкен бір істің шеті көрініп тұр... Жедел жәрдем керек.

З о р м а н *(сигарет тұтатып).* Жә-жә, жайың белгілі. Несие сұрамақшысың... Одан да менің апам қалай, соны айт.

С е р к е ш. О, апаңыз аттай шауып жүр. Рас, қартайып қалды ғой. Сол кісіні қартайғанда мәпелеп бағып-қақсам ба деп...

З о р м а н *(қарқ-қарқ күліп).* О, шіркін-ай, менің апамның қолын алтын мен күміске малып қоймақшы екенсің ғой. Жарайды. Келін ше? Келін қалай? Кішкентайлы болдыңдар ма?

С е р к е ш *(күмілжіп, қызарақтап).* Келініңізбен әлгі... тұзымыз жарасыңқырамай... *(Ширығып.)* Жоға, ана апаңызға жайсыздау болды.

З о р м а н *(алара қарап).* Тағы да ажырастың ба? Қатын құтаймайтын не бәлең бар осы сенің?! Ау, «күйдім, сүйдім, осыған үйленбесем – өлемін» дегенің қайда?

С е р к е ш *(шып-шып терлеп).* Нағашы-еке, оның бәрі жастықтың мастығы екен ғой, есім енді кірді, енді қателеспеуге тырысам...

З о р м а н *(дауысы тарғылдана).* Жастық! Ей, қайдағы жастық? Мына сен бе жас? Осымен қанша қатын қоя бердің? Өзі санынан жаңылысып қалдық қой...

С е р к е ш *(тұқшиып).* Енді дәм-тұз, тағдыр сондай болып тұр ғой. *(Жігерлене.)* Енді олай болмайды, нағашыжан...

З о р м а н *(жұмсаңқырап).* Апама тартсаң, мұндай жұқсыз болмас едің. Әкеңе тартып кеткенсің ғой. Әкең марқұм тым сұғанақ болатын... Сонымен, қанша қатын, қанша бала қалды сенен?.. Тап-қан-таянғаның солардың алиментінен артылмайтын шығар, ә?

С е р к е ш *(қайта мүләйімсіп).* Енді... пешенеге жазғаны солай ма, есіріктеу болдым ба... Қойдым, қойдым енді, нағашы-еке, айналайын...

З о р м а н *(рахаттанып).* Ehe-he, айналмай-ақ қой, онсыз да басың айналып қалған сияқты. *(Кенет қатуланып.)* Иә, бала, келген бұйымтайынды айт. Менде уақыт жоқ.

С е р к е ш *(абыржып барып).* Нағашы-еке, заманың түлкі болса, тазы боп шал дегендей, заман болса мынау. Мен де бір тырбанып көрсем бе деп... Жедел жәрдем керек.

З о р м а н *(бұйыра).* Айт енді! Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма. Ақша неге керек? Несие ғой керегі?

С е р к е ш *(езуі жайыла түсіп).* Дәл таптыңыз, нағашы-еке! Бір тиімді істің ұшы қылтиып тұр. Соған қаржы... Жедел жәрдем...

З о р м а н. Ол не?

С е р к е ш *(қипақтап).* Сіз бірақ ерсі көрмеңіз, нағашы...

З о р м а н *(шыдамсыздау)*. Ау, әкесі өлгенде де естіртеді ғой, айтсаңшы енді жұмбақтамай!

С е р к е ш. Құлағыңызға тосындау тиюі мүмкін...

З о р м а н *(үстелді қойып қалып)*. Болды! Айтпасаң – кет!

С е р к е ш. Ойбай, ағатай. Алатаудай айбаттым менің! Айтайын, айтайын: есек саудасы!

З о р м а н. Не дейді?! Қайдағы есек саудасы?!

С е р к е ш. Сәл сабыр етіңізші енді, құдай үшін... Мен, мен осы әлгінде зоопаркте болдым.

З о р м а н *(таңдана)*. Ал?

С е р к е ш. Аңдар аштан қырылып жатыр. Жедел жәрдем керек.

З о р м а н. Ал? Қырылса қайтейін?

С е р к е ш. Олар есектің етін жейді екен.

З о р м а н. Ал?

С е р к е ш. Тиімді іс болып тұр. Жедел жәрдем керек.

З о р м а н. Айт!

С е р к е ш. Айтсам, біздің Бұйрақұмда жабайы есек өріп жүр. Жедел жәрдем керек.

З о р м а н. Сөзің құрысын, жабайы есек болушы ма еді? Құлан шығар.

С е р к е ш. Ойбай, нағашы, елге сирек шығасыз да, білмейсіз ғой. Әйтпесе мына қаптаған машинаның заманында елге есек керек болмай қалған жоқ па?

З о р м а н. Есектің еңбегі адал, еті арам деуші еді.

С е р к е ш *(үміттене)*. Енді сол арам еттен адал ақша жасауға болады, нағашы-еке. Жедел жәрдем керек.

З о р м а н. Ойыңды түсініп қойдым, бала. Елдегі есек байғұс иесіз қалған соң, жабайы болып құмға кеткен. Сен сол иесіз есектерді зоопаркке сатпақшысың. Солай ғой?

С е р к е ш. Дәл таптыңыз, нағашы-еке. Ақылыңыздан айналдым. Жедел жәрдем керек.

З о р м а н. Айналмай-ақ қой. Мұныңа жұрт күлмей ме? Елде жоқ пәлені шығарып. Онсыз да атышулы жүгермексің.

С е р к е ш *(бұртиыңқырап)*. О не дегеніңіз, нағашы. Атышулы болып ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын. Ал есек сатқанның несі ерсі? Қазір заман солай. Аруағыңнан айналайын Абай атамның өзі: «Есек көтін жусаң да мал тауып кел!» деген жоқ па? Жедел жәрдем керек.

З о р м а н *(күліп).* Әй, қу жиенім-ай, сөз тапқанға қолқа жоқ. Оның рас, қазір заман солай... Әлгі біздің бір танысымыздың әйелі сол құмнан тасбақа теріп алып, Польшаға апарып сатып жүр дейді.

С е р к е ш *(жанығып).* Е, оны айтасыз, менің бір танысымның әйелі кәдімгі қазақы маңтөбеттердің күшігін шетелге апарып сатып, доллардың астында қалып жүрген жоқ па?

З о р м а н. Естімеген елде көп. Сөйтіп, қазақы маңтөбеттің тұқымы да құритын болды десеңші. Онда сен неге осы күшікпен айналыспайсың? Есектен гөрі тәуір ғой.

С е р к е ш *(қолын сілтеп, тыжырынып).* Ойбай, машақаты көп дейді. Әлгі күшіктерді қорапқа салатын көрінеді. Пойызда ол бәлелер қыңсылап, қи тастап, айналасын мүңкітеді екен...

З о р м а н *(күліп болып, көзін орамалмен сүртіп).* Е, өйтпегенде қайтеді. Жаны бардың – желі бар. Әрі десе әлі көзін жыртитып ашпаған күшіктер. Әй, обал-ай... Азап-азап, қасірет.

С е р к е ш. Азап, иә. Ал бірақ шетелде қымбат дейді. Жол азабы ақталады, әрі пайда түседі.

З о р м а н. Ал сенің есегіңнен пайда түсе ме?

С е р к е ш. О, оны есептедім. Пайда түспесе неғыламын. Онда сізді әурелеп нем бар. Бір есек қазіргі бағамен бір миллион. Әлі одан да өсе түсуі мүмкін. Баға күнде өсіп тұр ғой. Сондықтан жедел жәрдем керек.

З о р м а н *(ойланып қалғандай).* Әй, мынауың шынында пайдалы-ай. Әрі десе құдайдың тегін есегі. Иесіз. Ол мемлекет меншігі де емес. Егер жабайы киік, ақбөкен, құлан болса бір сәрі. Ол мемлекет меншігі. Бірақ сонда да қырып жатыр ғой. Ал жабайы есек... Ай, білмеймін, мемлекет меншігі деген заңды оқыған жоқпын.

С е р к е ш *(жанығып).* Көкетай-ау, сол ғой менің желігіп, жар құлағым жастыққа тимей, сізге келіп отырғаным. Жаным, нағашым, сізге түсіндіре алмаймын ба деп қорқып едім. Түсіндіңіз ғой, данышпаным әншейін.

З о р м а н *(құлағына жағып бара жатса да).* Жә, жә, көпшікті тым қалыңдата берме. Одан да негізгі мәселеге көшейік. Тоқетерін айт.

С е р к е ш *(жөппелдемеде сасып).* Енді... пойыз жолмен... әлгі вагон жалдаймын ғой. Ә дегенде бір жүзін жеткізсем... Соның жол ақысы керек. Несиеңізді қолма-қол қайтарамын. Әрине, пайызы жеңілдеу болса...

З о р м а н *(мырс етіп).* Пайыз. Пайыздан тысқары не болатынын білесің бе?

С е р к е ш *(қипақтап).* Естіп жүрміз ғой. «Шапка» дей ме... Пара ғой енді. Бірақ менен... Нағашы-жиен дегендей... Арамызда пара жүргені... өзі...

З о р м а н *(кеңкілдеп).* Е, жиен, саудада достық жоқ деген.

С е р к е ш *(қиылып).* Нағашыекесі-ау, енді сіз бен біздің арамызда сауда жүрмейді ғой.

З о р м а н *(сұқ саусағын кезеп).* Жо-жоқ, дорогой мой, заман-ға қара. Мына заман қай заман? Соқпа заман! Яғни – ры-ы-нок. Әлгі на-а-рық деп жүрсіңдер ғой. Сол. Батпан құйрық, тегіннен тегін жатқан құйрық жоқ енді.

С е р к е ш. Құдай бір тоқты жаратады, бір түп жусанды артық жаратады ғой, нағашы. Жедел жәрдем керек.

З о р м а н. Сондағы жусан мен екенмін ғой. Тапқан екенсің ақымақ райисполкомды! Бір түп жусан деп жей салмақшысың ғой, ә?!

С е р к е ш. Ер мойнында қыл арқан шірімес деген, нағашы.

З о р м а н. Қыл арқан шірімейді. Бірақ сүйретіліп жүре береді, епте білеміз ғой сенің сырыңды. *(Кенет жымия қалып.)* Жігіттің қосы түзелмей, ісі түзелмейді. Білесің ғой. Үйленбейсің бе?

С е р к е ш *(серпіліп).* Ойбай, нағашы, мен үйленбейін деп жүргенім жоқ. Үй болу үшін де күй керек. Күйленіп алайын да.

З о р м а н. Оның рас. Отызға келгенше үй болып опа таппадың. Үш қатын алып, үшеуін де бала-шағасымен қалдырдың. Енді байызда, бала. Шошаңдай берме.

С е р к е ш *(жарқылдап).* Ақылыңыздан айналайын. Міне, жаны ашитын достың сөзі. Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады деген осы. Өте дұрыс айттыңыз, нағашы.

З о р м а н. Дұрыс айтсам, былай. Сен енді мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан бозбала емессің. Жігітшіліктің жілік майын сорып болдың. Сондықтан үлбіреген жас қыз іздеп желікпе. Теңіңді тап.

С е р к е ш *(көңілсіздеу).* Әрине, тең-теңімен, тезек қабымен ғой. Бірақ жер ортасына жетіп те тұрған жоқпын ғой, нағашы. *(Ыржиып күледі.)*

З о р м а н. Мен сені қартайып қалдың деп отырған жоқпын-ей. Сен тұрмақ, мына маған да қылмыңдайтын қыздар бар. *(Саусағын шошайтып қойды.)*

С е р к е ш *(ұмсынып, өзеуреп).* Сөзіңізден садаға кетейін, нағашы. Сол ғой менің де шарқ ұрып іздеп жүргенім. Баянды бақыт қой! Аналардан таппадым ғой соны. Әлгі сіз айтқан үшеу...

З о р м а н *(қолымен жасқап).* Жә-жә, аптықпа. Сабыр-сабыр. Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа. *(Оқыстан.)* Жүр, біздің үйге барайық.

С е р к е ш *(ішінен қуанып кетсе де).* Апыр-ай, ә, ойда жоқта...

З о р м а н. Немене, свиданияң бар ма еді?

С е р к е ш. Жоға. Сіздің қасиетті табалдырығыңызды дайындықсыз аттай салу... өзі... жеңгейге қалай құрқол барамын.

З о р м а н. Ой, сол ма ыздиып тұрғаның. Әйел емессің ғой құрқол жүре алмайтын. Оқасы жоқ. Жүр кеттік. *(Зорлағандай, бұйыра.)* Жүр!

Үшінші көрініс

Айнала жарқ-жұрқ айна. Дәулетті үй екені сыртқы есіктен кіре бергеннен сезіліп тұр. Қанша мүттәйім болса да Серкеш қысылғандай, ана айнаға бір қарап, мына айнаға бір қарап, сұйық шашын жылмитып тарай береді, кіршеңдеу галстугін түзей береді. Жайқалып, сусыма жібек халат киген сарықарын бәйбіше шығады. Бұл Зорманның әйелі Сәлима. Зорман оған Серкешті таныстырып жатыр.

З о р м а н. Сәлимаш, мына жігіт жиен қайның болады.

С е р к е ш *(басын иіп, бүгіліп).* Саламатсыз ба, жеңеше. Серкеш.

С ә л и м а *(қолын ықылассыз ұсынып).* Серкеш?

З о р м а н. Ойбай-ау, айтушы едім ғой, Серкеш деген жиеніміз бар деп.

С ә л и м а. Сенде не көп, жиен көп қой. Қайдан білейін. *(Серкешті басынан аяғына дейін көзбен тінтіп шығып.)* Бұрын көрмеген соң...

З о р м а н *(шыдамсызданып).* Көрмесең – көрдің. Көрімдігін бер. *(Серкешке.)* Кәне, төрлет. *(Сәлимаға.)* Шәйіңді әкел. Айтпақшы, Халима үйде ме?

С ә л и м а *(қасын керіп).* Оны қайтейін деп едің?

З о р м а н. Қайткені несі? Сұрамаймыз ба? Саған көмектесіп жіберсін дегенім ғой. Бұл жиен асығыс. Дастарқанды екеулеп тездетіп жіберіңдер.

С ә л и м а *(дауыстап).* Әй, Ха-а-лима! Шәй қоя салшы. *(Өзі үстелге дастарқан төсеп, ыдыстарды қоя бастайды. Асүй жақта кранның*

сарылдағаны естіледі.) Күні бұрын телефондап та қоймайсың, қонақ келе жатыр деп.

З о р м а н. Бұл жиен сені сынайтын кісі емес. Барымен базар. Құдай бұйыртса, әлі думан-дастарқан да бола жатар. *(Ыңылдап, әндетіп.)* Бола жатар, бола жатар... Сенің ақындарың осындай теңеу таба ала ма?

С е р к е ш *(желпілдеп)*. Сіз қателесіп қаржыгер болып кеткенсіз ғой, нағашы. Әйтпесе ақындардың алды болар едіңіз.

З о р м а н. Ақын болмағаныма құдайға мың да бір тәуба! Дәл қазір ақыннан өткен қайыршы бар ма?! *(Кеңк етіп.)* Әнеукүні бір ақын келіншек келіпті. Не? Спонсор болсаңыз екен, поэзия кешімді өткізейін деп едім дейді.

С ә л и м а. Болдың ба?

З о р м а н. Не болдың ба?

С ә л и м а. Спонсор!

З о р м а н. Жоға. *(Серкешке.)* Осы сен де бірер кітапсымақ шығардың-ау деймін. Ақын боп бастап, роман жаздың ба-ау, драма жаздың ба-ау... Енді не жазып жүрсің?

С е р к е ш *(батылдау)*. Жазар едім, жағдай жоқ, нағашы. Әуелі бір қор жасап алмасам, күнкөріс қиын. *(Мүдіріңкіреп.)* Әлгі айтқан шаруам, осыған тікелей байланысты болып тұрғанын көрмейсіз бе...

З о р м а н *(Сәлимаға)*. Асүйге барып көмектесіп жіберсеңші Халимаға. *(Сәлима сыздана қарап шығып кетеді. Серкешке.)* Сонда қанша керек?

С е р к е ш. Жол шығыны ғой... Өзіңіз білесіз, Бұйрақұм алыс... Вагон жалдау, тағысын тағылар дегендей...

З о р м а н *(күлімсіреп)*. Бұл әрекетіңнен не шығарын білмеймін. Теңіздің ар жағында бір сиыр сексен тиын дейді. Құрысын, әкелуі иттен қиын дейді. Мейлі, оқталып қалған ісің екен. Оқталған соң мылтық атылуы керек. Бірақ қарызды қайтара алмай жүрмесең...

С е р к е ш *(өзеуреп)*. Қайтара алмасам, өз обалым өзіме, мені құлақкесті құл қылып алыңыз.

З о р м а н. Құл болғанда қолыңнан не келеді, байғұс-ау.

С е р к е ш *(басын иіп)*. Айтқаныңызды істеймін, айдауыңызда жүремін. Соған олла-біллә деп ант-су ішемін.

З о р м а н *(қолын ербеңдетіп)*. Олла-біллә оңа-а-ай.

С е р к е ш *(мүсәпірленіп)*. Енді неғыл дейсіз? Көріңіз сынап.

З о р м а н. Көрсек, көрейік. *(Дауыстап.)* Сәлима, оу жарқыным, болсаңдаршы...

С ә л и м а. Қазір, қазір...

Әлгі айқайдан кейін дастарқанның үсті дәмге толады. Түрлі-түрлі бөтелкелер тізіледі. Хрусталь рөмкелер, бокалдар, ақыры үстел басында – төрт адам. Төртінші – Халима. Жасы отыздан асып кеткен, домаланған төртпақ келіншек.

З о р м а н. Ал, жиен, танысып қой. Халима. Менің балдызым. Сәлиманың туған сіңлісі.

С е р к е ш *(түрегеп, иіліп қолын созып)*. Серкеш.

З о р м а н *(салтанатпен)*. Ал енді осы таныстық үшін алып жіберейік. *(Рөмкелер, бокалдар сыңғыр-сыңғыр)*. Оу, жиен, аппақ қылып алып қой, оның қалай? Таныстық үшін...

С е р к е ш *(лезде)*. Ойбай, нағашы, аздап әлгі жүрегі құрғыр... Мейлі, сіз айтқан соң болмас. *(Сіміреді.)*

З о р м а н *(әйелі мен балдызына)*. Бұл жиен өзі ақын, өзі әнші. Домбыра қайда? Әрі бизнесмен.

С ә л и м а. Тұнып тұрған талант десеңші. Келін, бала-шаға бар шығар?

Үнсіздік. Серкеш қипақтап, қызарақтап, «Құтқарып жібер» дегендей Зорманға жалтақтайды.

З о р м а н. Е, жиен ол жағынан бағы ашылыңқырамай жүрген жігіт. Келін, бала болған, бірақ келін кердең шығып, содан тұзы жараспаған ғой деймін. Солай ма-ей, жиен?

С е р к е ш *(жұлып алғандай)*. Солай-солай. Баяғыда бір данышпан айтқан екен:

Тобылғының түбінде торғай да бар.
Бір жақсы мен бір жаман әрқайда бар.
Екі жаман кездессе күнде керіс,
Екі жақсы қосылар күн қайда бар, –

деп. Сол айтқандай, нағашы, жеңешем екеуіңіздей жақсылар сирек қой бұл өмірде.

З о р м а н *(қоқиланып)*. Айттым ғой сендерге біздің жиен ақын деп. *(Сәлимаға.)* Әлгінде сен айтқандай, тұла бойы тұнып



тұрған талант. Қане, осы үшін жақсылап тұрып бір алып жіберейік.

С ә л и м а *(әлдене сезгендей жібіп)*. Иә десеңші, өнері шығып келе жатыр жиеннің. Алмасқа болмас. *(Серкешке бокалын созады. Халимаға.)* Соғыстыр, ұялма.

З о р м а н *(Халимаға)*. Соғыстыр, ұялма. Құдаң ғой. Мұндай ақын құда күнде келіп жатқан жоқ.

С ә л и м а. Неге күнде келмеске? Өзі жиен, өзі құда болса. Сонда біздің Халима бұл кісіге құдаша бола ма?

З о р м а н. Иә, иә. Айтпақшы, құдаша! *(Масаңдау тартып, Серкешке.)* Әй, жиен! Құдашадан құдай ұрған құр қалады. Давай, соғыстыр! Алып тастаңдар. Әлгі... қытайша қалай еді... Гамбей!

С ә л и м а. Гамбейі несі тағы!

З о р м а н. Гамбей! Аппақ алып қой деген сөз.

С ә л и м а. О, тоба! Енді қытайша шүлдірлейтін болдық па?

З о р м а н *(сыздап)*. Сөйлейсің әлі... Бұрынғы өткен бабаларымыз әулие ғой: ақырзаман боларда қара қытай қаптайды деген екен.

С ә л и м а *(тыжырынып)*. Қойшы әрі, қайдағы пәлені айтпай... Ақырзаман осы біздің кезімізге қарап қалып па?!

С е р к е ш. Нағашым дұрыс айтады, қазір-ақ қаптай бастады ғой.

З о р м а н. Молодец, жиен! Қаптағаны былай тұрсын, кез келген ұрғашыға үйленіп, қалып жатқаны қаншама... *(Серкешке.)* Әй, жиен, қытайлар қыздарды тауысып болмай тұрғанда тезірек үйленіп ал. Әйтпесе құр қаласың. *(Жалпыға.)* Ал кәне, гамбей!

Хрусталь бокалдар сыңғырлайды. Серкеш көзінің астымен Халимаға қарайды. Зорман мен Сәлима бұл екеуінің қит еткен қимылдарын бағып тұрады.

З о р м а н *(қарқылдап)*. Құда мен құдаша қалай сыңғырлатады! Әй, тегі ерекше, осо-о-бый сыңғыр ғой-әй!

Х а л и м а *(тұңғыш үн қатып)*. Қойыңызшы, аға, немене...

З о р м а н *(дарылдап)*. Нешауа, нешауа. Ұялма. Құдай ұрып, сені де бір қытай қағып кетпей тұрғанда, одан да осы құданды икемде. Өзі бойдақ, өзі... жас... Өзі іскер. Бизне-ес-ме-ен! *(Халима бұртиыңқырап теріс айналады.)*

С ә л и м а. Сонда бұл жиен қандай бизне-ес-ме-ен?

З о р м а н *(астан аузы босамай, түйіліп барып)*. Ойбай, сұрама.



Таяуда бұл миллионер болайын деп тұр. Очень выгодное дело затеял. Ешкімнің, ешбір бизнесменнің өңі тұрғай, түсіне кірмеген дело!

С ә л и м а *(ынтыққандай)*. Ол қандай де-е-ло сонда?

З о р м а н *(Серкешке көзін қысып)*. Ком-мер-чес-кая тай-на.

С ә л и м а *(ернін шығарып)*. По-ду-ма-ешь. Тайна.

С е р к е ш *(елпектеп)*. Ренжімеңіз, жеңеше, құдай бұйыртса, әлі біле жатасыз. Нағашым рас айтады.

С ә л и м а *(жайдары)*. Мейлі, солай-ақ болсын. Әйелдер әншейін любопытный келеді. Әйтеуір бізге мәшине мінгізсең болды. Әйтпесе ана нағашың жаяу қалдырды. Еще өкімет называется.

С е р к е ш *(еміне түсіп)*. Аузыңызға құдай салған шығар, жеңеше, осыдан ісім оңалса, қарыз қалмаспын.

З о р м а н *(мас үнмен)*. Оу, бұл не сауда? Давай, ішеміз. Сен, жиен, давай, құдашаңды ухаживай! Таңдаған тазға жолығады. Сүрбойдақ боп жүре бермей... нетсеңші былай!

С ә л и м а *(шарт кетіп)*. Әй, байеке, байқап сөйле. Халима саған бай тауып бер деді ме?

З о р м а н. Жә, жә, бәйбіше, тұлданба, бекерден бекер бұлданба. Жақсыңды жатқа жіберме. Мен Халимаға қашан жамандық ойлап едім, а?! *(Серкеш пен Халимаға кезек-кезек масаттана қарап, саусағын безеп.)* Мен де сау сиырдың жапасы емеспін, көріпкелім бар, сен екеуің бір-бірің үшін жаратылғансыңдар. Тек осы уақытқа дейін бір-біріңнен адасып жүргенсіңдер. Сызылып, ыздиысып, тәжікелесетін уылжыған жас емессіңдер. Әңгіменің ашығы керек. Жиен, сен Халиманы аласың, Халима, сен мына жігітке тиесің. Әңгіме сол. *(Мекіреніп)*. Болмайды екен, онда менен безініңдер. Мен сендерден безем. Болды!

С е р к е ш *(қысылып, терлеп)*. Нағашы-еке, тым...

З о р м а н *(ақиланып)*. Немене «тым»?

С е р к е ш *(тұтығыңқырап)*. Ха-Халима қалай қарайды?

З о р м а н *(екпіндеп)*. Халима дұрыс қарайды. Екі жарты бір бүтін боласыңдар. Әйтпесе жартыкеш жүріп соласыңдар. Құда түсіп, қол қусырып, той-думан жасап жатар заман емес. Думандатып той жасайтын сен жиырма бестегі жігіт, сен он сегіздегі қыз емессің. Осыған көнсең – көндің. Көнбесең – кет, кебенемат!

Сахна күңгірттене береді.



Төртінші көрініс

Бұйрақұм. Сексеуіл. Баялыш. Қоянсирақ. Шошаңдап сауысқан шықылықтайды. Гүрілдеген машиналар дауысы. Қырғауыл. Алаңға екеу шығады. Бірі – Серкеш, екіншісі – Елемес.

С е р к е ш *(керіліп)*. Шіркін, міне кең дүние. Неткен тыныштық. Осында үй тіктіріп, бие байлатып, бір ай жатса ғой.

Е л е м е с. Қалаға біреу сені қамап қойды ма? Жат келіп. Өз елің. Жүрміз ғой біз өлмей-ақ, қалада тұрмай-ақ.

С е р к е ш *(өкінген пішінмен)*. Оқу, оқу, оқу деп, оқалақтап кеттік ғой.

Е л е м е с. Оқымай-ақ біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей жүріп жатырмыз ғой. Осы сен ақындардың оқуын оқыдың ба?

С е р к е ш *(мырс етіп)*. Ақындардың оқуы деген оқу болмайды. Ақынды құдай өзі ақын ғып жаратады.

Е л е м е с. Бәсе, сен мектепте жүргенде-ақ қабырға газетіне өлең жазушы едің ғой. Кітабың шықты ма?

С е р к е ш *(мүсіркегендей)*. Осы уақытқа дейін оқымадың ба?

Е л е м е с. Қайдан оқимыз. Ескі дос еді деп, кластас жолдасым еді деп өзің сыйлағанды білмейсің. Бізге кітап жетпейді. Құдай да, адам да ұмытқан Бұйрақұмды кітап неғылсын. Жүреміз сол қой бағып...

С е р к е ш *(аяған пішінмен)*. Өкпең орынды, Елемес. Саған арнап автограф жазып, поштамен салып жібермесем... Отыз шақты жинағым шыққан. Енді Таңдамалым шығады. Алғы сөзін Ғабеңнің – Ғабит Мүсіреповтың өзі жазған.

Е л е м е с *(таңдана)*. Oho, Ғабеңнің өзі дейсің бе-ей. Ғажап. О кісі тірі ме өзі?

С е р к е ш *(өкінгендей)*. Жоқ, қайтыс болған. Алғы сөзді тірісінде жазып кеткен.

Е л е м е с. Құдай иманын берсін. Мен оның «Ұлпанын» іздеп жүріп, көрші ауылдың бір мұғалімінен сұрап алып оқып едім...

С е р к е ш *(дүрбімен жан-жақты барлап)*. Ау, қайда әлгі асаулар? Бір жаққа ауып кеткеннен сау ма?

Е л е м е с *(о да жан-жақты шолып)*. Қайда кетуші ед, жүрген де әңгі немелер.

С е р к е ш. Ана жігіттерге айтшы, мына бір қырқаның астын шолып келсін.



Е л е м е с. Жарайды, Серкеш дос, айтайын, айтайын. *(Кетеді.)*

Сахнада Серкеш ары-бері теңселіп жүр. Абыржу бар. Өзімен-өзі сөйлескендей.

С е р к е ш *(монолог)*. Алматыдан келгелі алты күн болды. Әлі біткен ештеңе жоқ. Нағашым берген қаржы құмсағаттай сусып барады. Станса бастығы бір ит екен, вагонға қымбат сұрады. Бір вагон – жиырма миллион дейді. Мына жігіттерді жалдағанға – бес миллион. Грузовой машина жалдағанға – бес миллион. Отыз миллион. Жүз есек жеткізсем – жүз миллион. Жетпіс миллион пайда. *(Алақандарын уқалап.)* О да жаман емес. *(Ойлана қалып.)* Бірақ ол арамдарды ұстау қиын дейді. Елеместің айтуынша, бәрі тарпаң болып кеткен дей ме... *(Елемес келеді.)*

Е л е м е с *(ентігіп)*. Жі-бер-дім.

С е р к е ш. Жарайсың, Елемесім.

Е л е м е с. Ал, құрдас, мен қайтайын. Қойға жалғыз қатын қарап қалды. Балалар болса жас. Менің жүрісім мынау.

С е р к е ш *(шоршып түсіп)*. О не дегенің, он жылда бір көріскенде бірер күн бірге жүруге жарамадың ба? Мен сонау Алматыдан саған сеніп келдім ғой.

Е л е м е с. Сенімен бірге жүрген маған да қызық. Бірақ қу тіршілік. Совхоздың малы, бірдеңе болып қалса сорым қайнайды, жалғызілік деген осы, атаңа нәлет.

С е р к е ш. Неге жалғызілік? Тоқал ал. Заман түзелді. Бұрынғыдай партия жоқ жалғыз қатынмен қатырып қоятын.

Е л е м е с. Ой, құрдас-ай, о жағын саған бердік қой. Қаншауын алдың өзі? Ел құлағы елу деген, не дейсің, Серкеш үш қатын алыпты, не дейсің, Серкеш бес қатын алыпты десіп жатады. Рас па өзі, әлде әншейін жұрттың өсегі ме?

С е р к е ш. Өзің қалай ойлайсың?

Е л е м е с. Мектепте жүргенде-ақ жүргіштігің бар еді. Соған қарап рас па деп қаламын.

С е р к е ш. Қайдағыны ұмытпапсың. Рас болса, рас шығар. Ол аз десең, осы таяуда ғана тағы үйлендім. Құттықтап қой.

Е л е м е с. Е, бәсе. Құтты болсын. Құрдастың аты кім?

С е р к е ш. Аты Халима. Бір айыбы: бесік көрген емес, есік көрген.

Е л е м е с. Е, несі бар. Тең-теңімен, тезек қабымен деген. Өзің бесік



көрген күнәсіз ба едің, көрдің ғой талайын. *(Күнге қарап.)* Қой, мен қайтайын, түс те болып қалыпты.

С е р к е ш *(абыржып)*. Шын айтып тұрсың ба? Сен кетіп қалсаң, мен не бітіремін?

Е л е м е с. Жігіттер бар ғой, кілең көкпаршы жігіттер. Ақысын дұрыстап берсең, ісіңнің бәрін тындырады.

С е р к е ш. Әлгі арамдарды стансаға жеткізіп берсе болды. Бірақ сен кетіп қалсаң, олар мені тыңдамайды ғой.

Е л е м е с. Неге тыңдамасын, ақша бәрін де тыңдатады.

Машинаның гүрілі естіледі. Алаңға үш жігіт шығады.

І Ж і г і т. Сүйінші! Табылды!

Е л е м е с *(қуанып)*. Қайда, қайда?

ІІ Ж і г і т. Мына қырдың астында, қақтың басында үйір-үйірімен өріп жүр.

ІІІ Ж і г і т. Өруін өріп жүр-ау. Бірақ маңайына жолатпайды. Оларды ұстау проблема.

С е р к е ш *(ойланып)*. Онда қайттік?

І Ж і г і т. Атып алса қайтеді? Ақбөкенді атып алады ғой.

ІІ Ж і г і т. Уазикпен тырқыратып қуып жүріп атады.

ІІІ Ж і г і т. Вертолетпен атса тіпті қызық болады.

С е р к е ш. Мәселе тірідей ұстауда боп тұр. Атқан соң еті сасып, Алматыға жеткенше жидіп кетеді ғой.

Е л е м е с. Е, арыстан мен қасқырға бәрібір емес пе?

С е р к е ш. Ойбай, санитарная служба деген пәле өткізбейді.

І Ж і г і т. Онда не істедік? Машинамен қуалап ұстай алмайсың. Жабайы есек қуамыз деп совхоздың машинасын қиратар жайымыз жоқ. Онда бізді жұмыстан қуады.

ІІ Ж і г і т. Жұмыстан қуып тынса мейлі ғой, соттамаса.

ІІІ Ж і г і т. Қазір бензин де жоқ. Стансаға жетерлік қана.

Е л е м е с. Жүйрік атпен қуып, құрық салып ұстау керек.

С е р к е ш. Во! Идея! *(Артынша өзгеріп.)* Бірақ атты қайдан таптық?

Е л е м е с. Е, Қорған нағашың ше? Озат шопан. Бір көкпар атын, бір бәйге атын ұстайды.

С е р к е ш *(күмәнмен)*. О кісіні естуім болмаса, танымайды екенмін.

Е л е м е с. Е, не танымайтыны бар. Ақыры Зорман нағашым қолдап

отыр дейсің ғой. Айт, Зорман нағашым жіберді де. Ағасының атын естіген соң аты тұрмақ, қойнындағы қатынын да береді.

С е р к е ш. Ой, құрдас-ай, қалжыңың бар болсын, түйеден түскендей.

Е л е м е с. Шын айтам, біздің Зорман Алматыны тіреп тұр деп шіренгенде сұмдық қой Қорған нағашың. Бірақ осы уақытқа дейін танымайтыныңның сұмдық екен. Зорманды танисың, Қорғанды танымайсың! Жарамады, құрдас, жарамады.

С е р к е ш *(шабуылдап)*. Өй, өйтіп мені күстәналай бергенше, өзің көмектес. Жақсы дос осындайда алысты жақындататын, жақынды жабыстыратын дәнекер емес пе.

Е л е м е с *(күліп)*. Әй, құрдас, сенен сөз қалған ба. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Жарайды, Қорған нағашыңа алып барып таныстырайын.

І Ж і г і т. Ал біз не істейміз?

С е р к е ш. Естідіңдер ғой. Ат алып келеміз. Құрықпен ұстаймыз. Сөйтіп сендердің машиналарыңа артамыз.

ІІ Ж і г і т. Оған дейін аштан өлеміз бе? Ыстық тамақ ішпей сандалғанымызға екі күн болды.

ІІІ Ж і г і т. О басындағы келісім бұлай емес болатын. Бір күнде барамыз да қайтамыз дегенсіз. Екінші күн...

І Ж і г і т. Келісім бойынша, біздің ақымызды төлеңіз.

С е р к е ш. Келісім бойынша сендер грузды стансаға жеткізулерің керек.

ІІ Ж і г і т. Груз қайда?

С е р к е ш. Дайын емес.

ІІІ Ж і г і т. Оған біз виноват емеспіз ғой.

І Ж і г і т. Біріншіден, жолды екі-үш есе көп жүрдік. Екіншіден, бензин көп шығын болды. Үшіншіден тамақ...

С е р к е ш. Ау, сендерге не болған? Қазақ емеспіз бе? Әрберіден соң ағайын, туысқан емеспіз бе? Сендерді мен ел, бауыр деп келдім ғой. Совхоздың директоры рұқсат етті ме – етті. Ал тамақты жеп жатырсыңдар ғой, қанша арақ кетті...

ІІ Ж і г і т. Сіз ғой, бір-екі бөтелке арағыңызды бұлдамаңыз.

ІІІ Ж і г і т. Жұмырымызға жүк те болған жоқ. Міндет қылады еще.

С е р к е ш *(жалынышпен)*. Ай, айналайындар, бәріміз бір атаның баласымыз ғой. Қырқына шыдап, қырық біріне шыдамайсыңдар ма? Осындайда ұйымшыл, бауыр болмасақ, елдігіміз қайда?! Сәл шыдаңдар.



Бесінші көрініс

Бұйрақұмның іші. Айнала – жыңғыл, шеңгел, аракідік – сексеуіл. Изен арасынан қырғауылдың даусы шығады. Секеңдеп сауысқан ұшып жүр. Айнала төбе-төбе құм арасында – киіз үй. Шеңгелмен қоршаған қой қора. Қора түкпірінде аттар байлаулы тұр. Аттар оқыранады. Машина гүрілі. Әупілдеп маңтөбеттер қарсы шығады. Киіз үйден жейделі алпамсадай кісі шығады. Бұл – Қорған. Кімсіңдер дегендей қасқайып тұр. Машинадан кісілер түседі.

Е л е м е с *(жайраңдап).* Ассалаума-әлейкум, Қореке! Қалай, малжан аман ба?! Күләй жеңешем қалай, күйлі ме?

Қ о р ғ а н *(маңғаздау).* Шүкір. Аманбыз. *(Қақырынып түкіріп тастап.)* Иә, жол болсын. Жүрістерің суыт қой, тыныштық па?

Е л е м е с *(жалпақтап).* Сүйінші, Қореке! Мына жігіт *(атын ұмытқандай мүдіріп)*, иә... жиеніңіз болады. Алматыдан келіпті.

С е р к е ш *(елпең етіп).* Серкеш, атым Серкеш, нағашы. Амансыз ба!

Қ о р ғ а н *(кегжең етіп).* Серкеш, қай Серкеш? Жиен дейді?

Е л е м е с *(тауы шағылғандай).* Оу, Қореке, жиеніңізді әкеліп тұрсам, жатырқағаның не? Оу, Алматыдағы Зорекем, Зорман көкем өзі қолдап, тәрбиелеп жүрген ғой. Зорекең жіберіпті.

Қ о р ғ а н *(жүзі жылыңқырап).* Зорман көкем дейді? Иә, о кісілер аман ба? Тыныштық па?

С е р к е ш *(басын шұлғи беріп).* Аман, аман. Көп сәлем айтты.

Қ о р ғ а н. Саламат болсын. Ал, сонда қай жиен боласың?

С е р к е ш *(ыңғайсыз ыржаңдап).* Қореке, сіз мені танымайсыз. Жастайымнан елден кетіп... әрине, танымайсыз. Мен Қаржаудың баласымын. Шешем Ажар сіздің әпкеңіз болады.

Қ о р ғ а н *(қабағын түйіп ойланып).* Қаржау? Ажар? Оу, қай елсің өзің?

С е р к е ш *(маңдайын орамалмен сүртіп).* «Жаңа тұрмыстағы» жапалақпыз. Бұрынғы Каганович. Шешем сіздің елдің қызы – саңырау.

Қ о р ғ а н. Саңырау көп қой, оның қайсысы?

С е р к е ш *(қысылып).* Енді ол жағын... Айттым ғой, бала күнімнен нетіп... қалада дегендей...

Е л е м е с. Оу, Қореке, немене тегі, прокурор боп кеткенсің бе? Тұқым-тұқиян қозғап не болды сонша? Зорман көкем жиенім деп бауырына басқанда, саған не жоқ. Саған емшек еміспегеннің бәрі бөтен бе?



Қ о р ғ а н. Жоға. Әншейін, жиен деген соң, біліп алайын дегенім ғой. Әйтпесе Алматыда жеті ата тұрмақ, жетпіс атадан қосылса да, әйтеуір бір елден шықса, туысқан боп кететінін білемін ғой.

Е л е м е с. Е, бәсе, сөйтсеңші, алыстан ат арытып іздеп келгенде... былай... Зорман көкем жіберген екен.

Қ о р ғ а н *(жадырап)*. Әй, көршім, сен де айтқышсың. Жөн-жөн. *(Қолымен ишара етіп.)* Қане, үйге кіріңдер. *(Айқайлап.)* Әй, Күләй, жиен келді, жиен! Шәй қамда!

Үйге кіреді. Қазақы жиһаз. Әбдіре. Оның үстінде – көрпе, жастық. Ортада дөңгелек тапал үстел. Шүпірлеген бала-шаға. Бойжеткен бір қыз. Күләй әлі өңі жас, қызылшырайлы келіншек. Төрге көрпеше төсеп, жастық тастайды.

К ү л ә й *(бойжеткенге)*. Зүбәйра, құдықтан су алып келе қойшы. *(Зүбәйра Серкешке көзін төңкере бір қарап шығып кетеді. Күләй Қорғанға)*. Отағасы-ау, бұл қай жиен?

Қ о р ғ а н *(Серкешке қарап қойып)*. Алматыда тұратын жиен. Аты...

С е р к е ш *(жылдам)*. Серкеш.

Е л е м е с. Ой, айтпақшы, бұл жиеніңіз Зорман көкеміздің бажасы екен.

Қ о р ғ а н *(оқшия қалып)*. Қалайша?

К ү л ә й. Қайнағаның бажасы дей ме? *(Аңырып қалып.)* Сонда Халима құдашаңның күйеуі ме?

Е л е м е с. Солай, солай. Бұрынғыдан да жақын болдыңдар.

К ү л ә й *(ернін сылп еткізіп)*. Е-е, құтты болсын. Қашаннан бері?

Қ о р ғ а н *(елең етіп)*. Иә, қашан... хабар естімедік қой?

С е р к е ш *(қозғалақтап)*. Көп те болған жоқ. Бұйрық солай болды. *(Ыржиып.)* Зорман нағашыммен бажа болып қалдық.

Қ о р ғ а н. Е, қайырлы болсын. Ы-ы, жөн-жөн. *(Күләйға қарап.)* Осы сол Халима құдашаның... әлгі... баласы үлкейіп қалған шығар.

К ү л ә й *(бетін шымшып, ернін тістеп)*. Тек!

Қ о р ғ а н *(өңмеңдеп)*. Е, несі тек! Бұл жиен оны өзі білмей отыр дейсің бе?

С е р к е ш *(ыңғайсыз ыржиып)*. Дұрыс айтасыз, нағашы. Құлынды байтал.

Е л е м е с. Бұл жиеніңіздің есесі кеткен жоқ. Өзі де әйел тастаған.

Қ о р ғ а н. Жә, өздері жарасса несі бар. Қойыңдар! *(Елемеске.)* Әй, көрші, одан да маған жәрдем қыл. Жүр, тоқты сойысып жібер.

Алтыншы көрініс

Ет желінген, арақ ішілген. Көңілдер көтеріңкі. Ауылдың алты ауызы айтылады. Домбыра тартылады. Сөйтіп, мәре-сәре боп отырғанда, сырттан гүрілдеген КАМАЗ-дардың дауысы естіледі.

Қ о р ғ а н *(елең етіп)*. Мынау не арылдаған? Курск шайқасындағы танкілер сияқты ғой.

К ү л ә й. Курск шайқасына қатысып па ең? Одан да сыртқа шықсаңшы.

Қ о р ғ а н *(масаң)*. Қатыспасақ та кинодан көрдік қой. *(Теңселе басып сыртқа шығады)*.

С е р к е ш *(мастығы лезде тарқап, Елемеске сыбырлап)*. Әлгі қулар ғой.

Е л е м е с *(масаң)*. Е, келе берсін...

Екеуі де еңбектеп түрегеліп сыртқа шығады. Машиналардан түксиіп, түсі суық үш жігіт түседі. Үшеуі де Серкешке тап береді.

І Ж і г і т *(ызалы)*. Оу, бұл қалай қылғаныңыз?

ІІ Ж і г і т *(тістеніп)*. Тілімізді тістеп біз аш жүрміз.

ІІІ Ж і г і т. Тамаққа тойып алып, бізді ұмытып кеткеніңіз қалай?

Қ о р ғ а н *(ықылық атып)*. Әй, кімсіңдер өздерің? Аузында сәлемі жоқ, неғылған дуайпатсыңдар?

І Ж і г і т. Көке, мына кісі біздің ақымызды бермей...

ІІ Ж і г і т. Екі күннен бері нәр татпай...

ІІІ Ж і г і т. Аш бала тоқ баламен ойнамайды. Содан кейін қайдан сәлем болсын, кешіріңіз...

Қ о р ғ а н. Түк түсінсем бұйырмасын. *(Серкешке.)* Неғылған ақы?


С е р к е ш *(сасқалақтап)*. Нағашы-еке, бұл былай...

Е л е м е с. Ана қақтың басында үйір-үйірімен жабайы есектер жайылып жүр емес пе?

Қ о р ғ а н. Иә?

Е л е м е с. Ы-ы, соларды ұстап, мына машиналарға артып, стансаға жеткізу керек. Сол үшін жиеніңіз мыналарды ақыға жалдаған. *(Жігіттерге.)* Әй, әлі жүк тасылған жоқ қой. Неге алқымынан аласыңдар?

Қ о р ғ а н. Есек тасығаны несі? *(Серкешке.)* Оны қайтесің?



С е р к е ш. Зорман нағашымның тапсырмасы. Есек шетелге сатылады. Долларға.

Қ о р ғ а н *(жағасын ұстап)*. Құдая тоба! Естімеген елде көп.

Е л е м е с. Естімесең сол. Шетелде де қызық екен. Бізден қой сатып алмай, есек сатып алғаны несі? Совхоздың директоры қойды мясокомбинат алмай жатыр деп зарлайды.

Қ о р ғ а н *(таңданып)*. Долларға дейді, ә?! Ал біз ғой арқа етіміз арша, борбай етіміз борша болып қой бағамыз. Ол қойымыз өтпейді, ет комбинат арзанға алып, қымбатқа сатқысы келеді.

Е л е м е с. Содан соң біздің жалақымыз жан бағуға жарамайды.

Қ о р ғ а н. Егер шахтер ғой ақысы аз болса, зәбәстовка деп шіреніп жатып алады. *(Елемеске.)* Әй, осы біз де зәбәстовка жарияласақ қайтеді?

Е л е м е с. Ойбай, байғұс-ау, көмірді қасқыр жемейді ғой. Жердің астында жата береді. Ал қойды бір күн бақпай көрші. *(Есіне сап етіп бірдеңе түскендей.)* Ойбу, мені қара басып отырып қалыппын ғой. Қатын жалғыз. Мал не болды екен? *(Алақтап.)* Жоқ, мен қайтайын.

С е р к е ш *(қипақтап)*. Қорған нағашыма әлгі шаруаны нетіп... неғылып...

Е л е м е с *(маңдайын алақанымен сарт еткізіп)*. Ойбу, ең бастысын ұмытып кетіппіз ғой. *(Қорғанға.)* Оу, көрші, әлгі жабайы арамдарды машинамен қуып ұстай алмады ғой мыналар. *(Жігіттерді көрсетеді.)*

Қ о р ғ а н. Ал?

Е л е м е с. Ана екі жүйрігіңмен құрық салып ұстау керек. Сөйтіп мына машиналарға тиеу керек.

Қ о р ғ а н. Сонда мен бе ұстайтын?

Е л е м е с. Е, енді кім? Менің атым жарамайды. Әйтпесе Зорман көкемнің тапсырмасын...

Қ о р ғ а н. Зорман менің көкем!

Е л е м е с. Көкең болса – көмектес!

Қ о р ғ а н. Әлгі Ақжардағы Ахмет қойшының баласы келін түсірген екен. Соның көкпарына деп жаратып жүр едім.

Е л е м е с. Е, жаратсаң – ащы тері алынады. Есек ұста. Өзің де жарайсың, тоист шығарасың.

Қ о р ғ а н. Бүгін кеш боп қалды ғой.

Е л е м е с. Онда таңертеңмен аттанайық. Мен де келем. Зорман көкем үшін... Ал енді мен үйге кеттім.



Қ о р ғ а н. Күләй! Мына жігіттерді тамақтандыр. Ашпыз дейді. *(Серкешке.)* Доллар дейді, ә? Жарайды. Таңертең...

С е р к е ш *(қуанғаннан тұтығып).* Рақ-ме-ет, нағашы!

Шымылдық.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Станса басы. Жапырағы сарғайған теректер. Жол бойында – составтар. Шағын вокзал, ресторан. Темір шарбақ толы есектер. Әңгілері *(айғырлары)* азынап ақырады. Шарбақтан қарғығысы келіп аласұрады. Әсіре әңгілері мөштерге *(ұрғашыларына)* асылып, арсыздық жасап жатыр. Олар ұялу дегенді білмейді. Серкештен ақша алған үш шопыр вокзалдың ресторанында отыр. У-шу. Жаңа келген үшеуді көріп, түкпірден бір жігіт келеді. Мас. Бұл – Өсер.

Ө с е р. Әй, жігіттер, қайдан жүрсіңдер-ей?

І Ж і г і т. Жүк тасып жүрміз.

Ө с е р. Ауылға қашан қайтасыңдар? Ме-ені ала кетіңдер.

ІІ Ж і г і т. Қайтамыз қазір. Бастық бір күнге босатқан. Біз үш күн сандалдық.

Ө с е р. Неғып?

ІІІ Ж і г і т. Ерекше жүк тасып.

Ө с е р. Қандай ерекше жүк? Секрет бол-ма-са.

І Ж і г і т. Секрет. Но выгодное дело.

Ө с е р *(ынтыға түсіп).* О не? Айтсаңдаршы-ей.

ІІ Ж і г і т. Отырсаңшы өзің, алып жібер бізбен бірге.

Ө с е р. Айтпасаңдар, отырмаймын.

І Ж і г і т. Бәлсінбей, отыра ғой. Құмда жабайы есектер бар емес пе еді?

Ө с е р. Иә.

ІІ Ж і г і т. Соларды ұстап әкелдік.

Ө с е р. Оларды қайтпексіңдер? Соғым соясыңдар ма?

ІІІ Ж і г і т. Иә! Саған шекесін қоямыз.

Ө с е р *(екіленіп)*. Өй, не оттайсың-ей!

І Ж і г і т. Жә, жә, жігіттер! Қойыңдар-ей қоқиланбай. Қораздар құсамай. *(Өсерге.)* Өсеке, қалжыңды түсінбейсің бе. Ол сатылатын есектер. Алматыдан бір бизнесмен келіп, пойызбен алып кетпекші.

Ө с е р *(бәсеңдеп)*. Бизнесмен есекті неғылады?

І Ж і г і т. Шетелге долларға сатады.

Ө с е р. Долларға?

І Ж і г і т. Иә, долларға. Кө-ө-өп доллар!

Ө с е р *(еліре түсіп)*. Өй, есек доллар бола ма? Ана жылы мен де қара әңгіні құмға қуып жіберіп ем... Қап, әттесі-ай...

ІІ Ж і г і т. Мүмкін, ол қара әңгің аналардың *(терезеден сыртты меңзейді. Есектердің ақырған даусы естіледі)* ішінде шығар.

Ө с е р *(аңқайып, тың тыңдап)*. Өй, соның даусы-ей! Оны мен неге сатпаймын, а?

ІІІ Ж і г і т. Бәсе десеші. Танысаң, бизнесменге сат. Содан соң жуайық.

Ө с е р. Рас-ей! Тегін ақша қалтаны теспейді ғой. О, бля, давай, мен барып көрейін. Бар болса – сатамын.

І Ж і г і т. Әй, Өсеке, ұят боп жүрмесін, абайла.

Ө с е р. Е! Несі ұят!? Подумаешь, бизнесмен!

І Ж і г і т. Оны Алматыдан ү-ү-л-ке-ен кісі жіберіп отыр.

Ө с е р. Е! Ү-ү-л-ке-ен болса қайтейін. Өз есегімді танысам болды емес пе?

І Ж і г і т. Мен айтуын – айттым. Ендігісін өзің біл.

ІІ Ж і г і т. Давай, мынаны алып қояйық та, қайтайық.

ІІІ Ж і г і т. Ей, Өсердің есегі табылса, жумаймыз ба...

Ө с е р *(үдеп)*. Жуамын, бля, несі бар.

І Ж і г і т. Әй, жігіттер, желікпеңдер. Қайтайық.

ІІ Ж і г і т. Иә, директордан да ұят шығар. Үш бірдей машина.

ІІІ Ж і г і т. Е, сонда Өсекеңді тастап кетеміз бе? Неде болса ала кетейік. Ақыры ауылға барады ғой. Солай ма, Өсеке?

Ө с е р. Қатын-бала не боп жатыр, бля... Қайтамын. *(Еліре қарап.)* Жоқ, қайтпаймын. Қара есекті көрмей қайтпаймын. Кетпейсіңдер! Қара есекті сатып, жуамыз, бля...

ІІІ Ж і г і т. Е, қайтсін байғұс, мал қайғысы – жан қайғысы...

І Ж і г і т *(ІІІ Жігітке)*. Қойшы-ей, сен де Жантық құсамай.

II Жігіт. Күн жарықта ауылға жетейік.

III Жігіт. Әлгі бизнесмен қайда кетті? Қоштаспаймыз ба...

I Жігіт. Ол вагон шаруасымен жүр. Есектерді вагонға тез артпаса, арамдар ашығып, шөлдеп өледі ғой.

Өсер. Давай, көрсетіңдер хайуандарыңды... *(Бәрі үдере түрегеледі).*

Екінші көрініс

Тор шарбақтың түбі. Бірін-бірі тістелеп, кіржіңдеп, тебісіп, опыр-топыр болған есектер. Есерлері бір-біріне асылып та жатыр. Ашыққан қомағайлары азан-қазан ақырады. Көңілді жігіттер қоршаудың түбінде дуылдасып тұр.

III Жігіт. Өсеке, Өсеке! Әне, анау ақ тұмсық қара әңгі сенікі емес пе?

Өсер *(мас).* Қане? *(Қолын шошайтып.)* Анау шеткі ме?

III Жігіт. Иә, иә. Құдай біледі, сол!

Өсер. Сол сияқты-ей... *(Жақындап барып.)* Мөһ-мөһ-мөһ! *(Ақ тұмсық құлағын тікшитіп одырая қарап, қайырылып кетеді.)* Ей, мынау адам танымай қалған ба?

I Жігіт. Тануын танып тұр-ау, Өсеке. Бірақ саған өкпесі қара қазандай көрінеді. *(Жігіттер ха-ха-халап күледі.)*

II Жігіт. Құмға қуалап жіберіп неңіз бар еді!

III Жігіт. «Москвич» сатып алдың да, қуып жібердің.

Өсер. Ей, оттамаңдаршы-ей! Өзі ғой арамның, ауылдың егініне түсіп, тал, шыбығын кеміріп жексұрын болған.

III Жігіт. Ал енді сен көрмеген Еуропаны бұл көреді.

II Жігіт. Бөтен біреу қызығын көреді долларға сатып.

Өсер. Кім ол! Көрсетіңдерші маған өзін! Несі бар біреудің малында?

I Жігіт *(вокзал жаққа қарап).* Әне, өзі де келе жатыр.

Терлеп-тепшіп емпеңдеп Серкеш келеді.

I Жігіт. Иә, Секе, не болды?

Серкеш. Құрысын! Вагонды әрең алдым. Тупикте тұр. Енді ветврачтың тексеруінен өту керек дейді. Аудандық ветврачтың справкасы керек дейді. Сол пәле боп тұр.

II Жігіт. Е, әлгі Құрманов қой.

III Жігіт. Қолына бірдеңе қыстырмасаң, ол қырсық.

Серкеш. Қыстыра-қыстыра ақша да таусылды. Мына станса бастығына да...

I Жігіт. Шығасы болмай кіріс кірмейді, нешауа, за то доллар табасың.

Өсер *(кенет килігіп, Серкештің жағасынан ала түсіп)*. Әй, доллар тапқыш! Анау ақ тұмсық менің есегім! Давай, шығар былай!

Серкеш *(үш жігітке жалынғандай)*. Ау, ағайын, мынау не сұмдық? Кім бұл өзі?

Жігіттер Өсерге қой-қойлайды.

Өсер *(өршеленіп)*. Жоқ, қоймаймын! Тапа-тал түсте есегімді ұрлатып...

Серкеш. Оу, туысқан, ол қайдан сіздің есегіңіз? Ол иесіз, жабайы есек. Сіз кімсіз өзі?

Өсер. Менің кім екенімді тексеретін өзің кімсің, әкеңнің... *(Бешпетінің жағасын да-р-р еткізіп жұлып түседі.)* Мені танымасаң, танытайын саған!

Серкеш *(түтігіп)*. Ах, сволочь! *(Тұмсықтан періп кеп жібереді. Қан сау ете қалады.)*

Жігіттер екеуін екі жаққа ажыратып әкетеді. Жұрт жиналып қалады. Милиция машинасы қиқулатып жетіп келеді.

Үшінші көрініс.

Тар бөлме. Темекі түтіні. Үстел басында лейтенант. Есік жақта – сержант. Лейтенанттың алдында – Серкеш.

Лейтенант *(сұстанып)*. Ал, сөйлеңіз, азамат. Қайдан, неғып жүрсіз? *(Қолын созып)*. Документіңіз?

Серкеш *(жағасы жұлынған пиджактің іш қалтасынан төлқұжатын алып ұсынып.)* Алматыдан, лейтенант мырза.

Лейтенант *(паспортты қарап)*. Мұнда неғып жүрсіз?

Серкеш. Жұмыспен.

Лейтенант. Қандай жұмыс?

С е р к е ш (*жағына).* Сіз Зорман Таубаевичті білетін шығарсыз?

Л е й т е н а н т *(міз бақпай).* Ол кім ол?

С е р к е ш *(жұмсақ).* Ойбай-ау, Зорман Таубаевичті білмейсіз бе? Осы елден шыққан белгілі азамат. Банк бастығы. Өте беделді кісі.

Л е й т е н а н т. Ал? Болса қайтейін.

С е р к е ш *(абайлап).* Сол кісінің тапсырмасымен.

Л е й т е н а н т *(төлқұжатты парақтап).* Қандай тапсырма?

С е р к е ш. Құмда иесіз жүрген жабайы есектерді ұстап алып кел деді.

Л е й т е н а н т. Оларды не істейді? Жылқы болса, сиыр болса, қой болса бір сәрі? Ал есек...

С е р к е ш *(үміттеніп).* Ойбай, лейтенант мырза, оның мемлекеттік маңызы болып тұр ғой!

Л е й т е н а н т. Қандай маңыз?

С е р к е ш *(ұмсына түсіп).* Өзіңіз білесіз, қазір қымбатшылық. Зоопаркте аңдар аштан өліп жатыр. Соларға есектің еті керек. Маңызды ма? Маңызды.

Л е й т е н а н т. Ал сонда сол есектер иесіз деп кім айтты сізге? Кім рұқсат берді оларды ұстауға?

С е р к е ш *(аңтарылып).* Иесі жоқ. Жабайы.

Л е й т е н а н т. Қалай иесі жоқ? Жаңа біреуінің иесінің мұрнын бұзып, қан жалаттыңыз ғой?

С е р к е ш. Е, ол иесі емес. Иесі болса, есегі қорасында тұрмай ма?

Л е й т е н а н т. Айыпкер, бұл елдің есегі тұрмақ, жылқысы да үйір-үйірімен құмда жүреді. Мүмкін, сіз енді сол жылқыларды да айдап әкетерсіз. Сіз ұрлық жасадыңыз. Бір. Адамды соққыға жықтыңыз. Екі. Жауапқа тартыласыз.


С е р к е ш *(қуарып).* Лейтенант мырза, біріншіден жабайы есек иесіз, ешкімнің меншігі емес. Екіншіден, әлгі маскүнем маған өзі тиісті. Міне, *(жағасын көрсетіп)* жағамды жыртты. Әкемнен боқтады.

Л е й т е н а н т. Сіз оның есегін ұрладыңыз.

С е р к е ш. Оның есегі емес. Сельсоветтен соның есегі деген справкасын көрсетсін. Содан кейін керек десеңіз, есек бір кезде сонікі болған күнде де, ол адам сол есектің алдында белшесінен кінәлі. Оның енді ол есекке моральдық правосы жоқ.

Л е й т е н а н т. Неге? Неге правосы жоқ?

С е р к е ш. Ол мақлұқ сол адамға кезінде адал қызмет етті. Солай ма? Ал астына машина біткеннен соң құмға қуды да жіберді. Есектің



еңбегі адал болғанда өзі арам болғаны ғой. Ол есек байғұс үйсіз-күйсіз қанша азап шекті. Қасқырдың азуына да іліге жаздады.

Л е й т е н а н т. Енді сол есекті даланың қасқырынан аяп жаныңыз аши қалғанда, қаланың, яғни зоопарктің қасқырының аузына апарып салмақшысыз ғой, солай ма?

С е р к е ш *(сасыңқырап)*. Солай... Солай болғанда, екі қасқыр екі басқа. Зоопарктікі мемлекеттің қарамағында. Даланыкі басқа. Ол – жауыз.

Л е й т е н а н т. Қалай басқа? Заңда жазылған: жер, оның үстіндегі аң, құс, өзен, тоғай – бәрі-бәрі мемлекет меншігі делінген. Заңды білесіз бе өзіңіз? Ал сіз жабайы есектің иесі жоқ дейсіз. Міне – Заң! Бәрі мемлекеттікі.

С е р к е ш. Мен де мемлекет үшін қызмет етіп жүрмін. Зоопарктегі хайуанатты сақтап қалу керек. Ол мемлекеттік борыш. Зоопарктегі аңдарды аштан өліп жатыр дегенді естісе – халықаралық наразылық туып кетуі мүмкін. Сіз соны түсінесіз бе?

Л е й т е н а н т *(жазып отырған қаламын үстелге тарс еткізіп қойып)*. Айыпкер азамат, қалай-қалай сөйлейсіз? Маған ақыл үйретіп, кінә қойып отырсың ғой өзі.

С е р к е ш. Рас қой енді, Алматының зоопаркінде хайуанаттар аштан қырылып қалыпты деп ертең жер жүзінің радиосы мен теледидары шулайды. Газеттері жерден жеті қоян тапқандай етіп жазады. Сол жақсы ма?

Л е й т е н а н т *(тосылғандай)*. Жарайды, ақылың өзіңе. Сонымен, азамат Өсерді соққыға жыққаның үшін және дала хайуанын баю мақсатында рұқсатсыз ұстағаның үшін ісің сотқа тапсырылады. Мә, мына протоколға қол қой.

С е р к е ш. Оу, бауырым, мен соттасып жүргенде, ана қамаулы тұрған хайуан аштан қырылады ғой. Одан сізге не пайда? Ойламаңыз, мені бір қорғансыз адам екен деп. Алматымен сөйлесейін, соған жағдай жасаңыз одан да. Әйтпесе...

Л е й т е н а н т. Немене әйтпесе?

С е р к е ш *(басылып)*. Ерегісті қояйық. Ер шекіспей, бекіспейді. Мені босатыңыз. Жұмысым көп. Ветврачтан қағаз алуым керек. Кешіктірмей, ана арамдарды вагонға тиеуім керек.

Л е й т е н а н т. Онда менің шаруам жоқ. Қылмыс істедің, жауап бересің. *(Есік алдындағы милиционерге.)* Айда, изоляторға апарып отырғыз мынаны, егер қарсыласса – аяма!

М и л и ц и о н е р *(Серкешті итеріп).* Кәне, алдыма түс!

С е р к е ш *(оның өзін итеріп).* Қол тигізбе!

М и л и ц и о н е р *(самбоға салып, қолын қайырып жіберіп).* Қол тигізгеннің көкесін көрсетейін!

С е р к е ш. Лейтенант мырза! Мынау зорлық қой...

Л е й т е н а н т *(қолын сермеп).* Бар! Бар!

С е р к е ш. Артынан өкінесіңдер. *(Жұлқынады.)*

М и л и ц и о н е р *(қолын бұрап).* Қорқытпа, жүр!

Л е й т е н а н т *(милиционерге).* Асау екен өзі, жуасытып жіберші.

М и л и ц и о н е р. Құп болады, лейтенант мырза!

С е р к е ш *(айқайлап).* Зорман аға! Мыналар қорлады ғой. Қайдасың, Зорман аға! *(Алып кетеді.)*

Төртінші көрініс

Зорманның үйі. Кеш мезгілі. Шамдалдар жарқырап тұр. Зорман диванда газет оқып жатыр. Телефон зарлап қоя береді.

З о р м а н. Әлө! Әлө! Тыңдап тұрған Зорман.

Жапсарлас бөлмеде, телефонның екінші басында аудандық сот төрағасы Жапар.

Ж а п а р *(тұтқаға).* Ассалаумаәлейкум, Зореке.

З о р м а н. Әлейкумсәлам. Бұл кім екен?

Ж а п а р. Мен, ауданнан сөйлеп тұрмын. Жапармын ғой.

З о р м а н *(ойланып).* Қай Жапар?


Ж а п а р. Оу, Зореке, елге келмейсіңдер де, ағайын-туғанның бәрін ұмытып қаласың. Мен ғой – Жапар, өзіңмен асықты бірге ойнаған Жапар.

З о р м а н. А, а! Өй, Жапармысың-ей! Амансың ба-ей! Ел-жұрт, үй ішің аман ба? Кешір, даусыңнан танымай қалдым. Иә, қалай? Қайда істеп жатырсың?

Ж а п а р. Е, Зорман, біздікі майда қадам ғой. Аудандық соттың төрағасы дегендей, шамаға қарай...

З о р м а н. Иә, иә, бәрекелді! Сен сотсың ғой, айтпақшы. Ел тыныш па? Иә, өмірі хабарласпаушы едің. Жайшылық па?

Ж а п а р. Ел аман, баяғы өзің көргендей ғой сол. Майда қадам. Ай, Зореке, менің звондап тұрғаным: осында бір жігіт... аты кім еді...



(Қағазға қарап.) Серкеш, иә, Серкеш деген жігіт сізді нағашым дейді... Рас па?

З о р м а н. Е, е, Серкеш, иә, сондай жиенсымақ бар. Ал, жай ма?

Ж а п а р. Жай болса, сұраймын ба? Осында бүлдіріп.

З о р м а н *(түрегеп кетіп)*. Не, не? Не бүлдірді?

Ж а п а р. Осында біреулердің есегін ұрлап, төбелесіп, соққыға жығып, істі болып жатыр.

З о р м а н. Апыр-ай, ә. Ондай мінезі жоқ еді ғой, бір кездейсоқ нәрсе шығар. Ол ондай ақымақ емес еді ғой.

Ж а п а р. Сені жақыным деп алға тарта берген соң, рас-өтірігін білейін деп мазалап тұрғаным.

З о р м а н. Ойбай, нағашысы былай тұрсын, ол менің туған бажам. Менің туған балдызымды алды ғой.

Ж а п а р. Е, онда рас екен ғой. Ал сонда не істейміз? Қылмысы едәуір. Есек шатағы, төбелес.

З о р м а н. Әй, Жапар, хабарласқаныңа рақмет. Мені сыйласаң, босата сал. Қайтесің соны. Бір бизнеспен айналысам деп талап қылып жүр еді. Жұрттың бәрі бизнес қой қазір.

Ж а п а р *(күліп)*. Оу, Зореке-ау, заң бар ғой. Одан қайтіп аттап өтеміз?

З о р м а н. Е, заң өз қолында ғой. Орыстар айтпай ма: «Закон что дышло, куда повернешь, туда и вышло», – деп. Сол айтқандай, бұра салсаңшы, тәйірі.

Ж а п а р. Онда былай болсын, Зореке. Мына аудандық банктің бастығы бар емес пе, Қарғабай деген. Білесіз ғой, өзіңнің кадрың ғой.

З о р м а н. Иә, білем, Қарғабайды.

Ж а п а р. Білсеңіз, соған бір ауыз звандай салсаң. Біздің бала да бір «малое предприятие» деген ашып еді. Жұмысы жүрмей тұр. Кредит керек.

З о р м а н. Е, балаң азамат болып қалған екен ғой. Үйленіп пе еді өзі?

Ж а п а р. Иә, құдайға шүкір, жаман немерелеріміз бар.

З о р м а н. Жарайды, Жапар, звандаймын. Ал сен әлгі неудачникті босатып жібере сал. Ол жалпы тәртіпсіз жігіт емес. Бір жағдай болып қалған шығар. Айтпақшы, Алматыға келсең – соқсаңшы біздің үйге.

Ж а п а р. Жарайды, Зореке, көріспегелі де көп болды. Елге жоламай кеттің ғой. Елге бір келсеңші, өзің аунап-қунап өскен құм ғой.

З о р м а н. Ой, айтпа деймін. Өзім де сағынып жүрмін. Жұмысқа шырмалып қалдық қой.

Ж а п а р. Жұмыс-жұмыс деп жүргенде өмір шіркіннің өте шыққанын білмей де қаласың. Демалысыңды алып елге кел. Дүние жүзінің курорттарын түгендеп шықтың ғой. Өз елің курорттан несі кем. Бармасаң, келмесең – жат боласың.

З о р м а н. Әй, Жапеке-ай, жеріне жеткізе айттың-ау. Барамын, барамын енді. Сау бол. Звандап тұр.

Бесінші көрініс

Темір жол бойы. Тұйық жол. Жалғыз қызыл вагон, есігі ашық. Есік пен жердің арасын тақтай жалғастырған. Тақтай көпірмен вагонға есектер тиелінеді. Есек басқа мал сияқты емес. Тақтай көпірге баспайды. Жүдеген, сақал-мұрты өскен, жағасы жыртылған Серкеш бір есекті ноқтасынан тартады. Есек кегжиіп кейін тартады. Артынан жүкшілер итермелейді. Сонда да болмайды. Ноқта жіп үзіліп кетіп есек жерге жығылады, Серкеш вагонның ішіне шалқалай құлайды.

І Ж ү к ш і. Мына арам аяғымды сындырып кете жаздады. *(Аяғын уқалап.)* Басыңды зоопарктің қасқыры кеміргір.

ІІ Ж ү к ш і *(Серкешке).* Оу, қожайын, мынауың ит тіршілік қой. Вагонға есек артқаннан гөрі, қолмен тиеген әлдеқайда жеңіл. Давай, ақымызды көбейт, әйтпесе кетеміз.

І Ж ү к ш і. Талай жүк тасыдым. Бірақ мұндай сұмдық көрген емеспін. Мынау... *(Жолдастарына.)* Құрысын, кетейік.

С е р к е ш *(жерге қарғып түсіп).* Ай, айналайындар, жаңа адам сияқты келістік қой. Сәл шыдаңдар. Бұл арам қой сияқты, біреуін шығарсақ, басқалары оңай болады.

ІІ Ж ү к ш і. Жоқ, ағайын, давай ақыны көбейт. Әйтпесе – забастовка!

С е р к е ш. Оу, жаңа ғана бір бөтелкені бөліп іштіңдер ғой.

І Ж ү к ш і. Слушай, хозяйн, ұсақтама. Ойлашы өзің, бір банка *(айналасындағыларды көрсетіп)* мауыздай-мауыздай еркектерге не болады? Жұмырына жұқ та болмайды.

ІІІ Ж ү к ш і. Қожайын, өзің де ұрттадың ғой. Демек төрт мұжыққа – ол не?! Забастовка!

Үш жүкші шоқиып-шоқиып отыра кетеді. Газет қағазына орап шылым тартады. Үсті-басы кір-кір, шаштары дуда-дуда. Бір-біріне байланған есектер пысқырынады, ақырады. Аш. Азан-қазан. Олар

да: «Забастовка! Забастовка!» – деп ақырғандай. Біреуі: «Долой, хозяйна!» – деп қалады.

С е р к е ш *(жүкшілерге).* Әй, айналайындар, мына вагондарды тез тиеп *(қолымен нұсқап)* анау тұрған составқа тіркеу керек. Қазір тепловоз келеді. Үлгермесек кетіп қалады. Келесі күнге дейін тіркемейді. *(Жалынғандай.)* Түсініңіздерші. Мына арамдар аш. Алматыға ертең жетпесе, бәрі аштан арам қатады. Онан соң өлген есек кімге керек?!

І Ж ү к ш і. Зоопарктегі арыстанға бәрібір емес пе – өлісі не, тірісі не?

ІІ Ж ү к ш і. Өлген есек тиімді: ол қырсықпайды, тартыншақтамайды, қарсыласпайды. Әлі көресің, қожайын, Алматыға барған соң бұлар вагоннан түспей бәле болады. Одан да арам қатқаны жақсы.

ІІІ Ж ү к ш і *(жолдастарына).* Давай, қырып салайық та, вагонға өліктерін салайық. Так легче же...

С е р к е ш *(тықыршып).* Қап, қырсықтырған құдай. Тепловоз кеп қалса...

І Ж ү к ш і. Во! Идея! Қожайын! Базар жақын. Бұларға жем сатып ал! Ну, қанша? Бес қап, жоқ, он қап бидай немесе жүгері сатып алсаң – Алматыға жеткенше тоқ барады.

ІІ Ж ү к ш і. Молодчина! *(Жолдасын арқасынан қағып қалып.)* Голова! *(Серкешке.)* Қожайын! Мына вагонның ішіне жем шашып тасташы. Вагонға есектер өздері қарғып мінбесе – маған кел! Басымды кесіп беремін.

С е р к е ш *(қиналып).* Ойбай-ау, оған ақша қайда? Бәрін беріп тауыстым ғой. *(Саусағын бір-бірлеп бүгіп.)* Өзіме жол-қаражат – бір, құмға барған шопырларға – екі, вагон жалдағаныма – үш, ветврачқа справка үшін – төрт, милицияға – бес, сендерге, сотқа... Міне, саусағым да жетпей қалды.

ІІІ Ж ү к ш і. Қожайын, сонша шығын шыққанда бұл арамдарың соны өтей ме? Үстінен пайда түсе ме?

С е р к е ш *(ернін жымқырып, басын шайқап).* Қайдан. О бастағы есеп бойынша, пайда түсуі керек еді... Енді, міне, сендер де... Шығын көбейіп кетті. Мұның бәрі о басында есепке кірмеген шығындар... Станса бастығы да сыпырды... Несиеге алған ақша таусылды.

І Ж ү к ш і. Қожайын, уайымдама, шығынсыз табыс болмайды. Одан да қалтаңды қақ та, бізге жолаяқ жаса. Бір қап жем ал. Есектерді вагонға тіркеудің бірден-бір жолы сол.

II Жүкші. Өте ақыл сөз.

III Жүкші. Осыған тоқтасаң, тоқтадың. Әйтпесе біз кетеміз.

Серкеш *(қиналып).* Тепловоз... *(Жағасы жыртық пиджактан әмиянын шығарып.)* Мә, мынау бір бөтелке арақ, мынау бір қап жем. *(Сұстанып.)* Бірақ тез жеткізесіңдер! Жоқ, арақтың ақшасын жем жеткізген соң аласыңдар.

II Жүкші *(ақшаны алып жатып).* Бізге сенбейді еще.

III Жүкші. Жүгірейік. Базар іргемізде ғой.

Екеуі кетеді. Жол үстінде тепловоз көрінеді.

Серкеш *(шоршып түсіп).* Енді қайттім?

II Жүкші. Не болды?

Серкеш *(көрсетіп).* Тепловоз! Вагон бос. Мына арамдар тиелген жоқ!

I Жүкші *(шылымын сорып).* Арамның аты – арам.

Серкеш *(күйіп кетіп).* Әй, қарағым, онсыз да қаным қарайып тұр. Менің ісім адал еді ғой. Аштан қырылайын деп жатқан зоопаркке жақсылық жасайын деп едім. Сол да арам ба?! *(Дүрсілдеп тепловоз дыбысы жақындай түседі.)* Қап, сорладым-ау, ә!

I Жүкші *(жайбарақат).* Сабыр, сабыр, қожайын. Тепловоз жүргізуші де пенде. Тілін тапсаң – тоса тұрады.

Серкеш *(шырқырап).* Әлгі жолдастарың жоғалып кетті ғой. Ақшаны алып... тайып тұрды ма?

I Жүкші. Қожайын, бізді өйтіп қорлама. Біз нанымызды адал еңбектен табатын адамдармыз.

Тепловоз дыбысы таяп келіп тоқтайды. Сахнаға машинист шығады.


Машинист *(Серкешке).* Дайын ба?

Серкеш *(жағымпаздана).* Дайын, дайын. Қазір, қазір, он-он бес минөтте бітеді.

Машинист. Он-он бес минөті несі? Бір минут те уақыт жоқ. Бізде график деген бар. Жаңа начальник бәрі дайын деді ғой. Мына вагонды составқа тірке деді.

Серкеш *(базар жаққа зарыға қарап, тыпырлап, I Жүкшіге).* Қайда әлгілер? *(Машинистке.)* Құдай үшін, сәл шыдаңыз.

Машинист. Мен шыдағанмен, жол шыдамайды. № 101 состав



жолға шығуы керек. Егер кешіксек, жол графигі бұзылады да неше түрлі бәле шығады.

І Ж ү к ш і *(Серкешке сыбырлап)*. Тез «тоқымқағарын» бере сал. Әйтпесе көнбейді.

С е р к е ш. Ойбай-ау, қалтам қағылып болды ғой.

І Ж ү к ш і. Әйтпесе кетіп қалады. Келесі пойызды күткенше қай заман.

С е р к е ш *(қалтасына қол салып)*. Апырай, тонадыңдар-ау. *(Ақшаны І Жүкшіге ұстатып)*. Мә, сен көндір.

І Ж ү к ш і *(машинистке)*. Әй, дос, сәл шыда, қазір жігіттер келіп *(есектерді көрсетіп)* жүкті лезде тиейді. *(Ақшаны машинистің қалтасына сұңғітіп.)* Мынау, жолаяқ. Түсіндің бе, жолаяқ! Ең әуелі, құлаққа жағымды сөз.

М а ш и н и с т *(бәсеңсіп)*. Бәрібір, көп күте алмаймын.

Қап арқалап жүкшілер келеді.

І Ж ү к ш і. Өй, тасбақалар! Жылдамырақ жүрсеңдер, өзектерің үзіліп кете ме?

ІІ Ж ү к ш і. Е, базардың аты – базар. Саудаластық.

ІІІ Ж ү к ш і. Еще ұрсады.

І Жүкші қаптағы жемді есектерге алақанына салып жегізіп, дәмін алдырады. Аш есектер қапқа лап қояды. ІІ Жүкші қапты арқалап тақтай көпірмен ва-гонға шығады. Есектер артынан шұбап береді. Әп-сәтте бәрі де вагонға кіріп кетеді. І Жүкші вагонның есігін сырғыта тарс жауып тастайды.

І Ж ү к ш і. Міне, бір-ақ сәтте бәрі де бітті! Сонша уайымдап, жыладыңдар-ай кеп.

С е р к е ш *(маңдайының терін сүртіп)*. Рақмет, бауырым.

ІІ Ж ү к ш і. Жолың болсын, Қожайын.

ІІІ Ж ү к ш і. Есек саудасы еселі болсын!

Алтыншы көрініс

Есектер тиелген вагонды тартқан тепловоз боздата гудок беріп, орнынан қозғала береді. Біраз жүріп барып, тоқтап қалады. Бұған таң қалған Серкеш есек вагонның есігінен басын шығарып, машинистке айқайлайды.

С е р к е ш *(машинистке)*. Не болды? Неге тоқтап қалдық?

М а ш и н и с т *(рельсті көрсетіп)*. Рельс ажырап жатыр. Өте алмаймыз.

С е р к е ш *(күйініп)*. Ажырағаны несі? Жаңа ғана осы жолмен келіп едің ғой!

М а ш и н и с т. Дұрыс айтасың, қожайын. Жаңа ғана жол түзу болатын, енді ажыратып тастапты.

С е р к е ш. Кім?

М а ш и н и с т. Кім? Қайдан білейін кім екенін! Тізгін ұстап отырғандар дағы.

С е р к е ш. Тізгіні несі? Пульт пе?

М а ш и н и с т. Иә. Солай десе де болады.

С е р к е ш. Онда кім отыр?

М а ш и н и с т. Шайтаным білсін кім отырғанын. Тізгінші сағат сайын ауысып жатады. Түсін танып болғанша, басқа біреу келеді.

С е р к е ш. Айтпайсың ба енді, жолды қоссын да.

М а ш и н и с т. Қалай айтамын, айқайласаң дауыс жететін жер емес.

С е р к е ш. Немене, телефоның жоқ па?

М а ш и н и с т *(күліп)*. Тапқан екенсің телефонды! Қайдағы телефон?

С е р к е ш. Онда жүгіріп жет.

М а ш и н и с т *(кекесін мырс етіп)*. Мені не, спортсмен, спринтер деп пе едің? Өзің жүгір, жүгіргіш болсаң.

С е р к е ш *(күйіп-пісіп)*. Ау, жаңа өзің емес пе едің, график деген бар, заң қатал, состав кетіп қалады деп бізді тірідей қуырған.

М а ш и н и с т. Ол рас. Графиктен кешігуге болмайды.

С е р к е ш. Онда біз неге тұрмыз?

М а ш и н и с т. Оны мен қайдан білейін? Состав сенің вагоныңсыз да кете береді.

С е р к е ш *(жанұшыра)*. Не дейді?! Қалайша?


М а ш и н и с т. Очень просто. Сенің вагонындағы жүк госзаказ емес. Частный товар.

С е р к е ш *(басын шайқап, қолын жайып, тістеніп)*. Оу, мен станса бастығымен келістім ғой!

М а ш и н и с т *(шылымын енжар сорып)*. Бар сол станса бастығына. Маған неғыл дейсің?

С е р к е ш. Оу, айналайын, гудок берсеңші, гудок!

М а ш и н и с т *(мырс етіп)*. Былай қарасам, есің дұрыс, тәп-тәуір жігіт сияқтысың. Ал сөзіңе қарасам... *(Шекесін сұқ саусағымен шұқып,*



бұрғылайды.) Не көп, гудок көп, әне тыңда! *(Станса басы азан-қазан гудокке толып кетеді.)* Вот так. До бога высоко, до царя далеко. Гудоктың бәрін тыңдай берсе, ол бастық бола ма?

Серкеш вагоннан жерге секіріп түседі. Есектер оның соңынан секірмек болып ұмтылады. Серкеш вагонның жылжымалы есігін әрең ысырып жабады. Есектер азан-қазан ақырады. Серкеш ырсиып екі айырық боп кеткен рельске үңіліп, аяғымен теуіп көреді. Еңкейіп біріктірмек болады. Машинист күледі.

С е р к е ш *(ыза болып).* Неменеге күлесің?

М а ш и н и с т. Е, күлмегенде, жылаймын ба. Сенің мына қылығыңа күлемін.

С е р к е ш. Составтың кетуіне қанша қалды? Мен станса бастығына жүгіріп жетіп үлгеремін бе?

М а ш и н и с т. Ой, далеко. Үлгермейсің.

С е р к е ш. Сонда не болдық?

М а ш и н и с т. Не болушы еді. Келесі составты күтесің.

С е р к е ш. Оған мына *(есектер тиелген вагонды сілтеп)* арамдар шыдамайды ғой. Жемі жоқ, суы жоқ.

М а ш и н и с т. Какой ты не догадливый. Еще бизнесмен называется.

С е р к е ш *(аңырып тұрып-тұрып, алақанымен маңдайын сарт еткізіп).* А-а, түсіндім. *(Қалтасына қолын сұғып).* Мә! Қақалып өл! Басқа көк тиын қалған жоқ. Ал!

М а ш и н и с т *(бір бума ақшаны алып жатып).* Вот так-то. Давно надо было. *(Қойнынан сары жалауша алып, кабинадан шығарып, әлдеқайда бұлғақтатып еді, рельс жыландай жылжып барып, сарт етіп бірікті де қалды.)*

СОҢҒЫ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Алматы зоопаркінің алды. Таксиден алқын-жұлқын Серкеш шығады. Аңырып біраз тұрады. Тың тыңдайды. Айнала тым-тырыс.



Баяғыдай арыстан ақырмайды. Аю күңіренбейді. Серкеш жүгіріп, темір торлардың жанына жақындайды. Әріден күтуші әйел көрінеді.

С е р к е ш *(өзіне-өзі).* Мен жеткенше мыналардың бәрі аштан қырылып қалған ба? *(Күтуші әйелге жақындап.)* Здрасте, хозяйка!

К ү т у ш і ә й е л *(қолындағы шелегін қойып).* Здрасте-здрасте.

С е р к е ш. Міне, мен келдім. Асығып жеткенім осы. Есіңізде ме, мен сіздерге көп есек алып келемін деп едім ғой.

К ү т у ш і ә й е л *(есіне түсіре алмай, Серкештің үсті-басына таңдана үңіліп).* Білмедім. Мұнда күніне сан-сапалақ адам келіп жатады, кетіп жатады... Қайдан білейін.

С е р к е ш. Қалайша ұмытып қалдыңыз. Аңдар аш, есектің еті керек дегенсіз.

К ү т у ш і ә й е л. А-а-а, иә-иә, есіме енді түсті. Иә, онда ашаршылық болатын. Иә, иә, бастықтар жемтік іздеп жан-жаққа тентіреп кеткен. Енді құдайға шүкір, бір аштықтың бір тоқтығы бар дегендей...

С е р к е ш. Немене, сонда... ет табылды ма?

К ү т у ш і ә й е л *(екі қолын ербеңдетіп).* Табылғанда қандай. Қарық болып қалдық қой. Ақ түйенің қарыны жарылды да қалды, құдай беріп. Құдайдың мұнысына шүкір. Тәуба! Тәуба!

С е р к е ш *(тұла бойы қалшылдап).* А-а-а, қ-қ-қалайша?

К ү т у ш і ә й е л *(белдемшесін желпілдетіп).* Құдай бір тоқтыны жаратады, бір түп жусанды артық өсіреді.

С е р к е ш *(шыдамай).* Құдай, құдай! Қоя тұрыңызшы құдайды! Айтсаңызшы, не боп қалды?

К ү т у ш і ә й е л *(қатулана қалып).* Әй, немене, менің байым құсап зіркілдейсің. Кімсің өзің? Бар, айда. Бүгін демалыс. Зоопарк жұмыс істемейді. Контор жабық. Бастықтар жоқ. Бөтен адам кірмейді. Бар, айда!

С е р к е ш *(жалынғандай).* Жоқ, сіз мені түсінбей қалдыңыз. Кешіріңіз, мен сонау алыстағы Бұйрақұмнан жабайы есектерді әрең жеткізіп ем. Станса басында, тұйық жолда тұр. Вагонды тез босатпаса, штраф салады. Әрбір сағатына құн жетпейді. Сол есектерді мына зоопаркке тезірек жеткізу керек. Көлік керек.

К ү т у ш і ә й е л *(біртүрлі мүсіркегендей).* Алда байғұс-ай, кешігіп қалдың ғой.

С е р к е ш *(тұтығып).* Қ-қ-алайша?

К ү т у ш і ә й е л. Ет деген бізде тау-тау боп үйіліп жатыр.

С е р к е ш. Ау, таяуда ғана өзіңіз едіңіз ғой, аңдар ашығып қырылып жатыр деген.

К ү т у ш і ә й е л. Е, шырағым, ашыққан қарын тойынады, ашылған етек жабылады. Ұдайы аштық бола бермейді ғой. Тек жаратқан құдай адамдар, жан-жануар тәубасынан жаңылмасын деп анда-санда қысып-қысып қояды. Әйтпесе Алланың мейірімі шексіз.

С е р к е ш. Ау, сонда етті қайдан алдыңдар?

К ү т у ш і ә й е л. Айттым ғой, жаратушы Құдіреттің мейірімі мол. Енді қойдың еті, ақбөкеннің еті, жылқының еті, сиырдың еті дейсің бе – тау-тау! Сенің арам есегіңнің етіне тіпті сасық шиебөрі де пысқырып қарамайды. Әне!

С е р к е ш. Немене, әкімшілік жағдай жасады ма?

К ү т у ш і ә й е л. Әдірам қал! Әкімшілік адамдарды асырай алмай жатқанда, зоопаркті не қылсын.

С е р к е ш *(бозарып)*. С-с-сонда қ-қ-қалай?

К ү т у ш і ә й е л. Е, солай, шырағым. Жүр, көрсетейін.

Темір торлар. Арыстанның алдында сиырдың басы. Арыстан манаурап, кімсің дегендей көзін ашып-жұмып, есінеп қояды. Жолбарыс шіреніп жатыр. Алдында – тұтас жылқы. Қоңыр аю басын бұлғақтатады. Алдында қабырғасы ырсиған бір қой жатыр. Мәре-сәре, сен же, мен же.

С е р к е ш *(жүрегін ұстап, сыбырлап.)* Демде бұл қалай?

К ү т у ш і ә й е л. Енді қалай. Біреу тірі малын бере ме? Құдайдың құдіретімен ана Желкеқұмда қалың қар жауып, қатты боран соғып, бір түнде мал қырылып қалыпты. Енді, міне... ойбай, сізге не болды?!

С е р к е ш *(ерні әрең қимылдап.)*. Есектер тұйық жолда...

К ү т у ш і ә й е л. Есек неге арам өлмейді... *(Сасып.)* Е, құдай өзің кешіре гөр. Есек онсыз да арам ғой. *(Серкештің бетіне үрейлене үңіліп.)* Сорлы-ай, есекті қайтесің, өзің үзіліп кететін болдың ғой. Жәрдем! Ойбай! Жедел жәрдем! *(Күңгірт дүние).*

Шымылдық.

ДОМАЛАҚ АНА

Екі бөлімді драма

Қатысушылар:

НАРИМАН – кеніштің бас инженері
ЖАРАС – комбинаттың бас инженері
АМАНҚҰЛ – Жарастың орынбасары
НҰРИЛӘ-РУХ – Әулие ана, Бәйдібектің кіші әйелі
БӘЙДІБЕК – би
МАРАУ – Бәйдібектің бәйбішесі
ЗЕРІП – Бәйдібектің ортаншы әйелі
БАРЫМТАШЫЛАР
АЛТЫ ҰЛ
СІБЕ БАТЫР
ХОР
ШЫРАҚШЫ
ҰЛТУ

Осы заманның даңғаза музыкасы. Тасыраңдап жартылай жалаңаш құтырына билегендер.

Бірін-бірі атып тастап, бауыздап тастап, наша тартқан азғындар.

Қабағын түйіп қайыр сұрағандар.

Шекілдеуік сатып тұрған жүдеу әйелдер.

Көйлегінің етегін көтеріп, сандарын жалтыратып, қылмыңдап тұрған сайқалдар.

Теледидардан көргенін істеп, өз сыныптастарын автоматпен атып тастаған жас бала.

Казармада өз жолдастарын атып тастаған мас солдат.

Былғанған дүние.

Аулақта жарқырап кеме кетіп бара жатыр. Шырақшы мен Ұлту кемедегілерге жағадан айқайлап, қол бұлғап тұр.

Ш ы р а қ ш ы. Ә-ә-әй! Бізді ала кетіңдер!

Ұ л т у. Құтқарыңдар мына лас дүниеден!

Ш ы р а қ ш ы. Әй, айналайын, садағаң болайын, бізді мінгізе кет.

Ұ л т у. Тұншығып барамын. Ала кетіңдер!

Ш ы р а қ ш ы. Құтқарыңдар күнәһарлар мекенінен!

Д а у ы с. Былғанған жер беті тазарады. Оны сен екеуің тазартасыңдар. Сендер кетіп қалсаңдар, жер бетіндегі былғанышты кім сыпырады? Адамдардың бәрі түгел азып, алжыған жоқ. Арасындағы ара-тұра адал, пәктерін де сыпырып тастамаңдар. Сендер түгел тазарта алмасаңдар, Топан суы қаптайды. Ана қираған мазардың орнына аспанмен тілдескен зәулім ақ мұнара пайда болады. Адал жандар сонда аман қалады. Арамдарды Топан суы жұтып жібереді.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Күміс қоңырау сыңғыры бүкіл спектакль бойынша – рефрен.

Аспанға шаншылған биік шындар батар күннің қызылына малынған. Көгілдір кешқұрым. Тау табанында – жалғыз күмбез. Арқар аулап жүрген аңшылар енді арқардан күдер үзіп, қайтқалы тұрғанда, ойпаңнан жалғыз арқар тура осыларға қарай жүгіріп келе жатады. Жарас, Нариман аң-таң. Жарас дереу мылтығын сайлайды.

Н а р и м а н. Әй, Жарас, атпай қоя тұр. Мұның бір құпиясы бар.

Ж а р а с. Қайдағы құпия. Құдай бұйыртып тұр ғой. Бұйырған кетпейді, жүгірген жетпейді деген осы болады, Нареке.

Н а р и м а н. Сәл сабыр етші. Мойнында қоңырауы бар екен. Әне сыңғырлайды. *(Шошынып.)* Ей, ол арқар емес!

Ж а р а с. Апыр-ай, енді осы арқар атқанымды да қызғанасың ба? Неге арқар емес. Әлгінде бірдеңе ішкен сияқты едің. Көзіңе қос көрініп тұрған шығар.

Н а р и м а н. Дені сау арқар адамға, мылтыққа қарай өзі жүгіре ме екен? Жоқ, шын айтам: арқар емес, адам сияқты... Қоя тұршы! Атпа деймін! Арқар емес! Әлгінде арақты өзің ішкенсің. Көзің бұлдырап тұр. Арқар емес, адам!

Мылтық даусы гүрс етеді. Таулар теңселгендей болады. Жарастың арқар дегені аппақ ақ желең болып, аспанға ұшып бара жатады.

Жаралы періште жылағандай музыка сыңсиды. Жарас пен Нариман үрейден қалшиып қалған. Бірақ Жарас сәлден соң есін жиып, алға тұра жүгіреді. Өліп жатқан арқарды көреді.

Ж а р а с *(қуанышты дауыспен)*. Нариман, міне арқар! Атып алдым!

Н а р и м а н *(қобалжып)*. Жаңағы аспанға ұшып кеткен не сонда?

Ж а р а с. Е, Құдай, ол мылтықтың түтіні ғой. Бәленің бәрі ішкеннен, не болса сол қос көрінеді.

Екінші көрініс

Жаугершіліктен жадап-жүдеп, шөл қысып келе жатқан сарбаздар. Сардары алдында. Ол Бәйдібек. Барлығы ауыл шетіндегі құдыққа беттейді. Кенет шегенделген құдыққа аспаннан ақ желең желбіреп келіп түсіп кетеді. Бір қарасаң, желбіреген шүберек сияқты, бір қарасаң, ақ киінген адам сияқты. Оны көрген Бәйдібек құдық басына алдымен жетеді. Тереңге арқан тастайды.

Б ә й д і б е к *(құдыққа үңіліп)*. Арқаннан ұста кім де болсаң! Барсың ба, батып кеттің бе? Адамсың ба, аруақсың ба?

Д а у ы с *(шырылдап)*. Ұстадым арқаннан.

Б ә й д і б е к. Мықтап ұста! *(Арқанды шірене тартады. Құдықтан қыздың басы шыға бергенде білегінен ұстап, тереңнен тартып алады.)* Апыр-ай, перизаттай неткен жансың, жарқыным? Құдыққа қалай құлап кеттің?

Н ұ р и л ә *(көйлегінің суын сығып)*. Мен Үрмәт қызы Нұриләмін, батыр аға. Құдыққа мені тағдыр құлатты. Әйтпесе, сіздер қиын жолдан қаталап келе жатқандарыңызды сезіп, су дайындап қояйын деп едім, құлап кеттім. Тағдыр.

Б ә й д і б е к. Тағды-ы-ыр?

Н ұ р и л ә. Иә, батыр аға, тағдыр. Сіз менің білегімнен ұстадыңыз. Бұл Құдайдың бұйрығы. Енді мен сіздің етегіңізден ұстаймын. Тағдыр солай. Білегімнен бірінші тұтқан кісі – менің сүйген жарым болады, батыр Байеке.

Б ә й д і б е к *(сасыңқырап)*. Сонда қала-а-ай... Әй-шәй жоқ не деп тұрсың?

Н ұ р и л ә. Ата-баба жоралғысы солай. Тәңірдің бұйрығы солай.

Б ә й д і б е к. Солайы солай. Бірақ менің бір емес, екі бірдей



қатының бар ғой. Әрі десе сен періштедей бейкүнә бүлдіршінсің. Ата-анаң не дейді. Үрмәт қызын қараға бермейді.

Н ұ р и л ә. Бір емес, екі бірдей күндес берсе – бұл Құдайдың ісі. Мұхаммед пайғамбарымыз төрт қатын алуды шариғатқа қосады. Білегіңнен қай еркек бұрын ұстаса, сол сенің жарың болады деп өздері айтқан. Бәйдібектей жар табылса, Үрмәт қызына одан артық құрмет жоқ.

Б ә й д і б е к. Апыр-ай, жарқыным-ай, әлі он екіде бір гүлі ашылмаған періштедей баласың. Әкеңдей қылып мені қайтіп қасыңа аласың?

Н ұ р и л ә. Мен ес білгелі бері түсіме кіріп жүрдіңіз, Байеке. Түсімде Бибі-Фатима анам: сенің жарың Бәйдібек деп аян берді. Мен сізге баяғыда-ақ түсімде қосылғанмын. Енді, міне, өңімізде де кездестік. Жазмыштан озмыш жоқ. Маңдайдағы жазу солай.

Б ә й д і б е к. Мен базардан қайтқан адаммын, жарқыным.

Н ұ р и л ә. Тектілер адамның басы мен ісіне қарайды. Тексіздер адамның шашы мен тісіне қарайды. Мен соның тектісімін, алдияр. Шашыңыздың ағы шарт емес. Сіз әлі айдынды шалқарсыз.

Б ә й д і б е к. Мен базардан қайтқан адаммын, жарқыным.

Н ұ р и л ә. Базардан қайтсаңыз – базарлығыңыз мол, алдияр. Базардан қайтсаңыз да, мазар алыс. Мені кеудемнен итермеңіз – бізден тараған ұрпақ – мың жылдық. Ол ұрпақ телегей теңіздей шалқып, күннің шығысынан күннің батысына дейін тарайды.

Б ә й д і б е к. Сен тегін болмассың, Үрмәт қызы. Сені маған жолықтырған Жаратқанның бұйрығы, Жәбірайылдың аяны шығар. *(Өзіне-өзі).* Қапыда қалдырсам, Тәңірдің қаһарына, Жәбірайылдың жиіркенішіне ұшырармын. *(Нұриләға.)* Бірте-бірте сүйкімді боп бара жатырсың, Үрмәт қызы. Ә дегенде-ақ жүрегі түскір елпілдеп, лүп ете қалып еді.

Н ұ р и л ә. Біздің некемізді көктен түсіп бас періште өзі қиып қойған. Тәңірім қосқан жар өзіңсің, Байекем. Алдыңа алып, артыңа мінгестір мені, құдай қосқан қосағым. Ұстадым етегіңнен...

Музыка, сағынышты, сазды музыка, шам сөне береді.

* * *

Қос Тұра тауының баурайы. Бәйдібек ауылы. Ақ шаңқан үйлер. Қос Тұра таудан қос өзен құлап ағып жатыр: Ұлы Бөген, Бала Бөген.



Ауылға жақындағанда Бәйдібек елге хабаршы жібереді. Хабаршы ауылға жақындап, айқай салады.

Х а б а р ш ы *(еліріп, ентігіп)*. Сүйінші! Сүйінші!

Жан-жақтан халық жиналып қалады.

Д а у ы с т а р:

– Аузыңа май! Жылдам айт хабарыңды!

– Жау жеңілді ме?

– Олжа көп пе?

Х а б а р ш ы. Жау жайрады. Шүршіт қирады!

Д а у ы с т а р:

– Аузыңа май!

– Сүйінші дайын!

– Олжа көп пе, олжа?

Х а б а р ш ы. Олжа да бар. Байекем келіншек алып келе жатыр. Келіншек түсіретін жаңа отау тіксін деді. Отау дайындаңдар, отау!

Көптің ішінен Марау бәйбіше бөлініп шығады.

М а р а у *(белсеніп)*. Әй, бадырақ батыр, жөндеп айт. Қайдағы келіншек? Кімнің келіншегі? Менен туған алты ұлдың біреуіне ме әлде...

Х а б а р ш ы. Байекемнің өзінікі, ойбай! Хордың қызындай. Қыздың өзі Байекемнің етегін ұстап айырылмай қалды.

М а р а у. Батыр алжыған шығар. Хордың қызы болса, арбаған шығар. Келіншек емес, кесапат келе жатыр десеңші.

Д а у ы с т а р:

– Қолға түскен шүршіттің қызы болар.

– Шүршіт қыздары қылықты, сұлу болады.


– Жауды жеңсе, Байекеме лайық қой.

– Қос қатынның үстіне... қалай?

– Е, батырға жарасады, несі бар.

З е р і п. Дұрыс айтасыз, қайнаға. Батырға жарасады. Жауды жайратқаны үшін оған бәрі кешірімді. Айтқанын екі етпеңдер. Отау көтеріңдер.

М а р а у. Әй, қу күндес! Неғып жомарт бола қалдың? Байекемді менен қызғанып буынып өле жаздаушы едің. Енді неден кеңпейілсің?



Қызғанғаның қызыл итке бұйырса – несіне елпілдейсің? Енді Байекем маған да жоқ, саған да жоқ.

З е р і п. Кең болсаң, кем болмайсың, үлкен бәйбіше. Көңіл жетсе, Байекем саған да жетеді, маған да жетеді, оған да жетеді. Екеуміз ел алдында салғыласап, елге күлкі, есекке таң болмайық. Одан да Байекемнің абыройын асырып, келе жатқан келінді салтанатпен қарсы алайық.

Д а у ы с т а р:

– Қайран қасиетті Қызыл бидің қызы, текті ғой.

– Заты асыл ғой.

– Жас келіншек шүршіттің қызы болса, тілін қайтіп түсінеміз?

Х а б а р ш ы. Шүршіттің қызы емес-ай. Пайғамбардың тұқымы. Үрмәт қызы. Е! Біліп қой. Екі көзіңді ашып қара!

* * *

Келін түсіру рәсімі. Жар-жар. Келіннің бетін ашу. Шашу шашу. *(Сахнадан залға, көрермендерге де шашса ләзім).* Сарбаздар сайысы. Балуандар күресі.

* * *

Неке қию рәсімі. Ақ отаудың іші. Төрде хазірет. Айнала отырған ақсақалдар, әйелдер, жігіт-желең, қыздар.

Бәйдібек пен Нұрилә молда алдында тізе бүгіп отыр. Хазірет аят оқиды. Куәлар, хор:

Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүредүрміз.
Таңның ақ қасында,
Бүгін халық қасында,
Куәлігін бередүрміз.

Х а з і р е т. О, аса биік мәртебелі Бәйдібек мырза! Мұхаммед пайғамбарымыздың *(ғалейкум ассалам)* ұрпағы Үрмәт қызы Нұриләны жар етуге ықтиярмысыз?

Б ә й д і б е к. Ықтиярмын, хазірет.

Х а з і р е т *(күәгерлердің біріне).* Неке суын әкел. *(Күәгер Марау бәйбішенің қолынан күміс кесені алып, алдымен Бәйдібекке ұсынады. Нұрилә Бәйдібектің қолындағы кесені қағып алып, алдындағы қалы кілемге төге салады. Жұрт шу ете қалады.)* Астапыралла!

Қалы кілем лезде жиділп, бықсып, бұрқ етіп түтін шығады. Жұрт шу ете қалады.

Н ұ р и л ә. Кешіріңіз, хазірет. Байекем екеуміздің некемізді періштелер қиып қойған. Ал мына неке суы дегеніңіз – диюдың зәрі. Көрдіңіз ғой, кілемнің жанып кеткенін. Ал адам ішсе не болады?

Б ә й д і б е к *(қаһарланып).* Су орнына у берген кім? Күшәла қосқан ба, немене?!

Д а у ы с т а р:

– Ой, сұмдық-ай!

– Күшәла қосқан дей ме?

– Қастандық қой.

– Күшәла, күшәла!

– Қалай дәті барады?!

Х а з і р е т *(қолын жайып, дұға қылып, Нұриләға).* Жарқыным, оның у екенін қайдан сезіп қойдың?

Н ұ р и л ә. Құлағыма періштелер сыбырлады, хазірет. Қызғаныштың қызыл иті Әзәзілден жаралған. Қызғаныш адамзатқа мұра болып Қабылдан қалған. Таң қалмаңыз, хазірет. Бұл ежелден келе жатқан кесапат. Мен мұндай қияңқылықтың боларын білгем. Бақыт жолы – жалтыр мұз. Жалтыр мұзда буыршын да, бүлдіршін де, бура да тайғанайды. Бақытыма жетем деп көп күтіп ем. Қия мұздан тайғанамай аман өтсем деп едім. Алда әлі талай-талай жалаң қиялар барын да сеземін. Сол тайғанақ жолдан сүріндірмей алып шығар. *(Бәйдібекке қарап.)* Азғана шәлкем-шалыс іс болды, жамиғат. Оған назар салмай-ақ қойыңыздар. *(Бәйдібектің қолын сипалап.)* Сен де қапа болма, қасиетті ерім. Ұмыт бұл қиянатты. Орныңнан тұр. Ұста білегімнен. Ақ некемізді аспан қиған. Бір-бірімізге адал жармыз...

Толған Ай толғанып, жұлдыздар жымыңдап, Аспан асты асыл тастар, күміс қоңырау сыңғыры.



Үшінші көрініс

Жайлау. Шұрқыраған жылқы. Шаңқ еткен тау қыраны. Сарқырама су. Желі басы. Шіңгірлеген құлындар. Құру-құрулаған жылқышылар. Судан қайтқан қыздар әні. Шаңқобыз.

Бұл Бәйдібек бидің ордалы ауылы. Ақбоз үйдің іші абыр-сабыр. Керегеге керілген ою-өрнекті басқұрға бір әйел қос қолымен асылып тұр. Бір топ қатын оны қамалап, қаумалап алған. Бір топ еркек келсаппен жер түйгіштеп: «Түс, түс, түс!» – деп зікір сала билеп жүр.

Толғатқан әйел – Бәйдібектің тоқалы Нұрилә. Оның ішін саумалап тұрған үлкен бәйбішесі – Марау. Нұриләнің бет-аузын орамалымен сүртіп, желпіп тұрған Бәйдібектің ортаншы қатыны Зеріп. Үш қатынға – бір бай. Бай қазір қасындағы қырық нөкерімен төменгі Қызылкөлден аң аулап жүр.

Үш қатын, үш күндес қазір апалы-сіңлілі сияқты тату-тәтті көрінеді. Толғақ қысқан кіші күндеске үлкендері жаны ашып, есіркеп-мүсіркеген сыңай танытады. Қайсысынікі шын, қайсысынікі жәдігөйлік – ол әзір белгісіз.

Н ұ р и л ә *(жанталасып, жан дауысы шығып).* Иай, Көк тәңірі! Қолдай гөр! А-а-а-а. Оңдай гөр. Иай, Бибі-Фатима.

Келсаппен жерді түйгіштегендер: «Түс, түс, түс!» – деп зікір салып жүр: – Көк тәңірі, Бибі-Фатима, қолдай гөр, оңдай гөр!

М а р а у *(Нұриләнің етегін ашып үңіліп, жуан дауыспен).* Байғұс-ай, қиналдың ғой. Мына мен алты бала тапқанда былай толғатпап ем... Бір жәутікті туамын деп дүйім елді дүрліктірдің-ау! *(Қайта үңіліп).* Ой-бай. Масқара. Шығып келе жатыр. *(Мүләйімсіп.)* Шыда, байғұс, сәл шыда. Мен тартайын... *(Шар-р еткен бала дауысы шығады.)*

З е р і п *(бір сұмдықтың болғанын сезіп, Марау бәйбішені итеріп жіберіп).* Апыр-ай, даусы жаман шықты ғой. Қолың ауыр еді, жазатайым қылып алдың ба? *(Етек астынан шақалақ баланы көтеріп алып қараса, басы жарылып қалыпты).* Ой-бай. Мынау не сұмдық? Басы жарық! *(Марау бәйбішеге қарап.)* Қолыңды көрсетші-ей, сары қатын.

Х о р *(келсаптарын түйгіштеп).* Көрсет! Көрсет! Қан! Қан!

М а р а у *(долданып).* Ой, сандалған сорлығар! *(Келсаптыларға қарап.)* Ой, құл-құтан сорлылар! Тоқал бала туды деп неге әбігер болдыңдар? Тоқал бір жаман жарғақ тапты деп жандарың шыға жаздайды. *(Масаттанып.)* Мықты болсаңдар, мына мен сияқты алты рулы елге татитын алты ұл тауып көріңдер!

З е р і п *(баланың басының қанын жалап).* Мастанба, сары қатын, мастанба. Көк Тәңірі алтаудан сала ма, жалғыздан сала ма, – өзі біледі. Әй, қатын, біз салғыласып тұрғанда баланың басынан қан кетті. Жарықшылар жоқ па екен? *(Келсаптыларға.)* Тездетіп тауып келіңдер.

Х о р. Жарықшылар жоқ па екен, жармай бір білте саларға.

Н ұ р и л ә *(Зеріптің құшағындағы балаға қолын созып).* Айналайын Зеріпжан, тумай жатып зәбір көрген нәрестеге ара түсіп, аман алып қалдың ба? Көк Тәңірі сені қолдасын. Ағарып алдыма түспе, қарайып соңымда қалма. Қастандық қылған оңбасын. Зеріпті құдай оңдасын.

З е р і п *(Нұриләға).* Байғұс-ау, сәбидің басы жарылды. Сары қатын бармағын батырып жіберіпті. Енді қайттік? Майып! Майып! Кім бар мұның жарығын жамайтын?

Н ұ р и л ә. Иттің иесі, бөрінің тәңірі бар. Бұл бөрінің тұқымы. Тәңірі қолдап, киесі келмесе, бұл аймақта бас сүйегін жамайтын сыныкшы жоқ.

З е р і п. Киесі кім? Киесі?

Н ұ р и л ә. Қошқар Атаның ар жағында, Қызыл көлдің бер жағында айналайын пірім бар. Сәтін салса, өзі-ақ біліп, аян берер...

З е р і п. Біреу барып айтпаса, қайдан біледі? Қайдан келед? Атқа мінсін шабарман.

Н ұ р и л ә. Әуре болма, Зеріпжан күндесім. Тілектесім, үндесім, жанашырым, жан досым, ісіңді Құдай оңдасын. Аққа Құдай жақ деген. Менің пәктігім, менің ақтығым рас болса, пірім өзі-ақ сезеді, жақсыларды жебейді. Жамандықтан безеді. *(Қолын көкке жайып.)* Жасаған ием, жаратқан Құді-рет! Көк Тәңірі! Иә, Алла! Сайрамдағы сансыз бап! Баптардың бабы – Арыстан бап! Қасиетті Түркістан бап! Жалғызымды қорғай гөр. Мен, Нұрилә, сендердің ұрпағыңмын... Жар дегенде жалғыз ұл – оның аты Тілеуберді. Тілеубердіні берген пір бабам, келе гөр, тумай жатып қасірет көрген балама қолыңның ұшын бере гөр. Өз балаң ғой, өз балаң. Қансырап қалды. Тез аян бергейсің, пірім.

З е р і п. Бала қансырап бара жатыр. *(Марауға қарап.)* Обалы саған.

М а р а у. Әй, тоқал, не деп сандалып тұрсың. Жаңа жарық бастың қанын жалап едің, содан мас боп, есің ауысып тұр ма? Оттама.

Н ұ р и л ә. Құдай қылды – күндес болдық. Жазмыштан озмыш жоқ. Үшеуімізді бір еркектің етегінен ұстатып тағдыр қосты. Құдайдың құдіретіне қарсы болмайық. *(Марауға.)* Бәйбіше, толдым деген төгіледі, жеттім деген жығылады. Тәңірге тәуба қыл. Алты ұлым бар деп төбемізді тесіп, құдық қаза берме. Жыпырлаған жұлдыздан жартыкеш болса да Ай артық. Менің баламды жартыкеш қылдың. Лайым, жүзге жетпе, жүзге жетсең – күзге жетпе!

М а р а у *(терісіне сыймай долданып).* Әй, не деп тұрсың, қу тоқал? Шалажансар балаңды туа алмай жатқаныңда жаным ашып, қолғабыс қылғаным ба – жазғаным. Көп болса қолым қаттырақ тиіп кеткен шығар. Жұмыртқа бас бала тусаң – оған мен кінәлімін бе, о несі-ей?!

Н ұ р и л ә. Сен қараулық жасағанмен, Құдай бақкан балаға оқ дарымас.

Осы кезде дауыл тұрғандай жел уілдеп, бәйбішені құйын ұшырып әкеткендей болады. Сахнаға кілең ақ киінген Рух, яғни екінші Нұрилә шығады. Ұзын Тұра, Қысқа Тұра – Қос Тұра таудың сұлбасы. Ұлы Бөген, Бала Бөген өзендері сол таудан жарыса құлап жатыр. Ұлар шулайды. Кекілік қақылықтайды. Қоңыраулы еліктер ештеңеден алаңсыз жайылып жүр. Күміс қоңыраулар сыңғыры, сызылған музыка.

Р у х. Армысың, бауырым, Үрмәт әулие қызы Нұрилә!

Н ұ р и л ә. Бар бол, кием! Сүйінші! Ұл! Ұл! Өзің берген ұл келді дүниеге.

Р у х. Мен емес, Көк Тәңірі көріп тұр мұқтажыңды. Мен сенің арызыңды Көкке жеткізуші ғана. Бәрін де Көк Құдірет біледі. Шексіз шебер Құдірет. Шексіз ғаламды жаратқан Құдірет. Шексіз телегей Ақыл-Ой – Көк тәңірі. Табынсаң – соған табын, Нұрилә.

Н ұ р и л ә. Табынамын, пірім, табынамын. Тәңірге табынбай, кімге табынам. Егер қияметке дейін дүние күндіз-түні қап-қараңғы боп қалса, оны жарық қылу Тәңірден басқа кімнің қолынан келер еді? Содан соң Тәңірдің сүйген құлы – рухым, пірім, өзіңе табынамын. Өзің берген ұлдың басы жарық...

Р у х. Білемін, Нұрилә Үрмәт әулие қызы, білемін. Нәрестенің шар-р еткен даусы құлағыма шалынды. Мұзды мұхиттан соққан желменен тербеліп, ызың қаққан шеңгелдің арасында жүр едім. Көкірегімді қапа қысып, қасіретке малындым.

Н ұ р и л ә. Нәрестені тумай жатып қор қылғаны неткені?



Р у х. Қараулықтың, күндестіктің тасыраңдап кеткені.
Н ұ р и л ә. Көк тәңірі бұзықтарды қаламайды деуші еді?
Р у х. Ақырында оларды жазалайды деуші еді.


Зеріптің қолында шырылдап тұрған баланы Рух өз қолына алып, үшкіріп, ұшықтап, шекпенінің қойнынан жас тасбақаның сауытын алып, нәресте басының ойылған жеріне жапсырады. Сәбидің жаны жай тауып, жылағаны сап тыйылады. Жаялыққа оралған баласын Нұрилә өзінің омырауына басады.

Р у х:

Ширек ғасыр бұдан бұрын Таласта,
Талас үшін араб, шүршіт таласты.
Сол соғыста елдің ері Бәйдібек
Шүршітті ұрып, арабтарға қарасты.
Сол араптан қалған нәсіл аталады «үрмәт» деп,
«Үрмәтті» қалың қазақ пір тұтады құрметтеп.
Ақ Нұрилә сол үрмәттен дүниеге бар болдың.
Досқа күлкі, дұшпанға таба қылма, Құдайым,
Бірақта сен нелер заман жалғыз ұлға зар болдың.
Тілеуіңді тілеп едім, шеңгел кешіп сонда мен,
Арызыңды тәңірге мінәжат айтып жолдап ем,
Мінәжатым бір Құдайдың құлағына шалынды,
Сенің жүзің Жаратқанның ақ нұрына малынды.
Дидарыңнан арай тарап, ажарың шешек атады,
Сенен туған бұл перзенттен, ғасыр асып ғасырлар,
Үрім-бұтақ шығыс пенен батысты алып жатады.

Н ұ р и л ә. Айтқаның келсін, пірім! Кием менің!
Р у х:

Балаңның аты Тілеуберді-Жарықшақ!
Әулиенің әулиесі өзіңсің әлі, Домалақ.
Домалақ деген атыңды түсінбейтін халық бар,
Есті адам оның мәнін біліп барып анықтар.
Кейбіреудей адыр-содыр, тікенектей емессің,



Адамдардың бәрін сүйіп, мынау бөтен демессің.
Сендей сұлу, сендей көркем перизатты ардақты
Жібек мінез ақылына тәнті болған ел-жұртың,
Әділетті, адалдығың үшін Домалақ деп атапты.
Қош, мен кеттім, бізге ғұмыр мәңгілік,
Ұрпағымыз толқын-толқын, жатар мәңгі жаңғырып.
Сол ұрпақтар ұмытпаса жалғасып,
Біз өлмейміз мыңдаған жыл, сан ғасыр.

Н ұ р и л ә. Қош, Кием! Тіл-көзден, бәле-жаладан сақтай гөр. Оқыстың ісі, Құдіреттің күші – зіл-заладан сақтай жүр. Зарыққанды, тарыққанды желеп-жебеп жүре гөр. Мынау елге тіреу болар, қорған болар әрдайым. Керек бізге хас батырлар, жас батырлар, талай ер.

Р у х:

Оның рас, Нұрилә. Бұл елге хас батырлар,
Жас батырлар, бас батырлар көп керек.
Әрбір қазақ жүз татитындай еп керек.
Қысық көзді, қисық тіс мүләйімсіп,
Күлімсіреп арбайды.
Өзі сары, көзі көк, озбырлықта
Қысық көзден қалмайды.

Н ұ р и л ә. О, қасіретті Кием! Елін, жерін, тілін, дінін сүймейтін мың мәңгүрттен Отансүйер, Отан үшін, намыс үшін отқа күйер бір Ер туғанның өзі артық.

Р у х. Өзің айтқан мәңгүрттер көбейгенде, елің, жұртың құлдықта қалып, табанын тас, арқасын азап, ақылын арақ тілгенде, Отансүйер ерлер мен Отанын сатқан опасыздар қырылысқан күрес болар. Сонда менің басымдағы күмбез құлап, мазарымның айналасындағы шеңгел жын-шайтанның ойнақ ордасына айналар.

Н ұ р и л ә. Не деп кеттің, әзіз Кием?.. Шыннан ба?

Р у х. Түптің түбінде Отансүйерлер опасыздарды жеңеді.

Оған дейін қилы-қилы заман өтер,
Бабасы немересімен қосылып зәһар ішіп,
Келіні атасының сақалын жұлар кез де жетер.

Қыздары лағынан қағынып,
Шаранасын қоқысқа тастап кетер.
Байлары қайырсыз, жауқабақ
Қайыршылар қаптайды.
Бай адамның тоя тамақ жегені,
Аш адамды қорлағаны.
Тілі алашұбар, діні шалажансар
Ұрпақ келіп, молаларды таптайды.
Тақымы кеппес ұрылар шығып,
Күндіз ұйықтап, түнде жортып жатпайды.
Құлқын қаққан қарақшылар
Беттің арын белге түйіп,
Халықтың қанын сорып,
Қасиетті Құраннан да аттайды.

Н ұ р и л ә *(шыдай алмай).* Ақырзаман ба?
Р у х:

Ақырзаман деген болмайды, ақ періштем,
Заман – деген уақыт. Уақыттың басы жоқ,
Соңы да жоқ. Заман – мәңгілік.
Ал бірақ Дүние әбден кірлегенде
Өзін-өзі мұхиттай тазартып тұратын,
Заңдылық бар. Мұхит кірлегенде
Сұрапыл дауыл соғып, топан су толқынмен
Кір-қоқысты тазартады.
Адамзат та солай тазарады.

Н ұ р и л ә. Айтқаның келсін, Кием! *(Құндақтаулы баласын бауырына басып).* Анаңнан ақ сүт іштің, балам. Ақ сүтімдей адал бол!

Ғарыш музыкасы. Күміс қоңыраулар сыңғыры.

Төртінші көрініс

Бәйдібек ханның ақ ордасы. Орда екеу. Керіскедей кең кеуделі, кебеже қарын, кең қолтық хан қалпағы басында, кәмшәт жағалы, оқалы бешпет, кемер белдік тағынған Бәйдібек.



Қарқарадай күндік салып, кимешек киген бәйбіше – Марау.
Бәйдібек тұнжыр, бәйбіше сарнап тұр.

М а р а у. Шаш шаһарын билеп, Тәңіртауды төстеп тұрған, кімсің – Бәйдібек деген атағың жер жарады...

Б ә й д і б е к *(басын шалт көтеріп алып).* Не боп қалды, бәйбіше? Әлпетің – әлемтапырық. Қасқыр тартқан биедей үркектеп тұрсың-ау. Бетіңнен тозақ оты лапылдайды ғой.

М а р а у. Ордаңдағы қасиетті қазаныңды ұры қаншық жалап кеткендей. Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы қалпыңды бір сұғанақ талап кеткендей. Асқаралы атағыңа, берекелі беделіңе дақ түспесе неғылсын, хан ием. Сонда шын жанашырың мен үркектемей, кім үркектейді?!

Б ә й д і б е к *(бағжия қалып).* Ей, бәйбіше! Не дедің сен? Не боп қалды? Торғауыт шапты ма? Шүршіт шапты ма? Не көрінді?

М а р а у. Сырттан келген жау жоқ. Табалдырықтан биік тау болмас, тоқалдан жаман жау болмас. Жау жанында, хан ием. Қойныңа улы жылан кіріп кеткенін аңдамадың-ау, аңғалым. Батыр аңқау деген осы, қайтейін. Мен айтпасам, кім айтады.

Б ә й д і б е к *(ақырып қалып).* Айт!

М а р а у *(кібіртіктеп барып құлшынып).* Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады. Сенің бетіңе шындықты айтуға басқалардың батылы бармайды. Өтірік күліп әзәзілдей арбайды. Ал мен болсам, хан ием, саған арыстандай-арыстандай алты ұл тауып берген адал жарың, жан жолдасың болғандықтан шындықты шырқыратып айтамын.

Б ә й д і б е к *(асқақтап).* Айт! Қалақайға бал жағып бергендей етіп айт!

М а р а у. Құлағыңа түрпідей тиер, жүрегіңе тікенектей қадалар. Бірақ шыда. Кеселге шипа дәрі ащы болады. Ащы да болса айтайын. Шыда.

Б ә й д і б е к *(маңғаз қалпы).* Айт!

М а р а у. Домалақ тоқал кеше туған шалажансар шіңжау бала – сенің балаң емес.

Б ә й д і б е к *(атырылып).* Тәйт!

М а р а у. Хан ием! Бас кеспек бар, тіл кеспек жоқ. Ақыры басталды, аяғына дейін тыңда.

Б ә й д і б е к. Жалған айтсаң – басыңды алам. Күндестіктен көңірсітсең – көресің. Ажалыңнан бұрын өлесің. *(Өзіне-өзі).* «Домалақ, Домалақ», осы жұрт Нұрилә сұлуды неге «Домалақ» дейді?

М а р а у. Қырын-сырын білдірмейді. Қулығына құрық бойламас айлакер, не қылмыс қылса да ұстатпайды, жылпос. Содан – Домалақ. *(Қолымен ишаралап.)* Доп-домалақ. Міне, былай, ұстатпайды.

Б ә й д і б е к. Ай, ит күндестік-ай.

М а р а у. Хан ием, мен күндес көрмей жүр ме екем? Қашан күндеп едім оны? Қоңырат Қызыл бидің қызына «іш-шәй» деген жерім бар ма?

Б ә й д і б е к. Зеріп пе? Зеріптің өн бойынан қылаудай мін таппасаң, несін өсектейсің?

М а р а у. Өн бойынан мін табылмас періште болса, үстіне неге тоқал алдың?

Б ә й д і б е к. Ол енді, Құдайдың бұйрығы...

М а р а у. Жоқ, хан ием! Мына мен – бәйбіше – Құдайдың бұйрығы. Тоқал – түлкінің құйрығы. *(Қисаңдап.)* Олай бұлғаңдатады, былай бұлғаңдатады, неге көрмейсің соны?

Б ә й д і б е к *(қаһарланып).* Оттама! Оспақтамай, тұспалдамай, айтсаң – айт! Айтпасаң – оттама!

М а р а у. Әкесі өлгенді де естіртеді. Өкпең қабынып, өтің жарылып кетсе де...

Б ә й д і б е к. Бол!

М а р а у. Тоқал тапқан шала баланың әкесі бөтен!

Б ә й д і б е к *(аптықпай).* Кім айтты?

М а р а у. Өзі айтты.

Б ә й д і б е к. «Өзі» кім?

М а р а у. Мекері тоқал.

Б ә й д і б е к. Не деді?

М а р а у. Қаратаудың теріскей бетінде шеңгел кезіп жүретін дуана шал деді.

Б ә й д і б е к. Қиссаға бергісіз қызық хикая. Ханның қатыны дуана шалмен көңілдес пе?

М а р а у. Өтірік айтса, өз обалы өзіне тоқалдың. Дуананың мойнына асылып, балаң келді дүниеге, балаң келді деп сүйінші сұрады ғой көптің көзінше.


Б ә й д і б е к *(аңтарылып).* Көптің көзінше дейсің бе?

М а р а у. Өтірік айтсам осы арада тартсын мені қара жер.

Б ә й д і б е к. Дуана шал дегенің рух яки пері болып жүрмесін?

М а р а у *(көзі жайнап).* Рас-ау. Қу тоқалдың өзін де перінің қызы деседі ғой осы жұрт... Перінің тілін пері білер деседі ғой осы жұрт.

Б ә й д і б е к. Қой, тантыма, бәйбіше. Қызғанышпен қылып тұрған



бәлең шығар. Құрметті Үрмәт қызын пері деп күнәға батып, Құдай ұрмасын сені.

М а р а у. Ол пері қызы әзәзіл болмаса, Сіз алыс жолдан оралып, шөлдеп, құдыққа бұрылғанда, Сізді көріп әдейі құдыққа түсіп кетіп несі бар? Білегімнен ұстасын деп әдейі түскен сорлы қар! Иә, Сіз оны құдықтан білегінен тартып шығардыңыз. Сөйтіп, Сізді жадылады да қойды.

Б ә й д і б е к *(есіне алып)*. Жас сәбидің білегіндей балғын білек. Рас, сонда елжіреп ед сорлы жүрек...

М а р а у. Жадылады, арбады сонда Сізді. Сиқыр соғып жүрді-ңіз жадап-жүдеп. Ақыры өз аяғымен келді-ау жәдігөй. Ақырзаман болғанда су тартылар, қарап тұрған еркекке қыз артылар. *(Бар даусымен жұлқынып)*. Ақырзаман! Ақырзаман! Пері! Пері! Пері менен періден тасбақа туды басы жарық. Ой-бай! Құтқар, құтқар!

Б ә й д і б е к. О, қара басыңа көрінгір, дауыс қылма, ойбайлама! Даусың жердің астынан шыққыр!

М а р а у. Ойбайламай қайтейін, қойнымызға қарашұбар жылан кіріп кеткен соң. Жылы ұяны арамдап, іргемізді ызғырық желге түріп кеткен соң... Ойбай, ойбай, халқым, ойбай-ой.

Б ә й д і б е к. Өшір үніңді, бәле шақырмай. Байғыз құсап сұңқылдаған даусың құрығыр!

Осы кезде шешесінің ойбайлаған азалы үнін естіп, алты ұл жетіп келеді. Шеттерінен адыр, шекелері тырсиып, төбелес тілеп тұрған сыңайлы.

М а р а у *(отыра қалып, жер тоқпақтап)*. Келдіңдер ме, менің алты асқар тауым! Алты күнім менің. Аспан толы жұлдызым менің, жарқыраған жарқын айым менің. Мына әкелерің алжыды. Әзәзілдің арбауына түсіп қалды. Сұм тоқалдың шырмауына шаталды. Бытқылына батып кетті. Құтқарыңдар! Құтқарыңдар! Ойбай! Ойбай!

А л т ы д а у ы с: Тоқал! Тоқал! *(Бәрі Бәйдібекке қарап қолын жайып)*.

Жоғалт көзін тоқалдың!
Жоғалтпасаң тоқалды,
Көп бәлеге шаталдың!

Б ә й д і б е к. Долы қатынның сөзін сөйлеген өңшең дүлей! Ерлі-зайыптының арасына араласпай жайыңа жүр, түге! Жалғанда тоқал алған жалғыз мен бе екем?

А л т а у д ы ң б і р е у і. Рас-ау, біздің әкеміз өзі батыр, өзі би, басқалардан кем бе екен?!

Д а у ы с т а р *(әлгі алтыншыны ортаға алып тоқпақтап кезек-кезек):*

– Басқалардың тоқалы – тоқал сияқты.

– Біздегі тоқалдың аяғы – ешкінің тұяғы сияқты дейді.

– Қолтығы тесік дейді.

– Өкпесі көрініп тұрады дейді.

– Тапқан баласының басы – тасбақа бас дейді.

– Әке! Асқар таудай абыройыңа ақау түсті.

– Асыл тастың өзегіне түскен құрт қой бұл.

А л т ы д а у ы с қ о с ы л ы п. Қыдыр қонған нәсіл едік. Алтыннан да асыл едік. Нәсіліміз бүлінбесін! Атағымыз дүрілдесін!

Б ә й д і б е к. Неғыл дейсің сонда, сорлы күндес?

М а р а у. Тоқалды жұртта қалдырып, көшейік бүгін, ойбай!

Б ә й д і б е к. Жалғыз әйел, жас нәресте. Айдалада қалдырсақ. Құдайдан қорықсаңшы, бәйбіше, мүлде обал емес пе?!

М а р а у. Әзәзілге, дию-періге Құдай жақ дегенді қайдан естідің, ойбай!

Б ә й д і б е к. Ойбайламашы-ей, долы қатын! «Ойбай» деген жаңағы өзің айтқан дию-шайтанның ұраны. Диюдан жаралған өзің болмасаң нетті, көк долы!

А л т ы д а у ы с қ о с ы л ы п:

– Анамызға тіл тигізбе, әке-е-е!


– Анамыздың шекесінен шертуші болма, әке-е-е!

– Анамыздың тілін алсаң, қор болмайсың, әке-е-е!

Бесінші көрініс

Таң арайлап атып келе жатқанда таудың іші астан-кестен у да шу, жойқын шабыс, кісінеген, азынаған айқай. Тау жаңғырық.

Нұриләнің күркесінің сыртынан жер қайысқан жылқы өтіп жатыр. Бір сұмдықты сезгендей Нұрилә тұр. Күркенің алдына қара киінген бір топ барымташы келеді.



І Б а р ы м т а ш ы. Тау шатқалда жел аударған қаңбақтай жалғыз қалған неғылған үй?

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр) *(үй алдына қарап).* Жарық келі, сынық келсап... Тым құрыса үрерге иті де жоқ. Кім бар-ой?

ІІІ Б а р ы м т а ш ы. Мұндай жерде не жабайы адам, не дию-пері тұрады деуші еді. Кім ба-а-ар?

Н ұ р и л ә *(үстіне жұпыны шапан киіп, кемпір құсап, әдейі бүкірейіп, күркеден шығып).* Біз бармыз. Армысыздар, жақсылар мен жайсаңдар. Қабақтары қатулы, аузы-мұрны тұмшаланған, қас-кірпігін тозаң тұтқан, түсі бөтен кім боласыздар?

І Б а р ы м т а ш ы. Талас үшін арабтармен таласта осы елдің батыр биі Бәйдібек арабтарға қарасқан. Соның өшін алу үшін түсі қашып, түн қатып, Бәйдібектің жылқысын барымталап бара жатқан шүршіттерміз.

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр) *(бүкір кемпірге тесіле қарап).* Жұрттан жырақ, бір қуыста жалғызсырап отырғаның неғылғаның? Адамсың ба... перісің бе?

ІІІ Б а р ы м т а ш ы. Кім болсаң да сусын бер! Тіліміз таңдайымызға жабысып қалды.

Н ұ р и л ә. Таудан шипа шөп терген мүсәпір тәуіп едім, шырағым. Қыс түсерде, күз келіп, басқа болад тұрағым. *(Күркеге кіріп шығып, барымташыларға қолбақырмен сусын ұсынып).* Шекер-шербет, қымызым жоқ, не шара, қатықсыз қара көже-ашымықтан алыңыздар.

І Б а р ы м т а ш ы. Шын көңілмен ұсынса, қара су да ас болады.

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр). Ықтиярсыз берген шербет-шекер тас болады. *(Нұриләнің көзіне көзін қадап сыбырлап).* Жүзіңнен нұр шашырап тұр ғой.

ІІІ Б а р ы м т а ш ы. Ықыласыңа ризамыз, кәріп жан. Сауға болсын, мына мың жылқыдан қалағаныңды алып қал.

І Б а р ы м т а ш ы. Жоққа жүйрік жеткізбейді. Әйтпесе, су сұраса бал беретін түрің бар. Сол пейілің үшін мына олжадан керегіңді қысылмай ал.

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр) *(Нұриләға тағы да сұқтана, зарыға қарап, сыбырлап).* Осы сен хордың қызы боларсың?

Н ұ р и л ә *(көзін төмен салып, сыбырлап).* Олай деме, шырағым. Менің баламдайсың...

ІІІ Б а р ы м т а ш ы. Кәне, кемпір, сауғаңды ал да, батаңды бер.

Бәрі жылқы жатқан жыраға түседі. Нұрилә мың жылқы ішінен бөлініп шығып, өзіне таяп келіп, иіскелеген ақ жал сары айғырдың мойнына белбеуін салады...

Н ұ р и л ә. Ал, батырлар, олжаңызға сауға салдым. Осы бір кәрі айғырды таңдап алдым. Өзі жуас, маған жайлы. Жолдарың болсын жортқанда. Алдарында асқар-асқар тау бар, бұлдыр-бұлдыр белдер бар. Бетеге кетіп бел қалар, қаздар кетіп көл қалар. Көлдер кетсе шөл қалар.

І Б а р ы м т а ш ы. Әй, өзің бір әпенді кемпір екенсің. Беріп тұрғанда бұл байлыққа қол салмайсың ба, бір салғанда мол салмайсың ба?

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр). Лақса сары айғырды таңдағаның жақсы болды. Біздің жойқын жорыққа шыдамай бәрібір жолда зорығып өлер еді... *(Сыбырлап.)* Мен әлі сені іздеп келермін. Әйтпесе сағыныштан сарғайып өлермін.

ІІІ Б а р ы м т а ш ы *(жолдастарына).* Уақыт оздырмай жүрейік. Қуғыншылар шығып қалар. Қош, тақуа тәуіп кемпір.

Тасыр-тұсыр аттанып кетеді. Тек Сібе батыр аялдап қалады.

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр). Сен тақуа тәуіп кемпір емессің. Жөніңді айтшы, бүкіреймей, бойыңды түзетші, періштем.

Н ұ р и л ә. Қой, шырағым, жолыңнан қалма, жолдастарың кетіп қалды. Қазір қуғыншы да келеді, қолға түсіп қаларсың. *(Осы кезде күркенің ішінен жас нәрестенің жылаған даусы естіледі.)*

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр). Айттым ғой, ақылдысың, айлакерсің, сұлусың. Емізулі балаң бар. Бүкір кемпірде бала бола ма? Сиқырың тартты мен сорлыны. Енді қайттім, не амал?

Н ұ р и л ә. Есіңді жи, барымташы.

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр). Дәл қазір менде ақыл-ес жоқ. Сенің қасыңда қалсам деймін. Қума мені, жалынамын.

Н ұ р и л ә *(тың тыңдап).* Естимісің, байғұс барымташы, қуғыншылар келе жатыр. Құрыдың...

ІІ Б а р ы м т а ш ы (Сібе батыр) *(алақ-жұлақ ышқынып).* Мен бәрібір жердің түбінен болса да саған бір жетермін! *(Кетеді.)*

Алтыншы көрініс

Сүт пісірім арасында тағы да тау іші тасыр-тұсыр. «Аттан! Аттан! Бахтияр! Бахтияр!» деген ұран ащы шығады. Нұрилә күркеден атып шығып қараса, Марау бәйбішенің алты ұлы топырлап, бір-бір жайдақ торыға мініп, білектеріне сойыл сүйретіп, қолдарына шоқпар ұстап, екпіндеп, екіленіп келіп қалған екен.

Н ұ р и л ә. Ау, айналайын алты ұл-ау, түстерің суық, жүрістерің суыт, тыныштық па?

Б і р і н ш і. Тыныштық болса, суыт жүріп неміз бар?

Е к і н ш і. Әй, тоқал! Жылқы айдаған жау өтті ме бұл арадан?

Ү ш і н ш і. Жылқы кетті, кем емес мың қарадан.

Н ұ р и л ә. Таңсәріде жау кетті жылқы қуған, ұлансыңдар шетіңнен батыр туған. Тілімді алсаң, бармаңдар жау соңынан. Жылқың қайтып келеді, бірі қалмай. Тіл алмасаң, қырыласың бірің қалмай.

Т ө р т і н ш і. Не дейді мынау жау тоқал?!

Б е с і н ш і. Тіліңе күйдіргі шықсын!

А л т ы н ш ы. Жағыңа жылан жұмыртқаласын!

Б і р і н ш і. Жауға жақ боп неге ылаң саласың?

Е к і н ш і. Біз қумасақ, жылқы қайдан келеді?

Ү ш і н ш і. О, қу тоқал, далбасаңа кім сенеді?

Н ұ р и л ә. Ей, арындаған алты ұл! Мен де сенің анаңмын. Мен сендерге ойламаймын жамандық.

Б і р і н ш і. Сен біздің анамыз емес, анамызға күндессің.

Е к і н ш і. Әкеміздің басын дуалаған жәдігөйсің.

Ү ш і н ш і. Адам ата жауы болған Әзәзілмен үндессің.

Т ө р т і н ш і. Әкеміздің байлығына қызыққан айлакерсің.

Б е с і н ш і. Байлықты жау алып кетті, енді неңді жерсің.

Н ұ р и л ә *(ашына)*. Шулама, түге, шетіңнен мені тілдеп!

Жауға барсаң қаларсың жер жастанып,
Лекілдеме кеудеңе нан пісіп, құр мастанып.
Қамбар-кие сары айғыр осында тұр,
Жылқың қотыр тайына дейін бірі қалмай қайтады.
Сенбесең, Қамбар-кие сары айғыр соны айтады.

А л т ы н ш ы. Далбаса! Бауырларым, далбаса. Аузымыз аңқайып, мұрнымыз таңқайып, сене береміз бе мына тоқал алдаса?!

Б і р і н ш і. Жау алыстап кетті ғой, тез барайық!

Е к і н ш і. Шүршіттен кекті алайық!

Ү ш і н ш і. Жауды қуып жетіп, жылқыны өзіміз қайтармасақ, бізді ынжық, қорқақ дейді халайық. Бізді сондай атаққа қалдырмақшы мына тоқал. Тарт! Тезірек аттанайық!

Н ұ р и л ә *(алтыншы ұлдың шылбырына оралып)*. Қарағым, анаңның тілін алғайсың, бұл сапарға бармағайсың. Жалынамын, жаным, қайт



райыңнан. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылға сал, шырағым! Жау жарақты, қолы қалың. Мерт боласың, барма! Молаңа қарай шапқылама!

А л т ы ұ л *(қатарынан шулап):*

– Азғырма бізді, әзәзіл!

– Біз анамыз Мараудың айтқанына көнеміз, айдауында жүреміз!

– Жауды жеңіп, ойнаймыз да күлеміз!

– Әй! Тәжікелесіп тұрамыз ба періменен! Тарт!

Алтауы бірдей шылбырдан тартып, Нұриләны сүйретіп барып, құлатып тастап кетеді.

Н ұ р и л ә. Әй, обал-ай, обал-ай. Тіл алмады, қайтейін. Бәйбіше-күндес бәріне мені жеккөрінішті етіп қойған заман-ай. Тепсе темір үзердей алты азамат тірі жүрсе, бәйбіше-шеше айтқандай, алты рулы ел болар еді. Мені тілдеп, қорлады деп артыңнан топырақ шашпайын. Құдай куә! Менің тілеуім ақ еді. Әлі де болса тілекті бер, Тәңірім. Алты оғланды аман қыла гөр!..

Жетінші көрініс

Тау теңселіп, тас жарылып, тағы да бір шу шықты. Сахнаға алқын-жұлқын Бәйдібек би шығады. Үстінде теңбіл барыстың терісінен тігілген кеудеше, басында – дулыға. Қасында сарбаздары бар. Бас иесі келгенде Нұрилә тізерлеп, басын иеді.

Б ә й д і б е к. Күн жарықта жай түскендей жау шапты. Мың жылқы айдаған қол көзіңе түспеді ме, Нұрилә ханым?

Н ұ р и л ә. О, хан ием, көрдім жауыңды. Шүлдірлеген шүршіт екен қаптаған. Алты оғлан соңынан қуып жөнелді. Барма дедім, қума дедім – көнбеді. Көп кешікпей жылқың өзі келеді. Сары айғыр – ұлы кие менде еді. Барма дедім, қума дедім – көнбеді. Жазатайым боп жүрмесе жөн еді.

Б ә й д і б е к. Сары айғыр деймісің? Оның қандай киесі бар?

Н ұ р и л ә.

Сары айғыр – түп қазығы малыңның,
Жаудан қалап алып қалдым әдейі.
Жылқың қайтып келед десем көнбеді,
Алты оғлан тіл алмады, не дейін.

Б ә й д і б е к.

Қаскөйлігің боп жүрмесін, Нұрилә,
Жұртқа тастап кеткенімді кек көріп,
Жауға бүйрек бұрамысың, Нұрилә?

Н ұ р и л ә. Құдай қосқан қосағым ең, хан ием. Аруақтар аян беріп, сені қалап тиіп ем. Ұлы рухқа жалынып, дәл өзіңнен жалғыз бала сүйіп ем. Саған қастандық қылсам, жалғыз ұлмен ант етем: Аспандағы Көк соқсын! Сені сатып, жер басып тірі жүргенше, тозақтағы от соқсын!

Б ә й д і б е к. Әулие нәсіл тұқымы едің, Нұрилә. Сенің азалы қарғысың тиді ме, білмедім. Күндесіңнің тіліне еріп, пенделік жеңіп, сені зәбірлеп тілдедім. Кешіргенің рас болса, маған оң жол тіле! *(Сарбаздарына.)* Аттанайық! Шүршіт жаудан кекті алайық!

Н ұ р и л ә. Жалбарынам, жан жарым. Бұл сапарға бармағын. Мына нөкерлеріңе айт. *(Шатқалды нұсқап.)* Анау тұрған сары айғырдың санына аямай қыл бұрау салсын. Түс әлетінде жылқың қотыр тайына дейін қалмай түгел қайтып келеді. Келмесе – жендеттерің менің басымды алсын!

Б ә й д і б е к *(екіойлы)*. Сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Артынан қуып бармаса, алты ұлдың халы қалай? *(Сарбаздарына.)* Сары айғырға қыл бұрау сал! Құдай беріп, аруақ колдап, Нұриләнің айтқаны келер. Қане! Қане!

Сарбаздар сары айғырға қыл бұрау салғанда шыңғырған даусынан тау теңселіп, тас жарылады. Тау суындай тасқын тасырлап, жылқылар қайтып өтіп жатады.

Сегізінші көрініс

Сәлден соң екі адам алдында, екі адам артында, айқыш-ұйқыш найза-табытқа салған мәйіттерді көтергендер сахнадан алты дүркін өтеді. Жүйкеңді шымырлатып, жүрегіңді шырқыратқан музыка.

Қаралы ауыл. Бір-бірімен көріскен адамдар. Қатар-қатар қаралы үйлер. Қылқұйрықты қара тулар еңкейген. Ортадағы үлкен үйде – жоқтау айтқан, керегеге қарай бетін бұрып сарнап отырған Марау бәйбіше. Ғарыштың күңіренгеніндей музыка. Бастары салбырап, көз жасын көл еткен адамдар...

М а р а у:

Құдіреті күшті Құдайым,
Зарымды айтып жылайын.
Біреу емес, екеу емес,
Алты ұлды бірден жұтсаң,
Тойымы жоқ қара жер
Бетіңді тырнап, ұрайын, ойбай.

(Жерді тырналап, қолымен тоқпақтайды.)

Өз бетімді де жыртайын,
Қолымнан басқа келмеді,
Шарасыз не қылайын, ойбай.
Алты айдан толғатып,
Алты оғлан таптым мен, ойбай.
Құдай берді, мен алдым,
Бала бер деп қақсамадым,
Берсе құдай тастамадым, ойбай.
Қай жерімнен жаздым мен,
Тәубамнан қашан жаңылдым.
Қай дәуірде аздым мен, ойбай.
Жеттім дедім – жығылдым,
Толдым дедім – төгілдім, ойбай,
Асырып берген дәулеттің
Кесіріне көмілдім, ойбай.
Тым шалқайып кетіппін
Парқын білмей өмірдің, ойбай.
Кесірі соның соқты ма?!
Мың жылқы айдап ақыры,
Қап-қара қайғы жұтқанша,
Қатықсыз қара су ішіп,
Қайғысыз болып жүрсемші, ойбай.


Д а у ы с т а р:
– Қой, бәйбіше, ойбайлай берме.
– «Ойбай» деген шайтанның ұраны дейді.

– Сен ойбайласаң шайтан қуанып, масайрап қалады.
– Шейіт кеткен ұлдарыңның рухы қиналады.

Марау біраз үнсіз отырып, қайтадан зарлайды:
Телегей теңіз таусылды,
Тақырда қалдым мен бейбақ.
Бәйдібек пен Мараудан туған алты ұл,
Алтауы атқа мінгенде,
Қалушы еді жай жайрап.
Бәйдібектің бәйбішесі Марау ханым,
Марау ханым мен едім.
Алты ұлым тұрғанда,
Тұнып тұрған кен едім.
Сонда мен кімнен кем едім?
Иран шахтың ханымынан
Өзімді кеммін демедім.
Қытай патша қатынынан
Өзімді кеммін демедім.
Әурелікке жаралған фәни адам,
Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам.
Ханнан қалған сарқытты,
Менсінбедім – жемедім.
Бір сәтте құдай қор ғыпты,
Қу бас қалдым, көп едім.
Арман заман, қу заман, жалған заман,
Шұлдірлеген шұршіттен болды ажалың,
Ол итті құдай қазаққа жаратқан ба тажал ғып?
Жағасы алтын кіреуке киген,
Көк Тәңірі пендесі едім, қалап сүйген.
Бәйдібек ханның бәйбішесі
Марау ханым мен едім?!
Тым болмаса өлерінде
Қолымнан сусын бермедім,
Бақұл бол деп, бет сүйіспе,
Дидарын бір көрмедім.
Сен өлгенше, алты оғлан,
Неге мен өзім өлмедім?!
Алты рулы ел бола ма деп едім,



Тілекті Құдай бермедің.
Бәйдібектің он екі қанат ақ орда,
Алты қанатын құба жел құлатты, қайтейін?!
Тәңір таудың алты шыңын,
Сұм тағдыр сұлатты, қайтейін?!
Бәйдібек пен Мараудан туған алты бура,
Шүршіттің сансыз шиебөрілеріне жем болып,
Зар еңіретті, жылатты, қайтейін?!
Шиебөрі көп болып, талай берсе жабылып,
Арыстан да әлсірейді екен қабырғасы қайысып,
Тәңірден енді жалғыз тілек: мені алғын,
О дүниеде алты ұлмен жүрсем екен табысып.
Шиебөрі шүршіт ит шыбыннан да көп болды-ау,
Бәйдібек пен Мараудан туған алты бураны,
Құрт-құмырсқа, бақа-шаян жеп қойды-ау.
Шүршіттен қырық туғанша,
Түріктен жалғыз тусын деуші еді,
Жалғыз емес алтау туғанда да,
Көптігін қылды-ау, шиебөрі ит, қайтейін.
Көк Тәңірі, алты оғланның
О дүниесін жарық қыла гөр!
Жер астына мендей бейбақ құбасты
Тартып кетіп,
Жер үстінде Ер Түріктің ұрығын қарық қыла гөр!
Ер Түріктің бір баласы – қазақтың
Қорлығы мен азабын арық қыла гөр!
Қасіреттің батпағына батқанша,
Бетегеден биік,
Жусаннан аласа боп,
Жуас өмір сүрсемші.
Қанағат қылып тоқтыға!
Мал, мал дедім, мал дедім,
Малды алғанша Құдайым,
Шыбын жанды ал дедім, ойбай.
Жау айдаған жылқыға
Жер тепсініп жұлқына,
Тумай кеткір алты ұл,
Артынан қуып бар дедім, ойбай.



Шығасыға иесі басшы.
Мына бізден киеміз қашты.
Аспан айналып жерге түсті,
Көк Тәңірінің құдіреті күшті.
Бақ-дәулетке мас болдым,
Күндесіме қас болдым, ойбай.
Бақ пен сордың арасы қысқа.
Бақытты едім,
Мені лезде сорлы қылған
Көк Тәңірі шебер ұста, ойбай.

Д а у ы с т а р:

– Қой, бәйбіше. Сабыр, сабыр.

– Ойбайлама, шырағым. «Ойбай» ібілістің ұраны.

– Сен ойбайлаған сайын әзәзіл, дию, перілердің жаны кіріп, сүйсінеді.

М а р а у *(мүлгіп кеткендей болып, қайта қозады):*

Асқақтама, асқақтама,
Қор боласың қас қаққанша.
Біреуге қылған қиянат –
Өзіме болды-ау зиянат.
Үрмәттың қызын қорладым,
Қызғаныш сірә қоймадың,
Енді өзім сорладым.
Әй, Нұрилә, күндесім,
Тиіп кетті-ау қарғысың.
Құдай қылар әр істі
Басымнан өтті білместік.
Сорлы басым ұқсамшы,
Білместі Құдай сүймесін.
Мендей болып енді ешкім
Қайғы отына күймесін.
Әулие қатын тоқалға
Ешкімнің тілі тимесін.

Д а у ы с т а р:

– Қой, бәйбіше, сабыр қыл. Құдайдың құдіретіне не шара? Сабыр, бәйбіше, сабыр.




Марау аһылап-үһілеп, орамалымен бет-аузын сүртіп, сәл тыныстап қалады. Осы арада Нұрилә тіл қатады.

Н ұ р и л ә.

О, бәйбіше, Марау ана,
Мен де өзіңдей зарланам,
Белді бекем буысқан,
Қырық жыл қырғын болса да,
Қиыспайды туысқан.
Сені қарғап қайтейін,
Істің бәрі Алладан.
Жаңылмайтын жақ,
Сүрінбейтін тұяқ,
Қателеспес бар ма адам?
Күндестікпен қылған ісің,
Құдай кешсе, мен кештім.
Толғатып туған алты ұл,
Еліне кетті келместің.
Жасанған жауға барма деп,
Жалбарындым, белдестім.
Тілімді алты ұл алмады.
Сөзіме құлақ салмады.
Осы жолға барма деп
Шылбырына оралдым,
Күндестің тілін алма деп
Екіленіп болмады...
О, қадірменді Марау ана,
Алты ұлдың опатын
Енді менен көрмейсің,
Қайта көктеп өрлейсің.
Өшкенің жанар,
Өлгенің тірілер,
Тағы бір оғлан көргейсің...

Д а у ы с т а р:
– Ай, Нұрилә! Үрмәт қызы, әулие!
– Айтқаның келсін!



– Құдайдың құлағына шалынсын!
– Қарғысшыл болма, алғысшыл бол!
– Алғысыңмен ел көгерсін!
– Ұрпағың күннің шығысы мен батысын жайласын!
– Нұрилә болсаң – нұр төгерсің!

М а р а у:

Уа, Нұрилә, күндесім,
Жаның жамандық көрмесін.
Күннің шуағындай сөздерің,
Мұз боп қатқан жүрегімді жібітті.
Құрдымға батып кеттім бе десем,
Тұтатқандайсың үмітті.
Күйікке өртеніп кеттім бе десем,
Сейілткендейсің күдікті.

Н ұ р и л ә:

– О, Бәйбіше, күндесім,
Қанаттасым, жүндесім.
Саған түскен зілмауыр,
Қайғы ортақ, бізге сын.
Мұндай нәубет қазаны
Дос тұрмақ, қасқа бермесін.
Қабырғаң сенің қақыраса,
Үзілді менің жұлыным.
Алтау боп сенен туғанмен,
Бәрі де менің құлыным.
Өзіңменен қосылып,
Аш құртқадай ұлыдым.
Көпе-көрнеу алтауды
Ажалға айдап салдым деп,
Қинай берме жаныңды,
Қарғай берме жаныңды,
Қарғай берме арыңды,
«Малым жанымның садағасы,
Жаным арымның садағасы» –



Осыны айтқан мәрт қазақ,
Қайғыға қалай малынды?
Өлекшіндей ақырып,
Ішіңді өртке шалдырып,
Шығара берме жалынды.
Тағдырдың салған жарасын.
Өз тіліңмен жалағын.
Жан-жағыңа қарағын:
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Тәуба қылып Тәңірге,
Басыңды көтер, қарағым.

Тоғызыншы көрініс

Алты ұлдан бір-ақ күнде бірден айырылған Марау ана қатты соққыдан есі ауысыңқырап, шалықтап қалады. Жанашыр адамдардың көңіл айтып, жұбатуы ауыр жарасын жаза алмайды. Тек Нұриләны көргенде ғана жан жарасы жеңілдегендей, сәл сәтке жадырап, беті бері қарайды. Шашын жайып жіберіп, ауылдың шетіне шығып, алты ұл жауға аттанып кеткен жаққа қарап, қара тастай қақшияды да тұрады. Қасына барған адамдарға айбат шегеді. Тек Нұрилә ғана оны қолынан жетектеп ауылға алып келеді.

Айнала – тау, сарқырама су, ұлар құс қақылықтап, кекіліктер сайрайды.

Н ұ р и л ә. Бәйбіше-ау, неге кетіп қала бересің? Үйге кісілер келді. Көңіл айтпақшы. Сен үйде жоқсың.

М а р а у *(таңданып)*. Көңіл айтқаны несі? Неге көңіл айтады? Менің балаларым өлген жоқ. Оларды мен кеше туып алдым ғой. Ешкімге көрсетпей емізіп жүрмін. Олар әлі емшектен шыққан жоқ қой. Әй, қу тоқал! Сен ешкімге айтып қойма тағы да. Әйтпесе оларды қайтадан өлтіріп тастайды.

Н ұ р и л ә. Ешкімге айтпаймын, бәйбіше, ешкімге айтпаймын, жаным. *(Шашынан сипалап, арқасынан қағып, бауырына тартады.)*

М а р а у. Мені үйге апармашы, Домалақ Ана. Мені жылатады. Балаларың өлді деп жылатады. Мені үйге апармашы, Домалақ Ана.

Н ұ р и л ә. Менің өз атым бар ғой, келін-кепшікке ұқсап «Домалақ Ана» демей-ақ қой.

М а р а у. Әулиені өз атымен атамайды дейді ғой. Ай домалақ, Күн домалақ, Жер домалақ. Сен солардан жаралғансың. Мен саған ұрыссам, сен жымиып тұрасың. Артық ауыз сөз айтпайсың. Бір-ақ рет қарғадың... кейін оң батаңды беріп едің, алты ұлды қайтадан тауып алдым ғой. Сен енді ешкімге айтып қойма, әйтпесе оларды қайтадан өлтіріп тастайды.

Н ұ р и л ә. Қорықпа, бәйбіше, мен ешкімге айтпаймын. Ұлдарыңды ешкім де өлтірмейді, қорықпа.

Марау Нұриләнің төсіне басын тығып, бала сияқтанып балбырап ұйықтап қалады, Нұрилә оны сәбидей мәпелейді.

Оныншы көрініс

Сахна айнала беріп, Орда ішінен екеу көрінеді. Бірі – Бәйдібек, бірі – Нұрилә. Бәйдібек би жағы суалған, сүзектен жаңа тұрғандай жүдеген.

Б ә й д і б е к. Оны мен өзім де көріп жүрмін. Бақсы-балгер, тәуіптерден ем қонбады. *(Нұриләға қарап, үнсіз отырып-отырып.)* Оны дерттен құтқаратын тек жалғыз өзің, Үрмәт қызы. Мына мен алты оғлан күйігінен ішімнен қан өтіп, өзегім өртеніп кеткенде, айқын ажалдан алып қалған өзіңсің, Үрмәт қызы.

Н ұ р и л ә. Әуелі Құдай деңіз, хан ием.

Б ә й д і б е к. Әлбетте, әлбетте, Үрмәт қызы. Енді Марау міскіннің тағдыры өз қолында. Білемін, күндестік пиғыл сенде жоқ. Жамандық ойламассың. Әйтпесе әулие боламысың, Үрмәт қызы. Марауға қарайлас. Сауабы тиеді.

Н ұ р и л ә. Оны бұл дерттен айықтырар әуелі Жаратқан құдірет. Одан кейін өзіңіз, хан ием.

Б ә й д і б е к *(таңдана)*. Қалай? Менің қандай шипам бар?

Н ұ р и л ә. Шипаңыз бар, хан ием. Бәйбіше алты ұлды қайтадан туып алдым деп қуанып жүр. Оны шын көреді. Емізіп жүрмін дейді.

Б ә й д і б е к. Шалық ауру ғой. Менің айтып отырғаным да сол емес пе. Емі өз қолыңда. Құдіретіңмен құтқар оны бұл дерттен.

Н ұ р и л ә. Бәйбішені бұл тәтті қиял елестен айырсақ, ол шын бақытсыз болады, хан ием. Осы елеске алданып жүре тұрғаны жақсы. Қазір ол бақытты. Оның өзі сенімді, алты баланы қайтадан туып алып, өзінше шалқып жүр. Ал оны шыннан жазып, айықтырып алудың амалы бар.



Б ә й д і б е к. Қандай? Айтсаңшы.

Н ұ р и л ә. Мараумен жаңадан қосылғандай хал кешіңіз. Шын көңілден жақсы көріп, жан-тәніңізбен құштар болып, құшағыңызға алыңыз.

Б ә й д і б е к. Не деп кеттің, Үрмәт қызы?

Н ұ р и л ә. Марау бәйбіше делбе дерттен айықсын деп шын тілесеңіз, осы айтқанымды істейсіз. Және шын ынтызарлықпен, шын ықыласпен. Өзіңізді өзіңіз зорлап, көңілсіз көнсеңіз, ол байғұсты одан бетер бақытсыз етесіз.

Б ә й д і б е к. Апыр-ай, Үрмәт қызы, қай-қайдағыны шығардың ғой. Мараумен қатынаспағалы қай заман.

Н ұ р и л ә. Өзіңізді-өзіңіз әлі жаспын, жігітпін деп сендіріңіз. Марауды айттырып, құда түскен күндерді еске түсіріп, қайта-қайта ойлай беріңіз. Әрі-беріден соң сол сәттерді сағыныңыз. Осыған көнсеңіз, одан арғысын мен өзім әрекеттеймін. Әуелі Құдай, одан кейін Сіз бен біз.

Б ә й д і б е к. Қызғанбайсың ба?

Н ұ р и л ә. Тұтас ұрпақ жолына қызғаныш деген итті құрбандыққа шалып жіберемін.

Он бірінші көрініс

Еңсесі биік ақ орда. Орда ішінде үшеу: Бәйдібек, Нұрилә және Сібе батыр. Бәйдібек – ортада, тақ үстінде. Оң жағында Нұрилә. Сол жағында Сібе батыр. Алдында дастарқан. Қолында қымыз құйған зерен.

Б ә й д і б е к *(Сібе батырға).* Ал, жолаушы, жөніңді айт. Қай елден, қай жерден келесің? Түсің бөтен.

С і б е б а т ы р *(Бәйдібекке қарамай, Нұрилədан көз алмай).* Машыннан шыққан тақуа-саяхатшымын, тақсыр. Құдайы қонақпын.

Б ә й д і б е к. Машыннан шықсаң шүршіт шығарсың. Шүршіт бізге қаны қас. Сен оның жансызы емессің бе?

С і б е б а т ы р *(әлі де Нұрилədан көз алмай).* Жансыз мендей болмайды, тақсыр. Мен шыннан құдай жолын қалап, ел кезіп жүрген жанмын. Шешемнің шүршіт екені рас, әкем – сібе.

Б ә й д і б е к. Сібе болсаң боларсың. Тұлған ірі, шүршіттің шиебөрісіндей емессің. *(Мейманға зерделей қарап.)* Ел кезгенде не мақсат?

С і б е б а т ы р. Өзеннің арғы бетіне өте алмай жүрмін, тақсыр.

Б ә й д і б е к *(таң қалғандай қабағын көтеріп).* Қай өзен? Артында Іле, Шу, Талас қалған жоқ па? Енді қандай өзен? Әлде Сыр-Жойқынды айтасың ба?

С і б е б а т ы р *(Нұрилədан көз алмай).* Жоқ, тақсыр. Сыр-Жойқынға бармаспын. Біздің ел аспандағы Құс жолын – Ұлы Өзен дейді. Ұлы Өзеннің сол жағында Бақташы жігіт жүр. Оң жағында Тоқымашы қыз отыр. Бірақ Ұлы Өзеннен өте алмайды.

Нұрилə сыртқа шығып кетеді.

Б ә й д і б е к *(Сібеге бағдарлай ұзақ қарап).* Сондағы Бақташы сенбісің?

Сібе батыр күмілжіп, Бәйдібекке тік қарай алмай, жүзін төмен салып отырып қалады.

Б ә й д і б е к. Айт, тақуа-саяхатшы, неге күмілжідің? Өзің тақуа болсаң, құдай жолында жүрсең – тоқымашы қызға неге қызықтың? Тақуаға осы қылық жараса ма?

С і б е б а т ы р. Тақуа да небәрі пенде, тақсыр.

Б ә й д і б е к. Ал сонда ғашық екен деп, саған өткел берейін деп, Ұлы Өзен тартылып қалмайды ғой.

С і б е б а т ы р. Маған бола Ұлы Өзен тартылмайды, әрине. Тек...

Б ә й д і б е к. Айт, тақуа-саяхатшы, немене «тек»?

С і б е б а т ы р. Тек Ұлы Өзен толқындарын тулатып, қалтылдақ қайығымды төңкеріп тастамаса деп Құдайдан күндіз-түні тілеdім.

Қолында күміс табаққа салған күлшесі бар Нұрилə кіреді.

Б ә й д і б е к *(Нұрилəға).* Уа, Нұрилə ханым, мына тақуа-саяхатшы тоқымашы қызға ғашық екен. Өзеннен өте алмаймын, қалтылдақ қайығым төңкеріліп қала ма деп қорқатын көрінеді. Не амалы бар?

Н ұ р и л ə *(күміс табақты мейманның алдына қойып).* Дәм ал, жолаушы. Өзің айтқан Ұлы Өзеннен де өтерсің. Тоқымашы қызға да жетерсің.

С і б е б а т ы р *(еңсесі көтеріліп, жүзі нұрланып, қуанғаннан күміс табақтағы күлшені құшырлана, құныға жеп).* Айтқаныңыз келсін, мейірімді ханым! Сіз өте жомартсыз, ханым. Жомарттың берген



тағамы – тәнге де, жанға да ем. Жомарттың берген дәмі пейіштің құрмасынан да тәтті, шырын. Құдай нәсіп етсе дертімнен жазылар ма екенмін.

Н ұ р и л ә. Жазыласың, жолаушы.

С і б е б а т ы р. Күлшеңіз өте дәмді екен, ханым. Күнде осындай күлше жесем, мың жасайтын сияқтымын. Айыпқа бұйырмаңыз, ханым. Бұл күлшеге не қосып пісірдіңіз?

Н ұ р и л ә. Жалғыз ұлым Жарықшақ-Тілеубердінің тамағына ортақ болдың, жолаушы. Емшегім иіп кетіп, соның сүтіне пісіре салып едім, саған да бұйырған екен, балам. Енді сен маған бала болдың.

Б ә й д і б е к. Ха-ха-ха! Ақылы асқан әулием, Нұрилә ханым! Олжа балаң құтты болсын! Жарықшақ ұлдан жалғыз деп жабыға беруші едің. Бұл Сібе сонда Жарықшаққа аға бола ма?

Н ұ р и л ә. Жас жағынан – аға. Жол жағынан – іні. Өйткені ақ сүтімнің дәмін алғаш татқан Тілеуберді ғой. Жолаушы Сібе ақ сүтімнің дәмін енді екінші боп татып отыр.

Б ә й д і б е к *(Сібе батырға)*. Озбырсың, Сібе! Өрепкіген озбырлығың үшін, тәсірсіздігің үшін, Бәйдібектің ақ ордасын басынып кіріп, «махаббатшыл» болғаның үшін осы отырған жеріңде басыңды шауып тастасам – Құдай алдында сенің құның жоқ, менің күнәм жоқ. Бірақ біздің халық үйге кірген мейманды құдайындай сыйлайды. Үйде қан төкпейді. Ал айдалада жолықсаң...

С і б е б а т ы р *(өңі қуарып, құр сүлде қалып)*. Тақсыр, енді үйде өлтірсең де, түзде өлтірсең де маған бәрібір. Ендігі өмірде мағына жоқ.

Б ә й д і б е к. Мойныма қан жүктемен. Бар, жолың болсын. Тоқымашы қыз дегенің саған сүтін берген анаң болып шықты. Тоқымашы қызды басқа жақтанізде.

С і б е б а т ы р. Уа, тақсыр, өткен жолы сенің жылқыңды барымталап шапқанда, артымыздан алты ұлың қуып жетіп, шүршіттің қайысқан қолымен шайқасқанда, шүршіттерге: алты ұлға обал дедім, өлтірмейік дедім, тұтқындап алып кетейік дедім. Бірақ алты ұлың қатты ұрынды. Шүршіттің көбін шауып, қырып бара жатқан соң, шүршіттер де аямады. Менің қылышым сенің ұлдарыңның қанына боялған жоқ. Сол үшін шүршіттер мені өлтірмек болды. Қашып құтылдым... Басқа барар жерім жоқ.

Б ә й д і б е к. Барар жерің неге жоқ? Дүние кең, жүре бер кезіп.

С і б е б а т ы р. Үйіңде отырғанда қанымды төкпейсің. Үйіңнен шыққан бойда өлтіресің ғой.

Б ә й д і б е к. Айттым ғой, мойныма қан жүктемен. Менің алты ұлыма шыннан жаның ашыды ма, әлде өтірік пе – бір Алла біледі. Жанашыр болсаң – жасай бер. Жалған айтсаң – жазаңды Құдай берсін.

С і б е б а т ы р *(жалыныпшты үнмен).* Мені қуа көрме, тақсыр.

Б ә й д і б е к. Мен сені қумаймын, өзің кетесің.

С і б е б а т ы р. Қайда, тақсыр?

Б ә й д і б е к. Тағдырыңа, Тоқымашы қызға.

С і б е б а т ы р. Енді Тоқымашы қыз жоқ, тақсыр. Ол Әулие Анаға айналып, ғарышта жүр. Енді мен сенің бір ұлыңмын, әке. Сен менің әкемсің.

Б ә й д і б е к *(секемденіп).* Баяғы Көк Түріктің бір жаңқасы Сібе менің ұлым ба? Шүршіт болып кеткен Сібе маған қайдан ұл болады?

Н ұ р и л ә. Байеке, осы бала біліп айтады. Ұл етіп қабылдасаң, тас құдайға табынғанды мұсылман етсең – одан асқан иман жоқ. Пұтқа, ағаш құдайға табынғандарды Мұхаммед пайғамбарымыз асқан дана ақылмен мұсылман еткен.

Б ә й д і б е к *(Нұриләға шүбәмен, таңырқай ұзақ қарап).* Мен Мұхаммед пайғамбармен теңесе алмаспын, аяулым. Сібеге неғып емешегің езіле қалды?

Н ұ р и л ә. Байеке, Сібені сіз қабылдамасаңыз, ұлым деп мен қабылдаймын. Менің аналық ақ сүтімді татқан жан жалғаншы болса жазасын тартады. Бірақ бұл енді опасыз бола алмайды. Кешегі дұшпанды бүгін досқа айналдырған адам ұтады.

Б ә й д і б е к. Сен данасың, аяулым. Сен – анасың, аяулым. Айтқаның болсын.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Аспанға тік шаншылған Қос Тұра: Үлкен Тұра, Кіші Тұра. Қос шың. Солардан құлап аққан қос өзен: Ұлы Бөген, Бала Бөген. Екі өзеннің үшкілінде – ескі күмбез.

Күмбездегі көрініс.



Күмбез сыртындағы қара ағаш бұтақтарына түрлі-түсті маталардың жыртындысы байланған. Күмбез ішінде жұпыны жатқан бесік тас. Ол тозық шекпенмен жабулы, бесік тасты құшақтап жылаған бір әйел.

Босаға жақта – түйе жүн шекпен киген, басында сәлдесі бар, шоқша сақал Шырақшы. Дұға оқып отыр.

Осы кезде күмбез жанына гүрілдеген Уазик машинасы келеді. Бір топ адам түседі. Мылтықтары бар. Шопыр мен Аманқұл арқар сүйреп шығады. Арқарды бауыздап, терісін сыпырып, қуырдақ дайындай бастайды. Машинадан түскен екі адам. Бірі – Жарас, бірі – Нариман, бір-бірімен керілдесіп тұр. Машинаның ішінде – магнитофон. Азан-қазан музыка.

Ж а р а с. Қызметте керілдескенің бір сәрі. Мейлі. Менің қызметімнің өскенін көре алмай, қызғанатын шығарсың. Ал енді бір мезгіл бой жазып, таза ауа жұтып, көңіл көтерейік деген бұл сапарда неге қырсыға қалдың? Менің арқар атып алғанымды да қызғанасың ба?

Н а р и м а н. Өй, арқар атпасаң, аю атып ал, маған десең. Қызғанып неғыламын. Тек адалына жүру керек қой. Алдыңа өзі жүгіріп келген аңқау, асыранды арқарды атып алу да адалдық па? Обал қайда, сауап қайда?

Ж а р а с. Кім айтты саған асыранды арқар деп?

Н а р и м а н. Мойнындағы қоңырау ше? Ол не?

Ж а р а с. Итім біліп пе оның не екенін?

Н а р и м а н. Ол яғни иесі бар деген сөз. Арқар асыранды.

Ж а р а с. Есің дұрыс па өзіңнің, арқар да асыранды болушы ма еді, арқар жаратылысынан жабайы. *(Сәл кідіріп, Нариманға зәрлене қарап.)* Әй, осы сенің не білгенің бар? Қаласың ба соңымнан, қалмайсың ба?!

Н а р и м а н. Соңыңнан қашан қалмай қойып едім? Жөн сөзді жөнсіз десең өзің біл.


Ж а р а с. «Жарас кеніштi шетелдіктерге сатып жіберді, сол үшін миллион доллар пара алды»,– деп өсек таратқан сенсің ғой?!

Н а р и м а н. Ғайбат сөз айтпа, Жарас.

Аманқұл мен шопыр дастарқан жаяды. Магнитофон өрши түседі.

А м а н қ ұ л *(айқайлап)*. Оу, Жақа, Нәке! Бұл не тұрыстарың? Вернее, не ұрыстарың? Қуырдақ дайын. Дастарқанға келіңіздер.

Ж а р а с. Жоқ, сен мынаның *(Нариманды нұсқап)* кесір айдауын естідің бе? Не деген қызғаншақ ит еді-ей. Менің қызметімнің өскенін



де көре алмайды. Неге шақырдың өзін бізбен бірге жүр деп?! Мұнымен бірге жүрсең, жегенің – желім, ішкенің – ірің болады.

А м а н қ ұ л. Мен байғұс екеуіңіз татуласар дегенім ғой, қайдан білейін.

Ж а р а с. «Бүкірді мола түзетеді» деп орыстар дұрыс айтқан. Бұл енді тіріде түзелмейтін адам. Мейлі, жүре берсін-ау, тек жүрмейді ғой. Енді міне, кеніштi сатып жіберді деп өсек таратыпты.

Н а р и м а н. Жалған айтып, жала жаптың. Жазаңды құдай берсін.

А м а н қ ұ л. Қой, Жақа, қой, Нәке. Екеуің де бір әке, бір шешенің балаларысыңдар, қойыңдар.

Ж а р а с. Қайдағы бір әке, бір шеше?

А м а н қ ұ л. Ол рас, Жақа: Нариман және Сіз, және *(өзін-өзі көрсетіп)* біз – бәріміз бір әке, бір шешенің балаларымыз. Әне *(күмбезді көрсетіп),* Анамыз алдымызда жатыр.

Ж а р а с. Онда не тұрыс. Әйда кеттік. Анамыз үшін алып қояйық. Ал Нариман... енді де ішпейсің бе? Кел, соғыстырайық.

Н а р и м а н *(бұрылып кетеді).* Аулақ! Аруақпен ойнауға болмайды.

Ж а р а с *(дауыс көтеріп).* О, бля, осы сенің-ақ қорлығың өтті-ау, осы. *(Тұра ұмтылып барып, стақандағы арақты Нариманның бетіне шашып кеп жібереді. Нариман бетін басып тұрып қалады да, есін жиғандай болып, Жарасқа бір-ақ атылып, алқымынан алады. Аманқұл араша түседі. Айқай-шу, арсыл-гүрсіл ыңқыл. Күмбез жақтан Шырақшы шығады.)*

Ш ы р а қ ш ы. Әй, кімсіңдер? Түн ішінде тірінің де, өлінің де мазасын алып, албастыдай асыр салып, моланы қорлаған кімсіңдер?! Жоғал, түге! Кетіңдер бұл жерден!

Төбелес тоқтап, Жарас, Нариман, Аманқұл состиып тұрып қалады.

Ж а р а с. Әй, өзің кімсің бізге кет дейтін? Өзің жоғал тез, әйтпесе өлесің, әкеңнің...

Ш ы р а қ ш ы. Мен шырақшымын. Сен сияқты сайтанның сідігіне мас болған хайуан емеспін. Киелі жерді ластамай, былғамай, кет, түге!

Ж а р а с. Өй, мына ербиген енеңді ұрайын қайдан шықты өзі! Ажалды қарға бүркітпен ойнайды деп... Құры ары көзіме көрінбей! Демалысымыздың шырқын бұздың.

Ш ы р а қ ш ы. Ей, шырағым, мұсылман баласы екенсің, тағы қайталаймын, мына киелі жерді былғамай, былапыттамай кетіңдер.



Құдайдың жері жетпей ме сендерге?

Ж а р а с. Өй, өзің кет, әкеңнің... *(Жан-жағына алақ-жұлақ қарап.)* Қайда әлгі мылтық? Ана арқар құсатып ата салайын.

Ш ы р а қ ш ы. Әй, қарағым, сом темірге балға бар, зорсынғанға Алла бар. Зорсына берме. Зардабы болып жүрмесін.

Жарас машинаға тіреулі тұрған мылтықты ала салып, Аманқұл мен Нариман жүгіріп жеткенше, мылтықтың шүріппесін басып салады. Түн ішінде гүрс ете қалған зор дүмпуден тау төңкерілгендей болып, таяудағы күмбез қақ айырылады. Қақ айырылған күмбездің арасынан арайланып, Күн шығып келе жатқандай болады да, ақ нұрдан адам бейнесі жаратылады. Аппақ жамылғылы Ана пайда болады. Мұндай кереметтен тірі жанның бәрі мелшиіп, тілі байланып қалады. Аманқұл тапырақтап айдалаға қаша жөнеледі, шопыр машинасының астына кіріп кетеді. Жарас бүк түсіп, бетін басып жатып қалады. Тікесінен тік тұрып қалған тек Нариман еді. Қақ жарылған күмбездің алдында оқ тиген Шырақшы шалқасынан құлап қалады.

Р у х. Кім екен түн ішінде мылтық атқан? Кімсіңдер бірін-бірі қырып жатқан?

Ақ желеңнен қанат біткен Рух баяу қалықтап жерге түсіп, қансырап жатқан Шырақшының қасына барып, жарасына үңіліп, тынысын тыңдап, былқ-сылқ еткен білегінен ұстап, тамырын басады.

Р у х. *Жантәсілім жолында мынау адам,*
Қақ жүректен оқ атқан қандай надан?!

Алақанымен жаралының маңдайын сипап, бір қолымен жүрегін басып, қанын тоқтатады. Бұл әрекет үстінде дұға оқып отырады. Сәлден соң Шырақшы көзін ашады.

Ш ы р а қ ш ы. Маған не болды? Ұйықтап кеттім бе? Жаман түс көрдім бе?

Р у х. Ей, пенде! Жалған дүниелік жасың ұзақ болар. О дүниенің қақпасын қағып қайттың ғой.

Ш ы р а қ ш ы. Сонда мен жаралымын ба? *(Орнынан түрегеліп, үсті-басын қолымен сипалап.)* Еш жерім ауырып тұрған жоқ.

(Ойланып.) Айтпақшы, мылтық атылып еді-ау. *(Аңырып.)* А-а, әне, әне, сол қарақшылар! *(Анаға енді анықтап қарап.)* Сіз ғой мені құтқарған мейірімді жан! Кім боласыз құтқарушым?

Р у х. Сені өлімнен алып қалған Жаратқан Құдірет. Менің қолым арқылы. Көк аспан маған қуат берді, мен сені құтқардым. Мен – Домалақ Анаңның Рухы боламын.

Ш ы р а қ ш ы *(бүк түсіп, тізерлеп жата кетіп).* О, Қасиетті пірім, әулие анам! Мен бейбақ өмірбақи сенің моланды күзеткен шырақшы едім. Ел менің шын атымды ұмытқан, бәрі мені Шырақшы дейді. Әйтпесе әке-шешемнің қойған аты Оңғар еді.

Р у х. Е, қасіретті ұрпағым! Оңғар болсаң, оңаларсың. Жолыңды Құдай оңғарсын. Шырақшы болсаң, шырағың мәңгі сөнбесін.

Ш ы р а қ ш ы. О, Ұлы Ана, айтқаның келсін. Мына мен пенде қазір қаншаға келгенімді де білмеймін. Шамада көп жасасам керек. Мен сенің күмбезіңе Шырақшы болған кезде Ұлы соғыс басталып еді. Соғыс қыза келе ел жұтады. Осы елдің бастығы сенің күмбезіңді бұздырып, қыштарын тасып әкетті. Колхозға пеш соғамыз деп. Мен ойбайлап қарсы болып едім. Ауданнан милиция шақыртып қаматып қойды. Соғыс біткен соң ұрпақтарың бір-бір сомнан жинап (қақ айырылған күмбезді көрсетіп) мына кесенені салып еді, міне... Тағы бұзды ана имансыздар.

Р у х. Ей, бейшара ұрпақ! Бұл күмбездің жарылысы бөлек. Жер бетіндегі лас, лаңға, азған-тозған тіршілікке қарсы рух наразылығы ежелден қабынып, жарылуға шақ қалған. Жүрек жиіркенген жаңағы саған атылған оқ – соңғы тамшы. Күмбез жарылса – қайта салынар. Ал бірақ жер беті кір-қоқыстан, жиіркенішті лас өмірден тазара ма? *(Машина маңындағыларды меңзеп.)* Байқайық бет-бейнесін кір-қожалақ ұрпақтың.

Сахна айналып, «аңшылар» тобы көрінеді. Нариман тас мүсіндей қалшиып қалған. Жарас бүк түсіп, басын қос қолымен қысып жатыр. Аманқұл айдалада жасырынып тұр. Шопыр машинасының астына кіріп кеткен. Шашылған дастарқан. Қылжиған шөлмектер.

Ш ы р а қ ш ы. Міне, міне, дәл өзі! Осы найсаптар түн ішінде тірінің де, өлінің де мазасын алып, мас болып, айқайлап, аруақты қорлаған.

Р у х *(қалш-қалш етіп тұрған Нариманның бетіне үңіліп).* Жүзінде иман елесі бар, ұрпақ-балам. Шайтан заһары сенен сезілмейді. Неге араластың бұл лаңы көп іске?



Н а р и м а н *(тілі икемге әрең келіп).* О-о-о, ұ-ұлы а-ана! Мен өмір-бақи арам іспен арпалысқан адаммын.

Р у х *(Жарасқа жақындап).* Мынау кім? Басыңды көтер, ұрпақ-балам!

Ж а р а с *(басын көтеріп, қолымен бетін қорғалап).* Ме-ме-ме...

Р у х. Иә, сен. Кімсің? *(Тыжырынып.)* Жүрек жиіркендірер шайтан зәрі мұңкиді...

Ж а р а с *(бар күшімен қиналып).* Ме-ме-ме...

Р у х (Нариманға). Бұл байғұстың тілі жоқ па?

Н а р и м а н *(басын шайқап).* Сап-сау болатын.

Ш ы р а қ ш ы. Бәле осыдан. Айқайлап, балағаттап, мылтық ала жүгірген осы.

А м а н қ ұ л *(бір-бір басып жақындап келіп).* Асыранды арқарды да атқан осы.

Р у х. Арқар атып, адам атып, жан-жағын жалмап жүрген нет-кен жауыз жансың?

Ж а р а с *(өз басын өзі тоқпақтап).* Ме-ме-ме...

Р у х. Тілің байланып қалса да, не айтайын дегеніңді түсініп тұрмын, жарлы жан.

А м а н қ ұ л. Қайдағы жарлы? Бұдан бай адам жоқ! Жақында шетелге тұтас кеніште сатып жіберді. Алтын кеніш. Бүкіл елді асырап тұрған кеніште. Мұны есіртіп, құтыртып бара жатқан сол байлық. Арқарды да, адамды да ата береді.

Р у х. Тасыған ғой, тасыған. Тасыған – төгіледі. Кеудесін желік кернеген. Кернеген – сөгіледі.

А м а н қ ұ л. Сотқа беру керек!

Н а р и м а н. Біздің сот мұндайды соттамайды.

Р у х. Енді кімді соттайды?

Н а р и м а н. Бізде бір таба нан ұрлаған адам түрмеде шіриді. Тұтас бір кеніште ұрлаған адам министр болады.

Р у х. Ол кім тағы да?

Н а р и м а н. Құдай да емес, құдайдан былай да емес.

Р у х. Патша десеші.

А м а н қ ұ л. Патшаның бас уәзірі.

Н а р и м а н. Бұрынғыша айтқанда – бас бақан.

Р у х. Иә, иә, енді білдім. Шаңырақ – патша, оны көтеретін бақан болады. «Алты бақан – ала ауыз» дегенде патша уәзір-лерінің кикілжің, керілдескен кейпін айтады.

Н а р и м а н. Біз де алты бақан – ала ауыз.

Р у х. Не жетпейді?

Н а р и м а н. Жердің байлығы жетпейді.

Р у х. Жердің байлығы жеке адамдікі емес қой. Жердің қазынасы – Құдайдікі. Құдай оны нысаптылар үшін деп күллі ұрпаққа жаратқан.

Н а р и м а н. Нысапсыздар болашақ ұрпаққа ештеңе қалдырмай жалмап жатыр. *(Жарасты нұсқап.)* Соның бірі мынау.

Р у х *(Жарасқа)*. Ей, күнәһар ұрпақ! Не жетпеді саған? Неге тойымсыз болдың?

Ж а р а с *(қылғынып, аузы-басы зорланып)*. Ме-ме-ме...

Р у х. Құдірет тіліңді байлап қойған екен ғой, байғұс. Қанша күнәһар болсаң да адамсың ғой. Менің ұрпағымсың. Өз қолыңды өзің кесе алмайсың. А, бәлкім, сен тәубаңа келерсің. Кесірді қоярсың, нәпсіңді тиярсың. Иманға қол қусырарсың, а? Сөйтесің бе?

Ж а р а с *(жанталаса бас шұлғып)*. Ме-ме-ме...

Р у х. Тіліңді шығарып, сөйлесейік, не дер екенсің...

Жарасты күмбез жаққа қаратып, шөкелетіп отырғызып, аузына сұқ саусағын салып, таңдайын басады. Күбірлеп дұға оқиды. Басынан, бетінен сипайды, шапалақтарын шарт еткізгенде Жарас орнынан ыршып түседі.

Р у х. Сөйле!

Ж а р а с. А-а-а! Ай-на-лайын анам! Ая мені!

Р у х. Мен аядым. Сен аямадың ғой!

Ж а р а с *(туфли тұмсығымен жер шұқып)*. Жаңылдым, жаза бастым. Ая мені, аяй гөр, анам!

Р у х. Дүниедегі сұмдықтың бәрі аяныштың аздығынан. Адамдар бірін-бірі аямайды. Мен сені аяймын, ұрпағым. Аямасам – Ана боламын ба?! Алтын кенішін жат елдікке сатып жібергенің неткенің? Сенде бәрі бар ғой. Сонда не жетпеді?

Ж а р а с. Жалғыз мен емес... Алты бақан бармыз, алтауымыз да жейміз. Мен неге басқалардан қаламын дедім. Басқалар обып, асап жеп жатқанда, сенің қарап тұрғаның ыңғайсыз екен... Жегіштерге сыбайлас болмасаң, олар сенен күдіктене бастайды. Қылмысымыз ашылып қалады деп қорқып, сенің көзіңді жойып жіберуден тайынбайды.

Р у х. Е, бейшара ұрпақ амалсыздан арсыз болдым де. *(Ойлана.)* Оның да рас-ау. Ешкім анасынан баукеспе, баскесер, тасжүрек, ұры-



қары болып тумайды. *(Ойланып.)* Бірақ өсе келе жүрегіңнің қақпасын зұлымдыққа айқара ашып қойыпсың, балам. О басында жүрегінді періштелер мекен еткен. Сен сол кезде сүйкімді едің, балам, мейірімді едің, пәк болатынсың. Бірақ періште жүрген жерді ібіліс жағалайды. Ақыры періштелерді жүрегіңнен қуып шығып, жындар мекендепті.

Қақ жарылған күмбез жақтан ыңырсыған ләм шығады. Бәрі құлақ түріп тұра қалады.

Ш ы р а қ ш ы *(маңдайын алақанымен сарт еткізіп)*. Ойбу, тәңір-ай, есімнен тарс шығып кетіпті ғой! О, ұлы Әулие Ана, сіздің қабіріңіздің басында бір жас бейбақ мінажат етіп отыр еді... Сол ғой... Қатты жарақаттанбаса неғылсын.

Р у х. Тірі сияқты ғой. Ләм шығарады. Жағдайын білген жөн.

Бәрі мазарға қарай жылжиды. Қолаң шашы жайылып кеткен жап-жас әйел заты шалажансар жағдайда жатыр екен. Рух барып бетіне үңіліп бойын түзеп, Шырақшыға су әкел дейді. Шырақшы шәугіммен су жеткізеді. Рух әлгі қызды алақанымен сипай өтіп, шәугімдегі суды бетіне шашып кеп жібергенде, жаралы атып тұрады.

Ш ы р а қ ш ы. О, құдіретті Әулие Ана! Өлгенді тірілткен қасиетіңнен айналайын. *(Қызға қарап)*. Осы бала күнде келіп, Сіздің қабіріңізді құшақтап, жылайды да отырады.

Р у х. Сеземін. Жап-жас басынан күнәһар болған. Әлгінде күмбез жарылғанда қорыққаннан жүрек қабы жыртылған. *(Алдындағы қызға.)* Менің томпаймама неге әуес болдың, жарығым? Есімің кім өзіңнің?

Қ ы з. Атым – Ұлту. *(Күмілжіп.)* Томпаймам деген не, Ана?

Р у х. Баяғыда біз томпайма дейтінбіз. Сендер қазір қабір дейтін болыпсыңдар ғой. Неге келгіштей бердің менің қабіріме?

Ұ л т у. Әлгінде өзіңіз айттыңыз ғой, күнәһармын, Ана. *(Айналасына енді ғана жағалай қарап, Жарасты көріп қалып, түсі бұзылып, қалш-қалш етіп, қолын ербеңдетіп.)* Әне! Әне! Анау!

Р у х *(Жарасқа)*. Сені таныды ғой, не істеп едің?

Ж а р а с *(жасқана шегіншектеп)*. Жо-жоқ, білмеймін, танымаймын!

Н а р и м а н. Неге танымай қалдың? Ұлту ғой.

Ж а р а с *(жалт қарап)*. Ол кім, ол? Сен де...

Н а р и м а н. Ей, Жарас, неғыласың, шыныңды айтып, күнәңді



мойындай берсеңші. Әйтпесе тілің тағы да байланып... *(Рух жаққа қарап қойып.)* Тағы да байланып қалады ғой.

Р у х. Мен бәрін білемін. Өзің мойындағаның жөн, балам.

Ж а р а с *(жүні жығылып, Ұлту жаққа сүмірейе қарап қойып).* Өмірде не болмайды, кім біледі, бір қателік басымыздан өткен шығар. Кешіре гөр, асыл Ана!

Р у х. Кешірімді менен сұрама. Мына *(Ұлтуды нұсқап)* тірі бейбақтан сұра. Ол кешіре қояр ма екен?

Ұ л т у *(қатуланып).* Пенденің кешкені есеп емес. Бәрібір құдай кешпейді. Періште сәби кешпейді. Бұл *(Жарасқа жанарынан шоқ шаша қарап)* дүниеге жаңа келген нәрестенің өліміне себепкер. Басты қылмыскер осы. Мен өзімді ақтамаймын. Бірақ... *(Үндемей қалады.)*

Р у х *(Ұлтуға).* Ләмсіз қалдың ғой, не болды?

Ұ л т у. Байланғыр тілім байланса еді... Айтудың өзі қасірет. *(Жүзін төмен салып, мұңайып).* Алданып қалдым *(Жарасты жиіркенішпен көрсетіп),* алдады мына кісі.

Ж а р а с. Жоқ, жоқ. *(Рухқа).* Сенбеңіз, мен емес, өзі. Бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын жібін үзбейді.

Р у х. Баяғыда піріміз: «Ақырзаман боларда су тартылар, қарап тұрған жігітке қыз артылар», – деп еді. Сол ақырзаман келіп қалғаны ма?

Ж а р а с *(қуанып кетіп).* Өте дұрыс, өте әділ, дәл тауып айттыңыз, әулием!

Р у х. Жарамсақ жан, жалпаңдама! Тіріні алдасаң – алдарсың. Өлгенді алдай алмайсың. Рух бәрін сезеді. *(Ұлтуды нұсқап).* Мына жар басында жүрген бейбақты орға итере салған сен! Рас қой?

Ж а р а с *(еңсесі түсіп).* Өзі ғой...

Р у х. Ол сенен тәуелді кіріптар болды. Соны малданып, абыройын алдың. Бала пайда болғанда оның көзін жоймасаң – өлтіремін деп бопсаладың. Рас қой?

Ж а р а с *(жүні жығылып).* Енді...

Ұ л т у. Алла-ай, апыр-ай, мұның бәрін қайдан білесіз?! Дәл өзі, тұп-тура! *(Ширығып).* Әулие Ана! Осы қасіретімді айтып, қабіріңізді құшақтап, күндіз-түні арыз айттым. Естіген екенсің ғой. Нәресте қаны мойнымда. Содан мойным үзіліп кетейін деп әрең жүрмін. Өзіме-өзім қол салайын десем – ол Құдайдың құдіретіне қарсылық дейді. Не істерімді білмеймін. Амалын айтшы, Әулие Ана! Өлейін десем жан тәтті, өлмейін десем қайғы қатты.

Р у х. Білемін, балам, білемін. Бұл қасірет жалғыз сенің басыңда ғана болса да – мың қасірет. Ал жаппай болғаны – ақырзаман! Сорымызды сорпадай қайнатқанда, сен жалғыз емессің. Баяғыда нәрестелер қарашешек деген дерттен баудай түсер еді. Енді туған аналары қолдан өлтіретін болыпты. Зауал! Зауал! Зауалы бар!

Ұ л т у *(қалшылдап)*. Қандай зауал, қасиетті Ана?

Р у х. Өзіңе-өзің қол салма! Күнәң екі есе артады. Ал енді өзекті жанға бір өлім хақ. Ерте ме, кеш пе, бір келеді. Өлім өз міндетін ұмытып көрген емес. Әлдеқалай ажал құрығынан құтылып кеткен ешкім жоқ. Сен де сол жайға барасың, бірақ асықпа. Зауалдың не екенін сонда көресің.

Ұ л т у. Сол сәтті өмір бойы үреймен күтіп жүргенше, табанда өле салған артық қой.

Р у х. Өз қолыңмен өлтірген нәрестеңмен сонда кездесесің.

Ұ л т у. Ол мені алқымымнан алып, буындыратын шығар?

Р у х. Жоқ. Ол *(Жарасқа да бұрылып)* сендер сияқты жауыз емес, періште. Сондықтан да тілеуқор. Періште «Қанға – қан» деген қанықпезерлікті білмейді.

Ұ л т у. Сонда қалай?

Р у х. Қалай болғанда былай: өз балаңды өз қолыңмен өлтіргенің үшін жаһаннамда о дүние сені басыңнан сипамас. Тозақ отына лақтырады. Дидарғайып сонда болады. Сонда сенің бейкүнә бөбегің құтқармақ болып, тозақ отына шырылдап су себелейді. Әне, Адам деген аттың түбір өзегі сол! Ал сендер *(Жарасқа, Ұлтуға қарап)*. Адам деген атқа лайық емессіңдер.

Н а р и м а н. Кешіре гөр, ұлы Ана! Мына *(Ұлтуды көрсетіп)* бейшараның күнәсі жеңілдетілмей ме? Өйткені оны мәжбүр етті ғой...

Ж а р а с *(кіжініп, сыбырлап)*. Қап, атаңа нәлет-ай...

Р у х *(Жарасқа)*. Ей, ойдымшаш бейбақ! Оның *(Нариманды меңзеп)* атасында нең бар? Оның арғы атасы ардақты болған. Жаңаның түбі – ескі. Ал ескілер сендер сияқты есер есірік емес еді. Неге қорлайсың ескіні?!

Ж а р а с. Кешіре гөр, ұлы Ана!..

Р у х *(Жарасқа)*. Басты құнықер өзіңсің! Ана *(Ұлтуды нұсқап)* бейшараны қылмысқа итерген сенсің!

Ж а р а с. Мен, мен...

Р у х. Иә, сен! О басында сенің жаның үлбір еді, жұмсақ еді. Кейін арамнан тапқан дәулеттен сенің жаның қатқауық тартты. Жынды су саған нілсорпа болды. Бұзылдың. Бұздың. Кім кінәлі?

Ж а р а с. За-за-ман...

Р у х. Заманға жала жаппа! Ай орнында, Күн орнында. Заман да орнында. Заман дегенің Уақыт. Адамдардың үлкен қатесі: Уақыт өтіп бара жатыр, өміріміз өтіп бара жатыр деп жылайды. Өтіп бара жатқан Уақыт емес, аласұрып асығып бара жатқан адамдардың өзі.

Ж а р а с. Жалғыз мен емес...

Р у х. Әрине, жалғыз сен емес. Арамтамақ аз емес. Арам әужал аздырады, сен соның бірісің. Қу дүние, құлқын құлы болып кеттің. Жанжаһаннамға барғанда сол шылқыма байлықтан саған бармақтайы да бұйырмайды. Бәрі қалады.

Ж а р а с. Кей-кейде, онаша бір ойға кеткенде, осының бәрін өзім де сеземін. Бірақ әлі бірдеңе жетпей жатқан сияқты. Әйтеуір бірі кем дүние.

Р у х. Араны ашылған деген сол болады. Араныңды жабатын жанашыр шапағаткер жоқ. Дүние деген жылмаң түлкі. Шапағаткер болмаса алдана бересің.

Ж а р а с. Қайда сол жанашыр-шапағаткер?

Р у х. Өз бойыңда, бишекор-бейшара! Өзіңе өзің тыйым сал. Қанағат қыл! Тәубаңа кел! Өз нәпсіңді өзің тый! Өзіңе шапағаткер өзіңсің. Құдай сені айуаннан айырып жаратып, ақыл-ойды сол үшін берді. Ақыл-ойыңды жамандыққа емес, жақсылыққа жұмса.

Ж а р а с. О, қасиетті Ана! Осы айтқаныңды айнытпай орындасам, менің күнәм кешіріле ме?

Р у х:

Қам сүт іштің анадан, піскен емес,
Таудан биік күнәң бар, кішкене емес.
Байлық емес, енді сен иман жисаң,
Кешем десе Құдайға ештеңе емес.

Ж а р а с. Айтқаның келсін, асыл Ана!

Р у х. Осы айтқанымды ықтияттап, жиған-тергенді аш-арыққа, жетім-жесір, ғаріпке таратсаң, тақуагер, иманшыл болсаң, о дүниеде тозақ отына түссең де, өзім су сеуіп өшіремін. Әумин!

Ұ л т у *(аспанға ракетадай атылып, ағараңдап бара жатқан Рухтың соңынан айқайлап)*. Мен ше, Әулие Ана, мен қайтемін? Мені тастап бара жатырсың ғой!

Р у х *(ағараңдап, аспаннан үн қатып)*. Жасыма, жарқыным. Құдайдан медет тіле, кешірім сұра. Қанша ғұмырың қалды – һалал



өткер. Жұпталым бол, жар сүй, бала сүй. Артыңда ұрпақ қалдырмақ шарт. Қазанбұзар тентекке ұрынба. Есіңде болсын, аузы күйген үрлеп ішеді, неке оқытып, жұпталым бол!

Ұ л т у. Менің о дүнием не болады?

Р у х. Жаңағы айтқаным болады. Өз қолыңмен өзің өлтірген ұлың алдыңнан шығады.

Ұ л т у. Өзегімді жарып шыққанда өзім өлтіргенмен қалай бет көрісемін?

Р у х. Періште кек сақтамайды. Бара көресің. Абадандай ырылдасып, кекшіл болмақ адамда бар да, періштеде жоқ.

Ш ы р а қ ш ы. Күмбезің бұзылды, енді мен қайтемін? Шырақты қайда жағамын?

Р у х. Алда саналы, иманды ұрпақ болмақ. Сол ұрпақ күмбезімді сүңгідей сүзілдіріп түзетпек. Шырақты әуелі адамдардың жүрегіне жақ. Содан соң менің күмбезімнің ішін жарқырат.

Н а р и м а н *(ол да айқайлап)*. Жердің беті лас. Көзің көрді, қалай тазартамыз?

Р у х. Үлкен сыпырғы тап. Жердің төбесінен төмен қарай ысырып таста!

Н а р и м а н. Жердің төбесін қайдан табамын?

Р у х. Ойлан. Адамсың ғой. Ақылың бар ғой.

СОҢҒЫ ШЫМЫЛДЫҚ ЖАБЫЛАРДА

О дүние. Жасыл дүние. Ғажайып дүние. Алтынкүрек самалдан айнала төңірек бусанғандай буалдыр. Буалдыр арасынан екі аруақ біріне-бірі қарама-қарсы таяп қалып, екеуі де екі жаққа өте беріп, арттарына бұрылып қарап, бірін-бірі бір жерде көргендей, бірін-бірі еміс-еміс танығандай таңырқасып, біраз үнсіз тұрады.

Н ұ р и л ә. Апыр-ау, Марау! Сенсің бе?

М а р а у *(айдалаға қарап)*. Үнің таныс сияқты... Жыға танымадым, мейірімді жан...

Н ұ р и л ә. Мен Нұриләмін ғой, Марау бәйбіше. Күндесіңмін ғой.

М а р а у. О, қасиетті Домалақ Ана! *(Бас салып құшақтайды)*. Мен сені танымай қалдым, кешір, қадірлім. Менің көзім жөнді көрмейді. Аруақ та жылайды екен, мың жыл бойы жылай-жылай, көзім ағарып кетті.

Н ұ р и л ә. Неге жылай бересің, Марау бәйбіше? Жұмақта жүрсің ғой.

М а р а у. Жұмақта да жаным жай таппаса қайтейін. Тумай кеткір алты ұл мен үшін екі дүниеде таусылмас қасірет болды. Өлгендер Шын дүниеде жолығады деуші еді. Мың жыл өтті, алты ұлды әлі іздеп жүрмін, қасиетті Домалақ Ана!

Н ұ р и л ә. Мың жыл деген тірілер үшін тым ұзақ. Аруақ үшін көп те емес. Алдымыз – таусылмас Мәңгілік. Әйтеуір бір табылар алты ұл. Қайғыра берме, жарқыным, тұлдырсыз да емессің ғой. Мен аруақ Жер бетіндегі Жалған дүниені көріп қайттым. Сенің соңғы кенжең Байтоқтыдан тараған ұрпағың жаман емес. Едәуір ел болыпты.

М а р а у. Апыр-ай, ә. Шыннан ба?

Н ұ р и л ә. Есіңде ме, Марау бәйбіше, алты ұлдан бір күнде айырылып, аңырап қалғанында, мен сені жұбатып, екеуміз қол ұстасып, жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп, Алладан бала сұрағанымыз есіңде ме? Байтоқты деген балаң дүниеге сонда келіп еді ғой.

М а р а у. Есімде, қасиетті Домалақ Ана.

Н ұ р и л ә. Өсіп-өнген ұрпағың бар, енді неге жылай бересің?

М а р а у. Алты ұлдың күйігінен құтыла алмадым. Олар шейіт кетті ғой. Шейіт кеткендер жұмақта болады деуші еді. Іздеп жүрмін, іздеп жүрмін...

Н ұ р и л ә. Бірін-бірі шын аңсағандар әйтеуір бір табысады. Жалған дүниедегідей «өмірім қысқа» деп жылайтындай емес, біздің ендігі ғұмыр мәңгілік. Мұңайма, бәйбіше.

М а р а у. Айтпақшы, Жалған дүниеден не көрдің, не білдің? Әйел шіркін Шын дүниеде де әйел боп қалады-ау, әңгімеқұмар ғой.

Н ұ р и л ә. Біздің бабаларымыз: «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» деуші еді. Жүз жыл емес, арада мың жыл өтті. Сені мен менен тараса да, жүріс-тұрысы бөтен, тілі де шұбарлау, жеген дәмі, ішкен сусыны мүлде жат, ұсақтау ұрпақтарды көрдім.

М а р а у. Мың жылдан кейінгі ұрпақ қой. Түр-тұрпаты қандай болады екен?

Н ұ р и л ә. Рухым қатты қиналып, жаным шырылдай берген соң, күмбезімдегі қу сүйектің сырқырағанын сезіп, Жер бетіне түссем, моламның түбінде төрт адам алқын-жұлқын айқайласып отыр екен. Арақ дегені болады екен.

М а р а у. Ол не екен?

Н ұ р и л ә. Жынды су. Адам ішсе албастыға ұқсап кетеді екен.



Ұрпақтың көбі содан өліп те жатыр. Жынды сумен уланған сана аруақты, иманды неғылсын. Күмбезімді қорлапты.

М а р а у. Аруақтан қорықпай ма екен? Құдайды, Шын дүниені біле ме екен?

Н ұ р и л ә. Шала-пұла. Тілі де шала, діні де шала, тіршілігі де шала.

М а р а у. Неғып шаялап, шалағай болып қалды екен?

Н ұ р и л ә. Ұрпағымыз құлдықта болып, тепкіні көп көріпті. Содан жасқаншақ, қорқақ тартыпты. Арам су ішіп азыпты. Дені саулар некен-саяқ. Иман сақтап, жүрегін, ниетін таза ұстап қалғандары аз. Бірін-бірі алдап, сауда-сауда деп сапырылысып жүрген адамдар.

М а р а у. Сонда енді бір мың жылдан кейін не болмақ?

Н ұ р и л ә. Мың жыл тіріміз деп жүргендер үшін ұзақ. Ал сен екеуміз енді бір мың жылдан кейін не болатынын да көреміз. Адам баласы өзінің туған бесігін әбден былықтырып былғайды да, Алланың жаңа қарғысына ұшырап, топан сумен шайылады. Не болмаса басқа жұлдыздарға ауып кетеді.

М а р а у. Біздің ұрпақтарымыз да ма?

Н ұ р и л ә. Біздің ұрпақ Айдаһар мен Аюдың арасында қыспақта қалады. Бірақ Көк Бөрінің жаны сірі, қасқырдың тарамысы тірмізік. Өзара ырылдасқанын қойып, ұяластар бірін-бірі таламаса, Айдаһарға да, Аюға да төтеп бере алар. Көкжал Арлан ақылды болса, арандап қалмас. Көкжал Арлан күшті болып, ұяластарын ыдыратпай, әділетпен басқарса, алақаны адал, жаны таза, жүрегі пәк болса, Көк Бөрінің тұқымы Айдаһарға да, Аюға да жем бола қоймас. Өсіп-өніп, өзгелермен терезесі тең болар.

М а р а у. Лайым айтқаның келсін, әулием. Әй, бірақ мен көрген Көк Бөрі баласы бір-бірімен ырылдаса беруші еді... Іштен ыдырап кетпесе...

Н ұ р и л ә. Күдігіңнің жөні бар, Марау бәйбіше. Жер бетіндегі жандардың әлі санасы жетілмеген. Әлі балаң қалыпта. Бақталас, тақталас деген жабайы қылық әлі бар. Қызғаныш, бәлекорлық, жалақорлық өрттей лапылдап тұр. Құдай нысап беріп, ақыл-санасы жетілмесе, бірін-бірі бауыр тартпаса – бәрі бекер.

М а р а у. Сонда өзің айтқан күштілерге жем болып сорлайды ғой.

Н ұ р и л ә. Сондықтан да Жаратқан Құдіретке: Иә, Алла, Иә, Раббым, Көк Тәңірі! Көк Бөрінің ұрпағына ынтымақ бер, бауырмалдық сезім бер! – деп жалбарынайық.

М а р а у *(әлденеге құлақ түріп)*. Мынау не шу? Азан-қазан алапат зар ғой мынау!

Н ұ р и л ә. Е, Марау бәйбіше! Ол – Тозақ. Жатырда жатып қиылғандар, жан бітіп, сурет болып, жарық дүниеге келер-келмес анасының қолынан тастанды болып, шейіт кеткендер.

М а р а у. Олар тозаққа түсетіндей не жазығы бар?

Н ұ р и л ә *(Марауды қолтықтап, Тозақты перденің ар жағынан көрсетеді).* Тастандылардың жазығы жоқ, Марау бәйбіше. Олардың шешелері жазықты. Таудай биік күнәлары үшін оларды Әзірейіл Тозақ отына лақтырып жатыр. Ал сәбилер әлгі сорлы шешелерін шаш иісінен танып, Тозақ отынан құтқармақ боп шырылдап, айқайлап, Тамұқты жағалай зыр жүгіріп жүр.

М а р а у. Алда айналайын нәрестелер-ай! Шешелері оларды өлтіреді. Ал олар имансыз, қылмыскер жауыз шешелерін құтқармақ болып, отқа түсе жаздайды.

Н ұ р и л ә. Әне, аяныш деген сол. Кешіре білу деген сөз.

М а р а у *(ойланып қалып).* Әй, Домалақ Ана! Әулием, осы Тозақ отына мен түсіп кетсем қалай болады?

Н ұ р и л ә. Неге, байғұс-ау?

М а р а у. Өзің айтқандай, сонда менің шашымның күйігін сезіп, алты ұл Тозақты айнала жүгіріп, мені құтқарып алар ма еді... Сөйтіп барып көрмесем, мың жылдан бері таппадым ғой алты ұлды.

Н ұ р и л ә. Тозақ сені қабылдамас.

М а р а у. Неге?

Н ұ р и л ә. Тозаққа кешірілмес күнәһарларды түсіреді. Сен тозаққа күйетіндей күнәң жоқ.

М а р а у. «Тумай кеткір алты оғлан! Малды жаудан қайтар»,– деп, көпе-көрнеу ажалға өзім қолдан айдадым. Қу жылқыны қимадым. Әне, сөйтіп жиған малды қане, Шын дүниеге ала келгенім? Жаман жабағы да алып келген жоқпын ғой бұл Шын дүниеге. Алты құлаш ақ кебіннен басқа не әкелдім мен бұл Шын дүниеге? Әне менің кешірілмес күнәм. Алты ұл содан да менен безіп жүр... Ол аз десең...

Н ұ р и л ә. Өзіңді-өзің жазалап, қинай берме, жарқыным. Алты ұлды сен жау қолында жайрасын деп жұмсаған жоқсың. О басында олардың пешенесінде солай жазылған. Жазмыштан озмыш жоқ.

М а р а у. Ол аз десең... айтуға аузым бармайды...

Арада мың жыл өтсе де соңымнан сол сор қалмайды.

Н ұ р и л ә. Ол не, Марау бәйбіше?

М а р а у. Саған Құдай жалғыз ұл берді. Соны да көре алмай, басын жарып қастандық жасадым-ау мен...



Нұрила. Тілеуберді жарығым менің. Жарықшақ атанған жалғызым менің! Жалғыздан жарты әлемді жайлаған тұқым тарады. Менікі емес, Құдайдікі!.. Ал айтып тұрғаның қызғаныш деген қызыл иттің арс еткен бір сәті ғой. Оны мен баяғыда-ақ, жер бетінде-ақ кешкенмін.

Марау. Иә, кешкенсің. Қастыққа қастық қылмай, Марауға ұрпақ бере гөр деп менің тілеуімді тілегенсің. Өйтпесең сен Әулие Домалақ Ана боласың ба?

Нұрила. Енді өзіңді-өзің азаптай берме, бәйбіше.

Марау. Адам деген арманнан жаратылған. Армансыз болмаса ол адам емес. Ал арманшыл болса тағы азар. Өйткені арманның шегі жоқ. Мен сол азаптың ішінде жүрмін, Домалақ Ана. Ендігі арманым: Қиямет-қайым тезірек болса екен деймін. Сонда алты ұлды көрер едім. Жаратқан Құдіретке жалбарынамын: Мені тозаққа сала гөр, жаратқан Алла! Алты ұл келіп, мені Тозақтан құтқармақ болып, шырылдап тұрғанын көрсем болды, екі дүниеде де арманым жоқ. Тамұқта таусылғаныма өкінбеймін.

Нұрила. Міне, сен енді ұлылық дәрежесіне жеттің, Марау Ана! Сен ұлы Анасың! Ана біткеннің бәрі өз өзегін жарып шыққан перзентіне осыншама пәруана берілсе, Жер беті былғанышtan тазарар еді. Тозақ оты *(көрсетіп)* мынандай болып лапылдамас еді. Бәсеңсір еді. *(Көрерменге, залға қарап).* Ей, күнәһар да бейкүнә ұрпақ! Біз кешкен қасірет теңізін сен кешпе! Құдайым сендерді мыңжылдық қайғыдан сақтасын! Сенің тозаққа түскен қасіретіңді көріп, бала-шағаң тамұқты айнала жүгіріп шырылдамай-ақ қойсын! Әумин!

Нұрилә мен Марау баяу ғана боз мұнарға сіңіп кетеді. Шын дүние сарындас музыка.

Шымылдық.

ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ

Талапты ауылы. Шерхан ағаның інісі Батырханның шарбағындағы алма талдың түбінде отырмыз. Кешкі мезгіл. Өрістен қайтқан сиырлардың мөңірегін дауысы мен ауыл адамдарының самбырлаған үндері құлаққа келеді. Бәкеңнің абалаған иті де кешкі шуды молайта түскісі келгендей қосамжарланып жатыр. Шерағаң болса «ал, сөйле» дегендей мені күтіп отыр.

Әрине, Шерағаң туралы көп жызылды. Көп айтылды. Олар кітап болып бірінен кейін бірі жарық көріп те жатыр. Сондықтан оларды қайталамауға тиіспін. Қайталасам қаламгер қабағын түйіп, шарт кетуі мүмкін. Мүмкін бозбала шағына барлау жасап көрген дұрыс шығар. «Ай мен Айшаны» жазғанда қалтарыс-бұлтарыста қалып кеткен бірдеңелердің болуы мүмкін ғой. Осы ойға тоқталып, «тәуекел» дедім.

* * *

– Шераға, әдбиетке қалай және қашан келдіңіз? Ең алғаш жазғаныңыз өлең болды ма, әлде әңгіме болды ма? Мүмкін шағын мақала шығар...

– Бұл ойланатын нәрсе. Өйткені, қыздардың альбомдарына, анау-мынауға өлең жазатын жастық шақ та бастан өтті. Ал, негізінен, студент күнімде бір жағы күнкөрістің қамы, бір жағы әдебиеттің әлеміне енудің қамы, аудармадан бастадым мен. Мәскеуде оқып жүргенде арттан келетін көмек жоқ, жалғызбасты анамыз Айша колхозда істейді. Колхоз ешнәрсе бермейді. Мыналар (інісі Батырханның үй жағына қарап қойды – К.С.) жас. Елден көмек жоқ. Жалғыз өзіммін. Сөйтіп жүріп «Москва сортировочный» дейтінге барып вагоннан жүк те түсірдік. Көмірден бастап Алматының апортына дейін. Тынық мұхиттың «сельедка» деген балығына дейін. Сонымен төртінші курсқа барған кезде Мұстай Кәрім деген башқұрттың классигінің «Біздің үйдің қуанышы» деген бір шағын повесін аудардым.

Аударғанда оның алдындағы әңгімесі көп. Шаяхметов дейтін біздің ЦК-ның бірінші хатшысы бір сессияға келіп жатыр екен. «Неде боса тәуекел, көмек сұрайын, маған баспадан бір жәрдем берсін» деген оймен барып жолықтым. Әрине, қарауылдары бар екен, солардан рұқсат алдым.

Шаяхметов менің арызымды алып қалды. Арызда «Студентпін. Жәрдем беретін ешкім жоқ. Болашақта әдебиетпен айналысқым келеді. Сондықтан баспадан бір аударма кітап алып берсеңіз, сонымен шұғылданар едім» деп жаздым. Алып кеткен. Шамалы уақыттан кейін хат келді. О кезде «Жазушы» баспасын «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы» деп атайтын. Хат содан келіпті. Өмірімде бірінші рет фирмасының аты бар, тасқа басылған хат алдым. «Осындай да осындай, Мұстай Кәрім деген башқұрттың жазушысы бар. Біздің жоспарымызда соның осындай дүниесі тұр. Алдымен соның бір тарауын аударып, беріп жібер. Жараса шарт жасасамыз, жарамаса өкпелемейсің» депті. Олардыкі де дұрыс қой енді. Содан Ленин кітапханасына бардым. Дүниежүзінің кітаптары иінтіресіп тұр. Әлгі кітаптың алдымен орысшасын тауып алдым. Сосын башқұртшасын таптым. Екеуін салыстырып отырып, бір тарауын зырылдатып аударып жібердім. Алматыдан іле-шала хат келді. «Аяғына дейін аударып, қолжазбаңызды жіберіңіз» депті. Келесі жылы сол баспаға практикаға келдім. Қолжазбамды ала келгем. Баспа аударманы қолма-қол қарап, өндіріске жіберді. Сөйтіп, практикам біткен кезде Мәскеуге кәдімгідей көп ақша алып қайттым.


Содан кейін дәндеп алдым. Баспа Лагин дейтін бір жазушының (Лазарь Иосифович Лагин – К. С.) «Старик Хоттабыч» деген кітабын тағы берді. Оны да аударып бердім. Демек, менің әдебиеттегі тырнақалды дүниелерімнің бір парасы аудармадан басталғаны ғой. «Қазақстан пионері» дейтін газетке бір майда-шүйде әңгімелерім шығып жүрді. «Әңгелек», «Пистолет» дей ме, аттарын да ұмытып қалдым.

– Қыздардың альбомдарында жастық шақтың қолтаңбасы боп қалған өлеңдеріңізді «өкпелетіп», тастап кеткен жоқсыз ба?

– Газет, журналдарға ара-тұра жариялап жүрдім. Кейіннен «Болашаққа жол» деп аталатын жас ақындардың жинағында бір топ өлеңдерім енді. Зейнолла Серікқалиев деген осы күнгі үлкен сыншы (жатқан жері жәннәтта болсын, марқұм З. Серікқалиев ағамыз ол кезде көзі тірі болатын – К.С.) бар ғой, сол менің өлеңдерімді сілейтіп тұрып сынап тастады. Содан «қой, болмайды екен» деп, өлең жазуды қойып кеттім. Содан кейін, қарасөз, журналистикаға кеттім. «Лениншіл жастың» дәурені басталды. Қарағандыда тілші болдық.

– Жуалының базарына барып май сатқан қазақтың «қара қазан, сары баласы» жайлы оқыдық. Дегенмен, сол әңгімені өз аузыңыздан естігеннің әсері басқа сияқты.

– Мынау жерде базар бар. «Бурныйдың базары» дейміз. Қазір Бауыржан Момышұлы деп аталады. Мынандай май сатамыз (Шерағаң дастарқандағы кішкентай табаққа салынған сары майды көрсетті – К. С.). Майдың бір пиаласын бір қадақ дейді. Айша маған екі-үш қадақ майды беріп, соған сабын алып кел деді. Содан майды кір сабынға айырбастап, алып келдім. Дереу су



жылытып, кірімізді шылапшынға салып жіберіп, сабынды бір-екі сүйкегенде аржағынан ағаш шыға келді. Біздің «саудамыздың» түрі сондай еді.

– Шераға, Алматы асып Мәскеудегі оқуға қалай түсіп жүрсіз? Атағынан ат үркетін Мәскеу мемлекеттік университетіне оқуға түсу ол кезде қазақтың қара домалақтары үшін қол жетпес қиял емес пе еді?

– Жамбыл мектебінде оныншы оқып жүргенде үш-төрт баланы обком комсомолдың бірінші хатшысы Асанбай Асқаров шақырды. Қаратай Тұрысов, Ергеш Есімов, сосын Әбдуәлі Данаев дейтін бір жігіт бар. «Мәскеуден разнарядка келді. Төртеуің Тынық мұхит әскери училищесіне оқуға барасыңдар» деді. Оның не екенін түсініп жатқан жоқпыз. Бастық «барасыңдар» деген соң, «барсақ барайық» дедік. Бірақ жәйдан-жәй жібере салмайды екен. «Жарайсың ба, жарамайсың ба» деп, денсаулығымызды тексерді. Қаратай деген досым о кезде бойы кішкентай, шынжау, тырылый арық жігіт еді. Оны «сен жарамайсың» деп бірден шығарып тастады. Менің кәдімгідей әл-қуатым бар. Біздің интернатпен бір қорада «РУ» дейтін (Ремесленное училище – К.С.) болатын. Кілең зіңгіттей-зіңгіттей орыстың балалары оқиды. Солармен ұдайы төбелесіп жататынбыз. Тоғызыншы класта оқып жүргенде болған бір қырғын «соғыста» мына құлағыма (Шераған сол құлағын көрсетті – К.С.) кілтпен ұрды ма, әйтеуір, жарғағы жарылып кетіпті. Комиссияның қырағы көзі сол жарғағы жарылып кеткен құлақты көріп қойып, «сен жарамайсың» деп мені де шығарып тастады. «Ойбой, мыналарды Асқаровтың өзі Мәскеуге жібергелі жатыр екен. Жоқ, Владивостокқа жібереді екен», - деп жұрттың бәрі құлақтанып қалған. Сондықтан «жарамай қапты» деген сөзге қатты намыстандық. Қарекең геология институтына баратын болды. Мектепте газет шығарып, әдебиеттен кәдімгідей тәуір баға алып жүруші ем, мен де Алматыға барып Московский полигарфический институттың редакционно-издательский деген факультетіне тәуекел деп құжат тапсырдым. Өтіп кеттім әйтеуір. Енді шегінерге ешқандай жол жоқ. Болары болды. Шешенің жағдайы анау. Беретін түгі жоқ. Бірақ «неде болса бара беру керек» деген балалық әсермен кете бардық. «Ол жақта қалай күн көреміз, арты қалай болады?» деген уайымға салынбадық. Стипендияға бірде ілініп, бірде ілінбейміз. Бір жолы «үш» алып қалып, бір сессия стипендиясыз қалдық. Жаңағы вокзалға барып жұмыс істеп жүргеніміз содан. Елу үшінші жылы Сталин қайтыс болды. Өлерінің алдында полигарфия институтының редакциялық-баспалық факультетін Мәскеу университетінің журналистика факультетіне қосу жөніндегі қаулыға қол қойып кетіпті. «Ленин таудағы» МГУ-дің жаңа біткен кезі. Сол қаулының күшімен университеттің студенті болып шыға келдік. Онда екі бөлім болды. Журналистика бөлімі және баспа бөлімі. Мен баспагерлік бөлімінде оқыдым. Менің ә дегеннен баспамен «байланысып» жүргенім сондықтан.

– Көне Тараздың төріндегі ннтернаттың наны таңдайыңыздан әлі кеткен жоқ шығар. Сол қиын-қыстау жылдар жайлы бүгінгі қазақ әдебиетінің патриарх-қаламгерлерінің бірі не ойлайды екен?



– Біздің көрген күнімізді енді қайтып балалардың басына бермесін. О кезде Талапты ауылы, былайырақ, сай-сайдың саласында еді. Сол жерде жеті жылдық мектеп бар болатын. Мен сонда оқыдым. Бірақ «оқыдым» деген аты болмаса, қалай оқығаным жөнінде татымды ешнәрсе есімде жоқ. Өйткені кішкентай кезімде бидайдың отағына шығарады. Бидайды арам шөп басып кетеді. Оның ішінде мия дегені болады. Улы. Қайрақбай дейтін бригадир бізге командир. Сол бригадіріміз қолымызға бір-бір пышақ береді де: «Мынау миялар – фашистер, осылардың басын қырқып алу керек. Алға!» дейді. Біз пышақпен «фашистердің» басын жұлып ала береміз, жұлып ала береміз. Сөйтіп жүргенде оқуымыз мәз болған жоқ. Миядан басқа жұмыстарға да салды. Мына Аса ауылының (Аса өзенінің атына байланысты қойылған – К.С.) жанында Молотов деген мектеп болды. Жетінші класты сонда оқыдым. Мені алып барып, интернатқа орналастырып жүрген Мырзагелді Қалибеков дейтін жездем сол интернаттың бастығы еді. Бір класс асырып жіберді. Әйтпесе, алтыншы класқа баруым керек еді. Жарықтық Досмұқан Нұрпейісов дейтін директор қабылдап алды. Әйтеуір, жетінші класты сол жерде шала-пұлалау бітірген болдым. 1947 жылы Әулиеатаға келіп, Жамбыл интернат-пансионатына қабылдандым. Осы жерде ғана мектеп дегеннің, сабақ дегеннің не екенін пайымдай бастадым. Оған дейін бір ауыз орысшам да жоқ болатын. Сөйтіп Жамбыл мектебін бітірдік қой.

– Анада-санда әке жайлы еміс-еміс естегілер шаң беріп қоятын шығар?

– 37-ші жылы әкеткен. Қыстың күні. Бес жаста едім. Есімде бұлдыр барлығы. Ауылдың адамы. Қарапайым ғана кісі болатын.

– Суреті де жоқ па?

– Жоқ. Ешнәрсе жоқ. Кейін іздестіріп көрдім ғой бәрін. Өйткені топалаң тигендей қылып, мынау Баукеңнің ауылы Орақ-Балға мен біздің ауылдан бір әкеткенде елу шақты адамды топырлатып бір-ақ әкеткен. Оның бәрін Бурныйдың кішкентай жаман түрмесіне апарып қамаған. Сот та болмаған. «Үштік» деген болған екен. Соның шешімімен он жылға айдап жіберген. Со жақтан қайтқан жоқ.

– Қиыр Шығыста ма?

– Қиыр Шығыста. «Дальный Восток» деп бір хат келгені есімде. Ол хат та жоғалып кетті кейін.

– Мұстай Кәрім туралы сұрағымды әңгіменің ортасына қарай дайындап отыр ем. Бірақ, қызық болғанда, сөзіміз тура башқұрттың классигінен басталды. Менің Сізден енді сұрайын деп отырғаным Шыңғыспен бірінші таныстыңыз ба, әлде оның шығармасымен бірінші таныстыңыз ба? Ол кісінің шығармаларын бірінен кейін бірін аударуға құштар еткен көрші ақысы ма, әлде әлемді аралап кете барған атақ-даңқы ма?

– Шыңғысты мен алғаш рет Мәскеуде көрдім. Біздің Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып жүрген Қалжан

Нұрмаханов деген сыншы жігіт болатын. Кейін қайтыс болды. Сол екеуі дос екен. Онда да екеуін сыртынан көрдім. Онан кейін Айтматовпен ешқандай қатысым болған жоқ. «Жалын» альманағына Айтматовтың шығармаларын шығару үшін аудармашы керек болып қапты. Ол кезде мен аудармашы ретінде танылғам. Маған «Берблюжи глаз» дейтін кішкентай повесін берді. «Ботагөз» деп аудардым. Аудармамды тәуір деп бағалады. Жинаққа енді. Содан кейін осыны аудар деп «Қош, Гүлсары» деген повесін берді. Соны аудардым. Аударғанда мен орысшасынан аудардым. Қырғызшасы жоқ. Ол кісі орысша жазды. «Қош, Гүлсары» кетті ме? Сонан кейін «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» деген шағын повесін аудардым. «Буранный полустанокты» жазды. Оны «Боранды бекет» деп аудардым. Оның «Ғасырдан да ұзақ күн» деген екінші аты бар. Ол кетті. Кейін дүниеге «Плаха» - «Жанпида» келді. Онысын да аудардым. Алматыға келіп-кетіп жүрді. «Аудармашың осы» деп мені Шыңғыспен сол кезде таныстырды. Қолтығына аса қысқан да жоқ, бауыр тартып та кеткен жоқ, сол сыпайы сау-саламатта жүріп жаттық. Сұрастыра келе «ой, біздің айылда тұрбайсың ба» дегені бар. Шыңғыс Айтматовтың Шекері біздің Талаптыдан 20-30 шақырым жерде. Естуімше Айтматовты кейін қырғыздардың өздері қазақшасынан аударыпты.

– Сол тұстағы Мұстай Кәрім, Шыңғыс Айтматов, Расұл Ғамзатов, Фазыл Ескендір, Нодар Думбадзе шығармаларын биікке көтерген қандай қасиеті деп ойлайсыз?

– Көп халықтардың әдебиетіне қарағанда олар биік. Кәдімгі шетелдің өзі іліп алып соларды аударып жатты. Ол кезде, айталық, Еуропада, тіпті, Американың өзінде соншалықты мықты есімдер белгілі бола қойған жоқ. О кезде бізді «майда халықтар», «нацмени» дейді. «Национальный меньшинство» дегені. Солардан үркердей топ шықты. Тіпті орыс әдебиетінен әлдеқайда басым түсіп жатты. Біздің қазақ әдебиеті де құралақан емес еді. Бірақ Қазақстаннан атақ алып, лауреат болған ешкім жоқ. Сәбеңді бірнеше рет ұсынды, бірақ ала алған жоқ. Ғабиденді де ұсынды. Түрлі себептері болуы керек. Қазір былай пайымдап қарасам, сол кездегі атақ-даңққа бөленген түркмендердің Кербабаев, өзбектің Рашидов, тәжіктің Тұрсын-задесінің шығармалары біздің ортақ қол ақын-жазушыларымыздың дәрежесіндегі дүниелерекен. Әсіресе, Тұрсын-заденің «Арбакеші» тартыс та жоқ, шиеленіс те жоқ, өлең ұйқасымен жазылған очерк сияқты нәрсе. Ал бізде нағыз мықты-мықты ақындар болды. Сырбай, Хамит, Ғафу... Бірақ біздің қасіретіміз сол - әлгілерден дәрежесі әлдеқайда биік тұрған ақын-жазушыларымызды аяғынан тартып, қолдан аласартып жүрдік! Осындай бір кезең өтті.

– Ілияс Есенберлин мен Нодар Думбадзенің шығармалары Лениндік сыйлықтың талқысында тайталасып қалыпты ғой. Нодар да оңай жазушы емес. Бірақ Есенберлин көкеміздің сүрінуіне өзіміздің қаламгерлер «көмектесе» түскен дей ме?



– Оңай емес ол Думбадзең. Көркемдік жағынан әлдеқайда қуатты. Бірақ мына кісі біздің ұлтқа өте қажетті сөзді дер кезінде айтқан азамат қой. Ешкім айта алмай жүрген тарихи ақтаңдаққа бірінші болып боразда салған ер ғой.

– Сонда Ілекеңді де аяқтан шалған дей ме?

– Сөз жоқ болды ғой ондай нәрселер. Ілекең бірден көтерілген адам. Ол бұрын айдауда болып, біраз қиянат көріп келген кісі.

– Шығармашылықты түрмеден келгеннен кейін, 54 жасында бастаған ба?

– Келгеннен кейін біраз жыл қатардағы редактор болып жүрді. Менің алғаш баспаға келген кезім болатын.

– Кино саласында да істепті ғой?

– Кино саласында істеп, бір фильмі шықты. Оны да қатты сынап тастаған. «Сплав»-«Қорытпа» ма еді? Есенберлиннің бағы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа жолығып, жағдайын айтқаннан кейін ашылды. «Жазушы» баспасына директор болып келді. Содан бастап дәуірлеп кетті. Кейде адамға біреудің маңдайынан сәл ғана сыйпағаны немесе қолтығынан демеп жібергені үлкен әсер ететін болуы керек. Егер сол заманда көрінген шенеуніктен қағажу көріп, ұнжырғасы түсіп жүрген адамнан Димекең болашақ жазушыны танып, қолдап жібермегенде ол осындай биікке көтерілер ме еді, көтерілмес пе еді? Әрине, жазғандарының барлығы мұрағат арқасында кейін жарыққа шығуы мүмкін, бірақ бұрын сотты болған қаламгер өзінің көзі тірісінде биікке көтеріліп, даңқа бөленуі мүмкін емес еді. Қонаевтай тілеуқоры болуы керек екен ол үшін. Жоғарыдағы адамның көңілінің кішкене жылылығы керек екен. Қолдауы керек екен.

– Маған бұрынғы Одақ әдебиетіндегі жаңағы құбылыстар салт-дәстүрге сусаған орыс зиялыларын даналығымен бас идірген «кішкентай халықтардың» үлкен рухы сияқты болып көрінеді. Коммунистік идеологияның одақтас әр елден бір-бір классик жасайық деген саясатының да пайдасы тиген шығар. Бірақ, қалай десек те, шын қаламгерлер болды ғой бәрі.

– Ондай да болуы мүмкін. Анау әлдеқашан ұмытылып кеткен Айн дейтін бір халық бар. Ол өзі қазір халық, ұлт ретінде бар ма, жоқ па, білмеймін. Содан шықты атақты жазушы. Чукчалардан да шығып жатты. Ханты-Манси дейді. Олардан да шықты. Қазір ондайлар шығып жатыр ма, жоқ па, білмейміз.

– Енді аяңдап қазақтардың ауылына келсек. Тұрар Рысқұлов тақырыбына қалай бардыңыз? Не себеп болды?

– Тұрар Рысқұловпен ата-тегіміз бір. Түлкібас пен Жуалы еншісі бөлінбеген бір аудан болатын. Ол кезде Түлкібас деген аты жоқ. Жуалы ауданы дейтін. Кейін осы екеуін екі облысқа бөліп жіберді. Сол кезде үлкен кісілерден еститінбіз «ой, шіркін-ай, осындай да осындай азамат болып еді-ау...» дегенді. Бірақ айқайлап айта алмайды. Айқайлап мақтана да алмайды. Есімі құлағымызда еміс-еміс қалған.



Біз студент болып жүргенде өзбектер Мәскеуде Тұрар Рысқұлов жөнінде фильм түсірді. Соған «массовкаға» қатысу үшін бізді де шақыратын. Ақша береді. «Үш сом» кәдімгідей ақша о кезде. Сонда фильмнің бас қаһарманы Тұрар Рысқұловты нағыз оңбаған етіп көрсетеді. Бірақ атын дәл атамайды. Кейін «Социалистік Қазақстанда» әдеби қызметкер болып қызмет істеп жүрген кезімде Рахмалы Байжасаров деген кісінің «Тұрар Рысқұлов» деген үлкен мақаласы жарияланды. Қазақстанның 40 жылдығына байланысты Кеңес өкіметіне жағымды қайраткерлер туралы сериялы мақалалар шығып жатқан. Оқып шықтым. Нағыз шыншыл дүние. Айтпақшы, Ким дейтін ретушер бір суреттің кей жерін ағартып, кей тұсын қарайтып, «тырналап» отыр екен «бұл кім?» деп ем, «Турары Рыскуловы» деді. Акценті күшті еді. Құлағым елең ете қалды. Содан ертеңінде кәріске барып әлгі баспаханадан қайтқан суретті сұрап алдым. Кәріс байғұс «не показывай никому, не скажи» деп, қорқа-қорқа берді. Сонан кейін «е, мынау мынандай адам екен ғой» деген ойға кеттім. «Жазсам қалай болады?» деген бір үміттер пайда бола бастады. Нағыз сенім жоқ. Өйткені әлгі газеттегіден басқа дым білмеймін. Бірақ бір аптадан кейін бұрқ ете қалды. «Социалистк Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде «Тарихи шындықты бұрмаламайық» деген үлкен мақала жарияланды. Тұрар Рысқұловты қайтадан әкесін танытып тұрып ұрған. «Ол – ұлтшыл, ол – пантюркист, ол – правый уклон, левый уклон» деген бір бәлелері бар. Сөйтіп жұрт Рысқұловтан қайтадан үрке бастады. Ол кезде Нұрымбек Жанділдин деген хатшы болатын. Имашев партия институтының директоры. Сол екеуі дайындаған. Қасым Шәрипов деген бас редакторды орнынан алып тастады. Әлім Тұяқбаев деген орынбасарын да босатты. Тұрар туралы мақаланың авторы Рахмалы Байжасаров деген кісі «халық жауы» деген жаламен 18 жыл отырып келген адам. Қарағанды қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде ұсталған. Сол өте қайсар кісі екен. Он сегіз жыл отырып келген адамның жігері әбден құм болып, жасып бітуі керек қой. Бірақ «енді аянатын нем қалды» деген болуы керек, Жанділдинге барып екеуі со жерде төбелесе жаздап, бір-бірімен әбден боқтасады. Онымен қоймай ЦК КПСС-ке «бізде осындай болып жатыр. Комиссия шығаруыңызды өтінемін» деп арыз жазады. Ол комиссия жарты жылдай шұғылданып, тексерудің қорытындысы ретінде «Вопросы историй коммунистической партий» деген журналға мақала жариялады. Байжасаров соны қазақшаға аудартқызып маған алып келді. О кезде мен «Лениншіл жаста» редактормын. «Рысқұлов деген сенің ауылыңның адамы. Сен білмейсің оны, осындай да осындай болған» деп те айтты. Сонан кейін «бассақ басайық» деп басып кеп жібердім. Ертесіне Жанділдин шақырып алып «сен газетіңнің немен шұғылдануы керек екенін білмейсің бе? Партия тарихында, оның қайраткерлерінде не жұмысың бар?» деп, ұрсып-ұрсып жіберді. Бірақ ешқандай жаза қолданған жоқ. Осындай әңгімелер айтылғаннан кейін, фактілер ашылғаннан кейін «қой, мен Тұрар туралы деректер жинастырайын» деп елге шықтым. Меркіде, Қырғызстанда оқығаны бар, Өзбекстанда жұмыс істегені бар, мұрағаттарда отырдым. Ең алдымен өзіміздің Тараздың мұрағатына келдім.

Мәскеудің, Орынбордың мұрағатын ақтардым. Материал жинап алғаннан кейін жазуға кірістім. Алғашында бірінші кітабы шықты. Оған «Қызыл жебе» деп ат қойдым. Одан кейін екінші кітабы шықты. Бас-аяғы бес кітап жаздым.

– Қанша жыл жаздыңыз?

– Көпке созылды. Он-он бес жыл боп қалар. Көркемдік жағынан алғанда қандай екені жөнінде түбегейлі зерттеп, жан-жақты талдаған сын мақала шыққан жоқ.

– Ғабең жазды ғой...


– Ғабең пікір білдірді. Тағы бір-екі сын мақалалар болды. Бірақ жан-жақты талдап, ашып жазған ешкім болған жоқ. Арасында мұрағаттың материалдарын тұтас жіберетін жерлерім бар. Мен ойлаймын, сондай документальный жерлері болмаса, өзімше көркем шығарма. Ал көркемдігі қаншалықты болып жатыр, оны енді білмеймін. Бірақ көп жылдарымды алды. Көп еңбек кетті.

– Тұрар туралы шығармаларыңыздың алғашқы кітаптары кеңестік дәуірде дүниеге келді. Кеңестік жазушы ретінде сол кездегі саясаттың сойылын соғуға тырысқан кейбір сөздеріңіз бен ойларыңызға өкінбейсіз бе қазір?

– Ондайлар болды ғой енді. Жасыратын несі бар. Ленинге кеменгер ретінде қол қусырып, пайғамбар тұтып жүрген кездерден елес бар. Бірақ Тұрар Сталинмен ұстасатын жерде ұстасып, тістесетін жерде тістесіп жүрді. Татар Сұлтанғалиев пен Рысқұлов екеуі Сталиннің орынбасары болды. Кітапта сол кездегі айтыс-тартыс, ұлт туралы шайқастар барлығы көрінді. Совет өкіметінің алғашқы кездерінде Рысқұлов алдымен комиссар ретінде жүрді, одан кейін ТүркЦИК дейді, қазіргі біздің Парламент сияқты, соның президенті болды. Сол кездерде Тоболин сияқты орысшыл-шовинист басшылармен шайқасты. Қазақ халқы қатты ашаршылыққа ұшыраған 18-19 жылдары Тоболин «біз қаржыны армияны ұстау үшін жұмсауымыз керек» дейді. Сол кезде «помгол» дейтін аштыққа қарсы күрес комиссиясын басқарған Тұрар Рысқұлов: «анау қырылып жатқан халықтың сүйегінің үстіне орнаған Совет өкіметінің кімге қажеті бар?!» деп айтатыны бар. Біздің лито, редакция сол жерге қатты жармасты.

– Сіз «өзгертпеймін» деп отырып алдыңыз ба?

– «Өзгертпеймін» десең, кітап шықпайды. Сол кезде жарықтық Есет Әукебаев ағамыз бас редактор еді. Сол кісі көп қарсылық көрсетті. Одан кейін «Истроий Партий Казахстана» дейтін бар, соның талқысына салды. Рецензиялар, пікірлер жинады. Біреуі қолдап, біреуі қарсы болып, ақыры шықты. «Қыл көпір» кітабының қолжазбасы «Жұлдыз» журналында шығып бара жатқан жерінен «пышаққа» түсті. Марқұм Бекежан Тілегенов редактор еді. Кейін Дінмұхамед Қонаевтың атына арыз жазып, осы күнгі Қуаныш Сұлтанов сол кезде бөлім меңгерушісі еді, сол қарап шығып, рецензия беріп, әрең шықты. Бұл кітаптың тағдыры да Тұрардың тағдыры сияқты көптеген қыл көпір мен тамұқтарды бастан кешірді. Жолы тақтайдай түзу болған жоқ.



– Ұлы Ғабең ғажайып шығармаларын қарындашпен жазыпты. Үстелді қолайсыз көріп, етбетінен жатып жазатындар да бар екен. «Диктовка» деген де бар. Сіз қалай жазасыз?

– Мен ақ қағазға кәдімгі шәрікті қаламмен жазамын. Әкім Тарзи бірден машіңкеге басады. Мен өмір бойы қолмен жаздым. Хемингуей сияқты ресторан, кафелерде тікемнен тік тұрып та жазған жоқпын. Кәдімгі есектің арқасындай кішкентай үстелдің үстіне, көбінесе пәтерімнің асханалық бөлмесінде отырып жаздым.

– Таңертең ерте тұрып жазасыз ба, әлде отбасыңыз ұйқыға жатқаннан кейін отырасыз ба үстелге?

– Көбінесе түнде жазамын. О кезде күшті екенбіз. Күндіз жұмыс істейсің, түнде таң сарғайып атқанша жазуға отырасың. Айтматовтың аудармалары көп уақытымды алды. Соның бәрін түнде отырып істедім.

– Жазғаныңызды түзеп, жөндейсіз бе?

– «Толстой төрт рет, бес рет, тоғыз рет қайталап жазады екен» дейді. Ондайға дәрмен де, уақыт та жоқ. Бір жазғаным кетеді сол. Бірақ үстінен сәл түзетулер болады, машіңкеден кейін оқимын.

– Сіз «Лениншіл жаста» басшылықта отырғанда ойда-қырда шілдің қиындай шашылып жүрген қаламгерлердің қарым-қабілетін Толыбай сыншыдай дәл танып, Алматыға, қол астыңызға тартумен болдыңыз. Өзіңіз илеген терінің бір пұшпағын сеніп тапсырдыңыз. Кейін көбісі белгілі қаламгерлер болды. Солардың таланты кей тұста өзіңізден асып жатқан сәтін байқаған кездеріңіз болды ма?

– Әрине. Оны жасырмаймын. Оралхан Бөкееев, Фариза Оңғарсынова күшті ақын-жазушылар. Мойындамаса, обал болады.

– Көкейіңізде түбі осылар менің орнымды алып қойып, жолға тастап кетіп жүрмес пе екен деген қауіп, қызғаныш болған жоқ па?

– Жоқ, ондай бәле менің басыма ұялаған емес. Әзәзіл ойлардан аулақпын.

– Оралхан Бөкеев, Кәдірбек Сегізбаев сияқты Шығыс Қазақстанның шынарлары бір газетте істегенімен қоймай, талантын таныту үшін бір-бірімен таласып тұрып жазады екен. Түлік төресі - түйе туралы келелі әңгімеден кейін екеуі бір түнде аруананың тағдыры жайлы екі түрлі дүние жазып, ертеңіне Сіздің үстеліңізге әкеліп қойыпты. «Лениншіл жастың» шаңырағындағы осы оқиға есіңізде ме?

– Еміс-еміс есімде...

– Мұны мен Кәдірбектің естелігінен оқыдым. Сонда Сіз қолыңызға ертелеу түскен Оралханның «Бурасын» оқып шығып, риза болған кездегі нәшіңізбен «Лениншіл жастың» нөміріне жақсылап тұрып салуға сілтеме жасап, қол қоясыз да, ал машіңкешілердің тапшылығынан түнімен жазған дүниесін сәл кешіректеу бастырып әкелген Кәдірбектің әңгімесіне қиянат болмасын деп сол заматта «Жұлдыздың» редакторына телефон шалып, келесі айдың нөміріне жариялауын өтінесіз...



– Екеуін де беріп жіберуге болар еді. Бірақ сол кездегі партия-комсомол жүйесінде қалыптасып қалған тәртіп солай. Дегенмен Кәдірбектің шығармасына обал болмасын деп «Жұлдызға» бергізгеніміз рас.

– Жап-жас Оралханды шығыстан шақырып аласыз, батыстан Фариза қыз келеді, Арқадан Ақселеуді табасыз. Сол кезде оңтүстіктің жігіттері «ағамыз бізді көрмей ме?» деп күңкілдейді екен ғой.

– Олар да жүрді ғой ішінде. Мұхтар Шаханов, Серік Әбдірайымов, Кәрібай Ахметбеков... Алалап-құлалаған жоқпын. Бәрі құлын-тайдай тебісіп, аралас-құралас жүрді. Біздің ауылдың жігіттерінің «бізді қақпайлады, анау-мынау» деп күңкілдейтін жөні жоқ.

- Шынымды айтсам, маған Сіздің әңгімелеріңіз ұнайды. Тақырыбымен-ақ тартып тұрады. Мысалы, «Сүдігерде изен ызыңдайды» деген әңгімеде ауылдан майданға аттанған азаматтардың аттарын аспандағы тыраулап ұшып бара жатқан тырналардың тізбегіндей үшкіл ғып тізіп қоясыз. Ең бірінші боп Орханың есімі бұлдырайды. Осының өзі-ақ оқырманды магнитше тартады.

– Әңгімелерім өзіме де ұнайды.

– Кезінде «кебісіңіз» тұрған жерге кіруге қорқатындар қазір Сіздің шашбауыңызды көтергіш, Сіз туралы жазғыш болып кетті. Бұған Сіз де кетәрі емес сияқтысыз?


-Енді «жазба» деп қалай айтамын. «Мен жазамын» деп тұрса «жоқ, болмайды. Сен жаза алмайсың, не болмаса нашар жазасың. Сен жазушы емессің...» дейім бе? О да адам баласы ғой. Ал енді мен туралы әсірелеп жазып жатса, не болмаса боқтап, қарғап-сілеп жатса, жөн басқа. Баспа қаласа шығарсын, қаламаса алып тастасын. Менің оған араласып не шаруам бар. Оларға «үйтіп жаз, бүйтіп жаз» деп ешуақытта айтқан емеспін.

– Ұлы Ғабеңнің қазақы көңіл жықпастықпен кейбіреулердің шығармаларына рецензия, алғысөз жазып берем деп Жазушылар Одағының сьезінде сынға ұшырап, «ендігәрі жазбаймын» деп жас баладай ақталғаны бар еді, жарықтық. Алғысөз, рецензия, мерейтойлық мақалалардың астынан Сіздің де аты-жөніңізді көріп қалатын болдық.

– Ол рас. Бір-екі жерде жібергенім бар. Пенделік шығар. Бірге жұмыс істейсің, бірге жүресің. Ал енді кез-келген шығармаға алғы сөз жаза бермеймін. «Мен оқыған жоқпын, білмеймін шырағым» деймін. Ал Ғабеңе әлгіндей сынды айтқан... мен болатынмын. Айналып алдыма келді.

– Жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап кеткен «жазушылар», «тарихшылар», «шежірешілер» туралы ойландыңыз ба? Дулат Исабеков «Жарты жыл сайын роман жазатындарға қайранмын» депті. Бұл ұлт әдебиеті үшін қауіпті құбылыс емес пе?

– Өте қауіпті. Өйткені әдебиеттің міндеті адамның талғамын биіктетіп, ой-өрісін кеңейту. Көзінің нұрына нұр қосу, жүрегіне жылу беру, адамгершілігін арттыру. Ал қазіргі қасаң дүниені, қаспақ дүниені оқыған адамның талғамы



төмен болады. Ол есінеп отырып «е-е, жазушы болу деген осы екен ғой. Осылай жазсам болады екен ғой» деп ойлайды. Оның сорақысы сол – кәдімгі биттің сіркелегеніндей болып небір осал дүниелер жарыққа шығуы мүмкін. Мұның үлгісі жаман. Арты жаман. Сонысы қиын. Шығарса шығара берсін, бірақ тәлім көрсетіп отырған жаңағы тырнақшаның ішіндегі үлгісі, тәрбиесі өте залал.

– Кезінде КАЗАПП (Казахская Ассоциация Пролетарских Писателей) деген ұйым болыпты ғой. Әуезов, Жансүгіров, Майлин сияқты қазақтың маңдайы жарқыраған қаламгерлерін менсінбеген сол КАЗАПП-тың ұраны көркемдіктен ада, жадағай, жалаң үгітшілдік екен. Бүгінгі бас пайдасын ойлаған баспалар әдебиетке қойылатын көркемдік талаптан ауылы алыс қонған, сапасыз шығармаларды КАЗАПП-тай қаптатып жіберді емес пе?

– Белсенділердің өтімді болған кезі ғой ол. Ал бұларды «белсенді» деуге болмайды. Бұларды орыстар «халтурщиктер» дейді. Бұл – жылпостардың, жағымпаздардың ісі. «Есігінен кіргізбесе, терезесінен түсетіндердің» ісі. Олар құдай берген талантымен емес, жаңағыдай бір оғаш қылықтарымен, кейде ұятсыздығымен алатын адамдар. Таланты кем адамдар сондайға сенеді. Әр түрлі айласына салады.

– Екі рет Жоғары Кеңеске депутат болдыңыз. Қазіргі Парламентке қарағанда сол кезде Сіздің даусыңыз қаттырақ шығып жатушы еді. Ұлттың мұң-мұқтажын атойлатып тұрып айтқан кезіңізде исі қазақтың айызы қанып, теледидардың алдында «әп, бәрекелді» деп отыратындары есте.

– Сол кездегі мұң-мұқтаждың барлығы шешіліп кетті деп айта алмаймын. Әлі де көп. Бірақ бірсыпырасы ептеп түзеліп келе жатқан сияқты. Мен осы Талапты ауылының әбден жүдеп-жадаған кезін білемін. Бұрын осы көшеден он шақты қой, он бес сиыр ғана өтетін. Жылқы атаулы болмайтын. Кәзір, құдайға шүкір, әр үй ең кемі бір-бір биден ұстайды. Айғыр ұстайды. Үш-төрттен жылқысы бар. Үш-төрттен сиыры бар. Соған қарап елдің жағдайы ептеп көтеріліп келе жатыр екен-ау деп пайымдайсың. Сондықтан, «қырылып жатыр» деп ышқынып айтуға аузым бармайды қазір.

– Парламент талқылаймын десе, жұрттың жанын ауыртып жүрген «ескі жаралар» көп. Бағыс, Түркістан, Арнасай мәселелері бар. Жер туралы Заңның да ой-шұңқыры көп. Жетімдеріне ие бола алмай, жерге қараған парламенттің мүшкіл халінің өзі мұң-мұқтаж емей немене?

– Жерді сатуға қарсымын. Бұл туралы тоқсаныншы жылдардың басында айтқанмын. Әлі сол пікірдемін. Бала сату дегенді парламентте де, газет бетінде де айтып жүрмін. Қазақ шенеуніктерінің намысына тигізе, жетесіне жеткізе айтқым келеді. Бірақ терісі қалыңдау. Самақова деген ана мен бала жағындағы шаруада жүрген адам бір жиналыста: «балаларды шетелдіктердің асырап алуына неге қарсы боласыңдар? Ол бала шетелде бақытын табады», – дейді. Отаны жоқ, елі жоқ, тілі жоқ, діні жоқ адам қалай бақытты болатынын білмеймін. Кетіп жатыр. Нақты саны жоқ. Көп фирмалар жұмыс істейді. Балаларды сатудан көп



ақша түсетін көрінеді. Менің ойымша, жалғыз тұяқ кеткен жоқ. Бір баланың белінде он бала кетті. Ол енді қайтып қазақ болып, қайтып қазаққа бала тауып бермейді. Ол өзімен бірге қазақтың оннан аса азаматын ала кетті. Соғыс кезінде талай боздақтар амал жоқ кетті. Оққа ұшып өлген боздақтың белінде талай-талай балалар кеткен. Әйтпесе, бүгінде халқымыздың саны бірталайға жетер еді. Сонысы күйік. Біздің жаңағыдай жауапты жердің тұтқасын ұстап отырған Самақова сияқтылар соны түсінгісі келмейді.

– Бағыс, Түркістан жақтағы ағайындар (қызық, исі қазақтың елі, жері бір, бірақ тек қана Бағыс пен Түркістандағы қазақтар ғана шырылдайды!) жанайқайларын айтып қояды.

– Бостандықтың өтіп кеткені жөнінде тұңғыш рет құжаттарды жариялаған мен. Сол құжаттарға Өзбекстан жағынан кім қол қойды, Қазақстаннан кімдер қол қойды? Оған Хрущевтің қандай пәрмені болды? Осының бәрін егжей-тегжей айтып, жазғанмын. Сонан кейін о жақтан көп хаттар келді. Арыз алып келгендер де болды. Оның бірсыпырасын жариялядым.

– Елбасы бір топ зиялы қауым өкілдерін қабылдағанда ханның шашын алып тұрып «басыңды кесіп алайын ба?» деп қайта-қайта қоқаңдай берген бейшара туралы мысалды нығыздай айттыңыз. Осындай өткір мысалдарды алдын ала дайындап аласыз ба, әлде өзі табан астында тіліңізге орала кете ме?

– Мен әуелі ол жерде нендей әңгіме болатынын білген жоқпын. «Барасың» деді, бардым. Сөйтсем, мүйізі қарағайдай-қарағайдай үлкен академиктер, ақсақалдар отыр. Президент өзі бастап сөйледі. Артынан жолы үлкендер Президенттің ісін, жүріп келе жатқан жолын мақұлдап, құптап сөйледі. Сол тұста әлгі дүрбелең шығып қалған кез. Меңің ойыма сол орала кетті. Бәрінің атқан оқтай керемет түзу болып келе жатпағанын ана кісілер айта қоймады. Ал Елбасы бізден кеңес сұрап отыр. «Қалай болады? Не істейміз?» деген сияқты бір нәрсе дәметеді. Сол кезде айтуға тура келді. Айтпасаң сөзің ішінде өліп кетеді. Өзіңе өкініш. «Мынаны айта алмадым-ау» деген ой жаныңды жегідей жейді. Бір жағынан қорқыныш. Қанша айтқанмен Патша!

– «Қалай қабылдайды?» деген сияқты ғой...

– Соны дұрыс кабылдады ма, жоқ па, білмеймін. Әлі түсініксіз. Ол кезде Елбасымыздың бет әлпетінен байқай алған жоқпын. Кейбіреулер «біресе сұрланып, біресе қызарып отырды» дейді. Әйтеуір, Құдай аузыма не салды, соны айттым. Бұл менің керемет данышпандығым, немесе батылдығым емес. Әдейі шақырған соң Елбасыға жәрдем болар бір сөз айту керек болды. Егер дұрыс түсінсе бұл менің жанашырлығым.

– Лев Толстойдың Ясная Полянасы, Шолоховтың Тынық Дондағы Вешенскісі, Шыңғыстың Шекері бар. Сол жердегі үйлері қазір мұражайына айналған. Сіздің Мыңбұлағыңыз да ешкімнің туған жерінен кем емес. Бірақ Сіз Жуалыға келген сайын іңіңіз Батырханның үйіне түсесіз. «Өз үйім - өлең төсегім» деп аунап-қунап жататын, келімді-кетімді кісілерді қарсы алатын шаңырақтың

болғанына не жетсін. Туған жеріңіз Талаптыдан үй соғып, бірыңғай шығармашылықпен айналысу ойыңызда жоқ па? Депутат бола бермейтін шығарсыз енді?

- Болмаймыз. Ұят болады енді. Біреулер «ойбой, анау қырғыз Үсібәлиев, бұрынғы біріншісі, сол сексеннің үшеуінде қазір, сол әлі депутат, сен әлі жарайсың, анау-мынау дегенді» айтады. Әлгі дастарқан басында бір гөй-гөй әңгімелер болып қалады ғой...

– Көпшік қоюшылар ғой?

– Иә, «әй, шырағым, оны уақыт көрсетеді» деймін. Бірақ өзімнің бір тыныш өмір сүргім келеді. Мынау парламент дегеніңізді журналистер «рахат, ұйықтап отыратын орын, айлығы көп» деп жазып жатады. Құдайға шүкір, ақшасы бар енді. Бірақ сол қасарысып отырып алғаннан гөрі бір еркін өмір сүрген дұрыс сияқты. Баяғыда жинап жүрген ақшамның бәрі реформа кезінде күйіп кеткен. Сонан кейін біраз кітаптар шығардым. Қазір алты томдығым шығып жатыр. Соның авансысы бар, бұрын шығарған бір-екі кітабым бар, айлықтан жырымдап жүріп жамбасқа басып сақтаған ақшам бар, бір-екі жанашыр адамдардың көмегі бар, соның арқасында былтыр бір үйдің қабырғасын қалап қойғанбыз. Төбесі жабылып, темір-терсегі бітті. Енді соның ішіне анау-мынау жасап жатыр. Құдай қаласа, Талаптыда үйіміз болады. Бірақ ол Алматы мен Астанада салынып жатқан керемет коттеджердей емес, қарапайым қазақы үй. Келесі жылдан бастап соған кіруге болатын шығар. Әзірше балалар кіре тұрады. Мен мұхит асып, аралдарға барып демалып жатқан адам емеспін. Менің аралым – өзімнің туған жерім. Бие байлаймыз. «Жалғыз бие жоқтың қасы, екі бие үйдің асы, үш бие өзен, төрт бие теңіз. Теңізден бермеген неңіз?» дейді. Менің мына іш құрылысымның ашаршылықтан ба, студенттік кезеңнен бе, кішкене кінәраты бар. Соны жазу үшін жылда осында келемін. Биенің сүтін шикілей...

– Саумал...



– Саумал емес, «парное молоко» дейді ғой орыстар, биенің сүтін ішемін. Інімнің бір аты бар осында, дөнен шығар екен. Соған мініп алып таудың біршама жеріне дейін барып қайтамын. Бір-екі сағат өтеді. Сол екі арада жаңағы «парное молоко» ішек-қарнынды шайқап, тазартады. Сонымен күн көріп жүрген адаммын. Қатарынан үш-төрт жыл болды. Менің ем-домым осы...


Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ.
Талапты ауылы.
2002 ж.



МАЗМҰНЫ

Әңгімелер

41-ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕК 5
БІР НӘЗІК СӘУЛЕ 7
СОЛ БІР КҮЗ 14
АҚСАЙ МЕН КӨКСАЙ 19
БОЙТҰМАР 44
АЙЫРБАС 57
СҮДІГЕРДЕ ИЗЕН ЫЗЫҢДАЙДЫ 64
ЖҮЗЖЫЛДЫҚ ЖАРА 120
ШЕКШЕК ШЫРЫЛДАЙДЫ 131
ИНТЕРНАТ НАНЫ 136
ҚАСҚЫРДЫҢ ТАРАМЫСЫ 141
СОҢҒЫ НӘСІП 149
КӘРІ СОЛДАТ 155
ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС 161
ТІЛСІЗ ҚОҢЫРАУ 165
АМАНАТ 170
ШАҒАЛАЛАР ҚАЙДА ҰЙЫҚТАЙДЫ? 175
ҰЗАҚ КОМАНДИРОВКА 180
АЛТЫН ТІКЕН 184
ТҰЙЫҚ ШАРБАҚ 188
НӨСЕР 193
ҚЫЗ БЕН БОТА 203
КӨКЕМАРАЛ ГҮЛДЕГЕНДЕ 206
ШАҚАЛАҚ 213
ЖАҢБЫРЛЫ ТОЙ 217
СУСАМЫР 223
ДӘРІГЕРДІҢ ҮШІНШІ ҚАРУЫ 233




ТАСТАЙ БЕРІК, ГҮЛДЕЙ НӘЗІК 243
ЖҮРЕККЕ ӘЖІМ ТҮСПЕЙДІ 246
АЛАПАР МЕН ДИНГО 256
ШЫРШАНЫҢ ЖЫРЫ 263
СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЖЕСІРІ 272
БҰРШАҚ 284
ТӘУЕКЕЛ ТОЙ 294
ЖАРАМАЗАН 305
Келіншектау сағымдары 310
МЫҢБҰЛАҚ 316
ТҰЗ КЕСЕЛ 322
Нахал торғайлар 328
БАБАНЫҢ ОРАЛУЫ 335
СТАЛИНМЕН ҚОШТАСУ 343
САРЫАЛА ҚАЗ – ФЕНИКС 350
ТОРТАЙ ШАЛДЫҢ ЕСЕГІ 357
Шағалалар мен қаңғыбастар 368
Текебұрқақ 376
Шолақ шопан мен ақсақ арлан 376

Роман

АЙ МЕН АЙША 394
ЖОЛАШАР 394
БОЗАЛА ТАҢ 395
ҚЫРАУ ҚАНАТ БАЛАПАН 400
БІР ТАРЫНЫҢ ҚАУЫЗЫ 401
САУСАҚ СОРҒЫШ БАЛА 404
БАҚА ЖҰТҚАН ЖЫЛАН 408
НОХА 411
ҚАМҚА 413
ҮШ ЕШКІНІҢ ҚАЙҒЫСЫ 417
АЙ ШУАҚ ТҮНДЕР 419
НАУРЫЗКӨК 422
ЭЛЬЗА – КІШКЕНТАЙ ПЕРІШТЕ 424
МҰСЫЛМАНДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ 429
ҚОҢЫРАУЛЫ ЕЛІКТЕР 431



ЖАЛАҢАШ ҚАСҚЫР 436
ӘМІРЕҚҰЛ 440
ҚЫРҒЫЗ АТА 443
БІР ҚАЛТА ТЕМЕКІ 446
ШЫРАҚ 448
ҚЫРҒИ МЕН ҚҰЛАДЫН 452
КИІЗ ДОП 457
ҚАРА АРПА 459
ҚАРА АРПА, ҚАРА БИЕ 462
АЛАҚАНДАҒЫ АЙ ТАҢБА 466
ҚЫРЫҚ ЖІЛІК 470
СҮДІГЕРДЕ ИЗЕН ЫЗЫҢДАЙДЫ 474
АЙША О ДҮНИЕЛІК БАЛАЛАРЫН УАЙЫМДАЙДЫ 483
«ЖІЛІГІМДІ ЖАҒАЙЫН...» 485
ЖЕЗ ЕЛІК ПЕН КҮМІС ҚАСҚЫР 488
ЖОЛАН – ЖАНЫСТЫҢ ҚЫЗЫ 497
АҚҚЫЗ 505
ӨСКЕНБАЙ 513
ЕСЕН 522
ЖАЛАҚСАРЫ ФИНАГЕНТ 525
ТҰРЫМТАЙ 532
САНДУҒАШ САНДЫҚ 536
ШОЛАҚ СИЯҚҰЛ 540
АЙ ТОЛҒАНДА АБАЙ БОЛ 548
ШАҚПАҚТАС 553
АРҒЫМАҚ МІНГЕН АТАЛАР 561
КӨКАЛА ҮЙРЕК 569
АЙЛЫ ТҮН, АРЫҚТА СУ САП ТЫЙЫЛДЫ 574
ШАЛДАР ЫСҚЫРАДЫ 577
ҚАРАТАУДЫҢ «КҮЙІК» ДЕГЕН АСУЫ БАР 587
СӘЛИ, ҚАЛИ, БӨПЕТАЙ, САТАЙ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР 595
ПАЙҒАМБАР ДА ЕСЕК МІНГЕН 608
КӨК КЕМПІР 620
САИД-АКБАР ҚОЖА 626
ТЕНТЕК КӨШЕ 634
АРТЫНА БҰРЫЛЫП МӨҢІРЕГЕН СИЫР 638



ЕКІНШІ КІТАП 648
АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ 648
ШОЛАҚТАУДЫҢ ШОЙЫН ЖОЛЫ 650
ҚАРАШАЙ ҚАМБАШЫ 661
ҚАЛАЙЫ ҚАСЫҚ 666
ЖЕТІМ СҰРАҚ 671
СҰҢҒЫЛА СОҒЫС 674
БЕЗГЕК 686
АРЫЗ 691
ЕРУЛІК 703
ШОЛАҚТАУ – КЛОНДАИК 711
ҚҰМАРПАЗДАР ОЙЫНЫ 720
БАЛАСЫН ІЗДЕП, АНАСЫН ТАПҚАН АЙША 730
ТЕСКЕНТАУДЫҢ ҚУЫСЫНДА, БІР АЛЛАНЫҢ УЫСЫНДА 742
КИІК ҚАЗДАР 749
ЖАЯУ ЖУРНАЛИСТ 755
КҮМӘНДІ КУӘЛІК 760
ХАБИБАТ ПЕН ХАСАН 765
ФАМИЛИЯ ДАУЫ 769
ҚАЙ ФЛОТТЫҢ МАТРОСТАРЫ? 772
ТАБАЛДЫРЫҚТАҒЫ ТАУ 777
СОЙДАҚТІСТІҢ ҚЫЗҒА ҚЫРЫНДАУЫ 781
КӨК ҚАЛПАҚ 787
АРИГАТО! 796
ТӨРТ КҮРЕК ТІС 803
ТАНГО – САҒЫНЫШ САЗЫ 809
АЙ МЕН АЙШАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ 815
ШАҚПАҚТЫҢ ЖЕЛІ 821

Мақалалар

АЙҚАЙЛАП АЙТҚАН СӨЗ 828
САРЫ БАЛА 832
ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ 837
ОРАЛХАН 841
ҚАҢТАРУЛЫ ҚАЗАНАТ 852



Хикаяттар

ТАБЫЛҒАН ТЕҢІЗ 859
БҰЛТСЫЗ КҮНГІ НАЙЗАҒАЙ 911

Пьесалар

СТАЛИНГЕ ХАТ 964
БІРІНШІ БӨЛІМ 965
ЕКІНШІ БӨЛІМ 990
БІРІНШІ БӨЛІМ 1010
ЕКІНШІ БӨЛІМ 1029
СОҢҒЫ БӨЛІМ 1042
ДОМАЛАҚ АНА 1045
БІРІНШІ БӨЛІМ 1046
ЕКІНШІ БӨЛІМ 1078

Шерағаңмен сұхбат. ***Көсемәлі Сәттібайұлы***

ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ 1094

Шерхан МҰРТАЗА

ТАҢДАМАЛЫ

Жоба жетекшісі
Қонысбек БОТБАЙ

Жауапты шығарушы
Әділхан КҮЛІМБЕТ

Редактор
Әлсейіт ОСПАН

Корректорлар:
Қапиза АРГАНЧАЕВА
Талшын КҮЛПЕЙС

Қалыптаушы
Дана ҚАЙЫРШАЕВА

Дизайнер
Бақытжан АҚЫШЕВ

Суретші
Жұмақын ҚАЙРАМБАЕВ

Тех. редактор
Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

Менеджер
Жанерке БҮРКІТОВА
Мереке ЕСЕНҒҰЛОВА

Кітапты құрастырушылар
Алма МҰРТАЗА
Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН

Кітапта «Шерхан Мұртаза» атты фотоальбомнан (“Өнер” баспасы, 2012 ж) және журналист Мейрамбек Төлепберген мен фотосуретші Алтынбек Қартабаевтың жеке қорларынан алынған суреттер пайдаланылды. Мұқабаға және бірінші бетке суретші Жұмақын Қайрамбаевтың туындысынан фрагмент алынды.

ИБ №254
Басуға 11.12.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 70х100 1/16.
Қағазы офсеттік 80 гр. Қаріп түрі «Times New Roman» Көлемі 90,0 ш.б.т.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 154

«ҚАЗақпарат» баспа корпорациясының баспаханасы

ISBN 978-601-03-0519-9

